

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
КОМИТЕТА НАУКИ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS OF THE COMMITTEE OF SCIENCE  
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – 2024**  
**(тілтанымдық алаң)**

**Академик**  
**ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАРДЫҢ**  
**туғанына 100 жыл толуына арналған**

**«МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТ – ЖАҒАНИЯТ**  
**КОНТЕКСИНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ:**  
**ТІЛ, ЭТНОС, ҚОҒАМ»**  
**атты халықаралық конгресс**  
**Ж И Н А Ғ Ы**

Алматы, 2024

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
М 13

**Бас редактор**

**А.Фазылжан** – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

**Пікір жазғандар:**

**Ж.Манкеева** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Р.Шойбеков** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Редакция алқасы:**

ф.ғ.д., профессор Н.Уәли, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева, ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева,  
ф.ғ.д., профессор М.Малбақов, ф.ғ.к. Н.Әшімбаева, ф.ғ.к. С.Құлманов,  
ф.ғ.к. Ә.Өтебаева, PhD Е.Маралбек

**Жауапты шығарушылар:**

Ә.Өтебаева, А.Нұстаева, Д.Сәрсенбек

М 13 «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл, Этнос, Қоғам» атты халықаралық конгресс материалдары. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 850 бет.

**ISBN 978-601-7907-06-8**

Жинақ «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпусын әзірлеу» (BR18574132) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Жинаққа қазақ тіл білімінің аса көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдардың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тіл және мәдениет» алаңы аясында «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл, Этнос, Қоғам» атты халықаралық конгресс материалдары енді.

Бұл еңбек тіл мамандарына, филология факультетінің докторанттары, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2**

**«МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТ – ЖАҒАНИЯТ КОНТЕКСİNДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМ: ТІЛ, ЭТНОС, ҚОҒАМ» атты халықаралық конгрестің  
ұйымдастырушылары мен серіктестері**



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



Халықаралық Түркі Академиясы



Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы



**ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАР**  
(1924-2019 жж.)

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, белгілі түркітанушы, қазақ және ұйғыр тілі білімдерінің көрнекті маманы, I дәрежелі «Достық» орденінің, «Отан» орденінің, Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың, «Халықтар Достығы» орденінің, Түркия мемлекетінің «Құрмет белгісі» орденінің, «Түркітану ғылымының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін» алтын медалінің, «Қазақ КСР-і Халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атағының, «Ана тілі айбары», «Қазақ тілінің жанашыры» құрмет белгілерінің иегері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Түркияның «Türk Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Ұлы Отан соғысының ардагері.*



## ЛЕПТІ ЛЕБІЗДЕР

«Біз үшін тіліміздің мемлекеттік мәртебесін заңдастырып қою – аз. Оны академик Ә.Қайдаров, С.Елубаев құсап қолдау, қажет болса, қорғау керек».

*Қазақстанның Халық жазушысы  
Ә.Әбішев*

«Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы таласқа түсіп, таразы басы «қостілділік» дегенге тіреліп тұрған кезде: «Жоқ, олай емес, зәбір көрген қазақ тілінің мәртебесін көтерудің бірден-бір жолы оның бір өзіне ғана мемлекеттік тіл дәрежесін беру» деп табандылық көрсеткен, сөйтіп, жұртшылық пікірін бұруға себепкер болған академик Ә.Қайдаровтың байсалды да берік байламының мәнін дұшпаны ғана кемітер...».

*Әдебиеттанушы ғалым,  
фольклор зерттеушісі, сыншы  
Р.Бердібаев*

«Үлкен ғылымды үлкен ғалымдардың жасайтындығы белгілі. Қазіргі қазақ тіл білімінде өз еңбектерінің сандық көмегі мен сапалық құндылығы тұрғысынан көш басында келе жатқан біртуар тұлғалар бар. Солардың бірі де бірегейі – академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар. 500-ге таяу еңбек жазған ғалымның зерттеулері арасынан кездейсоқ жазылған, сапасы төмен шығармаларды таба алмайсыз».

*Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ж.Түймебаев*

Ұйғыр тілінің әйгілі мамандары ф.ғ.д., профессор Ғ.Садвақасов пен Т.Талипов: «Улук Абай өзидин кейинки эвлатлардин көргүси кэлгэн инсаний изгү вэ алий пэзилэтлэрни өзидэ мүжэссэмләштүргэн кэмпар алим, хуш муамилилик инсан, пэм-парасэтлик рэһбэр, академик, профессор А.Т.Қайдаров...».

*(Ғ.Садвақасов, Т.Талипов.  
Атақлық уйғуриунас алим // Коммунизм туғи, 13.12.1984)*

Белгілі Азербайжан ғалымы, ф.ғ.д., профессор, «Советская тюркология» (кейін – «Туркология») журналы редакторының орынбасары В.Асланов Ә.Қайдардың «Структура односложных корней и основ» атты монографиясы туралы өз пікірін: «В заключении хочется подчеркнуть, что рецензируемая монография А.Т.Қайдарова представляет собой ценный вклад в тюркологическую науку и, несомненно, станет настольной книгой многих тюркологов рядом с этимологическими словарями Э.В.Севортяна, М.Рясянена и Дж.Клоусона».

*(В.М.Асланов.  
«Советская тюркология», №6, 1986, с.73)*

# АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

*Жамал МАНКЕЕВА*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯСЫ: ТІЛ ~ МӘДЕНИЕТ ~ ҚОҒАМ ~ ЖАҒАНИЯТ

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деп анықтағанындай, адам болмысының жан-дүниесі мен ой-санасын бейнелейтін сөз құдіретінің мәні қазіргі тіл біліміндегі адамтанымдық білімдердің арқауына айналып отырғаны белгілі.

Шын мәнінде, табиғатпен астас өмір сүрген көшпенді мәдениеттің өкілдері ретіндегі ата-бабаларымыз өздерінің күнделікті тұрмысында сөз қызметінің қоғамдық-әлеуметтік, тәрбиелік, елтұтастырушылық т.б. мәндеріне ықылым заманнан бері ерекше назар аударып отырған. Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде адам ~ қоғам ~ мәдениет сабақтастығы негізінде қалыптасып «ғаламның тілдік бейнесінде» кодталған мәдени-тілдік деректердің жасампаздық үдерісі тіл иесінің өмір сүру және дүниені тану тәсілдерінің өзегі тілдің терең құрылымдарында іштей ұйымдасып, реттелу жүйесін зерттейтін антропоэлектік үрдіс, лингвосинергетикалық бағыт өріс алуда.

Төл этномәдениетіміздің қызметіне сәйкес қалыптасқан бұл тұжырымдамалардың негізінде тілдік санадағы рухани-әлеуметтік стереотиптер мен когнитивтік жүйелер арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілетін синергетикалық қуаттың сөз мәніне енуі жатыр. Соның негізінде, этномәдениетті игеру үдерісі тіл иесінің рухын қалыптастыратын рухани жаңа қуатпен толықтырылып отырады. Осымен байланысты тіл иесінің санасының даму үдерісіндегі тілдің қызметін жасампаздық қуат көзі ретінде анықтап, «тіл – адам рухын бейнелеудің тәсілі» деп тұжырымдаған В.фон.Гумбольдттің, «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген А.Байтұрсынұлының лингвофилософиялық қағидаларына сай, қазақ сөзінің рухани-танымдық, жасампаздық тетік қызметіндегі *тіл мен рух* сабақтастығын біртұтастықта қарап, ұлт рухын тілден іздеген академик Ә.Қайдардың ғылыми мұрасын осы үлгіде зерделеу – заңдылық. Олай болса, тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, дүниетаным мен сананы қалыптастыратын ұлттық мәдениетті құрап, жүйелеп, жетілдіретін негізін «**Тіл ~ Мәдениет (өркениет) Қоғам ~ жағаният**» сабақтастығында тануға академик Ә.Қайдардың ғылыми мұрасы толық дәйек бола алады.

Себебі академик Ә.Т.Қайдар қазақ сөзінің түбіріне терең бойлап, тіл иесінің болмысы мен өмірінің айғағы болған сөз құдіретін тануда осы жолдың басында тұрған, құрбан болған алдыңғы толқын ағалардың (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов т.б.) аманатын, кейінгі толқын ұстаз-ағаларының І.Кеңесбаев, М.Балақаев, т.б.) қазақ тіл білімінің негізін қалыптастырған ғылыми еңбектерін әрі қарай жалғастырып, ана тілін зерттеуді асыл мұраты деп ұстанған әріптестерімен қанаттас жүріп (Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, Е.Жанпейісов, Қ.Өмірәлиев т.б.) ерең еңбек еткен, қазақ тіл білімінің кәсіби деңгейге көтеріліп, өрісінің кеңеюіне өлшеусіз үлес қосқан, тек ғұлама ғалым ретінде ғана емес, ғылымды ұйымдастырушы ретінде әлемдегі қазақ тілін зерттейтін жалғыз мекеме Тіл білімі Институтының 30-жылдан аса басшылығында болған, қазақ руханиятының мол ғылыми-танымдық, ақпараттық мұра қалдырған бірегей тұлға, қоғам қайраткері.

Бұл сабақтастық тіл қазынасын ұлт болмысымен сабақтас зерттеуді ғалымдық мұраты, бар саналы ғұмырының темірқазығы ретінде белгілеген академик Ә.Т.Қайдардың ғалымдық тұлғасын да, елағасы ретіндегі азаматтық, қайраткерлік болмысында ашуға мүмкіндік береді.

**Тіл ~ мәдениет.** Егеменді қазақ мемлекетінің дүниежүзілік аренадағы саяси, экономикалық, мәдениаралық байланыстары мен қарым-қатынасының сұранысына сай «қазақ дүниесінің тіл-

дік бейнесінде» айшықталған төл мәдениеттің белгілерін танытатын тілдік зерттеулерді кеңейту қажеттілігі туындайтыны белгілі. Бұл арада бай тілдік деректерде сақталған этномәдениеттің жан-жақты мазмұнын ашу тілдің халықаралық қатынастар аясындағы қызметіне ғана қатысты емес, заманауи қазақ қоғамындағы тіл тұтынушылар үшін де елтанымдық қызмет атқарады. Көп тілді Қазақстанның жағдайында тіл арқылы дәстүрлі мәдениетті таныту мемлекеттік тілдің ұлтаралық қызметіне де тиімді ықпал етпек.

Академик Ә.Т.Қайдардың ғылыми мұрасының денін құрайтын адамтану бағыты мен тұтастану сипатына орай туындайтын, қазақ тілінің қазынасын Ә.Қайдаровша зерттеудің ғылыми методологиясының қазықтарын *тіл әлемі, тіл тамыршысы, індете зерттеу* ұғымдары негіздейді.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын біртұтастықта қарастыру негізінде қазақ ұлтының этностық табиғатына сай қалыптасқан мәденитанымдық ерекшеліктерді бойына жинақтаған қазақ тілі қазақы шындық болмасын сипаттайды. Демек, тіл ақиқатты сезіну, қабылдау тәсілдерінің бірі ретінде этникалық бір ұжым мүшелерін тек тілдік жағынан ғана емес, мәдени-танымдық жағынан да өзара жақындастырады.

Осындай зерттеу нысанына сәйкес өзіндік әдіс-тәсілдер негізінде жасалған, қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа ие, ана тілінің құдіреті мен қазынасын, құндылығын кешенді сипатта, сол тілді тұтынушы ұлт өкілінің (қазақтың) болмысымен, тарихымен, тұрмысымен, әлеуметтік қызметімен бір тұтастықта қарастырған академик Ә.Т.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» (Адам. Қоғам. Табиғат) атты үш томдық этнолингвистикалық еңбегі қазақ тіл білімі шеңберінен шығып, қазақтану аясындағы кешенді танымдық-ақпараттық қазынаға айналды. Бұл еңбектің арқауын құрайтын қазақ этнолингвистикасы – бүгінде ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған, жаңа ғылыми бағыттан жеке ғылым саласына айналған дербес пән. Тәуелсіз Қазақстанның туын биік ұстар ұлтжанды ұрпақ, білікті маман тәрбиелеу мақсаты мен мазмұнына сәйкес Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік бағдарламасымен үндесетін «Этнолингвистика» пәні еліміздің жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылып келеді.

Осымен байланысты академик Ә.Қайдар өзінің «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы (*тіл әлемі*) арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болады» деген тұжырымын былайша таратып түсіндіреді: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір үлесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін».

Демек, *тіл әлемі* дегеніміз Ә.Қайдардың түсіндіруінде этнос болмысын құрайтын, түсіндіретін мол тілдік деректер мен тарихи-мәдени, этнографиялық, мифологиялық, сакралды, ономастикалық, диалектологиялық, символдық, фольклорлық, т.б. мағлұматтар, ал соларды өз бойына сиғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей тілдің құрылымдық жүйесінде келесі ұрпаққа жеткізген тіл құдіреті ғалым зерттеулерінің өзегін құрайтын – тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі.

Ғалым А.Байтұрсынұлы дәстүрімен осы көрсетілген тіл әлемінің ұшан-теңіз байлығын тек түгендеп, санамалап қана қоймай, «сөз мұхитының түбіне терең бойлап, оның сан ғасырлар бойы сақтап келе жатқан сырын ашу үшін **тіл тамыршысы**, болу керек» деп санайды. Яғни әрбір сөздің «үстіңгі қабатында» көрінетін лексикалық мағынасын ғана емес, тарихи-мәдени, кәсіби, әлеуметтік т.б. мағыналарының астарында жатқан деректі тамыршыдай тап басып, кешенді зерттеу арқылы танып білу осы жолдағы зерттеушінің бұлжымас қағидасы болуы тиіс.

Сонымен бірге ғалым ұлт болмысына қатысты дерек-мағлұматтарда бейнеленген *тіл әлемінің* мазмұнын ашуда **індете зерттеу** деген әдісті қолдануды ұсынады. Шын мәнінде, *індете зерттеу* – аңшылар қолданатын әдіс. Ғалым оны шартты түрде «шеті көрініп тұрған, я

ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнауларынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу» деп анықтайды.

Сонымен бірге Ә.Қайдардың тіл арқылы ұлт болмысын, төл мәдениетінің терең мазмұнын, азаматтық-тұлғалық ұстанымдарының тұғырын белгілейтін тұжырымдамасының негізін мынадай еңбектерінде қарастырылуы **тіл ~ мәдениет** сабақтастығындағы кешенді зерттеулерін толықтыра түседі: Қаңлы: тарихи шежіре, 2003; Халық даналығы, 2004; Қазақ қандай халық?, 2008; «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздік, 2009-2013 т.б.

**Тіл ~ қоғам.** Осы орайда, академик Ә.Қайдардың қайраткерлік, тұлғалық болмысын сипаттайтын сөзіміздің арқауы, ғалымның тілдің қоғамдық-әлеуметтік, функционалды әлеуетіне сүйеніп қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуының заңдылығын дәлелдеп жүзеге асыру жолындағы ерен еңбегі. Атап айтқанда, қазақ тілі әлеуетінің мемлекеттік мәртебеге сай қоғамда толыққанды қызметіне жеткілікті екенін тілші-ғалым, қоғам қайраткері ретінде дәлелдейтін өзекті мақалаларын жариялап, сонымен бірге осы мәселені талқылаған қоғамдағы іс-шаралардағы, қызу тартыстардағы белсенділігі ғалымның тұлғалық тұғырының беріктігін, ғұмырлық тәжірибесінде ұстанған қағидасына адалдығын көрсетеді деп ойлаймыз.

Сонымен бірге мемлекеттік тілдің, қоғамдағы қызметін жандандыратын қазақ терминологиясын қалыптастырудың жүйелеп көрсеткен бағдарламалық еңбектері, «Қазақ тілі қоғамын» құру «Ана тілі» газетін ашуға қатысты қызметтері қоғам қайраткеріне тән тұлғасын сипаттайды.

Мұндай қайраткерлік қызмет сол кезеңдегі рухани сана жаңғыру үдерісін бастан кешіріп жатқан еліміздің тәрбиесіне сәйкес тұлғатану ісінде арқау боларлық тұлғалық үлгі. Ардақты ұстазымыздың ғалымдық мұраты мен азаматтық тұлғасы егіз өрілген болмысы қанына сіңген тектілігі мен ұлттық күшін танып, таразылауда сүйенетін бойтұмарымыз.

Осындай тұлғалардың белсенді қызметінің аясы кеңейіп, рухтандыратын тілдік жағдаят – тәуелсіздің тұғырын бекітіп, рухани-әлеуметтік өремізді өсірген ана тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы. Соған байланысты тәуелсіздік және тілдің егіз өріліп, тіл өрісінің қанат жаюы, ана тілінің бойындағы бар әлеуетінің тіл қызметіне «жаратылуы» (А.Байтұрсынұлы), қоғамдық қажеттілігінің кездейсоқтық емес, заңдылық екенінің дәлелі академик Ә.Қайдар көшбасшылық жасаған ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің істері мен еңбектерінде көрініс тапты.

Тіл иесінің бойындағы ежелден қалыптасқан өр рухы, табиғатпен астас өзі өмір сүрген даласындай кең өресі, соған сай сөзді «өнер» деп таныған поэтикалық, философиялық дүниетанымы тәуелсіздің кезеңінде жан-жақты ашылып, ана тілімізді өртеңге шыққан гүлдей қайта түлетіп, қазақ рухын көтеруге негіз болған қазақ сөзінің құдіреті академик Ә.Қайдар шығармашылығының арқауы Тіл – қоғам сабақтастығында жан-жақты ашуға негіз.

**Тіл ~ жаһаният.** Қазіргі жаһандану кеңістігіндегі қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісінде төл мәдениеттің ерекшеліктерін таныту ісі аса маңызды. Осыған орай, замануи ұрпақ тәрбиесінің мазмұны ұлттық оқшаулануға ұшырамай, төл мәдениетті кемел меңгере отырып, адамзаттық өркениет үлгілерінен де нәр алып, жетілуіне ерекше мән берілу талабы өзектеліп отыр.

Жаһандану заманындағы ұлттық иммунитетті сақтап қалудың рухани өзегі – құндылық жүйесі. Тіл арқылы сақталған бұл қазынаны келесі ұрпақтың санасына сіңіріп, оның бойында рухани қазығын қалыптастырып тәрбиелеуде танымдық-зерттеушілік ерен еңбегімен, бар күш-жігерін жұмсаған ғалым-тұлғалардың еңбегі ерекше. Себебі, қазіргі кезең қазақ қоғамы мен мемлекетінің рухани-әлеуметтік дамуының үрдісі адамдар арасындағы қатынастардың жаһандануға бет алған күрделі сипатымен ерекшеленетіні белгілі. Сондықтан бүгінгі күндегі қоғамның рухани жаңғыру үрдісіне сай *тілді тарихтың дерегі, тәрбиенің тамыры, мәдениеттің мәйегі* ретінде өзектеліп отырған «Жаңа Қазақстанның» кеңістігінде қазақ лингвистикалық ойын кең де терең жаңа сапалық деңгейге көтерген академик Ә.Т.Қайдар тұлғасының ұлықталуы қажеттілік, ғылыми мұрасының кешенді сипатта танылуы заңдылық деп санаймыз. Мұндай мерейтойлардың мақсаты – ұлт болмысымен тамырласқан тіл тарихы, тіл мен ел тағдыры, тіл болашағы туралы терең ойларға жетелеп, ойландыру, толғандыру деп ойлаймыз. Шын мәнінде, замануи қоғамда ғаламдасудың құралы ретінде ағылшын, орыс тілдерінің басымдылығын көре отырып, оның функционалдық тиімділігін мойындай отырып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай функционалдық әлеуетінің жан-жақты жүзеге асып,

жандандыруға байланысты күрделі мәселелердің бар екені де ойландырады. Демек, алаш зиялыларын толғандырып, күрмеуі қиын күрделі мәселелердің шешімін табуды түсіндірген ағартушылық жұмыстарын бүгінгі таңда да жалғастыру қажеттілігін күнделікті тәжірибе көрсетіп отыр. Қазіргі қоғамның мүдде-талаптарына сай ұлттық тұғыры мен тірегі тілінде екенін сипаттайтын «елдің мұрат-мүддесін көрсететін ұлттық рух» деген ұлт көсемдерінің идеяларын келесі ұрпақ зердесіне құйып, «тіл – ұлтты ұйытып, тұтастыратын арқау», «елдің тарихы мен мәдениетін, таным-тәжірибесін сақтаған қазына» деп жалғастырған академик Ө.Т.Қайдар сынды қазақ тіл білімінің көшбасшы ғалымдарының ғылыми мұрасын танып, зерделеудің мәні зор.

Жалпы, академик Ө.Қайдардың зерттеулері мен онда жасалған тұжырымдамаларының мәні тек қазақ тіліне ғана емес, басқа да туыстас түркі тілдеріне тікелей қажет болғандықтан, түркітану әлемінде де аты мәшһүр ғалымға айналған. Атап айтқанда, Ө.Қайдардың түбірсөз проблемасына арналған «Структура односложных корней – основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы түркітанушы ғалымдардың ерекше назарын аударып, жоғары бағаланды.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған: «Бір буынды түбірлер мен негіздер – қазақ тілінің сондай-ақ барлық түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының ұйытқысы, негізгі өзегі» деген тұжырымы арқылы ғалым түркі тілдерінің тамырын, тілдік қарым-қатынасқа арқау болатын сөздің түптөркінін ғылыми-жүйелі негізде дәлелдейді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңғыру үрдісін бағдарлаған даму барысына сай белгіленген рухани-әлеуметтік мүддесі, мемлекеттік тілдің, қоғамдық, саяси, экономикалық, мәдениаралық қарым-қатынастағы қызметінің жаңа сапалық деңгейі тілді тұтынушылардың ұлттық санасын жаңғырту мен таным көкжиегін кеңейтуді қажет етеді. Қазақ тіл білімінде академик Ө.Қайдар зерттеулерінен бастау алып, кең арнаға айналған тіл арқылы ұлт болмысын тану бағыты тілді зерттеудің мазмұнын тереңдетіп, соған сәйкес ғылыми-әдіснамалық тұғырын инновациялық технологиямен жетілдіру мәселесі өзектеледі. Осыған орай оның өзектілігі, біріншіден, қазіргі жаһандану үдерісінің кеңістігіндегі ұлтаралық қатынастар мен мәдениеттердің өзара ықпалдастығымен үндесе, екіншіден, дамудың адамзаттық үлгісін меңгерумен бірге ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін танытумен де сипатталады.

Сайып келгенде, академик Ө.Т.Қайдардың ғалымдық-тұлғалық болмысын құрайтын негізгі арқау – қазақ сөзінің қазіргі заман ағымына сәйкес қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі арқылы жаһандану қарқынына төтеп бере алатын және елдік сана рухын жаңа деңгейде жаңғыртатын әлеуеті. Замана көшінің ғаламдасқан кеңістігінде тілдің ел мүддесінің болашағында ұлттық рухты көтерумен қатар қоғамдық-әлеуметтік санасын оятып, мемлекетшілдік мінезді қалыптастыратыны «**Тіл мен қоғам**» сабақтастығында қарастырылған академик Ө.Т.Қайдардың тұлғалық болмысымен үндеседі.

Қорыта айтқанда, қазақ дүниесін тіл арқылы тану қағидасын ұстанған академик, ардақты ұстазымыз Ө.Т.Қайдардың бізге аманат еткен ғылыми-танымдық мұрасын жан-жақты, кешенді сипатта зерделеу оны В.Гумбольдттің, А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың лингвофилософиялық ілімдерімен үндескен, жалғасқан және Қайдаров мектебінің антропоэзеттік парадигма аясында қалыптасқан лингвистикалық танымның жаңа деңгейі деп бағалауға негіз болады. Ең бастысы, «танымдық өзек» деп танылған тіліміздің өміршеңдік, жасампаздық қабілетін жаһандану заманында мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің кеңеюін (саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, ақпараттық т.б. қызметтері) зерттейтін ғылыми-әдіснамалық базасы ретінде академик Ө.Т.Қайдардың зертеу үрдісі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының іргелі зерттеулері мен ұлттық қорпустағы мәдениеттік репрезентациясын, танымдық-ақпараттық базасын дәйектейтін кең арна, құнарлы рухани көз ретінде жалғастығын табуға.

**Нұрлан ОРАЗАЛИН**  
*Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, драматург*  
*ҚР ҰҒА құрметті академигі*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ҒҰЛАМА

**Андатпа.** Мақалада қазақтың аса көрнекті ғалымы, ұлт рухы мен тіл тазалығы үшін күрескен, тіл табиғатынан түркілік дәуірдің терең тамырлы сыйпаттарын айшықтай отырып, қазақ этносының көпғасырлық өсу, өркендеу тарихын айқындаған ұлттың ұлы перзенті академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың әлемдік түркология мен қазақ тіл ғылымындағы алған асулары мен биіктіктері сөз болады.

**Тірек сөздер:** Ғұлама ғалым, тілші, алаш жұрты, ұлт ғылымы, заман, тағзым, ойшыл, табанды, еңбек, мінез, зерттеуші, ұстаным, дәуір, өркениет, Отан, монография.

**Аннотация.** В статье рассматриваются достижения и вклад выдающегося казахского учёного, академика Абдуали Туғанбаевича Кайдара в мировую тюркологию и казахское языкознание. Он представлен как великий сын своего народа, боровшийся за чистоту казахского языка и духа, подчёркивая глубокие корни тюркского наследия в природе языка и раскрывая многовековую историю роста и развития казахского этноса.

**Ключевые слова:** выдающийся учёный, лингвист, алаш, национальная наука, эпоха, дань уважения, мыслитель, упорство, труд, характер, исследователь, принцип, цивилизация, родина, монография.

**Abstract.** This article discusses the outstanding achievements and contributions of one of the most prominent Kazakh scholars, Academician Abduali Tughanbaiuly Kaidar, in world Turkology and Kazakh linguistics. He is portrayed as a great son of the nation, who fought for the purity of the Kazakh language and spirit, emphasizing the deep-rooted characteristics of Turkic heritage within the nature of language and defining the centuries-long history of growth and development of the Kazakh ethnoses.

**Keywords:** eminent scholar, linguist, Alash nation, national science, era, tribute, thinker, perseverance, work, character, researcher, principle, civilization, homeland, monograph.

Жиырмасыншы ғасырдан алыстаған сайын, қайғысы мен қуанышы, өксігі мен жұбанышы қатар өрілген өткен дәуірдің ұлтымызға берген күнгеі мен көлеңкесін ойша түгендейміз...

Түгендеп отырып, өрісіміздің отқа түсіп, өрт жамылған қайғылы, қасыретті тұстарын ойлап қамықсақ, өртеніміз қайта түлеп, өркеніміздің қанат жайған кезеңдерін ойлап, «Тәубә!» дейміз іштей!..

Бүгін...

Сіздер мен біздер сондай тәубәлі сәттерімізді таразы-талқыға салғызар тарихи тұлғалардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі, ұлт руханиятының көгінде жұлдызы айырықша жарқырап жанып, сәулесі мен нұры алысқа кетер ұлы өкілі, қазақ тіл ғылымының аса көрнекті кешбастарларының бірі, есімі әлемдік түркітану ғылымы мен тілтану әлеміне кеңінен таныс, тағылымы мен тәлімі тамырын тереңге жіберген, ұлт ғылымын өзінің өміршен еңбектерімен байытқан, ұлы ұстаздардың ұлы шәкірті, осы жиынға қатысушы бәр-барымыздың ұстазымыз, кең жүректі, келмел ойлы, ғұлама ғалым Әбдуәли Қайдардың жүзжылдығына орай бас қосып отырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, еншісі әлдеқашан бөлініп, бірінің ауылына бірі осындай ұлт биігіне көтерілген санаулы сирек тұлғаларымыздың мерейтоларының тұсында ғана кездесетін тіл, сөз дейтін қос ұғымның бірі – әдебиет дейтін өрісті аймақ. Мен – сол аймақтың адамымын! Тілге тікелей қатысты біртұтас әлемнің қос қанатының бірі – ТІЛ ҒЫЛЫМЫ болғанда, екінші қанаты – ӘДЕБИЕТ емес пе?! Оның үстіне, тіл ғылымының кеңістігін Өзінің ғұламалық кең болмысымен барынша кеңейтіп, ұлт руханиятының айдынына алып шыққан Әбдуәли Туғанбайұлы тәрізді ұлтымыздың ұлы перзентінің бүгінгідей айтулы алқалы жиынының тұсында тіл мен әдебиеттің қатар тұрып сөз сөйлеуі жарасады!

Әбдуәли ағаның Рухы дәл осы сәт айырықша шаптанып, алыс-алыс ғарыш төрінен ризашылық нұрын сеуіп тұрғанына өз басым сенемін! Екі дүниенің барына сенгендей сенемін! Өйткені тұла бойы – кісілік пен кішіліктен, бар сана-сезімі – сабыр мен салмақтан, дүниетаны-



мы парасат пен ұстамдылықтан жаралған АҒА болмысы өмірде де, ғылымда да, үйде де, түзде де Өзінің, осынау ұлы Абай айтатын «ТОЛЫҚ АДАМ» қалпынан жаңылмайтын еді.

Біз көрген, біз білетін, Әбдуәли аға ортасына қадірлі, досқа адал, бауырға ықыласты, қоғамына әділ, отбасына махаббатты, Отанына шексіз берілген, ғылымына ешнәрсені теңгермейтін әулиебітімді ғажайып жан еді! Ол еңбегі ерен, ойы терең, туған жұрты мен туған еліне бойында бар қабылет-қарымын сарқа жұмсаған қайсар мінезді, ұстанымы берік, ұлт үшін жаралған үлкен жүректі, тұғыры биік тұлға болатын. Қандай ортада болмасын, сабыры мен сырбаздығын серік етіп, жымия күліп, айналасына өмірдің нұры мен шуағын шашып бара жататын. Қалың қазақ аға тұтып, қабағына қараған осы бір орта бойлы, терең ойлы ерекше жаратылыс иесімен әр кездескен сайын мына жарық жалғанның адам баласына бір-ақ рет берілетін жұмаққа пара-пар ғажайып кеңістік екенін күллі болмысымызбен сезінгендей болушы едік... Кең мінезді жайдары жанның қолыңды қыса амандасып тұрып, айтатыны: «Нұрлан, жазушыларың қалай? Аман ба? Қалам ұстағандардың ауылы тыныш па?» деген сұрақтар болушы еді...

Екінші сұрағы: «Хабарласпай кеттіңдер ғой?!» болатын. Сонан соң...Әңгіме тақырыбы ғылым мен әдебиетке ауысатын. Ол кісі бір жолы: «Рәбиға маған сенің «Жаңа қазақ емеспін, ескі де емен» деген өлеңіңді оқып, мәз болды... Тауып айтылған ойлар...» деді. Мен ағаның **Қаңлылар** хақындағы кітабын сатып алғанымды, бас алмай оқып жатқанымды айттым... Ол кісі жадырай күліп, балаша қуанды...

Әр кездесуіміз осындай жаңалықтар мен әдебиет пен ғылым айналасында өрбитін...

Иә...

Өмірі ғылым мен қағаздан, қалам мен адамтанудан тұратын жомарт бітімді жанның қазақ руханиятының өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі шексіз еді...

Жалпақ ел жақсы біліп, көзі тірісінде-ақ жан-жүрегімен мойындаған бір шындық бар! Ол – ғалымның артына қалдырған ғылыми мұрасының өлшеусіз молдығы!

Қандай істі бастаса да ерінбей, ертенге қалдырмай аяғына жеткізуге әбден дағдыланған Әбекеңнің табанды мінезі мен ғылым дейтін өрісі бөлек өзгеше әлем алдындағы жауапкершілік сезімінің мықтылығы жайлы аңыздай болып тараған ақиқатты көп еститінбіз. Ондай аңыз-әфсәнарды әсіресе өмірде де, ғылымда да әзілдері жарасып қатар жүретін, ел ауызында «три богатыря» атанған Рәбиға апай Сыздықова мен Шора ағай Сарыбайдан естуші едік...

Қайран Алаш жұртының асылдары-ай!

Бүгін де, міне, мінбеден сөйлеп тұрып, екі дүние арасын өздерінің ересен еңбектерімен көркейтіп, арыстар мен алыптардан алған тәлім-тәрбиесін өздерінен кейінгінің құйма құлақ дарындыларына қалыбын бұзбай, қанатын қайырмай қаз-қалпы жеткізе білген, екі дәуір арасына көпір болған сол асылдардың Рухтарына Тағзым жасағым келеді!

Тұлғаны уақыт, уақыт тудырған өмір, заман, қоғам қиындықтары шындайды. Бұл – артық дәлелді керек етпейтін ақиқат! Бүгінгі жүзжылдығы аталып отырған академик Әбдуәли Туғанбайлының дәуірі жайлы сөз болғанда адамзатты қанқырғынға бөктірген екінші дүниежүзілік соғысты аттап кете алмайсың. «Біз көрген ұлы соғыс біздің қатарымызды өмірді сүйеге үйретті» деген сөзді Әбекеңнің ауызынан екі-үш мәрте естігенім бар. Ұлы соғыстың қырғынын көргендердің қатары қазір күн санап азаю үстінде. Саусақпен санайтындай десе де болады. Қазақтың тіл ғылымын дәуір биігіне алып шыққан Әбекең – сол соғыстың, Қасым ақынның тілімен айтқанда, «қып-қызыл өртіңде» қайнап шыққан, қайралып жетілген, қанаты қатайып, ойы бекіген, ұрпақ пен ұлт алдындағы ұлы міндетіне адал тер төккен, ерлік пен елдік биігіне өзінің еңбегімен көтерілген шын мағынасындағы **ғұлама-ғалым!**

Екінші дүниежүзілік соғыстан аман оралған, ажал дейтін көзсіз тажалмен күніне жүз тіл-десіп, жүз беттескен майдангер ұрпақтың күрескер өкілінің өткен ғасырдың елуінші жылдарынан басталған ғылымдағы соқпақ-сүрлеуі бірте-бірте ұлт ғылымының ұлы даңғылына қалай жалғасқаны, ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердің қалың-қалың монографиялық зерттеулерге қалай айналғаны қатары сиреген көзкөргендердің жадында. Соғыстан кейінгі аш-жалаңаш кездің қиындығымен майдандасып жүріп, сарғайған парак беттерге көздің нұрын, ойдын сырын арнаған жас ғалымнан алаш жұрты төрін ұсынар абыройлы ақсақал, атақты академик биігіне көтерілу аралығында жатқан үлкен жол – көрнекті ғалымның жүріп өткен табанды жолы! Ол жолдың ұлт ғылымына не беріп, қазақтың тілтану әлеміне қандай олжа салғанын осы отырған алқалы жиын мүшелері – Сіздер жақсы білесіздер!

Халық ойы мен санасына барынша жақын тілге ғана қатысты емес, жалпы ұлт тарихы мен ұрпақ болашағына тікелей қатысы бар екі бірдей іргелі, күрделі мәселе турасында айтқан академик Әбдуәли Қайдардың мына ойларына назар аударғым келеді.

**Бірінші мәселе...** Ғалымның тіл кеңістігінен ұлт тағдыры мен ұлттың қалыптасу жолын саралап, талдап, зерттейтін қазақ топырағында этнолингвистика дейтін жаңа саланың негізін қалағаны мойындалған ақиқат.

Бұл – түркологиядағы сөзтану мен түбіртанудың жаңа беттері. Ғалым ұлттық этнолингвистиканы өрістете отырып, осыған дейінгі Қазақ Совет Республикасы энциклопедиясының 3 томында өзі жазған «Түркология» атты бөлімдегі кең тынысты арналы ойларын барынша дамыта кеңейтіп, тереңдетеді. Ғалым еңбектерінде байырғы Қазақ даласын мекен еткен тайпалар мен қағанаттардың этникалық құрамы мен тілдік кеңістігін тереңдете зерттей отырып, Алтай дәуірін... Хун дәуірін... Көк түріктер дәуірін... Дешті Қыпшақ дәуірін... Шыңғысхан дәуірін... Алтын Орда дәуірін кеңінен сөз етеді. Түркілік дәуірлердің қойын-қолтығынан қазақ этносының тарихи Орда сұлбасын іздейді.

Осыған дейін ұзақ уақыттар бойы түркология әлемінде ой айту мен пікір айтуда өзінің өктемдігі мен билігін жүргізіп келген евроцентристік көзқарастардың заманы өтіп бара жатқанын ашық аңғарта отырып, ғалым елдің, жердің атаулары мен тіл негізінде бұғынып жатқан ғасырлардың негізін тануға күш салады. Бұл – түркологиядағы алғашқы батыл қадам еді.

Осыдан бірер жыл бұрын академик Ә.Қайдардың айтулы салаға алғаш түрен салған «**Қаңлы: тарихи шежіре**» және «**Қазақ қандай халық?**» атты әрқайсысы бір-бір кірпішке пара пар қалың екі кітапты асықпай оқып шықтым. Екеуінде де тіл тарихы қазақ этносының өсу, түлеу, өзгеруімен тығыз тарихи бірлікте қарастырылады. Автор Ұлы Даланы б.д.д.екінші ғасырларда мекен еткен қаңлы, үйсін тайпаларының сана төрінен көшіп бара жатқан көне тілдерін тірілтуге ұмтылады. Сол тілдерде сақталып қалған түркілік тұтастықтың жаңғырықтарына орала отырып, қазақ этносының қалыптасуы туралы өз пікірі мен көзқарасын жүйелі түрде дәйектейді.

Сөзімді аяқтай келе, осы бағыттағы ойымды түйіндеп айтар болсам... Академик Қайдардың қазақ тілі ғылымындағы негізін қалаған этнолингвистика дейтін жаңа сала түптің түбі ұлттың өз тарихын терең тануына, ұрпақтың тарихи санасының қалыптасуына жол ашар қуатты ғылымның үлкен арнасы болары күмәнсіз.

Біз – өз тарихымызды өзіміз зерттеуге, өз тіліміздің жаратылысы мен табиғатын өзіміз зерделеуге жаңа-жаңа қол жеткізе бастаған елміз. Бұл – ұлттың жетістігі. Жетістігіміз баянды болу үшін ғылымды өрістету парыз. Осыған дейінгі ықпалы жүрген евроцентристік сыңарезу көзқарастан арылып, өз тіліміздің өткенінен өз тарихымыздың қазынасын тауып, «өз алтын адамдарымыз» бен «өз қазыналарымызды» ұлттың рухани игілігіне жаратуымыз керек! Қазынаның үлкені Әбдуәли Қайдар ұсынар бай мұраларда жатқанын естен шығармауымыз керек. Басты байлығымыз – тіл ғылымының қазыналы ғұламасы Әбдуәли Қайдар!

### **Екінші мәселе...**

Ел тарихына тәуелсіздену дәуірінің басы болып енген өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары тұрлаулы тарихтың еншісіне айналып барады. Қазақ есімді көне жұрттың өз дербестігін айдай әлемге жария еткен екі көрсеткіш – 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Егемендік декларациясы» мен 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Тәуелсіздік Заңы» тарихи күндер болып, еншімізге енді.

Сол күндерде академик Әбдуәли Қайдар негізін қалаған, тіліміздің түбегейлі азаттық айдынына шығуы үшін жүргізілген жалпыхалықтық қозғалыс басында «Қазақ тілі» қоғамы тұрғанын қалай ұмытамыз?! Әбекеңнің сол кездегі ұлт перзенті ретінде Мемлекеттік Тіл үшін жүргізген ашық майданы халық жүрегіне жол тапқаны есімізде. Қоғамдық ұйымның басшысы ретінде сан мәрте суырылып шығып айтқан ұсыныстары әркез қолдау тауып жатпағаны да жадымызда. Тілді әсіресе, саясаттың құралына айналдырушылар ақыры 1995 жылы Ата Заңға «ресми» деген жалғыз ауыз сөзді қыбын тауып енгізіп жіберді. Сол жазу қоғамда, өмірде, қолданыста Мемлекеттік тілдің жолын қалай байлап келгенін бәріміз жақсы білеміз.

Әбекең айтқан Мемлекеттік тіл хақындағы сақтандырулар әлі күнге күн төртінде тұр! Ол – «ресми тіл» деген норманың мемлекеттік тілге көрсетіп отырған кедергісі.

Әрине...Ертеме-кеш Қазақ Елі еш дау-дамайсыз мемлекеттік тілдің еркін кеңістігіне шығары күмәнсіз! Сол күнге жеткенде Әбдуәли Қайдар секілді тіл тағдыры – ұлт тағдыры деп



күрделі кезеңде майдан ашқан аруақты тұлғаларымыздың Рухтарының шаттанары күмәнсіз!  
Сол күнге жетсек!... Ұлы Жеңістің болары ақиқат!  
Қазақ Тілі мен Қазақ Ұлтының Рухына бар саналлы ғұмырын арнаған ғұлама ғалым,  
ұлтымыздың ұлы перзентінің жүзжылдық мерейтойы құтты болсын!

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ**

*Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы  
Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры,  
ҚР ҰҒА академигі  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР: ТІЛ. ТАРИХ. ТҰЛҒА**

**Андатпа.** Мақалада академик Әбдуәли Қайдардың тұлғалық келбеті баяндалады. Қазақ тіліне Мемлекеттік тіл мәртебесін беру жолындағы ғалымның ұстанған принциптері, қарымды қайраткерлігі, тарихи тұлғасы кеңінен сөз болады. Тағылымдық тәрбиесі жастарға өнеге ретінде ұсынылады.

**Тірек сөздер:** көрнекті тілші-ғалым, мемлекеттік тіл, қайраткер, тұғырлы тұлға.

**Аннотация.** В статье излагается личность академика Абдуали Кайдара. На пути присвоения казахскому языку статуса государственного языка описаны принципы ученого, его динамичная деятельность и место его личности в истории. Его воспитание предлагается ориентиром для подрастающего поколения.

**Ключевые слова:** выдающийся ученый-языковед, государственный язык, деятель, личность.

**Abstract.** In article describes the personality of Academician Abduali Kaydar. The principles of the scientist, his outstanding and historical personality on the way to giving the Kazakh language the status of the state language, widely described. His upbringing is presented as a reference point for the younger generation.

**Keywords:** outstanding scientist-linguist, state language, figure, persona.

Ғұлама ғалым Әл-Фараби: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан-иманы кәміл, пейілі тура болу керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғамай, ғылымнан аулақ жүру керек» деген екен. Тап осы сөздер қазақ тілінің өткені мен бүгінгісін бүгешігесіне дейін зерттеп, зерделеп қазақ тіл білімі аталатын іргелі ғылымның ілгері дамуына қомақты үлес қосқан қаламы да, ойы да жүйрік – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, түркі дүниесіне танымал түрколог-ғалым, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер – Әбдуәли Қайдарға қатысты айтылғандай әсер қалдырады.

Иә, шынында да, шығармашылық шеңбері кең, ауқымды әрі эралуан ғалымның қаламынан жарық көрген 500-ден астам ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар, сөздіктер академиктің абыройын арттыратынын айтсақ артық болмас. Әбдуәли Туғанбайұлының қазақ тіл біліміне сіңірген еңбектері бұқаралық ақпарат құралдарында көптеп жариялануда. Кейбір басылымдар ғалымның ғылыми шығармашылығына тоқталып, академиктің тіл білімі салалары – лексикология, диалектология, түркітану мен алтаистика, терминология, фразеология, этимология бойынша қол жеткізген еңбектерінің жемісін зерделеп, түркі тілдері арасында қазақ тіл білімінің өзіндік айшықты орнын айқындауды зерттеу нысанасына алған. Әсіресе, этнолингвистика деген ғылым саласының ғылыми негізін қалап және оның одан әрі дамуына қомақты үлес қосқан, сондай-ақ талантты шәкірттер дайындап, лингвистикалық мектепті қалыптастырған академик Ә.Қайдардың аты құрметпен аталары анық.

Сондай-ақ, белгілі ғалымдар Әбекеңнің тек тіл білімі саласымен шектеліп қалмай, бүгінгі күні көкейтесті болып отырған ғылымаралық, пәнаралық зерттеулерге де ден қойғанын ерекше атап көрсетеді. Белгілі философ-социолог ғалымдар Р.Әбдісаттаров пен Т.Қалдыбаева айтқан ойларды айта кетсек, артық болмас: «Этнолингвистикалық зерттеулер мен оның нәтижелерінің тек ғылыми орта емес, мемлекеттік саясат деңгейінде, кең көлемді әлеуметтік ортада жариялануы

қоғамдық ойға жаңа толқын, серпіліс әкелді. Дәл осындай жағдайда этностаным мен тілтаным арасында туындаған лингвистикадағы «этнолингвистиканың» ғылыми танымның жаңа дербес саласы ретінде қалыптасуы, оның бағыт-бағдары мен мақсат-мүддесін айқындау, ғылыми тұжырымдамасын негіздеу Ә.Қайдардың ғылыми-зерттеулерінің негізгі арқауларына айналды. Тіл ғылымы академигінің ғылыми танымдық ұстанымы бойынша этностардың әлеуметтік болмысы мен табиғатын, ұлттық даму заңдылықтарын тіл феномені арқылы танып білудің мүмкіншіліктері бар. Әсіресе, этностаным мен тілтаным сұхбаты мен өзара байланысында, өзара әрекеттесуінде дей келе, осындай зор ізденістердің арқасында жарық көрген «Қазақ қандай халық?», «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын үш томдық этнолингвистикалық еңбегін ұлттардың, қазақ ұлтының этномәдени, этноәлеуметтік, этнопсихологиялық болмысын тіл білімі арқылы танып білуінің қайнар көздері деп тұжырымдауға болады», – деп атап көрсеткен.

Иә, айтса айтқандай, саналы өмірінің 80 жылдық ғұмырында 80 шәкірт дайындағанын, оның ішінде алды Ұлттық ғылым академиясының академигі атағына ие болғанын, ғылым докторлары мен кандидаттары ғалымның тың идеяларын әрі қарай жалғастырып, тіл білімін дамытуда ғылымға қомақты үлес қосып келе жатқанын мақтанышпен өзгелерге үлгі етуге әбден лайық тұлға екені күмән тудырмайды. Академик Ә.Қайдардың (есімнамалық мақалалар топтамасының форматына сәйкес) ғылымдағы еңбегімен бірге қайраткерлік, тұлғалық қасиетіне де тоқталғанды жөн көрдік.

Біріншіден, аға буын мен орта буын өкілдері болмаса, тәуелсіз Қазақстанда туып-өскен жас буын Әбдуәли Туғанбайұлының Ұлы Отан соғысының ардагері екенін біледі десек, артық айтқан болар едік. Ұлы жеңістің 75 жылдығын тойладық, ол жеңістің оңай келмегенін, Отан қорғауда талай жастың қыршын кетіп, соғыс даласында қалғанын, бір үйден бірнеше адам майданға аттанып, солардың бірен-сараны ғана Жеңіс тойын тойлап, елге оралғанын, сөз етіп отырған Әбекең 17 жасқа жетер-жетпестен «Әкелеріміз, ағаларымыз, Отан қорғап жүргенде, біздің ауылда жүргеніміз дұрыс па?» деп ауыл балаларына үндеу тастап, майданға аттанып кеткен әкесі мен екі ағасының соңынан әлі жас екендігіне қарамастан соғысқа сұрануы, еліміздің патриотизмнің ең биік көрінісі екенін жас жеткіншектердің ойына қайта-қайта салып отыру – біздің міндетіміз. «Тәрбие отбасынан басталады» десек, Әбекеңнің бойындағы қасиет, азаматтық болмыс әке-шешеден екені бесенеден белгілі. Қаншама отқа оранып жүріп, жаулармен бетпе-бет шайқастарда беті қайтпаған, фашистерге тосқауыл болып, Отанын қорғауда аяусыз шайқасқан ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен марапатталғанын орынды мақтан етуге лайықты. Соғыс жас офицерді тез есейткені де рас. Қандай қиындық болсын қасқайып тұрып, қарсы алуды үйретті бұл соғыс. Оның үстіне өзінді алдында соғысқа аттанған әкесі де, екі ағасы да соғыстан қайта оралмады. Майдан даласында біржолата қалды... Бұл – Ә.Қайдардың Отан қорғау алдындағы қайраткерлік қасиетінің бір көрінісі ғана. Бауыржан Момышұлы айтқандай, ешкім іштен батыр болып тумайды, батырлық та мінез секілді – өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады десек, жастардың тәрбиесінде ең алдымен ата-ананың рөлін ешқашан да ұмытпауымыз керек.

Екіншіден, Отан қорғауды – ұлтты қорғау, ұлтты қорғау – тілді қорғау деген азаматтық көзқарасы сонау сұрапыл соғыс кезінен қалыптасып үлгерген академик Ә.Қайдардың қазақ тіліне қорған болып, «Қазақстанда мемлекеттік тіл біреу ғана болу керек. Ол – қазақ тілі» деп қызметінен, атақ-даңқ дәрежесінен, лауазымдарынан айырылып қалу қаупі төніп тұрғанына қарамастан, қайраткерлік қасиетінен бір танбай, Қызыл империяның қылшылдаған қылышынан қорықпай, сол кездегі Қазақ ССР Орталық Партия комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин төрағалық еткен 26 адамнан құрылған Мемлекеттік комиссия мүшелерінің ішінен жалғыз өзі тек қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы ұсыныс енгізуінің өзі – соғыста көрсеткен ерлігінің жалғасы іспеттес еді... Реті келгенде, кеше ғана алқалы жиында кездесіп қалған, кеңестік кезеңде Орталық партия комитетінде сектор меңгеруші қызметін атқарған, бүгінгі күні Мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі әдебиеттанушы-ғалым Сауытбек аға Әбдірахманов сол мемлекеттік комиссияға дейін де академик Қайдаровты Колбин бір-екі рет өзіне жеке шақыртып, екі тіл де мемлекеттік тіл болсын деген ұсынысына көндіре алмағанынан хабардар екенін тілге тиек еткенін де айта кеткеніміз артық болмас.

Әрине, қазір айтуға оңай. 1989 жылғы жағдай мүлдем өзгеше еді. Тіл саясатында пікір ала-құлалығы жетіп артылатын. Қоғамдық қарым-қатынаста, адам өмірінде ана тілінің алатын орнын дәлелдеп жатудың өзі артық болар. Қазақ тілінің сол кездегі Қазақ ССР-ның мемлекет-

тік тілі ретінде ұсынылуы оп-оңай шаруа болмағанын біреу білсе, біреу білмес. Тек қана қазақ тілінің мемлекеттік тіл болатынына күдікпен қарайтындар, өзге емес өзіміздің ағайындардың арасынан қазақ тіліне деген сенімсіздік тудыру фактілері бой алған кез болатын. Кейбіреулер қос тілділік деген сылтауды желеу етіп, орыс тілін де мемлекеттік тіл болуын аңсаған қоғамдық пікірлер туғызып жатты... «Тіл үшін күрес – тәуелсіздік үшін күрес» деп бағалаған халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» бұрынғы президенті, марқұм академик Өмірзақ Айтбайұлы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алған жылдар туралы былай дейді: «Қазақ тілінің қалай мемлекеттік тіл мәртебесін алған күні бүгінгідей көз алдымызда. Ол оңайлықпен келген жоқ, талай айқас, тіпті рухани шайқас болды. Өткені, тілдің тағдыры – қазақтың тағдыры еді. Тегеурінді қарсылықтарға да ұшырастық. Әйтеуір, түбі қайыр. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Бұл жеңіс бізге қымбат. Енді алдымызда сол жетістікті баянды ету, іске асыру міндеті тұрды. Бұған қоса елдің көңіл-күйі де, рухы да түлеп, үлкен қозғалысты қажет етті.

Сол жылы академик Әбдуәли Қайдаровтың бастамасымен «Қазақ тілі қоғамы» құрылған еді. Қарап отырсақ, одан бері еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді, елді дамытудың ұзақмерзімді стратегиясын айқындады. Салиқалы тіл саясатының арқасында «Тілдерді дамыту мен қолданудың» бірнеше мемлекеттік бағдарламалары әзірленді. Әбдуәли Қайдар қоғамдық қызметтегі қайраткерлігімен де танылды. Елдегі тіл саясатына белсенді араласып, қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде қолданылуына қатысты ой-пікірлерін үнемі ашық білдіріп кетті. Сол бағдарламалар бойынша елімізде мемлекеттік тілді дамытуға қажетті жағдайлар жасалуда. Тіл туралы тұңғыш заңымыздың қабылданғаны да, «Қазақ тілі қоғамының» құрылғанына да отыз жыл толуына (2019) қуанып қол соғып, той жасадық. Айтуға оңай, әрине! Сайып келгенде, бұл тек қоғамның ғана тойы ғана емес, сонымен бірге туған тілдің мәртебесін арттыруда айтулы істер тындырып, қоғамдық пікір туғызып, ана тілін ардақтауда аянбай тер төгіп, әрқайсымыздың абзал борышымыз деп жүрген тіл жанашырларының тойы еді.

Академик Ә.Қайдардың «Тұлғатаным» дәрісінде талқылауға лайық қасиеті – туған тілді құрметтеу, ана тілінің абыройы үшін керек кезде атақ-даңқ дәрежеңді де тәрк етуді жастардың бойын сіңіру. Егер сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында, тіл тағдыры таразы басында тұрғанда, қайраткер Ә.Қайдар өзіне тән қайсарлық мінезін танытып, «Мемлекеттік тіл тек қазақ тілі болу керек» деп қасқайып тұрмағанда, қазақ тілінің қолданылу аясының кеңейе түсуі, қазақ балабақшалары мен мектептердің санының көбеюі, ана тілінде сөйлей алатын жастардың молаюы, білім ұйымдары мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінде сабақ беретін топтардың ашылуы, көше, қала, ауыл, жер аттарының қазақшаға ауыстырылуы мүмкін бе еді, жалпы халықтың қазақ тілінің келешегіне деген сенімі арта қояр ма еді!?

Шындығына келгенде, академик Әбдуәли Қайдар марапат, қошемет, мақтау, мадақтауға зәру жан емес еді. Оған енді қажеті де жоқ. Дей тұрсақ та, Ұлы жеңістің – 70, Тіл туралы заңның және халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» 25 жылдығын мерекелеу аясында Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қазақ тілі қоғамының» сол кездегі құрметті президенті, Түркияның «Dil Kuramı» лингвистикалық қоғамының құрметті академигі, 90 жылдығына байланысты академик Әбдуәли Қайдарға сұрапыл соғыста көрсеткен ерлігінің куәсіндей кеудесінде жарқыраған «Қызыл жұлдыз» орденінің жанында, қазақ тілінің тағдыры таразыға түскен тұста, қазақ тіліне қасқайып тұрып қорған болған майдангер-ғалымның кеудесінде тәуелсіз Қазақстанның «Халық қаһарманы» алтын жұлдызы жарқырап тұрса, жарасып кетер еді деп еліне етене жақын «Айқын» газетінде ұсыныс тастап, әрі ол Ә.Қайдарға көрсетілген құрмет қана емес, «Ел тәуелсіз болмай, тіл тәуелсіз болмайды», – деп Тіл сардарының соңынан ерген сандаған сарбаздардың еңбегінің салтанат құрып, қошеметке кенелуінің де айқын көрінісі болатындығына сенімімнің мол екенін айтқанымда, ұсынысыма көпшілік қуана қол соғып, жағымды қоғамдық ой-пікір туып, халықтың қолдауына ие болған еді. Өкінішке қарай, ол ұсынысымыз ресми тұрғыда қолдау тапқан жоқ...

Академиктің қайтыс болуына байланысты өткізілген қаралы жиында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынұлы: «Қазақстан ғылымы тағы бір тіл тарланынан айырылды. Әбдуәли ағамыздың тіл біліміне қосқан өлшеусіз еңбегі, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, туған тілді өз тұғырына қондыруда, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының халықтық қолдауға ие болуына сіңірген ерекше ерлігі мен еңбегі әрқашанда жадымызда сақталады» деген еді. Десе дегендей, туған елі Әбдуәли Туғанбайұлын қайытпас сапарға «Халық батыры» ретінде зор күйзеліспен шығарып салды...

Корыта айтсақ, Тарихи тұлға, Тіл тарланы – Әбдуәли Қайдардың тағылымы – Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарына үлгі-өнеге болып қала берері анық.

**Рүстембек ШОЙБЕКОВ**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ЕЛ ЖҮГІН КӨТЕРГЕН ҚАЙРАТКЕР ҒАЛЫМ**

Қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін 1951 жылы мерзімінен бұрын (4 жылда) үздік бітіріп, сол жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түскеннен бері академия қабырғасында және қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында табан аудармай 70 жылдай саналы өмірін бүтіндей ғылымға арнаған, тоқсаннан асқан шағында да жұмыс істегісі келіп тұратын аса еңбекқор, атакты ғалым, ұстаз Әбдуәли Қайдар 2019 жылы 27 ақпанда 95 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Биыл бүкіл түркі жұртына мәшһүр болған, қазақ және түркітану әлемінің жарық жұлдызына айналған ғұлама, ғалым-ұстаздың туғанына 100 жыл толып отыр.

Ә.Қайдар 1924 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ ауылында дүниеге келген. Балалық шағы 30-жылдардағы ашаршылық, жылдарына тап келіп, бұрынғы Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарына қарасты ауылдарда жиі-жиі көшіп-қонумен болған отбасында, қазақ және ұйғыр ауылдарында өтеді. Ата-анасы көшіп барған жерінде қандай мектеп болса, сол мектепте оқуына тура келеді. Мектеп жасына жеткенде сауатын татар мектебінде татар тілінде ашып, оқуын ретіне қарай ұйғыр, қазақ мектептерінде жалғастырады. Қазақ, ұйғыр ауылдарында өскендіктен, екі халықтың тілін жақсы меңгереді. Мектеп қабырғасында жүріп домбыра, скрипка, мандалина тәрізді саз аспаптарын тартуға үйренеді. Әсіресе, сурет салуға қатты қызығып, Ә.Қастеевтің шәкірті болуды да армандайды. Мектепте «суретші бала» атанады. Соғысқа кеткенге дейін салған суреттері ұзақ жылдар (1946 жылға дейін) бойы мектеп қабырғасында ілулі тұрады). Бала кездегі асқақ қиялдан басталған бұл өнерді Ә.Қайдар өмірінің соңына дейін серік етеді.

Дүниежүзінің көптеген елдерін шарпыған Отан соғысы басталғанда 1941 жылы қыркүйек айына дейін бір үйден соғысқа төрт ер-азамат кеткен, мектеп мұғалімдерінің көбі майданға аттанған кезде мектеп оқушысы жасындағы Ә.Қайдар өзі сұранып, Отан қорғауға аттанады. Бұл сол кезеңдегі мектеп балаларының патриотизмінің айқын көрінісі болатын. Бір топ достарымен әскери комиссариатқа өз еріктерімен майданға жіберуін сұранып жазған арызы газетке де («Үлгілі колхоз») жариялағанын көпшілік біле бермейді. Майданға бірден жібере қоймағанымен, 1942 жылы 10 айлық курста оқып жүргенде оны бітірмей-ақ, 17 жасқа толмай тұрып майданға аттанады.

Казвоенкоматтың жолдамасымен Ташкент қаласында 3 айда радио-телеграфист мамандығын игерген соң Мәскеуге, одан әрі майдан соқпақтарымен кете барады. Жауынгерлік жолы Калинин майданынан басталып, 1-Прибалтика, 2-Белорус майдандарында жаумен шайқасып, Европаның көп жерлерін жаудан азат етіп, жеңіс күнін Штеттин қаласында қарсы алады.

Ә.Қайдар соғыс даласында көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін екі рет «Қызыл жұлдыз», III дәрежелі «Даңқ» ордені, I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Москваны қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен және т.б. марапатталып, елге үлкен абыроймен оралады. Соғысқа өз еріктерімен сұранып кеткен сыныптас жиырма бес оқушыдан төртеуі ғана аман оралғанның біреуі Ә.Қайдар болатын. Бұл ұлы жеңістің соншалықты қымбатқа түскенінің бір ғана көрінісі еді.

Соғыстан кейін бір жылдан астам әскер қатарында офицерлік қызметте болып, 1946 жылдың шілде айынан бастап запыстағы офицер қатарына ауыстырылады.

Елге оралысымен күйреген шаруашылықты қайта қалпына келтіруге атсалыса жүріп, үзіліп қалған оқуын әрі қарай жалғастырып, 10-сыныпты жедел (экстерн) бітіріп, кәметтік

аттестат алады. 1947 жылы бұрынғы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі.

Бүкіл елімізде қаусап қираған шаруашылық салалары қалпына келе қоймаған, инфляция шарықтаған, стипендия болмаған, тек бір мезгіл карточка-талонмен тамақтануға тура келетін кезде Ә.Қайдар күнкөріс қамымен 4-5 фотофтельде жұмыс істей жүріп, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Университетте шығатын «Жас қалам» атты қабырға газетінің суретшісі болып, кейінірек қазақтың көрнекті тұлғаларына айналған Тауман Амандосов, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішевтермен газет шығару жұмысын бірге атқарылады.

Осы жылдардағы Үкіметтің майдангер студенттерге қамқорлығы ретінде бір жылда екі курсты (бірінші және екінші курсты) бітіруіне мүмкіндік жасаған қаулысына сәйкес университетті 5 жылдың орнына 4 жылда – 1951 жылы үздік бітіріп шығады. Сол жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түседі.

Ә.Қайдардың ғылымдағы еңбек жолы 1954 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының аспирантурасын «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін осы ғылым ордасында басталып, 1954-1958 жж. «Ұйғыр-дүнген мәдениеті» секторының, 1958-1959 жж. «Шығыстану» секторының кіші, аға ғылыми қызметкері болып еңбек етті.

1959-1961 жж. ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты жанындағы «ұйғыр филологиясы» бөлімінің меңгерушісі, 1961-1963 жж. Тіл білімі институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары және 1963-1967 жж. Институттағы «ұйғыртану» бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1967-1978 жж. Тіл білімі институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1978-1995 жж. 17 жыл бойы ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының қызметін атқарды. 1995 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құрметті директоры болды. 1978 жылдан бастап институт жанындағы «түркі тілдері және қазақ тілі» мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын ғылыми кеңестің төрағасы болып, ғылыми жұмыстарды ұйымдастырумен кадр дайындауға еңбек сіңірді. Қазақ тіл білімінде кадр дайындауға ерекше көңіл бөлген көрнекті ұстаз-ғалымдардың бірі болды. Ә.Қайдардың ғылыми жетекшілігімен 16 ғылым докторы, 75 ғылым кандидаты – барлығы 91 тіл білімінің ғылыми дәрежелі маманы дайындалды...

Ә.Қайдар тіл білімі ғылымында о баста түрколог ретінде қалыптасты. Оның түркология мәселелерін терең де кең ауқымда зерттейтін ғалым ретінде танылып, қалыптасуына 1951 жылы университетті бітірерде ұстазы І.Кенесбаевтің диплом жұмысының тақырыбын «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деп ұсынуы, кейін аспирантурада да осы тақырыпты тереңдетіп зерттеуі, ұйғыр тіліне маманданып, кандидаттық диссертация қорғауы себеп болған. Өйткені қазақ тілі тұрғанда тақырып материалын ұйғыр тілінен берген ұстазы лексикология, оның ішінде фразеология, қос сөздер, тұрақты сөз тіркестері мәселелері бойынша докторлық қорғаған, алайда бұлар басқа түркі тілдерінде зерттелгенімен ұйғыр тілі бойынша қарастырылмаған болатын. Сөйтіп, қазақ пен ұйғырлар аралас тұратын адамдарды туып-өсіп, бастауыш мектепте ұйғырша оқып тілін үйренуі, диплом жұмысын ұйғыр тілінде жазуы, Шоқан Уәлихановтың мұрасымен танысуы осы бағытта зерттеу жүргізуге әсер етеді. Бұл бағытта жазған еңбектері ұлы көштің басы болмаса да қатардағы зерттеулердің бірі болып қалған емес. Қайта 1969 жылы шыққан «Развитие современного уйгурского литературного языка» атты монографиясы үшін Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері атанды (1970 ж).

Ал, академик Ә.Қайдардың қазақ (түркі) тіліндегі бір буынды түбір, негіздерді кең ауқымда зерттеген «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986) атты іргелі еңбегі түркі тіл біліміне үлкен жаңалық әкелді. Дүниежүзілік түркологияда үлкен серпіліс тудырды, әлемге белгілі түркологтар тарапынан аса жоғары бағаланды.

Ғалымның бұл еңбегі әлемдік деңгейдегі түркологтар – Э.В.Севортян, М.Рясенен, Дж.Клоусонның этимологиялық сөздіктерімен қатар тұратын кітап ретінде танылады.

Сонау 1972 жылы Кеңестер Одағы Жоғары аттестация комиссиясы тарапынан түркология саласындағы еңбектері бойынша «Түркі тілдерінің профессоры» атағын алған Ә.Қайдар түркологияға сіңірген еңбектерінің арқасында әлемдік түркологияда үлкен беделге ие болды. Ә.Қайдардың ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі ғана емес, Башқұртстан



Ғылым академиясының, Түркияның академия деңгейіндегі «Turk Dil kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті академигі, Кеңестер Одағы кезіндегі «Советская түркология» журналының алқа мүшесі болуы да ғалымның түркология саласындағы абырой-атағын білдіреді. Ә.Қайдардың түркология саласындағы еңбектері осы бағытта зерттеу жүргізетін сақтанушы, түбіртанушы жас ғалымдардың бағдаршамы болып қала береді.

Базалық білімді университет қабырғасында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша алған Ә.Қайдар аспирант кезінен басталған түркологиялық ізденістерін қазақ тілі туралы зерттеулерін қатар жүргізді. Атап айтқанда, 1954 жылғы «Ауылшаруашылық терминдерінің сөздігі жөнінде», «Кейбір қос сөздердің этимологиясы» (1959) тәрізді мақалаларынан бастап қазақ, ұйғыр тілдерін қатар зерттеп, еңбектерін қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде – үш тілде бірдей жазады.

70 жылға жуық саналы өмірін ғылымға арнап, өндіре еңбек етіп, тер төккен Ә.Қайдардың айналыспаған саласы жоқ деуге болатындай. Ғалым еңбек еткен салаларды, атап айтқанда, лексикология, диалектология, тіл құрылысы, түркітану және алтаистика, этнолингвистика, ғылым тарихы, білім құралы – оқулық, тіл саясаты және т.б. деп жіктеуге болады.

Тіл білімінің осы салаларының әрқайсысының өзінен туындайтын сөзтану (түбіртану), этимология, терминология, ономастика, семасиология, фразеология тәрізді тараулар мен олардан туындайтын синкретизм құбылысы, гомогенді омонимдер, плеоназм, қос сөздер, еліктеуіш сөздер, өлі түбірлер, сөзжасам модельдері, дыбыстық заңдылықтар, стиль, әдеби норма және т.б. мәселелерді қамтыған еңбектері Ә.Қайдардың жалпы түркологияда, қазақ және ұйғыр тіл білімінде іргелі және қолданбалы мәселелерді зерттеуге қосқан зор үлесі болып саналады. Олардың бір тобы мектеп оқушылары мен студенттерге ұзақ жылдар бойы оқу құралы ретінде қызмет етіп келеді.

Ә.Қайдардың 30 жылдан астам уақыт қазақ терминологиясының өзекті ғылыми және мәселелерін қамтитын еңбектері аз емес. Терминге қатысты көптеген зерттеулерінің ішінде «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» (1993) атты еңбегінің орны ерекше. Терминология саласындағы еңбектері, әсіресе, аталған осы жұмысы терминге қатысты мәселелерді уақытында көтеріп, үн қосып отыруымен, оны дамытудың ғылыми-қоғамдық принциптерін көрсетіп беруімен, пайдалануға болатын нақты ұсыныстарымен құнды.

Этимология саласындағы Ә.Қайдардың алғашқы ізденістері 1950-жылдардағы қос сөздер табиғатын зерттеуден, 1960-жылдардағы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» құрастырудан басталып, үздіксіз жалғасып отырды; кез келген зерттеуші батылы барып бара бермейтін этимологияны ғылымның жеке саласы ретінде дамытты. Ә.Қайдар этимологияны қазақ тіл білімінде арнайы пән дәрежесіне көтеріп, жеке ғылым саласы ретінде қалыптастырған ғалымдардың бірі ретінде танылады.

Лексикография саласында Ә.Қайдар өнімді еңбек еткен тіл білімі маманы ретінде ғылыми қауымға да, қалың оқырманға да кеңінен танымал. Оның қаламынан туған «Парные слова в уйгурском языке» (1958), «Уйгурско-русский словарь» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966), «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (2003), «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (2004), үш томдық «Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік)» (2009-2013), «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» (2013) және т.б. еңбектерінің бірі тобы сөдік қана емес, ғалымның жан жақты мол білімінің куәсіндей энциклопедиялық сипаты бар жұмыстар, энциклопедиялық сөздік деп тануға болатын лексикографиялық еңбектер.

Академик Ә.Қайдар – қазақ тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының аса ірі өкілі және негізін салушы. 1970 жылдардан өзі бастап қолға алған («Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение» атты мақаласы 1973 жылы шыққан) жас ғылым саласы бойынша шәкірттеріне кандидаттық, докторлық тақырыптар беріп, этностану мен тілтану арасынан туындаған этнолингвистиканың мақсат-мүддесі мен бағыт-бағдарын айқындап, ғылыми тұжырымдамасын негіздеп берді.

Ұзақ жылғы ізденістерінің нәтижесінде әрбір қазақтың өзі, өзінің халқы (этнос) туралы ойланып «Біз кіміз осы?», «Біз қандай халықпыз?» дейтін сауалына жауап ретінде Ә.Қайдар ұлттық менталитет аясын құрайтын ұлттық мінез-құлық, халықдық психология, ұлттық аксиомалар, ұлттық-мәдени стереотиптер және т.б. түрінде көрініс беретін ерекшеліктерді этно-

таным тұрғысынан қарастырған «Қазақ қандай халық?» атты этнонимика саласына жататын көледі нбегін жариялады (2008).

Ұлттық идеологияға байланысты бұл еңбектің мақсаты қазақ халқы мен Қазақстанның егеменді ел ретінде үздіксіз дамып, әлемдегі алдыңғы қатардағы елдермен бәсекелесуге жарайтындай мүмкіндігі бар екенін, оларды іске асыруда ұлттық идея қандай қызмет атқаруы керектігіне, материалдық байлықтарымызбен бірге халқымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттерін насихаттап кеңейтуге, этнос болмысының салауаттылығын сақтауға, сол этнос болмысы сау болса ғана мақсатқа жетуге болатындығына назар аудару болатын. Этнонимия саласындағы «Қаңлы» (2004) атты тағы бір көлемді еңбегі ғалымның ерен еңбегін айғақтайды.

Тілдік және этнолингвистикалық деректер негізінде қазақ тілінде сөйлейтін ұлттық тұрмыс-тіршілігімен, ұғым-түсінігімен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланыстыра зерттеген, ұлттық идеология көрініс табатын «Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік)» атты үш томдық сөздік (2009-2013) лексикография, этнолингвистика аясында ғана қалып қоймай танымдық-философиялық, этнолингвистикалық сипатымен де ерекшеленетін, қазақ тіл біліміндегі жаңа еңбек. Бұл еңбекті оқып шыққан әрбір адам өзінің халқы туралы жан-жақты баға жетпес білім алып, өзінің ой әлемінде «жаңалық ашып», академиктің өзі айтатындай «ұлттық тіл ұлттың өзін ғана танып-білудің құралы емес, сонымен қатар, халықты бірлестірудің, елдікті сақтаудың, мемлекетті дамытудың алғышарты» екенін ұғынары хақ.

Ә.Қайдар – көрнекті тіл саясаткері. Ә.Қайдардың тіл саясаткері ретіндегі тұлғасы, әсіресе, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру мәселесі таласқа түскен шақта, латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілген тұстарда, «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы (1989) мен қалыптасуы барысында, 1930 жылдардағы зұлматтың құрбаны болған, қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлын, Қ.Жұбанұлын, Х.Досмұхамедұлын, Т.Шонұлын ақтап алу шараларына белсене араласқан кезінде айрықша көрінеді.

1986-1987 жылдар сол кезеңдегі СССР-дің құрамында болған Қазақ СССР-інде саяси-әлеуметтік ахуалдың өте қиын болғандығы қазақ тілінің тағдырына да қатысты еді.

1987 жылы 3 наурызда қазақ және орыс тілдерін дамытуға ерекше көңіл бөлу туралы қаулы шықты. Бұл сол кезде «қостілділік» деген ұғымның, «қос тіл – қос қанатың» деген ұранның пайда болуына жол ашып, алдағы уақытта тіл туралы қабылданатын заңды екі тілге (қазақ және орыс тілі) қатар мемлекеттік мәртебе беріліп кету мүмкіндігін тудырды.

Мемлекеттік тіл статусын тек қазақ тіліне беру туралы көзқарас оппозициялық, кертартпа, ұлтшылдық принцип ретінде танылып та жүрді. Алайда, дәл осы бір қиын күндерде сол кездегі Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.Колбиннің «Сіз қалтасында партбилеті бар институт директорысыз» деп шүйіліп, қысымға алғанына қарамастан қызмет орнынан, атақ-лауазымынан айырылып қалу қаупіне, төніп тұрған тажалға қарамастан мемлекеттік комиссия мүшелерінің жалғыз өзінің мемлекеттік мәртебе бір тілге – қазақ тіліне ғана берілуі керек деген ұсыныс енгізуі жұртшылық пікірін бұруға себепкер болды. Ә.Қайдардың бұл ұстанымы оның елі мен жері, тілі үшін басын садақа етуге бел буған қайтпас табандылығы мен ерлігін көрсетті.

1989 жылы 22 қыркүйекте Тіл туралы заң қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған соң сол жылы 21 қазанда Ә.Қайдардың бастамасымен «қазақ тілі» қоғамы құрылып, Ә.Қайдар оның президенті болып 2004 жылға дейін қоғамдық қызмет атқарды. Нағыз тіл жанашыры, қорғаны болған Ә.Қайдар осындай оқиға, іс-шаралардың ізін суытпай 1990 жылы «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың жолдары мен шаралары» атты еңбегін жариялап, онда қазақ тілін әрі қарай дамытудың негізгі мәселелері мен шараларын, болашақта жасалуға тиіс бағдарламаның ең ұрымтал, келелі мәселелерін анықтап, атап көрсетеді.

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі туралы пікірлер де осы кездерде көтеріле бастаған болатын. Бүгінде оған ширек ғасыр болып қалды. Ә.Қайдар осы мәселені алғаш көтергендердің бірі болды. Сол тұста бүкіл түркі халықтарына ортақ әліпбидің қажеттілігі туралы да мәселе көтерілді. «Түркі әлемінің бірлігі латын әліпбиіне көшуде» деп санайтын ғалым ретінде 1993 жылы Түркия сыртқы істер министрлігінің ұйымдастыруымен Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменстан ғалымдарының Анкарада өткен конференцияда барлық түркі халықтарына ортақ 34 әріптен тұратын, келісілген әліпби жобасына Қазақстан делегациясын басқарып барған Ә.Қайдар Қазақстан тарапынан қол қояды.

Академик Ә.Қайдар – қазақ тіл білімінің түрлі салалары мен түркология әлемінде өнімді еңбек ете жүріп 90-нан асқан шағына дейін ғылыми дәрежелі 91 шәкірт дайындаған ұлағатты ұстаз. 91 шәкіртінің 16-сы ғылым докторы, профессор, 75-і ғылым кандидаттары мен доценттер.

Ұстаз-ғалымның шәкірттерінің және жалпы өзінен кейінгі буынның жазған-сызғандарын қадағалап оқып отыруға уақыт тауып, олардың ғылымдағы жетістіктеріне әділ бағасын беріп, жетелеп, қамқоршы болғаны ерекше атап айтуға тұрады. Бұл ретте аса еңбекқор зерттеуші, бұрынғыға мұра, бүгінгіге бұйда болып келе жатқан Н.Уәли мен Ж.Манкееваның және Е.Қажыбектің, Г.Смағұлованың т.б. ғылымдағы қарымы мен жетістіктері туралы баспасөз бетіндегі ой-пікірлері мен естелік материалдарын келтіруге болады.

Шәкірттерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуінің арқасында Ә.Қайдар қазақ тілі білімінде сөзі, сөздің түбірін тануға бағытталған түбіртану мектебін, тілді халықтың этнографиясымен байланыстыра зерттейтін этнолингвистикалық мектеп, қазақ және түркі тілдерін моңғол, корей, жапон тілдеріне қарым-қатынасы тұрғысынан зерделейтін алтаистика мектебін қалыптастырды. Тұтастай алғанда Ә.Қайдардың гуманитарлық бағытқа жататын лингвистикалық, тарихи, мәдениеттану, философиялық, этнологиялық зерттеулері шәкірттерінің зерттеулерінде жалғасын тауып келе жатыр.

Ұстаз ретінде дайындаған шәкірттерінің мамандығы олар диссертация қорғаған Кеңестердің ғылыми профилі мен мамандық шифрларына қарай таратып айтқанда 10.02.02 – қазақ тілі; СССР халықтарының тілі; 10.02.06 – түркі тілдері; 10.02.20 – салыстырмалы-тарихи және типологиялық тіл білімі және аударма теориясы; 13.02.02 – қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері болып келеді.

Негізгі мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (базалық білімі) болып келетін қазақтілді шәкірттерінен басқа мамандығын орыс, ағылшын, француз, неміс және т.б. тілдері бойынша алған шәкірттері мен ұлты башқұрт, қарақалпақ, ұйғыр, хакас және т.б. шәкірттері жекелеген тілдерді, түркі тілдерін, алтай тобындағы (моңғол, жапон, корей) тілдерді, сондай-ақ, орыс, араб, парсы, қытай, неміс, ағылшын және т.б. тілдерін зерттеді. Басқаша айтқанда, Ә.Қайдардың шәкірттері түркологиямен ғана шектелмей славянистика, алтаистика және жалпы тіл білімі бойынша зерттеулер жүргізеді.

Ұстазының жұмысын абыроймен жалғастырып жүрген шәкірттерін Мәскеу, Уфа, Абакан, таулы Алтай, Ташкент, Бішкек, Нөкістегі ғылым-білім орталықтарынан және Қытай халық республикасы, Моңғол халық республикасы, Түркия мен Корея елдерінен кездестіруге болады.

Олардың бірқатары, атап айтқанда: филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Ахметов, Ә.Нұрмағамбетов, А.Айғабылов, Ж.Манкеева, Е.Қажыбек, Ғ.Әнес, С.Бизақов, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Қ.Сартқожа, М.Ескеева, Ш.Сейітова және т.б. бүгінде қазақ тіл білімінде және қоғамдық-әлеуметтік салада танымал тұлға деп саналады.

**Ғылымды ұйымдастырушылық және қоғамдық-әлеуметтік саладағы қызметі – Ә.Қайдар өмірінің жарқын белестері.**

Ә.Қайдар тіл білімі институтында 6 жыл бөлім меңгерушісі, 13 жыл директордың орынбасары, 17 жыл директор қызметін атқарды.

Ғалым адамның алтын уақытын өткізетін алуына әсер ететін ырду-дырду, картақұмарлық, ішімдік, қыдырымпаздық тәрізді әдеттерден бойын аулақ салып, уақыты дұрыс пайдаланудың арқасында Ә.Қайдар шын мәніндегі ғалым әрі басшы бола алды. Осындай еңбекқорлық пен міндетті жұмысына ұқыптылықпен, жауапкершілікпен қарауының арқасында бұрынғы Кеңестер Одағында Тіл білімі Отандық түркологияда Москва, Ленинградтан кейінгі үшінші орында тұрды.

Ұзақ жылғы ұйымдастырушылық, басшылық, оның сыртындағы әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласа жүріп 700-ден астам ғылыми мақалалар мен 60-тан астам монография, сөздік, оқулық, жинақ, кітапша түрінде мол еңбектер беруі Ә.Қайдардың осындай ерекшелігінің дәлелі.

Жоғарыда атап өтілген қоғамдық жұмыстарынан басқа Ә.Қайдардың әр жылдарда белсене араласқан қоғамдық-әлеуметтік қызмет түрлеріне ҚР Ғылым академиясының «Хабарлары» журналының бас редакторы, «Білім және еңбек», «Парасат» журналдарының редакция алқасының мүшесі, кезіндегі «Достық» қоғамының, Қазақстан Халықтары Ассамблеясының,



Мемлекеттік терминология, Ономастикалық комиссия төрағаларының орынбасары, СССР-дің Ғылым мен техника саласындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің, Қазақ СССР-інің ғылым мен техника саласындағы сыйлықтар жөніндегі комитеттің, СССР Жоғары аттестациялық комитеттің, ҚР ЖАК-ның, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі ретіндегі және т.б. қоғамдық қызметтері жатады.

Тәуелсіздік жылдарында Отаншыл, ұлтжанды азаматтың қоғамдық-әлеуметтік жұмыстардың белортасында жүріп тіл маманы, ұлт перзенті ретінде атсалысқаны көпшіліктің есінде. Туған елінің алдындағы зор еңбектері ескеріліп, мәртебесі «Халық қаһарманы» атағынан кейінгі орында тұратын «Отан» орденімен, түркі халықтары арасындағы рухани, мәдени, достық қарым-қатынасты қалыптастыруға қосқа үлесі үшін Түркия мемлекетінің халықаралық «Құрмет белгісі» орденімен, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілінің айбары» алтын белгісімен және т.б. марапатталды.

Ғалымның өзінің жазғандары мен естеліктеріне ұзақ жылдар бойы бірге қызмет еткен замандастары мен шәкірттеріні, ұжымының ол туралы пікірлерін шола отырып жинақтай айтқанда Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері, Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне айрықша еңбек сіңірген тұлға, қоғам қайраткері, академик Ә.Қайдарды ХХ ғасырдың аяғымен ХХІ ғасыр басындағы еңбек еріне балайды,

Атақты ғұлама, еліне еңбек сіңірген ғалым-ұстаз, қоғам қайраткері Ә.Қайдардың артына қалдырған өшпес мұрасы ғасырдан ғасырға жетіп, болашақ ұрпаққа қызмет ете бермек:

Жақсы іс көп жасайды.

*Зейнеп БАЗАРБАЕВА*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
филология ғылымдарының докторы, профессор,*

*ҚР ҰҒА академигі*

*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ТІЛ ӘЛЕМІНДЕ ТІРШІЛІК КЕШТІ**

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, белгілі түркітанушы ғалым, Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдар есімі тек қазақ жұртшылығына ғана емес, жалпы бүкіл түркі дүниесіне ежелден етене жақындығымен қымбат саналады. Саналы ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын тіл білімі саласына арнаған заңғар тұлғаның туғанына биыл міне, 100 жыл толып отыр. Ана тіліміздің абызы атанған академик ағамыздың жарқын бейнесін жадымызда жаңғыртып, ғылыми шығармашылығы хақында аз-кем ой қозғауымыздың тағы бір себебі, алдағы жылы екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына – 80 жыл. Қайраткер ғалымның мерейтойы тұсында Жеңіс мерекесінің ойға қатар оралуы бекер емес, әрине. Әбдуәлі Туғанбайұлы 1942 жылдың мамырында қазақ орта мектебінің 9 сыныбын және он айлық педагогика курсы бітірісімен 17 жасқа толар-толмастан өз еркімен майданға аттанады. Жиырма жасында жауынгерлік ерлігі үшін орденімен марапатталады. Бұл туралы ол өзінің бір сұхбатында: «Калинин майданында «Марс» деген операция жүріп жатқан болатын. Сол шайқаста бір рет жараландым, бір рет контузия алдым. Соңғы жарақат алуыма байланысты айтатыным, екі жаққа да бейтарап алаңқайда немістердің бір пулеметі жатыр еді. «Соны кім алып келеді?», деген жоғарыдан бұйрық түсті. Жанымда бір орыс жігіті бар, «біз алып келейік» дедім. Еңбектеп барып, пулеметті екі дискісімен алып келдік. Сол үшін ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттады» дейді. Одан кейін Ленинградты блокададан босатуға атсалысқан. Жданов атындағы әскери-инженерлік училищеде білім алып, офицер ретінде Беларусь майданына қатысқан. Қайтпас қайсар ерлігі үшін І және ІІ дәрежелі Отан соғысы ордендерімен (1944), екі рет «Қызыл Жұлдыз» (1945) орденімен және «Жеңіс үшін» медалімен марапатталған.

Әбдуәлі Туғанбайұлы екінші дүниежүзілік соғыстан туған жерге аман-есен оралып, ғылым көгінде де жасындай жарқырап көзге түскен бірден-бір қазақ еді. Соғысқа қатысқан майдангерлердің ішінде КСРО Ғылым академиясының академигі атанған тұлғалар аз болмауы мүмкін, ал Қазақстан Ғылым академиясынан ондай биікке өзінің таза еңбегінің арқасында қол

жеткізген бір ғана майдангерді білеміз. Ол осы Әбдуәли ағамыз болатын. Ұстаздың мерейтойы тұсында біз оның осындай өмір жолындағы қайраткерлік келбеті, бойындағы адами қасиеттері, ғылымдағы жетістіктері туралы кейінгі толқынға ұдайы айтып отырудан жалықпауымыз керек. Аяулы сезіміміз бен ыстық лебізімізді асылдарымыздан аяп қалуға хақымыз жоқ.

Соғыс аяқталғаннан кейін Ә.Қайдар Қазақ мемлекеттік университетін, кейін Қазақ КСР Ғылым академиясы жанындағы аспирантураны «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша ойдағыдай тәмамдады. Одан кейін ғалымның ғылымдағы бүкіл ғұмыры Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының қабырғасында өтті, ол ғылыми өсудің барлық кезеңінен – аспиранттан бастап академикке дейінгі, кіші ғылыми қызметкерден Ғылым академиясының директорына дейінгі мехнаты мол соқпақтан сүрінбей өтті.

Ғалымның жалпы түркологияға, қазақ тіл біліміне және ұйғыртануға қосқан орасан зор үлесі лингвистикалық, теориялық өзекті, практикалық маңызды мәселелер бойынша зерттеулерді ұсынған 700-ден астам еңбекте (жалпы көлемі – 1000 б.т. астам) бағаланады. Олардың қатарында жеке ғылыми монографиялар, жинақтар, сөздіктер, университеттер мен мектептерге арналған оқулықтар түрінде жарияланған 52 ірі зерттеу бар. Академик Ә.Қайдардың еңбектерін талдау ғалымның ғылыми ізденістерінің кең ауқымын, тіл ғылымы саласына қосқан үлесін аңғартады. Атап айтар болсақ, лексикология, диалектология, этнолингвистика, тіл құрылымы, түркология және алтайтану, тіл тарихы, тіл саясаты, қазақ тілі пәнінен мектеп оқулықтарын дайындау, сонымен қатар этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология және тіл ғылымының басқа да үлкенді-кішілі салалары мен ішкі мәселелерін қамтитын еңбектері баршаға бағалы һәм баға жетпес байлық саналады. Ғалымның еңбектерімен жас лингвистердің бірнеше ұрпағы өсіп жетілді, мындаған студенттер мен мектеп оқушылары тіл туралы заңдылықтарды меңгеріп, ғылыми ой-өрісін кеңейтті. Ғалымның айналысқан салаларының тізбесіне көз жүгірте отырып, адам баласы бойындағы қасиет білімі мен білігінен, ұстанымы мен дағдысынан ерекшеленіп тұратынын, аға ұрпақтың рухани қорын жас ұрпақтың санасына сіндіре білу әрекетімен бағаланатынын пайымдайсыз.

Қазіргі лингвистика үшін Ә.Қайдардың: «Тіл – мәдениеттің айнасы» деген ойы өзекті болып қала береді. Мұнда адамды қоршаған орта мен айналамызда болып жатқан түрлі күрделі де маңызды жағдайлар ғана емес, сонымен бірге халықтың әлеуметтік өзін-өзі тануы, менталитеті, ұлттық сипаты, өмір салты, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүр-дағдысы да айқын көрініс табады. Әлемге ұлттық тілдің көзімен үңілу үрдісі осылай қалыптасады.

Әбдуәли Туғанбайұлының лингвистика, этнография, фольклористика, археология және мәдениеттану ғылымдарының тығыз үйлесімде, өзара жақын жымдаса тіршілік кеше алатынына негізделген құнды еңбектерінің өзі бір төбе. Бұған автордың мынадай ірі еңбектері дәлел: «Қазіргі ұйғыр тіліндегі жұп сөздер» (1958); «Ұйғырша-орысша сөздік» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966. авторлардың бірі), «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969), «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Қаңлы: тарихи шежіре» (2003). «Халық даналығы» (2004), «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» (2013), «Ғылымдағы ғұмыр» (2014), «Қазақ тіліндегі еліктеуіш» (2014), «Сөз төркіні, тіл сыры» (2014) т.б.

Автор мұнда тарихи және қазіргі тілдік фактілерді этностың рухани мәдениеті призмасы арқылы қарастырып, тіл мәдениеттің қазынасы, қоймасы, қорғаны екенін дәйекті түрде дәлелдейді. Ол мәдени құндылықтар сөздікте, грамматикада, идиомаларда, мақал-мәтелдерде, нақыл сөздерде, фольклорда, көркем әдебиетте және ғылыми әдебиетте, жазбаша және ауызша сөйлеу формаларында сақталады, дейді. Тіл мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші күш деп таниды.

Оның ғылыми ізденісінің ауқымы сан алуандығымен сүйсінетеді. Ғалымның теориялық ұстанымы тілді халықтың рухымен ұштастыра қарастыруымен қымбат. Шығармаларында халықтың тілі олардың ойлау жүйесімен қатар қамтылады. Ойлы оқырманға тілдің қуаты адамзаттың рухани дамуымен тығыз астасып жатқанын жеткізеді. Қай халықтың да мәдениеті тіл құрылымынан көрініс табады деген пайымды алға тартады. Халықтың рухын концептуалды түсіну табиғи тіл арқылы ғана жүзеге асады, өйткені ол ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан мәдениеттің құрамдас бөлігі, халықтың психологиясын бойына сіңіретін негізгі құрал, демек, тіл сөйлеушілердің мәдени және ұлттық менталитетін көрсете алады, дегенді санаға сіндіреді.

Қазақ этнолингвистикасының негізін салушы академик Ә.Қайдар өз еңбектерінде тілдің танымдық мүмкіндіктерін пайдаланып, қазақ этносының ұлттық психологиясының, тарихының, мәдениетінің рухани болмысын, дүниетанымы мен көзқарасының ерекшеліктерін айшықтап көрсетеді.

Ғалым шығармаларындағы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өрнектер ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, күнделікті мінез-құлық үлгілерін, ұлттық болмыс бояуын және ақыл-ойды бағалай білу, туған жерге деген сүйіспеншілік, тарихты, мәдениетті сүю, мақтаныш тұту сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды әспеттейді.

Қазақ халқының түп-тамырына, ұлттық менталитетіне қатысты көптеген сауалдарға жауап ретінде ғалымның «Қазақ қандай халық?» (2008) деген ұлы шығармасы дүниеге келді. «Қазақтар: ана тілі әлемінде» 3 томдық этнолингвистикалық зерттеуде семантикасы этностың өмір сүруін, оның мәдени келбетін, ділін көрсететін бірнеше мың тілдік бірлік жинақталып, талданған («Адам» 1 том, «Қоғам» 2 том, «Табиғат» 3 том (2009-2013 ж.) еді. Бұл еңбек ғылыми ортаны қызықтырып, тәрбиелік мәнімен тәнті етті.

Мұнда тілдік бірліктердің этнолингвистикалық мәні қазақ тұрмысы, материалдық және рухани мәдениеті негізінде табиғат пен қоғам сипаттарын, өмірдің сан алуан заттары мен құбылыстарын бейнелі және дерексіз түсіну негізінде ашып көрсетеді. Түрлі-түсті, бейнелі және идиоматикалық фразеологиялық материалда тарихи, этнографиялық, әлеуметтік, тұрмыстық, алғашқы ұлттық фактілер, көшпелі халықтың ертедегі әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен хабар беретін түрлі мәліметтер, сондай-ақ дүниені және қоршаған ортаны шынайы қалпында танып-білудің өзіндік техникасы мен әдістері қамтылған.

Бұл шығармалар – адамның рухани дүниесін бейнелейтін, тарих, этнография, ұлттық психология туралы мағлұматтарды сақтайтын мәдени мұра іспетті асыл қазына. Еңбектің маңызы туралы автордың өзі «Ғылымдағы ғұмыр» (2000) кітабында былай деп жазады: «Мен А.С.Пушкин сияқты: «Мен өзіме қолмен жасалмаған ескерткіш қойдым...» деп мақтанышпен айта алмаймын. Жоқ. Қайтыс болғаннан кейінгі атақ-даңқым туралы өзімді алдай алмаймын. Бірақ мен бір нәрсеге сенімдімін. «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты еңбегім Алла өмірімді ұзартып, оны аяқтауға мүмкіндік берсе, менің рухани мәдениетімнің ескерткіші болары сөзсіз». Академик Ә.Қайдар қазақ және басқа да түркі тілдерінің моңғол, корей, жапон тілдерімен байланысын зерттеуге бағытталған алтаистика саласына тіл мамандарын дайындауға көп тер төкті әрі осы бағыттағы зерттеу жұмыстарымен танымалдығы артты. Ғалымның алтайтану саласындағы зерттеулері негізінен моңғол тілдерінің түркі тілдер тобымен байланысын, олардың генетикалық және тарихи сабақтастығын анықтауға арналған. Мысалы, Ә.Қайдардың ғылыми жетекшілігімен Базылхан Бұхатұлы қазақ және моңғол тілдерінің өзара байланысын, ал Еркөл Әзірбаев қазақ және басқа түркі тілдерінің жапон, тунгус-манчжур тілдерімен байланысын зерттеумен айналысты. Бүгінде ғалымның бастап кеткен сондай іргелі істері, теориялық ғылыми ұстанымдары мен нәтижелері тіл ғылымы дамуына оң ықпалын тигізіп жатқанына марқаямыз.

Ғылыми ойлардың дамуы мен жүзеге асуы, тіл білімінің дәстүрлі салалары шеңберінің кеңеюі, тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланыс мәселелері қарастырылатын жаңа пәнаралық бағыттарды негіздеу педагогикалық қызметтің іргетасы саналады. Өз ісіне шексіз берілген, шын мәніндегі таза ғалым дегенде, көз алдымызға алдымен Ә.Қайдардың бейнесі тұрақтайды. Оның тұлғалық әдептілігі және тіл құдіретін танып-білуге құштар жандардың бәрін өзіне магниттей тартып тұратын шынайы болмысы ұстаз деген ұлағатты атқа әбден сай еді. Ол ғылымдағы сабақтастықты өте жоғары бағалады. Ұстазға деген құрметтің аса бір әдемі үлгісін мен осы кісіден көріп, сүйсіндім. Өзінен бұрынғы ғалымдар туралы әңгімелері тыңдаушы жүрегін сағыныш сазындай елжірететін. Ойы байламды, сөзі орнықты кісі еді. Баяндау қисыны қиғаш кетіп қалмайтын. Көпті әсерлі әңгімесімен тез арада баурап әкететін қасиеті ғалымды өз ортасына аса қадірлі, сыйлы етті.

Әбдуәли Туғанбайұлы өз дәрістерінде ана тіліміздің байлығын, сұлулығын ұлықтады. Оның сабағына қатысқан жанның кеудесі қазынаға толып, қазақ тілінің қасиетіне қанып шығатын. Сол үшін де жұртшылық Ә.Қайдардың тіл жанашыры, қоғам қайраткері, нағыз азамат ретіндегі қалыбын, Қазақстанның тіл саясатын қалыптастырудағы, қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берудегі ұшан-теңіз еңбегін өте жоғары бағалайды. Осы орайда оның ғылыми

шығармашылығының бастауында қай кезде де қазақ тілінің бүгіні мен ертеңі тұрғанын айта кеткен лазым.

Ә.Қайдардың бірқатар еңбектері қазақ терминологиясы мен ономастикасының өзекті мәселелері: терминжасамның теориялық негіздері мен қағидаларын танытуға арналған. Бұл бағыттағы еңбектер әсіресе, жас тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу кезеңінде, терминология жасау тұсында және де қалалардың, көшелердің, т.б. бұрынғы атауларын өзгертуге мүмкіндіктер туа бастаған кезде көп пайдасын тигізді.

Еліміздің ғылыми, рухани, мәдени, саяси, қоғамдық өміріне қатысты белсенділік пен берік ұстаным Ә.Қайдарды қайраткер, зиялы тұлға, шыншыл ғалым ретінде танытты. Оның ғылыми жетекшілігімен 16 докторлық және 75 кандидаттық диссертация дайындалып, қорғалды. Оның шәкірттері Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында, сонымен қатар шет елдерде (Мәскеу, Уфа, Абакан, Нөкіс, Ташкент, Нальчик, Кемеров, Бішкек қалаларында, Қытай, Моңғолия сияқты т.б. елдерде) жұмыс істейді. Жемісті ғылыми, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдар «Халықтар достығы», «Отан», Түркияның «Құрмет Нышаны» ордендерімен, 12 медальмен марапатталып, дипломдар табысталған. «Дарынды адам барлық жағынан да талантты» дегенге саятын сөз бар емес пе еді? Әбдуәли Туғанбайұлы міне, сол қанатты қағидаға қай жағынан да лайық еді. Мандолинде ойнайтынын, сурет салатынын әріптестері жақсы білетін. Өмірі өнермен өрілгенде бәлкім кім біледі, атакты музыкант, я болмаса талантты суретші ретінде тарихта қалар ма еді.

Академик Ә.Т.Қайдар – бірнеше ғылыми мектептердің негізін салушы, түркі әлеміне кең танылған белгілі ғалым, көрнекті қоғам қайраткері. Оның шығармашылық мұрасы – қазақ тіл білімі мен жалпы түркітану ғылымының дамуына ғана емес, қазақ халқының руханияты мен мәдениетіне қосылған баға жетпес үлес. Бірегей ғылыми ізденістерді дүниеге әкелген табанды еңбегімен ол қоғам алдындағы қасиетті борышын адал атқарған аздың бірі.

**Марат ТОҚАШБАЕВ**

*Қазақстанның Құрметті жазушысы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық Ғылым Академиясының академигі  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **АНА ТІЛІМІЗДІҢ АБЫЗЫ**

**(Академик Әбдуәли Қайдардың туғанына – 100 жыл)**

Әбдуәли Қайдар кім еді?

Ғасыр мен ғасыр, мыңжылдық пен мыңжылдық тоғысқан тұста А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тіл білімінің Әбдуәли Қайдар, Рабиға Сыздықова, Шора Сарыбаев сияқты үш алыбы, үш академик, үш құрдас еңбек етті. Биыл үшеуінің де ғасырлық мерекелері аталып өтілмек. Мен солардың бірі, осы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының тумасы Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар аға туралы әңгімелемекпін.

Сөздің басын Әбдуәли Қайдар кім деген сұрақтан бастайын. Ол совет-герман соғысының ардагері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ресми дереккөздерде Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар (1924-2019) – қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983ж.), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982ж.), Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері (1971ж.), Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі (1989ж.), Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі (1991ж.), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті (1988 – 2004жж.) екендігі жазылған. Одан кейін өмірінің соңына дейін Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Этнолингвистика бөлімінің бас ғылыми қызметкері болды. Лингвист ғалымның саналы ғұмырының жетпіс жылға жуық уақыты тіл білімі саласын зерттеуге байланысты болды.

Сексен жылдығы тұсында Әбекең айтқан бір сыр есіме түседі. Кәрия болып қалған кезі ғой. Жұрттың бәрі «Абдуали Туғанбаевич» деп жатады. Соған байланысты «Әбеке, Сіз

Туғанбай атамыздың қанша жасында туғансыз?» деп сұрап қалдым. Сөйтіп ем, күлді де қызық бір сырдың шетін шығарды. «Туғанбай менің әкем емес, ол менің бабам. Туғанбай 1840 жылы туып, 1921 жылы дүние салыпты. Туғанбайдың баласы, менің атам Айтбай 1865 дүниеге келіп, 1915 жылы елу жасында өз ажалынан өлген. Айтбайдың үлкен ұлы, менің әкем Қайдар 1905 жылы туып, 1942 жылы совет-герман соғысында 37 жасында Великие Луки қаласы үшін шайқаста мерт болған. Біз сегіз ағайынды едік, солардың ең үлкені мен және ең кіші перзенті Роза екеуіміз ғана тіріміз. Қалғандары кішкентай кездерінде шетініп кетіпті.

Шамамен 13-14 жасар кезімде, сірә 1938 жыл-ау деймін, мені комсомолға өткізетін болды. Ол кезде 1925 жылы туғандар қатарында саналатынымын. Шешемнің де айтуы солай. Аудандық комсомол комитетіне барғанымызда менің жасым 14-ке толмаған болып шықты. Яғни өткізбейді деген сөз. Содан хатшылардың бірі: «Неменеге бас қатырасыңдар, 5-6 ай қосып жаза салыңдар!» деді. Сөйтіп мен 1924 жылы 13 желтоқсанда туған боп комсомолға қабылдандым. Ол кезде басқа құжат жоқ. Сөйтіп осы дата кейін барлық құжаттарыма көшіп жүре берді. Ал мен өз әкем Қайдардың 20 жасында дүниеге келіпін. Түрлі себептермен әкемнің аты маған тегім болып, бабамның аты әкемнің аты болып жазылып кетті. Жас кезімізде оған онша мән беріп те жатпадық. Бүгінде «Әбдуәли Туғанбаевич» болып жүргенім содан» деп күлді.

Әбекеңмен інісі ретінде, пікірлес замандасы ретінде өмірінің соңғы күндеріне дейін жиі бірге болып жүрдім. Жұбайы Шекер Исақызы жеңгіміз түсіністікпен қарайтын. Қосағының қайтыс боларынан бір жылдай бұрын жеңешем Әбекеңнің орден-медальдарын не істерін білмей жүргенін айтып қоңырау шалғаны бар. Мен мемлекеттік архивке өткізуге кеңес бердім. Алдында бүкіл жиған асыл қазынасы – кітаптарын, дәлірек айтқанда үйдегі бай кітапханасын Түркі академиясына тапсырғанына куә болғанбыз. Шекер жеңешем мемлекеттік архив туралы ұсынысты мақұлдай қоймады. Ертесіне Алматыдағы Президент архивіне қоңырау шалып, сөйлесіп көріп ем, олар Әбдуәли Қайдардың құжаттарын, марапаттарын алуға қуана келісетіндіктерін айтты. Жеңешем де бұл ұсынысқа қарсы болмады. Сөйтіп Әбекеңнің бүкіл марапаттарын қаттап-шоттап Президент архивіне өткізгенбіз.

Шекер Исақызының мамандығы балалар дәрігері болатын. Өзі де ғылым кандидаты. Әбекеңді жас балаша айырықша қамқорлықпен күтетін. Бірде сөмкесінен кішкентай блокнот шығарып көрсеткені бар. Әбекең қай дәрісін қай кезде ішеді, қай кезде қандай тамақ, қандай витамин қабылдауы керек, қай кезде алма жеуі керек, бәрін жазып, мүлтіксіз орындап отырады екен. Әбекеңнің 95-ке келіп ұзақ жасауының бір сыры осында шығар деймін. Жеңгіміз Жанна, Әсел, Баян сияқты үш қыз өмірге әкеліп, оларды өсіріп, құтты жерлеріне қондырып қана қоймай өмірін түгелдей Әбекеңнің жолына арнады. Әбекеңді туыстарынан қызғанатын кезі де болатын. Бірақ біз екеуіміз жақсы тіл табыстық. Сөйтіп Әбекеңмен жақынырақ араласуға, жұртқа беймәлім көптеген қызықты деректеріне қанығуға мүмкіндік туды.

Академиктің өзінің айтқан әңгімелерінен, ол кісі туралы жазылған материалдардан түйгенім Әбекең шын мәнінде Шоқпар бабасы тәрзіді табиғаты батыр адам екен. Аспайды, саспайды, жайлап отырып-ақ айтарын жеріне жеткізіп тастайды. Ғалымның бойында Абай айтқан «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» дегеннің бәрі бар. Ыстық қайрат болмаса ғылымға арналған жетпіс жылға жуық уақытта 500-ге тарта ірілі-ұсақты еңбек жазуы мүмкін болар ма еді? Нұрлы ақылы болмаса тіл білімі ғылымының әр саласы бойынша ондаған жаңа бағыттар аша алар ма еді? Жылы жүрек болмаса жүздеген шәкірттер тәрбиелер ме еді? Қарайсың, таңданасың, қайран қаласың! Ғажайып еңбеккерлік!

Батыр деп қалдық қой. Айтқан тағы бір күлкілі жағдайы еске түседі. Мектептегі кезінде парталас досы Қали екеуі Көктөбеден Есіктіге жаяу барып-келіп оқыпты. Жолда Трофим деген атамандары бар бір топ бала үнемі тиісе береді екен. Бірде досы екеуі сайдан екі жылан ұстап алып, тістерін қағып тастап, қалталарына салып алады. Көпірге келе бергенде екі жағынан екі екіден төрт бала ұмтыла беріпті. Сонда бұлар қалталарынан жыландарын шығарып алып өздеріне тап берген ғой. Ирелендеген жыланмен сабағанда әлгі балалар: «ендігізәрі сендерге тиіспейміз!» деп зар қағып «мамалап» жылапты. Бұл да Әбдуәлидің жүректілігін, батылдығын көрсетеді. Балалық шақтың бір естелігі ғой.

Жалпы Әбдуәли жас кезінен өте талапты бала болды. Музыка мен суретшілікке құмар болып өсті. Ауыл ортасындағы телеграф бағанының басындағы шелектей репродуктордан төгілген музыканы тоқтай қалып тыңдайтын. Әсіресе скрипканың сызылған сиқырлы әуені жанын



тербеп, қиялын небір қияларға самғатып кетуші еді. Кейін скрипка мен мандолинада ойнауды үйреніп алды. Мектептің, кейін өзі оқыған филфактің қабырға газетін жалғыз өзі шығаратын. Бірақ соғыста сол қолынан алған жарақат кейін оның музыкаға деген ықыласына тосқауыл қойды.

Бірді айтып бірге кете бермей мен енді Әбдуәли Қайдардың майдандағы, ғылымдағы, саясаттағы үш ерлігі туралы айтып берсем деймін. Алдымен майдандағы ерлігі жөнінде сөз өрбітейін. Өйткені оның өмір жолы соғыстан басталды ғой.

**Майдандағы ерлігі.** Тоғызыншы сыныпты бітірген бойда бір топ қазақ, орыс баласы (12 бала) аудандық әскери комиссариатқа барып сұранып майданға аттанбақ болады. Бұл өтініш аудандық «Үлгілі колхоз» газетіне жаряланып та кетеді. Он алтыдан жаңа асқан бозбалаға «әлі жассын» деп өтініші кері қайтарылады. Әбдуәли аудандық ОСОВАХИМ ұйымы арқылы әскери өнер жаттығуларына қатысып өзін жауынгерлік өмірге бейімдейді.

Ақыры комиссариатқа қайта-қайта барғыштап жүріп, 1942 жылы 3 мамырда 17-ге толмастан соғысқа алынады. Бұл кезде әкесі Қайдар да әскерге шақырылып, Алматыда жасақталған 100-ші ұлттық атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанайын деп тұрған. Анасы Жанбала күйеуімен қоштасу үшін Алматыға кеткен-ді. Сөйтіп Әбдуәлиді ешкім шығарып салған жоқ. Дорба арқалаған 12 бала Есіктіден шығып күні бойы жаяу жүріп, түнге қарай қазіргі Тұздыбастау ауылының тұсында арық ішінде қонып шығып, ертесіне Алматыға тұяқ ілік-тірген. Бірақ әкесін де, шешесін де кезіктіре алмады. Әбдуәлидің он жетіге толар-толмастан өзі сұранып майданға аттануын қалайша ерлік деп бағаламайсың. Бұл да болса қазақ ұланының отаншылдығы, патриотизмі екендігі айдан анық.

Әбдуәли санаса соғыс жылдарында 150 мың шақырымдай жол жүріпті. Жараланып, үш рет госпитальға түскен. Күрделі ондаған соғыс операцияларына қатысты. Нағыз кәнігі майдангерге айналды. Қатардағы солдаттан кәдімгі офицерге айналды. Оның бәрін тәптіштемей бір ғана эпизодын айтсам жеткілікті болар деп ойлаймын.

1944 жылдың қаңтар, ақпан айлары. I Прибалтика майданы құрамындағы бұлардың дивизиясы Невель қаласын азат ету үшін жанталасып жатқан. Ол қала жаудан босатылса Ленинград қоршауын бұзып өтуге мүмкіндік туады. Жасы жиырмаға енді жеткен Абдуәли үш жыл майдан шебінде жүріп тісқаққан жауынгерге айналған, қармағында 12 адамы бар автоматшылар бөлімінің командирі, аға сержант. орман ішіне мықтап бекініп алған фашистерді қуып шығу қиынға түсіп жатты.

Бірнеше күннен кейін құрамында Әбдуәлидің автоматшылар бөлімшесі бар рота орман шегінен бір қарым шақырымдай жердегі шағындау төбені басып алды. Немістер қайтарғысы келіп әлсін-әлсін шабуылдайды. Орман шетіндегі «Тигр», «Фердинанд» сияқты ауыр танкілері төбені нысанаға алып тоқтаусыз атқылап жатты. Бірақ кейбір снарядтары жарылмайды, болванка сияқты. Атқылау тоқтағаны сол еді, орман ішінен өріп, улап-шулаған мас немістер шықты. Өлген-тірілгеніне қарамай өңмендейді. Бораған оқтан жусап қалса да райынан қайтар түрлері жоқ. Автоматшылар жақындатып алып әлгілердің сазайын берді. Тірі қалғандары амалсыз кері шегінді. Осындай шабуыл түнімен 5-6 рет қайталанды.

Әбдуәли майдан тәжірибесінен бұл жердегі ұрыстар позициялық сипат алатынын іштей сезді. Автоматшылар немістердің қорғаныс үшін алдын ала қазып дайындап қойған траншеяларына иелік етіп жүр. Деруе бұқпантайлап траншеяның өңбойымен жүріп өтті. Байланыс жолдарының реттелуін, дұшпанға қарсы қолданылатын автомат, танкке қарсы мылтық, пулемет, граната сияқты қарулардың дайын болуын қадағалады. Оқ-дәрі тез таусылып барады. Бөлімшедегі үш пулеметтің бірі істен шықты. Қалған екеуіне оқ-дәрі жетіспей жатыр. Бұлар қиналып жатқанда орман шетінен немістердің тағы бір легі шықты. Олар да алдыңғылардың кебін құшты. Бір фашист ұрыс даласына пулеметін қалдырып кері қашты.

Оқ-дәрі тапшылығынан қиналып тұрған рота командирі жауынгерлеріне қарап: «Бейтарап алаңда қалған неміс пулеметін кім әкеледі?» деп сұрады. Дауысында бұйрық емес өтініш тұрғандай. Жақын тұрғандықтан болар Әбдуәли «Мен» деп жетіп барды. Оның қармағындағы Петр Кононенко деген автоматшы жигіт те қасына келді. Тапсырма алған екеуі төбені ық жағынан айналып қарсыда 300 метрдей жерде көрініп тұрған пулеметке жербауырлай жорғалай жетті. Қылт еткенді қиып түсіп тұрған жау оғынан қалай аман шыққандары белгісіз. Екеуі пулеметті екі қорап толы оғымен кейін сүйретіп траншеяға жетті. Таңға жуық немістер тағы бір кезекті шабуылына шықты. Түнімен ұйқатамай шаршаса да сақадай сай тұрған автоматшылар оған да

тойтарыс берді. Әсіресе Әбдуәли мен Петр сүйреп жеткізген жау пулеметі кәдеге қатты жарады. Өз иелерін жайратып жатқан неміс пулеметінің үні бұларға қосымша күш бергендей болды.

Жау тағы шегінді. Танертең ыстық тамақ ішіп әлденіп жатқан бұларға бір топ әскери адамдар келді. Сөйтсе дивизия командирі екен. Солдаттар тік тұрып әскери әдеппен қолдарын шекесіне қойып жатыр. Жандарына келгенде рота командирі «мына екеуі!» деп Әбдуәли мен Петрді нұсқады. Комдив:

– Неміс пулеметін әкелген сендер ме? – деп сұрады.

– Иә, біз, жолдас генерал!

Дивизия командирі адъютантына екеуінің аты-жөндерін жаздыртып, тура сол жерде екеуінің кеудесіне III дәрежелі «Даңқ» орденін қадады.

– Соғыстың сын сағатында бейтарап алаңнан жаудың станокты пулеметін әкеліп, таңғы шабуылға тойтарыс беруге үлес қосқан ерліктерің үшін сендерді дивизия штабы марапаттайды! Рахмет, сендерге! Сендер болмағанда пулеметтің жоқтығынан қорғаныс шебі бұзылып кетер еді. Нағыз ерлік істедіңдер! Құттықтаймын! – деді комдив ризашылықпен.

Карулас жолдастары келіп бәрі шетінен құттықтап жатты. Бұл Әбдуәлидің майданда алған алғашқы ордені болатын. Бұдан кейін ол «Одер» операциясына қатысты, шабуылдап келе жатқан армияны понтонды көпір арқылы өзендерден жедел өткізуге атсалысты. Жау шебіне кіргенде алдыңғылардың қатарында жүрді. Өзіне жүктелген міндеттерді бұлжытпай орындайтын. Еңбекшіқазақ ауданындағы кішкентай Көктөбе ауылынан шыққан аға сержант Әбдуәли Қайдар 1946 жылы қыркүйек айында Германияның Штеттин қаласынан демобилизацияланып елге қайтқанда лейтенант әскери шенімен, кеудесінде III дәрежелі «Даңқ» орденімен қоса қос «Қызыл Жұлдыз», қос «Отан соғысы» ордендері, бірнеше жауынгерлік медальдар жарқырап келген. Кейін бұған бейбіт өмірде алған төрт ордені мен 15 медалі тағы қосылды.

**Ғылымдағы ерлігі.** Енді Әбдуәли Қайдардың екінші, дәлірек айтқанда ғылымдағы ерлігін сөз етейін. Ол ерліктің өзі тағы бір ерліктен басталады. Соғыстан келген офицер жоғары оқу орнына түсейін десе қолында мектеп бітірген аттестаты жоқ. Содан мектепке барып оныншы сыныпқа тіркеледі. Мықты дайындық жасап, оныншы сыныпты «экстренно» тапсыруға рұқсат алады. Емтихандарды ойдағдай тапсырып, қолына аттестаты тиген соң Алматыға тартып, ҚазГУ-дің филология факультетіне түсіп кетеді. Бұл 1947 жыл еді. Қасында абитуриент кезден таныс Балтабай Адамбаев (кейін көрнекті фольклортанушы ғалым болды) деген ересек жігіт бар. Білімге деген құштарлық жетектеп екеуі жатпай-тұрмай дайындалып, емтихандардың бәрін ойдағдай тапсырып, үздік оқыған студенттерді курс аттағып оқытатын тәртіппен 1948 жылы қыркүйекте үшінші курс студенті атанады. Үстінде киетін басқа киімі жоқ, студенттік бес жылды әскери формамен өткізген Әбекең тұрмыс қиыншылықтарын тарта жүріп, 1951 жылы университетті үздік бітірді.

«Құланның қасынуына –мылтықтың басуы» тура келіп, сол тұста ұйғыр тілі бойынша аспирантураға конкурс жариялана қалғаны. Жас кезінде ұйғыр мектебінде оқығаны, Шоқан еңбектерімен танысуы, диплом жұмысын ұйғыр тілінде жазып қорғағаны бар Әбекең тәуекел деп құжаттарын тапсырып көрмек болады. Құдай сәтін салып аспирантураға өтіп кеткені.

Аспиранттармен кездесу кезінде Ғылым Академиясының президенті Қаныш Сәтпаев Әбдуәлидің бүкіл өміріне түбегейлі өзгеріс енгізді. Оған ғылыми жетекшілікке Ленинградта тұратын көрнекті түрколог, академик Сергей Маловты ұсынады. Малов қазақстандық аспирантты жылы қабылдап, оны ұйғыр тілінің білгір маманы, Фрунзе (қазір Бішкек) қаласында тұратын профессор Константин Кузьмич Юдахинге жұмсайды. Хат жазып береді. Әдуалидің содан Ленинградтан Фрунзеге ұшуына тура келді. Юдахин одаққа белгілі түркологтардың бірі болатын. Ғалым Әбдуәли Қайдарды қамқорлығына алады. Шәкірт пен ұстаз арасындағы байланыс кейін шынайы достыққа ұласты.

Осындай ынтымақтастың нәтижесінде Әбдуәли Қайдар 1955 жылы «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» тақырыбында кандидаттық, 1970 жылы «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негізі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1971 жылы оған Ш.Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлық берілді. Әбекең 1972 жылы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 1978 жылы Тіл білімі институтының директоры, ал 1983 жылы Ғылым Академиясына академик болып сайланды. Әбекең ширек ғасыр ұйғыр тілінің мәселелерімен айналысып, белгілі бір межеге жеткізген соң кейінгі уақытта туған тілді зерттеуді

басты нысана етті. Ондай бетбұрысқа академик, тарихшы ғалым Ақай Нүсіпбековтың «ұйғыр халқына еңбегің сінді, енді өз халқыңа еңбек етпейсің бе?!» деген бір ауыз сөзі түрткі болды.

Осылайша аспиранттан академикке дейін өскен ғалымның бүкіл саналы ғұмырының жетпіс жылға жуық уақыты А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында өтті. Оның түркітану әлеміне, қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесін оның жазған ғылыми еңбектерінен, мектеп және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарынан көруге болады.

Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның жариялаған 500-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 1000 баспа табақтан астам) зерттеулерінен көрінеді. Оларда көтерілген сан алуан (50-ден астам) лингвистикалық проблемалардың теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігі аса өткір болатын. Зерттеушілер ғалымның 50-ден астам мәселе көтергенін айтады. Оның ішінде лексикология, сөзтану, этимология, ономастика, антропонимика, этномика, топонимика, терминология, семасиология, лексикография, фразеология, парамииология, диалектология сияқты салалар қамтылған. Тіл құрылысына қатысты еңбектері де баршылық. Әбдуәли Қайдар бұларға қоса Қазақ этнолингвистика мектебін қалыптастырған ғалым. Сол салалар бойынша 60 монография, жинақ, сөздік, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулық, көмекші құрал жазыпты. Мұның бәрі орасан еңбек қой. Солардың кейбіреулерін атап өтейін.

Әбдуәли Қайдар лексикография саласында: «Уйгурско-русский словарь» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авторлардың бірі) (1966), «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (2003), «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (2004) және «Қазақтар ана тілі әлемінде: «Адам» (1 т.), «Қоғам» (2 т.), «Табиғат» (3 т.) атты үш томдық этнолингвистикалық сөздік жазды. «Қазақ қандай халық?» (2008) атты көлемді еңбегі жарық көрді. Бұл қазақ этносы туралы зиялы қауымның сауалына және көпшіліктің ой-пайымдарына жауап ретінде ұлттың менталдық ерекшелігін көрсететін шығарма болатын.

Әбекен түркітану (түркология) мен алтайтану (алтаистика) саласына, түркі тілдері мен алтай тобына жататын моңғол, тұңғыс-манчжур, жапон, корей тілдерінің туыстығын тарихисалыстырмалы тәсілдер арқылы зерттейтін салаға да қомақты үлес қосқан ғалым. Түркітану – өлі-тірі түркі тілдерінің өзара алыс-жақындығын, дамуындағы ұқсас заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін айқындайды емес пе. Міне, осы мысалдар Әбекеннің бір саламен ғана шектеліп қалмай тіл білімінің іс жүзінде барлық саласын қамтыған екінші ерлігін, ғылымдағы ерлігін дәлелдейді. Тіл білімі ғылымында тау тұлғалық деңгейге жеткендігін көрсетеді.

**Саясаттағы ерлігі.** Әбдуәли Туғанбайұлының Тіл білімі институтына директор болып істеген жылдары өте көп әлеуметтік, саяси оқиғалар орын алып жатты. 1986 жылғы қазақ жастарының Мәскеудің шовинистік шешімдеріне қарсы көтерілісі жұрттың санасын сілкіді. Коммунистік биліктің де іргетасын шайқалтты. Қазақстанда Колбиннің басқаруы кезінде қуғын-сүргін орын алған. Ескі мен жаңаның текетірескен тұсында, дәлірек айтқанда 1989 жылы менің байқауымда қазақ халқы үшін қуанышты үш оқиға болды. Алғашқысы, көп айт-тыс-тартыстан кейін «Тіл туралы» заң қабылданды. Екінші қуаныш, Алаш арыстары ақталды, кітаптары қолымызға тиді. Үшінші қуаныш, «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Осы үш оқиғаның да қақ ортасында Әбдуәли Қайдар жүрді.

Қарасаң саясатқа онша қатысы жоқ сияқты көрінетін тіл саласы кенет өзінің ұлт үшін маңыздылығымен көлеңкеден жарқ етіп шыға келді. Қазақ тілі, қазақ тілді балабақшалар, қазақ мектептері Мәскеу үшін, коммунистік билік үшін үлкен проблема болғаны айдан анық. Елемей қояйын десе кешегі Желтоқсан көтерілісі көзқарастың бәрін өзгертіп жіберген. Колбиндік билік амалсыз халықпен санасу үшін «Тіл туралы» заң жобасын қолға алды.

1989 жылдың ерте көктемі. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің кабинетінде жиналыс өтіп жатыр. Колбин үшін кеңірдекке кептелген сүйек тәрізді тіл мәселесін шешу керек. Мәскеу өкіліне ыңғайлысы – жалғыз орыс тілінің басымдылығы. Бірақ қазақ деген халық бар. Тіл туралы комиссия құрамында 26 адам болатын. Бәрі түгел осында. Мәселе күрделі. Колбин көкейіндегісін сұрақпен бастады:

– Сонымен қалай етеміз? Қай тілді мемлекеттік тіл жасаймыз? Екі тіл бола ма, бір тіл бола ма? – деп өңі сұрланып комиссия мүшелеріне қарады. Академик Смет Кеңесбаев:



– Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тілі де мемлекеттік тіл болу керек пе деп ойлаймын, – деді. Солқылдақ сөзінен өзі де ыңғайсызданған қалып танытты. Колбин Тіл білімі институтының директорына бұрылды. Сіз қалай ойлайсыз, Қайдаров (ол кезде Әбекеңнің фамилиясы осылай болатын) жолдас? – академик өз халқы үшін тағдыршешті тұста тайсалмай сабырлы қалпында батыр мінезіне басты:

– Қазақ халқының болашағы дүбәралығында емес, бір тілділігінде, қазақ тілінде. Сондықтан Қазақ ССР-інде мемлекеттік тіл тек қана қазақ тілі болу керек!

Комиссия мүшелері қоштай жөнелді. Бұл Колбиннің төбесіне жай түскендей әсер етті. Ал Әдуали Туғанбайұлының көкейінде «Құдай өзі берген жанын өзі алады», өз елімде, өз жерімде отырып неден қорқуым керек. Азар болса қызметімнен алар» деген ой туған еді. Колбиннің дымы өшті. Бұл тек Әбдуәлидің ғана емес бүкіл қазақ халқының жеңісі болатын.

Кешке үйіне келген соң Әбекең сырт киімін шешіп жатып бәйбішесіне: «Әй, мен бүгін бірдеңкені «бүлдірдім». Ертең мені қызметімнен алатын шығар!» деді. Шекер Исақызы бәрін тәптіштеп сұрап алып: «Алса ала берсін! Бізге өзің аман болсаң – болғаны» деп басу айтты. Бірақ ертесіне де, одан кейін де оны ешкім қызметінен қуған жоқ. Бұл биліктің қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындауының белгісі болатын. Әбекең осы оқиғалардан кейін қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігі туралы қағидаларды заң нормаларына енгізуге атсалысты. Сөйтіп бұл қағидалар егемендік декларациясы мен тәуелсіздік жария етілген конституциялық заңға, кейінгі қабылданған Ата заңдарымызға қазықты қағида болып енді. Менің Әбекеңнің саяси ерлігі деп отырғаным тап осы.

Сол жылы Әбекеңнің мұрындық болуымен қазақ тілінің көкжиегін кеңейту, мәртебесін қорғау үшін қызмет ететін «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Әбдуәли Қайдаров қоғамның президенті болып сайланды. Кейін бұл қоғам халықаралық мәртебеге ие болды. Әбекең ұйым алдына нақты нысаналар қойды. Ол қоғамның жарғысы мен бастапқы бағдарламасынан көрініп тұратын. Онда: «Қоғамның басты мақсаты – қоғамдық сана мен ұлттық сананы ояту, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы мен мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға, мемлекеттік тіл ретінде республикада қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне қажетті жағдайлар жасалуына ықпал ету» деп көрсетілген. Бұл мақсаттар кезінде кәдімгідей жүзеге асты да.

Әбекеңнің мемлекеттік тіл проблемасына, тіл заңына, тіл экологиясына байланысты ұстанымдары Өзбекәлі Жәнібеков, Мырзатай Жолдасбеков, өзінің үзеңгілес серігі Өмірзақ Айтбайұлының тарапынан жоғары бағаланды. Халқы да Әбекеңді ардақ тұтты, қадірледі, төбесіне көтерді. Ғалым 1951 жылдан дүниеден өткен 2019 жылға дейін 68 жыл бойы халқына адал қызмет етті. Бүкіл тілші ғалымдар Әбдуәли Қайдарды көзі тірісінде-ақ ана тіліміздің абызы санады. Ол бұл атаққа әбден лайықты еді. Ғалымдық ғұмырында академиктің ғылыми жетекшілігімен 17 адам докторлық диссертациясын, 75 адам ғылым кандидаты атағын қорғады. Артында өлшеусіз мол мұра қалдырды. Осындай азаматқа туған облысында, туған ауданында көшелер мен мектептерге аты берілсе жарасар еді. Қан майданда да, бейбіт өмірде де, ғылымның қия жолында да қаһарман әрекеттерімен көзге түскен айтулы тұлға мұндай құрметке әбден лайық!

## **АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР: ТІЛ ЖӘНЕ ЭТНОС**

**Андатпа.** Адамзаттық білік пен ғұлама ғалымдықты қатар алып жүру принципі академик Әбдуәли Қайдар тұлғасының өмірлік ұстанымына, ғұмырлық кредосаны айналғаны көпшілікке аян. Қазақ тіл білімі мен түркология ғылымында тілші сөз еткен мәселелер, зерттеген тақырыптар әр алуан. Ұстаздың ғылыми талдаулары, түйінді ой-тұжырымдары білім жүйесінің көкжиегін дамыта келіп, ұлттық тілдің жаңа беттерін ашады. Ғалымның зерттеу еңбектері қазақ тіл білімінің бүкіл даму динамикасын көрсете отырып, Қазақ Елі мен жерінің тіл әлеміндегі өрісін кеңейтеді. Академиктің ғылыми еңбектерінің жиынтығы қазақ тіл білімінің біртұтас ғылыми теориялық-методологиялық базасы ретінде маңызды орын алады.

**Тірек сөздер:** тіл әлемі, академик Әбдуәли Қайдар, ұлттық сана, этнос, тарих, этимология, қоғам, ғылым, білім, тұлға, түбіртану, этнолингвистика, түркология, терминология, сөздік қор, семасиология, фразеология.

**Abstract.** Many scholars know it: the principle of combining humanistic knowledge and deep scholar skills became life-vision of Abduali Kaidar. He vividly illustrated and practically substantiated the issues he raised and the topics he studied in the space of Kazakh linguistics and Turkology. His studies and key findings have not only brought a new outlook on the educational world system but have also revealed new dimensions of the native language. Not only does the research of the scientist present the whole active period of advancement of the Kazakh linguistic science, but it also increases the linguistic dimension of Kazakhstan on the international level. My position is that there is nothing in the understanding of a complex working – at the same time, unity- of kazakh linguistics- scientific, theoretical and methodological, which would not be contained in the works of the Author.

**Keywords:** linguistics, scholar Abduali Kaidar, national awareness, ethnos, history, etymology, society, science, education, personality, root studies, ethnolinguistics, Turkology, terminological, vocabulary, semantica, phraseology.

**Аннотация.** Принцип сочетания человеческой мудрости с глубочайшей научной эрудицией стал жизненным кредо академика Абдуали Кайдара, что известно многим. Проблематика и темы, исследованные ученым в области казахского языкознания и тюркологии, отличаются удивительным многообразием. Его научные анализы и ключевые выводы расширяют горизонты образовательной системы, открывая новые грани национального языка. Исследования ученого демонстрируют всю динамику развития казахского языкознания, одновременно расширяя языковую сферу Казахстана на мировом уровне. Научные труды академика занимают важное место как единая научно-теоретическая и методологическая база казахского языкознания.

**Ключевые слова:** мир языка, академик Абдуали Кайдар, национальное сознание, этнос, история, этимология, общество, наука, образование, личность, корнесловие, этнолингвистика, тюркология, терминология, словарный запас, семасиология, фразеология.

### **Тіл – қоғамдық құбылыс.**

Қоғамның қажеттілігі мен замана талабын қатар ескере отырып дамыған тілдің қолданыс өрісі қашанда кең болмақ. Ұлттың әлеуметтік сұранысын ескерген кез келген құбылыс сол кезең келбетін аңғартатыны анық. Қазіргі кезде еліміздегі тіл, қоғам, заман бірлігі бұл мәселеге айырықша көзқарасты талап етіп отыр.

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Түркияның «Turk Dil Kurumu» құрметті мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар тіл, қоғам, заман тұтастығын, сөздің тегі мен тілдің тарихын тереңдете зерттеу арқылы адамзат болмысын, қазақ елінің басынан өткерген

этностық, ұлыстық, ұлттық қалыптасу, даму жолдарын танып-білуге орасан зор еңбек сіңірген аса көрнекті түркітанушы-лингвист ғалым.

Профессор Әбдуәли Қайдардың тіл тарихына, этнос табиғатына, этнолингвистика [1], әлеуметтік лингвистика, лексикология [2], терминология [3], сөз этимологиясына [4], қазақ тілтануына арнаған зерттеулерін тіл әлеміндегі қазақ сөз өнерінің біртұтас тарихы, ұлт тілінің жүйелі шежіресі деуге болады. Тұтас дәуірдің рухани келбетін тіл білімі әлемінде зерделеген ғалым бүкіл саналы ғұмырын ұлттық тілдің тарихына, мәні мен мазмұнына арнады.

### **Тіл – адам ойы мен санасының жемісі...**

Адамзат болмысы әр халықтың, ұлттың өмір сүру салтымен, ой-санасының даму ерекшелігімен айшықталады. Академик Әбдуәли Қайдарға тән аталмыш дара сипат қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетке ықпалын тигізіп отырған жаһандану процесі кезінде айрықша маңызды. Себебі Қазақстан – Батыс пен Шығыс қайшыласуы мен қамшыласулары тәніне де, жанына да аямай жарақат салған, ана тілі мен ата ділінен айырылып қала жаздаған ел.

Осы тұрғыдан келгенде, тілші-ғалымның зерттеу салаларына тән басты ерекшелік – қарастырып отырған объектілерін еліміздің, ұлттық санамыздың жаратылыс-болмысын қатар зерделеген фактілер мен дәйекті деректерге сүйеніп, тілдік заңдылықтар негізінде талдау; алынған материалды, айтылған пікірлерді кешенді тәсілді қолдана отырып, жан-жақты тексеру; негізгі ұстанымды сақтай отырып, зерттелген мәселе жайында объективті пікір қалыптастыру. Академик Әбдуәли Қайдардың зерделі зерттеулерінде қазақ елі мен қазақ тілінің тамыры, этнос тарихы мен тілі, тілдік ережелер мен шынайы деректер өзара бірлесіп, ғылыми-методологиялық жағынан толық үйлесім тауып отырады.

Ғалым мұраты – қазақ ұлты мен тілінің даналығын, сөзінің құдіреті мен қасиетін өрелі оймен жеткізе білу; тіл кеңістігіндегі тарихы терең, мазмұны бай сөздік қордың қазынасын талдау мен талқылау арқылы дәлелді, дәйекті ой тәу. Ұлы жазушы Ғабит Мүсірепов: «Нағыз ғалым, ол – ойы терең, пікірі дәлелді, тұжырымы байсалды, мінезі биязы, зерттеуі пайдалы жан», – деп түйіндегендей, ғалымның ойы – дана, пікірі – дара. Сондықтан тілші-ғалым келбеті концептуалды тұжырымдарымен, ойлы пайымдауларымен, ғылымдағы өзгеше қолтаңбасымен ерекшеленеді.

Әбдуәли Қайдар тіл тарихын халық тарихымен тығыз байланыста зерттеу арқылы қазақ этносының даму тарихын, тіл байлығының шығу арнасы мен түпкі төркінін ғылыми-теориялық негізде халық игілігіне айналдырды. Сөз – ғасырдың жемісі. Демек, әр сөздің түп-төркінінде халықтың тарихы, ұлттың өмір сүру салты, ой-қиялы жатады. Тілші алғашқы түбіртектің құрамы мен семантикалық реңктерін айқындау арқылы түркі тілдеріндегі тілдік қарым-қатынасқа ұйытқы болатын бірліктердің түпкі негізін жан-жақты талдайды. Ғалым зерттеген сөздің төркіні мен тамыры, құрамы мен құрылысы, мәні мен мазмұны, жаратылысы мен дамуы, өзгеруі мен жаңаруы сияқты мәселелердің барлығы айналып келгенде сөзтаным ілімін, адамзаттың тілтанымға қатысты білімін тереңдетеді, толықтырады. Түптеп келгенде, бұл – тек лингвистер үшін ғана пайдалы ілім емес, өз тарихын, тегін, тілін, халқын, ұлтын танып-білуде ұрпақ үшін аса қажет білім.

Зерттеуші қарастырған келелі проблемалар, ұсынған ғылыми ой-тұжырымдар, ұстанған ғылыми принциптер тіл білімінің кең өрістеуіне игі ықпал етті. Академик Ә.Қайдар бүгінде күллі түркі әлемі мақтан тұтатын бірнеше лингвистикалық мектепті қалыптастырды. Біріншісі – «сөз бен түбір тануға» қатысты тіл ғылымын алға апаратын приоритетті мектеп (синкретизм, плеоназм, имитативтер, моносиллабтар, гомогенді омонимдер, кос сөздер, киелі сөздер т.б.); екіншісі – «этностаным» мен «тілтаным» тоғысынан туындайтын этнолингвистикалық мектеп; үшіншісі – қазақ және басқа да түркі тілдерімен монғол, корей, жапон тілдерінің қарым-қатынасын зерделеуге, «алтай теориясын» тектеуге, тексеруге бағытталған қазақстандық алтаистикалық мектеп. Төртіншісі – тіл арқылы ұлттық ділдің өзгеде жоқ, қайталанбас тұрпатын аңғартатын зерттеу-сөздік түріндегі лексикографиялық мектеп. Мәселен, ғалымның «Тысяча метких и образных выражений» – «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» [5], «Халық даналығы» [6], «Қазақтар ана тілі әлемінде» [7] сияқты еңбектері тіл арқылы ұлттық діл мен ойдың тереңдігін сөз зергері ретінде, мол иллюстративті материал негізінде ашып көрсетті.

Бейнелі де тұрақты оралымдардың тілдік-поэтикалық және танымдық табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан әрі сөздік, әрі зерттеу түрінде талдау – тіл ғылымында бұрын-соңды кездеспеген, тың ғылыми амал-тәсіл. Профессордың «Халық даналығы», «Қазақ қандай халық» [8] кітаптары – бұрындары фразеологияның шеңберінде қарастырылып келген мақал-мәтелдерді жаңа сала паремеологияның зерттеу объектісі ретінде айқындаған іргелі еңбек.

Бесіншісі – ғалымның тікелей бағыттауымен оқу-әдістемелік кешендер мен типтік-оқу бағдарламалар түзуге ықпал еткен оқу, білім беру жүйесіне енген әдістемелік мектеп. Бұған еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылып келе жатқан «Түркологияға кіріспе» [9], «Этнолингвистика», «Қазақ этнолингвистикасы» атты пәндердің оқулықтары мен оқу құралдарының білім жүйесіне қосқан үлесі дәлел бола алады. Сонымен қатар тілшінің иммитация теориясына қатысты қалыптастырған жаңа көзқарасы қазақ тіл білімінің ғылыми-әдіснамалық өрісін кеңейтеді.

Алтыншысы – Ә.Қайдардың қаламынан туған қаңлы тайпасының тұңғыш этникалық ба-яны «Қаңлы: тарихи шежіре» [10] атты зерттеуі – қаңлы тайпасына қатысты тілдік, тарихи, әлеуметтік, рухани, мәдени деректерді жан-жақты қамтыған, оларды ғылыми түрде жүйелеп, дәйекті пікір-тұжырыммен бекіткен, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуында айрықша орны бар ерте дәуірдегі тайпалардың, мемлекеттердің тарихын, сипатын тануға септігін тигізетін энциклопедиялық мектеп.

Әбдуәли Қайдардың тілдің тарихын, сөздің түп-төркінін сыртқы және ішкі факторлардың ықпалын салғастыра отырып тереңдете, жан-жақты қарастыруы академикті тілші-ғалым шеңберінен шығарып, тарихшы ретінде танытып, «Қаңлы: тарихи шежіре» атты зерттеу еңбегінің жазылуына алып келді.

Тілші-ғалымның: «Этностың балаң кезінен ересек тартып, ұлт болып қалыптасқанға дейінгі инсандық болмысын, тарихи көшін, дүнияуи табиғатын басқа емес, тек тіл феномені арқылы танып-білуге болады», – деген ғылыми идеясын «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004) атты зерттеуі түбегейлі дәлелдеп берді.

Еңбекте қарастырылған «қаңлы» этнонимінің шығу төркіні, Қаңлы мемлекеті, қаңлы мен қазақ ру-тайпалары, қаңлы мен түркі халықтары, қаңлы мен басқа халықтар арасындағы байланыстар, қаңлы этносының рухани мәдениеті, қонысы, тараған өрісі т.б. мәселелер қазақ ұлтын, күллі түркі әлемін, сондай-ақ көшпелілер өркениетінің өткенін зерделеуге мол деректер береді, бай тарихымызды тануға, талдауға жетелейді.

Академик қалыптастырған бұл мектептер – бүгінгі, ертеңгі, келешектегі ұрпаққа ұлтты, елді, жерді, өзіңді танып-зерделеу үшін шынайы білім беретін, тіл арқылы этносты, халықты, ұлтты танып-білудің әрі ғылыми, әрі адамзаттық үлгісін жасақтайтын іргелі мектептер. Өйткені тілді сақтау – ұлт пен ұлысты, ел мен жерді сақтаудың алтын қазығы бола отырып, қазақ халқы үшін қазіргі жағдайда әлемде өз орнын бекітудің басты алғышарты да болып отырғаны белгілі.

### **Тіл – жаратылыстың аса күрделі көрінісі... Уақыт көрсеткіші...**

1999 жыл ел үшін де, қазақ тілі үшін де есте қалатын жыл болды. Бұл жылы президенттікке кандидаттар Мемлекеттік тілден тұңғыш рет емтихан тапсырып, сынақтан өту керек шешім шықты. Осы ретте емтихан комиссиясымен сұхбаттасуға келген Елбасыға академик Әбдуәли Қайдар: «Қазақстанда ел үшін қызмет етуге келген кез келген министр қазақ тілін білуі керек. Сондықтан олардың барлығы Мемлекеттік тілден емтихан тапсырғаны жөн» деген ұсыныс айтты. Бұл пікірдің өте байсалды, салмақты айтылғаны соншалық, Елбасы бір сәт ойланып отырды да, жымыяп күліп: «Әбеке, ол күннің болатынына да сеніңіз», – деді. Біздер, комиссия мүшелері: «Блайым, сол күн тез болсын!» деп тіледік!

Сол сапарда комиссия мүшелері бірнеше күн сынақ өткіздік. Бірде мынадай қызық оқиға болды. Жауапты емтиханның аяқталуына аз уақыт қалғанда өте қажетті хаттама мен жауаптар жазылған екі-үш бет қағазды Жоғарғы Сайлау Комиссиясының қызметкерлері жоғалтып алып, шарқ ұрып іздеп, әбден састы.

Комиссия мүшелері отыратын үстелдерде қолға түсе бермейтін таза, әдемі ақ қағаздар үнемі толып тұратын. Оған мән беріп жатқан адам аз. Ол кез – мұғалімдер оқушы тізімін толтыратын журналға арналған қағаз таба алмай, студенттер конспект жазатын дәптер іздеп, зия-

лы қауым ескі қолжазба беттерінің сыртына мақала, тағы сол сияқты туындыларын жазып жүрген, ақ қағаз тұр ғой, сары қағаздың өзі қат кез еді.

Сайлау басшылары сасқалақтаған соң, біздер де тыныш отыра алмай, әлгі жоғалған қағазды түгел сапырылысып іздеуге көштік. Хаттама, қол қойылған қағаз жоқ! Тіпті болмаған соң, кім қандай қағаз алдық, қайда қойдық деп бәрін еске түсіруге тырыстық. Әбдуәли ағай ана жерде бір, мына жерде бір шашылып, керегі болмай жатқан қағаздарды жинап, үзілісте сол қағаздарға сөздер мен тіркестерді тізіп жазып отыратын. Соңынан, емтихан аяқталған соң, қонақүйге қайтарда ұстазымыз қағаздарын жинап, өзімен бірге алып кететін. Енді тек қонақүйге барып, сол жерден жоғалған беттерді тексеріп, іздеу ғана қалды. Бәріміз тездетіп қонақүйге кеттік. Әбдуәли ағай емтиханның ара-арасында бос уақытты пайдаланып жазып жүрген қолжазба қағаздарын қараса, жаңағы хаттама соның арасында бірге кетіпті. Елдің бәрі ду күлді.

Әр адам әртүрлі затқа құштар болып, қызығып жатса, ғалымның көзі түскені, қызыққаны – ақ қағаз екен. Нағыз ғалымға ақ қағаз бен уақыттан басқа ештеңе керек емес-ті!.. Ол үшін ең қажет те маңызды нәрсе – санада толысқан ой мен сол ойды түсіретін ақ қағаз бен қалам...

Тағы бір жолы Астанадан Алматыға ұшу үшін аэропортқа келдік. Келсек, самолет сәл кешігіп ұшатын болды. Біздер кофе ішіп, кітап оқып, әзіл-қалжың айтып, әрқайсымыз әр нәрсемен шұғылданып, уақыт өткізуге кірістік. Қарасам, Әбдуәли ағай ұзын орындықтың үстінде папкасын алдына қойып, ақ қағаз бетті картотека сияқты ортасынан бүктеп, фразеологизмдерді жазып, оны талдап, астын сызып отыр. Біз бір ғылым жасау үшін ең алдымен кітаптарды үйіп алып, оларды алдымызға жайып салып, ана бетінен ана мәселені, мына бетінен мына мәселені іздеп отырар едік-ау деп ойладымыз. Ал Әбдуәли ағай болса, үйде де, түзде де, жерде де, көкте де ой-санасын бір-ақ нәрсеге бұрып, ұлттық тіл ғылымының көсегесін көгертумен отыр. Ол кісі үшін мына жер үстінде қазақ тілінен киелі де қасиетті ұғым жоқ! Сол сәт мен нағыз ғалымның тиянақтылығы мен табандылығын жан-жүрегіммен сезінгендей болып едім...

Әбдуәли ағаның осы бір еңбекқорлық кескінін көрген сәтте ұстаздарымыздан естіген мына бір әңгіме есіме түсіп еді.

Бірде Мұхтар Әуезов стенографисткасы Данабике Байқадамоваға «Абай жолы» романын 2 сағат диктовка жасайды. Жазуды аяқтап болып стенографистка: «Конспектіңізді беріңіз, салыстырайын» дейді. Сонда жазушы стенографисткаға: «Конспект деген менде жоқ! Конспект – басымда ғой. Жиырма жыл басыма сақтаған, миымда жазылған «Абайым» ғой. Сіз тек соны жазып үлгеріңіз!» – деген екен...

Академик-ғалымның ой-санасында, басында жазылған қаншама тіркестер, сөздер, ұғымдар, ойлар, талдаулар бар еді. Бірде ғалым көптомдық қолжазбасын, олардың сарғайған беттерін көрсеткенде, жалғыз өзі тұтас бір зерттеу институтының еңбегін атқарып жүрген ұстазыма уақыттың қаншалықты қымбат екенін ұққан едім...

### **Тіл тағдыры – ел тағдыры.**

Ұлт рухын сақтау – кез-келген ұлттың абыройлы парызы. Рухын сақтаған ел өміршең болады. Ұлт та, ұлттың рухы да, ең әуелі, тіл арқылы танылады. Тілін сақтай алған ел өзін, өзінің ертеңі мен болашағын қамтамасыз ете алады.

Осы ретте тіл арқылы этносты тану мен бағалаудың өзгеше үлгісін, жаңашыл ғылыми бағыттың ерекше үрдісін қалыптастырған ғалым еңбектері жаһандану кезеңінде тіл тарихы мен ел тарихын жете меңгеруге игі ықпалын тигізетіні сөзсіз. Өйткені өзінің даму тарихында әртүрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ этносы жаһандасу процесінде тілін, ділін, бай сөздік қоры мен мәдениетін, өркениет сипаттарын сақтай алғанда ғана өзінің ұлттық мақсатының биігінен көрінбек.

Ұлттық ойлаудың асқарына көтерілген, «түн ұйқысын төрт бөліп», том-том монографиялар жазып, тіл ғылымының ауыр жүгін талмай көтерген абыз ағаға айтар алғысымыз шексіз. Қалың ой мен сағыныш сезіміне бата отырып, арыстар мен алыптардың көзіндей болған кемелдер тұлғаға бас идім...

### **Әдебиет**

1. Қайдаров Ә. Этнолингвистика. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет. – 8 – 47 б.
2. Қайдаров Ә. Лексикология. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет. 50 – 128 б.

3. Қайдаров Ә. Терминология. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998, – 304 бет. 170 – 202 б.
4. Қайдаров Ә. Этимология. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет. 250 – 302 б.
5. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: «Білге», 2003. – 368 б.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Тоғанай», 2004. – 560 бет.
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. – 784 б.
8. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 652 б.
9. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 бет.
10. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.

*Амантай ЖИЛКУБАЕВА*

*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
филология ғылымдарының докторы, доцент  
(Қазақстан, Өскемен қ.)*

### ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ

**Андатпа.** Мақалада әйгілі түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құрметті директоры, профессор Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми мектебі туралы айтылады. Ғалымның тек қазақ тіл біліміне ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркітануға қосқан үлесі баяндалады.

**Тірек сөздер:** түркітанушы, құрметті директор, ғылыми мектеп, тіл білімі, этнолингвистика, тіл теориясы, этнос, халық даналығы

**Аннотация.** В статье говорится о научной школе известного тюрколога, докторе филологических наук, почетного директора Института языкознания МОН РК профессоре А.Т.Кайдарове. Описывается вклад ученого не только в развитие казахского языкознания, но и всей тюркологии

**Ключевые слова:** тюрколог, почетный директор, научная школа, языкознание, этнолингвистика, теория языка, народная мудрость

**Abstract.** The article talks about the scientific school of the famous Turkologist, Doctor of Philology, honorary director of the Institute of Linguistics of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Professor A.T.Kaidarov. The contribution of the scientist not only to the development of Kazakh linguistics, but also to the entire Turkology is described.

**Keywords:** Turkologist, honorary director, scientific school, linguistics, ethnolinguistics, language theory, folk wisdom

Әбдуәли Қайдар – әйгілі түркітанушы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Құрметті директоры, Ұлы Отан соғысының ардагері.

Академик Әбдуәли Қайдар туралы, оның ғылымдағы, білімдегі, қоғамдағы өзіндік орны, ой парасаты, игілікті істері және тағы басқа абзал қасиеттері туралы көп айтуға болады. Мен ғалымның ғылыми мектебі туралы айтпақшымын.

Академик Ә.Т.Қайдаров К.Юдахинның шәкірті, Бішкек қаласында аспирантура тәмамдаса, Бакуде докторлық диссертация қорғайды. Кандидаттық диссертациясы ұйғыр тіліндегі қос сөздердің табиғатына арналған, сондықтан ол түркітануға да аз үлес қосқан жоқ. Ең алдымен, жоғары оқу орындары студенттеріне арнап жазылған «Түркітануға кіріспе» (профессор М.Оразовпен бірлескен авторлықта) атты кітабының екі рет баспадан шыққанын айта кеткен жөн. Бұл еңбек студенттер үшін таптырмайтын оқу құралы екеніне көзіміз жетуде.

Ә.Т.Қайдаровтың түркітануға қосқан еңбегі жоғары бағаланды. Мысалы, оның «Развитие современного уйгурского языка» атты еңбегіне атақты шетел түркітанушылары өте жоғары баға берді. Г.Дерфер: «...глубокое понимание предмета, ясное изложение и широкая эруди-



ция, сделали книгу шедевром в области тюркологии», – десе, – «...многоплановое исследование.

**А.Т.Кайдарова затрагивает круг наиболее актуальных вопросов современного уйгуроведения, дискутировавшихся еще в 30-е и 50-е годы и сохранивших до наших дней свою теоретическую и практическую значимость», – дейді С.И.Нурсапаева. Ал Э.Р.Тэнишев: «Книга А.Т.Кайдарова серьезное, основательное исследование, вносящее определенный вклад в развитие уйгуроведения. Оставляет весьма приятное впечатление также литературное и полиграфическое оформление издания» деп пайымдайды.**

Ғалымның ғылымға қосқан үлесі тек өз басының ғылыми еңбектерімен ғана емес, сонымен қатар оның идеясын дамытып, оны ары қарай жалғастырушы пікірлес, кәсіптес, шәкірттерінің зерттеулерімен де өлшенеді дейді Әбекеннің өзі.

Академик Ә.Т.Қайдар ғылым жолы өте күрделі екенін айта келе өзінің «Ғылымдағы ғұмыр» атты кітабында төмендегідей ой қозғайды: «Ғалымның айтқан пікірін ұғатын, бағалайтын, қозғаған ойын жалғастыратын, дамытатын пікірлес шәкірттері, қаламдас, кәсіптес замандастары болмаса, ол да бір қасірет... Ғылымның өз үрдісін тауып, аясын кеңейтіп, ілгері дамуының басты шарты – оның жалғастығында бір ұрпақтан екінші ұрпаққа асыл мұра, аманат ретінде ауысып отыруында» [1, 331].

Әбекеннің бұл арманы орындалды деп ауыз толтыра айтуға болады, себебі оның идеяларын шәкірттері жалғастырып қана қоймай, ары қарай дамытып, өрбітуде. Және де Әбекен ғылымға қандай адал болса, олардың бойынан да аталмыш қасиетті байқауға болады. Және де оның шәкірттері жеңіл жол іздеп немесе жетекшісін ауыстырған жоқ. Көпшілігі ағайдан кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Мен де солардың бірі болғанымды мақтан тұтамын. Ең қызығы, Әбекең Қырғызстаннан аспирантура тәмамдаса, мен Бішкекте өзімнің докторлық диссертациямды 2013 жылы қорғадым. Мені қолдап, Бішкекке барып оппонент болған Жамал Манкееваға алғысым шексіз. Жамал Әбекеннің ең қадірлі шәкірттерінің бірі де бірегейі деп білемін.

Шынында да, академиктің өзі зерттеген лингвистика салаларының басым көпшілігі оның доктор және кандидат шәкірттерінің диссертацияларында әр қырынан қаралып, жан-жақты талданып, ұстаз идеясының өрісін кеңейтіп отырғанын көреміз. Ғылыми жалғастық дегеніміз осы деп білеміз. Бірнеше мысал келтірейік, Академиктің алтайтану саласындағы зерттеулері мен пікірлері алтай теориясына, осы топқа жататын тілдердің ұқсастығы мен айырмашылығына арналған. Оның идеяларын шәкірттері моңғол тілінен Б.Базылқан, Эрколи Әзербайев Чу Мин Хондар жалғастырды. Ғалымның этнолингвистика саласындағы идеяларын С.Сатенова, Ш.Сейітова, Р.Шойбеков, Ә.Ахметов, Ф.Әжібекова, Қ.Ғабитқан, Р.Иманалиева, А.Ш.Жилкубаева сынды шәкірттері өрбітті.

Ғалымның түркі тілдеріндегі өлі түбірлер туралы зерттеулері түркітану теориясында жаңалық ретінде қабылданып, Әбекенді бүкіл түркі ғалымдары ғана емес, шетел ғалымдары да мойындады. Оның «Структура односложных корней и основ в казахском языке» деген еңбегін олар жоғары бағалады. Оның бұл саладағы идеялары Е.Кажибеков, Ж.Манкеева сынды аттары республикамызға танымал шәкірттерінің зерттеулерінде көрініс тапты. Міне, академик Әбдуәли Туғанбайұлының ғылыми идеяларының дамып, жалғасып, өрісі кеңейіп жатқанын көріп отырмыз. Менің ойымша, ғалымның үміті орындалған сияқты, себебі бүгінгі күні оның идеялары шәкірттерінің еңбектерінде жалғасын табууда. Олардың қатарында еліміздің алдыңғы қатарлы азаматтары мен азаматшалары Мәжіліс депутаты, профессор А.Ахметов, Түркиядағы Қазақстанның елшісі болған Ж.Түймебаев, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Ф.Оразбаева, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Ж.Манкеева, Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Г.Смағұлова, филология ғылымдарының докторлары С.К.Сатенова, М.Ескеева, Ш.Б.Сейітова және тағы басқа еліміздің беткеұстар ғалымдары бар.

Бұлардың сыртында ұстаз ой пікірі мен идеясының өрісін кеңейтіп, өрбітіп отырған шәкірттерінің өзі ғана емес, олардың шәкірттері де. Таап айтсақ, лингвомәдениеттану, этнолингвистика саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан Ж.Манкееваның өзі қаншама шәкірт дайындады. Олардың қатарында Айгүл Сейілхан, Құралай Қайырбаева және менің шәкіртім Айнұр Амангелді. Бұл шәкірттерді Әбекең «немере шәкірттерім» дейтін.

Оның зерттемеген тіл білімінің саласы жоқтың қасы деуге болады, сонда да ауыз толтырып айтатын салалар: паремиология, этимология, лексикология және этнолингвистика, түркітану десек қателеспейтін шығармыз.

Әбдуәли Туғанбайұлы қазақ тіл білімінде этнолингвистика бағытының дамуына мұрындық болды. Осы сала бойынша оның ғылыми жетекшілігімен он шақты докторлық, 20-ға жуық кандидаттық диссертация қорғалды. Ғалым этнолингвистиканың зерттеу нысанын, мақсатын, міндеттерін айқындап қана қоймай, сонымен қатар лингвистика мен этнографияның аражігін былай ашып береді: «...под одним шаныраком каждая из них кроит свою шубу, поет свою песню». Әйгілі тілші-ғалым, профессор М.М.Копыленко өзінің «Основы этнолингвистики» атты монографиясында оның еңбегін төмендегідей бағалайды: «Центральное место в трудах академика А.Т.Кайдарова и его учеников и коллег занимает синхронное состояние языка, что однако не исключает обращение и к диахронии, к эпосу и другим фольклорным источникам с максимальным использованием этимологического анализа, особенно в связи с глубоким проникновением в проблемы ономастики и этногенеза» [2].

Мұндай зерттеулерді профессор Ә.Қайдаров екі жүйе бойынша жүргізу керектігін ұсынған: Макрожүйе «Табиғат», «Адам», «Қоғам», және микрожүйе: әртүрлі тематикалық топтар бойынша. Академиктің өзі мұндай зерттеулердің маңыздылығы туралы былай деп пайымдайды: «Этнос және оның тілін біртұтас өзара тығыз байланыстағы құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» [3,34]. Ғалымның жетекшілігімен осы сала бойынша Ж.Манкеева, С.Сатенова, Г.Смағұлова, М. Ескеева, Ғ.Әнес, Р.Шойбеков, Ш.Сейітова, А.Жилкубаевалар докторлық, Қ.Ғабитқан, А.Мұкатаева, Р.Иманалиевалар және тағы басқалар кандидаттық диссертация қорғады.

Ғалымның назарынан түркі тілдерінің этимология мәселелері де тыс қалған жоқ. Ол 1990 жылы Алматы қаласында түркі тілдерінің этимологиясына арналған Кеңейтілген мәжіліс өткізді. Оған түркі тектес халықтардың атақты ғалымдары қатысты. Мен Әбекеңнің шәкірті ретінде аталмыш жиынға қатысқанымды әлі күнге дейін ұмытпаймын.

Конференция материалдары 1990 жылы «Проблемы этимологии тюркских языков» деген атпен жинақ болып шықты.

Түркітануға қосқан үлесі үшін ол Башқұрстанның Құрметті академигі және «Dil kurumu Турция» лингвистикалық қоғамының академигі болып сайланды.

Сондықтан Академик Әбдуәли Туғанбайұлының есімі тек республикада ғана емес, шетелде де танымал, себебі ол КСРО кезінде талай түркі тектес халықтардың ғылымының дамуына өз үлесін қосты. Атап айтар болсақ, оның ғылыми жетекшілігімен хакас тілінен А.Кызласов, Т.Боргоякова, моңғол тілінен Б.Базылхан, алтай тілінен Э.Әзербасев, қырғыз тілінен Ч.Дыйхановалар докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады.

Ғалымның паремиология саласындағы еңбектерінің маңыздылығы да ерекше. Оның халықтың басынан өткен тарихы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, наным-сенімдері тілде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде беріліп отыратыны туралы ойлары өміршеңді екеніне көзіміз жетті. Бұл ойлардың дәлелі ретінде оның «Тысячи метких слов и выражений казахского языка», «Халық даналығы» және т.б. жұмыстарын келтіруге болады.

Өзінің «Халық даналығы» деген кітабының кіріспесінде ол былай деп жазады: «Қазақ тілінде ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып келе жатқан мыңдаған мақал-мәтелдерді даналыққа балап және оларды халық бойындағы асыл қасиетке теңеп, «Халық даналығы» деп атап отырмыз» [4, 3]. Ғалымның жетекшілігімен осы сала бойынша Ж.Манкеева, С.Сатенова, Г.Смағұлова, М.Ескеева, Ғ.Әнес, Р.Шойбеков, Ш.Сейітова, А.Жилкубаевалар докторлық диссертация қорғады. Кейін осы мақал-мәтелдерді ғалым тақырыптық топтарға жіктеп, өзінің шәкірттеріне кандидаттық диссертация тақырыбы есебінде ұсынды. Бүгінгі күні бұл еңбек таптырмайтын рухани қазына іспеттес.

Әбдуәли Туғанбайұлы тек ғалым ғана емес, сонымен қатар ұлағатты ұстаз да. Көп жылдар бойы ол Алматы қаласының жоғары оқу орындарында дәріс оқыды. Сонымен қатар ұйғыр мектептерінің 8 сыныбына арналған оқулығы баспадан 8 рет шығарылды. Әбекең студент-



терге арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығының авторларының бірі екенін де айта кеткен жөн.

Қорыта келе, академик Әбдуәли Қайдаров ғылымда өз идеясының жемісті жалғасын көріп отырған ғалым ғана емес, бүгінгі күні оның шәкірттерінің де ғылыми мектептері қалыптасып, өз нәтижесін беруде.

Тағы бір айта кететін жайт, Әбекеннің шәкірттері бір-бірімен ынтымақта, бірлікте араласады және ұйымшыл. Оның дәлелі – Әбекеннің 100 жылдық мерейтойына қатысты өткізіліп жатқан ауқымды да салиқалы іс-шараларды атап өтуге болады.

#### Әдебиет

1. Жилкубаева А.Ш. Научная школа академика Абдуали Туганбаевича Кайдарова. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 166 б. – 385 бет.
2. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики, 1996.
3. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
4. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 бет.
5. Қайдаров Ә. Этнолингвистика. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: «ІДК-ТИРО», 1998. – 476 бет.

*Гүлдархан СМАҒҰЛОВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ҚАЗАҚТАНУ: АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Бір тіл – бір ұлт. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». А.Байтұрсынұлының ғасыр бұрын айтқанын бүгін қазақ ұлты үшін ескертілген әрі аксиомаға айналған өсиет сөз деп қабылдаймыз. Ұлттың сақталуына, жоғалуына себеп болатын нәрселер бар. Бірақ соның ең қуатысы – тіл.

Өзге ғалымдарға қарағанда тілші ғалымдардың еңбегі ұлт алдындағы парызы туған тіл тағдырына, қазақ тілінің бүгіні мен болашағына тікелей байланысты. Олардың басқа ғылым салаларына қарағандағы ізденіс ерекшелігі – ұлт тілінің бары мен жоғын түгендеу, қайтсек қазақ тіл білімінің абырой, мәртебесін асырамыз дегеннен әсте айнымаған адалдығы.

Тіл ғылымында ғалымдардың білім мен біліктілігінің өсуі – тілдің даму дәрежесінің саралануына, қолданыс аумағының тереңдеуіне және ғылыми теориясының жан-жақты жетілуінің көрсеткіші. Бұл – ана тіліміздің дүниежүзі тілдері арасында өз орнын бекіте түскендігі, кемелденгендігі.

Қазақ зиялыларының ішінде осы ұғымды қанына сіңіргенін біздіңше, тілші ғалымдардың өмір бойы ізденіп, ұлты үшін ана тілінің бары мен жоғын түгендеген, тіл білімі ғылымының әлемдік аренасына дейін жеткізген зерттеулердің маңыздылығы академик Ә.Қайдар есімімен де байланысты.

Осындай ізденіс жылдарында академик Ә.Қайдардың өзі салған ғылымда сан тарау соқпақ жолдары бар. «Мәселен, басқа ғалымдар негізінен бір тілмен ғана шұғылдansa, мен болсам, нақтылы 2 тілмен – қазақ және ұйғыр тілдерімен, жалпы түрде көптеген туыс тілдермен және кейбіреулер сияқты бір ғана проблемамен, не тіл саласымен ғана шектеліп қалмай, көптеген проблемалармен қатар шұғылданудамын. Ол проблемаларды мен өзімше былайша топтастырған болар едім» дейді:

1. Бір буынды түбір мен негіз проблемасы;
2. Әдеби тілдің қалыптасу проблемасы;
3. Диалектологиялық зерттеулер;
4. Түркі тілдеріне тән синкретизм құбылысы;
5. Этнолингвистика проблемасы;
6. Түркі тілдері этимологиясының мәселелері;

7. Фразеология мен паремиология проблемалары;
8. Қос сөздер проблемасы;
9. Терминология проблемалары;
10. Ономастика мәселелері;
11. Жалпы түркология мәселелері;
12. Мемлекеттік тіл және тіл саясаты;
13. Оқулық жазу мәселелері және т.б.

Академиктің өзі топтастырған осы салалардың барлығы этносты танып-білуге, қазақты танып білуге бағышталаған... Тақырыптары сан алуан бұл проблемаларды академик қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде жариялаған. Академик зерттеулерінің этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты басты ерекшеліктері – тіл құбылыстарына біржақты, бір қырынан емес, жан-жақты қарауы әмбебап көзқарас және тиімді тәсіл.

Этнос тіліне жалпы қатысы бар қоғамдық пәндер (Мәдениеттану, этнография, этнология, өлкегану, фольклористика, мифология, астрология, дінтану, педагогика, дидактика т.б.) және лингвистикалық пәндер (этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты: этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография) арқылы этнолингвистика пәні зерттеледі.

Қазақ этносы – бір тілде сөйлейтін, тарихи жады ортақ, әрбір тілдік, мәдени, менталдылық жағынан ортақ санамен бірегейлендіретін тарихи, мәдени, рухани қауым. Этномәдени деген ұғым – этникалық мәдениетке байланысты. Этнологиялық мәселелердің қайсысы болса да Адам – Қоғам – Табиғат деп аталатын (триада) үштіктің арасындағы ғасырлар бойы қордаланған қатынастарды әр қырынан зерттеуге саяды.

«Этнолингвистика – этнос тілін зерттейтін сала. Ал мәдениет әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдарың бәрі мойындайды. Этносты танып білуге қоғамдық ғылым саларының бірі – мәдениеттану» дейді Ә.Қайдар.

• Демек этнолингвистика + Мәдениет + Этномәдениет ұғымдарының концептуалдануынан Қазақтану макроконцептісі сараланады. Бұл үш аспект бойынша:

• Қазақтану кешенді қолданыстағы ұғым болғандықтан, конгициялық (таным) тұрғыдан лингвомәдениеттаным аспектісінде – ақиқат дүниенің санадағы ұлттық-мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады.

• Ал психологиялық аспектіде ақиқат дүниенің санадағы психикалық қабілеттер қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу арқылы қабылданған алғашқы менталды түсініктер.

• Лингвокогнитивтік аспектіде ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрініс ретінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінің білгір ғалымы Ә.Қайдардың бұл проблемаға 1970 жылдардан бастап, осы саланың дамуы мен қалыптасуына ерекше көшбасшы, қала берді, әрі қарай дамуына да ерекше ұйытқы болған. Белгілі бір этностың, ұлттың тілінде сөйлейтіндердің, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігін, ұлтқа тән ұғым-түсінігін, әдет-ғұрпын тек қолданыстағы тілінде сақталған сөздер, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдердің мазмұныны ашу арқылы түсіндіру осы этнолингвистика пәнінің құзырына жатады.

Ғалымның өмір бойы жазған ғылыми дүниелерін әрі қарай атай берсеңіз қазақ тіл білімінің алтын тамырындай зерттеу еңбектерінің теориялық таным тереңдігі – бүкіл түркологияға тұғыр боларлық іргелі нәтижелер. Әсіресе, соңғы жылдарда академик Әбдуәлі аға Қайдаровтың қазақ тілінің этнолингвистикасын зерттеу мәселесіне қатты көңіл бөлгендігін білеміз. Ғалымның қазақ тіл білімінде этнолингвистика мектебін қалыптастырғандығы туралы академиктің замандасы әйгілі ғалым, профессор М.М.Копыленконың «Основы этнолингвистики» (1995) деген еңбегінде академик Ә.Қайдарды «қазақ этнолингвистикалық мектебін қалыптастырды» деп үлкен құрметпен айтылады.

Қазақтың кім екендігін, қандай ұлт екендігін түсіну үшін тіл иесінің қолданған қажетті тілдік лексика-фразеологиялық, паремиологиялық фактілердің ішкі мазмұны терең де, жан-жақты ашылғанда ғана қазақтану белгілі әрі түсінікті болады. Бұл ретте Ә.Қайдар зертте-

уіне тілдік деректер: *фразеология, паремиология, ономастика, жұмбақ, өнер, төрт түлік малға қатысты ұғымдар*, т.б нысан болды. Бұл тілдің байлығы ретінде этнос – қазақ болмысы таныға қатысты, әсіресе, фразеология мен паремиология материалдарын этнолингвист зерттеуші әдеттегідей қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын ғана емес, сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін этнолингвистикалық арналар арқылы анықтаған. Демек, тілдік деректерді тек коммуникативтік қызмет деңгейінде ғана емес, тілдің жинақтағыштың, сақтаушы қасиеті арқылы рухани-мәдени қазынаны індетте зерттеген.

Академик тілші барлық тілдік деректерді тақырыптық, мағыналық, логикалық жағынан жүйелеген. Бұл қазақ топырағындағы этнолингвистикалық ілімінің Ә.Қайдар белгілеген негізгі принциптері болып саналады. Бұл қағидаттар академиктің 20-ға жуық еңбектеріне арақау болды және көптеген шәкірттерінің ғылыми жұмысына тірек-бағдар болды. И, «Қазақ этнолингвистикасы», «Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистические объяснения» //Қазақ тілінің өзекті мәселері (1998): «Этностың болмыс ұғымдары», «Культовые слова у тюркских народов», «Жеті қазына»; «Халық даналығы» (2004); «Қазақ қандай халық?» (2008); «Қазақтар ана тілінде» 3 томдық сөздігі.

Академиктің өзінің айтуында «әрбір пенде азаматтық тұрғыдан көрінуге тырысады, әрекеттенеді. Бірақ, оның бәрін бағалайтын – қауым, ел-жұрт. ...мен барша саналы өмірімде екі рет қана азаматтық тұрғыдан көріне алдым-ау деп ойлаймын». Бірі 4 жыл майдан болып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуі, екіншісі – Қазақ тілі қоғамының дүниеге келуіне себепші болып, президенті ретінде басшылық етуім. Пендешілік болса да айтайын, Алла тағала өмір берсе, үшінші рет азаматтық биік тұғырдан көрінім келеді. Бұл жолы ғылымдағы ғұмырымның ұзақ жылдық нәтижесі саналатын күрделі еңбегім «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздікті аяқтап, кітап етіп шығару арқылы» дейді.

Сөздік автордың пайымдауынша тілдік материалдардың ауқымы – жиналған, жиналуға тиісті бір миллиондай мағыналық бірлік. Ал сөздіктің түпкі мақсаты - қазақ этносын өз тілінің байлығы арқылы таныту. Демек, бұл ХХІ ғасырда жасайтын ұрпағымызды мәңгірттіктен сақтап, қазақтың қазақ болып қалуының бірден-бір тілдік негізі деген сөз.» «Үшінші тұғыр да – менің үкілі үмітім» деп жазған «Ғылымдағы ғұмыр» (2000. 257б.) еңбегінде.

30 жылдан астам уақыт шұғылданған Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты әрқайсысы 45-50 баспа табақтан тұратын үш томдық этнолингвистикалық сөздікте қазақ тілінің сөздің қорындағы жарты миллиондай мағыналық бірлігін қамтиды. Қазақ деген ұлттың тіл әлемін саралап, талдап, түсінік беретін «Адам» (1 том), «Қоғам» (2 том), «Табиғат» (3 том) атты этнолингвистикалық сөздіктер ұлт тілінің байлығын жинақтаған еңбек. Тіл білімінің ең бір өзекті, әсіресе, адамдық факторға негізделген этнолингвистика саласын академик кейін осы салада өз мектебін қалыптастырғандығын баса айтуымыз керек.

Академик жазады: Егер зерттеу объектісін «қазақ этносы», «этнос болмысы» деп жалпылама қарайтын болсақ, онда тіл байлығы – «тіл әлемі» түгел қамтылуы тиіс. Біздің кейінгі жылдардағы зерттеу тәжірибемізде – «тіл әлемі» түгел қамтылып, «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеліп, олар іштей 30 (6+17+7) үлкен (макро) топқа, ал олар өз ретінде 200-дей (микро) топқа бөлініп қарастырылады.

Сөздіктің бірінші томы «Адам» деп аталады. Адамзат қоғамындағы ең басты тұлға – Адам. Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Құндылық адамға ғана қатысты емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әр түрлі сипатта болмақ. Қоғамда «рухани құндылықтар», «материалдық құндылықтар», «мәңгілік құндылықтар» сынды ұғымдар қалыптасқан. Ал осы құндылықтарды жасайтын Адам. Адам құндылығы оның айтқан сөзі мен ісіне қарай бағаланады. Осыған сәйкес мынадай қорытындыға келеміз: *құндылықтар қоғам мен адамнан тыс өмір сүрмейді; адамға қатыссыз ешбір зат өздігінен құндылық болмайды; құндылықтар адамның қызметіне, әрекетіне байланысты қалыптасады*. Осылайша адам мен құндылықтар өзара тығыз байланыста болады. Адам баласының ақыл-ой, парасатының жемісі ретіндегі құндылықтар – рухани мәдениеттің көрсеткіші. Құндылықтардың түрлерін анықтау адамның әртүрлі қажеттіліктері, мүдделері мен қалауларына қарай қарастырылады. Тіл мен құндылықтар әлемінің өзара байланысы және осы байланыстың тілдік фактілермен дәйектелуін академик Ә.Қайдар еңбектерінде жан-жақты талданған.

Сөздікте саналы тіршілік иесі адам табиғатын толық, мүмкіндік болса жан-жақты ашып түсіндіру мақсатында автор адам болмысының өзін сегіз топқа бөліп талдаған. Академик тілде сақталған тіл деректерін сөйлету арқылы «Адам деген қасиетті тұлғаның табиғатын тереңірек тани түсуге болады деп ой түйеді. Адамның басқа тіршілік иелерінен ерекше даралануының себебі – оның зиялы қасиеттеріне байланысты екен. Бұл – *адам өмірі, адамгершілік, қарым-қатынас, отбасы, жеке бақыт, мейірімділік, беделділік* құндылықтар тұрақтылығының айғағы.

Автор 1 кітаптың («Адам») алғысөзінде: *«Тіл – қоғамдық қарым-қатынастың ең басты құралы. Тіл ақпаратты сақтау, жеткізу және өңдеу қызметін де атқарады. Болмыстың негізі тіл арқылы атауға ие болады және тілде бейнеленеді. Тіл – қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге адамзат ақыл-ойының қайнар көзі, үнемі дамып, толығын отыратын үзілмес қоры»*, дейді. Демек, қазақ этносы ұғымын жан-жақты түсінуге бағдар беретін еңбек деп атаған жөн.

Сөздік – қазақ ұлтының халықтық биік рухын, ақыл парасатын, рухани-мәдени байлығын көрсететін қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, тұрақты теңеулер мен бейнелі сөз орамдарымен көрсетілетін тілдік бірліктерді тақырыптық жағынан топтап, жүйелеп, астарлы мазмұн болса астарын ашып түсіндіру, аталым болса не себепті аталған, ұғым бойынша қандай жағдаятта қолданылады деген сұрақтарға жауап береді.

Адам табиғаты ерекше құбылыс. Тілдік деректерге сүйенсек, оның бүкіл болмысын бейнелейтін, жақсы-жаман қасиеттерін жан-жақты толық танытатын сөздер мен тіркестер соншалықты мол және қазақ адамының тұтас жай-күйі ұлт өкілі ретінде түпсіз терең тұлға екендігін байқаймыз. Ежелгі грек философы Протогодың айтуынша, «адам барлық заттың өлшемі» және «әлемді адам қандай ой-сезіммен қабылдаса, дүние нақ солай бейнеленеді». Демек, қазақ ұлт ретінде кім, қандай халық, ол әлем бейнесін тілінде қалай өрнектеген, несімен ерекшеленеді деген сұрақтарға Сөздіктен жауап табасыз.

Сөздіктің «Жақсы» Адам мен «Жаман» Адам тараушасында: «Адамның даналығы мен надандығы да, қасиеті мен қасиетсіздігі де, жақсылығы мен жамандығы да, табиғат болмысына тән сан алуан заттар мен құбылыстардың жақсы, жаман сипаты, нарқы мен парқы да Адам арқылы анықталып бағаланады» дейді. Демек тек тіл фактілерін сөйлету арқылы Адамның философиялық, физиологиялық, психологиялық, моральдық-этикалық т.б. толып жатқан контрастивті қасиеттерін тануға болады. Өмірде «жаман» адам, «жақсы» адамдардың болуының өзі – тіпті қоғамдағы, қарапайым тіршіліктегі тепе-теңдікті сақтауға мүдделі екендігіне назар аудартады.

Қазақ ұғымындағы Адамның зиялы қасиеттерін сипаттайтын 250-ге жуық сөз-атаулары мағыналарының 50-60-на ғана талдау жасалыпты. Сөздікте үш мыңға жуық мысалдармен Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері сипатталып, адамның тек физиологиялық қасиеттеріне қатысты ұғымдарды бейнелейтін бір жарым мыңдай бірліктер талданған.

Өмір қарама-қарсылықтардан тұратындықтан, түрлі қайшылықтар туындайды. Бұлар тілде антонимдік жұп құрайды. Адамның психикалық қасиеттерін қазақтар қуаныш-реніш, сүйініш-күйініш, құмарлық-салғырттық, сүйіспеншілік-жеккөрушілік, рақымдылық-мейірімсіздік, сақтық-бейшамдық, адалдық-арамдық, кішіпейілділік-дөрекілік, батырлық-қорқақтық, тәкаппарлық-именшектік, сабырлылық-шыдамсыздық, еңбекқорлық-жалқаулық т.б. сезім спектрлерін суреттейтін сөздер мен тіркестерді тіл байлығы ретінде молынан, жан-жақты саралаған. Сөздікте екі мыңнан астам түрлеріне түсінік берілген. Адамның психикалық келбетінің ең бірінші көрінісі – ақыл. Осы сөз ұйытқы болған *ақылы қысқа, ақыл қону, ақылға салу, ақылы көзінде, ақыл қосу* т.б. барлығы 25 тіркес сипатталған.

Адамның іс-әрекеті мен қалып-күйіне қатысты талданған мысалдарды қарасақ, қазақ өмір бойы миллиондаған қимыл-қоғалыстағы әрекетіне де ұлттық мінез-құлық, ұлттық болмыс, тіпті ұлттық темпераментті қалыптастырған. Тілде сақталған бай деректер арқылы өзге этностың болмысы мен тіршілігінде кездеспейтін, тіпті қайталанбайтын ұлттық мінез мен мұңдалап тұрғандықтан, тек қазақ қалыпты танысыз. Мұнда, әсіресе, ырымдар мен тыйымдар жетерлік. Мысалы, à КӨҢІЛ < Адам көңілі қуаныш, реніш, өкпе-наз, сондай-ақ, адамдар арасындағы сыйластықтың қандай екенін сипаттайтын кең өрісті ұғым. ...Ал шын мәнісінд, «көңіл» деген феноменді адам табиғатынан мүлдем алып тастаса не болар еді? Оны алып тастау мүмкін емес, өйткені Адам адам болудан қалар еді>.

Сөздікте шынайы «көңіл» деген зиялы қасиеттің шынайы бағасын, оған тән қасиеттердің 7 түрін санамалап талдаған. Ал көңілдің түрлеріне -34, (мысалы, *жабы болған көңіл, имансыз көңіл*), көңілге қатысты ұғымдар – 143 (*Күлегештің көңілі азбас, Соқырдың көзі көңілінде*) тіркесті көрсетеді. (60-74б).

Ер адамның түрлері және оған қатысты ұғымдарға 50 бірлік талданған. Мәселен, Ұлыңа қолыңды төменнен бер, қызыңа қолыңды жоғарыдан бер. *<Ауысп. Өсіріп отырған ұлың мен қызыңа қамқор бол. Ұлыңа қамқорлық жасасаң, үнемі қол ұшыңды беріп, демеп отыр, ал қызыңа қамқорлық жасағанда алдында болып, үнемі өнегеңді көрсет. Қызыдың жолы жіңішке екендігін ескертетін нақыл сөз>*.

**БӘЛЕКЕЙ** *<ертректегі дәстүр бойынша жасы балиғатқа толмай жатып күйеуге беріліп жіберген кішкентай қыз>*.

Басқа түркі халықтарына қарағанда, туыс-жақындық қарым-қатынастар қазақ халқында аса терең және жан-жақты дамыған. Кітапта бұлар Ата өріс (Атажұрт), Ана өрісі (Нағашы жұрт), Құдандалық өріс (Қайын жұрт) сияқты қалыптасқан ұлттық жүйемен топтастырылған.

Адам баласының тіршілік етіп, өсіп-өнуіне қажетті азық-түлік, ұлттық тағамдар атаулары (4 тарауда), денсаулық (5 тарау) дене мүшелері мен ауру түрлерінің ұлттық атаулары, емшілікте қолданылатын ем-дәрілер, дәрілік шөптер атаулар мен тұрақты қолданылатын тіркестер мағынасы талданады.

Адамзат құндылықтарының басты көрсеткіші – дамыған тіл. Барлық білім мен оның жетістіктері тек тілде сақталады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Тіл байлығы болмаса, ұлт ерекшелігі туралы толық мәлімет алу мүмкін емес. Қоғам дамуының алғышартын ақындейтын ақпараттар тасқыны тек тіл арқылы өзектеліп, мазұнға ие болып, қажетті жағдайда өңделіп отырады. Сөйлеуді қалыптастыратын тіл әлемі – қазақтар үшін кие, күдірет. à Тіл шаш алар, шаш алмаса бас алар *<Тілдің қуаты мен күшінде шек жоқ. Тіл адамды шошытады, секендіреді, қорқытады, үрейлендіреді. Одан кейін де адам іс-әрекетінен қорытынды шығармаса, бір ауыз сөзбен-ақ, Махамбет айтқандай дулығадағы бас кетер>* à Тілінің майын тамызу *<аса мәнерлі, жағымды, шебер сөйлеу>* дегенді аңғартады.

Тілдің негізгі белгілерінің бірі – сөздің байлығы. Автор «Тілге қатысты айтылған бірліктер тек сандық көрсеткіш деп ұғуға болмайды. Ұлттың өз тілі туралы түсінігі мен құрметі, оның тіліне берген бағасы тілдің алуан түрлі қасиеттері мен қызметіне негізделген» деп, тіл сөзінің басқа сөздермен тіркесімділігінің көптігін, бірақ жиналмай тіркелмей қалғандарының әлі көп екендігін және тілдің динамикалық дамуына қарай басқа да жаңа тіркестердің жасалатынын айтады. Тілдің түрлеріне қатысты атаулар: à *А: адамзат тілі, аңыз тілі, ащы тіл, әке тілі* т.б. *Б: байырғы тіл, буынсыз тіл, би тілі, буынсыз тіл; Г: газет тілі, говор тілі; ... Ш: шежіре тіл, шешен тіл, шүрияттің тілі; Ы: ым тілі* à дейтін сияқты тіркестердің мазмұны әліпбилік ретпен түсіндіріледі.

Ал сөз табиғаты деген не? Әрине, сөз болмаса, адамның бүкіл сөйлеу үрдісі, барлық іс-әрекеті, тіпті қимыл қозғалысы да танылмаған болар еді. Тараушада *«Ақсақалдың ақылы қысқарса, аузындағы сөзі ұзара береді»; «Адамның ішіне ас сыйса да, сөз сыймайды», «Сөз дегенде данышпандай, Іс дегенде ауыс жандай»* т.б. мақал-мәтелдермен қоса, *«Сөз тұздығы», «Сөзіне қарауыл қою», «Сөзі сымбат»* т.б. фразеологизмдермен берілген жалпы мыңнан астам тіркестер қамтылған. Сөз табиғатынан соң, сөз түрлері мен оған қатысты ұғымдар жүйеленген. Мұнда эпитетті, метафоралы қолданыстардың бағалаушытық сипаты өте бейнелі, суретті болып келеді. Жалпы қазақтардың сыни көкарастағы көркемдік ой-табиғаты тым әсерлі, прагматикасы терең. Мәселен, тек *жақсы сөз* ұғымын толықтырып мәнін ашатын 30 шақты тіркес берілген, мағыналары баяндалған. *«Жақсы сөз –жанның жарығы»; «Жақсы сөз тасты жібітер, жаман сөз басты шірітер»* т.б. Тәрбиелік мәні бар, әр қазақтың тілдік қолданысында жүруі тиіс небір айшықты сөз орамдарын осы кітаптан табасыз. Мысалы: à *Келіннің сөзі <келіннің сөзі басқаларға қарағанда өте сыпайы, мейірімді, тәрбиелі сөз болуы керек>; «Құдай сөзі», Қымбат сөз, Ұста сөз –ұста сөз»; à Ат өтті қолқа сөз <сөз арасындағы айтылған тілек>;*

«Қоғам» деп аталатын II томда қазақтың ұлттық болмысының қоғам өмірімен етене байланысы қандай болған, әлемдік өркениеттен қалмай, тіпті өзіндік бағдары бар мәдени тіршілігін қалыптастырудағы іс-әрекеті тіл фактілерінің деректері негізінде талданады. Дүниеде осы күнге дейін қазақтай қауымдасып өмір сүру, тіршілік ету көп ұлтта кездесе бермейді. Же-



келеген жан тыныштығын дағдыға айналдырған қазіргі еуропа адамдарындағы салқындық, айналасынан іргесін аулақ салып, туыс-жақындықтан гөрі өз жай-күйін жоғары қоятын астамшылық сияқты мінез, тәубе дейік, қазақ ұғымына жат. «У ішсең – руыңмен» деп шегелеп айтқан. Сөздіктің алғашқы тарауы Қазақ этносының шежіресіне қатысты жиналған тілдік деректерін шежіре тілі деп, оны тіл білімінің нысаны етіп қарастырады. Шежіре тілінің деректерін «халқымыздың зейіні мен зеректігін, тіл тұтастығы мен этногенетикалық жадының ғажайып ерекшелігін, дәстүрінің беріктігін паш ететін мәдени құбылыс» деп бағалайды.

Қазақтар мылтық ұстау, мылтықпен соғысу сияқты мәдениетке дейінгі қару-жарак атауларының 30 түріне, мысалы, *Алдаспан, Кіреуке, Садақ, Найза, Сақпан* т.б талдау жасайды. Ал мылтықтың түрлеріне *Ақперен, Алмабас, Тақта бараң, Берен, Отырма* т.б. мысалдар келтірген.

«Қазақтар ана тілі әлемінде» деген этнолингвистикалық сөздіктің III томы Табиғат деп аталады. I тарауы ЖЕР деп басталады. «Қазақтың кең байтақ жерінің атаулары ғасырлар бойы қалыптасу барысында халықтың өткен тарихи-мәдени өмірімен қатар оның табиғи ортасының, жеке-дара аймақ, өлкелеріне тән ерекшеліктерін танып-білуге қажетті деректерді зерделеп, танып-білуде мәні зор. ...Жер Адам баласы үшін – өмір тірегі, тіршілік көзі. Ол – Отан, мекен, пана» деп жазады. Шынында, Жер басып жүрген әр адам қоршаған орта құдіретін сезінбей, бағаламай, таңқалмай, жұбанбай өмір сүруі мүмкін емес. Қазақтың ұғымында туған жер, атамекен - киелі ұғым. (Қазіргі жастар түсінігінде туған жер - роддом). Басқа ұлттардан қазақтардың тағы бір ерекшелігі – жержадылық. Кеңестік кездегі тың игеру, БАМ т.б. шақырған басқа жерлерге қазақ алып-ұшып бара қоймаған. Өйткені туған жер – ата-бабаның табыстаған, мұра қылған басты байлығы. Осы байлықты қастерлеу үшін: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол»; «Туған жерге туың тік» деп ақыл берген. Жердің иесі – халық. Өз мүлкі ретінде қарағандықтан Жер туралы және жерге қатысты ұғым-түсініктерін ой байлығының тұғыры етіп, тіл байлығын дамытқан. Жердің түрлері: «Адырлы жер, Боз жер, Бұйрат-бұйрат жер, Таулы жер, Шұрайлы жер». Ал жер бедерлері: «аран, белес, далын жер, жықпыл, жазира, күрдек, кенере, қырылық, сібер, шыт, шат» деген атаулар сырын біреу біліп, біреу білмес. Ауа, топырақ, суға қатысты ұғымдар, мысалы, *ақаба су, есірік, кемер* т.б. жан-жақты талданған. А Тұма *<жарғабақ іргелері мен сай сағаларында суы жер астынан шымырлап тік шығып жататын бастау, қайнар көзі >* десе, а Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, Ақылды бастың өзі болмасақ та, құлағымыз дегені *<көшпелі қазақ елі Алтай мен Еділ арасын ғасырлар бойы жайлаған. ... Еділ бойында қазақ мемлекетінің астанасы орнатылған. ... Еділден түріліп, Орал, Жайық, Тобыл өзендерді бойлай кеткен кезде халқымыз Еділін аңсай, соның «бұлағы» есебінде сезінген>*.

Қазақ жерінде екі теңіз, үлкенді-кішілі 730 өзен бар екен. Олай болса, су туралы айтылатын мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, ырым-тыйымдардың көптігін мен мазмұн маңыздылығын өзіңіз бағамдай беріңіз. Тек қазіргі тілдік қолданыстағы жұтандығы еске түседі.

Аспан әлемі де қазақ тілінің сөздік қорын байытып тұрған табиғат бөлшегі. Сөздікте талданған мысалдардың баяндалуында қазақтардың астрономиялық білімінің тереңдігін байқайсыз.

IV тарау табиғат құбылыстары туралы. Тарауда 30-ға жуық: *алағат қар, сонар қар, үрме қар* т.б. қардың түрі, оған қатысты ұғымдар а «Қар жауды!» деп қуанба, – артында оның аязы бар, «Би келді!» деп қуанба – артында оның ниязы бар!» *Салттық дәстүрге құрылған бұл мақалдың өзіндік мәні бар: ...дана халық «бұл екеуіне бекер-босқа қуана берме!» деп тыйым салып, оның себептерін де қолма-қол айқындап отыр: қар артынан аяздың болатыны да рас, ертеде ауылға келген биге бойжеткен қыздарын сыйлық (нияз) етіп тарту дәстүрі де болған. «Әр себептің бір салдары бар» деген осы>*. т.б. тіркестер мәні баяндалған.

Жел, боран, дауыл, құйын түрлерінің атауларына реттік тізім берілген. Желдің (Ебі желі, мырза жел, ықтырма жел т.б.) 43 түрі талданған.

Табиғат апаттары атауларының түрлері жіктеліп берілген. Мәселен, қазақ халқы он екі апат деп мыналарды айтады екен: *1. Жұт; 2. Қаушылық; 3. Зілзала; 4. Индет; 5. Сел; 6. Өрт; 7. Соғыс; 8. Содыр; 9. Салақ; 10. Олақ; 11. Жалқау; 12. Қорқақ*. Мысалдардағы *содыр; салақ; олақ; жалқау; қорқақ* сөздерін ұлт ерекшеліктері деп қарасақ, онда ұлт болмысындағы рухани апат деп айтуға тура келеді.

Ауа райы туралы халықтық болжамдар, жылдың төрт мезгіл түсініктері, уақыт, өлшем ұғымдарының ежелгі атаулары қазақ этносының өмірлік бай тәжірибесінен туған ұлттық-мәдени ерекшеліктер. «Тілімдегі – түрімде, түрімдегі – тілімде» дегендей, қазақтың бүкіл болмысы туған тілінде сөз байлығы арқылы өрнектелген. Жер бетіндегі ең малсақ халық – біздің қазақ халқы, дейді автор. Төрт түлік маға қатысты жалпы атаулар мен ұғымдар, жайылымның түрлері, төрт түліктің ауруына, төлдеріне, жасына, байланысты сөздер мен тіркестер молынан жиналған. Сөздіктің 50 шақты беті тек жылқы малына арналған ұғым-түсініктерді қамтыған. Келесі тараулардағы «Жануарлар дүниесі», «Өсімдік түрлері» мен «Түр-түс табиғаты» қазақтың тіл байлығын еселей түседі. Танымдық бағыттағы небір сөздердің мағыналық астарын біле жүргенге не жетсін.

Бұл үш томдық Сөздік тек тіл мамандарына немесе көп білгісі келетін энциклопедиялық білім жинайтын адамдарға ғана емес, ұлтының рухани мәдениетін жоғары қоятын және Қазақ елінің мәңгілігіне сенетін жандарға қажет. Соңғы кездері «Қазақтану» тақырыбы қазақтың кім екендігін өз ұрпағына жан-жақты жеткізу үшін, басқаларға таныту үшін жиі айтылып жүр. Әрине, ұлттық болмыс тек шежірені білумен, діни қағидаттарды меңгерумен шектелмейді. Біздіңше, «Қазақтану» – қазақ деген ұғымға қатысты бүкіл білімдер саласының мәдени-тарихи жақтарын қамтуы тиіс. Академик Әбдуәли Туғанбайұлының бұл Сөздігі аз уақыттың жемісі емес, оның өмір бойы жинап-терген, саралаған, тұжырымдаған білім қорының сүбелі нәтижесі. Қазақ өзі туралы, өз болмысының өзгешеліктерін ана тілі арқылы аса бай, мәнерлі, бейнелі сөздерімен сөйлеткен. Қазақ туралы пәлен мың жылдық ақпарат тек тілінде сақталған. Олай болса, «Қазақтану» тақырыбын барынша насихаттайтын бұл сөздікті Қазақтануға қосылған үлес деп бағалаймыз.

Технологиялық мәдениеттің өркендеуі – бүгінгі ұрпақ білімін жетілдіруге таптырмайтын ерекше құбылыс болды. Мәселен, Қазақтану туралы қазір жасанды интеллект (ЖИ) не дейді? Оның мәліметінше, «Қазақтану – қазақ халқының мәдениеті, тарихы, тілі, дәстүрлері мен өнерін зерттейтін пән. Ол қазақтың ұлттық идентификациясын қалыптастыруға, мәдени мұрасын сақтауға, және дамытуға негізделген. Қазақтанудың негізгі элементтері деп, Тарих, Мәдениет, Тіл, Дін, Этнографияны» атайды және әр элементтеріне түсінік береді. Қазақтану негізінде қазақ халқының мәдениеті мен қоғамдық өмірі туралы терең білім қалыптасуына мүмкіндік беретінін еске салады.

Дегенмен, өз ұлтын терең танығысы келетін ұрпақ үшін аталған этнолингвистикалық сөздікте түрлі ақпараттар мен мәліметтер жетерлік. Тек қазақ тілінде оқу керек, сөйлеу керек!

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: «Атамұра».2000. 315 б.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілінде (этнолингвистикалық сөздік) I том. Адам. – Алматы: «Дайк-Пресс». 2009, – 780 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілінде (этнолингвистикалық сөздік). II том. Қоғам. – Алматы: «Сардар». 2013. – 724 б.
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілінде (этнолингвистикалық сөздік). III том. Табиғат. – Алматы: «Сардар». 2013. – 607 б.

## **ТІЛ-ҒҰМЫР: ЛЕЙТЕНАНТ. АКАДЕМИК. ПРЕЗИДЕНТ**

1924 жыл 13 желтоқсан. Бұл ұстазымыз Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың туған күні. 95-ті толтырып, бақиға аттанғанша жылда шәкірттері қаумалап, қолын қысып, «Бір жасыңызбен!» деп қуанып қайтушы едік. Соңғы демі таусылғанша санасы тұнық, қолынан қаламы түспеген «ағайымыз» сәл жымиып қойып, жықпыл-жықпыл ұзақ ғұмырының қызықты да шыжықты тұстарын жеңіл әзілге бұрып, өзін-өзі жұбатқандай күй кешіп отыратын.

Толарсақтан қан кешіп, төрт жыл майданнан «Олжабай» болып аман-есен оралған соң, 1946 жылғы 13 желтоқсанда қолына тұңғыш рет азамат ретінде паспорт-құжат тиеді; сол күн ресми туған күні болып, ата-тегі де теріс түсіп, бұйырғаны маңдайына жазылыпты. Шын мәнінде ол Қайдарұлы Туғанбаев болуы керек екен... Ғасырға жуық ғұмыр кешкен анасы Жан-бала да жылда желтоқсанда: «Оу, балам, сені туған анаң мен болсам, жазда... жоңышқаны екі рет шауып алып, ел жайлауға көшіп жатқанда туған болатынмын. Әлі есімде, өзіңді ат үстінде емізіп барып, шілдехана тойыңды Тастыбұлақ жайлауына барғаннан кейін өткізгенбіз» деп қайталап ескертуден жалықпайды екен. Шынында, азамат Ә.Туғанбаев 1925 жылдың мамыр айының соңғы күндерінде дүние есігін ашқан екен...

Жалпы, Әбекеннің жанына ауыр тиетін әңгіме ауыртпашылығы мол балалық шағы, қан майданда, от ортасында өткен төрт жылы, «жезде» болған (нағашыларының айтуымен) әкесі Қайдардың соғыста «хабарсыз» кетуі-тұғын. Қайран әкенің 1942 жылы 1 желтоқсанда Ресейдің Великие Луки қаласына жақын жердегі Плеханово селосы маңында опат болғанын ғаламтор іске қосылып, жайсыз ақпараттар жалпақ елге жайыла бастаған кезде бір-ақ білген еді. Қазақстанда жасақталып, сау тамтығы қалмаған 100 және 101-атқыштар дивизиясының қасіретті тағдыры әлі күнге толық ашылмаған бүгінгі күнде осы «жіптің бір ұшының» табылғанының өзі де ана мен бала көңіліне едәуір демеу болды. Өйткені сол бір ызғарлы күндерде бір дастарқаннан дәм татып, бірге өріп жүрген төрт еркек сыпырылып әскерге алынғанда, жалғыз басы спайып су ішерлігі бар Әбекен ғана елге оралған еді.

Өмірде адам айтса сенгісіз жайттар болып жатады. Сол 1942 жылдың соңында соғыс даласына енді бет алған қатардағы жауынгер Әбдуәли оқ атқан, от көрген солдат әкесімен кездейсоқ ұшырасып қалады. Құмырсқаның илеуіндей мың-миллион адамды ұршықша иірген тағдырлар сапырылысында, жат өлкеде әке мен баланың көрген түстей қас қағымдық кездесуі, дұрыстап амандасып та, құмары қанып арыздаса алмауы да – шынында Алланың бір көрсеткен «кәрәматы», Жасағанның пендесіне берген сыйы деуге келетіндей...

Аласа бойлы, қалың көзәйнекті, момын мінезді Әбекен Жеңіс күндері кеудесін жарқырата жауынгерлік орден-медальдарға толтырып кезекті парад-шеруге шыққанда көп алдында бірден тұлғаланып, зорайып кетуші еді. Қаумалаған біз «Мына орденді қалай алдыңыз? Кімнің қолынан алдыңыз?» деп тәптіштей сұрай бастасақ, ұстазымыз әуелі үш мәрте ауыр жаралы болып, госпитальда жатқанын (алғашында 1942 жылы желтоқсанда Калинин майданында Торжок қаласында, ал 1943 жылы ақпанда Кальчугино елді мекенінде), бірақ ең ауыры 1-Прибалтика майданында контузия алғанын, Құдай сақтап, қол-аяғы сау, аман қалғанына шүкіршілік айтатын. Соңғы жаралануы тіпті ауыр соғады: тілі кекештеніп, басы уақытша қалтылдап, селкілдеп қалады. «Екінші дүниежүзілік соғысының II-топтағы мүгедегі» деген қолда құжаты болса да, басы босамай, әскери-инженерлік училищеге жолданып, офицер шенінде қайтадан майданға аттандырылады. Жауды шекарадан әрі асырып, Польшаны толық азат етіп, Германияның Штеттин қаласында 1945 жылы 2 мамырда соғыстың соңғы оғын атып, қанды қырғанын аман қалғанына сенер-сенбесін білмей, қуанғанын еске үнемі алатын. Лейтенант шенді жап-жас офицер болғандықтан әскери қызметтен босай алмай, 3-4 ай Польша мен Батыс Украинада сапта болып, кейіннен Орталық Азия әскери округінің қарамағына Ташкентке ауысып, 1946 жылдың ортасына дейін Тәшкент–Ходжент–Ленинабад қалаларында қызметін жалғастырады. Сол кездің заңы бойынша ол офицер ретінде 25 жасқа толғанша әскер қатарында болуы шарт еді...

Майдан даласында алған үш бірдей әскери ордені бар 21 (мүмкін 20) жастағы майдангер сәтін салып бір айлық демалыс алып, 1946 жылдың мамырында елге, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Көктөбе ауылына оралады. Кеңес Одағы заманында, Сталин билігі кезінде жалпыға бірдей қабылданған заңдардың қатал орындалғанын білеміз. Соғыс жеңіспен аяқталғанымен офицерлік құрамның әскерден толық босануы, яғни демобилизациялануы үшін үш бірдей шарт орындалуға тиіс болатын. Біріншісі – денсаулық жағдайы. Әлі контузиядан толық айықпаған, қолындағы «Екінші дүниежүзілік соғысының II-топтағы мүгедегі» құжатын аудандық әскери-медициналық комиссия қайта жаңғыртып куәландырады.

Екінші шарт – әскерден ерте босағысы келген офицер елде жетіспейтін мұғалім болуы керек. 9 класты бітірген бала Әбдуәли 1941 жылдың қыркүйегінде сол кездегі өзі оқып кеткен аудан орталығы Есік қаласындағы Молотов атындағы жалғыз қазақ орта мектебіне барса, мұғалімдердің сыпырылып соғысқа кетуіне байланысты 10-сыныптын сабағы тоқтатылған екен. Ол енді Түргендегі педучилищенің жанында ашылған 8 айлық мұғалімдер даярлайтын педкурстың физика-математика бөліміне оқуға қабылданады. Бірақ 1942 жылдың мамыр айының басында «еріктілер» қатарына жазылған бозбала мобилизацияға іліккендіктен «Курсты бітірді» деген құжатын ала алмай қалады. Демалыстағы бір айында ол «Болашақ мұғалім» деген құжатын заңдастырып, шарттың екінші баспалдағынан да өтеді.

Аттап өтуге болмайтын үшінші шарт – отбасылық жағдайы, оның мүшкіл тұрмыстық халі туралы анықтамасы болуы шарт. Оның да онынан шешілуі заңды-тұғын. Өйткені сол кездегі ауылда күн кешкен барша қазақ отбасыларындай Әбекеңнің үй-іші де тек шешесінің ет тірлігімен ғана ілдебайлап күн кешті. Күйеуі соғыстан оралмаған, 36 жасында жесір қалса да мойымаған, 8 ұл, бір қыз тапқанымен бес-алтауын шешек жұтқан, бір үйлі жанды (енесін, ауру келінін, төрт баланы) жалғыз өзі бағып-қаққан Әбекеңнің анасын біз де көрдік. Шүйкедей кейуана да 95 жас жасап, ауырып-сырқамай, ешкімге салмағын салмай, ұрпақтарымен қоштасып, соңғы өсиетін айтып, баласының қолында көз жұмды. 1999 жылдың қыркүйегінде Тіл білімі институтының қызметкерлері ұстазымыздың аяулы анасына көппен бірге топырақ салыстық...

Бәріміз де соғыс жылдарындағы ауыл өмірі, кемпір-шалдар мен жап-жас қалған жесірлердің жансебіл тіршілігі туралы хикая кітаптардан оқып-білдік. Колхоздың он екі ай, 365 күн бітпейтін қара жұмысы, жарытымсыз еңбеккүн, «қара қағаз» келсе де жылап-сықтап жарының аман-есен келуінен бір сәт үмітін үзбеген, олардан қалған тұяқтарды тістеп жеткізген аяулы аналар болмаса, бүгінгі күнді басым көбіміздің көрмейтініміз айдай ақиқат болатын...

Сондай қазақтың маңдайына жазылған асыл ананың бірі – жарықтық Жанбала әжеміз туған-туыс, айнала жұртты жарылқаған атақты ісмер болған екен. Сірә, Әбекеңнің қолы ұсынықты, шебер суретші, кез келген аспапта ойнайтын сазқұмарлығы сол кісіден жұқса керек. Оның үстіне 1944 жылдың қақаған аязында ауылға әкеліп төккен шешен-ингуштардың Ғалағаевтар отбасын (ата-анасы, қос бірдей ұлымен) қамқорлығына алып, үй ішінен үй тігіп беріп, 1958 жылға дейін асырағанын айтпай кету мүмкін емес. Шын мәнінде, жарты құртты бөліп жеген, адамзат баласын алаламай шын сүйген қазақ анасының мейірімін барша әлемге паш еткен бұл риясыз көңіл, шексіз дархандық босқа кеткен жоқ: қос ұл – Ахмет пен Мағамед қазақ мектебінде оқыды, әсіресе Қарағанды Жоғары милиция мектебін тәмамдаған, үлкені кейін Шешенстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары болса да, қазақтың дәм-тұзын ұмытпай, анамыздың бір баласындай, «апалап», «апағайлап» өтті...

Қош, ұзарып кеткен баянымызды қысқартып, аталған үш шарттың мүлтіксіз орындалғанын айтсақ та, бұл «жыр» оңайлықпен бітпеді. Әуелі Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ә.Әбсаттаровтың алдын көріп, оның ақыл-кеңесімен Қазақ КСР Кеңесінің Төрағасы Қазақбаевтың қабылдауында болып, әуірімдеп 1946 жылдың ортасында ғана заңды түрде де мобилизацияланады.

Сол Жеңіс күндері бір жағынан ұстазымыздың көңілін аулап, бір жағынан артық ауыз сөзге жоқ Әбекеңді сөйлеткіміз келіп, омырауындағы ордендердің тарихын сұраймыз ғой, баяғы. Орден демекші, Әбекеңнің сөзінен білгеніміз, ел билігі сол тұста 1947 жылдың соңына дейін әрбір орден-медалға кесімді сыйақы, қосымша қаржы төлеп тұрған екен.

Алғашқы орден – III дәрежелі «Данқ» ордені солдаттар мен кіші командирлерге (аға сержант, старшиналарға дейін) беріледі екен. 1944 жылдың басында аға сержант Ә.Қайдаров 12 адамның басшысы, автоматшылар бөлімінің командирі болады. 900 күн жанқиярлықпен

қорғанған ленинградтық өрендерді құрсаудан құтқару үшін 1-Прибалтика майданындағы қиян-кескі ұрыс, жан алып, жан беріскен текетірес. Қарға адым жылжу мұң. Жауды кейін ысырып, олардың шеп-траншеяларына орнығып, кезекті төбені бірнеше күн қорғап жатады. Күніне бірнеше рет жау шабуылына тойтарыс береді, оқ-дәрі таусыла бастайды. Кезекті бір жойқын шабуыл кезінде жау қолындағы сүйретпе пулемет қак ортада, «бейтарап зонада» қалып кетеді. Оны көзі шалған рота командирі пулеметті оқшантайымен бірге кім алып келеді дегенде, Әбекеңнің қарамағындағы украин солдаты П.Кононенко «Мен!» деп саңқ етеді. «Өлімнен ұят күшті», Әбекең де алға ұмсынады. Жер бауырлаған қос жауынгер, жаңбырдай жауған оқ астында пулеметті сүйреп жеткізеді. Іле-шала лап қойған кезекті жау шабуылына тойтарыс беруге олжа пулемет кәдімгідей демесін болады... Шабуыл, оған тойтарыс беру жалғасып жатады. Соғыс саябырсыған бір сәтте: «Тік тұр! Комдив келе жатыр!» деген бұйрық естіледі. Жанына рота командирін, адъютанттарын ерткен дивизия командирі бірден Әбекеңдердің жанына келеді. «Пулеметті жеткізген жанқиярлық ерліктеріңді дивизия штабы бағалайды. Рахмет сіздерге! Құттықтаймын!» деп адъютантына иек қағады. Ол қобдишасынан екі тал ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденін шығарып, көптің көзінше П.Кононенко екеуінің омырауына қадайды... Осылайша, үш жыл толарсақтан қан кешкен майдангер аға сержант алғашқы жауынгерлік орденге ие болады...

1944 жылы сәуірдің басында 1-Прибалтика майданында қатты контузия алып, Ярославль госпиталіне түскен жас жауынгер, сол жылдың мамыры мен 1945 жылдың ақпанына дейін Кострома қаласында әскери-инженерлік училищеде оқып, лейтенант шенінде сапер, понтонер мамандығын алып шығады. 9-айрықша моторлы понтон-көпірлі батальонның басқару взводының командирі болып тағайындалады. Бұл совет армиясының атақты «Одер операциясын» жүзеге асырған кезі-тұғын. Батыс («Ост Одер») және Шығыс («Вест Одер») Одер өзендерінен немістер қиратып кеткен көпірлерді қалпына келтіріп, понтонды сал тұрғызып, алып судан қарулы қол мен самсаған техниканы өткізу, әрине, оңай іс емес еді. Осы операция кезінде инженер барлаушы, жобалаушы ретіндегі жанқиярлық өжеттігі үшін лейтенант Ә.Қайдаров «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Осылайша, жап-жас қазақ офицерінің кеудесінде қос ордені жарқырап, барша солдаттарға үлгі болады. «Одер операциясының» сәтті табысы үшін тапсырылған екінші «Қызыл жұлдыз» ордені иесіне 1947 жылы, туған жерінде табысталады.

Ал І дәрежелі «Отан соғысы» ордені Ұлы Жеңістің құрметіне 1945 жылы берілсе, ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен 1995 жылы Жеңістің 50 жылдық мерейтойына орай марапатталады. Майдангер лейтенант Ә.Қайдаров 4-5 жауынгерлік орден иегері, соғыс ардагері атанады. Оның өміріндегі «Ұлы Отан соғысы» эпопеясы осылайша тәмам болады.

Ұстаздық жолды таңдаған, үстінен жалғыз тал әскери киімі түспейтін майдангер 1947-1951 жылдары аралығында онжылдық мектепті жедел-экстренді, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін төрт жылда (озат оқыған жасы үлкен студенттерге бір жылда екі жыл «аттауға» рұқсат берілген) жедел бітіріп шығады. Онымен тоқтамай 1951-54 жылдары Ғылым академиясының Тіл-әдебиет институтының аспирантурасына түседі. Академия Президенті Қ.Сәтбаевтың назарына ілігіп, ол Әбекеңе жаңа бағыт – «ұйғыр тілі» мамандығын таңдауды ұсынады. Соғыс жылдарында Қазақстанда тұрып, қазақ ғылымына елеулі үлес қосқан, әлемге әйгілі түркітанушы Сергей Ефимович Маловқа шәкірт бол деп Ленинградқа жолдайды. талапты жасты жылы қабылдаған жасы біршамаға келген ғұлама ақсақал: «Мен саған номинальды жетекші болайын. Саған шын мәнінде жолбасшы болуға лайықты ғалым, жиі кездесіп тұруға да өзіңе қолайлысы ұйғыр тілінің үлкен білгірі, Қырғыз академиясының академигі, атақты профессор Константин Кузьмич Юдахин», – деп қолына хат жазып беріп, бірден Фрунзе қаласына ұшуға кеңес береді. Сөйтіп, қос даңқты түркологтың тел шәкірті болған Әбекеңнің алғашқы ғылыми жұмыстары, кітаптары, диссертациялары ұйғыртану тақырыбына арналады. Біз шәкірті ретінде анық білетініміз – сонау 1951 жылдан бастап Әбекең 70 жылға жуық созылған саналы ғұмырын екі-ақ мақсатқа арнады. Біріншісі – табан аудармай Ғылым академиясының (1961 жылы жеке шаңырақ көтерген) Тіл білімі институтын көркейтуге, көгертуге жұмсаса, екіншісі – қазақ тілінің сөздік қорын, барша байлық-қазынасын жинастыруға арнады. Қашанда Әбекеңнің жұмыс кабинетінде, алдында бесжылдықта атқаратын жұмыстарының жоба-тізімі тұратын. Жасы ұлғайған шағында жобалаған ондаған кітап-зерттеуінің «Қазақ тілінің этимология сөздігінен» басқасын тәмамдап, жарыққа шығарып үлгерді. Үш томдық



«Ана тілі әлемі» атты этнолингвистикалық сөздігі, «Қос сөздер сөздігі», «Халық даналығы» атты мақал-мәтелдер туралы зерттеуі, «Қазақ қандай халық?», «Қаңлы», «Структура одно-сложных корней-основ в казахском языке» сынды күрделі монографиялары және басқа іргелі туындылары оның шексіз еңбекқорлығын, ана тілге деген ерекше құрмет-ынтасын көрсетеді. Ол 20-дан астам ғылым докторын, жүзге жуық ғылым кандидаттарын, яғни негізінен қазақ тіл білімі мамандарының тұтас буынын дайындады. Қазақстан Ғылым академиясының толық мүшесі (1983 жылдан), Мұстафа Ата Түрік атындағы Ұлттық Түрік академиясының (1989) және Башқұртстан Ғылым академиясының Құрметті академигі, Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1971) атанды.

Қадірлі ұстазымыз Алла сыйлаған ұзақ ғұмырында үш дәуірді, ел басынан кешкен бел-белес кезеңдерді басынан өткерді десек болғандай. Біріншісі – қазақ үшін қытымыр, қасіреті көп зұлматты сталиндік заман. Оны жалпы атаумен «лейтенаттық шағы» десек болғандай. Екіншісі – еңбегі еленген, ғылыми шығармашылығы қарыштаған «академиктік дәуірі». Үшіншісі – Тәуелсіз Қазақстанда төрге озған, сый құрметке бөленген «мерейлі президенттік кезеңі». Ол 1989 жылы алғаш құрылған қоғамдық бірлестік – «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш басшысы болды. Ондаған академик, Г.Бельгер сияқты білгір жазушылар сүйегіне коммунистік идеология әбден сіңген мемлекеттік мекеме директорының еліміздің бірінші басшысы Г.Колбинге қасарысып қарсы шыққан феноменін түсіне алмай, «мемлекеттік тіл жалғыз қазақ тілі болсын» деп қасқайып қарсы тұрғанын түсіндіре алмай кетті. Ал оның жауабы біз үшін айқын еді. Өйткені Әбекеннің төрт құбыласын түгендеп, адын аршып, артын жауып тұрған біз, жаңа буын, Желтоқсаншылдар бар едік. Ерден, Ғарифолла, Токтасын, Аманқос сынды жүздеген, мыңдаған азаттық аңсаған алашшыл ұлтшылдар («ұлтшыл» деген ол тұста өте қорқынышты, ат үркетін атау еді) өсіп шыққан еді. Бодандық таңы атпаймын десе де, бостандықтың күні туған жаңа заман келген еді. Әбекеннің көрегендігі, данышпандығы сол – ол жастардың үніне құлақ асты, айтқанға көніп, мүлдем жаңа заманға бейімделді. Осылайша, канкешкен майдангер өмірінің соңы біздің буынның да таңы атқан, күні шыққан жаңа заманға ұласты. Еліңнің еркіндігінен, мемлекетіңнің тәуелсіздігінен, азаматтардың азаттығынан артық не бар, бұл жалған дүниеде!?

Бүгінгі Жеңіс күнін, ата буынға жататын академиктің ғасырлық тойын осындай оптимистік ұлтшыл рухта түйіндегенді жөн көрдік. Өйткені аталар жүріп өткен жол, бүгінгі біздің тіршілігіміз, болашақ буынның ертеңі баршамызға ортақ. Ол – қазақтың жолы, Қазақстанның болашағы.

*Дина АЛКЕБАЕВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ ӘРІ СҮЙСІНДІРЕДІ, ӘРІ СИЫНДЫРАДЫ**

**Анатпа.** Ғылымдағы ғұмырының жарты ғасыры қазақ тіл ғылымына арнаған академик Әбдуәли Қайдардың қазақ тіл білімі мен түркітану саласына зор үлес қосты. Ғалымның мұрасы туралы аз жазылған жоқ. Мақалада ғалымның ғылымға үлес қосуда ғалымдық тұлғасының басты қасиеті еңбек құндылығымен байланыстыру мақсатқа алынған. Еңбек – адамның белгілі бір тапсырмаларды немесе жұмыстарды орындауға бағытталған, әдетте өнімді жасау, қызмет көрсету немесе белгілі бір мақсаттарға жету жолындағы физикалық немесе ақыл-ой әрекеті болып саналады.

Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы мен оның қазақ тіл ғылымында алатын орны мен қайраткерлік тұлғасы келешек ұрпаққа үлкен – үлгі-өнеге. Ғалымның ғылымға қосқан үлесі – оның еңбек сүйгіштігі мен еңбекқорлығының арқасы екенін айту да маңызды. Еңбек – әрбір адамның бүкіл өмірі тығыз байланысты өте маңызды фактор болып саналады. Қазақстан егемендік алғаннан кейін қазақ халқының жалпы қоғамдық – әлеуметтік жағдайлар арасында тұрақталған тұлғалық ерекшеліктерін анықтау шын мәнінде аса маңызды феномен болатын. Мақалада Әбдуәли Қайдардың кейінгі ұрпаққа өнеге болатын

«Ғылымдағы ғұмыр» кітабы мен «Қазақ қандай халық?» атты еңбегі жинастырылған материалдарға талдау жасап, оның еңбек атты құндылықтың өлшемдерін таныту арқылы ғалымның еңбекқорлық қасиеттерін ашу мақсатқа алынды.

**Тірек сөздер:** ұлттық рух, ұлттық менталитет, психологиялық қасиеттер, сана, этникалық менталитет, ұлттық мінез.

**Аннотация.** Академик Абдуали Кайдар, посветивший полвека своей карьеры в науке казахскому языку, внес большой вклад в казахское языкознание и тюркологию. О наследии ученого было написано немало. Основная цель статьи состоит в соотношении качества личности ученого, который вносит свой вклад в науку, с ценностью труда. Труд – это физическая или умственная деятельность человека, направленная на выполнение определенных задач или работ, обычно рассматриваемая как создание продукта, оказание услуг или достижение определенных целей.

Научное наследие Абдуали Кайдара, его место в науке казахского языка и его деятельная личность являются большим примером для будущих поколений. Очень важно подчеркнуть, что вклад ученого в науку осуществлялось благодаря его трудолюбию и работоспособности. Труд считается очень важным фактором, с которым тесно связана вся жизнь каждого человека. После обретения независимости Казахстаном определение черт национального характера казахского народа, устоявшихся в общественно-социальных условиях представляет собой очень важный феномен стабилизировавшихся среди общечеловеческих и социальных условий, было очень важным феноменом. Цель статьи – осуществить анализ трудов Абдуали Кайдара «Жизнь в науке» и «Какой народ казахи?», которые служат примером для последующих поколений, а также раскрыть тот факт, каким образом ученый измеряет ценность труда посредством его безграничной любви к своему делу.

**Ключевые слова:** национальный дух, национальный менталитет, психологические качества, сознание, этнический менталитет, национальный характер.

**Abstract.** Academician Abduali Kaidar, who devoted half a century of his scientific career to the Kazakh language, made a great contribution to Kazakh linguistics and Turkology. Much has been written about the scientist's legacy. The main goal of the article is to correlate the personality traits of a scientist who contributes to science with the value of labor. Labor is a physical or mental activity of a person aimed at performing certain tasks or work, usually considered as creating a product, providing services or achieving certain goals.

The scientific legacy of Abduali Kaidar, his place in the science of the Kazakh language and his active personality are a great example for future generations. It is very important to emphasize that the scientist's contribution to science was carried out thanks to his diligence and efficiency. Labor is considered a very important factor, with which the whole life of every person is closely connected. After Kazakhstan gained independence, the definition of the national character traits of the Kazakh people, established in the socio-social conditions, is a very important phenomenon stabilized among universal and social conditions, was a very important phenomenon. The purpose of the article is to analyze the works of Abduali Kaidar «Life in Science» and «What kind of people are the Kazakhs?», which serve as an example for future generations, and also to reveal the fact how the scientist measures the value of work through his boundless love for his work.

**Keywords:** national spirit, national mentality, psychological qualities, consciousness, ethnic mentality, national character.

Қазақ халқында «Еңбек ердің санаты, Білім ердің қанаты» деген тамаша нақыл сөз бар. Әбдуәли Қайдардың ғылымдағы табыстары мен өткен өміріне көз жүгіртсек, оның бойындағы ерекше ерен еңбек пен мол білімнің бұлағына кез болғандайсың. Білім – бүгінгі қоғамда адам деңгейін, тұлға биіктігін айқындауға көмектесетін құндылық деген анықтама мен критерийді негізге алғанда, Әбдуәли Қайдардың өн бойында жинақталған білімнің алтын сандығына үңілесің. Еңбек адамның қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарады. Еңбек – адамның белгілі бір тапсырмаларды немесе жұмыстарды орындауға бағытталған, әдетте өнімді жасау, қызмет көрсету немесе белгілі бір мақсаттарға жету мақсатындағы физикалық немесе ақыл-ой әрекеті. Білім мен еңбектің түйіскені адамның тұлғалық, зияткерлік, ғалымдық биік парасатының өлшемдерінің терең тұңғыық әлемі деп бағалауға болады.

Саналы ғұмырында Ә.Қайдар қазақ тіл ғылымының барлық саласында еңбек етті. Түбір сөз проблемаларынан бастап, этимология, ономастика, терминология, семасиология, лекси-

кография, фразеология, паремиология, диалектология, этнолингвистика, түркітану, алтайтану, т.б. тіл ғылымына зор үлес қосты.

Адам баласы есейе келе, кемелденген шақта қоғамның әр алуан саласына өзі таныған ғылым тұрғысынан жаңа тұғырға көтеріліп, жаңаша азаматтық парасат пен пайымдауды жасайды. Ә.Қайдардың осы кемелдікке толы тіл саясатына қатысты ғылыми-қоғамдық ой-пікірлері ҚР егемендігін алған жылдары жаңа белеске бет алды. Сондай ауқымды, өзекті мәселе тіл саясаты мен еліміздегі болып жатқан өзгерістерге, өміріне қатысты нақты іс-әрекеттерімен танылды. Оның тіл саясатына, мемлекеттік тіл мәртебесі, қоғамдық қызметі, тіл заңына қатысты терминология, қазақ ғылымы туралы т.б. ғалымдық, азаматтық, қоғамдық қызметтерін атап өтуге болады.

Ә.Қайдар «Ғылымдағы ғұмыр» атты еңбегінде: «Ғылымның шарықтау шегі мен асқақ биігін, теңіздей тұңғық тереңдігін өлшеу мүмкін емес, себебі ол – ылғи даму, өсу үстінде болатын құбылыс», – деген еді. Осы еңбегінде ғылымның бір сәтте жасалатын жұмыс емес, ақыл-парасаттан туындайтын ұзақ мерзімді мәңгілік дүние деп бағалаған. Ә.Қайдардың ғылымдағы атқарған зор табыстары, үлестері оның еңбек деп аталатын құндылықтарының арқасы.

Ә.Қайдардың қазақ тіл ғылымына қосқан зор үлесінің бар жүгін оның ғылымға құштарлығы мен ізденіскерлігінің әрекеті болса, соның нәтижесін мәуелі жемісін жегізген еңбекке деген құштарлық, қажымас қайрат жігері, таусылмас ерен еңбегі деп бағалау орынды деп ойлаймыз. Әрине, әр жылдағы мерейлі тойларында ғалымның ғылыми еңбектері мен зерттеулері, тіл ғылымы жолындағы табыстары мен ізденістері туралы аз жазылған жоқ. Біздің пікірімізді «Ғылымдағы ғұмыр» атты кітабында: «Осы мен біраз еңбек етіп едім-ау, соны оқитындар бар ма екен?» деген сұрақ тастауы өзінің «еңбек» деген адамзат баласына тән құндылықтың жауабын күтуі болар. Бұл мақалада Ә.Қайдардың бір ғана «Қазақ қандай халық?» деген кітабына қатысты оның өлшеусіз еңбегі мен ғылыми, әлеуметтік, ұлттық, халықтық ой-пікірлерін мән-мағынасына қарай анықтауға болады.

Бұл кітап ғалымның ұзақ жылдар бойы «ғылымдардың атасы – тіл ғылымын» зерттеу концепцияларынан туған ойлардың желісі. Ең бастысы Қазақстан егемендік алғаннан кейін қазақ халқы қандай халық, жер бетінде тіршілік етіп жүрген халықтардан өзгешелігі мен ұлттық менталитеті қандай деген сұрақ төңірегінде ойлану уақыт талабы болатын. Кез келген ұлт өкілі өз халқының этностық болмысының табиғатын тануға болатын шарттары мен қажеттіліктердің бас-аяғын жинастыру, саралау, қазақ халқының әрбір азаматы өзі туралы толғансын, пайымдау жасау міндетінің басты көрсеткіші болуы тиіс. Академик осы ізгі ниетінен «Қазақ қандай халық?» атты еңбегін жинастырып халыққа ұсынуды басты мақсатқа алған.

«Қазақ қандай халық?» деген кітабынан бұрын жазылған «Ғылымдағы ғұмыр» кітабында өзінің 400-ден астам еңбектерінде келтірілген сілтеме-дәйектемелердің барлық тізімін теріп шыққан. Осы «инемен құдық қазғандай» теріп жазған жазбаларынан ғалымның еңбек етуге деген қайрат жігері мен таусылмас төзімділігін көруге болады. «Ғылымдағы ғұмыр» кітабында «Сілтеме – дәйектемелер сыры» деген тарауша бар. Осы тараушада «Сондай-ақ кез келген сілтеме-дәйектеменің түпкі мақсаты ғылымдағы нақтылық, дәлдік, әділдік, жалғастық, тіпті құндылық» – деп те түсініктеме беріледі.

Автор өзінен алынған сілтемелер мен дәйектемелердің қанша рет алынғанын бір еңбегінде 13-20 реттен, ал 65 еңбегінен 1-14-тің арасынан алғанын растап, дәлелдеп жазады. Осы сілтеме-дәйектеменің басқа авторларда көп алынуы не алынбауы немесе ғалымның ғылыми ойлары мен келісіп-келіспеуі де назардан тыс қалмаған. Бұл мәселені айтып отырған себебіміз – ғалымның өз еңбегінің сан арқылы сапасын көрсетуі болса керек. Ең бастысы – ғалымның өзінің ғылыми еңбектерінің қалай бағаланып жатуы мен оның нәтижесінің көрсеткішін анықтап алуы. Ғылымның дамуында дәлелдеме, сілтеме туралы олардың дұрыс қолдану мен негізгі алынуы ғылым үшін де ғалым еңбегінің ағалануы үшін де өте қажетті мәліметтер болады. Алайда осының бәрін тізіп, қарап, санап, оның үлесін (%) көрсетуі – ол кісінің ғылыми еңбектердің дәлдігі мен жалғастығын танудағы аса мән берілетін мәселелерді қалт жібермей қадағалап отырғаны да ғылым жолындағы үлкен байқағыштық пен еңбекқорлықтың нәтижесі дейміз.

«Қазақ халқы қандай халық?» еңбегінде қазақ туралы айтқан қоғам қайраткерлерінің, басқа ұлт өкілдерінің, ел аузынан жинаған материалдардан, тарихи жырлардан, баспасөз бетін-

дегі жарияланған мақалалардан, жеке адамдардың пікірлерінен материалдар жинастырылған. Оның бәрін жинап және оған өзінің пікір толғамдарын білдіріп отырады.

«Қазақ халқы қандай халық?» деген сұрақтың жауабы әлі табылмағанын, оның қажеттілігі болмағанын, егемендік ел болғаннан кейін оның өзектілігі артқанын терең түсініп, соны жинап, бәрін ұлт азаматы ретінде жинастырып, оқырманға ұсынуы оның ерен еңбегінің, тамаша еңбекқорлығының арқасы деп білеміз.

Жер бетін мекендеген халықтар сан алуан. Әр халық ұлттық мінезі, ұлттық рухы, өмір сүру шарттары, мен салт – дәстүрі, ұлттық дүниетанымы қалыптасу өмірі, тұрмыс-тіршілігі бар. М.Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігінде» түркі халықтарын рухы биік, ойы жүйрік, алғыр, жылқы мінезді халықтар деп суреттеген. Сол «Ер түріктің бір баласы» қазақ қандай халық екені туралы жазылған Әбдуәли Қайдардың қажымай – талмай құрастырған «Қазақ қандай халық» атты еңбегі кез келген оқырманды қызықтыратыны анық. Қызықтыру деген жұмсақтау айтылған сөз, тіпті «қазақып» деген адамның өзі де қазақ халқы туралы толық біле бермейді. Атақты ақын Жұбан Молдағалиев «Мен қазақып, мың өліп, мың тірілген» деп жырлағандай, қазақ халқының тауқыметті талайлы тағдыры туралы жазылған пафостық жырлары арқылы қазақ деген халықтың тағдыры, өмір сүру шарттары, басынан өткен сан қилы кезеңі жайлы білу өз алдына бір төбе. Сарыарқаның сары төсінде о шеті мен бұл шеті Орал таулары, Атырау мен Ақтау, Алатау мен Қаратауды мекендеген қазақ халқының қандай халық екені туралы Ә.Қайдардың ғылыми еңбегі тек өз халқымызды ғана емес, басқа да халықтарды қызықтыратыны, қазақты әлемге танытатын кітап екені анық.

Бір халықтың қандай екенін танып білу, қасиетін ерекшеліктерін сипаттап көрсетудің негізгі ғылыми критерийлері жоқ.

Жалпы өркениеттің өзегі – ғылым мен білімде. Олай болса, автор ғалымдық қабілетінің бар әлеуетін осы «қазақтың» қандай халық екенін дәлелдеуге арнады. Жер бетін мекендеген кез келген ұлттың дүниетанымы, ойлау ерекшелігі, ұлттық санасы мен ұлттық онтологиясы (болмысы) өзінше бір ерекшелікке ие болатыны белгілі.

Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық» атты еңбегінде қазақ халқының қандай халық екендігі адамзат тілінің құрылымдық бөлшегі ретінде тіл бойында мықтап бекітілуі кездейсоқ құбылыс емес екендігіне аса мән бергендіктен, осы туралы жазылған материалдарды жинақтаудан туындаған. Жалпы тіл мен құндылық ұғымдары тіл білімінде – «лингвоаксиология» пәнінің төңірегінде зерттеліп жүргені анық. Аксиология – адамзаттың өміріндегі құндылықтарды зерттейтін сала. Құндылықтар өмір сүру шарттарымен, дінімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, менталитетімен, табиғатымен ұштаса отырып тілімен, сөзімен адамзат өмірінде толық орнығады. Тіл- ұлттық менталитеттің, ұлттық құндылықтардың маңызды көзі. Адам тілдің көмегімен, қоғамда көптеген ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтармен танысады. «Қазақ қандай халық» еңбегі арқылы қазақ өзінің қандай ұлт екенін тануға өз ұлты туралы толық баға беруге мүмкіндік алады.

Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық» атты еңбегінде жазушылардың, тарихшылардың, ел аузынан жинақталған қазақ туралы айтылған қоғамда көптеген ғасырлар бойы жинақталған әр түрлі пікірлермен қазақ туралы айтылған сан алуан ой – толғамдармен танысады. Кітаптың алғы сөзінде автор былай дейді: «Кітапта біздің келтірген жауабымыз ғылыми негіздегі тиянақты жауап емес, бірақ сол сауалдың өзіне ел болып, жұрт болып, ерте ме, кеш пе әйтеуір бір берілуге тиісті, тиянақты да ғылыми негізді бір жауапты дайындауға қажет бағыт-бағдарлама іспетті талпыныстың бастамасы» [1].

Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық» атты еңбегінде жинақталған материалдары арқылы қазақ халқының менталитетін ұлттық-мемлекеттік тарихнама аясында «ұлттық сипат» түсініктемесін, халқымыздың «ұлттық мінез» және «ұлттық рух» сипаттамасын тануға көмектеседі. Әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы ақпаратты ескеру де көп жағдайда белгілі бір дәрежеде қоғам мүшелері арасында туындайтын қатынастардың нұсқауларына әсер етеді, осы қатынастардың ұлттық менталды ерекшеліктері ұлт бойындағы сан алуан қасиеттерді анықтайды.

Кітапты әр уақытта әр кезеңде айтылған пікірлер мен сөздерді оқығанда қазақ деген халықтың бір-бірімен ортақ белгілермен, күнделікті өмір сүру ерекшеліктерімен, психикалық жай-күйімен, өзіндік санасымен және тарихи жадымен байланысты ұлттық сипаттамасын

«өзін-өзі» тануына көмектеседі. Қазақ халқының өздері өздерінің басқа этнос өкілдерінен ерекше екенін түсінеді, кемшілігі мен жақсы қасиеттерін де толық танып білуіне жол ашылады.

Автор қазақ халқы туралы айтылған өзге ұлт өкілдерінің ой-пікірлерін, тарихшылардың ел аузынан жинақталған, қазақ халқының ойшылдарының қазақ туралы айтылған сөздерін тек жақсыларын емес, жамандарын емес, бәрін жинақтап, маржандай тізіп көрсетуге ұмтылыс жасаған.

Бұдан шығатын қорытынды, автор қазақ халқының қандай екендігін оқырманның өзіне бағалатуға мүмкіндік жасайды. Автор бұл кітапта қазақ халқы туралы айтылған, мадақталған, қошемет көрсетілген «жаңғыры жақсы» сөздерді ғана теріп, мадақтауға құмарлық танытқан жоқ. Қазақ туралы айтылған ойлардың барлығы олардың тұрмыс – тіршілігімен, тілімен, дінімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, менталитетімен, табиғатымен ұштасатын құндылықтар болып табылатындығын терең түсініп, өз ұлты туралы айтылған сөздердің бәрін жинап, маржандай тізіп беруі ұлт алдындағы парызы мен еңбек арқылы жеткен масат мұраты деп айтуға болады.

Әбдуәли Қайдардың көз майын тауысып жинаған деректерімен ақпараттарынан жинақталған ойлар мен пікірлердің түйінін былай саралауға болады. Қазақ халқының ұлттық менталитетімен, ұлттық рухы қандай екенін саралауда, анықтауда халықтың ұлттық мақтаныш нысаны ретіндегі халқымыздың «ерекшелігінің» белгісінің символдық сипатын толық тануға болатыны туралы мәселелер анықталады. Әлемде белгілі бір табиғи, тарихи жағдайлар жағдайында ұлт өкілдерінің арасында қалыптасқан ең тұрақты психологиялық қасиеттердің жиынтығын, оның дамуының экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайлары, ұлттық топтардың тұрмыс – тіршілік аясындағы сана шеңберінде қабылданатындай тұлғалық ерекшеліктерінің айрықша жиынтығын тануға «Қазақ қандай халық» атты еңбектің зор үлесі бар. Еріншектер бір нәрсені енді ғана қолға алғалы жүреді оны бастамауы да, бастауы да екіталай. Еңбектің бастауы да толық аяқталуы да еңбекқор жанның ерік – жігерінің басқа адамдарға сыйлайтын мәуелі жемісі.

Әбдуәли Қайдардың қазақ ғылымына қосқан үлесінің барлығы да қазақ халқының қандай екенін танытады және өз халқының еңбекқор ұрпақ екенін дәлелдейді, адамзат баласын еңбек құндылығының шексіз әлеуетін танытуға үйретеді. Әбдуәли Қайдардың еңбекқорлық қасиеті әрі сүйсіндіреді, әрі табындырады.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. – 320 б.



**Mustafa ÖNER**  
Ege Üniversitesi  
Profesör  
(Türkiye, İzmir ş.)

## KAZAK DİL BİLİMİ VE ABDUVALİ KAYDAR

### XIX yüzyıl

Kazakça üzerine ilk filoloji çalışmaları başlangıçta Rusya Türkologları tarafından yapılmıştır: Rusya halkları arasından, Başkurt, Kazak, Yakut ve Tunguzların etnografya ve dilleri üzerine çok malzeme toplayan ve bunları Batı'da erkenden yayımlayan Henrich Julius Klaproth (1783-1835) 1806'da Zaysan Gölü civarında araştırma gezisi yapmıştır. Burada birçok Kazak gördüğünü ve az çok bildiği İstanbul Türkçesini konuşarak onlarla anlaştığını belirtir (<https://www.turquie-culture.fr/pages/langues-turques/autres-langues-turques/kirghiz-par-klaproth.html>).

Barbe : Sakal. Cı sak'al, M. sakal	"Ni alasyn", que prends tu?
Bas (humilis) : Tebenek. K. tioubèn, M. naebtar.	"Bou alamyn", je prends cela.
Bateau : Outchan. Turcoman outchan, M. onkhotsa.	"Niga kel'dy", pourquoi es-tu venu ?
Battre : Kinarmak. K. kinarmak, M. tsakikhou, je bats.	"Kaïda barasyn", où vas tu?
Beau, bon : Iakhchi. C. yakhchi, M. saïn.	"War dour", il est.
Beaucoup : Kop. K. kioup, M. ulamdji.	"Bary bar", tout est là.
Bec (V. nez) : Mourouu. C. bouroun (nez).	"Karâma", ne regarde pas.
Beurre : Maï. K. T. maï. M. sira toso.	"Korkma", ne crains pas !
Bien portant : Amân. K. T. amân, M. amour.	"Itchma", ne bois pas.
Bière : Sra. K. sra.	"Minde bar", J'ai.
Blaireau : Borsouk. K. T. borsouk, M. dorokho.	"Koutaï berer", Dieu donne.
Blanc : Ak. C. ak, M. tchagan.	"Koutaï bermez", Dieu ne donne.
Bled : Aslek. Mechtcheriake achlyk, M. bokhodaï, tchagan tarij	
Bleu : Kouk. C. kouk, M. kuke.	
Boeuf : Oeguz. C. okuz, M. chu,	

J.Klaproth, *Journal Asiatique*'in 1825'deki 7. cildindeki *Sur la langue des Kirghiz* başlıklı bu makalesinde Fransızca-Kazakça bir söz listesi de vermiştir. Rusya Bilimler Akademisindeki araştırma görevinden sonra ülkeyi terk edip ülkesine dönen araştırmacının Paris'te yayımladığı bu dil materyali Batı'daki ilk Kazakça yayın sayılabilir [13, 115-235].

H.J.Klaproth, ünlü eseri *Asia Polyglotta*'da da; komşuları Osetlerin ve Çerkezlerin *Kasach* adıyla andığı halkın Rus kroniklerindeki *Kasak* (Alm. *Kasogen*) halkı olduğunu belirtir (1823: 85; 130); nomadik yaşantısı dolayısıyla Orta Çağ'dan beri kilise tarafından Türk soylu Kazakların adıyla anılan bu halk aslen Slavya'dır. H.J.Klaproth, kendi çağında *Kırgız* (Alm. *Kirgisen*) denen halk hakkında tarihî ve coğrafi bilgi verir (1823: 231-236). H.J.Klaproth'un alan araştırmaları yaptığı Zaysan gölünde ve Tarbagatay'da G.N.Potinin (1835-1920) de 1863-64'de bilimsel çalışmalar yapmıştır [6, 258].

Kazak halk edebiyatı bilim disiplininin kurucusu ise V. V. Radlov oldu: On ciltlik Güney Sibirya Boylarının Halk Edebiyatından Örnekler [*Proben der Volksliteratur der türkischen Stämme Süd-Sibiriens – Obraztsı narodnoy literaturı tyurksih plemen, jıvuşçih v yujnoy Sibiri i Cungarskoy*

**stepi.** St. Petersburg 1866-1907] konuşma dilinin en güzel tanıkları olan *kara sözler* (1-335.s.) ve *öleñler* (336-766.s.) böylece yazıya geçmiştir.

Basma eserler arasında Kazakça ders kitapları ayrı bir yer tutar: Nikolay İlminskiy'in (1822-1891) *Materyalı k izuçeniyyu kirgizskogo nareçiya* adlı ders kitabı bilimsel değer de taşır (1860-61). Bu materyal üzerine M.A.Terentyev'in bir gramer ve bir metin seçkisi (Hrestomatiya) hazırladığını da belirtelim (1875-76). Fakat Türkoloji bibliyografımız A.N.Kononov'un da belirttiği üzere P. M. Melioranski'nin (1868-1906) *Kratkaya grammatika kazak-kirgizskogo yazıka* (1894-97) adlı eseri Kazakçanın araştırılması tarihinde bir dönüm noktasıdır. Onun ardından V.V.Katarinski (1897-98) ve İ.Laptev'in Kazakça gramerleri ve dil materyalleri de bu Rus Türkoloji literatürüne katılmıştır. Katarinski'nin ayrıca Kazaklara Rusça öğretim kitapları da vardır [13, 236-237; 3, 296].

Исследователь первым в тюркологии обратил внимание на значимость образно-фоновых основ фразеологических выражений, связанных со скотоводством [15, 3–8]. В сфере внимания ученого также находилась проблема разработки научных критериев классификации фразеологических сочетаний [16, 1–11].

Ряд его статей посвящены авторско-стилевым особенностям и инвариантам в казахских и уйгурских пословицах и поговорках.

5. Уйгурскую и казахскую лексикографию середины XX в. – начала XXI в. невозможно представить без трудов академика А.Т.Кайдарова. Во-первых, он разработал лексикографические приложения «Уйгурско-русский словарь парных слов», «Казахско-русский словарь односложных основ» к монографическим работам [17; 18.]. Во-вторых, ученый принимал непосредственное участие в подготовке лексикографических трудов: это уйгурско-русский словарь [13], русско-уйгурский словарь лингвистических терминов [9], 4-х томный этнолингвистический словарь казахского языка [2; 3], толковый словарь казахских пословиц и поговорок [1], словарь парных слов казахского языка [3]. В-третьих, он был членом редколлегии при подготовке к печати академических словарей Института языкознания.

6. Ученый-тюрколог, он плодотворно работал в области исторической и сравнительной грамматики и лексикологии тюркских языков. В 1969 г. была издана его работа «Развитие современного уйгурского литературного языка». В ней автор рассмотрел общенародный уйгурский язык во всех его диалектных проявлениях, исследовал его взаимоотношения с современным уйгурским литературным языком как казахстанских, так и синьцзянских уйгуров. Ученый подробно осветил вопросы народно-разговорной речи уйгуров, основные признаки и научные принципы членения уйгурских диалектов и говоров, выявил процессы, формирующие две разновидности литературного языка, функционирующего в Китайской Народной Республике и в Советском Союзе. Монографическое исследование было отмечено отечественными и зарубежными тюркологами, многие ее положения легли в основу докторской диссертации.

Фундаментальное учебное пособие А.Т.Кайдарова «Введение в тюркологию» (1985) выдержало в Казахстане три издания, переведено на китайский, турецкий языки. Ученый является автором ряда алтаистических работ, получивших признание в научном мире [19; 20; 21]. Под его научным руководством выполнены сравнительно-сопоставительные исследования по тюркским, монгольским, японскому и корейскому языкам.

7. В трудах ученого получили разработку социолингвистические проблемы двуязычия и многоязычия, отдельные проблемы взаимодействия контактирующих языков, вопросы языкового строительства в Казахстане и развития национальных языков.

Новые реалии, сложившиеся в Казахстане в связи с распадом СССР и суверенным развитием республики, безусловно, требовали укрепления статуса и расширения функций казахского языка как государственного. Работы А.Т.Кайдарова в этом направлении внесли существенный вклад в укрепление позиций казахского языка [22; 23; 24].

Благодаря неустанной энергии опытного организатора науки, Институт языкознания под его руководством в 1980-90-х годах стал авторитетным лингвистическим центром в системе академической науки СССР. При его поддержке были изданы все крупные филологические академические труды в Казахстане.

Особого внимания, на наш взгляд, заслуживают два разработанных ученым научных направлений, на которых необходимо остановиться, поскольку они были не только разработаны ученым в науке впервые, но и оказали значительное влияние на вектор всех последующих исследований в тюркских языках.

Первое направление – это исследования ученого по фоно-морфо-семантическому анализу базисной лексики казахского языка на уровне моносиллабов, основные положения которых были изложены автором в 1986 году в монографической работе [25, 328]. Эта работа заложила целое направление по исследованию структуры односложных корней в тюркологии.

Второе направление – разработка фундаментального этнолингвистического словаря казахского языка. Академик А.Т.Кайдаров является основателем казахской этнолингвистики. Первая его работа в этом направлении, в которой ученый дал этнолингвистическое объяснение названиям доспехов и вооружений в казахском языке, появилась в 1973 г. [26, 25–34]. В дальнейшем автор во всех своих исследованиях, связанных с проблемами этимологии, ономастики, всегда приводил этнолингвистическое объяснение [27; 28]. Основное содержание и цель трудов ученого в этой сфере заключаются в выявлении и показе духовной сущности, особенностей миропонимания и мироощущения, национальной психологии, истории и культуры казахского этноса. Венцом исследований ученого в этом направлении стали этнолингвистический словарь казахского языка в 4-х томах и казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическим толкованием. Его работы выступили примером для начала создания аналогичных словарей в башкирской, чувашской и татарской лексикографии.

Активная жизненная позиция, которую ученый занимал во всех вопросах, касающихся научной, духовной, культурной, политической, общественной жизни СССР и Республики Казахстан, характеризуют его как истинного гражданина, подлинного интеллигента, настоящего ученого.

Ярким примером этому служат те факты, что он, в частности, 23 года был председателем специализированного Совета по защите кандидатских и докторских диссертаций. За этот период защитили диссертационные работы ученые из Уфы Р.Г.Сибгатов, Э.Ф.Ишбердин, М.В.Зайнуллин, З.А.Сиразитдинов. С 1978 по 1995 годы А.Т.Кайдаров занимал должность главного редактора и члена редколлегии журнала «Известия Национальной академии наук Республики Казахстан», был членом редакционных коллегий журналов «Советская тюркология», «Білім және еңбек», «Парасат». Свыше 25 лет был заместителем председателя, членом Государственного терминологического комитета. 12 лет был заместителем председателя Государственной ономаσιологической комиссии, членом Комитета по присуждению Ленинской и Государственной премии по науке и технике при Совете Министров СССР, Комитета по присуждению Государственных премии в сфере науки и техники при Совете Министров КазССР, Высшей Аттестационной комиссии СССР, Президиума Высшей Аттестационной комиссии РК, Национального совета по государственной политике при Президенте РК, был президентом Международного общества «Қазақ тілі» и др. В 1989 году стал Почетным академиком лингвистического общества Турции «TürkDilKurumu».

Масштабность деятельности академика А.Т.Кайдарова как руководителя и организатора казахстанской и всесоюзной гуманитарной науки проявилась и в подготовке научных кадров. Академик воспитал большую школу талантливых учеников-тюркологов. Под его научным руководством были подготовлены и защищены 13 докторских и 66 кандидатских диссертаций. Его ученики работают не только в вузах и НИИ Казахстана, но и России (в Москве, Абакане, Кемерово, Нальчике, Уфе), Узбекистана (в Ташкенте, Нукусе), Кыргызстана, Китая, Монголии и других стран. Темы защищенных его учениками диссертаций изумляют разнообразием научных направлений: фонетика, лексикология, морфология, стилистика, диалектология, этнолингвистика, история языка, прикладная лингвистика и др.

А.Т.Кайдаров был ученым с широким исследовательским кругозором. Его знания в области лингвистики, истории, литературы, философии, общественной мысли, культурологии всегда поражали собеседников. Научное наследие авторитетного ученого, внесшего значительный вклад в развитие современной тюркологии и алтаистики, и сегодня является востребованным, оказывая влияние на выбор учеными актуальных направлений исследования.

Ответственный и принципиальный руководитель, организатор филологической науки на евразийском пространстве, Абдуали Туганбаевич Кайдаров был всегда готов оказать поддержку, дать верный совет. Мне посчастливилось работать под его руководством и сегодня продолжать научные традиции, заложенные нашим наставником. Светлая память и благодарность хранятся в сердцах его многочисленных учеников, коллег и единомышленников, которые се-

годня достойно представляют научные сообщества Казахстана, Российской Федерации, в том числе и Республики Башкортостан.

### Литература

1. Әбдуәлі Қ.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоғанай, 2004. 559 б. (на казах. яз.)
2. Әбдуәлі Қ.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 784 б. (на казах. яз.)
3. Әбдуәлі Қ.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т.2. Қоғам. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. 728 б. (на казах. яз.)
4. Әбдуәлі Қ.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3. Табиғат. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. 608 б. (на казах. яз.)
5. Әбдуәлі Қ.Т. Қазақ тіліндегі қос сөздер сөздігі. Алматы: «Сардар», 2013. 456 б. (на казах. яз.)
6. Кайдаров А.Т. К вопросу об уйгурской терминологии // Учитель Казахстана. 1953, 9 окт.
7. Кайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993. 44 б. (на казах. яз.)
8. Кайдаров А.Т. О критериях определения синкретических слов в тюркских языках // Известия АН КазССР, Серия филологическая. 1977. № 3. С. 51–57.
9. Кайдаров Ә.Т., Баратов Ш. Русчә-уйгурчә тилшунаслик терминилеринин лугити. Алмута, 1987. 184 б. (на уйгур. яз.)
10. Кайдаров А.Т., Керимбаев Е. Этнолингвистические аспекты казахской ономастики // Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1990. № 3. С. 3-13.
11. Кайдаров А.Т., Джанузаков Т.Д. Состояние и перспективы развития казахской ономастики // Вестник АН КазССР. 1983. № 1. С. 44–49.
12. Кайдаров А.Т. Концепция упорядочения личных имен, отчеств и фамилий для лиц казахской национальности Республики Казахстан // Столичное обозрение. 13 апреля. 1995 г.
13. Кайдаров Ә.Т., Кибиров Ш. Уйгурчә-русчә лугәт. 16 000 сөз. Алмута, 1961. 328 б. (на уйгур. яз.)
14. Кайдаров Ә.Т. Жоба: Аты-жөніңді қалай жазасың? Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы тұжырымдама // Егемен Қазақстан. 1995. 5 ақпан. (на казах. яз.)
15. Кайдаров А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством, в казахском языке // Известия АН КазССР. Сер. филол. 1987. № 1. С. 3–8.
16. Кайдаров А.Т., Жайсакова Р.Е. Принципы класификации фразеологизмов и классификационные группы в современном казахском языке // Известия АН КазССР. Серия филологическая. 1979. № 3. С. 1–11.
17. Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке / Уйгурско-русский словарь парных слов. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 1958. 168 с.
18. Кайдаров А.Т. Словарь односложных корней в казахском языке / Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. 328 с.
19. Кайдаров А.Т. Уйгурско-монгольские языковые связи в области фонетики // Исследования по уйгурскому языку. Алма-Ата, 1970. Кн. 2. С. 57–67.
20. Кайдаров А.Т. О некоторых общих тюрко-монгольских однокорневых основах // Якутский филологический сборник. Якутск, 1976. С. 23–30.
21. Кайдаров А.Т. К проблеме уйгурско-монгольских языковых контактов // Исследование по уйгурскому языку. Алма-Ата, 1988. С. 6–26.
22. Кайдаров А.Т. Кириллицу меняем на латиницу? // Азия. 1993. № 11.
23. Кайдаров Ә.Т. Латын жазуына көшу – өмір талабы (Төлен Қауыпнбаевпен сұхбат) // Жетісу. 1996. 1 наурыз. (на казах. яз.)
24. Кайдаров Ә.Т. Латыншаға көшу – заманауи қажеттілік, бірақ ол ұзаққа созылатын процесс // Алматы ақшамы. 2006. 2 қараша. №127. 4 б. (на казах. яз.)
25. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. 328 с.
26. Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение // Изв. АН КазССР. Сер. обществ., 1973. № 6. С. 25-34.
27. Кайдаров А.Т., Бахамова А. Исторические мотивы образования уйгурских прозвищ // Материалы международной научно-практической конференции «Наука и образование на современном этапе развития общества». Алматы, 2003. С. 54–57.
28. Кайдаров А.Т., Койчубаев Е. К лингвистическому объяснению этнонима «казак» // Қазақтар. VI том. Алматы. 1998. С. 295–302



## ТІЛ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАРАБОЗЫ

**Андатпа.** Биылғы жыл жалпы ғылым үшін, тіл білімі саласы үшін ерекше болмақ, өйткені көрнекті ғалымдар, белгілі қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері Әбдуәли ағай Қайдар және Рәбиға апай Сыздықтың 100 жылдық мерейтойлары осы кезге тұспа-тұс келіп отыр. Түркітілдес жұртшылық, мемлекет, ғылыми көпшілік деңгейінде аталып өтетін шаралар топтамасы басталып та кетті. Көздерін көрген ізбасарлары, шәкірттері ғалымдардың еңбектерін жан-жақты насихаттап, әйгілей түсу жұмыстарын өте белсенді түрде жүргізу үстінде. Аталмыш мақала ұстазымыз, ғылымға деген көзқарасымызды қалыптастырған академик Әбдуәли ағай Қайдардың жарқын бейнесіне арналып отыр.

**Тірек сөздер:** тіл ғылымы, түркітану, қазақ тіл білімі, лексикология, этнолингвистика, алтаистика.

**Аннотация.** Этот год стал особенным для науки в целом, для области языкознания, так как к этому моменту совпали 100-летние юбилеи видных ученых и общественных деятелей, академиков Национальной академии наук Республики Казахстан Абдуали Кайдара и Рабиги Сыздык. Уже начался цикл мероприятий, которые будут отмечаться на уровне тюркоязычной общественности, государства, научной публики. Последователи, ученики активно пропагандируют и популяризируют труды ученых. Эта статья посвящается светлой памяти нашего учителя, академика А.Т.Кайдара, который внес огромный вклад в наше отношение к науке.

**Ключевые слова:** языкознание, тюркология, казахское языкознание, лексикология, этнолингвистика, алтаистика.

**Abstract.** This year has become special for science in general, for the field of linguistics, since by this moment the 100th anniversaries of prominent scientists and public figures, academicians of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Abduali Kaydar and Rabiga Syzdyk coincided. A series of events has already begun, which will be celebrated at the level of the Turkic-speaking public, the state, and the scientific community. Followers and students actively promote and popularize the works of scientists. This article is dedicated to the bright memory of our teacher, academician A.T.Kaidar, who made a huge contribution to our attitude to science.

**Keywords:** linguistics, turkology, kazakh linguistics, lexicology, ethnolinguistics, altaic studies.

Тіл ғылымын зерделеп-зерттеуде ғалым Әбдуәли Қайдардың аталмыш ғылымның дамып жетіліп, іргелі ғылым саласына айналуына қосқан үлесі орасан. Қай ғылым саласын алып қарасақ та, сол ғылымның қалыптасып, даму деңгейі белгілі бір ғалымдардың тұлғаларымен, олардың ерен еңбектерімен бағаланатыны белгілі. Ғалымның аспиранттан академикке дейінгі, кіші ғылыми қызметкерден академиялық ғылыми-зерттеу институтының директорлығына дейінгі өсу жолы да Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының құзырындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен тығыз байланысты. Сондықтан да қазақ тіл білімі мен академик Ә.Т.Қайдардың есімін өзара тікелей байланыста қарастыруды орынды деп ойлаймыз.

Академик Әбдуәли Қайдар өзінің саналы ғұмырында екі тілді, яғни «қос тұлпардың тізгінін қатар ұстап», сол сияқты жалпы және салыстырма түркітану мәселелерімен де үздіксіз шұғылданған, бағдарлаған ғылыми-зерттеулерінің аясы кең, тақырыптық талғамы терең, есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркітану әлеміне белгілі тіл мамандарының бірі. Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан қомақты үлесі мен сіңірген еңбегін жариялаған 500-ден астам ірілі-кішілі зерттеулерінде, оларда көтерілген сан алуан лингвистикалық және басқа да көптеген мәселелердің теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады.

Жарты ғасыр бойы үш тілде (қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде) жазылған, олардың кейбіреулері («Қазіргі заман ұйғыр тілі», «Түркітануға кіріспе», «Халық даналығы») басқа (қытай, түрік) тілдерге аударылып басылған, монографиялар, оқулықтар, сөздіктер, жинақтар, мақалалар түрінде дүниеге келген бұл еңбектер, мәні мен маңызын айтпағанның өзінде, олардың ауқым-аумағының өзі-ақ ғалымның көп жылдар бойы тынбай жүргізген зерттеулерінің нәтижесі екендігі белгілі. Өмірінің соңғы 10-15 жылдары аралығында жарық көрген көптеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалаларын айтпағанның өзінде, көлемді де құнды ғұмырнамалық және монографиялық зерттеулердің жариялануы («Ғылымдағы ғұмыр», «Тіл майданы» (акад. Ө.Айтбайұлымен бірге), «Халық даналығы», «Қаңлы (тарихи шежіре)», «Қазақ қандай халық?», «Қазақтар ана тілі әлемінде. Адам. I том. Қоғам. II том. Табиғат. III том.», «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік») және «Ғылыми мақалалар жинағы. 3 томдық», «Имитатив теориясы және қазақ тілі байырғы лексикалық қорының қалыптасу процесі», «Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері», «Развитие лексики уйгурского языка») ғалым еңбекқорлығының нәтижесі екендігінде дау жоқ.

Академик Әбдуәли Қайдардың қазақ тіл білімі бойынша, әсіресе түркітану саласындағы ізденістері мен зерттеулерінің басты ерекшеліктеріне – олардың әрқырлылығын, тақырыптардың сан алуандығын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Терминология кез келген тілдің даму процесін білдіретін барометр іспетті, қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік, ғылым-білім, техникалық жаңалықтар мен өзгерістердің бәріне сезімтал лексиканың дамуын зерттейтін жанды құбылыс. Сондықтан да болар, терминологияға соқпайтын бірде-бір тіл проблемасы жоқ» – деп тұжырым жасаған ғалым қазақ терминологиясының өзекті мәселелеріне де ерекше ден қойып, бірқатар еңбектер арнады. Бұл орайда ғалымдар мен мамандар тарапынан да, қалың жұртшылық тарапынан да қолдау тауып, оң пікір қалыптастырған академик Әбдуәли Қайдардың 1993 жылы жарық көрген *«Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас»* атты еңбегін ерекше атауға болады. Аталмыш еңбекте ұсынылып отырған терминжасамның 11 қағидасы бұрын айтылып келгендерден елеулі өзгешеленеді де және онда замана талабына сай, тіл дамуының жаңа үрдісі мен болашақтағы бағыт-бағдарына байланысты ұсыныстар да орын алған. Ол принциптерге қысқаша түрде тоқталсақ: 1) терминологиялық процесті мемлекет қамқорлығына алу; 2) тіл дамуының жаңа үрдісімен санасу; 3) қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 4) түркі халықтарының терминжасамдық өнегелі үлгілерінен пайдалану; 5) шеттен алынатын терминдерді мүмкін болғанынша қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп алу; 6) шеттілдер терминдерін мүмкін болғанынша аударып алу; 7) терминдерді қазақ тілі негізінде қысқартып алу; 8) термин қабылдауда шарттылық заңдылығын сақтау; 9) терминдерді салалық жүйе бойынша жіктеп, сұрыптап алу; 10) ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық және сапалық арақатынасын табиғи қалыпта сақтау; 11) терминдердің емлесін жазу дәстүріне сәйкестендіру болып табылады.

Терминология мәселесі әр кездерде-ақ көп талас туындатып жүрген күрделі де қиын мәселе. Қазіргі ғылыми-техникалық және ақпараттар легінің үдеген кезінде ресми қабылданған терминжасам қағидалары басшылыққа алынып, қолданылып келеді. Ерекше атап өтетін нәрсе, осы аталған қағидалардың ішіндегі үшіншісі, яғни қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану үдерісі бүгінгі таңда терминжасамның негізгі көзі ретінде жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде қолданыстан шығып, мағынасы күңгірттенген, бірақ тамыры тереңде жатқан көнерген сөздер мейлінше жаңғыртылып, белсенді терминжасам көзіне айналғаны орынды-ақ болар еді. Байырғы атауларды сөзжасам үдерісінде ұтымды пайдаланып, орынды жұмсай білсек, кірме сөздердің азаюына, тарихи сөздердің тілдік қолданыстағы қызметін арттыруға, тіл табиғатының даму үрдісін жақсартуға, жаңа атаулар легін толықтыруға, сонау замандардан сыр тартатын көне сөздеріміздің ұмыт болмауына ықпалы зор болмақшы.

Жалпы бұл қағидалардың дұрыс-бұрыстығын бағалау, айқындау терминологиямен шұғылданып жүрген басқа ғалымдардың еңбектерінде өзінің лайықты бағасын алып жатыр және ала береді де. Қазақ тіл біліміндегі белсенді де жанды, қарбаласы да қауырт сәттері мол бұл өзекті мәселе ғалымдардан зерделілікті, ұлтжандылықты, азаматтық парызды талап ететіні аян.

Ғалымдардың алдына қойылатын императивтердің барлығын ар тұрғысынан орындай отырып, академик Әбдуәли Қайдар тіл ғылымы саласында үлкен жетістіктерге жетіп, сол саланың шынайы философы деген мәртебелі атаққа әбден лайықты деуге болады.

«Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» деп Абай айтқандай, академик Әбдуәли Қайдар тағылымы мол ғалымдығымен қатар, сансыз шәкірттер тәрбиелеп шығарған ұлағатты ұстаз болды. Ғалымның шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде, алыс-жақын шет елдерде ғылым, білім, мәдениет және т.б. салаларында абыроймен өнімді еңбек етіп келеді. Ғалымның ғылымға қосқан үлесі тек өз басының ғылыми еңбектерімен ғана емес, сонымен қатар оның ойларын дамытып, игілікті ісін жалғастырушы шәкірттерінің зерттеулерімен де өлшенеді.

Академик Ә.Қайдардың ғылыми-шығармашылығында лингвистика салаларының, атап айтқанда, лексикология және оның барлық тараулары, диалектология мен тіл тарихы, этнолингвистика, түркітану және алтаистика, тіл саясаты мен мемлекеттік тілмәселелері кандидат және доктор шәкірттерінің диссертацияларында әр қырынан қаралып, жан-жақты талданып, ұстаз ойының өрісін кеңейтіп, өресін өсіре түскенін аңғарамыз. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастық, ғылыми жалғастық деген осы болар. Енді осы ғылыми сабақтастық пен жалғастықтың тетігі, үлгісі мынадай жағдайларға байланысты тәрізді. Біріншіден, ғалым көп жағдайда шәкірттеріне өзі шұғылданып жүрген, жалпы пісіп жетілген немесе әлі де зерделей түсуді қажет ететін тақырып береді, өйткені шәкірттеріне жетекшілік етіп, ақыл-кеңес беруге осылай ыңғайлы. Екіншіден, тақырыпқа негіз болып отырған мәселе бойынша ғалымның өзі жеке, не ізденушімен бірлесе отырып ортақ мақала жазады. Ол мақалалардың мақсаты – шәкіртке жалпы ойдың немесе оның жеке бір аспектісінің мақсатымен таныстыру, сонымен қатар мақала жазудың үлгі-тәсілдеріне баулу болып табылады, бұл да ұстаздың өзіндік ерекшелігін көрсетсе керек.

Біреу мысал келтірейік. Мәселен, Ә.Қайдар еңбектерінде синкретизм проблемасы түркі тілдері негізінде алғаш рет 70-жылдары сөз бола бастаған еді. Шәкірті Е.З.Қажыбекке кандидаттық диссертация етіп осы мәселеге қатысты тақырып бергеннен кейін, ол онымен бірлесе отырып бірнеше мақала жариялайды. Бұл тәрізді дәстүрден ұстаз бен шәкірттің мүдде-мақсатын бірлесе отырып дамытудың тамаша үрдісін байқауға болады. Сол сияқты, түбір сөз проблемасына байланысты «Реконструкция «мертвых» корней в структуре глагольных основ казахского языка» деген тақырып берген белді шәкірті Жамал апай Манкеевамен де ұстазы академик Ә.Қайдар алғашқы бір бағдарлаушы мақаласын бірлесе жариялаған еді. Осы мақалада қазақ тіліндегі императив етістіктердің қалыптасқан, көбісінің негізі «өлі» түбірге айналып, консервацияланған 35 үлгісі айқындалады. Аталмыш күрделі мәселенің негізгі идеясын Ж.Манкеева өз еңбегінде дамыта түседі. Қостағанды фразеологизм идеясы да осы тәрізді. Бұл туралы ұстаз бен шәкірт – ф.ғ.д. С.Сәтенова екеуінің «Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологиялық тіркестердің тілдік және поэтикалық табиғаты» атты көлемді мақаласы жарияланғаны белгілі. Мұндай ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастық пен ғылыми жалғастықтың үлгісі ғалым Ә.Қайдардың төңірегінде жиі аңғарылатын еді. Олардың біразы ұстаздың тақырып етіп ұсынған өз идеясын, ой-толғаныстарын жалпы түрде, не оның бір аспектісін алдын ала жариялау арқылы бағыт-бағдар беру болса, енді біразы талапкер ізденушімен бірлесе отырып, «жол ашушы», «тұсаукесер» іспетті ортақ еңбек жариялау. Мұны ғалым «бір терінің пұшпағын илесу», «ортақ идеяны дамыту» деп санайтұғын. Міне, осындай тақырып беруден бұрын жазылуы, не диссертанттармен бірлесе отырып бірге жазылған ортақ мақаланың бәрі міндетті түрде ғалым шұғылданып жүрген проблемалардан туындап жатуының себебі де осында болса керек. Міне, академик Ә.Қайдар бастаған ғылым салаларының осылайша дамып, өрісінің кеңейіп жатқанын басқа да көптеген шәкірттерінің еңбектерінен көре аламыз.

Академик Ә.Қайдар – ғылымда өз мұраттарының жемісті жалғасын қалыптастырған ғалым. Ғалымның шығармашылық өмір жолдарына тереңнен көз жіберетін болсақ, ғылыми еңбектер жазуда ғана емес, сол сияқты ғылымды ұйымдастыру жолындағы атқарған қызметінен қыруар өнегелі жұмысты байқаймыз. 1930 жылдардағы зұлматтың құрбандары болған А.Байтұрсынұлын, Қ.Жұбанұлын, Х.Досмұхамедұлын, Т.Шонаұлын ақтап алу шараларына қызу араласып, Тіл білімі институты, «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан тиісті органдарға жіберілетін құжаттарды дайындап, оларға қатысты есімнамалық еңбектердің жазылып, жарыққа шығуына ұйытқы болды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін, әсіресе қазақ тілін сақтап қалудың бірден-бір жолы оған мемлекеттік мәртебе беру керек деп түсінген қауым тіл саясатын өзгертуге бет бұрды. Осы жалпыхалықтық әрекеттің басы-қасында кезінде академик Ә.Қайдар және оны-

мен пікірлес қауым болып, ол құрған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикада тіл саясатының қалыптасуына ықпал жасағаны мәлім. Осы жаңа тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы ретінде, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде белсене атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Басқа іс-әрекеттерін айтпағанның өзінде, «тіл тағдыры – ел тағдыры» деп басталған осынау бір игілікті іске қосқан оның ғылыми үлесі де ұлан-ғайыр. Бүгінде бұлардың біразы тарихтың аударылып кеткен парақтары іспеттес, дәл сол кездегідей өзекті болмаса да, өмір талабына, замана үрдісіне сай өзгеріп, айқындалып, уақыт сынынан өтіп, жалпы тіл саясатының өзекті мәселелерін қозғаған ғылыми-практикалық негіздерінің бірі болып қалды деп айта аламыз. Бұл зерттеулер өзінің мәні мен маңызына, көлемі мен ауқымына қарай, әсіресе кейінгі 15-20 жылда атқарған ерлікке бергісіз ерен еңбегінің жемісі еді.

Республикадағы тіл саясатына қатысты академик Ә.Қайдар көтерген нақты мәселелердің арасында мыналарды атауға болады. Олар – мемлекеттік тіл және тілдің әртүрлі мәртебесі мен қоғамдағы қызметі: біртілділік, қостілділік, көптілділік, мемлекеттік қостілділік, ресми тіл, ұлтаралық тіл, халықаралық тіл, ортақ тіл, тіл тағдыры, тіл экологиясына байланысты: ана тілі үшін күрес, мемлекеттік тілдің болашағы, орыс тілінің қоғамдағы орны, ана тілін меңгерудің деңгейі (соның ішінде «40 пайыз» мәселесі), жазу мен тіл мәдениеті, ғылым тілі, сондай-ақ тіл заңы, тіл бағдарламасы, тіл тұжырымдамасы және олардың орындауы туралы; «Қазақ тілі» қоғамының атқарған қызметі, жұртшылықтың жалпы тілге, соның ішінде мемлекеттік тілге деген көзқарасы, іс-әрекеті т.б. осы сияқты толып жатқан тілдің өзекті мәселелерін қамтиды. Латын әліпбиіне көшу мәселесін де алғаш рет тілге тиек еткен академик Әбдуәли Қайдар болатын.

Ғалым өзінің ең басты міндетін – елдің елдігін, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалудың бірден-бір кепілі – ана тіліміздің толыққанды қызмет атқаруына, ұлт санасын оятып, атсалысуды барынша ұғына білді.

Түркітану ғылымының, қазақ және ұйғыр тіл білімдерінің көрнекті маманы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың иегері, Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті, ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры (1978-1994 жж.), құрметті директоры, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымдарының докторы, профессор Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлының 100 жылдық мерейтойына арнаған сөзімізді бір топ шәкірттерінің ғалымның ұстаздығы жөнінде түйген ойлары мен тұжырымдары жинақталып берілген төмендегі жолдармен қорытындылауды жөн көріп отырмыз: «Ғылымда да, өмірде де азаматтық биік тұғырдан көрінуге, белсенді позициясын сақтауға талпынысы зор болған азамат-ғалым; барша саналы ғұмырын тынымсыз ізденіске бағыштаған еңбекқор адам; өзі таңдап алған өмірлік мамандығына берілген, оны сүйе де, сол үшін жан-тәнімен күйе де білген ғалым; ғылымдағы бір жақтылықты, тар шеңберінде қалуды қаламайтын, мүмкін болғанынша одан жан-жақты хабардар болуды, әр құбылысты зерделей білетін, көп нысаналы зерттеуге бейім әмбебап, кең тынысты ғалым; ана сүтімен бойына дарыған ана тілінің құдіретті күшін, биік рухы мен асыл қасиетін жасынан сезініп өскенін, туыс тілдерді білгенін өз мамандығының ұйытқысы арқауы деп санаған ғалым; ана тілінің тағдырына жан дүниесімен күйзелетін, ол үшін кіммен болса да бел шешіп күресуге дайын ұлтжанды, саясаткер ғалым; ғылымның жан-жақты дамуына, идеяның жалғасып, өрісінің кеңейуіне, өресінің өсуіне өзінің де, өзгенің де үлес қосуын қалап өткен ғалым; өзіне қимайтын қымбат уақытын шәкірттерінен аямайтын қамқоршы ұстаз; сондықтан да елге істеген игілікті ісін міндет етіп, пұлдамайтын, ал өзін ел алдында да, ғылым алдында да, үлкен мен кіші алдында да «парыздармын», «қарыздармын» деп санаған ұстаз-ғалым; табысына мастанбайтын, сәтсіздікте жасымайтын, «тас пен атқанды аспен ағуды» қалап өткен, көңілінде дық сақтауды білмеген абзал жанды ғалым; қаншама еңбек жазса да, ұлы жоспармен өмір сүрсе де, «ең жақсы кітабым әлі жазылған жоқ» деп өткен сыпайы ғалым» – шәкірттерінің ардақ тұтыр ұстазы туралы түсініктері, пікірлері осындай. Академик Әбдуәли Қайдар жалпы тіл ғылымының, оның ішінде түркітану, қазақ және ұйғыр тілдерінің қыры мен сырын әлем жұртшылығына таныта білді. Ендігі жерде нісі қазаққа, барша түркі әлеміне Әбдуәли Қайдарды тереңдете танытатын, қайдаровтану мәселесімен тікелей айналысатын кез келген секілді. Еңбектеріңіз бен жарқын бейнеңіз мәңгі жадымызда, ардақты ұстаз!!!

## Әдебиет

1. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1993, №1. – 35–46 б.
2. Қайдар Ә.Т. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. – 344 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2011. – 212 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
5. Кажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука. С. 1986. – 270 с.

**Osman KABADAYI**  
*Kırşehir Ahi Evran Üniversitesi*  
*Doç. Dr.*  
*(Türkiye, Kırşehir ş.)*

### KAZAKİSTAN TÜRKOLJİSİNE ÄBDUWÄLİ QAYDAR'IN AKADEMİK MİRASI

**Андатпа.** Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдар – көптеген жылдар бойы қазақ және ұйғыр тілдері мен жалпы және салыстырмалы түркітану мәселелерін зерттеумен шұғылданды. Оның жалпы түркітану ғылымына, оның ішінде, әсіресе, қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі жеке монография, оқулық, сөздік, жинақ, мақала түрінде 400-ден астам ғылыми зерттеулерде көрініс тапты. Қайдардың жалпы түркітану әлеміндегі, оның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміндегі ғылыми бағыттары тіл білімінде қалыптасқан лексикология, этимология, ономастика, терминология, диалектология, этнолингвистика, тіл саясаты, тіл құрылысы, түркітану және алтаистика сияқты құрамдық салаларға сәйкес. Бұл баяндамада Қазақ тіл біліміне үлкен үлес қосқан Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдардың ғылыми мұрасына назар аударылды.

**Тірек сөздер:** Қазақ тілі, тіл білімі, түркітану, Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдар.

**Özet.** Äbduwäli Tuwğanbayulı Qaydar, uzun yıllar boyunca Kazak ve Modern Uygur dilleri ile genel ve karşılaştırmalı Türkoloji çalışmalarıyla uğraşmış, özellikle Kazak dil bilimi ve Modern Uygurca üzerine yapmış olduğu araştırmaları dâhil olmak üzere genel Türkoloji alanında monografi, ders kitabı, sözlük, makale, bildiri gibi türlerde dört yüzden fazla akademik çalışmaya imza atmıştır. Qaydar; leksikoloji, etimoloji, onomastik, terminoloji, diyalektoloji, etnolingüistik, dil politikaları, Türkoloji ve Altayistik gibi disiplinlerde çeşitli araştırmalar yapmıştır. Bu bildiriye Kazak dil bilimine ciddi katkı sunan Äbduwäli Tuwğanbayulı Qaydar'ın akademik mirasına dikkat çekilmiştir.

**Anahtar sözler:** Kazakça, dil bilimi, Türkoloji, Äbduwäli Tuwğanbayulı Qaydar.

Kazakistan Türkolojisine gerek Sovyetler Birliği döneminde gerekse de bağımsızlık döneminde yapmış olduğu akademik çalışmalarla, yetiştirdiği öğrencilerle önemli katkılar sunan akademisyenlerin başında hiç şüphesiz Prof. Dr. Äbduwäli Tuwğanbayulı Qaydar gelmektedir. Qaydar, genel Türkolojinin yanı sıra dil tarihi, dil politikaları, etimoloji, leksikoloji, leksikografi, terminoloji, etnolingüistik, sosyolingüistik, onomastik, Altayistik, Kazak ve Uygur dil biliminin güncel sorunları gibi dil biliminin pek çok alanıyla ilgili irili ufaklı araştırmalar yapmıştır. Qaydar'ın yayınlarının listesi için bk. [12, 343-350; 5]

Äbduwäli Qaydar, 13 Aralık 1924 tarihinde Almatı eyaletinin Eñbekşiqazaq ilçesine bağlı Taldıbulla köyünde dünyaya gelmiştir. İlköğrenimini Tatarca, Uygurca ve Kazakça eğitim veren farklı okullarda tamamladıktan sonra 1942 yılında gönüllü olarak İkinci Dünya Savaşı'na katılmış ve eğitime bir süre ara vermek zorunda kalmıştır [1, 335]. İkinci Dünya Savaşı'nda gösterdiği üstün kahramanlıklar sayesinde devlet tarafından savaş gazilerine verilen çeşitli madalyalarla ödüllendirilmiştir. Ara verdiği öğrenimine 1947 yılından itibaren Esik ilçesinde devam etmiş, daha sonra S.M.Kirov Kazak Devlet Üniversitesi (günümüzdeki adıyla Al-Farabi Kazak Millî Üniversitesi)



Filoloji Fakültesi Kazak Dili Bölümünü kazanmıştır. Lisans eğitiminin ardından 1951 yılında Kazak SSR Bilimler Akademisinde başladığı lisansüstü eğitimini Yeni Uygurca üzerine hazırladığı teziyle tamamlamış, 1972 yılında Profesör unvanını almıştır.

Qaydar'ın ilk akademik yazısı 16 Mayıs 1952 tarihinde Uygur kültürüyle ilgili olarak N. Mansurov ile birlikte kaleme aldığı ve *Kazahstankaya pravda*'da yayımlanan *Nasuşnie voprosı razvitiya uygurskoy kul'turı* başlıklı yazıdır. Bu çalışmayı 11 Ekim 1953 tarihli *Qazaqıstan muğalimi*'nde yayımlanan *Uygır terminologiyası jöninde* başlıklı makale takip etmiştir. Qaydar, lisansüstü tezi dâhil olmak üzere Modern Uygurca üzerine yapmış olduğu çalışmalarla akademik hayata adım atmıştır. Onun Modern Uygurcayla ilgili müstakil veya kolektif olarak yapmış olduğu çalışmalardan bazıları şunlardır: *Parnıye slova v sovremennom uygurskom yazıke* (1958), *Uygurçe-Ruşçe Lüget* (1961), *Uygurskiy yazık i literatura: Annotir, bibliogr, ukazatel'* (1962), *Hazırqı zaman uygır tili. I qısım. Leksika v fonetika* (1963), *Hazırqı zaman uygır tili. II qısım. Morfologiya v sintaksis* (1966), *Uygurskiye dialekti i dialektnaya osnova literaturnogo yazıka* (1969).

Qaydar'ın 1951 yılında başlayan akademik hayatının büyük kısmı Dil Bilimi Enstitüsünde geçmiştir. 1954-1958 yılları arasında Kazak SSR Bilimler Akademisinin “Uygur-Dungan Kültürü Bölümü”nde araştırma görevlisi, 1958-1959 yılları arasında “Oryantalistik Bölümü”nün baş asistanı, 1959-1961 yılları arasında Dil Bilimi Enstitüsü “Uygur Filolojisi Bölümü”nün anabilim dalı başkanı, 1961-1963 ve 1967-1978 yılları arasında Dil Bilimi Enstitüsü müdür yardımcısı olarak çeşitli akademik ve idari görevlerde bulunan Qaydar, 1978-1995 yılları arasında ise günümüzdeki adıyla Ahmet Baytursunlu Dil Bilimi Enstitüsünde müdürlük yapmıştır. Qaydar, 2000 yılında adı geçen Enstitüde Etnolinguistik anabilim dalını kurmuş ve 2000-2010 yılları arasında Etnolinguistik anabilim dalı başkanlığı görevini yürütmüştür. Bunun yanı sıra 1982-2000 yılları arasında Al-Farabi Kazak Millî Üniversitesi Kazak Filolojisi Bölümünde lisans ve lisansüstü düzeyinde dersler vermiştir. Qaydar'ın danışmanlığında 15 doktora, 70 yüksek lisans tezi hazırlanmıştır [2, 187] Qaydar, Kazakçanın devlet dili statüsünü kazanması için de mücadele vermiş, bu doğrultuda Uluslararası Kazak Dili Kurumunu kurmuş, vefatına kadar bu kurumun başkanlığını yapmış ve Uluslararası Kazak Dili Kurumu çatısı altında Kazakçanın resmi dil olarak tanınması için önemli çalışmalara imza atmıştır [12, 342].

Qaydar'ın yapmış olduğu bilimsel çalışmaların dikkat çekici özelliği ağırlıklı olarak yenilikçi fikirler içermesidir. Sözelimi Kazakistan'ın Latin alfabesine geçişi konusunu destekleyen ve bu konuyla ilgili ilk bilimsel yazıları kaleme alan isimlerin başında Abdüvâli Qaydar gelmektedir. Kazakistan bağımsızlığını ilan etmeden aylar önce Qaydar, 24 Ocak 1991 tarihli *Ana tili* gazetesinde alfabe konusuyla ilgili bir yazı yayımlamıştır. Bu makale Kazakistan'da Kiril alfabesinden Latin alfabesine geçiş konusuyla ilgili yayımlanmış ilk yazı olma özelliğini taşımaktadır [4, 191]. Diğer yandan bağımsızlığın kazanılmasından sonra terminoloji ve terimlerin Kazakçalaştırılması hususunda ciddi mesai harcayan isimlerden biri Qaydar olmuştur. Onun 1993 yılında yayımladığı *Qazaq tili terminologiyasına jañaşa közqaras* adlı eseriyle bağımsızlık sonrası dönemde terimleri Kazakçalaştırmaya yönelik olarak ciddi bir adım atılmıştır. Bu çalışmasında Qaydar, terim oluşturmaya yönelik yeni yönelimleri on bir madde ile özetlemiştir. Alaş aydınlarından Ahmet Baytursunlu ile başlayan terim türetme ilkelerinde izlenen millî politika Sovyetler Birliği döneminde kısmi kesintiye uğramış, bağımsızlığın kazanılmasıyla beraber Qaydar ile yeniden Alaş çizgisini yakalamıştır. Böylelikle Qaydar, Kazakça terim türetme konusunda bir yol haritası belirlemiştir denilebilir. [3, 222-224].

Qaydar'ın ilgilendiği konulardan biri de etimolojidir. Etimolojiyle ilgili ilk araştırması 1959 yılında *Qazaq tili men ädebiyeti* dergisinin 10. sayısında yayımlanan *Keybir qos sözderdiñ etimologiyası* başlıklı makaledir. Qaydar, 1966 yılında yayımlanan *Qazaq tiliniñ qısqaşa etimologilayıñ sözdigi* adlı köken bilgisi sözlüğünü hazırlayan ekibin içerisinde yer almış ve bu sözlük için toplam 71 madde kaleme almıştır. Ayrıca etimoloji konusuyla ilgili tüm yazılarını *Ğılmdağı ğımır* adlı eserin altıncı cildinde bir araya getirmiştir. Qaydar, Kazakçanın söz varlığında bulunan toplam 243 sözle ilgili etimoloji yazısı kaleme almıştır [10]. *Ğılmdağı ğımır* adlı eserin ilk cildinde morfoloji, onomastik, etimoloji, terminoloji, etnolinguistik ve tarihî leksikoloji konularıyla ilgili yazılmış yazılar yer almaktadır. İkinci cilt dil politikaları ve iki dillilikle ilgili araştırmalara ayrılmıştır. Üçüncü cilt Türkoloji ve Altayistik ile ilgili araştırmaları ihtiva etmektedir. Dördüncü ciltte Qaydar'ın çalışmalarıyla ilgili meslektaşları tarafından kaleme alınan tanıtma ve değerlendirme yazıları ve Qaydar ile yapılmış röportajlar bulunmaktadır. Eserleriyle ilgili değerlendirme yazısı yazarlar arasında Doerfer, Tenişev,

Baskakov gibi tanınmış Türkologlar da yer almaktadır. Beşinci ciltte ise Qaydar'ın *Qazaq tilindegi imitativter* adlı çalışmasına yer verilmiştir.

Sözlük çalışmalarının yanı sıra söz varlığı çalışmalarıyla da ilgilenen Qaydar'ın bu alandaki en önemli araştırmalarından biri *Qazaqtar ana tili äleminde: Etnolingvistikalıq sözdik* adlı üç ciltlik eseridir. 2009 yılında Dayk-press yayınevinden çıkan “Adam” konulu ilk cilt, sekiz bölümden oluşmaktadır. Bu ciltte insan kavram alanına giren vücut organları, yaşla ilgili sözler, akrabalık adları, doğum ve ölümle ilgili söz varlığı, kişi adları gibi kavramlar tasnif edilip alt başlıklar halinde verilerek açıklanmıştır [8]. 2013 yılında Sardar yayınevinden çıkan “Qoğam” alt başlıklı ikinci cilt toplam on bölümden oluşmaktadır. Bu ciltte şecere, siyaset, gelenek ve görenekler, din, efsane ve mitoloji gibi konularla ilgili söz varlığı sınıflandırılarak verilmiştir. Aynı yıl aynı yayınevinden çıkan “Tabiyğat” konulu üçüncü cilt ise dokuz bölümden oluşmaktadır. Yeryüzü, uzay, hava, su, toprak, bitki ve hayvanlar kısaca doğayla ilgili kavramlar da bu cildin içeriğini oluşturmaktadır.

Qaydar'ın Meyirbek Orazov ile birlikte hazırladığı *Türkitanuğa kirispe* adlı kitabı Kazakistan'daki Türkoloji bölümlerinde uzun yıllar ders kitabı olarak okutulmuştur. Bu eser beş ana bölümden oluşmaktadır. İlk bölümde Rus bilim adamlarının öncülüğünde Türkoloji ile ilgili daha önceki çalışmaların kısa bir tarihçesine değinilmiş, ikinci bölümde tarihî karşılaştırmalı ses ve biçim bilgisi konularına yer verilmiştir. Üçüncü ve dördüncü bölüm Türk dilinin tarihî gelişimine ayrılmış, beşinci bölümde ise günümüz Türk yazı dillerinin sınıflandırılması konusu üzerinde durulmuştur. Bu bölümde Türk yazı dilleri şu yedi ana başlıkta tasnif edilmiştir: 1. Bulgar grubu: Çuvaşça, 2. Oğuz grubu: Türkiye Türkçesi, Azerbaycan Türkçesi, Türkmençe, Gagavuzca, Salarca, 3. Kıpçak grubu: Kazakça, Karakalpakça, Nogayca, Başkurtça, Tatarca, Karayca, Karaçay-Malkarca, Kumukça, Kırım Tatarcası, 4. Karluk grubu: Özbekçe ve Yeni Uygurca, 5. Uygur-Oğuz grubu: Sahaca, Hakasça, Tuvaca, Tofaca, Şorca, Sarı Uygurca, 6. Kırgız-Kıpçak grubu: Kırgızca ve Altayca, 7. Diğer Türk dilleri: Halaçça, Urumca, Dolganca, Kırımçakça. [11, 220-348]. Bu eser, Vahit Türk tarafından *Türklük Bilgisine Giriş* adıyla Türkiye Türkçesine aktarılmıştır.

Qaydar'ın ikilemeler konusuyla ilgili yapmış olduğu önemli araştırmalardan biri 2013 yılında Sardar yayınevinden çıkan *Qazaq tilindegi qos sözder zerttew jäne sözdik* başlığını taşımaktadır [9]. Eser iki ana bölüm ve bir dizinden oluşmaktadır. İlk bölümde ikilemeler üzerine yapılmış çalışmaların tarihçesi, Kazakça ikilemelerin oluşum yolları gibi teorik konular yer almaktadır. İkinci bölüm ise ikilemeler sözlüğüdür. Sözlükte ikilemenin anlamı verildikten sonra edebî metinlerden alınan örnek cümleler de maddeye eklenmiştir.

Tarihî konularla da ilgilenen Qaydar'ın *Qanlı: Tarihi şejire* (2004) ve *Qazaq qanday halıq?* (2008) başlıklı kitapları bulunmaktadır. *Qazaq qanday halıq?* adlı çalışmasında Kazakların tarih sahnesine çıkışı, Kazak etnoniminin kökeni, Rusça yazılmış eserlerde Kazaklara dair görüşler, Alaş sözünün anlamı ve filolojik açıdan izahı, Kazak şeşen ve biyleri, Kazak aqın ve jırawları gibi konular ele alınmaktadır [7].

Qaydar, *Halıq danalığı (Qazaq maqal-mätelderiniñ tüsindirme sözdigi jäne zerttew)* (2004) adlı çalışmasında atasözlerini incelemiştir. Araştırmacı, atasözlerinin yüzyıllar boyu halkın hafızasında korunup nesilden nesile manevi miras olarak aktarılması dolayısıyla eserine *Halıq danalığı* (halk bilgeliği) adını verdiğini vurgulamıştır [6, 3]. Eser atasözleriyle ilgili teorik bilgilerin yer aldığı altı kısımlık bir bölüm ile sözlük kısmından oluşmaktadır.

Äbdüwäli Tuwğanbayulı, gerek Modern Uygur gerekse de Kazak dili ve kültürüyle ilgili yapmış olduğu akademik çalışmalarla Kazakistan Türkolojisine önemli katkılar sunmuştur. 27 Şubat 2019 tarihinde, 95 yaşında iken ebediyete uğurlanan Äbdüwäli Qaydar'ın akademik mirası her zaman çağdaş Türk yazı dillerinin Kazak ve Modern Uygur sahalarında çalışma yapacak araştırmacılarına ışık tutacak, yol gösterici olacaktır.

#### Kaynaklar

1. Beyaz E. 2019. Abduvali Tuğanbayulı Kaydarov. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi* 48: 335–342.
2. Kabadayı O. 2019. Kazak Türkolog Prof. Dr. Äbdüwäli Tuwğanbayulı Qaydar'ın Ardından. *Dil Araştırmaları* 24: 187–192.
3. Kabadayı O. 2023. Kazakistan'da Terim Çalışmaları. *Türk Dünyasında Terim Çalışmaları*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, s. 209–238.

4. Kaydorov E. 1997. Kazakistan'da Latin Alfabeti Meselesi (Akt. Banu Muhyaeva). *Bilig* 5: 191–193.
5. Qajibekov E.Z. vd. 1984. *Abduali Tuğanbayevің Kaydarov*. Almatı: Qazaq SSR'nin Ǵılim baspası.
6. Qaydar Ä. 2004. *Halıq danalıǵı (Qazaq maqal-mätelderinin tüsindirme sözdigi jáne zertteu)*. Almatı: Toǵanay T.
7. Qaydar Ä. 2008. *Qazaq qanday halıq?* Almatı: Dayk-press.
8. Qaydar Ä. 2009. *Qazaqtar ana tili äleminde: Etnolingvistikalıq sözdik. I Tom Adam*. Almatı: Dayk-press.
9. Qaydar Ä. 2013. *Qazaq tilindegi qos sözder zertteu jáne sözdik*. Almatı: Sardar baspa üyi.
10. Qaydar Ä. 2014. *Ǵılimdaǵı ğumur VI Tom. Qazaq tili etimologiyasınıń ǵılimiy-teoriyalıq negizderi*. Almatı: Sardar baspa üyi.
11. Qaydar, Ä., Orazov, M. 2004. *Türkitanuwǵa kirispe*. Almatı: Arıs baspası.
12. Türk, V. (2019). Abduali Tuğanbayoǵlu Kaydar. *Türkiye Dışındaki Türk Dünyası Türkologları – Dilociler*–Ankara: Akçağ Yayınları, s. 341–350.

### **Балтағұл ОСПАНОВА**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Түркістан қ.)*

## **ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАР – ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ**

Өз өмірінің жарты ғасырлан астам уақытын ғылымға арнап, туған тілінің қыры мен сырын, ғылыми тұрғыда жіліктеп, майын шағып, туған халқына, келешек ұрпағына табыстап кеткен аса ірі ғалым, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың өмір жолы өнеге. Қазақ тілімен қатар, ұйғыр тілінің ерекшеліктерін қатар зерттеп, ғылымға көп жаңалық қосқан ғалымның еңбегі өлшеусіз екені белгілі.

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың барлық ғылыми еңбектерінен, ол кісі жайлы ғалымдардың еңбектерінен әлемдік түркология ғылымында өзіндік айқын, өшпес ізі бар, саналы ғұмырының жарты ғасырдан астам уақытын ғылымға арнаған ғалымның тек бір ғылым саласымен ғана шұғылданбай, жан-жақты қарастыру, зерттеу нәтижесінде әмбебап ғалым екендігін әлем ғалымдары мойындап отырғанын көреміз. Сонымен қатар, үлкен ғалым болуымен қатар, біздің туған тіліміз – қазақ тілінің де жоқтаушысы, яғни Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Президенті ретінде де, ұлтты ұйыстыру, тілдің мәртебесінің көтеріліп, іс-қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуіне ерекше атсалысқан қоғам қайраткері ретінде: «Қазақ тілін Мемлекеттік Заң өз қорғауына алмаса, енді бір он-он бес жылдан соң тілінен айрылған, айықпас рухани кеселге ұшыраған елге айналуымыз әбден ықтимал. Тіл өлген жағдайда халық та өмір сүруін тоқтатады». Өзінің ата қонысында жергілікті халықтың тіліне Мемлекеттік мәртебе берілуін алғаш ашық айтқан азаматтардың бірі – академик Әбдуәли Қайдаров болды.

Ол жөнінде кезінде еліміздің белгілі тұлғалары, өзімен қатар жүрген ұлы ғалымдар, сонымен қатар, баспасөз беттерінде көп айтылды. Әсіресе, заманымыздың атақты ғалымы, академик Рабиға Сыздықова апамыздың: «Академик Ә.Қайдаровтың ана тіліне істеген қызметінің бірінші түрі – оның білім-ғылым алаңында көрсеткен еңбек ерлігі болса, екінші түрі – қауырт жанданған тіл саясатына қатысты қоғамдық іс-әрекеттері. Бұған ғалымның азаматтық ар-ұжданы мен ұлттық намысы апарды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін беруде Ә.Т.Қайдаров принциптілік пен табандылық көрсетті. Ол республикамызда бір ғана Қазақ тіліне Мемлекеттік тіл статусын беру идеясын беру идеясын батыл жақтап шықты. Заң қабылданды. Енді оны жүзеге асыруға көмектесетін шараларды ойластыру қажет болды. Бұл істе де Әбекең қайраттылық танытып, бүгінде «халықаралық» дәрежеге көтерілген «Қазақ тілі» қоғамын құруға, оның баспасөзі «Ана тілі» газетін ашуға басшылық жасады. Академик Ә.Қайдаровтың бұл тұстардағы қайраткерлігін ерекше атау керек» [1. 18] деген сөзі ешқашан естен шықпау керек. Шынында да, Ә.Т.Қайдаровтың арқасында жетім баланың күйін кешіп, есік-естіктен сығалап қалған тілімізге кәдімгідей теңдік тиіп, едәуір өркендеп, еңсесі көтеріліп, іс-қағаздары қазақша жүргізіліп келе жатыр еді. Сол қарқынмен біраз уақыт жүргенде мүмкін керемет өзгерістер тұрақталып қалар ма еді, әттең...

Сонымен қатар, академиктің көп жылдар бойы зерттеген көлемді еңбектерінен сыр шертетін «Ғылымдағы ғұмыр» атты («Атамұра» баспасынан 2000 жылы шыққан, 320 беттік, 20

баспа табактық) бес тараудан тұратын еңбегінің өн бойынан ғалымның ғылыми ортада жүріп өткен тарам-тарам жолдары мен ғылыми-шығармашылық қызметтерінің алуан түрлі ғылыми тұжырымдары мен сараптамаларын көруге болады.

«Ғалымдар ғылыммен өздері үшін емес, халықтың игілігі үшін, ғылымның өзін ілгері дамыту үшін айналысады. «Ғылым – инемен құдық қазғандай» деген сөз, сол ғылымның қиын да ауыр іс екенін көрсетеді. Сондықтан да болар, ғылым көпшілік қолды іс емес, білімді бірегейлердің ісі болып саналады. Ғылымның шарықтау шегі мен асқақ биігін, теңіздей тұңғыық тереңдігін өлшеу мүмкін емес, өйткені ол – ылғи даму үстінде болатын өміршең құбылыс» – дейді академик Ә.Т.Қайдар [2.37].

Ойдан ой өрбігенде ғана ғылым өрісі кеңейіп, өресі биіктей түсетінін, ғылымдағы жаңалық сан алуан пікірлердің толыға келе, шарықтау шегіне жететінін, ғылым әлеміндегі сан ғылым түрлерінің бір-бірімен байланыса келе, адамзат игілігіне пайдасы тиетінін ғалым, академик Ә.Т.Қайдар ерте мойындап, іргелі ғылымдардың дамуына өзіндік үлесін қоса білген.

Академик Әбдуәли Қайдар – есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркітану әлеміне әйгілі тіл маманы. Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегінің нәтижелері мен жетістіктерінен көруге болады. Ғылымдағы жарты ғасырлық ғұмырында тіл білімінің барлық мәселесіне өзіндік үлес қосқан әмбебап ғалым деуге болады. Атап айтар болсақ: 1) Лексикология, 2) Диалектология, 3) Этнолингвистика, 4)Тіл құрылысы, 5)Түркітану және алтаистика, 6) Ғылым тарихы, 7) Тіл саясаты, 8) Ғылым жалғасы, оқулық т.б.

Ғалымның көп жылдық ғылыми-шығармашылық еңбегінен ол кісінің ғылымда әмбебап ғалым екендігін мойындаймыз. Әмбебаптық дегеніміз не деген саул ғылыми ортада түсінікті де. Әмбебаптық – (ғылымға универсалды көзқарас) ғалымдар тәжірибесінде өте сирек кездесетін құбылыс. Ғалымдарымыз көбінесе бір тақырыпты алып, үнемі сол тақырып төңірегінен шықпай, айналдырып, сол тақырыпты күрделендіріп, оны жан-жақты, тереңінен зерттеп, жаңалықтарын ғылымға енгізіп жатады. Бұл дұрыс әрине, ғылымның талабы да солай болуға тиіс. Бірақ академик Ә.Т.Қайдар бір тақырыпты тереңінен «індетте» зерттеу арқылы, онымен сыбайлас, сабақтас ғылымдардың да кейбір өзіндік ерекшеліктері мен қызметіне арнайы тоқталып, өзіндік ғылыми тұжырымдарын жасауды мақсат етеді. Бұл – қарапайым ғалымның академик дәрежесіне жету деңгейіндегі қазақ тілінің құдіретін, байлығын, тілдік құпиясын сезінудегі өзіндік ерекшеліктері еді. Міне, осы орайда академик Ә.Т.Қайдардың әмбебаптығы – мың құбылатын, түрліше түрленетін тіл құбылысының сырын дүниетанымдық тұрғысынан жан-жақты арнайы қарастыруында, олардың ішкі астарына, қабатталған қойнауына терең үңілуінде дер едік.

Лексика – сөз мағынасын білдірсе, лексикология-көп аспектілі тіл білімі саласы. Атап айтқанда, тіліміздегі сөздердің байлығы, -сөзтану, сөздің шығу төркіні-этимология, ономастика, терминология, фразеологизмдер, паремиология, семасиология сияқты жеке-жеке тараулардың басын біріктіретін ғылым саласы.Түркі әлеміндегі ең танымал лексикограф ғалым ретінде академик Ә.Т.Қайдар екі бірдей тілдің (қазақ және ұйғыр тілінің) тілдік байлығын жан-жақты зерттеді.

1. «Сөзтану» яғни түбіртану – ғалымның ұсынысы мен тұжырымы бойынша, шартты түрде алынып отырған термин (атау). Оның мәні – сөз табиғатын, сөздің сан алуан сиқырлы сырын, құдіретті күшін, нәзік жаратылысын танып-білу» [3.39].

Тілімізде не көп, сөз көп, бір дыбыстан да, он дыбыстан да тұратын, көп мағынаны білдіретін,біріккен де, кіріккен де, қосарлы да, қайталама да сөздер көп. Ғалым зерттеулерінде жиі сөз болып келе жатқан «бір буынды түбірлер», «бір текті түбірлер», «бір түбірлес сөздер», «түр-түсті білдіретін сөздер», «өлі түбір», «тірі түбір», «еліктеуіш сөздер», «сырлы сөздер», «киелі сөздер» т.б атаулардың барлығы да осы сөзтануға қатысты.

2. Этимология – сөз төркінін, яғни тіліміздегі сөздердің шығу тегін зерттейтін ғылым саласы. Ғалымдардың бәрі де өздерінің зерттеу объектісіне қатысты сөздердің этимологиясын зерттеп, ғылымға енгізіп жататыны қалыпты жағдай, онсыз болмайды, онсыз ғылым дамымайды. Өзге ғалымдар секілді, академик Ә.Т.Қайдар да бұған ерекше жауапкершілікпен қарайды. Сөйте тұра оған да: «Этимология – жөнді-жөнсіз долбар айтып, сөз табиғатын өзінше түсіндіріп, машықтанудың нысаны емес, керісінше, тіл білімінің биік талабына сай, тілдің даму заңын толық меңгерген адамдардың ғана шұғылданатын күрделі кәсібі. Этимология, біле білсек, сөз тарихының ең өзекті, қиын да, күрделі мәселесі» екенін де еске салып өтеді

(43). Қоғам өмірінде этимологияның үш түрі: 1) Ғылыми этимология, 2) Қызықты этимология, 3) Халықтық этимология бар, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар екендігін айтады. Ғалымның этимологиялық зерттеулері мен сөз талдау тәсілдері өте тиімді.

3. Лексикологияның ауқымды салаларының бірі – Ономастикаға да, Топонимикаға да академик Ә.Т.Қайдар ауқымды еңбек сіңірген ғалым. Белгілі ономаст-ғалым, профессор Т.Жанұзақовпен бірлесіп жазған «Қазақстандағы қазақ ұлты өкілдерінің аты-жөнін жазуды реттеу туралы» тұжырымдамасы, «Состояние и перспективы развития казахской ономастики» //Вестник АН Каз ССР, 1983, №1. Тағы да қазақтың жер-су атауларына қатысты, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасына қатысты, тарихи-шежіреге қатысты «Қаңлы» (Алматы, 2003) көлемді еңбегінің өзі қазақ ономастикасы мәселелелін зерттеуде, жер-су атауларын түсіндіруде халыққа ой саларлық дүниелер болып табылады.

4. Терминология мәселесінде де көптеген өзекті мәселелерге тоқталған ғалым. Яғни қазақ тілі терминологиясының ғылыми-практикалық мәселелерімен 35 жыл бойы шұғылдану да екінші біріне бұйыра бермеген. Жариялаған 20 шақты үлкенді-кішілі еңбектері ол кісінің «терминолог-ғалым» екендігін дәлелдейді.

5. Семасиология – лексикологияның бұл саласына да ғалым соқпай кетпеді. Семасиология – сөзтану мәселесінің екінші бір беті ретінде, жеке дыбыстардан (фонема) бастап, морфема-лексема-сөз тіркесі, тұрақты сөз бірліктеріне қатысты, тілдің барлық саласында міндетті түрде болатын құбылыс екенін дәл тапқан ғалым.

6. Лексикография, фразеология, паремиология, диалектология сияқты ғылым түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, өз тұжырымы мен түйінін жасаған ғалым.

Ең соңында айтармыз, академик Ә.Т.Қайдар – тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының негізін қалаған тұңғыш ғалым. Этнос табиғатын тіл арқылы танып-білуде этнолингвистиканың рөлі зор болса, осыны дер кезінде ұғынып, сезініп, қазаққа, оның болмысына қатысты барлық мәселені этнолингвистикалық тұрғыдан сөйлетуге тырысқан ғалым десек, артық айтқандық емес. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» деген кітабында «этностаным», «тілтаным» арасынан туындаған этнолингвистика мәселелерін тереңнен қозғайды [4.8-29].

Белгілі ғалым, профессор М.М.Копыленко «Основы этнолингвистики» (Алматы, 1995) деген еңбегінде: «Қазақ этнолингвистикасының туындап, дамуына Ә.Т.Қайдардың жеке басының және шәкірттерінің қосқан үлесін айрықша атай келіп, «Ә.Қайдар төңірегінде қазақ этнолингвистикалық мектебі қалыптасты» деп атап өтуі бекер емес. Шынында да ғалымның тікелей жетекшілігімен 80-ге жуық шәкірттерінің ғылым табалдырығын аттауы – Қазақстан ғылымына қосылған зор үлес дер едік.

Осы жерде тақырыпты ашатын, бір маңызды бір мәселені айтпай өтуге болмайды. Академик-ұстаздың ғылымдағы өзіндік ерекшелігі – «Ұстаздан шәкірт озар» деген ұстаныммен өмір сүруі, шәкірттерінің болашағына, ғылымдағы жетістігіне сеніммен қарап, олардың ғылым баспалдағымен жоғары қарай өрлей беруіне игі ықпал етуі. Жетекші ретінде, шәкіртінің таңдаған тақырыбына талапшылықпен қарауы, сол жолда ғылым деген ұзақ сұрлеуден адаспай жүруін ұғындыруы, сол арқылы шәкірттерінің ел игілігі үшін, ғылым үшін аянбай еңбек етуі болып табылады. Сондықтан академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың ғылымға қосқан үлесі – оның идеясын әрі қарай дамытып, игілікті ісін жалғастырып отырған, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде тұлға болып, абыройға бөленіп, ғылыммен айналысып жүрген шәкірттерінің де арқасы деп сенімді түрде айта аламыз. «Қарапайым жұрттан ғалымның айырмашылығы – айдың басқа жұлдыздардан артықшылығындай» делінген екен Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде.

Ендеше, ғалым-ұстаз Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар сондай, жүзінен мейірімі төгілген, адами қасиеті басым, мәдениеттіліктің, қарапайымдылықтың символындай бола тұра, өмірін ғылымға арнаған, жеткен жетістігіне тасымаған, тіл біліміне ерекше үлес қосқан, қазақ, ұйғыр тілдерінің көптеген мәселелерін «індете» зерттеген, шәкірт дайындауда, ғылымның көкжиегін кеңейтуде еліміз бойынша рекорд жасаған әмбебап ғалым дер едік.

#### Әдебиет

1. Оразбаева Ф.Ш. Тағылым. Рабиға Сыздықова «Тұмардай түйін». 18 б.
2. Қайдар Ә.Т. «Ғылымдағы ғұмыр» Алматы «Атамұра» 2000, 37 б.
3. Қайдар Ә.Т. Библиография. Алматы, «Арыс», 39 б.



4. Қайдар Ә.Т. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері «Қазақ этнолингвистикасы» Алматы, 1998, 8–29 бб.
5. Мұтанов Ф. Өнегелі өмір/ ред басқарған – Алматы. Қазақ университеті, 2018.

**Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ЖҮЗ ЖЫЛ: ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР**

Биыл үстіміздегі 2024 жылы ғасырлық мерейтойын ел-жұрты тойлағалы отырған көзі тірісінде ана тіліміздің абызы, «тіл тамыршысы» атанған, түркі әлемінің озық түркітанушысы, ғылымдағы ғибраты мол абыз тұлға – Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың туғанына 100 жыл толады. Академик Әбдуәли Қайдардың Эдельвейске шыққандай ғылыми ғұмыры туралы баспасөз бетінде көптеп жазылып жатыр. Барлық шәкірттері сияқты ұстаз туралы азды-көпті ойыммен бөлкім келді

Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің өмірде, ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы туралы қасиетті Құран Кәрімде жазылған екен. Тарихта парасатты ұлы тұлғалар ұстаздарына ерекше құрметпен қарап, ізетпен еске алған деседі. Мысалы, Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылай хан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқожаны, Жамбыл – Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз пір тұтқан екен. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған. Сондықтан да, ұстазды сыйлау, құрмет тұту, ардақтау, еске алу, естелік жазу – осындай ойлардан туындайды.

Бар ғұмырын ғылымға сарп еткен Әбдуәли ағайдың адами болмысы, ұстаздық бейнесі мен қоғамдағы рөлі үлкенге ғибрат, кішіге өнеге болды. Ұзақ жылдар бойы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті мен қазақ ғылымының қара шаңырағы Ғылым ордасының арасына талай жол салды. Ағайымыз тақта алдында асықпай баппен этимологияның сан-қырын мысалдармен қызықтыра талдайтын. Тілдің күрделі ғылым екендігі, бұл ғылымға бару үшін оның алғы шарттары, баспалдақтары болатынын, тіл мен елді қатар сүю керек екенін, жалықпай үйретті. Осылайша ұлағатты ұстаз талай шәкірттерінің жүрегіне шырақ жақты. Сөйтіп, 20-ға жуық ғылым докторларын, 70-ке жуық ғылым кандидаттарын, 40-қа жуық диплом жұмысына жетекшілік етті. Бұл шынайы ұстаздың қолынан ғана келетін іс болса керек!! Ол – тек академиялық монографиялар жазып қоймай, мектеп пен жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап оқулықтар да жазған ғалым. Осы уақыт аралығында 8 оқулық және әріптестерімен бірге жалпы саны 32 кітап жазған екен.

Академик Әбдуәли Қайдар ой-толғауларын үш тілде қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде жазды. Ғылымдағы ғұмыры лексикология, диалектология, этнолингвистика, тіл тарихы, түркітану, алтаистика, тіл саясатымен тығыз байланысты болды. Қазақ этносын, шығу тарихын, этнос тілінің пайда болу тарихын, тілдегі базалық лексика құрамы мен құрылымын, тіларалық байланыстар әсерін зерделейтін, тілдегі сөздердің тарихи қозғалысын, пайда болу жолдары мен даму заңдылықтарын зерттейтін тарихи этнолингвистика нысан мен міндеттерін алғаш рет анықтап берген де академик Ә.Қайдар.

Ұлтжанды қайраткер Әбдуәли Қайдар қазақ зиялыларының бірі болып ғана қоймады, бірегейі болды. Қазақ тілі мен ділі, ғылымы мен мәдениеті, тарихы мен этнографиясы т.б. ұлттық құндылықтарын түгендеп, ғылыми тұрғыдан зерделеп, «Қазақ қандай халық?» деп сауал қойды. Оған өзі жауап жазып, келешек ұрпағына аманат ретінде энциклопедиялық деңгейдегі дүние қалдырды.

Ғалым-ұстаз «Түркітануға кіріспе» атты түркі халықтарының тілдері мен тілдік жазба ескерткіштері туралы теңдессіз еңбегін түркітану мамандығында, жалпы филологияда оқып

жүрген талапкер жастарға қалдырды. Қазір өзім осы Ұлттық университетте қызмет ете жүріп, осы бай қазынаны игерту – мен үшін қасиетті борыш деп санаймын.

Қазақ тіл білімінің, түркітану мен алтайтану бойынша әлемдік деңгейдегі құнды зерттеулер жазған ғалымның бұрынғы еңбектерін айтпаған күнде соңғы жылдары жарық көрген зерттеулерінің өзі – танымдық деңгейі терең, әр қазақтың отбасында тұруға лайық рухани дүниелер. Тілдің түп тамыры – этимология десек, әр кезеңдегі тілдік, танымдық т.б құбылыстарын «індете» зерттеп, оны өзінің өміріне өзек ете отырып, қазақ халқының рухани мәдениетін табанды түрде дамытуға үзбей үлес қосқан нағыз ғалым.

Атап айтсақ, «Қаңлы» атты тарихи зерттеуі – бүкіл қазақтың шығу тарихымен байланыстырыла зерттелген тарихи-танымдық туынды. «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» деп аталатын қазақша-орысша фразеологиялық сөздігі қазақи менталитет пен салт-дәстүр бейнеленген түркілер тіркестердің жасалу табиғатын түсіндіреді. Ал, «Халық даналығы» атты қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі көркем сөз өнерінің қазақ ұлтының даналығы ретінде сипаттайды. Ұлы ұстазымнан үлгісімен мен де биыл «Түркі ономастикасы: жалқы есімдердің этнолингвистикалық түсіндірмесі» атты кітабымды жазып, жарыққа шығардым.

Түркітанушы Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдардың соңғы жылдары жарық көрген «Қазақтар ана тілі әлемінде: «Адам», «Қоғам», «Табиғат» атты 3 томдық этнолингвистикалық сөздігінің жарыққа шығуының өзі бір құбылыс болды. Олай деуге себеп 91 жасында «Фаусты» жазған Гете, 80-ге келгенде грек тілін үйренген Катон, 90-ға келгенде этнолингвистикалық сөздік шығараған академик Ә.Қайдарды феномен демесеке болмас!

Ол тәуелсіздіктен екі жыл бұрын 1989 жылы «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын» деп, «Қазақ тілі» қоғамын құру үшін мылтықсыз майданда күресті. Академиктің «қазақ тілінің мәні де, сәні де тек қазақ топырағында ғана бағаланбақшы» деген сөзі уақыт өткен сайын бедерленіп, күн тәртібіндегі талас-тартыстың тұғырынан әлі түскен жоқ. Қазір қазақ халқының рухани дамуы бір жолайықта тұрған сияқты: шешімін таппаған мәселелердің қатарында алфавит таңдау проблемасы да тұр. Алфавит – халықтың рухани болмысын қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі, ол бір топтың, жекелеген қайраткерлердің еркімен немесе басқалардың ықпалымен шешілетін мәселе емес. Жалпыға белгілі, өткен ғасырда біз әліпбиді үш рет ауыстыруға мәжбүр болдық, 1929 жылға дейін араб әліппесіне негізделген төте жазуды, 1940 жылға дейін латын жазуын пайдаландық, одан кейін кирилдік алфавитті қолдандық.

«Әліпби – екі жүзді өткір құрал» деп қоғам қайраткері Аманкелді Айталы айтқандай, әлемді отарлаған Англия, Испания сияқты елдер латын әліпбиін отарлау саясатының құралына айналдырды. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келеді. 1991 жылы осы мәселені ең алғаш көтерген Әбдуәлі Қайдар болатын. Содан бері бұл мәселе ғылыми ортаның талқысына көкпардай талай рет түсті: тіл мамандары, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, түрлі БАҚ өкілдері бұл тақырыпты талай рет көтеріп, көптеген пайдалы ұсыныс-пікірлер, нақты іс-шараларды қабылдаудың жолдары айтылды.

1993 жылы Түркия сыртқы істер министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан және Түркіменстан ғалымдарының жиыны Анкарада өткен болатын. Әбдуәлі Қайдар Қазақстанның делегациясын басқарып барып, барша түрік халықтарына ортақ 34 таңбаның негізінде жасалған 27 әріптен тұратын латын әліпбиінің жобасына Қазақстан тарапынан қол қойған еді. Бұл Анкарадағы сол жиында қабылданған. Ал түрік халықтарына ортақ латын әліпбиінің жобасын қоса отырып, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына ашық хат жазып, «Ана тілі» газетінде 1993 жылдың аяғына қарай жарияланғаны жұрттың бәрінің есінде болар.

Қазақ тіл білімінің Алатаудай алып тұлғасы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Башқұртстан Ғылым академиясының құрметті академигі, Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор, Халық ағарту ісінің үздігі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құрметті директоры, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті атанды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев абыз ғалымның 85 жасында былай деп ой толғаған еді: «Етегі мен төскейлері, қойнаулары алуан

түрлі жан-жануарға, малға толы ен жайлау болады. Мұндай таулар өзінің көз ұшындағы заңғар биігіне, ақ қар, көк мұзға оранып жатқан төбесіне дейін бірте-бірте биіктейді. Биіктігі байқалмайтын таулар, міне, осындай болмақ. Академик Әбдуәли Қайдардың тұлғасы осы тауларға меңзеп тұрады».

Ұстазымның тағы бір ұлағаты білемін деп тасынбаған, «білгенім бір тоғыз, білмегенім бір тоғыз» деп отыратын.

Ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, оның әр саласының қалыптасып, дамуына, зерттелуінде көшбасшы бола білген, ұлан-ғайыр еңбек еткен Әбдуәли Қайдардың қазақ ғылымы мен түркі әлеміндегі алар орны жоғары екендігі сөзсіз. Оның ғылымдағы сара жолы – сарқылмас қазына. Университетте дәріс берген ардақты ұстазым, ғылымдағы жетекшім Әбдуәли Қайдардың артына қалдырған мол мұрасын ұрпағына жеткізу, оқыту парызымыз бен қарызымыз болмақ.

**P.S.** Ертеден жеткен бір тәмсіл бар екен: «Бақытты кімге берер едіңіз?» деп сұрапты шәкірт ұстаздан. «Кім көп оқыса, соған берем, – деген екен ұстазы.

**Зубайра САДЫРБАЕВА**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
ғылыми қызметкер  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ТІЛ – ҒҰМЫР

Ана тілінің абызы, тіл білімінің көрнекті өкілі, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың ғалымдық бейнесін, қазақ тіл біліміне, ұйғыр тіл біліміне, түркітануға қосқан үлесін көпшілік жақсы біледі. Академикпен он бес жылдай бір бөлімде жұмыс істеген әріптесі ретінде тұлғаның кісілік, азаматтық қыры туралы айтқым келеді.

«Мәдени мұра» жобасының аясында қазақ әдеби тілінің сөздігін жасау жоспарланып еді. Ана тіліміздің әр сөзін жіпке тізгендей түгендеу бәрінен бұрын тіл мамандарының міндеті мен парызы болды. Сөздік авторлары өздеріне тиесілі бөлігіне қатысты материалдарды әр жерден жинап, теріп, бір-біріне желімдеп алып келетін. Біздің міндетіміз сол сөздердің шашауын да шығармай компьютерге басу еді. Өз арамызда «жаялық» деп атайтын бұндай қима қағаздардың үлкендігі кейде газеттің екі бетін қосқандағыдай үлкен боп кететін. Оның басынан аяғына дейін шатаспай басу, рет ретімен орналастыру да оңай шаруа емес еді. Ғылымдағы «қара жұмысқа» көміліп отырған мені Әбекең Институт дәлізінен әрі-бері өткенде байқап, аманда-сып жүретін. Сол кездегі Институт директоры Көбей Шахметұлы Хұсайыновқа өзі кіріп, мені Этнолингвистика бөліміне ауыстырып алды. «Зубайра, бұл сөздіктің «қара жұмысы» ешқашан еленбейді, бітпейді. Одан да бөлімге кел, мен саған тақырып берейін, мүмкіндігің бар, қорғап ал», – деп ағалық қамқорлығын білдірген еді. Әбекең тек маған емес, сол кездегі жастардың барлығына ағасындай қамқор болып жүретін. Ауылдан келген қара сирақ балалардың бірінің пәтер мәселесін шешіп берсе, бірінің жұмысқа тұруын қадағалап, енді бірінің ғылыми атақ алуына жәрдемін бергенін сол кездегі Институт құрамы ұмытпаған болар. Ағайдан тақырып алып, сол кездегі сұранысқа сәйкес мақалаларымды жариялап, тақырыбыма қатысты еңбектерді қарап жүргенімде жеке басыма қатысты қайғыға ұшырап, жұмысыма мүлде қарай алмай кеттім. Кейін диссертациялық кеңес жабылып, әртүрлі өзгерістер болып кеткендіктен ғылым кандидаты дәрежесін қорғай алмай қалдым. Сонда Әбекең 90 жасында «Зубайра, сені қорғата алмағаным өкінемін. Сені қорғатуым керек еді... Шамаң жететін еді... Алайда сен әйелге Алланың берген негізгі миссиясын орындадың. Дүниеден өткен ұлыңның орнына осындай жастарыңда ұлды болып жатырсындар. Сондықтан сенің дәрежең академиктен де жоғары», – деді. Бастаған ісін соңына дейін жеткізу, өзгенің өміріне бейжай қарамайтындығы, жауапкершілігі мені таңғалдырды. Және сол бір жылы сөзі жанымды жылытқаны да жасырын емес...

Сексеннің сеңгіріне шыққан шағында: «Шіркін, уақытын сататын адам бар ма екен, бар болса мен ойланбай сатып алар едім. Әлі 20 кітап жазуды мақсат етіп отырмын», – деген еді... Саналы ғұмырын тіл біліміне арнаған, қанша еңбек (500-ге тарта) жазған, қанша шәкірт тәрбиелеген (85-ке жуық), ғылымның ауыр жолында барлық лауазым, атақ, дәреже

баспалдақтарынан өткен ғалымның бұл сөзіне мен ойланып қалдым... Сол сөзінде тұрып, өмірден озған шағына дейін жиырма кітабын баспадан шығарды.

Тағы бірде, 93 жасқа келген кезі, институт қызметкерлері Әбекенді туған күнімен құттықтап үйіне бардык. Әдеттегідей Шекер жеңгеміздің мол дастарханында ағайдың ақылы мен естеліктерін тыңдап, арқа-жарқа отырдық. Бір ғасырға жуық өмір сүрседі сөзі түзу, ойы анық болатын. Бір кезде ағай орнынан тұрып: «Менің жүз жасағым келеді», – деді де, біраз үнсіздіктен соң: – «Бұл дүниеқоңыздық емес, мына жалған дүниені қимауым емес... Әлі де ғылымға берерім бар еді, шіркін, тағы біраз мүмкіндігім болғанда...», – дегені есімізде.

Әбекең күнделікті уақытын қатты қадағалайтын. Әр сағатын текке өткізгісі келмейтін еді. «Ғалым үшін уақыт – ғылымның өлшемі» деген еді бір сөзінде. Таңның атысы, күннің батысына дейін қолдарынан телефонын тастамай, керек те, керек емес те ақпаратпен санасын улап жүрген қазіргі жас буын академик Әбдуәли Туғанбайұлының осы қасиетін бойына сіңірсе екен деген ойда қаламын.

Әбдуәли ағамыз өте ұқыпты болатын. Қолжазбаларын ақ парақты екіге бөліп, соның алды-артын толтырып жазатын. Он алты жасынан-ақ қан майданға араласып, от пен мұздың арасында алдыңғы шепте соғысқан Әбекең әр нәрсенің қадіріне жете білген, ысырапшылдыққа жаны қас адам еді. Суретті жақсы салатындығы жазуынан көрінетін. Тап-таза, анық, әдемі жазатын. Көрген білгенін, естігенін қағазына түртіп, жазып жүретін. Бізге де соны ескертіп отыратын еді. «Адамның жады қандай мықты болса да, күнделікті күйбен тірлікте ұмытып кететін сәттер болады. Соған қоса, қағазға түскен дүние ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан жазып жүріңдер», – дейтін.

Адам ортаға білімімен емес мінезімен сияды. Саналы ғұмырының жарты ғасырға жуық уақытын тіл біліміне арнаған, оның қырық жылға жуық уақытын, оның 14 жылы директордың орынбасары, 16 жылы директор қызметінде өткен ғылыми-ұйымдастыру ісіне, басшылыққа арнаған Әбекеңнің дауысын көтергенін, біреумен тістесіп жүргенін көрген, естіген емеспіз. «Елу жылдан астам уақытта бір жерде ғана қызмет етіп, сол жердегі бірде бір адаммен шәй десіп көрмеппін», – деп отыратын. Осының бәрі адамның адами бейнесінің қалыптасуына, ортасына сіңуіне, құрмет пен сыйға бөленуіне әсер ететін негізгі факторлар.

Әбекең, Әбдуәли ағай... Ақырын жүріп, анық басатын. Дауысы да жай, қоңыр үнмен шығатын, Институттың әр қызметкеріне жайлы басшы, өзінің әр шәкіртіне жанашыр ұстаз, қатарластарына сенімді серік, ұстаздарына білімді шәкірт, отбасына арқа сүйер азамат, тілі біліміне еңбегі сіңген қайраткер бола білген Әбекенді адами тұрғыда біз осылай таныдық, осылай жақсы көрдік.

*Жазира АҒАБЕКОВА  
Назарбаев Университеті  
филология ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМИЯЛЫҚ КЕҢІСТІГІ**

**Андатпа.** Халықтың ұлттық жады мен санасын саралауда кісі есімдері мен халықтың атау беру дәстүрі, салты мен ырымдарын зерттеу маңызды рөл атқарады. Осы саланы ғылыми жүйеге келтіріп, зерттеу бағытын көрсетуде, ғылыми орта қалыптастыруда академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың еңбегі үлкен. Осы мақалада ғалымның қазақ антропонимиясы бойынша жазған мақалалары мен ғылыми бағыттарына, пікірлері мен ұсыныстарына шолу жасалады.

**Тірек сөздер:** Ә.Т.Қайдар; ономастика; антропонимия; қазақ тілі; кісі есімдері.

**Аннотация.** Изучение личных имен, а также традиций, обычаев, связанных с процессом именования, играет решающую роль в понимании национальной памяти и сознания народа. Значительный вклад в систематизацию данной сферы, определение научных направлений и формирование исследовательской среды внес академик Абдуали Туганбаевич Кайдар. В статье представлен обзор его научных

трудоу, посвященных казахской антропонимии, в том числе основных направлений исследований, высказанных идей и предложений.

**Ключевые слова:** Ә.Т.Қайдар; ономастика; антропонимия; қазақшый язык; имена.

**Abstract.**The study of personal names, along with the traditions, customs, and rituals associated with naming practices, plays a critical role in comprehending the national memory and consciousness of a people. Professor A.T.Khaidar made a significant contribution to the systematization of this field, the establishment of research directions, and the development of a scholarly foundation. This article offers a comprehensive analysis of his academic contributions to the study of Kazakh anthroponymy, highlighting key research trends, theoretical insights, and proposed methodologies.

**Keywords:** A.T.Khaidar; Onomastics; Anthroponymy; Kazakh language; Proper names.

Кісінің аты-жөніне қатысты зерттеулер ономастиканың антропонимия саласына қатысты. Қазақ тіл білімінің заңғар биігі саналатын ғалым Әбдуәлі Қайдардың антропонимия саласында қалдырған ізі орасан. Елдің егемендігін алмай тұрып -ақ «Кісінің аты-жөні ұлттың паспорты» екендігін атап көрсете отырып ғалым -ов//ова, ин//ина, ович//евич, овна//евна антропонимиялық форматтарын орыс тілінің идеологиялық қосымшалар екенін халыққа ресми алғаш рет түсіндіріп, мақала жазды [1]. Осы мәселені көтерудің арқасында Қазақстан егемендігін алғаннан кейін ономаст-ғалым Т.Жанұзақовпен бірге «Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы» Тұжырымдамасын жазып шықты. Онда авторлар «Республикада тұратын қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилиялары жайлы жаңа тұрғыдағы үш мүшелі антропонимиялық жүйені, олардың ресми және биресми, жазбаша және ауызша қолданылуына қарай, Қазақстан Республикасында Мемлекеттік -құқықтың тәжірибеге енгізу үшін үш құрамды қолданысын ұсынады»[2]. Сонымен қатар, «кезінде қазақтардың фамилиялары мен әкелерінің аттарына зорлап телінген -ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина, -н, -на, -ович, -евич, -овна, -евна сияқты орыс тілінің арнайы аффикстерінің қолдану жазбаша нұсқада да, ауызша айтылуында да тоқтатылсын» дей келе қазақ аты-жөндерін транслитерациялау үлгілерін ұсынады. Аталған Тұжырымдамада қазақ азаматтардың фамилиясын жазбаша рәсімдендіру және фамилия таңдаудың ұстанымдары, транслитерациялау қағидалары, әке атын рәсімдерін беру және жазу ұстанымдары, ат қою тәртібі, есім берудің емлелік ұстанымдары туралы нақты әрі түсінікті беріледі. «Әсіресе араб-иран тектес есімдерді, олардың о баста тілдік-мағыналық құрамдық бөлігіне қарай бөлшектеу, бөлу дәстүріне еліктеушілік әдетті тоқтату керек. Мысалы:Сейіт-Ахмет, Әбіл-Қасым, Қожа-Ахмет сияқты есімдер қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес бірге жазылады» [2]. Ғалымдар қазақ азаматтары өз есімдерін индексациядан өткізулерін де ұсынады. Бұл концепция қазіргі күндегі Қазақстандағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін қазақша жазуға мүмкіндік алуына негіз болды және кейбір қазақ азаматтары есімдерінің басқа тілдерге дұрыс транслитерациялануына мүмкіндік берді.

Қазақ антропонимиясын толық және ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеуді ғалым Ә.Қайдар ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап негізгі мәселе етіп қоя бастайды. Қазақ ономастикасының атасы Телқожа Жанұзақовпен бірге жазған «Состояние и перспективы развития Казахской ономастики» атты мақаласында сол кезеңдегі қазақ ономастикасы бойынша ғылыми еңбектерге шолу жасайды, ономастиканың зерттеліп жатқан бағыттарын көрсете келе негізгі проблемаларына да жан-жақты тоқталып кетеді [3]. Кеңестік дәуірдегі бірінші болып саналатын ғылыми басылымда Қазақстан ономастикасы бойынша ғылыми мақаланың жарыққа шығуы басқа Республикалардағы атауларды дербес алып зерттеуге мұрындық болды. Сол кездің өзінде авторлар антропонимияны ғылыми тұрғыдан зерттеу барысында сөздіктер жасауға назар аудару керектігін және топонимдер мен антропонимдердің картасын жасауды ұсынды.

Әбдуәлі Қайдаров кісі есімдерінің бойынша ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани және ұлттық дәстүр жатқанын, жалпы түркі халықтарындағы есім беру дәстүрінде ортақ жағдайлар болғанымен, олардың өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар екендігін айтып өткен. Алғаш рет «Ұйғырша-орысша сөздік» шығарғанда сол еңбектің соңына Ұйғыр халқының есімдерінің 1000 ға жуық тізімін береді. Кейіннен осы есімдерді зерттей келе ұйғыр халқының



өздеріне тән есім беру, оның ішінде, лақап есім беру дәстүрін саралап, мақала жазып шығады.

Ғалым Ә.Қайдаров қазақ есімдерінің этноспен байланыса отырып пайда болатын рухани феномен ретінде қарастырады. Қазақ ру тайпаларының көбінің атауы кісі есімдерінен тұратынын ескерсек, бұл құбылыстың қазақ тарихымен, менталитетімен тікелей байланысты екенін көреміз. «Абайдан» «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер» деген мақаласында ғалым қазақтың байырғы есімдері мен олардан шыққан 200-ден астам аталық, ру-тайпа есімдерін жинақтап тілдік табиғатын көрсетеді [4]. Бұл есімдердің «жұмбақ аталуының» себебін түсіндіре келе осы есімдердің табиғатының көмескіленіп, қазіргі заманда түсініксіз болуына байланысты екенін жазады. Сол себепті ғалым осындай есімдердің формаларына, оларды жасаушы форманттарын талдап береді. Ғалым осындай көне түбірлі есімдерді зерттеуді түркі тілдерінің тарихымен байланыстыра зерттеу арқылы көне элементтерге жол ашылатынын айтады. Қазіргі уақытта қазақ халқында айтуға жеңіл, жазуға оңтайлы, мағынасы айқын есімдерді қою тенденциясы өріс алуда. Осы орайда -ай//ей//й форманттарының қазақ тіліне тән модель екендігін түсіндірсек тіл байлығын, табиғатын сақтауға септігін тигізер еді.

Ғалым еңбектерінде көне есімдерді зерттеуге басты назар аударады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны негізінде жазылған «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында» атты мақаласында кісі аттарына ерекше тоқталады[5]. Эпостағы кісі есімдерінің көнелігіне басты назар аударған Әбдуәли ағамыз осы шығармадағы есімдердің біразы ғана дәстүр жалғасы бойынша бүгінгі күндері қолданылып отырса, кейбір есімдердің қолданылмайтындығын немесе сирек қолданылып жатқанын айтады. Осы шығармада жалпы эпос пен фольклордағы антропонимдерге тән көне дәстүрдің бар екендігін жән оны өз алдына зерттеу керектігін айтып кетеді.

Антропонимия этностың санасымен, ментальдық ұғымымен тікелей байланысты. Сондықтан кісі есімдерін халықтың болмысынан туындап, санасында електен өтіп, жадында сақталып, тіл арқылы баладан балаға мәдени, рухани байлық ретінде ауысып келе жатқан артефактілердің жиынтығын зерттейтін ғылым саласы этнолингвистикалық бағытта зерттеу өзекті еді. Қазақ этнолингвистикасын қалыптастыруда үлкен орны бар Әбдуәли Қайдаров кісі есімдерін этнолингвистикалық бағытта зерттеуді де ұйымдастырып, өзі бастап шәкірттерін кісі есімдерін этнолингвистикалық бағытты зерттеуге баулыды. Ғалымның «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық еңбегінің жетінші тарауының «Кісі аттары» деп аталуы осы саланың маңыздылығын көрсетеді[6]. Еңбекте қазақ есімдері қолданылып жүрген өзіндік ерекшеліктеріне байланысты үш түрлі принципке байланысты жіктелген. Алғашқы принцип: есімдерді тегіне байланысты бөлу. Бұл жерде есімдер ер және әйел есімдерімен қоса, үшінші топ «қосымша топ» аталады. Оған ер адамдарға да әйелдерге де берілетін есімдер жатқызылған. Екінші принцип қазақ есімдерінің тарихына байланысты. Автор есімдерді дәуірлеу принципіне байланысты бөледі: көне есімдер, замана талабына сай іріктелген, жаңа үрдіске қатысты есімдер. Үшінші принципте кісі есімдерінің тұлғасына, құрамына, құрылымына қарай ажыратып бөлінеді. Бұл соңғы екі принципте де есімдер ер және әйел есімдері болып бөлінеді.

Ғалым А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов сынды бірқатар қоғам қайраткерлері мен жазушылардың бүркеншік есімдерін қолданылған деректерді көрсете отырып мысалдармен жазып шығады.

Ә.Қайдар кісі есімдерінің табиғаты мен құрылымын, этимологиясын зерттеуді халық тарихымен байланыстыратын код ретінде қарастырады. Соның негізге ала отырып өз шәкірттеріне осы бағытта жұмыс жасауға ынталандырады. Ғалымның жетекшілігімен қорғалған ғылыми жұмыстың бірі – поэтикалық ономастикаға арналды. Байырғы қазақ фольклорынан бастап, қазіргі қазақ қаламгерлері туындыларындағы жалқы есімдер әлемі, оның ішінде сатиралық-юморлық кейіпкерлердің тілдік табиғаты, этностың ұлттық әлемін өз бойына сіңірген жалқы есімдерді жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес зерттеу, қазақ болмысы мен күлкісін когнитивтік тұрғыдан қазақ ономастикасы материалдары негізінде зерттелген ономастиологиялық-этнолингвистикалық аспектіде қарастырылған еңбек Г.Қ.Қортабаеваның «Қазақ ономастикасы: поэтонимдердің этнолингвистикалық сипаты (сатиралық-юморлық шығармалар бойынша)» атты кандидаттық диссертациясы болды [7]. Жұмыста байырғы қазақ фольклорынан бастап, қазіргі қазақ қаламгерлері туындыларындағы жалқы есімдер әлемі, оның ішінде сатиралық-юморлық кейіпкерлердің тілдік табиғаты, этностың ұлттық әлемін өз бойына сіңірген жалқы есімдер жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес зерттеліп, қазақ болмысы мен күлкісін когнитив-

тік тұрғыдан қазақ ономастикасы материалдары негізінде қарастырылған. Бұл еңбек қазіргі уақытта өзекті болып отырған поэтонимдерді зерттеуге мұрындық болды.

Әбдуәли ағайдың жетекшілігімен қорғалған тағы бір еңбек қазақ тіліндегі араб тілінен енген кісі есімдерінің табиғатына байланысты[8]. Осы еңбектен бастап қазақ ономастика тарихында, ғалымның тікелей ұсынысымен, қазақ тіліндегі «араб текті» деген термин пайда болды. Өйткені қазақ антропонимиялық кеңістігінде араб тілінен енген есімдер саны көп және олар тілдік игеру арқылы қазақ тіліне сіңісіп, өздерінің бастапқы формаларын жоғалтқан. Ол есімдерді араб халқы өз сөздері ретінде мойындамайды, ал қазақ тіліне есім ретінде кіргенімен тілдік нормалардан ауытқушылық бар. Сондықтан да қазақ ономастикасының атасы Жанұзақ Телқожа ағамызбен кеңесіп, келісе отырып «қазақ тіліндегі араб текті есімдер» деген термин ұсынды.

Академик, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың қазақ антропонимия саласына қосқан үлесі мен салған ғылыми жолы әлі де жалғасады.

#### Әдебиет

1. Қайдаров А. Халқымыздың паспорты// Ана тілі газеті. 1990 ж.
2. ҚР Министрлер қабинетінің жанындағы Тіл комитеті. Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы Тұжырымдама.
3. Қайдаров А.Т. Жанузаков Т. Состояние и перспективы развития Казахской ономастики //Вестник АН КазССР.1983. №1, 44–49 бб.
4. Қайдаров А.Т. «Абайдан» «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер»// «Тілтаным», 2005, №1, 53–66 бб.
5. Қайдаров А.Т., А.Мұқатаева. «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында». Тіл білімі институты. Қазақ ономастикасының мәселелері. Қазақ ССР. Алматы. Ғылым., 1986. 5–16 бб.
6. Қайдар Ә. 3 томдық «Қазақтар: ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік» (Т 1. Адам. Алматы, 2009; Т. 2. Қоғам, Т. 3. Табиғат. Алматы, 2013. – 608 б.
7. Қортабаева, Г. Қ. Қазақ ономастикасы: поэтонимдердің этнолингвистикалық сипаты (сатиралық-юморлық шығармалар бойынша) - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 237 б.
8. Ағабекова Ж.А. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. дисс.. – Алматы, 2005. – 131 б.

*Эльмира ӨТЕБАЕВА*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
филология ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### АКАДЕМИК Ә.ҚАЙДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СӨЗДІГІ

**Андатпа.** Мақалада академик Ә.Қайдардың қазақ этносының болмысына қатысты мағыналық бірліктердің жиынтығы мен синтезін таныту мақсатында «Қазақтар: ана тілі әлемінде «Адам», «Қоғам», «Табиғат» атты 3 томдық этнолингвистикалық сөздігі ана тілі байлығын толық та жүйелі түрде менгеруге арналған еңбек екендігі сөз болады.

**Тірек сөздер:** этнолингвистика, Адам, Қоғам, Табиғат, этнос, этнографиялық ұғым-түсінік.

Ұлттық тілдің ерекшелігін, табиғатын ашу бағытында тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен және мәдениетімен тығыз байланыста қарастыру – қазіргі тіл білімінің, соның ішінде қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ тіл білімінде алғаш рет қазақ этнолингвистика саласында жинақталған тәжірибені теориялық әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылаған, тиісті ғылыми талдау жүргізген академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың есімі ерекше.

Академик Әбдуәли Қайдардың қазақ этнолингвистикасына арнаған зерттеулерінің нәтижесі ретінде «Қазақтар: ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік) үштомдық Адам. Қоғам. Табиғат атты лексикографиялық зерттеуі өзінің өзектілігімен де, ғылыми-практикалық

мәнімен де қазақ тіл біліміндегі, тіпті қоғамдық ғылымдар саласындағы күрделі де деңгей биік жұмыстардың санатына жатады. Бұл еңбек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркі тіл білімінде ерекше мәдени құбылыс болып саналады. Сөздікте адамға, қоғамға, табиғатқа байланысты тілдік бірліктер, яғни лексика-фразеологиялық, паремиологиялық және басқа да қолданыстар тақырыптық жағынан топтап, жүйелеп, әрқайсысына түсініктеме, анықтама берілген. Нәтижесінде сол анықтамалар мен түсініктемелерден халқымыздың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, ұғым-түсініктері, мәдени-рухани болмысы, сана-сезімі, білімі, талғам-таразысы, ақыл-парасаты, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрі – бәрі-бәрі түгелдей көрініп тұр.

Алфавиттік сөздіктердің қай түрі болмасын, өз принципіне байланысты этнос әлеміне тән ұғым-түсініктердің бәрін аталуына қарай алфавит тәртібімен орналастырып, оларды о баста пайда болған өз «ортасынан» да, ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи жүйесінен де бөліп алып бас-аяғын араластырып беруге мәжбүр. Алфавиттік сөздіктерден әркім өзіне қажетті сөзді оның айтылуы мен жазылуын дұрыс білгенде ғана тез іздеп таба алады. Бұл оның, әрине, бір артықшылығы. Мәселен, түсіндірме сөздіктерден шипалық, емдік қасиеті бар шөп атауларын қарағыңыз келсе, том-том сөздікті түгел ақтарып, реестр сөздердің анықтама-түсініктемесімен түгел танысу арқылы ғана табуға болады.

Түсіндірме, аймақтық, терминологиялық т.б. сөздіктер этнографиялық лексиканы бір шама қамтығанымен, оны арнайы сөз етпейді және кез келген сөздер мен сөз тіркестерінің номинативтік мағынасынан тыс, оның сыртында тұратын этнографиялық ұғым-түсініктерді түгел ашпайды және ол туралы толық мәлімет бермейді. Себебі бұлардың бәрі ол сөздіктердің ғылыми принципі мен мақсатына жатпайды. Этнографиялық сөздіктердің ерекшелігі әдеттегі сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем көне байырғы сөз өрнектерін қамтылуында.

Ғалымның этнолингвистикалық сөздігінен өзіңізге қажетті сөздерді оның мағына, түсінігі арқылы іздеп, ол жататын тақырыптық топтардың жүйесінен тез тауып аласыз және сол сөзді қоршаған контекст арқылы оған қатысты басқа да мағлұматтармен таныса аласыз. Мұнда тілдік фактілер әдеттегідей алфавит тәртібімен емес, белгілі бір ұғым, түсінікті білдіретін негізгі мағыналық бірліктермен бірге туынды және қатысты мағыналық бірліктердің топтастырылып, негізгі мағыналық бірліктің ұғым-түсініктері түгел ашып түсіндірілген.

Адамның болмыс-бітімін, табиғатын сипаттауға арналған еңбектің «Адам» деп аталатын 1-томы адамның ана құрсағында жатқан сәтінен, өмірге қадам басқанынан бастап тұрмыс-тіршіліктің ашы-тұщысын өткерген жанның бақиға дейінгі тағдырын, өмір-тіршілік етуіндегі қасиеттері мен ерекшеліктерін тіл байлығындағы сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, бейнелі сөз орамдарымен көрсетілген тілдік бірліктердің мағынасын ашып түсіндірілген.

2-том «Қоғам» қазақ қоғамының шежірелі тарихын, мемлекеттік құрылымын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, кәсібі мен шаруашылығын, ұлттық өнері мен салт-дәстүрлерін, халықтық өлшемдері мен діни көзқарастарын, мәдени-аксиологиялық қорын сипаттауға арналған этнолингвистикалық сөздікте қазақ тілінің бай тілдік және этнолингвистикалық деректері негізінде жазылған.

«Табиғат» деп аталатын 3-томында аспан әлемі, табиғат құбылыстары, түр-түс табиғаты, уақыт пен кеңістік, жер-су, өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесі сияқты тақырыптарда қамтылған тілдік бірліктер этнолингвистикалық тұрғыда талданған.

Мәселен, ғалым көңілді адамның саналы ғұмырына қажетті адамдық фактор, оның тіршілік-тірлігінің қалып-күйін анықтап отыратын камертон, адам өмірінің ең жоғарғы талаптарға сай өтуінің ұйытқысы, жұмыр басты пенденің пендешілігі мен инсандық іс-әрекетін саралап, зерделеп отыратын безбен іспетті, нәзік те сезімтал жүрек сыры, жан дүниесі дейді. Сол «көңілдің» өзінен туындаған ұғымдардың өзі – тілімізде бірнеше жүз. Сөздікте ер көңіл, ала көңіл, алауыз көңіл, екіұдай көңіл, жар көңіл, сұлық көңіл, сынық көңіл, шын көңіл, ынтазар көңіл т.б. түрлері сипатталса, көңілге қатысты жүзден аса ұғымдардың мағынасы ашылған. Сөздікте үш мыңға жуық мысалдармен Адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері сипатталып, адамның тек физиологиялық қасиеттеріне қатысты ұғымдарды бейнелейтін бір жарым мыңдай бірліктер талданған. Мысалы, алқалау (дөнгеленіп отыру), ілдебайлау (шүкіршілік ету), аттандау (атқа қону), құмжілік болу (жүдеу), алағаттану (құбылу) т.б. сөздерді қазіргі жастар көп қолдана бермейді.

«Күлкі» мен «күлу» адам табиғатына тән бір құбылыстың екі түрлі көрінісі. Қазақ этносының болмысында қалыптасқан күлудің түрлері мен уәждері де, мән-мағынасы да көп. Ол ауыз қуысанынан құбылып шығатын дыбыстар мен дененің қимыл-қозғалыстарына қарай алуан түрлі өзгеретін өте күрделі психологиялық құбылыс. Ғалым еңбегінде күлудің 120 түрі берілген. Мысалы, әзілдеп күлу, барылдап күлу, босқа күлу, ду күлу, езуінен күлу, жондана күлу, жымыып күлу, иығымен күлу, миығынан күлу, мысқылдап күлу, солқылдап күлу, ырбыып күлу, ішінен күлу т.б. Арзан күлкі, зәлім күлкі, зілді күлкі, қымбат күлкі, қыран күлкі, назды күлкі, парықсыз күлкі, риясыз күлкі, сылқым күлкі, сайқал күлкі, шынайы күлкі, ызғарлы күлкі т.б. Қараудың 119 түрі берілген. Мысалы, ақия қарау, бажайлап қарау, бақшия қарау, жасқана қарау, жаутаңдап қарау, имене қарау, кіржие қарау, қимай қарау, қисық қарау, мекірене қарау, оқырана қарау, сыздана қарау, телміре қарау, тінте қарау, т.б.

Тіл адам санасында сақталатын көпқырлы, жан-жақтылығы басым құбылыс. Адамзат тіл әлеміне терең бойлап, бүкіл құндылықтарға өзі төреші болады, өзі жеткізуші болады. Ана тілі, әке тілі, байланған тіл, білім тілі, дұбара тіл, жалғамалы тіл, жетелі тіл, қотыр тіл, шақпа тіл, ым тілі деп келетін тілдің 98 түрі мен оларға қатысты ұғымдар талданған. 1000-ға жуық ақтық сөз, алыпқашпа сөз, бұралқы сөз, ереуіл сөз, желбуаз сөз, жартыкеш сөз, қасам сөз, қаңсық сөз, сөлекет сөз, түрткі сөз, ұялы сөз, шырмау сөз т.б. сөздің түрлері талданған.

Жалпы адам баласына келетін, ұшырайтын, тап болатын өлім бір-ақ сөзбен айтылса да, оның өмірде байқалатын түрлері мен көріністері өте көп. Ғалым өлімге қатысты қазіргі тілдік қолданысымызда кездесе бермейтін «Топырақты өлім» тіркесіне қатысты өз ойын былай ашып берген. «Қазақ салтында «Торқалы той, топырақты өлім» деген тұрақты тіркес той болған жерде бар болса, шалқыған байлық пен асып-тасқан дәулеттің бір көрінер хақтығын, ал өлім-жітімде жер қазып, марқұмның бетін топырақпен жабу рәсімінің болатындығын паш етіп тұр. Бұл тіркестің түпкі мәні: өмірде қуаныш пен реніш, сән-сәулет пен сәтсіздік қатар жүретінін ескерту. Бүгінде осы тіркесті бөлшектеп, дұрыс қолданбау, яғни «Топырағың торқа болсын!» деп марқұммен қоштасу жиі кездесіп жүр. Бұл – «мағыналық контоминация» деп аталатын құбылыс. Дұрысы «Топырақты өлім» – топырақтан пайда болған адамды топыраққа қайтаруға байланысты қайғы-қасіреті, қиыншылығы мол рәсімді орындауға қатысты ұғым».

Бұл тәрізді іргелі де күрделі еңбектің дүниеге келуі ғылыми тұрғыдан ғана емес, қазақ халқының жарқын болашағы тұрғысынан да қажет екендігі даусыз. Өйткені, қазақ тілінің Қазақстанда мемлекеттік тіл дәрежесінде дамуы, қолданыс шеңберінің кеңейіп, қоғамдық қызметінің артуы, сайып келгенде, оның барлық мүмкіншілігін ашып көрсете білуге де байланысты. Қазақ халқының, болашақ ұрпақтың ХХІ ғасырда дербес ұлт болып, егеменді ел болып қалуының ең басты кепілдерінің бірі – қазақ тілінің толыққанды өмірі, оның бір жерге жинақталған лексика-фразеологиялық байлығы. Ғалым этнолингвистикалық сөздігінде қазақ тілінің лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын түгел қамтып, мағына-мәніне, қолданысына түсініктеме беріп, көптеген тақырыптардан тұратын бірліктерді жинақтап, жүйелеп берген. Әрі тек қана лингвистикалық категориялардың өздерін емес, этностың өзін түсінуге қажетті тілдік (лексика-фразеологиялық, т.б.) фактілердің ішкі мазмұны жан-жақты ашып, этнос болмысын тануға қатысты қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасында ғана емес, сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтап берген.

Академик Әбдуәли Қайдардың бұл еңбегі қазақ топырағында жаңаланып, жаңғыра бастаған өмірдің бел ортасында болатынына, үш бірдей буынның тағдырына қызу араласып, орта буын өкілдеріне – ұлтжандылық сезім сыйлап, рухани тұрғыдан марқая түсуіне, ал бүгінде егде тартқан ұрпаққа дұрыс қартаю білудің ата-бабадан қалған жөн-жоралғысын аңғартатын тағлымнама. Жойылуға айналған ұғымдарды немесе мағынасы солғындаған, тіпті тілімізде өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған тіпті айтылудан қалған көптеген ұғымдар мен атауларды ғылыми айналымға енгізіп отыр.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУДА ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Андатпа.** Мақала қазақ тіл білімінің абызы, академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасын зерделеуге бағытталған. Мақалада мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттері мен тұлғалық болмысын жетілдіруге қатысты ақпараттар Ә.Қайдардың «Адам», «Қоғам», «Табиғат» энциклопедиялық сөздігіндегі этнолингвистикалық тілдік деректермен сабақтастықта, салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарастырылған.

**Тірек сөздер:** ғылым жолы, ғылыми жетекші, академик, этнос, тұлғалық болмыс, энциклопедиялық сөздік, тұжырымдама, халық даналығы, шешім қабылдау, мемлекеттік қызметші.

**Аннотация.** Статья направлена на изучение научного наследия выдающегося академика казахского языкознания Абдулали Кайдара. В статье методом сравнительного анализа интегрируются профессиональные компетенции и личность государственного служащего с этнолингвистическими данными энциклопедического словаря А.Кайдара «Человек», «Общество», «Природа».

**Ключевые слова:** путь науки, научный руководитель, академик, этнос, личность, энциклопедический словарь, концепция, народная мудрость, принятие решений, государственный служащий.

**Abstract.** The article is aimed at studying the scientific heritage of the outstanding academician of Kazakh linguistics Abdulali Kaidar. The article, using the method of comparative analysis, integrates the professional competencies and personality of a civil servant with the ethnolinguistic data of A.Kaidar's encyclopedic dictionary "Human", "Society", "Nature".

**Keywords:** path of science, scientific director, academician, ethnicity, personality, encyclopedic dictionary, concept, folk wisdom, decision making, civil servant.

Ең алдымен, сөз басын Академик Әбдуәли Қайдар аға туралы жылы лебізді естеліктен бастайын. Сонау 1990 жылдардағы студенттік шағымызда ғалым Әбдуәли Қайдардың есімін өзімізге дәріс берген ұстаздарымыздың аузынан естідік, сонымен қатар университет бағдарламасында оқытылатын «Түркітануға кіріспе» оқулығының авторы ретінде танытынбыз. Ұстазым Амантай Жилкубаева ғылыми жетекшісі Әбдуәли аға туралы әңгімелерін жиі айтып отыратын.

Әбдуәли ағаны алғаш рет көруім, танысу бақыты 1998 жылы Алматыдағы ҚР ҰҒА Тіл білімі институтына ғылым іздеп барған кезден басталды. Ғылыми жетекші профессор Жамал Манкеева диссертация жұмысы арасында өзінің шәкірттерін ұстазы Әбдуәли Қайдардан кеңес алуға арнайы жіберетін.

Институттың ұзын дәлізінде есігі ерекше бөлме бар болатын, ол ағайдың жеке кабинеті еді. Бөлмеге кіргенде ғылымның не екендігін, ғалымның тұлғасы қандай болу керек дегенді сол жердегі талғаммен қойылған жиһаздан, сол жиһаздарға аса ұқыппен жиналған кітаптар мен суреттерден, сансыз көп картотекалар мен журналдардан бірден сезінетінбіз. Шапшағын, таза бөлмеде Әбдуәли ағай бізге өзі жасаған ғылыми әлемінің мұхитында барлық күш-жігерімен, ақыл-санасымен терең сүңгіп жүргендей көрінетін. Мұнтаздай таза киімі, қалың шынылы көзілдірігі, оның ар жағындағы ойлы көзі, жинақы сөзі, ғалымға тән сабырлы мінезі мен ұстамдылығы Әбдуәли ағаның ерекше зиялығын танытып тұратын.

Үнемі ой үстінде жүретін. Біздің (сол кездегі институттың аспиранттары мен ізденушілері) сәлемімізді алған бетте «– Кімнің баласысыңдар?» деп сұрайтын. Еш кідірместен, – Жамал апайдың шәкіртімін, – деп жауап қататынмын. Асықпай, ақырын дауысымен – «немере шәкірт» екенсің дейтін. Ағайдың осы бір жылы сөзіне қатты толқитынмын, бойымды сенімсіздік билеп, – апырай, мынадай академик тұлғаға лайықты немере шәкірт бола аламын ба? – деген ой мені мазалайтын.



Ағайдың кабинетіне кез келген адам жай шаруамен кіре бермейтін. Мүмкін кіре беруге болушы ма еді, бала шәкірттері олай жасамайтынбыз. Алдын ала дайындалып, ойымызды қағазға түсіріп, ағай берген кеңестерді жазып алуға тырысатынбыз. Себебі, ғалымның тайм-менеджменті мықты болатын. Уақытын үнемдеу, уақытымен ас ішу, демалу, қағазға отыру деген темірдей тәртібін әрбір шәкірті байқайтынбыз әрі бағалайтынбыз. Алдымен бізді тыңдайды, көп сөйлеп кетсең, ағай ақырын ғана «жақсы-ы» деп соңғы «ы» дыбысын созып дыбыстайды. Ол біз үшін «сөзінді аяқта» деген ескерту белгі болатын. Жұмысыңа не жетпей тұрғандығын бір ауыз сөзбен айтып, әрі қарай «Жамал апаң өзі біледі» деп қысқа қайыратын.

Әбдуәли Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» 1-том еңбегінде адамның зиялы қасиеттеріне қатысты 250 сөздің мән-мағынасына назар аудартады. Соның ішінде «ақыл, ой, сана, парасат, ибалық, ар-намыс, пайым, өнеге, ізгілік, шабыт, т.б» ұғымдарды жинастыра келе, халық даналығындағы «Ақылды кісінің белгісі – аз сөйлеп, көп тыңдайды», «Ақыл жастан, асыл тастан» [1,31-32] мақалдарына этнолингвистикалық талдау жасайды. Аталған түсініктемені оқып отырып, ағайдың ғылымдағы дархан мінезі мен адамшылығын жиі есіме аламын. Ағай өзіне кеңеске келген болашақ ғалымдарды еш алаламайтын, қажет дүниені айтып ұқтырып жіберетін. Академик Ә.Қайдардан кеңес алу, пікірін тыңдау - сол кездегі ғылым жолындағы шәкірттер үшін «бір бақыт» болатын. Көршілес жоғары оқу орындарының аспиранттары ол кісінің жолын сағаттап күтетін. Ағайдың бөлмесінен кеңес алып шыққан әрбір адам «ғылымда шалалық болмауы керек», «ғылым жолы – таза еңбек жолы» деген сөздердің қадірін бірнеше рет ұғып қайтатын.

Бүгінде менің еңбек жолым мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру саласымен байланысып жатыр. Мемлекеттік қызмет елдегі саясатты іске асыруда және мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ел іргесінің татулығы, еліміздің әр салада өркениетке ұмтылуы, Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру сынды жауапты қызметтердің дені – мемлекеттік қызметшілердің басты құзырында.

Біліктілікті арттыру курстары мен семинарларында мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге қатысты оқу материалдарының мазмұнын этномәдени болмысқа тән ақпараттармен байланыстырамыз. Мемлекеттік қызметшілердің күнделікті қызметі мен әлеуметтік-мәдени контекстегі іс-әрекеттері, сенімдері, құндылықтары, рөлдері мен мінез-құлықты, бір сөзбен айтқанда тұлғалық болмысын жетілдіруде ұлттық сана арқылы қалыптасқан этномәдени деректердің маңызы зор. Яғни ұлт пен тілдің біртұтастығы, этнос болмысымен сабақтастықта адамға рухани білім беру деп білемін. «Этнос болмысы дегеніміз – этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадына сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухан мәдени қазынасы» [2,11].

Осы ретте Ә.Қайдардың «Адам», «Қоғам», «Табиғат» энциклопедиялық сөздігіндегі сүбелі талдауларды негізге ала отырып, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттері мен тұлғалық болмысын жетілдіруге қатысты тілдік деректерді талдаймыз.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және психологиялық мәдениетін дамытуға қатысты құзыреттер «адамдарға бағдарлану» моделі аясында қарастырылған. Яғни, үкіметтің азаматтармен, халықпен өзара ынтымақта болуы, толғандыратын мәселелер мен қажеттіліктерді түсіну, халық үнін тыңдау, белсенді болу сынды мемлекеттік саясат тұжырымдамасы. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» негізгі компоненттерін [3] құжат тіліндегі нұсқасын академик Ә.Қайдар еңбектеріндегі халық даналығымен ойымызды былайша сабақтауға болады:

*Реті* «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» негізгі компоненттері:

Ә.Қайдардың «Адам», «Қоғам», «Табиғат» энциклопедиялық сөздігіндегі түсініктемесі:

- Белсенді өзара ынтымақта қызмет ету.** Мемлекет азаматтардың наразылығын күтпей, олармен байланысу мүмкіндіктерін **Әкім бол, әкім болсаң халқыңа жақын бол** < «Әкім бол!» деген тілекпен қатар, «әкім болғанда әрдайым халқыңның

белсенді түрде іздейді. Бұл әртүрлі пікірлерді тыңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір қауымдастықтарға немесе қызығушылық топтарына жүгінуді қамтуы мүмкін.

Бұдан шығатын қорытынды, қандай басшы болмасын ел-жұрттың амандығы мен игілігі сол адамның жауапкершілігінде. Сондықтан халықтың наразылығынан гөрі алғысын алып, қызмет ету әркімге абырой болмақ деген ойға жетелейді.

## 2 Шешімдерді ашық қабылдау.

Мемлекет азаматтардың саясаттың қалай тұжырымдалатынын және жүзеге асырылатынын түсінуін қамтамасыз ете отырып, шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын көрсетеді. Мұндай ашықтық мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға көмектеседі.

Бұл ретте кейбір тұлғалардың халыққа қызмет етудегі мінез-құлқы мен ақыл-парасатының нашарлығы мен төмендігіне айтылған сын деп білеміз. Халық әрдайым мемлекеттен қолдау күтеді, әділдікті аңсайды, бірақ әр кезде халықтың мұң-мұқтажы ескеріліп, әділ де ашық шешімдер қабылдана бермейді. Осы себептен үкімет пен халық арасында сенімсіздік орнайды. Шешімдерді ашық қабылдау деген идеяны түсіндіргенде «Жақсы би жаудың шетін ел етеді, Жаман би елдің шетін жау етеді» мақалының маңызы зор.

## 3 Саясатты бейімдеу.

Мемлекет азаматтардан алынған кері байланыс негізінде саясатты бейімдеуге дайын болуы керек. Бұл икемділік қоғамның өзгермелі қажеттіліктері мен басымдықтарын қанағаттандыру үшін өте маңызды.

Ойымызды қорытындыласақ, мемлекеттегі саясатты табысты жүзеге асырудың түрлі тәсілі бар. Биліктің халықпен тиімді диалогы орнаған кезде қоғамда көп жағдайды өзгертуге болады. Алайда халық үніне құлақ аспай ел билеушілерінің, шенеуліктердің қызметін пайдаланып, пендешіліктен аса алмай, өкілеттігін асыра пайдаланып жатқандығы қоғамды кері кетіреді. Бұл көріністер сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық дертке айналғандығынан хабардар етеді. Сол себептен, ақылсыз, еш санасыз, саясатсыз халықты басқару адамға абырой әпермейді. Автор келтірген «Халық айныса хан түзейді, хан айныса кім түзейді?» деген мақалдың тағы бір «Ет сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеді?» нұсқасын да мысалға келтіруге болады.

## 4 Мәдени сезімталдық және инклюзивтілік.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тәсілі қоғамда әртүрлі көзқарастар

жағдайын ойлап, қамын жеп жүр» деген тілек арман мағынасында [4,156].

**Бетеге кетер – бел қалар, Бектер кетер - ел қалар** < жерге шөп шығады, оны мал жеп тауысады, қурап кетеді, бірақ жер орнында қалады. Сол сияқты ел басқарушы билердің бірі келіп, бірі кетіп жатады, бірақ олар басқарған ел-жұрт аманда өз орнында қала береді деген ой [4,156]

**Жақсы би жаудың шетін ел етеді, Жаман би елдің шетін жау етеді** < жақсы би – билікті де білгір, әділ де адал, ақыл-парасатты, абырой атағы зор би – ел арасында болып тұратын дау-дамайларға араласып, дұрыс билік айтып (шешім) екі жақтың наразылығын асқындырып алмай, алғаш дау айтып келген жақтаушы, даулаушы жақтарын бітістіріп, даудың үлкен жанжалға айналып кетпеуін ойластырса, жаман би – өрісі тар, өресі аласа, әділетсіз билер, керсінше дауды асқындырып, елді жауластырып, бітіспес дауға айналдырып жіберетін би [4,158].

**Халық айныса хан түзейді, хан айныса кім түзейді?** < бұл мақал ханға айтылған халықтың ескертуі іспетті: одан халық алған жолынан қайтпайтын, бұра тартпайтын, әр ісінде әділетті де адал болуын, қарапайым халық қамын ойлауын талап етіп тұр. Халық бұзылса оны жөндейтін ханы бар. Ал енді ханның өзі бұзылса мұны халықтың жөндеуі қиын. Өйткені билік ханның өз қолында [4,104]

**Халқын сүйген салтын да сүйеді** < өз халқын сүймейтін, оны ұнатпайтын азаматтар қазақ қауымында көп емес. Бірақ,

болатынын мойындайды. Әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, этникалық тегіне, жынысына немесе басқа факторларға карамастан барлық дауыстардың ескерілуін қамтамасыз ету үшін қадамдар жасайды.

сол халқын шын сүйтін азамааттардың арасында сол халықтың дәстүрін, әдет-ғұрпын, тағы басқа ментальдық қасиеттерін де сүйетін, жақсы көретін, соларды дәріптейтін, ұстанатын, дамытатындардың қатарына олардың бәрін жатқызуға болмайды. Оның әр алуан тарихи, саяси, мәдени, рухани т.б. себептері де баршылық. Мақал идеясы: халықтың санасында қалыптасқан осы қағиданы «халқымды сүйемін» дейтін ер-азамааттардың баршасы іс жүзінде сақтаса игі еді деу [4,104]

Академик Ә.Қайдар этнолингвистикалық зерттеулерінде тіл мен ұлт біртұтас, әр халықтың мәдениетінде тілдің құдыреті салт-дәстүр арқылы сақталады деген дискурсты ұсынады. Егер мемлекеттік қызметшінің бойында «отаншылдық» деген сезім болмаса оның халыққа қызмет етуі екіталай. Ал отаншылдық сезімі әрбір адамның өз халқын сүюі мен құрметтеуінен басталады.

Біз жоғарыда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі компоненттерін Ә.Қайдар еңбегіндегі тілдік деректер арқылы талдадық. Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттеріне саналатын: *қызметті басқару, тиімді коммуникацияларды құру, дербестік және шешімдерді қабылдау* дағдыларын дамытудың тетігін автордың «**Билік айту оңай, біліп айту қиын** < қазақ дәстүрінде билік айту әдетте билердің еншісіне тиген өте жауапты әрі қиын іс. Сондықтан да мәселе билікті кімнің айтуында емес, даудамайдың мән-жайын түсініп барып нақтылы билік айтуда. Шешім шығару кез келген бидің қолынан келе бермеуі мүмкін» [1,40] деген астарлы ойымен байланыстыруға болады. Ал сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті танытудағы «парасаттылық» құзыретіне автор «**Парасатты** < жан дүниесі бай, дүниетаным қабілеті жоғары, парқы, түйсігі терең, кез келген нәрсені ақылға салып қарайтын байсалды, білімді адам» [1,101] деген анықтама береді.

Көне мен бүгінгі қазақ тіл білімі әлемінің өзегіне терең бойлап, өшпес мұра қалдырған академик Әбдуәли Қайдардың есімі әрқашан да бүгінгі ұрпаққа «Ұлы есім» болып қала бермек. Өмірде ұлы есімді ерекше тұлғалар жасайды. Автордың: «Ұлы адам < елден ерекше туған ақыл-парасатымен, табиғи дарынымен, ел-жұрт тағдырына игі әсер ете білген, артында өшпес рухани мұра қалдырып, ел жадында сақталатын ерекше тұлға, - [1,165] деген анықтамасы өзінің жүріп өткен ғұмыры мен болмысын, бірегейлігін, ұлылығын танытып тұрғандай.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Адам. – Алматы: Дайк-пресс, 2009. Т.1 – 784 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері /Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру//<https://kisi.kz/kazakstanda-halyk-unine-kulak-asatyn-memleket-tuzhyrymdamasyn-iske-asyru/>
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Қоғам. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т.1 – 728 б.

## ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР МҰРАСЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ МАҢЫЗЫ

**Андатпа.** Бүгінгі күні ғалым еңбегінің маңызын мынадай факторлармен анықтауға болады. Атап айтсақ, тіл саясатына ғылыми негіз қалау, тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін арттыруға ұмтылыс, тілдің функционалдылығын кеңейтуге үлес, ұлттық сананы оятудағы рөлі. Мақалада әр фактор ғылыми дәлелдермен сипатталады.

**Тірек сөздер:** сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразалогия, синкретизм құбылысы, гомогенді омонимдер, плеоназмдар, қос сөздер, тілдің функционалдылығын кеңейту.

**Аннотация.** Сегодня значимость работы ученого может определяться следующими факторами. В частности, закладывая научную основу языковой политики, стремясь повысить роль языка в общественной жизни, способствовать расширению функциональности языка, его роли в пробуждении национального самосознания. В статье описан каждый фактор с научными данными.

**Ключевые слова:** лексикография, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология, явление синкретизма, однородные омонимы, плеоназмы, двойные слова, расширение функциональных возможностей языка.

**Abstract.** Today, the significance of the scientist's work can be determined by the following factors. In particular, laying the scientific foundation for language policy, striving to enhance the role of language in public life, promoting the expansion of the functionality of language, its role in awakening national self-awareness. The article describes each factor with scientific data.

**Keywords:** lexicography, etymology, onomastics, terminology, semasiology, phraseology, the phenomenon of syncretism, homogeneous homonyms, pleonasm, double words, expansion of the functional capabilities of language.

Әбдуәли Қайдардың қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына қосқан үлесі, шын мәнінде, ұшан-теңіз. Ол тек тіл маманы ғана емес, өзінің терең білімі мен азаматтық позициясы арқылы қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, қазақ тілін дамытуға елеулі үлес қосқан тұлға болды.

Ғалым еңбектерін тілдік тұрғыдан үш топқа, яғни қазақ, ұйғыр және басқа тілдерге қатысты еңбектерін жіктер болсақ: лексикология, диалектология, этнолингвистика, тіл құрылысы, түркітану және алтайтану, ғылым тарихы, тіл саясаты, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазу т.б. лингвистика салаларын атап өткен жөн. Және оларға тікелей қатысты сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразалогия, синкретизм құбылысы, гомогенді омонимдер, плеоназмдар, қос сөздер, еліктеуіш сөздер (имитативтер), өлі түбір, сөз жасам модельдері, фонетикалық заңдылықтар, әдеби норма, стиль т.б. сынды көптеген проблемаларды қамтитын құнды зерттеулері қаншама.

Ә.Қайдар – лексикография саласында: «Ұйғырша-орысша лингвистикалық қос сөздік», «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Уйгурско-русский словарь» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авт.бірі) (1966), «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (2003), «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (2004) және «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 3 томдық этнолингвистикалық сөздігінің 1 томы (2009), «Қазақ тіліндегі қос сөздер табиғаты: зерттеу, сөздік» (2011) атты т.б. еңбектерін атап айтуға болады. Ғалымның қазақ этносы туралы зиялы қауымның сауалына және көпшіліктің ой-пайымдарына жауап ретінде ұлттың ментальдық ерекшелігін көрсететін «Қазақ қандай халық?» (2008) атты көлемді еңбегі жарық көрген.

Академик Ә.Қайдардың мұрасының бүгінгі күнгі маңызын өз тұжырымымен жеткізетін болсақ: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас

мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулары арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты, т.б. тек тіл факттері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» [1, 34].

Атап айтқанда, «...қазақ тіл білімінде тіл арқылы адам санасында құрылымдалған танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім болмысты зерттеуге бет бұрған еңбектері өз кезегінде тілдің коммуникативтік қызметіне қоса мұрагерлік қызметіне сай бейнелейтін әлеуметтік деңгейін де көтеріп, оның ұлттық мазмұнына тереңдік түсуіне мүмкіндік береді» [2, 89].

Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның өзі жариялаған 700-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 1000 б.т. астам) зерттеулерден, солардың ішінде алпыс шақты жеке кітап түрінде жарық көрген монография, жинақ, сөздік, мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары мен кітапшаларынан тұрады. Оларда көтерілген сан алуан лингвистикалық проблемалардың теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көрінеді.

Бүгінгі күні оның еңбегінің маңызы мынадай факторлармен анықталады:

Тіл саясатына ғылыми негіз қалау: Ә.Қайдар қазақ тілінің дамуына, оның мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайтуға бағытталған ғылыми еңбектер жазды. Оның зерттеулері қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы, грамматикасы және стилистикасы сияқты аспектілерін қамтып, тіл саясатының теориялық негізін қалады. Бұл зерттеулер бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, тіл ғылымындағы маңызды көз болып табылады.

Тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін арттыруға ұмтылыс: Ә.Қайдар тек тілдің ғылыми аспектілерімен ғана шектелмей, оның қоғамдық өмірдегі рөлін, қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастырудағы маңызын баса айтты. Ол қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдебиеттерді дамытуға, тілдік білім беруді жақсартуға үлкен күш салды. Бұл бағыттағы еңбектері бүгінде де ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруде үлгі бола алады.

Тілдің функционалдылығын кеңейтуге үлес: Ә.Қайдар қазақ тілінің барлық салаларда – ғылымда, техникада, әдебиетте, мәдениетте қолданылуын қамтамасыз етуге тырысты. Ол тілдің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге, жаңа терминдерді жасауға белсене ат салысты. Бұл еңбегі бүгінде де жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктерді қазақ тіліне аударуда, оны дамытуда өзектілігін сақтауда.

Ұлттық сананы оятудағы рөлі: Әбдуәли Қайдардың еңбектері тек тілдік сипатта ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананы оятуда, ұлттық рухты көтеруде де маңызды роль атқарды. Ғалымның мына пікірі арқылы бұл мәселені кеңірек ашып көрсек.

«...Шынында да, біз кімбіз, қазақ қандай халық? Бұл сауал бүгін-де өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын, көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихында алғаш бүгінгідей егеменді ел, теуселсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін «Қазақ қандай халық?» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз. «Дұрыс жауап» дегеніміз – жан-жақты ойланған, ғылыми негізді, білікті де білгір қауымның зердесінде сараланған, шындықтың шынайы өзі саналатын жауап деген сөз. Бұл сауалға жауап жоқ емес...» дей келіп бір сұраққа мың сан жауап тізеді [3,3]. Әр жауабы қазақ халқының тұтас бейнесін жасап шығаратын кірпіш тәріздес.

«Оның көптеген объективті де субъективті себептері бар. Біріншіден, қазақ табиғаты – бірауыз сөзбен келте қайырып, тұжырым айта салуға көне бермейтін өте күрделі, қыры мен сыры, өзіндік ерекшеліктері мол табиғат! Екіншіден, «Қазақ қандай халық?» деген сауал қазақ қауымына сырттан да, іштен де бұрын-сонды дәл бүгінгі тұрғыдан қойылған емес. Кешеге дейін оны білудің қажеттілігі де, өзектілігі де болған емес. Сондықтан да қазақтың зиялы қауымы қазақтың ұлттық қасиеттерін іштей саралап, зерделеп, өз тұжырымын толық айтқан емес. Егер



ондай тұжырым бірлі-жарымды атылса да, олар, әдетте, замана ағымына сейкестендіріліп, идеология талабына ыңғайландырылып келеді. Үшіншіден, қазақтардың шын мәнісіндегі азаматтық, этностық, мәдени, әлеуметтік, этнолингвистикалық, т. б. тарихтары әлі толық жазыла қойған жоқ. Қазақ туралы айтылып, жазылып жататын сан алуан тұжырымдар мен шым-шытырық пікір, көзқарастардың болуының бір себебі, міне, осында» [3, 5]. Ғалымның зерттеу еңбегінде ұлттық сананы оятудың түрлі тәсілдері молынан қолданылған. Ғалымдардың зерттеулері, сырт көз сыншы деп өзге ұлт өкілдерінің пікір-танымдары, студенттердің яғни өз көзқарасы қалыптаса бастаған жастың пікірлері, үш жүзге бөліну тарихы мен рулардың жіктелуі, сөз құдіретіне мән берген халықтың тұшымды ойлары ұлттық сананың рухын тереңнен оятады.

«Қазақ (менің қазағым) – тым намысшыл халық» (Қасым Қайсенов). <Халық қаһарманы, атақты партизан, белгілі жазушы Қасым Қайсенов өзінің 85-ке келген мерейтойында (Алматы, 21 мамыр 2003 ж.) сөйлеген сөзінде бұл пікірін қазақ, халқының өзіндік бір қанға сіңген қасиетін көрсету үшін, өз басының намысшыл күйін аңғарту үшін осылай деген еді. Шынында да, қазақ, бір қарағанда көнбіс, момын, көп нәрсеге мән бере бермейтін қарапайым болып көрінгенімен, еш уақытта ар-ұятын біреуге таптатып, намысын қорлатқан халық емес. Шыдамдықтың шегіне жеткенде оның шорт кетіп, оқыс мінез көрсететін әдеті де бар. Намысына тырысқан ер-азамат небір қиындыққа, азапқа, жамандыққа шыдаса да, ар-намысын аяққа бастырмаған. «Малым - жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дейтін мақал қазақтың осы қасиетіне байланысты туындаған» [3,138].

Ғалымның қазақ этносы туралы зиялы қауымның сауалына және көпшіліктің ой-пайымдарына жауап ретінде ұлттың менталдық ерекшеліктерін нақты дәлелдерді сан таруалы пікірлермен, оларды талдаумен нақты көрсетеді.

...«Қазақ – тілге, сөзге өте құрметпен қараған халық» (Бақытбек Бөлішұлы) <қазақ халқының өкілдері қашан да таза, шебер сөйлеуімен қажетті орнын таңдап, мәнерлі де әсерлі етіп, сөздің майын тамызып, екі сөзінің бірін мақал-мәтелмен қайырып, шешен сөйлеуі қазақтың қанына сіңген, сүйегіне біткен қасиеті. Тілге, сөзге деген құрмет жұртты сөздің мәніне терең түсініп, оның құдіретті күшіне бас иіп, «сөзге тоқтау» әдеби мен әдетіне үйреткен» [3,139] деп сөз қиесін, «Қазақ – психолог халық» (Ел аузынан) «халық даналығы әрбір азаматтың, әсіресе оның елін қорғайтын жауынгерлік қасиетін, сарбаз-сардарлардың жан дүниесін, көзсіз ерлігі мен көрегендіктің парқын, естілік пен ессіздіктің байыбын дәл басып анықтай білген халық екенін аңғартып тұр. Мәселен, «батыр-аңғал, балуан-аптық» деген бір сөзен көп нәрсені аңғаруға болады. Бұл да қазақ болмысында аса жоғары бағаланатын абзал қасиет» [3,123 ] деп анық көрсетеді.

«Қазақ – өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек жейтін халық» «бұл да қазақтың болмысына тән қасиеттердің бірі. Қазақ тіліндегі: «Жартыны жарып жеу, бүтінді бөліп жеу», «Өле жегенше, бөле же», т.б. осы сияқты сөздер халықтың кеңпейіл, кең дастархан, көңілі дархан екендігін көрсететін деректер. «Өзінен гөрі өзгенің қамын көбірек жеу» дегенді халқымыздың бойына сіңген, әдеті мен салт-дәстүріне мықтап еніп, қалыптасқан тұрақты қасиет десе болады» [3,116] деп қонақжайлылық, кең көңіл, дархан мінезін ашып көрсетеді.

Ғалым өз еңбектері арқылы қазақ халқының тілдік, мәдени және ұлттық өзіндік санасын нығайтуға үлес қосты. Бүгінгі күні де оның ұлтжандылығы мен азаматтық позициясы үлгі болып саналады.

Қорыта айтқанда, Әбдуәли Қайдардың қазақ тілінің дамуына қосқан үлесі айрықша және бүгінгі күнде де өзекті. Оның еңбектері, тіл саясатының негізін қалаудан бастап, ұлттық сананы оятуға дейін, бүгінгі ұрпақ үшін бағалы мұра болып табылады және оны зерттеп, насихаттау қажеттігі жоғары.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.

**Заида ШОШАНОВА**  
*Кемел Ақышев атындағы №69 мектеп-гимназия  
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

**Андатпа.** Әбдуәли Қайдар – қазақ тіл білім мен түркітану саласының көрнекі ғалымы, филология ғалымдарының докторы, академик. Оның ғылыми еңбектері қазақ тілінің құрылымын, лексикасын, грамматикасын, этнолингвистикасын терең зерттеп, түркі халықтарының тілдік және мәдени байланыстарын зерттеуге үлкен үлес қосқан. Ғалымның еңбектері қазақ әдебиетінің, тілінің және мәдениетінің сақталуы мен дамуына маңызды әсер етті. Мақалада Әбдуәли Қайдардың өмірі, ғылыми қызметі және қазақ тілі мен мәдениетіне қосқан үлесі талданады, сондай-ақ оның мұрасының бүгінгі ғылым мен тіл біліміндегі орны қарастырылады.

**Тірек сөздер:** Әбдуәли Қайдар, қазақ тілі, түркітану, этнолингвистика, тіл білімі, мәдениет.

**Аннотация.** Абдуали Кайдар – выдающийся учёный-казаховед и тюрколог, доктор филологических наук, академик. Его научные труды глубоко изучили структуру, лексику, грамматику, этнолингвистику казахского языка и внесли большой вклад в изучение языковых и культурных связей тюркских народов. Труды ученого оказали значительное влияние на сохранение и развитие казахской литературы, языка и культуры. В статье анализируются жизнь, научная деятельность и вклад в казахский язык и культуру Абдулалы Кайдара, а также место его наследия в современной науке и языкознании.

**Ключевые слова:** Абдуали Кайдар, казахский язык, тюркология, этнолингвистика, лингвистика, культурология.

**Abstract.** Abduali Kaidar is an outstanding scholar of Kazakh linguistics and Turkic studies, doctor of philology, academician. His scientific works deeply studied the structure, vocabulary, grammar, ethno linguistics of the Kazakh language and made a great contribution to the study of the linguistic and cultural relations of the Turkic peoples. The works of the scientist had a significant impact on the preservation and development of Kazakh literature, language and culture. The article analyzes the life, scientific activity and contribution to the Kazakh language and culture of Abdulali Kaidar, as well as the place of his legacy in today's science and linguistics.

**Keywords:** Abdulali Kaidar, Kazakh language, Turkic studies, ethno linguistics, linguistics, culture.

### **«Тіліміз – байлығымыз, тіліміз – халқымыздың жүрегі» Әбдуәли Қайдар**

Қазақ даласында, қазақ топырағында қаншама ғұлама ғалымдар шыққан. Сол ғалымдардың бірі және бірегейі бүгінгі таңда 100 жылдығы аталып жатқан белгілі қазақ ғалымы Әбдуәли Қайдар.

Әбдуәли Қайдар 1924 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ ауылында қызметкер отбасында дүниеге келген. Мектеп жасында ол ауыл мектебінде білім алып, кейіннен Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білімін жалғастырады. Ол соғыс жылдары майданда болып, елге оралғаннан кейін ғылыммен айналысты. Ғалымның еңбек жолы Қазақстан Ғылым Академиясымен тығыз байланыста болды. Әбдуәли ағамыз көп жылдар бойы Шоқан Уалиханов атындағы Тіл білімі институтында қызмет атқарып, осы мекеменің директоры болды.

Академик Әбдуәли ағамыз өзінің саналы ғұмырында екі тілді, яғни «қос тұлпардың тізгінін қатар ұстап», сол сияқты жалпы және салыстырма түркітану мәселелерімен де үздіксіз шұғылданып келе жатқан, бағдарлаған ғылыми-зерттеулерінің аясы кең, тақырыптық талғамы терең, есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркітану әлеміне белгілі тіл мамандарының бірі. Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан қомақты үлесі мен сіңірген еңбегін жариялаған 500-ден астам ірілі-кішілі зерттеулерінде, оларда көтерілген сан алуан лингвистикалық және басқа да көптеген мәселелердің теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады. Жарты ғасыр бойы үш тілде қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде жазылған, олардың кейбірі «Қазіргі заман ұйғыр тілі»,

«Түркітануға кіріспе», «Халық даналығы» басқа қытай, түрік тілдерге аударылып басылған. Монографиялар, оқулықтар, сөздіктер, жинақтар, мақалалар түрінде дүниеге келген бұл еңбектер, мәні мен маңызын айтпағанның өзінде, олардың ауқым-аумағының өзі-ақ ғалымның көп жылдар бойы тыңбай жүргізген зерттеулерінің нәтижесі екені белгілі. Өмірінің соңғы 10–15 жыл аралығында жарық көрген көптеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалаларын айтпағанның өзінде, көлемді де құнды ғұмырнамалық және монографиялық зерттеулердің жариялануы «Ғылымдағы ғұмыр», «Тіл майданы» Ө.Айтбайұлымен бірге, «Халық даналығы», «Қаңлы тарихи шежіре», «Қазақ қандай халық?», «Қазақтар ана тілі әлемінде. Адам. I том. Қоғам. II том. Табиғат. III том.», «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» және «Ғылыми мақалалар жинағы. 3 томдық», «Имитатив теориясы және қазақ тілі байырғы лексикалық қорының қалыптасу процесі», «Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері», «Развитие лексики уйгурского языка» ғалым еңбекқорлығының нәтижесі екенінде дау жоқ.

Әбдуәли Қайдар қазақ тіл білімі мен түркітану саласында орасан зор еңбек сіңірген ғалым. Оның ғылыми мұрасы тек қазақ тілінің дамуына ғана емес, жалпы түркі әлемінің тілдерін зерттеуге бағытталған еңбектерімен ерекшеленеді. Әбдуәли Қайдардың еңбегі түркі тілдері мен қазақ тілін зерттеу, қазақ тіл білімін жүйелеу, ғылыми терминологияны қалыптастыру және ұлттық сананы дамыту бағыттарында баға жетпес үлес қосқан.

Әбдуәли ағамыздың түркітану ғылымына қосқан үлесі туралы тоқталатын болсақ, түркітану саласында өзінің ғылыми зерттеулерімен кең танымал болды. Оның еңбектері түркі тілдерінің тарихы, грамматикалық құрылымы, дыбыстық және морфологиялық ерекшеліктері туралы терең зерттеулерге негізделген. Қайдар көптеген түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық жүйелерін салыстыра отырып, олардың ортақ және айырмашылықтарын анықтауға тырысты. Түркі тілдерінің арасындағы байланыс пен олардың даму ерекшеліктерін зерттей отырып, ғалым түркі әлемінің мәдениеті мен тарихына қатысты жаңа көзқарастарды қалыптастырды. Мысалы, Қайдардың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегі көптеген түркі тілдерін бір жүйеге келтіруге бағытталған алғашқы ауқымды еңбектердің бірі болып табылады. Бұл жұмысында ғалым түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, олардың тарихи дамуын көрсеткен. Қайдардың осы саладағы еңбектері тек қазақстандық ғалымдардың ғана емес, шетелдік түркітанушылардың да қызығушылығын тудырып, ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланған.

Қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. Қазақ тілін зерттеу Әбдуәли Қайдардың өмір бойы басты бағыттарының бірі болды. Ол қазақ тілінің грамматикасын, дыбыстық жүйесін, сөздік қорын, фразеологиясын зерттеу арқылы ұлттық тілдің ғылыми тұрғыда жүйеленуіне айрықша үлес қосты. Қайдардың еңбектері қазақ тілінің ғылыми дамуына, әсіресе терминологияның қалыптасуына елеулі әсер етті. Мысалы, ғалымның «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі қазақ тіл білімінде фразеологиялық қордың байлығын көрсетіп, оның жүйелі талдауын ұсынды. Сонымен қатар, Қайдар қазақ тілі білімінде ғылыми терминдерді қалыптастыруда да белсенді жұмыс атқарды. «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты еңбегінде Әбдуәли Қайдар қазақ тілінің байлығы мен ұлттық болмысты қалыптастырудағы маңыздылығын көрсетеді. Ғалым қазақ халқының тұрмыс – тіршілігі мен әдет-ғұрпын бейнелейтін тілдік ерекшеліктерді талдап, қазақ тілінің әдемік мәдениетке қосқан үлесін ашып көрсетеді.

Ол қазақ тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, ғылыми терминдерді қазақша бейімдеуге көп көңіл бөлді. Бұл бағыттағы жұмыстары оның қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытып, ғылыми ортада қолдану мүмкіндігін арттыруға ықпал етті. Әсіресе, Әбдуәли Қайдар ұлттық тілдің ғылыми лексикасын жүйелеуде маңызды рөл атқарды. Әбдуәли Қайдардың еңбектері қазақ тілін жан-жақты зерттеумен қатар, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтау, тілдің мәдени және рухани маңызын арттыруға үлкен үлес қосты. Оның еңбектері қазақ тілінің байлығын дәріптеу мен оны болашақ ұрпаққа жеткізудің құнды көзі болып табылады.

Әбдуәли Қайдардың тағы бір маңызды ғылыми бағыты – этнолингвистика саласы болды. Оның этнолингвистикалық зерттеулері қазақ тіліндегі ұлттық болмысты, мәдениетті тіл арқылы тануға бағытталды. Ғалымның «Қазақ тілі этнолингвистикасының мәселелері» атты еңбегі қазақ тіліндегі этнолингвистикалық элементтерді зерттеуге арналған алғашқы кешенді жұмыстардың бірі болды. Ол бұл еңбегінде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін тіл арқылы ашуға тырысты. Этнолингвистика арқылы ғалым қазақ халқының

тарихи-мәдени мұрасын зерттеп, ұлттық сананы ояту бағытында үлкен жұмыс атқарды. Қайдардың этнолингвистика саласындағы зерттеулері қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетін тіл арқылы тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Оның еңбектері этнолингвистика саласындағы басқа ғалымдарға да үлкен әсер етті.

Қазіргі кезде Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы қазақ тіл білімінде маңызды орын алады. Оның еңбектері бүгінгі тіл мамандарының зерттеулеріне негіз болып, қазақ тілін зерттеудің жаңа бағыттарын қалыптастыруда. Қайдардың еңбектері қазақ тілінің тарихи дамуы, терминология, этнолингвистика, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы сияқты салаларда қазақ тіл білімін жаңа сағыға көтерді.

Әбдуәли Қайдардың еңбектерімен жұмыс істеген ғалымдардың қатарында белгілі тіл мамандары Ә.Жүнісбек, С.Исаев, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, М.Маманов, Қ.Қалиев сияқты зерттеушілер бар. Олар өз еңбектерінде Қайдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ тіл білімінің әр саласын одан әрі дамытты. Қайдардың мұрасы тек ғылыми қауымдастықта ғана емес, білім беру саласында да кеңінен қолданылады. Оның зерттеулері мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізіліп, қазақ тілін үйренушілер үшін үлкен көмекші құралға айналды.

«Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» деп Абай айтқандай, академик Әбдуәли Қайдар тағылымы мол ғалымдығымен қатар, сансыз шәкірт тәрбиелеп шығарған ұлағатты ұстаз болды. Ғалымның шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде, алыс-жақын шетелдерде ғылым, білім, мәдениет т.б. салаларында абыроймен өнімді еңбек етіп келеді. Әбдуәли ағамыздың із-басарлары мен шәкіреттері оның ғылым мұрасын жалғастырып, жаңа зерттеулер жүргізіп келеді. Оның ұсынған тілдік зерттеулер, этнолингвистикалық және түркітану саласындағы әдіс –тәсілдері бүгінгі күнге дейін қолданыста. Әбдуәли ағамыздың ғылыми еңбектері, оның ұлттық болмысын сақтау мен дамытуға арналған негіз болып табылды.

Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік тіл білім мен түркітану контекстінде жоғары бағаланды. Ғалымның зерттеулері халықаралық ғылыми ортада кеңінен таныс және түркі халықтарының тілдері мен мәдениетін зерттеу бағытында құнды дереккөз болып табылды. Қайдардың еңбектері түркітанушылар, тілшілер мен этнографтар үшін аса маңызды әрі қажетті ресурст болып саналды.

Қорыта келгенде, Әбдуәли ағамыз қазақ тіл білімінде ғана емес, түркітану мен этнолингвистика саласында да үлкен үлес қалдырған ғалым. Оның еңбектері қазақ тілі мен түркі тілдерін зерттеудегі жаңа бағыттарды қалыптастырды. Ғалымның түркі әлеміне қосқан үлесі оның есімін тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемге танымал етті. Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін де маңызды дереккөз болып табылады. Оның ғылыми мұрасы қазақ тілінің дамуына, ұлттық сананың қалыптасуына, сондай-ақ, түркі халықтарының ортақ мәдениетінің сақталуына үлес қосуда.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Тіл – халықтың жаны. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің лексикасындағы байырғы сөздер. – Алматы: Ғылым, 2000.
3. Қайдар Ә. Этнолингвистикалық зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2003.
4. Қайдар Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Арыс, 2007.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Атамұра, 2010.
6. Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы // Тілші, филолог. – Алматы, 2012. – № 3.
7. Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 2002.
8. Уәлиев Н. Тілдің әлеуметтік қызметі және мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Қазақ кітап, 1992.
10. Шаяхметова А. Әбдуәли Қайдар және түркітану. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2015. – № 4.

## **АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНА ШОЛУ**

**Андатапа.** Қазақ тіл ғылымының жарқын жұлдыздарының бірі, өзінің саналын ғұмырын ана тіліміздің бай мұрасын зерттеуге, сақтауға арнаған ерекше тұлға - Әбдуәли Қайдар. Оның ғылыми еңбектері қазақ тіл білімінде жаңа серпін беріп, лексикографиялық саланың ғылыми және практикалық маңызын арттыра білді. Оның жетекшілігімен жасалған сөздіктер қазақ тілінің бай қазынасын ашып көрсетіп қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтерді. Ғалымның лексикографиялық мұрасы қазіргі тіл мамандары үшін баға жетпес тәжірибе көзі болып, қазақ тілінің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстарға негіз бола алады. Ғалымның еңбектері тек лингвистикамен шектелмей, түркі әлемінің ортақ мәдени және тілдік мұраларын зерттеуде маңызды орын алады. Оның түркі тілдерінің салыстырмалы лексикографиясы түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосты.

**Тірек сөздер:** Әбдуәли Қайдар, сөздік, лингвистика, тіл білімі, лексикография, түркі тілі, зерттеушілер.

**Аннотация.** Одна из ярких звезд казахской языковой науки, уникальная личность, посвятившая свою жизнь изучению и сохранению богатого наследия родного языка – Абдуали Кайдар. Его научные труды дали новый импульс казахскому языкознанию, повысили научное и практическое значение лексикографической области. Созданные под его руководством словари не только раскрыли богатую сокровищницу казахского языка, но и подняли ее на новый уровень. Лексикографическое наследие ученого может стать бесценным источником опыта для современных лингвистов и основой для работы, направленной на развитие и расширение сферы применения казахского языка. Труды ученого занимают важное место в изучении общего культурного и языкового наследия тюркского мира, не ограничиваясь только лингвистикой. Его сравнительная лексикография тюркских языков внесла большой вклад в изучение истории и культуры тюркских народов.

**Ключевые слова:** Абдуали Кайдар, словарь, Лингвистика, лексикография, тюркский язык, исследователи.

**Abstract.** One of the bright stars of the Kazakh language science, a unique personality who devoted his life to the study and preservation of the rich heritage of his native language - Abduali Kaidar. His scientific works gave a new impetus to Kazakh linguistics, increased the scientific and practical importance of the lexicographic field. Dictionaries created under his leadership not only revealed the rich treasury of the Kazakh language, but also raised it to a new level. The lexicographic heritage of the scientist can become an invaluable source of experience for modern linguists and the basis for work aimed at developing and expanding the scope of the Kazakh language. The scientist's works occupy an important place in the study of the common cultural and linguistic heritage of the Turkic world, not limited only to linguistics. His comparative lexicography of the Turkic languages has made a great contribution to the study of the history and culture of the Turkic peoples.

**Keywords:** Abduali Kaidar, dictionary, linguistics, Linguistics, lexicography, Turkic language, researchers.

Қазақ халқының рухани дамуына, тіл ғылымының өркендеуіне зор үлес қосқан ғалымдардың бірі – академик Әбдуәли Қайдар. Ол – қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына негіз қалаған, тюркалогиямен лексикография саласында терең із қалдырған көрнекті тұлға. Әбуәли Қайдардың ғылыми еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде жоғары бағаланады. Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар – қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері, Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті, ҚР БЖҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Эт-



нолингвистика бөлімінің бас ғылыми қызметкері сынды қаншама атақ пен даңты иегері. Академик Әбдуәли Қайдар қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі. Күллі саналы ғұмырын, қажыр-қайратын тілдің өзекті мәселелерін зерттеуге арнаған.

1) Ғалымның түркология және тіл білімі саласындағы үлесі:

Қазақ тілінің ерекшеліктерін зерттеуде, оның ішінде диалектология, лексикология және грамматикалық құрылымдарды талдауда айрықша еңбексіңірді. Оның түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы мен фонетикасына қатысты еңбектері түркология ғылымындағы маңызды зерттеулер қатарына жатады. Ғалымның еңбектерінде қазақ тілінің байлығы мен ерекшелігі тереңнен ашылып, әлемдік тіл ғылымы кеңістігінде танытылады.

2) Лексикографиядағы жетістіктері:

Ғалымның жетекшілігімен көптеген терминологиялық сөздіктер, аударма сөздіктер және ғылыми анықтамалықтар жарық көрді. Ол қазақ тілінің жаңа сөздерін жасауда және оларды жүйелеуде ерекше белсенділік танытты. Бұл еңбектер қазіргі қазақ тілінің дамуына зор үлес қосып, жас ғалымдарға үлкен бағыт – бағдар болды. Бұл қазақ тілбілімі саласындағы ерекше, құнды әрі маңызды бөлік. Ғалымның бұл саладағы еңбектері қазақ тілінің сөздік қорын жүйелеуге, терминологиялық негіздерді, қалыптастыруға және ұлттық лексикография ғылымының дамуына ықпал етті:

**Лексикографиялық мұрасының негізгі бағыттары:**

**1) Терминологиялық сөздіктер құрастыру**

Әбдуәли Қайдар қазақ тілінде жаңа сөздер мен терминдерді қалыптастыру және оларды жүйелеу жұмысын жоғары деңгейде жүргізді. Оның жетекшілігімен құрастырылған көптеген терминологиялық сөздіктер түрлі ғылым салаларының дамуына үлкен ықпал жасады. Мәселен, ғылым мен техника, медицина, биология және өзге де салалар бойынша терминологиялық сөздіктер қазақ тілінде жаңа ғылыми ұғымдарды бекітіп, қазақша баламаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

**2) Этнолингвистикалық сөздіктер**

Ә.Қайдардың этнолингвистика саласындағы еңбектері қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен дүниетанымын тіл арқылы танытуға бағытталды. Оның бастамасымен жасалғаны «Қазақ халқының этнолингвистикалық сөздігі» қазақ халқының салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі мен наным – сенімдерін сипаттайтын ерекше құнды еңбек болып табылады. Бұл сөздіктер арқылы қазақ тіліндегі көне сөздер мен ұғымдардың мәдени мәні тереңірек ашылды.

**3) Қостілді және аударма сөздіктер**

Ғалым қазақ тілін басқа тілдермен салыстыру, қазақша сөздердің аудармаларын беру мәселелеріне де ерекше назар аударды. Әсіресе, қазақ - орыс, орыс – қазақ сөздіктерін жасауда Әбдуәли Қайдардың үлесі зор. Бұл сөздіктер қазақ тілін үйренушілер мен зерттеушілер үшін таптырмас құрал болды. Сонымен қатар, олар тілді дамытуда және оның қолданыс аясын кеңейтуде ерекше маңызды.

**4) Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикографиясы**

Әбдуәли Қайдар лексикография ғылымын тек қазақ тілі аясында ғана емес, жалпы түркі тілдері кеңістігінде дамытты. Оның түркі тілдеріндегі сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау бағытындағы еңбектері түркология ғылымында ерекше бағаланды. Ол түркі халықтарының мәдени және тарихи байланыстарын зерттеуде лексикографиялық әдістерді шебер қолданды.

**5) Сөздік жасаудың әдіснамасы**

Ғалым лексикография ғылымының әдістемелік негіздерін жетілдіруде де белсенді жұмыс істеді. Ол сөздіктерді құрастыру кезінде сөздің семантикалық реңктерін, оның қолданыс аясын және тарихи өзгерістерін ескеруге ерекше көңіл бөлді. Бұл тәсілдер оның жасаған сөздіктерінің ғылыми құндылығын арттырып, заманауи лексикографияға үлгі болды.

Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы – қазақ тілі ғылымының, жалпы түркология саласының қазынасы. Оның еңбектері ұлттық сананы жаңғыртуда, тілді сақтау мен дамытуда, сондай-ақ қазақ мәдениеті мен руханиятын терең түсінуде баға жетпес маңызға ие. Ғалымның еңбектері мен идеяларды бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, келешек ұрпақ үшін бағыт-бағдар болары анық. Сонымен қатар, ғалымның лексикологиялық еңбектері қазақ тіл білімінде жаңа серпін беріп, бұл саланың ғылыми және практикалық маңызын арттырды. Оның жетек-

шілігімен жасалған сөздіктер қазақ тілінің бай қазынасын ашып көрсетіп қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтерді. Ғалымның лексикографиялық мұрасы қазіргі тіл мамандары үшін баға жетпес тәжірибе көзі болып, қазақ тілінің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстарға негіз болуда. Ғалымның мұрасы терең әрі көпқырлы, сондықтан негізгі бағыттарға бөліп қарастырамыз.

1) Этнолингвистикалық сөздіктер мен олардың ерекшелігі

Әбдуәли Қайдар этнолингвистикалық сөздік құрастыру арқылы қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін және дүниетанымын зерттеудің мүлдем жаңа әдістемесін ұсынды. Ол тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, халықтың рухани және материалдық мәдениетінің көрсеткіші ретінде қарастырды. Негізгі еңбегі: «Қазақ әлемі» (этнолингвистикалық сөздік). Бұл сөздік қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдениетіне қатысты сөздер мен ұғымдарды жүйелеп, олардың этимологиясын, тарихи маңызын және қолданысын түсіндірді.

Мысалы:

– **«Тоғыз»** – қазақтың дәстүрлі сый тарту мәдениетінде ерекше символдық мәнге ие, сыйлықтардың саны тоғыз болу арқылы құрметтің жоғары деңгейін білдіреді.

– **«қара шаңырақ»** – отбасының үлкені мұрагер болатын үй. Бұл сөздің түп мағынасы атаның үйін, үлкен әулет ордасын сақтауға қатысты қалыптасқан.

Бұл еңбек тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын зерттеу үшін құнды дереккөзі болды. Сонымен қатар, бұл сөздік – қазақ тілінің ұлттық болмысын танытатын ең құнды еңбектердің бірі. Бұл сөздік тілдің мәдениетпен байланысын айқын көрсетеді. Сөздік қазақ халқының тұрмыс-салтына, дүниетанымына қатысты сөздер мен ұғымдарды жинақтаған. Мысалы:

– **«Книіз үйі»** - бұл сөздің тек физикалық тұрғыдағы мағынасын ғана емес, оның көшпелі қазақтың өміріндегі символдық мәнін (отау құру, отбасы құндылығы) ашады.

– **«Босаға»** - үйдің кіреберісіндегі бөлігі бөлігі ғана емес, ұрпақ тәрбиесі мен отбасы дәстүрлерін сақтаудың символы.

Бұл сөздік этнографтар, тіл мамандары, мәдениеттанушылар үшін қазақ халқының тілдік және мәдени мұрасын терең зерттеуге арналған дереккөз болып табылады.

2) Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі

Қазақ тілінің диалектологиялық ерекшеліктерін зерттеуде маңызды еңбек етті. Бұл еңбекте Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы сөз қолданыстарын жүйелеп, олардың лексикалық және фонетикалық ерекшеліктерін анықтады.

Мысалы:

– **«Торсық»** – Батыс аймағында сусын сақтайтын ыдыс ретінде қолданылса, басқа аймақтарда теріден жасалған қап ретінде белгілі.

– **«Тауықтың жұмыртқасын»** - кей өңірлерде «құстан» деп атаған. Бұл сөздік аймақтық ерекшеліктерді зерттеушілер мен қазақ тілінің аумақтық диалектілерін жүйелеушілер үшін таптырмас құрал.

Әбдуәли Қайдардың лексикографиялық еңбектері қазақ тілінің лексикалық байлығын сақтап, оның жүйелеуге және дамытудың ғылыми негіздерін қалыптастыруға зор ықпал етті. Оның этнолингвистикалық, тарихи және кәсіптік сөздіктері қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық сананы жаңғыртуға үлес қосты. Ғалымның мұрасы – қазақ тілінің болашағын ойлаған әр зерттеуші мен практик үшін баға жетпес қазына.

3) қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері

Қайдардың түсіндірме сөздіктері қазақ тіліндегі сөздердің мағыналарын ашуға, олардың қолданылу ерекшеліктерін түсіндіруге арналған.

Мысалы:

– **«Қамшы»** – тек құрал емес, сондай – ақ қазақ мәдениетіндегі биліктің, ер азаматтың мәртебесінің нышаны ретінде түсіндіріледі.

– **«Тұлпар»** – жылқының бір түрі ғана емес, батырлар жыры мен эпостарда символикалық мағыналары бар сөз ретінде сипатталады.

Әбдуәли Қайдардың еңбектері қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтерді. Оның жасаған сөздіктері ұлттық мұра мен мәдениетті сақтау, тілді дамыту және оны басқа тілдермен байланыстыру ісінде ерекше маңызға ие. Бұл мұра қазақ халқының тілдік қазынасын зерттеушілерге, мәдениеттанушыларға және білім беру саласының мамандарына құнды құрал ретінде қызмет етуде.

Түйіндей келе, тіл білімінің дамуына академик Әбдуәли Қайдардың қосқан үлесі орасан зор. Оның еңбектері қазақ тілінің салаларын саралаумен қатар, зерттеушілердің де шам шырағы, жетекші құралы десек артық айтқандық емес. Ғылыми зерттеулер жазумен ғана шектелмей, ол көптеген шәкірт тәрбиелеп, олардың да лексикография саласында еңбек етуіне жол ашты.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ әлемі – Алматы: Ана тілі, 1998.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі – Алматы: Ғылым, 1995.
3. Қайдар Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикографиясы. – Алматы: Ғылым, 2000.
4. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе – Алматы: Санат, 2002.

*Алтынай ОРЫНБАЕВА*

*Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының  
ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы  
филология ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан, Қызылорда қ.)*

### ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР: ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТЫҢ ІЗДЕНІСТЕР МЕН МҰРАЛАР

**Анатпа.** Мақалада ғалым академик Әбдуәли Қайдардың тіл біліміндегі тың ізденістері мен мұралары тіл біліміндегі еңбектері талқыланды. Зерттеулерінде кездескен сөздерді басқа ғалымдардың тұжырымдамаларымен салыстырып, жан-жақты талқылау жасалды. Ғалымның бір түбірден шығарған бірнеше сөздері, бүгінгі таңда көп сұрақ болып жүрген «Ясауи ме, Иассауи ме?», «Алма-ата емес, Алматы» тақырыптарын кеңінен ашу мақаланың мақсаты болып табылды. Сондай-ақ халқымыздың көне дәуірінен бастап қолданылып келе жатқан алайда ұмыт болған дәстүрді бүгінгі кезеңмен салыстырды.

**Тірек сөздер:** Түркітанушы ғалым, саяхатшы, шап, бірардар, тоғыз, жеті қазына.

**Аннотация.** В статье обсуждаются исследования и наследие учёного и академика Абдуали Кайдара в лингвистике. Слова, встретившиеся в их исследовании, сравнивались с понятиями других учёных и проводилось всестороннее обсуждение. Цель статьи - широко раскрыть несколько однокоренных слов учёного «Ясауи или Иасауи?», «Алматы, а не Алма-Ата», которые сегодня являются часто задаваемыми вопросами. Он также сравнил ныне забытую традицию нашего народа, которая практиковалась с древних времен нашего народа.

**Ключевые слова:** Тюркский учёный, путешественник, брат, девять, семь сокровищ.

**Abstract.** The article discusses the research and legacy of academician Abdulali Kaidar in linguistics. The words encountered in their research were compared with the concepts of other scientists and a comprehensive discussion was conducted. The purpose of the article was to widely reveal several cognate words of the scientist «Yasaui or Iasaui?», «Almaty or Alma-Ata», which are frequently asked questions today. He also compared the tradition of our people, which has been used since ancient times but was forgotten, with today's period.

**Keywords:** Turkic scientist, traveler, mow, brother, nine, seven treasures.

Саналы ғұмырының жарты ғасырынан астам уақытын тіл білімі саласына арнап келген, жастарға тіл білімінің қыр-сырын үйреткен, қазақ этнолингвистикасының негізін салушы, қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы ғалым **Әбдуәли Қайдардың** туғанына биыл – 100 жыл.

Әбдуәли Қайдардың 100 жылдық мерейтойы – қазақ тіл білімі мен түркітану саласындағы ғалымдар мен зерттеушілер үшін ерекше маңызды.

Академик Әбдуәли Қайдар – қазақ халқының тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан айтулы тұлға. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазақ тілінің мәртебесі үшін қызмет етіп, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті болды.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Академиктің ғылыми шығармашылығының өзекті бір саласын оның мемлекеттік тіл проблемасына, тіл заңына, тіл экологиясына байланысты көптеген көкейкесті мәселелері құрай алады. Ғалым ғылымдағы өзінің үздік өнегесімен ғана емес, сонымен қатар ол еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне де белсене араласып, бұл салада да азаматтықтың жоғары деңгейінен көрінді.

Әбдуәли Қайдар ғылыми еңбектерінің ішіндегі түркі тілдері мен қазақ тілінің фонетика, грамматика, лексика, фразеология салалары бойынша іргелі еңбектер жазған. Ол – қазақ тілінің синтаксисі бойынша бірнеше монографиялар мен оқулықтардың авторы.

Ғалым бір буынды түркі түбірінің жеке-дара лексема ретінде дербес қолданылуы жөнінде сондай-ақ бұл мәселеге байланысты түркологияда қалыптасқан «түркі түбірі әрқашан да айқын-анық қолданылады» деген пікірдің қате екендігін дәлелдей келіп, автор бұл тұрғыдан барлық бір буынды түбірлерді «өлі түбір», «мағынасы күнгірттенген», «қолданысы туынды сөз тұлғасымен шектелген», «бір текті және әр текті түбірлер», «екі ұдай мағыналы синкретті түбірлер» деп жіктеп қарастырады. Байырғы таным-түсінік бойынша адам, қоғам, табиғат біртұтас құбылыс ретінде қарастырылып жүр. Қазақ халқының өмірі де өздерінің тіршілігіне тірек болып отырған жерімен, даласымен, табиғатымен тығыз байланысты. Халқымыз табиғаттың адам баласына ешқашан бағынбайтынын ежелден білген. Керісінше табиғаттағы құбылыстарға бейімделіп, қоршаған ортаны құрмет тұтқан. Автордың «Адам. Қоғам. Табиғат» деп аталатын үш томдық еңбегінде адам баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі уақыт аралығындағы тұрмысына қажетті дүниелер туралы айтылған. Бүгінгі ғылыми мақалада сол құнды дүниелерден шамалап болса да мысал ұсынуды жөн көрдік. Мысалы, «жазиранын» – кең байтақ ең дала екенін, ал «жазықтың» – көз жететін жерге дейінгі мидай тегіс болып жататын кедір-бұдыр алқап екенін бірі білсе, бірі білмес еді. Бір ғана «жон» сөзімен тіркесу арқылы бірнеше мағынаға ие жер атауларына назар аударайық:

<b>Жон</b>	Арқа жон	<i>Бұлтығы білінбей, жұмырлау бітіп, жадағайлау болып тұратын жер</i>
	Жон арқа	<i>Омыртқалардың бойымен біртегіс білеуленіп тұратын бұлшық ет тәрізді белес</i>
	Сары жон	<i>Көлемі біраз жерге жайылып, сырт көрінісі көңілді бір әдемі әсер қалдыратын, үсті жайдақ, ойлы-қырлы кең алқап</i>
	Сұлама жон	<i>Ұзына бойы кедір-бұдырланып, кеңінен көсіліп жататын быжырқай жер бедері</i>
	Шоктық жон	<i>Қарауытқан дөңдері әр жерден бір дүңкііп-дүңкііп көрініп қалатын қырқалы жер бедері</i>  <i>Кедір-бұдыр болып, быжырқайланып жататын дөң-дөңесті жер бедері</i>

Сондай-ақ, әлеуметтік топтарға, әскери салаға, діни көзқарастарға, салт-дәстүрге қатысты ұғым атауларының сөздігі арқылы қазақтың кешегі қоғамындағы дәстүрді танып-білуге мүмкіндік туады. Қазақ халқының тағы бір құндылығы – ұлттық ойындар. Мысалы, бір ғана асық ойынына қатысты атаулардың сипаттамасы *алишы, асық ату, кетсін бір, атбақыл/көтеріспек, қақпақыл, құмар, оңқа, тас қала, хан* деп жіктейді. Бұлардың әрқайсысына түсіндірме жасап, шартын көрсетіп береді.

Тілді табиғатпен байластырып, «гүлдеп өскен жапырақтарды күн сайын тілде туындап жатқан жаңа сөздер» деп балаған Әбдуәли Қайдар өзінің «Ғылымдағы ғұмыр» кітабының «Түбі бір түріктің – түбірі де бір» зерттеуінде түбір сөздерді ашып айқындаған. Ендігі сөз сол туралы болмақ.

Ғалым еңбектерін ақтарып, тіл саласындағы зерттеулерін қарар болсақ, толассыз мәліметтер жинауға болады. Алайда, ғалым әр сөздің түбір нұсқасын жекелей алып, 20-30-дай туынды тұлға көрсетеді. Бұл дегеніміз – біз жазып тауыса алмайтындай зерттеулер. Мәселен, «шап» деген егістік түбірінен туындаған 20 шақты туынды тұлғада былай көрсетеді.

**Шап** – шабу, шаптығу, шабарман, шабуыл, шапқыншы, шаппа шот, шап ете түсу, шап беру, шап ете түсу, шап беру, шабыт, ат шабу, балта шабу, шалғы шабу, көңілі шабу, айға шабу деген сөздер шыққанын дәлелдеген [1,52-53 б].

Ғалымның кезекті талдауы бәріміздің назар аударсақ, құлағымыз естіп үйренген «Алматы» атауын бүгінде «Алма-ата» деп те атайтынын естіп жүрміз. Алайда, «Алматы» – қазақ халқының жүрегiнен қайнап шыққан, өз тілінің сөзжасам үлгісі бойынша дүниеге келген көне де байырғы қазақы атауларының бірі. Бұл атау – «алма» сөзіне -ты, -ті қатысты сын есім жұрнағының ең көне қатаң нұсқасы жалғануы арқылы жасалған атау. Көріп тұрғанымыздай, бұл атау құрамында ешқандай «ата» деген сөз жоқ. Демек, «Алма-ата» – «отец яблоки» деп түсіндіру қате екендігін көрсетеді. Сондықтан тосын құлақ үшін қаншама жағымды естілсе де, алма мен ата қатар тұра алмайды, бұл – алогизм [1,180 б].

Бүгінгі таңда Яссауи сөзінің де жазылуы көпшілік тарапынан сұрақ туындатып жүр. **Ясауи ме, Иассауи ме?** Бұған жауап беру үшін ғалымның тағы бір зерттеуіне жүгінеміз.

Бұл атау көбінесе Әзірет Сұлтан Қожа Ахметтің есіміне қосылып, кейінгі жылдарға дейін Қожа Ахмет Ясауи түрінде жазылып келді. Алайда, соңғы жылдары бұл атауды жазуда бірізділік байқалмай келеді. Ол Ясауи, Яссауи, Йасау, Йассауи, Иассауи, т.б. жазыла бастады. Мәселен, Түркістан қаласында шыққан бір ғылыми жинақта «Яссауи тағылымы» деп дұрыс жазылса, жақында Түркияда басылып шыққан Қожа Ахметтің хикметтері «Қожа Ахмет Иасауи» деп берілгендігі көп зерттеулерде айтылып жүр. Түркістан қаласындағы университет өз атауын «Қожа Ахмет Яссауи» атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп жазған.

Меніңше, ең алдымен тіл заңдылығына жүгінген дұрыс. Археологтардың ресми қолданып, барлық тарихи бұлақтарда жазылып келген бұл қаланың аты – Ясы. Олай болса, екінші «С» дыбысының бұл сөзде пайда болуы заңсыз екендігін айтады (Сөздің басындағы қосарлы дыбыс [й-йот және ашық дауысты дыбыс] белгісі кириллицада «Я» әрібі (таңбасы) арқылы берілетінін мойындасақ, онда қолданып жүрген ережеміз бойынша Йаса, Йасса, Иасса, Иаса емес, Яса түрінде жазғанымыз жөн. Ғалым осы тұста ұқсас сөздерді де атап көрсетеді. Мысалы, Яса+у-и, Така+у-и, Маға+у-и, т.б.

Ел аралап, бейтаныс жерлерді көріп, саяхат шегетін адамдарды «саяхатшы» деп атайтынымыз мәлім. Ал осы тұрғыда академик Әбдуәли Қайдар не дейді екен? Саяхатшыдай болмаса да, сол сияқты ел-елді аралап, сол елдердің тілінде өзінің ізін, яғни «қолтаңбасын» қалдырып жүрген сөздерді де саяхатшы деуге болатынын алға тартып, «саяхатшы» сөзін кеңенен талқылайды. Бүгінгі таңда қолданылуы сиректеп, көнере бастаған бірақ кешегі діндарлар тілінде жиі кездесетін «бірадар» сөзін ғалым «саяхатшылар» қатарына жатқызады. Себебі бұл сөздің екі түрлі мағынасы барын байқаймыз. 1) «жақын ағайын, досжар адам» және 2) «дін жолында бірге жүріп, Аллаға мінажат етушілер». Зерттеулерге сүйенсек, бұдан 5 мың жыл бұрын үнді-еуропа тілінде бхратэр деген сөз болған екен. Ол « ағайын, туыс» (яғни «брат») мағынасында қолданылған. Қанша жерді шарлаған осы сөз әр түрлі өзгерістерге түссе де, өзінің түпкі мағынасын сақтап отырған. Ұлыбритания елінде brother (бродер, және pal (пэл) деген екі сөз қалған. Бұл сөз «жолдас», «дос-жаран», «ағайындас» деген мағынаны білдеретін төркіндес сөздер.

Бірадар сөзі ағылшындар елінде ғана қолданылып шектелмейді. Сонымен қатар, көне латын, грек, ирланд, гот тілдерінде өз «ізін» қалдырған. Қай елге тараған нұсқасын қарасақ та, өзінің негізгі мағынасын жоғалтпаған «саяхатшы» сөзі халықтарды жақындастыру, туыстастыру, достару үшін атқарған қызметіндей байқауға болады. Оған осы талқылауларымыз дәлел бола алады. Көне үнді-санскриттен шығып Евразия елдерін түгел аралап оның лингвистикалық картасына өзінің атын қазақ тілінде бірадар «бірэдәр», орыс тілінде брат, ағылшын тілінде «brother» деп жазып, барлығында да ортақ «жақын туыс, жора-жолдас» деп түпкі мағынасын жоймай келе жағыр.

Ғалым зерттеулері біз үшін – мол мұра. Ондағы мәліметтер арқылы дау болып жүрген сұрақтардың жауабын табатынымыз рас. Академик Әбдуәли Қайдар жалпы тіл ғылымының,



оның іш інде түркітану, қазақ және ұйғыр тілдерінің қыры мен сырын әлем жұртшылығына таныта білді.

Ә.Қайдардың ғылыми-шығармашылық жұмыстары тек академиялық институт шеңберімен шектеліп қалмаған. Ол өзінің өрісті ойын өсіп келе жатқан жас толқын мамандар арасына салып, сыннан өткізіп, керісінше, жастардың ой-өрісі, өмірлік тыныс-тіршілігін сезіну арқылы шынайы қоғамдық қатынастарға жақын болған ғалымдардың бірі [1, 173].

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің бірі – жеті қазына. Қазақ халқы Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады:

1. ер жігіт;
2. сұлу әйел;
3. құмай тазы;
4. берен мылтық;
5. жүйрік ат;
6. ақыл-білім;
7. қыран бүркіт [3].

Ал осы тұста ғалым Әбдуәли қазақ ұғымындағы сегіз қырлы бір сырлы жігітке қажетті байлық – қазынаға 1) жүйрік ат, 2) қыран бүркіт, 3) құмай тазы, 4) берен мылтық, 5) өткір кездік, 6) ау-жылым, 7) қандыауыз қақпанды жатқызады. Этнографиялық мәліметтерге қарағанда жеті қазына құрамы әр кезде әр түрлі айтылып, өзгеріп отырған: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұғымдары міндетті түрде қайталанып, кейде «мылтық» «садақпен», қалғандары – «сұлу әйел», «ілім-білім», т.б. ұғымдармен ауыстырылып отырған. Жалпы «Жеті қазынаны» – жер қазынасы, мемлекет қазынасы, мәдени қазына, рухани қазына, үй қазынасы деп те айтылады.

Осы секілді халқымыздың көне дәуірінде жиі қолданылып келген сыйлық пен айып өлшемі ретінде тоғыз тарту дәстүрі де бар. Бұл атауда қазақ арасында әр түрлі болып қолданылып келген. Тоғыз тарту – көбінесе айыптың, құнның ауыр-жеңілдігіне сыйдың қымбат арзандығына байланысты өзгеріп отырған. Халық мәдениетінде дәстүр ретінде ежелден қалыптасқан «тоғыз» деп аталатын салттың екі түрі бар. Бұлардың аталуы бірдей болғанымен қолдану жолы мүлде бөлек [9].

Ұмыт болып бара жатқан дәстүрді Қазақстанның солтүстігіндегі өнімді мол жинап алғаннан кейін туған-туысқандарына, құда-жекжаттарына, сыйлас көршілеріне тоғыз беретін жақсы салты бар. Яғни, өздері қалаған адамдарына қоржынға салып қауын-қарбыз жібереді. Оның саны тоғыз не екі тоғыз, үш тоғыздан кем болмауы керек. Келген адам ол үйге тоғыз әкелгенін айтады. Бұл жай келіс емес, кәделі, сыйлы келіс. Тоғыз дегенің – тарту, ескеру, құрмет белгісі. Сонымен бірге, мұнда дәмету де бар. Демек, тоғыз жіберген адамға соған лайық сый-сияпат жасау керек. Халық арасында бірін-бірі ескеру, елеу осы тоғыз арқылы білінеді. «Ел аузынан» жинағынан **«Бір тоғыз айып төлеп құтылған екен» деген мысалдан бұл дәстүрдің құқықтық, әділет жүйесінде де қолданылатынын байқауға болады.** Әдетте, жеңіл жаза алғандар атын не шапанын төлеп шығады. Ал ауыр жазаға тартылғандар, мысалы: ұрлығы, ел-жұрт алдындағы зор кінәсі, дін жолындағы күнәсі үшін, опасыздығы үшін қылмыс жасағандарға қатаң жаза қолданылады. Оларға «тоғыз» деп аталатын жаза бар. Қылмыстың ауырлығына байланысты жаза бірнеше есе көбейтіледі. Айталық, әдейі жер өртегендерге, біреудің некесін бұзғандарға үш тоғыз төлеттіреді. Бұған түйе бастатқан 3 түйе, 3 жылқы, 3 сиыр. Мұны үш еселесе, 9 түйе, 9 жылқы, 9 сиыр болып шығады. Егер жаза ат бастатқан тоғыз болса, 3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой болып төмендей береді. Міне, Әбдуәли Қайдар талқыға салған «тоғыз тарту» дәстүрін осылайша топшалауға болады.

Әбдуәли Қайдардың 100 жылдығы – қазақ тіл білімі мен түркітану саласындағы маңызды кезеңдердің бірі. Ғалымның мұрасы бүгінгі күнде де өзекті болып, оның еңбектері жас зерттеушілер мен ғалымдар үшін құнды дереккөз болып табылады. Әбдуәли Қайдардың ғылыми мұрасы мен оның қазақ тіліне қосқан үлесі ұмытылмауы тиіс және келешек ұрпаққа жеткізілуі керек.

Осы ретте, Облыстық тілдерді оқыту орталығы өз парақшасында ғұлама ғалымдардың өмірі мен тың еңбегін насихаттау мақсатында «Тіл – ғұмыр» және «Ғылымдағы ғұмыр» атауларымен ақпараттық айдарлар жариялап келеді. Ондағы мақсат – қазақ тіл білімінде сандық көмегі

мен сапалық құндылығы тұрғысынан көш басында тұрған біртуар тұлғалардың көпшілік біле бермейтін мәліметтерді көпшілік назарына ұсыну.

«Біз үшін тіліміздің мемлекеттік мәртебесін заңдастырып қою – аз. Оны академик Ә.Қайдаров, С.Елубаев құсап қолдау, қажет болса, қорғау керек» деп Ә.Әбішев ғалымның тілге қосқан ерен еңбегін бір ауыз сөзбен көрсетіп отыр. Олай болса, алдағы уақытта иісі қазаққа, барша түркі әлеміне Әбдуәли Қайдарды тереңдете таныту керек.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. «Ғылымдағы ғұмыр» I-IV том, – Астана: Сардар, 2014.
2. Қайдаров Ә. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» – Алматы: Ана тілі 1998.
3. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/637>
4. <https://topreferat.com.kz/basqa-taqyryptaghy/4754-abduali-qaydar-engbekterindegi-etnolingvistikalыq-korinister-kurstыq-zhumys.html>
5. «Түркістан» №52 (8523), 2004.
6. «Егемен Қазақстан», 1994.
7. Қайдар Ә.Т. Қазақ диалектологиясы
8. «Ана тілі», 1990.
9. <https://massaget.kz/salt-dastur/dastur-soyleyd-toyiz--29000/>

# СИНХРОНДЫ ЖӘНЕ ДИАХРОНДЫ АСПЕКТИЛЕРДЕГІ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ

---

*Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма төрағасы-Ректоры  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ТРАНСЕУРАЗИЯЛЫҚ БАЯНДАУ КОНТЕКСТІНДЕ ТҮРКІТАНУ ЖӘНЕ АЛТАЙТАНУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**Андатпа.** Мақалада «Трансевразиялық баяндау контекстіндегі түркітану мен алтайтану зерттеулерінің қазіргі тенденциялары мен перспективалары» атты тақырып аясында қазақ және барлық түркі халықтарының мәдени және рухани мұрасын сақтауға бағытталған зерттеулердің өзектілігі қарастырылады. Сөз тарихын, лексикалық және фонетикалық ізденістерді, сондай-ақ түркітану мен алтайтану саласындағы морфологиялық параллельдерді талдау бағытындағы зерттеулер әлі де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Автор қазіргі түркітану мен алтайтануды уақыт сынынан өткен дәстүрлі салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қатаң ғылыми негіздеріне енгізу қажеттігін атап өтеді. Бұл ретте бұрыннан қалыптасқан түркі, моңғол және тунгус-маньчжур тілдері арасындағы белгілі лексикалық, фонетикалық, грамматикалық параллельдердің тарихи себептерін зерттеу де өзекті болып қала бермек. Ұзақ мерзімді және көп бағытты тарихи байланыстардың, сондай-ақ, кездейсоқ сәйкестіктердің нәтижелері анықталғаннан кейін ғана біз дәстүрлі түрде Алтай (немесе кеңірек – трансевразиялық) тілдік қауымдастыққа біріктірілген ықтимал бастапқы біртектілік мәселесін толығырақ зерттеуге мүмкіндік аламыз.

**Тірек сөздер:** түркітану, алтайтану, трансевразиялық қауымдастық, лексикалық параллельдер, гипотеза, дәлелдер.

**Аннотация.** В статье «Современные тенденции и перспективы исследования тюркологии и алтаистики в контексте трансевразийского нарратива» отмечается, что исследования, связанные с сохранением культурного духовного наследия казахского и всех тюркских народов актуальны и до настоящего времени все еще остаются малоизвестные факты в истории слов, в теории заимствований, ученых ведут свои поиски и анализ лексических, фонетических, морфологических параллелей в области тюркологии и алтаистики. Автор отмечает, что сегодня тюркологию и алтаистику необходимо поставить на проверенные временем строго научные рельсы традиционного сравнительно-исторического языкознания и необходимо продолжать исследования исторических причин формирования давно установленных выдающимися учёным – нашими предшественниками, определённых лексических, фонетических, грамматических параллелей между тюркскими и монгольскими, тунгусо-маньчжурскими языками. Только после выявления результатов долговременных и разнонаправленных интенсивных исторических контактов, а также так называемых случайных совпадений, мы можем более полно раскрыть вопросы о возможной изначальной гомогенности традиционно объединяемых в алтайскую (шире – трансевразийскую) общность языков.

**Ключевые слова:** тюркология, алтаистика, трансевразийская общность, лексические параллели, гипотеза, доказательства.

**Abstract.** In the article ‘Modern trends and prospects of research of Turkology and Altaic studies in the context of trans-Eurasian narrative’ it is noted that the research related to the preservation of cultural spiritual heritage of Kazakh and all Turkic peoples is relevant and up to now there are still little-known facts in the history of words, in the theory of borrowings, scientists are searching and analysing lexical, phonetic, morphological parallels in the field of Turkology and Altaic studies. The author notes that today Turkology and Altaic studies should be put on the time-tested strictly scientific rails of traditional comparative-historical

linguistics and it is necessary to continue researching the historical reasons for the formation of certain lexical, phonetic, grammatical parallels between the Turkic and Mongolian, Tunguso-Manchurian languages, which were established by our predecessors. Only after revealing the results of long-term and multidirectional intensive historical contacts, as well as the so-called accidental coincidences, we can more fully reveal the questions about the possible initial homogeneity of the languages traditionally united in the Altai (wider - Trans-Eurasian) community.

**Keywords:** turkology, Altaic studies, Trans-Eurasian community, lexical parallels, hypothesis, proofs.

2023 жылы Жапонияға сапар барысында Токио шетел тілдері университетінің президенті Хаяси Каекомен кездесуі Қазақстанның ғылымы мен білімі үшін маңызды болды; онда қазіргі заманғы ғылымды дамытудың көптеген салаларындағы өзекті мәселелер талқыланды және мұның бәрі де менің қазіргі Қазақстандағы генеалогиялық (салыстырмалы-тарихи) тіл білімін – диахрондық лингвистикалық түркология мен алтайтануды дамытудың ұзақ мерзімді жоспарларыммен байланысты еді. Бұл мен үшін маңызды зерттеу парадигмасына енгуге және заманауи ғылымды дамытудағы дәстүрлер мен инновациялық тәсілдерге қатысты мәселелерді қайта ойластыруға мүмкіндік берді.

**Гумбатов Гахраман** Насиб оглы бірде былай деп жазды: «Алдағы жылдары Ресейде Сергей Анагольевич Старостиннің түркілердің, корейлер мен жапондардың алыс туыстығы туралы гипотезасына сүйене отырып, ежелгі түріктердің ата-бабасы Корей түбегінде немесе Хоккайдода болғанын дәлелдей бастайтын жаңа «зерттеуші» пайда болса, таң қалмас едім» [1].

Гахраман Насиб оглы көреген болып шықты. Рас, ол аздап қателесті: мұндай зерттеуші іс жүзінде Ресейде емес, Бельгияда пайда болды және ол ежелгі түріктердің ата қонысын жапон Хоккайдосында емес, Қытайдың Дунбейінде локализациялады. Бірақ бұл маңызды емес.

Тілдердің алыс байланысы туралы гипотезалар қызықты. Олар, біріншіден, қандай да бір жұмбақпен сананы қоздырады, екіншіден, олар маман еместерге түсінікті, өйткені олар фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды дұрыс емес болса да, қызықты түсіндіреді, үшіншіден, эмоциялармен ойнайды – патриотизм, ұлттық артықшылық, т.б.

19 ғасырдың ортасында салыстырмалы лингвист саласының мамандары тұжырымдаған түркі, моңғол және тунгус-маньчжур тілдерінің бастапқы біртектілігі уақыт өте кең танымалдыққа ие бола бастады және алдымен корей, содан кейін жапон тілдерін тарту арқылы «толығы түсті». Бұл қоғамдастыққа, өткір пікірталасқа қарамастан, осындай кеңейтілген түрде, одан да үлкен тілдік макро-отбасыларға енгізілді – ностратикалық, бореялік, «еуразиялық», жалпыадамзаттық «адамдық» және т.б.

Сіздердің назарларыңызды сөзімнің ұғымдық-терминологиялық жағына аударып, баяндама тақырыбына енгізілген терминнің өзі туралы айтқым келеді.

Жақында бельгиялық лингвист-компаративист, жапон және корей тілдерінің маманы Мартин Ирма Роббитстің (*Martine Irma Robbeets*) жеңіл қолымен тілдердің дәстүрлі алтайлық макросемьясы «трансеуразиялық» деп аталды.

Мартин Ирма Роббитстің өзі «Трансеуразиялық егіншілердің тілі» мақаласында «Трансеуразия тілдері» терминін оның Ларс Йохансонмен бірге енгізгенін және «Салыстырмалы перспективадағы трансеуразиялық етістік морфологиясы: генеалогия, байланыстар, өзгерістер» кітабының алғы сөзінде алғаш рет қолданғанын көрсетеді [2].

Алайда, біз «Trans-Eurasian languages» – «Транс-Еуразиялық тілдер» (әлі де осындай графикалық емледе) термині алғаш рет 2007 жылы «түркі тілдері» («Turkic Language») журналында жарияланған «Трансеуразиялық тілдердегі каузатив-пассив» атты еңбегінде пайда болғанын анықтай алдық. Демек, «трансеуразиялық тілдер» терминінің ғылыми айналымға енгізілген күні 2007 жыл болып саналуы керек.

Сонымен бірге, жаңа терминнің Орталық Азияның генеалогиялық лингвистикасы мен палеотарихының кеңістігіндегі қолданылуы біршама кейінірек, 2021 жылы басталды, оны әлі де білетін және қолданатындар аз.

Бұл термин дәстүрлі түрде «Алтай» деп аталатын географиялық жағынан іргелес тілдердің үлкен тобына жатады және бастапқыда генуин ретінде бес тілдік отбасын біріктіреді: түркі, моңғол, тунгус-маньчжур, корей және жапон (Рюкю идиомалары бар), материалдық және құрылымдық сәйкестіктердің белгілі бір көлеміне ие [3, 586].

«Трансеуразиялық тілдер» деген жаңа терминді ғылыми айналымға енгізудің заңдылығын негіздеу үшін М.Роббитс пен Л.Йохансон бірқатар негіздемелерді келтірді:

1) «Алтай тілдері» дәстүрлі терминін қолданудың «тар» және «кен» нұсқалары арасында шатаасуды болдырмау;

2) «алтайшылдар» мен «қарсы алтайшылдар» арасындағы «қарсы поляризацияны» азайту;

3) терминнің қолданылу аясын кеңейту, өйткені *-ic* (*алтай тілінде*) жұрнағы жақындықты білдіреді, ал *-an* (*трансеуразиялық*) жұрнағы аймақтық гипотезаға орын қалдырады;

4) Алтай тауын болжамды ата қонысы ретінде атап өтуді жоққа шығарады [4].

Ирма Роббитс пен Александр Владиславович Савельев Алтай қауымын транссеуразиялық макросемьяның кіші тобы ретінде ажыратуды ұсынады, ал олар қалыптасқан дәстүр бойынша түркі, моңғол және тунгус-маньчжур тіл семьяларын алтай макросемьясына біріктіреді. «Транс-еуразиялық» макроотбасы олар оқшауланған корей және жапон (рюкюан идиомалары бар) тілдерін қосу үшін кеңейтілген дәстүрлі үш алтай тіл отбасыларының қауымдастығын түсінуді ұсынады [4, 1-3].

Бұл зерттеушілердің пікірінше, алтайтануда триангуляция әдісін қолдану зерттеушіге мәліметтердің дұрыстығын тексеруге және алынған нәтижелердің дәйектілігі негізінде өз тұжырымдарын растауға немесе теріске шығаруға мүмкіндік береді.

2021 жылдың 10 қарашасында «Nature» журналында «Триангуляция транссеуразиялық тілдердің ауыл шаруашылығымен бірге таралуын растайды» атты ұжымдық мақала жарияланды [5, 616-621].

Оның авторлары Йенадағы (Германия) Макс Планк қоғамы жанындағы Адамзат тарихы институтында М.Роббитстің демеушілігімен жұмыс істейтін 11 елден келген лингвисттердің, археологтардың және палеогенетиктердің халықаралық командасы болып табылады.

Бұл зерттеушілер тобы бірнеше жыл бойы үш ғылымның әдістері мен деректерінің – генеалогиялық (салыстырмалы-тарихи) тіл білімінің, «археологиялық этногенетиканың» (Л.С.Клейн термині) және популяциялық палеогенетиканың «триангуляциясы» негізінде бес Алтай (немесе қазір «трансеуразиялық») тілдік отбасылардың сөйлеушілерінің тарихына ауқымды зерттеулер жүргізді.

Бұл сенсациялық жұмыста дәстүрлі түрде Алтай қауымдастығына біріктірілген түркі, моңғол, тунгус-маньчжур, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің шығу тегі мен таралуы мәселесін диахрондық лингвистикалық компаративистика, этноархеология (археологиялық этногенетика) және популяциялық палеогенетика деректерінің интеграциясы мен синтезі негізінде зерттеуге әрекет жасалды. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл алтаистиканы дамытудағы өте озық әрі келешегі зор қадам.

Қызығушылық танытқан оқырманның назарына ұсынылған эссе шамамен 9000 жыл бұрын Қытайдың солтүстік-шығысында Алтай (resp. этнолингвомәдени континуумы, неолит дәуірінде егіншіліктің (тары агрокультурасының) таралуына байланысты ыдырауы. Қалай болғанда да, ұжымдық «...триангуляциясы» пайда болғаннан кейін [5, 616-621] ғылыми әдебиеттерде дәстүрлі түрде Алтай (макро) отбасына біріктірілген географиялық байланысты және құрылымдық жағынан біртектес тілдік отбасылар тобын белгілеу үшін «трансеуразиялық тілдік отбасы» (Transeurasian language family) ұжымдық атауы тамырын жая бастады.

Ең алдымен, осыған байланысты М.Роббитс пен оның әріптестеріне Еуразияның бес ірі этнолингвомәдени континуумдары мен тілдік отбасылары арасындағы шынайы тарихи қатынастардың пікірталас мәселесін шешу үшін батыс пен шығыстың жетекші мамандарының күш-жігерін біріктіруге қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Әр түрлі елдердің лингвистері, археологтары мен палеогенетиктері дәстүрлі түрде Алтай қауымдастығына біріктірілген бес тілдік отбасы арасындағы шынайы қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін біріккендері мақтауға тұрарлық. М.Роббинс пен оның ізбасарларының еңбектері пайда болғаннан бері таза лингвистикалық пәннен дәстүрлі алтаистика трансдисциплинарлық салаға айналды.

Зерттеудің лингвистикалық аспектісіне келер болсақ, мен өте қысқаша атап өтуге тырысамын: транссеуразиялық мәселені лингвистикалық тұрғыдан негіздеу үшін авторлар барлық бес тіл семьясынан 3193 туыстас лексемалардың тіркесімінен жаңа лексикалық деректер жинаған. Бұл авторлардың пікірінше, диалектілер мен тарихи расталған идиомаларды қоса



алғанда, 98 трансевразиялық тілге арналған 254 негізгі сөздік тұжырымдамасын білдіреді [5, 617].

Бұдан бұрын да Транс-евразиялық макроотбасыға кіретін тілдердің біртектілігі туралы гипотезаның дәлелі ретінде 635 прототілді реконструкция ұсынылды [6]. Роббитс пен оның әріптестері филогенез бен күн тілдерін құру үшін осы лингвистикалық дерекқорға Байес әдістерін қолданды [5, 617]. Осы эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып, зерттеушілер филогенетикалық ағаш құра алды, олардың тұжырымдары бойынша біздің дәуірімізге дейінгі 9 181 жылы терең, прототрансевразиялық қауымдастықтың тарихи тамыры Батыс Ляо өзенінің бассейнінде (кит. *Силляохэ*) тары (*Panicum miliaceum* L.) өсірген неолиттік фермерлерге дейін созылды.

М.Роббитс және оның әріптестері прото-трансевразиялық, прото-алтай, прото-моңғол-тунгус және прото-жапон прото-корей тілдерімен бірге тары өсіруге қатысты прото тілден мұра болып қалған сөздердің шағын өзегін көрсетеді, бірақ күріш немесе басқа дәнді дақылдар емес, азық-түлікті өңдеуге, және сақтауға қатысты сөздердің шағын ядросын, отырықшы болуды меңзейтін флораның жабайы өсіп келе жатқан түрлерін, сондай-ақ мата өндірісіне қатысты сөздерді меңзейді.

Зерттеушілер прото тілден мұра болып қалған және жер өңдеуге, тары өсіруге және отырықшы өмір салтының басқа да белгілеріне байланысты бірнеше сөздердің алғашқы өндіріс мәдениетінің ауылшаруашылық негіздері және Транс-Евразиялық прототілінде сөйлеушілердің күнкөрісі туралы гипотезаны қосымша қуаттайтынын атап өтті. Трансевразиялық баяндау үшін апологтар олардың қалыптасқан жасы, ата-баба мекенінің локализациясы, ауыл шаруашылығымен байланысты түпнұсқа протолингвистикалық лексика және трансевразиялық (алтай) тілдерінің жекелеген тармақтары, сөйлейтіндер арасындағы байланыстар сипатын растайды деп мәлімдейді. Олардың қоныстануының «ауылшаруашылық гипотезасы» және мал шаруашылығын жоққа шығарады [5, 616-621]. Қола дәуірінде протоалтай қауымынан бөлініп шыққан түркі, моңғол, тунгус-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон сияқты ана тілдері – ұрпақтары өз бетінше даму барысында жаңа сөздермен байытылды. Бұл олардың сөйлеушілерінің экономикалық құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді. Бұл, ең алдымен, күріш, арпа, бидай және басқа да ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге, асыл тұқымды ірі және уақ мал, жылқы өсіруге байланысты терминология, сонымен қатар егістік пен үй маңындағы еңбекке қажетті құрал-саймандар, жібек шаруашылығы, т.б. Сонымен бірге, жаңа лексика алтай қауымының жеке тілдік семьяларына тарихи байланыста болған трансевразиялық және шет тілдерден енгізіліп анықталды [5, 616-621].

Трансевразиялық мәселені біздің конгресс аясында кеңінен талқылауға болады және қажет, сондықтан барлық пікірталас материалдарының жариялануы маңызды. Бірақ мен сіздермен бірге университетіміздің 90 жылдығына орай қонақтардың назарын мынаған аударғым келеді. Бұл дегеніміз, біз білім беру мекемесінің ғылыми-педагогикалық қызметінің белгілі бір қорытындыларын шығарып, болашаққа арналған перспективалық жоспарларды белгілеуіміз керек.

Биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түркология және алтаистика ҒЗИ қызметкерлері гранттық қаржыландыру бойынша конкурстың жеңімпаздары атанды («Қоғамның рухани жаңғыруы жағдайындағы Қазақстанның түркі тілдері: графикадан эпикалық мәтінге дейін», жетекшісі проф. Н.Ж.Шаймерденова) Бұл жерде персонологияға көп көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты мен осы жоба аясында түркітану және алтаистика ҒЗИ ғалымдардың өмірбаянына ғана емес, Түркітану мен алтаистиканың тұжырымдамалық мәселелері мен мета тіліне де көбірек көңіл бөлетініне тілек білдіргім келеді. Тарихшы-зерттеушілер, географтар, археологтар, шығыстанушылар үшін, ең алдымен, ғалымдардың алдыңғы буында-рын зерттеудің ғылыми еңбектері мен тұжырымдамалық постулаттарына негізделген көптеген мәселелерді бірлесіп шешу қажет.

Маған жақын алтай (немесе қазір трансевразиялық) мәселесіне оралсақ, ғылыми қоғамның алтаистиканың өзекті мәселелеріне қызығушылығын жаңа пәнаралық деңгейге көтерген «трансевразиялық тілдер отбасы» терминінің авторы туралы бірнеше сөз айтқым келеді.

Мартина Ирма Роббитс (24 қазан 1972) – бельгиялық компаративист лингвист, жапон (жапон тілі магистрі, Левен қаласындағы католик университеті) және корей (корейтану магистрі,

Лейден университеті) тілдері бойынша маман, генеалогиялық (салыстырмалы-тарихи) тіл білімі саласындағы филология докторы. Ол Лейден компаративистика мектебінің өкілі, үндіеуропалық Ф.Кортландтың шәкірті, сонымен қатар С.А.Старостиннің өзінде Мәскеу компаративистика мектебінде тағылымдамадан өткен.

М.Роббинстің еңбектерімен танысу оның ғылыми шеңберін қалыптастыруда С.А.Старостиннің идеялары мен Мәскеу мектебінің компаративистикасы маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. М.Роббитстің транс-Еуразиялық әңгімесінің негізінде С.А.Старостиннің «Алтай мәселесі және жапон тілінің шығу тегі» (1991) кітабында баяндалған идеялар, ал Алтай тіліндегі репрезентативті лингвистикалық материал (resp. транссеуразиялық) тілдер негізінен «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінен» алынған [7]. Айта кету керек, праалтай жер лексикасын қайта құру, сондай-ақ оның ілеспе ыдыстарының атаулары Анна Владимировна Дыбоның «праалтай әлемі: Wörter und Sachen» мақаласынан алынған [8, 36-43]. М.Роббитстің өзі осыған сілтеме жасайды және А.В.Дыбо бұл туралы жақында жарияланған М.Роббитс шығармаларына шолуында жеткілікті түрде айтты [8, 71-106].

Бүгін осында қатысып отырған атақты түркітанушы-компаративист және орал-алтай тілдері бойынша маман Анна Владимировна Дыбо «алтай тілдерінің этимологиялық сөздігін» құрастырушылар тобы өз уақытында алған деректерін «Триангуляция...» [6, 616-621] жалпы түрде растайды.

Алтай қауымының ыдырау даталары іс жүзінде бір уақытта С.А.Старостин (1991), кейінірек «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» бірдей. Бұл таңқаларлық нәрсе емес, өйткені лексикалық салыстыруларды «Триангуляция...» авторлары осы сөздіктен қысқартылған түрде алған (М. Роббитс балама түсініктемелері бар жапон-корей этимологияларын жойғаннан кейін). Ал, ресейлік алтайтанушы ғалымдар «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» [9] ұсынылған прото-алтай (макро-алтай) фонетикалық жүйесін «жүйелі түрде қайта құрудың бүгінгі күнге дейінгі жалғыз әрекеті әр түрлі әдіснамалық кемшіліктері үшін қарсыластар тарапынан да қатаң сынға ұшырағанын атап өтті. Алтайлық гипотеза және оның жақтаушылары қайта құрылған фонологияны түбегейлі қайта қарауды ұсынып, ұсынылған алтай этимологияларының үлкен сабын жоққа шығарады» [10].

Талқыланып отырған жұмыста [6] келтірілген тіларалық лексикалық жақындасулардың ғылыми сенімділігі мәселесіне келетін болсақ, Анна Владимировнаның өзі бұл туралы пікір білдіреді, өйткені бізде Конгресс жұмысының тағы екі күні бар және біздің құрметті қонақтарымыз бен баяндамашыларымызды тыңдауға мүмкіндік бар. «...Триангуляциясының» керемет ерекшелігі-олардың ғылыми сенімділігін екі рет тексеру үшін ондағы барлық лексикалық конвергенциялар жиынтығының болуы екенін атап өткім келеді.

Мен М.Роббитстің «Триангуляциясы» нәтижелеріне сыни шолу жасауға арналған арнайы мақала дайындадым, сондықтан мен бұл жұмыстың маңызды сұрақтары мен егжей-тегжейлі талдауларына кірмеймін, тек транссеуразиялық қауымдастықтың табиғаты туралы ондағы барлық пайымдаулар археологиялық этногенетика, популяциялық палеогенетика, диахрондық лингвистикалық салыстырудың тиісті деректерін тарата отырып, кең трансдисциплинарлық аспектіде қарастырылатындығымен шектелемін. Сонымен бірге мен М.Роббитстің әртүрлі елдерде пайда болған негізгі тұжырымдарына сыни шолу бойынша негізгі пікірталас жариялағандарын ескеруге тырыстым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «түркітану және тіл теориясы» кафедрасы (кафедра меңгерушісі Раушан Амирдиновна Авакова), сондай-ақ 2022 жылдың желтоқсанында ашылған түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты Қазақстандағы генеалогиялық (салыстырмалы-тарихи) түркология, түркі палеотарихи және диахрондық алтайтану ғылымдарының одан әрі прогрессивті дамуына ықпал етеді деп үміттенеміз.

Мен осы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми жетекшісі және кеңесшісі ретінде қызметкерлерге диахрондық салыстырмалы зерттеулер мен палеотарихи зерттеулерге ерекше көңіл бөлуді, сондай-ақ бірлескен ынтымақтастық пен жас кадрларды дайындау үшін беделді мамандарды шақыруды тапсырдым (бұл өте күрделі тақырып, өйткені біздің заманымыздың жастары диахрондық түркология мен лингвистикалық салыстырмалы зерттеулерге онша құштар емес; бұл өте күрделі, бірақ өте қызықты зерттеу саласына). Бізге ҒЗИ-нің бас ғылыми қызметкері ретінде Николай Иванович Егоров шақырылды және біз әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті аясында регалиялармен ауыртпалық түскен ақсақалдар және жас студенттерге орта Еуразия тарихының соңғы үш мыңжылдығында түркі тілдес халықтардың түркі палеотарихы, сыртқы және ішкі этнолингвомәдени байланыстары мәселелерін тең дәрежеде талқылайтын ғылыми-білім беру кеңістігін құрамыз деген ойдамын. Бүгін біздің конгреске қатысып отырған белгілі ғалымдардың бай ғылыми тәжірибесі Қазақстанның және басқа да елдердің жас мамандарына болашақта диахрондық компаративистиканың көптеген күрделі мәселелерін шешуге көмектесетініне сенімдімін.

Ерекше мәселе шағатай тілі, ежелгі қолжазбалар мен сирек басылған кітаптардың тілі бойынша материалдарды жариялаумен байланысты. Шағатай тілінен оқулықтар мен сөздіктер жасау. Осы орайда қолжазбалар зертханасы құрылды. Оның мақсаты – ең алдымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде сақтаулы тұрған материалдарды каталогтау және зерттеу.

Қорытындылай келе, зерттеудің келешегі, әрине, қазақ және барлық түркі халықтарының мәдени рухани мұрасын сақтаумен, түркология мен алтаистика саласындағы лексикалық, фонетикалық, морфологиялық параллельдерді іздестіру және талдау, сөз тарихының әлі де аз белгілі фактілерін зерттеумен байланысты екенін атап өткім келеді. Бүгінгі таңда алтаистиканы дәстүрлі салыстырмалы тарихи лингвистиканың уақытпен тексерілген қатаң ғылыми рельстеріне қою керек, ал біз түркі және моңғол тілдері, сондай-ақ моңғол және тунгус-маньчжур тілдері арасындағы бұрыннан қалыптасқан белгілі бір материалдық және құрылымдық параллельдердің қалыптасуының тарихи себептерін күнделікті зерттеуді жалғастыруымыз керек. Ұзақ мерзімді және көп бағытты қарқынды тарихи байланыстардың, сондай-ақ кездейсоқтықтардың нәтижелері анықталғаннан кейін ғана дәстүрлі түрде алтай (кеңірек-трансеуразиялық) тілдер қауымдастығына біріктірілген бастапқы біртектілік туралы мәселеге оралуға болады.

#### Әдебиет

1. Гумбатов Г.Н. Историческая прародина тюрков: От Арана до Алтая. Баку: Elmi Taksil, 2012. – 447 с.
2. Robbeets M., Savelyev A. (eds.). Language dispersal beyond farming. Amsterdam: Benjamins, 2017. – P. 93–116.
3. Robbeets M. Is Japanese related to Korean, Tungusic, Mongolic, and Turkic? Wiesbaden: Harrassowitz, 2005. – 975 p.
4. Robbeets M., Savelyev A. Introduction [to “The Oxford guide to the Transeurasian languages”] // Oxford guide to the Transeurasian languages. Oxford: Oxford University Press, 2020. – P. 1–3.
5. Robbeets M. et al. Triangulation supports agricultural spread of the Transeurasian languages // Nature. 2021. Vol. 599. P. 616 – 621.
6. Robbeets M. The Transeurasian homeland: where, what and when? // Robbeets M., Hubler N., Savelyev A. (eds.). The Oxford guide to the Transeurasian languages. Oxford: Oxford University Press, 2020.
7. Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. М.: Наука; Гл. ред. вост. лит-ры, 1991. – 298 с.
8. Дыбо А.В. Мир праалтайцев: Wörter und Sachen // Проблемы изучения дальнего родства языков на рубеже III тысячелетия: тезисы и доклады конференции. М.: РГГУ, 2000. – С. 38–48.
9. Starostin S., Dybo A., Mudrak O. (eds.): Etymological Dictionary of the Altaic Languages. 2003.
10. Kassian A.S. et al. Permutation test applied to lexical reconstructions partially supports the Altaic Linguistic macrofamily // Evolutionary Human Sciences. 2021. Vol. 3.

## **АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫН КЕЗЕҢДЕСТІРУІ ЖӘНЕ ТІЛІМІЗДІҢ ҚАЗІРГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨНЕ ДӘУІР ІЗДЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада академик Әбдуәли Қайдардың қазақ тілінің тарихын кезеңдестіру тәсілі қарастырылып, тілдің даму барысындағы көне дәуір іздері зерттеледі. Академик Әбдуәли Қайдар қазақ тілін үш негізгі кезеңге бөледі: көне (б.з.д. I-III ғғ.), орта (X-XV ғғ.) және жаңа дәуір (XIX ғасырдан қазіргі кезеңге дейін). Көне дәуірде түркі тілдерінің қалыптасуымен, көне жазба ескерткіштерінің пайда болуымен байланысты тарихи кезеңдер сипатталады. Бұл кезеңдер қазақ тілінің дыбыстық жүйесіндегі өзгерістер мен фонетикалық құбылыстарды түсінуге көмектеседі. Мақалада ежелгі түркі тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық ерекшеліктердің іздері талданып, олардың тарихи негіздері көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** түркі тілдері, қазақ тілі тарихы, фонетика, Әбдуәли Қайдар зерттеулері

**Аннотация.** В статье рассматривается научный труд академика Абдуали Кайдара об исторических этапах казахского языка. Академик Абдуали Кайдар делит историю казахского языка на три основных периода: древний период (с I по III вв. до н. э.), средневековый период (с X по XV вв.) и современный период (с XIX в. по настоящее время). Древний период характеризуется формированием тюркских языков и появлением древних письменных памятников. Эти этапы помогают понять фонетические изменения и развитие звуковой системы казахского языка. В статье анализируются фонетические особенности как древнетюркских языков, так и современного казахского языка, показаны их исторические основы.

**Ключевые слова:** тюркские языки, история казахского языка, фонетика, исследования Абдуали Кайдара

**Abstract.** The article examines the scholarly work of Academician Abduali Qaiydar on the historical stages of the Kazakh language. Academician Abduali Qaiydar divides the history of the Kazakh language into three main periods: the ancient period (from the 1st to the 3rd centuries BC), the medieval period (from the 10th to the 15th centuries), and the modern period (from the 19th century to the present day). The ancient period is marked by the formation of Turkic languages and the emergence of early written monuments. These historical stages provide insight into the phonetic changes and developments in the sound system of the Kazakh language. The article analyzes the phonetic features of both ancient Turkic languages and modern Kazakh, highlighting their historical foundations.

**Keywords:** turkic languages, history of the Kazakh language, phonetics, Abduali Kaidar's research

Қазақ тілінің тарихы түркі тілдерінің тарихымен тығыз байланыста қаралады. Ал түркі тілдерінің тарихында оның даму кезеңдерін анықтау, яғни кезеңдестіру мәселесі өзекті, онсыз тіл тарихын толық сипаттау мүмкін емес. Түркі тілдерін кезеңдестіруде негізінен тарихи-салыстырмалы, компаративистикалық әдіс қолданылады. Сонымен бірге тіл-тілдің дамуын кезеңдестіру мәселесі сол тіл жататын топтың таптастырылымынан ажырамай, тұтастықта қаралады. Себебі әр кезеңдегі ерекше құбылыс, тілдегі айтулы өзгеріс, яғни сол кезеңді басқалардан айырмалап, бөлектеп шығарған айырым үрдістер қандайда бір тілдік топтардың өз алдына бөлініп шығу немесе бір тілдің өзіндік сипат алу, керісінше жойылуы, жұтылуы сияқты әлеуметтік тілтанымдық үдерістермен тығыз байланысты болады. Тарихи деректер негізінде Н.А.Баскаковтың, фонетика-морфологиялық белгілер бойынша А.Н.Самойловичтің таптастыруы түркі тілдерінің ең танымал таптастырылымына жатады. Бұларда, әсіресе алғашқысында түркі тілдерінің даму кезеңдері де анық көрсетілген [1].

Академик Ә.Қайдар қазақ тілінің тарихы қазақ ұлтының тарихымен тығыз байланыста әрі тым әріден басталады деп көрсетеді: «Егер біз қазақ ұлтының қалыптасуын ұдайы даму процесі ретінде оның ұлттық негізінің ажырамас құрамы – үйсін, қаңлы, т.б. ру-тайпалық одақтардың

тарихымен мұралық байланыста қарастырсақ, онда ол **көне, орта және жаңа** болып басты-басты үш дәуірге бөлінеді <...>. Осы тұрғыдан алғанда қазақ этносы тілінің тым ертедегі, яғни **көне** деп аталған алғашқы кезеңіндегі даму тарихы екі - **ежелгі және көне** кезеңнен тұрады. **Ежелгі дәуір** кезеңі бағзы заманнан (б.з.д I-II ғ.) бастап, Түркі қағанатының құрамына дейінгі уақытты (IX ғ.) қамтиды» [2, 208]. Бұл кезеңнің басының өзінде, яғни б.з.д. I-III ғ. қазақ этносының қалыптасуына үлес қосқан халықтар мемлекеттікке ие болған [3], түркілік ру-тайпалармен [4, 76], ежелгі сак, ғұн және өзге де тайпалармен тығыз қарым-қатынасқа түскен [5], осы мәдениет өкілдерінің мұрасын жалғастырған [6]. Аталаған кезеңге тән тарихи-мәдени, экономикалық, саяси үрдістер болашақ қазақ тілінің қалыптасуына әсер етпей қоймады, оның іздері қазіргі қазақ тілінің фактілерінен көрініп қалып жатады, алайда осы кезеңдегі тілдік құбылыстар әлі де жан-жақты әрі толыққанды зерттеле қойған жоқ.

Ғалым **көне дәуірді** шамамен VI-IX ғасырлар аралығы деп анықтайды. Бұл кезең түркі мәдениетінің өркендеуімен, Түркі қағанатының құрылуымен [7], Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің жасалуымен ерекшеленеді. Әсіресе Батыс түркі қағанатына тиесілі аумақтағы жазба ескерткіштердің жазылуына қыпшақ тобына жататын түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне негіз болған тайпалардың әсері мол болды [8]. Жазба мұралардың болуы осы кезеңдегі қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына әсер еткен құбылыстарды анықтауға көп септігін тигізді, сондықтан аталған кезеңдегі түркі тілдерінің барлығына дерлігінің тарихы біршама зерттелген, олардың трансформациясы, жүйесі туралы зерттеулер баршылық, алыс-жақын шетелдік және отандық ориенталистердің, қазақ тілінің тарихы жөнінен ізденуші ғалым еңбектерінің нәтижелері бүгінгі күні қалың жұртшылыққа қолжетімді.

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына, дамуына ерекше әсер еткен кезең **орта ғасыр дәуірі** – X-XIX ғасырлар деп көрсетеді өз таптастыруында академик Ә.Қайдар [2, 209]. Бұл дәуір шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырылады: біріншісі **ерте орта ғасыр** – X-XV ғғ., екіншісі **соңғы орта ғасыр** – XV ғ.-дың екінші жартысынан XIX ғ. бірінші жартысына дейінгі уақыт. Бірінші кезеңде қыпшақ тілі туыстығына жататын этникалық топтардың бірігуі үдерісі жүрді, бұл қазіргі қазақ және басқа да осы туыстықтағы түркі ұлттық тілдерінің жалпыхалықтық тілінің (формасының) қалыптасуына себеп болды. Ал екінші кезеңде қазақ ұлттық тілінің жазба және ауызша формаларының дамып, біртұтас әдеби тілдің қалыптасу үдерісі аяқталды деп көрсетеді академик Р.Сыздық [9].

Ә.Қайдар қазақ тілінің дамуының үшінші, **жаңа** кезеңін XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды деп анықтайды. Профессор Б.Әбілқасымов бұл кезеңде қазақ тілі жазба формасы демократиялану, яғни жалпыхалықтық сипат алу, стильдік тармақтарының саралану, жанрлық жағынан түрлену, құрылымдық жүйелерінің жетілу, жазу-сызу, лексика-грамматикалық, стильдік нормаларының қалыптану (ортологиялық кодификация) әрі тұрақтану үдерістерін [10] басынан кешірді деп көрсетеді.

Көптеген басқа да зерттеуде қазақ тілі дамуының кезеңдестірілуі берілген. Жоғарыда көрсетілген академик Ә.Қайдардың **кезеңдестіруімен** үйлесетін профессорлар Қ.Өмірәлиев пен Н.Уәлидің ұстанымдары бойынша берілген төмендегі кезеңдестіру осы мақалада негізге алынып отыр [11]: 1) иран-тұран дәуірі (б.з.д. I мыңжылдық және оған дейін); 2) ірі тайпалық одақтар және ғұн дәуірі (б.з.д. VII ғ. – б.з. IV ғғ.); 3) көне түркілік дәуір (IV-X ғғ.); 4) орта түркілік дәуір (X-XV ғғ.); 5) жаңа түркілік дәуір XV ғасырдан қазірге дейін. Бұл кезеңдестірудегі алғашқы үш дәуірді академик Ә.Қайдар іштей ежелгі және көне екі кезеңге жіктеп «көне» деген бір ғана дәуірге біріктіретіні жоғарыда айтылды.

Алда осы «көне» дәуірдің, яғни иран-тұран, ғұн және көне түркілік кезеңдердің қазіргі қазақ тілі дыбыстық жүйесіндегі іздері қарастырылмақ. Мұнда, автор, тарихи кезеңдер қалдырған барлық ізді анықтадым деуден аулақ. Мақала шеңберінде зерттелген кейбір фонетикалық құбылыстар мен дыбыстық өзгерістер әрі олардың тарихи кезеңдерге қатысы көрсетіледі. Алайда алдағы уақытта осы бағытта ізденістер жағасын тауып, толығып отырады.

**Иран-тұран дәуірі** (б.з.д. I мыңжылдық және оған дейін): бұл дәуір ізін қазақ тіліндегі көмескі қабатты құрайтын элементтерден, бәлкім, көне парсы тілінен енген кірмелерден көруге болар. Алайда олардың бағзылық рудимент екенін дәлелдеу әлі де жан-жақты зерттеуді, негізделген аргументтерді анықтауды қажет етеді. Профессор Қ.Өмірәлиев бұл зерттеулер Хунн (ғұн) империясының негізін құраған халықтың шығу төркініне арналуы керек, әрі оған



жазба тарих әлі дәл жауап бере алмай отыр деп көрсетеді [12, 60]. Алғашқы көшпелі Сюнну немесе Хунн империясы б.з.д. III ғасырдың соңында пайда болды деген деректер басым. Бұл империя түрік, моңғол және басқа көшпенді тайпалар мен этностарды біріктіріп, сол кездегі Қытайдағы зор империяға қарсы тұра алған, тіпті кей кезеңдерде оны өзіне бағындыруға дейін жеткен Байқал көлінің шығысынан Ордосқа, қазіргі Ганьсу провинциясына дейін, Хинганьнан Шығыс Түркістанға дейінгі алқапты алып жатты. Ғұндар туралы тарихи жазба деректердің жоқтығынан олардың тілінің төркіні, ерекшелігі туралы талас-тартыс көп. Кейбір ғалымдар ғұндарды түріктердің арғы аталары деп санайды, олар ғұн тілі ататүрік тілінің тармағы деп көрсетеді [13; 14, 39; 15, 58; 16] Мәселен, В.В. Бартольд «Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии» атты еңбегінде [17]: «Чуваш тілі түркі тобының тілдеріне тән белгілер әлі қалыптаспаған кезеңде дамыды. Бұл жағдайда чуваштардың ата-бабалары Еуропаға нағыз, яғни VI ғасырдағы түріктер келгенге дейін келді. Осы жағдайды ескерсек, хунн тілі чуваш тілі шыққан тіл болуы мүмкін» деп, ғұн тілін түркілік тектен таратады. Ғұн тілін моңғол [18; 19, 8; 20], кет, тұңғыс-манжұр, фин-угор, енисей, сақ тілдерінен таратамындар да бар [21, 6]. Ал Г.Дерфер ешбір тілдер тобына қатысы жоқ оқшау тілге жатқызады [22] Бұл көзқарастарды саралай келе, гипотезалардың бірі ретінде хунну тілін сақталмаған деп қабылдап, бірақ хунн конфедерациясының құрамында түркі этно-лингвистикалық компонент айтарлықтай болғанын мойындайтын кейбір түркітанушылардың ымыралы тұжырымы қолдауға тұрарлық деп санаймыз [21, 6].

**Ірі тайпалық одақтар және ғұн дәуірі** (б.з.д. VII ғ. – б.з. IV ғғ.): Бұл дәуір ежелгі рулық қоғамның тайпалық одақтарға бірігуі, сөйтіп олардың күшейіп мемлекеттердің пайда болуы, одан әрі империялардың құрылуы, соңында ыдырап, ұсақ мемлекеттерге бөлініп кетуі сияқты күрделі тарихи үдерістермен сипатталады. Соған қарай қазақ тілінің түптөркінін құраған тілдерде сөйлеген осы дәуірдегі ру-тайпа, халықтың тілдік бірегейлену үдерістері де әртүрлі ішкі-сыртқы түрткіжайттардың әсеріне түсті. Бұл дәуірдің ізін **ең алдымен** қазақ тіліндегі көне қабатты құрайтын элементтер, солардың ішінде қытай тілінен енген кірмелер және керісінше түрік тілдерінен қытай тіліне енген сөздер де көрсете алады. Мәселен, ғұн тілінің өзегі негізінен түркілік екенін дәлелдейтін зерттеуінде А.В.Дыбо мына сөздерді қытай тіліне осы дәуірде түрік тілдерінен енген деп көрсетеді:

Көне қытай \**ʃhān-rəːj* («аспан») – ататүркілік \**tenri* («Құдай; көк, аспан»)

Көне қытай \**kēŋh-rāh* («құрбандық шалуға арналған қылыш») – ататүркілік \**kinrak* («қосқырлы өткір қайқы қылыш»)

Көне қытай \**ʃhəw ʃhā* («аласа ат») – ататүркілік \**ulala* («тапал жылқы»)

Көне қытай \**thāk lhāj* («түйе») – кейбір түрік тілдерінде *taylak* («екі жасқа толмаған түйе»)

Көне қытай \**ʔwā ʃwāt* или \**ʔwā ʃwāt* («блиндаж») – ататүркілік \**Kol* («лашық, жолым үй») [16, 118-119]. Бұл дәуірден қазақ тілінің ізін іздесе, **екіншіден**, басқа түркі тілдерінің тобы мен олардан бұлғар тобының ажырап кету кезеңіне тоқталмай кету мүмкін емес. Тілдерді фоно-морфостатистикалық [23] және лексикостатистикалық [16, 118-119] жіктеуге әрі қос жүздік сөзтізбеге сүйене отырып, бұлғар тілдерінің генезисі туралы жаңа мәліметтер келтірген А.В. Дыбо чуваш тілінің басқа түркі тілдерінен бөлінуі, яғни бұлғар тобының ажырап шығуы ататүркі тілінің ыдырау үдерісінің басы болды дейді. Бұл шамамен б.з.д. 30-0 жылдарға жатады: аталған үдеріс ғұндардың (бұлғарлардың) бір бөлігінің б.з.д. 56 жылы Батыс Моңғолиядан батысқа, Солтүстік Шыңжаң арқылы Оңтүстік Қазақстанға Сырдарияға қоныс аударуымен байланыстырылады. Түркі ататілін реконструкциялау ісімен айналысқан түркітанушылар ататілдегі ротацизмнің мен зетацизмнің қайсысы біріншіреттік құбылыс деген мәселені де осы бұлғар тілінің ажырауымен байланысты қарайды. Ежелгі түркі руналық көне жазба ескерткіштерінде *z* және *p* диалектілерінің де бар екені белгілі. Олай болса, түркілік кезеңде екеуі де болған. Ал ататүркілік кезеңде қайсысы болған деген мәселені шешу үшін алтай тілдер тобына қарайтын басқа (моңғол, тұңғыс-манжұр) тілдер тексерілді. Оларда тек *p*-негіздер анықталды. Сондықтан *p*-негізді чуваш тілі басқа түркі тілдеріне қарағанда ататілдік сипатын сақтаған, яғни олардан ататілдік кезеңге мейлінше жақын кезде бөлініп шыққан тіл ретінде саналады.

Бұл ажыраудың ізін тілтанушы ғалымдар *p/l*, *z/w* дыбыстарының алмасуы арқылы дәлелдей келе, түрік тілдерін *p*-тілі және *z*-тілі деп екі топқа бөледі. Бөліністің атауы қарапайым болғанымен, зерттей келе, оның күрделі үрдіс екені анықталды. Осы құбылысты қазақ тіліне

қатысты қарастырған Қ.Өмірәлиев «қазіргі күнде көне және жаңа тілдер деп танылып жүрген тілдердің тұрғысынан келгенде *p* және *л* дыбыстары арасындағы алмасудан *ч/т, р/ш, л/ш* дыбыстарына тән тұрақтылықты көре бермейміз. Яғни *p, л* дыбыстарының көне және жаңа тілдік фактілері негізіне сүйенсек, *p/л* әрі *л/р* жағдайы бірдей кездесе береді. Салыстырып қараңыз:

**чувашта**

*сер*  
*зара*  
*зара уран*

**қазақта**

*үркеp*  
*жирен*  
*қар (қыс)*

**I**

**қазақта**

*сыла (майла)*  
*жалаңаш*  
*жалаң аяқ*

**II**

**чувашта**

*ала*  
*жилен*  
*хел*

Ал енді М.Қашқари сөздігіндегі материалға сүйенсек те осы екі жағдайды бірдей көреміз: «Дивану луғат-ит түрkte» *Үлкеp*, қазақта *Үркеp*, керісінше «Дивану луғат-ит түрkte» *кіpіт*, қазақта *кіліт*», – деп көрсете келе, мынадай қорытынды жасайды: бұл *л, p* дыбыстары түркі тілдерінде дамудың екі кезеңінен өткен, алғашқы кезең *л/p* (не *p/л*) – екеуі де ажыратылмайтын кезең, екіншісі *p>л* кезеңі, яғни *p*-тілі болып табылатын бұлғар тобының *л*-тілі болып табылатын, оның ішінде қазақ тілінің негізі болған диалектілер де бар, басқа түркі тілдері тобынан ажырап шығу кезеңі, «кейінгі *p>л* жағдайындағы өзгерістер шамамен біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасыр мен біздің заманымыздың I-II ғасырларының, яғни хунн дәуірінің жемісі болса керек» [12, 87]. Сонымен, бұл кезеңдегі қазақ тіліне негіз болған түркі диалектілері 3-тілге жатады.

19. Фатихов К.З. Создание башкирской письменности, становление и развитие литературного письменного языка (1917 – 1940 гг.) // Южноуральский археографический сборник. Вып. 2. – Уфа: БФАН СССР, 1976. – С. 145 – 195.
20. Хусаинова Л.М. История башкирского письма и становление орфографических норм современного башкирского литературного языка. Дисс. ... д-ра филол. наук. – Казань, 2020. – 538 с. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=54471915>

**Мағрипа ЕСКЕЕВА**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## **АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ТУҒАНБАЙҰЛЫ ҚАЙДАРДЫҢ ИМИТАТИВ ТЕОРИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

**Андатпа.** Еліктеуіш-бейнелеуіш сөздер барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс болғандықтан имитатив теориясы әлемдік лингвистикада әртүрлі аспектіде қарастырылуда, мәселені теориялық деңгейге көтерілмеген, гипотезалық идея түрінде қабылдаушылар да бар. Академик Ә.Т.Қайдар адамзаттың алғашқы дыбыстық тіліне қатысы бар имитатив теориясының ғылыми-методологиялық негіздерін тереңдетуге үлкен үлес қосқан ғалым. Мақала академик Ә.Т.Қайдардың қазақ тілі деректері бойынша имитатив теориясы жайлы айтылған тұжырымдарының ерекшеліктерін талдауға, тіл біліміндегі құндылығын көрсетуге бағытталған. Зерттеушінің имитатив теориясының реалды заңдылық ретінде толық қабылданбауының негізгі факторларын айқындап беруі қазіргі және болашақ зерттеушілер үшін аса маңызды. Мақалада академик Ә.Т.Қайдардың түркі (қазақ) тілдеріндегі имитатив түбірлердің даму кезеңдерін агглютинативті тілдердің табиғатына сәйкес анықтап беруі түркі тіл біліміндегі үлкен жаңалық ретінде қарастырылады.

**Тірек сөздер:** агглютинация, түркі тілдері, еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер, имитатив теориясы, идеофон, фоносемантика, үш дәрежелі грамматикалық индикатор

**Аннотация.** Поскольку подражательно-образные слова являются универсальным явлением, свойственным всем языкам, в мировой лингвистике теория подражания рассматривается в разных аспектах, как на уровне полноценной теории, так и в виде гипотезы. Академик А. Т. Кайдар – ученый, внесший большой вклад в углубление научно-методологических основ теории имитативов, связанных с пер-

вым звуковым языком человечества. Целью статьи является анализ особенностей выводов академика А.Т. Кайдара о теории звукоподражания, основанных на данных казахского языка, и определение их значения в языкознании. Для нынешних и будущих исследователей очень важно выяснить основные факторы непризнания имитационной теории как реального закона. В статье определение академиком А.Т.Кайдаром этапов развития подражательных корней в тюркских (казахских) языках рассматривается как важное новшество в тюркском языкознании.

**Ключевые слова:** агглютинация, тюркские языки, подражательные слова, образные слова, теория имитативов, идеофон, фоносемантика, трехуровневый грамматический показатель.

**Abstract.** Since imitative-figurative words are a universal phenomenon characteristic of all languages, the theory of imitatives is considered in different aspects in world linguistics, both on the theoretical level, and in the form of a hypothetical idea. Academician A. T. Kaidar is a scholar who made a great contribution to deepening the scientific and methodological foundations of the imitative theory related to the first sound language of mankind. The article is aimed at analyzing the peculiarities of academician A. T. Kaidar's conclusions about imitative theory based on the data of the Kazakh language, and showing their value in linguistics. It is very important for future researchers to clarify the main factors of the researcher's complete rejection of imitative theory as a real linguistic law. In the article, academician A. T. Kaidar's determination of the stages of development of imitative roots in Turkic (Kazakh) languages according to the nature of agglutinative languages is considered as a great innovation in Turkic linguistics.

**Keywords:** agglutination, Turkic languages, imitative words, figurative words, imitative theory, ideophone, phonosemantics, three-level grammatical indicator.

Академик Әбдуәлі Қайдардың ғылыми зерттеулері кең ауқымдылығымен, көп бағыт-тылығымен, теориялық тереңдігімен, методологиялық амал-тәсілдерді тиімді қолдануымен, әлем тілдеріне ортақ әмбебап теориялар мен заңдылықтарды түркі (қазақ) тілдерінің табиғатына сәйкес бейімдеп, жаңғыртып қолдануымен; зерттеу парадигмаларын өзара ұштастыра қарастыруымен, дәлел-дәйектемелерінің молдығымен, қазақ тіл біліміндегі, жалпы түркітанудағы ең өзекті мәселелерді дәл анықтай білуімен, мәселенің перспективасын нақты болжай алуымен ерекшеленеді. Түркі тіл біліміндегі ең күрделі, қайшылығы мол мәселелерді зерттеуі, қазақ тіл білімінде әлі зерттеле қоймаған тың проблемаларға немесе жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, шешімі толық табылмаған тақырыптарға қалам тартуы зерттеушінің ғылыми әлеуетінің жоғарылығымен қатар өз кәсібін айырықша сүйегін, қазақ лингвистикасының жоғары деңгейге жетуін бар жан-дүниесімен қалайтын қазақ перзентінің шынайы болмысы мен жанкешті еңбекқорлығын сипаттайды. Ғалым қазақ (түркі) тілдерінің деректері негізінде жалпы адамзат тіліндегі әмбебап құбылыстардың зерттелуіне де өз үлесін қосты. Ғұмырының жетпіс жылын ғылыми ізденіске арнаған академиктің айырықша ыждахаттылықпен зерттеген саласының бірі – қазақ (түркі) тілдеріндегі еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің табиғаты.

Еліктеуіш-бейнелеуіш сөздер барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс болғандықтан «имитатив теориясы» әлемдік лингвистикада әртүрлі аспектіде қарастырылуда, мәселені теориялық деңгейге көтерілмеген, гипотезалық идея түрінде қабылдаушылар да бар. Адамзаттың дыбыстық тілінің қалыптасуына қатысты ежелгі грек философтарының (Гераклит, Платон т.б.) еңбектерінен бастау алатын «дыбысқа еліктеу теориясы» «одағай теориясының» аясында қарастырылып, XVIII ғасырда «рефлексия теориясы» (И.Гердер) ретінде, XIX ғасырда «ономапозтикалық теория» (Г.Штейнталь, А.Потебня, Я.Гримм) ретінде дамыды. Осы кезеңде еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің адамзат тілінің глоттогенезіне қатыстылығы, жекелеген дыбыстардың семантикалық мүмкіндіктері жайлы біршама жиірек айтыла бастады (Г.Лейбниц, В.Гумбольдт, Г.Вундт, Г.Пауль т.б.). Дыбысқа еліктеу теориясы туралы бастапқы пайымдаулар – алғашқы одағайлар адам эмоциясының дыбыстық көрінісі; тіл – адам жан-дүниесінің айқайы немесе инстинктің табиғи көрінісі; тіл – дыбыстық белгілерден (сигналдардан) тұрады; тіл үйреншікті дыбыстарды қайталаудан пайда болады; тіл адамның эмоциональды-экспрессивті қажеттілігінен пайда болады – деген идеялар төңірегінде өрбіді.

Дыбыстық тілдің готтогенезі адамзаттың саналы дәуірінен бастала ма, жоқ әлде тіршілік иесі ретінде рефлектік қатынаста болған дәуірінен бастала ма, тағы да беймәлім. Әдетте ру-



хани категория ретінде сана мен тіл бірлікте қарастырылады. Дегенмен, сана қалыптасқанға дейінгі рефлекстік дыбыстар мен алғашқы дыбыстық тіл арасындағы сабақтастықты да жоққа шығаруға болмайды. Қарапайымнан күрделіге бағытталатын диалектиканың заңдылығына сүйенсек, дыбыстық тіл жүйесіз рефлекстік негіздегі дыбыстық (дыбыс немесе дыбыс тіркестері) қағынастардан бастау алады. Алғашқы адамзат өкілдерінің дыбыстық қарым-қатынасы олардың физиологиялық, артикуляциялық қабілетімен, дыбыс шығару органдарының мүмкіндігімен өлшенеді. Мәселен, И.А.Бодуэн де Куртенэ үнгір адамдарының иек, тіл бұлшық еттері өте әлсіз болғандықтан алғашқы адамдар тіл алды дыбыстарын айтуға қабілетсіз, тек тіл арты дыбыстарын айту мүмкіндігіне ие болғанын [1, 60] көрсетеді. Мұндай физиологиялық процестердің миллиондаған жылдарға созылатын ұзақ мерзімді қамтитыны белгілі. Сондықтан алғашқы дыбыстық тілдің сұлбасын айқындау антропологиялық зерттеулердің нәтижесіне де сүйенуді талап етеді. Физиологиялық жетілу психологиялық дамумен бір-біріне тәуелсіз түрде, өзара ықпалдаса отырып қатар жүретін процесс (психофизиологиялық дуализм). Антропоидтар мен ежелгі адамдардың қатынас құралы қызметін атқарған алғашқы дыбыстық жүйе мен қазіргі дыбыстық тілдің арасындағы психофизиологиялық даму филогенетикалық тұрғыдан қарама-қайшылыққа толы болғанымен жалпы адамзат онтогенезі бойынша белгілі бір сабақтастыққа, ортақ желіге негізделеді.

Түркі тіл білімінде ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бері арнайы зерттеу нысанына алына бастағаны белгілі. Түркі тілдері бойынша «имитатив теориясының» іргетасын қалаушы түрколог-лингвист Н.И.Ашмариннің идеялары Н.К.Дмитриев, Л.Н.Харитонов, А.Г.Спиркин, А.М.Газов-Гинзберг, Г.Е.Корнилов, А.А.Мансуров, Х.Г.Юсупов, Н.Х.Ишбулатов, С.К.Кудайбергенов, З.К.Ишмухамедов т.б.; қазақ тілі бойынша А.Ысқақов, Ш.Ш.Сарыбаев, Б.Ш.Кәсембаева, Ә.Т.Қайдар, К.Ш.Хусайын т.б. ғалымдар тарапынан жан-жақты таратылды. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш түбірлердің табиғаты жайлы айтылған пікірлердің қай-қайсысы болмасын олардың көнелік белгісін, глоттогенездік процестермен байланысын жоққа шығармайды. Лексикалық жүйенің ең көне қабаттарын құрайтын еліктеуіш-бейнелеуіш түбірлердің тұлғалық өзгерістері мен семантикалық дамуы әрбір тілдің өзіндік табиғатын, сыр-сипатын, эволюциялық бағыт-бағдарын, өзге тілдермен туыстық қатысын анықтауда ерекше орын алады.

Алғашқы дыбыстық тілдегі акустикалық денотат (еліктеуіш) және акустикалық емес денотат (бейнелеуіш) тұрғысынан қарастырылып, түрлі терминдермен аталып келген имитатив теориясы тіл біліміндегі шешімі толық табылмаған мәселелер қатарына жатады. Академик Ә.Қайдар саналы адамзаттың дыбыстық тілінің пайда болуын шамалауда аса маңызды, пікір қайшылығының молдығына, ғылыми-методологиялық негіздемесі мен тілдік дәлел-дәйектемелердің жеткіліксіздігіне байланысты тіл білімінде тілдік заңдылық (теория) деңгейіне толық көтеріле алмай келе жатқан әмбебап құбылыс – имитатив теориясының шынайылығын қазақ тілі деректері негізінде жетілдіруді мақсат етті. «Білсем, танысам» деген адам табиғатына тән қызығушылықты негізге ала отырып, еліктеуіш-бейнелеуіш сөздерге «Адам өсу дәуірінің ертедегі балаң кезінде жаратылысынан қалыптасқан дене мүшелері мен ағзалары арқылы: аспан әлемін, табиғат құбылыстарын, жер бетін, жан-жануар дүниесін, жалпы 18 мың ғаламның баршасын түгел білуге, олар шығаратын сан түрлі дыбыс-сыбыс, үн-әуездер мен жарық-сәуле, жақыл-жұрқылдарды, іс-ірекет, қимыл-қозғалыс, неше түрлі динамикалық процестерді, жас баланың тіліне, адамның өзіне тән өзіндік құбылыстарға еліктеу арқылы дәл өзіндей болмаса да, соларға ұқсатып қайталау нәтижесінде қалыптасқан алғашқы дыбыстық бейне символдар» [2, 15] деген кең ауқымды анықтама береді.

Ғалымның қазақ тіліндегі еліктеуіш-бейнелеуіш сөздерді зерттеу барысында сүйенген теориялық негіздемесі тіл біліміндегі дыбысқа еліктеу теориясы бойынша қалыптасқан дәстүрлі тұжырым: «адамзат қауымының дамуында болған о бастағы ым-ишара тілінің біртіндеп дыбыстық тілге өту дәуірінде, яғни табиғаттағы жай дыбыстардың мағыналы дыбыстарға (идеофондарға) айналу барысында дүниеге келе бастаған алғашқы лексикалық элементтердің бір саласы еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш ілкі түбірлер болған» [2, 6]. Бұл еліктеуіш-бейнелеуіш сөздерді зерттеген, имитатив теориясының глоттогенезге қатысын қолдайтын көптеген ғалымдардың бір арнаға тоғысатын пайым-тұжырымы. Алайда, тіл біліміндегі аса күрделі лингвистикалық теория саналатын «имитатив теориясы» әлі де реальді шындық деңгейіне

көтеріле алмауының себебін зерттеушілер толық түсіндіріп бере алмады, біразы еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің сандық көрсеткішінің аздығын тілге тиек етеді. Осы орайда, Ә.Қайдардың статистикасын келтірсек: «бұл теория жөнінде пікір айту үшін біз тек қазақ тілі бойынша 5 мыңға жуық дерек топтастырып отырмыз. Бұл сөздік қорымыздың байырғы бөлшегінің шамамен 25-30% деген сөз» [2, 17]. Демек, тіліміздегі еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің үлесі аса ауқымды екенін көреміз.

Мәселенің негізгі факторлары мен оны шешудің оңтайлы жолдарын академик Ә.Қайдар былай түсіндіреді: «...теория «этностың алғашқы дыбыс тілінің негізі болып қаланған тілдік элемент – еліктеуіш сөздердің ілкі түбірлері мен туынды түбірлері болады» деп, эволюциялық процестің жалпы нәтижесін айтқанымен оның іс жүзіндегі күрделі механизмін, нақтылы әдіс-тәсілдерін айқындап бере алмаған. Сондықтан да, бұл теорияның ғылым дүниесінде толық қабылдануына қажетті мына атрибуттар айқындалуы тиісті деп білеміз. Олар: 1) теорияның аяқ тірейтін концепциясы (тұжырымдамасы); 2) қалыптасқан құбылыс ретінде қалыптасқан заңдылығы; 3) әрбір этнос тілі үшін қатаң сақталатын қасан қағидаға негізделуі; 4) құбылыстың реальдігін бұлжытпай дәлелдейтін бай да сан түрлі тілдік дәйектер мен деректер» [2, 13-14]. Ғалымның бұл пікірі қазіргі және болашақтағы имитатив теориясын зерттеушілер үшін аса маңызды.

«Біздің мақсатымыз – «имитатив теориясына» ревизия жасап, қайта қарау емес, оның идея ретінде түп-негізімен реальді құбылыс екенін растай түсу» [2, 14] деп, атап көрсеткен зерттеуші өз мақсатын негізгі екі бағытта өрбітеді: бірінші топ – имитатив теориясына байланысты қазақ тіліндегі еліктеуіштердің ерекшеліктеріне қатысты кейбір жалпы теориялық мәселелердің түйінді-түйінді сәттерін айқындау; екінші топ – о бастағы қазақ этносының дыбыстық тілі қалыптаса бастаған кезеңде оған негіз болған еліктеуіш сөздердің тарихи сөзжасам модельдерінің ішкі заңдылықтары мен даму онтогенезінің нақтылы механизмдері (тәсілдері) мен мотивтерін (уәждерін) айғақтап, танып-білу» [2, 14].

Глоттогенез проблемасының күрделі мәселесіне жататын имитатив теориясы бойынша «дыбыстық тілдің қалыптасуы адамның табиғаттағы дыбыстарға мән жүктеп қолдануынан басталады» дейтін дәстүрлі идеяны толық қолдайтын ғалым [2, 14] табиғаттағы дыбыстардың барлығы бірдей белгілі бір ұғым-түсініктің баламасы, символы, рефлексі бола бермейтінін, бола қалған жағдайда ғана, ондай дыбыс пен дыбыс тіркесі саналы адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына қажетті тілдік элементке айналатынын көрсетеді.

Имитативтер жүйесіндегі белгілі бір идеяны білдіретін дыбыстар мен дыбыс тіркестері кездейсоқ қолданылмайтыны туралы пікірлер лингвистикадағы фоно-семантика теориясын қалыптастырды. Түркі (қазақ) тіліндегі имитатив тұлғалы сөздер дамуындағы фоносемантикалық заңдылықтар мен уәж түрлері жайлы танымал ғалым К.Ш.Хұсайынның еңбегінде жан-жақты таратылады [3]. Фоно-семантикалық зерттеулер нәтижелері ұғым-идеяның маңыздылығын мойындай отырып, моносиллабтық деңгейдегі дыбыстық тұлғаны кездейсоқ «материалдық жамылғыш» ретінде қарастыруды қолдамайды. Ішкі тұлға мен сыртқы тұлға онтогенездік тұрғыдан өзара үйлесімділікті сақтай отырып, тілдің дамуына жағдай жасайды, жаңадан танылған құбылыстар мен заттарды таңбалайтын, бейнелейтін ұғымның денотаттық, сигнификаттық атауларын қалыптастырады.

Түбір имитативтерді фоносемантикалық тұрғыдан талдау нәтижелері зерттеушілерді глоттогенез, глоттоонтология мәселесіне еріксіз жетелейді деп айтуымызға да болады. Алғашқы адамзат тілінің сарқыншағы ретінде қаралатын гомогенді имитатив түбірлер арасындағы мағыналық реңктер мен айырмашылықтар да осындай тұжырым жасауға дәлел бола алады. Жануарлар әлеміндегі дыбыстарды адамзат тілі қалыптасуының биологиялық негізі, алғы шарты ретінде қарастырған А.Г.Спиркин «Признавая генетическую связь между человеком и животными мы вообще не можем себе представить иного источника звукового материала. ... дополнительным источником возникновения звукового материала для формирования и дальнейшего развития речи послужили многочисленные звуки других животных, а также звуки природы» деген ойларын білдіру барысында алғашқы адамзаттың еліктеу қабілетінің тым жоғары болғанын көрсетеді [4, 19]. Зерттеушінің пікірінше, адами тілдің қалыптасуының келесі қайнар-көзі тілдің дамуына орай жүретін дыбыстардың тұлғалық өзгерістері.

Әрбір дыбыстық тұлғаның ішкі мазмұнға ие болуы да күрделі даму жолынан өткен құбылыс, ой-сананың өсуіне байланысты рефлексі түрде туындайтын табиғи дыбыстар бел-

гілі бір ұғымды (мазмұн, мағына, мағыналық реңк түрінде) білдіре алатындай дәрежеге жетуі «Адамның табиғаттағы белгілі дыбыстарға нақтылы бір, не бір топ мағына жүктеп, меншіктеп қолдануынан басталады» [5, 18].

Адамзат тілінің жетілген кезеңінде ұғым-мазмұн бірінші туындап, соған лайық дыбыстық тұлғаның сомдалуы немесе жаңа ұғымды атау қажеттілігінен бұрын қолданыстағы варианттар сөздердің семантикалық ыдырауы дау тудырмайтыны белгілі. Ал дыбыстық тіл эволюциясының алғашқы кезеңі жайлы мұндай тұжырым жасау негізсіз, себебі алғашқы адамзат тілінде алдымен дыбыстық қалып-тұлғалар (рефлексті дыбыстар мен дыбыс тіркестері) қалыптасып, адам санасының жетілуіне байланысты мағына-мазмұнға ие болып отырған. «Адам баласы табиғаттағы көзімен көріп, құлағымен естіген, денесімен сезген, түйсіктенген құбылыстарын өз даусымен қайталауы, оған еліктеуі, жаңғыртып айтуы, бейнелеу арқылы көз алдына елестетуі т.т. – осының бәрі сол адамның дыбыстау қабілетін дамытып, сөйлеуге деген мүмкіншілігін арттыра түсті» [2, 14-15]. Сондықтан имитатив негізді моносиллабтар құрамындағы дыбыс сәйкестіктерінің семантикалық саралануға ықпал етуін жекелеген дыбыстардың идео-семантикалық мәні, яғни фоносемантикалық заңдылықтар арқылы ғана түсіндіруге болады. Жаңа сөз тудыруда сыртқы дыбыстық тұлға мен ішкі тұлға тікелей және жанама қарым-қатынасқа түсіп, күрделі лингвистикалық бірлікке айналады. «Дыбыстық комплекс пен мағына ұғымды жалпыланған бейне арқылы объективті дүниемен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланыстырып жатады» [6, 73].

«Имитатив теориясын» реальды құбылыс ретінде тануға болатынын тілдік деректер негізінде дәйектеген зерттеуші бала тілі мен еліктеуіш сөздердің байланысы жайлы идеяны (А.М.Газов-Гинзберг) да жан-жақты таратады: «Еліктеуіш сөздердің о баста дүниеге келіп, қалыптасуы, біртіндеп дамып, дербес сөз деңгейіне көтерілуі жас нәресте тілінің шығуына, сөйлеу қабілеті мен әдетінің қалыптасуына өте ұқсас құбылыс...Екі мен үш жастың арасында бала белгілі бір мән, тіл білімінде «синтаксистік семантика» деп аталатын кең шеңберде «түсінік» беретін, оның өзінше ойлап тапқан алғашқы «сөздердің» сұлбасы, жобасы пайда бола бастайды. Бес жасында ол ана тілін белгілі бір дәрежеде меңгереді. Демек, бұл бала тілінің қалыптасуы мен этнос тілінің балаң кезіндегі тілінің қалыптасуы арасында ғажайып ұқсастық бар деген сөз. Ол ұқсастық – эволюциялық жолмен біртіндеп пайда болу және қалыптасып, даму» [2, 15-16].

Ғалым имитатив теориясындағы еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің дамуын – табиғат дыбыстарына ешбір тұлғалық көрсеткішсіз, таза күйінде еліктеуден және сол күйінде сөзге айналу үдерістерімен байланыстыратын, сондай-ақ, көзқарастардың қазақ тіліндегі еліктеуіштердің табиғатына дәл келмейтінін көрсетеді: «Ілкі түбірден басталып, грамматикалық форманттармен қат-қабат болып, өсіп, күрделене түсетін еліктеуіш тұлғасы осының айғағы [2, 16]. Сондай-ақ, о бастағы ілкі түбірден тарайтын, тұлғасы күрделенген туынды еліктеуіштер өзінің о бастағы түбірімен логикалық, уәждік, этимологиялық сабақтастық үзілмейтініне айырықша мән береді [1, 17].

Ғалымның түркі тілдеріндегі «имитатив теориясының» теориялық-методологиялық тұрғыдан дамуына қосқан үлкен үлесі – қазақ тіліндегі еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің пайда болуынан бастап, қазіргі қолданыстағы күрделі тұлғаларға дейінгі даму кезеңдерін, имитатив түбірлердің құрылымдық модельдері мен идеофондарды, сол түбірлерден тараған туынды сөздердің тарихи сөзжасам модельдері іспеттес үш деңгейлі грамматикалық индикаторларды агглютинативті тілдер табиғатына сәйкес кешенді түрде саралап беруінде. Түбіртануға қатысты өзінің теориялық пайымдауларына сүйене отырып, қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің де алғашқы элементі түбір-моносиллабтар екенін көрсетеді: «Жалғамалы тілдерде негізгі элемент – сөз тұлғасы оңнан солға қарай, күн, сағат айналысына сәйкес дамитыны және ол өзінің дамуындағы алғашқы қадамын барлық жағдайда сөз басында тұратын түбірден бастайтыны мәлім [1, 17-18].

Зерттеу нәтижесінде еліктеуіштердің ілкі түбірі міндетті түрде екі құрамды ДДс және ДсДДс модельді екі құрамдық жабық буын болып келетінін, дәйектеген ғалым: «Екі құрамдық элементтің алғашқы сыңарына табиғат құбылыстарының саналы адамның көзбен көріп, құлақпен естіп, түйсік, сезім арқылы қабылдаған дыбыстық рефлексін, оның бейнесін, әрекетін өз дауысы арқылы беретін дыбыстық символикалар жатса, екіншісіне соларға мағына

жүктейтін идеофондар жатады. ...бұл күрделі комбинация мен концентрация нәтижесінде болашақ еліктеуіштердің негізі (іргетасы) болып саналатын еліктеуіштердің көптеген ілкі түбірлері қалыптасады: \*ыр (иттің ырылы), ырсыл, ырсың, ыржаң, ырсаң; \*ыс (жыланның ысылы), \*ың (баланың ыңылы) ыңқыл, ыңыра, \*ыз (маса-шыбын ызылы) ызың, ызбар, ызгар, \*ық (ықылық ату) т.б.» [2, 18-19] деген тұжырым жасайды.

Академик Әбдуәли Қайдардың теориялық тұрғыдан негізделген, мол тілдік деректермен дәйектелген тың тұжырымдары мен пайымдаулары глоттогенезге қатысты дыбысқа еліктеу идеясынан дамыған имитатив теориясының шынайы лингвистикалық құбылыс ретінде танылуына толық негіз болатын түркі тіл білімінің үлкен жетістігі.

#### Әдебиет

1. Бодуэн де Куртенэ. Об одной из сторон постепенного человечения в связи с антропологией // Введение в языковедения. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 60-64.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. V том. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 304 б.
3. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата, 1989. – 226 с.
4. Спиркин А.Г. Происхождение языка и его роль в формировании мышления//Мышление и язык. – Москва, 1957. – 23 с. <https://docs.yandex.ru/docs/view?tm=1732561801&tld=ru&lang=ru&name>
5. Қайдар Ә.Т. Имитатив теориясына қатысты // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №5, 2003. – Б. 17-28.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

*Гүлғайша САГИДОЛДА*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

### ТҮРКІ (ҚАЗАҚ) ЖӘНЕ МОНҒОЛ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

**Аңдатпа.** Алтайтану, түркітану және моңғолтану салаларында арнайы зерттеуді талап ететін өзекті проблемалардың бірі – түркі (қазақ) және моңғол тілдерінің өзара байланысын, қарым-қатынасын фразеологиялық материалдар негізінде зерттеу болып табылады. Мақалада қазақ және моңғол тілдеріндегі этномәдени лексика ұйтық болған фразеологизмдер лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан салыстырыла талданып, мал шаруашылығына, еңбек құрал-саймандарына, киіз үй жабдықтарына, киім-кешек, ыдыс-аяқ және т.б. қатысты тұрмыстық лексиканың қатысуымен жасалған фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымдарында, образдық-фондық негіздерінде орын алатын ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалады. Түркі (қазақ) және моңғол тілдерінде фразеологиялық деңгейде көрініс беретін ортақтықтар мен айырмашылықтарды пайда болдырған этномәдени фон түркілер (қазақтар) мен моңғолдардың өмір сүру салттарындағы, сан ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибелеріндегі, қоршаған ортасын тану мен түйсінудеріндегі, қабылдауы мен игерулеріндегі, тұрмыс-тіршілік барысында жасаған пайымдауларындағы ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктермен сабақтастырылады.

**Тірек сөздер:** түркі тілдері, қазақ тілі, моңғол тілі, салыстырмалы фразеология, этнографизмдер, этнографиялық фразеологизмдер, ішкі форма, образ, образдық-фондық негіз, салт-дәстүр, жөн-жосын, дүние таным.

**Аннотация.** Одной из актуальных проблем, требующих специальных исследований в области алтаистики, тюркологии и монголоведения, является изучение взаимовлияний и взаимоотношений тюркского (казахского) и монгольского языков на основе фразеологического материала. В статье анализируются фразеологизмы в казахском и монгольском языках, содержащиеся в своем составе лексику с этнокультурным содержанием в лингвокультурологическом аспекте. В результате выявляются сходства и различия в семантических и содержательных структурах, образно-фондовых основах фразеологизмов с

участием бытовой лексики, относящейся к животноводству, предметам и орудиям труда, применяемые в хозяйстве и промыслах, юрте и ее убранстве, посуде и в предметах домашней утвари, одежде. Общность и различия в образно-фоновых основах фразеологизмов в тюркском (казахском) и монгольском языках соотносятся с общностью и самобытностью в образе жизни, жизненном опыте, накопленном тюрками (казахами) и монголами на протяжении многих веков, в познании и восприятии, а также в освоении окружающей среды, в суждениях, выработанных в ходе быта.

**Ключевые слова:** тюркские языки, казахский язык, монгольский язык, сравнительная фразеология, этнографизмы, этнографические фразеологизмы, внутренняя форма, образ, образно-фоновая основа, обычаи, традиции, мировоззрение.

**Abstract.** One of the urgent problems requiring special research in the field of Altaic studies, Turkology and Mongolian studies is the study of mutual influences and relationships between the Turkic (Kazakh) and Mongolian languages based on phraseological material. The article analyzes phraseological units in the Kazakh and Mongolian languages, which contain vocabulary with ethno cultural content in the linguistic and cultural aspect. As a result, similarities and differences in semantic and content structures, figurative and background foundations of phraseological units with the participation of household vocabulary are revealed, the commonality and differences in the figurative and background foundations of phraseological units in the Turkic (Kazakh) and Mongolian languages correlate with the commonality and originality in the way of life; the life experience accumulated by the Turks (Kazakhs) and Mongols over many centuries; in cognition and perception, as well as in the development of the environment; in judgments developed during everyday life.

**Keywords:** turkic languages, kazakh language, Mongolian language, comparative phraseology, ethnography, ethnographic phraseological units, internal form, image, figurative background, customs, traditions, worldview.

Алтаистика, түркітану, моңғолтану сияқты ғылымдар үшін берері мол, маңызы зор бола тұра, әлі күнге бағыт-бағдары айқындалмай, кешеуілдеп жатқан салалардың бірі – түркі-моңғол салыстырмалы фразеологиясы. Бұл саланы қалыптастыру ісінің жандануы түркі тілдерінің лексика-фразеологиялық жүйесін іштей өзара салыстыра зерттеумен және моңғол тілдерінің өз арасындағы салыстырмалы фразеологияны қолға алумен, сонымен қатар түркі-моңғолдық деңгейдегі зерттеулерге ден қоюмен тікелей байланыста болатыны сөзсіз. Бұл, әрине, жалпы түркілік және моңғолдық деңгейдегі келелі де кешенді зерттеулерді талап ететін аса ауқымды мәселе. Сөйтсе де түркі және моңғол тілдерінің фразеологиялық қазыналарында көзге ұрып тұрған ортақ дүниелердің бар екендігін көрсеткен, олардың қайсыбіріне тілдік талдау жасаған башқұрт ғалымы З.Г.Ураксиннің, қазақ ғалымы Р.Ғ.Сыздықованың, моңғол ғалымы Ш.Гаадамбаның зерттеулерін [1; 2; 3] түркі-моңғол салыстырмалы фразеологиясы бағытында жасалған «алғашқы қадамдар» деп қабылдауға болады.

Түркі (қазақ) – моңғол салыстырмалы фразеологиясы бағытындағы зерттеулерде көзделетін басты мүдде – түркі (қазақ) және моңғол тілдерінің фразеологиялық деңгейінде орын алатын ұқсастықтарды, ортақтықтарды, сәйкестіктерді, өзіндік ерекшеліктерді анықтау десек, алға қойылатын міндеттерге – қазақ-моңғолға ортақ кәнігі және бейнелі тұрақты сөз тіркестерін анықтау; салыстырылушы тілдердің фразеологиясы тетіктеріндегі, образдар жүйесіндегі, фразеологиялық мағынаның қалыптасу процесіндегі ұқсас тұстар мен өзіндік ерекшеліктерді айқындау; фразеологиялық сәйкестіктерді, ұқсастықтарды, ортақтықтарды тудырушы факторларды анықтау сияқты мәселелер жатады. Фразеологиялық деңгейдегі бұл мәселелердің бір ұшы «алтай тілдерінде, дәлірек айтсақ, түркі-моңғол тілдерінде орын алатын тарихи-мәдени ортақтықты нұсқайтын ортақ образдық-фондық негіздегі фразеологиялық бірліктер қабатын айқындауды; осы тілдерде бірдей фондық прототиппен келетін фразеологизмдердің жасалуына ұйтық болатын сыңарлардың, лексикалық элементтердің, грамматикалық тұлғалардың сәйкестігін анықтауды, табиғатын ашуды» [1, 120] талап ететін алтаистиканың күрделі проблемаларына барып тіреледі. Ал келесі бір ұшы «қазақ халқының дербес халық болып қалыптасуына негіз болған көптеген ру-тайпалардың моңғол тілде ру-тайпалармен болған өте ерте дәуірлерден басталатын этногенетикалық, тарихи, мәдени, саяси-әлеуметтік, географиялық байланыстарын тіл фактілеріне сүйене отырып анықтауды талап ететін қазақ тілінің тарихи лексикологиясының күрделі мәселелерімен» [4, 56] сабақтасады. Мұнда, әсіресе, этнографиялық лексиканың қатысуы арқылы жасалған



фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымын түркі-моңғолдық деңгейде салыстырудың маңызы зор. Себебі мұндай фразеологизмдердің фразеологизмдер тілдеріндегі, образдар жүйесіндегі, фразеологиялық мағынаның қалыптасу процесіндегі ұқсас тұстар мен айырмашылықтар көп жағдайда тарихи қалыптасқан дәстүрлі көшпелі мәдениеттегі ортақтықтар мен ерекшеліктерге жетелейді.

Этнографиялық лексика – кез келген ұлттың материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттауға арналған сөздердің жиынтығы. Материалдық мәдениетке қатысты этнографиялық сөздерге, басқаша айтқанда этномәдени сипаттағы сөздерге киім-кешек, ұлттық зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар атаулары жататын болса, рухани мәдениетке қатысты этнографиялық сөздер ұлттық салт-дәстүр, ырым, жөн-жосын, мереке және т.б. атауларын қамтиды [5].

Түркі (қазақ) және моңғол тілдеріндегі этнографиялық фразеологизмдерді тұрпат және мазмұн және тұрғысынан салыстыра зерттеу түркі (қазақ) және моңғол тілдеріне ортақ элементтерді, түркі (қазақ) фразеологиясындағы моңғолдық кірмелікті, керісінше, моңғол фразеологиясындағы түркілік кірмелікті анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, академик Р.Ф.Сыздық қазақ тіліндегі *барымтаға қарымта қайтару, құр атқа мінгендей, айылын жимау, үдере қошу, тас қараңғы, еруліге қарулы, қаруын қайтару, қу толағай бастанбай* сияқты көптеген сөз тіркестері құрамындағы қазіргі қазақ тілі үшін мағынасы көмескіленген сөздердің шығу тегін моңғол тілімен байланыстырады [2,176]. Қазақ тіліндегі *қу толағай бастанбай* тіркесі туралы Р.Ф.Сыздық: «*толағай* сөзі таза түркі (қазақ) сөзі емес, ол – не түркі-моңғол тілдеріне ортақ, не тек моңғол тілдеріне тән сөз. ...Бұл сөз *қу* эпитетімен келіп, *қу толағай бас (бастану), қу толағай көріну* сияқты тұрақты тіркес құрап та, жеке қолданып та «жаланап, тақыр» деген ұғымға ие. Бұл моңғолдардан ертеректе енген образ ба, немесе о баста *толағай бас* болып айтылатын плеоназм (мағынасы бірдей сөздердің қатар қолданылуы ма), әлде түркі-моңғолға ортақ сөз бе – кесіп айту қиын» – деп ой қорытады [2, 153].

Қазақ және моңғол тілдеріндегі фразеологизмдерінің ішкі құрылымдарында сақталған этномәдени із-танбалардағы ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді қазақтар мен моңғолдардың ұлттық мәдениеттерінің түп негізінде жатқан көшпелі өмір салтынан іздестіруге, бір кездерде біртұтас географиялық аралда сапырылыса көшіп-қонған түркі-моңғол ру-тайпаларының бірлесе жасаған көшпенділер мәдениетіне қатысты этнолингвистикалық фактілер ретінде қабылдауға болады.

Қазақ және моңғол тілдеріндегі адамның сыртқы түр-тұлғасын, ішкі жан дүниесін, көңіл-күйін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын сипаттайтын, суреттеп атайтын фразеологизмдер құрамында **төрт түлік мал** (моңғолдар үшін *таван хошуу мал* «бес түлік мал») және мал ұстауға қажет құрал-саймандар (ер-тоқым, жүген, нокта, шідер, сірге, бұйда, көген және т.б.) атауларына қатысты этнографиялық лексика көптеп кездеседі. Мұндай фразеологизмдер көп жағдайда ортақ мағына, ортақ образдық негіз бойынша сәйкестік түзеді. Мәселен, «бет-әлпетіне жарасымсыз етіп шоқшитып сақал қойған сүйкімсіз кісіні» қазақтар *теке сақал*, моңғолдар да *ухнан сахал* (сөзбе-сөз: «*теке сақал*») деп, «ешкімде қак-соғы жоқ бейуаз, момын адам» дегенді қазақтар *қойдан қоңыр*, моңғолдар *хонь шиг хүн* (сөзбе-сөз: «*қой сияқты жан*») деп сипаттайды. Ал «*кімнің болса да айтқанына мойынсұнғыш, ез адам*» жайлы қазақтар *мұрнын тескен тайлақтай* десе, моңғолдар *дөрлүүлчихсэн бух шиг* (сөзбе-сөз: «*сірге өткізген бұқадай*»), *номхон морины ногт, догшин морины чөдөр* (сөзбе-сөз: «*жас аттың ноқтасы, асау аттың шідері*») деп, «*ерсі, мінез, ебедейсіз қимылды*» қазақтар *тайлақ түйедей тайраңдау* десе, моңғолдар *тэмээ туйлчихсан юм шиг* (сөзбе-сөз: «*түйе ойнақтағандай*») деп, «*тіл ауызсыз, өңкіген біреу*» дегенді қазақ *аузын буган өгіздей*, моңғол тілі *хэлээ огтлуулсан үхэр шиг* (сөзбе-сөз: «*тілін кескен сиырдай*») деп бейнелеп жеткізеді. **Қазақ тіліндегі басынан жүзенін сытырып қоя беру моңғол тіліндегі ногты нь толгойд нь эвхээд тавих** (сөзбе-сөз: «*ноқтасын басына қайырып, жинап қою*») фразеологизмдерін «*біреуге бостандық беру, өз еркіне жіберу*».

Қазақ және моңғол тілдерінде бірдей көрініске негізделіп, бірдей образ арқалайтын фразеологизмдерінің білдіретін мағыналарында айырмашылықтар да кездеседі. Мәселен, *сыыр бүйректену* дегенде қазақ «сыыр бүйрегіннің бунақтала бөлшектегіп тұратын сыртқы түрін» маңызды деп тауып, «*ынтымақсыз*», «*береке-бірлігі жоқ*» ағайын арасындағы алауыздықтың образына арқау етсе, моңғолдар *үхрийн бөөр шиг* (сөзбе-сөз: *сиырдың бүйрегіндей*) деген-

де сиырдың бүйрегінің «бір бүтін орган» екенін ағайын арасындағы «бірлікті, ынтымақты» сипаттауға белгі етеді. Сол сияқты қазақ тіліндегі *ерін бауырына алу* мен моңғол тіліндегі *эмээлээ гэдсэнд авах* (сөзбе-сөз: «ерін ішіне алу») фразеологизмдері арқалаған образ бірдей («бауырында салақтаған ер-тоқыман шошыған ат») болғанымен, білдіретін мағыналары басқаша: *ерін бауырына алу* – «*адамның бір нәрсеге қатты ашуланып, шала бүлінуі*», *эмээлээ гэдсэнд авах* – «*бетімен кеткен берекесіз бейбастық*».

Қазақ, моңғол халықтарының әрқайсысының ұлттық дүниетанымындағы өзіндік ерекшеліктерді бейнелейтін, салыстырылушы тілдерде бірі үшін келесісі фразеологиялық аналог қана бола алатын бейнелі тұрақты тіркестердің қатарына қазақ тілінде *шаңырақ*, ал моңғол тілінде *голомт* «*қоламта*» сөздері ұйтқы болған фразеологизмдерді жатқызуға болады. Шаңырақтың қазақтың рухани-мәдени әлеміндегі алатын орны, заттық – символдық мәні мен маңызы қазақ тіліндегі *қара шаңырақ*, *қара шаңырақ иесі*, *шаңырағы құлау*, *шаңырағына ат ойынау* т.б. көптеген фразеологизмдердің жасалуына арқау болған болса, моңғол тіліндегі фразеологизмдер құрамында *тооно* «шаңырақ» сөзі сан жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын дәл қазақ тіліндегідей белсенділік танытпайды. Оның есесіне *голомт* «*қоламта, от орны*» сөзі қазақтың «шаңырақ» сөзі тәрізді өзінің символдық қасиетімен ерекшеленіп, көптеген бейнелі тұрақты тіркестердің жасалуына арқау болады, яғни «образдар галереясын» түзеді. Мәселен, *гал голомт* (сөзбе-сөз: «*от қоламта*») фразеологизмі «*үлкен үй, яғни атадан әкеге, әкеден кенже ұлға жалғасып келе жатқан қара шаңырақ*» дегенді, *голомт залгамжлагч* (сөзбе-сөз: «*қоламта жалғастырушы*») тұрақты тіркесі «*қара шаңыраққа ие болатын кенже ұл*» дегенді, *голомт тасрах* (сөзбе-сөз: «*қоламта үзілу*») фразеологизмі бір атадан жалғыз жігіттің қандай да бір қазаға ұшырауынан, я болмаса отбасында ер баланың болмауынан «*қара шаңырақтың иесіз қалуы*» білдіретін болса, *голомты нь баллах* (сөзбе-сөз: «*қоламтасын өшіру*») тұрақты тіркесі сонау жаугершілік заманалардан сыр шертіп, «*тұқымын құрту, үрім-бұтағынан ешкім қалдырмай қыру*» дегенді бейнелейді.

Қазақ және моңғол фразеологизмдерінің көшпелілер этикасындағы ортақ жөн-жосындарды танытудағы мәні де ерекше. Мәселен, малға жайлы жайылым бабымен бірде алыс, бірде жақын қыс қыстап, жаз жайлайтын ауылдар арасындағы қарым-қатынаста *ат басын бұру* «*хал-жағдайды білісу*» – көшпелі тіршілікке сай қалыптасқан әдіптердің бірі десек, «хабарласпай кету» мағынасындағы қазақ тіліндегі *ат басын бұрмау*, моңғол тіліндегі *мориныхоо амыг эргүүлэхгүй болох* (сөзбе-сөз: «*атының аузын бұрмайтын болу*») «ренішті көңілді», я болмаса «қандай да бір жаманатты» білдіретін сөз-образдар.

Қазақ және моңғол халықтарының салт-дәстүрлеріндегі ортақтықты көрсететін бейнелі тұрақты тіркестер қатарына «*дау-дамайды өршіту*» мағынасындағы қазақ тіліндегі *отқа май құю* және моңғол тіліндегі *галд тос нэмэх* (сөзбе-сөз: «*отқа май салу*»), «*олжалы ораду*» мағынасындағы қазақ тіліндегі *қанжыға майлау* және моңғол тіліндегі *ганзага тосдох* (сөзбе-сөз: «*қанжыға майлау*»), «*құдалық рәсімінде күйеу тарапынан қалыңдықтың анасына берілетін тарту-таралғы*» дегенді білдіретін қаз. *сүт ақы* және моңғ. *өндгөн сүй* (сөзбе-сөз: «*тұқым ақы*»), «*жүй-жүй кіріп-шығып әбден мезі ету*» мағынасын білдіретін қазақ тіліндегі *босағаны борлату* және моңғол тіліндегі *босго борлох* (сөзбе-сөз: «*босағаны боз ету* (ағарту)») тәрізді фразеологизмдері жатқызуға болады. Ал «бұрын біреудің жары болған» деген мағынадағы қазақ тіліндегі *есік көрген*, *беті ашылған*, моңғол тіліндегі *үсээ хаглуулсан* (сөзбе-сөз: «*шашын екіге жарғызған*», яғни *шашын ортасынан жарып, екі бөліп өрген*») фразеологизмі екі халықтың салт-дәстүріндегі өзіндік ерекшеліктен хабардар етеді. Ал моңғол тіліндегі *дэр нийлэх хүн* (сөзбе-сөз: «*жастық қосар адам*»), *үүдий нь сөхөж, өрхий нь татах хүн* (сөзбе-сөз: «*есігін түріп, түндігін тартар адам*»), *тооной гэрт толгой холбох хүн* (сөзбе-сөз: «*шаңырақты үйде бас қосар адам*») фразеологизмдері «біреудің некелі жары, әйелі» ұғымына берілген бейнелі анықтамалар болып табылады.

Қазақ және моңғол тілдеріндегі киім-кешек, жіп-су, ыдыс-аяқ, от-ошақ маңы заттары сияқты күнделікті тұрмыстық лексиканың қатысуымен жасалған этнографиялық фразеологизмдердің образдық-фондық негіздеріндегі ортақтықтың өзінде жалпы-жалқы, көп-аз, көлемді-көлемсіз, кесек-уақ, т.б. бинарлық жұптардың актуализациялану деңгейі қылаң береді. Мәселен, «өте ыспар, оң қолы өнер әйел» мағынасындағы қазақ тіліндегі *бит қабығынан биялай тоқу* және моңғол тіліндегі *харганын ноос түүжэ эсгий хийх*

(сөзбе-сөз: «қарғаның жүнін жинап киіз істеу») фразеологизмінде *биялай* мен *киіз*, «*тәуекел ету*» мағынасындағы қазақ тіліндегі *белін бекем буыну* және моңғол тіліндегі *бүсээ чанга бүслэх* (сөзбе-сөз: «белбеуін қатты буыну») фразеологизмінде *бел* мен *белбеу*, «молшылық» мағынасындағы қазақ тіліндегі *ит басына іркіт төгілген* және моңғол тіліндегі *хаяа хатав-чаараа гарсан* (сөзбе-сөз: «ірге - босагадан шыққан») фразеологизмінде *иттің басы* мен *ірге-босага*, «*түк қалдырмай сыпырып-сыйырып бәрін алып кету*» деген мағынада қолданылатын моңғол тіліндегі *хугархай тэвнэ, тасархай утас эс гээлгэх* (сөзбе-сөз: «сынық тебен, үзік жіп қалдырмау») және қазақ тіліндегі *ине сабақ жіп қалдырмау* образды фразеологизмінде *тебен* мен *ине* бинарлық оппозициялық жұп құрайды. Сол сияқты «ерлі-байлы екі адамның ортасында бола беретін аздаған кикілжінді» қазақтар жалпы *ыдыс-аяқтың сылдырлауына* балайтын болса, моңғолдар *халбага (түнпэн, түнжсин) нь хагарах* (сөзбе-сөз: «қасығы (тегеші) сыну-мен») деп жеке заттардың сынуымен бейнелейді.

Көшпелілердің дәстүрлі дүниетанымының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын «**Адам – киім**» жүйесіндегі адамның белінен төменгі жағына киетін киімдердің (*етік, дамбал, белшалғыш т.б.*), олардың детальдарының (*етек, ышқыр, байпақ, ұлтан, ұлтарақ, өкше т.б.*) семантикалық статустарының төмендігіне, керісінше, белден жоғарғы жаққа киетін киімдердің, олардың детальдарының семантикалық статусының жоғары болуына көшпелілердің мифтік танымдағы «жоғары әлем-төменгі әлем» жұп символына қатысты халықтың ежелгі таным-түсініктерінің ықпалы зор. Бұл түсінік киім-кешек атауларының қатысуман жасалған фразеологизмдердің образдық-фондық негізінен айқын көрінеді. Мәселен, *киімнің етегі* – «көбеюдің», «туудың», «өнудің» символы. *Етек* образын арқалаған фразеологизмдердің ішкі құрылымында «*Жер – Төменгі әлем*» архетипі, «*Жер – Ана (аналық)*» мифологемасы өмір сүреді. Осылардың әсерінен, яғни «төменгі», «жерлік», «аналық» дейтін символдық түсініктердің ықпалымен екі тілде де *етек образын* арқалаған фразеологизмдердің мағыналарына жағымсыз бағалауыштық реңкі үстемеленіп, фразеологизм көбінесе әйел затының жағымсыз іс-қылығын, жүріс-тұрысын, мінез-кұлқын бейнелеп атайды. Мәселен, қазақ жұрты *төмен етек* деп «әйел затының жаратылысына» күмәнмен қарайды, *салты етек* деп «салақ әйелдің ісін» парықтайды, бала тумаған әйелдің балаға қатыгездігін байқаса, *етегі (пұшпағы) қанамаған* деп «әйел бедеулігін» айыптап та алады. Ал моңғол жұрты *богино ухаантай, урт энгэртэй* (сөзбе-сөз: «шолақ ақылды, ұзын өңірлі») әйел баласының сылбыр жүріс-тұрысын жаратпағанда «*сүйретілу, істеген ісі өнбеу*» мағынасындағы *хормойгоо чирэх* (сөзбе-сөз: «етегін сүйрету») деген, «*үйінде отырмайтын қыдырмашы, кезбені*» сөккенде *хормойд салхи орох* (сөзбе-сөз: «етегіне жел кіру») деген бейнелі атауларды қолданады.

Сонымен, қазақ және моңғол тілдеріндегі этнографиялық фразеологизмдерінің ішкі құрылымындағы этномәдени із-танбаларды көшпелілердің дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеттерін, дүние-танымын танытатын тіл фактілері ретінде этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеуге болады.

Фразеологизмнің фондық негізінде тіл иесі этностың дүниені тануы мен қабылдауының концептуалды өрісіне, рухани-тұрмыстық-заттық мәдениетіне қатысты болып келетін дәстүрлі халықтың білім жүйесінің сан алуан салаларынан алынған жекеленген «эпизодтар» жатады. Бұл эпизодтардың семантикалық бір өріске енетіндері бірігіп келіп, тектес тілдік бейнелерді тудыратын біртұтас этномәдени фонды құрайды. Ортақ этномәдени фоннан өрбісе де, әр басқа образдар арқалаған, образдық, фондық, уәждік негіздері де әр басқа болып келген екі тілдің фразеологизмдері екі этностың (қазақ, моңғол) болмыс бітімдеріндегі қайталанбас даралық сипатты танытады, екі этностың әлем, күллі дүние-ғалам жайлы ұғым-түсініктеріндегі айырмашылықтарды көрсетеді. Қазақ және моңғол тілдерінде ұқсас немесе бірдей образ арқалаған «идеялас» этнографиялық фразеологизмдерді тудырған ауқымды этномәдени фон ретінде мал шаруашылығына негізделіп, тұрақтанған көшпелі өмір салтын, дәстүрлі тұрмыстық және рухани мәдениеттегі ортақтықтарды көрсетуге болады.

#### Әдебиет

1. Ураксин З.Г. Образно-фондовая основа фразеологизмов алтайских языков //Тезисы докладов 29-ой сессии ПМАК. – М., 1986.

2. Сыздыкова Р.Ф.Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994.
3. Гадамба Ш.Монголын нууц товчооны судлалын зарим асуудал. – УБ., 1990.
4. Қайдар Ө.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. //Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.Б. 56.
5. Юсупова А.Ш. Этнографическая лексика в татарско-русских и русско-татарских словарях татарского языка 19 века. Адрес статьи: [www.gramota.net/materials/2/2008/2/58.htm](http://www.gramota.net/materials/2/2008/2/58.htm)

**Nurida NOVRUZOVA**  
*Bakü Slavyan Universitesi Türkoloji bölümü*  
*filoloji bilimleri doktoru*  
*(Azərbaycan, Bakı ş.)*

## ESKİ TÜRK METİNLERİNDE EMOTİF KELİMELERİN LİNQVOKÜLTÜREL KARAKTERİ

**Özet.** Tüm etnik milli medeniyetler ait olduğu halkın, milletin, etnosun evladı gibidir. Şahıslar ve toplum arasında ilişkiler, konuşma kültürü, düşünce tarzı kişilerin ait olduğu medeniyetin etkisi ile ortaya çıkar ve zenginleşir. Eski Türk metinlerinde olay ve sonuçlarına bağlı olarak ortaya çıkan ve düğün, nişan, ad koyma törenleri, cenk öncesi toplantılarda(toy), kısacası etnosun ve boyun(aşiretin) sevinçli ve kederli anlarını ifade eden sözler Türklerin dünyaya ve hayata verdikleri önemi gösterir. övgü, nefret, korku, nasihat gibi duygular farklı yöntemlerle, dilde bulunan eliptik yapılar kullanılarak ifade olunmuştur. Dilde duygu ifadeleri, milli özellikleri de ifade eder.

Eski ve orta yüzyıl metinlerinde emotif ifadelerin çokça kullanıldığına şahit olmaktayız. Bu metinlerin neredeyse tamamında, aynı zamanda “Dede Korkut” destanında da alkış ve övmelerin, düğünlerde eğlencelerde, cenk törenlerinde yapıldığından bahsedilmiştir. Amacımız Türk eposlarında, aynı zamanda “Dede Korkut” metinlerinde bulunan emotif sözlerin ifade tarzlarını ve milli karakterini incelemek, orada bulunan emotif sözlerin temel ifade biçimlerinden olan sevgi sözcükleri, alkış, övme, kargışların (ah etme, beddua ilenme, lanet) kullanılma sebeplerini, anlamlarını, insanların ilişkilerinde, hayatında oynadığı rolü ve onların duygularını ortaya koyma şekillerini tahlil etmektir. Oğuz Türklerinin eski destanı olan “Dede Korkut”ta da kullanılan bu sözler metinlerdeki güçlü duyguları, hissleri ifade etmenin yanı sıra, Türklere özgü etnik kültürel karakteri de belirler.

**Anahtar kelimeler:** metin, emotif kelimeler, Dede Korkut, sevgi gösterisi.

Dilin mahiyetini tam olarak anlamak için onu bir kaç şekilde değerlendirebiliriz: – *dil bir bireyin dili olarak*; – *dil- dil ailesinin üyesi olarak*; – *dil-yapı olarak*; – *dil-sistem olarak*; – *dil-tip ve karakter olarak*; – *dil-düşüncelerin mekanı olarak ve -dil “ruhun evi” olarak* [17, 39], yani dil insanın basit olmayan kognitif faaliyetinin sonucudur. Henüz XX. Yüzyılın başlarında bu sorunu konunun üzerinde çalışan alman bilim adamları, Grimm Kardeşleri çözüme çalışmış ve onların fikirleri XIX. Yüzyılın 60’lı-70’li yıllarında Rus bilim adamları –F.İ. Buslayeva’ya, A.N. Afanasyeva’ya, A.A. Potebni’ye eserlerinde dilin, medeniyetin ve etnosun karşılıklı ilişkideki tutumunu araştırırken ışık tutmuşdur.

Humboldt’a göre de dil “halkın ruhu” ve “varlığının ta kendisi” dir. Halkın kültürü kendisini ilk önce dilde ifade eder.

XX. Yüzyılın sonundan itibaren dilbilim alanında en yaygın tez, dilin medeniyet ve etnosla sıkı şekilde bağlı olması yönündedir. Sonuç: dil kültürle sıkı ilişkidir, onun içine işlemiştir, onda gelişmekte ve onu ifade etmektedir. Bu idoloji esasında yeni bir bilimsel istikamet de ortaya çıkmıştır – lingvokulturoloji.

**1.1. Metnin etno kültürel kavramı ve konsept.** Metnin etno kültürel veya “konsept” kavramını nasıl anlamamız gerekir? Konsept – linqvo kültürel özellikleri yansıtan, şu veya bu şekilde belirli etno kültür taşıyıcılarının karakterini tespit eden anlamsal yapıdır. Konseptin çekirdeğinde ilk göze çarpan – onun belirli bir kavramı, anlamı ifade etmesidir. Bu konseptsel anlam her zaman onun



içindedir. Bunun yanı sıra, konseptin çekirdeğinde kognitif katmanlar korunmaktadır. Bu katmanların oluşması sonucu ortaya çıkan metinde halkın deneyiminin rolü tartışılmazdır. [12, 174].

Metnin milli karakterinin belirlenmesi içindeki konseptlerle bağlıdır. Konsept insanların milli medeniyeti, milli karakteri, tutumu, mentalitesi ile sıkı şekilde ilişkilidir ve bu sebepten de herhangi bir halkın hareket noktası olarak anlaşılabilir. Metinde onunla iki yönde hareket edebiliriz:

I. halkın konsept alanının öğrenilmesi ve konseptin tahlili sonucu onun milli özelliklerinin ortaya çıkarılması;

II. konseptin incelenmesi sonucunda, dahili yapısının ortaya çıkarılması.

Sanatsal metinde konsept bu yönlerin her birini kendine özgü şekilde, grub üslubuna bağlı olarak antroponim-suret- konu ilişkisi içerisinde yansıtır. Konseptin ulusal, grup ve bireysel formları mevcuttur [18, 80-81].

**1.2. Türk epos metinlerinde duygu konseptleri.** Konseptin ulusal, grup ve bireysel formları “Dede Korkut” metinlerinde de yer alır. Bunlar Sevgi ve Korku konseptleridir. Sevgi konsepti diğerlerden ciddi şekilde farklılık göstermektedir. Şöyle ki epos metnine kısım kısım göz attığımızda, bu anlayışın destanın tamamında korku hissi ile bağlantılı şekilde işlendiğine şahit oluruz. Sırf bu sebepten onları birbirinden ayrı değil de, bağlantılı şekilde öğrenmemiz daha doğru olur. Bununla beraber sevgi ve korku konseptleri psikolojik karmaşıklığı ile de seçilmektedir. Ulusal konseptlerde hiss, arzu, duygu, korku gibi psikolojik durumlar farklı ifade tarzları ile seçilir. Psikolojik kategorilerin hiç birisi için yabancı değil. Diğer farklı yönüyle, metinde gergin psikolojik durumlarda bu konseptin değişik ifade şekilleri ile önümüze çıkmasıdır. Burada dilin zengin söz kapasitesi, kelimelerin eşanlamlılık imkanları ve anlamsal derinliği ifade etme imkanları temel rol oynamaktadır [16,197].

Bir çok durumda destanda sıradan sözler şiirsel formda yeniden ve farklı şekilde takdim edilir. Bunun sonucu olarak konsept oluşur, buysa onların anlamlarının ve sınırlarının dışında ifade oluşudur. Bu elemanların her bir halkın genel üslubuna özgü olduğu yadsınamaz. Bazen epos metninin tahlili zamanı ulusal konseptin bazı unsurları sanatsal araç olarak kullanılır. Bu zaman metnin imkanları genişler ve bir metin içinde bir leksemin farklı anlam paradigmaları verilebilir, bu husus, özellikle fiillere aittir, lakin dilin diğer birimlerinde, hatta genel isimlerde de bununla karşılaşmak mümkündür.

Konseptin çekirdeğinde ilk dikkat çeken – onun bir kavramı, anlamı ifade etmesidir. Bu konseptsel anlam her zaman onun dahilinde bulunur. Bununla beraber, konseptin çekirdeğinde kognitif katmanlar korunmaktadır. Bu katmanların ortaya çıkmasında kurgulanan metnin ve halkın düşünce tarzının büyük rolü vardır.

Konseptin şekillenmesi kolektif ve bireysel düşüncenin ürünüdür. Konsept - insanın düşüncesinde ifade ettiği, anlamsal modellerde ortaya koyduğu ve özellik kazandırdığı gerçekçi nesnelerin genel ve özel tasavvurlarını yansıtır. Onun benzersizliği, büyük öneme sahip olan manevi değerlerinin insan tefekküründe yankı bulmasıyla, (milli özellik, maneviyat, tarihsel hafıza, zihniyet) söz, deyim ve diğer dil birimlerinde ifade edilmiş spesifik özellikler yardımıyla ortaya çıkar.

Konsept – insanın ansiklopedik ve dil bilgilerini ortaya koyan, onların anlamlarını belirleyen, bazı veriler çerçevesinde, net şekilde kavranmasını sağlayan dil birimidir. Şöyle ki, konsept iletişim için geçerli olan düşünülüş, verballaşmış araçlara dayanır. Buysa onların kullanımını genelleştirir ve herkese tanıtır. Yalnız bir kısım konseptler kişisel tefeküre ait oldukları için anlamları dayanıksız olur, değişir.

**Аннотация.** Лексические единицы в произведениях Махтумкули ценны тем, что каждая из них напрямую связана с историей туркменского народа, его национально духовными особенностями. Большое место в языке произведений великого поэта занимает профессиональная лексика. Профессионализмы способствуют приданию произведениям национального колорита, достоверному описанию особенностей жизненного уклада народа. Они органично связаны с историей и психологией туркмен. Необходимость изучения профессиональной лексики диктуется и тем, что в современном туркменском языке часть этих слов выходит из активного употребления. Одной из задач науки о языке является изучение и возвращение в активное употребление слов, связанных с различными ремеслами и профессиями. Произведение Махтумкули является ценным источником для активизации слов, перешедших или переходящих ныне в разряд историзмов и архаизмов, объяснения их значений и передачи их грядущим поколениям. В произведениях поэта нередко встречается профессиональная лексика, связанная с животноводством, земледелием, изготовлением ювелирных украшений, военным делом. Изучение произведений Махтумкули с лингвистической точки зрения, создаст широкие перспективы в развитии социолингвистики на материале туркменского языка.

**Ключевые слова:** Махтумкули, туркменский язык, профессиональная лексика, история языка.

**Abstract.** Magtymguly's poetry is the important source of describing people's life at distinct period of time. Being directly connected with the history, national and spiritual heritage of the nation, every word in Magtymguly's poetry attracts one's attention. There is a major role of professional words in creating the lexical system of poetry of the great writer. Professional words are very advantageous in giving a national reverberation to the language of poems and describing the special peculiarities of our people's life. They are closely related with the history and psychology of the Turkmen nation. One of the reasons for necessity of learning the professional words is that some of them are being detached from the usage. That's why studying the meaning of the words concerning the occupations remaining behind and re-introducing those words to our speech are among the important tasks of linguistics. Magtymguly's poetry is very valuable in teaching our present and future generations. Poetry of Magtymguly creates new opportunities for developing the new branch of linguistics, the socio-linguistics, based on the example of the Turkmen linguistics.

**Keywords:** Magtymguly, Turkmen language, professional vocabulary, language history.

При изучении истории языка важное значение имеют письменные памятники. С этой точки зрения, при изучении состояния туркменского языка в XVIII веке, в первую очередь необходимо обращаться к произведениям классической литературы. XVIII век в истории туркменско-

го народа знаменит как эпоха, когда жили и творили знаменитые представители классической туркменской литературы. Необходимо отметить, что одним из поэтов-классиков туркменской литературы XVIII века является великий мыслитель Востока Махтумкули Фраги.

Каждое слово стихотворений Махтумкули связано с историей, национально-духовным состоянием, психологией народа. Очень большое значение имеют профессионализмы в составе произведений Махтумкули, они служат для придания национального колорита, описания особенностей жизни народа. Стихотворения Махтумкули являются ценным источником для сохранения и передачи следующим поколениям профессионализмов, вышедших из активного употребления и их семантизации.

В стихотворениях Махтумкули можно встретить военную лексику, животноводческую лексику, слова, связанные с крестьянством, ювелирным искусством и т.п. Жизненный уклад народа, природные условия стали причиной тому, что эти профессии были популярны у туркменского народа. Эти слова могут иметь и переносное значение.

Военная лексика. Большое количество военной лексики в произведениях Махтумкули обусловлено тем, что военное дело в жизни туркмен занимало основное место. С древнейших времен группа слов показывала высокую частотность как военная лексика. Первоначально это были слова, употребляемые в повседневной жизни и называющие орудия труда.

Военная лексика тюркских языков была основательно исследована. Как первую работу выполненную в этом направлении можно назвать словарь военной терминологии

Х.Вельмурадова и А.Ниязова [1, 93]. В этот словарь были включены 2730 слов и является одной из самых удачных переводных словарей с русского на туркменский язык. В книге Ч.Караджаева “Военная лексика туркменского языка” [2] исследуется военная терминология тюркских языков, в т.ч. туркменского языка, и заимствованные термины.

Военная лексика стихотворений Махтумкули отличается своеобразием. Она привлекает своим структурным многообразием, широтой использования. К ним можно отнести названия оружия, слова, связанные с военным делом.

В стихотворениях Махтумкули встречаются слова – названия оружия: *gylyç* (сабля), *galkan* (щит), *ýaý* (лук), *ruçak* (нож), *hanjar* (кинжал) и т. п. Слова *gylyç*, *ýaý*, *ruçak*, *hanjar*, *manjanyk*, *gürzi*, *galkan*, *tüpeň* входят в активный словарный состав с древних времен. Приведем примеры и произведения Махтумкули:

*Magtymguly, Rumystana, (Махтумкули в Румустан)*

*Çaldy gylyç Hindistana (Угрожал мечом в Индию)* [3, 51].

*Samarkant tagtynda gurlan ýaýlara, (К лукам, установленным на троне Самарканда)*

*Mehdiýä deň helpsiz serpaýlara. (Одеяниям, достойным Мехдия)* [3, 70].

*Ruçaklar bile soýarlar, (Ножами будут снимать)*

*Deriňi, binamaz çirkin (Твою шкуру не совершающий намаз)* [3, 204].

*Saňa urar hanjaruny, (Однажды ударив тебя кинжалом)*

*Jellat ganyn saçar gider! (Пустит тебе кровь)* [3, 4].

*Manjanykga baglanyp, bir ataş içre oklanan,*

*Käbe binýat eýlegen mygmary gördüm-şondadyr. (Там я увидел того, кто был прикован к качелям и брошен в огонь, строителя Каабы)* [3, 4].

*Müňkür, Nekir girgende, “Min rebbiň?” diýp durganda,*

*Gürzi alyp urganda, ne kылgaý sen, binamaz? (Что ответишь ты, о не совершающий намаз, когда придут Мункур и Некир, и ударят палицей)* [3, 230].

*Egnige galkan salyp, elige aldy zülpükar,*

*İki dünýäniň gülüdir ol Hasan birle Husaýun. (На плече щит, в руках у них сабля, цветки двух миров – Хасан и Хусейн)* [3, 239].

*On başime ýetemde, tiri-tüpeň atardym,*

*On ýedige baramda, yşk söwdasyn göterdim. (Когда достиг пятнадцати лет – стрелял из винтовки, а в семнадцать влюбился)* [3, 30].

Хотя слова-названия оружий *gylyç*, *ýaý*, *ruçak*, *hanjar*, *manjanyk*, *gürzi*, *galkan*, *tüpeň* достаточно активны и лексическом составе туркменского языка, не будет лишним привести части их толкование. Например, *gürzi* – палица, *manjanyk* – устройство в виде качелей, использовавшееся для выстрела различными предметами [6, 488].

В произведениях Махтумкули встречаются слова, связанные с военным делом. К ним относятся названия военного снаряжения, способов противостояния, военных подразделений, военных званий.

Слово “däri”, часто встречающееся в произведениях поэта, означает “порох”, “nöker”- воин, “naýzabaz” – копьеносец.

Ajal otdur, ten myltukdyr, jan – gülle, (Смерть – огонь, тело – ружье, душа – пуля)

Ryzk därege ataş düşse, göçer sen. (Попадет огонь на порох – благосостояние – взорвешься) [3, 112].

Üç müň naýzabazy bardy nökerden, (Его воинами были три тысяча копьеносцев)

Tört müň pildary bar gala ýukardan, (Четыре тысяча воинов на слонах, разрушители крепостей) [3, 131].

В произведениях Махтумкули встречаются и слова — названия частей оружия, военных принадлежностей:

Hanjar çykdy gynundan, (Кинжал был вынут из ножен)

Tä et kese ýanundan, (Чотб вырезать из ляжки мясо)

Laçyn tutdy golundan, (Сокол схватил за руку)

Diýdi: “Kesme ýa Aly!” (И сказал: “Не вырезай, о Али”) [3, 23].

Ýigit gerek, meýdan içre dik ola, (Джигит должен быть стойким на поле брани)

Ýigide ok bile ýaýlar atyla. (В джигита будут стрелять стрелами из лука) [3, 74].

Söz ýarasyndan gaçawer, (Избегай раны от слова)

Tyg ýarasy biter gider. (Рана от ножа затянется) [3, 91].

Слова gun, ok, tyg являются военными терминами. Gyn – ножны кинжала или сабли изготовляемые из кожи [6, 226]. Ok – 1. Стрела лука. 2. Гильза, пуля. [6, 484]. Tyg –

1. Колуше-режущая часть холодного оужия. 2. Общее название холодного оружия [6, 666].

Большая часть профессионализмов, встречающихся в произведения Махтумкули составляют слова, связанные с животноводством. Эти слова показывают менталитет народа, неограниченные возможности богатства языка. Животноводческие термины имеют многовековую историю. Как термины, они начали использоваться со времен оформления животноводства как ремесло. Исследования профессионализмов как пласт языка начались в пятидесятые годы двадцатого века [1, 92]. В этих трудах термины животноводства исследуются на примере отдельных языков и устанавливается источники, где они используются.

Изучение животноводческой терминологии туркменского языка началось несколько позже. В этом направлении выполнен ряд исследований первым из которых была работа З.Б.Мухаммедовой [1, 95].

Профессионализмы животноводства, языка Махтумкули можно сгруппировать следующим образом: названия животных, принадлежности и другие слова, называющие вещей, связанных с животными. В произведениях поэта можно встретить слова, называющие различные виды мелкого скота, лошадей, крупного рогатого скота. Например:

Bir yaby baýrakny aladyr çarpany, (Кляча получает приз не соревнуясь)

Bir bedew gezmekde gaýdyp baradyr. (Скакун, гуляя, идет обратно) [3, 3].

Gul-garabaş, малыň, атуň-eşegiň, (Рабы твои, скот, лошадь твоя и осёл твой)

At-yarag, esbapyň, donuň-guşagyň, (И конь твой боевой, доспехи и одежда) [3, 33].

Birniçe gümrahlar iman atandy, (Некоторые забыли веру)

Imanyňy koý-guzyga satandy. Они веру продали за ягненка) [3, 67].

Ýetmiş iki süri dowar,

Çorany bir bakar gördüm. (Семьдесят две отары, а пастух их один) [3, 93].

Jähennem gahryndan çekse zyban, (Если ад рассердится и зарычит)

Ner, bugra syratly uçgun çykarlar. (Вдохнут огнем, подобным неру и бугра) [3, 113]. Нер и бугра – породы верблюдов.

Saparkeşler ýurak ýoldan gaýdanda, (Возвращаясь из дальнего пути)

Agur ýüklü şütürleri haýdanda. (Погоняя верблюдов груженых) [3, с. 68].

At alsañ gyr algyň, mekrudyň akýal, (Если хочешь купить коня – купи гы:р)

Kitapda görüner çaman-garagol. (Белогривый запрещен, в книге записано, что) [3, 116].

В этих прмерах из стихотворений Махтумкули слова ýaby, bedew, at, eşek, koý (goýun), guzy,

dowar, ner, bugra, şütür встречаются часто. Некоторые из них могут показаться непонятными: bugra, şütür. Bugra-двугорбый верблюд, “şütür” – из персидского- тоже верблюд. “Şütürwar” мера веса, равная поклаже верблюда.

Часть слов языка произведений Махтумкули, связанные с животноводством называют снаряжения животноводов:

Bir Pyraga tylla eger goýular, (На один скакун наленут седло)

Muhammede engam bolsa gerekdir. (Он будет конем Мухаммеда) [3, 212].

On bir umam goluňyzdan goldarlar, (Одиннадцать имамов поддержат вас за руки)

Jylawňyzda umam Aly siziňdir. (Имам Али будет держать за уздцы вашего коня) [3, 71].

Göýa ki bir sarwan men, kerwen yzup ýitirgen, (Я как пастух верблюдов, потерявший след каравана)

Ugrum, ýönüm bilmeýin, ýol üstünde oturgan. (Потеряв дорогу, сидящий на пути) [3, 52].

Gana batdy üzeňniler, (Стремена были в крови)

Alynyň desti gan oldy. (И рука Али была в крови) [3, 51].

Ýetmiş hülle geýip, tagta gonarlar, (Надев семьдесят одеяний, воссядут на троне)

Zeberjed uýanly Byrag münerler. (Сядут на Быраг, с разукрашенными уздцами) [3, 141].

Слова eger (eýer) – седло, jylaw – уздцы, sarwan – верблюжий пастух, üzeňni – стремяна, uýan-узда относятся к животноводческой лексике.

Профессионализмы, связанные с крестьянством. В языке произведений Махтумкули часто встречаются слова, связанные с крестьянством. Наука доказывают, что первые признаки обработки земли, развития крестьянства появились в Южном Туркменистане. Это время (VI-V в.в. до н.э.) называется Джейтунской культурой эпохи неолита [5, 7]. За прошедшее время сельскохозяйственная терминология полностью сформировалась и образовала целый пласт профессиональной лексики. В качестве примера можно привести слова из произведений Махтумкули: bugdaý – пшеница, tohum – семена, saman – солома:

Nurundan ýaratdy iki azyzy, (Из божественного света создал двух ценнейших (Адама и Еву)

Bugdaý iýr, bähıştden aýrylmadymy? (разве небыли удалены из рая попробовав пшеницу) [3, 78].

Bugdaý tohum göge uçar, (Семена пшеницы улечутятся)

Alymlardan ylym gaçar. (Учёные потеряют науку) [3, 92].

Zyba boýuga geýgüziban hylgaty-şahy, (Надела одежду из материала шахи)

Bagzynu görüň, bi ser-u saman bolup ötdi! (Смотрите, иных голова превратилась в солому) [3, 94].

Термины ювелирного дела. Ювелирное дело в истории туркмен занимает особое место. Ремесло имеет богатую историю. Свидетельствуют об этом научные труды В. М. Массона. Он отмечает [4, 142], что обработкой золота и серебра на территории Туркменистана начали заниматься в IV веке до н.э. значит, ювелирна терминология тоже имеет давнюю историю.

Оформление ювелирного дела как искусство отмечается в работе “Профессиональная лексика туркменского языка”: “По всей видимости, ювелирное дело возникло в связи с необходимостью удовлетворить культурно-эстетические запросы, украшения женщин и ахал-текинских скакунов, их облагораживания” [7, 62].

В произведениях Махтумкули ювелирная терминология показывают высокую частотность. Это можно объяснить тем, что поэт сам профессионально занимался этим делом. Можно привести пример использования слов altyn – золото, kümüş – серебро, lagl – лал, jöwahyr – жемчуг, dür – жемчуг, göwher – жемчуг, zümerret – изумруд, ýakut – яхонт, almaz – алмаз, merjen – жемчуг, gaş – камень кольца, ýüzük – кольцо:

Dellallar ýugylyp, baha goýdular, (Посредники, собравшись определили цену).

“Boýu deňi altyn – kümüş” diýdiler, (Золото и серебро равные с ростом)

Lagl-u jöwahyrdan ança oýdular, (Посчитали столко же лала и жемчуга)

“Hälem bolsa arzan!” aýtdy, ýaranlar! (Всеравно, дешево, посчитали они) [3, с. 6].

Ýüz ýigrimi dört müň dürdänäniň sensen baş göwheri, (Главный жемчуг ста двадцати четырех жемчужин)

Ummatynyň Şafygy, Magtymgulynyň manzary, (Заступник уммы, к кому обращает свой взор Махтумкули) [3, 11].



İki asman tutmuş achterden zynat, (Украшение небес)  
 Ady Refe, asly ýaşyl zümerret. (Имя Рефе, основа зеленый жемчуг) [3, 37].  
 Üçünji gök reňi aýynmaz otdan, (Третий синий – не отличишь от огня)  
 Ady Kaýdum, asly gyzyly ýakutdan. (Звать его Кайдум, основа красный яхонт) [3, 37].  
 Dükän käni – Jahangiriň almazy, (Богатство торговли – алмаз Джахангира)  
 Badahşan magdany – lagly siziňdir. (Богатство Бадахшана – лал тоже Ваш) [3, 70].  
 Meňli gyzyň ýüzügine, (На кольцо Менгли)  
 Gaşlar goýsam kümüş bile. (Поставил бы камень, обрамляя серебром) [3, 123].  
 Hiç ajaýup dünýäde mundag ajaýup bolmagaý, (В прекрасном мире не было так прекрасно)  
 Gadur-gymmat birle daşky lagly – merjen eýledi. (Он камень превратил в лал и жемчуг) [3, 224].  
 Изучение с научной точки зрения профессионализмов языка стихотворений великого поэта – классика туркменской литературы даст новые возможности для развития на примере туркменского языка новой отрасли лингвистики–социолингвистики.

#### Литература

1. Bekjäýew T. Frazelogizmleriň döremeginde kär-hünär sözleriniň gatnaşygy/ – Miras. 2009, №2. – s. 91–98.
2. Garaýaýew Ç. Türkmen dilinde harby leksika. – Aşgabat: Ýlym, 1989.
3. Magtymguly. Şygyrlar. – Aşgabat: Türkmenistan, 1994.
4. Массон В.М. Первые цивилизации. – Л.: 1989.
5. Penjiýew M. Türkmen diliniň ekerançylyk leksikasy. – Aşgabat: Türkmenistan, 1979.
6. Türkmen diliniň sözlügi. – Aşgabat: 1962.
7. Türkmen diliniň professional leksikasy. – Aşgabat: 1986.

**Жәмилә ОТАРБЕКОВА**

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
 филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
 (Қазақстан, Алматы қ.)*

**Ақмарал ДАУТКУЛОВА**

*Х.Дофсмұхамедов атындағы Атырау университеті  
 аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі  
 (Қазақстан, Атырау қ.)*

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Андатпа.** Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі біршама зерттеліп, бір ізге түскенімен, қазіргі таңда тілімізге еніп жатқан сөз тасқыны көп болғандықтан, зерттеуді қажет ететін тұстары көп. Әсіресе соңғы жылдары енген сөздер мен сөзқолданыстарды айқындау, сөздікке түсіру, нормалану мен уәжделуі заңдылықтарын қарастыру, сөзжасамдық тәсілдер мен қосымшалардың активтенуі, т.б. мәселелер статистикалық деректер негізінде айқындауды қажет етеді.

**Тірек сөздер:** сөзжасам, нормалану, сөзқолданыстар, уәжделу, статистика.

**Аннотация.** Несмотря на то, что словообразовательная система современного казахского языка изучена и нормализована, в настоящее время существует большой поток слов, проникающих в наш язык, что требует изучения. Вопросы определения слов и словоупотреблений, особенно вошедших в последние годы, рассмотрения закономерностей нормализации и мотивации, активации словообразовательных способов и аффиксов и др. требуют определения на основе статистических данных.

**Ключевые слова:** словообразование, нормирование, словоупотребления, мотивация, статистика.

**Abstract.** Despite the fact that the word-formation system of the modern Kazakh language has been studied and normalized, currently there is a large flow of words penetrating our language, which requires study.

The issues of defining words and word usage, especially those that have entered into recent years, considering the patterns of normalization and motivation, activation of word-formation methods and affixes, etc. require determination based on statistical data.

**Keywords:** word formation, rationing, word usage, motivation, statistics.

Жаһандану мен қоғамдық интеграция үдерістері адамзат тілінде өз ізін қалдырмай қоймайды. Өйткені тіл мен қоғам біртұтас. Тілімізге сырттан еніп жатқан сан алуан сөздерді өзгеріссіз қабылдай берудің сол тілдің ұлттық сипатына кері әсері болмай ма? Өйткені сөз – таным, сөз – ақпарат. Әрине, таным бүкіл халықтарға ортақ. Бір затты әр халық өзінше атағанымен, біркелкі таниды. Бұл, материалдық мәдениетке қатысты айтылғанымен, рухани мәдениет туралы олай дей алмаймыз. Сонымен қатар, әрбір халықтың өзіне тән материалдық мәдениеті де жоқ емес. Осы тұрғыдан келгенде, тіл жаһандық өзгерістерді де қабылдап, ұлттық-танымдық сипатынан да ажырамауы маңызды.

1971-1981 жылдар аралығында Мемтерминком бекіткен тізімде орыс тілі арқылы енген бөгде сөздер өте көп болды. Ал 1990-2001 жылдардағы бекітілімдерде сол сөздердің көпшілігі қазақшалады. Бұған не себеп болды? Басты себеп – тәуелсіздікпен бірге келген санадағы өзгеріс. Ал қазір ше? Қоғамдық интеграция, үштілділік мәселесі қойылып, ағылшын тіліне басымдық беріле бастағандықтан, жоғарыдағы кейбір сөздерді аудармай, бұрынғы қалпында алу (мавзолей, музей, архив) керек деген пікір орын алды. Себебі олар халықаралық терминдер екен. Демек, сөз жай ғана таңба болып қалды да, оның астарындағы ұлттық-танымдық сипат (мұра сөзінің өзексемасы) қажет болмай қалды.

Тілдің қуаты мен өміршендігі оның қатынас құралы болуымен ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтың бүкіл рухани және материалдық мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші кумулятивтік қызметімен, сол ұлтты танып-білудің құралы болуымен өлшенеді. Осы қағиданы берік ұстанып, тілімізге еніп жатқан сөздердің рухани-танымдық жүгін бағамдай білуіміз қажет.

Бүгінгідей мәдениетаралық қарым-қатынас күшейген тұста өзгеріске бейімделгіш тілдің лексикалық құрамының сырттан дайын бірліктерді сол қалпында қабылдай беруі тіл бірегейлігіне әсер етеді.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер тілдің грамматикалық құрылысына жанама түрде ықпал етсе, тілдің лексика саласына тікелей әсері етеді. Тәуелсіздікке дейін кірме сөздердің үлесі артып, тіл экологиясын нашарлатты, сөйтіп, ғалымдардың алаңдаушылығын туғыза бастады. 1950-1960 жылдардан бергі кезеңде өріс алған сөздерді басқа тілдерден даяр қалпында алу тілдің өз ішкі мүмкіндіктерін қарастыруға кесірін тигізді. Өйткені «...әр тілдің өзіндік даму заны бар және ол заң түгел сақталғанда ғана тіл өз қасиетін сақтап қалады. Ал сыртқы әсер күшейген сайын тіл өз еркінен айрыла береді» (Қайдар Ә.). Сол себепті соңғы жылдарда тіліміздің лексикалық қабатында болып жатқан өзгерістерге, сөзжасамдық үдерістерге лингвистикалық талдау жүргізудің маңызы зор.

Сөз – қатынас құралы ғана емес, адам танымының жемісі. Тіліміздің лексикалық қабатынан орын алып жатқан жаңа сөздер ұлттық танымымызды, халқымыздың ментальды болмысын көрсете ала ма? Тіл табиғи жолмен дамып жатыр ма әлде сыртқы әсер күшті ме? Қазіргі қазақ тілі сөзжасамының даму үрдісін қалай зерделеуге болады? 1990 жылдардан беріде қазақ тілі лексикасындағы жаңа қолданыстар арнайы зерттеліп, сөздікке түспегенін, статистикалық талдаулар жүргізілмегенін ескерсек, төмендегідей міндеттерді шешу қажеттігі туындайды:

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы 1990 жылдардан бері тіл білімінің жеке саласы ретінде қарастырылып, зерттелді, негізгі ұғым-түсініктері айқындалды, көптеген оқулық, оқу құралдары мен монографиялар жазылды. Алайда, қазіргі кезеңдегі тіліміздегі жаңашылдықтар, қазақ лексикасындағы жаңа сөздер мен сөзқолданыстар, терминдену үдерісі кешенді зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Тіпті сөзжасам жүйесінде сөзжасам тәсілдері мен олардың берілу жолдарын көрсетуге байланысты ғылыми-теориялық қайшылықтарды пікірлер жоқ емес. Мәселен, қазақ тіліндегі қысқарымдардың барлығын жаңа сөз ретінде тануға бола ма? Баспасөз тілінде қысқарған сөздердің қаптап кеткені соншалық, газетті оқуға да, түсінуге де қиындық келтіреді. Кірме сөздер мен интернационалдық сөздердің ара жігін қалай ажыратамыз? Бірнеше нұсқада жарыса қолданылып жүрген сөздерді қалай нормаландыруға болады? Сөзжасамдық нормаға сай ма, сай емес пе? Сөзжасамдық қосымшалардың сөз тудыру әлеуеті,

өнімді-өнімсіздік, құнарлы-құнарсыздық сипаты қандай деңгейде? Міне, осы секілді көптеген мәселелер теориялық шешімін күтуде.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық үдерістің қалай жүріп жатқанын айқындау үшін соңғы жылдардағы баспасөз (газет, журнал) материалдарына лингвостатистикалық талдау жүргізу, жана сөздер мен сөзқолданыстардың, терминдердің қолданылу жиілігін айқындау қажет. Сол арқылы сөзжасам нысаны болып табылатын бүкіл жаңа туындыларды тауып, қолданыс жиілігі негізінде әдеби тіліміздің нормалану, қалыптану үрдісін бағамдай аламыз.

Қолданылу жиілігі жоғары жаңа сөздерге когнитивтік, семантикалық талдаулар жүргізу барысында, ғалымдардың көрсеткеніндей, тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану, яғни байырғы сөздердің семантикасының жаңғыруы, ауысуы, неологика (неологиялық бірлік) жасаудағы ол сөздің семантикалық өрісі, ұлттық-танымдық сипаты, күрделі аталымдардың жасалуындағы мағыналық тұтастық, яғни лексикалану үдерісі, т.б. мәселелер қарастырылып, талдануы тиіс.

Лингвостатистикалық зерттеулер мен когнитивтік-семантикалық талдаулар негізінде қазіргі қазақ тілінің сөзжасам, терминжасам үдерісіндегі ұлттық-танымдық ерекшеліктерді анықтау мен мәдениетаралық коммуникацияның тілімізге ықпалын зерделеу қажеттігі туындайды. Өткені ешбір тіл қоғамда жеке-жара, оқшау өмір сүрмейді. Тілімізге еніп жатқан кірме сөздер мәдениетаралық қатысымның нәтижесі. Кірме сөздердің когнитивтік-семантикалық сипатын айқындау мен басқа түркі тілдеріндегі қолданыстарымен салыстыру, қазіргі кезде баламасы жоқ деп есептелетін сөздер мен тіркесімдердің уәжделген баламасын ұсыну негізінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтеміз.

2. Қазақ тілі сөзжасамын когнитивтік, семантикалық тұрғыдан қарастырған зерттеулер жоқ емес. Түркітануда сөз мағынасын зерттеудің ғылыми негіздері М.Қашқари сөздігінен бастау алатыны белгілі. Ол өзінің «Дивани лұғат ат-түрк» еңбегінде жұрнақпен жасалған туынды сөздердің және оны тудырушы қосымшалардың семантикасын берген [1.] Түркі тілдеріндегі туынды сөз мағынасын зерттеуде Н.А.Баскаковтың [2], А.Н.Кононовтың [3], Э.В.Севортянның [4], Ф.А.Ганиевтің [5], Б.О.Орузбаеваның [6], т.б. еңбектері зор. Тілді семантикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тілі білімінде 1980-1990 жылдары басталды. 1991 жылы М.Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» [7], 1989 ж. Е.З.Қажыбектің «Семантика тюркского слова» еңбектері жарық көрді [8]. Ал сөзжасамдық тұрғыдан қарастырған алғашқы еңбек деп А.Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект» атты зерттеуін атауға болады [9]. Бұл еңбекте сөзжасамның жасалу, қалыптасу тарихы ойлаумен, таныммен байланысты, когнитивтік аспектіде зерттеледі. Туынды сөз мағынасын беруде ұғымның, танымның рөлі мен маңызы зерттеледі. А.Салқынбай былай дейді: «Сөзжасам фонетикалық, семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы туынды сөз – атау жасайды. Атауды коммуникациядан және танымдық қызметтен бөліп қарауға болмайды. Ойлаудың кез-келген материалдық бейнесі, ең алдымен, хабарлауға байланысты. Ал сөзжасам мен оның нәтижесі болып табылатын атау тілдегі лексикалық бірлік ретінде ғана емес, әлем бейнесін жасауға қызмет ететін номинативтік қызметімен бағалануы қажет. Таным феномені ретінде танылатын тілдің сөздің құрамының барлығы туынды сөздер болғандықтан, ономазиологиялық аспектіден зерттеудің маңызы зор [9, 4].

2000 жылдардан бергі кезеңде сөзжасамның семантикалық-танымдық сипаты сөзжасамның түрлі тәсілдері аясында зерттеу нысанына айналды. Атап айтқанда, профессор Н.Оралбай сөзжасамдық мағынаның теориялық мәселелерін, оның түрлері мен негіз бен туынды арасындағы мағыналық қатынастарды [10]. Проф. Б.Қасым күрделі сөздердің семантикасы мен уәжделуін [11], Ж.Сарбалаев конверсиялық сөзжасамды [12], Ж.Отарбекова деривативті тұлғалардың функционалды-семантикалық сипатын [13], Ф.Шойбекова семантикалық тәсілмен жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері мен уәжділік сипатын [14] зерттеді.

1985 және 1990 жылдары академик Р.Сыздықтың басшылығымен «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты сөздіктері жарық көрді. Алғашқысында 1973-1983 жылдардағы, ал екіншісінде 1984-1988 жылдарда пайда болған жаңа қолданыстар жинақталып берілді. Бұл сөздіктердің тілді зерттеушілер үшін маңызы өте зор болды [15]. Қадырқұлов Қ. «Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен қолданыстар» деген тақырыпта зерттеу жүргізіп, сол кезеңдегі жаңа сөздерді қарастырды [16]. Қазақ тіліндегі терминдер мәселесін қарастырған еңбектерде де тер-

миндік сипаттағы жаңа сөздер аз емес. Мәселен, Ш. Құрманбайұлы қазақ лексикасының терминдену үдерісін әр қырынан қарастырды [17].

Тілдегі жаңа сөздер мен сөзқолданыстарды жинап, жүйелеуде соңғы жылдарда жарық көрген 30 томдық екі тілді терминологиялық сөздіктің маңызы зор. Ғалымдардың көрсетуінше, тәуелсіздік алғалы бері 200-ге жуық түсіндірме, аударма, терминологиялық сөздіктер жарық көрген. 2013 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де соңғы жылдары енген жаңа сөздер кеңінен қамтылған.

Академик Р.Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты ғылыми-танымдық зерттеуі осы мәселені зерттеудегі бағдарламалық нұсқаулық десе де болғандай [18]. Ғалым жаңа тілдік бірліктердің жасалу тәсілдерін, тұлғалық тұрпатын зерттемес бұрын мынадай фактілерге көңіл аудару керек дейді:

«1) қолданыста жүрген байырғы сөздердің мағынасын ауыстырып (кеңейтіп немесе қосымша жаңа мағына үстеп), неологиялық бірлік жасау үшін ол сөздің семантикалық кеңістігіне қатты назар аудару керек;

2) жаңа сөз жасауда кейбір жұрнақтардың қызметі активтенетіні көрсетілуі тиіс;

3) лексикалық, кейде фразеологиялық тіркес құрайтын екі сөздің бірігуі, қосарлануы, бір-неше сөздің қысқарып (ықшамдалып) бір тұтастық жасауы;

4) неологиялық бірліктердің аналитикалық тәсілмен жасалған түрлері – сөз тіркестері;

5) кірме сөздердің тілдегі неологизмдер болып саналатын топтарының тұлғалық көрінісі;

6) экспрессия уәжімен пайда болатын неологиялық бірліктердің жасалу амалдары» [<https://emirsaba.org/bbk-83-3-5-az-s-94-azastan-respublikasi v2.html?page=38>. Эл.нұсқа 391-бет].

Тіліміздің лексикалық қабатындағы қарқынды өзгерістер адамзат танымының нәтижесі. Адам танымы қоғамнан, табиғаттан тыс болмайды. Сол себепті лингвистикада «Адам», «Қоғам», «Табиғат» ұштағанына негізделген антропоэлектік парадигма қалыптасты. Осы бағытты ұстанған Әбдуәли Қайдар былай дейді: «Тіл байлығы ондағы сөздердің санына емес, сапасына, яғни мәні мен мағынасына байланысты дейтін қағидаға сүйенсек, қазақ тілінің байлығы жарты миллиондай сөз, тұрақты тіркестерден тұрады дегенді білдіреді. Бұл байлық тілдің мәртебесін ғана көтеріп тұрған жоқ, сонымен қатар сол тілді меңгеруші халықтың биік рухын, ақыл-парасатын, рухани-мәдени байлығын да көрсетпекші [19, 4].

Ғалым Ж.А.Манкеева атап көрсеткендей, «Қазіргі қазақ қоғамында ұлттық сана жаңғыруы мен ұлттық тұтастықтың дамуын қамтамасыз ететін, рухани күштің арқауын ұстайтын негізгі құрал ұлттық тіл екені қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық сан-салалы әрекеттерінде айқындалуда. Бұл жайт тілді зерттеу мәселесінің ғылыми-әдістанымдық негізін жанаша құруды қажет етуде. Оның негізгі тетігі – ұлттық тілдің ерекшелігін, өзіне тән болмысы мен табиғатын ашу. Басқаша айтқанда, ол – тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланыста қарау» [20, 452]. Осы ұстанымдарды басшылыққа алсақ қана қазақ тілі сөзжасамының даму үдерісін түсініп, беталысын бағамдай аламыз.

Аталған және басқа да зерттеулерде туынды сөздер әр қырынан қарастырылды дегенмен, соңғы жылдардағы тіліміздің сөзжасамы мен лексикалық қабатында болып жатқан қарқынды өзгерістер зерттеу нысанына айналып, талдануда деп айтуға келмейді. Сөздік жасау жұмысы да қолға алынбады. Демек, соңғы жылдардағы тілімізде қолданыс тапқан жаңа сөздерді жинақтау, жаңа бірліктердің жасалу уәжі мен қолданыс әлеуетін анықтау, т.б. мәселелер бүгінгі күнде арнайы зерттеуді қажет етеді.

3. Бүгінгі таңда қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау, оны әр жылдардағы баспасөз деректерімен толықтыру қажеттігі сөзсіз. Ұлттық корпусының ішкі корпустарын толықтыру, әр стильге сай деректерді барынша қамту ұлттық мүдде тұрғысынан алғанда да маңызды мәселе. Баспасөз тілі негізінде жиілік сөздік жасап, ондағы жаңа сөздердің жасалу уәжін, танымдық сипатын анықтау, жарыспалы қолданыстағы сөздерді біріздендіру, кірме сөздер мен халықаралық терминдерді айыру, т.б. мәселелерді шешу лексикография саласы үшін аса практикалық мәні зор. Біздіңше, соңғы 5 жылдағы тілде пайда болған жаңа сөздердің сөзжасамдық әлеуетін анықтап, оларды когнитивті-семантикалық тұрғыдан талдап, жұртшылық назарына ұсынудың сол сөздерді қалыптандыруда маңызы зор болмақ.

4. Тілтанымдық зерттеулерден көріп отырғанымыздай, соңғы жылдардағы сөзжасам үдерісіндегі жаңа сөздердің жасалуы мен қолданысы мақалалар деңгейінде болмаса, кешенді зерттеу нысанына айналмаған, оларды жинақтау, сараптау, лингвистикалық тұрғыдан талдау жұмыстары жүргізілмеген. Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізіліп жатқан баспасөз деректері де талдауға түспеген. Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігін қамтамасыз етіп, ғылым, білім, технология тілі ретінде дамыту үшін тілдегі өзгерістерді бағамдап, жанашылдықтарды сараптап отыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық үдерістерге статистикалық талдау жүргізіп, олардың когнитивтік болмысын айқындау үшін зерттеу жүргізудің маңызы зор. Сонымен қатар кірме сөздердің когнитивтік-семантикалық сипатын айқындау мен басқа түркі тілдеріндегі қолданыстарымен салыстыру, қазіргі кезде баламасы жоқ деп есептелетін сөздер мен тіркесімдердің уәжделген баламасын ұсыну мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге үлес болады.

#### Әдебиет

1. Түбі бір түркі тілі. А., 1993. 145 б.
2. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Ч. II. Изв. АН ССР, С., 1952. 544 стр.
3. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.-Л, 1960. 446 с.
4. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1962. 643 с.
5. Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. М., 1982. Стр. 150.
6. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. Фрунзе, 1964.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. 211 б.
8. Қажыбек Е.З. Семантика тюркского слова. Алматы, 1989. ДД.
9. Салкынбай А. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 309 б.
10. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы. А., 2002.
11. Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме. А., 2003).
12. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері. А., 2002),
13. Отарбекова Ж. Қазақ тіліндегі деривативті және релятивті грамматикалық тұлғалардың функционалды-семантикалық сипаты. А., 2017. 167 б.
14. Шойбекова Ғ. Семантикалық сөзжасам. А., 2012. 174 б. Семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі. А., 2021, 168 б.
15. Айтбаев Ө., Сыздықова Р. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар, Алматы: Ғылым, 1985. – 66 б. А.Алдашева. Р.Сыздықова. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар, Алматы: Ғылым, 1990. – 133 б.
16. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар» ҚД. А., 1989 ж.
17. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
18. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
19. Қайдар Ө. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. 1-том. Адам. Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. 787 б.
20. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы. «Абзал-Ай» баспасы, 2014. 640 б.



## АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР

**Аннотация.** В статье рассматривается феномен академика А.Кайдара как этимолог-лексикографа и его труды по этимологической лексикографии.

**Ключевые слова:** этимология, принцип, лексикография, тюркские языки, история языка.

**Abstract.** This article considers the phenomenon of academician etymologist-lexicographer A.Kaidar's works on etymology lexicography.

**Keywords:** etymology, principle, lexicography, Turkic languages, language history.

Қазақ тіл білімінде этимологиялық сөздіктің ұстанымдары туралы жазылған 2 үлкен ғылыми мақала бар:

Біріншісі – Ахмеди Ысқақовтың 1959 жылы жазылған «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері» атты мақаласы [1];

Арада 50 жыл өткеннен кейін 2011 жылы жазылған екінші мақала – Әбдуәли Қайдардың «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасаудың ғылыми ұстанымдары мен теориялық негіздері» атты мақаласы [2, 108-141].

Қазақ тіл білімінде этимологияны арнайы пән дәрежесіне көтеріп, ғылыми сала ретінде қалыптастырған ғалымдардың бірегейі – академик Ә.Т.Қайдар.

Ғалымның этимология саласындағы алғашқы ізденістері 1958 жылы ұйғыр тіліндегі қос сөздер табиғатын зерттеген «Парные слова в современном уйгурском языке» атты кандидаттық диссертациясынан басталады. Кейіннен бұл тақырып автордың ғылыми-теориялық зерттеулерінің негізгі өзегіне айналып, қаламынан шыққан бір топ мақалалары мен еңбектері осы мәселеге жеке арналады. Кейін шыққан «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты монографиясына түркітанушы ғалымдар Г.Дорфер, Э.Р.Тенишев, қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары М.Балақаев, С.Омарбеков, Ғ.Қалиев, Н.Жүнісов т.б. жылы пікірлерін білдірген.

Автор әрбір тілдік фактінің астында жатқан семантикалық, фонетикалық, морфологиялық, стильдік, тарихи-этнографиялық т.б. әлеуметтік лингвистиканың заңдылықтарына сүйену керектігін айта келіп [3, 65], сөздің этимологиясын тауып, табиғатын толық ашу үшін фоно-морфо-семантикалық ұстанымдармен қатар, тарихи ұстанымға да жүгіну қажеттігін, бұл ұстанымдардың өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу объектісі әртүрлі болса да, бір-бірімен тығыз байланысты екендігі белгілі [4, 63].

Ғалым қазақ тілі мен түркі тілдерінде түбір мен негізді білдіретін әртүрлі терминдердің, мәселен, *корень*, *корень слова*, *корневая морфема*, *корневое слово*, *непроизводное слово*, *первообразное слово*, *основная морфема*, *производная морфема*, *корневая основа*, *основа*, *производная форма слова*, *производная основа*, *первичная основа*, *вторичная основа* және т.б. этимологиялық ұғымдардың ғылыми дәйектемесі мен дәл дефинициясы әлі де анықталмай тұрғандығын айтады [5, 30].

1986 жылы 28-30 мамыр айында Алматыда өткен түркі тілдерінің этимологиясы мәселелеріне арналған кеңейтілген III кеңесте осы уақытқа дейін жүргізілген түркі тілдерінің этимологиясы бойынша зерттеулерге қортынды жасалып, түркі тілдері этимологиясының келешектегі келелі міндеттері талқыланып, тұжырымдалады. Осы кеңесте академик Ә.Т.Қайдар «Тюркская этимология: проблемы и задачи» атты баяндамасында этимологиялық реконструкцияны зерттеудің барлық жағдайына арналған әмбебап ғылыми-теориялық талдау әдістері мен талаптары болмайтындығын ескерте келіп, этимологияның фонетикалық, морфологиялық, семантикалық ұстанымдармен қатар, тарихи, мәдени, әлеуметтік ұстанымдардың да болатындығын дәлелдейді. Олар: 1) лексикалық бірліктің бастапқы және кейінгі мағыналарының қайсысы бастапқы мағынасы екенін тап басып тану; 2) сөз мағынасы дамуының жалпыдан

жекеге, бүтіннен бөлшекке немесе керісінше болатынын ескеру; 3) сөз тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі, оның мағынасының өзгеретінін немесе сараланатынын естен шығармау; 4) гомогенді және гетерогенді омонимдерді шатастырмау; 5) сөз мағынасының өзгеруінде тілдік қана емес, тілдік емес факторлардың болатынын бағамдау; 6) кейбір сөздердің мағынасын салыстыруда қазіргі ғана емес, тарихи түбірлес екенін ұмытпау қажеттілігін [6, 35] айтады.

Акад.Ә.Т.Қайдар қазақ этимологтарының еңбектерін көне сөздердің, топоним, этноним, диалектизм, басқа тілден енген сөздердің, түбір, біріккен сөздердің, қос сөздердің этимологиясын зерттеуге арналған жұмыстар деп жіктей келе, қазақ этимологтарының алдына төрт міндет қояды: 1) этимологиялық реконструкцияның әдістемесі мен ұстанымдары мәселелерінің ғылыми-теориялық негізін жасау; қазақ тілінің негіз лексикасының қыпшақтық, түркілік қалыпқа қатысын неғұрлым тереңірек түбегейлеп талдау; 2) жалпы және жеке түркі тілдеріне тән түбірлер мен негіздерді айқындауға арналған салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізу; 3) этимологиялық сөздіктер құрастыру үшін «Қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулер тәжірибесі» деген ғылыми негіздеме боларлық еңбек жазу; 4) қазақ және басқа түркі тілдеріндегі этимологиясы айқындалған лексика мен грамматикалық тұлғаларды толық инвентаризациялап, түрлі этимология мәселелеріне арналған еңбектердің толық библиографиясын құрастыру [6, 35].

Төменде қазақ тілі тарихы мен этимологиялық зерттеудің әдістерін кесте түрінде беріп отырмыз:

Қазақ тіл тарихын зерттеудің әдістері (М.Томановтың көрсетуі бойынша [7])	Этимологиялық зерттеулердің әдістері (Ә.Т.Қайдардың көрсетуі бойынша [6])
<b>Тарихи-салыстырмалы әдіс</b>	<b>Салыстырмалы-тарихи әдіс</b>
Типологиялық салыстыру әдісі	<b>Салыстырмалы-салғастырмалы әдіс (типологиялық)</b>
Ішкі реконструкция	Ішкі реконструкция
Синхрондық сипаттау әдісі	Құрылымдық және дистрибутивті әдіс
Диакрондық зерттеу	Морфемалық бөлініс әдісі
Ретроспективтік тәсіл	Сипаттамалы әдіс
Семантикалық реконструкция	Семантикалық талдау әдісі
Тілдік универсалий әдісі	Фонетикалық ұстаным
Ареалдық әдіс	Морфологиялық ұстаным
	Семантикалық ұстаным

Академик Ә.Т.Қайдар осылардың ішіндегі *салыстырмалы-тарихи әдіс* түркі тілдерін зерттеу тәжірибесінде сыннан өткен, түркі этимологиясына сәйкес келетіндігін айтады [6, 11]. Ғалымның бұл баяндамасында көтерілген мәселелер мен қойылған міндеттер әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Академик Ә.Т.Қайдар ұзақ жылдарға созылған этимологиялық зерттеулерін 1986 жылы, кейін 2005 жылғы басылымында толықтырып жарыққа шығарған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясында түйіндеп, қорытындылап, қазақ тілінің бір буынды түбір сөздерінің этимологиялық сөздігінің шағын нұсқасын еңбектің соңында береді [5, 167-282]. Автордың өзі «үкілі кітабым» деп атаған бұл мәні зор ғылыми еңбекте түркітанудағы шешімін таппаған түйткілді мәселелер қарастырылады.

Этимологияның *ғылыми және ғылыми емес* (немесе халықтық этимология) деген түрлері бар екендігі белгілі. Сөзді түсінуге ұмтылу, дыбысталуы ұқсас басқа сөздермен салыстыру арқылы мағынасын ашу тілді тұтынушылардың барлығына тән. Сөзді ұқсас дыбысталаатын сөздермен салыстырып тану *халықтық этимология* деп аталады. Ә.Т.Қайдар халықтық этимологияны мазмұн-мағынасына қарай *жалған этимология* және *көпшілік қолды этимоло-*

гия деп [8, 31] екі топқа бөліп қарайды. Халықтық этимология ғылыми негізге емес, әртүрлі жорамал-жобаға, жеке адамдардың өз тұжырымдарына, ел аузындағы аңыздарға байланысты болғандықтан неше алуан болып келеді. Бұл құбылыс кірме сөздерді менгеруде байқалады. Мысалы, *автомобиль* сөзі «аттама бел», *эйел* сөзінің ерлердің әйелдерге «әй, ел болайық!» деп үндеу салуынан, *Азия* – *эз ұя*, *Жапония* – жұпыны ел дегеннен шыққан тәрізді болжамдар. Халықтық этимология көбінесе юмор мен сатира жанрында комикалық эффект туғызу үшін жиі қолданылады: *бастық* – басты+тық, *гастрит* – қасқыр ит т.б. Халықтық этимологияның кейбір жағдайларын көпшілік қабылдап, тілдік практикаға еніп кеткендері де бар. Халықтық этимологияның аңыз-әңгіме, шежіре түрінде болып келетіндері де, ақын-жазушы, сатирик, қаламы жүйрік журналистердің «туындылары» да кездеседі.

Қазақ тіл білімінде этимологиялық зерттеулердің саны артып, тіл тарихын зерттеуге қатысты жұмыстардың жан-жақты жүргізілгені ескеріліп 1966 жылы 337 реестр сөзді қамтыған алғашқы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» [9] (ҚТҚЭС) құрастырушылардың құрамында белгілі тіл тарихын зерттеушілер мен Тіл білімі институтының жас қызметкерлері де болды. Этимологиялық сөздікке жалпы саны 338 сөздік мақала енген. Соның 66 сөздік мақаласын сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты Ә.Қайдар жазған: ағыл-тегіл (20), азын-аулақ (22-23), айдын (23-24), айқара (24-25), алагеуім (27-28), ашқарақ (45-46), әлпет (49-50), әуре-сәрсен (50-52), баз (52-53), бауыздау (58-60), делебе (66-67), дос-жар (68-69), дүрбі (69-70), дүркін (70-71), елгезек (71-72), еңгезердей (72-73), ес (73-74), жайбарақат (76-78), жаушы (83-84), жәрдем (84-86), жөргек (88-90), жөргем (90-92), Жамалбек Болатовпен бірге), жөрмеу (92), жұнттай (94-95), жітім (98), заң-закон (99), зау-зат (99), кежеге (101, Жамалбек Болатовпен бірге), көкмайса (104), көсеге (106-108), кіші-гірім (111-112), қалпы (114-115, С.Исаевпен бірге), қан сонар (117-118), қарашық (120-122), қарынбай (122-123), қашан (125-127), китар (127-128), қиық (129), қыпша (136-137), мендуана (144-145), міз: міз бақпау (148-149), ноқай (150-151), өмілдірік (156), өнеш (156-158), сайып: сайып қыран (162-163), самарқау (164-165), сөз саптау (165-166), саяқ: сүйек-саяқ (167-168), сәйгүлік (169-170), сиыру: сыпырып-сиыру (174-175), сояудай: тістері сояудай (175-176), сықтап: жылап сықтап (179), сіле: ішек-сілесі қатты (179-180), таман (181-182), түйе-теге (184-185), тонау (187), төркін (188-190), тұлға (194-195), тұрық: арық-тұрық (195-197), түйек: ұсақ-түйек (197), тілазар (200-202, Болат Сүлейменовпен бірге), шапшақтай (210), шашын: жауын-шашын (216-218), шимай (222-224), шұрық: шұрық тесік (226), ыстан (228-229).

Байқағанымыздай, жеке сөздер мен көбінесе қос сөздердің этимонын табу ғалымның үлесіне тиген. *Ағыл-тегіл* мен *арық-тұрық*, *сай-сүйек* қос сөздерінің сыңарлары өзара мағыналас деп дәлелдейді. «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деген мәтелдегі *қиық* сөзін «қисық» сөзімен байланыстырады (129). *Жөргек*, *жөргем*, *жөрмеу* сөздерін өзара түбірлес, *жөрге+к* «орау», *жөрге-м* «ішекке оралып жасалатын тағам», *жөр+меу* «жіппен орап, көмкере, айқастыра тігу». Бұл сөздік түркі тілдерінде алғаш рет жасалғандықтан құнды еңбек болып есептеледі.

Ғылыми этимологияның *генеологиялық*, *этиологиялық*, *фонетикалық*, *морфологиялық*, *семантикалық* деген негізгі ұстанымдары бар. Белгілі бір тілдік элементтің этимологиясын іздеуде бұл ұстанымдар жеке-дара күйінде немесе бірнеше ұстаным қоса-қабат қолданылуы мүмкін. Этимологиялық зерттеулердің ұстанымдарына көз жібергенде, сөздердің арасындағы генетикалық байланысты анықтау үшін негізінен *фонетикалық*, *морфологиялық* және *семантикалық* ұстанымдар алдыңғы орынға шыққанын байқаймыз. Этимологиялық сөздік түптің түбінде генетикалық туыстықты көрсетуге бағытталады.

**Фонетикалық ұстанымда** этимологиялық жақындық пен оны түсіндіруде сол тілдегі немесе туыс тілдер тобының дыбыстық сәйкестіктеріне негізделіп, дыбыстық сәйкесімділіктердің заңдылықтарына: сингармонизм, ассимиляция, дыбыс алмасуы мен дыбыс сәйкестігі, дыбыстың түсіп қалуы, пайда болуы, дыбыстың қосарлануы (геминация) мен әлсізденуі (редукция), метатеза, апокопа, элизия, парагогия, флексия, фузия т.б. назар аударады. Тілдің тұрақты фонетикалық жүйесі сөздің этимологиясын табуда маңызды ұстанымдардың бірі болып табылады. Дыбыстардың тұрақтылығы негізгі сөздік қор мен грамматиканың тұрақтылығына тәуелді болады.

«Фонетикалық принцип субститут құбылыстарына ерекше мән береді» дей келе, акад. Ә.Т.Қайдар фонетикалық заңдылықтардың көбісі негізгі түбір мен туынды түбір аралығында

(*көгілдір* < көк+ілдір, *ұғым* < ұқ+ым), біріккен, кіріккен сөздер тұлғасында (*бүгін* < бұл+күн, *биыл* < бұл+жыл), шеттен қабылданған сөздерде (кәде < қа'ида < қағида, зәр < зәһәр, самаурын < самовар т.б.), тілаларлық дыбыс сәйкестігінде (каз. *бас* // ұйғ. *баиш*; каз. *тау* // ұйғ. *тағ* // қырғ. *тоо*), ротацизм (каз. *қыз* ~ чув. *хер*), ламбдаизм (каз. *тас* ~ өзб. *тош* ~ чув. *чул*; каз. *тол* ~ ұйғ. *тол*-//*тош*-), метатеза (каз. *қақпан* – ұйғ. *қаққан*, каз. *өкпе* – ұйғ. *өпке*) т.б. фонетикалық құбылыстарда [8, 25–26] кездесетіндігін көрсетеді.

Сөздердің тұлғалық өзгеріс заңдылықтарына негізделген **морфологиялық ұстаным** этимологиялық талдауда түбір немесе негіздің сәйкес келуін ғана емес, сонымен қатар сөзжасаушы форманттар мен жалпы сөздің морфологиялық тарихының бірлігі мен заңдылықтарының сәйкес келуін де қарастырады. Ә.Т.Қайдар: «Морфологиялық құрылымы мен тұлғасы бүгінде айқын емес сөздер, ең алдымен, өз тілімізде, ал онда болмаса, басқа туысқан түркі тілдеріндегі сөз жасау, сөз өзгерту модельдерімен салыстырыла зерттелуі керек. Этимологияның алдына қойған мақсатына байланысты морфологиялық талдау перспективті және ретроспективті бағытта болуы мүмкін. Морфологиялық ұстанымды ұстанудың бір ерекшелігі: ол кез келген байырғы түркі сөзінің түбір тұлғасын, негіздің құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін этимологиялық табиғатын анықтауға қажетті туынды түбірді сөз жасау моделінің жүйесіне салып, тұлғалас бір топ сөздің қатарында қарастыруымыз керек» дей келе, бүгінде бөліп қарауға келмейтін көне жұрнақтарға *аңқа* < аң+қа, *маңқа* < маң+қа, *сақау* < са+қау, *мылқау* < мыл+қау, *жалқау* < жал+қау т.б. сөздерді мысалға келтіреді [8, 27].

Үшінші **семантикалық ұстаным** этимологиялық сөздің сыртқы фонетикалық және морфологиялық жағына ғана емес, ішкі мағыналық жағына да мұқият назар салуын талап етеді. Сөз мағынасының дамуын зерттеу жұмысы адамзаттың ойлау қабілетінің тарихын бағдарлауға да бай мағлұмат береді. Бұл ұстаным жайында А.Ысқаков: «Жүйесі, төркіні басқа тілдерден шыққан сөздердің сыртқы тұрпат-тұлғасы (фонетикалық, морфологиялық жақтары) ұқсас болған жағдайда тек семантикалық белгіге ғана арқа сүйейтіндігін, бірақ семантикалық заңның тұрақтылығы да үнемі берік бола бермейтіндігін, өйткені салыстырылатын материалдардың тапшылығы, жоқтығы, кейде тексеру жұмысының әдіс-тәсілі де үнемі жетік бола бермейтіндігі себеп болатындығын» [1] айтады. Ә.Т.Қайдар: «Этимология тұрғысынан сөздің тура мағынасы мен ауыс мағынасын дәл айыра білудің, олардың арақатынасын, эволюциялық өзгерісін анықтаудың маңызы зор. Ал этимологияның дұрыс шешім табуы, ең алдымен, сөздің семантикалық статусын, оның о бастағы мәнісін тап басып, дәл анықтауға байланысты. Семантикалық талдауда бір түбірден тараған бірнеше туынды түбірлердің білдіретін заттары мен құбылыстарын көзбен көріп, өзара салыстыра қарау арқылы заттық, материалдық ұқсастығын анықтау. Мысалы: *саға*, *сағалдырық*, *сағақ*, *сақал*, *сағана*, *сағанақ* сияқты тарихи түбірлес сөздердің суретін салып, өзара салыстырып көрсе, заттанған мағынаның нақтылы көрінісін, қолданыс аясын байқау қиын емес» [8, 28–30] дейді.

Ғалым этимологиялық зерттеулерде тарихи ұстанымды халық тарихына қатысты тілдік жазба деректерді, ауыз әдебиеті мұраларын, археологиялық куәлерді, тарихи жазбаларды, этнографиялық мәліметтер және халықтың дүниетанымымен т.б. байланыстырады. Яғни этимология лингвистикалық, филологиялық таным берумен қатар халықтың өмір-тіршілігінен, когнитивтік ойлау жүйесінен мол тарихи мағлұмат береді. Тарихи ұстаным тарихи негіз, этнолингвистикалық факторға негізделеді. Этимология этногенетикалық проблемаларды шешуге көмектесе, экстралингвистикалық (археологиялық, этнологиялық, антропологиялық, тарихи) деректер негізінде жүргізілген этногенетикалық зерттеулер этимологиялық ізденістерді дұрыс жолға салады. Этимологиялық сөздіктен, сөздің тарихынан халықтың өткен тарихы көрінетіндігі ақиқат.

Сөзді тану үшін оның түбірін тану керек деп тұжырымдаған ғалым *бір буынды түбірлер*, *синкретизмдер*, *бір текті түбірлер*, *бір түбірлес сөздер*, *өлі түбір*, *тірі түбір* мәселелерін зерттеп, «сөзтану», «түбіртану» сияқты терминдерді ұсынып, түбіртанушылардың отандық мектебін қалыптастырды.

Халық тілде ой мен сезімін білдіреді. Академик Ә.Қайдар жазғандай, «бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті» бәрі біртұтас заңдылыққа бағынып, бірлесе ортақ мәселені шешеді [3, 65].

Корыта айтқанда, қазақ тіл білімінде біріккен және қос сөздердің этимологиясы, күрмеуі көп, терең де қызықты сала этимологияның зерттеу тәсілдері мен этимологиялық сөздіктің ұстанымдары туралы ауқымды ғылыми ізденістері ғылым кандидаты кезінен басталып академик дәрежесіне дейін үздіксіз, тынымсыз зор еңбекпен жалғасып келеді. Нәтижесі де айтарлықтай, ғылыми теориялық жұмыстармен қатар этимологиялық сөздікке дейін жалғасып жатыр.

Сөздің шығу тегін анықтау арқылы этностың түп-тамырына дендеп бойлаған акад. Ә.Қайдар түбіртанушы, түркітанушы, алтайтанушы болумен қатар, ол әрі теоретик, әрі практик этимолог-лексикограф.

At this moment it is difficult to say to what degree the treatment process will be successful as it has not been finished yet, though there is some indication that the children get a little bit less anxious when speaking to other people. It is also unclear whether the twins will be able to improve their language proficiency due to the treatment and to what extent they will lag behind their monolingual peers. In general, there is nothing known about the effects of SM on language proficiency after the treatment as the focus is always on language fluency. This concerns not only monolingual children but also bilinguals. This aspect will be in scope of our future research project.

#### Reference

1. Pereira, Ch.R. Diagnosing selective mutism: a critical review of measures for clinical practice and research / Ch. R. Pereira, J. B. M. Ensink, M.G.Güldner, R. J. L. Lindauer, M.V.De Jonge, E. M. W. J. Utens // *European Child & Adolescent Psychiatry*. – 2023. – № 32. – P. 1821–1839.
2. Muris, P. Children who are anxious in silence: A review on selective mutism, the new anxiety disorder in DSM-5 / P. Muris, T.H.Ollendick // *Clinical Child and Family Psychology Review*. – 2015. – № 18(2). – P. 151–169.
3. Nowakowski, M. E. Language development in special populations: the case of selective mutism / M. E. Nowakowski, L. A. Schmidt, Ch. E. Cunningham, A. E. McHolm // In K. L. Meinken (Ed.). – *Encyclopedia of Language and Linguistics*. – 2012. – № 2. – P. 737–751.

4. Viana A. G. Selective mutism: A review and integration of the last 15 years / A.G. Viana, D.C. Beidel, B. Rabian // *Clinical Psychology Review*. – 2009. – № 29. – P. 57–67.
5. Remschmidt, H. A follow-up study of 45 patients with elective mutism / H. Remschmidt, M. Poller, B. Herpertz–Dahlmann, K. Hennighausen, C. Gutenbrunner // *European Archives of Psychiatry and Clinical Neuroscience*. – 2001. – № 251. – P. 284–296.
6. Slobodin, O. Beyond the language barrier: A systematic review of selective mutism in culturally and linguistically diverse children / O. Slobodin // *Transcultural Psychiatry*. – 2023. – № 60 (2). – P. 313–331.
7. Toppelberg, C.O. Differential Diagnosis of Selective Mutism in Bilingual Children / C.O. Toppelberg, P. Tabors, A. Coggins, K. Lum, C. Burger // *Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry*. – 2005. – № 44(6). – P. 592–595.
8. Bradley, S. Elective Mutism in Immigrant Families / S. Bradley, L. Sloman // *Journal of the American Academy of Child Psychiatry*. – 1975. – № 14(3). – P. 510–514.
9. Oerbeck, B. Treatment of selective mutism: a 5-year follow-up study / B. Oerbeck, K.R. Overgaard, M. B. Stein, A.H. Pripp, H. Kristensen // *European Child & Adolescent Psychiatry*. – 2018. – № 27(8). – P. 997–1009.
10. Krashen, S. D. The input hypothesis: issues and implications / S. D. Krashen. – London: Longman, 1985.
11. Hammer, C.S. The effect of maternal language on bilingual children’s vocabulary and emergent literacy development during Head Start and kindergarten / C.S. Hammer, M. Davison, F.R. Lawrence, A.W. Miccio // *Scientific Studies of Reading*. – 2009. – № 13(2). – P. 99–121.
12. Boon, S. Schlichting Tests bij tweetalige kinderen in Nederland. Prestaties van kinderen met een Marokkaanse moedertaal op de taalvaardigheids- en taalprocestaken / S. Boon, E. van Caspel, D. Jägers, J. van Keulen // *Logopedie aan de Hogeschool van Utrecht*, 2011.
13. Manassis, K. The sounds of silence: language, cognition, and anxiety in selective mutism / K. Manassis, R. Tannock, E.J. Garland, K. Minde, A. McInnes, S. Clark // *Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry*. – 2007. – № 46(9). – P. 1187–1195.
14. McInnes, A. Narrative skills in children with selective mutism: an exploratory study / A. McInnes, D. Fung, K. Manassis, L. Fiksenbaum, R. Tannock // *American Journal of Speech–Language Pathology*. – 2004. – № 13(4). – P. 304–315.
15. Swain, M. Three functions of output in second language learning / M. Swain // In G. Cook, B. Seidelhofer (Eds.). – *Principle and Practice in Applied Linguistics: Studies in Honor of H.G. Widdowson*. – Oxford: Oxford University Press, 1995. – P. 125–144.
16. Wippo, E. Praten op school, een kwestie van doen: de behandeling van selectief mutisme / E. Wippo, M. Güldner // *Kind & Adolescent Praktijk*. – 2003. – № 2. – P. 88–94.
17. Scheele, A.F. Home language and mono- and bilingual children’s emergent academic language: A longitudinal study of Dutch, Moroccan–Dutch, and Turkish–Dutch 3- to 6-year-olds: PhD dissertation/ Scheele Anna Françoise. Enschede: Ipskamp Drukkers, 2010.
18. Cummins, J. Interdependence of first- and second-language proficiency in bilingual children / J. Cummins // In E. Bialystok (Ed.). – *Language processing in bilingual children*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1991. – P. 70–89.
19. Kalia, V. Relations between Indian children’s home literacy environment and their English oral language and literacy skills / V. Kalia, E. Reese // *Scientific Studies of Reading*. – 2009. – № 13(2). – P. 122–145.
20. Schaerlaekens, A. M. De taalverwerving van het kind / A.M. Schaerlaekens, S. Gillis // – Groningen: Wolters–Noordhoff, 1987.
21. Sarbassova, G. The Acquisition of Kazakh and Dutch in Early Bilinguals: A Case Study with Successive Bilingual Twins: Master thesis / G. Sarbassova. – Amsterdam: University of Amsterdam, 2023.
22. Аяарова, Т.Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы: Doctoral dissertation / Т.Т. Аяарова. – Almaty: Kazakh international relations and world languages university named after Abylai Khan, 2003.
23. Gray R.M. Two Sets of Twins with Selective Mutism: Neuropsychological Findings / R.M. Gray, C.M. Jordan, R.S. Ziegler, R.B. Livingston // *Child Neuropsychology*. – 2002. – № 8(1). – P. 41–51.
24. Schlichting, L. Peabody Picture Vocabulary Test–III–NL 24: Measurement instrument. / L. Schlichting. – Amsterdam: Harcourt, 2005.

*Ulbosın KAYIRBEKOVA*  
*Kazakistan'daki Akademik Ə.Kuatbekov adına Halkların Dostluğu Üniversitesi*  
*filoloji bilimleri adayı*

*Al-Buhariy KURBANOV*  
*Kazakistan'daki Akademik Ə.Kuatbekov adına Halkların Dostluğu Üniversitesi*  
*bilim bölümü uzmanı*

*Balnur ABDİKARA*  
*"Qazbilim" Ulusal Lisesi*  
*kazak dili ve edebiyati dersi öğretmeni*  
*(Kazakistan, Şimkent ş.)*

## **TÜRK DILLERİNDEKİ TARİHİ FONETİK DEĞİŞİKLİKLER: SEBEPLERİ VE SONUÇLARI**

**Андатпа.** Бұл мақалада түркі тілдеріндегі тарихи фонетикалық өзгерістердің себептері мен олардың салдары қарастырылады. Зерттеу барысында фонетикалық құбылыстардың түркі халықтарының мәдени, географиялық және әлеуметтік жағдайларымен байланысы анықталады. Сондай-ақ, бұл өзгерістердің тілдік құрылымға және қазіргі түркі тілдеріндегі диалектілердің қалыптасуына әсері талданады.

**Тірек сөздер:** түркітану, түркі халықтары, фонетикалық құбылыстар, фонетикалық өзгеріс.

**Аннотация.** В статье рассматриваются причины исторических фонетических изменений в тюркских языках и их последствия. Исследование выявляет связь фонетических явлений с культурными, географическими и социальными условиями тюркских народов. Также анализируется влияние этих изменений на языковую структуру и формирование диалектов современных тюркских языков.

**Ключевые слова:** тюркология, тюркские народы, языковая структура, фонетические изменения.

**Abstract.** This article examines the causes of historical phonetic changes in Turkic languages and their consequences. The study identifies the relationship between phonetic phenomena and the cultural, geographical, and social conditions of Turkic peoples. Furthermore, it analyzes the impact of these changes on linguistic structure and the development of dialects in modern Turkic languages.

**Keywords:** Turkic languages, phonetic changes, linguistic structure, consequences.

Türk dilleri, dünyada en yaygın konuşulan dil ailelerinden biridir ve tarihleri derin ve zengindir. Türk halkları, çeşitli tarihsel dönemlerde, farklı kültürel, coğrafi ve sosyal koşullara bağlı olarak dillerini değiştirmiş, geliştirmiş ve korumuştur. Bu değişikliklerin fonetik boyutu, dilin yapısı ve gelişimi açısından büyük önem taşımaktadır. Tarihi fonetik değişikliklerin nedenlerini ve sonuçlarını incelemek, Türk dillerinin gelişimini anlamanın anahtarıdır. Bu makalede bu değişikliklerin doğası, sebepleri ve bunların günümüz Türk dillerine nasıl etki ettiği ele alınacaktır.

Türk dillerindeki fonetik değişiklikler farklı düzeylerde görülmekte olup, bunların tamamı dilin tarihsel gelişiminde büyük bir öneme sahiptir. Fonetik değişiklikler genellikle üç ana kategoride incelenebilir:

– Ünlü Harf Değişiklikleri – ünlü harflerin kısalması, birleşmesi, dağılımı ve artikülasyonundaki değişiklikler;

– Ünsüz Harf Değişiklikleri – ünsüzlerin birleşmesi, yumuşaması, redüksiyonu, kaybolması;

– Kelime İntonasyonu ve Vurgu Değişiklikleri – kelimelerin vurgusu ve ses yapısındaki değişiklikler.

Türk dillerindeki fonetik değişikliklerin tamamı, belirli tarihsel dönemlerle ve sosyal koşullarla ilişkilidir. Bu değişiklikler, dilin gramatikal yapısına, kelime yapısına ve kelimelerin sesli biçimlerine etki etmişlerdir.

Türk dillerindeki fonetik değişikliklerin birkaç temel nedeni bulunmaktadır:

– Coğrafi Faktörler

Türk halklarının geniş bir alana yayılması (Orta Asya, Kafkaslar, Avrupa vb.) dilsel özellikleri etkilemiştir. Örneğin, Batı ve Doğu Türk dillerinin fonetik sistemlerinde belirgin farklar vardır.

– Dışsal Dil Etkileri

Türk dilleri, çevre halkların dilleriyle etkileşim içinde olmuş ve bu dillerin etkilerini kabul etmiştir. Örneğin:

- Farsça ve Arapçadan alınan kelimelerde ses değişiklikleri meydana gelmiştir.
- Slav dillerinin etkisiyle bazı seslerin artikülasyonu değişmiştir.

– İçsel Dil Faktörleri

Dil sisteminin içsel yasaları, seslerin daha kolay söylenebilmesi için değişmesine neden olmuştur.

Örneğin:

- Asimilasyon süreci, seslerin birbirine benzer hale gelmesine yol açmıştır.
- Bazı seslerin kaybolması veya kısılması.

– Sosyal ve Kültürel Değişiklikler

Türk halklarının göçebe hayattan yerleşik hayata geçişi, dil yapısında önemli değişikliklere yol açmıştır.

Türk dillerindeki fonetik değişiklikler, ağız farklılıklarının oluşmasına temel olmuştur. Her bölgesel dil veya ağız, kendine özgü fonetik özellikler taşır çünkü bir bölgedeki insanların konuşma dili, tarihsel süreçlerde birbirlerinden farklılıklar yaratmıştır.

Kazak Türkçesindeki Ağızlar – Kazak Türkçesindeki fonetik değişiklikler, günümüzdeki ağızların özelliklerini önemli ölçüde etkilemiştir. Örneğin, güney ve kuzey ağızlarında ünlü harflerin söyleniş farklılık gösterir.

Türkçe Ağızları – Türkiye’deki çeşitli ağızlarda, ünlü ve ünsüz harflerin değişimi görülmektedir. Bu değişiklikler, kırsal ve kentsel dil arasında önemli farklar yaratır.

Kırgızca Ağızları – Kırgız dilindeki sesli harf değişiklikleri, ağızlarındaki farklılıkları belirginleştirir; örneğin ünlülerin kısılması veya uzaması gibi [1].

Fonetik değişiklikler, gramatikal yapı ve morfolojiye de etki eder. Dilin fonetik sistemindeki değişiklikler, kelimelerin biçimlerini, kelime yapısını ve sentaktik yapıları değiştirebilir. Örneğin:

Kelime Kökü ve Eklerinin Değişmesi – Ünlü harflerin kısılması ya da harflerin yumuşaması nedeniyle kelime kökleri ve eklerinde değişiklikler görülür. Örneğin, Eski Türkçedeki «kütüb» (kitap) kelimesi, günümüz Kazak Türkçesinde «kitap» olarak değişmiştir.

Gramatikal Kategorilerin Değişmesi – Kelimeler ve biçimleri değiştikçe gramatikal kategoriler de değişmiştir. Bu fonetik değişiklikler, dilin esnekliğini artırmış ve yapısını yeni koşullara uyumlu hale getirmiştir [2].

Türk dillerindeki fonetik değişiklikler, dilin evrimini önemli ölçüde etkilemiştir. Bu değişikliklerin sonuçları şu şekilde sıralanabilir:

1. Ağızların Oluşumu

Fonetik farklılıklar, Türk dillerinde farklı ağızların ve aksanların oluşmasına yol açmıştır. Her ağız, kendi fonetik yapısına sahip olmakla birlikte, belirli bölgesel ses değişikliklerini de içermektedir.

2. Dillerin Sınıflanması

Türk dillerindeki fonetik farklılıklar, bu dillerin gruplara ayrılmasına neden olmuştur. Örneğin, Kıpçak, Oğuz, Karluk gibi grupların ortaya çıkmasında fonetik değişikliklerin önemli bir rolü vardır.

3. Dilsel Anlaşılabilirliğe Etkisi

Fonetik değişiklikler, bazı Türk dillerinin birbirinden uzaklaşmasına ve karşılıklı anlaşılabilirliğin azalmasına yol açmıştır. Bu durum, Türk dillerinin birbirine yakın olmasına rağmen, bazı dillerin anlaşılmasını zorlaştırmıştır.

4. Kültürel Etkileşim

Dilsel değişiklikler, Türk halklarının tarihsel süreçlerdeki kültürel alışveriş ve etkileşimlerinin izlerini taşımaktadır. Fonetik değişiklikler, bu etkileşimlerin izlerini gösteren önemli dilsel kanıtlardır [3].

Türk dillerindeki tarihi fonetik değişiklikler, dilin gelişiminde son derece önemli bir olgudur. Bu değişiklikler yalnızca fonolojik sisteme değil, aynı zamanda dilin gramatikal yapısına ve ağızların oluşumuna da etki etmiştir. Fonetik değişikliklerin nedenlerini ve sonuçlarını araştırmak, Türk dillerinin tarihini daha derinlemesine anlamamıza yardımcı olacaktır.



Bu çalışmalar, Türk halklarının kültürlerini, tarihlerini ve dillerindeki özellikleri belirlemek için büyük bir öneme sahiptir. Türk dillerindeki ses değişimlerinin sebepleri arasında coğrafi faktörler, sosyal yapılar, diğer dillerle etkileşimler ve dilin içsel dinamikleri yer almaktadır. Coğrafi yayılma, kültürel etkileşimler ve dış dil faktörleri, fonetik değişimlerin hızını ve yönünü belirlemiştir.

Sonuç olarak, Türk dillerindeki fonetik değişiklikler sadece dilin yapısını değil, aynı zamanda Türk halklarının tarihsel süreçlerdeki gelişimini de yansıtmaktadır. Bu değişikliklerin anlaşılması, hem dilsel hem de kültürel anlamda önemli veriler sunmaktadır. Türk dil biliminin tarihi fonetik alanındaki çalışmalar, dilin geçmişine dair daha derin bir anlayış geliştirmemize olanak sağlar ve bu çalışmalar, dilin gelecekteki evrimini tahmin etme noktasında da önemli ipuçları sunmaktadır.

#### Кайнақча

1. Abdualiyev, A. 2005. Türk Dillerinin Tarihi. Almatı: “Sözlük-Sözlük” Yayıncılığı.
2. Kaydar, A. 2010. Kazak Dili Tarihi ve Ağızbilim. Almatı: “Kazak Üniversitesi” Yayıncılığı.
3. İsaev, S. 2002. Türk Dillerinin Fonetigi. Taşkent: “Fan” Yayıncılığı.
4. Pinkas, I. 2007. Tarihi Fonetik Türk Dillerinde. Moskova: Bilim Yayıncılığı.

*Алтынай ТУРЕБЕКОВА*

*№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназия  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
(Қазақстан, Түркістан облысы)*

### «ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ СӨЗ ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАР

**Аңдатпа.** Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар, туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы, сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Бұл жұмыстың мақсаты сөзжасалымдағы сөз тудырушы жұрнақтарды «Құтадғу білігі» дастаны тілінен көрсетіп, оларға талдау жасау. Жұмыста сөз тудырушы жұрнақтар жайы «Құтты білік» ескерткішін негізге ала отырып зерттелінген. Сондай-ақ, «Һибат-ул хақайик» пен «Диуани лұғат-ат түрік» ескерткіштерінен де қажетті жағдайларда мысалдар алынып отырған. Жұмыста «Құтты білік» ескерткішіндегі сөз тудырушы жұрнақтарға жан-жақты сипаттама берілген.

**Тірек сөздер:** туынды түбір, негізгі түбір, жұрнақ, сөз тудырушы жұрнақ.

**Аннотация.** Известно, что древняя письменность в языке ескертчиков наряду с основными коренными словами являлась производными словами. Это: производный корень, сложное слово. Другими словами, в языке древних письменных памятников новое слово создается суффиксами, сочетанием слов. Цель данной работы показать словообразовательные суффиксы в словообразовании с языка саги «Кутадгу билиг» и проанализировать их. В работе изучены словообразовательные суффиксы, основанные на памятнике «Кутадгу билиг». Также в необходимых случаях приводились примеры памятников «Һибат-ул хақайик «и» Дивани лұғат-ат Түрк». В работе дана развернутая характеристика словообразовательных суффиксов в памятнике «Кутадгу билиг»

**Ключевые слова:** производный корень, основной корень, суффикс, словообразующий суффикс.

**Abstract.** It is known that in the ancient language of written excerpts, along with the main root words, there were derived words. They are: derived root, complex word. In other words, in the language of ancient written monuments, a new word is created through suffixes, by combining words. The purpose of this work is to show word-forming suffixes in Word formation from the language of the saga «Kutadgu bilig» and analyze them. In the work, the state of word-forming suffixes is studied on the basis of the monument «Kutadgu bilig». Examples were also taken from the monuments» Hibat-ul haqaiq «and» Diwani lugat-at Turk». The work provides a detailed description of the word-forming suffixes in the monument» Kutadgu Bilik».

**Keywords:** derived root, main root, suffix, word-generating suffix.

Жазба ескерткіштер – қай халықтың болмасын өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, өткен тарихынан мәлімет алуға мүмкіндік беретін асыл мұрасы. Тілдің өскен сайын дамуы тамырының тереңділігімен де өлшенеді. Сондықтан тілді білу үшін әуелі тамырын зерттеп, тарихын білу – бүгінгі ұрпақтың еншісі. Тіл тарихын зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің тілдік құрылымын анықтау, белгілі бір дәуірдегі ескерткіш тілінің қазіргі қазақ тіліне қатысын анықтау, ескерткіш тілін зерттеу арқылы оның қай дәуірге, қай аймаққа тән екендігін анықтау – ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Түркі халықтарының бізге келіп жеткен мұралары аз емес. Біздің қазіргі тіліміздің пайда болу, өсу, дамуының заңдылықтарын, қазіргі ана тілімізге қатысы қанша екендігін анықтау қажет. Осы уақытқа дейін тіл тарихымен аздаған ғалымдар ғана айналысып, көпшілік ғалымдар бұл салаға тістерін батыра бермейтін. Осы тұста қолымызда бар кейбір ескерткіштердің әлі өз деңгейінде зерттелінбей отырғандығын айта кеткеніміз жөн. Жан-жақты зерттеуді қажет ететін осындай ескерткіштердің бірі – Жүсіп Хас-Хажиб Баласағұнидың «Құтты білік» (1069ж.) дастаны.

Түркі тілдеріндегі сөз тудыратын жұрнақтар жөнінде жазылған әдебиеттерге шолу жасай бастасақ, ауызға ең алдымен, бірінші түркітанушы Махмұд Қашқаридің XI ғасырда жазылған «Дивани лұғат ат-түрк» атты әйгілі сөздігі ілінеді. Олай болуы заңды да. Түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің бастауы саналатын Махмұд Қашқари бұл тілдердегі сөздердің жасалу жолдары туралы бірінші болып пікір айтқан ғалым. Қашқаридың жекелеген жұрнақтарға байланысты айтқан пікірлерін жұмысымыздың ішінде келтіріп отырамыз.

**Зат есім тудыратын жұрнақтар.** XI-XII ғ.ғ. есім тудырушы жұрнақтар өнімді қызмет атқарған. «Құтты білік» ескерткішінде есім тудырушы жұрнақтар бірқатар сөздерде кездеседі. Мысалы: тарықлық, тоқлық, тоқлұғ, еркіз, сақынғ т.б. Сонымен қатар, аталған дастанда зат есім тудырушы жұрнақтардың түрлері мен олардың атқаратын қызметін жүйелеп қарастыруға болады.

**-лық, лік, -лұғ, -лүг** жұрнағы жаңа сөз тудырушы қабілеті жағынан өте өнімді жұрнақ болып табылады. Бұл жұрнақтармен қолданылатын сөздерді мынадай топтарға жіктеп көрсетуге болады:

1. Абстрақты ұғымды білдіретін есім сөздер. Мысалы улуғлұғ «ұлықтық, ұлылық»; йигилик «игілік, жақсылық»; хаталық «кателік»; тоқлұғ «тоқтық»; берклиг «беріктік, мықтылық, байлық»; хошлұқ «қуаныш, көңілдің қоштығы»; танулұғ «қуәлік»; достлұқ «достық»; йоклұғ «жоқтық» ҺХ.

2. Нақтылық заттардың аттары. Мысалы: кутұлұқ «қуім, киім-кешек»; ашлық «астық, нан» (МҚ II 204), ас үй (МҚ I 114).

3. Әр алуан кәсіптік немесе мекендік мағыналарды білдіреді. Мысалы: парықлық «егіндік, диханшылық»; мүйанлик «баспана, қайырымдылық орын» (Қ.Б 40), қагунлік «қауындық» (МҚ I. 152).

4. Сапасын, қасиетін, күйін білдіретін ұғым атаулары. Мысалы: чығайлық «кедейлік, байлық»; ахилық «жомарттық»; бахыллық «сарандық»; хариалық «сарандық»; егрилик «қисықтық, қиырлық»; есизлиг «жамандық, оңбағандық»; һауадарлық «берілгендік, шынпейілдік».

5. Адамдардың қызметін, кәсібін білдіреді. Мысалы: ерклиг «билеуші, өктемдік етуші»; шилик «істеуші».

6. Есептік сан есімнен қатыстық заттық ұғым атаулары жасалынады. Мысалы: бирлыг «даралық, жалғыздық».

7. Келген жерін, тегін білдіреді. Мысалы: иранлыг «ирандық» (ҚБ 6), Огушлұғ (тайпалық, рулы, туған-туысқандары бар) (МҚ I 147). -лық, -лиг, -лұғ, -лүг жұрнақтарының соңғы -қ, -г, -г, -к дыбыстарымен келген нұсқаларының түбірге жалғануында тұрақталған заңдылық байқалмайды. Мысалы: улуғлұғ, достлұқ, танулұқ, хошлұғ, кутлұғ, бошлұғ т.б. -лық, -лиг жұрнағы түбір сөздерге де жалғанып келе береді. Кишилиг сөзінде –лиг тікелей түбірге жалғанып тұр. Сеңа тегса беглик улуғлұқ оқ-а. Кичилик ануқ тут үрун болғуқа. –Егер сен бек болуға, ұлықтыққа жетсең, кішкентайыңнан шашың ағарғанға дейін қарапайым бол (ҚБ 50).

**-г, -г, -ыг, -аг, -әг, -үг, -к, -к, -ық, -ақ, -әк, -үк, -үк** түріндегі көп нұсқалы етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар. ҚБ пен ДЛТ ескерткішінде кездесетін мысалдардың мағыналары әр түрлі.

1) Белгілі бір қимыл әрекеттің орнын білдіреді: батыг «төменгі дымқыл орын», «ойпат жер» (бат «бат, батыр» етістігінен) (МҚ 186) олтрүг «отыру, отыратын орын» (олдур «отыр» етісігі) (ҚБ 95);

2) Іс-қимылдың нәтижесін, сипатын білдіреді: «айтығ», «амандық, саулық сұрау» (айт етістігінен) (ҚБ 69) тириг «тірі, өмір» (тир «өмір сұр» етістігі) (ҚБ 74);

3) Адамның айналысатын кәсібін, іс-қимылдың іесін білдіреді: «тұрғак» «күзетші, қорғаушы» (тұр етістігі) (ҚБ 139) қунок «құрлықшы, алаяқ» (құн «құрла, тона» етістігі) (ҚБ 134);

4) Абстракты ұғымды білдіретін зат есімдер: тузуг «пайда» (тузу «пайда») (ҚБ 268); тилак «тілек» (тіле етістігі) (ҚБ 64);

5) Нақты зат атаулары: тұтак «шәйнек, құман секілді нәрселердің шүмегі» (түт «түтінде» етістігі) (МҚ III 122);

6) Ауру, ауру түрлері: титик «ауру» (тит ауру етістігі) (МҚ I 186); толгақ «толгақ» (толга «толгат» етістігі) (МҚ II 288);

7) Малға байланысты айтылатын әр түрлі атаулар: қысрақ «қысыр сиыр» (қысыр сын есімінен) (МҚ I 474);

8) Қимыл- әрекеттің құралы: бичак-бычак «пышак»(бич-быч «кес» етістігі) (МҚ 420);

9) Ұзындық өлшем бірлігі: қаршағ «құзындық, киімнің өлшемі» (қарша «сүйемдеп, қарыстап өлшеу» (МҚ 1464).

**-ғы, -гі, -гу, -қы, -қу, -ки, -кү, -кү** жұрнағы арқылы зат есім жасалынады. Бұл жұрнақ алдындағы айтылған жұрнақтың фонетикалық бір түрі болып есептеледі. Бұл жұрнақ төмендегідей мағынадағы зат есімдерді жасайды.

1) Қимыл – әрекеттің нәтижесін сипатын көрсетеді. Мысалы : белгү «белгі» (бел-гүр – табылу, біліну етістігі) (hX 93);

2) Құрал – сайман атаулары. Мысалы: көзегү «көсеу» (көза «көсе» етістігі) (МҚ I 448); көтүргү «көтергіш», көтүр «көтер» етістігі) (МҚ I 490);

3) Тамаққа қатысты атаулар. Мысалы: йегү «ас, тамақ» (йе «же» етістігі) (ҚБ 107); ашагү «дәм, тамақ» (аша «же,тамақтан» етістігі) (ҚБ 215);

4) Адамның айналысатын кәсібін, істің иесін білдіреді. Мысалы: йырагү «жыршы, әнші» (йыр «жыр,ән», йыра «жырла» етістігі) (М Қ III 36);

5) Абстракты ұғымды білдіретін зат есімдер. Мысалы: абынгү «жұбаныш, қуаныш» (абын «жұбан, қуан» етістігі) (Қ Б 206);

6) Нақты зат есімдер атаулары: абычга «шал, қария» ~абычга~абучга. Араб тілінде аб «әке» сөзінің көпше түрі ҚБ-те арғы ата – бабалар ұғымын берген;

7) Жануарлар мен құс атаулары: бұзагү «бұзау» (МҚ I 59); тақагү «тауық» (МҚ I 447);

8) Аурудың түрі: тұмагү «тұмау» (том «суық»), томыл «суын, салқында» етістігі) (МҚ I 447)

**-нч, -ыч, - инч, - үнч** жұрнақтығы етістік түбірлеріне қосылып, мағыналық жағынан солармен үндесіп келетін абстрак зат есімдер жасайды. Туынды зат есімдердің көпшілігінің мағыналары қазыргі тілдегі балалармен сәйкес келеді. Сақынч сөзінің қазыргі қолданылып жүрген сағыныш сөзімен ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Түбірі – сақын «ойлан» етістігі. Оғұл қыз сақынчы бу түпсүз теңіз. Ұл мен қыздың камы түпсіз теңіз (ҚБ 95). -нч жұрнағы арқылы жасалынған туынды зат есімдер ҚБ- те мыналар: еринч «бақытсыздық»; қорқынч «қорқыншы» (қорқ «қорық») (ҚБ 440 )

иланч «кінә, айып, сөгіс» (ил «сөзу») (ҚБ 126). -н ( - ын, -ин ) жұрнағы тікелей түбірге жалғанып келеді. ҚБ – те кездесетін түшүн сөзі мекендік мағына білдіреді: түсетін, тоқтайтын, демалатын орын, жолаушылар түсетін жер (ҚБ 115) Түбірі – түш «тус» етістігі.

**-т (-ут, -үт)** жұрнағы іс-әрекеттің нәтижесін, құбылыстардың абстрактылығын атын білдіретін зат есімдер жасайды. Бұл жұрнақ өнімсіз болғандықтан бірнеше сөздер ғана кездеседі. Мысалы: йанут «жауап,қарым» (327,374); Өгүт «мадақ, мадақтау» (өг «мақта,мадақта» етістігі) (МҚ 45). Қашқари сөздігінде біраз сөздер -ыт, -іт, -үт нұсқаларымен жасалынады: кирит «кілт,ашқыш» (қир «кір» етістігі) (МҚ I 357); басут «көмек,қорғаушылық» (МҚ 178) -т жұрнағы – көне түркі тілінен бері келе жатқан көне жұрнақ.

**-а, -ә** жұрнағы етістік түбіріне қосылып, зат есім жасайды. Бұл да өнімсіз жұрнақтардың бірі. Мысалы өга «мадақ» (өг «мақта,мадақта» етістігі) (45) Өга сөзі ҚБ – те «ақылды,дана» мағынасын білдіреді. Негү тер ешит емди билга өга. – Есіт енді білімді дана не айтады (ҚБ 68). Өги болса өгү атагү өга. –Егер ақылды болса, (адамды) дана деп атасын (ҚБ 153).

**Сын есім тудыратын жұрнақтар. -лик, -лық, -луг, лүк** жұрнағы –есім сөздерге жалғанып, қатыстық сын есім жасайтын ең өнімді жұрнақтардың бірі. XI-XII ғасырларда қолданылған сын

есім тудырушы –лик, лық жұрнағы қазіргі қазақ тілінде –лы,-лі,-ды,-ты,-ті,-ді нұсқаларында қалыптасқан. Сондықтан да галымдардың –лы, –лі мен –лық, лик жұрнақтарының шығу тегі бір деп есептеуінің де осындай ұқсас жағдайы бар. –лық, -лик жұрнағы түбірлерге жалғанып, әр түрлі мағыналық реңк жамайды. Адамға тән әр түрлі сындық белгілерді білдіреді: күчлүг «күшті» (МҚ І 509); шакарлиг «тәтті,дәмді» (шекер «шекер,қант») (ҚБ 211) . Адамға немесе бір нәрсеге тән заттық белгі: аналыг «анасы бар,аналы» (ҚБ 386). Белгілі бір нәрсенің бар екендігін, мол екендігін білдіреді: маллыг «малды,малы көп,бай»; йүклүг «жүк тиеген, жүгі бар»; огуллуг «балалы ,ұлды» (ҚБ); кишанлиг «кісенді» (ҚБ 34). Бір нәрсенің шамасын, мезгілін білдіреді: умурлук «өмірлік»; меңгүлүк «мәңгілік» (ҚБ 120).

**-лы, -ли** жұрнағының қызметін XI-XII ғасырларда –лыг, -лиг жұрнағы атқарған. Қазіргі тілмен салыстырғанда бұл дәуірлердегі көпшілік туынды түбірлердің құрамындағы -лыг жұрнағы - лы жұрнағының мағынасын береді, яғни –лық жұрнағының сын есім жасау қызметі –лы, -лі арқылы қалыптасты. Дегенмен, -лы жұрнағы XI-XII ғасырларда кең көлемде сөзжасамдық қызмет атқармағанмен, сирек те болса қолданылған болу керек. -лы, -лі жұрнағымен келген бірер туынды түбірлер сын есім мәнінде ұсынылады. Іх-та кездесетін қылықлы «қылықты,мінезді»; теңағли «теңдес,тең» сөдерінің мағынасынан тек сын есімге тән мағына байқалады.

**-гы** (-ги,- қы, -ки) жұрнағы зат есімге немесе үстеуге қосылып, заттың мезгілге қатысты белгісін білдіреді: йазынгы булт «жазғы бұлт», кединги қадах «кейінгі қадақ» (іх).. Қапугдақы сөзі әуелгіде «қақпадағы,есіктегі» мағыналарын білдірсе керек. Келе-келе «есіктегі қызметші, қақпашы, есікші» (қапуг «есік,қақпа») мағыналарын білдірген. (ҚБ 300). -гы, -ги жұрнағының қызметін басқа жұрнақтар атқаруы мүмкін. Мысалы: йарынлық (іх А) йарынқы (ҚБ 77) ертеңгі. Бұл жұрнақ мекендік, мезгілдік ұғым білдіретін зат есім, үстеулерге жалғанып келіп сын есімдер жасайды. Түнки «түңгі» (түн зат есімнен) (ҚБ 212) бурунғы «бұрынғы» (бурун «бұрын») (ҚБ 8). Сын есім тудыруда –гы,-ги жұрнағымен генетикалық жағынан бір –гу жұрнағы да өнімді қызмет атқарады. Мысалы: қызгу «қызғылт» (қыз «қызар,жалында» ) (ҚБ 91) қараңку «қараңғы,қара» (ҚБ 15) артгу «мол,көп,артық» (арт етістігі) (ҚБ 53).

**-сыз** (-сиз,-суз) – есім сөздерден сын жасайтын өнімді жұрнақ. -сыз жұрнағы көбінесе бірыңғай мәнде келіп отырады десек те, -сыз жұрнағының қатысуымен пайда болған туынды түбірді негіздеуші сөздің мағынасына тікелей қатысты. Көбінесе негіз зат есімнен болып келеді де, сапалық мағынамен қатар, болымсыздық мағына береді, -лы жұрнағына қарама-қарсы жұмсалады дейміз. Татықсыз «ащы,дәмсіз» (татық «дәм») (ҚБ 109) ; утсыз «ұятсыз» (ут «ұят») (ҚБ 261) т.б

**-уз, -из** жұрнағы зат есімдерге қосылып туынды сын есімді жасайды. Мысалы: йетсіз «кең» (йет «жет») (МҚ Ш10), когуз «бос,болмашы,өте шамалы» (қоқ «шаң,өте ұсақ бөлшек,тозаң») (ҚБ 133).

Сын есім тудырушы – **р** мен –**рү** жұрнағының шығу тегі бір болу керек. XI-XII ғасырда осы екі жұрнақ арқылы жасалынған туынды сын есімдер кездеседі, бұл жұрнақ өнімсіз болғандықтан мысалдар көп кездесе бермейді: бүкри «бүкір,қисық» (бүк «бүк,майыстыр») (МҚ І 219); бүтрү «бүтіндей, толық» (бүта «көп,мол») (ҚБ 47)

«Ағыр» сын есімі, біріншіден ауыр мағынасын екіншіден қымбат мағынасын білдіреді.

**-қан, -ган** жұрнағымен келген сөздердің бәрі бірдей сын есім жасай бермейді. Дегенмен есімшелік қызметтен ажырап сын есім қызметін атқаратын сөздерде кездеседі. Мысалы: топурган «шандақ, борпылдақ» (топра « құрға, кеп» етістігі) (МҚ І 536) ; ташырқан «тасырайған, бадырақ (көзді) (таш «тасы, шық») (МҚ І 521) -қан жұрнағы арқылы зат есімдер де жасалады: кумган «құмған» (кум «құм») (МҚ І 440).

**Етістік тудыратын жұрнақтар. -ла-** қазіргі түркі тілдеріндегі сияқты біздің ескерткіштерімізде де есім сөздерге қосылып, етістік тудыратын ең өнімді жұрнақ осы –ла жұрнағы. Сын есімдерге жалғанып жасалған – ла жұрнақты екі-үш сөз ҚБ ескерткішінде бар екен. Ағырла (қадірлірек) Кішіг тіл ағырлар, бұлұр құт кіші- тіл кісіні қадірлетер, бақ қонар (163). ҚБ ескерткішінде бірер сөз –ла жұрнағының туынды түбірге жалғануы арқылы жасалған. Йолчыла (жол көрсет,баста) Кучакла – құшақта; әзәрлә – ертте; терлә – терле; богузлә – бауызда.

**-лан, -лән** . Бұл жұрнақ осы көрсетілген екі нұсқасында ҚБ ескерткішінде бірнеше сөздердің құрамында кездесті. Түркологтардың көпшілігі мұны –ла және өздік етістің көрсеткіші саналатын –н қосымшасының бірігуінен жасалған құранды жұрнақ деген пікірді бір ауыздан қуаттайды. Беретін мағыналары мынадай:

1) Субъектінің ішкі сезім дүниесінің басқа бір күйге ауысуын бідіреді. Қатығлан (қатулан) қалы келсе өбкәң қатығлан, сәрін- егер ашу- өкпең келсе, қатулан, сабыр қыл (ҚБ 1317);

2) Субъектінің екінші бір затқа, қасиетке, сапаға не болғандығын, сондай қасиеттің пайда болғандығын білдіреді. Евлән (үйлен); Айттылар: Нечүн евләнмәссән? – неге үйленбейсің? (Г, 272) Күчлән (күштей): қатығ күчләнди – қатты күшейді (ХШ, 137);

3) Үдерісті білдіреді. Атлан (аттан): Бирәр атланса авқа – бірер аттанса аңға (ХШ, 39) Бұл да ертеден келе жатқан көне жұрнақ. Орхон-енисей ескерткішінде өглән – «ойлану». МҚ мынадай төрт түрлі мағынасын көрсетеді.

**-ләш** жұрнағы ХШ ескерткішінде ешләш (достас) деген бір ақ сөздің құрамында кездесті. Мысалы Гәһ арсланларқа ешләшип отуруп – кейде арыстандармен достасып отырар (ХШ, 125). Бұл сөздің еш «жолдас», «дос» деген мағыналарда орхон-енисей, МҚ және басқа орта ғасыр ескерткіштерімен қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездеседі.

**-а, ә** есімдерден етістік жасайтын қосымша. Көпшілігі зат есімдерден жасалады. Сын есімнен жасалған сөздер санаулы-ақ. Мысалдар: тілә (тіле): Бағырсақ киши йоқ ажұнда тіләдім – бауырмал кісі жоқ әлемді тілеп едім (ҚБ 6576) Күлә (күліп): күлә бақты өрлөп талу кыз йүзі – Күліп бақты өрлеп (Көтеріліп) ару, сұлу кыз жүзі (ҚБ 4967)

**-ы, -и, -у, -ү.** Зат есім және сын есімдерге қосылып, туынды түбір етістіктер жасайды. Мысалы, Узы (ұйықта): Ойуншы кой, узыма көп, ояғ бол – ойынды кой, ұйықтама көп, ояу бол (ХШ, 139).

**-ар, әр, -ер.** Бұл жұрнақ та осы үш түрлі фонетикалық нұсқада ҚБ ескерткішінде бірнеше сөздердің құрамында кездесті. Бұлар негізінен түсті білдіретін сын есімдерге қосылып, заттың түсінің өзгеру процесін көрсететін туынды түбір етістіктер жасайды. Мысалы: ушар ( ұшар): тизилмеген титир – тәг ушар иелкүрәр –түйелердей тізіліп қанат қағып ұшар (ҚБ 74) тукар (тамамдар): күмүш ішкә тұтса түкер алкынур – күміс іске тұтса тамамдар, жоғалар (ҚБ 189).

**-ғар, -қар.** Есімнен етістік тудыратын жұрнақ. Суғар (суар): Бағырдын суғарып жан бағыны – бауырдан суарып жанның бағын (ХШ, 5). Қутғар (құтқар): Бу қазғу-қозғыдан қутғар мени бир – бұл қайғы – қасіреттен құтқар мени бір (ХШ, 159)

**-л** жұрнағы. Тирил (тіріл): күчүн йетмишчә мұнда езгү тирил – күшнің жеткенше мұнда жақсы өмір сүр (ХШ, 57). МҚ сөздігінде және «Құтадғу білікте» тирил етістігі «өмір сүру» және «тірілу» сияқты екі түрлі мағынаны білдіреді. Ал қазіргі түркі тілдерінде, көбіне, соңғы мағынасында жұмсалады.

**-ық, -уқ** жұрнағы осы екі нұсқасында тек ХШ ескерткішінде үш сөздің құрамында кездесті. Оның екеуі – уқ нұсқасы арқылы зат есімнен жасалған да, біреуі – ық нұсқасының сын есімге қосылуы арқылы жасалған. Мысалы: Йолуқ (жолық): Әгәр йолда йолуқса шаһзадә – егер жолда жолықса шахзада (ХШ, 41) Тарық (тарық): Тарықмақдын йүрәкләндим болуп зар – тарықпақтан жүректендім болып зар (ХШ, 188). МҚ сөздігінде бұлардың саны едәуір. Ачықты – ашықты, усукты – шөлдеді (I, 199); ташықты – сыртқа шықты, тутықты – тотықты т.б (II, 131) Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде де бар.

**-сық, -чық, -чук.** Бұл жұрнақ осы көрсетілген үш түрлі нұсқасында тек ХШ ескерткішінде үш сөздің құрамында кездесті.

Тунчук (тұншық): Балық тег сувда өлмәк тунчукуп зар – балық сияқты суда өлмек тұншығып зар (ХШ, 184).

**-ра, -рә** жұрнағы. Есім түбірге де, етістікке де бірдей жалғана алды. Сачра (шашыра): Нәтәк ким йылдырым сачрар булутдин – бұлттан шашыраған найзағайдай (ХШ, 223). Чоңра (үлкей, кеңей, шүңірей): Құйуғ тег чоңрарып ики қарағы – құдықтай шүңірейіп екі көзі (ХШ, 207).

**-рәт, -рән.** Бұл екі жұрнақ өгрәт, өгрән деген екі сөздің құрамында кездесті. Өгрән (үйрен): керәк өгрәнсә – керек үйренсе сенен (ХШ, 13) Әдәбди кимдән өгрәндиң – әдепті кімнен үйрендің? (Г, 120) Өгрәт (үйрет): йаман сөзлар өгрәтип аңа ол күн – жаман сөздер үйретіп оған ол күн (ХШ, 137). Мәңә өгрәт – маған үйрет (Г, 227) Бұл екеуі құранды әрі өнімсіз жұрнақтыр. Өйткені бұлар –рә+н, -рә+т түрінде бөлшектенбейді. Өгрә деген түбір көне және қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған. Түбірі- «ақыл», «ой» мағынасындағы өг сөзі. Өз кезегінде ол орхон-енисей ескерткіштерінде «ойлану» мағынасында кездесетін ө деген етістікке барып саяды.

**-ырка, - иркә** «Құтты білікте» таңырка «удивляться» . Қазіргі қазақ тілінде дәл осы формада, осы мағынада қолданылады. Әсиркә (есірге) : Ойатмады әсиркәп йарын ой йар- оятпады есіркеп жарын ол жар «ХШ, 224) Бұл сөз орхон-енисей ескерткіштерінде кездеспейді.



**-ша** жұрнағы екі-үш сөздің құрамында үш ескерткіште де кездесті.

Мысалы: Охша (Ұқса): Амалсиз алим балсиз занбурга охшар – еңбексіз галым балсыз арага ұқсар (Г.344) Сақша (ойла): Көңүлдә сақшап айтур бу йигит ким – көңілінде (ішінде) ойлап айтар бұл жігіт кім (ХІШ , 48). Көне түркі тілінде -са «считать» (22,478). МҚ сөздігінде саг «ақыл», «ой» (Ш,154)

**-чира** жұрнағы «Құтадғу білік» пен «Һибатул хақайық» ескерткіштерінде күлчир «улыбаться», «посмеиваться»: Ажун күлчирәр «мир улыбається» (ДТС 325). Қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде санаулы сөздердің құрамында кездесетін -ы/ мсыра, -/ і/ мсіре (оғыз тобындағы тілдерде -ы/ымса) формалы өте өнімсіз жұрнақ бар. Мысалы, қазақ тілінде күлімсіре, татар тілінде күлюмсіре, қазақ тілінде жыламсыра , татар тілінде еламсыра. Бұл жерде -ы/ ымсыра сөз болып отырған – чира жұрнағының дамыған формасы деген Э.В. Севортянның пікіріне түгелдей қосыламыз.

XI-XII ғасырларда қолданылған сөз тудырушы жұрнақтардың көпшілігі Орхон-енисей ескерткіштеріне қарағанда өнімді қызмет етеді және берілген туылымдар саны жағынан да көп. Мұндай туынды сөздердің шамасын беретін мағыналары атқаратын қызметтерін, басқа жұрнақтармен ұқсастық жақтарын өнімді-өнімсіздіктерін айқындауда ҚБ ескерткішімен қатар М.Қашқари сөздігінің де көмегі мол болды. Бұл дәуірлерде қолданылған көпшілік жұрнақтар қазіргі қазақ тілінде де өнімді қызмет атқарады. Біраз жұрнақтар көнеленіп, қазіргі кезде аздаған сөздердің құрамында ғана сақталып қалған. Қорыта айтқанда, қазіргі тіліміздегі сөзжасам жүйесі XI-XII ғасырларда-ақ белгілі бір жүйеге келтіріліп, жаңа сөз жасау формаларының бастауы болды деуге толық негіз бар. Бұл жұмыста сөзжасалымдағы сөз тудырушы жұрнақтарды «Құтты білік» дастаны тілінен көрсетіп, оларға талдау жасауға тырыстық. Жұмыста сөз тудырушы жұрнақтар жайы «Құтты білік» ескерткішін негізге ала отырып зерттелінген. Сондай-ақ, «Һибат-ул хақайық» пен «Диуани лұғат-ат түрік» ескерткіштерінен де қажетті жағдайларда мысалдар алынып отырды.

### **Қысқарған атаулар:**

ҚБ-Құтты білік

МҚ-Махмұт Қашқари «Девону лұғотит ат -турк» I,II, III том

ДТС-Древнетюркский словарь

ҚТТ-Қазақ тілінің түсініктеме сөздігі

Г-Гүлстани

ҺХ-Һибат-ул-хақайық

ХШ-Хұсрау-Шырын

### **Әдебиет**

1. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі Морфология. – Алматы, 1964.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: «Ғылым», 1989.
4. Г.Айдаров Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1986.
5. Керімұлы Ә. Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар. – Түркістан, 2005.
6. К.Аханов Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: «Санат», 1996.
7. Досжан Р.А көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімдер (XI-XII ғ). – Ш. 2006.
8. Нұрмаханова Ә.Н түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1971.
9. Д.Райхан –г, -г (-ыг,-іг) жұрнағының XI-XII ғасырлардағы сөз жасамдық сипаты, ізденіс поиск журналы №3 2007.
10. А.Егеубаев кісілік кітабы. – Алматы: «Ана тілі», 1998.
11. М.Қашқари түбі бір түркі тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1993.
12. Г.Айдаров көне түркі жазба ескерткіштер.
13. «ҚазҰу хабаршысы» журналы, 2007ж. №4 фил. сериясы «лық (-мек, -луг,-лүг) жұрнағының XI-XII ғасырларда сөз жасамдық сипаты» Р.Дастан.
14. Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» I, II, III том.

## **ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ ҚҰРМАЛАСТЫРУДАҒЫ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада құрмалас сөйлем компоненттерін синтаксистік қатынасқа келтіріп, бір бүтін етіп тұратын септік жалғауларының қазіргі қазақ тілінде семантикалық және функционалды орны бар грамматикалық категориялардың қатарына жататындығы дәлелденеді. Септік жалғаулары жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекерлік қызметті атқарып қана қоймайды, сонымен бірге құрмаласып тұрған жай сөйлемдердің мағыналық қатынастарына да елеулі әсерін тигізетіні мысалдармен дәлелденіп беріледі.

**Тірек сөздер:** құрмалас сөйлемдер, септік жалғаулары, грамматикалық категориялар, семантикалық қызмет, функционалдық қызмет

Әуелде жай сөйлем адам баласының қажетін өтеп, толық қарым-қатынасты қамтамасыз еткенімен, кейін қанағаттандырмайтын болады. Тұрмыс өзгерген сайын тіл де өзгереді. Қоғамдық қатынас күрделі болған соң, оған лайық ойдың көрінісі сөйлем де күрделенеді. Біздің қазақ тілі ғана емес, барлық халықтың тілінде осы себептермен құрмалас сөйлем жасалады. Құрмалас сөйлем дегеніміз – екі я бірнеше сөйлемнің, яғни, бірнеше субъектінің көрінісі болған сөздің я сөздер тобының жиынтығы. Яғни, олар күрделі ойды білдіретін сөйлемдер.

Тізбек құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен жалғасуында қалыптасқан мағыналық және структуралық заңдылықтар бар. Құрмалас сөйлем синтаксисінің міндеті – сол заңдылықты ашу, айқындау. Басқаша айтқанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің міндеті – жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өзара ұласып, күрделі бір сөйлемге айналуы сол арқылы бір ойды екінші ойға жалғастырып, күрделі бір ойды білдірудің жолдарын, амал-тәсілдерін зерттеу.

Құрмалас сөйлем компоненттерін синтаксистік қатынасқа келтіріп, бір бүтін етіп тұратын грамматикалық тұлғаларға біз қарастырғалы отырған септік жалғаулары да кіреді. Бұл тәсіл тұлғалар морфологияда да кең таралғанын білеміз. Яғни, септік жалғауларының сөз формасын туғызып, сөзге грамматикалық мағына үстейтіні морфологияға қатысты болса, олардың сөз бен сөзді байланыстыруы, синтаксистік қатынасты көрсетуі синтаксиске қатысты [5].

Септік жалғаулары құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы компонентін басыңқымен байланыстыратын көрсеткіштік құрамында келеді және бағыныңқы сөйлем мен басыңқының арасындағы синтаксистік қатынасты белгілейді. Мысалы, *Мен келгенде, олар үйде екен* – деген құрмалас сөйлемде есімше жұрнағы мен жатыс септігі сөйлем компоненттерін байланыстырады, әрі екі арадағы мезгілдік қатынастың формальді көрсеткіші болады. Егер осы жерде септік жалғауы қолданылмаса, сөйлемдер құрмаласа алмайды. *Жұрт жаңа тұрып жатқанда, таң елең-алаңда Субанқұл екеуміз жұмысқа келетінбіз. (Ш.Айт). Басқа кісілер қаладан шыққанда, сіз жасырынып үйге қайтып келіңіз (Мың бір түн). Аттылар жәлт-жәлт қарасқанда, жақын жерде дөңгелене отырған көп адамның жиыны көрінді (М.Ә).* Келтірілген мысалдардың бағыныңқы сөйлемдері басыңқыдағы айтылған ойдың, амал-әрекеттің орындау мезгілін көрсетіп, бәрі де тұлғалық жағынан өткен шақтық есімше мен жатыс септігінде келіп тұр. **Мезгіл бағыныңқы** сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқысындағы баяндауыштары болымды –болымсыз келер шақтағы есімше жатыс септігінде тұрып, басыңқыдағы амал-әрекеттің өту мезгілін білдіре алады. Мысалы, *Бұл хабардан кейін бір жұма өтер-өтпесте, мал алуға бес кісі құдалар да келіп қалды (Ш.Айт). Ел арасынан жол асып шығаршықпаста-ақ, жұрт арасында күбір-сыбыр күңкіл көбейді (Ә.Кекілбаев).* Сондай-ақ мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компоненттің баяндауышы келер шақтық есімшеге жатыс септігінің қосылуы арқылы жасалады. Мысалы, *Қыран құс балапанын басып шығарарда, ең алдымен өзінің ұясына жақын жерден туатын қауіпті ойлайды (І. Есенберлин).* Сонымен қатар мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлем бағыныңқы компонентінің баян-

дауышына көмектес септік жалғану арқылы да жасалады. Мысалы, *Бас әскербасы Бақтияр хабаршы шапқышыларды аттандырып болысымен, өз қарауындағы сарбаздарды жорыққа қамдауға кіріспек болды (І.Есенберлин). Үйге кіріп отырысымен, Абай Әбіштің жүзіне үңілді. Жүргінішілер ауыл иелерімен сәлемдесіп болысымен, бір-бір жылпос ежігіт аттарды ұстай алысты. Ұлықтар жүріп кетісімен, Оразбай, Жиренишелер қатарласа ұмтылып, Абайлардың сыртынан ентелеп қарап тұрды (М.Ә).* Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына -дық+тан, -дік+тен, қосымшалары жалғанып, басыңқыдағы амал-әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы, *Дәурені өтіп бара жатқан күздің соңғы сонысын қызықтап қалғысы келгендіктен, изенге тас кенеше жабысқан қой жан-жаққа бытырай қашты (М.Ә).* Осындай нәзік, өткір және қиюы шебер жайлар тоғысқандықтан, *Әбіш өзінің әрі күәлік түрінде, әрі патшалық қызметкері ретінде жазған жайларын қатты ойланып, көп ақылдасып жазуды дұрыс көрген (М.Ә).*

Кейбір реттерде **себеп бағыныңқының** баяндауыштары барыс жалғаулы есімшелі етістіктерден де бола береді. Мысалы, Күн ызғырқ жел болғанға, Айдын қалың киініп шығып еді (М.И). **Шартты бағыныңқы** сөйлемнің баяндауышы өткен шақтық есімшенің жатыс септігінде тұруы арқылы да сабақтас құрмалас сөйлем жасалады. Мысалы, Бұл осылай бола қойғанда, мен өте бақытты болар едім (Ы.Алтынсарин). Енді он минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз (Х.Есенжанов). Бағыныңқының баяндауышы өткен шақтық есімшеге көмектес септігі арқылы жасалғанда, басыңқымен өзара қарсы мәндес болып келеді. Мысалы, Біздің айғырлардың ішіндегі ең зоры сенің төркініңнен келген жалдас қара айғыр өзі зор болғанымен, биелері жыл сайын сорлап қысыр қала береді ғой (С.Шарипов). Ол қанша сезіктенгенмен, Байсалдың бойында ештеңе болмайтын (М.И). Келер шақтық есімшенің болымсыз түріне шығыс септігі жалғанған кезде де, **қарсылықты бағыныңқылы** сабақтас құрмалас сөйлем жасалады. Мысалы, Өлгі келе жатқан сары орамалды әйел шаршағанына қарамастан, қисық таяғын қолына алып әлгілердің артынан ере жөнелді (Ғ.М). Шытынап сынған аязға қарамастан, адам бойын шіміркендірер көк иісі мүңкіген дымқыл бар (С.Ш). Бағыныңқының баяндауышына -мақ, -мек, -пак, -пек, -бак, -бек, жұрнақтарының бір қосылады да, оған барыс септігі **жалғанғанда мақсат бағыныңқылы** сабақтас құрмалас сөйлем жасалады. Мысалы, Өбілқайырдың әскері арғы бетке өтпекке, Сайхун дарияға таяп келіп еді (Ә.К). Ағажан сағындым, өзіңді көрмекке (Абай). Мысалдардан байқап отырсақ, септік жалғауларының біріншіден, құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы компонентін басыңқымен байланыстыратын көрсеткіштің құрамында болады. Екіншіден, Бағыныңқы сөйлем мен басыңқының арасындағы синтаксистік қатынасты белгілейді. Мысалы, *Мен келгенде, сендер әлі жоқ екенсіңдер.* Бұл сөйлемдегі есімше жұрнағы мен жатыс септігі сөйлем компоненттерін байланыстырады, екі арадағы мезгілдік қатынастың формальды көрсеткіші болады. Енді мына мысалдарға назар аударсақ, *Бұл осылай бола қоймағанда, мен өте бақытты болар едім. Егер осы жақсылығың болмағанда, мен қалаға жету былай тұрсын, жолда қатып қалады екенмін. Енді он минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз.* Бұл мысалдарда басыңқы компоненттегі іс-әрекет, жай-күйдің болу-болмауының шартын білдіреді, яғни шарттық қатынаста тұрады. Мұндайда тұтастай сөйлемнің мағынасына қарау керек. *Бұл хабардан кейін бір жұма өтер-өтпесте, мал алуға бес кісі құдалар да келіп қалды. Қыран құс балапанын басып шығарарда, ең алдымен өзінің ұясына жақын жерден туатын қауіпті ойлайды.* Бірінші сөйлемде амал-әрекеттің өте тез арада болған мезгілін білдіріп тұр. Екінші сөйлем де мезгілдіс сабақтас құрмалас сөйлем. Бұларда жатыс септігінің компоненттерді байланыстыру қызметі айқын көрініп тұр. *Яғни, /ең алдымен өзінің ұясына жақын жерден туатын қауіпті/ қыран құс/қашан ойлайды?/ басыңқы сөйлемдегі амал-әрекеттің орындалу мезгіліне жауап болатын бағыныңқы сөйлеміміз – қыран құс балапанын басып шығарарда.* Сонда жатыс септігі арқылы құрмаласқан сабақтастағы бағыныңқылар әрқашан мезгілді білдірмей, шартты да білдіреді. Осы себептен сабақтастарды түр-түрге жіктеудің бірден- бір дұрыс жолы ондағы бағыныңқылардың қызметіне қарай жіктеу болады. Бағыныңқы сөйлемдер басыңқыдағы тұтас ойды айқындайды. Міне, осы жатыс септігінің семантикалық көрінісі. Егер бағыныңқы сөйлемдегі жатыс септігін түсіріп тастасақ, сөйлем мағынасы бұзылар еді [6].

Ал, мына мысалдардан көмектес септігінің семантикалық қызметін көруге болады. Мысалы, *Көктемгі егіс жоспарын орындасымен, колхозшылар шөп шабу науқанына дайындалды. Қонақтар үйге кіріп отырысымен, Абай Әбіштің жүзіне үңілді. Жүргінішілер ауыл ие-*

лерімен сәлемдесіп болысымен, бір-бір жылпос жігіт аттарды ұстай алысты. Бұл мысалдарда бағыныңқы компоненттер басыңқыдағы іс-әрекеттің мезгілін білдіріп тұр. Егер мына мысалдарға назар аударсақ, *Бригаданың қимылы әлсіремегенмен, манағыдай астанға ұшып, төмен сырғып кетіп жатқан кесек қар көрінбейді*. Бұл сөйлемдегі екі оқиға бір-біріне қайшы. *Аяз қатты болғанмен, күн ашық, шыңылтыр еді. Біз Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішіндеболғанмен, осы адамдардың арасы соншалық тар. Ей, Байсал, сен батаңды бермегенмен, мынау болайын деп тұрған бала ғой,-деді Абайға қарап*. Бұл мысалдардағы ылғи бірінші сөйлемдердің баяндауыштары есімшеде тұрып, оған –мен қосымшасы жалғанған. Мысалдарды салыстырып қарасақ, біреулерінде көмектес септігі арқылы мезгілдік мағына берілсе, екіншілерінде қарсылықты мағына берілген. Егер көмектес септік жалғауы түсіріліп тасталса, мұндай мағыналар да болмас еді. Яғни, бір көмектес септігі сөйлемдерді байланыстыруда әр түрлі мағыналық қызмет атқарады. Осындай мағыналық қатынасты бере отырып, көмектес септігі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болады. *Мысалы, Кәмпесе хабарының екпіні қатты болғанымен, үкімет қаулысы шыққаннан кейін де бірсыпыра уақыт өтті. Қыз көңілі салқын болғанмен, қыз әкесі Еламанды жылы шыраймен жақсы қабылдаушы еді*. Мұндағы болғанымен, болғанмен дегендер бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары. Барыс септіктері де есімшеге жалғанып, жай сөйлемдерді құрмаластыруда қызмет атқарады. Мысалы, *Оспан жүріп кеткенге шейін, тоңғанына қарамай, қасында бәйек болып жүрді. Құнанбай аттанып кеткенге дейін, мұндай ауылдар құрақ ұшып, қалбақ қағып жүреді. Жүргіншілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрды. Торғай, шымшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға дейін, жылан олардың ұясына барып жұтады. Ал, Күн ызғырық жел болғанға, Айдын қалың киініп шығып еді. Мәз болады болысың, арқандан ұлық қаққанға – деген сөйлемдерде бағыныңқы компоненттер істің себебін білдіріп тұр.*

Байқап отырсақ, екі жай сөйлемді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін есімше формасының өзі емес, есімшеге жалғанатын әр түрлі септік жалғаулары мен оған тіркесетін шылаулар. Бұларсыз есімше құрмалас сөйлем жасай алмайды. Мысалы, жоғарыда айтқан Күн ызғырық жел болғанға деген компоненттегі барыс септігі жалғауы болмаса, сөйлем мағынасы болмас еді [6].

Мақсат бағыныңқылы сабақтас жасауда барыс септігінің ролі бар. Мысалы, Әбілхайырдың әскері арғы бетке өтпекке, Сайхундарияға таяп келіп еді. Яғни, барыс септігі бағыныңқының баяндауышына тіркесу арқылы басыңқының мақсатын білдіріп тұр. Егер жалғауларды алып тастасақ, сөйлем байланыстары әлсіреумен қатар, олардың арасындағы мезгілді, септігі, мақсатты қатынастар да көмескіленеді. Өткен шақтың есімшеге -дық+тан, -дік+тен қосымшалары жалғанып, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мысалы, *Жайлаудың бәрі жазықта болғандықтан, өрт алыстағы жайлаудан да, жақындағы жайлаудан да ауылдың қасында жанып жатқандай көрінеді. Белгілі өлшеуі, мөлшері жоқ бұл шығын анық қараңғы жолмен алатын болғандықтан, оның атын жұрт «қара шығын» дейтін. Бар жігіт түгел болмағандықтан, Базаралының белгісіз ісі әлі аз күн аял күтіп, іркіліп тұрған-ды. Сондағы кетпес кегі қазір Абай басына түйілгендіктен, ол соңғы екі-үш жыл бойы Абайдың басына үнемі тор құрумен болған. Мұндағы бағыныңқы компоненттер басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің болу-болмауының себебін білдіреді.*

Только с использованием сравнительно-исторического метода, который является основным в этимологии, можно достоверно установить происхождение слова. Этимологические выводы, как правило, основываются на сопоставлении слов из различных диалектов, говоров и языков с применением этого метода. Наиболее значительными являются слова из родственных языков. В исследованиях, посвящённых сравнительно-историческому языкознанию, можно найти обширный материал, касающийся ключевых аспектов этимологии. Анализ отдельных лексико-семантических и тематических групп, а также групп, основанных на фонетическом, грамматическом и словообразовательном сходстве, включает изучение взаимосвязей лексики, используемой в различных диалектах и говорах, с древнетюркским языком и другими родственными и неродственными языками. В татарской лексикологии эти вопросы в контексте их развития отражены в работах таких учёных, как, Л.Т.Махмутова, Д.Г.Тумашева, Ф.М.Хисамова, Ф.Ю.Юсупов, А.Г.Шайхулов, З.Р.Садыкова, Т.Х.Хайрутдинова, Ф.Ш.Нуриева, Э.Х.Кадырова, А.Р.Рахимова, Х.Х.Кузьмина, Р.Т.Сафаров, Г.Ч.Файзуллина и других. В казахской лексикологии же диалектология, говор всесторонне написаны в трудах Ш.Уалиханова, А.А.Диваева, С.Аманжолова, Н.Сауранбаева, Ж.Доскараева, Г.Мусабаева, Г.Калиева, Т.Айдарова, и других.

Таким образом можно сделать вывод что, диалекты важны для исследования языковой динамики, культурной идентичности и социолингвистики. Они помогают лучше понять, как язык развивается и изменяется со временем.

#### Литература

1. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Оқу құралы – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. 536 с.
2. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы. Ф.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербәев. 2005. – 824 бет.
3. Лексикология татарского языка: в трёх томах / Редкол.: М.З. Закиев, А.К. Булатова, К.М. Миннуллин, О.Р. Хисамов; науч. ред. Г.Р. Галиуллина. – Казань: ИЯЛИ, 2022. – Т. I. – 352 с.
4. Рамазанова Д.Р. Татар теленең көнчыгыш диалектлары / Д. Б. Рамазанова. – Тюмень : Вектор Бук, 2007. – 258 с.
5. Шизер Ганс Диалекты – «ваш язык показывает, кто вы – и во что вы верите!» Magister Dixit, 2012.

# ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ, ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ, ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ

*Қыздархан РЫСБЕРГЕН*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАУДЫҢ ШЕБЕРІ

**Андатпа.** Мақалада семантикалық, идеографиялық сөздіктердің құрылымына қатысты лексикографияның теориялық мәселелері қарастырылды. Академик Ә.Қайдардың «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігі материалдары негізінде бинарлық оппозициядағы құндылық/антиқұндылық категориясының «Орыс тілінің идеографиялық сөздігі» әмбебап сөздігінің материалымен салыстыра талданды. Ұлттық лексикографияның идеографиялық бағытының болашақ дамуына қатысты ой-түйін, қорытынды айтылды.

**Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические проблемы лексикографии, связанные со структурной организацией семантических, идеографических словарей. Проведен сравнительный анализ категории ценность/антиценность на основе материалов этнолингвистического словаря А.Кайдар «Казах: в мире родного языка» и универсального «Русского идеографического словаря». Высказаны идеи по дальнейшему развитию идеографического направления в отечественной лексикографии.

**Abstract.** The article discusses the theoretical problems of lexicography, linked to the structural organization of the semantic and ideographic dictionaries. The category of value/anti-value is analyzed in a comparative way based on the materials of the ethnolinguistic dictionary by A.Kaidar «Kazakh: in the world of native language» and the universal «Russian ideographic dictionary». The article presents some ideas on the further development of the ideographic direction in the domestic lexicography.

Адамзат «мәдениленген» ортада өмір сүреді. Мәдениленген деп қай кеңістікті атаймыз? Жалпы адамды қоршаған кеңістік категориалдық ретпен түзіледі. Этносты ежелден қоршаған кеңістік сол халықтың дүниетанымына сай ұйымдасады. Әр дәуірдің талаптарына, ретіне қарай, ой-танымына сай алуан түрлі «мәдениленген» аймақтарға бөлшектенеді. Мәселен, қолжетімді кеңістік – ол көзбен көріп, қолмен ұстап, сезе алатын ақиқат географиялық кеңістік және абстрактілі кеңістік – ол адамзат тек қиялы арқылы болжайтын ғаламшарлық кеңістік. Ғаламшарлық кеңістік те этностың этномәдениетіне сай көптеген жұлдыз атауларында, ғарыш денелерінің (шоқжұлдыздар, галактикалар, кометалар т.б.) номинациясында таңбаланған. Оның сыртында абстрактілік категориядағы мифологиялық кеңістік бар, онда өмірде нақты денотаты болған нысандарды атауға болады, мысалы, *Қорқыт*, *Асанқайғы* т.б. Сонымен қатар денотаты жоқ, яғни денотаты нөлге тең мифтік, фольклорлық нысандар, кейіпкерлер болады, мысалы, *Ер Төстік*, *Қыдыр ата*, *Желаяқ*, *Жезтырнақ*, *Қолтаусар* т.б.

Этносты қоршаған категориалдық кеңістікті тілдік бірліктер арқылы таңбалау лексикографиялық жүйеде іске асады. Мәдениленген кеңістік сөздіктер арқылы жүйеленіп, таңбаланады. Алуан типтегі сөздіктердің ішінде көпшілікке танымалдығы жоғары біртүрлі, екі, үштірлі әліпбилік реттегі сөздіктер жатады. Оның логикалық жалғасы ретінде әлемдік лексикографияда қазіргі таңда тақырыптық, идеографиялық сөздіктер қарқынды дамып келеді. Осы орайда ресейлік автор М.Чернышеваның айтқанымен толық келісеміз: «...совершенно очевидно, что логическим продолжением развития русской исторической лексикографии – после алфавитного описания – должно стать тематическое (или идеографическое) представление лексического материала» [6. С. 336].

Қазақ тіл білімінде сол идеографиялық, тақырыптық-семантикалық жанрдағы сөздіктерді әзірлеудің алғашқы қадамы, үлгісі ретінде академик Әбдуәли Қайдардың этнолингвистикалық

сөздіктер топтамасын атауға болады. Идеографиялық лексикографиялық туындылардың архитектурасы біртекті болуы шарт емес, алайда іргелі суперкатегориялар барша адамзатқа тән, ортақ болып келеді, мысалы: Табиғат (ограникалық және неограникалық әлем, түр-түс әлемі т.б.), Адам (адамға қатысты барлық ұғымдар кешені), Ғаламшар, Өсімдік әлемі, Іс-қимыл (егістік), Ғылым-білім және т.б.

Ал базалық категорияларда ұлттық деңгейдегі лексикалық салалар мен топтар қамтылуы тиіс, мысалы, ортақ топтардан өзге, басқа этностарда кездеспейтін лексикалық топтарды жатқызамыз. Мәселен, Ө.Қайдардың Сөздігінде ешбір халықтарда қайталанбайтын «Шежіре» категориясы бар. Бұл ұлттық идеографиялық категориясының өзіндік өзгешелігі мен бірегейлігі.

Ұлттық базалық лексикографиялық категорияға қолданыс жиілігі мен когнитивтік маңыздылығы жоғары лексика жатады.

Мақалада академик Ө.Қайдардың қыруар ғылыми шығармашылығындағы шоқтығы биік тұрған «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігіне сүйене отырып, кейбір аспектілеріне ғана тоқталамыз.

Автордың сөздігінің «Адам» атты I томы «жақсы-жаман», «жақсылық-жамандық», «жақсы адам», «жаман адам» т.б. құндылық-антиқұндылық бинарлық оппозициядан басталады, әрқайсысына жеке тоқталған, семантикасын ауқымды материалмен ашқан. Бұл жердегі айтпағымыз, автордың идеясы мен концепциясында адами, рухани құндылыққа басымдылық берілген. Аксиологияның негізгі құрамдас бөлігі – құндылық ұғымы. Паремиялогиялық материалдарды пайдалана отырып, құндылық құбылыстары мен олардың семантикалық мағыналарын зерттеу когнитивтік ғылымның аксиологиялық аспектісімен байланысты, онда аксиология мен бағалаушылық лингвистикалық категориялар ретінде қарастырылады.

Ө.Қайдардың еңбегінде жалпы адами құндылықтар дәстүрлі этникалық құндылықтармен ұштастықта берілген, мысалы *өмір мен өлім, ар-намыс, тектілік/тексіздік, дүние, еңбек* т.б. көптеген лексикалық бірліктерді келтіре беруге болады. Олардың әрқайсысы да ұлттық концепт құрылымына «сұранып» тұрған материалдар. Жалпы құндылық категориясының вербалдануының әртүрлі формалары бар, бірақ ол тілдің паремиялогиялық жүйесінде барынша айқын көрінеді. Уақыт сынынан өткен мақал-мәтелдерде тілде бекітілген құндылықтар мен антиқұндылықтар жүйесі сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымын көрсетеді.

Ө.Қайлардың *жер* ұғымына қатысты берген материалын орыс тіліндегі «мбеап сипаттағы «Русский идеографический словарь» атты еңбек бойынша салыстырып көрелік.

**Ө.Қайдар: Жер бедеріне қатысты атаулардың жалпы тізімі** (барлығы 258 тілдік бірлік пен сөзтіркестер )

**А:** *адыр, адырлы жер, алқап, алаң, арқа, асу, аран, арал, атырау, аймақ, аудан, ата-баба жері \ ата-бабалар сүйегі жатқан жер, айдалған жер, айдалиған жер; Б:* *бейіт, бел, бөген, бұғаз, бұлақ, боз, боз жер, борбас жер, бос жер, бұйрат, бұйрат жер, батпақ, балишық, бұрқылдақ жер, белес, белбеу, бауыр, батпақ – садаыра; Д:* *дөң, дөңес, дала, доңғал, даулы жер, далалы жер, дархан жер, Дешті Қытшақ жері, далын жер; Е:* *ен дала, еңку-еңку жер, егістік жер, егіндік жер, егемен жер; Ж:* *Жайлау, жол, жар, жармас, жер, жон, жылға, жыра, жарамды жер, жарамсыз жер, жалақ, жабылан, жайылым, жайлау, жота, жыра, жықпыл, жырым, жсал, жазық, жайпаң, жарты арал, жықпыл, жазық, жақпаң тас, жер бедері, жер үсті, жер асты, жер ортасы, жазық жер, жатық жер, жер жаннаты, жар қабақ, жыртылған жер, жатық жер, жеке меншік жер, жсау жері, жазира, жусанды дала; З:* *зират; И:* *иесіз жер, иесі бар жер, иен дала, игілікті жер, ит өлген жер; К:* *кент, көл, көң, күрдек, көктеу, көктесін, көгал, кернеу, кернек, кен, кеніш, кең дала, кемкер, кезең, кенере, күзек, күзеу, күлгін топырақты жер, киелі жер, кең жер, кең байтақ жер, кеңістік, кең дүние, көркем жер, көмбе; К:* *қайнар, қара, қақ, қия қобы, қара топырақты жер, қоғалы жер, құмайлы жер, құмды жер, құнарлы жер, құнарсыз жер, қозы өріс, қой өріс, қоземшек (тау), қорық, қиыр, қас, қойнау, қыр, құз, қобы, қолат, қол, қанат, қаптал, қырат, қолтық, қорым, қара топырақты жоқ, қу медиен дала, қия, қопа, құлдый, қырқа, қыраң, қырлық, қыстау, қабақ, қабыра, қағыл, қағыр, қырлық, қыстау, қақтық, қапшағай, қарқара, қатпар, қиыр шығын, құм балишық, қазақ жері; М:* *марша, медиен жері, майдан, мұзарт, маңдай тері төккен жер, меншікті жер; Н:* *нұрлы жер; О:* *ой, ойпаң, оба, орпа, ойпаң жер, ой-шұңқыр жер, отты жер, ор,*

орман, ойдым жер, оңаша жер, ортақ жер; **Ө:** өріс жер, өңітті жер, өлке, өр-қия, өз жері, өзге жер, өзекті жер, өр жер, өрісті жер; **П:** пайдалы\пайдасыз жер; **Р:** рахат жер; **С:** суарма жер, сулы жер, сазды жер, сортаң жер, саз, сай-сала, сары дала, сайын дала, сібер, сораң, сай, сор, сілем, сулы да нулы жер, саз балишық, сүдін жер, сүрлем жер, сахи жер, суықтер; **Т:** тасты жер, таулы жер, тәлілі жер, тыңайған жер, тың жер, топырақ, тау, төбе, тебін, тебіндік(жер), тепсең, түз, тескен тау, тармақ, талу, төбешік, талу жер, тозған жер, түгін тартсаң, тегіс жер, түзу жер, тар жер, талас жер, тарихи жер, тыныс жер, тал шоқы; **Ш:** шақат жер, шұрайлы жер, шатқал, шың, шалшық, шөл, шыт, шат, шоқы, шың, шың-құз, шилеуіт жер, шұрайлы жер, шөлейіт, шалған жер, шөл дала, шұрат, шыбар, шығанақ; **Ы:** ыстық жер, ылғалды жер, ыраңды жер [4, 8-121].

Ә.Қайдардың еңбегінде жердің түрлері, жерге қатысты ұғымдар, жер бедеріне қатысты атаулардың сипаттамасы, жер-су атауларының семантикасы берілген.

Орыс тілінің идеографиялық сөздігінің архитектурасы мен семантикалық түсіндірмесі басқаша ұйымдастырылған, 19 параметрден тұрады: ЗЕМЛЯ «ЗЕМНАЯ ТВЕРДЬ, СУША») 1. *быть* (Земля, суша возникла, появилась, образовалась); 2. *кто, что* (Суша - часть земной поверхности, омываемая морями, океанами; также вся неводная земная поверхность). «Суша (от сухой) - берег, земля, материк, противоп. вода, воды» (*Даль*); 3. *каков*; 4. *какой*; 5. *чей*; 6. Действие, состояние, отнесенность (мысалы, продажа земли, земля зеленеет т.б.) ... ; 13. *где*: северные земли, Среднерусская возвышенность т.б. Анықтамалар мен мысалдар негізінен *Даль* сөздігінен және орыс акын-жазушыларының еңбегінен алынған.

**Орыс идеографиялық сөздігіндегі «Земля» лексемасына қатысты ұғымдар тізімі** (барлығы 120 бірлік): *балка, берег, болотина, болото, болотце, борозда, брег, бугор, бугорок, буерак, взгорок, взгорье, водомоина, водороина, возвышенность, всхолмление, всхолмье, высота, высотка, горка, гряда, дол, долина, елань, земледелец, земледелие, землемер, земляца, земляшка, зыбун, канава, котловина, кочка, кочкарник, курган, левада, лесостепь, лог, логовина, ложбина, ложбинка, ложок, лощина, луг, луговина, лужок, материк, междуречье, мыс, непашь, неудобье, нива, низ, низь, низина, низменность, новина, новь, обрыв, овраг, остров, островок, откос, пажить, пащина, плато, плоскогорье, побережье, подол, пойма, поле, полуостров, поляна, полянка, пригорок, пустошь, пустыня, пустырь, равнина, разлог, ров, рывина, степь, суходол, суша, топь, трясына, тундра, увал, увальчик, урочище, участок, ходун, холм, холмик, целина, ямина, яр, безбрежный, береговой, болотистый, болотный, возвышенный, земельный, земной, луговой, материковый, наземный, неземной, низменный, овражистый, островной, подземный, полевой, пустынный, равнинный, степной, трясинный, холмистый, целинный.*[3].

Бұл екі сөздіктің басты айырмашылығына келсек, орыс сөздігінде паремиялық қор, тұрақты тіркестер қамтылмаған, ескерілмеген. Керісінше, Ә.Қайдардың еңбегінде мақал-мәтел, тұрақты тіркестер түсіндірмесімен берілген. Тізімін ғана келтіреміз: *Адамсыз жер сүрней, Аққусыз көл сүркей; Алтын тағың болғаниша, алақандай жерің болсын; Әркімнің өз жері – Мысыр шаһары; Жер басқанға мәз болма, жерде ізің қалмаса; Жер дауы жесір дауынан қиын; Жер иесі – Майдан (Мырқайдар); Жер көңді жақсы көреді, Ат жемді жақсы көреді; Жер тарихы – ел тарихы; Жер тоймай, ел тоймайды; Жер төбесіз болмас, ел төресіз болмас; Жерден жердің несі кем – егін шықса, Ерден ердің несі кем – уәдесінде тұрса; Жердің иесі – халық; Жер-жерінде, жекен суында; Жеті қат жер; Көрмеген жердің ой-шұңқыры көп; Туған жер; Сүркей жер.*

Автордың жерге қатысты жалпы тізімінде семантикасында тарихи этномәдени жүктемесі бар тілдік бірліктер мен тіркестер қамтылған екен, мысалы, *еңку-еңку жер, ата-баба жері | ата-бабалар сүйегі жатқан жер, Дешті Қытшақ жері, жер жаннаты, жердің түгі* т.б.

Ә.Қайдардың аталмыш еңбегінің макроқұрылым үш негізгі «Адам», «Қоғам», Табиғат» атты базалық кешендерден тұрады. Оның іштей жіктеліп, жүйеленуі мегатаксондар (түйін ұғымдар), таксондар, таксонның өзі іштей сан микротаксондарға (тектік, гиперонимдік-гипонимдік семаларға) жіктеледі. Бұл әлемдік тәжірибедегі идеографиялық, семантикалық-тақырыптық лексикографияға тән құрылым. Алайда бір мағына төңірегінде ұйымдасқан семантикалық-тақырыптық топ «қатып қалған» мызғымайтын құрылым емес, оның шекаралары ашық келеді. Яғни бір тақырыптық топтағы лексема семантикасының ерекшелігіне сәйкес екінші өзге топтағы таксонға «кірігіп», репрезенттеле береді. Мәселен, Ә.Қайдардың «Адам»



макротобындағы лексема «Табиғат» макротобындағы таксонда көрініс табады, 1 томдағы ұғымдар 3 томдағы ырым-тыйымдар бөлімінде көрініс тапқан.

Әрі қарай таратып-жіктеп айта беруге болады, әрине, бұл лексикография теориясына да қатысты мәселе. Тақырыптық-идеографиялық сөздікті әзірлеудің қажеттілігі ұлттың, этностың тілдегі «ғалам бейнесін», қоршаған дүние, ғалам туралы білімдерді мен оның түсіндірілуін (интерпретациясын) семантикалық категориялар бойынша орналасуында болып отыр. Сөздікті қолданушыға семантикалық тақырып бойынша орналасуы қажетті материалды табуына қолайлы болмақ.

Сондай ақ әлемдік тәжірибеде біз шектеліп жүрген микротаксондардың өзін әрі қарай «нанотаксондарға» дейін жіктеу бар екен. Отандық лексикография үшін бұл, әрине, болашақтың жұмысы.

Лексикография саласының әрі қарай өркендеп, дами түсетіндігі жөнінде белгілі орыс лексикограф маманы М.Я.Мартынюк былай дейді: «Учитывая бесконечность развития языка и языковых изменений, можно предсказать безграничное будущее искусства создания словарей» [2].

Сонымен, аса танымал тілші ғалым, ұлттық тіл білімінің заңғары, академик Әбдуәліұлы Қайдар ұлттық мәдени кеңістікті әр қырынан лексикографиялаған, ана тілінің табиғатын өлшеусіз тереңіне бойлаған, нағыз тәжірибелі тіл білгірі, хас шебері екендігін еңбектері дәлелдей түседі.

#### Әдебиет

1. Чернышева М.И. Словарь русского языка XI-XVIII вв. Дополнения и исправления. 27 выпуск. Москва: 2006. – 61 стр.

2. Мартынюк А.Я. Русская лексикография: традиции и перспективы / А.Я.Мартынюк. – 2004. – Режим доступа: [http://www.nbu.gov.ua/Articles/KultNar/knp49\\_1/knp49\\_1\\_180-182.pdf](http://www.nbu.gov.ua/Articles/KultNar/knp49_1/knp49_1_180-182.pdf)

3. Русский идеографический словарь © Российская Академия наук, 2011. © Институт русского языка имени В.В.Виноградова, 2011. © SLOVARI.RU 1 – Σίγα, 2014.

4. Қайдар Ә.Т. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Табиғат. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. 612–6.

**Бекзат ДИНАЕВА**

*Astana IT University*

*филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

### ҒАЛАМНЫҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҢҒЫРТУ ӘДІСТЕРІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ ПАРЕМИОГРАФИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Мақалада ғаламның паремиологиялық бейнесінің сөздік түзу және дискурсивті бағытта жаңғырту әдістері қарастырылады. Ғаламның паремиологиялық бейнесінде сақталған мәдени кодты ашу үшін паремиографиялық сөздіктер лексикографиялық қағидатпен түзілуі қажет. Автор осы уақытқа дейін шыққан қазақ және түрік паремиографиясындағы даналық сөздердің басым тақырыптарын санамалап көрсетеді. Ғаламның паремиологиялық бейнесін жаңғырту үшін паремиологиялық материалды сөздік түзу және дискурсивті тәсілдерді қатар қолдана отырып талдау шынайы әрі толық нәтиже беретініне тоқталады.

**Тірек сөздер:** ғаламның лингвистикалық бейнесі, ғаламның паремиологиялық бейнесі, ғаламның паремиологиялық бейнесін жаңғырту, лексикографиялық қағидат.

**Аннотация.** В статье рассматриваются методы реконструкции паремиологической картины мира в лексикографическом и дискурсивном направлениях. Для выявления культурного кода, сохранившегося в паремиологической картине мира, паремиографические словари должны создаваться по лексикогра-

фическому принципу. Автор перечисляет основные темы мудрых слов в опубликованных к настоящему времени казахских и турецких паремиографиях. Подчеркивается, что анализ паремиологического материала с одновременным использованием лексикографического и дискурсивного методов с целью реконструкции паремиологической картины мира дает верные и полные результаты.

**Ключевые слова:** лингвистическая картина мира, паремиологическая картина мира, реконструкция паремиологической картины мира, лексикографический принцип.

**Abstract.** The article considers the methods of reconstruction of the paremiological picture of the world in lexicographic and discursive directions. To reveal the cultural code preserved in the paremiological picture of the world, paremiographic dictionaries should be created according to the lexicographic principle. The author lists the main themes of wise words in the Kazakh and Turkish paremiographies published so far. It is emphasized that the analysis of paremiological material with simultaneous use of lexicographic and discursive methods in order to reconstruct the paremiological picture of the world gives correct and complete results.

**Keywords:** linguistic picture of the world, paremiological picture of the world, reconstruction of paremiological picture of the world, lexicographic principle.

Когнитивтік парадигма – қазіргі тіл біліміндегі ең көп ізденетін және қарастырылатын салалардың бірі. Когнитивтік лингвистика – тілді когнитивтік механизм, таңбалар жүйесі ретінде сипаттайтын пәнаралық сала. Танымдық өлшемдер ұлттың шынайы болмыс туралы тілдік қорын тасымалдаушы, иеленуші және таратушы ретіндегі қызметіне қатысты зерттеледі. Когнитивтік лингвистикада тілдің ішкі когнитивтік құрылымы сөйлеуші мен тыңдаушыны ақпаратты өңдейтін жүйе ретінде сипаттайды, сондықтан тілді жалпы танымдық және қатысымдық талаптарға сәйкес келетін когнитивтік жүйе ретінде қарастыру қажет. Тіл адамның өзара байланысын ескере отырып, адам әрекетін танып, категорияларды атайтын, тұжырымдайтын және қарым-қатынас әрекетіне енгізетін субъект ретінде анықтайды.

Соңғы кездері ғаламның тілдік бейнесіне ерекше мән берілген зерттеулер кеңінен жүргізіліп жатыр. Дүниетаным тілге септігін тигізсе, тіл адам санасындағы ғаламды бейнелеуді ретке келтіреді. Тіл – болмыстың айнасы, адамзаттың ғалам туралы білімдерін дамытудың бір түрі. Өңделген ақпарат – ғаламның бейнесі. Онда адамзат дүниетанымының негізгі белгілері болғандықтан, ғалам бейнесі адам дүниетанымының негізгі элементі болып саналады. Адам санасында болмысты құрайтын нақты белгілер мен таңбалар білім түрінде жинақталады. Тіл адамның дүниені тану барысында алатын білімімен, оның адам санасында қалай көрінуімен тығыз байланысты. Қандай да бір ұғымның санада қалыптасуы үшін ол тілдік таңба арқылы көрсетілуі керек. Ұғымның мазмұны санада осы бейнелеудің ұқсастығында бейнеленеді.

Күнделікті өмірде жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан білім қоры тілдік електен, лингвистикалық іріктеуден өтетіндіктен, білімнің негізгі құрылымы тілде көрініс табады. Тіл – білімді бейнелеумен қатар ойды жеткізу құралы, сондықтан тілді зерттеу арқылы танымдық белсенділікті де анықтауға болады. Тіл адамнан тыс өмір сүрмейді, шындық санамызда, жадымызда көрініс табады. Ғаламның тілдік бейнесі – ойлаудың, тіл мен болмыстың әлем туралы ойды білдіру құралы ретінде өзара әрекеттесу нәтижесінде қалыптасатын тілдік жүйеде, яғни сананың лексика мен грамматикада кодталған туындысы. Белгілі бір қауымдастықтағы ұғым мен білім қоры тілде сақталады. Ғаламның тілдік бейнесі тұрақты, яғни дүние туралы білім арнайы құрылымдалып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сөйлеушілердің тілдік санасы, ойлау тәсілі дәстүрлі категориялар арқылы беріліп, сақталады.

Ғаламның лингвистикалық бейнесі (бұдан әрі – ҒЛБ) – тілдің әртүрлі деңгейіндегі бірліктер арқылы мозаика секілді құрылған күрделі ілім. ҒЛБ-ны абстракция, ерекше когнитивтік құрылым, әлем және құндылықтар жүйесі туралы ақпаратты объективтендіру құралы ретінде тану ҒЛБ зерттеудің негізгі аспектілері туралы айтуға мүмкіндік береді. Ғаламның тілдік бейнесінің ажырамас бір бөлігіне айналған ғаламның паремиологиялық бейнесінде мәдени код пен ұлт ділінің лингвомәдени қоймасы сақталған. Ғаламның паремиологиялық бейнесін жаңғыртудың негізгі әдістеріне өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар сөздік түзу мен дискурсивті бағыттар жатады.

Р.Х.Хайруллина ҒЛБ-ны тану үшін логикалық талдау концептілік өрісті «түгендеуге» ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ұғымның маңыздылығын сипаттауға мүмкіндік беретін

логикалық, философиялық және аксиологиялық үш аспектісін анықтаған. Философиялық көзқарас болмыстың вербалды белгісін ұсыну арқылы «адамның ғаламды тану тәсілін» көрсететін концептіні құруға көмектеседі. Заттар мен құбылыстар әлемін бағалау арқылы «сөздің, фразеологиялық бірліктердің тілдік мағынасына концептуалдық талдау жүргізу нәтижесінде» семантикалық үлгілер қайта жаңғырады [1, 13]. Егер алғашқы екі аспект қолданыстағы және кеңінен зерттелген ғылыми парадигмаларға негізделсе, ал бағалау жүйесі арқылы тілді тану соңғы жылдары лингвоаксиология аясында жаңа пәнаралық бағыт ретінде зерттелген бірқатар жұмыстарда дамыды [2], [3].

«Әрбір халықтың болмыс туралы білімі мен ұғымы қоршаған әлемді тану үдерісінде қалыптасып, ғаламның ұлттық бейнесінде (бұдан әрі – ҒҰБ) әртүрлі тәсілмен вербалданып көрініс табады» [4, 17]. Халықтың тұрмыс-тіршілігі қаншама тілдік бірлік арқылы берілгенімен, негізінен фразеологиялық бірліктер мен паремияларда «ұлттық мәдениеттің, психология мен философияның айнасы» ретінде көрініс табады [5, 5]. Олар – ғаламның фразеологиялық бейнесі (бұдан әрі – ҒФБ) мен ғаламның паремиологиялық бейнесінің (бұдан әрі – ҒПБ) конституенттері. Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтар мен ырым-тыйымдар кіретін тілдің паремиологиялық қоры тұлғааралық қарым-қатынасты бейнелейтін жағдаяттардың жиынтығынан құралып, мәдени-прагматикалық мазмұндағы ақпаратты білдіреді. Осының нәтижесінде халықтың ғалам туралы қалыптасқан ұғымы мен оның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қамтитын ҒПБ құралады. Әртүрлі тәсіл арқылы қайта жаңғырған ҒПБ, халықтың менталитеті мен ұлттық құндылықтарын көрсететін лингвомәдени ақпаратты жеткізуге ғана емес, сонымен қатар тілдің паремиологиялық қорының концентрін (В.М.Мокиенконың термині) анықтауға да көмектеседі [6, 440].

ҒПБ әртүрлі тәсілмен жаңғырады. Е.В.Иванова ҒПБ-ны жаңғырту үшін әлем туралы әрі әмбебап, әрі архаикалық ұғым-түсінік пен көзқарастың болуын ескеріп, өтпелі кезеңдегі материалдарды талдау қажет деп санайды [7, 54]. Біз өз зерттеуімізде жоғарыда аталған ғалымның ойын жалғастыра келе, ҒПБ-ны сөздік түзу және дискурсивті бағыттарда жаңғыртуды (прагматикалық, этнолингвистикалық, лингвосинергетикалық бағыттарда жаңғырту) қолдап, олардың ерекшеліктерін көрсетеміз.

Сөздік паремияларды тізімге алып қана қоймайды, сонымен қатар тілдің болмысын қағазға түсіреді және мәдени ақпарат көзі бола отырып, ғаламның тілдік бейнесін көрсетуге көмектеседі. Паремиологиялық деректерге қарағанда қазақ мақалдарын ең алғаш рет қағаз бетіне түсіріп жинақтау XIX ғасырдың еншісіне тиеді. Сол заманда мақалдар ағартушы педагог Ы.Алтынсариннің еңбектерінде жарияланған еді (Хрестоматия. Орынбор, 1879). Одан кейін он жылдан соң қазақ тілін зерттеуші түркологтардың бірі В.В.Катаринскийдің еңбегінде 1500-дей мақал-мәтел көрініс табады (Сборник киргизских пословиц. Орынбор, 1899). Осылайша ел аузынан қазақ мақалдары біртіндеп жинала бастайды. Мәскеуде 1923 жылы «Мың бір мақал», Ташкентте 1927 жылы «Қазақ мақалдары», Алматыда 1935 жылы «Қазақ мақалы мен мәтелдері» жинақтары жарық көреді. XX ғасырда Ө.Тұрманжанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Ж.Дәуренбеков, Б.Ақмұқанова және т.б. құрастырған жинақтар шыққан. Мақал-мәтелдер жинағын шығару ХХІ ғасырда одан әрі жалғасын тапты. Бұл жинақтарда мақал-мәтелдер әліпбилік тәртіпте немесе тақырыптық қағидатпен топтастырылған. Бір айта кетерлігі, мұншама жинақтың бәрі лексикографиялық қағидатпен құрастырылмаған. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасын түсіндіретін сөздікті ең алғаш болып академик Ә.Қайдар «Халық даналығы» атты еңбегінде түзіп шықты [8]. «Халық даналығының» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, менталдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсу» [8, 5].

Мақал-мәтелдердің түсіндірме сөздігін лексикографиялық қағидат арқылы түзу тәжірибесі түрік тілінде өте жақсы дамыған. Үлкенді-кішілі, жалпыға халыққа немесе тек балаларға арналған «Атасөздер сөздігі» түрік мақалдарының мағынасын тереңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Түрік тілінде алғашқы мақал-мәтелдер жинағын Ыстамбұлда елші қызметін атқарған Дж.Донадо құрастырған. Түрік тіліне «Түрік мақал-мәтелдерінің қызықты жинағы» деп аударылатын бұл еңбек – түрік тілінде басылған алғашқы мақал-мәтелдер сөздігі [9]. Кейбір көне

қолжазбалар мен халық ақындарының жырларында кездесетін мақалдарды былай қойғанда, шын мәніндегі мақалдар түзілген алғашқы кітаптың бірінші басылымы 1863 жылы, екінші басылымы 1870 жылы, үшінші басылымы 1884 жылы жарық көрген. Бұл еңбекте 1800 мақал болған. Одан кейін «Türk Atalar Sözü сөздігі» жаңа түрік әріптерімен 1928 жылы жарық көреді. А.Демир 1933 жылы «Türk Darbimeselleri Yahut Atalar Sözü» жинағын, М.Өзөн 1952 жылы «Türk Ata Sözlери» жинағын, Ф.Түлбентчи 1963 жылы «Türk Atalar Sözü ve Deyimleri» сөздігін, Ө.Ақсой 1965 жылы «Atasözlери Sözlүğü» жинағын шығарады. Аталған жинақтардан басқа қазіргі уақытқа дейін түрік мақалдары әртүрлі автордың құрастыруымен тақырыптық топтарға жіктеліп те, әліпбилік реттілікпен де, мағыналары ашылған сөздік түрінде де жарияланып отырады. Мысалы, кейінгі жылдардың өзінде А.Пүскүлоглу құрастырған «Atasözlери ve Deyimler Sözlүğü» [10], Ү.Құсшы құрастырған «Atasözlери Ve Deyimler Sözlүğü» [11], Ө.Ақсой құрастырған «Atasözlери Sözlүğü» [12], Б.Ақсу құрастырған «Türk Atasözlери Sözlүğü» [13] жинақтарын атап өтуге болады. Соңғы жылдары Түркияда түрік мақал-мәтелдері, фразеологиялық бірліктері мен нақыл сөздерінің 70-тен астам жинағы жарық көрген.

Паремнографиялық жинақтарға талдау жасау барысында даналық сөздердің басым тақырыптарын анықтау арқылы кез келген халықтың құндылықтар жүйесін көрсетуге болады. Белгілі бір айдармен берілетін паремиялардың сандық артықшылығы құндылық константалары жүйесіндегі қандай да бір құндылықтың маңызы туралы ақпарат береді. Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдер сөздіктерінде ең көп қамтылатын тақырыпқа мыналарды жатқызуға болады:

- 1) Төрт түлік малға қатысты мақал-мәтелдер
- 2) Жануарлар мен аңшылық туралы мақал-мәтелдер;
- 3) Отанға, елге, билікке байланысты мақал-мәтелдер;
- 4) Ас пен сусын туралы мақал-мәтелдер;
- 5) Дін мен наным-сенімге байланысты мақал-мәтелдер;
- 6) Адамның түрлі қасиеттері мен адамгершілік қарым-қатынасқа байланысты мақал-мәтелдер;
- 7) Табиғат құбылыстары туралы мақал-мәтелдер;
- 8) Білім, ғылым, өнерге байланысты мақал-мәтелдер;
- 9) Еңбекке, оқуға, кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер;
- 10) Достық, жолдастық туралы мақал-мәтелдер;
- 11) Ынтымақ, бірлік, татулық туралы мақал-мәтелдер;
- 12) Денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдер.

Сөздіктерде материалды берудің негізгі қағидаты ҒПБ-ны жаңғырту үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Лексикографтар арасында тірек сөз, тірек компонент, фразеологиялық ұяшық терминдерінің қолданылуына қатысты келіспеушіліктер болғанымен, қағиданың мәні еуропалық ғалымдардың зерттеулерінен алынған. Бұл туралы зерттеуші ғалым В.М. Мокиенко орыс тіліндегі сөздіктер сериясында (В.М.Мокиенко, Т.Г.Никитина «Словарь псковских пословиц и поговорок»; В.М.Мокиенко, Т.Г.Никитина, Е.К.Николаев «Большой словарь русских пословиц») паремиялардың құрамындағы тілдік бірліктің негізгі мағынасы шоғырланған бірінші мағыналы сөз (әдетте, ол зат есім болып келеді) таңдалатынын атап өтеді. Паремнографиялық материалды осылайша түзу арқылы тілдік бірлікті жылдамдық іздеп табуға болады және «зерттеуші мақал-мәтелдің жеке фрагментінің ҒПБ-ны неғұрлым толықтай жаңғыртатын, әртүрлі семантикалық саланы біріктіретін коды бар белгілі бір тұрақты семантикалық фрагментке айналуына мүмкіндік беретін қызықты ақпарат алады» [14, 59].

Жоғарыда аталған Ө.Қайдардың «Халық даналығы» еңбегінде мақал-мәтелдер «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» атты үш үлкен макротопқа топтастырылып, макротоптар іштей кейбірі 30 шақты, кейбірі одан да көп микротопқа бөлінген. Ғалым орыс паремнологы Г.Л. Пермяковтың ізімен қазақ мақалдарын алғаш рет логика-семантикалық тұрғыдан да топтастырады [8, 141-145].

Паремияларды сипаттаудың дискурсивті әдісі «олардың таным үдерісі мен қатысым үдерісіндегі рөлін» анықтауға, «паремиялардың тек дискурс (және оның материалдық көрінісі ретіндегі мәтін) аясында ғана барынша толық ашылатынына» мүмкіндік береді [15, 6]. Сөйлеуші/тыңдаушы ауызекі тілде/мәтіндерде қатысымдық ниетті жүзеге асырады.

Паремиялардың контекстік қолданысы белгілі бір уақыт кезеңінің паремиологиялық шоғырын түгендеп қана қоймай, сонымен қатар сөйлеушінің қатысымға түсу ниетін түсіндірудің (экспликация) әртүрлі тәсілін көрсетіп, метатілдік ақпаратты да бекітеді. Түсіндірудің мынадай үш тәсілін ажыратып көрсетуге болады:

1) формальды әдіске графикалық таңбалау (мысалы, тырнақшаға алу, түспен ерекшелу, қаріпті өзгерту) және «тілдік оралымның сипатын (мақал, мәтел, халық даналығы т.б.) анықтау жатады, бұл сөйлеушінің мақал-мәтелде қамтылған бұрыннан бар пікірге сілтеме жасауын қалайтынын көрсетеді;

2) құндылық әдісі аралық орынды алады, мұнда сөйлеуші/жазушы паремияны жақсы-жаман шкаласымен бағалайды; соның арқасында сөйлеушінің/жазушының белгілі бір қатысымдық жағдаятқа қатынасы анықталып, құндылық бағдарлар жүйесі жанама тұжырымдалады;

3) паремияны концептуалды сипатта қолданатын концептуалдық әдіс: сөйлеуші/жазушы тілдік бірліктің мағынасын оның семантикалануы арқылы жандандырады.

Сонымен қатар әдеби және публицистикалық мәтінді талдау арқылы да ФПБ-ны жаңғырта аламыз. Автор белгілі бір мақал-мәтелді қолданған кезде жеке тезаурусы мен лексикографиялық дереккөздерді пайдалана алады. Паремиялар қоры лексикадан тілдің үнемі толықтырылатын ресурсы бола алмайтындығымен ерекшеленеді.

Қазіргі лингвистиканың құрылымдарының бірі болып табылатын ФПБ жан-жақты дәйекті сипаттауды қажет етеді. Бұл бағыттағы зерттеулердің мақсаты – тіл арқылы ғаламның көрінісін, ұлттың мәдениеті мен дүниетанымын анықтау және сипаттау. Ғаламның паремиологиялық бейнесін зерттеу лингвистикада ұлттық тілдік ерекшеліктерді, мәдени айырмашылықтарды және халықтық дүниетанымды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта жүйелі әрі дәйекті зерттеу арқылы тілдің терең мәнін ашып, оның ұлттық және мәдени құндылығын айқындауға болады. ФПБ-ны жаңғырту үшін сөздік және дискурсивті бағыттарды қатар қолдану арқылы паремиологиялық материалды талдау шынайы әрі толық нәтиже береді. Бір лексикографиялық қағидат бойынша құрастырылған әртүрлі сөздіктің (мысалы, «Қазақ мақал-мәтелдері сөздігі», «Түрік атасөздері сөздігі») мәліметтерін салыстыра зерттеу, сонымен қатар паремиологиялық материалдарға дискурсивті талдау жасау болашақ ғылыми еңбектердің перспективалық бағыты дегіміз келеді.

## Әдебиет

1. Хайруллина Р.Х. Картина мира в русской фразеологии. – М.: Прометей, 1996. – 147 с.
2. Бредис М.А. Отражение ценностных ориентиров в паремиях (на материале русского, латышского, литовского, немецкого и английского языков о дружбе и деньгах) // Вестник Новгородского университета. 2014. № 77. – 102 – 104 с.
3. Нелюбова Н.Ю. Отражение этнокультурных ценностей в пословицах франкоязычных стран // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2019. Т. 10. № 1. – 324 – 337 с.
4. Ломакина О.В. Фразеология в тексте: функционирование и идиостиль: монография / под ред. В. М. Мокиенко. – М.: РУДН, 2018. – 344 с.
5. Толстой Н.И. Язык и культура (Некоторые проблемы славянской этнолингвистики) // Русский язык и современность. Проблемы и перспективы развития русистики. Всесоюзная научная конференция, Москва, 20-23 мая 1991 г. Доклады. – М.: ИРЯЗ, 1991. Ч. 1. – 5 – 22 с.
6. Мокиенко В.М. Систематизация концентра в «Полном фразеологическом словаре русских народных говоров» // Полипарадигмальные контексты фразеологии в XXI веке: материалы междунар. науч. конф. – Тула: ТППО, 2018. – 439 – 445 с.
7. Иванова Е.В. Мир в английских и русских пословицах. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2006. – 280 с.
8. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
9. Donado G.B. Türkçenin Basılı İlk Atasözü Kitabı – G.B Donado'nun Derlediği Türk Atasözleri. – İstanbul, 2020. – 260 s.
10. Püsküllüoğlu A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – Ankara: Arkadaş Yayınevi, 2017. 14. basım. – 216 s.
11. Kuşçu Ü. Atasözleri Ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul: Altın Kitaplar, 2020. – 430 s.
12. Aksoy Ö.A. Atasözleri Sözlüğü. – İstanbul: İnkılap Kitabevi, 2022. – 324 s.



13. Aksu B.T. Türk Atasözleri Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2023. 1. basım. – 694 s.
14. Селиверстова Е.И. Пространство русской пословицы: постоянство и изменчивость. – М.: Флинта, 2017. – 296 с.
15. Константинова А.А. Англо-американские паремии в медиадискурсе: когнитивно-дискурсивный анализ. – Тула, 2012. – 226 с.

*Dinara KENJEGULOVA*  
*Şakarim Üniversitesi*  
*öğretmen*

## BILMECELER

**Özet.** Çalışmamızda Kazak halkının halk bilimindeki ve manevi dünyasında bilmecenin tür özelliği, onun yeri ve anlamı araştırıldı. Bu çalışmada halk biliminin yazısal edebiyatla ilişkisi, bilmece türüne etkisi belirlendi. Bilmecenin diğer halk bilimsel türlerle bağlantısı tespit edildi: bilmece-saval(bilmece-soru), şeşendik bilmece(hatip bilmece), bilmece-makal-matel(bilmece-atasözü), ölen-bilmece(şii bilmece), abjad bilmece(alfabe hakkında olan bilmeceler), tūs-bilmece(ruya-bilmece), esep-bilmece(hesap-bilmece), ertek-bilmece(masal-bilmece).

Araştırma sırasında bilmecelerin ilimsel açıdan derlenmesi, Kazak bilmecelerinin yayınlanması, onun türsel çeşitliği, bununla birlikte çağdaş bilmecenin eğitimsel ve kavramsal niteliği etraflı incelendi.

Kazak halkındaki bilmecenin ortaya çıkması, kökeni ve toplumsal hayata yönelik ilişkisi ve Türkiye Türkçesi bilmeceleriyle ilişkisi araştırıldı. Tarihsel açıdan bilmecenin toplumsal işlevi tespit edildi.

Bilmecelerin şiiresel yapısı, edebi türsel özelliğine önem verildi. Bilmecelerde karşılaşılan mecazın çeşitli kalıplarından örnek getirildi. Örneğin: kempir /yaşlı teyze/(staruha, babka), kız /kız/(devitsa, devuşka), kudyk /kuyu/(kolodets), darya /derya/, sandık /sandık/(sunduk), aydakar /ejderha/(drakon) vs.

**Anahtar kelimeler:** Bilmece, Kazak Halk Edebiyatı, tür, mecaz, bilmecesoru, bilmece- masal, bilmece atasözü.

**Abstract.** This study is dedicated to folklore studies, its nature, place and importance in spiritual cultural life of Kazakh people. There are connections of riddles with other branches of folklore genre. The following intermediate types of riddles have been distinguished: question-riddle, counting-riddle, eloquent-riddle, proverb-riddle, songriddle, abjad-riddle, calculation-riddle, dream-riddle, talc-riddle.

Our thesis deals with the history of investigation of Kazakh riddles, their genre peculiarities and their social significance. Educational and cognitive functions of riddles.

There are the origin of genre of riddles, historical sources and their connections with radical changes taking place in social life of Kazakh people. Common layers of Kazakh and Turkish riddles are exposed by means of comparative data. Genre's social function change and its stage of development are studied diachronically.

This study deals with literary-stylistic peculiarities, versification, figurative means of riddles. It is started that the main poetic means of the riddle is metaphor. The lexical layers of key metaphoric words are various. The following Kazakh riddles have become "dead" metaphors: Kempir (old woman), kyz (maiden), kudyk (well), daria(river), sandyk (trunk), aidakhar (dragon) etc and they are illustrated with vivid examples.

**Keywords:** Riddle, Kazakh Folklore, genre, metaphor, question-riddle, storyriddle, proverb-riddle.

Göçebe Kazak halkının geçmişine bakarsak onun manevi dünyasında sözlü edebiyat ve halk biliminin ayrı bir önemi vardır. Okuma-yazma, kültür merkezlerinin ender olduğu toplumda halkın manevi ihtiyaçlarını folklor gidermişti. Halk biliminin bir özelliği de halkın alıştığı örf-adetleri, yaşam tarzıyla iç-içe olmasıdır. Çocuğun bu dünyaya geldiği andan itibaren, öbür dünyaya gittiği ana kadar halkın çeşitli geleneklerinde, örf-adetlerinde şiiirler mutlaka yer almıştır. Halk biliminin toplumdaki güçlü etkisi, yerine getirdiği vazifeleri ne kadar genişse, onun çeşit ve türleri de o kadar bol ve o kadar geniş olmuştur.

Halk mirasının büyük bir dalı, bilmecedir. Bilmeceler, sayısız halk bilimi türlerinin arasında geniş bir yeri kaplamaktadır ve eski zamanlardan beri halkın yaşamıyla iç-içe olup, nesilden nesile devam eden, bugün de tarih sahnesinden kaybolmadan, yeni gelişme süresini baştan geçirmekte olan değerli mücevherlerdir.

Bilmecenin sözlü edebiyatta, halkımızın genel manevi yaşam tarzında yer ve önemini belirlemek- bu çalışmamızın asıl amacıdır. Kazak bilmecesi hakkında M. Avezov, A. Marğulan, M. Abjanov, N. Onğarbayeva vb. çalışmalarını yaptı.

Bilmecelerle ilgili geniş bilgi toplayıp, bu zamana kadar neler toplandığını, ileride bu alanda nelerin yapılması gerektiğini belirlemeyi amaç edindik. Bir asırlık tarihi olan bilmece araştırmalarıyla ilgili söylenen fikirlere, yapılan araştırmaları değerlendirmeye çalıştım.

Bilmecede halk yaşamının yansımaları veya onun gerçeğe ulaşan kısımlarını, şiirsel yapısını, diğer türlerle bağlantısını belirlemek gerekir. Her nazımın özelliğini, kendine özgün hususlarını üslubundan fark etmek mümkündür. Bu yüzden de bilmecenin üslup özelliklerini araştırmak için onun içerik-yapısına, konusuna önem vermek gerekir. Bugüne kadar bilmece sadece söz sanatı alanında araştırma konusu oldu, fakat onun inançla, örf-adetle ilgili yönlerine pek önem verilmedi.

Bilmecenin tarzı, toplumsal görevinin değişme süreci, bugündeki gelişme durumu, beyin sistemiyle ilişkisi, mantıksal yapısı her yönden incelendi. Bahsi geçen türün şiirsel yapısı Kazak halk biliminde ilk defa ilimsel araştırma konusu oldu. Bilmecenin eski söyleniş geleneğini tasvir eden etnografik bilgilerden bol örnek getirildi.

Genel olarak baktığımızda araştırmacılar bilmeceyi uzun zamandır araştırmaktadırlar. Rus, Karel bilmeceleri hakkında monografik hacimdeki çalışmalar yaptı [11, 4]. Tatar, Saha, Özbek, Altay Karakalpak, Kırgız vb. Türk halklarının bilmeceleri konusunda araştırmalar yapıp, tezler savunuldu [12, 26; 19, 26; 20, 23; 7, 24; 3, 124; 2, 26]. Moskova’da yayımlanan paremyolojik eserlerde dünya halk bilimcilerinin bilmece hakkındaki son zamanlardaki makalelerinin çevirilmesi yeni bir fikir yürütmemize yol açtı.

Bilmeceler hakkında yerli ve yabancı pek çok bilim adamı çalışma ve araştırma yapmıştır. Tür üzerinde araştırma ve çalışma yapan bilim adamları dikkatlerini çeken özellikleri göz önüne alarak birbirine benzer veya tamamlayan ancak farklı tarifler yapmışlardır. Bu tarifleri araştırma yapan bilim adamlarının Türk ve yabancı olmasını dikkate alarak iki başlık altında vermek uygundur.

Yabancı araştırmacılar bilmecelerin tarifini yaparken onlarda yer alan mecazlardan, betimlemelerden ve benzetmelerden yola çıkmışlardır. Mecaz fikrini ilk ortaya atan ise “İyi bilmeceler bize genel olarak doyurucu mecazlar sağlar; çünkü mecaz bilmeceyi gerektirdiğinden, iyi bir bilmece güzel bir mecazın oluşmasına yol açabilir.” cümleleriyle Aristo olmuştur [5].

Michael D. Lieber bilmeceyi şöyle tarif etmiştir: “Gerçek bilmece nesnelere özelliklerini, kategorilerini ve sınıflarını kullanan semantik bir oyundur” [21, 261].

Tietze, kelimenin bil- fiilinden –me masdarı ve –ce ekleriyle türediğini belirterek aldatmaca kelimesine gönderme yapar, bilmece tanımı konusunda herhangi bir bilgi vermez [18, 345].

Kazak alimleri M. Alimbayev ile K. Ergöbekov’un bilmece kelimesinin ortaya çıkması konusundaki görüşleri şöyledir: “Bilmece ilk başta oyun olarak ortaya çıkmıştır. Çocuk gözünü kapatarak, bir eşyayı gizlemiş, yani, bilmece-gözü kapatmak, gizlediğinde bulmak(bul-mak) köklerinden oluşur. Sonra da, gözü kapatıp bulmak(hızlı düşünmek, çabuk çözmek) anlamına sahip olmuştur. Göz-bilmece ve bulmak gibi iki kelimenin kısaltmasından, birleşmesinden “bilmeceye” dönüşüp halk bilimsel terim anlamı kazanmıştır” [4, 26].

Ahmet Baytursınov, Bilmeceyi Kazak halk biliminin bir türü olarak görüp: “Bilmece kelimesinin yummak fiilinden çıktığını, yani elin içerisinde bir şeyi gizleyip, yummakla irtibatlı olduğunu belirtip, “Düşüncüyü gizleyip, söylemeden, bir şeye benzer şeyleri tasvir etmektir, bilmece zihni geliştirmeye çok uygun bir şey”,-diye tarif eder [6, 234].

Karşılaştırmalı Türk lehçeleri Sözlüğü’nde Türkiye Türkçesindeki bilmece karşılığı olarak; Azerbaycan Türkçesinde bilmece, tapmaca; Türkmen Türkçesinde matal, tapmaça; Başkurt Türkçesinde yomak, tabışmak; Kazak Türkçesinde Bilmece; Kırgız Türkçesinde tabışmak; Tatar Türkçesinde tabışmak, başvatkiç, sir; ÖzbekTürkçesinde tapışmak; Uygur Türkçesinde Tepişmak kelimeleri verilmiştir [23, 70-71].

Bilmece bilmek fiili temelinde ortaya çıkmıştır, Türkmenlerde “matal” bilmece anlamını verirse, özbeklerde 1) Atasözü; 2) hikaye, beyan etmek; 3) masal [22, 256], Kazak dilinde “atasözü”-imalı söz.

Kazak kültüründe bazı bilmecelerin söyleyeni belli, bazıların ise belli değildir yani anonimdir. Bilmeceler aynı zamanda hem şiir şeklinde hem de nesir şeklinde olabilmektedir. Ayrıca bilmeceleri söyleniş amacını dikkate alarak da tasnif etmek mümkündür.

Bilmecelerin şekil ve konu meselesi ileriki bölümlerde ayrıntılı bir şekilde ele alınacağından burada bu özellikler kısaca maddeler hâlinde verilecektir:

Bilmeceler şekil yapısı bakımından manzum ve mensur olarak ikiye ayrılmaktadır. Manzum şeklinde olan bilmeceleri hece vezniyle ve vezinsiz olanlar diye tasnif ettik. Bir de bu nazım şeklindeki bu bilmeceleri kafiye yapısı açısından yarım kafiye, tam kafiye, zengin kafiye, tunç kafiyeli olanlar diye değerlendirdik.

Kazak halkının nesir şeklindeki bilmecelerinden söz edecek olursak, bunlar genelde bir satırdan oluşmaktadır. Bunların yüklemeleri kurala uygun cümle sonunda gelir.

Kazak halkındaki bilmecelerin muhteva yapısı geniş bir yelpazeyi oluşturmaktadır. Toprakta yaşayan hayvanlardan itibaren gökyüzünde uçan kuşa kadarki konuları kapsamaktadır. Biz çalışmamızda bilmecelerin içeriğini: cevabı gökyüzü, yer, hayvanlar, kuşlar, böcekler, tarla ve bitkiler, insanlar ve insan organları, yiyecekler ve içecekler, gıysiler, kıstav, ateş yakma, ışıklandırma, çanak-çömlek, el sanatıyla ilgili olanlar konuları altında değerlendirmeyi uygun bulduk.

Aşağıda bilmecelerin diğer halk edebiyatı türleriyle ilişkisini, yani bilmecemakal/matel(atasözü), bilmece-ölen (halk şiiri), bilmece-kara söz (nesir), bilmece şeşendik söz (vecize), bilmece-ertegi (masal) gibi folklor ürünleriyle ilişkisini tespit etmeye çalıştık.

### **Bilmecelerin diğer türlerle ilişkisi**

Bilmece anonim halk edebiyatının bir ürünüdür. Halk edebiyatı üzerine yapılan çalışmalar arttıkça türlerin ilişkisi ve ortak noktaları da araştırılmıştır. 10 Bilmece çok yönlü bir ürün olduğu için onun halk edebiyatının hemen hemen her türü ile bir ilişkisi vardır. Bazıları mâni şeklinde söylendikleri için mânilerle, bilgi sınamak amacıyla masallarda ve halk hikâyelerinde kullanılmasından dolayı masallar ve halk hikâyeleriyle, bazıları tekerlemeyi andırdıkları için tekerlemelerle, birtakım mizahî unsurları barındıranlar ise fıkralarla bir ilişki içerisindedirler.

Ancak ferdi bilmece diyebileceğimiz bazı bilmeceler de muamma ve lûgazlerle yakın ilişkilidir [8, 7].

Bilmece türü mensur olabildiği gibi manzum da olabilmektedir. Manzum ve mensur olmasının yanısıra söyleyenin söylenene verdiği mesaj dikkate alınarak diğer türlerle müşterekler arz eder.

#### **1. Bilmece-makal/matel (atasözü)**

Bilmeceler şiirsel yapı yönüyle atasözlerine benzer. Amarikalı halk bilimci E. Taylor bilmece çok eski zamanlarda bilmece atasözleriyle birdir, sonraları ayrılıp, iki ayrı tür olarak gelişmiştir, fikrini dile getirir [17, 78].

Atasözleri kendi yorumlarını imalı şekilde ulaştırabilir, bu açıdan baktığımızda bilmeceye çok yakındır. Aşağıdaki şu atasözleri bilmece yerine de geçerlidir: “El jatsa, enekem jatpaydı” (Millet uyursa, kayın validem uyumaz), “Aşılmağan sandıkta pişilmegen kundız bar” (Açılmayan sandıkta işlenmeyen kundız var), “Uyada ne körsen, uşkanda sonı alarsın” (Yuvada ne görürsen, uçtuğunda/ büyüdüğünde onu alırsın), “Üy artında bayterek, küresuge kisi kerek” (Ev arkasında kavak, güreşmeye kişi lazım), “Sırtı jaltıravık, işi kaltıravık eken” (Dışı parlak, içi titriyormuş).

Bilmece ile atasözlerin ilişkisi iki taraflı. Birincisi, bilmecenin atasözüne dönüşmesi mümkündür, bunun için de bilmecenin cevabını bulma şartı olmaması gerekir, çoğunlukla cevabı unutulmuş bilmece atasözü yerini alabilir. İkincisi, atasözü bilmece yerine kullanılıp, çözümünün bulunması talep edilir. Örneğin, Kazak dilindeki: “avru batpandap kiredi, mıskıldap şığadı” (hastalık saldırı girer, alay ederek çıkar)-atasözünün ilk “avru” (hastalık) kelimesi kaldırılıp, bilmeceye dönüştürülmüştür, yani cevabı-hastalık.

Bu iki türün birbirinin yerine geçip, kullanılma sebebi dış özelliklerinin ve içeriğinin benzer olmasıyla açıklanır. Atasözü de düşünceyi imalı, gizli bildirir, insanı farklı fikir içerisinde bırakır, onun esas anlatmak istediğini mantık yürüterek belirleriz.

Dildeki deyimlerle cümlelerin bilmecelere dönüştüğünü örnekler ıspatlar. Çekingen, utangaç insanlara yönelik “jusannan alasa, betegeden biyik” (Pelinden alçak, betegeden uzun) deyimini tavşanın tavırlarını net bir şekilde gösteren bilmeceye dönüştürmüştür. “Jer astınan jik şıktı, eki kulağı tik şıktı” (Yer altından jik şıktı, iki kulağı dik çıktı) deyimini aniden, beklenmedik bir anda bela çıktı anlamını verir.

Kırgızlarda:

Jerden jik şığat, (Yerden jik çıkar)

Yaki kulağı tik şığat (İki kulağı dik çıkar)

bu bilmece fare [16, 82] konusundadır.

## 2. Bilmece-ölen (halk şiiri)

Bilmecelerin kafiyeli ve manzum şeklinde olduğunu başta söylemiştik. Bu özelliği sayesinde çabuk ezberlenir bir ahenge sahiptir. Bilmecelerle birlikte onların çözümleri de şiir şeklinde olabilir.

Kümbir-kümbir kisinetip, (Gümbür gümbür kişnetip)  
Küreng mingen bar ma eken? (Ata binen var mı ki?)  
Eki tisin aksitip, (İki dişini gösterip)  
Sylu süygen bar ma eken? (Güzeli seven var mı ki?)  
Uzın-uzın kara jol, (Uzun uzun kara yol)  
Tübüne jetken bar ma eken? (Sonuna ulaşan var mı ki?)  
Tyngyıkty kara su, (Sonsuz kara su)  
Tübüne jetken bar ma eken? (Dibini gören var mı ki?)  
Şeşüvi:(Cevabı):  
Kümbür-kümbir kisinetip, (Gümbür gümbür kişnetip)  
Küreng mingen-payğambar. (Ata binen-peygamber)  
Eki tisin aksitip, (İki dişini gösterip)  
Sylu süygen-şahriyar. (Güzeli seven-şahriyar)  
Uzın-uzın kara jol, (Uzun uzun kara yol)  
Tübüne jetken-jolavşı. (Sonuna ulaşan-yolcu)  
Tyngyıkty kara su, (Dipsiz derin kara su)  
Tübüne jetken-balıkşı. (Dibine ulaşan-balıkçı)

Bu bilmece manzum şeklindedir. Nazım bilmeceler çoğunlukla düz şiir şeklinde gelir. Şiir genelde belirli bir vezin ve kafiyeye söylenir.

## 3. Bilmece Karasöz (Nesir)

Kazak bilmecelerinin araştırmacısı M.Abjanov'un "hesap/sayısal bilmecelerin türleri çok az gelişmiştir" [1, 65] düşüncesini kabul etmez. Hesap/sayısal bilmeceler az değil, halk içinde çok rastlanır. 1986 yılı "Mektep" yayınevinden halk hesap/sayısal bilmecelerinin bir kısmı kitap olarak yayınlandı. Kitabı derleyenler aşağıdaki gibi bir sonuca varmıştı:

научного обращения. Можно сказать, что в тюркологии всего мира тема переводческого дела у древних тюрков недостаточно изучена. Среди тех, кто занимался общетюркскими словарями, были советские ученые В. В. Радлова «Опыт словаря турецких наречий» (1893, 1899, 1905, 1911) I-IV т. «Бада’и’ ал-лугат : Словарь Тали’ Иmani Гераского к сочинениям Алишеры Навои «А.К.Боровкова АН СССР. Ин-т народов Азии. Москва: Изд-во Восток. лит. 1961г. Работа г. Клаусона из зарубежных ученых «Sanglax: A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdī Xān», опубликованная в 1960 году, и книга А. Вамбери 1862 года «Abuska Csağatajtörök Szogyüjtemeny (Abuşka Çağatay Türkçesi Söz Derlemesi)», Ф. Статья Рахими «Iran Kitaplıklarında Bulunan Çağatay Türkçesi Sözlükleri», опубликованная в 2017 году, и т. д. можно назвать. Во время написания статьи Дж. «Çağatayca El Kitabı « Экмана, опубликованная в 2012 году (перевод. Гюнай Караагач) и статьи Х. Эрена “Çağatay Lügatleri Hakkında Notlar”, Ф.Рахими «Çağatay Türkçesi Sözlükleri Bibliyografyası» и З. бессмертия «Çağatay Edebiyatı ve Çağatay Edebiyatı Üzerine Araştırmalar». При написании работы использовались методы сбора, группировки, перевода, сравнения, исторического сравнения. Работа полезна для специалистов всех сфер, связанных с древнетюркскими языками, работников редких рукописных центров и научных институтов.

**Ключевые слова:** древнетюркский язык, средневековье, чагатайский язык, словари, переводческая деятельность.

**Abstract.** The article considered dictionaries in the Chagatai language, which was the language of literature and culture, science and civilization. Chagatai is a language used by the Turks who lived in Central Asia in the Middle Ages. In the Middle Ages, neighboring peoples took up the creation of mass dictionaries to understand the works of the Turkic language, which contributed to the development of world civilization. Especially the special interest in the works of such literary figures as Alisher Navoi at a high level led to the writing of chagataisha dictionaries. Since that time, many dictionaries of chagataisha-Ottoman, chagataisha-Persian, etc. have been written. We can say that translation studies were significantly developed in the Middle Ages in the Turks. The purpose of the article is to summarize and present the Chagatai language dictionaries, as it is a topic that has never been studied in the Kazakh language, to give information about who studied in World Science. The relevance of the article is due to the fact that it was first developed in Kazakh science and entered into scientific circulation. In general, in the Turkology of the world, the topic of Translation Studies in the ancient Turks is not sufficiently studied. Among those who were engaged in the work of dictionaries in the Turkic language in general, V. V. Radlov’s was one of the Soviet scientists. “experience of the Russian Turkic languages” (1893, 1899, 1905, 1911) the work of T. I-IV and A. K. Borovkov “Bada’i’ Al-lugat: the dictionary of Tali’imani Geratsky to alishera Navoi “ of the USSR. In-T Asian people. Moscow: izd-Vost. lit. We can mention the works of 1961. From foreign scientists, G. Clauson’s work “Sanglax: a Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdī Xān”, published in 1960, and A. Wambieri’s 1862 book “Abuska Csağatajtörök Szogyüjtemeny (Abuşka Çağatay Türkçesi Söz Derlüy), F. Rahimi’s article” Iran Library”, published in 2017, Çağatay Türkçesi Sözlükleri, etc. can be called. In the process of writing the article, J. Ekman’s “Çağatayca El Kitabı”, published in 2012 (trans. Günay Karaagach) and articles by H. Eren “notes on Chagatay Lügatleri”, F. Rahimi “Çağatay Türkçesi Lexiconleri Bibliografyası” and Z. Ölmez “research on Çağatay literati ve Çağatay literati” were used. In the process of writing the work, methods of collection, grouping, translation, comparison, historical comparison were used. The work is useful for specialists in all fields related to ancient Turkic languages, employees of rare manuscript centers and scientific institutes.

**Keywords:** ancient Turkic language, Middle Ages, Chagatai language, dictionaries, translation activity.

Шағатай тілі – Орта Азиядағы түркі халықтары XV ғасырдың басынан XX ғасырдың басына дейін қолданған жазбаша тілі ретінде белгілі. Науаи қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларын түсіну мақсатында ислам әлемінің бұрыш бұрышында түрлі түрлі сөздіктер жазыла бастаған. Бұл сөздіктер көбіне Осман империясы, Иран, Әзірбайжан, Үндістан, Түркістанда жазылған. Сөздіктердің жазылуы түркі тілінің даму тарихына үлкен үлес қосып, лексикографиялық мектептерді қалыптастырады. Бұл еңбегімізде негізінен Шағатай тілінің сөздіктері мен олардың зерттелу барысы туралы баяндаймыз. «Шағатай» сөзі Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың атынан алынған. Шағатай хандығы Шағатайдың немересі Қара-Хулағудың (1242-1246) кезінде құрылған. Алишер Науаи «Мизан әл-Абзан» еңбегінде «шағатай халқы» сөзін Әмір Темірдің халқын басқа түркі халықтарынан ажырату үшін қолданған.

Шағатай тілін жан-жақты зерттеген Джанос Экман тілді үш кезеңге бөледі: I. классикалық әдебиетке дейінгі кезең (XV ғасырдың басынан 1465 жылы Науаидің алғашқы диваны жарық көргенге дейін): Бұл кезең көне түркілердің бірқатар ерекшеліктері сақталған өтпелі кезең. Секкаки, Лүтфи және Хайдар Хорезми сияқты өкілдері бар. II. классикалық кезең (1465-1600): Науаи, Хусейн Байқара және Бабыр сияқты өкілдері бар. III. классикалық кезеңнен кейінгі кезең (1600-1921): бір жағынан Науаи тіліне мұқият еліктеу, екінші жағынан өзбек элементтерінің әсері байқалады. Оның Бахадүр хан сияқты өкілі бар (Экман, 2012:16). Түрік ғалымы Фуад Көпрулу бұл сөзді кең мағынасында, Моңғол шапқыншылығынан кейін XIII-XIV ғасырларда Шыңғыс ханның балалары құрған Шағатай, Елхан және Алтын Орда империяларының мәдени орталықтарында дамыған және Әмір Темір кезеңінде әсіресе XV ғасырда классикалық бай әдебиет ретінде қалыптасқан Орта Азияның әдеби диалектісі пішінінде сипаттайды. Сонымен қатар, Шағатай тілінің түп-тамыры Қараханлы тілінде жатқандығын да атап өтеді (Көпрулу, 1945: 270, 277). Ғалым Шағатай тілін 5 кезеңге бөледі: I. XIII-XIV ғасырларда бірінші шағатайлықтар мен елхандықтар елінде кейін Хорезм және Алтын Ордада қарқынды әдеби дамуды көзге түскен алғашқы Шағатай кезеңі: XI-XII ғасырларда бүкіл Орта Азия түркілерінің әдеби тілі (қараханлы тілінің) моңғол шапқыншылығынан кейін жер-жерде әртүрлі жергілікті диалектілермен бірігіп әсіресе, оғыз-қыпшақ элементтерімен араласып, қилы себептермен бөлініп шыққан бұл әдеби диалект алдымен Түркістанда, Хорасанда және Иранның далалық жерлерінде, кейін Хорезм мен Алтын Ордада дами бастайды. II. классикалық шағатай кезеңінің басталуы (Науаиға дейін): бұл әдеби диалект XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысында Әмір Темір дәуірінде Хорасан мен Мәуеренахрдың Херат және Самарқанд сияқты саяси және мәдени орталықтарында, классикалық әдеби тіл сипатын ала бастайды. III. классикалық шағатай кезеңі (Науаи дәуірі): XV ғасырдың екінші жартысында Науаиден басталған дәуір. IV. классикалық кезеңнің жалғасы: XVI ғасырда Бабыр мен оның балалары кезінде үнді сарайларында жоғары аксүйектер әдебиеті түрінде жалғасқан және шайбанидтер дәуірінде Түркістандағы эволюциясын жалғастырған шағатай әдебиетінің кезеңі. V. құлдырау мен күйреу кезеңі: XVII-XIX ғасырларда мәдени тіл ретінде көп өнім шығарғанымен, енді ұлы тұлғаларды өсіре алмайтын шағатай әдебиеті тоқырау мен құлдырау кезеңіне аяқ басты. Бұл жағдай XX ғасырда экономикалық және азаматтық факторлардың әсерінен пайда болды. Ол өзбек әдебиеті пайда болғанға дейін жалғасты (Көпрулу 1945: 270-286).

Алишер Науаи да өзінен бұрынғылар сияқты өз тілін, яғни, өзі қолданатын тілді «түрікше», «түркі», «түрік тілі» деп атаса, әдеби тіл мағынасында «шағатай» деген тіркесті қолданады. Баһадүр Хан болса «шағатай тілі» деп түркі тіркесімен араб-парсы элементтері қарқынды араласқан, түсінуі қиын түркі тілін атаған. [11, 403-404]. Шамсаддин Сами «Камус-ы Түрки» атты еңбегінде шағатай тілінің маңыздылығы туралы айта келе, (Ш.Сами, 1317, Ифад е-и Мерам: 4-5) түрік тілінің түзетілуі мен дамытылуы тұрғысында араб-парсы сияқты шет тілдерден енген сөздерді қолданудың орнына, негізгі тіліміз саналатын, сөздік қоры бай шығыс түркі тілінен енген сөздерді қолдануды жақтаймын, дейді.

Жафороғлуның пайымдауынша, аталмыш сөздіктер қалыптастырған лексикографиялық мектептердің ерекшеліктері:

1) әр сөздің өз мағынасынан бөлек шағатай тілінде жазылған түрлі жырлардың ерекшеліктері мен мағыналарын көрсету үшін салыстырмалы әдіс қолданылған. Эстетика тұрғысынан алғанда, шағатай тілі сөздіктерінің ең негізгі мақсаты Науаидің ақындығы мен сөздік данышпандығын көрсету болды.

2) араб, парсы сөздері қосылмаған. Алайда араб филологиясының дәстүрі толығымен жойылған жоқ.

3) Анадолы түрікшесі, әзірбайжан және түрікмен тілдерінен керегінше мысалдар алынған немесе мағыналардың анықтамасы берілген.

4) өкінішке орай, бұл сөздіктерде қате жоқ емес. Бұл қателер әсіресе сөздердің мағыналарын берген кезде көзге түседі [8, 220-224].

**Талдау. Абушка сөздігі.** Абушка – XVI ғасырдың басында Анадолы жерінде жазылған шағатайша – османша (түрікше) сөздік. «Абушка» сөздігінің әлем кітапханаларында әр түрлі 35 – ке жуық нұсқасы бар. Париж ұлттық кітапханасында (Франция) бірнеше нұсқасы Н.949/М.; Н.954/М.; Н.958/М. номерлерімен тіркелген; Вена ұлттық кітапханасында (Австрия)

бірнеше нұсқасы Н.959/М.; Н.1279/М., т.б. номерлерімен; Мюнхен кітапханасында (Германия) Н.960/М., т.б.; Лейден академиялық кітапханасында (Нидерландия) үш түрлі нұсқасы Н.983/М., т.б.; Ленинград университетінің кітапханасында, Ленинград Ғылым Академиясының Шығыстану институтының қолжазба бөлімінде (Ресей) бірнеше нұсқалары, Венгрия кітапханаларында, Лондандағы (Англия) Британ музейінде, Берлин (Германия) кітапханасында, Түркияның кітапханаларында бірнеше нұсқалары) т.б. елдердің ғылыми орталықтарында нұсқалары сақталған.

Еңбек осы уақытқа дейін әлемнің бес ғалымы (Г.Вамбери (Венгрия, 1862), В.В.Вельяминов-Зернов (Ресей, 1968ж.), Б.Аталай (Түркия, 1970ж.), Абел Пает Де Коуртейлле (Франция, 1972ж.), М.Качалин (Түркия 2011ж.) тарапынан зерттелген. Алғаш әлемге танытқан А.Вамбери болды. Ғалым сөздікті 1862 жылы Будапештте венгр (мажар) тілінде мысалдарсыз және Венгрия ғылым академиясы кітапханасының шығыс коллекциясының түрік бөліміндегі қолжазбаны пайдалана отырып басып шығарды. Осылайша «Абушка» атауы кең тарады. «Abuska Csagatajtörök Szogyujtemenyu» 1862 ж. (Абушка Шағатай түрікшесі сөз жинақтамасы). Венгрия Ғылым Академиясы баспасы. Бұл зерттеудің Йозеф Буденц жазған алғысөзінде сөздік және сөздіктегі сөздер туралы мәліметтер, османлы, қойбал-қарағас және якут тіліндегі сөздер берілген. 1869 жылы Вельяминов-Зернов түрік мәтінін француз тіліне аударып, Санкт-Петербургде жарияланған. Вельяминов-Зернов, В. «Dictionnaire Djaghatai-Turc el-Lugat al-Nevaiyye va al-Istishadat al-Çağataiyye» 1869 ж. Санкт-Петербург. Шығарма Түркияда 1970 жылы ғылыми тұрғыда зерттеліп, жарияланды. Түрколог-ғалым Бесим Аталай нақты көшірме ретінде қабылданған Фатих көшірмесіне сүйене отырып, Муаллим Джевдет қолжазбаларында табылған I Джевдет және II Джевдет нұсқаларымен, Конья нұсқасы, Петербург басылымы және Паве-де-Куртейлдің шығармасымен салыстырып, дайындады. (Аталай, Б., 1970 ж. «Abuşka Lugati veya Çağatay Sözlüğü» Анкара: Аййылдыз баспасы). Абушка сөздігі бойынша 2002 жылы Ататүрік университетінде докторлық диссертация қорғалды. (Гүзелдір, Мухаррем, 2002 ж. жарияланбаған докторлық диссертация, Ататүрік университеті әлеуметтік білімдер институты, Ерзурум). Ең соңғы жұмыс Мұстафа С. Качалинге тиесілі. (Качалин, М., «Niyazi: Nevayi'nin Sözleri ve Çağatayca Tanıklar» 2011 ж. Анкара: ТТК баспасы). Бұл зерттеуде «Абушка» сөздігінің авторы Ниязи, жазылған күні 1544 жыл деп көрсетілген. Бұл зерттеу Сүлеймение-Есад Ефенді 3264 нөмерлі көшірмеге негізделген, сонымен қатар, Вельяминов-Зерновтың Петербург басылымынан да пайдаланылған. Жұмыстың соңында берілген Сүлеймение-Есад Ефенді көшірмесінің тек бір шығарма емес, Абушканың екі түрлі нұсқасынан көшірілгені байқалады.

**Лұғат-и Шағатай (шағатайша – парсыша сөздік) Недр-Али.** Лұғат-и Шағатай (шағатайша-парсыша) Недр-Алидің XI ғасырда Сефевит падишахы Шах Сафи Сам Мирзаның (билеген жылдары 1629-1642) бұйрығымен жазған түрікше-парсыша сөздігі. Сенглах авторы Мирза Мехди Хан Естерабади сөздігінде Хератлы Тали, Ферағи және Мирза Абдул-Джелел Насириден басқа Недр-Али сияқты сөздік авторларынан сөз етеді. Сенглахқа негіз болған бұл шығарманың Иран кітапханаларында 3 көшірмесі анықталған (қараңыз. Рахими, 2017).

**Мифтахул Лұғат (Ферағи)** Мифтахул Лұғат - «Ферағи» бүркеніш атымен танылған Мұхаммед бин Зийа'у'д-дин Хүсейнидің хижра жыл санауы бойынша 1051 жылы Сефевид падишахы Сафи бин Сафи заманында жазған шағатайша-парсыша сөздігі. (Дервишани, 2015:83). Сенглахтың авторы Мирза Мехди Хан Естерабади, сөздігінде Хератлы Тали, Недр-Али және Мирза Абдул-Джелел Насириден басқа Ферағи атты сөздік авторы туралы да жазады.

**Фазлулах хан лұғаты.** Шағатайша-парсыша сөздікті Фазлулах хан ұлының атынан Ұлы Моңғол патшалығының билеушісі Мұхаммед Евренгзибтің (1658-1707) ұсынысымен Үндістанда жазған. Автор билеушінің қол астындағы тұтқындарының бірі Сейф Ханның (өл.1684) ағасы еді. Жазған еңбегіне «Түркі Лұғаты» атын берсе де, сөздік «Рисале-и Фазлулах Хан» атымен көбірек танымал. «Рисале-и Фазлулах Хан» немесе «Түркі Лұғаты», 1825 жылы хатшы Абдуррахим тарапынан Калькуттада жарық көргендіктен «Калькутта сөздігі» деп те аталған.


**Келүрнаме (Китаб-и Зебан-и Түрки).** Келүрнаме (Китаб-и Зебан-и Түрки) Мұхаммед Йакуб Ченги тарапынан Үндістанда Ұлы Моңғолдардың алтыншы падишахы I Алем-гир Шах (Евренгзиб) кезеңінде (1658-1707) жазылған тағы бір шағатайша-парсыша сөздік. (Thury, 1906:

215). Грамматикалық оқулық және сөздік кітабы болып табылатын бұл еңбек 15 бөлімнен тұрады. 14 бөлімі әліппелік тәртіппен орналасқан жіктелетін формадағы етістіктер, 15-бөлім болса есімдер, сын есімдер, есімдіктер, үстеулер мен жалғаулардан тұрады. Ибрагимов бұл шығарманың Ташкент нұсқасын жарыққа шығарды (Ибрагимова, А. 1982) Түркияда сөздікті Фунда Кара ғылыми айналымға түсірді. Еңбектің бірнеше қолжазба нұсқалары бар. Ташкент нұсқасы (Ғылым Академиясы Шығыстану Институты қолжазбалары, номері 5052), Англия нұсқасы (Британ мұражайы түрікше қолжазбалары 1912/3) және Үндістан (Лакхнау-Недветүл-Улема, Шибли кітапханасы, номері 24[76]) нұсқалары.

**Бадауи-үл-лұғат (шағатайша – парсыша сөздік).** Шағатайша-парсыша сөздіктен және мысал өлеңдерден тұратын бұл еңбек, Сафавидтердің соңғы билеушісі Шах Сұлтан Хусейн (билеген жылдары 1694-1722) заманында және оның бұйрығымен Әлішер Науаидің шығармаларын оқып, үйрену мақсатында Имани деген лақап атпен Тали Хереви жазған. Сөздікте 1000 сөз бар. Сөздіктің жалғыз нұсқасы Ресейде Сант – Петербург қаласындағы Ленинград мемлекеттік кітапханасында Н.Н.Ханыков коллекциясында 1117-1705 номерімен тіркелген. Дж. Тцури ең ескі шағатай сөздігі «Абушка» деп атаған болатын, одан 60 жылдан кейін А.К.Боровков ең ескі сөздік «Бадауи-үл лұғат» деп мәлімдеді. А.К.Боровков 1961 жылы сөздікті орыс және өзбек тілдерінде жариялады. Боровков А.К. Бада’и Ал-Лугат: Словарь Тали Имани Гератского к Сочинениям Алишера Навои. Ғалым сөздікті Абушка және Сенглах сөздіктерімен салыстыра зерттеген. Еңбектің соңында Ленинград мемлекеттік кітапханасында Салтыков – Щедрин коллекциясында 35 номермен тіркелген сөздіктің түпнұсқасы қоса берілген.

**Китаб-и Түркі, ‘Абду’л-Джемил Насири.** Төрт түркі диалектілерін (шағатай, руми, қызылбаши, руси=еділ-урал түрікшесі) және моңғол тілінің (қалмақи) сөздік қорын қамтыған сөздік. Китаб-и түркі, Абдулжемил Насири XVII ғасырдың екінші жартысында Сефевид кезеңінде II Шах Сафи яғни Шах Сулейманның (1666-1694 билік құрды) хатшысы болған Мухаммед Риза ан-Насири ат-Тусидің ұлы Абдулжемил бин Мухаммед Риза ен-Насири ет-Тусидің парсы тілінде жазылған бұл еңбегінің кіріспесінде шығыс және батыс түрікшелерінің қысқаша салыстырмалы грамматикасы берілген, төрт түркі диалектілерінің (шағатай, руми, қызылбаши, руси=еділ-урал түрікшесі) және моңғол тілінің (қалмақи) сөздік қорын қамтыған сөздік. Абушка сөздігі және Нур Мухаммед Бег Қаджар Науаи Ханның Нисабын қолданып жазылған бұл еңбек XVIII ғасырда жазылған Сенглах және XIX ғасырда жазылған ЛЕ сөздіктерін жазуға пайдаланылды. Қолжазбаның кіріспе бөлігінде келтірілген мәліметтерге қарағанда, шығарманы жазу себебі – автордың әкесінің аяқталмаған сөздігін аяқтау.

**Сенглах.** Шағатай тілі сөздігі. Еңбекте 6000-ға жуық сөз бар. Шағатай түркі тілінің сөздіктерінің қайнар көзі және ең маңызды сөздігі болып табылатын шағатай тілінің сөздігін Мирза Мұхаммед Махди хан бин Мұхаммед Нашир-и құрастырған. Бұл сөздік 1758-1760 жылдар аралығында жазылған. Сенглахтың Британ музейінде екі нұсқасы, Оксфордтағы Бодлейан кітапханасында бір, Лондондағы Скул оф Ориентал студиес кітапханасында бір, Париж бен Тегеранның ұлттық кітапханаларында бір бірден барлығы 6 нұсқасы бар. Еңбек үш бөлімнен тұрады. «Мебани Үл-луга» деп аталатын бірінші бөлімі шағатай тілінің грамматикасы мен емлесіне арналған. Екінші бөлімде, шағатай түркі – парсы сөздігі Навоидың 21 шығармасы негізінде жазылған оның ішінде 12 өлеңнің және 9 прозалық шығарманың сөздері берілген. Үшінші бөлім, Навоидің 12 поэтикалық шығармаларында қамтылған арабша және парсыша идиомалар сөздігінен тұрады. Сөздіктегі сөздер бірінші буындағы дауысты дыбыстарға сәйкес баптар болып бөлінеді.








**Лұғат-и Шағатай уә Түрк-и Османи.** Шейх Сүлейман Эфенди тарапынан хижра санауы бойынша 1298 ж. жазылған шағатайша-османлыша сөздік. Игнас Кинус 1902 жылы неміс тілінде жариялады. *Sejx Sulejman Efendi's Çağatay-osmanisches Wörterbuch* (Şeyh Süleyman Efendi'nin Çağatayca-Osmanlıca sözlüğü; Budapest 1900-1902).

**Нисаб-ы Кутбине.** Келиметуллах Қажы Падишах жазған шағатайша өлең сөздік. Үндістандағы Бабыр билігі шахзадаларының бірі Мырза Кутбуддиннің қалауымен қолға алынып, 1837 жылы аяқталған. Шағатайша-парсыша өлең сөздік дәстүрінің соңғы үлгілерінің бірі десек те

болады. Бабыр үкіметінде жазылған өлең сөздіктердің ішіндегі сөз саны жағынан ең бай сөздік саналады. Бір ғана нұсқасы бар. Ол нұсқа Британ кітапханасында 404-ші каталог номерімен тіркелген. Еңбектегі 274 бәйітте 1200 шамасында түркі сөзі бар. Түркияда ғалым Фикрет Туран зерттеп, ғылыми айналысқа түсірді. 2019 жылы Түрік Тілі Қоғамы тарапынан жарияланды. (Fikret Turan. *Kelimetullah Hacı Padişah Çağatayca Manzum Sözlük Nisab-ı Kutbiyye*. Ankara, 2019).



**Çağatay Türkçesi Sözlüğü** (шағатайша-түрікше сөздік). Түркияда 2013 жылы ғалым Суат Үнлү тарапынан «Чағатай Түрікшесі Сөздігі» атты еңбек жарық көрді. Кония қаласындағы «Эгитим» баспасынан жарық көрген шағатайша – түрікше сөздік түрік ғалымдары тарапынан жоғары бағаланды. Ғалым сөздікті шағатай тіліндегі 25 еңбекті талдап, соларда қолданылған сөздер негізінде құрастырған. Сөздік 26665 сөзді қамтиды. Еңбекте С. Үнлү шағатай тілін Орта Азиядағы түркілердің әдеби тілінің үшінші кезеңінің, яғни Әмір Темір заманындағы Хорезм тілінің жалғасы деп көрсетеді. Орта Азия мен Ресейдегі барлық мұсылман түркілер 19 ғасырдың соңына дейін қолданған әдеби тіл деп баға береді.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі таңда кітапханаларымызда жатқан шағатай тіліндегі түпнұсқа еңбектерді оқып, жарыққа шығаруымыз, ғылыми айналысқа түсіруіміз үшін шағатай тіліндегі сөздіктерге мұқтажбыз. Осы уақытқа дейін әлем ғалымдары 30-ға тарта шағатайша – парсыша, шағатайша – османлыша сөздіктерді, шағатайша грамматикалық еңбектерді ғылымға таныстырды. Дегенмен осылардың бірде біреуі қазақ ғылымында жарық көрген жоқ. Осы сөздіктерді көлеміне жаратып, пайдалана алмасак кітапханаларымызда шаң басқан шағатай тіліндегі еңбектер күн көзін көрмей сол күйі жата берері анық.

#### Әдебиет

1. Акынбекова А.У. 2020. Возникновение и применение в языкознании термина чагатайский язык. Бюллетень науки и практики / Bulletin of Science and Practice <https://www.bulletennauki.com>. Т. 6. №1. 2020 <https://doi.org/10.33619/10.33619/2414-2948/50>
2. Atalay, B. 1950. *Mirzâ Mehdi Mehmet Han Seng-lâh: Lugat-i Nevai*. Tıpkıbasım, TDK, İstanbul: Bühraneddin Erenler Matbaası.
3. Боровков А. К. 1953. Алишер Навои как осноположник узбекского литературного языка. Москва.
4. Боровков А.К. 1961. Бада'и' ал-лугат : Словарь Тали' Имани Гератского к сочинениям Алишера Навои. АН СССР. Ин-т народов Азии. Москва: Изд-во вост. лит.



5. Будагов Л.З. 1869-1871. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. 2 тома. С-Петербург.
6. Bilkan, A. F. 1996. "Hindistan Kütüphanelerinde Bulunan Türkçe El Yazmaları". Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi, sayı 532, Ankara: TDK, s. 1096-1104.
7. Ильминский Н. 1865. Материалы для джагатайского спряжения из Бабер-Намэ. Казань.
8. Saferoğlu, A. 1984. "Çağatay Türkçesi Gelişmesi ve Karakteri". Türk Dili Tarihi, cilt 2, İstanbul: Enderun, s. 195-229.
9. Clauson, Sir G. 1960. Sanglax: A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdi Xān. London.
10. Eckmann, J. 2012. Çağatayca El Kitabı. çev. Günay Karağaç, 5. baskı, İstanbul: Kesit.
11. Ercilasun, A.B. 2008. Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi (5. baskı). Ankara: Akçağ.
12. Eren, H. 1950. "Çağatay Lügatleri Hakkında Notlar". Ankara Üniversitesi DTCF Dergisi, cilt 8, sayı 1-2, Ankara, s. 145-163.
13. Kara, F. 2011. Muhammed Yakub-ı Çingî: Zeban-ı Türki (Kelür-Name) İnceleme-Metin- Dizin. Erzurum: Fenomen.
14. Rahimi, F. 2017. "İran Kitaplıklarında Bulunan Çağatay Türkçesi Sözlükleri" Teke Dergisi, sayı 6/4.
15. Севортян Э. В. 1974. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука.
16. Vambery, A. 1862. Abuska Csağatajtörök Szogyűjtemeny [Abuşka Çağatay Türkçesi Söz Derlemesi]. Pest: Macar İlimler Akademi.

*Диана МЕЙІРЖАНҚЫЗЫ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Г.ҚОРТАБАЕВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ: ТҮР МЕН ТҮСТЕРДІ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі түр мен түстердің символикалық мәні талданады. Мақалада әртүрлі түр мен түстердің, соның ішінде қара, қызыл, және ақ түстердің мәдени мағыналары зерттеледі. Бұл салғастырмалы талдау ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр мен түстердің ұлттық дүниетанымда алатын орнын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** түр мен түс, мақал-мәтелдер, қазақ мәдениеті, ағылшын, дүниетаным, символика.

**Аннотация.** В статье анализируется символическое значение цветообозначений в казахских и английских пословицах и поговорках. Рассматриваются культурные значения различных цветообозначений, включая черный, красный и белый. Этот сравнительный анализ демонстрирует роль цветообозначений в национальном мировоззрении казахского и английского народов.

**Ключевые слова:** цветообозначения, пословицы и поговорки, казахская культура, английский язык, мировоззрение, символика.

**Abstract.** This article analyzes the symbolic meaning of colour terms in Kazakh and English proverbs and sayings. It examines the cultural significance of various colour terms, including black, red, and white. This comparative analysis demonstrates the role of colour names in the national worldview of Kazakh and English cultures.

**Keywords:** colour terms, proverbs and sayings, Kazakh culture, English language, worldview, symbolism.

Түр мен түс мәдениет пен тілде маңызды рөл атқарады, адамдардың қабылдауын, көз-қарастарын қалыптастырады және моральдық құндылықтарды көрсетеді. Мақал-мәтелдерде кездесетін түстік символика халықтың ұстанымдарын бейнелейді және әртүрлі түсіндірмеге ие. Әр халық үшін түр мен түстердің өзіне тән ерекше мәні бар. В.Г.Гактың айтуы бойынша,

«тіпті барлық адамдарға ортақ болатын объективті сезім – түс те әр түрлі тілдерде әрқалай көрінеді, түр мен түстердің атаулары әр тілде күрделі жүйе құрайды, ал әр тілдердегі жүйелер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар».

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі академик Әбдуәли Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегінде «әрбір халық, этностық топ түр мен түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысатынын» атап өткен.

### ***Түр мен түстердің тілдік символикасының теориялық негіздері***

Түр-түс – алдымен адамды қоршаған ғаламның өзі, объективті шындық, сонымен қатар адамның ішкі дүниесінің, дүниені қабылдауы мен түсінуінің фрагменті. Әрбір мәдениетте түр мен түстердің символикалық мәні оның тарихи және мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Түр мен түс қоғамдағы ұстанымдарды, моральдық көзқарастарды және әлеуметтік нормаларды білдіреді.

Түр мен түс атауларының мағынасын талқылау үшін релятивизм және универсализм тұрғыларының айырмашылығын атап өту маңызды. Ширилло (2001) түр мен түстердің мағынасына қатысты осы екі гипотезаның айырмашылығын сипаттайды. Релятивистер түр мен түстердің категориялары салыстырмалы және олардың қабылдауы атауына байланысты деп есептейді. Ал универсалистер, керісінше, әмбебап шындықтардың бар екеніне сенеді. Олар әртүрлі тілдердегі түр мен түс атауларында айырмашылықтар бар екенін мойындағанымен, бұл айырмашылықтарды үстірт деп санайды және түр мен түстердің терең құрылымына қатысты кейбір әмбебап элементтерді табуға болады деп санайды. Универсализмді қолдайтын ең танымал зерттеу – Берлин мен Кэйдің (1969) жұмысы. Олар адамның тілге тәуелсіз түстерді бірдей қабылдауын дәлелдеу үшін әртүрлі мәдениеттерден адамдар бірдей түр мен түс аймағын бейнелейтін негізгі түр мен түс атауларын анықтауға тырысты. Алдымен, олар негізгі түр мен түсді екі деңгейге бөлді. Бірінші деңгейдегі термин ретінде түс атауын анықтау үшін төрт негізгі қасиет анықталды. Біріншіден, ол жалпы болуы және әртүрлі объектілерге қолданылуы тиіс. Екіншіден, ол мәдениет ішінде жоғары келісім деңгейімен «біркелкі қолданылуы» тиіс [6]. Үшіншіден, ол лексикалық тұрғыдан қарапайым болуы керек, яғни күрделі құрамдас атауларды қоспайды. Бұл әдісті қолданған Берлин мен Кэй (1969) он бір негізгі түс атауын анықтады: ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, күлгін, қызғылт, қызғылт сары және сұр.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі түр мен түс символикасы

Әрбір халық, этностық топ түр мен түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді балауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысады. Мысалы, ақ түс пен қара түр мен түсді алып қарасақ, оларды тек қазақ топырағында ғана неше алуан символикалық мәнде қолданғандығын көреміз. ақ түс осы орайда – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» тағы басқа мағынаны аңғартса, қара – «қайғы-қасірет», «ауыр тұрмыстың таукіметі», «қаталдық», «қатігездік», тағы басқа мағыналарды білдіреді. Ал қоғамдық-әлеуметтік символиканың мәні түр-түр мен түсін, міне осындай ерекшеліктеріне байланысты дамып отырады [4]. Түр-түр мен түстердің символдық мәні туралы Әлкей Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп жазады

### ***Қара түс***

Қазақ мәдениетінде қара түс көбінесе қиындықтармен және табиғаттың сынақтарымен байланысты. Ол өмірдің ауыртпалығы мен тұрақсыздығын білдіреді. Ал ағылшын мәдениетінде қара түс зұлымдықты, қасіретті немесе кей жағдайларда мәртебе мен салтанатты білдіреді.

Қазақ мақал-мәтелдерінде:

«Қара ешкіге жан қайғы» – бұл мақал өмірдегі қиындықтар мен тіршілік үшін күресті бейнелейді.

«Қара жерге қарыз арқаламайды»

«Қара жерді жамандама – қайтіп сонда барасың, Қауым елді жамандама – қарғысына қаларсың»

Ағылшын мақал-мәтелдерінде:

“The devil is not so black as he is painted” – бұл мақал адамдар мен жағдайлар біз ойлағандай жаман емес болуы да мүмкін екенін білдіреді.

### *Ақ түс*

Қазақ мақал-мәтелдерінде ақ түс тазалықты, адалдықты және қасиеттілікті білдіреді. Қазақ халқында ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Себебі бұл – қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Сондықтан да сүттің түсі қазақ танымында көптеген жағымды ұғымдардың нышанына айналған. Ақ түс осы орайда – «тазалық», «әділеттік», «мейірбандық», «бейкүнәлік», «пәктік», «көңілді өмір салты», «ағынан жарылқау», «алғашқы адал ниет» тағы басқа мағынаны аңғартады [4]. Ал ағылшын мәдениетінде ақ түс тазалық пен кінәсіздікті көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ақ түс көрінісі:

«Ағын су жолын табады,

Ақ адам оңын табады»

Ағылшын мақал-мәтелдерінде:

“Two blacks don’t make a white” – Бұл тікелей аударғанда «екі қателік бір дұрыстықты жа-самайды» деген ұғымды жаман әрекетке тағы бір жаман әрекетпен жауап беру дұрыс емес екендігін көрсетеді.

### *Қызыл түс*

Қазақ мәдениетінде қызыл түс өмірдің қуаты мен маңызын, қуанышты білдіреді. Қызыл түс – ежелде Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халық үшін символ ретінде қасиеттілік, махаббат символы, билік ұғымдарымен байланысты қалыптасқан. Қазақта қызыл түстің жағымды мағыналары түрлі сезімге байланысты әдемілік, махаббат, жастық, қуаныш сезімдерді білдіреді. Ағылшын мәдениетінде қызыл түс көбінесе ашуды немесе қауіп-қатерді білдіреді, бірақ кейде қуат пен күштің символы ретінде де қолданылады. Қызыл түс бір нәрсенің әдемі және жағымды екенін білдіреді. Мысалы, “as red as a rose” «қызыл түсті раушан гүліндей» - әдемі, тартымды. Қызыл түс көңіл көтеру мен рахаттануды да білдіреді: “paint the town red” «қаланы қызылмен бояу» – керемет уақыт өткізу деген мағынада қолданылады. Англияда қызыл түс әрқашан танымал болған. Ағылшындықтар бұл жарқын түсті жақсы көреді, мысалы, оны бізге қызыл автобустар, телефон будкалары және әскерилердің киімдері дәлелдейді. Тіпті Англияның ұлттық елтаңбасы да, Ланкастерлер заманынан бастап, қызыл раушан болып табылады. Британдықтар қызыл түсті өміршеңдік, жастық, физикалық күш, қуаныш және мереке символы деп санайды. Британдықтардың қабылдауында қызыл түс тек қана оң эмоцияларды білдіреді. “Red day letter” «Қызыл әріптер күні» деген тіркес «мемлекеттік мереке» дегенді білдіреді, мұндай күндер күнтізбеде қызылмен белгіленеді [3].

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қызыл түс:

«Түлкінің қызылдығы өзіне сор»

«Қыздың көзі қызылда»

«Әсіре қызыл тез оңар»

Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мысалдар:

«Red sky at night, shepherd’s delight; red sky in the morning, shepherd’s warning» – күннің шығуы мен батуы кезінде аспанның өзгеруін білдіретін, ежелден бері қойшыларға келесі күннің ауа райына дайындалуға көмектесу үшін қолданылған көне ауа райы жайындағы мақал.

### **Қорытынды**

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінде түр мен түстердің символикасы әр халықтың дүниетанымын, мәдени ерекшеліктерін және моральдық ұстанымдарын көрсетеді. Мақаланың барысында түстердің тілдегі рөлі, әсіресе, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер арқылы көрініс тапқаны анықталды. Түстердің бейнелі мағыналары тілде халықтың дүниетанымы мен құндылықтар жүйесінің айнасы ретінде көрініс табады. Бұл зерттеу түстердің әртүрлі мәдениеттердегі рөлін тереңірек түсінуге және мәдениетаралық коммуникациядағы мүмкін болатын қиындықтарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, түстердің символикасы – бұл мәдениет пен тіл арасындағы тығыз байланысты көрсететін маңызды құрал. Бұл тақырыпты әрі қарай зерттеу түрлі мәдениеттерді тереңірек түсінуге, олардың ерекшеліктерін бағалауға және өзара қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосады.

## Әдебиет

1. Berlin, B., & Kay, P. 1969. Basic color terms: Their universality and evolution. Berkeley: University of California Press.
2. Гак, В.Г. 1977. Сравнительная лексикология: на материале французского и русского языков. Москва: Международные отношения.
3. Зарайский, А.А. 2023. Лингвистические и культурные аспекты значений цвета в языковой картине мира (на материале английского и русского языков). Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Филология. Журналистика, 23(1), 42–47.
4. Қайдаров, Ә., Өмірбеков, Б., & Ахтамбердиева, З. 1986. Сырға толы түр мен түс. Алматы: Қазақстан.
5. Маковский, М.М. 2008. Явление табу в традициях и языке индоевропейцев: сущность-формы-развитие. Москва: ЛКИ.
6. Ширилло, Г.П. 2001. Цвет и психика: Психология восприятия цвета. Санкт-Петербург: Питер.

**С. САМАРХАН**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
2-курс PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ПЕРИФРАЗА

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі перифраза құбылысы қарастырылады. Перифразалардың зерттелуі, атап айтқанда, қазіргі қазақ тіл біліміндегі перифразаға қатысты жарық көрген мақалалар мен зерттеу еңбектері талданды.

Қазақ тілі құнарлы да бай болғанымен, қазіргі қоғам мүшелері өз ойларын ықшамдап жеткізу үшін перифраз ұғымын қолданып жатады. Сол себепті күнделікті қолданыста ана тіліміздің көркемдік жағын таныту үшін тілдік оралымдарды астарлы мағынада қолданылатын перифраздарды қолданған жөн.

**Тірек сөздер:** перифраза, перифраза құбылысы, ауыспалы мағына, көркемдегіш құрал, теңеу.

**Аннотация.** Данный статья исследует явление перифразы в рамках казахской лингвистики, сосредотачиваясь на анализе соответствующих исследований, включая опубликованные статьи и научные работы по современной казахской лингвистике.

Несмотря на лингвистическое богатство казахского языка, современные люди часто используют перифразу для краткой коммуникации. Для продвижения художественного измерения родного языка в повседневном дискурсе рекомендуется использовать перифразу с лингвистическим акцентом.

**Ключевые слова:** перифраз, явление перифразы, переменное значение, художественный инструмент, уравнение.

**Abstract.** This article explores the phenomenon of periphrasis within the framework of Kazakh linguistics, focusing on an analysis of pertinent studies, including published articles and research papers in modern Kazakh linguistics.

Despite the linguistic richness of the Kazakh language, contemporary individuals often utilize periphrasis to communicate concisely. To promote the artistic dimension of the native language in everyday discourse, employing periphrasis with linguistic emphasis is recommended.

**Keywords:** periphrase, periphrase phenomenon, variable value, artistic instrument, equation.

Қазақ тілі ұлт болмысын танытатын бейнелі тіркестерге бай. Ұлттың ментальдық өрісінің ауқымы мен көркемдік ойлау қабаттарын және қазақ тілінің есепсіз тіл қуатының молдығын білу үшін ұлт тіліндегі көркем сөздерге жүгінген жөн. Халықпен бірге жасап келе жатқан эмоциялық мазмұны жоғары образды тіркестердің өміршендігін оның қолданыстарынан байқауға болады. Осындай образды көркем сөздердің қатарына перифразаларды да енгізуімізге әбден болады. Бірақ перифразалар жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатыр, ал бүгінгі ұрпақтың ауызекі сөйлеу тілінен жиі ұшырату қиын. Қазақ халқының ойы терең, тілі

шұрайлы болғанымен, қазіргі уақытта оның жұтанданып бара жатқанын байқауға болады. Ал жастар тілі шұбалаңқы тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен сөз тіркестеріне жақын екендігі жасырын емес. Өмір ағыны, дәуір екпінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. «Сөзі мірдің оғындай», «тілге жүйрік», «тілінің майын тамызып», «өткір тілді» шешен сөйлейтін ұрпақтың азайып бара жатқандығы тек білім саласы мамандарын ғана емес, қоғамның да алаңдаушылығын тудыруда. Дегенмен, жас буын келер ғасырда өзінің ана тілінің түп төркінін іздейтіні анық. Рухани құндылық – қашанда сол ұлттың төлқұжаты.

Қазақ тіл білімінде осы көркемдеуіш құралдар әлі де зерттелуде. Зерттеудің нысанына көп іліге бермейтін, арнайы зерттеуді қажет ететін көркемдеуіш құралдың бірі – перифразалар. Аз да болса да көзге іліккен зерттеу нәтижелерінен байқағанымыз, перифраз құбылысының лингвистиканың қай саласына жататынының ара жігі ашылмағандығы анық білінеді. Қайсыбір зерттеулерде мұны фразеологияның объектісі деп қараса, екінші біреулер синтаксиске телігісі келеді.

Қазақ тіл білімінде перифраз стилистика және фразеология тұрғысынан да зерттеліп жүр. Әлемдік тіл білімі тарихына жүгінсек, оның антик заманнан бері қарастырылғанына куә боламыз. Перифраз - «укращение речи», яғни “сөзді әрлеу” деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Атап айтқанда, ол тілдің айқындылығы, анықтылығы, дәлдігі, ықшамдылығы, әсерлілігі секілді қасиеттерін әңгімелейтін лексикалық қабат.

Перифраза – бір ойды көптеген тәсілмен жеткізетін стилистикалық тәсіл. П. заттың сапасы, белгісі, қызметі бірінші қатарда көрсетіледі. П. негізгі мақсаты мәтіннің әсерлілігін, мәнерлілігін арттыру. П. негізінен көркем әдебиетте, публицистикада, ауызекі сөйлеуде кездеседі. Функционалды аспектіде П. екіге бөлінеді: 1) Қайталанбалы бірліктер: жалпыға түсінікті оралымдар мен фразеологиялық және қанатты сөздер; 2) Ситуациялық жеке авторлық П., оның мағынасы нақты контекст арқылы негізделеді. Көптеген П. троптың негізінде құралады. П. грамматикалық құрылымы әр түрлі болады [1]. Перифраз мәтіннің идеялық – эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. *Мысалы, орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір) пәниден бақи кетті (өмірден өтті), т.б.*

Қазақ тіл біліміндегі перифраза құбылысын зерделеу барысында теориялық және практикалық зерттеу әдістері қолданылды. Филолог ғалымдардың еңбектері негізінде перифраза құбылысының табиғатын танып, ерекшелігін анықтауда ретроспективті талдау жүргізілді. Қазақ тіл білімі ғылымында перифразды зерттеу ХХ ғасырдың соңғы жылдарында қолға алына бастағанымен, ұлттың болмысы, тарихы, мәдениеті мен тұрмысының айнасы ретінде ықылым заманнан қолданыс тауып келе жатқан тілдік бірлік. Сонымен қатар ұлттың құндылықтарын ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге тасымалдаушы мұра болып табылады. Ғалымдардың перифразаларды бірде публицистикалық стиль, бірде көркем әдебиет стилінің аясында қарастыруының өзі оның қолданылу өрісінің кеңдігін көрсетеді. Қазіргі уақытта лингвистикалық және әдебиеттануға арналған еңбектерде перифраз ұғымына көптеген анықтамалар беріліп, әр қырынан сипатталады. Олардың көпшілігінде қайталау басым және бірізділік байқала бермейді. Мақаланың «Әдебиеттерге шолу» бөлімінде 60-жылдардан бастап бүгінге дейінгі ғалымдардың берген анықтамалары салыстырмалы түрде қарастырылып, зерттеулер негізінде тұжырым жасалды.

Перифраздар қазақ тіл білімінде 90-жылдардан кейін ғана қарастырыла бастады. Перифраз мәселесіне қызығушылар көп болғанымен, оны түбегейлі зерттеп, түйінді пікір айтқандар шамалы. Тіпті мұның өзін дәйекті саралап, талдап беретін салықалы еңбек те шамалы. Соның ішінде қазақ тілінде перифраздың түрлі функционалдық стильдерде – көркем әдебиетте, публицистикада, шешендердің сөз саптауында қолданылып жүргеніне көз жеткізуге болады.

Перифраза – ерекше сөз тіркесі. Ол сөздің жай ғана эквиваленті емес, ол сөздің семантикасына бір жаңалық енгізе келе, затқа, құбылысқа қосымша түр, көрініс береді.

Қазақ тіл білімінде кездесетін зерттеулердің бірі ретінде 1996 жылғы Г.Үсенбаеваның кандидаттық диссертациясын атауға болады. Г.Үсенбаева «Перифраздың тілдік табиғаты» (1996) атты диссертациясында перифраздың тілдік табиғатын ашуға ұмтылып, метафоралық, метонимиялық синекдохалық, эвфемистік, синонимдік, есімді және етістікті деп бөліп, олар-



ды жіктеп, перифраздың жасалу жолдары мен тәсіліне тоқталған. Зерттеуге қарағанда перифраз негізінен нәрсенің сипаттамалы түрдегі нұсқасы, мұның ерекшелігі сипаттаманы бейнелі, образды, басқаша қолданысынан туған троп және фигура түрлері деп көрсетеді. Сонымен қатар автор фразеология объектісі ретінде қарастырып, оның құрылымдық-семантикалық типтерін көрсетуге тырысады [2].

Перифраздың көркемдік жағын талдаған еңбек Г.Амандықованың «Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар» (1999) атты кандидаттық диссертациясы. Бұл еңбекте 1960-1990 жылдар арасындағы ақындардың өлеңдерін басты нысанға ала отырып, шабыт иелерінің перифраздарына талдау жасағанын көруге болады [3].

Қазақ тіл білімінде перифраз мәселесіне кеңірек тоқталған академик Р.Сыздық көріктеу құралдарының ішінде көп айтылмайтыны перифраз деп, оның себебі біртектес троптық категорияларды бір-бірінен дәл ажыратушылықтың жоқтығынан деп көрсетеді. Өзінің «Абай шығармаларының тілі» деген еңбегінде перифраздарға талдау жасай келе, ұлы ақынның тіліндегі перифразды қолданумен қатар (өмірді «бұлдыр заман» деуі: «қайта айналмас, жаңғырған бұлдыр заман», «сұм жалған», «қайран дәурен» деуі: Бір қызық ісім екен сұм жалғанда, қалжындасып өткізген қайран дәурен), перифрастикалық тіркестердің небір ойға келмейтін түрлерін жасайтынын сөз етеді. Мысалы: «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» деп, Абай өзі өскен ортаны, өзін қоршаған сол кездегі әлеуметтік, қоғамдық ой-пікірді айтып отырса, әбден қажыған кезін, өзінің бір жабырқау күйін ақынның «сұрғылт тартқан бейуақ» деп беруі тіпті әсерлі бейнелеу деп таниды. Академик Р.Сыздық, сонымен бірге Абайдың жаңаша жасалған перифраздарына Пушкин мен Лермонтовтың әсері байқалатынын дәлелдейді. Шынында, Абай тіліндегі перифраздар өзіндік қайталанбас ерекшелігімен көзге түсіп тұрған, бейнелі, көркем, жаңашыл – өте шебер жасалған және қисынымен қолдауын тапқан тіркестер. Олардың эстетикалық құндылығы «құбылыстың, заттың, айрықша белгісін ерекшелеп, айқындап, оны сипаттап көрсету» деп, Р.Сыздықова перифразға анықтама береді [4]

Лексиколог ғалым Ф.Қалиев перифраза ұғымына төмендегідей анықтама береді:

Парафраз, парафраза (грек. Paraphrasis сипаттау, сипаттама, оралым) –

1) сөздің сөз тізбегінің мәнін басқаша түсіндіріп жеткізу (мәтінде *мен* деудің орнына *осы жолдардың авторы* делінуі):

2) жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы. Мыс: *арыстан – аң патшасы, жылан – аты жаман, ұры – қолы жылдам* [5, 245].

Академик Әмірұзақ Айтбайұлы «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» атты еңбегінде перифразды қайсыбір ізденушілер фразеологияның объектісі деп қараса, екінші біреулер синтаксиске телігісі келеді. Кейде перифраз троптың және поэтикалық фигураның бір түрі деп те қарастырылап жүр. Ғалым «Перифраз – сөздерді бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Негізінде сөздерді перифраздық ыңғайда қолдану бір нәрсенің, я құбылыстың атауын, оның өзіне сүйене отырып, басқа астарлы мағынада суреттеу» дей келе, аталмыш құбылыстың қолданыс аясы аса кең екендігіне назар аударады. Перифразды фразеологияның қомақты бір саласына жатқызған академик Ө.Айтбайұлы оған қатысты жүргізген көлемді зерттеуінің соңында мынандай тұжырым жасайды: «*Перифраз дегеніміз – заттың, процесі, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде олардың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, оларды бейнелі түрде сипаттау, анықтау.* Демек, перифраздың ең негізгі белгісі – олардың келтірінді мағынада болатыны. Бұл жағынан ол троптарға ұқсайды, ұқсап қана қоймай, олармен ұштасып, ұласып байланысып жатады. Осыдан келіп, саф таза перифраздың жоқ екеніне көзіміз жетті. Оны үнемі өзімен іргелес, мәндес тілдік факторлармен байланысты қарау керек екен деп түйдік. Перифраздың өзіне тән табиғаты сонда ғана айқындалмақ» [6, 262].

Перифразаға қатысты қазіргі таңда қызықты пікірлер мен тұжырымдар қазақ тіл білімінде орта буын зерттеушілер К.Күркебаев перифраз лексемалардың номинативтік сипатына мақала арнаса [7].

Ж.Есімова қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі перифраз атаулардың лингвистикалық табиғаты мен жұмсалымдық ерекшеліктеріне тоқталған [8].

Қ.Ө.Есенова мен К.С.Кобландина қазіргі медиа-мәтіндегі перифразалардың прагматикалық ерекшеліктерін көрсеткен [9].

Жалпы тіл білімінде осы бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстарының біршама екендігіне карамастан, перифраздың әлі күнге дейін зерттеле қоймаған тұстары бар.

Ал перифраздарды зерттеу барысында бұл мәселенің түркологияда мүлде аз қарастырылғанын, қазақ тілінде арнайы монографиялық еңбектердің тіпті жоқ екенін аңғардық. Бірақ арнайы зерттеу болмағанымен, бірен-саран ғалымдарымыз белгілі бір жазушының тілін зерттегенде перифраза жанамаламай болса да тоқталып отырған. Біраз ғалымдардың перифраза құбылысы туралы айтқан тұжырымдарын саралауға тырыстық. Сонымен қатар, тілші-ғалымдардың еңбектеріне, энциклопедия мен сөздіктерге сүйене отырып, анықтама беруге болатынын байқадық.

Құрылымы жағына қарасақ перифразалар фразеологиялық тіркестерге жақындау. Семантикасы жағынан троптармен ұштасып жатады. Сонымен қатар, перифраздың көбінесе екі не одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалатыны, олардың мағынасы міндетті түрде келтірінді болатындығы анық көрінді. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, анықтама берілді. Перифраз дегеніміз – затты, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, процестің, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау. Перифраз көркем тілдің табиғатын тани түсуге, дәстүр мен жаңашылдықтың қатынасын, автордың көркемдік әлемін, жоғары көркем сөз мәдениетінің күрделі дамуын түсінуге көмектесетін тілдік бірлік.

#### Әдебиет

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998.
2. Үсенбаева Г. Перифраздың тілдік табиғаты. Канд. диссер. – Алматы, 1995.
3. Амандықова Г. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар. Канд. диссер. – Алматы, 1999, ҚДА
4. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы: Жазушы, 1968.
5. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440б
6. Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400б.
7. Күркебаев К. Қазіргі қазақ тіліндегі перифраз лексемалардың номинативтік сипаты. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №1 (169). 2018. 115-119 бб.
8. Есімова Ж. БАҚ тіліндегі перифраз атаулардың тілдік табиғаты мен қолданысы. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №2. 2015. – 85-88 бб.
9. Есенова Қ.Ө., Кобландина К.С. Қазіргі медиа-мәтіндегі перифразалардың прагмалингвистикалық ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №1 (189). 2023. 69–79 бб.

*Аружан НҰРЛЫБЕК*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*2-курс магистранты*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

*Ғылыми жетекшісі: Г.ҚОРТАБАЕВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ САН МӨЛШЕРЛІК ҰҒЫМДАР**

**Анатпа.** Бұл мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі сан есімді фразеологизмдерді анықтап, олардың символдық мәні мен мәдени маңыздылығын зерттейді. Осы фразеологиялық бірліктердің қалыптасуы, мәдени коннотацияларын және коммуникацияға әсері зерттеледі. Фразеологиялық сөздіктерге сүйене отырып, ол екінші тілді үйренушілер үшін осы бірліктерді түсінудің маңыздылығын көрсетеді және мәдениетаралық қарым-қатынасқа ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** мәдени лингвистика, фразеологиялық бірліктер, сан есім, символдық мағына, мәдениетаралық қатынас.

**Аннотация.** Этот статья исследует фразеологические единицы с числительными на казахском и английском языках, изучая их символическое значение и культурную значимость. Исследуется формирование, культурные коннотации и влияние этих фразеологических единиц на коммуникацию. Основываясь на фразеологических словарях, она подчеркивает важность понимания этих единиц для изучающих второй язык и способствует межкультурному общению.

**Ключевые слова:** культурная лингвистика, фразеологические единицы, числительные, символическое значение, межкультурное общение.

**Abstract.** This article explores phraseological units with numerals in Kazakh and English, examining their symbolic meanings and cultural significance. It investigates the formation, cultural connotations, and impact of these phraseological units on communication. Drawing from phraseological dictionaries, it emphasizes the importance of understanding these units for second language learners and contributes to cross-cultural communication.

**Keywords:** cultural linguistics, phraseological units, numerals, symbolic meaning, cross-cultural communication.

Тіл – адам экспрессиясының динамикалық және үнемі дамып отыратын құралы, ол қауымдастықтардың мәдени, әлеуметтік және тарихи әңгімелерінің қоймасы қызметін атқарады. Лингвистикалық жүйе ішінде, әсіресе сандарды қамтитын фразеологиялық бірліктер, тілдік форма мен мәдени мағынаны біріктіретін мәдени жәдігерлер болып табылады. Бұл зерттеу қазақ және ағылшын тілдеріндегі сандық фразеологизмдердің мәдени өлшемдерін салыстырмалы талдау арқылы зерттейді, яғни тілдік конструкцияларға енгізілген символикалық және мәдени ерекшеліктерді анықтауға бағытталған. Мәдени лингвистика теориясының негіздеріне сүйене отырып, зерттеу типологиялық және генеалогиялық тұрғыдан ерекшеленетін екі тілдегі сандық компоненттері бар фразеологиялық өрнектердің мәдениет пен дүниетанымды қалай бейнелейтінін қарастырады.

Тілдік бірліктердегі рефлексиялық ақпарат символдардың алуан түрлілігі арқылы беріледі, олардың бірі – сандар. Сандар ежелгі заманнан бері адамның танымы мен қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып келді, олар табиғи және метафизикалық әлемдердің күрделілігін түсініп, ұйымдастыруға негіз болды. Бұл әмбебап құбылыс сандарға қоршаған ортаға әсер етуге қабілетті агенттер ретінде терең символдық және мистикалық маңыз берді. Сандарды кеңістіктік, уақыттық және метафизикалық өлшемдерді басқаратын негізгі элементтер ретінде түсіну олардың жалпыға ортақ үйлесімділікпен, құдайлық принциптермен және түпкілікті шындықпен байланысын айқындайды. Бұл зерттеу фразеологиялық тіркестер арқылы осы де-

рексіз ұғымдардың қалай көрініс табатынын және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, сақталатынын көрсетуге тырысады, сонымен бірге мәдени мұраны лингвистикалық кодтауға үлес қосады. Сандар мәдени коннотацияларды жеткізеді, дәстүрлі нанымдарды бейнелейді немесе тарихи оқиғаларды көрсетеді. «Сандар – бұл әлемді сипаттау үшін қолданылатын белгілі бір кодтардың элементтері» (Маслова, 2001). Қазақ тіліндегі қасиетті сандар, мысалы, «жеті», «тоғыз», «қырық», ұлттың дүниетанымындағы маңызды рухани және мәдени ұғымдарды білдіреді. Олар тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде жиі кездеседі, мысалы: «жеті ата», «қырықтың бірі – Қыдыр».

Топоровтың (1988) сандарды ғарыштың илаһи нышандары ретінде қарастырып, оларды бейнелеудің негізі және хаосқа қарсы үйлесімділік пен тәртіптің көрінісі деп сипаттаған тұжырымы қазіргі тіл білімі контекстінде өзектілігін сақтауда. Тіл білімі объективті әлемнің интеллектуалдық және құндылық аспектілерін тіл арқылы бейнелеуге тырысып жатқанда, сандарды зерттеу нақты әлем субьектілерінің ауызша бейнеленуіндегі лингвомәдени ерекшеліктерді түсінудің негізгі элементі ретінде танылып отыр.

Сандық символизмді түсіну әртүрлі тілдік мәдениеттердің ерекшеліктері мен олардың әлемге деген ерекше көзқарастарын ашу үшін маңызды. Сандарды логикалық және мәдени құбылыстар ретінде мойындап, олардың географиялық шекарадан тыс ықпалын ескере отырып, бұл зерттеу ұлттық тілдер мен этникалық мәдениеттердегі сандардың ролін зерттеудің маңыздылығын айқындайды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сандық ұғымдары бар фразеологизмдер халық даналығы мен дүниетанымын бейнелейді. Мысалы, қазақтың «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалы мұқият ойлануды насихаттаса, ағылшын тіліндегі “To kill two birds with one stone” сөзі тиімділік пен көп міндетті бірден орындауды білдіреді. Сол сияқты, “Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады” деген қазақ мақалы табиғи тепе-теңдік пен молшылықты сипаттайды. Бұл мысалдар сандық ұғымдардың тек сан ретінде ғана емес, терең мәдени құндылықтар мен өмірлік сабақтарды жеткізетін құрал екенін көрсетеді. Сондықтан, мұндай кешенді зерттеу тіл мен мәдениет арасындағы күрделі байланыстарды ашып, сандардың концептуалды белгілері мен ерекшеліктеріне тереңірек үнілуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – тақырып бойынша қолда бар әдебиеттер мен зерттеулерге жан-жақты шолу жасау. Ол білімнің қазіргі деңгейін анықтауға, ең өзекті зерттеулерді айқындауға және қосымша зерттеулерді талап ететін олқылықтарды анықтауға бағытталған. Тіл мен мәдениеттің динамикалық өзара әрекеттесуі фразеологиялық бірліктерді, әсіресе сандарды қамтитын бірліктерді қолдануда ерекше маңызға ие. Әдебиеттерді шолудың басты мақсаты – тіл, мәдениет және сандық символизм арасындағы күрделі өзара байланыстар туралы кешенді түсінік қалыптастыру. Сандық фразеологизмдер бойынша жүргізілген зерттеулерді талдау арқылы бұл лингвистикалық құрылымдардың мәдени маңыздылығын анықтау көзделеді. Сонымен қатар, мәдениетаралық коммуникация, аударма және тілдік білімге ықпал ететін тұжырымдамалар дамытылады. Зерттеу фразеологиялық бірліктердің кең маңыздылығын, мәдениетаралық вариацияларды, қазақ және ағылшын фразеологизмдеріндегі сандардың ролін және осы лингвистикалық әрі мәдени өзара әрекеттесуге тән аударма мәселелерін егжей-тегжейлі талдауға негіз болады. Осы шолу тіл, мәдениет және сандық символизм арасындағы күрделі байланысты тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Фразеологиялық бірліктер, көбінесе тұрақты тіркестер немесе идиомалар деп аталады, тілдің қолданылуын ана тіліндей түсінудің негізін құрайды (Pawley & Syder, 1983). Мәдени контекстке терең сіңген бұл лингвистикалық құрылымдар қарым-қатынастың жасырын қырларын түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің негізі фразеологиялық бірліктердің мәдени-коммуникативтік құндылығын тану және олардың сандармен қолданылуын зерттеуге негіздеме ұсыну болып табылады. Фразеологиялық бірліктерді зерттеуге сүйене отырып, олардың қолданылуындағы нюанстарды тереңірек түсінуге бағытталған мәдениетаралық зерттеулерге ерекше назар аударылады. Боас (2004) және Вирцбика (1987) идиомалық тіркестердің мәдени ерекшелігін атап өтіп, сандарын интеграциялау арқылы қалыптасатын мәдени нәзіктіктерді қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Қазақ және ағылшын тілдерінің нақты лингвистикалық ерекшеліктеріне көшкен кезде, бұл бөлім контекстуалды зерттеуге негіз қалайды.

Қазақ тілінің жалпы лексикологиясында әртүрлі семантикалық топтар мен қабаттарды олардың этнолингвистикалық құндылығы тұрғысынан зерттеген ғалымдардың, атап айтқанда

академик А.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Н.Уәли, Ж.Манкеева және басқалардың еңбектері маңызды болып табылады. Қасиетті сандары бар тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық ерекшеліктері әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Журавлевтің (2010) зерттеулері қазақ идиомаларындағы сандардың таралуы мен маңыздылығын ашып көрсетуге ықпал етеді. Сандардың сандық және сапалық нюанстарды жеткізуі қазақ фразеологиялық бірліктерінде жинақталған бай мәдени мазмұн туралы тереңірек түсінік береді. Ағылшын тілінде цифрлардың фразеологиялық бірліктерге интеграциялануы когнитивтік және семантикалық аспектерге әсер етеді. Гиббс (1994) және Мун (1998) зерттеулері сандармен байланысты идиомалық өрнектерді декодтауға қатысатын психикалық процестерді зерттеп, мұндай өрнектердің семантикалық мөлдірлігін немесе мөлдір еместігін айқындайды. Танымдық ерекшеліктерді тілдер арасында салыстыру қазақ және ағылшын фразеологизмдерінің лингвистикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Винай мен Дарбеллеттің (1958) аударма мәселелерін талдауы сандарды қамтитын фразеологиялық бірліктердің ерекшелігін түсінудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл зерттеуде ғалымдар алдыңғы тұжырымдарды синтездей отырып, мәдениетаралық коммуникациямен айналысатын тіл мамандары мен аудармашылар үшін практикалық аспектілерге ерекше назар аударылады. Фразеологиялық бірліктерді, әсіресе сандарды қамтитын тіркестерді зерттеу тіл, мәдениет және когнитивтік процестер арасындағы күрделі байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ және ағылшын фразеологизмдерін салыстыру арқылы бұл зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынас пен аударма тәжірибесіне жаңа көзқарас ұсынады.

Вильфред Фанк 1950 жылы «сөз» ұғымына орынды анықтама берген: «Лексис тілдегі айнаға ұқсайды, ол арқылы ұлттың өткен өмірін білуге болады» (Вильфред Фанк, 1950). Тіл, Фанк айтқандай, қарым-қатынастың тек утилитарлық құралы ғана емес; керісінше, ол қоғамның ұжымдық тәжірибесін, мәдени өзгерістерін және тарихи оқиғаларын бейнелейтін шағылысатын бет ретінде қызмет етеді. Фанктың көзқарасын дамыта отырып, тілге енген әрбір сөз бен сөз тіркесі оны қолданатын қоғамның ізін қалдыратынын атап өтуге болады.

Уақыт өте келе тілдегі өзгерістер – жаңа сөздердің қабылдануы немесе мағыналардың өзгеруі болсын – ұлттың дамып келе жатқан әлеуметтік-мәдени динамикасын көрсетеді. Айна сияқты, тіл өткен дәуірлердің жаңғырығын бейнелейді және сақтайды. Ол оны қолданған адамдардың сенімдері, құндылықтары мен тәжірибелері туралы түсінік береді. Осылайша, Фанктың лексиканы айна ретінде метафоралық бейнелеуі тіл мен тарих арасындағы терең байланысты көрсетеді. Бұл зерттеушілерді лингвистикалық ландшафтқа тереңірек үніліп, тілдің сөздері мен сөз тіркестеріне енген айтылмаған оқиғалар мен мәдени өзгерістерді ашуға шақырады. Мұндай тәсіл қоғамның тарихи саяхатына бірегей және баға жетпес көзқарас береді. Осы көзқарасқа сәйкес, Палмер (1983) тіл тарихы мен мәдениет тарихы арасындағы тығыз байланысты атап көрсетеді. Ол олардың бір-бірімен ажырамас байланыста екенін және бір-бірін бейнелейтінін алға тартады: «Тіл тарихы мен мәдениет тарихы бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін қандай да бір түрде бейнелейді» (Палмер, 1983). Бұл дәйексөз біздің зерттеулеріміздің теориялық негізін қолдайтын маңызды тірек болып табылады.

Қазақ тілінде белгілі бір сандар қасиетті және ерекше символдық мағынаға ие. Мысалы, «жеті» саны рухани және мифологиялық мәнге ие, ол қазақ халқының дүниетанымында маңызды орын алады. Бұл қасиетті сандар көптеген тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде көрініс табады, мысалы, «жеті қазына», «жеті ата». Мұндай фразеологизмдер тек лингвистикалық құрылымдар ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдени-рухани мұрасының көрсеткіші болып табылады. Фразеологиялық бірліктерді зерттеу қазақ және ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ағылшын тіліндегі «to be at sixes and sevens» тіркесі ретсіздік пен түсініксіздік жағдайын білдіреді, бұл «алты» және «жеті» сандарының мәдени-тарихи контекстінде өзіндік мағынаға ие екенін көрсетеді. Бұл мысалдар фразеологиялық бірліктердің тек тілді байытумен шектелмей, мәдени ерекшеліктерді де сақтайтынын дәлелдейді. Осындай талдаулар арқылы сандардың фразеологиялық бірліктердегі ролін зерттеу тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын көрсетіп қана қоймай, ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерін түсінуге ықпал етеді.

Ғалымдар фразеологиялық бірліктердің қолданылуын қазақ және ағылшын тілдеріндегі сандармен жиі салыстырады. Салыстырмалы зерттеулер идиомалық өрнектер мен олардың



қолданылуын қалыптастыратын мәдени контексттердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға тырысады. Бұл тәсіл әрбір лингвистикалық мәдениетке цифрлардың қалай интеграцияланатынын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Кулсариева және т.б. (2013) мақаласында «жеті» санына ерекше назар аударып, сан есімдердің мәдени маңыздылығын зерттейді. Авторлар мәдени тұрғыдан айқындалған сандардың біздің өмірімізде маңызды орын алатынын және олардың қоғамдардың тарихи, ұлттық және мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты екенін атап көрсетеді. Олар нақты сандық ұғымдардың қалыптасуына әсер ететін факторларды зерттеу арқылы әртүрлі халықтардың тарихи мәні мен мәдени ерекшеліктері туралы түсінік алуға болатынын атап өтеді. Бұл зерттеу аударма процесіндегі экстралингвистикалық кедергілерді жеңуге баса назар аударып, әртүрлі контексттерде «жеті» санының семантикасын талдайды (Кулсариева және т.б., 2013). Авторлар мәдени әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, діни рәсімдерді, мақал-мәтелдер мен фразалық тіркестерді ескере отырып, қазақ тілінен ағылшын тіліне және керісінше аударма жасауда ұсыныстар береді. Бұл ғалымдар қазақ тіл біліміндегі семантикалық қабаттар мен тұрақты тіркестерге енген этнолингвистикалық ерекшеліктерге негізделген зерттеудің әдіснамалық базасын жасады. Алайда қасиетті сандары бар фразеологиялық бірліктердің этнолингвистикалық аспектілері әлі де терең зерттеуді қажет етеді, себебі бұл өрнектерге енген мәдени мұра үнемі өзгеріп және дамып отыратын сипатқа ие.

Мажитаева және т.б. (2015) қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерде қолданылатын қасиетті сандардың күрделі жүйесін зерттейді. Сандарға байланысты символдық мағыналарды және олардың мәдени мазмұндағы рөлін қарастыра отырып, зерттеу олардың діни наным-сенімдермен, әдет-ғұрыптармен және дәстүрлермен байланысын анықтайды. Бұл байланыстар тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде және жыр-дастандарда көрініс табады. Авторлар фразеологиялық сөздіктер мен көркем әдебиет шығармаларын қоса алғанда, әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, үш, жеті, тоғыз, он үш, жиырма бес, қырық және елу сияқты қасиетті сандарды анықтап, олардың ерекше сипаттары мен тілдік көрінісін талдайды. Зерттеуде қасиетті сандардың мақал-мәтелдер мен әдеби шығармалардан мысал келтіре отырып, олардың әртүрлі коннотациялардағы қолданылуы зерттеледі. Сонымен қатар, авторлар қасиетті сандардың мәдениетаралық маңыздылығын көрсетіп, олардың әртүрлі елдердегі тарихи және рухани құндылықтардың көрінісі ретіндегі рөлін атап өтеді. Қорытындысында қасиетті сандардың қазақ және ағылшын тілдерінің лингвистикалық және мәдени мұрасындағы маңызды рөлін айқындап, әр халықтың мәдени мұрасын сақтауға ықпал ететін көптеген тұрақты тіркестердің негізі екенін атап көрсетеді. Сандардың тәрбиелік мәні олардың сандық мағынадан тыс символдық мәнге ие екендігін көрсетеді.

Досымбекова және т.б. (2016) «Көп құрылымды тілдердегі нумерологиялық фразеологиялық бірліктер» тақырыбындағы мақаласында нумерологиялық фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы-семантикалық талдау арқылы зерттейді. Олар қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялық тіркестерде қолданылатын негізгі қасиетті сандардың этнолингвистикалық және лингвомәдени ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеудің әдіснамасы семантикалық талдау, сипаттау, салыстырмалы талдау және іріктеу әдістерін қамтиды. Әдебиеттерге шолу барысында әртүрлі тілдердегі сандық символизм мен семантиканың ерекшеліктері зерттелген. Авторлар әсіресе түркі тіл біліміндегі фольклор, топонимика, фразеологиялық тіркестер мен мифологиядағы сандардың қолданылуын ерекше атап өтеді. Қорытындысында белгілі бір сандарға жатқызылатын қасиетті мәндер ерте адамзат тарихынан бастау алатынын, ал бұл сандардың семантикасын түсіндіруде мәдениет пен тілдің тығыз байланысы айқын байқалатынын көрсетеді.

Трушев және т.б. мақаласы көркем мәтіндердегі фразеологиялық коннотациялардың мәдени лингвистикалық аспектілерін зерттейді. Авторлар қазіргі фразеологиялық жіктелімдерді қарастырып, олардың әдеби контексттегі функционалды-стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктерін талдайды. Олар фразеологиялық бірліктерді тұрақты лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы және мағыналық тұтастығы бар сөз тіркестері ретінде сипаттайды. Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы фразеологиялық бірліктердің қолданылуына ерекше назар аударылып, олардың ақын шығармашылығында қалай бейімделіп, стильдік бояу алғаны көрсетіледі. Жүсіп тұрақты тіркестерді жаңарту, өзгерту және өңдеу арқылы олардың бейнелік және прагматикалық қасиеттерін арттырған.

Бұл зерттеулер жинағы тіл, мәдениет және сандық символизм арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Фразеологиялық бірліктер мен қасиетті сандарға қатысты зерттеулер олардың мәдени мұраның айнымас бөлігі екенін және мәдениеттер арасындағы байланыстарды түсінуге ықпал ететінін айқындайды. Осы зерттеулердің нәтижелері аударма және мәдени лингвистика саласындағы мамандарға, педагогтарға және зерттеушілерге лингвистикалық және мәдени мұраның күрделі өзара әрекеттесуін тереңірек түсінуге көмектеседі.

### Әдебиет

1. Боас, Ф. 2004. Қарапайым адамның санасы. Martino Fine Books.
2. Досымбекова, Р., Қалибекұлы, Т., Оразақынқызы, Ф., Әндабаева, Д., & Әшімбаев, Н. 2016. Көпқұрылымды тілдердегі нумерологиялық фразеологиялық бірліктер. *Asian Social Science International Journal of Applied Linguistics & English Literature*, 5(6). [https://www.academia.edu/72770435/Numerological\\_Phraseological\\_Units\\_in\\_Multi\\_structural\\_Languages?email\\_work\\_card=view-paper](https://www.academia.edu/72770435/Numerological_Phraseological_Units_in_Multi_structural_Languages?email_work_card=view-paper)
3. Гиббс, Р.В. 1994. Сананың поэтикасы: Метафоралық ойлау, тіл және түсіну. Cambridge University Press.
4. Қайдар, Ә. 2006. Этнолингвистиканың негіздері (300). Алматы.
5. Кенесбаев, С. 1997. “Жеті”, “үш”, “тоғыз”, “қырық” ұғымдарына қатысты түсініктер. Таңдамалы еңбектер. Алматы: Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы.
6. Копыленко, М.М. 1995. Этнолингвистиканың негіздері (78). Алматы: Еуразия.
7. Кунин, А.В. (1986). Қазіргі ағылшын тілінің фразеологиясы курсы (325). Мәскеу: Жоғары мектеп.
8. Мажитбаева, С., Әбдіразақова, А.А., Әбдіразақова, Н.А., Қасқатаева, З.А., & Прімбетов, Т.Т. 2015. Қасиетті сандармен тұрақты тіркестер. *Asian Social Science*, 11(1), 1-6. [https://www.researchgate.net/publication/285574912\\_Fixed\\_Expressions\\_with\\_Sacred\\_Numerals\\_on\\_the\\_Basis\\_of\\_Kazakh\\_and\\_English\\_Languages](https://www.researchgate.net/publication/285574912_Fixed_Expressions_with_Sacred_Numerals_on_the_Basis_of_Kazakh_and_English_Languages)
9. Мун, Р. 1998. Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер мен идиомалар: Корпусқа негізделген тәсіл. Oxford University Press.
10. Палмер, Л.Р. 1983. Қазіргі лингвистикаға кіріспе (122). Бейжің: «Шан у» баспасы.
11. Поули, А., & Сайдер, Ф.Х. 1983. Лингвистикалық теорияның екі жұмбағы: Ана тіліне тән таңдау және ана тіліне тән сөйлеу еркіндігі. J. С. Ричардс және R. W. Шмидт (Ред.), *Тіл және коммуникация* (191–226-б.). Лонгман.
12. Тейлор, Дж.Р. 1989. Лингвистикалық категориялау. Лингвистикалық теориядағы прототиптер. Оксфорд: Oxford University Press.
13. Трушев, А.К., Жұмбабекова, Б.Қ., Қарипжанова, Г.Т., Қарипжанова, А.О., & Әбікеева, Г.Т. 2016. Фразеологиялық коннотацияның стильдік сипаттамасы. *Journal of Advances in Linguistics*, 7(1). Инновациялық зерттеулер кеңесі. <https://rajpub.com/index.php/jal/article/view/5157>
14. Вине, Ж.-П., & Дарбелне, Ж. (1958). Аударма әдістемесі. *TTR: Traduction, Terminologie, Rédaction*, 1(1), 107-117.
15. Вержбицка, А. 1987. Ағылшын тіліндегі сөйлеу актілерінің етістіктері: Семантикалық сөздік. Academic Press.
16. Вилфред Фанк. 1950. Сөздердің шығу тегі мен олардың романтикалық тарихы (7).
17. Журавлев, А.В. 2010. Қазақ тілінің идиостили. Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің баспасы.
18. Жұмашова, Ж., Құлсариева, А., Сұлтанбаева, Г., & Сұлтанбаева, Е. (2013).

## **ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Эпостық жырларда жиі қолданылатын тілдік бірліктердің бірі – тұрақты тіркестер. Тілімізде бірнеше ғасыр бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан көптеген тұрақты тіркестер кездеседі. Олар халықтың мәдениетінен, тарихынан хабардар ететін қолданыстар. Эпостық жырлардағы тұрақты тіркестер де ұзақ тарихты бастан кешкені сөзсіз.

Эпостық жырлардағы тұрақты тіркестер белгілі бір стильдік мақсатта қолданылады. Көптеген тұрақты тіркестерге образдылық тән болып келеді. Яғни, эпостар тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігі халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты образды қолданыстар болып табылады.

Сонымен қатар эпостық жырлар тіліндегі тұрақты тіркестердің көпшілігін соматикалық фразеологизмдер құрайды. Мысалы:

*«Алпамыс батыр» жырынан:*

*«Сонда Байбөрінің белі бүгіліп, тырнағы сөгіліп, көзінің жасы төгіліп, өзі жаяу, мойны ырғайдай, биті торғайдай болып, екі көзі іріңдеп, буындары дірілдеп, баласын жоқтап жылап жүреді екен».*

*Көзімнің жасы егілді,  
Қабырғам менің сөгілді.  
Басымда тәж, дәулетім  
Жерге менің төгілді.*

*Жетім қалып жасымнан  
Жаманнан жедім жұдырық.*

*«Қобыланды батыр» жырынан:*

*Таң шолпаны батқанда,  
Қызарып күн шыққанда,  
Тізе қосып екеуі  
Айдап кетіп барады.*

*Жетегінде Бурыл ат,  
Мамырлай басад ауырлап.  
Қарсы шықты Бөкенбай,  
Қабағынан қар жауып.*

Жоғарыда берілген фразеологизмдердің бел, тырнақ, көз, буын, өкпе, қабақ, тізе, қабырға, жұдырық, мойын секілді дене мүшелерінің қатысуы негізінде жасалғаны байқалады. Мұндай соматикалық тұрақты тіркестерді эпостық жырлардан көптеп кездестіруге болады. Олардың көпшілігі жырдағы оқиғаны күшейте суреттеу, образдылық тудыру мақсатында қолданылады. Жырдағы «қабырғасы сөгілу» қайғыру, «жұдырық жеу» таяқ жеу, «тізе қосу» бірігу, «қабағынан қар жауып» қолданысы қатты ашулану, қаһарлану мағынасында берілген. Бұл қолданыстардың мағынасы қазіргі әдеби тілдегі мағынасымен бірдей екенін байқауға болады.

Академик Ә.Қайдар тек қазақ тілінде адамның дене мүшелері мен ішкі ағзаларына байланысты 500-ден астам атау барын атай келе, сол атаулардан туындаған сан алуан ұғымдарды жүйелеп, олардың мән-мағынасын ашып, ішкі мазмұнын індете зерттеудің маңызын «тілдің этнос болмысын айқындаушы әлеуетін, потенциялық мүмкіндігін тануға және танытуға, сондай-ақ «тіл әлемінде» жинақталып, сақталған ауқымды да информативті байлыққа қол жет-

кізуге болады» деп көрсетеді [1, 22-26]. Осы тұрғыдан келгенде, XX ғ. 80-жылдары айтылған Ә.Болғанбаевтың: «Тіл-тілдің негізгі сөздік қорының ең көнелерінің бірі ретінде танылатын анатомиялық атаулар көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі. Анатомиялық атаулардан туындаған фразеологизмдерді өз алдына жеке тақырып етіп, зерттеудің бүгінгі таңда практикалық та, теориялық та үлкен мәні бар» [2, 107] – деген пікірі бүгінгі таңда да өзекті болмақ. Ал профессор Н.Уәлидің пайымдауынша, тұрақты сөз тіркестерінің табиғатына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» тән, аз сөздің бойына халықтың дүниетанымы, барлық сезімдік категориялар тұтастай сыйып кеткен дейді: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі әрлі, әрі нәрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» [3, 38].

Профессор Г.Сағидолда: «фразеологиялық дүние бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі процесінде қалыптасатын дүниені бейнелі, көрнекі етіп көруі және тануы жатады. Фразеологиялық дүние бейнесі ғылыми және кәсіби білімді қамтымайды, оларға дейінгі және олардың қордалануына негіз болған ұлттық сананың архаикалық қабатындағы прагматикалық білімді тілдің фразеологиялық деңгейінде жеткізеді. Сондықтан фразеологиялық дүние бейнесі қарабайыр-тілдік дүние бейнесінің фрагменті болып саналады. Қарабайыр дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментін «ішкі әлем мен сыртқы әлемдік» күрделі қатынасты сипаттайтын «Адам» концептуальдық-когнитивтік өрісі құрайды. Бұл өрісте адамның биологиялық табиғатына қатысты, сондай-ақ физикалық және әлеуметтік әлемдермен өзара қатынасынан жинақтаған тәжірибесіне негізделген қарабайыр білімі тілдік семантикамен тоғысады. Тілдің семантикасын, мағыналық-мазмұндық өрісін зерделеу арқылы дүниенің қарабайыр бейнесінің когнитивтік-концептуальдық модельдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға, соның негізінде адамның ұғымтүсініктері әлемін және оның кейбір дерексіз фрагменттерінің құрылымын тануға болатынын айтады» [4; 63].

Соматизмдерде, В.Г.Гактің айтуы бойынша, «алдын-ала негізделген ұлттық-мәдени коннотациялар болмайды (не имеет заранее обусловленных национально-культурных коннотаций)» [5, 261]. Осыған байланысты олардың фразеологизациялану әлеуеті де айрықша болып келеді, басқаша айтқанда соматизмдер адам немесе жануар денесінің универсальді және бөлінбес атрибуттарын білдіретіндіктен, кез келген тілдің фразеологиялық қорын құрайтын фразеологизмдерді тақырыптық топ жағынан жіктегенде, ең көбі соматикалық компонентті фразеологиялық бірліктер үлесіне тиеді. Олар Р.М.Вайнтраубтың айтуынша, түгелдей «адам» семантикалық макроөрісіне қатысты болады және адамды, оның ақыл-ой қабілетін, кісілік келбетін, психикалық және физиологиялық жай-күйін, іс-әрекет, жүріс-тұрысын білдіреді, мұның сыртында адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынастың сыр-сипатын таныту қызметін атқарады [6, 55].

Адамның қимыл-әрекетін, сезім жағдайын, көңіл-күйін білдіретін фразеологиялық бірліктердің кез келген тілдің фразеологиялық қорында басымдылық танытатынын фразеологтардың көбі қуаттайды. Мәселен, С. Сәтенова: «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің ішінде ең мол ұшырасатындары: адамның іс-әрекетін, қимылын бейнелейтін және ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын сипаттайтын түрлері», – деп тұжырымдаса [7, 164], Г. Смағұлова қазақ тіліндегі фразеологизмдердің синонимдік қатарының семантикалық, мағыналық топтары түгелге жуық адам оның іс-әрекеті, физиологиялық қалпы мен жағдайы, түрлі сезімдерге қатысты психикалық процестер мен содан туатын ұнамды, ұнамсыз эмоция түрлеріне негізделгенін фразеологиялық фактілерді ұлттық-мәдени факторлармен ұштастыра отырып дәлелдейді [8].

Адамның қимыл-әрекетін, сезім жағдайын, көңіл күйін білдіретін фразеологиялық бірліктердің тілдің фразеологиялық қорында басымдылық танытуы, сонымен қатар, фразеологизмдердің тақырыптық-семантикалық тобының ең көп бөлігін құрауы, айналып келгенде, дүние бейнесінің антропоэлектік қасиетінен, жалпы фразеологизмдердің антропологиялық ұстанымға негізделуінен туындайды деуге болады. Өйткені дүние бейнесінің фразеологиялық

фрагментінің антропоцентрлік және антропологиялық қасиетін адамдық фактордың объективті дүниедегі орны айқындайды.

Жапы фразеологизмдерді белгілі бір халықтың, ұлттың көзқарасын, өзіндік тәжірибесін, жалпы алғанда дүниетанымын талдап тану үшін когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы өте зор. «Таным процесі мен логикалық ойлау жалпы адамзаттық ортақ қасиет, ал бүкіл адам баласы үшін ақиқат шындық болмыс біреу болғандықтан ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде сөйлейтін халықтар үшін біреу-ақ. Сөйтсе де тіл иесінің ой-өресіне, концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние ғаламның фрагменттерін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді, ал тіл өкілі ойының желісін өз тілінде бекіген ғалам бейнесінде құрады» [4, 21]. А.Потебня тілдің танымдық қызметінің қоғамдық, жеке, қоғамдық әрі жеке деген үш түрлі деңгейін бөліп көрсетеді. Бұлай бөлуінде тіл арқылы танылатын дүние бейнесінің жалпы адамзатқа ортақтық жағы мен жеке индивид қабылдауымен алғандағы даралық сипаты жатыр. Тұрақты тіркестерде ұлттық болмыстың даралық сипаты айқын көрінетіні зерттеу еңбектерінде жүргізілген талдауларда нақты көрінеді. Себебі фразеологизмдердің бойында сол халықтың, ұлттың танымынан, шаруашылығынан, кәсібінен, мәдениетінен жинақтай айтқанда тұтас болмыс-бітімінен хабар беретін ақпарат болады. «Оның себебі тілдің сөздік қорындағы өзге категорияларға қарағанда фразеологизмдер мен идиомалардың табиғаты барынша бағзылық сипатымен, басқа тілге мазмұнын да формасын да аударуға, қайта өңдеуге келе бермейтін тілдегі «құймалылығымен» ерекшеленеді. Сондықтан да тұрақты сөз тіркестері ұлт тіліне тән, сол тілде сөйлейтін, ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен болмысын меңгерген адам ғана ұғына алатындай ерекшелік, даралық болып табылады» [9, 165]. Тұрақты сөз тіркестері жайлы ғалымдардың айтқан пікірлерін, ойларын саралай келе оған тән төмендегідей бірнеше қасиеттерді атап кетуге болады: бағзылық, көнелік; мазмұны да, формасы да аударуға келе бермейтін; халықтың намыс-сенімі мен ой-қиялы, тыныс-тіршілігі бейнелетін; нәрлі сөздер және т.б.

Қысқасы, фразеологизмдерде адам, қоғам, табиғат жөнінде тілдік ұжымның сан ғасырлық дәстүрлі білімдер жүйесі сақталғандығы бізге белгілі болды. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір қымбат дүниесі – сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биік болып көрінетіні де сондықтан.

Сонымен Батырлар жырында қолданылған фразеологизмдерге мысалдар:

Адамның ішкі жан дүниесін білдіретін фразеологизмдердің ең үлкен тобы «жүрек» сөзі ұйытқы болған тіркестерді айтуға болады. Эпостық жырлардан жинақталған материалдар бойынша, «Жүрек» сөзімен келген тұрақты тіркестер, негізінен көңіл-күй концептісін білдіреді. Мысалы:

Атқа мініп алғасын,  
**Жарылды**-ау менің **жүрегім** (Қарасай, Қазі)  
Айналайын жапандағы жалғызым деп,  
Ішінде терең судың құндызым деп,  
Жаратқан дүниеде перзентім деп,  
Қарағым, болдың енді тұңғышым деп,  
Бір туған Ханзиямен сүйегің деп,  
**Жарылды** енді бүгін **жүрегім** деп,  
Басыма енді шықты мүйізім деп,  
Ризамын аллаға өтсе де енді күнім (Қарасай, Қазі).  
Қуанып едім күлгенге,  
**Жарылып** еді **жүрегім**,  
Сен бір атқа мінгенде,  
Қатарға шығып жүргенге. (Манашыұлы Тұяқбай)

«Ей, бәйбіше, тұр! – дейді, –  
Беті-қолың жу! – дейді, –  
Құдайдың берді тілекті,  
Әулиең **жарды жүректі**. (Ер Сайын)

Бұл мысалдардағы *жүрегі жарылу* фразеологизмі барлық мәтіндерде қуануды білдіріп тұр. Ал жалпы *жүрегі жарылу* тіркесінің фразеологиялық мағынасы – қуану және қорқу. Ал



психологияда жүрегі жарылу – стресс алған жағдайда жүрек қағысының жиіленуі. Ғалым А.М.Эмированың айтуынша, адам эмоциясы саласымен байланысты тілдік бірліктерді лингвистикалық талдау кезінде психологиялық ұғымдар шкаласын, мысалы, психологияның өзінде жоқ «эмоционалды жағдай» ұғымын, неғұрлым дәл анықтайтыны белгілі [10; 70].

«Жүрек» сөзімен байланысты фразеологизмдердің келесі бір тобы – жүректің тулауына байланысты тұрақты тіркестер. Мысалы:

*Тайдай* болып *тулайды*,  
Ағалар, менің *жүрегім*,  
Кіріп тұр менің реңім (Қарасай, Қазі).

Сол уақытта болғанда,  
Керейұлы Келмембет,  
*Жүрегі тұрмай орнында*,  
Далаға іштен шығады (Қамбар батыр).

Есіткенде бұл сөзді,  
Жасыды менің сүйегім,  
*Тулады* толып *жүрегім* (Ер Бегіс).

Бұл тіркес те «Қуаныш не қорқыныштан жүрегі дүрсілдеп қатты соғу»-ды білдіріп тұр, яғни «жүрегі жарылу» тіркесімен мағыналас, әйтсе де екеуінің арасында айырмашылық бар. *Жүрегі тулау* белгілі бір жағдаятқа дейінгі көңіл-күйдің қалпын білдірсе, *Жүрегі жарылу* жағдаяттан кейінгі көңіл-күй қалпын көрсетеді.

*Жүрек* сөзіне қатысты тұрақты тіркестердің келесі тобы *ренжу*, *қайғыру* көңіл-күйлерін білдіреді. Мысалы:

Төремен осылайша бітім болды,  
Жұбайды ойлап, *жүрекке қайғы толды* (Арқалық батыр)

Қапаланып Қамбардан  
*Жүрегі* қатты *суынады* (Қамбар батыр)

Қуанғаннан Сүйініштің  
*Суалып қалған жүрекке*  
Қайта күші кіреді (Ер Бегіс).

Бұл мысалдардан байқағанымыз, екінші және үшінші мысалдарда жүрек сөзі алдыңғы мысалдардағыдай көңіл-күй концептісін білдіріп тұрса, бірінші мысалдағы тұрақты тіркестің фразеологиялық мағынасы қайғыру болғанымен, жүрек сөзі жалпы адам концептісін білдіріп тұр.

Біздің жинақтаған тілдік деректер бойынша фразеологизмдердің тағы бір тобы – «көңіл» сөзімен келген тіркестер. Және бұл тіркестер де көңіл-күй концептісін білдіріп тұр. Оның ішінде қуану, ренжу көңіл-күй түрлерін білдіреді. Мысалы:

Ауылына Әзімбайдың келді қайтып,  
Мысалы дариядай *көңілі тасып* (Қамбар батыр).

Ал оған *көңілің толмаса*,  
Мені дағы ал деді (Қарасай, Қазі).

«Ақша бетім қарайып  
Қалды ма, – деп, – апырмай»,  
Шарайнасын қолға алып,  
Сұңқардай көзі сүзіліп,  
Жыламай *көңілі бұзылып*,  
Айнаға көзін тұр салып (Қамбар батыр).

Бәрі де қорқып жүр екен  
*Көңліме салған дағына* (Қамбар батыр)

Келтірілген мысалдардың біріншісі қуануды білдірсе, қалған мысалдар ренжуді білдіріп тұр.

Келесі тіркестер тобы – «Көңілін табу» фразеологизмі. Бұл тіркес қазіргі тілдік қолданыста «қымыраға келу, келісу» секілді мағынада жұмсалады. Ал батырлар жырында бұл тіркес «өлім» концептісін беріп тұр. Мысалы:

Кезегімді мен алсам,  
Ақ сүңгіні саламын,  
**Көңіліңді табамын** (Қарадөң).

Оңына келген қалмақты  
Найзамен **көңілін табады** (Қарадөң).

Менің атым – Қарадөң,  
Жекпе-жекке келсең сен,  
Өлтірермін өзіңді,  
Оярмын екі көзіңді,  
Астыма бүктеп салармын,  
Тамағыңнан бауыздап,  
**Көңіліңді табармын** (Қарадөң).

Олжа қылып атыңды,  
Ерінді отқа жағайын,  
Қонаққа сойған қозыдай  
Тамағыңнан бауыздап,  
**Көңіліңді сенің табайын** (Қамбар батыр).

Бұл мысалдардан байқағанымыз, «көңілін табу» тіркесінің мағынасы қазіргі тілдік қолданыста мүлдем өзгерген.

Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, соматикалық фразеологизмдердің ішінде «жүрек» және «көңіл» сөздері ұйытқы болған бірнеше тұрақты тіркестер, негізінен көңіл-күй концептісін білдірумен қатар, фольклорлық мәтіндерде өлім концептісін бергені анықталды. Демек соматикалық фразеологизмдер – адамның сыртқы әлемді сезінуі мен дүниені қабылдауының тілдік модельдері, сезімдік танымға негізделетін логикалық-танымдық мағлұматтар арқалаған ұғымдардың тілдік бейнесі ғана емес, мәдениеттің соматикалық коды қызметін де атқарады.

#### Әдебиет

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304.
2. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы, 1989.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. док. дисс.автореф.: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007. - 58 б.
4. Сағидолда Г.С. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа. – 2011. – 304 б.
5. Гак В.Г. Национально-культурная специфика меронимических фразеологизмов // Фразеология в контексте культуры. М., 1999.
6. Вайнтрауб Р.М. О соматических фразеологизмах в русском языке.// Лексические единицы русского языка и их изучение. Ташкент, 1980.
7. Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Фил. ғыл. док. ... дисс. Алматы, 1997. – 260 б.
8. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
9. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
10. Эмирова А.М. Русская фразеология в коммуникативном аспекте. – Ташкент: Фан, 1988. – 92 с.

# АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАДАҒЫ ТІЛТАНЫМ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ: ЭТНОЛИНГВИСТИКА, ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА, КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА

---

*Серікгүл СӘТЕНОВА*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

**Андатпа.** Мақалада академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми зерттеулерінің бағыттарына, этнолингвистикаға қатысты еңбектеріне, оның жетекшілігімен қорғалған ғылыми жұмыстарға қысқаша шолу жасалады. Сондай-ақ этнолингвистикалық бірліктерді салғастырмалы негізде және аударматану тұрғысынан зерттеудің маңыздылығы сарапталады.

**Тірек сөздер:** этнос, тіл, этнолингвистика, зерттеу, салғастыру, аударма.

**Аннотация.** В статье представлен краткий обзор направлений научных исследований академика А.Кайдара. Уделяется особое внимание научным трудам ученого, связанным с этнолингвистикой, а также исследовательским работам, защищенным под его научным руководством. Анализируется актуальность переводоведческого аспекта и сопоставительного изучения этнолингвистических единиц.

**Ключевые слова:** этнос, язык, этнолингвистика, исследование, сопоставление, перевод.

**Abstract.** The article provides a brief overview of the research areas of academician A.Kaidar. Particular attention is paid to the scholar's research works related to ethnolinguistics, as well as graduate theses defended under his scientific supervision. Additionally, the article explores the significance of the translation aspect and the comparative analysis of ethnolinguistic units, highlighting their relevance in contemporary linguistic studies.

**Keywords:** ethnosc, language, ethnolinguistics, research, comparison, translation.

Қадірлі ұстазымыз, дара тұлға академик Әбдуәли Қайдардың ғылымдағы орны, құнды еңбектері, ғылыми тұжырымдары тұрғысынан айтар сөз көп, алайда бір шағын мақала аясында барлығын қамту мүмкін емес. Сондықтан бұл мақалада ұстазымыздың этнолингвистикалық зерттеулеріне шолу жасай келіп, осы бағыттағы кейінгі ізденістерге және кейбір этномәдени бірліктердің аудармада берілуіне тоқталмақпыз.

Әбдуәли Қайдар – қазақ тіл білімінің әртүрлі саласына, атап айтқанда, лексикология, диалектология, фразеология, этнолингвистика, этимология, тіл құрылысы, түркітану т.б. салаларына қатысты іргелі зерттеулер жүргізіп, көлемді ғылыми еңбектер, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазды. Жаңа ғылыми бағыттардың негізін қалап, өзінің этнолингвистикалық мектебін қалыптастырды. Ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, оның әрбір саласының қалыптасып, дамуына, зерттелуіне көшбасшы бола білген және “сөзтану, түбіртану, қос тағанды” т.б. тәрізді бірнеше терминдерді ғылыми айналымға енгізген Әбдуәли Қайдардың түркітану және қазақ ғылымына сіңірген еңбегі зор екендігі айқын.

Этнолингвистика саласы бірнеше ғылым саласының ұштасуы негізінде қалыптасқан, салыстырмалы түрде алғанда жаңа бағыттардың бірі екендігі белгілі. Ғалымның өз сөзімен айтар болсақ, «Этнолингвистика – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың инсандық хәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым» [1, 117]. Отандық тіл біліміндегі этнолингвистика ғылымының негізін қалап, одан әрі дамуына зор үлес қосқан ғалымдардың бірі – академик Әбдуәли Қайдар. Оған, ең алдымен, Әбдуәли Қайдардың

«Қазақ қандай халық?», «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталған 3 томдық еңбегін, «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым», «Тысяча метких слов и выражений» атты фразеологизмдердің шығу төркінін қарастырған қазақша-орысша фразеологиялық сөздігін, «Халық даналығы» деген қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін, «Қаңлы» атты тарихи зерттеуін этнолингвистика саласына қосылған зор үлес деп бағалауға болады.

Сондай-ақ осы салаға қатысты Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Н.Уәли сынды ғалымдардың жемісті еңбектерін ерекше атап өткеніміз жөн.

Әбдуәли Қайдардың шәкірттеріне қазақтың тарихына, салт-дәстүріне, киіз үй, киім-кешек, ұлттық музыка аспаптары, ұлттық тағамдар атауларына, сакральды атауларға, өсімдіктер дүниесіне, қазақ эпосындағы этнолингвистикалық лексикаға, антропонимиялық «аталымдарға», жұмбақтар тіліне, бейнелеуіш етістіктерге, адам интеллектісіне, түр-түс атауларына, соматикалық етістік фразеологизмдерге, дыбыстық еліктеуіш етістіктерге т.б. қатысты берген ғылыми тақырыптарының аясында жүргізілген ғылыми зерттеулер қазақ этнолингвистика ғылымының ілгері дамуына ықпал етті.

Осы еңбектердің бірқатарына тоқталар болсақ, Р.Шойбековтың «Лексика ювелирного искусства в казахском языке», Ж.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы», А.Жылқыбаеваның «Термины питания в казахском языке», Ә.Ахметовтың «Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер», К.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері», Қ.Ароновтың «Этнолингвистическая природа народных космоимов в казахском языке», А.Мухатаеваның «Этнолингвистическое изучение лексики казахского эпоса (сфера материальной культуры)», М.Мұсабаеваның «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың этнолингвистикалық сипаттамасы», Ш.Сейітованың «Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаты», Қ.Ғабитқанұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер», Э.Өтебаеваның «Қазақ тіліндегі -дай,-дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу тіркестерінің этнотанымдық сипаты», Н.Әшімбаеваның «Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты» және тағы да басқа кандидаттық және докторлық диссертацияларын атап өтуімізге болады.

Зер сала қарар болсақ, берілген тақырыптар бір салаға қатысты болғанымен, қарастырған мәселелері әртүрлі. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми жетекшілігімен қорғалған алпыс бес кандидаттық диссертацияның жиырма үші, ал он төрт докторлық диссертацияның бесеуі, яғни жалпы алғанда, жиырма сегіз ғылыми жұмыс этнолингвистика мәселелеріне арналған екен. Бұл аталған ғылыми зерттеу жұмыстары академик Әбдуәли Қайдар мен оның шәкірттері отандық этнолингвистика саласының қалыптасуы мен ілгері дамуына ауқымды үлес қосты деген сөзіміздің дәлелі іспеттес.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарын және этнолингвистиканың мақсат-міндеттерін айқындап, ғылыми тұжырымдар жасаған М.М.Копыленконың еңбегінде берілген этнолингвистикаға қатысты еңбектер тізімін негізге алар болсақ, этнолингвистика саласының барлық мәселелері айқындалып, шешімін тапқандай көрінеді. Алайда этнолингвистиканың ұстазымыз айқындап, көрсетіп берген зерттеу нысанын, арналарын, қазақ тілінің байлығын, көркемдігін және құрамында сирек қолданылатын, шығу төркіні күнгірт сөздер мен тіркестердің баршылық екенін ескеріп, осы бағыттағы зерттеу жұмыстарын әрі қарай жалғастыру қажет деп есептейміз. Себебі, «бұлардың бәрі этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлық құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзі көрсететін айна іспеттес» [1, 121].

Отандық тіл білімінде салыстыра алғанда қазақ тіліне қатысты этнолингвистикалық зерттеулер баршылық, барлығы толығымен шешімін таппағанымен, көптеген мәселелер айқындалды деп айтуға болады. Бізді қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді басқа тілдермен салғастыра зерттеген және олардың аудармада берілуін қарастырған жұмыстар бар ма деген сұрақ ойландырды. Бұл мәселелер де өзекті, себебі, мағынасы терең, шығу төркіні күнгірт, көбіне бейнелі сипатқа ие, халқымыздың тарихымен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен

байланысты тілдік орамдардың өзге тілге дұрыс аударылуы маңызды екендігі айтпаса да түсінікті.

Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі этномәдени бірліктерді салғастыра зерттеген жұмыстардың санаулы екендігі анықталды. Олардың қатарына қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипатын қарастырған Р.Жүсіпованың, қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдерді талдаған Т.Мықтыбаеваның, қазақ және неміс мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипатын қарастырған Р.Атаханованың т.б. жұмыстарын жатқызуға болады.

Ал осы этномәдени тілдік бірліктердің көркем аудармада берілуін қарастырған көлемді зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Қазақ этномәдени бірліктерінің аудармада берілуін талдау халықаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас дамыған қазіргі кезеңде аса өзекті. Себебі, ұлтымыздың тарихынан, материалдық және рухани мәдениетінен, дүниетанымы мен наным-сенімінен мол мағлұмат беретін этномәдени бірліктер дұрыс аударылмаса, өзге ұлт өкілдеріне жаңсақ мағлұмат берілуі әбден мүмкін.

Сонғы жылдары, яғни «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде жарық көрген 100 кітап шетел тілдерінен қазақ тіліне тікелей аударылды. Ал оған дейінгі еңбектер, көркем шығармалар көбіне орыс тілі арқылы аударылғаны белгілі. Сондықтан да болар зерттеу барысында көптеген тұрақты тіркестердің, этномәдени бірліктердің, реалий сөздердің орыс және ағылшын тілдеріне қате аударылғаны анықталды. Енді осы сөзімізге дәлел боларлықтай бір-неше мысал келтірсек.

І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романынан мысал:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
Егер бұл арманымды орында- маса, <i>ақ сүтімді көкке сауып өтем</i> [276 б.]	И если он не исполнит клят- вы, я до конца своих дней <i>буду брызгать в небо своим материнским молоком в знак проклятия!</i> [ с. 306]	Ағылшын тіліне аударылма- ған

*Ақ сүтін көкке сауу* бейнелі сөз орамы «қауым, ру-тайпа үшін бетке салық, сүйекке таңба боларлық масқара қылыққа барудан баласын тоқтату үшін анасы тарапынан қарғыс түрінде айтылатын магиялық сөз тіркесі» [1, 140 б.]. Аталған бейнелі тіркес орыс тіліне тура ауда-рылып, ал ағылшын тіліне мүлде аударылмаған. Аудармашы тұрақты тіркестің астарлы ма-ғынасын түсінбегендіктен тура аударып, сөйлемнің мағынасы толық жеткізілмей, өрескел бұрмаланғандығы байқалады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан мысал:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма (Л. Соболев)	Ағылшын тіліндегі аударма (Л. Наврозов)
Жаным-ау, <i>айрандай аптап, күбідей күптеп</i> болды ғой [57 б.].	Ой, дорогой мой – опять вздыхнул он. – Кажется, Кунанбай и без того <i>обкорнал</i> <i>нас</i> всех... [70 б.]	«It seems to me» he sighed, «that Kunanbai's <i>plucked</i> the lot of us clean enough» [88 б.].

Қазақ тіліндегі «емін-еркін билеп-төстеу» ұғымындағы *айрандай аптап, күбідей күптеп* бейнелі тіркесі орыс тіліне «обкорнать» деп аударылған. В. Дальдың «Толковый словарь жи-вого великорусского языка» деп аталған сөздігінде «корнать» етістігіне *коротать, обреза-вать, остригать, окорачивать, обрезать в излишке или как попало* [2, 421], ал Т.Ефремованың түсіндірме сөздігінде « 1. *Обрезать, остричь слишком коротко, небрежно или неровно. 2. перен. Неумело сократив, ухудшить, испортить что-либо написанное*» деген анықтамалар берілген [3]. *Обкорнать* етістігі ауызекі сөйлеу тілінде «тонау» мағынасында да қолданылуы мүмкін, дегенмен белгілі бір ұйқасқа құрылып, әдеби шығарманың көркемдігін арттыратын бейнелі тұрақты тіркестің мәні толық, нақты жеткізіліп тұрған жоқ. Ал ағылшын тіліндегі ау-дарма орыс тілінің негізінде жасалғандықтан, аталған тұрақты тіркестің мағынасы «pluck» (мағынасы: жұлу, жинау, тонау, алдау) сөзімен берілген, яғни орыс тілінде жіберілген қателік ағылшын тіліндегі аудармада да қайталанып тұр.



Сонда *ат құйрығын кескен* – Стало быть, обкорнаем хвосты жеріміз осы болғаны ма? *төй көней? Подрезать хвосты коней* означало положить конец дружбе [с. 330]. So we shall be clipping our horses' tails? The clip horsetails meant to sever a friendship [p. 284].

*Ат құйрығын кесісу/үзу-* жақын сыйластық, достық, кейбір жағдайда, тіпті туыстық қатынастағы адамдардың арасындағы байланыстың ерекше себептермен мүлдем үзілгендігін білдіретін ұғым [1, 316 б.]. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, ертеректе ел арасында әртүрлі жағдайға байланысты енді көрместей болып араздасқан адамдар біржола кетіскендігінің белгісі ретінде өз аттарының құйрығын кесетін. Көркем аудармада осы этномәдени бірліктің шығу төркіні жөнінде қысқаша тарихи мағлұмат берілмесе, оқырманға түсініксіздеу болуы мүмкін.

Осы көрініс Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романында ұтымды суреттелген:

...Ол тізгінін қаңтарып, ерінің қасына іліп қойған атының құйрығын нақ тірсектің денінен орып-орып жіберді де, қаз-қатар тұрған жасақшыларына бұйрығын жариялады: – «Бүгін тап осы сағат, осы минуттап бастап мен Жымпиты хукіметімен *ат құйрығын кесітім*. Міне, мен шолақ атты большевикпін. Қарамағымдағы жасақшыларға бұйырамын: оң жақ шеттен бастап аттан түсіп аттарыңның құйрығын кесіңдер. Кімде-кім бұл бұйрыққа бой ұсынбаса – ол хан жасағының тобында қалғаны. Ондай адамдар біздің қатарымыздан біржола кетсін» [4, 195].

Жоғарыда берілген сөйлемде *ат құйрығын кесу* тұрақты тіркесі тура мағынада емес, «көріспестейтіндей болып араздасу, қарым-қатынасты біржола үзу» ұғымында қолданылғандықтан, орыс және ағылшын тілдеріне де тура емес, сәйкесінше астарлы мағынасы негізінде аударылғаны жөн еді.

Түпнұсқа

Орыс тіліндегі аударма  
(А.Ким)

Ағылшын тіліндегі аударма  
(Л.Наврозов)

«Біздің халықта *«қарға – қараның көзін шоқмайды»* деуші еді [193 б.].

«В нашем народе говорят: *«ворон ворону глаз не выклюнет»* [с. 261].

«Our people also say *that one crow never pecks at the eye of another»* [ p. 206].

Сөйлемдегі «*қарға қараның көзін шоқмайды*» бейнелі тіркесі универсалды сипатқа ие, орыс және ағылшын тілдеріне тиімді аударылған, ағылшын тіліндегі нұсқасында «*crow will not pick out crow's eyes*» тұрақты тіркесін қолданғанда үйлесімділігі арта түсер еді.

Көркем аудармада кейбір кемшіліктерге қарағанда дәл, ұтымды аударылған тұстары басымырақ кездесетіндігін айта кеткеніміз жөн.

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселелерге қатысты ойымызды түйіндер болсақ, академик Әбдуәли Қайдар негізін қалап, зерттеу нысанын, мақсаты мен міндеттерін, терминдерін, әдіс-тәсілдерін т.б. анықтап берген этнолингвистика саласына қатысты зерттеулер әрі қарай жалғасын табады деп пайымдаймыз. Себебі, әлі де болса қарастырылмаған мәселелерін былай қойғанда, жарыса қолданылатын *этнолингвистикалық бірліктер, этномәдени бірліктер, этнолингвизмдер* тәрізді ұғымдардың ара-жігі ажыратылып, нақтыланғаны жөн. Сондай-ақ зерттеу нысанына, қалыптасу тарихына, бағыттарына т.б. қатысты сұрақтардың орын алуы этнолингвистикалық зерттеулердің өзектілігін, бүгінгі күн тұрғысынан сұранысқа ие екендігін көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы «Аударма ісі» мамандығында оқитын білім алушыларға этнолингвистика саласының мәселелеріне, этномәдени бірліктердің шығу төркініне, астарлы мағынасына, қолданыс аясына және аудармадағы сипатына қатысты жүргізілген сауалнама, тест нәтижелері осы бағытта зерттеу жұмысын жүргізудің маңызды екендігін айқын көрсетті.

Қорыта айтқанда, академик Әбдуәли Қайдардың еңбектерінен бастау алған, танымдық әрі тәрбиелік мәні зор этнолингвистикалық зерттеулер әрі қарай жалғасын тауып, күрмеуі қиын мәселелер шешімін табарына сеніміміз мол. Этнолингвистикалық зерттеулерді бір тіл аясында зерттеп қана қоймай, салыстыра, салғастыра зерттеу де маңызды. Ал этномәдени тілдік бірліктердің аудармадағы сипатын анықтау, дұрыс, бұрыстығын сараптау, арнайы қос тілді, көп тілді, түсіндірме сөздіктерін құрастыру өз алдына бөлек күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі.

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі/ Энциклопедия.– Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017.–856 б.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. Том 2. <https://runivers.ru/lib/book9793/483202>
3. Ефремова Т. Ф. Современный толковый словарь русского языка. <http://rus-yaz.niv.ru/doc/dictionary-efremova/index-206.htm#206>
4. Х.Есенжанов. Ақ Жайық, А., 1988. 195 б.

**Шынар СЕЙТОВА**

*Әлихан Бөкейхан университеті  
ономастикалық ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Семей қ.)*

### «ӨРКЕН» СӨЗІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

**Андатпа.** Жас өскіннің өркен жайып, жайқалып кетуіне табиғи факторлар себепші болса, жас нәрестенің жетілуі де барған қоректің ағза қажетіне қарай қорығылып, асқазан өз қызметін дұрыс атқаруына байланысты. Осылай дұрыс ауыздандырылған, дұрыс жетілген, мазалы балпанақтай бала туралы «құйрық маймен ауыздандырылған, мәйегі тоқпақтай» деген мағыналы бірлік те қалыптасқан.

**Тірек сөздер:** өркен, өріс, мәйек, тоңғақ, құйрық май т.б.

**Аннотация.** Если на развитие молодого ростка влияют природные факторы, то и на развитие младенца влияют правильное питание и функционирование организма. Таким образом было образовано устойчивое словосочетание, характеризующее крепкого и здорового младенца как «упитанный и крупный ребенок, ребенок кровь с молоком».

**Ключевые слова:** развитие, рост, основа, курдючный жир и т.д.

**Abstract.** If development of a young sprout is influenced by natural factors, then and development of the baby is influenced by healthy nutrition and functioning of an organism. Thus the set phrase characterizing the strong and healthy baby as “the well-fed and healthy child, the very picture of health” was formed.

**Keywords:** development, growth, basis, fat tail, etc.

Өсімдік атауларына қатысты тұрақты тіркестердің өмірге келуі, қолданыс ерекшеліктеріне, халықтың өмірі туралы сан алуан пайым-байқауларынан, ойға түйгендерінен әр түрлі қарым-қатынастар барысында айқындалатын сезім, айшықты ой, психологиялық жай-күйі т.б. деректернегізінде пайда болуына этнолингвистика ғана толық жан-жақты жауап бере алады. Тіл деректерінен өсімдік атауларына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің табиғатына этностың өз көзімен, өз болмысы тұрғысынан баға бере алады.

«Қырғыздарда мал үшін өте жұғымды бетеге деп аталатын шөп бар. Осы шөп туралы құдай халықтарға жер бөліп бере бастағанда, қытай жер алған, сондықтан жер өңдеуші; орыс орман алған, ол – аңшы; ал қырғыз бетеге алып, содан малшы болған деген аңыз бар»,– деп жазады Г.Н.Потанин [1, 84]. Содан да болар, қазақ шаруашылығының тарихи қалыптасқан, дәстүрлі халықтық түрі – мал бағу, қазақ тілінің лексикалық қорына өзінің айқын ізін қалдырады. Шаруашылықтың бұл түрі және көшпелі өмір салты жайылым жайын бүге-шігесіне дейін қалдырмай білуді қажет етті. Жайылымды дұрыс та үнемді пайдалану төрт түлік малды әртүрлі ауру-індеттен сақтаудың бір түрі болып саналады.

Дүние жүзінде ең көп тараған малдың бірі – қой, оның жүн, тері, ет беретіндігінен бұрын ол кенбіс, табиғаттың түрлі талқысына шыдамды.

Малдың түрлі қасиетін, бойындағы өзгешеліктерін әдейі бөліп алып, бірде «сиыр сипағанды білмейді» деп жақсылық пен жамандықтың паркын бағалап, бағамдай білмейтін адам жайлы айтса, қойдан жуас мал болмайтындықтан, қой аузынан шөп алмас деп жуас, момын кісі туралы,

түртпектеп, айта отырып, жетелемесе өзі біліп адымын ашпайтын адам жайлы салыстыра айтамыз. Қой бағуда қазақ халқы оның табиғи қажетін қатты ескерген. Қой жаю таңертең ерте күн шықпай басталады, түскі ыстықта демалыс болады. Осыған сай пішенді салқында шап, қойды салқында бақ, күзге қойынды бақ, жазда шөбінді шап, шетенді қой төлді болар сияқты ғасырдан ғасыр қуалап, халықтың бай тәжірибесін жинақтап, қысқа тұжырым, нұсқау ретінде бізге бір-ақ ауыз сөзбен жеткен. «Қойлы бай, қорлы бай» деп қазақ бекер айтпаған. От-амалы /наурыз/ айының аяғында, наурыз келгеннен кейін, отжакпас /сәуір/ айының басында көшпелі қазақ ауылы қыстаудан көктеуге келіп қонады [2, 88]. Бұл күн күркіреп, көк дүркіреп, күн жылынып, шөп шығып, қой қоздай бастайтын кез. Қойдың қозысын аман сақтап қалу – малшы ауылдың тіршілігіндегі ең жауапты кезеңінің бірі. Мал төлдегенде ауыл адамдары шаруаға бір кісідей жұмыла кіріседі. Жаңа туған қозы-лақты әуелгі күндері дұрыс ауыздандыру, олардың жақсы өсіп жетілуіне мүмкіндік туғызады. Егер қозы мезгілінде уызданбай қалса, шығынға ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайды аталарымыз анық та қанық етіп уызға жарымаған мал оңбайды, қызғалдақ жемеген қозы арманда деп деп басып айтады. Уызға бүйірі бүлтиып тойынған қозы мәйекті болады, төл күйінде ауру-сырқаудан сау болады. Тонғағы тез тазарады, тез жетіледі. Жас төлдің қара уызды /төлдеген малдың емшегінде ғана болатын бірнеше тамшы уыз/ емуі, сары уызға бөге тоюы төл үшін ем. Яғни, өмірге келген алғашқы сәттен бастап, тиісті жағдайлар жасалуға, тиісті шаралар атқарылуға тиіс, сонда ғана сенің келешек саналы өміріңнің мәні мен сәні болады дегенді қыз құшпаған ер арманда, қызғалдақ жемеген қозы арманда деп тұжырымдаған халық тәжірибесі. Бұл - өмірлік мәні бар тұжырым. Жас төлдің уызға дұрыс жаруы, жарымауы, дұрыс отығуы, отықпауының бүгінгі қозы, ертеңгі қойдың дұрыс жетілуі, жетілмеуінің, аман-саулығының кепілі. Осы жайында Ж.Бабалькұлы өзінің «Қазақша мал ауруларының атаулары» [3, 75] деген еңбегінде толық түсініктеме берген. Бізде сол еңбекке жүгінейік.

Төл туа салып, өзі ауызданса, уызға тыңқып тойса, ішке уыз барған соң, мәйекті /іштегі төлдің ұлтабарындағы уыз сияқты қоймалжың, түсі ақсары, иісі жоқ, іштегі төлге қорек ретінде жұмсалатын зат/ жібітіп, жұмсартып, сәл сұйылтып, тоңғаққа айналдырады. Төлдің тоңғағымен осы өндес, осы күйінде сыртқа шығарылған мәйек қазақ тілінде тоңғақ, сары тоңғақ, қара тоңғақ деп аталады. Төлдің күйіне, уызға тою, тоймауына байланысты тоңғақ түсі ақ, ақсары, құрым сары, қою, қоңыр сары келеді. Тоңғақ қоңырланған сайын төл тез төлежиді. Тоңғақтан арылған сайын төлдің ішкі ағзалары тазара түседі. Іштегі мәйек те осы тоңғақ арқылы арылады. Егер төл уызға тойынбаса немесе төлде басқа бір кінәрат болса, тоңғақ жүрмейді, тоңғақ арқылы түсетін мәйек кешеуілдейді. Түскен күнде де тоңғаққа айналмаған мәйек қоя тәрзіді түйнектеліп, қатқыл, ұзынша, буылтықтанған үзік-үзік күйде болады. Төл ішіндегі мәйектің дер кезінде тоңғаққа айналмай қалған түсі мен сапасы өзгерген осы түрін малшылар «өркен» деп атайды. Жас төлдің өркені түсті, өркені түспеді делінетін тіркестер төлдің хал-жағдайына байланысты айтылары анық. Сонымен, өркені түспеу, өркені қату төлдің дұрыс ауызданбағанын білдіретін тіркестер, ал өркен түсіру, өркен түсу тіркестері төлдің ішіндегі кірнесінен арылып, ойнақтап шыға келуінің себепшісі. Мәйектің тоңғаққа айналып тез түскені жақсы. Егер мәйек алғашқы 1-2 күнде арылмай, өркен байланса, төлді қатты қинайды. Төлдің азыққа тәбеті тартпай ашығады, күшенеді, іші кебеді, екі бүйірі ішіне жабысып ыңыранады. Егер тез дауаламаса, төл өліп те кетуі мүмкін.

Жоғарыда баяндалған жағдай жас нәрестеге байланысты да айтылса керек. Дүние есігін алғаш ашқан кезде, жарық дүние дәмін татпай тұрып, сәбиді ең алғаш ауыздандырғанда алдымен қойдың құйрық майын пісіріп, аузына салып сорғызады, аузы-басын, ішін майлайды, сосын барып баланы емізеді. Алғашқы уыз бен май асқазанды аралап, асқазанда ерекше сөл бөлініп, іштегі кірнесін шығарады. Баланың осы алғашқы тоңғақ түріндегі дәретін «өркен» дейді. Өркені түсті деп ақ шүберекке салып алып, сүйінші де сұраған. «Өркен тойын» жасаған. Жалпы өркен дегеніміз: 1. Өркен-жапырақ қабыршықтары, бүршіктері, қосалқы тамырлары бар тамырсабақ [4, 60]. 2. Өркен – өркеннің ұшынан дамиды түйнек. 3. Өркен – өсімдік сабағындағы бүршіктер түрінен пайда болатын желі [5, 568]. 4. Өркен – ботаның іште жатып жинаған нәрі. Жас ботаның өркенін түсіру үшін, туғанына екі күн болғанда, оның аузына бір кесе жылқы майын не шығжғырылған құйрық май құяды. Өйтпесе ботаның іші кеуіп, бұдан өлуі де ықтимал [6, 80]. 5. Өркен – төл ішіндегі мәйектің дер кезінде тоңғаққа айналмай қалған

түсі мен сапасы өзгерген түрі. 6. Өркен – баланың алғаш тоңғақ түріндегі дәреті. 7. Өркен - монғ.: үр-1. тұқым, дән; 2. бала, сәби; бурят т-е: урһэн – тұқым; кырғ.: урөн, тува: үрезин [7, 226]. Сонымен 1,2,3 қатардағы өркеннің /побег/ бастамасы бүршік /поч.,/. Өйткені, әрбір өркен бүршіктен дамиды. Өркеннің қай жерде де пайда болуына қарай бүршіктері төбе бүршік, жанама бүршік, қолтық бүршік, қосалқы бүршік деп бөлінеді. Егер бүршік өркенге сағағы арқылы орналасқан болса, ондай бүршікті сағақты бүршік, ал өркенге сағақсыз орналасқан болса, қондырма бүршік [8, 31] деп атайды. Ал 4,5,6,7 қатардағы өркен сөзі: тұқым, дән, жаңа туған баланың ішіндегі кірнесі және бала, сәби деген ұғымдарды білдіріп тұр.

Істің, қимыл-әрекеттің, процесің, ұдайылығы, созыңқылығы, мәңгілігі аталған түбірдің ур-өр сингармониялық варианттарынан айқын байқалады. «Өсу, даму, жетілу, өркен жаю» мағынасын білдіретін «өр-бі» – туынды етістігі осыған мысал. «Түбі бір, тегі бір» екендігін көрсететін «өр» етістігі де, «өсті, дамыды, қанат жайды» деген мағына беретін өркен жайды фразеологизмі де істің, қимыл-әрекеттің т.б. толассыз, үзілссіздігі жайында хабар береді. «Өр етістігінің жуан варианты көне жазбаларда өлі түбір ретінде ғана сақталып қалған: «ур+уғ / зерно, семья; род, потомство/ /ДТС, 615/. Бұл мысалда «өсу, даму, жетілу, өркен жаю» семантикасы «ур» тұлғасында тұр. Қазақ тіліндегі «ұр-пақ» /тұқым, жұрағат, нәсіл/» [9, 111] зат есімі де осы лексикалық-семантикалық топтың қатарын толтырады. Жас өскіннің өркен жайып, жайқалып кетуіне табиғи факторлар себепші болса, жас нәрестенің жетілуі де барған қоректің ағза қажетіне қарай қорытылып, асқазан өз қызметін дұрыс атқаруына байланысты. Осылай дұрыс ауыздандырылған, дұрыс жетілген, мазалы балпанақтай бала туралы «құйрық маймен ауыздандырылған, мәйегі тоқпақтай» деп жатады ел сөзін білетін үлкендер. Сонымен, не болса да, кім болса да өз бастауын өркеннен алады. Жас сәби кірнесі өркен болып түссе, тез ширайды, жаңа төл тез аяқтанады, ал өсімдік өркеннен өнеді, яғни өркен – өну, даму, жетілу процесіндегі бастапқы негіз.

Көрсетілген деректерге сүйенсек, сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы монғол, түркі тобындағы тілдерге ортақ болуы да мүмкін. Ө. Нұрмағамбетов өркені өсу тіркесінің мағынасы алғашқы кездерде «тұқымы өсу» ұғымымен бірдей болған деп көрсетеді. Өркені өссін, өркен жайсын тіркестерінің мағынасы да «тұқымы өсу» мағынасымен үндесіп, жан-жақты өссін, дамысын, көркейсін дегенді тілек, бата, алғыс ретінде білдіріп тұр. Ал өскен өркен – өркені әбден жетілген, табысы мол, қанатын кең жайған ұрпақ /поколение/, елінің өркендеуі үшін қоғамға, еліне қызмет атқарар бүгінгі жеткіншек, ертеңгі азамат.

Мал бақсаң, өрісінді тап деген қағидаға сүйене отырып, малшы қауым жайылымның жағдайын, ауа-райын, өрістегі бұлақ, жыға, тұмалардың санын, судың деңгейін, жауын-шашынның сырын, жер бетінің түгін, онда өсетін өсімдіктердің түрін, мал азығын, жарамды шөптердің шүйгінін, құнарлы-құнарсыздарын таңдап, малмен көшіп-қонып, өріс жағалаудың бағыт-бағдарын дәл анықтай білген дала «академиктері» төрт түлікті үнемі көк балаусамен қамтамасыз етіп отырған, далалы аймақтарда оңтүстіктен солтүстікке, таулы өлкелерде тау етегінен тау басына қарай көк қуалап тынымсыз көшудің мәні, сайып келгенде, жайылым жағдайына байланысты болған [10]. Осыған орай мал соңында жүрген қойшы-қоланның өз жағдайына байланысты қоныстануының бұрын малының жайылымын ойлағаны жөн дегенді аңғартатын, малдың жылдың төрт мезгілінде жайылатын жайылымын сайла, яғни қоныс алғанша, өріс ал деген тұрақты тіркес қалыптасқан. Ал өріс ауылдан ұзап шыққан малдың жайылу қашықтығына байланысты анықталады. Әрбір өрістің өз аты бар: ең алысы – жылқы өріс, қой өріс; жақыны козы өріс, бұзау өріс. Өріс – 1. з.е. Ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер. 2. ауыс. білім дәрежесі, дүние танымы. 3. ауыс. үрім-бұтақ, жекжат [11, 577]. 4. ауыс. іс-әрекетінің аумағы. 5. ауыс. Мүмкіндігі. Өріс сөзі о баста мал жайылымы деген мағынада қалыптасса да, келе-келе ол адам әрекетінің аумағын, ісінің көлемін, өзінің өсіп-өнгендігін білдіретін сөз ретінде мағынасы кеңейген. Мысалы, жан- жақты, өсті, дамыды деген мағынада өрісі кеңейді; құлаш жайды, етек жайды, көбейе түсті – өріс алды; алымды, шалымды, білімі кең, терең, қарым-қатынас жасайтын адамы көп – өрісі кең; мүмкіндігін шектеді, қақпайлады, тартпақтады, қағажу көрді – өріс бермеді; білімі, парасаты таяз, ақылы аз – өрісі тар фразеологизмдер және білімді толықтырып, жетілдіріп отырмасаң, отырған жеріңді баптап, үнемдеп пайдаланбасаң, жұмысың алға баспайды, яғни малды іріктемесең тұқымы тозады, қонысты жаңаламасаң, өрісі тозады және өрісіне қарап мал өсер, өзеніне қарап тал өсер мақалдары қалыптасқан.

Өскелең бай тіліміздің басты белгілерінің бірі – синонимдес сөздер. Тіл-тілдің өсіп, көркеюі үшін, бай әдеби тілі болып жетілуі үшін синонимика категориясының айрықша маңызы бар. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер, жұмбақ, идиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап, кестелеп айтудан туады. Синонимді сөздер мен тізбектер белгілі бір ұғымды түрлі жолмен білдіріп, ойды неше сакқа жүгіртіп, арнаулы бір затты немесе арнаулы бір құбылысты әр тұстан қамтып отырады [12, 217]. Сондай мағыналық бірлестігі мен ұғым, түсінігі бір тізбектерге, қой егіз туса, бір шөптің басы айыр туар; ауылда лақ туса, арықта оты өнер ТТ-ін жатқызуға болады. Мұндағы арық – өріс, от– шөп ұғымын береді. Жалпы, бұл тіркестің беретін мағынасы азық үшін, ішіп-жеу үшін көп қайғырудың қажеті жоқ, әркімнің өз пешенесіне жазған ырыздығы бар, ешкім аштан өліп, көштен қалмас, тірі адам тірлігін жасайды, қолы қимылдағанның аузы қимылдайды дегенге саяды.

Қазақ халқы үшін төрт түлік малдың бабын табу, жер-судың ыңғайына қарай жайлау, қыстау, күзеу арасында көшіп-қонып жүрудің де табиғаттың жұмбақ сырларын, тылсым күшін түсініп, соған орай алдын-ала әрекет жасап дағдыланған жылдар бойғы тәжірибесінің түйіні жатыр. Әр айдың оты, жер- жердің шөбі басқа тіркесінен күн күркіреп, көк дүркіреп көктеуінен, пісіп-жетіліп, ұрық шашуы, қуаруына дейінгі табиғи өзгерістерін қалт жібермей бағып, уақытына тән сипатын қадағалап табиғаттың осы құбылыстарына сай, алдындағы малының жағдайын ойлаған малшы қауымның өмірлік зердесі көрінеді.

#### Әдебиет

1. Потанин Г.Н. Письма Г.Н.Потанина. Письмо к И.М.Ядринцеву. Иркутск, 1987. Т.1
2. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. – 222 б. Бабалықұлы Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. – Алматы: Қайнар, 1986. – 240 б.
3. Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. – 190 б.
4. Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. // Филолог.ғыл. канд.дисс. Алматы, 1994
5. Киргизско-русский словарь. М.: Сов.энциклопедия, 1965. – 973 с.
6. Өсімдіктану. // 6-7 кл. – Алматы, Рауан. 1995. – 208 б.
7. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистикалық сөздік материалдарынан.
8. Сарқыт. // Ана тілі, 1996, 15 тамыз
9. ҚТТС. 7-том. Алматы: Ғылым, 1980
10. Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы: ҚМОПБ, 1962. – 316 б.



*Мереке АТАБАЕВА*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Сәуле АСАНБАЕВА*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «ҚАШЫҚТЫҚ» ҰҒЫМЫН БЕЙНЕЛЕУДІҢ КӨРІНІСТЕРІ**

**Аңдатпа.** Әлем бейнесі әр мәдениетте көптеген универсал концептілер мен мәдениет константынан құралады. Адамзатқа тән универсал концептілер тіл иесінің географиялық ортасына негізделген өмір сүру жағдайымен, осыған орай кеңістікті игеру, оны тілде таңбалау қабілетімен тікелей байланысып жатады. Географиялық орта дүниетанымды қалыптастыру ортасы болумен қатар, ұлттық ерекшеліктің қайнар бұлағы болып та есептеледі. Мақалада «қашықтық» ұғымы, оны таңбалаудың ұлттық ерекшелгі жайында сөз болады.

**Тірек сөздер:** концепт, таңбалау, ұлттық таным, географиялық орта, мәдениет, дүниетаным, өмір сүру жағдайы, кеңістік.

**Аннотация.** Картина мира в каждой культуре строится на множестве универсальных концептов и культурных константах. Универсальные концепты, свойственные человечеству, связаны с условиями существования, основанной на географической среде, а также с освоением пространства и свойствами обозначения их в языке. Географическая среда наряду с тем, что является средой формирования мировоззрения, считается также источником национальных особенностей. В статье раскрывается понятие «расстояние» и национальные особенности его обозначения в языке.

**Ключевые слова:** концепт, обозначение, национальное познание, географическая среда, культура, мировоззрение, условия существования, пространство.

**Abstract.** A world in every culture is built on a set of universal concepts and cultural constants. Universal concepts inherent in humanity, related to the conditions of existence based on the geographical environment, as well as with the development of space and designate their properties in the language. Geographical environment, along with the fact that the world is an environment of formation, is also considered a source of national peculiarities. The article explains the concept of «distance» and especially its national symbols in the language.

**Keywords:** concept, symbol, national knowledge, geographical environment, culture, outlook, conditions of existence, space.

Қазіргі мәдениетаралық және этносаралық коммуникацияның өзекті мәселесі өзге халықтың тілі мен мәдениетін, ұлттық ерекшелігін танып түсіну болып табылады, сондықтан мәдениетаралық және ұлтаралық коммуникация этнос дүниетанымның айғағы саналатын мәдениетін оның тілімен байланыстырады. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, тіл – адам өмірінің әр түрлі саласында адамзат қызметі нәтижелерінің жинағы ретінде айқындалатын мәдениеттің: өндірістік, қоғамдық, рухани – құрамдас бөлігі. Алайда ойлауды жүзеге асыру формасы ретінде, бастысы қарам-қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен білдеу деңгейде тұра алады [1, 20]

Нақты шындық әлемі адам санасында ұғымдар жүйесі түрінде көрінеді де, адам баласының ойлау әрекетінің әмбебаптығын танытады, этникалық белгілерін, ортақтықтарын айқындайды. Жалпы адам баласына ортақ ұғым-түсінік болғанымен, әлемнің тілдік бейнесі әр ұлтта әр түрлі, себебі адам қоғамының географиялық т. б. жағдайына үйлескен өмір сүру әлемі әр басқа. Тіл қатынастың әмбебап құралы болумен қатар, ойлау құралы қызметін де атқарып, ұлттық таным таңбасына айналады, тіпті, бір негізден тарайтын туыс этностардың мәдениеті толық сәйкеспейді, әрқайсысының өзіндік ұлттық ерекшелігі болады.

*Ойлау-тіл-этнос* үштігіндегі қазіргі күнге дейін сан алуан көзқарас, пікір туғызып келе жатқан басты мәселе – ойлау мен тілдің бір-біріне әсері, арақатынасы, бұл антропоэзектік парадигма бойынша алғанда, әлемнің концептуалды және тілдік бейнесінің арақатынасы жайындағы мәселелерге айналып отыр. Шындық әлем адам санасында концептуалды және әлемнің тілдік бейнесі арқылы көрініс табады. Қалыптасқан көзқарастарға қарағанда, концепт: ұғымдық, бейнелі, бағалауыштық компоненттерден құралады, оның негізгі белгісі – қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысында, белгілі мәдениетті таныту қабілетінде.

Концептілер осы белгілі этнос санасындағы ұжымдық ақыл-ойдың көрінісін жеткізеді, олардың рухани мәдениетін танытып, концептосферасын көрсетеді [2, 13]. Тек ұжымдық қоғамдық сана ғана мәдениет деректерін, көріністерін қордалап сақтап жеткізсе, мәдениеттің базальқ категорияларын танытатын тіл бірліктері ұлттық мәдениеттің негізгі ұғымдарының көрінісін қызметін атқарады. Бұл белгілі этнос тілінің атауыштық-лексикалық қорындағы тіл бірліктерінің екі типі болатынын айқындайды. В.Н. Телия оның алғашқысын мәдени мазмұнды ақпаратты денотативті аспектіде көрсететін тіл бірліктері деп бөледі, оған материалдық мәдениет деректері мен рухани және әлеуметтік мәдениет концептілерін жатқызады. Екінші типі – мәдени мазмұнды коннативті аспектіде танытатын тіл бірліктері [3, 235]. Сөйтіп, тіл иесінің этникалық белгісі, яғни қай топқа тән екендігі алдыңғы типтен байқалады, өйткені бұларда концептілік жүйелену жағынан өзге мәдениетпен ортақтық сипат бар, алайда семантикалық белгілер, дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуы мен ұлттық құндылықтар, оның бағалануы жағынан айырмашылықтары болатыны айқын. Лингвомәдени концептіні зерттеу арқылы адамның, қоғамның этникалық белгісін таныту дәрежесін байқауға болады, себебі ұғымдық түсінік ортақ сәйкес келгенімен, айырмашылық мәдени коннотацияда болады. Адам қатынасының аса маңызды құралы – тіл әр ұлттың ұлттық әлемінің көрінісі, сондықтан мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ұлттық әлем бейнесі тіл арқылы таңбаланып, тіл арқылы сақталады.

Қалыптасқан көзқарастарға қарағанда, концепт: ұғымдық, бейнелі, бағалауыштық компоненттерден құралады, оның негізгі белгісі – қоғамның мәдени тәжірибесімен байланысында, белгілі мәдениетті таныту қабілетінде. Әлем бейнесі жеке мәдениетте көптеген әмбебеп концептілерден құралады, алайда әр этностың осы концептілерге өзіндік қатысы болады, сол арқылы ұлттық дүниетаным әлемі мен бағалау өлшемдерін қалыптастырады. Кеңістік категориясы өзінің әмбебаптығы және сыйымдылық сипатына қарай адам баласы тіршілік әрекетінің шеңбері мен соған шектес категорияларын айқындайды. Ғылымда этникалық топтардың дүниетаным ерекшелігіне қарай оны танып қабылдауына сәйкес: горизонталь бағыттағы шексіз қозғалыс, дөңгелек шектеулі космос т.б. кеңістік бейнесі қалыптасқаны айтылады. Кеңістікті айқындау нүктесі – адамның өзі, келесі кеңістік шеңбері – үйі.

«Қашықтық» ұғымы кеңістік концептосферасындағы ұлттық ерекшелік, ұлттық бейне өзегін құрайтын айрықша сипатқа ие белгілерден тұрады. Әлем бейнесі әр мәдениетте көптеген универсал концептілер мен мәдениет константынан құралады. Адамзатқа тән универсал концептілер тіл иесінің географиялық ортасына негізделген өмір сүру жағдайымен, осыған орай қашықтықты игеру, оны тілде таңбалау қабілетімен тікелей байланысып жатады. Географиялық орта дүниетанымды қалыптастыру ортасы болумен қатар, ұлттық ерекшеліктің қайнар бұлағы болып та есептеледі.

Ғалымдардың пайымдауынша, көшпелі өмір салты, номадтық мәдениет, ұзақ сақталған қазақ халқының кеңістік бейнесі – шексіз *Дала*. Ұлы далада төңкерілген аспан дөңгелек, сондықтан да қазақтардың үйі – *Киіз үй* дөңгелек формалы, көшпелілер дүниетанымында *Киіз үй* – ғаламның кіші бейнесі – микрокосмос. Көшпелі мал шаруашылығының ыңғайына қарай жылдың төрт мезгілінде төрт түлік малдың қамымен айнала қоршаған табиғат сырын зерттеп, жете біле жүре табиғатпен үйлесімде өмір сүруге үйренді. Осы көш жолында шексіз шеңбер ішін жылына бір рет горизонталь бағытта айналып шығып отырды.

*Қашықтық* ұғымы *алыс* және *жақын* мағыналарымен өлшенеді, қазақ тілінде олардың көптеген лексикалық синонимдік қатарлары бар. Дегенмен баяндамада *қашықтық* ұғымының қай халықтың болмасын ерекше тіл байлығы фразеологизмдері арқылы бейнеленуіне тоқталмақпыз. Өйткені фразеологизмдер – тіл иесі халықтың жалпы әлем жайлы ұғым-түсініктерінің, өзін қоршаған орта, шындық болмысты қабылдауының, оны мүшелей тануының

өзіндік ерекшеліктерін танытатын әр тілде өзгеше өрілетін ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын әдемі де әсерлі сөз маржандары, тілдік метафоралық копозициялар. Бұл белгілерді әр этнос өмірді танып білуіне қарай өзі жасайды, ғасырлар бойы қалыптастырады, сондықтан фразеологизмдерде әр халықтың ежелгі мәдени құндықтарының пайда болу жолы мен заңдылықтарымен сәйкесетін уақыттың, заманның табы сақталған. Ол халықтардың экономикалық, географиялық жағдайына негізделген өмір сүру салтынан туады. Егер қазіргі заманғы үздік технологиялық ой сыртқы әлемді бағындыруға бағытталса, дәстүрлі мәдениетке қоршаған ортаның қыр-сырын меңгеріп, «тілін түсіну» үшін онымен қарым-қатынас орнату, үйлесе өмір сүру мақсаты тән болған.

Тұрақты тіркестерде дүниетанымдық ақпараттың мол болуы осы аталған себептердің қатысына қарай айқындалады. Қазақ халқы төрт түлік малдың арқасында күн көріп, оны асырау мақсатында маусымдық мал жайылымының жағдайына сай көшпелі өмір кешкені белгілі. Әрі осы көшпелі өмір салтын ұзақ сақтаған қазақ халқының ақпарат жинау, білім қорын жасау көзі – өзін қоршаған ортасы, сайын Даласы, оның шексіздігімен байланысып жататын көш жолының амандығы, тыныштығы, береке-байлығының кепілі. Осыған орай бейбіт, тыныш *көш жолын-қашықтық* ұғымын таңбалауды ең алдымен сол өзіне ең жақын кеңістікте орналасқан әлеммен байланыстырады, сондықтан *қашықтық* мағынасын білдіретін фразеологизмдерді ұйытқы сөздеріне қарай топтауға болады.

#### *Алыс қашықтықтың бейнелену көрінісі*

Көшпелі тұрмысқа аса қажетті нәрсе – көлік, көшпелі өмір салты тұрмысқа қажетті заттарын да алып жүруді талап етеді. Сол себепті қазақ халқының көшпелі тұрмысында *түйе, жылқы, қой* жануарларының орны ерекше. *Түйе*, негізінен, жүк көлігі, *жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер, нар жолында жүк қалмас, жүк артпаған түйенің нарлығы жоқ* тәрізді тұрақты тіркестер алыс жолда, ауыр жүкті көтеруге тек *түйе* жануарының ғана күш-қуаты жететіндігіне деген сеніміне орай пайда болған. Осыдан ел тұтқасы ер азаматтың жаны мен тәнінің күштілігін мықтылығын да текті жануар түйенің шыдамдылық, төзімділік, қайсар, қайраттылық қасиетімен өзектестіре бейнелейтін болған. Қашықтықты бейнелеуде қолданылатын *түйенің тұяғы түскен жер* фразеологизмі өте алыс жер мағынасын білдіреді. Бұл *темір етікпен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалу* тәрізді ауыз әдебиетінде кездесетін дәстүрлі қолданыспен ұштасып жатады. Әсірелей теңеу арқылы қарсы мағынада кішірейтіп көрсету, яғни литота тәсілі аталған мысалда қашықтықтың көлемін тіпті ұлғайта түседі.

Қазақ халқы жылқы жануарының қадір-қасиетін терең білгендіктен, адамның мінез-құлқын, тіршіліктің әр алуан сәттерін жылқы жануарының табиғатымен үйлестірген, сондықтан *қашықтық* өлшемін таңбалауда жылқы жануарына қатысты: **ат шаптырым, дөнен шаптырым, құнан шаптырым, тай шаптырым жер, ат жетпес, атан жетпес жер/ат тұяғы жетер жер** тәрізді фразеологизмдер жиі қолданылған.

*Ат шаптырым жер* – бастапқыда өте үлкен қашықтық мағынасын білдірген. Халық үшін көшіп-қону – жай орын өзгертіп, уақыт өткізу емес, тұрмыс-тіршілікке бейімделудің нағыз шеберханасы. Көш жолында жүріп-ақ ұрпағын тәрбиелеген, осыған орай фразеологизмнің мағынасы дамиды: а) ат жарыс бәйге; ә) хабаршы жұмсау, кісі жіберу мағыналарына ие болады. Сөйтіп *ат шаптырым жер* бәйгеде 20-25 шақырымды білдіретін болған, бұл бәйгеге түсетін жылқы малының да, атпаздың күшіне сын.

**Дөнен** - төрт жасар еркек жылқы, *дөнен* сөзінің ұйытқы болуымен **дөнен шаптырым, дөнен жарыс, дөнен бәйге** тәрізді фразеологизмдер тарайды. Бұлардың білдіретін қашықтығы жас ерекшелігіне байланысты

**Құнан шаптырым** *ат шаптырымнан* жақын қашықтықты білдіреді, атап айтқанда, **құнан** жылқы малының *екі жастан асқан төлі*, соның шамасына қарай **құнан шаптырым** 8-10 шақырым қашықтық білдіреді, **тай шаптырым жер** – жылқының екі жасқа дейінгі төлі, тайдың күш-қуатына сай, 5-6 шақырымдық қашықтық межелейді [4, 13]. Аталған фразеологизмдер қазақ жылқышыларының лексиконында бәйге, атжарыс ұғымдарымен байланысты халықтың өлшем ретінде қалыптасқан. Архаикалық сипат олардың ұлттық ерекшелік белгісінің тереңдігін көрсетеді, сондықтан қазіргі күні де ұлттық мейрам-тойлардың көркі болып келеді. Аталған фраземалық бірліктер өте үлкен қашықтық өлшемі ретінде қолданылады, мұнда жануарлардың жасы, физиологиялық қабілеті, күш-қуаты адам

санасының бағалаушылық талабымен сұрыпталып барып, өлшемдік мағынасы жинақталған, сондықтан қазақ дүниетанымында **ат жетпес, атан жетпес жер / ат тұяғы жетер жер** фраземаларында қаһармандық эпос кейіпкерлерінің мінетін атына тән ұшқан құстан озатын жүйріктік, алыс жолға темірдей төзімділік сипат бар. «Фразеологизмдердің ең негізгі қызметі номинация жасау емес, құбылыс, жағдай, заттарға баға беру, сипаттау» [4, 12], сондықтан фразеологизмдерде денотаттық белгіден гөрі сигнификаттық белгі басым болады. Фразеологизмдердің қосымша ауыспалы мағыналары арқылы зат, құбылыстардың тура мағынасындағы қазіргі күні көмескіленген кей мағыналары толық ашылып, анықталады.

Қазақтардың қашықтық ұғымын бейнелеуде енді бір жиі қолданатыны **ит** сыңарлы фразеологизмдер бұл топқа жататын фразеологизмдер *алыс, шалғай* мағынасында жұмсалады. **Ит өлген жер, ит арқасы қиян, ит жеккен** фразеологизмдері қазақ халқының өте алыс қашықтық мағынасын **ит** жануарымен де байланыстыратынын көрсетеді. Әлемнің басқа халықтары тәрізді қазақ халқының тұрмысында да **ит** жануарының орнын ерекше. **Ит** қазақ тұрмысына аңшылық, бақташылық дәуірлерде енген. **Ит** қазақ халқының «Жеті қазына» ұғымына енеді. Ежелгі наным-сенім бойынша, «Жеті қазына» –ер-азаматқа қажетті байлық-дәулет, оның құрамы: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы-ит, берен мылтық, өткір кездік, қақпаннан тұрады, егер ер жігіттің қолында осының бәрі түгел болса, елін жаудан да, басқа апаттан да қорғап, асырап-сақтап, бақытты өмір сүреді [5, 47]. Сол себепті қазақ тілінде **ит** жануарына байланысты фразеологизм мол, өмірдің әр тұсын бейнелейді, ал қашықтық ұғымына қатыстылары: **ит арқасы қиян, ит өлген жер**. Мұндай тіркестердің пайда болуы туралы аңыз-әңгімелер де, халықтық этимология да кездеседі, осы қатардан *жақсы ит өлімін көрсетпейді, ит те иесіне жаманшылық жасамайды* фразеологизмдерін атауға болады, бұлардың түпкі мәнінде **ит** жануарының өз иесіне берілгендігі, адалдығы семантикасы жатыр.

*Жақын ұғымының бейнеленуі. Жақын ұғымын қозы көш жер, қозы көген жер, қозы өрісіндей жер, бойдақ қой ауылындай жер, бие бауындай жер* фразеологизмдері білдіреді. Бұлар қой жануарының табиғатына орай әлем бейнесін қарапайым танумен байланысты туған бейтарап фразеологизмдер.

**Қозы көш жер.** Е. Жанпейісовтің айтуынша, жазық жерде 5-6 шақырымды білдіреді [6, 47]. Бұл қашықтық қозының шама-шарқына қарай жүрісімен өлшенеді. Ә.Т. Қайдардың айтуынша, арақашықтықты өлшеудің бұл шамасы ауылдың жайлауға көшуі кезіндегі қозының күні бойғы өзіне тән жылдамдығымен жүріп өткен арақашықтықты бақылау нәтижесінде қалыптасып, халықтың нақты көшпелі өмірінің абстрактіленуі арқылы пайда болған да, қолданыла келе тілде «жақын» аралық мағынасында тұрақтылыққа айналған [7, 214].

**Бойдақ қой ауылындай жер** жақын жер мағынасы енгенімен, тым жақындықты білдірмейді, өйткені қозысына қарайлайтын қозылы қой сияқты емес, жүрісі ширақ, біршама төзімді келеді, сондықтан ол арақашықтықтан гөрі оқшаулық мағынасын байқатады.

**Қозы көген жер, қозы өрісіндей жер, қозы қайырым жер** фразеологизмдері де *қозы* жануарының басқа жануарларға қарағанда, кішілігімен, соған орай әлсіздігімен байланысты түсіндіріледі. *Қозы* атауында *әлсіз, қуаты аз, жас* имплицитті семалары болғандықтан, этнос танымында басқа өлшемдерді жасауға негіз болады [8, 214].

**Бие бауындай жер** фразеологизмі де жақын жер, өте жақын, жаяу жүретін жер мағынасын білдіреді, өйткені ол **биебау** ұғымымен өлшенеді, **биебау** – сауылатын биелерді байлайтын, елді мекенге жақын орналасқан жер мағынасында қолданылады. Қазақ халқында қашықтық ұғымын таңбалаудың дәстүрлі атауларының бұдан басқа да бірліктері бар, есте жоқ ескі замандардан жеткен тілдік таңбалар семантикасы халық өміріндегі жан-жануарлардың орнын айрықша бағалайды. Олардың ішінде тіл иелеріне ең жақыны – үй жануарлары, сондықтан қашықтық ұғымын бейнелеуде осы тіршілікте маңызды орын алатын **жылқы, қой** атауларының ұйытқы болуы жиірек кездеседі. Бұл деректер бүгінгі күнге жалпы түркі халықтарының, қазақ халқының, бай фольклорлық шығармалары арқылы жетіп отырғаны белгілі.

Егер фразеологизмдерге қатысты белгілер тіл атаулының барлығына ортақ болса, семантикалық, бейнелілік жағынан алғанда, әр тілдің фразеологиялық оралымдары ұлттық бояуымен, ұлттық нақышымен ерекшеленеді, себебі әр этнос әлемді өзінше көріп таниды. Әр халықтың тіл байлығының маржандары сол халықтың тарихи-мәдени даму жолына тікелей байланысты қалыптасып жатады десек, оларды жүйелеу нүктесі: географиялық, тілдік, діни

наным-сенім, мінез-құлық т.б. себептер болып табылады. Өзге мәдениет әлемінің бейнесін де тіл арқылы көруге болады, оны әр халық өзінде бар-жоқпен салыстыра отырып таниды.

Өкінішке қарай, өзге тілді үйренуде, бөтен елдің мәдениетін тануға деген қызығушылық туған жағдайда фразеологиялық бірліктердің табиғаты көбіне ашылмай, қай тілді үйренуде де фразеологизмдердің қызметі ғана ескеріліп, оның номинативтік табиғатына назар аударыла бермейді, шын мәнінде, фразеологизмдердің жасалу уәжі, этнолингвистикалық мағынасы тәрізді тұстары күрделі ұғымдар жүйесін құрайды. Өйткені әлем бейнесі жеке мәдениетте көптеген әмбебап концептілерден құралады, алайда әр этностың осы концептілерге өзіндік қатысы болады, сол арқылы ұлттық дүниетаным әлемі мен бағалау өлшемдерін қалыптастырады. Мәдениетаралық т.б. қатынаста белгілі нәтижеге жету жолы өзге тілдің мәдени құндылықтарын дұрыс түсіне білу болып табылады.

#### Әдебиет

1. Тер-Минасова С. Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
2. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка//Русская словесность. – М.: Academia, 1997. – 12 – 18 с.
3. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М.: Школа «Русский язык культуры», 1996. – 288 с.
4. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
5. Куркебаев К.К. Этнолингвистическое описание измерительных названий в казахском языке (на основе длины, расстояние, веса и объема). Автореферат на соискание ученой степени канд. филол. наук, – Алматы, 2003. – 30 с.
6. Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 282 б.
7. Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің эномәдени мазмұны. – Алматы: Ғылым, 2003. – 248 б.

*Мариям АХМАТОВА*

*Кабардино-Балкарский государственный университет им. Х.М.Бербекова  
доктор филологических наук, доцент, профессор  
(Россия, Кабардино-Балкарская Республика, г. Нальчик)*

### ЭТНОКУЛЬТУРНО МАРКИРОВАННЫЕ ДЕСКРИПЦИИ С ТЕМПОРАЛЬНЫМ ЗНАЧЕНИЕМ В КАРАЧАЕВО-БАЛКАРСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** В данной статье рассматривается вопрос о том, как возникли и с чем связаны названия различных периодов года в карачаево-балкарской лингвокультуре через взаимосвязь языка и культуры. В любом языке сконцентрированы основные, базовые составляющие культуры как таковой, поэтому, благодаря языку, имеется возможность понять культуру этноса в целом. Язык, являясь хранилищем жизненного опыта народа, отражает все те изменения, которые происходят в его жизни и в определенной степени воздействует на развитие его культуры. В статье отмечено, что при определении категории времени в основе номинаций лежит оценка явлений окружающей действительности. Аргументируется положение о том, что лексическое значение слов, обозначающих темпоральные маркеры, в карачаево-балкарском языке формируют структуру концепта «время».

**Ключевые слова:** карачаево-балкарский язык, этнокультура, лингвокультура, антропоцентризм, категория время.

**Abstract.** This article examines the question of how the names of various periods of the year in the Karachay-Balkar linguistic culture arose and are connected with it through the relationship of language and culture. Any language concentrates the main, basic components of culture as such, therefore, thanks to language, it is possible to understand the culture of an ethnic group as a whole. Language, being a repository of the life experience of a people, reflects all the changes that occur in its life and, to a certain extent, affects the development of its culture. The article notes that when determining the category of time, the nominations are based on an assessment of the phenomena of the surrounding reality. The position is argued that the



lexical meaning of words denoting temporal markers in the Karachay-Balkar language form the structure of the concept "time".

**Keywords:** karachay-balkar language, ethnoculture, linguoculture, anthropocentrism, time category.

Современность характеризуется ускорением процессов изменения в культуре, которые, так или иначе, отражаются в языке. Актуальной задачей в современной науке является анализ и установление общих закономерностей таких сложных процессов, по которым развивается и складывается новая языковая реальность мира. В современной гуманитарной науке вопросы, выходящие на взаимосвязь языка и культуры, актуализируются учеными в различных отраслях, поэтому данная проблема оказывается в кругу интересов философов, филологов, лингвистов, психологов, историков и др. Изучению проблемы взаимосвязи языка и культуры присущ междисциплинарный характер, который объединяет знания и методы всех дисциплин. Подобный подход относится к явлениям, которые связаны с человеком, с различными сферами его деятельности. В научной мысли различных эпох можно заметить стремление ученых определить коррелятивные связи языка со всем многообразием окружающего мира, в том числе языка и культуры. Так, например, Э.Сепир, актуализируя данную проблему, говорит о возможности отражения в культуре деятельностной и мыслительной составляющей социума [9, 19]. Еще в начале XIX в. И.Г.Гердер и В.Гумбольдт указывали на способность языка воздействовать на формирование культуры. В философской науке к данной проблематике первым обратился И.Г. Гердер, утверждавший, что язык функционирует и развивается в тесной связи с обществом и культурой «по естественным законам» [2, 233]. Исследуя проблему взаимоотношения языка и культуры, В. фон Гумбольдт высказывал мысль о том, что любая культура национальна и ее характер воплощается в языке, которому присуща отличная для каждого этноса внутренняя форма. Языки представляют собой некие иероглифы, в которые человек облакает окружающую действительность и свое мировосприятие, «через многообразие языков для нас открывается богатство мира и многообразие того, что мы познаем в нем, и человеческое бытие становится для нас шире, поскольку языки в отчетливых и действенных чертах дают нам различные способы мышления и восприятия» [3, 349].

Язык существует и развивается во взаимодействии общества и культуры и, в свою очередь, способствует постижению культуры. Он «одновременно является и орудием создания, развития, хранения (в виде текстов) культуры, и ее частью, потому что с помощью языка создаются реальные, объективно существующие произведения материальной и духовной культуры» [8, 108]. Если язык отражает действительность, то культура является неотъемлемым компонентом этой реальности, которую человек воспринимает. В.И.Карасик язык и культуру интерпретирует как наиболее релевантные понятия гуманитарной науки, поскольку «социальная сущность языка заключается в том, что он существует, прежде всего, в языковом сознании – коллективном и индивидуальном» [4, 8]. В имеющейся научно-теоретической литературе язык дефинируется как орудие культуры, так как образование культурных стереотипов невозможно без его участия, и он представляет собой важнейшее явление культурного порядка. Посредством языка передаются особенности мировосприятия этноса, а также его традиции, обычаи и т.д. Язык репрезентирует мир человека, его культуру, являясь ее хранилищем, осуществляет межпоколенную связь, в силу чего можно говорить о значимости языка в формировании личности в части идиоэтничности. Устойчивые дескрипции языка характеризуются этноспецифичностью и отражают систему ценностей, а также морально-этическое отношение к представителям своего и других этносов, к миру в целом. Таким образом, язык народа есть не только инструмент общения и воздействия, но и средство усвоения культуры, получения, хранения и передачи культурно значимой информации. В этом плане в карачаево-балкарском языкознании имеются работы, в которых рассматривается различные темпоральные единицы [1; 6; 7; 14].

Говоря об отражении в языке форм культуры, следует сказать, что и сама культура является динамичной системой. Дело в том, что культура сама по себе есть единство человека и общества, которая представляет собой живую систему. Человек реализует себя в процессе осуществления различных форм предметной деятельности в результате чего рождается мир артефактов, мир человеческой культуры. Чем выше развита человеческая культура, тем более развита знаковая система, моделирующая ее формы. Таким образом, язык культуры понимает-

ся как система представлений, направленных на осмысливание жизни человеком и ориентации в социуме, а также как система форм деятельности и поведения.

Антропоцентрический подход к изучению языка и культуры раскрывает значимость роли языка в духовной жизни человека, в его деятельности по осмыслению и освоению мира. Это позволило переосмыслить понимание языка лишь как орудия человеческой коммуникации и расширить его научное описание, иначе говоря, включить в него аксиологические, когнитивные, речеповеденческие структуры, стоящие за языковыми употреблениями. В результате этого язык стали рассматривать как источник сведений о ментальности, национальном характере этноса. Представления о времени, в основном, носят антропоцентрический характер. В отличие от пространства, время недоступно чувственному восприятию, оно осознается через восприятие изменений, происходящих в пространстве. Следует отметить, что временные номинации дают возможность проследить историю развития этноса, его традиции, культуру, этические нормы и т.д.

В ходе многовековых наблюдений у карачаевцев и балкарцев возникли представления о ритмичности времени, они научились выделять временные циклы, которые периодически повторялись из года в год.

Следует отметить, что циклическое и линейное время являлись надежной ориентацией во временной протяженности мира. Линейное время имело точку отсчета, например, *таиш тегене*, *агъач элек болгъанда* «когда были каменные корыта и деревянные сита», или же отсчет начинался от какого-либо важного для общества события, например, *Николайны заманындан бери* «со времен (царя) Николая», *мажюсю замандан бери* «со времен язычества» и т.д.

В карачаево-балкарском языке *жыл* «год» – это промежуток времени между двумя последовательными прохождениями центра Солнца через точку весеннего равноденствия; смена года происходит 22 марта каждого года. Согласно народному календарю, названия месяцев в карачаево-балкарском имеют следующие номинации: *акътон ай* «январь», *бурул ай* «февраль», *балдыр* «март», *луккур ай* «апрель», *готман ай* «май», *башкъусхан ай* «июнь», *бузчачар ай* «июль», *къыркъар ай* «август», *къыркъаууз ай* «сентябрь», *согъум ай* «октябрь», *аргъыш ай* «ноябрь», *алтайгъыр ай* «декабрь».

Карачаевцы и балкарцы в ходе многолетнего хозяйствования выделили внутрисезонные периоды, которые характеризуются хозяйственными потребностями народа. Среди традиционных названий времен года встречаются особые словосочетания, в которых посредством оценки явлений окружающей реальности обозначается определенный период года.

*Къыш чилле* «срок самых холодных дней зимы». Некоторые выделяют *гитче чилле* «малый чилле», который составляет 20 дней и *уллу къыш чилле* «большой зимний чилле» (с 17 января по 26 февраля), составляющий 40 самых холодных дней зимы. В народе говорят: *Чилле чыкъгъандан сора, къар таиш юсюнде чыдамаз* «После того как пройдет чилле, снег на камне не задержится», *Чилле юч айны башын кёреди* «Чилле видит начало трех месяцев». После первой половины *чилле* наступает *жыл къартайыу* «старение года». После зимнего *чилле* наступали три холодных дня – *сарытамыз*, затем шесть дней – *атсыз кюнле* «безымянные дни» [12, 456]. У ногайцев, к примеру, период после *чилле* тоже называется *сарытамыс*, длящийся 25 дней. В одном из ногайских сказаний говорится: «– Если бы я пришел в твое время, я своими морозами расколол бы рога трехлетнего быка», – сказал сарытамыс чилле.

Следом за ним следует *къара къыш* – это «отрезок времени, который длился примерно 20-25 дней после *къыш чилле*: *Бекболат, къара къышыны сууукъ кечелеринден биринде айлана кетип, Биймырзаны халжарына кирди* «Бекболат, в период «кара кыш» бродя холодными вечерами, забрел в лачугу Биймырзы». Также называют и бесснежную зиму – *къара къыш ауруулу болур* «бесснежная зима принесет множество болезней». Период времени *къыш чилле* состоит из следующих временных отрезков: *балдыражюз, нарт кюнле, гурт кюнле, жут кюнле*.

*Балдыражюз* (27 февраль – 7 март) – это несколько самых холодных дней в конце зимы с буранами и снегопадами [10, 325]. Лексема *балдыражюз* – производная от арабского *берд-уль-аджюз* со значением «1) холод; 2) прохлады, свежесть; 3) «старушечий холод» – возврат холодов весной [13, 533]. Высказывание *чиллеча бир болсам, бешили бугъаны мойюзлерин суууруп алыр эдим!* «будь я (таким же продолжительным), как чилле, то свернул бы рога пятилетнему быку» в народе приписывают *балдыражюз*. В народе по сей день бытует выражение *Къайда*

*суйсенг, анда бол, балдыражюзде юйде бол* или же *Анда да бол, мында да бол, балдыражюзде юйде бол* «Где хочешь, там будь, но в балдыражюз будь дома». *Къара къышыны арт кюнлери – балдыражюз жетди* «балдыражюз – последние дни кара кыш наступили».

Периоды *нарт кюнле, гурт кюнле, жут кюнле* (каждый период составляет по 3 дня) растягивается с 8 по 16 марта. Эти дни еще называют *март-гуртла* «весенняя непогода (девять дней старого года *март, гурт, жут* – по три дня в каждом) [5, 461]. *Жут кюнле* «прожорливые, ненасытные дни» (с 22 по 25 марта), которые входят в период *Тотурну арт айы* «второй месяц Тотура». Согласно поверью, в эти дни уходил старый год. Этот период времени называют еще *нартур* (от *нар* (монг.) «солнце» + *тур* «вставать») или же *жыл къайтарыу* «возврат года» – день весеннего солнцестояния (с 22 по 24 марта). Народная память хранит несколько поговорок относительно месяца март: *март – сууу бла, апрель – кырдыгы бла* «март – с водой, апрель – с травой», *мартха энди бармагъым – жазгъа чыкьды улагъым* «марту теперь (мой) палец, дожил до лета (мой) ягненок», *март кетсе да, дерт кетмез* «март уйдет, месьть не уйдет».

*Хан къызын сатхан кюнле* или же *хан къызын биченнге сатхан аман кюнле* «когда хан продал дочь за сено» длятся с 19 по 20 апреля. Этот период связан с нехваткой корма для скота. А с 20-го апреля начинался *шырлы ай*, куда входил период под названием *тёлю алыу* «начало приплода», который продолжается до 20 мая. Далее следует период *мал тардан чыгъыу*, длящийся с 25 мая по 15 июня.

Период времени *жэй кюн къайтхан* «день летнего солнцестояния» (с 22 по 24 июня). Это время также называют *Тейри эшиги ачылыу* «открытие врат Тейри» или же *кюн анасыны къююнуна къайтыу* «возвращение солнца в объятия матери» [12, 457]. Следом, с 25 июня по 16 июля вступал в свои права *бузачар кезиу*, период, которому были характерны дожди и грозы (25 дней от летнего солнцестояния до летнего чилле). *Жаз чилле* (17июль – 26 август) – это 40-дневный период летнего чилле, которому характерны очень жаркие дни: *Алай бир эртгенден арысында уа, кюнле алгынча къыздыра кетип, ноябрда жаз чилле къайтхан сундургъанды*.

*Къыркъар ай* или *кюз ай* «время осенней стрижки овец», который начинался с 20-х чисел августа (*Къылыкъ билмесенг, дуния татыусуз болур, къыркъарда къой чакъмакълы болур, аман адам такъмакълы болур*). *Кече кюн тенг заман* продолжался три дня (с 22 по 24 сентябрь) – это дни осеннего равноденствия. В период времени с 25 сентября по 1 декабря входят *буу ёкюрген аман кюнле* «плохие дни оленьего рева», которые начинаются со второй половины сентября (это ранняя осень, конец сенокоса): *Буу ёкюрген заманда альпинстле таугъа чыкьгъан эдиле*. За ним следует *теке ыйыкъ* (с 1 по 10 ноября). *Абустолну экинчи айы* «второй месяц апостола» или *Андреиг/Эндреиг ай* начинается с 20 ноября и длится до 20 декабря, его еще называют *Эндиреуюкню/Эндреигни аман кюнлери* «плохие дни Андрея». Зимними месяцами также считались *Башил ай* (или *Акътон ай*) и *Тотур ай*: *Абустолну арт айына келгенде Эм жыйырма эки кюню жетгенде, Кюн жетеди анасыны къююнуна, Упта этип, жабышады боюнуна*. Период времени *къочхар къошуу* продолжался с 1 по 15 декабря.

Период времени *токълу тоймаз кюнле* «дни, когда барашек не насытится» длился 9 дней. Это самые короткие дни в году, когда и шестимесячный или годовалый ягненок не успеет насытиться [11, 544]: *Токълутоймаз тогуз кюнле бир ётселе, малланы жазгъа чыкьгъаннга санап къой, – деп, Ахыя эрттеден окъуна айтыучу эди* «Когда пройдет время «9 дней, когда барашек не насытится», считай, что скот уже выжил до весны», – говорил Ахыя.

Далее следует период под названием *къоргъазин* «солнцестояние», который длится с 21 по 23 декабря. «Как говорили в народе, – пишет И.М. Шаманов, – в этот период впервые в своей берлоге «медведь переворачивается с одного бока на другой» (*аю бир джаньндан бирси джаньна бурулады*). Объяснялось это тем, что даже в спячке зверь чует «рождение солнца» (кюнню туугъанын), т.е. солнцеворот, который, как отмечалось, приходится на 25 декабря, когда в западно-христианском мире отмечается Рождество Христово» [12, 456]. В период с 22 по 24 декабря наступал день зимнего солнцестояния, который назывался *кюн къоргъазинге кириу* (*кюн анасыны къююнуна тюшоу*) «солнце заходит в коргазин (солнце входит в объятия своей матери)». *Жыл къоргъазинге айланганлы, кюн жьлына башлагъанды* «С приближением коргазын, начало теплеть». *Кюн анасыны къююнуна тюшер заман жетип келеди* «Наступает день зимнего солнцестояния».

Таким образом, понять особенности менталитета народа можно лишь познав содержание языка его носителей. Благодаря языку вербализации подвергается накопленный этносом жизненный опыт, который аккумулируется уже в подсознании самого носителя языка. В карачаево-балкарском языке представлены репрезентирующие категорию времени дескрипции, отражающие особенности традиционной жизнедеятельности этноса и способы восприятия и оценки окружающей действительности.

### Литература

1. Ахматова М.А., Додуева А.Т., Кетенчиев М.Б. Вербализация концепта «кьыш» (зима) в карачаево-балкарской языковой картине мира // Полилингвильность и транскультурные практики. 2021. Т. 18. № 2. С. 153–164.
2. Гердер И.Г. Идея к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.
3. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 456 с.
4. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
5. Карачаево-балкарско-русский словарь / под ред. Э.Р. Тенишева и Х.И. Суюнчева. – М.: Русский язык, 1989. – 832 с.
6. Кетенчиев М.Б., Додуева А.Т., Хуболов С.М. Названия месяцев в карачаево-балкарском языке // Вестник Череповецкого государственного университета. 2019. № 6 (93). С. 109 – 118.
7. Кетенчиев М.Б., Додуева А.Т., Ахматова М.А. Полиаспектный анализ названий дней недели в карачаево-балкарском языке // Балтийский гуманитарный журнал. 2019. Т. 8. № 2 (27). 248 – 251 с.
8. Нешименко Г.П. Язык и культура в истории этноса // Язык – культура – этнос. – М.: Наука, 1994. – С. 78-99.
9. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии / пер. с англ. общ. ред. и вступ. ст. А.Е. Кибрика. – М.: Прогресс, Универс, 1993. – 656 с.
10. Толковый словарь карачаево-балкарского языка / Ред. А.А. Жаппуев, Л.Ж. Жабелова, И.М. Отаров: в 3-х т. Т.1. А–Ж. – Нальчик: Издательский центр «Эль-Фа», 1996. – 1016 с.
11. Толковый словарь карачаево-балкарского языка / Ред. А.А. Жаппуев, Л.Ж. Жабелова: в 3-х т. Т.3. С–Я. – Нальчик: Издательский центр «Эль-Фа», 2005. – 1157 с.
12. Шаманов И.М. Календарь и календарная обрядность // Карачаевцы и балкарцы. – М.: Наука, 2014. – С. 453 – 474.
13. Эмирова А.М., Ганиева Э.С., Мазинов А.С. Категория времени в крымскотатарском языке: универсальное и этнокультурное // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2013. – Том 16. – Вып. 2. – С. 530-535.
14. Ketenchiev M.B., Dodueva A.T., Uzdenova F.T., Khubolov S.M. Names of months and national linguistic picture of world on material of karachai-balkarian folklore and literature. Contemporary Dilemmas: Education, Politics and Values. 2019. Т. 6. № S7. P. 13.

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР: ТІЛДЕГІ ЭТНОГЕНЕЗ ҮДЕРІСІ**

**Андатпа.** Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде Ә. Қайдар жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастыра отырып, тілдік бірліктерді жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп зерделеді. Ғалымның «ұлт – тіл – таным» мәселелерінің сабақтастығынан бастау алған ғылыми идеясы тіл ғылымының, оның теориялық ілімдерінің басты өзегін анықтады. Тіл мен қоғам ұғымдарының тығыз байланыста дамып отыратындығына жете мән берген ғалым тілдің әлеуметтік сипатын оның тарихи қалыптасуымен, әртүрлі қоғамдық формациялардан өту ерекшелігімен сабақтастырды. Аталмыш мақалада тілдер байланысы немесе «тілара контакт» мәселелері, тіл феномені жалпы генезис проблемаларымен ұштастырыла өзектелді.

**Тірек сөздер:** этногенез, тіл феномені, таным, қоғамдық формация, жаһандық пәлсапа.

**Аннотация.** На основе исторических, сопоставительных и экстралингвистических исследований А. Кайдар умело сочетал национальные ценности с общечеловеческими аксиологическими понятиями, утверждая, что языковые единицы являются гармоничным и логическим продолжением общего и частного, а также результатом философии этногенеза и глобализации. Научная идея ученого, получившая начало на стыке таких понятий, как «этнос – язык – познание», определила новые горизонты науки о языке, ее теоретические направления. Обращая внимание на тесную связь языка и общества, исследователь охарактеризовал социальные принципы языка через актуализацию его исторического становления, через влияние различных общественных формаций. В данной статье «языковые контакты», вопрос феномена языка находят отклик с проблемами общего генезиса.

**Ключевые слова:** этногенез, феномен языка, когниция, общественные формации, глобальная философия.

**Abstract.** Based on historical, comparative and extralinguistic studies, A. Kaidar combined national values with universal axiological concepts, arguing that linguistic units are a harmonious and logical continuation of the general and the particular, as well as the result of the philosophy of ethnogenesis and globalization. The scientist's idea, which originated at the junction of such concepts as "ethnos - language - cognition", defined new horizons for the science of language, its theoretical directions. Paying attention to the close connection between language and society, the researcher characterized the social principles of language through the actualization of its historical formation and the influence of various social formations. In this article, "language contacts" and the issue of the phenomenon of language find a response with the problems of general genesis.

**Keywords:** ethnogenesis, phenomenon of language, cognition, social formations, global philosophy.

Қазақ тіл білімінің қазіргі даму сипатын жан-жақты айқындау тіл ғылымын жаңа ізденістермен, теориялық ілімдермен, қайталанбас идеялық мазмұнмен толықтырған ғалымдардың еңбектері арқасында мүмкін болып отыр. Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық қалыптасудың құралы деп сипаттау Ә.Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастырған. Тіл тарихын тереңнен зерделеген тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылуда. Осыған орай, ғалымның «ұлт – тіл – таным» мәселелерінің сабақтастығынан бастау алған ғылыми идеясы, шын мәнінде, тіл ғылымының, оның теориялық ілімдерінің басты өзегін құрап отыр. «...этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. «Адамтану»,



«Қоғамтану», «Табиғаттану» деп аталатын ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы «тіл әлемі» [1, 11] деген автор пікірі де соны айғақтайды.

Тіл мен қоғам ұғымдарының тығыз байланыста дамып отыратындығына жете мән берген ғалым тілдің әлеуметтік сипатын оның тарихи қалыптасуымен, әр түрлі қоғамдық формациялардан өту ерекшелігімен сабақтастырған, осыған орай, тілдер байланысын немесе «тілара контакт» мәселелерін Ә.Қайдар жалпы генезис проблемаларымен ұштастыра зерттеу керектігін өзектеген. Осыған орай, тілші кез келген ассимиляция процесіне не болмаса қарым-қатынас нәтижелеріне «бір жақты, бір бағытта ғана болатын» емес, «екі жаққа бірдей ықпал жасайтын» өзгерістер деп қарау қажеттігін дәлелдейді. Автор тілімізде кездесетін кірме сөздердің шығу тегі мен ауысу себебіне, табиғи өзгешелігіне тоқтала отырып, тілдің қоғамдық кеңістікте өмір сүру принциптерін түсіндіреді. «Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі» [1, 55] дей келе, тілші қазақ тіліндегі араб-парсы сөздеріне, қазақ-монғол, қазақ-орыс тілдерінің қарым-қатынасына талдау жасайды, сол арқылы тіл-тілде орын алған гомогенді ұқсастықтарға яки гетерогенді айырмашылықтарға сипаттама береді. Айталық, қазақ-орыс тілдеріндегі айтылуы мен мағынасы бір-біріне ұқсас болып келетін бірліктер қатарында автор «бұр – бурить, шап беру – цапать, тасу – таскать, жұму – сжимать, талқанда – толочь...» сынды сөздерді атайды. Бұл тілдік ұқсастықтардың себебін ғалым адамның универсалды дамуынан, жан-жағын танудағы ұқсас әрекетінен әрі «ұлттық сана, ой-өрісінің кеңеюіне қажетті шарттардың бірі – алыс-жақын, көршілес елдермен жіті араласу, рухани-мәдени алмасу» [2, 4] салдарынан өрбіте түсіндіреді.

«Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық еме... этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т.т.» [1, 11], – деген белгілі ғалым Ә.Қайдар сөзіне жүгінер болсақ, тіл, шын мәнінде, барша адамзат атаулының маңызды қарым-қатынас құралы, ұлттық табиғатын, өсу-өркендеу жолын танытушы құндылығы. Қазақ тіл білімінде алғаш рет «этностық таным» мәселесін көтере отырып, Ә.Қайдар халық пен тіл ұғымдарының ортақ мүддесін «этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін т.б.) паш ете» [1, 10] білумен сабақтастырды. Тілдік зерттеулерін «тілтанудың» [1, 117] ғылыми-теориялық сипатын анықтауға бағыттаған ғалым халықтың „тұтас бейнесін» «тіл қазынасы» [1, 11] арқылы сомдау қажеттегіне ерекше назар аударды. Автор «этнос болмысын» әрі «этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реалды шындық» тұрғысынан, әрі оның «өмір-тіршілігінің айнасы...тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы», – деп қарастырды, сол арқылы халық ұғымын таным, қазына, қор, жады сынды когнитивті терминдер көмегімен түсіндіре келе, тілдік талдауларына образды суреттемелерді, танымдық ұстанымдарды, экстралингвистикалық уәждерді арқау етті.

Ә.Қайдар қабылдауындағы «тіл әлемі» – бұл «этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктер жиынтығы, синтезі», сондықтан оны ғалым плоттогенез бен этногенез [1, 51] мәселелерін шешуге көмектесетін «этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі», – деп ұғынды. Халық тілін анықтау, оның қоршаған әлеммен сабақтстығын саралау, соның негізінде танымдық қордың тілдік табиғатын жүйелеу «этнос болмысының» құрамды бөліктерін кең көлемде зерттеуге мүмкіндік беретіні даусыз, өйткені «әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады...» [1, 140]. Тіл өнері үлгілерінің дамуын «сол тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын ұрпағына ғибрат етіп ұсыну әрекеті» [2, 8], – деп түсіндірген ғалым Ә.Қайдар «тәжірибе», «тағылым», «зерде», «сана» ұғымдарының табиғатын тілтанымдық зерттеулердің маңызды бөлшегі деп

тұжырымдады. Тіл табиғатын, оның қызметін жоғары бағалаған автор оны адам, қоғам, табиғат ұғымдарының бастауы деп қарастырды, сондықтан тілдік зерттеулердің маңызды бөлшегін құраған, ойлау мен қабылдау, таным мен пайымдау әрекеттеріне жүгінген автор тұжырымдары терең этнофилологиялық астармен, тарихи деректерге сүйенген нақтылығымен және адамзат табиғатын ашып тануға бағытталған маңыздылығымен сипатталады. Ғалым тарихи дамудың нәтижесін құрайтын этнолингвистикалық ұғымдар мен бірліктер табиғатын зерттеуді мақсат ету арқылы қазақ тіл білімінде жаңа лингвистикалық бағыттың өзектелуіне себепкер болды. Ол туралы автор «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала» [36, 8], – деп түйіндеді.

«Этнос болмысын» айқындайтын арналар мен этюдтарға тоқтала отырып, ғалым тілді танымның, психологиялық қабылдаудың, әлеуметтік қалыптасудың кілті деп бағалады. «...белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымна, салт-сана, әдет-ғұрпына т.б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттеу керектігін» [1, 50] ескерген тілші халықтың рухани бастауын тілден өрбіте отырып, ғылыми тұжырымдарын пәнаралық сабақтастық нәтижелерімен дәйектеді. Тіл білімін этнографиямен, этимологиямен, диалектологиямен байланыстыра зерттеген тілші ғылымдардың бір-біріне «мұқтаж» болатын тұстарын сөз етті. Этнографиялық «заттық бағалылықтардың» мән-мағынасын саралау, «күңгірттенген бірліктердің мәнін ашып, жасалу мотивтері мен қолданыс шеңберін айқындау» және т.б. осы сынды міндеттер негізінде тілші қазақ этнолингвистикасының өзіндік сипатын тұжырымдап, оның негізгі мақсатына «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде оның тіл байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуді» әрі «Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабатына, қойнау-қолағтарында тұнып жатқан [бүгінде сирек қолданылатын] сөз маржандары арқылы да жаңғыртуды» [1, 16-17] жатқызды. Тілтанымның тарихи пәлсапалық негіздерін айғақтаған тілші тілдік құралдардың «өткен өмір мен бүгінгі болмысты танып-білудегі логикалық, философиялық, дүниетанымдық, эстетикалық, тағылымдық, прагматикалық, этнолингвистикалық мәнін» [2, 14] зор бағалады, сондықтан «адам баласына тән асақ ой, тегеурінді тұжырым, кешенді ақыл, дара біткен даналық – бәрі-бәрі, сайып келгенде, тауып айтылған сөз арқылы ғана әр қырынан жарқырап көріне алады» [2, 16], – деп есептеді. Ғалым зерттеулерінде «ұлттық логика», «ойлау жүйесі», «төл даналық қоры», «рухани мүмкіншілік», «дүниетанымды уағыздау» [2, 31, 24] секілді ұғымдық тіркестер арқылы «ұлт даналығын» қалыптастыратын маңызды шарттар сұрыпталды. Автор «...ұлт даналығы тек сол ұлттың өз тілінде, өз ортасында және өз данагөй-ақылмандары арқылы ғана қалыптасады» [2, 41], – дей отырып, «тарихи шежіренің» ерекшелігін «сол этностың даму процесін, қоғамдық-әлеуметтік өмірін, рухани-мәдени құндылықтарын, өріс-қонысын т.б. тарихи танымдарын сөз етумен» [3; 4] байланыстырды, яғни тілдік фактілермен этнотанымдық деректердің сабақтастығы арқылы қазақ тіл біліміндегі тілтанымдық теорияның халықтық негіздерін өзектеуге мүмкіндік берді.

Этнос дегеніміздің өзі адамдардың этникалық сана-сезімі бойынша біріккен әлеуметтік топ болып табылатындықтан, оның астарында, біріншіден, генетикалық туыстық жату керек; екіншіден, ол әлеуметтік-мәдени нормалардан құралуға тиіс. Бұлардың әрқайсысы халықтық танымның негіздерін өзектей отырып, антропологиялық және диалектикалық ұстанымдардың табиғатын тілдік негізде саралауға мүмкіндік береді. Олай болса, «Әр елдің, халықтың өзіне лайық заңы бар. Мұндай заң біздің туған халқымызда да ертеден қалыптасқан... Бұл ережелер, қағидалар далалық ұлттардың әдет, салтына, тұрмысына лайық жасалады» [4, 7], – деп ғалым С.Кенжеахметұлы атағандай, қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрыптары әрі халықтың тұрмыс-тіршілігін, өнегесін, тәлім-тәрбиесін бейнелесе, әрі сөзбен қоса ел жадында сақталар қимыл-әрекеттер арқылы белгілі бір хабарды, ойды, мағынаны үстей отырып, символдық қабылдаудың, философиялық ойлаудың таңбалық көрсеткішін құрай алады, яғни әрбір ырым халықтың арманымен, сенімімен, тілегімен ұштаса, этноәйдемдік танымнан нәр ала қалыптасатындықтан,

олардың барлығы бай халықтық семиотиканың қайнар бұлағы болып табылады. И.Н.Горелов пен К.Ф.Седов «Сөйлеудің ұлттық-мәдени қалыптары әр түрлі халықтар қатынасының этикет нормаларымен тығыз байланысты. Этикет ұғымының астарында адамдардың өзара қарым-қатынас жасауының тәрбиелік ерекшеліктері ұғынылады. Бұл ретте белгілі бір қоғамда орныққан жақсылық нормалары туралы көзқарастар, өзгелерге деген ілтипат, қаратып айту мен амандасу формалары, қоғамдық орындарда өзін ұстау ережелері, киім кию үлгілері т.б. аталады» [5, 125-126], – деп есептейді.

Тіл мен халық ұғымдарының арақатынасын танымдық ұстанымдарға сүйене байланыстырған ғалым «тіл әлемінің» құдіретін алдымен «сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың» [1, 50] тыныс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен сабақтастыра дәйектеді, сол себепті «Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзін көрсететін айна іспеттес» [1, 11] деген қағиданы ұстанды. Ә.Қайдар қазақ этнолингвистикасының принциптерін жіктеу кезінде лексикалық бірліктердің мән-мағынасын ашумен қатар, «қазақ этносының өз болмысын, барлықтағы объективті дүниегі өзінше танып-білуін» [1, 19] де, яғни танымдық заңдылықтардың маңызын да өзектеді. Сол негізде автор тілдік құралдар арқылы жасалатын «бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету» керектігін ескерте отырып, олардың «өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу» амалдарын де назардан тыс қалдырмау қажет деп тұжырымдады. Ғалымның айтуына қарағанда, «халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен, сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады» [1, 140], бұл өзгешелікті зерттеуші «тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет» тұрғысынан бағалады. Лингвистикалық тұжырымдамалардың аса құнды желісін ғалымның тарихи және тарихи-салыстырмалы зерттеулері құрайды. Ә.Қайдар еңбектерінде тілдің лексикалық жүйесі де, морфологиялық құрылымы да, синтаксистік қызметі де – бәрі ұлттық сананың дамуымен қатарласа, қоғамдағы базис, қондырма ұғымдарымен сабақтаса анықталады. «...тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қағыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді» [1, 50] деп автордың өзі атап көрсеткендей, тіл ғылымының тарихи аспектісі бүкіл этникалық сұрыпталудың экстралингвистикалық болмысын дәйектеуге мүмкіндік береді. Ғалымның ғылыми-теориялық қорытындылары, тілтанымдық зерттеулері қазақ тілінің мәртебесін көтерер, әлемдік деңгейдегі өзіндік лингвистикалық мектебінің мақсат-міндеттерін айқындар, азаматтық-рухани болмыстың ұлттық парызбен сабақтасатын ерекшеліктерін дәлелдейтін құнды еңбектер қатарын құраумен бірге, «тарихи танымды» сөз етуге, оны «ұлағатты да, күрделі де, жауапты, жадыгерлік ұғым» [3; 4] ретінде бағалауға мүмкіндік беретін терең пәлсапалы ізденістер болып табылады.

«Әрбір халық өзін-өзі дана санайды. Бұл – заңды да түсінікті құбылыс. Өйткені, этностың халық болып қалыптасуының өзі дамудың барлық деңгейінен өтіп, санасы өсіп, дүниетанымы кеңейіп, рухани маркаюына, даналар мен білікті-білгірлердің талғам-танымына, ой-өрісіне, даналығына тікелей байланысты» [2; 4] деген тұжырым арқылы тілші барша халықтардың этникалық ерекшеліктерін тоғыстыра отырып, қазақ тіл білімінде, шын мәнінде, ұлттық әрі әлеуметтік танымның тілдік негіздерін дәйектеді. Зерттеулерін «таным», «көзқарас», «қор», «сана», «дүниетану», «жады», «зерде» ұғымдарымен байланыстыра айғақтаған Ә.Қайдар қазақ лингвистикасын жаңа логика-философиялық арнаға бағыттаумен қатар, тіл ғылымында ерекше танымдық үрдістің негізделіп орнығуына да тікелей әсер етті. «Халық даналығының» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсу» [2; 5] болып табылатындықтан, авторлық ізденістердің маңызды бөлігін мақал-мәтелдер табиғатын зерделеу, оның шығу тарихын анықтау, сол арқылы халықтық танымның құрамды бөліктерін сұрыптау, олардың «даналық қорға», ұрпақтан ұрпаққа жетер «бай қазынаға», «рухани

мирасқа» айналу жолдарын айқындау мәселелері құрады. Ғалым оларды «өзінің түп негізіне жеке бастың рухани табысы, әр замандағы даналардың қоғамдық өмірге деген көзқарасы, өзіндік танымы» [2, 4] деп сипаттай келе, тіл мен тілдік деректердің қалыптасуындағы «адам факторын» [2, 41] өзектеді.

Ә.Қайдар қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың маңыздылығына мән бере келе, когнитивті ұғымдардың өзгеше сабақтастығына негізделген пікірлер тізбегін ұсынды. Айталық, мақал-мәтелдердің пайда болу себептері қатарында «саналы қауымның өзі өмір сүрген табиғи ортаны, табиғат құбылыстарын танып білу» [2, 6] мүмкіндіктерін қарастырған тілші «елдің жады», «қоғам жадысы», «халық жады» сияқты тіркестерді пайдалану арқылы этнотанымдық феномен табиғатын дәйектеді, соның негізінде тілдің өзге қызметтері қатарында оның «кумулятивті функциясын» [2, 14] осы сирек кездесетін құбылыстан, оның жүзеге асу заңдылықтарынан туындайтын өзгешелік деп анықтады. Осы орайда тілші «даналық қорды» екі жақты процестердің «ұйытқысы» деп айқындайды. Оның бірін «көненің көзіндей болған... ескі дүние» құраса, екіншісіне «замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығатын» жаңару процесі жатқызылды.

«Этнос немесе халық – адамзатты этнографиялық тұрғыдан классификациялағанда, негізгі единица деп есептеледі. Оның (этнос, халық) өз территориясы, экономикалық байланысы, біртұтас тілі, ортақ мәдениеті болады» [6, 324-325], сондықтан қазақ тіл білімінің кең көлемде дамып келе жатқан бағыттарының бірі – этнолингвистика, яғни тілдің халықтық сипатын анықтауға негізделген лингвистикалық сала немесе ұлттық таным мен этникалық болмысты тіл деректерімен байланыстырған маңызды ғылым, өйткені ғалым С.Аманжолов тұжырымдағандай, «тілге байланысы бар этнографиялық, тарихтық, әдебиеттік мәселелерді білу қажет. Демек, тілді халық тарихынан бөлек қарауға болмайды» [7, 11]. Бастапқы кезде тіл мен халық ұғымдарының сабақтастығы туралы мәселе халықтық рух, идея, мәдениет проблемаларынан бастау алса, бүгінгі күні оның аясы әлде-қайда ауқымды, біріншіден, қазіргі күні этнолингвистика өз алдына дербес сала ретінде дамып отырса; екіншіден, оның зерттеу нысанын айқындайтын өзіндік ұстанымдары, ережелері, әдістемелік негізі сұрыпталып анықталған. «Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр»,–деп белгілі ғалым Ә.Қайдар атап өткендей, қазақ этнолингвистикасы «этнос болмысы» мен «тіл әлемін» [1, 9] керемет үйлесімділікпен ұштастырған ғылымдар қатарын құрайды. Осы жердегі «этнос болмысы» ұғымының тандалу себебін зерттеуші екі түрлі принципке сүйене түсіндірді: 1) «біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді; 2) этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысын басқа (мәс., этнология, антропология, археология, этнография т.б.) ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды» [1, 11]. Халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтай аламыз. Тіл – халық қазынасы, асыл мұрасы. Этнолингвистикалық зерттеулер халықтық арналардан сусындай отырып, ұлттық сана, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, тарихи қалыптасу сияқты ұғымдардың ішкі сырын ашуман ғана шектелмейді, олар мәдени өркендеу, әдеби өрлеу, қоғамдық-саяси даму секілді этникалық айқындағыштардың да негізгі шарттарын түсіндіруге ат салысады, сол себепті, «Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы – екі жақты байланыс. Тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі – халықтың тарихымен, сол халықпен бірге жасасып келе жатқан оның тілінің тарихымен байланысында зерттеу соншалықты қажет» [8, 20]. Халық тілінің ерекшелігіне мән беру, оның қоғамдағы орнын бағалау, яки тіл мен ұлттық даму арасындағы ажырамас бірлікті сараптау мақсатында ғалымдардың бұл мәселеге әр кезде көңіл бөліп, тіл ғылымының түп қазығын содан өрбітуі сондықтан болар.

Кейінгі жылдары қарастырылып жүрген маңызды лингвистикалық мәселелер қатарында сана, тіл, мәдениет ұғымдарының байланысы, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік, тілдің қоғамға және қоғамның тілге әсері, әр түрлі тілдердің ассоциативті сөздіктерінің жасалуы сияқты ұғымдар мен олардың ұстанымдарын атаған орынды. Объективті дүниені бейнелей отырып, адам жекеленген сөздердің көмегімен таным нәтижесін сұрыптап белгілейді. Аталмыш ілімдер жиынтығы когнитивті тіл білімінде «тіларалық әлем», «әлемнің тілдік көрінісі»,

«ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік моделі немесе үлгісі», «дүниенің тілдік суреті» деп аталып жүр. Соның ішінде ең көп кездесетін ұғымы – «әлемнің тілдік бейнесі». Адамның әлемді тану әрекетіне негізделген бұл термин орта мен адамзат туралы жинақталған барша хабарды өңдеу процесінен туындайды.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 560 б.
3. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.
4. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы, 1998.
5. Горелов И.Н., Седов К.Ф. Основы психолингвистики. – М.: Лабиринт, 2001. – 304 с.
6. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: «Санат», 1996. – 416 б.
7. Аманжолов С. Тіл және жазу. Язык и письмо. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы, 2005. – 404 б.
8. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.- Алматы, «Санат», 1993. – 496 б.

#### *Қарлығаш ШОТА*

*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
филология ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### **ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ, ШЕШЕННІҢ ТІЛІ ОРТАҚ (этнолингвистикалық талдау)**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қолданбалы өнердің өзіне тән ерекшеліктері /спецификасы/ эстетикалық көркемдік талғамы, өңдеу, бейнелеу, мәнерлеу әдіс жолдары бар дамыған дәстүрге айналған өнер, тұрмыс мәдениет ошағының негізгі тармақ бөліктерінің ажырамас саласы жөнінде айтылады.

**Тірек сөздер:** ісмерлік өнер, этнос, кию, ою, кесу, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, қиғаш, кілем.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются научные теории основы прикладного искусства казахского народа. Особенности прикладного искусства это эстетика, дизайн, выразительность и оно является неотъемлемой частью бытовой культуры.

**Ключевые слова:** искусство среди девочек, этнос, отделка, резьба, резка,треугольник, квадрат, круглый, скошенный, ковры.

**Abstract.** This article is about scientific theory which is the foundation of applied arts of Kazakh nation. Peculiarity of applied arts is aesthetics, design, expressive and it is the main part of social culture.

**Keywords:** art among girls, ethnicity, decoration, carving, cutting, triangle, square, round, beveled, carpets.

Халықтың ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесі өте бай. Адам баласының белгілі бір этносқа тән қасиеті сәби кезінен, тіпті ана құрсағында жатып-ақ қалыптасады. Ана мен бала арасындағы көзқарас, отбасы мүшелерінің арақатынасы, бір-бірімен сыйластығы, мінез-құлқы, т.б. құндылықтар өмірдің бөлінбес бөлшегі десе болғандай. Отбасының қалыптасуына үйдегі тәлім-тәрбие (этнопедагогика) шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан да болар дана халқымыз: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», – деп, қашанда өз ұрпағына жақсы тәлім-тәрбие беруді мақсат етіп қойды.

Халық педагогикасының негізі ұлттық рухани, мәдени мұралар (ою-өрнек, кол өнері, ән-күй, өлең-жыр, т.б.), салт-дәстүрлер, әлеуметтік мінез-құлық нормаларында жатыр. Ұлттық педагогика түрлерінен халықтық идеялар көрініс табатын тұстары өз алдына бір төбе. Ал ауыз әдебиетінің үлгілері, оның ішінде мақал-мәтел, өлең-толғау, термелер, жұмбақтар ақыл-ойды



жетілдірудің, батырлар жыры, ән-күй, терме-тақпақ эстетикалық және ерлік рухта тәрбиелеудің, ертегілер мен аңыздар адамгершілік мінез-құлықтар мен қарым-қатынасты қалыптастырудың құралы ретінде пайдаланылады. Бұл мақалада біз қазақ қол өнерінің өзіндік ерекшеліктерімен қатар, тілдік нормаларда қалай қолданатынымыз жайлы сөз қозғаймыз. Өрі көптеген қолөнерге қатысты сөздерге этнолингвистика тұрғысынан талдау жасауды жөн санадық.

«Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ» деп, белгілі ойды бедерлеп, қас шебердің қолынан шыққан небір әсем бұйымдар мен тоқсан ауыз сөзді тобықтай етіп түйіндейтін «орақ ауызды, от тілді» шешенді қатар қойып, бір мәтелге сыйдыруы да тегіннен-тегін болмаса керек. Өнер туралы ұлы Абай: «Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады аса арсыздана жалынбайды», – дей келе, «...өнер де өзі, мал да өзі ғылымға көңіл бұрсаңыз» деп, байлық пен өнердің көзі ғылымда екендігін өз кезінде халқына түсіндіре білген [1, 3].

Ісмерлік өнерде көбіне қолданылатын тәсілдер: қию, ою, кесу, тігу, т.б. екендігін білеміз. Кез-келген заттан қажетті бұйым жасау үшін қиып алуудың да түрлі тәсілдері бар. Мысалы: *күлтелеп қию, жасалаң қию, білтелеп қию, үшбұрыштап, төртбұрыштап, дөңгелектеп, қиғаштап қиюдың* т.б. түрлерін ісмер адамдар кеңінен қолданады. Тек геометриялық фигура-ларды кесу үшін ғана емес, оларды бір-бірімен қиюластырудың да өзіндік жақтары бар екені баршаға белгілі.

Ісмерлік өнерде іс машинасымен тігу бар да, қолмен тігу бар. Алайда қолмен тігудің жиыр-мадан аса тәсілдерінің бар екендігіне көз жеткізуге болады. Олар: *басып, бастырмалап, байлап, жапсырып, жасап, жөрмеп, жарыстыра, түртіп, түптеп, тартып, тізіп, торлап, сырып, шалып, шалмалап, шекіп, шандып, шимайлап, іліп, ілгілеп, ілмектеп* т.т. тігудің түрлерін тізе беруге болады. Алайда бұл тігудің тәсілдері мен әдістерді кеңінен қолдана отырып, қас шеберлердің қолынан шыққан дүниелердің әсемдігіне еріксіз көз тоқтағасың. Әсіресе кесте тігу өнерінде *торлап тігу, маржандап тігу* сынды тігіс түрлерін байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кеңінен қолданғандығы жөнінде түрлі деректерден, мұражай мұрағаттарынан кездестіре аламыз.

Адамдар өмір сүре бастағаннан-ақ өнердің алғашқы нышаны қалыптасқан. Сондықтан да қазақ өнерін әлем өнерінің құрамдас бөлігі ретінде оқып-тануға міндеттіміз. Саналы ғұмырының жарты ғасырынан астам уақытын тіл білімі саласына арнап келген, жастарға тіл білімінің қыр-сырын үйреткен, қазақ этнолингвистикасының негізін салушы, қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы ғалым Әбдуәли Қайдар ісмерлік өнер туралы да қалам тербеп, «Қазақстандағы өнер түрлері де ерте кезде-ақ пайда болып, қазіргі таңда адамның жан азығы мен рухани байлығы іспеттес. екендігін айта келе, тіліміздегі өнерге, оның ішіндегі қол өнерге ерекше тоқталады. «Халық даналығы» қазақ мақал-мәтелдерінің түсініктеме сөздігінде халқымыздың қол өнері жайында көптеген мақал-мәтелдерге түсініктеме береді [2, 7-550]. Сөзіміз дәлелді болу үшін, төмендегі мақал-мәтелдерге назар салып көрелік:

«Өнерлі бала сүйкімді» – <ауыс. қолынан келмейтіні жоқ, шебер де епекті бала ел ішінде сүйкімді де, құрметті, өйткені, кешегі қазақ ауылында қолынан өнер тамған бес аспап адамға деген қажеттілік өте жоғары болған>. «Өнерліге өлім жоқ» – <ауыс. қолынан өнер тамған адамның өзі өлсе де, өнері өлмейді, өйткені оның ісін шәкірттері жалғастыра бередідемкші> [2, 458].

Өнерліге өріс кең – <себебі, қолынан өнер тамған бес аспап шебер болсын, әнші-күйші болсын т.б. оларға өмірде жол ашық, не істеймін десе де ерікті, өйткені өнерпаз қауым онсыз өмір сүре алмайды, қай жерге барса да өнерлі адамға жол ашық болатыны сол > [2, 458].

Қай халық болмасын оның қол өнерінде әдемілеп, өрнектеп кесте тігу өнері кең тараған. Қазақ халқында да кесте тігудің өзіндік тәсілдері ерекше. Қол инешаншымдарының құрылымы жіптердің материалдың бетіне және ішкі жағына орналасуына қарай, сондай-ақ материалдың оң бетінде жатқан жіп ұзындығының қарым қатынасына байланысты түзу, қисық, айқаспа бейнелі, ілмек бейнелі болып келеді.

Кесте тігуде инешаншымдарын тұтастай бастыра әшекейлеу үшін: *шалыс тігу, жатық тігу, термелеп тігу, бастыра тігу, күлтелей тігу, көлбей тігу, көме тігу, қарып тігу, тарта тігу, топтастыра тігу* т.б. тәсілдері бар. Кесте өзінің тігілуіне қарай *біз кесте: баспа жылтыр, тамбурлы кесте, албыр кесте (екі ізді), т.б.* түрлерін атауға болады. Біз кестені *шым кесте*, немесе *әрәдік кесте* деп те атайды. Ал кесте тігетін инелердің де өзіндік атаула-

ры бар: жасалған затына қарай да инені бірнеше түрге бөлген: **сида** – қанардың, қалың матадан жасалған түрлі заттардың аузын тіккенде қолданылатын қатты ағаштан жасалған ине; мүйізден әзірленетін ине – **жуалдыз** (тегінде, жуан біз деген сөз тікесінен туындаған болуы керек); сүйектен істелген ине – **союя** немесе **сүйрік** деп аталады. Ал **кебене ине** – аса берік болаттан жасалған жуан ине. Тігімнің әрбір түріне арналған инешаншымдардың ұзындығы, диапазоны, мақта тігін жіптерінің сызықтық тығыздығына байланысты болып келеді.

**Біз кестенің шым кесте және әредік кесте** деп аталатын екі түрі бар. **«Біз кестені»** тігу үшін дөңгелек, төртбұрышты керме ағашқа түрлі ою-өрнекпен бедерленген матаны керіп алып, сол салынған өрнекті қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы тігіледі. Ал **шым кесте** (шымқай кесте) тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай, не болмаса ашық орамды аз ғана қалдырып, тұтас әртүрлі жіппен тұтас кестелене тігіледі. Бл кесте түрі шығыс халықтарының арасында қазақ пен қырғыз халқында аса жоғары дендейде дамыған. <sup>Тұс Киизге</sup>, шымылдықтың басына, жарғақ шалбардың басына, жұқа шапанның, шекпеннің өңіріне тігіледі.

**«Әрәдік кесте»** – көбіне матаның бұрыш-бұрышына тігілетін түрі. Көбіне тақияға, шалбардың балағына, сырт киімнің өңірі мен жаға-жеңіне, кең қоныш етіктің қонышына тігіледі. Қазір Республикамызда Алматыдағы «Тұс киіз», Тараздағы «Өнер тану», Өскемендегі «Өрнек» сынды қазақ халқының кесте өнерін кеңінен қолданатын фабрикалар жұмыс істеп, ұлттық дәстүрді қайта жаңғыртып, халқымыздың мақтанышына айналууда. Бұл күнде осы фабрика өнімдері дүниежүзілік көрмелерде жүлделі орындарға ие болып, халқымыздың өнерін паш етуде.

**Баспа кесте** – материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кестені айтады. Шым кесте ақ матаға тегістікті сақтау арқылы жіпті қатар орналастыру әдісімен тігіледі. Шым кестеге ою мен өрнектің, аң – құс, гүлдің түрлі сұлбалары салынып, көбіне орамалдың шеті, кимешектің жағы, жастықтың тысы, жейденің жаға – жеңі және төсек жапқыш, сәукеле сияқты басқа да көптеген киімдерге тігіледі.

**Оюластырып кестелеу** немесе **оюластырып жапсыру** – маталарды бөлек-бөлек кестелеп, оюластырып жапыстыру. Бұлар бірыңғай матаға біртұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан, үйлескен тұтас желісін жасау негізінде тігіледі. Бір матаның бетіне екінші матадан қиылған фигура салынып шет жақтары әртүрлі кесте тігістерімен тігіліп, сәнделеді. Көбінесе торлау әдісі қолданылады. Кестенің бұл түрі шапшаң орындалады, нәтежиесінде кестелейтін бұйымның бетінде әдемі бедерлі өрнек пайда болып, көздің жауын алады. Кесте тігер алдында қиылып алынған өрнекті мата бетіне көктеп алып шеттерін бүгіп кестелеуге болады немесе салынатын өрнекті маталарға арналған желімдермен үтіктеп бекітіп алады. Матаның созылмайтын тығыз түрін таңдаған дұрыс.

**Маржандап, моншақтап кестелеу** – әйелдердің бас киімдеріне, тақия, сәукеле, өңір, қол дорба қамзолдар және салтанатты киімдерді ғана маржандап, моншақтап кестеленеді [3, 57].

Қазақ халқы тіліміздегі бірде-бір сөзді орынсыз қолданбаған. Ісмерлік өнерде де киюге ыңғайлы, әрі көрікті заттарды тігу үшін түрлі маталар мен теріні, шашақ жіптер мен күміс түймелерді үйлестіріліп, сән-салтанатын арттыра түсу мақсатында сол заттарды орынды қолданған. Айталық, әйелдерге немесе ерлерге арналып тігілетін киімдер талғамға негізделініп, түрлі маталар таңдалынып алынады. Ал матаны таңдаудың өзі де үлкен шеберлік қажет етеді. Біріншіден, матаның түсі, оған салынатын өрнек өте үйлесімді, әрі көңілге қонымды болуы қажет.

Көпшілікке таныс барқыт, қыжым, масаты сияқты қымбат маталардың өздерін таңдап алу үшін, үлкен шеберлік пен талғам керек. Сиса, қыжым, қатипа сынды қымбат маталарды халық жақсы таниды. Кезінде ісмер әйелдер мен қыз-келіншектер матаға да ден қойып, оларды ерекше талғаммен таңдай білген. Қымбат пен арзан маталарды айыра біліп, ол маталардан түрлі керекті заттар жасауда сапасына да мән бере білген. Мысалы: *ақсұп, борлат, бомазы, бояқ, дабы, сыңсыма, сұрып, сәтен, сиса, шағи, бітес, тек, зәрін, саржа* сынды маталар әр түрлі ішік-тондарға астар ретінде таңдалып алынады. Ал арзанқол маталар: *құмаши, ләмбік, діке, үлдірік, ләстік, кенеп, шөжім, шыдаған, сұпы, шыт, бөз, тептік, ақзу, сәлдебөз, меткетон, тіке* сынды маталарды түрлі заттарға астар немесе күнделікті тұрмысқа (қатық, сүт сүзуге т.б.) қолданған [4, 21].

Қазақтар арасында кең таралған жібек маталардың ішінен көбірек белгілісі:

**Қамқа** – алтындатқан не күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата.

**Катипа** – жол-жолы бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт.

**Манат** – оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұға.

**Торқа** – ең қымбақт жібек мата.

**Батсайы** – қалың жібек кездеме.

**Бикасап** – еңсіз жібектен тоқылған жолақ мата.

**Дүрия** – жылтырауық тығыз жібек мата.

**Баршын** – жолақты жібек мата.

**Тібен** – түрлі-түсті қалың мата.

**Торғын** – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.

**Мақпал** – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Мақпалдың үш түрі бар: **қара мақпал** – қара барқыт; **қой мақпал** – түкті пүліш; **қырмызы мақпал** – қызыл күрең барқыт. Бірақ қазақтар мақпал деп көбінесе біртегіс, түгі тықыр қара барқытты атаған. «Мақпалдай қара шаш, мақпалдай жұмсақ» дейтін теңеудің мәні де осында. Мақпалдан көбіне қамзол, шалбар, қыз-келіншектердің киімі тігіледі, тұскиіз жасалады, баскиім тысталады [7, 7-55].

Қазақтар кезінде маталарды Ресей, Қытай, Бұқар, Парсы, Үндістан, Ыстанбұл т.б. жақтардан әкелетін болған. Осыған байланысты маталарға түрліше атау беріп, оларды тілімізге қалыптастырған. Өкінішке орай, сол атауларды кейінгілер біле бермейді, әрі таралған өңірлерде де әрқалай аталып, бір матаның түрлерін екіншісімен шатастырып жатады. Қазір де базармар мен сауда орталықтарына бара қалсаңыз, түрлі қымбат маталардан көз сүрінеді. Көбіне италиялық, түріктік, қытай жібектерін кез-келген дүкен сөрелерінен таба аласыз. Олардың атаулары да әр қилы.

**Қыжым** – кейде плющ мата деп аталатын қымбат матаның түрі. Қыжымнан әйелдерге дерелерге де шапан, желет тігіледі.

**Катипа** – қатты, төзімді матаданың түрі. Катипадан қазақ шеберлері көбіне әйелдер киетін ішікің сыртын қаптаған. Одан күпі, шапан секілді киімдер де тігіледі. Бұл мата төзімді, әрі ұзақ киілетін болғандықтан қыз балаға да өмірдегі кездесетін қиындықтарға төтеп бере алатындай мықты болсын деген ниетпен «Катипа» деп ат қоятыны да сондықтан болса керек.

Мұндай қатты матадан түрлі заттарға қап, қаттама т.т. заттар тігіледі. Мысалы, Махамбет:

*«Орай да борай қар жауса, Қалыңға боран борар ма,*

*Қапталдай соққан боранда Қаттама киген тоңар ма?»* – деген өлең жолдарында кездесетін **қаттама (қаптама)** – қатты матадан астарына жүн, қыл немесе мақта сырылып тігілетін жауынгерлер киген жеңіл киім. Жеңсіз, қысқа немесе ұзын жеңді, жағасыз етіп те тізетін сырт киім. **Қаттаманы** кезінде жеңіл қаруланған жауынгерлер киген [4, 10-25]. Қатардағы қазақ жауынгерлері қаттаманы XIX ғасырда киген. Ол жылы, әрі жеңіл, жүріп-тұруға ыңғайлы. Көшпенділердің жауынгерлерін осы сауыт түрімен бейнелейтін өнер туындылары жиі кездеседі [5, 210]. Қазір де жастар арасында сәнге айналған жеңіл матадан тігілген сырт киімді «жеңіл польто», «жаздық польто» дегеннен гөрі «қаптама» деп атауға әбден келеді.

**Қаттама кезім** – жауынгерлердің аттарына кигізетін жұмсақ сауыт. Матадан бірнеше қабатталып, астарына жүн, қыл, мақта салынып, сырылып тігіледі. Көшпенділердің жауынгерлерін осы сауыт түрімен бейнеленген өнер туындыларын сурет өнерінде жиі кездестіреміз. Тасқа басылған ескерткіштерде, шығыс бейнелеу өнерінде де осындай ат сауыттарымен жарактанған түркі-маңғол жаынгерлері жиі бейнеленгенін де айқын байқауға болады [7, 110]. Кейінгі кездері ат баптаушы бапкерлер де ат қатты терлеген кезде суықтап тер қатып қалмау үшін, немесе буын-буынына жем түспеу үшін **қаттама кезімді** қолданып жүр.

Халық шеберлері түрлі жіптерді байлаудың да көптеген тәсілдерін пайдалана білген.

**Байлау/Түю** – шаруашылықта, қолөнерде және күнделікті тұрмыста қолданылатын жіпті, арқанды түю, байлау, бекіту тәсілдері. Қазақы ортада көшпелі шаруашылық пен болмыстың ерекшеліктеріне байланысты байлап-түюдің бірнеше түрлері бар: *күрмеу, қазықбау шалу (қалмақша байлау), тұзақтап байлау, тиектеп байлау, откормелеп байлау, шалып байлау, орап байлау, шанду, шырмалап байлау, орау, жалақ түю, шорт түю немесе шиелеп байлау* (қатын шалу деп те аталады) және т.б.

**Шорт байлау** – жіп ұштарын біріне-бірі айкастырып шалып алып (оң қолдағы ұшын сол қолдағы ұшының үстіне салып, оны үстінен астына қарай орап), сол және оң екі ұшын екі қолмен ұстап, қатты тартып байлау. Егер бұл арқан, жіпті жалғау үшін жасалатын болса,

үш жағынан аз ғана шығарып, түп жақ ұшын қатты тартып, байлаудың түйіншегі бекітіледі. Қайта шешілетін етіп байлау үшін ұзын шалудан шығарып алмай бүктеп, ұшының ілмегін шығарып, үш қалдырылады. Шешкенде ілмектің ұшынан тартса шешіледі. Ілмектеу жіпті шалған тұйығынан бір ұшын тұйықтап тарту. Ілмектеу оңай шешілу үшін қолданылады.

**Қазықбау шалып байлау** (қалмақ шалу деп те аталады) ат әбзелдерін байлауда жиі қолданылады. Қазықбау шалу қазыққа арқан ұшын бір шалып, екінші рет осы шалу жіп ұшының бағыты бойынша тағы бір рет шалынып, ұзын арқанның түп жағына қарама-қарсы бағытта шалынған жердей айқастырып шығарылады. Қазықбау шалынған арқан ұшы қатты тартылады. Оңай шешу үшін арқан түбінің үстінен астына қарай айналдырғандағы шыққан тұйық шеңбер ішінен жіпті ұзын бүктеп тартып шығарып алып ілмектейді. Бірақ бұл байлаудың ұшы оңай сусиды, сондықтан, арқанның түп қазықбау шалынғаннан асқан ұшы жағынан қайта шалып ілмектеп тартып, шығарылған ілмек ұшын қазықбаудың түбіне тақап, қатты тарту керек. Шешерде ілмектің ұшынан тартып шешеді.

**Түйін байлау** – арқанның (жіптің) екі ұшын теңеп, осы ұшты арқанның өзінен бір шалып шығарып қатты тарту арқылы екі арқанды немесе жіпті бір-біріне жалғап тұйықтау [4, 54].

**Күрмеп байлау** – жіптің, арқанның ұшын оң қолдың саусақтарымен ұстап тұрып арқанның жалғасын осы саусақтарды кең бір орап, бас бармақ үстіне әкелгеннен кейін орам тағы бір рет қайталанады, осы тұйық орамды астыңғы саусақтармен тартып тұрып, бас бармақты орамнан суырып алып, жіптің қысқа ұшын осы тұйыққа ілмектеп кіргізіп, ұзын ұшты тартады. Бұл байлау берік болады. Малдың мойнына тағатын арқан, жіптер осылай күрмеп байланады. Ат арқандағанда қазықбау шалып байлаумен қатар, осы байлауда қолданылады. **Ілмектеп** өткізіп **шалып байлау** – өте мықты байланатын, әрі оңай шешілетін байлаудың бірі. Сондай-ақ ұшамыштап байлау, ілмектеп (ілгектеп) байлауды да хас шеберлер белгілі бір заттың ұшын шешуге оңай болсын деп кең түрде қолданылады.

**Томағалап**, немесе **шандып** т.б. байлау тәсілдерін қазақтың ісмерлік өнерінен басқа да шаруашылықтың барлық түрлерінде: мал байлау үшін, құсбеглік үшін де кеңінен қолданылады. Қолөнер адамның әсемдікке, нәзіктікке деген сезімін тербеп, сол салада табиғатты өзінше таңбалап, бедерлеп, сұлулықтың қабілетін арттырады. Сл арқылы біз зор эстетикалық рухани тәрбие алып, әлемдік өнер шыңына қанат қағамыз.

Ойымызды қортындылай келе, тілдік қорымызда кеңінен қолданып жүрген көптеген сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Хас шеберлердің қолынан шыққан әсем бұйымдарға қызығып қана қарамай, тілдік қорымызда қолданып жүрген сөздерді жиып, бір жүйеге түсіру тілші қауым мен сөз өнерін білетін, тілді қадірлейтін көпшіліктің ісі деп білеміз. Киім тігу мен оны өрнектеуде тек аса ісмерлікті ғана пайдаланып қана қоймай, сол киім кімге арналып тігілді, лауазымы, руы, қызметі т.б. әлеуметтік жақтарын сипаттауда да шебер өз қолтаңбасы арқылы байқатып отырған. Ол өз алдына әңгіме. тілімізде бар киім атаулары мен шеберлердің қолынан шыққан небір бұйымдардың атауларын қолданысқа ендіру, оны барынша сөйлеу мәдениетімізден ойып тұрып орын беру, қабылдау, және жастарымызға білгенімізді үйретуға буынның қолында. Ұлтымыз өссін, өңсін десек, өзөнерімізді ұрпаққа үйретіп, оны көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Қазіргі кезде техниканың жетілуіне орай, кестені тігін машинасымен тігу дәстүрге айналып бара жатыр. Бұл біздің колөнеріміздің дамуына бірқатар кедергісін де тигізетінін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. «Өнер жемісі – өмірге азық» демекші, жас ұрпаққа колөнер арқылы жан-жақты берілген тәлім-тәрбие олардың өмір азығы болатынына күмән жоқ. Өйткені, колөнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің қайнар көзі, ғасырлар асылы өз қадір-қасиетін жоғалтпай жалғасын тауып келе жатқан асыл мұра.

#### Әдебиет

1. Өмірәлиев Қ. Абай афаризмдері. Алматы, 1973. 123 б.
2. Қайдаров Ә.Т. Халық даналығы Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 559 бет. – ISBN: 9965432678. Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу.
3. Қазақтың кесте өнері, Алматы кітап баспасы, 2009. – 150 б.
4. Қазақ халқының ұлттық киімдері: Мата түрлері /құраст. Хинаят Б., Сужикова А. – Алматы: «Алматы-кітап», 2007. – 196 – 197 б.

5. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984\Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведении М.О.Ауэзова). Алма-Ата, 1989
6. Худяков Ю.С. Вооружения средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии.Новосибирск, 1986. 214 с.
7. Қасиманов С.Қазақ халқының қол өнері. Алматы, 1969. 120 б.

*Гулжамал ҚОРТАБАЕВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*филология ғылымдарының кандидаты*

*Ерасыл ТҮРСЫН*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*гуманитарлық ғылымдар магистрі*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

### «АЛПОМИШ» ЭПОСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНУ САЛТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

**Андатпа.** Бұл мақалада «Алпомиш» эпосының этномәдени лексикасы, оның ішінде үйлену салтына байланысты этнографизмдерге талдау жасалды. Лексикалық бірліктердің этномәдени, тілдік мәні сипатталды, өзге түрік тілдерімен байланысы анықталды. Мәдени тұрғыдан маркерленген этнографиялық терминдерді талдау арқылы ұлттық танымдағы әлемнің тілдік бейнесін сипаттауға болады. Зерттеу нәтижесінде өзбек-қыпшақ диалектісінің этномәдени базасы көшпелі тұрмыс негізінде қалыптасып, дамығандығы дәлелденді. «Алпамыш» эпосының тілдік деректер базасы ретіндегі рөлі айқындалды.

**Тірек сөздер:** «Алпомиш» эпосы, қыпшақ диалектісі, этномәдени лексика, этнографизм.

**Аннотация.** Данная статья посвящается изучению важнейшего пласта словарного состава языка – этнокультурной лексики. В статье рассматриваются лексические единицы духовной культуры эпоса «Алпомиш». Дается краткий обзор тематических групп, описываются некоторые особенности изучаемых явлений. Изучение такой культурно-маркированной лексики позволяет анализировать некоторые черты национальной языковой картины не только узбекского но и других кыпчакских языков.

**Ключевые слова:** эпос «Алпамыш», кыпчакский диалект, этнокультурная лексика, этнографизм.

**Abstract.** This article is devoted to the study of the ethnocultural vocabulary of the Kipchak dialect of the Uzbek language. The article examines the lexical units of the material and spiritual culture of the Kipchak dialect. A brief overview of thematic groups is given, some features of ethnographic terms are described.

**Keywords:** «the epic of Alpamysh», Kipchak dialect, ethnocultural vocabulary, ethnographic vocabulary, ethnographic dialecticism.

Тіл – халықтың тарихы мен дәстүрлі тұрмысынан хабар беретін тірі дереккөз. Бұл тұрасында ғалым К. Мұсаев: «Түрік тілдерінің лексикасын сөздік құрамдағы топтар арқылы зерттеген дұрыс. Бұл әдіске жүгініп халықтың өмір сүрген табиғи жағдайы, негізгі кәсібі, шаруашылығының ерекшеліктері, баспанасы, қоғамдық-саяси құрылымы мен ертедегі наным-сенімдері туралы түсінік қалыптастыруға болады», – дейді [1, 11]. Этномәдени лексикалық бірліктердің негізгі материалдарын, сөзсіз, диалектологиялық зерттеулерден (диалектологиялық экспедициялардың жазбалары, диалектологиялық сөздіктер, ғылыми еңбектер) аламыз. Бұл бағытта халық ауыз әдебиеті үлгілері де зерттеушілер үшін материал қоры бола алады. Ауыз әдебиеті үлгілерін академик Ә. Қайдар ауқымды да информативті байлыққа толы «этнолингвистикалық арна» деп бағалауы да тегін емес [2, 26]. Этномәдени мәнге ие құнды этнолингвистикалық арналардың бірі – «Алпомиш» эпосы. Зерттеу жұмысында «Алпамыс» эпосының өзбек, дәлірек айтқанда Фозил Йолдашұлының нұсқасы қарастырылды.

Қазіргі өзбек халқының күрделі этникалық, саяси тарихы, субэтникалық, аймақтық ерекшеліктері оның көп диалектілі тілінен, нақтылай айтқанда лексикасынан көрініс тапты. Өзбек



тілі диалектілерінің этномәдени лексикасының байлығы, әралуандылығы таңғалдырады. Қалалық мәдениет негізінде дамыған өзбек этносының құрамындағы «көшпелі өркениет» өкілдерінің мәдени, тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып өмір сүруі – ерекше жағдай.

Көшпелі өзбектердің тұрмыстық салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларына байланысты этнографизмдер өзге топтардан айырмаланып тұрады. Этнографизмдердің негізгі бөлігі сөз формасымен (фонетикалық, лексикалық айырмалар) ерекшеленеді. Кейбір салттар өзбектің өзге этникалық топтарында кездеспейді.

Үйлену сөз байласудан басталады. Құдалық салты *dżawčılıq* деп аталады. Құдалыққа бірінші күйеу жігіттің анасы бастаған топ келеді. Оларды *elči* немесе *dżawčī* деп атаған [3, 158]. Қыз тараптан келісім алғасын күйеу жігіттің жанұясы мәслихат шақырып, той өткізу бойынша өзге әулет мүшелерімен кеңеседі. Нәтижесінде құдалыққа баратын ерлердің тобы анықталады. Оларды *dżawčī* деп атаған. Бұл турасында эпоста: «Қоражон хам чин кўнгли билан мусурмон бўлиб, **жовчиликка** жўнаб кетди», - делінеді [4, 110]. Жаушылар аташтігүw салтын орындап, ресми түрде қыз келісімен алады. Той қамына кіріседі. Бұл туралы эпоста: «Ўзбакнинг расми шундай бўлади, аташтирган куни куёв боради...», - делінеді [4, 49]. Түркітануда жаушы сөзінің этимологиясы бойынша М. Рясненнің тұжырымы берік орнықты. Ғалым сөз түбірін көне түркілік «саб» (сөз) тарқатады (салыс. өзбекше «совчи»). Сөздің семантикалық өрісі: сөйлеуші – барып келіші [5, 84].

Күйеу жігіттің болашақ жарын көруге жасырынып, ұрын баруы **qalliq oynash** деп аталады. Бұл жөнінде эпоста: «Биз ўзбакнинг кизидан, **қаллиқ ўйнаб** келаётирмиз» [4, 52]. Бұл қазақтың «қалыңдық ойнау» рәсімімен сәйкес келеді.

Күйеу жігіт пен қалыңдықты таныстыру барысында орындалатын рәсімдер де қазақтың салт, жөн-жаралғыларымен үндес. Соның бірі – *it itillar* рәсімі. Бұл салт туралы эпоста төмендегідей дерек келтіріледі: «Бахмал ўтовда чимилдик тутиб, куёв нўкарлари билан куёвни киргизмоқчи бўлиб, бир неча хотинлар **«кампир ўлди»** бўлиб, ўлганига бир нима, олиб, **«ит ириллар»** деган расмини қилиб... [4, 166]. Бұл қазақтың «кемпір өлді», «ит ырылдатар» салтымен толық сәйкес келеді. Қазақтардан өзге аталған этнографизмдер қырғыз халқында «кемпир өлді», «ит ырылдар» деп аталады. Ит ырылдатар салты күйеу жігіттің қалыңдық ауылына ұрланып барып, ауыл-иттерін ырылдата шулатуымен байланысты болса керек. Бұдан өзге қазақ салтында күйеу жігіттен алынатын «шымылдық ашар», «төсек салар», «қыз құшақтатар», «көрпе қимылдатар» секілді кәде алуға бағытталған этнографизм атаулары белгілі.

Көшпелі өзбектердің күйеу жігітті қалыңдықпен таныстырғанда істелетін ырымдар да қазақ салттарына өте ұқсас: қол ұстар – *qol ushatar*, шаш сипатар – *šash siyarat*. Бұл салттар эпоста келесідей көрініс тапқан: «Ҳакимбекнинг қошига олиб кириб, хотинлар расмини қилиб, **«чоч сийпатар»**, **«қўл ушлатар»**ини қилиб... [4, 167]. Екі тараптың разылығынан соң неке оқылады. Неке оқылғанда қыз ұялып жауап бермейді. Сол кезде *qiz sōylātār* ырымы жасалады. Бұл турасында эпоста төмендегідей мәлімет беріледі:

Келиб қизнинг ихтиёрин сўради,  
Уялгандан қабул қилмай туради,  
**Қиз сўйлатар** деган расм бўлади,  
Қиз гапиргган анча пулни олади.

Келіп қыздың ықтиярын сұрады,  
Ұялғаннан қабыл қылмай тұрады,  
Қыз сөйлетер деген рәсім болады,  
Қыз сөйтерген сонша пұлды алады [4, 168].

Келінді ұзатарда жасалатын ырым – *baqan/baqan salmaq*. Ұзату кезінде ауылдың қыз-келіншектері келіннің жолын тосып, арқан тартып шығады. Тек арнайы сыйдан соң қалыңдық пен күйеу жігіттің тобын жібереді. Эпоста: «Кўп қизлар келинни ўртага олади, ўтқизмайди, йўлда **бақан солади** [4, 188]. Мұны қазақтың «арқан керу» дәстүрімен байланыстыра қарауға болады. Екі рәсім де тек неке-құдандалық үрдісте орындалатынына қарап, ғұрыптын шығу негізі бір деп болжауға болады. Өзбектерде жаңа түскен келін алғашқы күндері шымылдық ішінде отырады. Әдетте ол жібек немесе атластан тігіледі. Сұрхандариянының ж-лаушы сөйленістерінде шымылдықты *čimildiq*, й-лаушы сөйленістерінде *čimillig* деп атайды.

Әдеби өзбек тілінде – гүшанга [6, 68]. Эпоста: «Бахмал ўтовда **чимилдик** тутиб»,-деп келеді. Эпостағы *čimildiq* этнографизмін өзге қыпшақ тілдеріндегі нұсқаларымен салыстыру нәтижесінде атаудың қыпшақ-ноғай тілдеріндегі нұсқамен толық сәйкестігін анықтайды. Өзге өзбек диалектілері мен тәжік тілінде чимилдик/чимиллик түрінде де кездеседі. Этнографизм этимологиялық талдауды қажет етеді. Біздің топшылауымызша, шымылдық сөзі «шымқай», «шым кесте», «шымдау» сөздерімен түбірлес. Тұтас, тығыз деген мағына білдіреді. «Ылдық» қосымшасын «-ылдырық»-тың (іл+дiр+iк?) қысқарған формасы деп болжаймыз.

Жас жұбайларға тігілетін арнайы баспана – отау. Қазіргі өзбек тілінде отов сөзінің мағынасы кеңіп, жалпы киіз үй атауын білдіреді. Этнографизм ортағасырлық түрік, ескі қыпшақ тілдерінде «отау» түрінде кездеседі.

*1-кесте*

**«Алпомиш» эпосы мен түркі тілдеріндегі үйлену салтына байланысты этнографизмдер**

Эпоста	өзбек	қазақ	қарақалпақ	ноғай	башқұрт	қырғыз	түркімен
džawčī	совчи	жаушы	жаўшы	явшы	яусы	жуучу	sawçy
otaw		отау	отаў	отав	утау	отоо	ak öy
čimildiq	гүшанга	шымылдық	шымылдық	шымылдық	сымылдық	көшөгө	tuty

Күйеу жігіт қалыңдықты ауылына алып келгеннен кейін той (toy) жасалады. Тойға келген меймандарды әдеби өзбек тілінде мехмон, өзбек-қыпшақ диалектісінде қонақ деп атайды [7, 98]. Көшпелі өзбек тойларының басты ерекшелігі – *küyaw ulaq* (күйеу көкпар). Эпостың:

«Бир хил янга «куёв товок» килади,  
Танга-тилла товоғига солиди,  
Ўзбаклар расими шундай бўлади:  
Чошка-тушда соп йигитлар келади,  
Ҳакимбекдан «**куёв улоқ**» сўради.

Бір уақытта «күйеу табақ» қылады,  
Теңге-дәлда табағына салады,  
Өзбектер рәсімі сондай болады:  
Таң сәріде сом жігіттер келеді,  
Әкімбектен «күйеу лак» сұрады, –

деген үзіндісінен көшпелі өзбектерде «күйеу табақ», «күйеу лак» деген той тартуларының болғандығын байқаймыз. Жігіттің жеңгелеріне арнап тартулаған сыйы (дiлдә толы табақ) *küyaw tabaq* деп аталса, жора-жолдастары мен ауыл жігіттеріне арнап берген көкпары *küyaw ulaq* деген атаумен белгілі. Түрік тілдерінде көкпардың әртүрлі формадағы атаулары белгілі. О бастағы ортақ атау «көкбөрі» болса керек. Көкбөрі атауы қырғыз, алтай, башқұрт тілдері мен қазақ тілінің шығыс сөйленістерінде сақталған [8, 360]. Ойын аңшылық дәстүр негізінде қалыптасып, кейін тұрмыстық деңгейге өтуі мүмкін. Алғашында қасқырды қуып жүріп ұстап, кейін аң терісін тартып ойнаған. Уақыт өте келе қасқырдың орнына ешкі, серкені пайдаланып, ойын атауы да өзгеріске ұшыраған деген ойдамыз.

Өзбек-қыпшақ диалектісінде той жырлары да молымен сақталған. Той кешінде айтылатын тұрмыс-салт жырының бірі – «уағ-уағ». Өзбектің өзге топтарында «жар-жарды» келін жақтың қыз-келіншектері орындаған. Қазақтарда қыз ұзатар алдында жігіт пен қалыңдық жақтың жастары жауаптасып өлең айтысу салты болған. Көшпелі өзбек «жар-жары» да о баста айтыс формасында қалыптасып, орындалса керек. Алпамыштың дәруіш болып Бадамбикешпен айтысуынан осы бір дәстүрдің жұрнағын байқаймыз. Бұл турасында эпоста: «Енга, сен харипдошсанда, Ултонбекнинг түйида сен билан уч-түрт оғиз **ўлан айтишайин** деб келиб эдим», -деген жолдар кездеседі [4, 374]. Өлең – тек өзбек-қыпшақ және қыпшақ тілді қазақ, қарақалпақ, татар, қырғыз халық поэзиясында кездесетін жанр. Өлеңді той үстінде жігіт жақ та, қалыңдық жақ та айтқан. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау нәтижесінде өзбектің найман, жүз, қыпшақ

секілді тайпалары тойларға өлеңшілерді арнайы шақыратындығы анықталған. Олар аутуwсі деген атпен белгілі болған. Той-жиындарда айтушылар суырып салма өлеңдермен айтысқан. Мұны айтыстың архаикалық формасы ретінде қарастыруға болады. Тек қазақ пен қырғыздарда бұл жанр көркемдік, идеялық жақтан дамып, кемелдене түскен. Ал көшпелі өзбектер (айтышув) мен хакастарда (айтыс) бастапқы поэтикалық дәстүрді сақтап, кенжелеп дамығандығын байқаймыз. Жоғарыда сөз болған «жар-жар айтысынан» өзге көшпелі «Алпамыш» эпосынан «жұмбақ айтыстың» да жұрнағын аңғарамыз. Бұл туралы эпоста: «**Жұммоқ** кўйдим, калим-тоз, шуни топинг, бекбачча», -деген жолдар кездесі [9, 40]. Жұмбақ атауы да тек қыпшақ тілдері, оның ішінде ноғай-қыпшақ тілдерінде ғана кездеседі. Башқұрт әдеби тілінде йомак сөзі қолданылғанымен, оңтүстік диалектілер тобында актив қолданыстағы нұсқа – табышмак.

16-кесте

**Өзбек-қыпшақ диалектісі мен өзге түрік тілдеріндегі «жұмбақ» термині**

	Қыпшақ тобы					Оғыз тобы		Сібір тобы	
	қазақ	қарақалпақ	ноғай	қырғыз	башқұрт	түрікмен	алтай	хакас	тыва
Өзбек-қыпшақ диалектісі									
<b>džummaq</b>	žumbaq	žumbaq	yumaq	tabišmaq	yomaq// tabišmaq	matal// tapmača	tabišqaq	sispek	tiviziq

Көшпелі түрік халықтарында ерекше элеуметтік-экономикалық маңызға ие материалдық үлес – енші. «Алпамыш» эпосында енші термині қолданылады. Эпоста: «Алпомиш ұғлининг ўзига энчи бир қора нори бор эди», -деп келеді [4, 324]. Академик Ә.Қайдар «енші» сөзін ен, ен салу тіркестерімен морфосемантикалық сабақтастықта қарап, сөз этимологиясын ен-таңбадан өрбйтеді. Бұл енші ұғымы мен атауының көшпелі сипатынан хабар береді.

Көшпелі түрік халықтарында күйеуі қайтыс болған әйелдеп шашын жайып, жоқтау айту дәстүрі болған. Бұл дәстүрді «Алпамыш» эпосынан да кездестіреміз: «Айрилдинг турангдан **чочингни ёйиб**, йиглай бер, бувушим, энди сарғайиб» [4, 116].

Қорыта айтқанда, «Алпомиш» эпосы әдеби өзбек тілінен біршама айырмаланатын қыпшақ диалектісінің мәдени мәні бар лексемаларға толы. Эпостағы үйлену рәсіміне байланысты этнографизмдерді салыстыру барысында олардың қыпшақтық негізін анықталды. Этнографизмдер қазақ, қарақалпақ, ноғай, ішінара қырғыз тілдерімен сәйкестік көрсетті. Эпостағы этнографизмдерді зерттеу арқылы Жошы Ұлысындағы көшпелі түркі тайпаларының тіліндегі лексикалық құрамды қалпына келтіруге мүмкінді туады деген пікірдеміз. Мәселе түркітанушы лексикологтер мен этнографтардың зерттеулерін қажет етеді.

**Әдебиет**

1. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984. – 228 с.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Жұраев Б. Юқори Қашқадарё ўзбек шевалари. – Тошкент: Фан, 1969. – 167 б.
4. Йўлдош ўғли Ф. Алпомиш. – Тошкент: Шарқ, 1998. – 400 б.
5. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
6. Рахимов С. Ўзбек тили Сурхондарё шевалари. – Тошкент: Фан, 1985. – 96 б.
7. Шерматов А. Узбекские народные говоры Кашкардарьинской области. – Ташкент: Фан, 1978. – 145 с.
8. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. ж.т.б. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
9. Мирзаев Т., Эшонқул Ж., Фидокор С. «Алпомиш» достонининг изоҳли луғати. – Тошкент: Elmus-Press-media, 2007. – 162 б.

**Жанат РАПИШЕВА**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Алия БАЕРБЕКОВА**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
2-курс докторанты  
(Қазақстан, Қарағанды қ.)*

## КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕР ТИПОЛОГИЯСЫ

**Андатпа.** Мақалада когнитивтік лингвистикадағы концептілердің анықтамасы, типологиясы және классификациясы қарастырылады. Концептілердің ментальді құрылым ретіндегі ерекшеліктері, параметрлік және параметрлік емес түрлері, олардың мәдени және когнитивтік мазмұны талданады. Зерттеу концептология саласының когнитивтік және лингвомәдени тәсілдерін салыстырып, олардың теориялық және практикалық маңыздылығын айқындайды.

**Тірек сөздер:** Когнитивтік лингвистика, концепт, концепт типологиясы, концепт түрлері.

**Аннотация.** В статье рассматриваются определение, типология и классификация концептов в когнитивной лингвистике. Анализируются особенности концептов как ментальных структур, их параметрические и непараметрические типы, а также культурное и когнитивное содержание. Исследование сопоставляет когнитивный и лингвокультурный подходы к изучению концептов, подчеркивая их теоретическую и практическую значимость.

**Ключевые слова:** Когнитивная лингвистика, концепт, типология концептов, виды концептов.

**Abstract.** The article examines the definition, typology, and classification of concepts in cognitive linguistics. It analyzes the features of concepts as mental structures, their parametric and non-parametric types, as well as their cultural and cognitive content. The study compares cognitive and linguocultural approaches to concept analysis, highlighting their theoretical and practical significance.

**Keywords:** Cognitive linguistics, concept, typology of concepts, types of concepts.

Когнитивтік ғылым тұрғысынан концепт «есте сақтаудың, ментальді лексиконның, мидың концептуалды жүйесінің және тілінің, адам психикасында бейнеленген дүниенің бүкіл бейнесінің операциялық мағыналы бірлігі» болып табылады [1, 90].

Ғалым Е.С.Кубрякова берген бұл анықтама әлем және өзі туралы ақпараттың белгілі бір білім құрылымдары мен құндылық пайымдаулары түрінде адам санасында қалай сақталатынына және ұйымдастырылатынына бағытталған. Адам санасындағы әр түрлі типтегі бейнелер, пропозицийлер, фреймдер, скрипттер, сценарийлер тәрізді ментальді тілдік бейнелердің кірістегі сенсорлық сигналдардан ақпаратты өңдеуге назар аударылады.

*Когнитивтік концептілер* бізді қоршаған әлемді қабылдауды ұйымдастыруға және қайта құруға көмектесетін жеке ментальді құрылымдар болса, *мәдени концептілер* белгілі бір мәдениеттің қайталанбас ерекшеліктерін көрсететін жалпы ментальді құрылымдар болып табылады. Мәдениет әртүрлі формаларда көрініс табады және тіл білімі үшін тілдік сана мен коммуникативті мінез-құлық, сонымен қатар тіл мен дискурс сияқты аспектілер маңызды [2, 12].

Концептологияның күрделі мәселелерінің бірі концептілерді классификациялауға қатысты. Бұл концептілер табиғатының күрделілігіне де, ментальді мәндерді жіктеудің әртүрлі критерийлерін қолданатын лингвистердің көзқарастарының айырмашылығына да байланысты болады. Осылайша, концептілер айтылу формасына байланысты *лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік* деп бөлуге болады [3], [4]. Концептілердің қосымша мағыналарын ескере отырып, *танымдық және көркемдік концептілер* деп ажыратуға да болады [5, 268-276]. Қанша адамға бағытталғанына қарай олар тағы да *әмбебап, этникалық, топтық және индивидуалды* деп бөлінеді [6, 284-285].

Н.А.Красавский Д.С.Лихачев ұсынған концептілерді «әлеуметтік» деп атайды, өйткені ол белгілі бір идеяны, ойды немесе концептіні белгілі бір адамдар арасында таратудан тұрады. «Белгілі бір концептіні иелену әртүрлі этникалық және әлеуметтік топтардың, сондай-ақ белгілі

бір дәрежеде мәдениеттің өзіне иелік ететін тұлғалардың артықшылықтары мен құндылықтары жүйесі сияқты мәдени факторлармен анықталады. Белгілі бір адамның концептосферасы оның мәдениетті білу дәрежесіне, яғни білім деңгейіне, әдептілігіне, ақыл-ойына байланысты» [7, 55-56].

З.Д.Попова мен И.А.Стернин концептінің *өзегі* (ядро) мен *шеткі бөлігін* (периферия) ажырата отырып, концептіні өріс моделі түрінде қарастырады. «Концептінің өзегіне сенсорлы-визуалды нақтылығы бар ең прототиптік қабаттар, негізгі және ең жарқын бейнелер кіреді, ал абстрактілі белгілер концептінің шеткі бөлігін құрайды» [4, 60]. Көріп отырғанымыздай, бұл жағдайда концепт сөз мағынасының құрылымына ұқсас түрде беріледі екен. Жоғарыда аталған авторлар «концепт құрылымдық білімнің бірлігі ретінде нақты, бірақ икемді құрылымға ие: ол әртүрлі концептуалды қабаттарды құрайтын компоненттерді (концептуалды белгілерді) қамтиды» деп есептейді. Концептінің вербалдану процесінде оның концептуалды белгілері семалар түрінде пайда болады, бірақ концептуалды қабаттар кейде бұл семалармен сәйкес келуі мүмкін (бірақ бұл әрқашан бола бермейді, әдетте семаларға қарағанда концептуалды қабаттар көбірек болады) [4, 62]. Сонымен қатар, авторлар барлық концептілерді үш топқа бөліп қарастырған: *бір деңгейлі*, *көп деңгейлі* және *сегментті*. *Бір деңгейлілер* тек «сезімтал өзектен», қарапайым заттық бейнелерден (мысалы, кесе, жасыл және т.б.) тұрады. *Көп деңгейлілер* бірнеше когнитивті қабаттардан тұрады, олар көбірек дерексіз (мысалы, сауатты) болып келеді. *Сегментті* концептілерге абстракцияның бірдей дәрежедегі бірнеше сегменттерімен қоршалған негізгі сезімтал қабаттары (мысалы, толеранттылық) кіреді [4, 62]. Біздің ойымызша, бұл жіктеуді когнитивтік деп санауға болады, өйткені ол ментальді құрылымның мәдени мәнін ескермейді.

З.Д.Попова мен И.А.Стернин білім түрлерін талдауға сүйене отырып, концептінің келесі түрлерін анықтайды: *бейнелеу*, *схема*, *ұғым*, *фрейм*, *сценарий (скрипт)*, *гештальт*. *Бейнелеу* арқылы белгілі бір заттың сезім мүшелері арқылы қабылданатын бейнесі түсініледі (мысалы, үйеңкі – кең оюланған жалпақ жапырақтары бар ағаш). Схеманың бейнелеуден айырмашылығы, әлсіздеу ғана кескіні бар (мысалы, ағаш) «жалпыланған графикалық, контурлық» концептінің түрі. Ұғым деп ұтымды ой елегінен өткізу мен ұғынудың нәтижесі болып табылатын заттың немесе құбылыстың ең жалпы және маңызды белгілерінің жиынтығы болып табылатын концепт түрі ретінде қарастырылады (мысалы, шаршы – қабырғалары тең тіктөртбұрыш). *Фрейм* – оның барлық құрамдас бөліктерін біріктіретін біртұтас тұтастық ретінде қабылданатын күрделі ұғым (мысалы, «дүкен» фрейміне сату, сатып алу, тауар, баға және т.б. сияқты элементтер кіреді). *Сценарийлер (скриптер)* тура сол фреймдер, бірақ олар кеңістікте айқындала түседі (мысалы, стадионға бару). *Гештальт* – санамыздағы жеке құбылыстардың сан алуандығын жүйелейтін тұтас және күрделі ақыл-ой құрылымы. Гештальт сезімтал және рационалды компоненттерді біріктіретін, сондай-ақ бейнелейтін объектінің немесе құбылыстың динамикалық және статикалық аспектілерін біріктіретін біртұтас кескінді білдіреді [4, 72-74].

В.И.Карасиктің пікірінше, барлық концептілер *параметрлік* және *параметрлік емес* ментальді құрылымдарға бөлінеді [8]. Бірінші топқа кеңістік, уақыт, сапа, сан және т.б. сияқты объектілердің нақты қасиеттерін салыстыру үшін классификациялық категориялар қызметін атқаратын концептілер кіреді. *Параметрлік* ментальді құрылымдар бүкіл адамзатқа тән әмбебап сипатқа ие. Олардың құндылық құрамдас бөлігі өзіне тән емес, сырттан қалыптасады. Перцептивті-бейнелік компонент прототиптік нақтылау ретінде қабылданады. Сонымен қатар, олардың ұғымдық құрамдас бөлігі көрінбейтін құбылыстар туралы күрделі және тармақталған білімді білдіреді. Параметрлік концептілерде ішкі бағалау жоқ.

Концептіні қоғамның жеке мәні мен мәдени аспектілерін ғана емес, сонымен қатар білім мен тәжірибенің әртүрлі салаларын біріктіретін орталық түйін ретінде түсіну жоғарыда аталған параметрлік және параметрлік емес концептілерді бір жүйеге қосуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда параметрлік концептілердің біртекті емес екенін мойындау қажет деп ойлаймыз. Олардың ішінде категориялар (жалпы философиялық және ғылыми) және күнделікті әмбебап ментальді құрылымдар ерекшеленеді. Бұл аталған концептілердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін тек олардың белгілі бір мәдениетте нақты қолданылу контекстінде ғана түсінуге болады. Концептілердің категориялық статусының негізгі сипаттамаларының бірі олардың антиномиялық сипаты болып табылады: өмір – өлім, жақсылық – жамандық және т.б.



В.И.Карасиктің концептілерді бөлген ізімен, *параметрлік емес* концептілерді *регулятивті* және *регулятивті емес* деп әрі қарай бөлуге болады. *Регулятивті концептілерге* мазмұнында құндылық құрамдас бөлігі басым болатын ментальді құрылымдар жатады (мысалы, «бақыт», «парыз», «жомарттық» және т.б.). *Регулятивті емес концептілерге* әртүрлі сипаттағы синкретті ментальді құрылымдар («саяхат», «денсаулық» т.б.) жатады. Регулятивті концептілер белгілі бір қоғамға тән мінез-құлық нормаларын қамтиды. Дәл осы концептілер түрі мәдениеттің доминантарымен тікелей байланысты [9], [10], [11], [12], [13], [14]. Параметрлік концептілер мәдени доминанттармен жанама түрде байланысты [15].

Е.В.Бабаева құндылық компоненті туралы емес, құндылықтарды және мінез-құлық нормаларын қамтитын аксиологиялық компонент туралы айту дұрысырақ деп санайды [16]. Бұл көзқараспен келісе аламыз, себебі ол ментальді құрылымдардың құндылық мазмұнын түсінуге қайшы келмейді, керісінше толықтырады. Шоғырландырылған түрдегі регулятивті концептілер белгілі бір қауымдастықтың бағалау кодын қамтиды. Олар қалмақ мәдениетіндегі ойлау және белсенді әрекетке ұмтылу және ағылшын тілінде сөйлейтін әлемде құқықтың басымдығы сияқты мінез-құлықтың мәдени ерекшеліктерін ашады. В.И. Карасиктің пікірінше, регулятивті концептілер белгілі бір халықтың ментальді ерекшеліктерін анықтау үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Регулятивті және регулятивті емес концептілер әрі қарай бұл концептілер мінез-құлық үшін негізгі бағдар ретінде қызмет ететін тілдік тұлғалар шеңберінің кеңдік дәрежесіне қарай түрлерге бөлінеді. *Әмбебап (жалпы адамзаттық), этноспецификалық, әлеуметтік-спецификалық және жеке тұлғалық концептілер* регулятивтіге жатады. В.И.Карасик бұл түрлер арасында нақты шекара жоқ деп есептейді. Әмбебап регулятивті концептілерге мысал ретінде «ақиқат», «мейірімділік», «сұлулық», этноспецификалық ұғымдарға «жан», «тағдыр», «сағыныш» жатады [17]. Әлеуметтік-спецификалық концептілерге «зиялылық», жеке тұлғалыққа көбінесе көркем және филологиялық мәтіндерде берілетін концептілер жатады. Олардың берілу қабілетіне, яғни бір адамнан екінші адамға, сондай-ақ әр түрлі мәдениеттер арасындағы байланыс процесінде концептінің ауысу мүмкіндігіне негізделген концептілер типологиясы белсенді және пассивті түрде берілетін, сондай-ақ аударылатын және аударылмайтын формаларды қамтиды. Белсенді трансляцияланған концептілерге біздің өмірімізді сезінбейтін түрде анықтайтын көзқарастар мен мінез-құлық реакцияларының жүйесіне негізделген *архетиптік концептілер* жатады.

Регулятивті емес концептілер тобы алуан түрлі болып келеді. Лингвистикалық әдебиеттерде ұсынылып отырған осы типке жататын ментальді бірліктердің жіктелуі лингвистикалық (жартылай сипатта) және когнитивтік-психологиялық критерийлерге негізделген [3], [17].

Қорытындылай келе, концептілер тілдік құралдарда өз көрінісін табатын ұжымдық санадағы көп өлшемді психикалық құрылымдар деп айта аламыз. Қазіргі тіл білімінде концептілерді күрделі ментальді түзілімдер ретінде зерттеудің екі негізгі тәсілі болды. А.П.Бабушкин, Е.С.Кубрякова, Д.С.Лихачев, З.Д.Попова, И.А.Стернин және басқа да ғалымдар бөліскен когнитивтік әдіс концептінің қалыптасуын, адам жадында тәжірибені сақтау жолдарын, сана бірліктерінің ассоциативті сипаттамаларын зерттеуді қамтиды. Ю.С.Степанов, А.Вежицкая, С.Г.Воркачев, В.И.Карасик, В.П.Нерознак, С.Х.Ляпиндер ұсынған лингвомәдени көзқарас концептіні қазірдің өзінде қалыптасқан ментальді құрылым ретінде, тұтас концептосфера элементі, әлем бейнесінің фрагменті ретінде зерттеуді қамтиды. Біз өз зерттеуімізде концептілерді талдауда лингвомәдени көзқарасты ұстануға тырыстық.

## Әдебиет

1. Кубрякова, Е.С. Концепт / Е.С.Кубрякова, В.З.Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г.Лузина // Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1996. – С.90-93.]
2. Красных, В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология: Курс лекций. / В.В.Красных. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2002. – 284 с.
3. Бабушкин, А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка / А.П. Бабушкин. – Воронеж, 1996. – 104 с.
4. Попова, З.Д. Очерки по когнитивной лингвистике. / З.Д. Попова, И.А. Стернин. – Воронеж, 2001. – 192 с.

5. Аскольдов, С.А. Концепт и слово / С.А.Аскольдов // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Academia, 1997 – С. 267-279.
6. Лихачев, Д.С. Концептосфера русского языка / Д.С. Лихачев // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М., 1997. – С.280-287.
7. Красавский, Н.А. Эмоциональные концепты в немецкой и русской лингвокультурах: Монография. / Н.А.Красавский. – Волгоград: Перемена, 2001. – 495 с.
8. Карасик, В.И. Определение и типология концептов / В.И.Карасик // Этнокультурная концептология. Вып. 1. – Элиста, 2006. – С.14-21.]
9. Карасик, В.И. Культурные доминанты в языке / В.И.Карасик // Языковая личность: культурные концепты. – Волгоград, 1996. – С.3-15.
10. Слышкин, Г.Г. Концепт чести в американской и русской культурах (на материале толковых словарей) / Г.Г.Слышкин // Языковая личность: культурные концепты: Сб. науч.тр. – Волгоград-Архангельск, 1996. – С.54-60
11. Прохвачева, О.Г. Лингвокультурный концепт «приватность» (на материале американского варианта английского языка): Автореф. дис...канд. филолог. наук. / О.Г.Прохвачева. – Волгоград, 2000. – 24 с.
12. Палашевская, И.В. Концепт «закон» в английской и русской лингвокультурах: Дисс...канд. филол. наук: 10.02.20. / И.В. Палашевская. – Волгоград, 2001. – 196 с.
13. Воркачев, С.Г. Концепт счастья в русском языковом сознании: опыт лингвокультурологического анализа: Монография / С.Г.Воркачев – Краснодар, 2002. – 142 с.
14. Зубкова, Я.В. Концепт «пунктуальность» в немецкой и русской лингвокультурах: Дисс...канд.филолог. наук: 10.02.20. / Я.В.Зубкова – Волгоград, 2003. – 190 с.
15. Крючкова, Н.В. Концепты возраста (на материале русского и французского языков): Автореф. дис...канд. филол. наук. / Н.В. Крючкова – Саратов, 2003. – 23 с.
16. Бабаева, Е.В. Концептологические характеристики социальных норм в немецкой и русской лингвокультурах / Е.В.Бабаева. – Волгоград: Перемена, 2003. –171 с.
17. Вежбицкая, А. Язык. Культура. Познание. / А.Вежбицкая. – М.: Русские словари, 1996. – 416 с.
18. Алефиренко, Н.Ф. Проблемы вербализации концепта: Теоретическое исследование / Н.Ф. Алефиренко. – Волгоград: Перемена, 2003. – 248 с.

*Нұрсәуле Рсалиева*  
*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*  
*филология ғылымдарының кандидаты*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ҚАЗАҚТЫҢ КЕЙ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ИСЛАМИ ДҮНИЕТАНЫМҒА КЕРАҒАР СИПАТЫ**

**Андатпа.** Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, әдеп-тәртібі бар. Бұл рухани құндылықтар қасиетті Құранда, хадистерте және халық даналығы саналатын мақал-мәтелдерде көрініс табады. Дегенмен, уақыт өте келе мақал-мәтелдердің бұрмалануына тарихи кезеңдердің, әсіресе отаршылдық дәуір мен кеңестік идеологияның ықпалы үлкен болды. Оның салдары халық даналығының тұнығына сызат түсіріп, мақал-мәтелдердің құрамына ұлт болмысына жат, дінімізге қарсы, тәрбиелік мәні кері сөздердің еніп кетуіне мүмкіндік берді. Кезінде хадистер жинағының да «Пайғамбар айтты» деп дініміздің дұшпандары таратқан жалған хадистерден тазартылғаны тәрізді қазақ халқының да даналығы бұрмалаушылық атаулыдан тазартылуы тиіс. Мақалада автор қандай мақал-мәтелдердің халық даналығы кітаптарынан алынып тасталуы керек екенін айтады.

**Тірек сөздер:** мақал-мәтел, Құран, хадис, рухани құндылық, кеңестік идеология, бұрмалаушылық, халық даналығы.

**Аннотация.** Казахский народ обладает обычаями и нормами поведения, которые формировались на протяжении веков. Эти духовные ценности отражены в священном Коране, хадисах и пословицах, считающихся народной мудростью. Однако с течением времени на искажение пословиц оказали значительное влияние исторические периоды, особенно колониальная эпоха и советская идеология. В результате этого пострадала чистота народной мудрости, а в состав пословиц проникли выражения,

чуждые национальной идентичности, противоречащие нашей вере и обладающие отрицательной воспитательной ценностью. Так же, как когда-то сборники хадисов были очищены от ложных хадисов, распространявшихся врагами нашей веры под видом «Пророк сказал», мудрость казахского народа также должна быть очищена от всех искажений. В статье автор рассматривает, какие пословицы должны быть исключены из сборников народной мудрости.

**Ключевые слова:** пословица, Коран, хадис, духовные ценности, советская идеология, искажение, народная мудрость.

**Abstract.** The Kazakh people have customs and moral principles that have developed over centuries. These spiritual values are reflected in the Holy Quran, hadiths, and proverbs, which are considered the wisdom of the people. However, over time, the distortion of proverbs was significantly influenced by historical periods, especially the colonial era and Soviet ideology. This impact disrupted the purity of folk wisdom, allowing sayings alien to the national identity, contrary to our faith, and with negative educational value to infiltrate proverbs. Just as collections of hadiths were once purified of false narratives spread by the enemies of our faith under the guise of «The Prophet said,» the wisdom of the Kazakh people must also be cleansed of all distortions. In the research paper, the author discusses which proverbs should be removed from the collection of folk wisdom.

**Keywords:** proverbs, the Quran, hadith, spiritual values, Soviet ideology, distortion, folk wisdom.

Қай халықтың болмасын, өзіндік өмір сүру әдеп-тәртібі бар, ол тәртіп елдің тек Конституциясы мен өзге де заңдарында жазылмайды. Ешбір заңды білмейтін адамның да жолынан адаспай, тәртіп бұзбай түп-түзу жүріп тұра алу мүмкіндігі бар. Мұндай «сүрлеуді» елдің діні мен даналығы салады.

Әлімсақтан (әлмисақтан) мұсылман қазақ халқының да күнделікті өмір сүруінің әдеп-тәртібі бар. Ол, ең алдымен, қасиетті Құранда, екіншіден, Пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.у.) қалған хадистерде, үшіншіден, халық даналығында жазылған. Халық даналығын мұндай жоғары орынға қоятын себебіміз – оны құрайтын мақал-мәтелдер мен нақылдардың өзі де мұсылмандықтың қағидаларынан бастау алатынында. Сондықтан қиналғанда да, қуанғанда да халық осы үш нәрседен көмек сұрайды, кез келген жағдайда жанына керегін табады. «Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа бой ұсыныңдар және Елшіге бой ұсыныңдар. Егер бірнәрседен талассаңдар, оны Аллаһқа және Елшіге жүгінтіңдер» (Ниса сүресі, 59-аят) делінеді қасиетті Құранымызда.

Жарағушы Иемізден Мұхаммедке (с.а.у.) Жебірейіл (ғ.с.) арқылы жеткен қасиетті Құранның бір сөзі де өзгермеген деп сенеміз. Ал өз заманында дінімізге, Алланың елшісіне қастық қылғандар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) атынан өз айла-амалдарын «хадис» деп таратқан болатын, оны Мұхаммед (с.а.у.) сезіп, кім көрінгеннің хадис деп өз ойларын таратуына тыйым салып, «Кімде-кім менің атымнан мен айтпағанды айтса, өзіне тозақтан орын дайындай берсін» [1, 50] деген. Шын хадис пен жалған хадисті бір-бірінен ажырату жолдарын да көрсетіп, «хадис ең ақылға сыйымды қағидалар жинағы, егер ақылға сыймаса, тыңдаушыларын иландырмаса, ол шын хадис емес» деп түсіндірді [2, 3]. Содан хадистерді зерттеу ғылымы пайда болып, Алланың елшісінің тек сенімді сахабаларынан жеткен «хадистер» ғана іріктеліп алынған. Ол үшін ғұламалар үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізген. Сенімді деп тану үшін де хадистерді жеткізуші сахабалардың, яғни иснадтардың әрқайсысының өмірі тереңінен зерттелген. Нәтижесінде бүгінгі күні бізге түрлі бұрмалаушылықтан тазартылып алынған әл-Бұхари «Сахих» хадистері топтамасы жеткен. «Сахих» деген сөз араб тілінде «дұрыс» деген мағынаны білдіреді.

Қасиетті Құранның Нәжм сүресінің 2-аятында: «Ол (Пайғамбар) өз ойынан сөйлемейді» – делінеді. Демек, Аллаһтың дінін жеткізу барысында Пайғамбардың (с.а.у.) барлық сөздері мен іс-әрекеттері оның нәпсі, қалауынан туындамай, жоғарыдан басқарылған [1, 4]. Сондай-ақ «Елші неден тыйса, содан тыйылыңдар» (Хашр сүресі, 7-аят), «Кім пайғамбарға бағынса, расында, Аллаһқа бағынған болады» (Ниса сүресі, 80-аят), «Расында сендер үшін Аллаһтың елшісінде көркем өнегелер бар» (Ахзап сүресі, 21-аят) деп келетін т.б. көптеген аяттар бар.

Сонымен, Аллаға шүкір, Құранның сөзі өзгермеген екен, хадистер тазартылған екен. Ал «Біздің халқымыздың даналығы қандай күйде тұр?», «Оның да қандай да бір бұрмалау-

шылықтардан зардап шегіп, бұралқы сөзге айналып кеткен тұстары жоқ па?» деген тәрізді сұрақтар төңірегінде біз ойланып көрдік пе? Бұл сұраққа жауап беру үшін, алдымен, «мақал-мәтелдің атқаратын функциясы не?» деген сұраққа жауап іздейік. Мақал-мәтелдің атқаратын қызметін М.Әлімбаевтың *«Қайық білмегенін кемемен сұрайды, халық білмегенін көнеден сұрайды»* [3, 122] деген нақыл сөзінен таба алатын тәріздіміз. Нақтылай айтсақ, мақал-мәтел – халықтың өмірлік тәжірибесінен алынған ақыл-кеңес, даналық. Тіл – белгілі бір ұлттың басты сипаты болғандықтан, сол тілдегі мақал-мәтел де ұлттың рухани қазынасы болып саналады. Мұндай қазынаның кереметтігі соншалық, халық даналығы ұлт сандығынан табылып жатқан асыл тастар іспетті ұлт өкілі саналатын әрбір тұлғаның санасында «бұл сөзді менің халқым айтқан» деген мақтаныш сезім ұялатуы тиіс. Сонда басқа халықтар да мынадай халықта мынадай сөз бар екен деп, өз тілдеріне аударып алып қажетіне жаратып жатады. Демек, мақал-мәтел адамзаттың ортақ қазынасы іспетті, бір халықтың даналығы басқа бір халыққа өнеге боларлық жағарғы деңгейде құралып жатады. Оның *даналық* деп аталуы да сол себептен. Мысалы, қытайлар айтады екен: *«Екі жақсы адам бар, біреуі өліп кеткен, біреуі дүниеге енді келеді»* деп (ағыл.т.-нен аударып отырмыз – Н.Р.), ағылшындар айтады: *«Атты жетектеп суға апара аласың, бірақ мәжбүрлеп ишкізе алмайсың»* деп. Қазақтың да әлемді аузына қарататын даналығы баршылық, *«Дау шешеннен қорқады, шешен мылжыңнан қорқады», «Бақаны таққа отырғызсаң да батпақтағы әдетін қоймайды», «Аспаннан киіз жауса да сорлы ұлтараққа жарымас», «Сіңбейтін жерге су құйма», «Шыбынға шоқпар көтермес болар», «Үлкен пышақ ұялғаннан өтеді», т.б.*

Жыр алыбы Жамбыл бабамыздың *«Жақсы сөзді ел жаттар, ел жаттар сөзде салмақ бар»* деген сөзінен де кез келген ел жаттайтын сөздің жауапкершілік арқалайтынын ұғамыз. Демек, мақал-мәтел – білмегенді сұрауға, қиналғанда да, қуанғанда да, кез келген кеңес керек болған жағдайда сүйенетін ақылшымыз, кеңесшіміз екеніне дау жоқ.

Кезінде Абай өзінің *«Жиырма тоғызыншы сөзінде»* *«Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтуғыны да бар»* деп, *«Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті»* деген мақал-мәтелдердің тас-талқанын шығарып сынаған еді. Осы қарасөзінде сыналған бес мақалдың соңғысы қазір белсенді қолданыста болмаса да, алдыңғы төртеуін халық әлі аузынан тастамай келе жатыр. *«Қалауын тапса, қар жанады»* мен *«Атың шықпаса, жер өрте»* ауыспалы мағынасындағы қолданыста аса қауіпті болмаса да, *«Жарлы болсаң, арлы болма», «Алтын көрсе періште жолдан таяды»* деген мақал саналып жүрген сөздер шын мәнінде қажетсіз, тәлімі кері, жолдан адастыратын қауіпті сөздер. Дегенмен, *«Жарлы болсаң, арлы болма»* дегенді бірқатар жинақтар (мыс, [4, 172] [5, 111], [8, 61], [12, 133].) *«Жарлы болсаң да, арлы бол»* деген түзетілген нұсқамен алмастырды да, кей әдебиет көздері (мыс, [6, 317], [11, 320]) әлі өзгертістен беріп отыр. Ауыздан тасталу үшін бұлар алдымен көзден тасаланып, мақал-мәтелдердің жинақтарына енгізілмей қалу керек болатын. Қазақ даналығының бір үлгісін көрсете білген М. Әлімбаев *«Абайға тоқтамайтын қазақ Құдайға да тоқтамас»* [3, 135] дегенді айтыпты, бұған қоса, қазіргі уақытта халық арасында *«Абайға тоқтамайтын қазақ жоқ»* деген сөз де қалыптасып үлгерді. Бірақ, қалыптасқанмен, әлі негізінен сөз жүзінде, ол іс жүзінде қалыптасқан жағдайда бүгінгі күні қазақ ұлты біртұтас «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» екенін, «Оны және Оның хикметін сүйегіндігін» парыз болған амалдарын бір кісідей орындаумен көрсетіп отырған болар еді. Десек те, салыстырмалы түрде қарағанда өткенгіден бүгін жақсы болғандықтан, бүгінгіден ертең жақсы болатынына сенім бар. *«Әуелі аят, хадис – сөздің басы», «Алла мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, Мұмин болсаң үйреніп сен де ұқсат бақ...»* деген жүрекжарды Абай тағылымы «жүректен кіріп бойды алмай қоймайды».

Сол Абайдан бастап «соңынан өлмейтұғын сөз қалдырған» қазақтың қай данасын алып қарасаңыз да, бірде-бірі Хақ Тағаланы айналып өтпеген. Ғылым іздеуді мұсылманның парызы деген қағиданы ұстанған Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білігін» түгелімен дерлік бір Алланы танып, Оның елшісіне мойынсұнуға арнаған деуге болады. Бұқар жыраудың тілегіне құлақ салсаңыз, *«Бірінші тілек тілеңіз – Бір Аллаға жазбазқа, ... Бесінші тілек тілеңіз – Бес уақытта бес намаз біреуі қаса қалмасқа»* дейді.

Бесігінде уызына жарыған, өз тегіне адал болып өскен ұрпақ ненің дұрыс, ненің бұрыс

екенін айырса керек. Қазақ ұғымында қалыптасқан тектілік деген ұғымды да қазір әркім әрқалай түсінуі мүмкін. Біздің ойымызша, жоғарыдағы аталып өткен «Құран-хадис-даналығымызға» негізделген өмір сүрудің әдеп-тәртібі екі дүниеде де абыройлы болуды қамтамасыз ететін, нағыз тектіліктің кепілі іспетті. Текті ел осы әдеп-тәртіптен жаңылмаса керек. Олай болмаған жағдайда ел, ондағы үлкен де, кіші де дұрыс жол (хидаят) мен адасушылықты (далалат) айыра алмай, азуы мүмкін. Елдің азуы, азған ел деген жәй сөз емес. «Жастар қайда барады?»-ны былай қойғанда, қазақ тіліндегі ең керемет «әже» деген тәтті сөзге шамданған қарттық жасына жеткен әйел кісілер, әлі жаспын дейтін беймаза қариялар, көзі бәрін көріп, бір Алланы көрмейтін, мың кітап оқып, бір Құранды ашпайтын ғалымдар сондай зұлматтың белгілерінен тәрізді көрінеді.

Ғалымдықтың үлгісін көрсеткен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы да өзінің араб әліпбиімен жасаған әліпбиін сақтап қалғысы келгенде, «араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді» деп [20, 28], «Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деген құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу діні жоғалмай, жоғалмайды» деп [20, 59], дінімізді, Жаратушыға деген қазақ баласының сенімінің кәмілдігін алға тартты.

Сондықтан өзіміз де, ұрпағымыз да көзі ашық, көкірегі ояу, текті ел боламыз, тәуелсіз елміз, түзелеміз десек, ең алдымен, сол тізелуді сөзімізді түзетуден бастауымыз керек. Халқымызды тура жолынан тайдыруды нұсқаған, тегіне, түп-тамырына тартпаған, керісінше, оған балта шабу үшін құралған, даналығымыздың тұнығын лайлап, дініміздің еңсесін түсіріп, мұсылмандығымызға күмән келтіріп тұрған бірқатар бұралқы сөздерден арылуға асығуымыз қажет деп ойлаймыз. Олардың бірқатары мыналар:

1. Адай қазақ қорықса, «Бекет!» дейді, Бекет те айтқаныңды екі етпейді [6,167].
2. Адал деген молланың қойнынан алты доңыз шығады [10, 36].
3. Адамның қуы молда болар, жылқының қуы жорға болар [6, 172].
4. Азансыз молда болса да, қазансыз қатын болмайды [6, 177].
5. Ақ сәлделі қожадан ақ жаулықты қатын артық [4, 134], [12, 62], [18, 29].
6. Ақша молланы намазынан қалдырады [10, 38].
7. Ала шапанды молда да бір, ала қанатты сауысқан да бір, екеуі де арам ниет: жығылғанның қасында, өлгеннің басында [7, 305], [10, 43], [12, 63], [18, 30].
8. Алла кешірет, аруақ кешірмес [10, 40].
9. Алланың өзінен аты абыройлы [10, 35].
10. Аллаңнан ойбайым жақсы /тыныш [4, 133], [5, 169], [7, 45], [8, 45], [10, 34].
11. Алтын көріп періште жолдан тайыпты [4, 134] / Алтын көрсе періште жолдан таяды [6,191], [10, 39].
12. Арыстан баба түне, Қожа Ахметтен / Өзірет сұлтаннан тіле [10, 36], [18, 25].
13. Ас ішсең атауыңды іш, ауырсаң мұрттай ұш [4, 150], [6, 202] (мақал емес, қарғыс).
14. Ата-анадан жар жақын, туысқаннан мал жақын [4, 62].
15. Аюға намаз/бас үйреткен таяқ, молдаға намаз үйреткен тамақ [4, 135], [10, 35], [11, 327], [12, 62], [18, 29].
16. Әкімменен араз болсаң, күнің жаман, молдаменен араз болсаң, дінің жаман [8,118].
17. Әлі жетпеген/келмеген ақыретшіл/Аллашыл [4, 171], [8, 134], [10, 37].
18. Әуелі қазы болды, соңынан қажы болды, ақырында алаяқтың өзі болды [10, 8], [11, 327].
19. Әулие де қасындағысын қолдайды [4, 133], [10, 34] / Әулие қасындағысын қолтықтайды [8, 45].
20. Басы аман, малы түгелдің, Құдаймен ісі жоқ [10, 34]. [18, 18].
21. Басы ауырмағанның Құдайменен ісі жоқ [6, 242], [10, 38].
22. Басы ауырып, балтыры сыздамағанның Тәңіріменен ісі жоқ [18, 20].
23. Дін қараңғы ін [9], [12, 63].
24. Екі молда/молла – бір кісі, бір молда/молла – жарты кісі [8, 46], [10, 35], [12, 63], [18, 28].
25. Екі тау қосылды десе нан, екі бұз ық түзелді десе нанба [8, 120].



26. Ескі мешітте есек азаншы [6, 293].
27. Ескі мешітке көкек азаншы, есі кеткен ауылға есек азаншы [18, 23].
28. Жаман сопы тобашыл, жаман адам табашыл [4, 134], [6, 304], [10, 43], [18, 29].
29. Жаны күйген/кейіген Құдайын/Тәңірін/Тәңірісін қарғайды [6, 304], [10, 37], [12, 62], [18, 20].
30. Жарлы болсаң, арлы болма [6, 317].
31. Жарлы болсаң, арлы болма, қарап жүріп сорлы болма [11, 320].
32. Жарымды алған құдайдың келіні мендей жыласын [10, 43], [12, 63].
33. Жегенін білмейтін – шұнай, жұтқанын білмейтін – құмай, алғанын білмейтін – Құдай [10, 39].
34. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең, мұсылман дінінен шығады [6, 339].
35. Жүрік атқа мінген Құдайын ұмытар [18, 21].
36. Кедейшілік есіктен кірсе, иман терезеден шыға қашады [10, 37].
37. Көкте Құдайдың әлі келмейді, жерде құмайдың әлі келмейді [10, 40].
38. Күштіде тәңірі /Тәңірі жоқ [4, 133], [8, 44], [12, 62], [18, 19].
39. Қалтаң құр болса, молда саңырау [18, 30].
40. Қарға көргенін шокиды, молда білгенін оқиды [12, 62] / Молла білгенін оқиды, қарға көргенін шокиды [4, 134], [10, 43].
41. Қарғыстан кісі өлмейді [4, 45], [8, 45].
42. Қарғыстан өлген кісінің моласын көргенім жоқ [10, 34].
43. Қожа, молда елді аздырар/аздырады, курай, құмай жерді аздырар/аздырады [7, 304], [18, 28].
44. Қожаның көңілі құртқа шабады, көжесінің қатығы жоқ [18, 29].
45. Қорыққан молда мешіттен ұзамайды [18, 28].
46. Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас [10, 41].
47. Құдай емес, Құдайдан былай да емес [10, 39].
48. Құдай көгін билесін, жеріме менің тимесін [4, 133], [12, 63].
49. Құдай қарғысынан халық қарғысы қаһарлы [12, 63].
50. Құдайға жазсаң жаз, көпке жазба [12, 63].
51. Құдайға сенемін деп жолыңнан қалма [18, 18].
52. Құдайға қолым жетсе, Пайғамбарыңды ұрғаным бар ма? [10, 35]
53. Құдайдан қолың босаса, ауылыңа қарай тайранда [10, 39].
54. Құдайдың өзіне дұға үйреткендей [18, 29].
55. Құлқуалламен қойды құртты, ассалаумен асты құртты, енді жан-жағын қармауды шығарды [10, 43].
56. Құнарлы жерде бұқа семіреді, Құранды жерде молда семіреді [18, 29].
57. Май – әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие [4, 134], [9], [10, 42], [12, 63].
58. Мен Алланың ала танасын ұрлаппын ба? [10, 43]
59. Молда ашықша, базар кезеді, сопы жұтаса мазар кезеді [18, 30].
60. Молда/молла өзін бір алдайды, өзгені екі алдайды [7, 305], [10, 35], [11, 327], [12, 62], [18, 30].
61. Молдадан хат қалады, жақсыдан зат қалады [18, 29].
62. Молдаларға/Моллаларға мал қайғы, момындарға жан қайғы [7, 306], [10, 43], [12, 62].
63. Молданың сәлдесі ақ болғанмен, ниеті қара [7, 304], [12, 63], [18, 30].
64. Молданың істегенін істеме, айтқанын істе / Молданың қылғанын қылма, айтқанын қыл [18, 30].
65. Молла арбап алады, саудагер алдап кетеді [10, 8].
66. Молланың қарны бесеу, оның біреуі әрдайым бос тұрады [10, 38].
67. Мың күн/гі жұмақтан, бір күн/гі тірлік артық [4, 45], [10, 34] / Мың ұжмақтан – бір күн тірлік [12, 59].
68. Надан молда намазқой [9], [12, 62], [18, 29].
69. Надан молла пеш қадам [10, 43].
70. Ораза-намаз тоқтықта, аштық ұрған молланың сәлдесі қалар боқтықта [10, 42].

71. Ораза-намаз тоқтықта, құйрығын қысар жоқтықта [11, 327].
72. Ораза-намаз тоқтықта, иман кетер жоқтықта. Қарны ашқан молданың сәлдесі қалар боқтықта [18, 23].
73. Осы құдай қайда? Молланың көңілі майда [10, 43].
74. Өзің құдай болмаған соң, көрген күнің құрысын [10, 39].
75. Өлейін деп өліп бара жатқаным жоқ, молдадан ұялғаннан өліп бара жатырмын. [18, 30].
76. Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді [18, 29].
77. Пайғамбардың қасында шадияр кісі ме? [19]
78. Періштенің де бес міні бар [19]
79. Сауатсыз молданың сәлдесі үлкен [6, 306], [10, 43], [12, 63], [18, 30].
80. Сен Құдайға жеткенше, мен үйге жетем [4, 45], [8, 45] / Сен Құдайыңа жеткенше, мен ауылға жетермін [10, 36], [12, 63], [18, 17]
81. Соқыр молла, білгенін шатып-бұтып оқыр молла [10, 43].
82. Сопы сұмнан шығады [4, 134], [7, 306], [12, 63], [18, 30].
83. Сопы үгітшіл келеді, молда үмітшіл келеді [18, 30].
84. Сорлының тамағын дүмшенің «Біссімилласы» тауысады [18, 31].
85. Сұм қартайса сопы болады [10, 8], [11, 327].
86. Сыйынғаныңнан сүйенгенің күшті болсын [4, 26], [5, 140], [6, 471], [8, 67]
87. Тай жаманы – жорға, адам жаманы – молда [7, 306].
88. Тана пайда бермесе, Тәңірі пайда бермейді [4, 90], [12, 63].
89. Танысаң – адаймын, танымасаң – Құдаймын [ел аузынан].
90. Тау тауға қосылады десе нан, адам пиғылын оңартты десе нанба [8, 158].
91. Тентек молда/молла – телмірген өгіз [8, 46], [10, 35], [18, 31].
92. Ұра берсең, Құдай да өледі [4, 133], [10, 39], [12, 17].
93. Мүләйімсіген молдадан қаш, ала шұбар жыланнан қаш [18, 30].
94. Хамза бар, не қам бар? [18, 25].
95. Шешемнің өлетінін білсем, бір қап кебекке сатып жіберетін едім ғой [6, 541].

Бұл қатарды әлі де тақырыпқа қатысты барлық әдебиет көзінен тіркелген «мақал-мәтелдердің» толық тізімі деуге болмайды, бұлардың бас-аяғын түгелдеп, көз көрмес, құлақ естімеске жоқ етуіміз керек. Себебі, бұлардың бірде-біреуінде даналық жоқ, кейбірі, мәселен, 93-ретпен тіркеліп тұрған «Ұра берсең, Құдай да өледі» деген сөз – ақыл-есі орнында емес адамның сөзі, ал соңғы (95) «Шешемнің өлетінін білсем, бір қап кебекке сатып жіберетін едім ғой» деген сөз – даналыққа бастамақ түгілі, кісі шошырлық, мұсылман тұрмақ кәпірдің жаны түршігетін нәрсе. Сөз жоқ, мынадай бұралқы сөздің бәрі халықты түп-негізінен адастыру үшін жұмсалады, онсыз да тура жолын таба алмай жүргендер болса, соларға «сыныққа сылтау» болу қызметін атқарады. Бұл тұрғыдан бұлар өз функцияларын бұлжытпай орындап та келеді. Бірақ Алла Тағала сенім артқан ақыл иелері мен ғылым берілгендерге соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұрған анық нәрсе бар, бұл – мынадай сөздерді мақал етіп халықтың даналығына балау былай тұрсын, бір рет ауызға алудың өзі – үлкен күнә. Алла Тағаланы танымаған кісі, оған серік қосу дегеннің не екенін, молданың, басқаның кім екенін қайдан білсін? «Адам аласы ішінде» дегендей, мүмкін өз кезінде «молда» атын нәпақа табу үшін ғана жамылған аз-кем мысалдар кездескен болса, бұл жаппай солай болды және болып жағыр деген сөз емес, тұтас қаралау сөзінің салмағы өте ауыр. «*Кімде-кім діндар адамның күнәсін жасырса, бұл өліп қалған сәбиді тірілткеннен жақсырақ*» [2, 72] деп келетін және «*Алланың қатты қаһарына жолығатын жан – арам пиғылды ғұлама дін иесі*» деп келетін, олардың қандайына болмасын, ниетіне қарай пенде ретінде кешіріммен де қарауға болатынын және жазаның ең ауыры күтіп алатынын да ескертетін хадистер бар екен [2, 73].

Келтірілген әрбір «мақалдың» мәнін жеке-дара ашып, мұндайды айту не себепті күнә болатынын түсіндіруге де болады, бірақ қазіргі көпшілікте діни сауат бар, көп адамдар бұларды естісе, не көрсе, «астағфирулла» деп жатады. Сол себепті әрбіріне жеке түсіндірменің артық болуы да мүмкін, ал анығын білгісі келген кісі нені болмасын анықтайды.

«Халық айтса қал айтпайды» деп, «бұл халықтың сөзі» деп табан тіресетіндер де табылатын болар. Қалай болғанда да, бұлар заманы кеткен, тозығы жеткен мақал-мәтелдер болып (бұларды мақал-мәтел деп атаудың өзі де қиын екен), қолданыстан шығуға тиіс. «Мақалдың

азығы бар, тозығы бар, білместікпен айтылған сөзден сақ болайық» [13, 344] деген Абай «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайгамбарымызды түйенің жемітігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» дейді отыз жетінші сөзінде. Ендеше, жөн білмегенді жөнге салудың ебін іздейік. «Қазанға түскен қапқа түспес» дегендей, хатқа түскеннің де қайтымы қаншалықты қиын екенін білеміз, соған қарамастан ендігі жерде мұндай бұралқы сөздерден арылуға күш жұмылдыруымыз керек. Бұлар бұған дейін көп таралып кеткендіктен, тіпті ендігі шығатын мақал-мәтелдердің жинақтарында мынадай мақал-мәтелдерді қолдануға (мәселен, мүфтият, не министрлік тарапынан) тыйым салынады деп, оларды тізіп көрсету де қажет болар деп ойлаймыз. Ал кітапханаларда қолданыста жүрген жинақтардың ішіне «Қосымша» енгізіп қоюға болады.

Қазақтың мақал-мәтелдерінің арасына мұндай келеңсіз көріністің еніп кетуіне мынадай себептер болуы мүмкін:

**1-себеп.** Кеңес дәуіріне дейінгі жалпақ даланың мұсылманшылықты біртегіс ұстанбауы;

**2-себеп.** Кеңестік дәуірдің ұзақ уақыт бойы атеизмді насихаттаған саясатының әсері;

**3-себеп.** (Бірінші және екінші себепке орай) Мақал-мәтелдерді жинақтап, құрастырушы ғалымдарымыздың көпшілігінің шарифи сауатының жетіспеуі;

**4-себеп.** Қазақ қазақ болғалы, яғни әлімсақтан (әлмиссақтан) мұсылман саналатын қазаққа діні бөлек дұшпандарының жасап келе жатқан және күні бүгінге дейін созылып жатқан қаскөйлік (миссионерлік) қарекеттерінің нәтижесі;

**5-себеп.** Тәуелсіздіктің өткінші кезеңінде қалтаның ғана қамын ойлау мақсатымен мақал-мәтел деген кітаптардың ішін не болса солмен толтыру керек болған немқұрайлықты да себептер қатарына қоспаққа лаж жоқ.

**Бірінші себепке түсіндірме.** Бұл қай елге болмасын тән құбылыс, халқының басым көпшілігі ұстанатын дінді бәрі біртегіс 100 пайыз ұстанып жатпайды. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегенге «Перішtedен садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны» деп Абай діннен сауаты жоқ болған біреудің қанқу сөзінің мақал болып тарап кеткеніне жаны күйеді. Абайдан небары 10 жыл бұрын туған Шоқан Уәлиханов «Әзірше мұсылманшылық біздің қанымыз бен жанымызға ене қойған жоқ. Оның келешекте халықты бөліп-жарар қауіпі бар» деп жазады [14]. Оның еңбектерінен өзінің де мұсылмандықтың байыбына бара алмағандығы байқалады. Тарихтың сол тұсында Шәкәрім «Иман да сол, дін де сол – Адаспайтын айқын жол», «...Жүректің сөзін Құран қыл» деп, Ыбырай «Бір Аллаға сыйынып, бел балалар, оқылық, ... Істің болар қайыры бастасаңыз Алдалап» деп ел жұртты, балаларды бір Алланы танып біліп, ілім-білім іздеуге шақырып жатты. Сол тұста жасындай жалт етіп ұлттың сүйіп, әділдік, теңдік деп зар илеп С.Торайғыров молдадан ілім алса да, Абайды оқыса да, дін – ежелгі надандықтың кесірі, жұмақ, тозақ дегенді кім көріпті, оның бәрі молданың өтірігі деп (егер еңбектері бұрмаланбаған болса – Н.Р.), «Адасқан өмірін» аяқтап, өте шығады. Бірақ оның ежелгі деген сөзінен де біздің қазақтың осы хақ дінді ежелден ұстанып келе жатқандығы көрінеді. «Қобыланды», «Алпамыс» тәрізді эпостық жырларымыздың «Кешегі/Бұрынғы өткен заманда, Дін мұсылман аманда» деп басталатынын,

«...Лә илһәда пайда бар,

Білмеген жанға не айла бар?»

Барар жерің қараңғы

Шамшырағыңды сайлап ал...» деп келетін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бесік жыры болып айтылып келе жатқан тағылымды да көзі ашық екі қазақтың бірі біледі деуге болады.

Хикмет (терең білім) берілгендердің уағыз, насихаты өз алдына, әлгіндей Алла Тағаласын танып білмеген бейбақтардың аузына кім қақпақ болған, отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарап кете барған жағдайлар жоқ емес.

**Екінші себепке түсіндірме.** Халық даналығы, даналық болғандықтан ол мақал-мәтел бола ма, нақыл сөз, шешендік сөз, өсиет сөз, көсем сөз бола ма, олардың араларында бір-біріне үлкен қарағарлық болуға тиіс емес, керісінше, жалпы есепте өзара үндестік болу керек. Біздің жоғарыда келтірілген «мақал-мәтелдеріміздің» мазмұны мен өз ғұлама, даналарымыздан жеткен дүниетаным арасы мүлдем алшақ. Сондықтан бұлардың көпшілігінің жолдан қосылған жасанды «мақал-мәтелдер» екені өздігінен түсінікті бола қалады. Біздің «қара тізімге» алып отырған «мақал-мәтелдерімізден» діннен безу, Жаратушыға тіл тигізу, серік қосу,

дінді ұстанғандар мен оны насихаттаушыларды жек көру, соған сай оларды мазақ-мысқыл ету ғана байқалады. «Олардың кектері аузынан-ақ көрініп тұр» делінеді қасиетті Құранымызда (Әли Ғырман сүресі, 118-аят). Ал діндарлықты осыншама жек көру қайдан шықты? Елдің атеизмді ұстанған саясатына қарай «теріс» оқытудан, «Дін – апиын» деген ұраннан шықты. Жөн білгендер «халық жауы» болып жөніне кетті. Тектіні тексіз тілдеген теріс заман орнап, өзге емес, өзімізден шықты. Білімнің қалай жоғалатыны жөнінде бізге Пайғамбарымыздан (с.а.у.) мынадай сахих хадис жеткен екен: «*Расында, Аллах пенделерінен білімді тартып алмайды, бірақ білімді ғұламаларды алу арқылы жояды. Ол бірде-бір ғұламаны (тірі) қалдырмаған кезде адамдар білімсіз надандарды өздеріне басып етіп алады. Сөйтіп, оларға сұрақтар қойылса, білімі болмаса да, пәтуа шығарып, нәтижесінде өздері де адасады, өзгелерді де адастырады*» [1, 49].

Тіл – жұмыс істеп тұрған тірі ағза болғандықтан, 70 жыл тұрмақ, 7 жылда да бірқатар өзгерістерге ұшырап кетіп жатады. Бірінші себептің де салдарын жоққа шығармаймыз, дегенмен де Абайдың «Жиырма тоғызыншы сөзінде» мақалдар сынға алынып жатқан тұста біздің бүгінгі «қара тізімге» іліккен «мақалдарымыз» бар болғанда олардың Абайдың құрығына түспей қалуы мүмкін емес еді, сондықтан бұл бұралқы сөздердің басым көпшілігі ХХ ғасырда, әсіресе Кеңестік идеологияның қызыл туы астында пайда болды деуге негіз бар деп ойлаймыз.

**Үшінші себепке түсіндірме.** Сонымен, Кеңес дәуіріне дейінгі даланың мұсылманшылықты біртегіс ұстанбауы бар, атеизмді насихаттаған Кеңестік саясат бар, бұлар, тиісінше, өзіне тән зерттеушілерді даярлады. Әсіресе, балабақшадан бастап, мектеп, жоғарғы мектептің барлығы баланың миына материализмді құйған Кеңестік идеология өзінің мол жемісін берді. Сондай саясаттың ұранын ұрандап өсіп, сүйегі қатайып кеткен мақал-мәтелдерді құрастырып, жинақтаушылардың шариғи сауатының жетіспеуінен, кейде тіпті исламның негізгі қағидаларынан да хабары болмағандықтан, халықтың түп-тамыры, болмыс-бітіміне, бағыт-бағдарына қайшы келетін, дініміздің дұшпандарын қуантып, айызын кандыратын небір «деректердің» хатқа түсіп, кітапқа еніп кетіп жатқанын байқамауы да – заңдылық. Байқаған күнде де «бұл – халықтың сөзі, оны өзгертуге ешкімнің хақысы жоқ» деген ұстанымда болуы мүмкін. Бұл ұстанымды жөн ұстаным делік, дегенмен де, Алла Тағаланың сөзі – Құраннан жоғары ғылым жоқ екенін, халықтың даналығының көбіне көп Алланың және Оның елшісінің сөзіне – хадистерге негізделетінін, оны бұзып-жарып кететін сөздердің зор шектен шығушылық болатынын білген зерттеуші қолына түскен материалдың керегін алып, керек емесін қалдырып, іріктей жұмыс істей білген болар еді.

Қазақ мақал-мәтелдерін қағаз бетіне түсіріп жинақтаушылардың алғашқысы Ш.Уәлиханов болғанымен, беріге дейінгі жинақтаушылардың қатарында өзге дін өкілдерінің де, миссионерлердің де бар екенін білеміз (Қажеттілік жағдайында алдағы уақытта олардың да еңбектерін тауып саралап шығуға болады).

Барлық жерде, ғылымның барлық саласында діни сауатты алға тартуымыз қажет. Мұның ғалымға да, халыққа да екі дүниеде қайыры бар. Діни сауаттың жетіспеуінен кей мақал-мәтелдеріміздің түсіндірмесін бере алсақ, кейбірінің түсіндірмесін жеткізе алмай жататын жағдайларымыз да жоқ емес. Ағылшындардың мақалдарына тиісті орындарында «*biblical quotation*» (*Библиядан алынған*) деген сілтеме беріліп отырады. Біздің де «*Сыбырлағанды Құдай естімейді дейсің бе?*», «*Аманатқа қылма қиянат*», «*Біріккен жүз, бытыраңқы мыңды алады*», «*Қарыздарда иман жоқ*», «*Күмән иманды қашырады*», т.б.с.с. толып жатқан мақал-мәтелдеріміздің қасиетті Құраннан, хадистерден бастау алатынын көрсетіп отыруымыз – міндет.

**Төртінші себепке түсіндірме.** Жоғарыда келтірілгендей «қисық» сөздің барлығын жиып-теріп «мұсылмандықтың сиқын қараңдар» деп, өз зерттеулеріне молынан материал тауып жатқан миссионерлер қаншама. Өз тәжірибемізден де мысал алсақ болады. Бірде америкалық *Eric Aasland* есімді миссионер «мен қазақтың мақал-мәтелін зерттеп жүр едім, маған қандай көмегіңіз бар?» дегенде, ол кісіні қазақта осы саланы тереңінен зерттеп отырған үлкен академик бар, сол кісімен таныстырайын деп Ә.Қайдар мырзаға алып келген болатынмын. Академик америкалықпен қазақша әңгімелесіп, оған өзінің «Халық даналығы» деген үлкен еңбегін ұсынды. Әлгі америкалық біраз уақыттан соң маған қайтып келіп, мына «*Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең, мұсылман дінінен шығады*» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіз деп, Ә.Қайдардың кітабын ашып көрсетіп тұр.

Мен: «Бұл дұрыс мақал емес, өзіңіз ойланып қараңыз, маған біреу қатты-қатты сөйлесе, мен дінімнен шығып кетемін бе, мен біреу өлтірсе де дінімнен шықпаймын» деп түсіндірдім. Осы есім аталған миссионер сөйтіп жүріп бүгінгі күнгі халқымыздың 100 пайыздық сауаттылығы жағдайында (көзімізді бақырайтып қойып дегендей), Ерік (*Eric* – өзі) және Күміс (*Kim* – жұбайы) Аасландтардың «*Қазақтың көне-жаңа ертегілерінің бүгінгі өмірде тоғысуы*» деп аталатын бұлыңғыр атпен бұралқы еңбегін жарыққа шығарып үлгерді. Авторлар пікір сұраған болатын, қазақты жолынан адастыратын, дінінен, әдет-ғұрпынан бездіретін мақсатты ұстанған миссионерлік еңбек екендігін дәлелдеп, «Жалын» журналының 2009ж. 12-санындағы «*Халық ауыз әдебиетіне ауыз салғандарға ауыздық қайда?*» деген мақаламызда еңбекті аяусыз сынап, ойымызды ашық баяндадық.

Миссионерлердің мақал-мәтелді зерттегенде сұрамайтын нәрсесі жоқ. «Неге жігітті намыс өлтіреді?», «Неге қоянды қамыс өлтіреді?» – деп барлығын сұрайды. Олар қазақ тілін АҚШ-та (өздерінің діндеріне кіріп кеткен қазақтардан) үйреніп келіп, қазақтың фольклорын зерттейміз деген желеумен оны-мұны шатып, өздерінің түпкілікті мақсаттарын іске асырудың амалдарын талмай іздеп, бірде-бір мүмкіндікті мүлт жібермейді.

Бұрын дініміздің дұшпандары мынаны Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) айтты деп, хадистерді қалай бұзған болса, дәл сол ниеттегі амалдар қазіргі күні тыйылды деуге болмайды. Құран мен хадистерді бұздан жеңіліп, енді халық ауыз әдебиетін бұрмалауға, одан қандай да шикілік табуға, табылмаса оны қолдан жасауға бар күшін салып, мол қаржысын да бөліп келеді.

**Бесінші себепке түсіндірме.** Кез келген толыққанды қазақ саналатын білімді азаматтың аузынан қазақтың мақал-мәтелдері деген кітаптарын оқып отырғанда «мынадай да мақал болады екен-ау» не болмаса, «мынауың мақал емес қой» деген сөздерді айтып жатқанын естіп қалып жатамыз. Мұқабасында мақал-мәтел деп жазылған кітаптың ішінде идиомалар да, афоризмдер де, мақал-мәтелге жатпайтын түрлі-түрлі лексикалық бірліктер де кездесіп жатады. Кейде тіпті мәні-мағынасы жоқ «*Ит она, қатын қана*» [8, 151], «*Күлген күле жетер, артынан қуа жетер*» [8, 156], «*Адасқан жігіт жол таппас*» [8, 25], «*Ебеттен себеп, балшықтан мұрат*» [8, 25], «*Құс жаман* (осылай жазылған – Н.Р.) *шажа, дос жаманы бажа*» [8, 88], «*Қауіп қайдан болса, қатер содан*» [4, 122], «*Ай жарық, қоян арық*» [4, 164], «*Келме кезек, терме тезек*» [4, 124], [7, 185], «*Алыс-беріс қолынан, шығарып қояр жолынан*» [7, 187], «*Ақша сіздікі, мал біздікі*», «*Көктем, көктем нұрын төккен*» [10, 143] деген тәрізді бос сөздер де қалмай, ілесіп жүреді.

Бұл немқұрайлықтың ішінде көпсөзділікке бой алдырған мақалдарымыз қаншама. «*Бір сөзбен түй түмен сөздің түйінін*» демей ме Ж. Баласағұн. Оның ішінде ұйқасын, ырағын жоғалтқан, соның нәтижесінде әсерін жоғалтқан сөздер, толып жатқан грамматикалық, орфографиялық қателер де кезігіп жатады (толығырақ мағлұматты қараңыз: Н.Р. *Баспа мен баспасөзге сөз*. «Ана тілі» газеті. – №26, 2004)

**Екінші және төртінші себептерге қатысты** мына жайды да айтып кетуге тиіспіз. Кеңестік саясаттың салдары көркем әдебиеттің аудармасында да көрініс тауып жатты. Мәселен, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи этнографиялық трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында автор қолданған мақал-мәтелдердің бірі аударылса, бірі аударылмай, кейбірі бұрмаланып кеткен болатын.

**Мағынасы бұрмаланған мақалдардың** бірін мынадай мысалдан көруге болады. «*Арғымақ өлсе құлын бар, әкесі өлсе ұлы бар*» [15, 208] деген мақалдың орысшасын аудармашы (М.Симашко) «*Умирает аргамак, но останется тонконогий жеребенок, который растёт и скачет все дальше и дальше в степь*» [16, 197] деп береді, бұл өзгертудің мәні түсінген кісіге тым тереңде жатыр. Ал орысшадан аударылған ағылшыншасында [17, 210]: «*An antelope dies, but its spindly legged the calf remains, grows up and runs further and further into the steppe*» деп далаға кететін болса мұның үй жануары емес, түз жануары болғаны дұрыс болар деп, аудармашы (О. Чоракаев) жылқы орнына киік тектесті алады. Түпнұсқада беріліп жатқан Ақсопы бидің елді бірлікке үндейтін шешендік сөздері болатын. Аудармалардан өз есебін күйттеп ондай даналық сөздер жоғалады. Мына мақал қазақ әулетінде әкесі өлсе ұлы орнын басып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан шаңырақ жалғастығының «заңы» осылай сақталатынын айтып отырса, аудармада құлын беті ауған жаққа кетеді деп бұрып, «*Разве не по тем же законам живем мы, казахи?*» [16, 197], «*Don't we Kazakhs live by the same laws*» [17, 210] дегенді тағы ойдан қосып, «өз заңдарын» қазаққа таңып, шегелеп береді.



Шығарманың орысша, ағылшыншасында мүлдем **аударылмаған мақал-мәтелдер** де бар, олар: «Көппен келісіп пішкен тон келте болмас» [15, 319], «Ет бұзылса тұз себерсің, тұз бұзылса не себерсің?» [15, 351], «Өгізге туған күн бұзауға да тумай ма?» [15, 343], «Күштің арты диірмен тартады» [15, 539], «Сүйреп қосқан тазы түлкі алмайды» [15, 99], «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» [15, 240], т.с.с. (толығырақ мағлұмат алу үшін қараңыз: Н.Р., А.Р. *І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трил.-ң ор. және ағ. тт.-гі ауд.-да кей мақ.-мәт.-ң берілу жайы.* Қ.А.Ясауи ат. ХҚТУ „Хабаршысы“, – № 1 (55) Түркістан, 2006)

Бұдан бұрынғы зерттеулерімізде аталған трилогияның орысша нұсқасынан 30 тілге аударылып таратылғанын, онда қазақтың діні, даналығы, барлық болмыс-бітімі, ханы мен қарасы түгелімен Кеңестік Кремль тұсындағы саясаттың қалауынша қайта жасалып шыққандығы жөнінде айтылып келеді. Бұлар – қазақтың өзгеге өзіне сенгендей сенетін сенгіштік қасиетінен рухани соғыста жеңіліп, есесін жіберіп алған тұстары. Рухани соғыс – бір сәтке де тоқтамайтын, рухы жатқан соғыс, ондағы кеткен есені қайтару қазақтың өзінен басқа ешкімге міндет емес. Түзеймін деп келгендер тек қана күзейді.

Ойды қорытсақ, қандай озық тәжірибеге жүгінсек те, жер бетіндегі ешбір халықтың өз дініне нұқсан келтіретін бір нәрсені мақал-мәтеліне қоспайтынын көреміз. Шын ақыл иесі үшін барлық нәрсенің бастауы – дін, діннен басталады, дінмен жүреді, дінмен аяқталады. Конституциясы дін бостандығын ұстанатын АҚШ-ты қараңыз, өз Ата заңына қайшы келетініне карамастан, «*In God we trust*» – «*Біз Құдайға сенеміз*» деп ақшасына, «*And this be our motto: «In God is our trust»* – «*Біз Құдайға сенеміз, бұл – біздің ұранымыз*» деп әнұранына жазып, оны ресми ұраны етіп жариялап, шарықтатып шырқап, ашықтан-ашық бүкіл амал-әрекетін осы ұранмен іске асырады. Бізге де бұл тәжірибеден алатын сабақ жоқ емес.

Біздің Құранымызда «*Сендер, адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ, Аллаһқа сенетін қайырлы бір ұммет болып шығарылдыңдар. Ал егер кітап иелері иман келтірсе еді, әлбетте, олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар. Олардың көбірегі бұзақылар*» (Әли Ғыман сүресі, 110-аят) деп нұсқайды Жаратушы Иеміз. Біз қалай игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыямыз? Ел аузын білместікпен айтылып жүрген күнәдан тыю қолымыздан келер ме екен, келмес пе екен? «*Халық аузына қақпақ қойып болмас*» [12, 9] дейтін мәтеліміз де бар екен. Бұл рас. Халықтың аузын бір Алладан өзге ешкім анди алмайды. Сол Алланың Өзіне жүгінсек, «*...Күдіксіз намаз, арсыздықтан, жамандықтан тыяды...*» (Ғанкабут сүресі, 45-аят) дейді. Демек, тығырықтан шығаратын бірден-бір жол – елдің шариғи әлеуетін көтеру жолы болып қалады. Бұл жол адамзатты күнәнің барлық түрінен тыяды.

Сөз басында Құранға, хадиске және халық даналығына негізделген әдеп-тәртібіміз бар дедік. Құран мен хадис Алланың және Оның елшісінің сөзі болғандықтан, сан мыңдаған жылдар өтсе де ескірмейді, керісінше, уақыт өткен сайын жаңа қуаты танылып, жандана түседі. Алланың Өзі де, Өзінің қорғауына алынған Сөзі де мәңгілік. Басқаның бәрі түгейді. Ал ауыз әдебиетінің халық даналығы саналатын мақал-мәтелдері бірі жұмаққа, бірі тозаққа кетіп жатқан пенделердің сөзі, ол өзгертуге болмайтын Құран, не хадис емес. Нақтылап айтқанда, олардың Құран мен хадиске қайшы келетін тұстары түзетілу керек деп есептейміз.

#### Әдебиет

1. Имам Әбул-Аббас Ахмад ибн Абдул-Латиф әз-Зубәйди. Сахих әл-Бұхари. / Ауд. Қ.Спатай. – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2009 – 922 б.
2. Мұхаммед Пайғамбардың өсиет хадистері. Жинап, құраст.: А.Бекжігіт, Ы.Әкімжан. – Шымкент: «Азият» – 2005. – 96 б.
3. Әлімбаев М. Халық – ғажайып тәлімгер. – Алматы: «Рауан», 1994. – 144б.
4. Қазақ мақал-мәтелдері. Құраст.: Ө. Тұрманжанов – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 176 б.
5. Қазақ мақал-мәтелдері. Редактор және құраст.: А.Е.Ментебаева - Алматы: «Олжас кітапханасы» баспа үйі, 2012. – 172 б.
6. Қайдар Ө. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
7. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст.: Смаилова А.Т. Алматы: «Көшпенділер», 2002 – 312 б.

8. 1001 қазақ мақал-мәтелдері. Құраст.: Ж. Малайсарин. Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС, 2006/2011 – 184 б.
9. <http://www.kuttybolsyn.kz/684-dn-turaly-maal-mtelder.html>
10. Қазақ мақал-мәтелдері. Жинап, құраст.: Ө.Тұрманжанов, К. Ахметбекұлы. – Алматы: «Қазақстан», 2008. – 208 б.
11. Қазақ мақал-мәтелі. Жинап, құраст.: Ө.Тұрманжанов. – Алматы: «Жазушы», 1980. – 352 б.
12. Қазақ мақал-мәтелдері. құраст.: М. Аққозин. Алматы: «Қазақстан», 1990. 288 б.
13. Абай. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
14. <http://www.adebiet.kz>
15. Есенберлин. I. Көшпенділер. Алматы.: Илияс Есенберлин ат. қор. 1998. 581 б.
16. Есенберлин И. Кочевники. Алматы.: Фонд им. Ильяса Есенберлина. 1998. с. 533.
17. Yesenberlin Ilyas. The Nomads. Almaty.: The Ilyas Yesenberlin Foundation. 2000. 559 p.
18. Қазақ мақал-мәтелдерінің АЛТЫН КІТАБЫ (8675 мақал-мәтел, құраст.: Ж.С.Кейкін). – Алматы: «Аруна» баспасы, 2014 – 632 б.
19. <https://www.zharar.com/kz/makal/7140-din.html>
20. Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. / Құраст.: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы. 2009. – 364 б.

*Загия КАЙДАУЛОВА*

*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
докторант 1-го курса*

*Гульмира МАДИЕВА*

*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
доктор филологических наук, профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **УРБАНОНИМЫ И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ**

**Андатпа.** Екі миллионнан асатын қалаларда, Алматы мен Астанада қала нысандарының бейресми атаулары, урбанонимдер жыл сайын артып келеді. Оларды қала тұрғындары объектілерді анықтау, ажырату, есте сақтау және олардың орналасуын жеңілдету үшін пайдаланады және жасайды. Тағайындау процесінің өзі бірегей процесс, оның ішінде тұрғындардың мүлік туралы жеке және ұжымдық пікірлері, олардың көзқарасы және атау беру процесіндегі шығармашылығы. Жасанды интеллекттің пайда болуының арқасында, көбінесе ғимараттың сыртқы түрімен (сыртқы мотивация) және тұрғындардың ресми атауға реакциясымен (ішкі мотивация) сирек сипатталатын объектілердің пайда болатын бейресми атауларын болжау оңайырақ болды. . Бұл зерттеудің мақсаты – АИ көмегімен болашақта күтілетін бейресми урбанонимдерді болжау, бар деректерге лексика-семантикалық талдау жасау және жалпы заңдылықты анықтау. Қалалар мен оның тұрғындарының өсуіне байланысты жаңа тұрғын үй кешендерінің немесе басқа да қалалық объектілердің пайда болуына байланысты бейресми ономастика саласында, соның ішінде урбанонимия саласында жаңа еңбектердің көбірек пайда болуы да осы тақырыпқа қызығушылықты оятауда.

**Тірек сөздер:** урбанонимдер, бейресми атаулар, жасанды интеллект, номинация процесі.

**Аннотация.** В двух городах миллиониках, как Алматы и Астана, количество неофициальных наименований городских объектов, урбанонимов, растет с каждым годом. Они используются и создаются жителями города для идентификации, дифференциации объектов, для более легкого запоминания и их местонахождения. Сам процесс номинации составляет уникальный процесс, включающий как личное, так и коллективное мнение жителей об объекте, их отношение, креативность в процессе наименования. Благодаря появлению искусственного интеллекта стало проще предугадать появляющиеся неофици-

альные наименования объектов, характеризующиеся зачастую внешним обликом здания (внешней мотивацией) и реже реакцией жителей на официальное название (внутренняя мотивация). Цель данного исследования – прогнозировать предполагаемые неофициальные урбанонимы в будущем с помощью ИИ, выполнить лексико-семантический анализ существующих данных и выявить общую закономерность. Интерес к этой теме вызывает также появление все новых работ в сфере неофициальной ономастики, в том числе урбанонимии, в силу появляющихся новых жилых комплексов или других городских объектов в связи с ростом городов и его населения.

**Ключевые слова:** урбанонимы, неофициальные наименования, искусственный интеллект, процесс номинации.

**Abstract.** In two cities with a population of over million people, like Almaty and Astana, the number of unofficial names of city objects, urbanonyms, is growing every year. They are used and created by city residents to identify, differentiate objects, to make them easier to remember and find the location. The nomination process is a unique process itself that includes both personal and collective opinions of residents about the object, their attitude to it, creativity in the nomination process. Thanks to artificial intelligence, it has become easier to predict unofficial names of objects, often characterized by the appearance of the building (external motivation) and less often by the reaction of residents to the official name (internal motivation). The purpose of this study is to predict the expected unofficial urbanonyms in the future, using AI, perform a lexical and semantic analysis of existing data and identify a general pattern. Interest in this topic is also aroused by the emergence of new works in the field of unofficial onomastics, including urbanonymy, due to new residential complexes or other urban facilities emerging due to the growth of cities and its population.

**Keywords:** urbanonyms, unofficial names, artificial intelligence, nomination process.

Одним из направлений ономастики является урбанонимия, изучающая имена собственные внутригородских объектов (наименования районов, жилых комплексов и пр.) – урбанонимы. В таких городах-миллиониках, как Алматы, представлены как официальные, так и неофициальные урбанонимы. Наше исследование посвящено именно неофициальным именованиям зданий городского пространства города Алматы, которые представляют «языковой облик» города; а процесс наименования зданий представляет собой творческий процесс, отражающий индивидуальные и коллективные ассоциации жителей города. Целью данной статьи является прогнозирование неофициальных наименований зданий, ойкодомонимов [1, 19], на основе макетов и изображений зданий с помощью использования Искусственного интеллекта Ghat GPT-4 и семантический анализ существующих и прогнозируемых неофициальных урбанонимов.

Урбанонимы Алматы обладают уникальным характером, они неповторимы на всем постсоветском пространстве. Алматинский неофициальный топоним «Компот» уникален и существует только на территории г. Алматы. Семантический анализ поможет нам подробнее изучить значение данного топонима. Согласно словарю Wiktionary, «*компот*» обозначает «сладкий напиток из сваренных в воде фруктов», в разговорном значении – «смесь чего-либо разнообразного, иногда несовместимого» [2]. Географически это район, в который входят улицы Вишневая, Грушевая, Абрикосовая и др., что и создают такое уникальное название топонима. Данный топоним не носит статуса официального, но тем не менее имеет широкое распространение в повседневной речи горожан, особенно людей, живших в 90-е гг., а также в средствах массовой информации.

Предметом данного исследования послужил лексико-семантический анализ существующих и гипотетически предполагаемых наименований зданий, созданных Chat GPT-4. Материалом исследования послужили 318 неофициальных наименований внутригородского пространства, полученных в ходе опроса, изучения 500 комментариев в социальных сетях и предполагаемых данных, полученных с использованием искусственного интеллекта. В ходе исследования планируется получить данные ИИ и сверить их с уже существующими неофициальными наименованиями зданий, прогнозировать прозвища городского пространства в будущем. Так основными способами мотивации являются *внешняя* – на основе внешнего сходства и *внутренняя* – реакция жителей на название объекта.

В ходе опроса из 35 опрошенных жителей г. Астаны 20 человек дали неофициальное прозвище для здания «Байтерек» – «Чупа-Чупс» за его уникальную вытянутую форму. Данные

ИИ «Древо Жизни» подтверждают ответы опрошенных жителей г. Астана, из новых аналогов ИИ предлагает такие прозвищные именованья, как «Золотое яйцо» – за схожесть с золотистым шаром, расположенным на вершине здания, «Жемчужина степи» – подчеркивает особенность, важность данного здания, «Стеклянный гигант» – за обилие стекла и громадные размеры (см. рис. 1). Все эти предполагаемые и существующие наименования основаны на внешнем сходстве с объектом, т.е. внешней мотивации.



Рисунок 1 – здание «Байтерек» в г.Астана, рисунок сгенерирован ИИ Chat GPT-4

Согласно Курицкой Е.В., существует классификация наименований личных имен по происхождению: из мифологии, Библии – например, Ева (жена Адама), наименований месяцев: April (Эйприл – от месяца апрель) и пр. [3]. Проводя аналогию с топонимами, г. Косшы вблизи г. Астана носит внутреннюю мотивацию, т.е на реакции жителей на его официальное название и носит неофициальное прозвищное наименование – Кошей, что имеет *мифологическое* происхождение, основанное на базе мифов и русских легенд.

В ходе анализа наблюдаются неофициальные урбанонимы, образованные под влиянием исторических событий, местной культуры, языковой ситуации в стране и даже на основе местных легенд и мифов. ЖК «Свечи», расположенный в г.Астана носит неофициальное название «Дом на могиле», т.к. по слухам был построен на месте бывшего кладбища, перенесенного при строительстве. Согласно ироничным комментариям жителей данного комплекса в приложении 2-GIS там обитают привидения, данный слух и породил настолько уникальный неофициальный урбаноним.

Здание Казахского национального университета искусств в г. Астана имеет свыше 20 неофициальных наименований: *Шайба*, *Блюдо*, *Пепельница* и некоторые названия совпали с предполагаемыми ответами Chat-a GPT-4: «Стеклянная тарелка» - название, мотивированное стеклянными фасадами и круглой формой здания, «Ледяной глаз» - название мотивировано голубым цветом и овальной формой похожей на глаз, помимо этого ИИ предложил следующие варианты: «Синий Бункер» - за массивную форму и синий цвет, «Арена искусств» - за схожесть с ареной и принадлежностью к учебному заведению (см. табл. 2).

## Здание КазНУИ, г. Астана

Оригинальное фото здания КазНУИ в г. Астана [4]

Рисунок КазНУИ в г. Астана, сгенерированный ИИ



Центральный концертный зал «Казахстан» в г. Астана неофициально носит идею архитектора Манфредо Николетти *«Цветок Пустыни»*, но жителями города также дается прозвищное наименование – *«Капуста»*; ИИ дает следующие наименования: *«Футуристический тюльпан»* (наблюдается связь с цветком, изначальной идеей архитектора) – благодаря линиям, напоминающим распускающийся цветок, *«Голубой айсберг»* – из-за формы и цвета, похожим на ледяную глыбу, *«Кристалл степи»* – за стеклянную форму.

## Центральный концертный зал «Казахстан»

Оригинальное фото здания Центрального концертного зала «Казахстан» в г. Астана [5]

Рисунок Центрального концертного зала «Казахстан» в г. Астана, сгенерированный ИИ – «Кристалл степи»



В результате проведенного анализа было выявлено, что неофициальные урбанонимы – это отражение жизни города. Процесс номинации необычен и неповторим. Наименования образуются благодаря влиянию мнения жителей города, эмоциональной окрашенности, креативности в номинации, упрощению и легкому запоминанию названий. Проводя анализ между двумя городами-миллиониками, как Астана и Алматы, можно заметить, что количество уничижительных наименований для г. Астана характерно больше, чем для г. Алматы. А Chat GPT-4 в анализе показал, что может стать отличной альтернативой в предсказании потенциально новых прозвищных наименований объектов города.

## Литература

1. Теория и практика ономастики: Учебное пособие. / Г.Б. Мадиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 152 с.
2. Семантические свойства: «Компот» / [Электронный ресурс] // Wiktionary: [сайт]. – URL: <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%BF%D0%BE%D1%82> (дата обращения: 20.10.2024).



3. Курицкая, Е. В. Классификация личных имен в английском языке по пяти критериям [Текст] / Е. В. Курицкая // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов, 2017. – № 10. – С. 122-129.

4. Анатолий Пак В КазНУИ ответили на жалобы родителей на плохой ремонт в корпусах университета / Анатолий Пак [Электронный ресурс] // Bizmedia: [сайт]. – URL: <https://bizmedia.kz/2023-05-05-v-kaznui-otvetili-na-zhaloby-roditelej-na-plohoj-remont-v-korpusah-universiteta/> (дата обращения: 20.10.2024).

5. ЦКЗ QAZAQCONCERT / [Электронный ресурс] // Shodim: [сайт]. – URL: <https://sxodim.com/astana/place/tskz-kazakhstan> (дата обращения: 20.10.2024).

**Н.БАЙЖАНОВА**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты*

**Г.СЫЗДЫҚОВА**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
(Қазақстан, Астана қ.)*

**А.ШОЙБЕКОВА**

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Шымкент қ.)*

## **ПСИХОЛИНГВИСТИКАДАҒЫ МОДАЛЬДІЛІКТІ БІЛДІРУДІҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақала тілдегі модальділіктің психолінгвистикалық амал-тәсілдерін зерттеуге арналған. Тіл – адамдар арасында қарым-қатынас жасаудың құралы бола отырып, ойларымызды, сенімдеріміз бен ниеттерімізді білдіруге мүмкіндік беретін бай грамматика мен лексикаға ие. Тілдегі модальділік – грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі. Мақалада біз модальділікке қатысты әртүрлі психолінгвистикалық әдістерге шолу жасаймыз. Соның ішінде модаль сөздер, модальділіктің грамматикалық категориялары, модальділік маркерлері, модаль мәлімдемелер контекстіндегі интонация мен дауыс сипаттамаларын қарастырамыз. Мақаланың мақсаты – модальділіктің психолінгвистикасындағы заманауи теориялары мен зерттеулеріне шолу жасау, психологиялық және когнитивті аспектілердің тілдегі модальділікті қабылдау мен білдіруге қалай әсер ететінін талқылау. Бұл тілдің модаль мәніндегі сенімдеріміз бен ниеттерімізді жеткізу үшін қалай қолданылатынын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Модальділік санатын адам психологиясымен, ойлауы және сөйлеуімен қатар қарау керек екендігін білдіреді. Сондықтан лингвистикада қарқын алып келе жатқан психолінгвистика саласы модальділіктің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Тілдегі модальділікті және тілдің модаль мағыналарды білдіру жолдарын зерттеу ақпаратты қалай қабылдайтынымызды түсіну үшін өте маңызды. Модальділіктің психолінгвистикалық әдістері тілдің модальділікті білдіру тәсілдерін, яғни сөйлеушінің өз көзқарасын білдіру қабілетін зерттеумен байланысты.

Бұл зерттеуіміз тіл білімі, психология, когнитивті ғылым бағытындағы ізденушілер мен зерттеушілерге арналады. Зерттеу нәтижелерін жалпы тіл білімі, психолінгвистика, когнитивті лингвистика, грамматика теориясына қатысты пәндерде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** модальділік санаты, психолінгвистика, модаль сөздер, модаль құрылымдар, психолінгвистикалық әдістер.

**Аннотация.** Статья посвящена изучению психолінгвистических подходов к языковой модальности. Язык обладает богатой грамматикой и лексикой, которая позволяет нам выражать наши мысли, убеждения и намерения, являясь средством общения между людьми. Модальность в языке – один из основных аспектов грамматики. В статье мы рассмотрим различные психолінгвистические методы, связанные с модальностью. В том числе мы рассмотрим характеристики интонации и голоса в контексте модальных слов, грамматических категорий модальности, маркеров модальности, модальных высказываний. Цель статьи – дать обзор современных теорий и исследований в психолінгвистике модальности

и обсудить, как психологические и когнитивные аспекты влияют на восприятие и выражение модальности в языке. Это позволяет нам глубже понять, как язык используется для передачи наших убеждений и намерений в модальной сущности. Категория модальности означает, что к ней следует относиться параллельно с психологией, мышлением и речью человека. Поэтому область психолингвистики, набирающая обороты в лингвистике, позволяет понять суть модальности. Изучение модальности языка и способов, которыми язык выражает модальные значения, имеет решающее значение для понимания того, как мы воспринимаем информацию. Психолингвистические методы модальности связаны с изучением способов выражения модальности языка, то есть способности говорящего выражать свою точку зрения.

Это исследование будет посвящено соискателям и исследователям в области языкознания, психологии, когнитивной науки. Результаты исследования могут быть использованы в дисциплинах, касающихся общего языкознания, психолингвистики, когнитивной лингвистики, теории грамматики.

**Ключевые слова:** Категория модальности, психолингвистика, модальные слова, модальные структуры, психолингвистические методы.

**Abstract.** The article is devoted to the study of psycholinguistic methods of modality in the language. Language-as a means of communication between people, has a rich grammar and vocabulary that allows us to express our thoughts, beliefs and intentions. Modality in language is one of the main aspects of grammar. Throughout the article we will review the different psycholinguistic techniques related to the modality. Among them, we consider intonation and voice characteristics in the context of modal words, grammatical categories of modality, modality markers, modal statements. The purpose of the article is to review modern theories and research in the Psycholinguistics of modality, to discuss how psychological and cognitive aspects influence the perception and expression of modality in language. This will allow us to understand more deeply how language is used to communicate our beliefs and intentions in the essence of the modality. It implies that the category of modality must be viewed in parallel with human psychology, thinking and speaking. Therefore, the field of psycholinguistics, which is gaining momentum in linguistics, allows us to understand the essence of modality. Studying modality in language and the ways in which language expresses modal meanings is essential to understand how we perceive information. Psycholinguistic methods of modality are related to the study of the ways in which language expresses modality, that is, the speaker's ability to express his point of view.

This study will be devoted to researchers and researchers in the field of linguistics, psychology, cognitive science. The results of the study can be used in disciplines related to General Linguistics, Psycholinguistics, cognitive linguistics, the theory of grammar.

**Keywords:** Category of modality, psycholinguistics, modal words, modal structures, psycholinguistic method.

Қазақ лингвистикасында модальділік ұғымы алғашында құрылымдық сипатта, кейін функционалды бағытта зерттелді. Құрылымдық лингвистика шеңберінде модальділіктің грамматикалық формалары, модаль мәнді танытатын құрылымдардың сипаты талданса, функционалды бағыттағы зерттеулерде модальділік ұғымының семантикалық мәні, өрістік сипаты қарастырылды. Соған сәйкес модальділікті танытатын грамматикалық, лексикалық, логикалық деңгейдегі бірліктердің кеңістігі, ассоциациялық қоры айқындалды. С.Құлмановтың қазақ тіліндегі модальділік санатын функционалды бағытта зерттеуі аталған ұғымның семантикасы мен қолданысын тануға, түсінуге септігін тигізді. Ғалым модальділік санатының тілдік табиғатын тануда оның морфология мен синтаксистің шеңберіне сыймайтындығын айтады. Яғни біз модальділікті тек құрылымдық сипаты тұрғысынан қарай алмайтындығымызды, модальділікке семантикалық, қолданбалы бағыттағы зерттеу жүргізу қажеттігін ескертеді [1, 23].

XXI ғасырдағы ғылымдар арасындағы интеграция модальділікке жаңаша көзқарас арқылы зер салуды талап етеді. Өйткені тілді тұтынушы өзінің көзқарасы мен пікірін, шынайы болмысқа қатынасын модальділік санаты арқылы жеткізеді. Осыдан модальділіктің адамның ойлау, сөйлеу, ақпаратты қабылдау, коммуникацияны ұйымдастыру үдерістерімен байланыстылығы туындайды. Яғни модальділік санатын тілдегі мүмкіндікті, қалауды, сенімділік пен сенімсіздікті, эмоциялық жай-күйді, шынайы болмысқа қатысты бағалауын жеткізетін тілдік құбылыс деп тануымыз қажет. Модальділіктің психолингвистикалық аспектілерін зерттеу адамдардың тілдегі әртүрлі модаль мағыналарды қалай қабылдайтынын және білдіретінін, сондай-ақ олардың

қарым-қатынас пен хабарламаларды қабылдауына қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі [2, 185].

Мақалада модальділік санатына психолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізіміз. Психолингвистикалық әдістер коммуникациямен, шынайы коммуникативті жағдаяттармен ғана байланысты зерттелмейді. Мәтіндердің де психолингвистикалық сипатын тануға болады. Сондықтан біз өз зерттеуімізде психолингвистикадағы мәтіндік талдау, корпуслық талдау, когнитивті талдау, мәнмәтіндік талдау, семантикалық талдау, сипаттау, өрістік талдау әдістерін қолдана отырып, модальділік санатын білдіретін амал-тәсілдерді анықтауға талпыныс жасаймыз. Аталған зерттеу әдістері көркем мәтіндегі автор ойымен, қолданысымен астасқан модальділік құрылымдардың психолингвистикалық сипатын тануға көмектеседі. Зерттеу материалы ретінде Дулат Исабековтің «Қарғын» романын алдық. «Қарғын» романында қолданылған модальділік санатын танытатын тілдік бірліктерді талдау арқылы зерттеу мақсатымызға жетуді көздейміз. Ж.Көпбаева: «Көркем мәтін – адамдардың қоғамдық-коммуникативтік әрекетінің, олардың арасындағы түсінісудің ерекше құралы. Мәтін өз функциясында жеке адамдар арасындағы қатынас, сөйлеу және ойлау әрекетінің нәтижесінде алмасу құралы ретінде де көрінеді. Оларды *психолингвистикалық* қырынан зерделеу бүгінгі зерттеулердің өзектісі болып табылады», – деп мәтін арқылы психолингвистикалық зерттеудің жүзеге асатындығын және мұндай зерттеулердің келелі нәтижелер беретіндігін баса айтады [3, 29]. А.Новикова мәтінге лингвистикалық талдаудағы ең басты көрсеткіштердің бірі мәтін мазмұны, семантикасы екендігін айтады [4]. Мәтіннің тілдік материалының астарындағы мағына адамның ойлау үдерістерімен байланысты, яғни адам психологиясына қатысты. Сондықтан мәтіндегі мазмұнды түсіну, қабылдау, сезіну адамның ойлауы, қисыны, нейрондық түзілімдері, мидың қызметі арқылы жүзеге асады.

Тіл білімінде модальділік ұғымына түрліше анықтама беріледі. Түсініктемелердің жалпы тұжырымдамасы модальділікті адамның шынайы болмысқа қатынасын, көзқарасын білдіретін санат деп таниды. «Модальділік – сөйленім мазмұнында объективтік байланыстарды және сөйлеуші көзқарасы тұрысынан осы сөйленім мазмұнының айқындылық дәрежесін білдіретін тілдік категория» [1, 8]. Адамның белгілі бір шындық болмысқа қатысты көзқарасы, ойы, сезімі, эмоция танытуы, көңіл күй ерекшелігіне сай сөйлеуі модальділікті танытады. Сөйлеушінің айтылатын ой немесе хабарға көңіл күй жайларын: анықтығы, шындығы, жорамал, күнгірттігін модальділік реңк арқылы жеткізеді [5, 19]. Модальділік санаты тек тілдік ұғым ғана емес, ол адамның ойлау, сөйлеу үдерістерімен байланысты болғандықтан, когнитивті, психологиялық, әлеуметтік, коммуникативтік қырынан айқындала отырып, түрлі ғылымдар интеграциясында қарастырыла алады. Қ.Слямбеков модальділікті грамматикада да, прагматикада да, когнитивті лингвистикада да, яғни атропоөзекті парадигма тудырған жаңа бағыттар шеңберінде қарауға болатындығын айтады [6, 89]. Модальділікті тануда адамның ойлау, сөйлеу, ақпаратты қабылдау үдерістері қоса жүретіндіктен, біздің ойымызша, модальділік ұғымын психолингвистикалық тұрғыдан қарау, талдау жақсы нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Психолингвистика – адамның сөйлеу қабілеті қалыптасуының бірқалыпты өтуін зерттейтін ғылым саласы. Психолингвистика ойдың сөзге, сөздің ойға толассыз және қайта айналып алмасуын сөйлеудің даму процесі деп есептейді [7, 19]. Психолингвистика саласы – тіл білімінде жаңадан қалыптасқан бағыт. Адамның психологиялық күйі мен сөйлеуі арасындағы байланысты, тілдік бірліктерді қолдана отырып, өз ойын ортаға салғандағы ойлау механизмдерінің әсерін зерттейтін бағыт болып саналады. Тілдік қарым-қатынаста берілетін ақпараттарды адамдар қабылдау, түсіну, ойлау секілді психикалық процесс негізінде сөйлеу процесі арқылы меңгеріп, оны қайтадан сыртқа шығарады [7, 20]. Демек сөйлеу әрекеті, тілдегі бірліктерді қолдана отырып, коммуникацияға түсу, сөздер байланысынан сөйлем, мәтін түзу адамның ойлау үдерісімен тікелей байланысты. Ал модальділік ұғымы тікелей адамның көңіл күйі мен көзқарасынан хабар беретін тілдік бірліктермен байланысты болғандықтан, психологиялық аспектіде жақсы зерттеле алады.

Тіл білім жеке дара ғылым ретінде қалыптасу алдында тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеу ұғымдарының ара жігі ажыратылған еді, десе де тіл мен ойлау, сөйлеу өзара байланысты үдерістер болып саналады. Себебі лингвистиканың өзі ойлаудан, философия ғылымынан бөліп шыққандығын ескерсек, адамның тіл арқылы сөйлеуіне мүмкіндік беретін – ойлау меха-

низмдері екендігіне көзіміз жетеді. Модальділік санатының да тілде көрініс табуы адамның ойлау үдерістерімен байланысты. С.Құлманов: «Лингвистика ғылымы «модальділік» ұғымын логикадан ала отырып, оны тек болымдылық не болымсыздық, қажеттілік, мүмкіндік, күмәнділік мағыналарды білдіріп қана қоймайтын, жалпы «сөйлеушінің көзқарасын» білдіретін категория ретінде таниды» деген пікір білдіреді [1, 11]. Демек тіл арқылы көрінетін модальділік санаты ойлау, ақпаратты қабылдау, өңдеу, тарату сынды психологияның да зерттеу нысаны болып саналады. Модальдік қатынастарсыз ешқандай сөйлеу болмайды, себебі сөйлеу адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде мазмұнсыз, сөйлеушісіз және әңгімелеуші жақсыз жүзеге аспайды [1, 12]. Бұдан шығатыны – модальділік мәні кез келген сөйлеу мен сөздер тізбегінде болады. Модальділік сөйлеушінің көзқарасы мен пікірін, ойын, эмоциясын жеткізудегі басты көрсеткіш.

Модальділік адамның көзқарасын, эмоциясын, пікірін танытатын тілдік бірліктер қолданысының санаты десек, мұндағы басты нәрсе шындық екендігін ескеруіміз керек. Яғни тіл тұтынушы өзінің шынайы ақиқатқа қатысты көзқарасын модальділік арқылы таныта алады. Бұл турасында С.Құлманов: «Сөйлем мазмұнындағы хабардың ақиқат шындыққа қатынасы – бұл, ең алдымен, модальдік қатынас», – дейді [1, 11]. Ғалымдар модальділік мәнінің кез келген сөйлемнің бойында болатындығын айтады. Себебі сөздер байланысынан туындайтын сөйлемдер жүйесі сөйлеушінің белгілі бір ақиқат шындыққа қатынасын білдіреді. Модальділік категориясын ғалымдар үш аспектіде қарастырады: сыртқы синтаксистік модальдікке жататын объективті, субъективті және ішкі синтаксистік модальдік мағыналар. Объективті модальдік мағыналар сөйлеушінің ақиқат шындыққа реалдылық/бейреалдылық тұрғысынан, ал субъективті модальдік мағыналар сөйлеушінің баяндауға сенімділік, сенімсіздік тұрғысынан көзқарасын білдіреді. Ішкі синтаксистік модальдік мағыналарда іс-әрекетке сөйлеушінің мүмкін, қалаулы, қажетті, міндетті, бұйрықты іс-қимыл ретіндегі бағасы білдіріледі [1, 8].

Модальділік құбылысы пәнаралық сипатта зерттеледі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, модальділікті психология, логика, нейроғылымдар төңірегінде зерттейді. Солардың ішінде «Лингвистикалық модальділік – кез келген сөйленімнің құрастырушы бөлігі. Өйткені ақиқат шындықтың қандай да бір фактісі туралы ақпарат беретін барлық сөйленімдер белгілі модальдік мазмұнға ие болады» [1, 11]. Модальділікті тілде түрлі амал-тәсілдер арқылы жеткізуге болады. Тілдік модальділіктің ерекшелігі лексикалық, грамматикалық түрлі формалар арқылы модальділіктің түрлі сипатын беруге мүмкіндік бар. Модальділік грамматикалық, лексикалық, интонациялық амалдар арқылы беріледі. Тілдегі модальділік әр түрлі құрылымдар арқылы жеткізіле алады. Бұл жерде тілдің өзіндік ерекшелігі, қолданыс сипаты, тілге тән негізгі белгілер, тілдің коммуникациялық, құрылымдық сипаты негізге алынады. Қазақ тілінде модальділікті білдірудің түрлі амалдары бар. Бұл турасында тілші ғалымдар бірнеше пікір білдіреді. Қ. Слямбеков модальділікті жеткізу амалдарына қатысты: «Грамматикалық формалар мен сөз тіркестері немесе тұтас сөйлем құрылымы модальділік мәнін таныта алады. Жекелеген сөздер де, сөз тіркестері де, грамматикалық морфемалар мен сөйлем және олардың жүйесі модальділікті жеткізудің тәсілдеріне жатады» деген пікір білдіреді [6, 90]. О.Төлегенов модальділік категориясы қазақ тілінде морфологиялық, лексика-семантикалық, интонация-синтаксистік тәсіл арқылы жасалатындығын айтады [8]. Ал модальділікті функционалдық бағытта зерттеген С. Құлманов «Модальдік мағыналар ең алдымен баяндауыш құрамында көрінетіндегі белгілі», – деп топшылай отырып, [1, 11] «Модальділік категориясын білдіруде фразеологиялық тіркестер, фразеологиялық тұтасымдар көптеп қатысады. Қалай болғанда да, модальдік мағыналарды білдіретін құралдар синтаксистік деңгейде қызмет атқаратын тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық бірліктерінің тұтас жүйесі ретінде көрінеді. Әрбір модальдік мағынаның білдірілу құралдарының өзіндік жүйесі болады» – деп түйіндейді [1, 23]. Ал «Қазақ грамматикасында» модальділікті білдірудің тілдік амалдары туралы: «Модальділік мағынасы бар әр алуан грамматикаланған тіркестер тек жеке сөздерден ғана емес, сонымен қоса күрделі құрамды сөздерден де тұратын тұтастай алғанда көмекші сөз табы ретінде тілдік модальділікті білдірудің бай құралы саналатын модаль сөздер құрамына кіреді», – дейді [9, 569].

Сонымен, модальділіктің тіл арқылы жарыққа шығуында лексикалық, грамматикалық, интонациялық амалдар басты рөл атқарады. Кейбір жекелеген морфологиялық формалар мен

сөздер арасындағы синтаксистік байланыстар және сөйлеу кезіндегі дауыс ырғағы модальділік санатын тудыруға көмектеседі.

Модальділік арқылы сөйлеушінің қандай да бір іске не құбылысқа қатынасын білдіруде тілдің түрлі деңгейіндегі бірліктер пайдаланылады. Сөйлеу және сөз құрау, жазу танымдық үдерістердің нәтижесі болғандықтан, психоллингвистикада модальділікті туындататын амал-тәсілдерге тілдік және тілдік емес амалдар да жатады. Модальділіктің танымдық мәні жағынан маңызды болып табылатын түрлеріне – мүмкінділік, сенімділік, міндеттілік, мезгілдік, бағалау, таңдамалық модальділік жатады [10, 31]. Модальділік түрлі мағынадағы адамның көзқарасы мен қатынасын білдіруі мүмкін. Сондықтан модальділіктің түрлі реңін білдірудің психоллингвистикалық амалдарының көлемі мен өлшемін нақты белгілеу мүмкін емес. Десе де жалпы модальділікті танытатын психоллингвистикадағы амал-тәсілдерге *тілдегі грамматикалық формалар мен категорияларды, модаль сөздерді, қыстырма оралымдарды, бағалаушытық және эмотивті лексиканы, дауыс ырғағын* жатқызамыз. Аталған амал-тәсілдердің модальділікті жеткізудегі қызметін талдау үшін көркем мәтіннен мысалдар келтіріп, мәніне үңіліп көрейік.

*Грамматикалық формалар мен категориялардың модальділік мәнін танытуы.* Грамматикалық категориялардың ішінде модальділік мәнін білдіруде өнімді қызмет ететіні – рай категориясы. Рай категориясын ғалымдар модальділікті танытатын негізгі категориялардың бірі деп есептейді, тіпті кей ғалымдар модальділік модаль сөздерден бөлек тек рай категориясы арқылы беріледі деп топшылады. Қазірде біз қазақ тілінде ашық, шартты, бұйрық, қалау рай сынды төрт түрін бөліп көрсеткенімізбен, рай категориясына А. Байтұрсынұлының бөлінісі бойынша қарасақ, бірнеше тобын бөліп қарай аламыз. Расында, рай категориясының мазмұнында етістікке қатысты модальділік анық көрінеді. «Сөйлемнің модальділігі айтылған ой-пікірге толықтай қатысты болса, райдың модальділігі етістік баяндауышқа қатысты болады. Сөйлемде айтылатын шындыққа үстемеленіп, екінші модальдік реңк үстейді. Сөйтіп ерекше грамматикалық категорияны – рай категориясын тудырады» [5, 20]. Мысалы, *Менің әйелдік түйсігім алдамаса, саған ерекше бір жағдай әсер еткен сияқты. Шыныңды айтшы, ол не? – деді мақпалдай жұмсақ үнмен* [11, 80]. Мұнда «алдамаса» шартты райлы етістігі арқылы кейіпкер көзқарасы танылады. Яғни шығарма кейіпкерінің өз пікірін жеткізуде автор оның тілдік қолданысына модальділік мәнін таныту үшін «са» шартты райдың жұрнағын жалғайды. Бұл сөйлемде нақтылы шарттық қарым-қатынас жоқ, дегенмен шартты райдың жұрнағында модальділік мәні басым. Аталған құрмалас сөйлемнің екінші бөлігіне (*Саған ерекше жағдай әсер еткен сияқты*) назар аударар болсақ, мұнда болжалдылық мәнді танытатын модальділікті байқаймыз. Сонда рай категориясы арқылы сөйлемнің алғашқы бөлігіндегі шартты райлы етістіктің әсерінен сөйлемге кейіпкер көзқарасының, пікірінің, өзіндік ойлауының әсер еткенін көретін болсақ, екінші бөлігіндегі модаль сөз арқылы болжалдық мәнді байқаймыз.

Модаль мәнді танытуда рай категориясынан бөлек етістіктің өзге де грамматикалық формалары белсенді қатысады. Етістік сөз табы сөйлемде көбіне баяндауыш қызметін атқаратындықтан, модальділіктің етістікке қатысты болуы заңды. Мысалы, *Саған бұлай ғашық болуға болмайды! Сен әлі жассың... Оның үстіне... ол үйленген адам. Екі баласы бар көрінеді* [11, 84]. Мұнда «болмайды», «көрінеді» етістіктері арқылы сөйлеушінің оқиғаға қатысты көзқарасы, қатынасы байқалады. «Ғашық болуға болмайды» тіркесінде тыйым салу, сол арқылы сөйлеушінің құптамау, іс-әрекетке теріс баға беруі көрінетін болса, «көрінеді» етістігі өзінің өткен шақтық, өздік етістік формасындағы негізгі мәнінде емес, болжалдық мәнін танытып тұр. Жалпы, сөйлеу барысында «көрінеді» етістігі өзінің тура мағынасында да, модальді рең мәнінде де жұмсала береді. Сондықтан бұл қолданыстың мәнмәтіндегі мағынасына назар аудару керек. Бұл сөйлемдегі «көрінеді» модаль мәнді етістігі жеке дара қолданыла алмайды, негізгі етістікке көмекші ретінде қолданыс тауып, сөйлеушінің айтылымға қатынасын білдіреді. Көркем мәтіннен алынған үзіндіге назар салатын болсақ, модальділік мәнін танытатын грамматикалық формалардан бөлек, интонацияның да қатысы барын байқаймыз. Мәтіндегі көп нүктенің өзі сөйлеуші ойының тиянақсыздығын, кідірісін, қобалжуын, ойды толық айтпауын, эмоциясын білдіреді. Сондықтан берілген үзіндіден сөйлеушінің психологиялық жай-күйін сипаттау барысында көп нәрсені айтқысы келетіндігін, сөздер ағынының толассыздығын білдіре отырып, автор модальділік мәніне ерекше мән береді.



Жақ, шақ категориялары да модальділікті білдіруде маңызды орын алады. Модальділік мәні сөйлеушінің көзқарасын, көңіл күйін, оқиғаға қатынасын көрсететіндіктен, І жақта қолданылатын етістіктерде анық көрінеді. Өйткені І жақ, жекеше түрдегі құрылым сөйлеушінің ойын ашық, қандай да бір көзқарасын нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Мәселен, *Егер менің бүгінгі тірлігім сізге орынсыз да өрескел боп көрінсе, солай ойладыңыз деп сізді кінәламаймын* [11, 50]. Мұнда «кінәламаймын» І жақтағы, жекеше түрдегі етістік қолданысынан сөйлеушінің көзқарасын анық аңғара аламыз. Бұл тұста грамматикалық формалар арқылы түрленген етістіктердің сөздің модальділігінен бөлек, сөйлемнің модальділігін тудыруға қатысып тұрғандығын байқаймыз. Адамның психологиялық жай-күйін, эмоциясын, қандай да бір ақиқат шындыққа қатынасын білдіруде грамматикалық формалардың алатын орны ерекше. Өйткені сөйлеу барысында коммуникант өзінің ойлау дәрежесіне, көңіл күйіне, бағалауына, ойының тереңдігіне сәйкес грамматикалық формалар мен категорияларды таңдайды. Кей жағдайларда модальділік мәні ашық құрылымдар арқылы емес, имплицитті түрде де көрініс табуы мүмкін. Ал грамматикалық формалар арқылы, соның ішінде баяндауыш қызметін атқаратын І жақтағы етістік сөз табы арқылы жасалған модальділік мәні кейіпкер көзқарасының сипатын айқын көрсетеді. Жоғарыда талдап өткен алғашқы сөйлемде *мін артпау, кінәламау, күндемеу* сынды модальділік мәні көрініс тапса, екінші сөйлемде *кешірмеу, мүмкіндік бермеу* теріс мәндегі модальділік мәні көрінеді. Екі баяндауыштың да грамматикалық құрылымында болымсыздық мәні болғанымен, алғашқы сөйлемде болымсыздық етістігінің жұрнағы позитивті модаль мән тудырса, екінші сөйлемде негативті модальділікті туындатып тұр. Бұдан шығатыны, грамматикалық құрылымдардың коммуникантқа, коммуникативтік жағдаятқа және мәнмәтінге тәуелділігінде. Сонда психоллингвистика шеңберінде модальділіктің сипаты адамның ойлау жүйесіне, ақпаратты қабылдау, қорыту, тарату, өңдеу қызметіне тікелей байланысты. Сөйлеуші өзінің мақсаты мен когнитивті мүмкіндіктері негізінде, психологиялық сипаты бойынша грамматикалық құрылымдарды қалайша түзетіндігі есепке алынады. Модальділік мәнін танытуда перформативті айтылымдар да өнімді жұмсалады. Мысалы, *Адалдығыңызға ризамын, – деді жігіт қыз сөзі мен үніндегі таза көңілді байқап* [11, 90]. Мұндағы «ризамын» перформативті айтылымы сөйлеушінің қатынасын тікелей, нақты білдіруге мүмкіндік береді.

Модальділік мәнін танытуға сұраулы мағынаны білдіретін грамматикалық құрылымдар да қатысады. Мысалы, *Кінәнің бәрін өз мойныма ала салсам қайтеді?* [11, 195]. Мұндағы «қалай етеді» тіркесінің кірігуінен жасалған күрделі сөзде сөйлеушінің белгісіздік, сенімсіздік мәнін аңғара аламыз. Бұл қолданыста сөйлеуші өз атынан, І жақта формасында сөйлем құрғандықтан, коммуниканттың айтылымға қатысты көзқарасы анық көрінеді. Сонымен қатар «қайтеді» кіріккен сөзі негізінде сөйлемге модальділік мәні үстемеленіп тұр. Белгісіздік, көмескілік, сенімсіздік модаль мәнін жеткізуде сұраулы формадағы қолданыстар жұмсалады. Себебі ойлау механизміне келер болсақ, сөйлеуші қандай да бір іс-әрекетке сенімсіздік танытып, белгісіздікке бой алдырса, «қайсысын таңдағаным, не жасағаным дұрыс» деген секілді сұрақтарға жауап іздей бастайды. Бұл өз кезегінде ойлаудан сөзге ауысқанда сұраулы құрылымдағы грамматикалық форма арқылы жарыққа шығады. Сондықтан біз талдап отырған сөйлемдегі «қайтеміз» қолданысы сұраулы мәндегі сөз болғанымен, мәнмәтінде модальділік мәні басым тілдік бірлікке айналады.

Жекелеген сөздер мен грамматикалық формалардан бөлек модаль мән сөз тіркестері арқылы да жеткізіледі. Сөз тіркестерінің құрамындағы жекелеген сөздер дара тұрғанда модальділік санатын танытпауы мүмкін, ал тіркес құрамында сөздер байланыса келіп, жаңа мәнге, модальділікке ие болады. Сөзбен сөзді байланыстыру, сөз тіркесін құру да – ойлау үдерісінің жемісі. Өйткені сөздердің байланыс ықтималдылығын есепке алу, олардың бір-бірімен стилистикалық, семантикалық тұрғыдан байланыса алуын және қабылдаушыға қалайша жететіндігін ескеру де адам психологиясымен, когнитивтік мүмкіндіктерімен байланысты. Мысалы, *«Қайда келе жатқанымды білемін, несіне сұраймын», – деп данышпанси қалуына жол болсын* [11, 151]. Мұндағы «жол болсын» тіркесі сырт қарағанда тілек мәніндегі тілдік құрылым болғанымен, бұл сөйлемдегі мағынасы негативті модальділікке ие. Мәнмәтінге назар салып, бұл сөз тіркесінің жұмсальым мағынасын талдап болсақ, қандай да бір іс-әрекетті құптамау, теріске шығару, ызалану, т.б. мәндерін аңғара аламыз. *Түссінсем бұйырмасын, – деді ол мұндай кереметтің сырын ашуға Сәргелдің көмегін сұрағандай таңдана қарап* [11, 169].

Бұл жердегі «түсінсем бұйырмасын» тіркесінің модальділік реңкі айқын. Мұндағы модальділік «түсінбеу», «анықсыздыққа» сай келеді. «Түсінсем» шартты райлы сөзі арқылы нақты мағына берілгенімен, сөз тіркесінің екінші бөлігінде «бұйырмасын» сөзімен тіркесуі негізінде модальділік мәні үстемеленіп берілген. Аталған сөз тіркесі сөйлеушінің оқиғаға қатысты тек түсініксіздік мәнін ғана емес, көзқарасын да, теріс бағалаушытық мәнін де танытып тұр. Бұл қолданыс сөйлеушінің қатынасын, күшейткіш сипаттағы пікірін де білдіреді. «Түсінбедім» сөзі мен «түсінсем бұйырмасын» қолданыстарын салыстырар болсақ, екінші тілдік жұмсалымда коммуникаттың ой-пікірі, эмоция анық көріп тұрғандығын байқаймыз. Қандай да бір коммуникативті жағдаяттағы сөйлеуші өзінің сол мезеттегі көңіл күйі мен психологиялық жай-күйіне байланысты тілдік қолданыстарды жұмсайды. Бұл тұста автордың кейіпкер тіліне «түсінсем бұйырмасын» модальділік реңкі басым сөз тіркесін салып беруі, оның психологиялық ерекшелігін оқырманға жеткізу идеясымен де байланысты.

*Модаль сөздер арқылы модаль мағынаның берілуі.* Сөйлеу үдерісінде коммуниканттың көзқарасы мен қалауынан, өзіндік пікірінен туындаған ой нақтылы модаль сөздер арқылы да жарыққа шығады. Модаль сөздердің модальділікті танытуы, модальді мәнді білдіруі айқын. Модаль сөздер сенімсіздік/ сенімділікті, мүмкіндікті, шарасыздықты, түсіністікті, т.б. көптеген адамның психологиялық жүйесімен, ойлау әрекетімен байланысты мағыналарды білдіреді. Біз талдап отырған көркем шығармадан да модаль сөздерді көптеп кездестіруге болады. Солардың негізгілеріне психолингвистикалық тұрғыдан талдау жүргізіп көрейік. Мысалы, *Бәлкім, ол менің әлі балалығымды пайдаланып осылай өктем сөйлеп отырған шығар* [11, 151]. Бұл сөйлемде болжалдық мағына айқын көрінеді. Қарап тұрсақ, сөйлемнің басында да, соңында да автор модаль сөзді қолданады. «Бәлкім» және «шығар» модаль сөздерінің екеуі де болжалдық мәнді білдіреді. Сөйлеушінің оқиғаға қатысты, коммуникативті жағдаятқа сәйкес анық емес көзқарасын танытуы түрлі тілдік бірліктер негізінде жүзеге асуы мүмкін, алайда болжалдық мәнді білдіруде «бәлкім», «шығар» модаль сөздері көзқарасты анық жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар екі модаль сөздің бір сөйлемде қолданылуы сөйлемнің модальділік реңкін арттыра түседі. Соған сәйкес автордың кейіпкер психологиясындағы болжалдық, анық емес көзқарасын нақтылап жеткізу ұстанымының болғанын байқай аламыз.

«Жоқ» модаль сөзінің тіркес құрамында қолданылуы да сөйлеуші көзқарасының қай бағытта екендігін анық көрсетуге мүмкіндік береді. *Менің ешқандай жаман ниетім жоқ, – деді жігіт ойындағысын айтып қалуға асығып, тез-тез сөйлеп* [11, 65]. Мұндағы «жаман ниетім жоқ» қолданысынан сөйлеушінің нақты көзқарасын, пікірі мен ойын аңғарамыз. «Жоқ» модаль сөзінде көбіне негативті, терістеу мағынасы болғанымен, бұл сөйлемдегі қолданысында «жоқ» сөзі коммуникант ниетінің дұрыс екендігін, көзқарасының оң екендігін жеткізу үшін қатысып тұрғандығын аңғарамыз.

*Модальділіктің қыстырма оралымдар арқылы берілуі.* Қыстырма оралымдар сөйлеушінің оқиғаға қатысты көзқарасын, қатынасын, байланысын, пікірін білдіруде өнімді қолданылатын құрылым болғандықтан, олардың бойындағы модальділік мәні айқын көрінеді. Сөйлеуші өзінің эмоционалды жай-күйі мен бағамдауына, ойлау дәрежесіне сәйкес түрлі қыстырма оралымдарды сөйлеу әрекеті кезінде қолдана алады. Көркем шығармаларда да автор ұстанымына сәйкес кейіпкер психологиясындағы ерекшелікті танытуда қыстырма оралымдар өнімді жұмсалады. Мысалы, *Шамалауымша, бұл кісі сіздің жеңіз болу керек, – деді жігіт газеттің біреуіне үңіліп қыз жаққа назар да аудармай* [11, 5]. Мұнда «шамалауымша» бірінші жақтағы сөйлеушінің тікелей көзқарасын танытатын қыстырма сөзі қолданылған. «Менің ойымша», «менің пікіріме сәйкес», «шамалауымша», т.б. мәніндегі коммуниканттың ойы мен пікірін анық жеткізетін қыстырма оралымдар сөйлемде пікірге қатысты субъектінің өз жорамалын білдіру үшін жұмсалады. *Бағила, артық болса кешіріңіз, бірақ менің өмірдегі орным ақын-жазушыларды қанишалықты білуіме байланысты емес қой деймін* [11, 14]. Бұл сөйлемдегі «артық болса кешіріңіз» қыстырма оралымы сөйлеушінің ойын анық, нақты жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндағы қыстырма оралымда сыпайылық, өз пікірін айтуда имену, пікірін орындылығын саралау сынды ойлау үдерісімен байланысты құбылыстар да бар.

*Модальділіктің эмотивті және бағалаушытық лексика арқылы берілуі.* Сөйлеу барысында коммуниканттың эмоционалды, психологиялық жай-күйіне байланысты айтылымдарда эмотивті, бағалаушытық мән басымдыққа ие болады. Түптеп қарағанда, коммуникация бары-

сында кез келген сөйленістен эмотивті мән мен бағалауыштық мағынаны көруге болады. Мысалы, *Не деген сұмдық!* – *деді көзін алартып* [11, 58]. Мұндағы «сұмдық» сөзінің эмотивтілік мәні басым. Бұл эмотивтілік сөйлеушінің бағалауын, бағамдауын, көзқарасын танытады. Сол арқылы модальділік мағынаны жеткізудің бір тәсіліне айналады. Ал бұл мәтінде эмотивті лексика арқылы терістеу, ұнатпау, кері бағалау модальділік мәні байқалады. *Ойтырмай, қолыңа билік тимей жүр екен дағы, – деп жалғастырды ол кісілердің алдына тапочка қойып жатып, – бұрын жиі келуші едің, бастық болдың да көруден қалдық* [11, 23]. Мұндағы «ойтырмай» көңіл күй одағайы қатысып тұрған сөйлемде бұл одағай эмоцияны танытуға, эмоция негізінде модальділік мәннің жасалуына негіз болған.

*Модальділіктің дауыс ырғағы арқылы берілуі.* Модальділік тек лингвистикалық қана емес, психологиялық та құбылыс болғандықтан, вербалды амалдардан бөлек сөйлеу барысындағы дауыс екпіні, дауыс ырғағы, дауыс толқыны сияқты экстралингвистикалық факторлар да әсер етеді. Яғни сөйлеушінің көзқарасын таныту барысында тілдік бірліктермен қатар, сол қолданыстарды жеткізудегі дауыстың ырғағы да оның көзқарасын, ойын танытуға мүмкіндік береді. Мысалы, *Неге екенін өзім де білмеймін, білсем білетін де шығармын... бар білетінім тұғырға қонар сұңқар болып жаратылып, қарға мен жаспалақтарға ілесіп бұтаққа қонып қала ма деп қимадым* [11, 151]. Мұндағы көп нүктеден сөйлеушінің дауыс ырғағының үзілісін, ойын толық айтпауын, кідірісін байқаймыз. Ал бұл коммуниканттың дауыс екпіні арқылы сенімсіздік, ішкі психологиялық арпалыс сынды модальділік мәнін байқай аламыз. Бұл мәтінде дауыс екпінінен бөлек, тікелей модаль мәнді танытатын қолданыстар да бар: *«Неге екенін өзім де білмеймін, білсем білетін де шығармын...»*. Осы сөйлемде сөйлеушінің пікірінің нақты емес екендігін, коммуникант ойының шашыраңқы екендігін аңғарамыз. Мәтіндегі коммуникант ойының тұрақсыздығы, эмоциясы, ойды толық аяқтамауы модальділікті анық көрсетеді.

Сонымен, психолингвистикадағы модальділікті білдіру амалдарын қарастыру тілдегі эмоционалды бояуды анықтауға, сөйлеушінің ойы мен тілдік тұлғасының байланысын айшықтауға мүмкіндік береді. Грамматикалық формалар мен категориялар, модаль сөздер, қыстырма оралымдар, эмотивті лексика және дауыс ырғағы модальділікті білдірудің психолингвистикалық амал-тәсілдеріне жатады. Бұл амалдар тіл мен ойлау арасындағы байланыстың күрделі сипатын көрсетеді, мұнда әрбір лингвистикалық элементті модаль мағыналарды берудің нақты арнасы ретінде қарастыруға болады. Тілдің эмоционалды және модаль бояуы сөйлеуші дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктері туралы маңызды ақпарат береді. Бұл саладағы зерттеу одан әрі тереңірек зерделеуді қажет етеді. Компьютерлік технологиялар мен статистикалық модельдерді қолдана отырып, деректерді талдаудың заманауи әдістерін дамыту модальділікті білдірудің механизмдерін терең түсінуге жаңа мүмкіндіктер береді. Психолингвистикадағы модальділікті білдіру амалдарын зерттеу тек тілтанушылар үшін ғана емес, психологтар мен педагогтар және мәдениетаралық коммуникация саласындағы мамандар үшін маңызды зерттеу бағыты болып табылады.

## Әдебиет

1. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 153 б.
2. Shynkaruk V., Kharchenko S. Communicative-Functional Potential of Incentive Modality in Psycholinguistic Dimension // Psycholinguistics. – 2020. №2 (28). – 183 – 203 p.
3. Копбаева Ж. Мәтінді психолингвистикалық аспектіде зерттеу // New era international social researches. – 2018. №3. – 28 – 32 б.
4. Пешкова Н. Психолингвистика текста: Теория смысла А.И. Новикова. [Электронды ресурсы] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psiholingvistika-teksta-teoriya-smysla-a-i-novikova/pdf> (Қаралған уақыты: 16.11.2023)
5. Иманқұлова С., Ш. Рамазанова. Рай категориясын танудағы ерекшеліктер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. №5-6 (139-140). – 19 – 22 б.
6. Слямбеков Қ. Қазақ тіліндегі модальділік категориясының грамматикалық репрезентациясы // Tiltanym. – 2022. №2 (86). – 86 – 97 б.
7. Заирова Д. Психолингвистикадағы ойлау мен жазу // СДУ Хабаршысы. – 2019. №3 (48). – 18 – 23 б.
8. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 180 б.

9. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
10. Ешнұяз Г., Жолшаева М., Алимтаева Л. Модальділік категориясының типологиясы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. №4 (188). – 60 – 70 б.
11. Исабеков Д. Қарғын. Роман. – Алматы: Атамұра, 2012. – 272 б.

**Шалқар КЕҢЕСБЕК**

*Еңбек орта мектебі*

*ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-модератор*

*педагогика ғылымдарының магистрі*

*(Қазақстан, Жамбыл облысы)*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «БАСПАНА» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Андатпа.** Бұл мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі «баспана» ұғымының лингвомәдени концептуализациясын зерттеуге бағытталған. Қазақ және ағылшын мәдениеттерінің мақал-мәтелдері негізінде үй мен отбасыға қатысты құндылықтар жүйесі талданады. Зерттеу барысында екі тілдегі гендерлік компоненттер салыстырылып, мақал-мәтелдер арқылы әйелдер мен ерлердің рөліне қатысты әлеуметтік қабылдаулардың айырмашылықтары айқындалады. Мақал-мәтелдер этносаралық қарым-қатынас пен ұлттық сана ерекшеліктерін зерттеуде маңызды лингвомәдени элемент ретінде қарастырылады.

**Тірек сөздер:** лингвомәдениеттану, баспана концепциясы, гендерлік компонент, мақал-мәтелдер, қазақ тілі, ағылшын тілі, әлеуметтік қабылдау, этносаралық қарым-қатынас.

«Үй» немесе «Баспана» ұғымы ағылшын тілінде, қазақ тілінде де отбасы мүшелерімен, әке мен ананың рөлі, кейде көршілердің маңыздылығы сияқты бірқатар индивидтермен тікелей байланысты. Кез келген халықтың, яки ұлттың болмысын, ойлау жүйесін, когнициясын таныту мақсатында мақал-мәтелдер лингвистикалық гендерологияда ерекше талқыға ие болып жүргендігі жасырын емес. Мақал-мәтел ұлттың мәдениетін зерттеуде, оны насихаттауда өте маңызды боп саналады [1].

Жалпы, мақал-мәтелдерде, я болмаса қанатты сөздерде отбасылық институттағы әке мен ананың мінездемесі, ерекшелігі суреттеледі. Салыстырмалы түрде, қос тілде ананың орны мен әкенің маңызы жайында мақалдар жетерлік. Мақал-мәтелдердегі аналарға, яғни әйелдерге қатысты мінездемені «қатыгез» және «ақылды» деп екіге бөлуге болады. Ал, ер адамдардың мінездемесін «батыл» және «арамза» деп жіктеуге негіз жетерлік. Қазақ тілінде «Үй» ұғымы «қонақжайлылықпен» байланысты. Мысалы, «кісі кірмеген үй-моламен тең». Бұл мақалда кез келген мерекеді, тойда туған-туысқандарды шақырып, бір ақ дастарқан басында жиналып, әңгіме айтып қарым-қатынасты дамыту мақсаты жайында айтылып тұр.

Сонымен қатар, әртүрлі ұлттың тарихында әртүрлі гендерлік қабылдау бар және әр ұлттың ер мен әйел жайлы қабылдаулары, түсініктері мақал-мәтелдер арқылы көрініс табады.

Ағылшын тілімен салыстырғанда қазақ тіліндегі мақалдардың негізгі ерекшелігі – көбінесе ер адамдардың картинасын жасауында. Мақал-мәтелдердің басым көпшілігі ер адамдарды тек жағымды жағынан суреттейді: батыл, батыр, өжет, тік мінезді, ұлық. Мәселен, «тура ағаш үйге тірек, тура жігіт елге тірек», «ауыр жүкті нар көтерер, ел жүгін ер көтерер», «батыр жігіт жол бастар, ақын жігіт той бастар».

Қазақ мәдениетінде қазақ әйеліне байланысты ой-орамдар тіпті бөлек. Ендеше, қазақ мақал-мәтелдеріндегі әйел образын аша алатын бірнеше мақалдарға тоқтала кетелік: Мен make houses, women make homes – әйел үй сақтайды, еркек тұз сақтайды; еркек – үйдің егесі, әйел – үйдің шегесі.

Қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі гендерлік компоненттердегі мақал-мәтелдерді сараптай келе, мынадай қорытынды жасадық: мақал-мәтелдердің басым көпшілігі әйелдерге арналған еді және кейбіреулерінде әйелді жағымсыз мағынада суреттейді.

Бағзы заманда, адамдар бақытсыз, сәтсіз істер мен құбылыстар үшін арнайы адамдарды жамандайтын болған. Көптеген деректерге сүйенсек, әйел образын әлсіздік ұғымымен байла-

ныстырса, еркектерді физикалық тұрғыда, тіпті ойлау жүйесі бойынша салыстырмалы түрде ақылды деп санаған. Сондай-ақ, әйелдер жағымсыз мінез-құлықтары үшін көбінесе кінәлі деп танылған [2].

Әр адамға өз үйі жұмақпен тең деп бұрынғылар бекер айтпаса керек. Отбасы мен үй әртүрлі затпен байланыстырып, теңеледі. Мысалы, *My home is my castle – Мой дом моя крепость – Өз үйім – кең сарайдай боз үйім*. Балаға, қызға, ана мен әке деп жекеленген мақал-мәтелдер бар. Мәселен, *Like mother, like daughter-* Анасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш. Бұл мақалдар ұзақ бақылау мен тәжірибесінің арқасында зерттелді, себебі ата-аналар өздерінің балалар мен қыздары жайлы алаңдайды. Әр адам өзінің бала-шағасын дұрыс жолда жетілгенін, өскенін қалайды: *Little children, little sorrow, big children, big sorrow-* Баланы жастан. Бала тәрбиесі қазір де, бұрын да өзекті мәселе болған.

Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

Балалы үй базар, Баласыз үй қу мазар.

Бесіксіз үйде береке жоқ.

Үйің үй-ақ екен, ішінде ойнайтын баласы болса.

Сонымен қатар, отбасының келесі тақырыпшасы үйлену той, жалпы үйленуге бағытталады. *Marriage comes by destiny-* Екі жақсы қосылса, өлгенше дос болады, екі жаман қосылса, өлгенше қас болады.

Қонақжайлылық, мысалы:

Қонақ келсе-құт,

Қарақшы келсе-жұт.

Отты үрлей берсең, өшіресің.

Көршіні күндей берсең, көшіресің.

Бірақ ағылшынша бұл мақалдарға тең келетін мақалдар, яки баламасы жоқ.

Әлеуметтік коммуникация:

«*Do in Rome as the Romans do*» деген мақал әдетте басқа ұлттарға деген сыйластықты, олардың мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуді білдіреді. Кімнің жерін жерлесен, соның отын ота – *В чужой монастырь со своим уставом не ходят*. Кейбір коммуникацияға қатысты мақалдар халықтың эмоциясымен тікелей байланысты. Мәселен, бақыт, қуаныш, мұңаю және басқалары. Мысалы, *He lives long that lives well – Көңілдінің үйінде күнде мейрам, күнде той – В добрый житье кудр выются*. Негізінде бұлар жай ғана сөйлем болып табылады, тек халық ұзақ бойы қолданған соң мақал қатарына жатқызылып жүр [3].

Үйдің жылы-суығын,

Қыс түскенде білерсің.

Ағайынның алыс-жақынын

Іс түскенде білерсің.

Адамдар үшін әлеуметтік арақатынас маңызды рөл атқарғаннан кейін, оларға арналған мақал-мәтелдер де көп. Халықтың қабілетін, болмысын көрсете алатын махаббат, сатқындық, білім секілді ұғымдар мақалдарға арқау бола біледі. Синтактикалық нормаларға байланысты фразеологиялық бірліктер жіктеледі. Бұл жөнінде зерттеген ғалым деп И.В.Арнолдты айта аламыз. Көптеген мақалдар метафорадан тұрады, мәтелдер метафорадан тұрмайды. Мысалы, *Жақсы да болса-өз үйім, Жаман да болса-өз үйім*. Кең сарайдай боз үйім. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер мақал-мәтелдер, идиомалардың этникалық эстетикалық болмысын және контекстегі функциясын тануға үлкен мүмкіндік береді. Ғылымды әртүрлі тілде түсіне отырып, кез келген адам көңіл көкжиегін ашып, әлемді жан-жақсы зерттей алады. Жоғарыдағы үш тілді зерттей отыра, олардың тілдік құрылымында, сөздердің мағынасында ұқсастықтар көп екендігіне көз жеткізе аламыз. Қандай тілдік семьясында болмасын, сөздердің дыбысталуы әртүрлі болса да барлық тілдік өзегі бір, бастауы бір [4].

Құм үстінде ине сабақтама,

Түсіп кетсе, табылмас.

Қонар үйді бір күнде адақтама

Қоналқы ертең табылмас.

Ағылшын тілінде мақал-мәтелдердің орны ерекше, бірақ аударма жұмыстарын жасау кезінде көптеген қателіктермен ұшырасамыз. Сонымен қатар, мақалдарды бір тілден екінші



тілге тасымалдаудың көптеген жолы бар, бірақ ол күрделі үрдіс болып саналады [5].

Біздің жұмысымыздың аясында қазақ және ағылшын тілдерінің өкілдерінің дүниетанымына талдау жүргізу үшін еркін және бағытталған ассоциативті эксперимент деректері қолданылды. Өртүрлі лингвомәдени өкілдері қатысты. Зерттеу 2023 жылдың ақпан-наурыз айларындағы тағылымда барысында өзім барған *Стамбул университетінде*, *филология факультетінің базасында өтіп, сондай-ақ шет елден келген студенттер мен магистранттар, докторанттар және басқада қатысушылардың арасында жүргізілді. Респонденттердің жалпы саны 20 адамды құрады, жас санаты 18-ден 25 жасқа дейін өзгереді. Субъектілер арасындағы негізгі саралау критерийі ретінде әртүрлі лингвистикалық мәдениеттерге жататындығы көрсетілген, бұл жағдайда жыныс немесе жас ерекшеліктері екінші орынға қойылды. 20 студенттің жартысы қазақ мәдениетінің, жартысы Ұлыбритания азаматтары мен азаматшалары болды.*


*Еркін ассоциативті эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеу статистикалық әдістермен жүргізілді, оның көмегімен әр ынталандыр үшін ассоциациялардың жалпы санында бірдей реакциялар саны есептелді және әр реакцияның пайда болу жиілігінің көрсеткіші анықталды.*

Экспериментке қатысушыларға көрсетілген ынталандыруға (стимул) үш жауап сөзін жазу ұсынылды: бір зат есім, бір сын есім және бір етістік. Жазбаша ассоциативті сауалнама жүргізудің алғы шарты жылдамдық, яғни реакция жылдамдығы болды: сыналусылардың (тәжірибеге қатысушылар) ойларына бірінші келген ассоциацияларды еш ойланбастан сауалнамалар нысандарында көрсету керек болды.

«Үй» ұғымының ассоциативті қатарын анықтауға бағытталған бұл лингвистикалық сауалнама әдісі екі түрлі этностағы «үй» концептуалды өрісінің мазмұндық жағын дәл жобалауға мүмкіндік береді.


Сонымен, home сөзі туралы ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында келесі ассоциациялар анықталды:

Nouns (зат есімдер): parent – ата-ана (31,7%), brothers – бауырлар (10,3%), window – терезе (7,8%), picture – сурет (6,9%), table – үстел (5,5%), bed – төсек (4,8%), comfort – ыңғайлылық, жайлылық (4,1%), carpet – кілем (3,4%), pillow – жастық (3,4%), dog – ит (2,7%), bungalow – жазғы үй (2,7%), curtain – перде (2,1%), TV – телевизор (2,1%), computer – компьютер (1,4%), food – тамақ (1,4%), happiness – бақыт (1,4%), garage – гараж (1,4%), support – қолдау (0,7%), childhood – балалық шақ (0,7%), goodness – жақсылық (0,7%), warm – жылу (0,7%).




1-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (зат есім)

Adjectives (сын есімдер): happy – бақытты (29%), әдемі – beautiful (24,8%), қамқор – caring (10,4%), жақын – close (7,6%), тыныш – quiet (6,2%), бағалы – valuable (5,5%), small – кішкентай, үлкен емес (4,8%), ерекше – unusual (4,2%), clean – таза (3,4%), strict – қатал (2,7%), blue – көк (1,4%).



2-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (сын есім)

Verbs (етістіктер): live/reside – өмір сүру (24,1%), sleep – ұйықтау (12,4%), go – жүру (11%), relax – демалу, рақаттану (9,6%), cooking – тамақ дайындау (5,5%), return – оралу (4,1%), welcoming – қонақтарды қарсы алу (4,1%), renovate – жөндеу (3,4%), arrive – келу (3,4%), preserve – қорғау (2,7%), build – салу (2,7%), warm – жылыту, жылу жасау (2,1%), fly – ұшу (2,1%), rest – демалу (1,4%), laugh – күлу (1,4%), enjoy – ләззат алу (1,4%), comfort – жайлылық жасау (1,4%), сондай-ақ share – бөлу, үйде басқамен бірге тұру (0,7%), come – келу (0,7%), stay – қалу (0,7%), pag – кінәрат табу, біреуге күңкілдеу (0,7%).



3-сурет – “Home” сөзінде қатысты ағылшын тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасында ассоциациялар (етістік)

Ассоциативті эксперименттің мәліметтері бойынша, home лексемасы вербализациялаған «баспана» концептуалды өрісіне қатысты келесі сөздер(реакциялар) анықталды, бұл сөздер олардың жиілік дәрежесіне байланысты, қарастырылып отырған концептосфераның айналмалы аймағын, орталығы мен шеткері аймағын құрайды:

Ядро маңындағы аймақ мынадай лексикалық бірліктермен өрнектелген: parent – ата-ана (31,7%), brothers – бауырлар (10,3%), happу – бақытты (29%), әдемі – beautiful (24,8%), live/reside – өмір сүру (24,1%), sleep – ұйықтау (12,4%), «home» семантикалық өрісінің орталығы келесі ассоциациялармен ұсынылған: parent – ата-ана, happу – бақытты, live/reside – өмір сүру.

Периферия келесі сөздермен ұсынылған-реакциялар: parent – ата-ана, brothers – бауырлар, window – терезе, picture – сурет, table – үстел, bed – төсек, comfort – ыңғайлылық, жайлылық, carpet – кілем, pillow – жастық, dog – ит, bungalow – жазғы үй, curtain – перде, TV – теледидар, computer – компьютер, food – тамақ, happiness – бақыт, garage – гараж, happу – бақытты, әдемі – beautiful, камқор-caring, жақын – close, тыныш – quiet, бағалы – valuable, small – кішкентай, үлкен емес, ерекше – unusual, clean – таза, blue – көк, cooking – тамақ дайындау, return – оралу, welcoming – қонақтарды қарсы алу, renovate – жөндеу, arrive – келу, preserve – қорғау, build

– соғу (үй, ғимарат), warm - жылыту, жылу жасау, fly – ұшу, rest – демалу, laugh – күлу, enjoy – ләззат алу, comfort – жайлылық жасау, сондай-ақ жақын жеке ассоциациялар share - бөлу, come – келу, stay – қалу, nagging – қайғыру, уайымдау.

«Баспана» ұғымы мен адамдардың өмірі олардың баяғыдан бері келе жатқан салты мен тарихына байланысты болады. Бұл фразеологиялық бірліктердің ең универсалды ерекшелігі. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерге сүйенсек, мақал-мәтелдер лингвомәдени тақырыптық топ бойынша жіктеледі: адамдардың тәжірибесі жайлы мақалдар, бірнәрсенің алдын алу жайлы мақалдар, адамдардың дағдысының сыни ойлауы жайлы, философиялық көзқарастар, адамдардың даналығы жайлы мақалдар. Бұл зерттеу мақал-мәтелдердің бір тілден екінші тілге балама мағынада ғана тасымалданатындығын анықтады.

#### Әдебиет

1. Akhmetov S.G. Dictionary of English proverbs, sayings, phraseological units and methods of transmission in Russian, Kazakh and German languages.- Almaty: Mektep, 2009.-224p.
2. Modestov V. English Proverbs and Sayings with their Russian equivalents. – Moscow: Khudezhestvennaya Literatura, 2000 – 412 p.
3. Кузьмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. Спб, Лань. – 1996.
4. Английские и русские пословицы и поговорки в иллюстрациях.- М.: Просвещение, 1995.
5. Баймаханов Т., Байтелиев А.А., Утешева Н.И., Тайтулеуова Н. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках. Алма-Ата: Мектеп, 1998.

**Guldana SARBASSOVA**

*University of Amsterdam, the Netherlands  
scientific researcher, candidates degree in philological sciences  
(Netherlands, Amsterdam)*

### **KAZAKH HORSE-RELATED IDIOMATIC PHRASES AND THEIR SEMANTIC FIELDS THROUGH THE ‘PRISM’ OF ETHNOLINGUISTICS**

**Abstract.** The purpose of this study is to get some inside into Kazakh culture through the ‘prism’ of horse-related phrases and reveal their semantic fields. The study reveals, for the first time, that horse-related phrases in Kazakh can be categorized by their grammatical substance: namely verbal, adjectival, and adverbial. Adjectival and adverbial horse-related phrases are always fixed while verbal phrases are subdivided into fixed and flexible: fixed phrases are the phrases that cannot be used in negative or positive polarity items while flexible phrases can be used simultaneously. The term fixed and flexible phrases was coined by the author of this article. The study concludes that Kazakhs use horse-related phrases instead of verbs, adjectives, and adverbs.

**Keywords:** ethnolinguistics, cultural linguistics, Kazakh horse-related idiomatic phrases, semantic fields, fixed and flexible phrases

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жылқыға қатысты фразеологизмдер алғаш рет семантикалық өрісі тұрғысынан зерттеліп, олардың тұрақты не икемді фразеологизмдер қатарына жататындығы анықталды. Атап айтқанда, жылқыға қатысты сөз тіркестердің сын есімді, үстеулі және етістікті фразеологизмдер болып бөлінетіндігі және олардың шығу салдары айқындалды. Тұрақты не икемді сөз тіркестері деген терминді алғаш рет осы мақаланың авторы енгізді. Зерттеу жұмысында қазақтардың жылқыға қатысты сөз тіркестерін етістік, үстеу және сын есім орындарына қолданатындығы анықталды.

**Тірек сөздер:** этнолингвистика, мәдени тіл білімі, фразеологизмдер, семантикалық өріс, тұрақты және икемді сөз тіркестері.

**Аннотация.** Цель данного исследования – проникнуть в казахскую культуру через «призму» конных словосочетаний и раскрыть их семантические поля. В результате исследования впервые выявлено что фразы связанные с лошадьми в казахском языке можно разделить по грамматическому со-

держанию: глагольные, прилагательные и наречия. Прилагательные и наречия всегда фиксированы, а глагольные словосочетания подразделяются на устойчивые и гибкие: устойчивые словосочетания это которые нельзя использовать в предметах отрицательной или положительной полярности, тогда как гибкие словосочетания могут использоваться одновременно. Термины фиксированные и гибкие фразеологизмы были введены автором этой статьи. В исследовании делается вывод, что казахи используют фразы связанные с лошадьми вместо глаголов, прилагательных и наречий.

**Ключевые слова:** этнолингвистика, лингвистика культурологии, фразеологизмы, семантическое поле, устойчивые и гибкие фразеологизмы

## 1. Introduction

The present study investigates Kazakh culture through the horse-related phrases in the framework of ethnolinguistics and reveals semantic fields of these phrases. The semantic field can be categorized according to a set of terms that interrelated with one-another [1] while ethnolinguistics explores how features of human languages are entrenched in cultural worldviews such as in phrases [2], because phrases containing ethno-cultural aspects occur in a language through the experiences of people [3]. Historically, the horse has played a crucial role in the lives of Kazakhs because of the Siberian winter. Horses are supremely well adapted to the cold grasslands where they evolved. People who live in cold grasslands with domesticated cattle and sheep would soon have seen the advantage in keeping horses for meat, because the horses did not need fodder or water [4]. Moreover, to withstand long steppe winters and the brutal cold of Botai, people required high consumption of fat to insure sufficient caloric intake and horse meat is low in saturated and high in polyunsaturated fats, amino acids, minerals, and vitamins [5]. Therefore, it is unsurprising to find that horses feature heavily in the rituals, arts, and cuisine of the region, and a symbol of Kazakh culture [6]. Therefore, many equestrian phrases occurred in the Kazakh language.

The semantic field of horse-related idiomatic phrases are *adjectival*, *adverbial*, and *verbal idioms* in which verbal idioms are subdivided into *fixed* and *flexible idioms* according either to their positive or negative polarity items and flexibility while adjectival and adverbial idioms are always fixed. *Fixed verbal idioms* occurred in Kazakh that symbolized customs and traditions in Kazakh history while *flexible verbal idioms* emerged from Kazakhs' daily-life experiences. For example, Ayapov [7] states that in Kazakh history warriors *bind the tail of the horse* symbolized that they would fight till the end on the battle field. At the beginning, binding the tail of the horse was a tradition between warriors to promise each-other that they will fight until the end on the battle field, after a while *ат құйрығын байлау* (to bind the tail of the horse) became an idiom in Kazakh that gives the meaning 'to promise' and used among Kazakhs instead of verb. It is not possible to add into this idiom a negation to use it in a negative polarity because the originality of this phrase symbolizes the "shared tradition" among Kazakh warriors. Therefore, these idioms are always fixed.

However, flexible verbal idioms can be used simultaneously either in positive or negative polarities because they occurred in Kazakh through the daily-life experiences. For instance, the following phrase *ат ізін салу* (to leave the horse trace) is associated with a horse that left traces on the ground that was taken from the life experience of Kazakh people and symbolized 'to visit/to support relations'. Respectively, the negative form of this phrase *ат ізін салмау* (not to leave the trace of the horse), by adding the negation *-ма* means 'not to keep relation with someone; not to come to visit someone'.

The previous studies [8; 2; 9] categorized horse-related phrases according to meaning. The main difference between meaning and semantic fields lie that the meaning can be any horse-related phrases according to an author's selection such as age, gender, color, body parts, measuring units, and synonymic words among others while semantic fields are constituted by the application of a set of labels to an area of thought, perception, or experience [10; 1]. The current study fills the gap in the category of verbal, adjectival, and adverbial horse-related phrases by revealing their semantic fields and explores them from an ethnolinguistic-perspective to gain more insight into Kazakh traditions, customs, and beliefs.

## 2. Theoretical Background

### 2.1 Ethnolinguistics vs Cultural Linguistics

There are two different notions involved in accordance with the framework of ethnolinguistics

and cultural linguistics. Both fields are relevant for understanding Kazakh culture to distinguish the semantic field of the *horse*. The main difference between ethnolinguistics and cultural linguistics is that ethnolinguistic studies investigate the relationship between ethnos and its language [11], whereas cultural linguistic studies investigate the relationship between language and culture [12; 13]. I propose to consider ethnolinguistics and cultural linguistics as two sides of the coin.

Palmer's [12, 5] theory of cultural linguistics proposes that cognitive linguistics can be tied to the study of language and culture, an area that had traditionally fallen within the scope of anthropological linguistics: Boasian linguistics, ethnosemantics, and the ethnography of speaking. Underhill [14, pp. 17-30] argues that these three traditions referred to the view that language and culture are interrelated; therefore, language needs to be studied within its socio-cultural context. For Palmer these traditions reveal an interest in cognition, although they do not engage with the cognitive aspects of language and culture; the gap could be filled by cognitive linguistics as conceptualization. Sharifian [13, pp. 517-518] supports this view, exploring how features of human languages and language varieties are entrenched in cultural conceptualizations such as cultural schemas, cultural categories, and cultural-conceptual metaphors. For instance, the speech act of "greeting" in some languages uses semantic items associated with cultural schemas of eating and food; in some other languages it is associated with the health of the interlocutors and their family members. According to Sharifian, the conceptual system of human beings structures how they perceive the world, how they think and what they experience. Overall, the view of Palmer, Sharifian, and Underhill emphasizes that language and culture are interrelated, and both are based on a conceptual system. Therefore, people's experiences and their worldview reflect their language.

The same applies to ethnolinguistic theory that has been first introduced in Kazakhstan and applied to the Kazakh language by Kaydar who points out that an ethnolinguistic research gives researchers tools to uncover ethnos' culture, worldview, and spiritual richness. *The dictionary of linguistic terms* defines: "the term 'ethnolinguistics' as a branch of macrolinguistics that studies the relationship between language and people, and the interaction of linguistic and ethnic factors in the functioning, and development of language (translated from Russian into English by the author of this paper)" [15, p. 539]. Thus, ethnolinguistic research uncovers facts from early history until the present days that stored in a language, which is possible to reveal, as the entire history of an ethnos reflects in its language.

If this is true, then we should be able to reveal the life experience and worldview of the Kazakh people through the horse-related phrases in Kazakh. The horse has played an enormous role in all aspects of Kazakh life and throughout history. Thus, the present study applies ethnolinguistics and cultural linguistics to the Kazakh language to investigate the Kazakh conceptualizations about the world through the horse-related phrases and reveal their semantic fields.

## 2.2 The Semantic Field Theory

The semantic field theory is used as a framework in this analysis. The semantic field theory was first proposed by Ferdinand de Saussure [1]. According to the Saussurean paradigm, the system of signs has its roots in the understanding that semantic fields are constituted by the application of a set of labels to an area of thought, perception, or experience [1]. For instance a simple contrast set that contains a covering term and two or more terms which contrast with one another: the term sibling, sister, brother, form the simple contrast set {sibling: sister, brother}, in which the covering term is sibling or the terms naming the seasons {season: summer, autumn, spring, winter}, in which season is the covering term [10]. According to the fact, the horse became a part of semantic field. For instance, the semantic field of the horse could be an animal, food, transport, and sport. In addition, for Kazakhs the semantic field of the horse is higher from its position, because the horse is a part of ethnographic context and became a symbol and intangible cultural heritage for modern Kazakhstan [16; 17].

The semantic field of the horse can be matched to horse-related linguistic phrases displaying the form of different lexicological categories, including verbal, adjectival, and adverbial phrases. Therefore, in the present study, the semantic field of the horse was categorized relying on Kaydar's [18] lexical and morphological categorization. Kaydar's [18] theory is remarkably similar with Saussurean paradigm because both fields are dealing with grouping the set of terms that are interrelated with one-another. For instance, Kaydar [18] sub-categorized Kazakh phrases into verbal and nominal phrases.



Nominal phrases have three branches: adjectival phrases, adverbial phrases, and noun phrases in which the covering term is nominal phrases. The covering term for verbal and nominal phrases is lexical and morphological category. Kaydar [18] has noted that categorizations of phrases in the Kazakh language are not completely closed, and it still needs more investigation. In the present study, the verbal phrases were sub-categorized for the first time into *fixed* and *flexible* phrases. The term *fixed* and *flexible* were coined by the author of this paper. Fixed phrases are the phrases that can be used only with either negative or positive polarity items. Flexible phrases are the phrases that can be used with both negative and positive polarity items. These theories are differentiated between setting the terms that are constituted by the application of a set of labels to an area of thought, perception, or experience (Saussurean paradigm) and setting the terms according to their grammatical structure such as lexical and morphological categorization belongs to Kaydar's [18] theory. Both fields applied in the present research to reveal the sematic field of horse-related phrases.

### 3. Method of research

#### 3.1 Data

All the Kazakh horse-related idioms that were used in this study were taken from the subcorpus of the national corpus of the Kazakh language [19]. This yielded 597 documents in which *at* occurred at least once. However, only 26 idioms related to the horse were occurred in the corpus and analyzed, because the rest were only simple sentences containing the word horse, either the same horse-related phrases repeated within different examples.

#### 3.2 Analyses and Procedure

All the yielded 597 documents were analyzed manually from which 26 horse-related phrases were found to give an exploratory analysis in the framework of ethnolinguistics and categorized according to their semantic fields to unpack the historical and cultural impact. The semantic field of horse-related phrases were based on Kaydar's [18] *lexical and morphological* categorization. Note, that phrases in Kazakh are answered in accordance with their modifier whether that be *adjectival*, *verbal*, or *adverbial*. All horse-related phrases in this sub-section are marked with italics and underlined in glossing.

Adjectival and adverbial horse-related phrases in Kazakh are always fixed. These idiomatic phrases cannot be used simultaneously in positive or negative polarity items. For example, the idiom *ат құлағ-ы көрін-бе-ітін* (horse ear-POSS view-NEG-PTCP) has only negative polarity, thus fixed.

However, verbal phrases in Kazakh are subdivided into *fixed* and *flexible*. For instance the fixed idiom *ат құйрығ-ы-н кес-іс-мі* (horse tail-POSS-ACC cut-CAUS-PFV) can only be used in negative polarity. This is because the phrase is related to the shared tradition among warriors in Kazakh history: if warriors *did not agree* with another tribe or wanted to *cut off relationships* as a symbol to express their decisions they literally 'cut the tail of the horse'. After a while *at kuyrygyn kesu* (to cut the tail of the horse) became a fixed phrase. Therefore, it cannot be used in positive polarity to give the meaning *to agree*. Instead, in Kazakh history if warriors *agreed* with another tribe they used another fixed phrase in positive polarity: *at tizesin kostym* (I joined the horse knees) [2] that cannot also be used in negative polarity item because all these phrases are emerged in Kazakh that symbolized Kazakh customs and traditions.

However, there are some verbal flexible phrases that can be used both in negative and positive polarities. For instance, *ат бас-ы-н бұр-(ма)-у* (horse head-POSS-ACC turn-(NEG)-INF) means to turn the horse head: in old times Kazakhs used horses as transport [17], and when Kazakhs wanted to visit someone turned the horse head to the direction where they wanted to go. Since the expression occurred in the meaning of *to visit someone* or *to pay attention to something*. In negative polarity item the phrase is made by adding *-ma* negation which gives the meaning of *not to keep relations; not to visit someone; not to pay attention*. The phrase is occurred in Kazakh from their daily life experiences.

### 4. Results

Based on the aforementioned theoretical insights, the results have shown that daily life experiences of Kazakh people reflected their language and culture. Analyzed examples of this study have shown that horse-related phrases contain historical and cultural aspects that revealed Kazakhs' spiritual and

cultural life as well as an intimate and emotional relations between Kazakhs and the horse. This is due to the fact that the horse was a significant feature in all spheres of early Kazakhs' life, therefore the more equestrian phrases appeared in the Kazakh language.

In total 597 documents were analyzed manually from the corpus (<https://qazcorporpora.kz>), in which 265 documents contained horse-related phrases. However, only 26 documents occurred without repetition on horse-related phrases. The rest of the documents contained the same horse-related phrases within different examples. The most repeated flexible verbal phrase *ат басын бұру* (to turn the horse head) were repeated 66 times within different examples in which 63 times were used in a positive polarity, and 2 times in a negative polarity, and once in a question mark in a positive polarity. On the second place, the next flexible verbal phrase *ат салысу* (to contribute) repeated 25 times within different examples: 24 times in a positive polarity and once in a negative polarity. Adverbial fixed phrase *ат жалын тартын* (pulling the horse hair) also repeated 25 times. On the third place, the adjectival fixed phrase *аттарынан ат үркетін* (horse frightens from their names) repeated 24 times within different examples.

The 26 horse-related phrases were categorized according to Kaydar's *lexical and morphological categorization* that has two sub-categories: *verbal* and *nominal phrases* in which nominal phrases subdivided into *adjectival* and *adverbial phrases*. Analysis has shown that 9 of them were verbal phrases, 11 of them were adjectival phrases, and 6 of them were adverbial phrases.

In the current study, I subcategorized verbal phrases into *fixed* and *flexible* phrases that have never been investigated before. The results of the present study have shown that 3 out of 9 verbal phrases were flexible and 6 of them were fixed. The difference between fixed and flexible phrases are that fixed phrases can only be used in a positive or in a negative polarity item while flexible phrases can be used in both polarity items. Study has shown that *fixed verbal phrases* were emerged in Kazakh based on a historical events, traditions, and customs as in example *to bind the horse tail (to promise)*. At the beginning binding the horse tail was a tradition among Kazakh warriors symbolizing that they would fight until the end on the battle field by showing their promise to each-other. After a while this occurred as a stable phrase and used instead of verb: *to promise*. Therefore, it is fixed and it is not a subject to change because it was taken from historical moment that symbolized shared tradition among Kazakh warriors.

Adjectival, adverbial, and flexible verbal phrases were created from daily life experiences of Kazakhs. These phrases were emerged by comparison, association, description, or beliefs of Kazakhs related to the horse as in example *horse ear cannot be seen* that renders the meaning of *strong winter*. The phrase occurred in Kazakhs because of the Siberian winter. Kazakhs described the image of that winter period that is associated with a strong harsh winter storms when one cannot see the horse's ear while mounted on the horse. Analyzed examples have shown that adjectival phrases were the most frequent used phrases within this corpus study. I assume because adjectival phrases are dominant in comparison and association. Therefore, this study admits the conclusion that early Kazakhs mostly used the comparison and association of the horse condition with their everyday life experiences, and occurred these expressions as stable phrases.

## 5. Discussion and conclusion

The aim of this study was to gain insight in Kazakh culture, worldviews, and beliefs. To explore the Kazakh culture was used an ethnolinguistics vs cultural linguistics theories. To provide an exploratory analysis was used horse-related phrases. They were linguistically categorized according to *lexical and morphological categorization* that includes *verbal*, *adjectival*, and *adverbial* sub-categorizations. The central research question of this paper addressed the issue of the dynamics between Kazakh culture and the horse: How were the horse-related phrases occurred in Kazakh? What aspects of Kazakh culture does an examination of horse-related phrases reveal?

Data for this paper were taken from the sub-corpus of the national corpus of the Kazakh language (<https://qazcorporpora.kz>). To extract horse-related phrases from the corpus, the word denoting horse *am* in Kazakh was entered as a search term. This yielded 597 documents in which *horse-related phrases* occurred at least once without repetition within different examples. Thus, only unique horse-related phrases were used for the analysis. This occurred in 26 phrases in which 6 of them were fixed phrases, 3 of them were flexible phrases, 11 of them were adjectival phrases, and 6 of them

were adverbial phrases. The results of analysis has shown that the creation of fixed verbal phrases occurred that symbolized early traditions, customs, or beliefs of Kazakhs in the history. Therefore, as they appeared in an original version that symbolized shared [fixed] traditions and cannot be changed. Adjectival, adverbial, and flexible verbal phrases were created by describing and comparing the daily-life experiences when Kazakhs saw the association between two objects. At the beginning Kazakhs used comparisons and descriptions as a tool of expressing an image of an object, after a while these expressions stabilized in Kazakh and became stable idiomatic phrases. The study concluded that the most used horse-related phrases were adjectival phrases. This is because Kazakhs used the comparison and association of an object the most in their daily life.

Previous works categorized horse-related phrases according to their meanings. The present study contributes to the previous knowledge in categorization of horse-related phrases by their lexicological domains: verbal, adjectival, and adverbial phrases. The results of this study has shown the difference of appearance between fixed and flexible horse-related phrases in Kazakh for the first time: verbal phrases subcategorized into fixed and flexible. The creation of fixed phrases correlated with symbols, tradition, beliefs of early Kazakhs that played an important role in Kazakh history. Adjectival, adverbial, and flexible verbal phrases were created with the association, description and comparison of the horse with their daily-life experiences. Adjectival phrases were the most used phrases within the sample of this corpus study. The current study concluded that Kazakhs used comparisons the most.

This was a sub-corpus of the national corpus of the Republic of Kazakhstan in which only 26 phrases were found without repetition in total. To conduct a research in large corpora such as *Almaty Corpus of Kazakh Language* (<http://web-corpora.net>) is suggested for future studies that could be complemented by further research in this subject.

The results of this paper supports the conclusions of earlier findings that a language of any ethnic group is a mirror of an ethnos' entire life. This is because the system of the original worldview of any ethnic group, the spirit of people, the history of ancestry, first of all, finds manifestation in its language. Therefore, carrying out an ethnolinguistic research into the six thousand year history of Kazakh horse, complete with its historical ethnographic and culturological implications, made it possible to shed light on the material and spiritual achievements of Kazakh people. The horse-related phrases provided a special key in understanding the Kazakh culture, worldviews, and beliefs. The results have shown that daily life experiences of early Kazakh people reflected in their language and by providing an exploratory analysis of horse-related phrases could gain insight into Kazakh culture and traditions.

### Acknowledgements

This is the tutorial work conducted at the University of Amsterdam. I would like to express my sincerest gratitude to associated prof. dr. Josje Verhagen and honored professor of ENU dr. László Marác for their professional feedback and scientific expertise. I am particularly indebted to associated prof. dr. Zhamilya Otarbekova for her advice concerning the Kazakh grammar and Kazakh bibliographical support.

### References

1. Saussure, F. Course in General Linguistics / F. Saussure. In Bally, Ch., Sechehaye, A. (Eds.). – New York, NY: McGraw-Hill Paperbacks, 1966.
2. Sarbassova, G.A. Қазақ және түрік тілдеріндегі өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты: дис... канд. филол. наук: 10.02.06: defended 03.12.2010: approved 05.07.2011 / Sarbassova Guldana Aktaevna. – Almaty, 2010. – 129 p. – Ref.: from 123–129. – 0410PK02576.
3. Smagulova, G.N. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: monography / G.N. Smagulova, – Almaty: Ғылым, 1998. – 196 p.
4. Anthony, D.W. The horse, the wheel, and language: how bronze-age riders from the Eurasian steppes shaped the modern world / D.W. Anthony. – Princeton, N.J: Princeton University Press, 2007.
5. Kelekna, P. The horse in human history / P. Kelekna. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 2009.
6. Outram, A.K. Horses for the dead: Funerary foodways in Bronze Age Kazakhstan / A.K. Outram, N.A. Stear, A. Kasparov, E. Usmanova, V. Varfolomeev, R.P. Evershed // *Antiquity*. – 2011. – № 85, 2011, – P. 116–128.
7. Аяпов, А. At kuyrygyn kesu / А. Аяпов. *Kazakh Soviet Encyclopedia*. – 1972. – № 1, – P. 5–38.

Поэтические и маленькие по объему прозаические произведения публиковались во многих, но не в каждом номере стенных газет. Ввиду того, что стенгазеты – это стартовая площадка для первых опытов рабочих и крестьянских начинающих писателей, эти тексты печатали именно в стенных газетах. Стихи и прозаические произведения, сочиненные для стенных газет, как правило, были на развлекательные темы. Так как стенные газеты читались стоя, художественные тексты не должны быть длинными и скучными. Подобные вещи должны соответствовать по объему и написаны простым, понятным языком. Всему, что больше двадцати строк, не должно быть места в стенной газете [5, 18].

Например, рассказ Исмагилева «Как я слушал дьявола» как раз соответствует таким требованиям. Этот рассказ был опубликован в первом номере газеты «Красная весть» от 4 января 1921 г.

Данное литературное произведение о человеческой жадности и алчности. С помощью мифологического образа Шайтана автор обличает людские пороки. В рассказе Шайтан приходит к рабочему на фабрике и говорит о тех вещах на потребу, в чем больше всего нуждается работ-

ник: «Вот другим дали, а тебе нет», тем самым внушает чувство зависти. Под конец рабочий теряет терпение, с намерением разобраться в обидной для себя ситуации уходит. На протяжении трех дней его страсти неистовствовали, но через некоторое время он понял, что все сказанное Шайтаном является ложью. Оказалось, что сахар никому еще не давали, обувь так же не раздавали и т. д. Отныне рабочий гневается на Шайтана из-за того, что тот поиздевался над ним. Поэтому он и жалуется Совету. В конце произведения обозначается основная мысль рассказа: «Если хотите, чтобы все было справедливо и рабочий заслуженно получил все необходимое, нельзя слушать Шайтана, а нужно идти в рабоче-крестьянскую инспекцию».

Чтобы донести свою мысль до читателя, автор умело обращается к религиозно-мифологическому образу – Шайтана. Шайтан – негативный, отрицательный персонаж с древних времен, который толкает людей совершать зло. Еще один собирательный образ – образ работника. Этот образ и не положительный и не отрицательный, а нейтральный. Из-за своего дурного характера – жадности и алчности, рабочий попадает в неловкую ситуацию, однако со временем осознает свою ошибку и в итоге исправляется. Образ Совета является в произведении собирательным. Данному образу дается положительный имидж, и он показан как наставник, который решает все вопросы и проблемы.

Беседа Шайтана и работника дана в форме диалога, и в этом диалоге раскрывается образ Шайтана как хитрого, лукавого и коварного интригана.

За образом Шайтана следуют те, кто идет против Советского Союза. Подобные люди подстрекали простых рабочих, призывали их выступить против Совета, и находили различные пути для осуществления этого призыва. Автор напоминает, что таким Шайтаном может быть абсолютно любой: даже самый близкий, любимый человек, который сидит у вас дома и пьет чай. Тем самым, автор призывает не слушать и не следовать за такими людьми. Он напоминает читателю: чтобы предотвращать подобные жалобы и выяснять правду есть рабоче-крестьянская инспекция.

Принцип построения сюжета традиционная. Визит Шайтана к рабочему – завязка действия. Разговор Шайтана с рабочим за чаем – развитие действия, то есть ход событий. Кульминацией можно определить тот момент, когда Рабочий бьет кулаком по столу. Размышления Рабочего и осознание им того, что он был разыгран Шайтаном, являются развязкой. Частично решение состояло в том, что Рабочий получил рекомендацию обращаться в Совет, где в дальнейшем он получил необходимую помощь.

Подводя общий итог, можно сказать, что стенная газета «Красная весть» была адресована «красномыслящему» читателю, иными словами, к человеку, лояльному к новой власти в стране и обществу, она была нацелена на воспитание сторонника Советов. Именно с такой целью подбирались и литературные тексты для печати в этой стенной газете.

## Литература

1. Айнутдинов Р.А., Гилязов З.З. Основные этапы истории татарской прессы городов Татарстана // История России и Татарстана: итоги и перспективы энциклопедических исследований: сборник статей итоговой научной конференции научных сотрудников Института татарской энциклопедии и регионоведения АН РТ (г. Казань, 8 июня 2018 г.) / ред. И.А.Гилязов, М.З.Хабидуллин. Казань, 2018. Вып. 10. – 288 с.
2. Айнутдинов Р.А., Гилязов З.З., Давлетьянова Р.Г. История периодической печати Казани // Актуальные проблемы отечественной и зарубежной истории, филологии: сборник статей научной конференции молодых ученых и аспирантов (г. Казань, 26 апреля 1917 г.) / Институт татарской энциклопедии и регионоведения АН РТ. Казань, 1927. Вып. 6. 268 с.
3. Безнец матбугат. Казан: Татглавлит, 1925. – 56 б.
4. Матбугат дөнъясы (5 нче май – матбугат көненә багышлана). Казан: «Восток», 1925. – 38 с.
5. Мортый Якуб. Стена гезитәсе. Башкортстандагы эшче һәм авыл хәбәрчеләренә беренче съездына багышлы. Уфа: Башкнига, 1925.– 21 б.
6. Нуруллина Р.М. Становление партийно-советской печати на татарском языке 1917-1925 гг. Казань, 1978. – 166 с.
7. Рамеев И. Альбом татарской периодической печати 1905-1925. Казань: Изд-во «Гажур», 1926. – 384 с.
8. Татар социал шуралар жәмһүриятендә сәяси аң-белем тарату баш идарәсен оештыру.// Татарстан хәбәрләре. 1920. №86.

**Жазира ТҰРҒЫНБАЕВА**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
ғылыми қызметкер*

**Жарас ЕСКЕНДІР**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
PhD докторант  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **БАҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ**

**Андатпа.** Бүгінгі сандық, ақпараттық және инновациялық технологиясы қарқынды дамып жатқан заманда ақпараттар легі әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен виртуалды кеңістіктегі әлеуметтік желілер арқылы оқырмандарға тез таралып, күнделікті тұрмысында, әр түрлі салалардағы қызметтерінде өз қажеттіліктеріне пайдаға жарау үстінде. БАҚ-тағы лингвистикалық экология тіл мен бізді қоршаған ортаның қарым-қатынасын көрсететін қазіргі ақпараттық кеңістіктің ең маңызды аспектісі болып табылады. Ал әлеуметтік желілер тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге қоғам мүшелерінің ақпараттық кеңістіктегі ойын ашық айтатын, талқыға салатын, жаңалықтарымен бөлісетін алаңына айналған. Тіл экологиясын бұзатын тілдік қолданыстардың басым бөлігі осы БАҚ пен әлеуметтік желі арқылы таралып жатқандықтан, ондағы лингвоэкологиялық мәселелерді зерттеу және оның алдын алу, болашақ ұрпаққа таза күйінде жеткізу тілдің өміршеңдігі тұрғысынан бүгінгі күнде өте маңызды болып отыр.

Мақалада тіл экологиясына қатысты теориялық мәліметтер беріліп, бұқаралық ақпарат құралдарындағы және әлеуметтік желідегі тіл экологиясын бұзатын орфографиялық, пунктуациялық қателер мен бейәдеби сөздердің қолданылу мәселелері қарастырылып, нәтижесінде көптеген орфографиялық және пунктуациялық қателердің бары анықталды. Әр түрлі газеттерден (Қостанай таңы, Ақ жол, Арқа ажары және Егемен Қазақстан) және Facebook желісінен мысалдар келтіре отыра анықталып және ол мәселелерді шешудің жолдары ұсынылды.

**Тірек сөздер:** лингвоэкология, газет, әлеуметтік желі, орфография, пунктуация.

**Аннотация.** Сегодня, в эпоху динамичного развития цифровых, информационных и инновационных технологий, поток информации быстро распространяется среди читателей через социальные сети в различных средствах массовой информации и виртуальном пространстве, принося пользу своим потребностям в повседневной жизни, деятельности в различных сферах. Лингвистическая экология в СМИ-важнейший аспект современного информационного пространства, отражающий взаимосвязь языка и окружающей нас среды. А социальные сети стали не только средством общения, но и площадкой для членов общества, которые открыто обсуждают, делятся новостями в информационном пространстве. Поскольку большая часть языкового использования, нарушающего экологию языка, распространяется через эти средства массовой информации и социальные сети, изучение и предотвращение лингвоэкологических проблем, а также передача их будущим поколениям в чистом виде, сегодня становится очень важным с точки зрения жизнеспособности языка.

В статье представлены теоретические сведения, касающиеся экологии языка, рассмотрены вопросы использования орфографических, пунктуационных ошибок и неаккуратных слов, нарушающих экологию языка в средствах массовой информации и социальных сетях, в результате чего выявлено множество орфографических и пунктуационных ошибок. На примере различных газет (Костанай таңы, Ақ жол, Арқа ажары и Егемен Казахстан) и сети Facebook были определены и предложены пути решения этих проблем.

**Ключевые слова:** лингвоэкология, газета, социальные сети, орфография, пунктуация.

**Abstract.** Today, in the era of dynamic development of digital, information and innovative technologies, the flow of information is rapidly spreading among readers through social networks in various media and virtual space, benefiting their needs in everyday life, activities in various fields. Linguistic ecology in the media is the most important aspect of the modern information space, reflecting the relationship between language and the environment around us. And social networks have become not only a means of communication, but also a

platform for members of society who openly discuss and share news in the information space. Since most of the language use that violates the ecology of language is spread through these media and social networks, the study and prevention of linguistic and ecological problems, as well as their transmission to future generations in its pure form, is becoming very important today in terms of the viability of the language.

The article presents theoretical information on the ecology of language, discusses the use of spelling, punctuation errors and inaccurate words that violate the ecology of language in the media and social networks, as a result of which many spelling and punctuation errors were revealed. Using the example of various newspapers (Kostanay Tany, Ak Zhol, Arka Azhary and Egemen Kazakhstan) and the Facebook network, ways to solve these problems were identified and proposed.

**Keywords:** linguoecology, newspaper, social media, spelling, punctuation.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің алғашқы санында мерзімді басылымдарды шығарудың негізгі төрт міндетін атап көрсетеді. Олар: түрлі оқиғаларды оқырмандарға уақтылы жеткізетін халықтың көзі, құлағы һәм тілі болу; халыққа жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айту; халыққа білім тарату және халықтың даушысы болу [1, 10]. Қазіргі заманғы БАҚ, соның ішінде интернет-платформалар, теледидар және баспа өнімдері халыққа ақпарат таратушы ғана емес, сонымен қатар тілдің дамуына, белгілі бір нормалар мен стандарттардың қалыптасуына, ұлттық құндылықтардың сақталуына әсер ете алатын жауапкершілігі жоғары орган болып табылады.

Тілдік ортаның қалыптасуы қоғамдық сана мен мәдениеттің үйлесімді дамуы арқылы жүзеге асады. БАҚ көне сөздер мен диалектілердің жойылып кету қаупінен сақтап, жандануына ықпал етіп, олардың қазіргі жаһандану дәуірінде үйлесімді қатар өмір сүруін қамтамасыз ете алады.

Тіл, бір жағынан, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етсе, екінші жағынан, ол ұлттық дәстүр мен дүниетанымның, мәдени мұраның тасымалдаушысы болып табылады. Оның құлдырауы ұлттың болмысына да қауіп төндіреді. Лингвоэкология тілді жүйе ретінде зерттеп қана қоймай, оны қоршаған дүниенің өзгерістеріне үнемі бейімделіп отыратын тірі организм ретінде қарастырады.

Тіл мәселесі тақырыбы алғаш басылымдар жарыққа шыққан уақыттан бері күн тәртібінен түскен емес. Қазақтілді басылымдардың ішінде тіл болашағына алаңдамаған, тіл тақырыбын айналып өткен бір де бір басылым жоқ десе де болады. Алғаш жарық көрген басылымдардың бірі «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған Асылқожа Құрманбаевтың мақаласында: «Тіл қай халықтың болса да ғылым мен өнерге жетілуіне қажетті ең күшті құралдардың бірі болып табылады. Тек өзінің тілін таза сақтай білген және дамыта білген халық қана жарқын болашағынан үміт күте алады және құрметке бөленеді», – деп тілдің маңызы мен міндеті атап өткен [2, 56].

БАҚ-тағы лингвистикалық экология тіл мен бізді қоршаған ортаның қарым-қатынасын көрсететін қазіргі ақпараттық кеңістіктің ең маңызды аспектісі болып табылады. Жаһандану мен цифрландыру жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір мен мәдени нормаларды қалыптастыруда басты орын алады. Олар ақпарат тарату арнасы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы диалог алаңына айналды.

Әр мәтінде, мақалада техникалық, кездейсоқ қателер ішінара кездесетіні белгілі. Біз Жамбыл облыстық «Ақ жол», Ақмола облыстық «Арқа ажары», Қостанай облыстық «Қостанай таңы» газеттерінің материалдары бойынша ең көп кездескен пунктуациялық, орфографиялық қателерге тоқталдық.

Қаралған газет материалдарында ең көп кездесетін пунктуациялық қате – үтір. *Бірақ, біз қаза болған қазақ жауынгерінің Жамбыл облысында тұратын ағайындарының ұрпақтарын таптық («Ақ жол», 19.01.24); Ол үшін, электронды үкіметтің веб-порталына кіріп немесе мобильді базада тіркеліп, электронды цифрлық қолтаңбаны алуыңыз керек («Ақ жол», 30.12.21); Қазіргі кезде, кәсіпкер кәсіпорынға қажетті қазіргі заманғы жабдықтар сатып алуда («Арқа ажары», 30.09.20); Жүрегінің тазалығы, бұлақтың мөлдір суындай еді («Арқа ажары», 27.03.23); Айтқожа, қазір баламдай болып кетті («Қостанай таңы», 16.06.23); Біз, осы соңғы айтылған оқиғаның орнын толтыру үшін үш жыл бұрын «Теп Қоғам» орталығын аштық («Қостанай таңы», 21.06.23).* Паузамен бөлінген жердің бәрін үтірмен ажырату, бірақ, алайда, үшін, әрі, ал, сондықтан, өйткені т.б. кейін үтір қою қателері жиі кездеседі.



Пунктуациялық қатенің көп кездескен тағы бірі түрі – лепті және сұраулы төл сөзден кейін үтір қою. Мысалы: *Бұл аумақты қалпына келтіру үшін қандай жұмыстар жоспарлануда?, – деді қала тұрғыны Д. Бексұлтанова («Қостанай таңы», 13.06.23); Екеумізді аудандық білім бөлімі шақыртып, «Қазақ сыныптарын ашамыз. Сабақ беруге дайынсыздар ма?, – деп сұрады («Қостанай таңы», 16.06.23).*

Орфографиялық қателердің ішінде бірге жазылатын сөздерді (*темір жол, облыс аралық, қала аралық, молда торғай, маусым аралық, көз бояушылық, жыр сүйер, қол созым, алқа қотан, әулие аталық, он жылдық, қысты күні, бетке ұстар, тіске басар*) бөлек жазу кездеседі: *Антеннаның ұшындағы сымтемір төбесінде сәлде секілді кекіл шаашағы бар молда торғайдың басына ұқсайтын («Ақ жол», 13.10.23); Темір жол вокзалында сағат 23.00-ден кейін пойыздан түсетін жолаушыларды арнайы кезекші автобустар тасымалдайды («Ақ жол», 14.01.22); Оқушыларға бес асық, үш табан, хан талапай ойындарын үйретеміз («Арқа ажары», 02.10.20); Көкшетаудан қол созым жерде орналасқан Қызылтаң ауылы... («Арқа ажары», 28.09.20); Тұтынушылар өнімнің сапасы сырттан әкеліні жатқан кір сабындардан әлдеқайда артық деп жатыр («Қостанай таңы», 21.06.23); «Астықжан» сауда үйі ауданындағы Абай даңғылы бойындағы су желілерінде апаттық деңгейден қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге байланысты 4-ші шілде сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін ауыз су беру тоқтатылады («Қостанай таңы», 03.07.23) және керісінше, бөлек жазылатын сөздерді бірге жазу (*атбасын бұру, жанжары екеуі, саналуан, қолұшын беру, аржағыда, қасқарая, атбасын бұру, аяқалысы туралы*) көп кездесті.*

Дефиссіз (*үйін төгіп, байболыс, қауіп қатер, бет бейне, төсек орын, ұланғайыр*) және дефиспен (*теке-тірестің, жаға-жыртысы, сын-сағаттардан, күл-бүлтесіз, қысыл-таяң, сақадай-сай, қас-жауы, шешендік-өнер, екiнiң-бiрi, ара-жiгiн*) берілген сөздермен қатар шеттілдік сөздердің (*калорит, мегополис, метеоролог, палигон, паравоз, хаип, венерелогиялық, комбинизон, фортопиано, костюм, марофон*) жазылуында да нормадан ауытқулар кездеседі.

Сөз құрамында кездесетін «ю» әрпінің құрамындағы қосынды дыбыстарға (*й+ұ+у және й+ү+у*) байланысты сөздің қате жазылуы жиі кездеседі. Мысалы: *Жүйелі шаралар сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтың санын ғана емес, ол үшін сотталғандың да азайуына мүмкіндік берді (Егемен Қазақстан, 20.11.2020); Анығын айтқанда, бұл тезис мемлекеттік тілдің мәртебесінің нақты нығайюына қызмет ететін тұжырым («Арқа ажары», 31.01.2020); Жастар қаланың көркеюіне бағытталған бизнес-жобаларын ұсынса деймін («Қостанай таңы», 16.06.23); Ал үй шаруасындағы адамның тақия киюіні түсінбеймін («Қостанай таңы», 01.07.23).*

Бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар бүгінгі жаһандану заманында әрбір қоғам мүшесінің өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналған интернеттегі, соның ішіндегі әлеуметтік желілердегі лингвоэкология мәселесін де қарастырдық.

Виртуалды кеңістікте бірнеше әлеуметтік желілер бар. Олар: Facebook, Instagram, WhatsApp, Telegram, TikTok, Twitter, т.б. Бұл әлеуметтік желілерді пайдаланушылар (адамдар) екі түрлі мақсатта қолданады. Бірі жеке адаммен немесе белгілі бір топпен қарым-қатынас жасау үшін жеке мақсатта пайдаланса, екіншісі оқырман жинап, өз ойларын, қоғамдық мәселелерге деген көзқарастарын білдіріп, өздерінің жаңалықтарын көпшілікпен бөлісу мақсатында пайдаланады. Бұл туралы Шаховский интернеттің әуел баста рационалды қарым-қатынастың бір саласы болғанын, ал қазір онда адамдар арасында ашық шиеленістер орын алып жатқанын айтады [3, 216]. Жеке қарым-қатынас мақсатында пайдаланушылардың әлеуметтік желідегі аккаунттары жабық және оқырмандары аз болады. Олар оқырман жинау үшін өзін жарнамалаумен айналыспайды. Ал әлеуметтік желіні жалпы оқырманға арнап пайдаланатын пайдаланушылардың әлеуметтік желі парақшалары ашық және оқырмандары көп болады. Біз жалпыға арнап пайдаланатын пайдаланушылардың әлеуметтік желідегі жазбаларын лингвоэкология саласы тұрғысынан қарастырдық. Ғалым Н. Уәли былай дейді: «Сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі» [4]. Сондықтан да әлеуметтік желі қолданушылардың жазбалары көпшілікке арналғандықтан, ондағы ойдың дұрыс жеткізілуі, кодификацияланған норманың сақталуы, тілде уәжсіз қолданылған шеттілдік сөздердің, бейпіл сөздер мен сленгтердің болмауы лингвоэкологиялық тұрғыдан өзекті.

Интернетте тіл экологиясын бұзатын мәселелер ретінде мыналарды айтуға болады: орфографиялық және пунктуациялық қателердің болуы, сөйлемнің дұрыс құрылмауы, сөз бен шылаудың ара жігінің ажыратылмауы, баламасы бар шеттілдік терминдердің қолдануы, бейпіл сөздер мен сленгтердің қолданылуы, жергілікті говорлардың қолданылуы, т.б. Facebook желісінен жинаған материалдар негізінде мынадай лингвоэкологиялық мәселелерді таптық:

– әріптік қате жіберу (сөздердің дұрыс жазылымына немқұрайлы қарау, қате жазылғанына мән бермеу, түзетпеу): отыз, маротррия, Әле, ақрараттық, т.б. Мысалы: *Биыл Тәуелсіздіктің отыз жылдығымен бірге, Қазақ көшінің басталғанына да **отыз** жыл толып отыр. Еңбекшіқазақ ауданында **маротррия маратория** кезінде кімдер, қалай жерді жекеменшікке сатып алды???? **Әле** табылған жоқ. Қиял мен шабыттан гөрі аргумент, дәлел, **ақрараттық** көзқарас, сыни пайым жатуы керек өн бойында.*

– тыныс белгілердің қате қойылуы: Ұлына, іштей ренжіген қартаң әке орнынан тұрып, есікке бет алды. Солардың бірі, Бүгінде Еңбекшіқазақ ауданында сан-салалы шаруашылықпен шұғылданып, «Анель» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрған, «Nurly Arasan» шипажайының иесі, Алматы облыстық қажылар қауымдастығының бірінші орынбасары қызметін қоса алып жүрген.

– тыныс белгілердің қойылмауы: Әкемнің **аты жөні** Орашұлы Әшірбай. Әке бүгін сіздің туылған **күніңіз** біз сізді ғұмыр бойы сағынып өтеміз... Осы көріністің әсерінен, озат оқитын бүлдіршілер санын арттырып, мотивация беріп, көтеріңкі **көңіл күй** сыйлау мақсатында шараларды көбейту жоспарға қойылды. Қайран есіл **еңбек ай**.

– тыныс белгілердің артық қойылуы: Еңбекшіқазақ ауданында **маротррия маратория** кезінде кімдер, қалай жерді жекеменшікке сатып алды????

– бас әріппен жазылмайтын сөздердің бас әріппен жазылуы: пәленше, министр, біз, тәуелсіздік, қазақ, бүгін, жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, т.б. Мысалы: *Күні бойы **Пәленше Министр** болыпты деп балаша қуанумен болдық. Десе де **Біз** билік дегенді әлі де толық ұғына қоймағандаймыз. Биыл **Тәуелсіздіктің** отыз жылдығымен бірге, **Қазақ** көшінің басталғанына да отыз жыл толып отыр.*

– сөздердің екі рет қайталануы: білем, моратория, атаның. Мысалы: ***Білем, білем, ата, сіз** Алпысбай **атаның атаның** да кітабын шығардыңыз. Еңбекшіқазақ ауданында **маротррия маратория** кезінде кімдер, қалай жерді жекеменшікке сатып алды????*

– кірме сөздерді қате жазу: дакументі, сәмәләт, т.б. Мысалы, *Тізімге қарап ресми **дакументі** барларды ғана еске аламыз ба сонда... «Қожаны, молданы қойдай қу қамшымен» - деп ит қосып қуып Тескентау асырып жібересіңдер де, тоқсан жыл өткеннен кейін ұрпағын **сәмәләтпен** алдырып, қолын сүйіп өліп қала жаздайсыңдар.*

– шылауды біріктіріп жазу: берілдіма, раста, қарамайсынғой, таратпайдыма, т.б. Мысалы, ***Раста** шығар деп ойлаймын. Өтініштер мен арыздарға жасау **берілдіма?** Random frame)) жұмысқа бір кіріссен жан-жаққа **қарамайсынғой**)... Халыққа апарып **таратпайдыма** деп егесіне айтсаңыз ана қолындағы күрекпен ұрып жіберуі мүмкін абайлаңыз өйткені қаны қарайып банкрот болып шырылдап жүрген әйтеуір бір дихандар.*

– бейпіл сөздер мен сленгтерді қолдану: әкессе, жиги, т.б. Мысалы: *Қылмыстық іс қозғатып қамғау керек **әкессе** қаншама адамға есектің етін жегізу деген сұмдық қой. Не зой, кәстөмдеріңнің түймесі жетпей қалса көмгілерің түспесін, **жиги**.*

– говорларды қолдану: мышық, балдар. Мысалы: *Шымкенттік машинаны көрсеңдер тура ит көрген **мышықтай** болатындарың не, алматылықтар? **Балдардың** қуанышы, күлкісі еселе не қайтсын өзіңе, отбасыңа.*

– қазақ әріптерін қолданбай мақсатты түрде қате жазу: *Распа шынымен қыста қар жасауды дедима.*

Қорыта айтқанда, БАҚ қоғам мен оның мүшелеріне күнделікті ақпарат таратып отырғандықтан, онда қатенің болғаны құба-құп. Орфографиялық құралдарды (Орфографиялық сөздік, әртүрлі орфографиялық, пунктуациялық анықтағыштар мен ережелерді) пайдалану – орфографиялық нормаларды меңгеруге, тіл қолданысындағы уәжді, уәжсіз ауытқулардың алдын алып (қудалауға тартылды, соққыға жығылып түсті, бұйрықты қабылдады, жеңілдетілген дәрі-дәрмектер, алдын ала білім жасау, өмірден айырылған, жаяу жүргіншілерді жіберіп алмайтын жүргізушілер), бейнелеуіш, көріктеуіш құралдарды сәтті қолдануға септігін тигі-

зері анық. Газеттегі орфографиялық қателер журналист, автор, жалпы ұйым туралы жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін. Сондықтан сөздердің дұрыс жазылуы – біліктілік пен өз ісіне деген құрметтің белгісі деп ойлаймыз.

Ал ақпараттық технологиялардың, виртуалды кеңістіктің күннен-күнге қарқынды дамып жетілуі әлеуметтік желілерге, сол желілерді күнделікті тұрмысында пайдаланатын пайдаланушыларға өз әсерін тигізуде. Әлеуметтік желілер – пайдаланушылар үшін бүгінгі әлеуметтік-қоғамдық мәселелерге, күн сайын шығатын әлемдік, мемлекеттік жаңалықтарға, қоғамдық дауларға, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына өз көзқарастарын білдіру, пікір алмасу, өз жаңалықтарымен бөлісу және өзара қарым-қатынас алаңына айналды. Тіл экологиясын бұзатын тілдік қолданыстардың басым бөлігі әлеуметтік желі арқылы таралып жатқандықтан, әлеуметтік желідегі лингвоэкологиялық мәселелерді зерттеу және оның алдын алу бүгінгі күнде өте маңызды болып отыр. Сондықтан бұл мәселелерді шешудің мынадай жолдарын ұсынамыз:

1) мектептерге, барлық мұғалімдерге емле ережесін өте қарапайым тілмен түсіндіретін брошюралар таратылу;

2) әлеуметтік желілерді браузерлер (дербес компьютердегі) арқылы қолдану барысында қате қолданыстарды көрсетіп отыратын кеңейтімді (расширение) енгізу;

3) әлеуметтік желілердің мобильді қосымшасын қолдану барысында смартфон пернетақтасында қазақша сөздердің орфографиялық дұрыс жазылымын көрсетіп отыратын «Т9» ұялы телефондарға арналған болжамдық мәтінді теру жүйесін енгізу.

#### Әдебиет

1. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

2. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930) / Х.Бекхожин. – Алматы: Казмамбас, 1964. – 262 б.

3. Шаховский В.И. Диссонанс экологичности в коммуникативном круге: человек, язык, эмоции (монография). Волгоград, изд-во ИП Поликарпов И.Л., 2016, – 504 с

4. Уәли Н. Тіл экологиясы. «Ана тілі» газеті, №8, 2009 ж.

**Еркін БЕСІРОВ**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
ғылыми қызметкер*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
I-курс PhD докторант  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ (ҚТҰК) ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЖАЗУШЫ МӘТІНДЕРІ ІШКОРПУСЫН ҚҰРУДЫҢ ІТ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕСІ**

**Анатпа.** Мақалада қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы жазушы мәтіні ішкорпусын әзірлеу аясында жүргізілген ізденістің теориялық және практикалық нәтижелері қарастырылады. *Зерттеу барысында* жазушы мәтіні ішкорпусын құрастырудың технологиялық үдерісі кезеңдерге бөлініп топтастырылады. *Зерттеу нәтижесінде* жазушылар ішкорпусын әзірлеуде қолданылған әдістері көрсетіледі. *Қортындысында* жазушы мәтіні ішкорпусын пайдаланудың мүмкіндіктері анықталады.

**Тірек сөздер:** Қазақ тілінің ұлттық корпусы, жазушы ішкорпусы, мәтін базасы, проза, ІТ бағдарлама.

**Аннотация.** В статье рассматриваются теоретические и практические результаты исследования, проведенного в рамках разработки писательского подкорпуса в рамках Национального корпуса казахского языка. В ходе исследования технология составления писательского подкорпуса разделена на этапы и сгруппирована. В результате исследования показаны методы, используемые при развитии подкорпуса писателей. В заключении определяются возможности использования писательского подкорпуса.

**Ключевые слова:** национальный корпус казахского языка, подкорпус писателя, текстовая база, проза, IT-программа.

**Abstract.** The article deals with the theoretical and practical results of the research conducted within the framework of the development of a writer's subcorpus within the National Corpus of the Kazakh Language. In the course of the research the technology of compiling a writer's sub-corpus is divided into stages and grouped. As a result of the study, the methods used in developing a writer sub-corpus are shown. The conclusion identifies the possibilities of utilizing writer's sub-corpus.

**Keywords:** national corpus of Kazakh language, writer's subcorpus, text base, prose, IT-program.

Мемлекеттік тілді барлық көркемдік құралдары мен мүмкіндіктерін толықтай қамти отырып сипаттайтын және оның мәртебесін арттыра түсетін заманауи тиімді құралдардың бірі ретінде ұлттық мәдениетті дамытуға, ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті нығайтуға, ортақ мәдениетті қалыптастыруға, мүмкіндік жасайтын тіл құралы – қазақ тілінің ұлттық корпусы болмақ. Бұл корпусы құрастыру мәселесін күн тәртібіне қойған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институттың бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Жұбанов болды. Профессор А.Жұбанов – ұлттық тіл корпусының ғылыми негіздерін әзірлеуге зор үлес қосқан ғалым, оның қазақ тілін автоматтандырудың формалды белгілеріне, статоллингвистика мәселелеріне, математикалық және корпусық тіл біліміне арналған іргелі әрі қолданбалы зерттеулері корпусық лингвистика бойынша жүргізіліп келе жатқан ізденістің барлығы үшін тоқталмай кетпейтін бестселлерге, тірек еңбектерге айналды [1].

Қазақ тілінің ұлттық корпусы қазақ тілінің бүкіл байлығын жинап, бір жерге шоғырландыруға және оның әліпбилер бойынша графикалық бөлінісі салдарын жоюға көмектеседі. Ұлттық тіл білімінде әлемдік тіл корпусының жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ тілінің ұлттық корпусын, соның ішіндегі ішкорпустарды жетілдіру өзекті мәселеге айналды. Қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы жазушы мәтіні ішкорпусын құрудың IT бағдарламалық әзірлемесін дайындау – жазушы мәтіні ішкорпусын құрудың алғы шарты болып табылады. *Жазушы мәтіні ішкорпусы – проза, драма жанрындағы көркем шығарма мәтіндерінің аннотацияланған электрондық қоры және жазушының көркем тілін танытатын көріктеуіш құралдардың базасы* [2]. Бұл ресурс зерттеушіге, жазушы туралы мәлімет, сонымен бірге роман, хикаят, повесть, әңгіме, мысал, новелла, пьеса, т.б. жанрдағы қазақ көркем сөз туындысы жайында толық ақпарат алуға, сол шығарманы онлайн оқуға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің ұлттық корпусы іздеу жүйесіне негізделген, жазушы мәтіні ішкорпусы да үш іздеу жүйесімен (автормен, кілт сөзбен және шығарма атауымен) әзірленеді. Жазушы мәтіні ішкорпусында автор мен көркем туынды туралы мәлімет беріледі.

Жазушы мәтіндері ішкорпусы арқылы оқырман қазақтың роман, хикаят, повесть, әңгіме, мысал, новелла, пьеса жанрлық түріндегі көркем туынды жайында толық ақпарат алуға және сол шығарманы онлайн оқуға мүмкіндік алады. Жазушы мәтіні ішкорпусына қазақтың 100 жазушысының көркем шығармалары енгізіліп, олардың көркем туындыларына метабелгіленім (жазушы туралы толық мәлімет беріледі) қойылды. Жазушы ішкорпусының мәтіндер базасында 10 миллион сөзқолдананым қамтылған. Жазушы мәтіні ішкорпусы қазақтың көркем сөз өнерінің әуесқойларына, қазақтың көркем прозасын оқитын көпшілік қауымға, жазушылар тілін зерттейтін ізденушілерге, лингвистерге арналады. Ішкорпусты тұтынушылардың қызығушылығы мен іздеу мүддесін ескере отырып, *көріктеуіш құралдар* басты бетке орналастырылды. Қазақтың көркем әдебиет стилінде жиі кездесетін *теңеу, бейнелі тіркестер мен тұрақты тіркестер, метафоралар мен эпитеттер*, жазушының қолданысындағы *мақал-мәтелдер* мен *нақыл сөздер* оқырманның іздеуіне оңтайлы болу үшін жеке-жеке Іздеу ұяшығында көрсетілді. Жазушы мәтіндері ішкорпусы Сөз, Метабелгіленімдер (автор, шығарма атауы, жанр, хронотоп, аудитория жасы), Көркемдік құралдар бойынша Іздеу жасайды. [2]

Жазушы мәтіні ішкорпусы базасында жинақталған тілдік материалдардың көлемі мен жанрлық түрлері алуан түрлі болды. Осыған байланысты мәтіндер корпусын әзірлеу тәжірибесіне сәйкес көркем шығармалар мәтіннің көлеміне қарай сұрыптау және сақтау арқылы тандалды. Аталған ішкорпустың базасында қазірде 83 роман, 396 новелла, 887 әңгіме, 21 пьеса жинақталды [3, 17 б.].



Мәтіндер ішкорпусын құрастырудың әдіс-тәсілдерін, компьютерлік технологиясын корпусық лингвистика саласы зерттейді. Корпусық лингвистика тіл ғылымында жаңа ғылыми бағыт болып саналады. Корпусық лингвистика тіл білімінің жеке саласы ретінде өзімен іргелес жатқан тіл ғылымы пәндерімен жанасып жатады, яғни математикалық лингвистика, дискурстік анализ және автоматтанған лексикография салаларымен тығыз байланысты. Осыған орай қазақ тілінің ұлттық корпусы құрамындағы жазушылар ішкорпусын әзірлеуде *төрт түрлі* әдіс қолдану арқылы аталған ішкорпус дайындалды. Жазушы мәтіндерінің базасын қалыптастыруда ең алдымен *индуктивті* және *дедуктивті* әдіс қолданылды. Ең алдымен классик жазушылардың танымал шығармалары жиналды. Оларды тақырыптық топтарға сұрыптау жұмысында *схематизациялау* әдісі қолданылды. Сондай-ақ қазақтың 100 романын идеялық композициясы мен хронологиялық мазмұнына қарай іріктеу барысында *алгоритмдеу* әдісі қолданылды [3, 21 б.]. Нақтырақ айтатын болсақ:

**Бірінші,** цифрландыру әдісі қолданылды. Көркем мәтіндердің электронды нұсқасы жиналды. Әрбір мәтін латын әріптерімен кодталып, цифрланған жүйеде белгілі бір тәртіппен реттелді. Цифрландыру жүйесінің пайдасы – мәңгілік сақталуында және кез келген уақытта онлайн желіде, электронды ресурстарда қолданылуында. Мәселен, жазушы мәтіндер базасындағы 15 млн сөзқолданысы бар, 700000 беттен тұратын, 1000-ана аса кітаптың көлемі бір ғана хард-дискінің өлшемінде ғана сақталады. Сондай-ақ кітап сияқты шаң басып, сарғайып тұрмайды. Ең бастысы кез келген уақытта кез келген жерде цифрланған мәтінді тиімді пайдалануға болады.

**Екінші,** EXMARaLDA программалық пакеті әдісі қолданылды. EXMARaLDA Corpus-Manager (Coma) – арнайы талдау процестеріне арналған компьютерлік бағдарламалар. Бағдарламалардың бұл түрлері күрделі грамматикалық модельдер үшін қолданылады [4].

**Үшінші,** корпусық менеджер әдісі қолданылды. Корпус менеджері – бұл корпустағы деректерді іздеу, статистикалық ақпарат алу және пайдаланушыға нәтижелерді ыңғайлы түрде жеткізу үшін бағдарламалық жасақтаманы қолданатын арнайы іздеу жүйесі. Бұл процедураның нәтижелері ортасында іздеу сөзі бар көлденең жолдар түрінде ұсынылады. Бұл процесс KWIC (Мәтінмәндегі кілт сөзі) деп аталады.

**Төртінші,** автоматтандыру әдісі қолданылды. Автоматтандыру әдісінің бір қызметі метаразметка әзірлеу. Лингвистикалық белгіленім, сөзді сипаттайтын грамматикалық белгілер жиынтығын білдіретін кодты (тегті) тағайындау үшін қолданылады. Белгіленім шартты түрде лингвистикалық және сыртқы лингвистикалық болып екіге бөлінеді. Сыртқы лингвистикалық белгіленімге мыналар жатады:

– мәтінді пішімдеу ерекшеліктерін көрсететін белгілер (тақырыптар, абзацтар, шегіністер және т.б.);


– мәтін және автор туралы мәліметтерге қатысты белгілер. Авторда оның атын, жасын, жынысын, өмір сүрген жылдарын және басқаларын көрсете алады, ал мәтінде атауы, тілі, шыққан жылы мен орны және т.б. көрсетіледі. Мұндай ақпарат корпустарда егжей-тегжейлі іздеуге және белгілі бір құжатты сәйкестендіруге ықпал ететін құралдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің Ұлттық корпусын арнайы құрастырылған компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету жұмысы VisualStudio 2010 аспаптар ортада C# бағдарламалық тілінде жүргізілді. Ал морфологиялық белгіленім жүргізілген мәтіндер корпусын, сөйлемдерді, сөздерді MSSQLServer 2008 атты жадында сақтау қорында жүзеге асты. Жазушы мәтіні ішкорпусын әзірлеу барысында жүргізілген теориялық зерттеулер мен практикалық нәтижелер сипаттамасы негізінде, жазушы мәтіні ішкорпусын құрастырудың технологиялық үдерісін мынадай кезеңдерге бөліп қарастырдық:

**Бірінші кезең. Мәтіндерді мәшине оқи алатын пішінге келтіру кезеңі.** Корпусты құрастыру үшін мәтіндерді электрондық пішінге келтіру әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады – қолмен енгізу, сканерлеу, авторлық көшірме, интернет, баспадан түпнұсқа-макет түрінде және т.б. тәсілдер арқылы алу.

Жазушы мәтіні ішкорпусының мәліметтер базасында жинақталған тілдік материалдар әр түрлі форматта (pdf, jpg, word) жинақталған. Мәтіндер корпуста word нұсқасымен бірге енгізіледі. Төмендегі бірінші суреттен көруге болады:






1-сурет. Жазушы мәтіні ішкорпусына енгізілетін мәтіндердің Word нұсқасы

Жазушы мәтіндерінің корпус дерекқорында жиналған барлық мәтіндер word нұсқасында мақұлданды. Word форматында редакциялау барысында қолмен түзету жұмыстары жүргізілді. Редакциялау жұмыстары да сөз өлшеміне сәйкес орындалды.


**Екінші кезең. Мәтіндерді талдау және алдын ала өңдеу кезеңі.** Бұл кезеңде әртүрлі дерекнамалардан алынған мәтіндер филологиялық тексеру мен түзетуден өтеді. Мұны төмендегі екінші суреттен көруге болады:



2-сурет. Жазушы мәтіні ішкорпусына мәтіндерді алдын ала өңдеу

Мәтіндерді технологиялық тұрғыдан дайындау кезінде библиографиялық және экстралингвистикалық тұрғыдан сипаттау жұмысы іске асырылады.


**Үшінші кезең. Мәтінге метабелгіленім қою кезеңі.** Мәтінге белгіленім қою кезінде мәтінге және оның құрамдас бөліктеріне қосымша ақпарат (метадеректер) тіркеліп жазылады. Мұны төмендегі үшінші суреттен көруге болады:



3-сурет. Жазушы мәтіні ішкорпусының метабелгіленімі

Жазушы мәтіні ішкорпусының метабелгіленімінде деректердің мазмұндық элементтерімен (библиографиялық деректер, мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сипаттау, автор жайлы мәліметтер) бірге, деректердің формалды (файлдың аты, кодтау параметрлері, белгіленім тілінің нұсқасы, жұмыс кезеңдерін орындаушылар) элементтерін де қамтиды. Бұл мәліметтер әдетте қол жұмысы арқылы орындалады да, ал құжаттың құрылымына қатысты белгіленім (абзацты, сөйлемді, сөздерді бөліп алу) және тілдің өзіне тікелей қатысты белгіленім әдетте автоматты түрде жүзеге асады.

**Төртінші кезең.** Белгіленімнен өткен мәтіндерді мамандандырылған лингвистикалық ақпаратты іздестіру жүйесінің құрылымына ауыстыру кезеңі. Мұны төмендегі төртінші суреттен көруге болады:



4-сурет. Жазушы мәтіні ішкорпусында лингвистикалық ақпаратты іздестіру интерфейсі

Бұл жүйе тез және көпәспектiлi iздестiру мен статистикалық өңдеу жұмысын қамтамасыз ететiн соңғы кезеңi болып табылады. Атап айтқанда, метадерек бойынша iздеу әрекетiне мүмкiндiк жасайтын белгiленiм жайында мәлiмiт келтiрiлетiн ақпараттармен қамтамасыз ету. Бұндай iшкорпус әзiрлеу тiлшi ғалымдар үшiн өте пайдалы. Жазушы мәтiнi iшкорпусын қолданып, iзденушi мына мүмкiндiктердi пайдалана алады:

– тiлдiң лексика, грамматика салалары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргiзу үшiн мол тiлдiк материал бола алады;

– тiлдiң бiрнеше кезеңдiк тарихына қатысты мәлiмiттер бере алуы: тiлдiк бiрлiктердiң белгiлi бiр кезеңге қатысты тiлдiк қолданысы, жиiлiгi, белсендiлiгi, семантикалық өрiсi туралы мәлiмiттер, өзгерiсi, даму сатысы сияқты зерттерулер жүргiзе алады;

– көркем әдеби стиль бойынша жазушылар қолданысы бойынша сөздердiң автоматты түрде жиiлiгiн жасау мүмкiндiгi;

– кең ауқымды көркем әдеби стилдегi жазушылардың тiлiн зерттеу мүмкiндiгi.

Қазақ тiлiнiң ұлттық корпусы (ҚТҰК) – үздіксіз толықтырылып, жетілдіріліп отыратын *ашық жоба*. Бүгінде ұлттық корпусымыз он алты ішкорпустардан тұрады. Оны әзірлеуге қазақ тiлiн зерттейтiн әлемдегi жалғыз ғылыми мекеме – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тiл бiлiмi институты. Институт өз қызметi шеңберiнде ҚТҰК-ның мәтiндiк базасын ұлғайтты, iшкорпустарын кеңейттi, метабелгiленiмi мен тiлтанымдық белгiленiмiн, сайты, iздеу жүйесiн жетiлдiрдi. ҚТҰК – мемлекеттiк тiлдiң лингвистикалық базасы ретiндегi инновациялық ақпараттық-анықтамалық жүйе, оның мәтiндерi арнаулы белгiленiм арқылы өңделiп, iздеу тетiктерiмен қамтамасыз етiлiп, *статистикалық дәл ақпаратты* барынша қысқа уақытта алуға мүмкiндiк бередi [5, 4-5]. ҚТҰК-ын пайдаланушылары қазақ тiлiнiң синхронды және диахронды сипаты туралы, оны оқыту, үйренуге қатысты алуан түрлi сұранысына жауап беретiн, әлемдiк деңгейдегi талаптарға сәйкес келетiн инновациялық-ақпараттық ашық жүйе ретiндегi Қазақ тiлiнiң ұлттық корпусын әзiрлеу және жасау тәжiрибесiмен бөлiстi.

Қорта келгенде, қазақ тiлiнiң ұлттық корпусы аясында жазушы мәтiнi iшкорпусын дайындаудың қажеттiлiгi туындады. Бұл iшкорпус, филология ғылымдарында зерттеушiлер үшiн көптеген мәселелердi жеңiлдетуге мүмкiндiк бередi. Атап айтқанда, жазушы мәтiнi iшкорпусы кез келген жазушылар қолданысындағы тiлдiк деңгейдегi бiрлiктердiң шынайы қолданысын зерттеуге мүмкiндiк тудырады.

Көлемдi мәтiндердiң iшiнен автоматты түрде қажеттi бiрлiктi iздеп табуға және эмпирикалық материалдарды жүйеге келтiруге, арнайы құрастырылған компьютерлiк бағдарламалар бойынша үлкен көлемдi тiлдiк массивтердi тез арада өңдеуге мүмкiндiк жасайды. Белгiлi кезеңдегi тiлдiк деректердiң ауқымды жиыны тiлдiң лексикалық құрамының өзгерiске ұшырау динамикасын зерттеуге, әртүрлi жанрдың және әр автор шығармалары тiлiнiң лексика-грамматикалық сипатына талдау жүргiзуге мүмкiндiк бередi.

## Әдебиет

1. Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика – қазақ тiл бiлiмiнiң жаңа бағыты // Тiлтаным. Языкознание. ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тiл бiлiмi институты, сәуiр-мамыр-маусым. – Алматы, 2009 жыл, №2 (34). – 3-11 бб.

2. [https://qazcorpus.kz/\\_zhazushilar-ishkorpus/header/jalpyMalimet.php](https://qazcorpus.kz/_zhazushilar-ishkorpus/header/jalpyMalimet.php)

3. Әмiрбекова А.Б., Мамырбек Г.М., Талғатқызы Г., Уракова Янч Л. Жазушы мәтiнi iшкорпусын әзiрлеу жолдары: метабелгiленiм құрылымы мен қызметтерi. ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. No1 (193). 2024. 13-24 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph2>

4. <https://exmaralda.org/en/>

5. Қазақ тiлiнiң ұлттық корпусын әзiрлеу тәжiрибесi / Жоба жетекшiсi: Фазылжан А. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 446 б.

**Ақтоты ҚОЖАХМЕТОВА**  
*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*  
*PhD докторант*

**Ақиддар БЕКЖАН**  
*Абай атындағы РММИ*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*  
*педагогика ғылымдарының магистрі*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **Д.ИСАБЕКОВТІҢ «ҚАРҒЫН» РОМАНЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ІШКОРПУСТАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада Дулат Исабековтің «Қарғын» шығармасында кездесетін бейнелі сөздер, соның ішінде метафора, эпитет, теңеу сияқты көркемдегіш құралдары кездесетін мәтіндер мен сөйлемдер талданып, қарастырылады. Олардың сөйлемдегі көркемдік қызметі мен қолданысы жан-жақты қарастырылып, лексикалық мағыналары талданады. Сонымен қатар Дулат Исабековтің қолданысындағы бейнелі сөздер Жазушылар ішкі корпусы арқылы өзге жазушылардың туындыларымен салыстырылып көрсетіледі. Талдау барысында қазақ тілінің бай әрі терең қабатына шолу жасалып, ұлттық танымға негізделген бейнелі сөздердің концептілік мәні ашылады. Әдеби мәтіндегі әрбір бейнелі сөздің қазақтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен, таным-түсінігімен байланысты туындайтынына сөз жеткізуге болады.

**Тірек сөздер:** метафора, эпитет, теңеу, корпус, Жазушылар ішкі корпусы.

**Аннотация.** В статье анализируются и рассматриваются образные слова, встречающиеся в произведении Дулата Исабекова «Қарғын», в том числе тексты и предложения, в которых встречаются такие художественные средства, как метафора, эпитет, сравнение. Всесторонне рассматриваются, художественная функция и использование в предложении, а также анализируются лексические значения. Кроме того, образные слова Дулата Исабекова сравниваются с произведениями других писателей через подкорпус писателей. В ходе анализа дается обзор богатого и глубокого пласта казахского языка, раскрывается концептуальное значение образных слов, основанных на национальном познании. Можно сказать, что каждое образное слово в литературном тексте связано с казахским бытом, обычаями, традициями, познаниями.

**Ключевые слова:** метафора, эпитет, сравнение, корпус, Подкорпус писателей.

**Abstract.** The article analyzes and examines the texts and sentences that contain figurative words found in Dulat Isabekov's work «Kargyn», including such artistic means as metaphors, epithets, similes. Their artistic function and use in the sentence are considered in detail and their lexical meanings are analyzed. At the same time, figurative words in the use of Dulat Isabekov are compared with the works of other writers through subcorpus of writers. In the course of the analysis, an overview of the rich and deep layer of the Kazakh language is given, and the conceptual meaning of figurative words based on national cognition is revealed. It can be said that every figurative word in the literary text is associated with the life, customs, traditions, consciousness and understanding of the Kazakh people.

**Key words:** metaphor, epithet, simile, Corpus, Subcorpus of writers.

Көркем мәтіндер арқылы автордың танымын, оның бейнелеп отырған ортаның мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін байқауға анықтауға болады. Мәтіндегі көркем сөздер тіліміздің байлығын көрсетумен қатар, оның ары қарай дамуына, сақталуына негіз болады. Көркем мәтін ұлт тілінің құдіретін, оның бүкіл болмысын танытуға қызмет ететіндіктен, оның тұтастық сипаттағы корпустық лингвистикада алатын орны айрықша. Ауызекі тілде айтылып жүрген түрлі теңеулер, фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің мағыналық астарын өзінше аша отырып, әрбір жазушы өз шеберлігіне байланысты жандандырып, дамытып отырады.

Осындай қазақ кестелі сөзінің байлығын Дулат Исабековтің шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Мұның дәйегі ретінде «Қарғын» шығармасын алып отырмыз.

Метафораны жан-жақты зерттеген ғалым Б.Хасанов былай деп пікір айтады: «Сөз туғызудың басқа тәсілдерінен метафораның негізгі айырмашылығы сөз мағынасын ғана жаңартып,

сырт тұлғасына фонетикалық, морфологиялық өзгеріс енгізбейтіндігінде. Тіліміздің сөздік құрамын байытудағы метафораның орнын анықтауда бұл айырмашылықтарды әрдайым есте сақтау керек, – дей келіп, оның *индивидуалдық* және *дәстүрлі* (ерекшелеген біз) болып екіге бөлінетіндігін көрсете келе, – индивидуалдық метафора – өмірдің кейбір жайларына берілген субъективті баға, өзіндік тұжырым. Ал дәстүрлі метафора – сол тілде сөйлейтін халықтың тіршілігі мен тұрмыс-күйіне, өмір сүрген ортасына, дүниетанымына тікелей байланысты болады. Дәстүрлі метафоралар – мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі метафораның авторы болмайды. Олар мақал-мәтелдер сияқты халық қазынасы болып табылады. Дәстүрлі метафоралар сөз айшығы ретінде тілде тұрақты қолданылады. Бірте-бірте дәстүрлі метафоралардың бейнелілік қасиеті солғындап, күңгірттенеді. Олар – поэтикалық метафоралар тәрізді негізінен көркем әдебиетте қолданылады» [1].

Метафора зат, құбылыс, оның белгілерінің байланысуы арқылы жасалып, ойдың дамуына мүмкіндік береді. Ол заттардың адам байқамайтын қасиеттерін байқауға көмектеседі. Сол арқылы адамның ойлау дүниесінде күтпеген батыл ассоциациялар жасалады. Бұндай күтпеген, кенеттен болған салыстырулар тілге, көркем шығармаларға ерекше көркемдік береді.

*Үйде мүлгіген бейбіт тыныштық, шаңырақ астында бала қамы, семья қамы, оларға деген аналық қамқорлық салтанат құрған.* Бұл жерде *«аналық қамқорлық салтанат құрған»*, яғни аналық махаббат сезімінің орнауы дегенді айтып тұр.

*Әйтсе де «Ағаңыз бола ма, әкеңіз бола ма?» – деп байқаусыз жанын шымышлаганын, сол сөзі арқылы Сәргелдің намысына тигенін де аңғарды. «Жанын шымышлаганын»,* яғни уайым-қайғысын қозғауды меңзеп тұр.

Қазақ тілінде теңеуді арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров: «...теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде тіл білімінде зерттейді» [2], – дейді.

Сонымен қатар академик З. Қабдолов: «Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі»[3], – деп, ғалым теңеуді заттың, не құбылыстың ерекше белгілерін екінші затпен, құбылыспен салыстыра суреттегенде, оқырман түсінігі айқын да терең болатынына тоқталады.

*Барлық тәрбиесі дәулетті шаңырақтың ұл-қызындай, бұл да тек мектеп программа-сымен шектеліп қалмай, жаратылыс тану,ерте дүние тарихы, музыка пәндері бойынша қосымша сабақ алды (Д.Исабеков «Қарғын»).*

Өзге авторлардағы тілдік қолданысын салыстыру үшін Қазақ тілінің ұлттық корпусының іздеу жүйесі арқылы мысалдарды тауып, өз мақаламызда қолдануды жөн көрдік. Мысалы, *Қазақта қатты сыйласатын, жасы шамалас туыс, достар бірінің баласын бірі өзінің ұл-қызындай көріп, олар да бұл кісілерді өздерінің әке шешесіндей сыйлайды (Салтанат Қажыкен «Кіндік шеше»).* Екі мысалда *«ұл-қызындай»* теңеуі – *сол үйдің ұл-қызы сияқты* деген мағынада жұмсалып тұр.

*Және сол ойламаған нәрсесі тұңғыш рет алыс сапарға аттанып бара жатқан жас қыздың алдынан ә дегеннен шыға келуі қуаныш пен бақытқа мас аласұрған балаң көңілге мұз басқандай әсер етті (Д.Исабеков «Қарғын»).*

«Қарғын шығармасында» кездескен *«мұз басқандай»* теңеуін басқа да авторлардың қолданысын іздеу барысында Қазақ тілінің ұлттық корпусынан төмендегідей мысалдар кездесті.

Қаламгер Д.Исабеков «Огонек» журналының 17-саны» атты шығармасында да *«мұз басқандай»* теңеуін қолданып отыр. Мысалы, *Қуанышы болса бола берсін, дәл осындай көкірегінде шері шемен боп қатса да, онысы ешкімге айтылмайтын, ешкім көңіл бөлмейтін жұдырықтай елеусіз жандардың ішкі мұңы адамның жанын аш мысықтай тырналап, бауырыңа мұз басқандай болады екен (Д.Исабеков «Огонек» журналының 17-саны»)* (<https://>



qazcorpus.kz/). Көріп отырғанымыздай, «**мүз басқандай**» – адам көңілінің жабырқаулы сәті, көңіліне реніш ұя салуы деген мағынада қолданыс тауып отыр.

Құс жастықтың шәйі тысы мұздап қалыпты, шекесіне **мүз басқандай** әсер етті (Д.Досжан «Терезенің жарығы»). Мұнда суықтықты, салқындықты білдіріп тұр.

Эпитет – көріктеуші құралдардың ішінде жиі кездесетін құралдардың бірі. Эпитет арқылы сөз иесі кейіпкердің кескін-келбетін, жан дүниесін ашуда қолданыс табады. Қаламгер Д.Исабеков мәтіндерінде төмендегідей эпитеттер кездеседі:

*Ол кезде жасы он сегізге толар-толмас **уылжыған қыз** еді* (Д.Исабеков «Қарғын»).

**Уылжыған қыз** – жасөспірім, жеткіншек қыз деген мағына беріп тұр.

Өзге авторлардағы тілдік қолданысын көру мақсатында Қазақ тілінің ұлттық корпусына сүйендік:

*Жасы әлі жиырмаға толмаған **уылжыған** жас жалғыз қалды, жалғыз...* (Ғабит Мүсірепов «Сөз жоқ, соның іздері»).

*Дэн Сиопин жастарды өсірді дегенде олардың бәрі **уылжыған** жас, бүлдіршіндей бала екен деп ойлауға болмайды* (Рахым Айыпұлы «Дэн Сиопин. Шалдардың саясатқа араласуы жақсылыққа апармайды»).

*Хақназар сол кезде де **уылжыған** жас емес еді-ау. Ал Хақназардың өзі ше? Ол кезде **уылжыған** жас болмаған Хақназар қай бір оңып, жетісті дейсін* (Ұзақбай Доспанбетов «Шың мен шыңырау»).

*Анау қабырғаға сүйеулі тұрған шаң-шаң портреттегі шөміш иек, айнатаз Тәкең мен мына ас үйдегі шүйкедей кемпір, бір кезде осындай **уылжыған** жас болды дегенге сенгің келмейді* (Дидахмет Әшімханұлы «Босаға (Үштаған»).

**Уылжыған** нәрестені қанша сүйсе де Көжектің мауқы басылмады (Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер»).

*Талдырмаш қана **уылжыған** қыз бала кіріп келгенде жас отбасылардың шырқын бұзып жүрген Тұрғынбековтың әрекеті ойына сап ете түсіп, сазарған күйі біраз бөгелді* (Жұмабай Шаштайұлы «Аяз би»).

*Аядай бұрыш бұдан былай балапанының бөлмесі Күліп алды, **уылжыған** уыз ұртында сүйкімді оймышы орнай қалған* (Шәрбану Құмарова «Сезім патшалығы»).

*Сарысу бойында жиі кездесетін есім. Кәдімгі, аяқ қолы балгадай дейтін, **уылжыған** сары келіншек әкесіндей Шіркімбаймен жезделеп әзілдесіп жатыр* (Тәкен Әлімқұлов «Сейтек сарыны»).

*Ол әлі **уылжыған** жеткіншек* (Нығмет Ғабдуллин «Ғабит Мүсірепов драматургиясы»).

Жоғарыда Қазақ тілінің ұлттық корпусынан жинап алынған мысалдарда да «уылжыған» сөзінің мағынасы бәрінде бірдей қолданылып тұрғанын байқауға болады.

«Қарғын» шығармасындағы «*Бағила намысты нысанаға ап айтылған мынадай **дөкір сөзден** жарыла жаздап, ернін тістеледі*», мұндағы «дөкір сөз» эпитеті өзге авторларда да көрініс тапқанын төмендегі мысалдардан көруімізге болады.

*Өзге жұрттан дәрежесі биік күйеуі емес өзі сияқты төңірегіне тепсініп, өткір сөз айттым деп **дөкір сөз** айтатын әйелдерді Қасболат талай көрген* (Тахауи Ахтанов «Боран»).

*Топас мінезі мен төртбақ дене бітіміне **дөкір сөзі** мен шолақ ісі қосылып, Жұман байдың тұлғасын жасайды* (Хасен Әбдіков «Өмір және эпос»). Мысалдарда кездескен «**дөкір сөз**» эпитеті – дөрекі, ауыр сөз деген мағынаны береді.

*Күн әлі бата қоймаса да, мұнда қара көлеңке, әрі ауа **қоңыр салқын** екен.* (Д.Исабеков «Қарғын»). Мұнда «қоңыр салқын» – ауаның жайлы жұмсақ, бірақ аздап салқын болуы мағынасында қолданылып тұр. Корпустан қоңыр салқын эпитеті басқа да авторларда жиі кездесетінін төмендегі мысалдардан көруімізге болады. Мысалы:

*Күн сәскеге дейін **қоңыр салқын** боп тұрады да, сәскеден кейін ыси бастайды* (Әбіш Кекілбаев «Үркер»).

***Қоңыр салқын** күзде мал тойынту қамында болатын. Жолаушылардың алдынан жұмсақ қана қоңыр салқын соғады* (Мұхтар Әуезов «Абай жолы»).

*Самалға **қоңыр салқын** төсеп төсін Жарысқан жолдас көріп көлеңкесін, Өз елін өрт шалса да орда көрген Ақынның айыптармыз неменесін!* (Әбділда Тәжібаев «Ашықтар»).

*Бір шофер қарындасқа Аспан айлы, түн тынық, **Қоңыр салқын** самал жел* (Әбділда Тәжібаев «Қарлығаш»).

Ерулі атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Еңку еңку жер шалмай, Қоңыр салқын төске алмай (Махамбет Өтемісұлы «Ерулі атқа ер салмай»).

Қоңыр салқын ауасы Алматының, Мен өзім Алматының солдатумын (Мұқағали Мақатаев «Дастарқан үстінде»).

Кез келген ұлттың мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке, өзіндік мәнге ие. Халық тіліндегі жалпы сөздердің көріктеуіш, бейнелеуіш, әсерлеуіш қызмет атқаратын сөздерді қолдану жазушы шеберлігіне орай қолданылады. Осы сияқты халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түс екеніне көз жеткізуімізге болады.

Және қан базардай қайнап жатқан мына өмірде бір кездесе кеткен бейтаныс адамды өз әкесінен жоғары қойғанына, әуелгіде намыстанды, намыстанса да оған көнбеске болмасын, бір парақ қағаз болдырмасын еріксіз мойындады (Д.Исабеков «Қарғын»). Бұл теңеу арқылы жасалған эпитетте «қан базардай қайнап жатқан өмір» – шиеленіс пен тартысқа, күреске толы, күрелі өмір деген мағынаны беріп тұр.

«Қан базар» тұрақты тіркесі басқа авторларда қолданыс табатынын ҚТҰК-на сүйене отырып, төмендегідей мысалдарды кездестірдік:

Қандай құдіретті мемлекет те көк мұхитқа тікелей жол тауып, жаһанның қан базарының қай қайсысына да емін еркін бара алмай тұрып, көсегем көгерді дей алмақ емес (Әбіш Кекілбаев «Үркер»).


Онда орыстың бекасауытты қолы кіші жүздің іргесіне емес, орта жүздің іргесіне шаһар салып қан базар қылып жатпас па еді (Әбіш Кекілбаев «Елең-алаң»).

Қан базардың іші, өткендегі кісілер күліп қарайды (Бейімбет Майлин «Бір адам»).

Қан базарының ішінде құлап жатудың ұят екенін сезгендей болды (Бейімбет Майлин «Бір адам»).


Биыл Мәжіліске қайтадан сайландыңыз. Парламентте жүргенде де газеттерге жиі жарияланасыз, теледидарда жүйелі түрде пікір білдіріп тұрасыз, шәкірттерге дәріс оқисыз, яғни қазір де сізді журналистиканың қан базарында жүр деп санаймыз (Көктем Қарқын «Сауытбек Абдрахманов «Сенімболса, серпіліс те болады»).

Жазушылар ішкорпусында қазақ жазушыларының шығармаларында кездесетін көріктеуіш құралдары мысалымен бірге беріледі. Бұл ішкорпустың алдағы уақытта зерттеушілер үшін тиімді құралға айналатыны сөзсіз (1-сурет).



1-сурет. Жазушылар ішкорпусы

Жазушылар ішкорпусында зерттеуші өзіне қажетті теңеу, эпитет т.б. көріктеу құралдарын және мәтін кімнің шығармасы екенін, қандай шығармадан алынғаны, ол шығармада не туралы баяндалатыны жайлы ақпаратты да ала алады (2-сурет).



2-сурет. Жазушылар ішкорпусының метабелгіленімі

Қорытындылай келе, Жазушылар ішкорпусы мәтіндерін іріктеуде халқымыздың ұлттық құндылықтарынан, мәдениеті мен тұрмыс тіршілігінен, салт-дәстүрінен хабар бере алатын шығармалардың іріктеліп алынуы маңызды. Корпус ауқымды мәтіндерді қамтып, жинақтайтын қорымыз болғандықтан, болашақ ұрпағымызға қалдырар мұрамызды жеткізуші құрал ретінде тиімді пайдалану басты мақсаттарымыздың бірі болмақ. Сондай-ақ оларды зерттеулерде қолданудың жаңа әдістерін аша отырып, қол жұмысын жеңілдетуге, уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретінін байқауға болады.

Көркем мәтінді, онда қолданылған көркем сөздер мен халқымыздың өткен-кеткен тарихынан, мәдениетінен ақпарат беретін құнды бейнелі сөздер корпусы жасалса, болашақ үшін маңызды, мазмұнды, құнды жеткен жетістігіміз болар еді. Қазақ әдебиетіндегі әрбір жазушының тілдік қолданысын зерттеу, бейнелі сөздеріне талдау жасау арқылы қазақ тілінің байлығын әлемге таныта аламыз. Мұндай зерттеулердің ұлт тілінің сақталуы мен тазалығына, өміршең болуына септігі тиері сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі метафоралы қолданыстар. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.
2. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. – 352 б.
4. <https://qazcorpus.kz/>

*Айкерим МУРСАЛ*  
*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*  
*PhD докторант*

*Индира БАЙСЫДЫҚ*  
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*  
*аға оқытушы, философия PhD докторы*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОҚУ ІШКОРПУСЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

**Андатпа.** Мақалада қазақ тілінің оқу ішкорпусын әзірлеу тәжірибесі, оның маңыздылығы мен қолданылу мүмкіндіктері талқыланады. Әлемдік тәжірибеде оқу ішкорпусын әзірлеудің маңызы айтылады. Шетелдік ғалымдардың оқу ішкорпусын қолданудың маңыздылығы жайында айтқан тұжырымдары келтіріледі. Отандық ғалымдардың ішінде оқу ішкорпусын құрастырудың қажеттілігі жөнінде айтқан ғалымның пікірлері мен ұсыныстары қарастырылады. Оқу ішкорпусының міндеттері мен функциялары анықталады. Оқу ішкорпусына дайылған мәтінге арналған метабелгіленім кесте түрінде беріледі. Оқу ішкорпусының интерфейсі көрсетіліп, оқу ішкорпусы туралы жалпы мәлімет жеткізіледі.

**Тірек сөздер:** Қазақ тілінің ұлттық корпусы, оқу ішкорпусы, оқу мәтіндері, корпусық база, метабелгіленім.

**Аннотация.** В статье обсуждается опыт разработки учебного подкорпуса казахского языка, его значимость и возможности применения. В мировой практике подчеркивается важность разработки учебного подкорпуса. Приводятся выводы зарубежных ученых о важности использования учебного подкорпуса. Среди отечественных ученых будут рассмотрены мнения и рекомендации ученого, который высказался о необходимости составления учебного подкорпуса. Определяются задачи и функции учебного подкорпуса. Метаозметка к тексту, подготовленному к учебному подкорпусу, дается в виде таблицы. Доводится обшая информация и указывается интерфейс учебного подкорпуса.

**Ключевые слова:** Национальный корпус казахского языка, учебный подкорпус, учебные тексты, корпусная база, метаозметка.

**Abstract.** The article discusses the experience of developing an educational subcorpus of the Kazakh language, its significance and application possibilities. In world practice, the importance of developing an educational subcorpus is emphasized. The conclusions of foreign scientists on the importance of using the educational subcorpus are presented. Among domestic scientists, the opinions and recommendations of the scientist who spoke about the need to compile an educational subcorpus will be considered. The tasks and functions of the educational subcorpus are defined. The meta-markup to the text prepared for the educational subcorpus is given in the form of a table. General information is provided and the interface of the educational subcorpus is indicated.

**Keywords:** National corpus of the Kazakh language, educational subcorpus, educational texts, corpus base, meta-markup.

Әлемдік тәжірибеде оқу корпустарының маңызы жылдан жылға артып келеді, әсіресе тіл меңгерудің және білім беру жүйесін жетілдіру бағытында. Оқу ішкорпустары оқытушы мен оқушыға арналған кең ауқымды мәтіндер мен деректер жинағын білдіреді, олардың көмегімен оқыту үдерісі ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негізделеді. Бұл корпусстар тіл үйрену барысында жиі кездесетін қателерді анықтап, оларды түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу корпусстары әртүрлі тіл деңгейлерін қамтып, оқу материалдарының тиімділігін арттырады.

Оқу ішкорпустары әлемнің көптеген елдерінде тіл үйрету әдістемелерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқу корпустарының көмегімен тілдік құрылымдардың жиілігі мен қолданылуы зерттеліп, тіл үйренушілердің нақты қажеттіліктеріне бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жасалады. Одан бөлек, оқу корпусстары автоматтандырылған оқыту жүйелерін дамытуға ықпал етіп, білім беру үдерісін жеңілдетуге және жаңартуға жол ашады.

Шетелдік ғалымдар оқу ішкорпустарын тіл меңгерудің және оқыту әдістерін жетілдірудің тиімді құралы ретінде қарастырады. Мәселен, Джон Синклер оқу корпусстары оқушыларды

нақты деректерге негізделген жиі қолданылатын сөздер мен құрылымдармен таныстыру арқылы тілдік құзыреттілікті арттырады деп есептейді (Sinclair, 1991). Майкл Бибер өз зерттеулерінде оқу ішкорпустарының мәтіндерді жанрлық және функционалдық тұрғыда талдау арқылы оқыту сапасын жақсартудағы рөлін ерекше атап өтеді (Biber, 1993). Ал Тони МакЭнери мен Эндрю Уилсон оқу корпустарының автоматтандырылған оқыту жүйелерінде және лингвистикалық зерттеулерде негізгі дереккөз ретінде қолданылатынын көрсетеді (McEnergy & Wilson, 1996).

Отандық ғалымдардың ішінде оқу ішкорпусын Ұлттық корпусстың құрамдас бөлігі ретінде әзірлеудің қажеттілігі мен оның мәтіндік базасының белгіленімдері туралы алғашқылардың бірі болып пікір білдірген профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов. Ол өз зерттеулерінде оқу ішкорпусын құрастыруда мәтіндердің метамәтіндік және грамматикалық параметрлерін жүйелі түрде белгілеудің маңыздылығын атап көрсеткен. Жұбанов оқу ішкорпусын құрастыруда келесі міндеттерге ерекше назар аудару керектігін айтады: «оқу ішкорпусына енетін мәтіндердің метамәтіндік параметрлері компьютерлік базаға салынуы қажет. Сондықтан корпус құрастыруда метабелгіленімдер (оқулық атауы, авторы, жылы, шыққан орны, стилі, жанры, сөзқолданысы т.б.) мен грамматикалық белгіленімдерді мәтінге енгізудің әдіс-тәсілдерін, түрлерін, компьютерлік бағдарламаларын т.б. зерттеудің маңызы зор; – Әртүрлі сөздіктер құрастыруда, ғылыми грамматикалар жазуда, оқыту жүйесінде және оқулықтар құрастыруда, әдістемелік құралдар жазуда, аударма жұмыстарында, ғылыми зерттеулер жүргізуде, статистикалық мәліметтер алуда, энциклопедиялық ақпараттар алуда осы білім беру корпусы негізге алу керек; – Білім беру корпусына енген мәтіндердің құрамына тек қазақ тілін ғана емес, басқа да пәндер қосу және мәтіндерде кездесетін омоним сөздерді автоматты түрде немесе жартылай автоматты түрде ажырату қажет» (Жұбанов, 2016: 81).

Профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбановтың тұжырымынша, білім беру корпусы оқытудың даралануын қамтамасыз етіп, оқу процесін автоматтандырудың негізін құрайды. Ол компьютерлік технологияларға сүйене отырып, техникалық, әдістемелік, лингвистикалық және бағдарламалық құрамдастарды біріктіреді (Жұбанов, 2008: 593). Мұндай корпус оқыту үдерісін ұйымдастырумен қатар, тіл меңгеру әдістемесін жетілдіруге, оқу материалдарын бейімдеуге және тілдік деректерді зерттеуге арналған кешенді жүйе ретінде қолданылады. Бұл, өз кезегінде, қазақ тілін оқыту мен ақпараттық технологияларды дамыту саласындағы зерттеулерді үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ішкорпустың қолданылу мүмкіндіктері әртүрлі салаларды қамтиды, оның ішінде:

*Білім беру:* Қазақ тілін үйренушілер үшін арнайы жаттығулар мен тапсырмалар жасау;

*Зерттеу:* Лингвистикалық зерттеулер жүргізу үшін деректер базасын қамтамасыз ету;

*Ақпараттық технологиялар:* Қазақ тіліндегі автоматтандырылған қызметтерді (мысалы, машиналық аударма, дауысты тану) дамытуға негіз болу.

Қазақ тілінде оқу ішкорпусын әзірлеу туралы мәселе А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында А.М.Фазылжанның жетекшілігімен «Қазақ мәтінін автоматты тану: лингвистикалық модульдер мен ІТ-шешімдер әзірлемесі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу жобасының аясында арнайы көтеріліп, зерттеліп, жасақталып жатыр (Жанабекова, А. А., Жолшаева, Мукатаева, Тлегенова, 2024:138-149.).

Қазақ тілінің Ұлттық корпусы (ҚТҰК) аясында жасалған оқу ішкорпустарының негізгі мақсаты – оқытылатын тілді меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау және олардың нәтижелілігін бағалау. Әсіресе, оқу ішкорпустары мектеп оқушылары мен қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілерге арналған тіл меңгеру үдерісін жеңілдетуге бағытталған. Бұл корпус-тар тіл үйренушілердің жазба жұмыстары мен ауызша сөйлеу материалдарының дерекқорын құра отырып, мәтіндік мәліметтерді жинауды көздейді. Осы дерекқор арқылы тіл үйрену кезінде жиі кездесетін типтік қателер анықталады, нәтижесінде тіл үйрету барысында назар аударуды қажет ететін маңызды тұстарды айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл тіл меңгеру бағдарламалары мен оқыту әдістеріндегі олқылықтарды түзетуге жол ашады.

***Оқу ішкорпустарының міндеттері мен функциялары:***

– Тіл үйренушінің бастапқы білім деңгейін, дағдыларын және жеке ерекшеліктерін анықтау;

– Оқу материалдарын дайындау: қарастырылатын мәтіндер, тақырыпқа байланысты оқу және бақылау тапсырмалары, сонымен қатар иллюстрациялық материалдар жасау;



– Оқу материалын таныстыру және оны күрделілік деңгейі мен ақпарат беру жылдамдығы бойынша бейімдеу;

– Оқу корпустарын әзірлеу кезінде тіл меңгеру деңгейлерін ескеру маңызды. Өйткені тілді мүлде білмейтін адам мен белгілі бір дәрежеде сөйлей алатын тіл үйренушінің қажеттіліктері әртүрлі болады. Осыған байланысты, кейде оқу корпустары әртүрлі тіл деңгейлеріне бейімделіп, арнайы топтастырылады. Бұл тәсіл оқу материалдарының сапасын арттырып, тіл үйрету үдерісін барынша тиімді әрі қолжетімді етуге көмектеседі.

Қазақ тілінде оқу ішкорпусын Ұлттық корпустың маңызды құрамдас бөлігі ретінде әзірлеу қажеттігін алғаш көтерген ғалым – профессор Асқар Құдайбергеноұлы Жұбанов. Ғалымның пікірінше, оқу ішкорпусын құрастыруда мынадай міндеттерге ерекше назар аудару қажет:

**Мәтіндердің метамәтіндік параметрлері:** Оқу ішкорпусына енетін мәтіндердің сипаттамаларын (мысалы, оқулық атауы, авторы, жарық көрген жылы мен орны, стилі, жанры, сөзқолданысы және т.б.) компьютерлік базаға енгізу қажет. Осыған байланысты мәтіндерге мета-белгіленімдер мен грамматикалық белгіленімдерді енгізу әдістерін, олардың түрлерін және сәйкес бағдарламалық құралдарды зерттеу үлкен маңызға ие.

**Қолдану аясы:** Оқу ішкорпусы әртүрлі салада кеңінен пайдаланылуы тиіс. Мысалы, сөздіктер құрастыруда, ғылыми грамматикалар жазуда, оқыту жүйесінде, оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауда, аударма жұмыстарында, ғылыми зерттеулер жүргізуде, статистикалық деректер жинауда, энциклопедиялық мәліметтер алуда корпус негізге алынуы керек.

**Мәтіндер құрамын кеңейту:** Білім беру корпусына тек қазақ тіліндегі мәтіндерді ғана емес, басқа пәндерге қатысты мәтіндерді де қосу қажет. Сонымен қатар, мәтіндерде кездесетін омоним сөздерді автоматты немесе жартылай автоматты түрде ажыратуға мүмкіндік беретін технологияларды енгізу маңызды.

Бұл көзқарастар оқу ішкорпусын құрастырудың ғылыми негізін анықтап, оның практикалық және теориялық маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан корпус құрастыруда мета-белгіленімдер (оқулық атауы, авторы, жылы, шыққан орны, стилі, жанры, көлемі т.б.) мен грамматикалық белгіленімдерді мәтінге енгізудің әдіс-тәсілдерін, түрлерін, компьютерлік бағдарламаларын зерттеудің маңызы зор. Білім беру мәселесі ең алдымен мектеп оқулықтарынан басталу қажет.

Қазақ тілінің Оқу корпусын жасау егер басқа шетелдік оқу корпустарындай сауаттылыққа бағытталса, онда оның жұмысын мынадай корпустық қосымшалар арқылы реттеуге болады:

- Мәтіндік редактор;
- «Сөз тексер» қосымшасы;
- Тіркесімділік сөздігі;
- Жиілік шығару программасы.

Метабелгіленім – ғылыми-зерттеу жұмыстарында белгілі бір кезеңге, стильге, авторға, тақырыпқа т.б. қатысты материалдар жинаудың таптырмас дереккөзі. Метабелгіленім ішкорпусты құру үшін корпуста қолданушыға мәтіндерді іздеуге, таңдауға мүмкіндік береді.

*1-кесте*

#### Оқу ішкорпусына дайылған мәтінге арналған мета-белгіленім

Мәтін аты	Жау тылындағы бала
Автордың аты-жөні	Қасым Қайсенов
Құрастырушының аты-жөні	Байбота Қошым-Ноғай
Серия аты	Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы
Жарық көрген уақыты	2021 жыл
Аудитория жасы	Балалар/жасөспірімдер
Мәтін стилі	көркем әдебиет
Мәтін типі (жанры)	хикаят
Сөзқолданыс саны	27117

<b>Таралым типі</b>	жинақ
<b>Мәтін графикасы</b>	кирил
<b>Мәтін формасы</b>	жазбаша
<b>Мәтін көзі</b>	көшірме (сканер)
<b>Дереккөзі</b>	Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. Алатау ертегісі./ Құраст. Байбота Қошым-Ноғай/ – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2021. Т.6: Қазақ жазушыларының балаларға арналған хикаяттары. – 432 б.
<b>Корпусқа енгізілген уақыты</b>	30 қараша, 2023.
<b>Корпусқа енгізуші</b>	Айкерим Мурсал
<b>Мәтін деңгейі (A1, A2, B1, B2, C1, C2)</b>	B1

Оқу ішкорпусын әзірлеуде метабелгіленімдер мен мәтін деңгейін анықтау – өте маңызды аспектілер болып табылады. Бұл мәселелердің өзара байланысы тіл үйрету мен тілдік деректерді тиімді пайдалануда ерекше рөл атқарады. Метабелгіленімдер мәтіннің әртүрлі сипаттамаларын, оның грамматикалық, семантикалық және құрылымдық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Сонымен қатар, метабелгіленімдер оқу ішкорпусын автоматтандырылған талдау үшін құрылымдауға мүмкіндік береді, бұл оқу үдерісін жүйелеуге және нақты нәтижелерге жетуге ықпал етеді.


Профессор Асқар Құдайбергенұлы Жұбанов атап өткеніндей, метабелгіленімдер мен мәтін деңгейін анықтау оқу ішкорпусын тиімді пайдаланудың негізі болып табылады. Мәтін деңгейінің белгіленуі тіл үйренушінің қажеттілігіне сәйкес күрделілікті анықтауға көмектеседі, ал метабелгіленімдер оқу материалының әртүрлі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді (Жұбанов, 2008:115). Бұл жүйелі құрылым оқу үдерісін жеңілдетіп, білім берудің сапасын арттырады. Оқу ішкорпусы, әсіресе қазақ тілінің оқу корпусы, тек лингвистикалық білім берудің ақпараттық жүйесі ғана емес, сонымен бірге тілдік және лингводидактикалық талдаулар үшін дереккөз болып табылады.

Қазақ тілінің оқу корпусы лингвистикалық зерттеулерді және тіл үйрену әдістемелерін жетілдіруге бағытталған маңызды құрал болып табылады. Ол тек тіл үйренушілерге арналған білім беру процесін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар тілдің қолданылуы мен құрылымындағы ерекшеліктерді нақты көрсету арқылы оның толық бейнесін ашады.

Мұндай корпус тіл үйренушілер мен оқытушыларға тілдік деректерді жинау, талдау және бағалау үшін құнды ресурстар ұсынады, бұл өз кезегінде оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Алайда, оқу корпустарын тілдік білімдермен біріктіру және оларды тіл үйрету жүйесіне енгізу білім берудегі корпус лингвистикасы саласындағы үздіксіз зерттеулер мен жаңартуларды талап етеді. Бұл саладағы жұмыстар оқытудың әдістемесін жетілдіріп, тіл үйренудің жаңа тәсілдері мен технологияларын енгізуге жағдай жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Қазақ тілінің Ұлттық корпусы аясында әзірленген оқу ішкорпусының интерфейсі көрсетіледі.



1-сурет. Оқу ішкорпусының интерфейсі

Қазақ тілінің Оқу корпусын әзірлеуде деңгейлік оқыту принципі негізге алынып, лингвистикалық құралдары төмендегі ретпен жасакталды: – Практикалық қазақ тілі; – Кәсіби қазақ тілі; – Теориялық қазақ тілі; – Іскери қазақ тілі; – Шешендік қазақ тілі. Оқу корпустарына тіл үйренушілер үшін Сауаттылық құралдары енгізілді: - Жазу сауаттылығы (Орфографиялық сөздік, емле, пунктуациялық анықтағыш) – Оқу сауаттылығы (Орфоэпиялық сөздік, орфоэпиялық конвертор) – Лексика-грамматикалық сауаттылық (Оқулықтар, түсіндірме сөздіктер т.б.) Қазақ тілінің оқу корпусы оқытушыларға (әртүрлі деңгейде қазақ тілі пәнін өткізу кезінде); оқулық құрастырушыларға; екінші тіл ретінде қазақ тілін оқушыларға (Практикалық қазақ тілі); кәсіби тілдесім мен кәсіби терминологияны меңгерушілерге (Кәсіби қазақ тілі); қазақ тілін ғылым тілі ретінде оқитын оқушылар мен студенттерге (Теориялық қазақ тілі); қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптаманы жатық меңгергісі келетіндерге (Шешендік қазақ тілі); жалпы тіл (қазақ тілін) үйренушілерге арналған. Оқу ішкорпусының мәтіндік базасы көркем әдебиет стилі бойынша онтомдық Қазақ балалар әдебиетінің антологиясынан, публицистикалық стиль бойынша балаларға арналған журналдардан («Ұлан», «Ақжелкен», «Балдырған») алынды. Сөзколданыс саны – 3 миллион ([https://qazcorpuz.kz/\\_oqu-ishorpus/header/jalpyMalimet.php](https://qazcorpuz.kz/_oqu-ishorpus/header/jalpyMalimet.php)).

Қорыта айтқанда, Қазақ тілінің Ұлттық корпусының аясында әзірленген оқу ішкорпусы платформасы сөздердің қолданылуын талдайтын құрал ретінде үлкен маңызға ие. Пайдаланушылар сөздердің контекстін көру арқылы тілдік құрылымдарды зерттей алады. Бұл жүйе тіл үйренушілер мен зерттеушілер үшін тиімді құрал болып табылады, себебі сөздерді әртүрлі стильдерде іздеп, олардың түрлі мәтіндердегі қолданылуын бағалауға мүмкіндік береді.

### Әдебиет

1. Sinclair, J. (1991). Corpus, Concordance, Collocation. Oxford University Press.
2. Biber, D. (1993). Representing Register Variation Using Collocation and Grammatical Markers: A Multi-Dimensional Approach. Computers and the Humanities, 26(5), 331-345.
3. McEnery, T., & Wilson, A. (1996). Corpus Linguistics. Edinburgh University Press.
4. Жұбанов А.Қ. Корпустық лингвистика (2016). – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336 бет.
5. Жұбанов А. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе (2008). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 640 бет.
6. Жанাবেкова, А. А., Жолшаева, М. С., Мукагаева, А. Ж., & Тлегенова, Г. Б. (2024). Вопросы разработки учебного корпуса казахского языка. Tiltanym, (1), 133-143. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-133-143>
7. Қазақ тілінің Ұлттық корпусы аясында әзірленген оқу ішкорпусы. [https://qazcorpuz.kz/\\_oqu-ishorpus/header/jalpyMalimet.php](https://qazcorpuz.kz/_oqu-ishorpus/header/jalpyMalimet.php)

## **ВЛИЯНИЕ КУЛЬТУРНОГО ФОЛЬКЛОРА НА НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ**

**Андатпа.** Фольклорлық материалдар қазіргі қоғам тарихының тамыры болып табылады. Дастандар, тарихи анекдоттар, мақал-мәтелдер тарихи оқиғалардың сырын береді. Тіпті халық музыкасы мен атаулары зерттеушіге баға бере алатын болса, зерттеушіге көмектесе алады. Белгілі болғандай, ежелгі дәуірде мемлекет қайраткерлері мұрағат сөресіне қою үшін жағымсыз мәліметтер болуы мүмкін кейбір құжаттардан жалтарады. Бұл жағдайда фольклорлық материал зерттеуші үшін тарихи оқиғаны анықтауға өте маңызды құжат көзі бола алады. Фольклорлық жыр адамның материалдық және практикалық іс-әрекетімен, еңбегімен, әдет-ғұрыптарымен тікелей байланысты болды, бір жағынан өмір салты болды.

**Тірек сөздер:** фольклор, ұлт, тарих, мәдениет

**Abstract.** The folkloric materials are roots of the history of a society at present. The epics, historical anecdotes and proverbs give clues of historical events. Even folk music and names can help for a researcher if the researcher has ability to evaluate them. As known, in ancient times the statesmen evade some documents, which may contain unpleasant information to be put on the shelves of archives. In this case, the folkloric material can be very vital source of documents for a researcher to find out a historical event. The folklore song was directly linked with the material and practical activity of a person, labor, rituals, rites, and was, in a way, a lifestyle.

**Keywords:** folklore, nation, history, culture

Изучение ментальности любого народа, в том числе и туркменского, является сегодня одной из наиболее важных вопросов в различных областях гуманитарного знания: антропологии, философии, психологии, социологии, истории, политологии, этнологии, культурологии и лингвистике. Каждая из указанных научных дисциплин вносит свой вклад в разработку и решение этой сложной и многоаспектной проблемы. Исследование народных ментальностей приобретает особую актуальность в современных условиях радикальной переоценки социокультурных ценностей и переосмысления основных стереотипов национального характера, но в то же время изучение ментальности в языке является довольно сложной задачей в эпоху глобализации и информационных технологий.

Проблема постижения феномена человека, в частности через исследование языка, признается проблемой номер один в науке XXI века. Для современного языкознания характерно обращение к антропоцентрической парадигме, то есть к изучению языка в тесной связи с человеком. Важные направления в современной лингвистике, формирующиеся в рамках антропоцентрической парадигмы – это когнитивная лингвистика, целью которой является изучение интерпретации человеком мира и себя в мире через концептуальный анализ языковых данных, и лингвокультурология, предметом которой является «изучение культурной семантики языковых знаков» и которая «формируется при взаимодействии двух разных кодов – языка и культуры» [1, 30]. Семантической доминантой всех наук, изучающих связь языка и культуры, является категория ценности как основа аксиологической лингвистики [2, 169]. Лингвоаксиология изучает мировидение народа, опредмеченное в языке, систему ценностей этноса и способы их репрезентации в языке и духовной культуре [3, 40].

Одной из ведущих в рамках указанной парадигмы является проблема «Язык и этнический менталитет», которая в науке не нова. Еще в XIX веке В. фон Гумбольдт языковую высказал идею о народном духе как духовном этническом начале, созидающем систему и детерминирующем специфические черты ее структурной организации [4, 156-180]. Названная проблема чрезвычайно актуальна в плане изучения языка фольклора как средства постижения этнической ментальности. Язык фольклора - подлинный хранитель информации об истории, этногра-

фии, верованиях, обрядах, национальной психологии, национальном поведении, человеческих ценностях, то есть обо всем, что составляет содержание культуры и в скрытой форме несет информацию об этнической ментальности. Для определения этнической ментальности мы обратились к объективному источнику исконного менталитета, каким является язык фольклора - воплощение народного духа, «наиболее яркое и беспримесное выражение национальной ментальности» [5, 5]. Изучение системы ценностей этноса через язык русского фольклора дает возможность выявить своеобразие в мировоззрении русского народа.

Традиционные формулы – константы фольклорно-языковой картины мира и репрезентанты фольклорных концептов. Изучение феномена фольклорной формульности, начатое в XIX веке, остается актуальным до сих пор. Несмотря на длительный опыт исследования формул в фольклористике (изучением традиционных формул занимались Е.Б.Артеменко, Л.Г.Бараг, Н.М.Герасимова, О.А.Давыдова, Т.Г.Дмитриева, Г.И.Мальцев, Д.Н.Медриш, А.И.Никифоров, Н.В.Новиков, И.А.Разумова, Н.Рошияну, П.Д.Ухов, В.И.Хоменко и др.), нет ни единства в понимании феномена формульности, ни четкой научной дефиниции формулы, ни единой классификации формул. Наиболее перспективным представляется изучение этой проблемы, являющейся многоаспектной и дискуссионной, с лингвокультурологических позиций. Именно в фольклорных формулах выкристаллизовывалась наиболее ценная и важная, с точки зрения народа, информация. В устно-поэтических формулах, сконцентрировавших и типизировавших традиционный социокультурный опыт, аккумуляция культурно-этнических смыслов достигает максимума. Фольклорные формулы выражают собою непреходящие, неумирающие ценности человеческой жизни. Все это говорит о большой значимости фольклорных стереотипов в изучении этнического менталитета. Практическая ценность сочинения определяется возможностью использования его материалов в лексикографической практике.

Яркие представители традиционного туркменского фольклорного искусства – бахши – музыканты, сказители, поющие и играющие на дутаре. Музыканты – бахши во все времена пользовались в Туркмении особым почетом и уважением. Бахши кочуют со своими песнями из селения в селение. И в каждой местности люди заранее готовятся к встрече: продумывают вопросы для беседы, место для торжества, угощение и пр. Они расстилают на большой площадке ковер, в середине разводят большой костер, который освещает всех присутствующих, а в нескольких метрах от него раскидывают скатерть-дастархан и выставляют различные сладости, фрукты, чель-пек (тонко нарезанное жареное тесто) и другие угощения. Слушать бахши собираются до двух тысяч человек.

По мусульманскому обычаю, бахши носят особую одежду: дон (толстый халат на вате), тельпек (шапка из шерсти белого и черного баранов), белую рубашку, на ногах сапоги из мягкой кожи и широкие штаны. Они пьют воду, взятую из своего колодца, и пользуются своей посудой, перевоза ее с собой повсюду в неприкосновенном виде.

Бахши начинает петь в пять-шесть часов вечера и заканчивает в восемь-девять утра. Через каждые два часа он делает короткий перерыв (10-15 минут), во время которого пьет чай, разговаривает с людьми. Музыканта постоянно сопровождает помощник, который хорошо знает его привычки и вкусы.

Национальные музыкальные инструменты.

Дутар – струнный музыкальный инструмент. Слово происходит от двух иранских слов: ду – два, тар – струна.

Самый древний музыкальный инструмент (около III в.) – оскар. Это духовой керамический инструмент, по звучанию похожий на флейту. Широкое распространение он получил не только в Средней Азии, но и в Индии, Пакистане, Иране, Афганистане, Казахстане.

Гопуз – струнный щипковый инструмент, оснащенный вибрирующим при игре язычком. Музыкант придерживает инструмент губами и одновременно манипулируя языком. Так рождается очень необычный звук.

Популярный струнный инструмент туркмен – гиджак. В отличие от дутара, на нем играют с помощью смычка. Его прозвали восточной скрипкой.

Туйдук – духовой инструмент (наподобие сурная). Туркмены говорят, что Адам, вылепленный из глины, не имел души. Мелодичной игрой на туйдуке архангел Джебраил оживил его. В изобретении туйдука, по туркменскому народному поверью, большую роль сыграл черт. В



Туркмении до сих пор бытует древний ритуал приглашения гостей на торжество. Два туйдукчи становятся друг против друга, поднимают инструменты вверх и играют в унисон. При этом они совершают магические круговые движения, напоминающие о былой связи этого ритуала с шаманством.

Песни. Народные песни – очень древнее искусство. По содержанию они разнообразны и связаны с разными сторонами жизни народа. Матери убаюкивают детей колыбельными, дети поют во время игры; есть девичьи, свадебные песни; трудовые, исполняемые во время тканья материи и ковров, доения верблюдов, при работе на ручной мельнице.

Большой популярностью пользуется национальный эпос – дестан. Это музыкально-поэтические сказания: сказки, легенды, предания, которые декламируются нараспев. В дестанах чередуется прозаическое повествование и поэтические фрагменты-стихотворения, которые поются под аккомпанемент дутара.

Самобытность туркменской музыки выражается и в оригинальной манере пения. Певцы поют при большом напряжении голосовых связок и главным образом очень высоким голосом. Особенности природного ландшафта (степи, пустыни) и кочевого образа жизни выработали у туркмен привычку громко разговаривать. Отсюда и громкое пение, резко контрастирующее с тихим, нежным звучанием дутара.

Большинство фольклорных жанров, которые еще привычно связываются с народным творчеством, постепенно уходят из жизни не только современного горожанина, но и деревенского жителя. Изучение таких жанров – будь то былина, сказка или историческая песня – сегодня в значительной степени напоминает работу археолога или палеоантрополога, прибегающих к ретроспективным методам анализа и гипотетическим объяснительным моделям. Современные исследователи указывают на фольклорное значение та-ких объектов социальной коммуникации как, например, телевидение или Интернет. То и другое является сегодня предметом изучения специалистов, работающих в области теории коммуникации и информации, но вместе с ними также историков культуры и фольклористов.

## Литература

1. Miršan Kazim. Alfabetik Yazı Başlangıcı. – Bodrum, 1994.
2. Feysi ÜLGÜ. Türk medeniyeti'nden çok önemli ilkler. – Osmangazi-BURSA, 2010. – 25 с.
3. Ахметов М.А. Орхон-енисейские памятники и их отношение к современному башкирскому языку // Археология и лингвистическая текстология Южного Урала. – Уфа: БФ АН СССР ИИЯЛ, 1977. – 75 – 83 с.
4. Бишиев А.Г. О башкирском алфавите // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР – М.: Наука, 1972. – 49 – 59 с.
5. Ганеев Б.Т. Язык. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2001. – 272 с.
6. Давлетшина Х. Иргиз. Роман / Перевод с башкирского В. Василевского. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1988. – 440 с.
7. Дыбо А.В., Хисамитдинова Ф.Г. Башкирский язык в системе алтайских языков // История башкирского народа. В семи томах. Т. I. – М.: Наука, 2009. – С. 313 – 334.
8. Әхмәров К.З. Башкорт языуы тарихенән. – Өфө: Китап, 2012. – 184 б.
9. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М.: Наука, 1965. – 600 с.
10. Ишбирзин Э.Ф., Фәләүәтдинов И.Ф., Халикова Р.Х. Башкорт эзәби теленәң тарихы. – Өфө: Башкортостан «Китап» нәшриәте, 1993. – 320 б.
11. Киякбаев Ж.Ф. Башкорт теленәң фонетикаһы. – Өфө: Башкортостан китап нәшриәте, 1958. – 210 б.
12. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1951. – 452 с.
13. Мусаев К.М. Алфавиты языков народов СССР. – М.: Наука, 1965. – 87 с.
14. Мусаев К.М. Вопросы разработки и дальнейшего совершенствования орфографий тюркских литературных языков Советского Союза // Орфографии тюркских литературных языков СССР. – М.: Наука, 1973. – 16 – 42 с.
15. Письменные языки мира: Языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия. Кн. 1. – М.: Academia, 2000. – 656 с.
16. Салыхова З.И. Залог глагола и залоговость: история и современность. – Уфа: АН РБ Гилем, 2012. – 140 с.
17. Тенишев Э.Р. Размышления об алфавитах тюркских языков // Труды Международной конференции: В 3-х т. Т. I: Язык, духовная культура и история тюрков: традиции и современность. – Казань: ИЯЛИ, 1992. – 7 – 9 с.

18. Тулумбаев В.З. Башкирские тамги и их названия (Лингвистическое исследование): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2001. – 25 с.

19. Фатихов К.З. Создание башкирской письменности, становление и развитие литературного письменного языка (1917 – 1940 гг.) // Южноуральский археографический сборник. Вып. 2. – Уфа: БФАН СССР, 1976. – 145 – 195 с.

20. Хусаинова Л.М. История башкирского письма и становление орфографических норм современного башкирского литературного языка. Дисс. ... д-ра филол. наук. – Казань, 2020. – 538 с. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=54471915>

**Жансулу РЗАЕВА**

*Университет Дружбы народов им. академика А.Куатбекова  
старший преподаватель*

**Алия УРАЗБАЕВА**

*Университет Дружбы народов им. академика А.Куатбекова  
преподаватель  
(Казахстан, г. Шымкент)*

## АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМА В ЛИНГВИСТИКЕ

**Аңдатпа.** Тіл білімінің антропоцентристік парадигмасы адамды зерттеудің негізгі объектісі ретінде қарастырады. Бұл парадигмада тіл тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге адамның ойлау жүйесінің, мәдениеті мен дүниетанымының көрсеткіші ретінде қарастырылады. Мақалада антропоцентристік лингвистиканың негізгі ережелері мен бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар, тіл мен адамның танымдық, этнолингвистикалық және прагматикалық аспектілердегі өзара байланысы қарастырылады. Бұл зерттеу антропоцентристік лингвистиканың ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтауға бағытталған.

**Тірек сөздер:** антропоцентристік парадигма, лингвистика, зерттеу объектісі, прагматика.

**Аннотация.** Антропоцентрическая парадигма в языкознании рассматривает человека как центральный объект изучения. В рамках этой парадигмы язык воспринимается не только как средство коммуникации, но и как отражение мышления, культуры и мировоззрения человека. В статье анализируются основные положения и направления антропоцентрической лингвистики. Также рассматривается взаимосвязь языка и человека через когнитивный, этнолингвистический и прагматический аспекты. Исследование подчеркивает научную и практическую.

**Ключевые слова:** антропоцентрическая парадигма, лингвистика, прагматический аспект, когнитивная лингвистика.

**Abstract.** The anthropocentric paradigm in linguistics puts a person in the center of attention. Within the framework of this concept, language is considered not just as a means of communication, but also as a reflection of human knowledge, culture and worldview. The article discusses the main principles and directions of anthropocentric linguistics. It also explores the relationship between language and humans from a cognitive, ethno-linguistic, and pragmatic perspective. This study highlights the scientific and practical significance of the anthropocentric paradigm.

**Keywords:** anthropocentric paradigm, linguistics, ethno-linguistic, concept.

Современное языкознание претерпевает значительные изменения, связанные с переходом от структурного анализа к изучению языка в его взаимодействии с человеком. Антропоцентрическая парадигма, ставшая одной из ключевых в лингвистике, фокусирует внимание на человеке как центральной фигуре языка. В отличие от структурного подхода, она рассматривает язык не как автономную систему, а как отражение когнитивной, социальной и культурной деятельности человека.

Антропоцентрическая парадигма занимает одно из центральных мест в современной лингвистике. Она основана на принципе рассмотрения языка через призму человека, его когнитив-

ной деятельности, ментальных процессов, культурного наследия и социального взаимодействия. В рамках этой парадигмы язык изучается не как изолированная структура, а как система, тесно связанная с человеческой природой и деятельностью.

Антропоцентрическая парадигма в языкознании формировалась благодаря вкладу многих учёных, работающих на стыке лингвистики, психологии, когнитивных наук и культурологии. Основные исследователи и их вклад в развитие этой парадигмы:

Эдвард Сепир и Бенджамин Ли Уорф - их гипотеза лингвистической относительности (гипотеза Сепира-Уорфа) заложила основу для изучения связи между языком, мышлением и культурой.

Они утверждали, что язык влияет на восприятие и категоризацию реальности.

Ноам Хомский – хотя Хомский ассоциируется с формалистским подходом, его концепция универсальной грамматики подчёркивает когнитивную природу языка.

Он обратил внимание на врождённые способности человека к языку, что стало основой для дальнейших антропоцентрических исследований.

Анна Вежбицкая – создательница теории семантических примитивов и естественной семантики.

Её работы посвящены культурно-специфическим аспектам языков и концептам, связанным с человеческим опытом.

Елена Кубрякова – известный российский лингвист, внёсший значительный вклад в когнитивную лингвистику.

Её работы, такие как «Язык и знание», посвящены связи между языком, мышлением и знанием.

Юрий Степанов – занимался исследованием языковых концептов, их культурных и философских основ.

В своей концептологии он рассматривал язык как систему, тесно связанную с мировоззрением человека.

Эти учёные заложили основу для формирования антропоцентрической парадигмы, изучающей язык как отражение человеческой природы. Их работы охватывают такие аспекты, как:

- Когнитивная природа языка;
- Связь языка и культуры;
- Роль языка в формировании и передаче знаний.

Эта парадигма продолжает активно развиваться, интегрируя достижения других дисциплин, таких как психология, нейробиология и антропология.

Антропоцентризм в лингвистике основан на признании того, что язык создаётся, используется и развивается человеком. Он отражает не только потребности общения, но и когнитивные, эмоциональные и культурные аспекты человеческой природы.

Основные характеристики антропоцентрической парадигмы:

• Связь языка и культуры. Язык представляет собой зеркало культурных ценностей и социальных норм.

• Человек как носитель и создатель языка. Лингвистика изучает, как индивидуальные и коллективные особенности мышления влияют на языковую систему.

Примером антропоцентрического подхода является исследование таких концептов, как «свобода», «дом», «жизнь». Эти понятия не только описывают реальность, но и передают уникальные культурные и исторические особенности. Антропоцентрическая парадигма охватывает несколько ключевых направлений, каждое из которых изучает язык в контексте человеческой деятельности и опыта.

Антропоцентрическая парадигма подчёркивает, что язык – это отражение не только объективного мира, но и субъективного опыта человека. Например:

- Эмоциональная лексика передаёт чувства и внутренние состояния.
- Категории времени и пространства выражают культурно-специфическое восприятие мира.
- Кроме того, антропоцентрический подход важен для анализа языка с точки зрения гендера, возраста и социальной принадлежности.

Антропоцентрическая парадигма продолжает активно развиваться, интегрируясь с другими научными направлениями, такими как нейролингвистика, психоллингвистика и социоллингвистика. Современные исследования сосредоточены на изучении влияния цифровой среды на

язык и мышление. Например, как языковые практики в социальных сетях меняют традиционные нормы общения.

Антропоцентрическая парадигма охватывает множество направлений, каждое из которых изучает различные аспекты взаимодействия языка и человека. Основные направления исследований:

#### *1. Когнитивная лингвистика*

Когнитивная лингвистика рассматривает язык как инструмент познания. Она анализирует, как языковые структуры организуют и выражают знания человека. Например, концепты, метафоры и фреймы отражают способы категоризации и интерпретации мира.

#### *2. Этнолингвистика*

Этнолингвистика изучает связь языка с культурой, этническими особенностями и менталитетом. Национально-культурные компоненты языка, такие как идиомы и фразеологизмы, имеют ключевое значение для понимания уникальности каждой культуры.

#### *3. Прагмалингвистика*

Прагмалингвистика изучает язык как средство коммуникации в конкретных ситуациях. Речевые акты, коммуникативные стратегии, языковые нормы вежливости отражают социальные и культурные особенности взаимодействия.

#### *4. Лингвокультурология*

Лингвокультурология занимается исследованием культурного содержания языковых единиц. Например, такие слова, как «родина», «свобода», «долг» имеют уникальные значения и ассоциации.

В итоге антропоцентрическая парадигма представляет язык как сложный и многогранный феномен, тесно связанный с человеческой природой. Она позволяет глубже понять, как человек воспринимает и интерпретирует мир с помощью языка. В условиях глобализации и межкультурного взаимодействия антропоцентрический подход играет ключевую роль в изучении языка и его роли в обществе.

### **Литература**

1. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. М.: Прогресс, 1993.
2. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке. М.: Языки славянской культуры, 2004.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М.: Русские словари, 1996.
4. Красных В.В. Этнопсихоллингвистика: очерки. М.: Гнозис, 2002.

***Меруерт РАЗБЕКОВА***

*Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
педагогика ғылымдарының магистрі, 1-курс докторанты  
(Қазақстан, Талдықорған қ.)*

### **ЛИНГВОКРЕАТИВТІЛІКТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада креативтілік туралы зерттеулерге анықтама беріледі. Шығармашыл ойлау мен тілдік қатынастың біртұтас әрекет етуі туралы тұжырымдамалар қарастырылады. Лингвокреативті ойлау, лингвокреативті әрекет қалыптастырудың ғылыми негіздері талданады. Сөздің коммуникация құралы ретінде өмір сүріп, әсерлі «креативті» қолданылуы адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани баюна септігін тигізетіндігі ғалымдар тұжырымдамасымен дәлелденеді.

**Тірек сөздер:** креативтілік, лингвокреативтілік, тілдік норма, идиолект, дискурс

**Аннотация.** В этой статье дается определение на исследования креативности. Рассматриваются понятия о едином действии творческого мышления и языкового общения. Анализируются научные основы формирования лингвокреативного мышления, лингвокреативной деятельности. Даются примеры на то, что эффективное «творческое» использование слова как средства коммуникации расширяет кругозор и способствует духовному обогащению людей.

**Ключевые слова:** креативность, лингвокреативность, языковая норма, идиолект, дискурс

**Abstract.** This article defines creativity research. The concepts of a single action of creative thinking and language communication are considered. The scientific foundations of the formation of linguocreative thinking and linguocreative activity are analyzed. Examples are given that the effective “creative” use of the word as a means of communication broadens the horizons and contributes to the spiritual enrichment of people.

**Keywords:** creativity, linguistic creativity, language norm, idiolect, discourse

Креативтілік туралы зерттеулер Дж.Гилфорд пен Э.П.Торренстің еңбектерінен бастау алады. Дж. Гилфорд ойлауды екіге бөліп қарастырды. Оның біріншісіне шығармашылық ойлауды, ал екіншісіне креативті ойлауды жатқызады да, өз пікірін былайша дәйектейді: «Креативтілік интеллектуалдық жаңашылдық пен тосын, өзгеше идеяларға ұмтылыс, семантикалық өзгерістерге икемділік (мәселені басқа қырынан көре алу), бейнелік-адаптацияға икемділік (жасырын сырын тануға қабілеттілік), семантикалық-стихиялық икемділік (осы мақсатқа бағытталмаған жағдайдың өзінде жаңа идеяларды шығару мүмкіндігі). Ғалым креативтілікке тән мынадай сипаттарды жүйелейді:

- проблемаларды таба білу және қою қабілеті;
- еркін сөйлеу – көптеген идеяларды тудыра білу;
- икемділік – әртүрлі идеяларды шығару мүмкіндігі;
- өзіндік ерекшелігі – стандарттан тыс, дара ойлау қабілеті;
- объектінің бөлшектерін түрлендіру, жетілдіру мүмкіндігі;

– талдау және синтездеу қабілеті. Яғни, осы аталған сипаттардың қай-қайсысы да тілдік қатынастың дамуын қамтамасыз етеді. «Тілдік қатынасты жүзеге асыратын – сөйлесім әрекеті» болса, оның тиімділігін қамтамасыз ететін бірден-бір шарт – тұлғаның дара ойлауы, жаңа идеяларды тудыра алуы, проблеманың өзгеше шешімін таба білуі, кез келген мәселені басқа қырынан көре алуы екені де даусыз [1]. Олай болса, сөз – ойдың сыртқа шыққан көрінісі болғандықтан, ол адамдар арасындағы тілдік қатынастың сапасына да тікелей әсер етеді.

Бұл идеяны ары қарай Дж.Гилфордтың шәкірті Э.П.Торренс дамытып, «егер шығармашылықты ойлаумен байланысты процесс ретінде қарастырсақ, онда шығармашылықпен ойлайтын тұлға болу үшін не істеу керек, қандай ортада өмір сүру қажет, оның түпкі нәтижесі қандай болады деген сұрақтарды, яғни шығармашылыққа жетудің барлық жолын біріктіріп қарауымыз қажет» деп тұжырымдайды. Ол креативтіліктің төрт критерийін анықтап берді:

- ойдың еркіндігі (уақыт бірлігінде пайда болатын идеялар саны);
- ойдың икемділігі (бір идеядан екіншісіне ауысу мүмкіндігі);

– даралық (жалпы қабылданған көзқарастардан ерекшеленетін идеяларды шығару мүмкіндігі);

- дамытушылық (идеяларды, қосымша детальдарды тұжырымдау) [1].

Демек, креативтілікті қалыптастырудың әртүрлі жолдары бар, оны тәжірибеде критерийлерді негізге ала отырып жасауға болады. Осы пікірлерді саралай отырып Э.Бөгенбаева тұжырым жасайды: «креативтілік шығармашылыққа апаратын тұлғаның ішкі әлеуеті мен қабілеті, ал шығармашылық тұлғаның жаңаны ойлап табу қабілеті көрінетін процесс (үдеріс) болып табылады. Әрине, мұның бәрі адамдар арасындағы тілдік қатынасты, яғни сөйлесім әрекетін жандандыра түседі. Ол өз кезегінде қоғам дамуына алғышарт қалыптастырады. Адамдар ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттарды алмасу, бір-бірімен пікір бөлісу нәтижесінде игіліктерге қол жеткізеді» [2]. Олай болса, креативтілікке негізделген ойлау арқылы тіл «адамдар қатынасының ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің түп қазығы болып саналады».

Ғалым Қ.Жұбанов «сөз ауызекі сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тіпті бір ғана әріп болуы да мүмкін» деп, оның «сөз бөлшектерінен» тұратынын айтады. Ғалым «сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты. Ағаш, тас, кірпіш, балшықтарды қалай болса, солай құрастырып, үйе салса, үй болмайды, тек үйіншік болады. Үй болу үшін қиынын тауып қалап, байлауын тауып ұстатып, адам тұратын бөлме ме, мал қамайтын қора ма, астық жинайтын сарай ма? қайсы екеніне керегіне қарай тиісті түр беру керек» деп есептейді. Ғалымның тұжырымы бойынша, «қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Он-



дай сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады» [3]. Олай болса, ғалымның бұл пікірінен сөздер тілдік қатынастың сәтті өтуіне негіз болатынын көреміз. Сөздің коммуникация құралы ретінде өмір сүріп, әсерлі «креативті» қолданылуы адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани баюына септігін тигізеді.

Тіл білімінде креативті ойлаудағы тілдік қатынасты «лингвокреативтілік» деп атайды. Лингвокреативті ойлау екі бағытты вербализация және девербализация дағдыларының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ойлаудың ерекше түрі ретінде ерекшеленеді [4]. Бір жағынан, ол адамның айналасындағы шындықты көрсетеді, екінші жағынан, қалыптасқан тілдік ресурстармен тығыз байланысты. Жаңа ұғымдарды немесе олардың арасындағы кез-келген қатынасты білдіру үшін тіл фонемалардың жаңа туындыларына, әлі қолданылмаған сөздер мен сөз элементтерінің тіркесімдерін іздеуге жүгінеді. А.Н.Шамовтың айтуы бойынша, «Тілдік белгілер әртүрлі түрлендірулерге ұшырайды. Адамның жадында сөйлеуді қалыптастыру процестерінде лингвокреативтілігі тиісті сөздерді мағыналық жағынан таңдауда көрінеді» [5].

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Тіл – адамның адамдық қасиетінің зоры» [6]. Ғалымның тұжырымдауында, әрине, сөйлеуші тілінің мазмұны тереңдетіліп, әсері айқын көрсетілген. Диалогқа қатысатын субъектілердің - баяншы мен қабылдаушының бірін-бірі ұғынуы тілді осы міндеттеріне сай жұмсай алу шеберлігімен шектесіп жатыр. Олай болса, сөйлеу шеберлігін «лингвокреативтілік» ұғымына қатысын айқындауға болады.

Лингвокреативті әрекет тілдік стереотиптің (стандарт, норманың) және сөйлеу әрекеті кезінде жасалған ауытқулардан пайда болады. Тілдік оралым тілдік нормадан арнайы ауытқу салдарынан тілдік жүйенің әртүрлі деңгейлерінің мүмкіндіктерін пайдалану тұрғысынан тілдік тұлғаның лингвокреативтілік әлеуетін анықтауға негізделген сөйлеу құлқы тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Тілдік символды қолдануда іске асырылатын тенденциялардың өзара қиылысуы сөйлеу бірліктерін қабылдаудың ассоциативті мәнмәтін құрастыруға мүмкіндік береді. Сөздердің ерекше «ойыны» ретінде көркем мәтіндегі тілдік оралымдар оның сөйлеудегі көрінісін (қосымша мағынасы немесе эмоционалдық мазмұнына) айқындауды көздейді.

Қазіргі уақытта лингвокреативтілік, тілдік материалды зерттеудің бүкіл бағытынан анықтайтын теориялық лингвистиканың маңызды тұжырымдамасы бола отырып, әлі де нақтылауды қажет етеді. Негізгі тұжырымдар тілдік шығармашылықты және тілдік ойын, тілдік эксперимент және сөз өнері сияқты онымен байланысты ұғымдарды түсіндіруге бағытталған [7]. Сонымен қатар, лингвокреативтіліктің әртүрлі аспектілерін қарастыра отырып, В.И.Зыкова келесідей анықтама береді: «Лингвокреативтілік – ұжымдық тұлға жүзеге асыратын терең мағыналы қабілет және жеке тұлға (жеке өкіл (қоғам, халық), тілдік қабілет белгілерін жүйелі түрде тудыру, дамыту немесе дамуына ықпал ету және олардың дискурсты құруға бағдарланған коммуникативті бейімделу процесін қамтамасыз ету, оның барысында тілдік белгілердің негізгі формалары әртүрлі түрлендірулерге ұшырауы мүмкін, яғни өзгертілуі мүмкін» [7]

Мұнда тағы бір тұжырым туындайды, атап айтқанда, лингвокреативті қабілетті сөйлеу барысында жүзеге асыру үшін тіл жүйесін толық және абсолютті білу, сондай-ақ жалпы қабылданған шектеулерді өзгертуге болатындығын білу қажет, Яғни, берілген ақпаратты түсіну мүмкіндігін бұзбай, жалпы және жиі қолдану. Демек, лингвокреативтілік тек ана тілінде сөйлейтіндерді немесе тілді меңгеру деңгейі бойынша жоғары деңгейдегі (ана тіліндегідей) адамдарды сипаттай алады.

Лингвокреативтілік тіл жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асыруда бірдей ме деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін лингвокреативтілік көріністеріне жататын жағдайларды белгілі бір жолмен жүйелеу қажет. Лингвокреативтілік түрлерін жіктеу екі өзара байланысты бағытта жүргізілуі мүмкін: біріншіден, сөйлеу іс-әрекетінде шығармашылықтың жандануын анықтайтын мотивациялық негіздер бойынша, екіншіден, лингвистикалық шығармашылықтың көріністерінің негізінде жатқан лингвистикалық техниканың формалары бойынша.

Лингвокреативтілікті қалыптастырудың ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып Е.Г.Беляевская лингвокреативтілік келесідей негіздерде қалыптасады деп тұжырымдайды:

• **Басқа адамның идиолектіне еліктеу** (көркем әдебиетте, театрда). Бұл аспект дәстүрлі түрде әдебиеттану мен өнертануды зерттеушілердің назарында, бірақ лингвист үшін ауқымы кең сала болып табылады;

• **Өзінің жеке идиолектінді басқа идиолектілерден өзгеше етіп қалыптастыру.** Жеке идиолектін қалыптасуы бейсаналық түрде жүруі мүмкін. Жеке танылатын «стилінің» пайда болуы ретінде жүзеге асырылады, бұл сөйлеу алатын, тілдік қатынас жасайтын әр адамда орын алады және лингвистикалық талдау арқылы авторлықты анықтау мүмкіндігі расталады. Дегенмен, өзіңіздің авторлық стиліңізді дамыту саналы түрде немесе «бәрі сияқты болмау» деген жаңа мақсатты түрде (мысалы, әдебиетте, поэзияда, көркем публицистикада) жүзеге асуы мүмкін;

• **Жаңа нысандарға немесе жаңа құбылыстарға ат қою.** Номинация процесі байланыстың ажырамас бөлігін құрайды, ол үнемі белсенді және неологизмдердің қалыптасуына жетекшілік етеді, олардың бір бөлігі бірнеше күн немесе бірнеше апта бойы «өмір сүреді», бірақ бір бөлігі тілде бекітіледі. Сол үшін оларға сөйлеушінің қолда бар номинацияларды нақтылауға, жаңаларын енгізуге деген ұмтылысы. «Халықтық этимология» деп аталатын жағдайлар жатады (мысалы, жекешелендіру, жартылай клиника);

• **Ақпарат алушыға әсер ету** (мазақ ету, қорқыту, жігерлендіру және т.б.). Хабарлама авторының мұндай ұмтылысы стилистикалық әдістерді контекстті түрлендірудің тілдік модельдері ретінде қолдану арқылы жүзеге асырылады, мысалы, юмористік мақсатқа жету үшін әртүрлі мәтіндік формаларды қолдану негізінде пайда болуы мүмкін, мысалы, анекдот мәтіндері, жұмбақтар немесе әр түрлі дискурсивті жанрлар (әзіл-сықақ әңгіме, детектив, триллер және т. б.);

• **Қолданыстағы тілді өзгерту немесе жаңа тіл құру.** Креативтіліктің бұл түрі сирек кездесетін құбылыс. Жаңа тіл тек бұрыннан бар адам тілінің негізінде жасалады (мысалы, Эсперанто, Гарри Поттер кітаптарындағы сиқыршылардың тілі және т.б.);

• **Мәтіннің жаңа түрін немесе мәтіннің пішіні мен мазмұны бойынша жаңа бөлігін жасау.** Бұл авторлық ниет қазіргі уақытта ақпаратты берудің жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуымен, атап айтқанда, интернет мүмкіндіктеріне жүгінумен байланысты белсенді болып келеді;

• **жасалған мәтінді иллюстрациялық материалмен толықтыру.** Бір қарағанда, мәтін мен сурет ақпаратты берудің екі түрлі, тәуелсіз формасы болып көрінуі мүмкін. Алайда, ғылыми зерттеулердің жеке перспективалық бағытын қалыптастырған полимодальды мәтіндердің соңғы зерттеулері бір-бірімен тығыз байланысты және бірдей ақпаратты таратудың екі арнасы бірін-бірі толықтыратындығын көрсетеді [8].

Ғалымның тұжырымдарынан түйетін ой – лингвокреативті тұлға өз сөзімен басқаларға әсер қалдыра біледі, ол креативті қабілеті арқылы әртүрлі тақырыпта ойын еркін жеткізе алады, тіпті жаңа тіл де ойлап таба алады. Олай болса, лингвокреативтілікті қалыптастыру тұлға үшін де, қоғам үшін де маңызы зор.

Сонымен қатар, И.В.Зыкова лингвистикалық жүйенің барлық деңгейлерін қамтитын және әртүрлі дискурстар мен жанрлардағы лингвокреативтіліктің дәрежесін немесе деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін лингвокреативтілік параметрлерінің тұтас жүйесі, ерекше матрицасын жасады [7]. Осылайша, жүргізілген зерттеулер тілді қолданудағы креативтілік оның қолданысының жоғары және төмен деңгейімен сипатталуы мүмкін екенін көрсетеді, бұл тек белгілі бір авторға ғана емес, сонымен қатар мәтінге қатысты дискурс түріне де байланысты.

Лингвокреативтілікті дамытуда зерттеушілер анықтаған тұжырымдар негізінде оны сөйлеу әрекетінде дамыту керектігі анықталды. Оқыту үдерісінде де лингвокреативтілікті дамытып, сөйлеуге көбірек көңіл бөлудің; тілді ұлттық мұра деп танығудың; тілді адамның басқа да рухани әрекеттерімен, ең алдымен, сөз өнерімен байланыстыра меңгерудің артықшылықтарын сезіндіру көзделеді. Өйткені ұтымды сөз, өтімді пікір – дүниені ойға айналдырудағы жалпы адами тілдік қабілет болумен қатар, тіл қолданушының мәдениетін де танытатын көрсеткіш.

#### Әдебиет

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2019. – Т. 2. – 460 с.
2. Бөгенбаева Ә. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (10-11-сынып). – Философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 2010. – 608 б.
4. Серебренников Б.А. О материалистическом подходе к явлениям языка. – М.: Наука, 1983. – 319 с.

5. Шамов А.Н. Языковое сознание в овладении лексической стороной иноязычной речи: Монография / А.Н. Шамов. – Н.Новгород: ФГБОУ ВПО «НГЛУ», 2014. – 323 с.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. 1. – 384 б.
7. Зыкова И.В. Метаязык лингвокультурологии: константы и варианты. М.: Гнозис, 2017. 752 с.
8. Беляевская Е.Г. Лингвистическая креативность: нарушение нормы? // Вопросы психолингвистики № 3(53) 2022, С. 62–73, doi: 10.30982/2077-5911-2022-53-3-62-73

**Оразхан КУДАЙБЕРГЕНОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
2-курс магистранты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

**Аңдатпа.** Корпустық лингвистика – тілдік зерттеулердің қарқынды дамып келе жатқан бағытының бірі. Мақалада корпустық лингвистиканың ғылыми бағыт ретінде дамуының негізгі кезеңдері қарастырылып, осы кезеңдердің әрқайсысына тән ғылыми идеялар мен тәсілдер сипатталады. Отандық және шетелдік тіл білімі шеңберінде корпустық лингвистиканың негізгі концептуалды ережелеріне шолулар берілген. Қарастырылып отырған ғылыми бағыттың қалыптасуы, оның тарихи кезеңдері, корпусты зерттеу тәсілдері, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталады. Корпус – жаңа ғылыми деректерді алу ортасы, оның заманауи тіл білімінде алатын орны зор.

**Тірек сөздер:** корпустық лингвистика, әдіснама, тарих, технология, норма, компьютерлік жүйелер, белгіленім.

**Аннотация.** Корпусная лингвистика представляет собой быстро развивающихся областей языковых исследований. В статье рассматриваются основные этапы становления корпусной лингвистики как научного направления, характеризуются научные представления и подходы, присущие каждому из этих этапов. Представляется обзор основных понятийных положений корпусной лингвистики в рамках отечественного и зарубежного языкознания. Прослеживает сходства и различия между подходами к изучению корпусов на различных исторических этапах становления изучаемого научного направления. Корпус является средой для получения новых научных данных, осмысление которых представляется приоритетным для современного лингвистического описания.

**Ключевые слова:** корпусная лингвистика, методология, история, технология, норма, компьютерные системы, разметка.

**Abstract.** Corpus linguistics is a rapidly developing area of language research. The article examines the main stages of the formation of corpus linguistics as a scientific direction, characterizes scientific concepts and approaches inherent in each of these stages. An overview of the main conceptual provisions of corpus linguistics within the framework of domestic and foreign linguistics is presented. Similarities and differences between approaches to the study of corpora at various historical stages of the formation of the studied scientific direction are traced. The corpus is an environment for obtaining new scientific data, the comprehension of which seems to be a priority for modern linguistic description.

**Keywords:** corpus linguistics, methodology, history, technology, norm, computer systems, markup.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімі инновациялық бағытта зерттеле бастады. Соның нәтижесінде когнитивті лингвистика, функционалды грамматика, коммуникативті грамматика, корпустық лингвистика т.с.с. салалар дамып келеді. Корпустық лингвистика әр ұлт тіліндегі мәтіндерді компьютерлік базаға жинақтап, оны программалық басқару жүйесіне салатын Ұлттық корпусстарды құрастыру мен оны пайдалану мәселелерін зерттейді.

Корпустық лингвистиканың ғылыми бағыт ретінде даму кезеңдеріне тоқталып өтейік. Испан зерттеушісі М.Вильяндра Льямарес [1; 329-349] ХІХ ғасырға дейін тіл біліміндегі корпус былайша анықталғанын атап өтеді:

- а) жазба мәтіндер (деректер) жиынтығы;
- ә) өлі тілдер контекстінде зерттелетін объект (латын, санскрит);
- б) лингвистер тірі сөйлеушілер арқылы тілдік деректерді жинау мүмкіндігі болмағандықтан, корпус әдісі арқылы ғана қол жеткізеді.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың ортасына дейін бұл зерттеу әдістемесі қолданылып келді және келесідей мәтіндерді кең көлемде жинауға негізделді:

- 1) балалардың тілді меңгеру үдерісін түсіндіру (баланың ата-аналармен қарым-қатынасының транскрипциясы);
- 2) емле нормаларын белгілеу;
- 3) екінші тілдерді оқытудың лексикалық тізімдерін құрастыру;
- 4) тілдерге салыстырмалы зерттеу жүргізу;
- 5) сипаттама грамматикасын дамыту [2; 448-463].

XX ғасырдың бірінші жартысында американдық құрылымдық лингвистика лингвистикалық деректерді байқауға негізделген эмпирикалық әдіснама ретінде корпуслық лингвистиканың негізін қалады, дегенмен «корпуслық лингвистика» терминінің өзі әлдеқайда кейінірек, XX ғасырдың 80-жылдарының басында пайда болды.

Сол кезеңнің зерттеушілері корпусның өзі белгілі бір тілді жан-жақты сипаттау үшін қажетті мәліметтерді бере алатынын алға тартып, тілдерді зерттеуге жарамды бірден-бір құрал деп есептеді.

Көптеген лингвистер, атап айтқанда, Н.Хомский [3; 41,153] 1960-70 жылдардағы американдық структуралистердің эмпирикалық әдіснамасының басқа көзқарасқа орын беруіне ықпал етті. Ол рационализмге негізделген «лингвист интуициясы» түсінігін енгізді [4; 558]. Н.Хомский корпус лингвистикасын теориялық тұрғыдан сынады. Оның теориясы бойынша, тілдік зерттеулерде лингвистің ең басты ресурсы – оның интуициясы және синтаксис басты зерттеу нысаны болу керек. Корпуслық лингвистиканың бастапқы кезеңіндегі концепциялар мен Н.Хомский теорияларының арасындағы айырмашылықты келесі реттілікпен беруге болады:

Корпуслық лингвистика	Н.Хомский
1. Фонетика мен фонологияны басты назарға алады;	1. Синтаксисті басты назарға алады;
2. Тіл толық құбылыс ретінде қабылданады;	2. Тіл – шекарасы жоқ объект;
3. Корпус өз ішіндегі барлық нәрсені түсіндіруге қабілетті;	3. Лингвист интуициясы – сипаттаудың жалғыз жолы;
4. Корпус – толық, аяқталған.	4. Корпус – аяқталмаған жиынтық.

Бірқатар зерттеушілер Н.Хомскийдің теориялық ой-пікірлеріне сыни талдау жасаумен қатар, корпуслық лингвистиканың алғашқы тәжірибелерінде практикалық мәселелерді де атап өтті. Сол кезеңде деректерді өңдеу өте баяу жүзеге асты, қымбатқа түсті және көптеген қателіктер орын алды [5; 22].

Компьютерлік технологияның пайда болуы бұл ғылыми бағытқа жаңа серпін берді. Кейбір зерттеушілер бұл кезеңді корпуслық лингвистиканың жаңа буыны деп атады. Корпусы зерттеудің осы кезеңінің (60-70 жылдар) негізгі сипаттамалары:

а) компьютерлердің болуы: тек осы кезеңде компьютерлер деректерді талдау үшін жеткілікті қуатқа ие бола бастады;

ә) деректердің репрезентативті сипаты: жобалардың көпшілігі жазбаша мәтіндерді жинауға бағытталған, оларды талдау белгілі бір кезеңдегі тілдің жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

1960 жылдары ағылшын тілінің негізінде алғашқы корпус пайда болды. 1959 жылы Ұлыбританияда Р.Кирк (Университет колледжі, Лондон, Г.Б.) тілді сипаттау және талдау үшін жасалған бірінші еуропалық корпус жобасы «Ағылшын тілін пайдалану корпусының сауалнамасы» (SEU) құрудың теориялық негізін қалады. Корпус әрқайсысы 5000 сөзден тұратын 200 мәтіннен құралды, материалдарды жинау 1961 жылы басталды. Бұл ауызша сөздер мен жазбаша мәтіндердің жазбаларының транскрипциясы негізінде 1955-1985 жылдардағы

британдық ағылшын тілін жүйелі түрде сипаттау әрекеті болды. Жобада болашақ корпустық лингвистиканың негізгі нормалары мен процедуралары көрсетілді.

1963 жылы АҚШ-та В.Н. Фрэнсис пен Г.Кучера 'Brown University Corpus of American English' («Браун Корпусы») электронды тасымалдағыштағы мәтіндердің алғашқы корпусын құрды. Ол Америка Құрама Штаттарындағы ағылшын тіліндегі прозаның бес ең танымал жанрындағы 500 мәтінді (әрқайсысы 2000 сөзден) қамтиды. Мәтіндер 1961 жылы әртүрлі басылымдардан таңдалды. Корпус жиілік индексімен және алфавиттік жиілік индексімен, сондай-ақ кейбір статистикалық таралулармен анықталды.

Корпус лингвистикасы дербес пән ретінде ақыры ХХ ғасырдың 90-жылдары қалыптасты. Дәл осы кезеңде электронды корпус тілді зерттеу, лингвистикалық гипотезаларды құру және табиғи тілдегі деректерді өңдеу жүйелерін құру үшін таптырмас ресурсқа айналды. Корпустық лингвистиканың «жаңғыруына» бірқатар ғалымдар әсер етті, олардың арасында Дж.Личтің орны айрықша [6; 105-122].

Ресей ғалымдары, мысалы, «Орыс тілінің ұлттық корпусын» құру жобасының жетекшілерінің бірі, акад. В.Н. Плунгян, корпустың лингвистикалық маңызы туралы тұжырымдаманы қолдайды: «корпус талданатын тіл туралы фактілерді жүйелеуге қатысатын зерттеушілер үшін, сондай-ақ академиялық мақсаттар үшін қажет, өйткені осылайша тілдік құзыреттерді меңгеру процесі тезірек жүреді». [7; 11]. Орыс тілінің ұлттық корпусы бойынша Г.И. Кустовая, А.Е. Поляков пен Д.В. Сичинава т.б. ғалымдар қызмет атқарады. Корпустық лингвистика саласында жұмыс істейтін кеңестік және қазіргі ресейлік ғалымдардың арасында Е.А. Красина және М.Л. Новикова, В.Н. Денисенко мен Н.В. Перфилова атауға болады.

«Корпустық лингвистика» термині 1984 жылы Дж.Аартс пен В.Мейкс «Компьютерлік корпусты пайдаланудағы корпустық лингвистиканың соңғы жетістіктері» еңбегін жариялаған кезден бастап ғылыми қолданысқа берік орнықты [8]. Осы сәттен бастап бұл термин қазіргі таңдағы мағынасында қолданыла бастады. Бұл ғылыми бағыттың қалыптасуына келесі факторлар ықпал етті:

1) Қолданбалы лингвистиканың гүлденуі ана тілінде сөйлейтіндердің де, ана тілінде сөйлемейтіндердің де сөйлеу әрекетінде лингвистикалық құралдарды пайдалануы туралы деректерді жинау және зерттеу қажеттілігін айқын көрсетті. Бұл қажеттілік, бір жағынан, корпустар тілдің вариативтілігін көрсетсе, екінші жағынан, олар жаңа құрылымдарды немесе теориялық сипаттамаларға сәйкес келмейтін конструкцияларды тіркей алатындығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, ана тілінде сөйлемейтін адамдар болған жағдайда, корпус сөйлеуде тілдің ықтимал қолданылуының шынайы үлгілерін ұсынады;

2) Түсініктің әртүрлілігі және оны қолдануда көпмағыналылыққа ұшырауы;

3) Ғаламтор желісінің арқасында электрондық корпустар айтарлықтай қолжетімді;

4) Мәтіндерді ақпараттандырудың жаңа технологияларын әзірлеу, мысалы, оптикалық белгілерді тану, автоматты диктант т.б.;

5) Белгілі бір тілдік аспектілерді зерттеудегі сандық деректердің маңызы;

6) Кез келген түрдегі мәтінмен жұмыс істеуге қабілетті компьютерлік жүйелерді қолдау үшін қосымша тілдермен, жаргондармен және арнайы мақсаттарға (тақырыптарға) арналған тілдің алуан түрлілігімен (мысалы, медициналық немесе заңдық мәтіндер) неғұрлым кеңірек глоссарийлер мен сөздіктерді құру қажеттілігі [9; 71-79].

Қазақ тіл біліміндегі компьютерлік лингвистиканың зерттелуі А.Жұбановтың 2002 ж. қорғаған, «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты қазақ қолданбалы лингвистикасына қосылған елеулі үлес саналатын докторлық монографиясынан басталады. Сондай-ақ А.Жұбановтың «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері», «Қазақ тексінің статистикасы» еңбектері, А. Жаңабекованың «Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері», «Аннотацияланған корпустардың ғылыми-практикалық маңызы», «Тілдік корпустардың ғылыми-зерттеу әлеуеті», Б.Карбозованың «Қазақ тілі мәтіндер корпусындағы омонимдер мәселесі», «Корпустық лингвистикадағы метабелгіленім ұғымы туралы түсінік», С.Құлмановтың «Қазақ тілі мәтіндері корпусының электрондық базасы жайында», «Корпусқа енгізілетін мәтіндердегі сөздерді морфологиялық талдау және оларға шартты белгілер қою принциптері», «Мәтіндер корпусы негізін-



де қазақ тілінің грамматикалық сөздігін түзудің практикалық аспектілері» сынды ғылыми мақалаларында аталған тақырып әр қырынан талданды.

Орыс тілінде «разметка» деп аталатын корпус термині қазақ тіл білімінде «белгіленім» деп аталады. («Белгіленім» термині – А.Жұбановтікі). Корпус – компьютерлік жадқа енгізілген мәтіндер жиынтығы ғана емес, сонымен бірге автоматты түрде түрлі лингвистикалық талдаулар жасайтын интерфейспен жабдықталған құрылғы. Корпуста тілді компьютерге бағындыру мақсатында тілдің әр деңгейі бойынша автоматты түрде талдау жасау міндеті алға қойылады. Автоматты талдауға, әсіресе, агглютинативті тілдер ыңғайлы. Өйткені мұндай тілдерде түбір мен қосымшаның жігі анық көрініп тұрады.

Қазіргі таңда техника, компьютердің қарқынды дамуына байланысты қалыптасушы корпустық лингвистика теориялық тұрғыдан маңызға ие, практикалық тұрғыдан құнды. Компьютерлік технологияның мүмкіндігіне сүйене отырып, дамушы тіл біліміндегі бұл бағыттың халықтың рухани және материалдық мәдениетінің жарқын айнасы ретіндегі тіл қазынасын әр қырынан кең көлемде зерттеуі, түрлі деңгейде талдауы, инновациялық әдістерді қолдануы – қазіргі тәуелсіздік кеңістігіндегі «ұлт болмысын тіл арқылы таныту» қағидасына сәйкес өзекті мәселе.

#### Әдебиет

1. Villayandre Llamazares M. Lingüística con corpus // Estudios humanísticos. Filología. 2008. № 30. P. 329–349.
2. McEnery T. Corpus Linguistics // The Oxford Handbook of Computational Linguistics / R. Mitkov (ed.). Oxford: Oxford University Press, 2003. P. 448–463.
3. Chomsky N. Language and mind. Cambridge, 2006.
4. Chomsky N. Quine's empirical assumptions // Words and objections. Essay on the Work of W.V Quine / D. Davidson & J. Hintikka (eds.). Dordrecht: D. Reidel, 1969. P. 53–68.
5. Abercrombie D. Studies in Phonetics and Linguistics, London: Oxford University Press, 1965. Режим доступа: <http://www.davidcrystal.com/Files/BooksAndArticles/-4896.pdf> (дата обращения: 06.11.2020).
6. Leech G. Corpora and theories of linguistic performance // Directions in Corpus Linguistics. Proceedings of Nobel Symposium 82 (Stockholm, 4–8 August, 1991) / J. Svartvik (ed.). Berlin–New York: Mouton de Gruyter, 1992. P. 105–122.
7. Плуныян В.А. Корпус как инструмент и как идеология: о некоторых уроках современной корпусной лингвистики // Русский язык в научном освещении. 2008. № 2(16). С. 7–20.
8. Aarts J., Meij, W. (eds.) Corpus Linguistics. Amsterdam: Rodopi, 1984.
9. Labov W. The logic of non-standard English // Georgetown Monographs on Language and Linguistics. 1969. № 22.
10. Жұбанов А.К., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы, 2017. – 336 б.

*Арайлым ІЗТЕЛЕУ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*2-курс магистранты*

*(Қазақстан, Алматы қ.)*

### **«ҚОРҚЫНЫШ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛУІ**

**Андатпа.** Бұл мақалада қорқыныш ұғымының қазақ тіліндегі лингвопоэтикалық құрылымдары, әсіресе фразеологизмдердің тілдік сипаттамалары талданады. Қорқыныш – адамның психоэмоциялық жағдайы, ол әртүрлі мәдени және тілдік контекстерде ерекше бейнеленеді. Мақалада қорқыныштың фразеологиялық бірліктер арқылы қалай берілуі, тілдік құрылымдар мен метафоралардың әдебиет пен күнделікті сөйлеу тіліндегі көрінісі қарастырылады. Қазақ тіліндегі қорқынышқа қатысты тұрақты тіркестердің семантикалық ерекшеліктері, қолданылу аясы мен стилистикалық қызметі тұрғысынан зерделенеді. Бұл зерттеу қорқыныш сезімінің тілдік бейнесін тереңрек түсінуге мүмкіндік беріп, қазақ тіліндегі фразеологиялық қордың поэтикалық және эмоционалды реңк мәнін ашуға өзіндік үлес қосады.

**Тірек сөздер:** қорқыныш ұғымы, лингвопоэтика, фразеологизм, концептуалдық өріс, психология, эмоция, эмоционалды тіл, психоэмоционалды күй.

**Аннотация.** В данной статье анализируются лингвопоэтические структуры концепта страха в казахском языке, с особым акцентом на языковое описание фразеологизмов. Страх – это психоэмоциональное состояние человека, которое имеет свою особую форму представления в разных культурных и языковых контекстах. В статье рассматривается, как страх передается через фразеологические единицы, а также представление языковых структур и метафор в литературе и повседневной речи. Исследуются семантические особенности устойчивых выражений, связанных со страхом в казахском языке, их область применения и стилистическая функция. Это исследование помогает глубже понять языковую картину страха, а также раскрывает поэтические и эмоциональные аспекты фразеологического ресурса казахского языка.

**Ключевые слова:** концепт страха, лингвопоэтика, фразеологизм, концептуальное поле, психология, эмоция, эмоциональный язык, психоэмоциональное состояние.

**Abstract.** This article analyzes the linguopoetic structures of the concept of fear in the Kazakh language, with a particular focus on the linguistic characteristics of phraseological units. Fear is a psycho-emotional state of a person, which is uniquely represented in different cultural and linguistic contexts. The article examines how fear is conveyed through phraseological units, as well as the representation of linguistic structures and metaphors in literature and everyday speech. The semantic features, usage, and stylistic functions of fixed expressions related to fear in the Kazakh language are explored. This research provides a deeper understanding of the linguistic representation of fear and contributes to uncovering the poetic and emotional aspects of the phraseological resource in the Kazakh language.

**Keywords:** concept of fear, linguopoetics, phraseology, conceptual field, psychology, emotion, emotional language, psycho-emotional state.

Әр адамның ұлтына қарамастан бәріне ортақ қасиет бұл – эмоция. Психологиялық және лингвистикалық еңбектерде адамның эмоциясын зерттеудің екі жолы қарастырылады: 1) алдымен адамға тән эмоциялық сезімдерді анықтау арқылы оның тілдегі көрінісін зерттеу; 2) тілдегі эмоциялық құралдарды анықтау арқылы адамның сезімдер дүниесіне талдау жасау [1, 12]. Эмоция міндетті түрде адаммен бірге өмір сүреді. Ғалым М.Оразов «Адам өзінің эмоциясы арқылы айналада, өзін қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға, адамдардың әрекеттеріне үнемі баға беріп отырады. Мұндай баға берушілік қасиет тек адамның ойында ғана қалып қоймай, сыртқа сөз арқылы шығып таңбаланып отырады, өйткені эмоция – сөйлеу үдерісіне тән құбылыс. Осыған орай ғалымдар сөздік қорымызда кездесетін эмоционалды-экспрессивті сөздер одағайларда, сын есімдер мен етістіктерде көп кездеседі де, зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездесетіні жайында атап көрсетеді» [2, 112], – дейді.

Адамға тән эмоциялардың ішіндегі ең күрделісі қорқыныш. Бұл – адамның табиғатынан, қоғамнан немесе белгісіз нәрседен қорқуы ретінде түсіндірілетін терең эмоциялық күй. Тіл арқылы адамның ішкі әлемі, эмоциялары мен сезімдері сыртқа шығады. Дегенмен, әр халықтың эмоционалды күйі өз тілінде өзіндік ерекшеліктерімен айшықталып, көрініс береді.

«Қазақ тілінің сөздігі» атты еңбекте: «Қорқыныш – бір нәрседен қорыққанда болатын сезім, үрей» [3, 409], – деген анықтама берілген. Қай анықтаманы алып қарасақ та шығатын қорытынды қорқыныштың жағымсыз эмоция екендігі. Бұл психологиялық жай-күй бірнеше психикалық үдерістерден өтеді. Бұл туралы тіл ғылымында да зерттеулер жүргізіліп, концептуалдық өрісі белгіленген. Мәселен, орыс тіл ғылымында ғалым Ю.С.Степанов қорқыныштың концептуалдық өрісін былай көрсетеді: «Страх – Страдание – Страсть. Страх содержит тот же корень, что и страдать, страсть, и, значит, представляет в концептуальном плане по происхождению единство двух концептов – «страх» и «страдание» [4, 672]. Ал, казак тілінде бұл концептуалды бөлініс өзгеше. Қазақ тіліндегі қорқыныш ұғымының концептуалды бөлінісін төмендегіше жіктейміз:

Секем – шошу – қорқыныш – үрей – стресс [5, 99].

«Қорқыныш» психикалық жай-күйін тілімізде алуан түрлі тұрақты тіркестермен де беру-ге болады. Қазақ тілінде адамның мұндай эмоциялық күйінің түрлі сөздермен, метафоралармен, фразеологизмдермен және идиомалармен берілуі – оның терең мағыналық байланысын көрсетеді. Көптеген лингвистер фразеологиялық бірліктердің негізгі қызметтерінің бірі – оның тілге эмоционалды бояу беретіндігі деген ортақ пікірге келеді. Фразеологизмдер адамның сан

алуан эмоциялық күйін бейнелеп, ерекше образдылықпен жеткізетін тілдің көркемдік құралы болып табылады. Эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдердің басты ерекшелігі ретінде олардың адамның жан-дүниесінде болып жатқан, қарым-қатынас негізінде туындайтын өзгешеліктерді дәл басып суреттей алуы, яғни бейнелі сөз екендігін атап өтуге болады. Семантикалық жағынан эмоцияны бейнелейтін соматикалық фразеологизмдерді жағымды эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер мен жағымсыз эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер деп екі топқа бөліп қарастырамыз. Жағымды эмоцияны білдіретін фразеологизмдердің мағыналық компоненттеріне қуану, риза болу, көңілі толу, жақсы көру сезімдері жатады. Біз қарастырып отырған «қорқыныш» жағымсыз эмоцияны білдіретін фразеологизмдердің мағыналық компоненттеріне жатады. Яғни, ашу-ыза, үрей, қайғы, торығу, жабығу, секілді фразеосемантикалық өрістердің қатарында жатады. Қорқыныш ұғымын білдіретін фразеологизмдер әртүрлі грамматикалық және семантикалық құрылымдарда көрінеді. Олардың кейбірі метафоралық мағынаға негізделсе, ал басқалары нақты физикалық белгілер мен бейнелерді көрсетуде қолданады.

Фразеологиялық сөздік бойынша қорқыныш ұғымын білдіретін тұрақты тіркестерді санамаласақ өте көп. Мысалы: *арқасы мұздап қоя берді, бетінің қаны қашты, батылы бармады, дедек қақты, екі көзі шарасынан шықты, есі кетті, тілі байлану, үрейі ұшу, жаны түршігу, жаны мұрнының ұшында, жаны зәр түбіне кетті, жүрегі алып ұшты, жүрегі күпті болды, жүрегі су етті, жүрегі зырқ ете қалды, жүрегі суып қоя берді, жүрегі қалтырады, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі шайлықты, зәрезап болды, зәре-құтты қалмады, иманы қасым болды, көлеңкеден қорықты, көңілі мұздады, қаны қашты, қос үрей болды, ор текедей пысқырды, өзінен қуыстанды, өлердей қорқу, селк етті, сес алды, тазы қуған қояндай, төбесінен су құйып жібергендей болды, төбе құйқасы шымырлап кетті; тұла бойы қалтырап кетті, шыбыны ұшты, іші мұздады, шыбын жаны шыға жаздау т.б*

Жоғарыда көрсетілген тіркестерде мағыналық талдау жасайтын болсақ: жүрегін су еткізді тіркесі – бойын қорқыныш биледі, зәресі ұшты, шошып кетті; Жүрегі су (зу) ете қалды – бірден қатты шошыды, кенет қатты қорықты; шошып кетті, қорқыныш биледі; Жүрегі қалтырады – қорықты, есі шықты; Қос үрей болды – қатты қорықты; Ор текедей пысқырды – сескенді, шошыды, үрейленді.

Қазақ тілінің фразеологиялық қорында мағынасы жағынан бір-біріне синонимдік қатынаста болатын фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бірақ мұндай тұрақты тіркестерде мағыналық жуықтық болғанмен, құрылым-құрылысы тұрғысынан, компоненттік құрам, дәлірек айтқанда тұрпат тұрғысынан алғанда ешқандай жақындық, жуықтық болмайды. Сөзімізге жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады. Себебі көрсетілген тіркестердің барлығы «қорықты, шошды, сескенді» деген жиынтық мағына төңірегінде топталады, өзара синонимдік қатар құрайды.

Қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің семантикасын, прагматикасын, құрылымын арнайы зерттеген профессор Г.Смағұлова тұрақты тіркестерде ұлтық мәдениеттің өзіне ғана тән ерекшелігі айрықша көрініс табатындығын атап көрсетеді. «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» атты еңбегінде: «Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды беруі шарт. Мағыналас фразеологизмдерді лексикалық синонимдер сияқты тек белгілі бір сөз табына жатады деп жіктеуге келмейді. Мағыналас фразеологизмдер ұғым мен түсінік ыңғайында қарастырылып, онда да жалпы бір семантикалық өрістегі тұрақты тіркестер деп танылады. Барлығын бір сөз табының аясына күштеп енгізудің қажеті жоқ. Сол себепті мағыналас фразеологизмдер қатарына жалпы ұғымды нақтылайтын әр сөз табынан ұшыраса беретін және құрылым құрылысы әр түрлі болып келетін фразеологиялық тіркестер енеді. Мұнда ұғымның жан-жақты берілу формалары басты мәселе боп саналады» [6, 5], – деген пікірін жоғарыдағы сөзімізге дәлел бола алады.

Байқап отырсақ, көрсетілген фразеологизмдердің барлығы дерлік адамның қорқыныштан әсерленген күйін бейнелейді. Демек, тұрақты тіркестер адамның физикалық реакциясын, сезімін нақты сипаттай отырып, қорқыныштың ішкі күйін айқын көрсетуге қабілетіне ие. Сонымен қатар, қорқыныш фразеологизмдері адамның қорқынышпен күресудегі ішкі әлемін, психологиялық жағдайын да айқындайды.

Көркем шығармаларды оқып отырғанда да «қорқыныш» эмоциясын, психикалық жай-күйін бейнелеуде жазушылар дара сөздерді де, тұрақты сөз тіркестерін де пайдаланатынын байқауға болады.

Мысалы, Тахауи Ахтанов «Боран» романында: «Қоспан секем алғанша болған жоқ, аты бауырына дейін күмп беріп қарға батып кетті. Жүрегі зу ете қалды. Алды терең жар болу керек» [7, 81], – деген жолдарда автор кейіпкерінің сол уақыттағы күйін жеткізуде, оқырманға әсерлі болуы үшін «жүрегі зу ете қалды» деген тұрақты тіркесті қолданғанын байқаймыз. «Жүрегі зу ете қалды» тіркесі тікелей қорқыныштың физиологиялық көрінісін, адамның психологиялық күйін, оның қорқынышқа реакциясын көрсетеді. Бұл тіркес жүректің бірден дүрсілдеуі, қатты соғуы, адамға қорқыныш тудыратын әсердің болғанын білдіреді. Әдетте, шошу немесе үрейлену кезінде қолданылып, адамның ішкі күйінің көрінісі ретінде ерекше мәнге ие. Мұнда автор кейіпкердің жүрегі қорқыныштан қатты соғуы арқылы оның күйзелісі мен қорқынышын әсерлі сипаттау үшін қолданған.

Адам Мекебаевтың «Құпия қойма» романындағы мына үзіндіде: «Анада, сонау күзде Өрімбай жігіттерінің сойылына жығылып төсек тартып жатқанда осындай бір жаман ой бір жеті бойы торуылдап зәресін зәр түбіне кетірген-ді» [8, 143], «зәресін зәр түбіне кетірген» фразеологизмі адамның қатты қорыққан немесе үрейленген кездегі физиологиялық және психологиялық жағдайын сипаттайды. «Зәресін зәр түбіне кетіру» фразеологизмі эмоционалды тұрғыдан өте күшті. Ол оқырманға кейіпкердің қорқынышы мен ауыртпалығын нақты сезіндіреді. Сонымен бірге, осы тіркес арқылы автор кейіпкердің күйзелісі мен психологиялық жағдайын өте анық әрі терең бейнелеген. Мұндай фразеологизм оқырманды оқиғаға толығымен тартатын, кейіпкердің ішкі әлеміндегі арпалысты, сонымен қатар оның қорқыныш пен үрейге деген реакциясын көрсететін көркем құрал болып табылады.

Қорқыныш ұғымының көркем әдебиеттегі рөлі терең әрі көпқабатты. Ол кейіпкерлердің әрекеттері мен шешімдеріне, олардың ішкі жан дүниесіне әсер етеді. Сондықтан авторлар қорқыныш сезімін ерекше етіп бейнелеу үшін метафоралар, символдар, тұрақты тіркестер мен фразеологизмдерді тиімді қолданады. Бұл тәсілдер тек мәтіннің көркемдік сапасын арттырып қоймай, оқырманның өз оқиғасына қатысты эмоциялық сезімдерін күшейтеді.

Қазақ тіліндегі қорқыныш фразеологизмдері мен идиомаларының қалыптасуына қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымы әсер еткен. Қорқыныштың ұлттық ерекшеліктері – оның әлеуметтік жағдайлармен, табиғатпен, тарихи жағдайлармен байланысында жатыр. Қазақ қоғамындағы қорқыныш ұғымы көбінесе табиғатпен, аруақтармен, жын-шайтанмен байланыстырылады. Қазақ әдебиетінде де қорқыныш ұғымы ерекше орын алады, ол арқылы халықтың дүниетанымы, дүниені қабылдау ерекшеліктері көрсетіледі. Бұл фразеологизмдер, идиомалар арқылы тілде көрініс табады, оларды зерттеу қазақ тілінің мәдениетін түсінуге көмектеседі. Қорқыныш ұғымдарына қатысты фразеологизмдер мен идиомалар қорқыныш сезімінің әртүрлі қырларын сипаттап, оның физикалық, психологиялық, әлеуметтік және табиғатпен байланысын көрсетеді. Бұл фразеологизмдер арқылы қорқыныштың адамның ішкі әлеміне әсері, табиғаттың қуаты мен адамның онымен қарым-қатынасы, сондай-ақ қорқыныш пен батырлықтың байланысы айқын көрінеді. Қазақ тіліндегі қорқынышқа қатысты тұрақты сөз тіркестері мен метафоралар халықтың дүниетанымын, ұлттық психологиясын және мәдени ерекшеліктерін айқындап, қорқыныштың тек жағымсыз эмоция емес, күрделі әлеуметтік және психологиялық құбылыс екенін көрсетеді. Табиғаттың ең күрделі жаратылысы – адамның ішкі жан толғанысы мен эмоциялық күйін суреттеу үшін таптырмайтын құрал фразеологизмдер болса, оның ішінде соматикалық фразеологизмдердің өз орны бар.

## Әдебиет

1. Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2008. - 44 б.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
3. Қазақ тілінің сөздігі. Ред.бас. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. - 774 б.
4. Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. Учебное пособие. – М.: Флинта-Наука, 2006. - 208 с.
5. Түйте Е. Психикалық жай-күйлер атауларының лингвостилистикалық сипаты. Монография. Қарағанды, 2013. – 246 б.
6. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010 жыл. – 252 бет.
7. Т.Ахтанов, көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мереке, 2013. – 384 б.
8. Мекебаев А. Құпия қойма: Роман, хикаят. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.

## **ҚЫЗҒА ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ (М.ӘУЕЗОВТЫҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫ МӘТІНІ БОЙЫНША)**

**Андатпа.** Мақалада негізгі нысан қызға қатысты тілдік бірліктер, лингвокультуремалар болып отыр. Кез келген халықтың, ұлттың ерекшелігі, өзіндік дүниетанымы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар. Олардың мың жылдық көрінісі сол ұлттың, халықтың дана тілінде сақталып отырады. Соңғы жылдары бірнеше ғылымның тоғысында зерделенетін жұмыстар жарық көруде. Бұл ғылымдардың басын қосып тұрған ғылыми бағыт – антропоэзеттік бағыт. Яғни зерттеу нысанына кіретін бірліктер адами факторға, адамның өзіне бағыттала отырып қарастырылады. Біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны этнографиялық бірліктер тіл ғылымының жаңа салалары призмасында қарастырылып, олардың танымдық сипаты мен әлеуеті анықталады. Қыз, әйел тақырыбына арналған көптеген ғылыми зерттеулер, жобалар түрлі бағытта жүргізіліп келген болса, біздің жұмысымызда қызға қатысты этнографизмдер басты нысанға алынып отыр. Қызға, әйелге қатысты салт-дәстүрлер, олардың танымдық тұжырымы, туыстық атаулар, ұлттық колоридті айқындап, сипаттауға әлеуетті жалпы қызға қатысты тілдік бірліктерге талдау жасалады. Зерттеу материалы ретінде «Абай жолы» шығармасында қолданылған тілдік бірліктер алынып отыр.

**Тірек сөздер:** қызға қатысты этнографизмдер, қыз, әйел, салт-дәстүр, танымдық сипат.

**Аннотация.** В статье основным объектом являются языковые единицы, лингвокультурализмы, относящиеся к девушкам. У каждого народа, нации имеется свое мировоззрение, культура, история и традиции. Их тысячелетнее видение сохранено в мудром языке этого народа. За последние годы опубликованы работы, которые изучаются на стыке нескольких наук. Научное направление, связывающее эти науки, – антропоцентрическое направление. То есть единицы, входящие в объект исследования, рассматриваются с акцентом на человеческий фактор, самого человека. Основной задачей нашего исследования является рассмотрение этнографических единиц в призме новых отраслей науки о языке, определение их познавательного характера и потенциала. Хотя множество научных исследований и проектов на тему девушек и женщин проводились в различных направлениях, в нашей работе в качестве основного объекта взята этнографизмы, связанные с девушками. Анализируются традиции, связанные с девушками и женщинами, их когнитивное определение, наименования родственных отношений, языковые единицы, относящиеся к девушкам, которые обладают потенциалом для определения и описания национального колорита. В качестве материала исследования взяты языковые единицы, использованные в произведении «Абай жолы».

**Ключевые слова:** этнографизмы по отношению к девушке, девушка, женщина, традиции, познавательный характер.

**Annotation.** In the article, the main object is linguistic units, linguistic culturalisms related to girls. Every people and nation has its own worldview, culture, history and traditions. Their thousand-year vision is preserved in the wise language of this people. On the last years, works have been published that are studied at the intersection of several sciences. The scientific direction connecting these sciences is the anthropocentric direction. That is, the units included in the object of study are considered with an emphasis on the human factor, the person himself. The main objective of our research is to consider ethnographic units in the prism of new branches of language science, to determine their cognitive nature and potential. In our work ethnographic units associated with girls is taken as the main object. Traditions associated with girls and women, their cognitive definition, names of kinship relationships, linguistic units related to girls, which have the potential to define and describe national flavor, are analyzed. The linguistic units used in the work “Abai Zholy” were taken as research material.

**Keywords:** ethnographic units in relation to a girl, a girl, a woman, traditions, cognitive character.

Тілдің ұлттық табиғатын шынайы танудың бір бағыты тілдік бірліктерді, олардың мазмұны мен тұлғалық жағын тілдің өз ішінде лингвистикалық заңдылықтар негізінде қарастыру бол-



са, екінші бағыты оларды тілдік емес, экстралингвистикалық факторлармен, адам танымымен байланыстыратын, антропоэлектік бағытта қарастырумен ерекшеленеді. Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда аккумулятивтік қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті...тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» деп айтады [1].

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану саласының алғашқы хабарлары Ш.Уәлиханов, М.Әуезов еңбектерінде орын алса, Ә.Марғұлан, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, А.Алдашева, А.Жылқыбаева, Қ.Рысбергенова, Р.Шойбеков, А.Ислам, Т.Ермекова, А.Байғұтова сынды ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты.

Соңғы жылдары этнолингвистикалық және лингвомәдениеттану саласындағы зерттеулерде гендерлік бағыттағы жұмыстар да қарастырылып жүргені белгілі. Осыған орай, әлемнің тілдік бейнесіндегі әйел тақырыбы да көтеріле бастады. Сондай жұмыстардың бір қатарына отандық тіл білімі саласын жан-жақты зерттеп жүрген Т.Ермекованың бастамасымен жарық көрген ұжымдық ғылыми монографияда және өзге де қызға байланысты жүргізілген арнайы зерттеулерде өте сауатты талдау жұмыстары жасалған [2].

Ұлы суреткержазушы М.Әуезовтің классикалық туындысы «Абай жолы» романында кездесетін этномәдени бірліктерді мәтін бойында қолданылып, атқарып тұрған танымдық қызметін пайымдау мақсатында бірнеше мысалдар келтіріп, оларға талдау жасауға талпыныс жасалды.

«Абай жолы» туындысында баяндалатын бастапқы оқиғалардың бірі Қодардың жесір келіні туралы әңгіменің айналасында өрбиді. Қысқа ғана мәтіннің ішінде бірнеше этномәдени бірліктер кездеседі.

*«Осы Қодардың келіні нені үміт қылып отыр? Не ойлаған ойы бар? – деп сұрастырады дейді. Осындайға келгенде Қодар мұндай жсыбырдың ішкі зәрін, суығын сезгендей болған. Оның өз топшылау бойынша бұндайдың арты жесір қатынға әмеңгер іздеу. Мал шығармай, біреудің үйіне тегін қатын кіргізіп беру. Қодар малына ие болатын мұрагері іздеу, соны табу [3; 30].*

Келін

**Әмеңгерлік** – күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнысына не қайнағасына, яки күйеуінің басқа бір туысына некелесу салты. Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болып, оның жесірі жас болса, әмеңгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне **өзінің таңдауы** бойынша тұрмысқа шығады. Әйел және оның балалары туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында тәрбие алады және өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. «Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра, ат өлсе – сауыры мұра» деген нақыл сөз қазақта ер азамат өлгенде жесірін қайнағасына не қайнысына қосатын дәстүрді білдіретін, атадан қалған этномәдени бірлік [4, 451]

Жесір қатын – күйеуі қайтыс болған әйелге қатысты атау.

**Әмеңгерлік**, **жесір қатын** деген бірліктердің мәтінде атқарып тұрған қызметі тек қана этномәдени сипатты ашу ғана емес, сол сәттегі қайғылы оқиғаны, сол кейіпкерлердің басынан өтіп жатқан қасіреттен де хабар беріп отыр.

Қазақ қоғамында әйелдерге қатысты туыстық атаулар тек қана туыстық қарым-қатынасты ажырату мақсатында ғана қолданылмаған, ол атаулар әйелдің әлеуметтік мәртебесін көрсету үшін де қызмет атқарған.

*Бәйбіше, тоқал, келін, абысын, жеңге, шеше, кәрі әже, кіші ана, күндес* сияқты тілдік бірліктердің мәтінде атқарып тұрған қызметі этномәдени сипатты көрсетуге бағытталады. Осы сөздерді мәтінде қолдана отырып, жазушы кейіпкерлердің негізгі мінездемесін ашуға тырысады. *Сұлу тоқал, ақылды бәйбіше, кәрі әже, кіші ана* деген тіркестерді мәтінге кірістіргендегі

мақсаты кейіпкерлердің мәртебесін, өзара әлеуметтік қарым-қатынасының деңгейін көрсетеді. Ал жалпы кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттауда, олардың тұлғалық өсуі, ментальды кемелденуін көрсетуде олардың аузына салған сөздерін қолданады.

Кәрі әженің (Зеренің) сол әулетке сыйлы болуының бір көрінісі оның күндесі болған Таңшолпанның өзі соңғы кездері Зерені солай Кәрі әже деп атап кетуімен жеткізеді. Кәрі әженің айнымас аналық жыры, немересі Абайға айтылған бесік жырының Кәмшат немересіне айтып беруімен тағы дәйектеледі. Яғни Зеренің данагөй әже ретінде немерелеріне бесік жырын жырлап, әлдилеуі жалпы қазақ қоғамында дәріптелетін, құнды әрекет болып отыр.

*Үш күн, төрт күнде Ұлжанның үйіне бір-ақ соғатын Құнанбай, көбінесе, сұлу тоқалы Айғыздың үйіне қонады. Оқта-текте бәйбішесі Күнкенің қасында болады. Ол бөлек ауыл. Соның көшімен жүріп кетеді [3; 50].*

*Келіп түскені үлкен бәйбішесі Күнкенің аулы еді. Мұнда бүгін сыбаға әкелген әйел қонақтар көп екен. Ақбердінің шешесі бар. Және кәрі жеңгесі Бопай да келіпті. Күнкеге бірі келін, бірі абысын есепті Ырсайдың шешесі, Жұманның шешесі, Жортардың шешесі сияқтылар да бар екен.*

*Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне сыбаға әкелуші еді. Бір сыбаға көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғызтұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап, осы Күнкенің үйіне де бір-бір келеді. Қыстан сақтап шыққан сурлерін әкеледі. Екінші рет қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін.*

*Құнанбай кеп түскенше жапырлап сөйлеп, күлісіп, әзілдесіп жатқан әйелдер Құнанбайға Майбасар кеп есік ашқанда жымжырт бола қалды. Еркектер төрге кеп отырған соң, тек Таңшолпан ғана: – Мына шешелерің, жеңгелерің сыбаға әкеп, енді тарағалы отыр, қарағым. Кәрі әжеңнің орны бір басқа. Онiкi өз бетiмен барып жатыр! – деп, Зеренi де есiне алды. Барлық үлкен кiшi Зеренi «кәрі әжең» дегендіктен Таңшолпан да соңғы жылдар өз күндесін осылайша атайтын боп еді [3,59].*

*Абайдың кәрі әжесімен, өз шешесімен бірге тұратын үйі осы еді. Әлі шам жағылған жоқ, жұрттың көбі тыста мал жайлап жүр. Кең үйдің іші құлазығандай. Дағдыдан тыс оңаша. Шыңғыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп, екі шынтағын терезенің алдына салып, иегін қолдарының үстіне қойып Абай отыр. Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны – Айғыздан туған немере қызы, үш жасар Кәмшат. Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады. Өте бір өзгеше, ескі жыр. Абайдың өз әжесінен басқа ешкімнен естімеген жыр. Бірақ кәрі әжесінің өзіндей соншалық жақын, ыстық, сүйікті жыр. Кішкентай күнінде Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын. Сол күндерден бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген. Ана жүрегіндей айнымас жыр. Осындай қоңыр кештің қоңыр күйі. Бейуағына жеткен әженің өмірлік гөй-гөйі.*

*... Несе қалатынын әжесіне де айтпайды. Жалғыз-ақ кеш батып, қораға мал келетін уақыт тақалғанда, кiшi шешесi Айғыздың үйiне барып, мына кiшкентай қарындасы Кәмшатты көтеріп, еркелетіп ойнап жүреді де, ақырында әжесіне әкеліп береді [3,89].*

*Абай: – Кіші апа!.. – дей беріп еді, Айғыз оны сөйлестестен қаптап кеп:*

*– Әлім жеттік қыласың зой! Сендер бір шешеден төртеуіңдер, көпсіңдер!*

*– Кіші апа деймін!.. Не дегенін сұрашы, тым құрымаса!*

*– Керегі жоқ! Ер жеткенде білгенің сол зой! Сен де күндестің баласы деп тұрсың зой.*

*– Құдай ай, не дейсіз?*

*– Ұрған жақсы болса, ертең оқудан келер Қалел де. Сенің сыбағаңды берер! деп, орысша оқуда жүрген өзінің үлкен баласы Қалелді де есіне алды... Жасақталып, төбелескелі тұрған екі күндес ауылдай.*

*– Ойтырм ай, ана болғандағы ақылыңыз осы ма, кіші апа?*

*– Жағаласпа, шығарма тіліңді! Бұлар бәйбіше, біз тоқал зой... тепкі көрмекпіз зой...*

*Абай өз үйінде, өз анасынан көрген мынадай әділетсіз зорлыққа жаман күйді. Сұп-сұп болып, булығып, дір дір етті. Бірақ жылаған пішінін білдірген жоқ.*

*– Түү! Қойыңызшы, сіз қалай едіңіз?- деп, қатты түңіліп терезе жаққа қарай бұрылып кетті. Сөз қатар мұршасы жоқ. Зере бұл жанжалдың бәрін естімесе де, Айғыздың шаптығын*

келген түріне қатты ашуланған екен. Абайдың күйген ажарын да танып еді. Енді Кәмшатты жатқызып қойып, түрегеліп келініне жақындап кеп, қатты ақырып:

– Жоғал әрмен, балаларымның арасына кіріп, іріткі салып не шатып тұрсың! Шық жаның барында! деді. Айғыз кәрі әжеден жасқанып, кейін серпіле берді де:

– Тоқал демексің, мүйіздемексің зой бірігіп ап... Көрермін... Келсін ертең, - деді. Ескерткені Құнанбай. Сұлу тоқал байына ыстық. Бел қылғаны сонысы. Бұл сөздерін Зереге естірте айтпаса да, Абай естісін дегені сияқты.

Дәл осы кезде Айғыздың сырт жағынан өте сабырлы және соншалық салқын үн шықты. Ол сөйлеген Ұлжан еді. Үйге кіргелі бірталай болса да, Ұлжан үндемей ғана бұларды тыңдап тұр екен.

– Қой, жарықтығым, жетті енді! Сақтағаным балалар еді. Олар екеш оларды да, аймағаның ба? деді.

– Өл де маған...

– Тоқтат, жаным! Бар! Айтқаныңды қумаймын. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды. Бар!.. – деп жай ғана бітірді. Айғыз Смағұлды қолынан ұстап, Ұлжанға біраз қадалып тұрды да, үндей алмай шығып кетті.

Ұлжан ақырын күрсініп, Айғыздың артынан қарап, біраз жым-жырт тұрып барып, сырт киімдерін шеітті. Қалтасынан шақпақ алып тұтатып, пеш қырында тұрған тас шамды жақты. Үй ішін әлсіз қызғылт сәуле жарық қылған уақытта шешесі Абайдың аса жүдеп, қабағын шытып, қиналып отырған қалтын байқады.

– Абайжан, немене, балам?

– Ана-ай! Осы бір кеселді мінез кіші апамнан неге көп шыға береді! - деп, шешесінің қасына келді.

Баласы үлкен кісідей сыр сұрап тұр. Ұлжан өзгеден бүксе де, Абайдан іріккісі келмеді. Бұл баласына айта алады.

– Балам-ай, күндестің аты күндес те! Қу жараны жалап жазған боламыз да. Әйтпесе, менің де қай сырымды біліпсің! - деді.

Абай шеше сырын іштен танығанмен, айтар жауап таба алмады. Үндемей сырт айналып кетті [3, 93,94].

Бәйбіше мен тоқал арасындағы мәңгілік тартыстың бір қыры осы кішкентай ғана үзіндіде тереңінен түсіндірілген. Бәйбіше – бұрынғы қазақ қоғамында әйелге берілетін жұбайлық мәртебе болып есептелген, яғни бірнеше әйелге үйленген ер адамның бірінші әйеліне берілетін мәртебе.

Бәйбіше мен тоқал арасындағы мәңгілік тартыс, бәйбішенің де, тоқалдың да жан дүниесінің нәзік пернелерін күрсінуді, ашулану, ызалану деген сияқты сөздермен автор шебер жеткізе білген. Бұл мәтіннен қазақ қоғамында қолданылған әйелдің әлеуметтік мәртебелерін білдіретін этно-бірліктер өзінің танымдық және функционалдық әлеуетін барынша жақсы көрсетеді.

Осыдан екі жыл бұрын Құнанбай мен Алшынбай достығы құдалыққа соғып, осы Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділде деген қызын Абайға *айттырысқан* болатын. Алшынбай, сонымен Абайға үлкен қайыната болушы еді.

Оның ата-тегін де бар Тобықты, бар Қарқаралы «қаракөк» деп атайды, Алшынбай белгілі би Тіленшінің баласы, одан арғы атасы Қазыбек би. Осының бәріне қарағанда, Абайдың қалыңдығы Ділде, тіпті бір үлкен, асқақ жердің қызы тәрізденеді. Сол қалыңдықтың қалың малы да осал болмаған болу керек. Өйткені, Құнанбай аулынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе, көбінше, осы Алшынбай аулына барушы еді [3,99-100].

– Өй, жаман! Жаман бола ма деймін, осы шіркін! «Өлі тірісін берген соң өлі күйеу жата ма?» деп, өзің қалайсың? Иегі ителгінің тамағындай боп үлпілдеп келін отыр анда. «Келмей кетсінші, Бәлем!» деп ол сені сынап отыр осы жолы. (Майбасар сөзі [3, 117])

*Айттыру.* Дәстүрлі ортада неке салтында үлкен мәнді ғұрып. Жігіт жағының құда түспек ниеттерін білдіріп, қыздың ата-анасына, жақын туыстарына сөз салуы. Енді осы *ғұрыптың қалай жүргізілетініне назар аударайық.* Жасынан атастырылған қызы жоқ ұлдың ержеткен соң оны аяқтандырғысы келген ата-анасы баласымен, туыскандарымен ақылдаса отырып, келін болуға лайықты қыз қарастырады. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша ұл баланың 3-10 жасы аралығында қыз айттыра бастайды. Болашақ қалыңдықты таңдауда екеуінің жас

айырмашылығы бес немесе одан көп болуы мүмкін. Яғни жас алшақтығына қарамайды, қалыңдықты әкесінің байлығы мен жағдайына байланысты да таңдайды. Алайда, мұны ұлдың әкесі өзінің материалдық жағдайын жөндеу үшін байлықты көксегендігі деп түсінбеу керек, тек екі жақтың тең болуын қалағандықтан қалыптасқан үрдіс. Жігіт әкесі өзімен теңдес қыз әкесімен құда болуды қалайды. Ондай үйдегі қыздың басы бос болса, *жаушы* жібереді, кей жағдайда өзі барады. Қызды кім айттырмайды, қымызды кім ішпейді деген қазақтың салт-дәстүрі бойынша қызды көріп, құда болу ниетін білдіру үшін келудің еш әбестігі жоқ деп қабылдаған. Қызды айттыруға жігіт әкесі етжақын туыстарымен кеңесіп, жаушыға кімді жіберетінін айқындайды. Ондай адам әдетте жөн-жосыққа жүйрік, сөзге пысық, әзіл-қалжыңға жақын болып келеді [4, 111]. *Яғни қазіргі таңда бізде келіссөздерге епті, сөзуар адамдарды қалай бағалаймыз, сол заманда да сөзге шешен, эмоционалды интеллектісі жоғары адамды сыйлап, осындай мәртебеге лайық деп, өз отбасы үшін маңызды қызметті тапсыратын болып тұр.*

«Абай жолы» шығармасында басты кейіпкердің сүйіктісі болған Тоғжанның сұлу бейнесін сомдауда, Абайдың ғашықтық сезімінің оянуына себеп болған әшекей бұйымдарды өте ұтымды қолданған. Қыздың әшекей бұйымдары, атап айтар болсақ: шолпысы, әшекей сырғасы, кәмшат бөркі, білегі толған білезіктер. Осы тұста этномәдени сипаты бар шолпы деген аксессуарды жазушы Тоғжанның өзіне теңестіреді. Яғни, Тоғжанның сол сәтте жүруі, сол жерден алыстап кетуі, яғни сюжетке қатысу деңгейін көрсетуде шолпының сыңғырына жүктеп қояды. Бұрынғы заманда жалпы қызға, әйелге қатысты әшекей заттар олардың әлеуметтік мәртебесін, жасын, қай руға, елге тиесілі екендігін білдіретін болған. Ал, мына шығармада, осы үзіндіде жазушы осы әшекей бұйымдарды мәтінге кірістіре отырып, Тоғжанға тиесілі барлық нәзіктікті, сұлулықты жеткізу үшін қолданады. Сонымен қатар, Абайдың ішкі сезімін көрсетуде осы бұйымдардың қимыл-әрекетін пайдаланады. Оқырман бұл жерде лирикалық-романтикалық күй кешетін болса, бір жағынан қазақ қоғамында қазақ қыздарының қолданған әшекей юйымдарынан да хабардар болмақ.

Бөжей үлкен үйге кіргенде, Зере орнынан тұрып, қарсы барып бетінен сүйіп жылады да:

– Қарағым, бауырың суып, қатыбас боп кетпедің бе? Балам сен едің де, анаң мен емес пе ем?.. – деді.

– Алда жарықтық-ай!

– Алда бақыр анамыз ай!.. – десіп, Байдалы, Сүйіндік сияқты Бөжейге ере келген кісілер де босаңсып еді.

Үлкен үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған тас шам бар. Сүйіндік *бәйбішесімен* және екі баласы Әділбек, Асылбекпен бәрі де қонақтармен бірге болды. Бұл үйге, әсіресе өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол Сүйіндіктің қызы Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. *Сылдырлаған шолпысы*, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы *әшекей сырғасы*, *бастағы кәмшат бөркі*, *білек толған білезіктері* баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп жінішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Қыздың көп кіріс-шығысы қонақтардың қамы екен. Аз уақытта дастарқан жайғызып, *күтуші әйелге* шай құйғызып, өзі әкесінің төменгі жағына отырып, шыныларды әперіп, үй ішіне қызмет көрсете бастады [3, 140-141].

Абай мен Қарабасты үй-іші бөгде қонаққа санаған жоқ. Сол себепті күндегі дағды бойынша дастарқан айналасына Сүйіндіктің барлық балалары да, *бәйбішесі* де отырған ды. Әкесінің төменгі жағынан *шешесімен* екі ортадан отырған Тоғжан Абайға қазір бұрынғыдан да жақындай түсті. Абай бағанадан бері Тоғжанға бет алдынан қараса, қазір көбінесе қырынан көріп отыр.

Орташа келген қырлы мұрны енді анық көрінді. Қырынан қарағанда бір түрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр негінің астында жұқа ғана бір толқындай боп, нәзік бұғағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап қара қалың *өрмімен* ерекше аппақ нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес, *әшекей сырғасы* діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр [3, 146].

Абай төрге қарай қозғала беріп еді. Бір уақытта шегірен *шымалдық* толқып барып қозғалды да, есік жақтағы шетінен *шолпы сылдыры* естіліп, Тоғжанның *әсем бойы* көрінді. Қолына бір

торғын көрпелі алып, бері шығып келеді екен. Асықпай, тіпті ақырын қозғалады. *Шолпының ендігі сылдырынан* өзі қысылған тәрізді.

*Шолпы әуелі жасыл сылдырлап*, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң анда санда бір ғана сылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап сокқан дүрсілін естіді. *Шолпы үшін* сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат *шолпы* ең соңғы рет бір сылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті [3, 147]. Шолпы тек әшекей бұйым атауы ғана емес, қазақ халқының эстетикалық талғамын айшықтайтын, әйел затына деген құрметін көрсететін құнды бұйым. Бір ғана шолпы сылдыры арқылы ұлы суреткер қазақ қызының табиғанына тән мінез-құлық пен сұлулық сипатын шебер үйлестіру арқылы оқырманға тұтас ұлттың көзқарасын шебер жеткізген. Романда мұндай бірліктер өте мол, біз шағын мақалада соның бірқатарына ғана тоқталдық.

Жалпы жоғарыда келтірген үзінділерден қазақ халқы үшін маңызды ақпараттар коды болып табылатын этномәдени бірліктерге талдау келтірілді. Бұл тек бір парасы ғана деп ойлаймыз. Қызға қатысты этнобірліктердің танымдық және функционалдық әлеуетін айқынап, сипаттамасын жасауда әлі көп ізденістер жасалатын болады.

### Әдебиет

1. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10. 18 – 22 – бб.
2. Еркемова Т.Н. және т.б. Қызға қатысты тілдік бірліктердің этномәдени сипаты. Монография. Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 196 б. ISSN 978-601-224-717-6. Байғұтова А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008. – 143 б.
3. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы» 2013. – 376 бет. ISSN 9965-666-59-8.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен категорияларының дәстүрлі жүйесі/Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017 – 856 бет (иллюстрацияланған).

*Ақерке Алтаевна ДЕМЕСИНОВА*

*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
докторанты  
(Қазақстан, Көкшетау қ.)*

### МИФТИК ЖӘНЕ НЕОМИФТИК КЕЙІПКЕРЛЕР

**Андатпа.** Мақалада фэнтези, мифология жөнінде ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге ала отырып, неомифологизм мәселелері қарастырылды. Мифологиялық сюжеттер мен образдар қазіргі фэнтези сюжетіне арқау болып, неомифтік сюжет пен образдардың шығуына тірек болғандығы жайлы ой түйінделді. Неомифтік сюжет пен образдар көрінісі көркем шығармада арқылы талданды.

**Тірек сөздер.** Фэнтези, мифтік әңгімелер, мифтік мотивтер мен сюжеттер, «неомифологизм» термині.

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы неомифологизма, исходя из выводов ученых о фэнтези, мифологии. Мифологические сюжеты и образы легли в основу современного фэнтезийного сюжета и послужили опорой для неомифического сюжета и происхождения образов. Неомифический сюжет и представление образов анализировались в художественном произведении.

**Ключевые слова.** Фэнтези, мифические истории, мифические мотивы и сюжеты, термин «неомифологизм».

**Abstract:** This article examines the issues of neomythologism based on scholars' ideas and concepts regarding fantasy and mythology. It concludes that mythological plots and images serve as the basis for contemporary fantasy stories, leading to the emergence of neomythic plots and images. The manifestation of neomythic plots and images is analyzed through the lens of artistic works.

**Keywords:** Fantasy, mythic stories, mythic motifs and plots, the term «neomythologism».



Фэнтези – ғылыми фантастика және әдеби ертегі жанларына жатпайтын, дербес әдеби жанр. Сонымен қатар фэнтезидің мифологиядан бастау алғанымен, одан да өз отауын тігіп, бөлек шығып кеткен әдеби жанр. Фэнтези – әдебиеттің дербес жанры ғана емес, тарих, философия, ұлттық құндылықтар, көркем фильмдер, анимациялық фильмдер, ойын-сауық индустриясын біріктіретін синкретті метажанр. Мифология – қоғамның ой-санасының тарихи тұрғыдан ең басында қалыптасқан формасы, діни, тәжірибелік, ғылыми, көркемдік ақыл-ой элементтерінің әлі ешқайсысының өз еншісін алып, бір-бірінен ажырай қоймаған кезіндегі дүниенің біртұтас суреттелуі. Неомифке қатысты қазіргі уақытта екі түрлі көзқарас қалыптасып, орныққан: бірінші, басымдық дәстүрлі мифке беріледі. Неомиф – дәстүрлі мифті қайта тірілтіп, бағзы замандардан бері ұмытыла бастаған мифологиялық құбылыстарды, оқиғаларды қазіргі заман оқырманының көз алдына алып келеді. Екінші, жазушының жеке ой-санасы шешуші орынға шығып, архетиптер мен авторлық мифологиялық ойлау қабілетінің нәтижесінде мифтің жаңа дербес нұсқасы қалыптасады.

«Неомифологизм» терминін зерттеуші Е.М.Мелетинский өткен ғасырдағы әдебиет пен мәдениеттегі ремифологизация процесін ашу үшін қолданған. Оның тұжырымдамасы бойынша ХХ ғасырдағы неомифологизмнің негізгі категориясы мифологиялық сипаттамалардың жаңаша нұсқауларының жаңа уақыттың бөліктеріне кіргізу болып табылады.

Неомифологизм феноменімен Е.В.Галанин, Е.М.Мелетинский, Я.В.Погребная, В.П.Руднев, Л.В.Яроменко сияқты зерттеушілер айналысқан. Бұл ғалымдар аталмыш категорияны түсіндіруде неомифологизмді мәтіннің көркемдік кеңістігіне ежелгі мифтік мотивтер мен сюжеттерді кіріктірудің құралы ретінде және көркемдік тілде мифологиялық характерге қосуды көздейді. Сондықтан да жазушылар мен ақындар өздерінің төл мифтік әлемдерімен образдарын жасаудың мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, ерекше туындылар туғызды.

Әдебиеттанушы ғалым Ш. Ыбыраев «Қазақтың мифтік әңгімелері» деген кітаптың алғы-сөзінде мифтік ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне тоқтала келіп, маңызды тұжырым жасаған. Мифтік ойлау жүйесінің басты ерекшелігі адам қоршаған ортаның ішінен өзін бөліп ала алмағандықтан, яғни ойлау дәрежесінде объект пен субъект, зат пен таңба, құбылыс пен оның атауы, жалқы мен жалпы, сөз бен белгі, мезгілдік және мекендік ұғымдар анық жіктелмегендіктен адам нақтылы категориялармен, заттар мен құбылыстардың негізінен сыртқы көріністерінен туындайтын сезімдік ұғымдармен ғана топшылаулар жасайды [1].

«Қазақтың мифтік кейіпкерлері» жинағын құрастырған ғалым С.Итеғұлова мифтің ерекшеліктеріне тоқталған. Миф – қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың жемісі. Мифтің бүгінгі күнге жеткен нұсқаларынан діни сенімнің, әлеуметтік оқиғалардың, ұрпақтарына айтылатын өсиет пен тәлім-тәрбиенің ізін байқауға болады. Ал мифтік кейіпкерлердің бойында кездесетін қайрат, жүйріктік, қырағылық немесе озбырлық, қаскүнемдік, аярлық арқылы адамзаттың көркем ойлау жүйесі ғана емес, өнеге-өсиеті де көрініс алады деп жазады [2].

Заманауи мәдениетте қалыптасқан неомиф болса қиял, елес әлемінің дербестігін бекітеді, дегенмен шынайы өмірдің жалғыз нұсқасы бола алмайды. Бірақ оған белгілі бір деңгейде әсерін тигізеді. Егер заманауи мифте «өтіп кеткен архаикалық (ілкі заман) идеялары мен <...> архаикалық мифтерді жаңғыртып қана қоймай, солардың ізімен жаңа мифтерді жасау» [3] жүзеге асса, неомифте бұлардың екі «бастауы» да бірігіп, астасып жатады, бір-бірімен тығыз байланыста және ықпалдастықта болады.

ХХ ғасырдың неомифологиялық туындысының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын неомифологизмнің қалыптасуы мен пайда болуының бірнеше жолдары бар. Неомифологизмнің пайда болуының бір ғана басым бағытын таңдаған кезде неомифологиялық мазмұнның бүкіл өне-бойына да өзгеріс дендеп енеді. Бірінші тәсіл бойынша басымдық дәстүрлі мифке беріледі. Бұл баламалы ететін қағиданың өзекті болуына алып келеді. Атап айтсақ, ситуативті аналогиялар (баламалар) немесе мифологиялық реминисценциялар (ілкі замандардың ықпалын жаңғырту) арқылы дәстүрлі мифті жаңа мазмұнмен астастыруға болады [4, 17].

Неомиф туралы негізгі еңбектердің қатарына А.Ф.Лосевтің «Диалектика мифа» (Миф диалектикасы), Р.Барттың «Мифология» жатады. А.Ф.Лосев «Диалектика мифа» (Миф диалектикасы) еңбегінде: «Өзінен өзі мифтік образда жоқ сонымен бірге өзінен-өзі әсем болатын затта жоқ. Мифтік образ өзінің жасалуымен, немесе басқалардың таным өлшемімен, бейнелеу

өлшемімен мифтік болып табылды. Заттың өзімен емес, заттардың бейнелеу тәсілімен мифтік» [5] – деген тұжырым айтады.

Көркем шығарманы туғызу процесінде арнайы және саналы түрде қолданылған мифологиялық сюжеттер, мифтер, образдар неомифологиялық тенденциялар, басқаша сөзбен айтқанда неомифологизммен байланысады. «Неомифологизм» ұғымын қарастырғанда «нео» жаңа деген мағына берсе «неомифологизм» жаңа мифология болып шығады.

Белгілі ғалым М.М. Бахтин неомифті оқу қағидасын төмендегідей қорытып шығарған: «... әрбір құбылыс бастапқы жаратылыс стихиясына батырылған» [6]. Неомиф пен архаикалық (ілкідегі) мифті біріктіру тәсілін жазушының миф жасаушы, «жаратушы» ретіндегі дербес шығармашылық бағыты деп бөліп қарауға болады. Мұндай жағдайда автор бейсана аясына бұрылып кетеді де, оқырманымен архетиптер тілінде сөйлеседі. Осы тұрғыдан келгенде, неомиф мифологиялық ойлаудың заңдылықтарына бағынғанымен, жаңа мазмұнды дүниеге әкеледі.

Бірінші тәсіл дәстүрлі мифті жаңаша оқуға мүмкіндік береді, ал екінші тәсіл дәстүрлі мифтің негізінде жаңа, дербес неомифтің қалыптасуына жол ашады. Оларды біріктірсе, мәтіннің неомифологиялық мазмұнын дүниеге әкеледі. Себебі екеуі де дәстүрлі миф пен оның жаңа мәнін салыстыруға және астастыруға бағытталған.

Қазіргі фэнтезиде жазушылар көркемдік дәстүрді жалғастыра отырып, жаңа мифология тудырып, неомифологиялық образдарды жасады. Атап айтар болсақ, Зира Наурызбай мен Л. Калаустың повестеріндегі неомифологиялық образдарға – Аспара, Жылан Бапы хан, Ақ жылан, Жезтырнақ, Самұрық құс, Қара аю Шахрух, Өге ата, Жек, Қорқыт, Тегеурін, Сарыүйек, Алтын шашты жылан әйел, Эхидна, Қодар, Ұлы шыңырау патшайым, Мұзбалақ, Қор Жұтпа Көклен ана, Күнбек, Қарға апа, Дархан, Шолпан, Саки, Шаршы, Қарынбос, Сыңараяқ, Әзілмайтын, Шибұт, Үлпілдек, Бармақ ата, Құндыз аю. Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтези сериясындағы неомифологиялық образдарға Шоко тұрғындары, шокиліктер, түздейімдектер, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» фэнтези хикаятындағы неомифологиялық образдарға – Әмина Тұран, Сандықтас құпия үңгірінің сақтаушысы әрі қорғаушылары апалы-сіңілі Айдаһар кемпір (Халида әже) мен Қарға кемпір (Хафиза), Қарға кемпірдің қыздары – Ақлима, Ақтамақ, Ақша күміс, Марал Бұлдун тайпаның Бұғы көсемі, Шааралқы дәу, Зерелгі-Жаалты дәу, Шойынқұлақ дәу, Шойынқара дәу, Тұрғынбай бақсы, Қамбар ата, Б. Болатханованың «Мейірбан жанарлар әлемінде» фэнтези әңгімесіндегі неомифологиялық образдарға – Дәу көз (Жанархан), мейірімді жанарлар елінің тұрғындары, А. Құрманбаеваның «Наушаһар хроникалары. Қантар жылуы» фэнтези-повесіндегі Наурыз ханшайым, Қар патшайым, Қар патшайымның көмекшісі Боран, Жанна Есқуаттың «Оралу» фэнтези-әңгімесіндегі көгілдір сәулелі жігіт.

Қазақ фэнтези жанрындағы көптеген шығармаларда ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі мифологиялық наным-түсініктердің сілемі көркемдік қабаттарды құрайды. Қазақ мифологиясында жын-пері, шайтан, диюлар мен адамдар арасындағы әртүрлі күрес-таргыстар, сонымен қатар Көлтаусар, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғарлардың әркетімен фэнтези сюжеттері шырығып өрбіп отырады. Қазіргі фэнтезиде тератологиялық кейіпкерлер түрлі түрленіске ие. Олар оқиға қақтығысын тудыруда, сюжет конфликтісін ұлғайтуда көркемдік қызмет атқарады. Көркем шығармадан дерек келтірер болсақ, Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі. Сұйық тәж» фэнтезиіндегі әжім басқан бетінде көздері жоқ, көздері саусақтарының ұшында орналасқан, он саусағында он көз бар Вайхн мыстан, «Шоко Әлем. Алоэна құпиясы» фэнтезиіндегі ескі сағыз үйде тұратын, өте сезімтал, алып сары жыланға айнала алатын Гагри шаман кемпір, «Шоко Әлем. Тылсым Элипсаһар» кітабында кезінде жақсы дәулер болған, бір-бірін ашуланғанда албасты дейтін, содан албасты келіп бастарын алып кеткен Тор дәулері, бастары бөлек дәулер, З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» фэнтези-повесіндегі сап-сары көздері шырақтай жанған, аузындағы қайқы қылыштай сорайған азулары, имек тұмсығы, тоз-тоз шоқпыты мен ұйысқан аппақ сабалақ шашты Мыстан кемпір, Зәуре Төреханның «Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхат» фэнтези- повесіндегі көгілдір айнакөлдін түпсіз тұңғиығында, Көк сарайда өмір сүретін өлмес Айдаһар кемпір, Зардамшима көрші ғаламшардан келген, қызылтәнді халықтың басшысы, зұлым Шойынқара дәу, зардахиш дәулері өте күрделі, қарама-қайшы, өркөкірек, бұғауға көнбейтін, дегенмен сан қырлы

мақұлықтар қасиетіне ие екі басты Темір-Қара дәу, А. Құрманбаевтың «Наушаһар хроникалары, Қаңтар жылуы» фэнтези-повесіндегі әр басқан қадамынан адам жаны түршігетін, бірақ балалармен достасып кететін Алып дәу, Ж. Зинелованың «Кербез мүйіз» фэнтези әңгімесіндегі Айыркөз дәу, Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтези-повесіндегі қара құйын болып соққан, денесі қал-қара түк басқан, екі қолы тізесіне түскен ұзын, жұп-жуан аяқтары қысқа, басы қазандай, ақшиған көздері, ақшиған тістері жарқ-жүрқ еткен, жаны қара шыбын Қара дию, құйрығы бар, шайтан тұқымдас пенде, жаны оң жақ бетіндегі түймедей қанталаған меңге жасырылған Зорман айдаһар, жер астының қожасы, үсті мүк басқан Ала шайтан – қазіргі қазақ фэнтезиіндегі тың ізденістердегі кейіпкерлер. Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтези хикаятында ертегідегі Көлтаусар әрекеті, Саққұлаққа тән қасиет Өлмес ханзадаға берілген, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» фэнтези-повесінде Таусоғар бейнесі Қарға кемпірдің үшінші қызы Ақтамақ арқылы көрінеді, «Гүл ағашы» фэнтези-повесінде Желаяқтың бейнесі Қарабек қимыл-әрекетінде байқалады.

«Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-ғажайып ертегілеріндегі, миф шежіресіндегі, скифтер мен сақтардың мифтері, ғұндардың мифологиясы, ежелгі түріктердің мифтері, қазақ мифологиясы, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы мифтер, табиғат құбылыстары жайындағы мифтер, ағаштар жайындағы мифтер, қанатты аттар жөнінде аңыздар, құстар жайындағы мифтердегі сюжеттер мен кейіпкерлер қазіргі фэнтезидің кемелденуіне ықпал-әсерін мол болды. «Аспандағы жұлдыздар мен жердегі асқар таулар жайындағы мифтер, жезтырнақ пен жалғыз көзді дәу туралы хикаялар, жер астындағы жылан елін аралаған Ер Төстік пен күн астындағы Күнікей сұлу жайындағы ертегілер қашанда кез-келген қазақ баласын қанаттандырып, тамсандырып, таңқалдырғаны аян» [7]. Академик С. Қасқабасов пікірі қазақ ауыз әдебиетінің аңыз, ертегі, хикаялары балалық шағынан қанына сіңіп, қиялын шарықтатқан, халықтық, фольклорлық, мифологиялық шығармалары фэнтези жанрында қалам тербеген қазақ жазушыларының қиялына, шығармашылығына әсер еткені анық. Және ғалымның бұл ғылыми ой-тұжырымы қазақ фэнтезиінің түп төркінімен, өркендеуімен сабақтасып жатыр.

Қорыта айтсақ, неомифологизм – неомиф семантикасын ашатын сипаттардың қосындысы. Неомиф – классикалық мифке балама ретінде жасалған авторлық миф, бүгінге өмірге қаратылған мифологиялық ойлау проекциясының нәтижесі.

#### Әдебиет

- 1 Қазақтың мифтік әңгімелері / құраст. Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева. – Алматы, 2002. – 320 б.
- 2 Қазақтың мифтік кейіпкерлері / құраст. С. Итеғұлова. – Астана, 2016. – 275 б.
- 3 Тертерян И.А. Человек мифотворящий: о литературе Испании, Португалии и Латинской Америки: сб. ст. – М., 1988. – 557 с.
- 4 Словарь философских терминов / под ред. В.Г. Кузнецова. – М.: ИНФРА-М, 2005. – 731 с.
- 5 Лосев А.Ф. Диалектика мифа. – М., 2024. – 448 с.
- 6 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 436 с.
- 7 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ «СЫРҒА ТОЛЫ ТҮР МЕН ТҮС» ЕҢБЕГІНДЕГІ «КӨК» ТҮСІНІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ТІЛДІК КӨРІНІСІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Әбдуәли Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегіндегі «көк» түсінің мақал-мәтелдердегі тілдік көрінісі сипатталатын болады. Адамның өмірінде түр мен түс үлкен маңызға ие, себебі ол оның дүниетанымының қалыптасуына, эмоциясына әсер етеді. Түркі халқы ежелден көк түсін киелі санаған, себебі ол аспанды білдірді. Көк Тәңірі, көктүрік, көкбөрі культі де осыдан шыққан. Ал қазіргі күнгі қазақ тілінде де көк түсіне байланысты көптеген фразеологизмдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар және мақал-мәтелдер бар. Мақалада көк түсінің мақал-мәтелдердегі тілдік көрінісі беріледі.

**Тірек сөздер:** Сырға толы түр мен түс, көк түс, мақал-мәтел, қазақ тілі.

**Аннотация.** В этой статье будет описано языковое выражение «голубого» цвета в пословицах и поговорках Абдуали Кайдара в его работе «Тайны форм и цвет». Вид и цвет имеют большое значение в жизни человека, так как влияют на формирование его мировоззрения, эмоций. Тюркский народ издавна считал голубой цвет священным, потому что он означал небо. Отсюда и культ Кок Тенгри, коктюрка, кокбюри. А в современном казахском языке много фразеологизмов, скороговорок, загадок и пословиц, связанных с этим цветом. В статье дается языковое выражение голубого цвета в пословицах и поговорках.

**Ключевые слова:** Тайны форм и цвет, голубой цвет, пословица и поговорка, казахский язык.

**Abstract.** This article will describe the linguistic expression of the “blue” color in the proverbs and sayings of Abduali Kaidar in his work «Secrets of Shapes and Color». Appearance and color are of great importance in a person’s life, as they influence the formation of his worldview and emotions. The Turkic people have long considered the blue color sacred because it meant the sky. Hence the cult of Kok Tengri, kokturk, kokburi. And in the modern Kazakh language there are many phraseological units, tongue twisters, riddles and proverbs associated with this color. The article gives the linguistic expression of the blue color in proverbs and sayings.

**Key words:** Secrets of shapes and color, blue color, proverb and saying, Kazakh language.

Академик Ә.Қайдардың қазақ (түрік) тіліндегі бір буынды түбір, негіздерді кең ауқымда зерттеген «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986) атты іргелі еңбегі түрік тіл біліміне үлкен жаңалық әкелді. Дүниежүзілік түркологияда үлкен серпіліс тудырды, әлемге белгілі түркологтар тарапынан аса жоғары бағаланды. Ғалымның бұл еңбегі әлемдік деңгейдегі түркологтар Э.В.Севортян, М.Рясенен, Дж.Клоусонның этимологиялық сөздіктерімен қатар тұратын кітап ретінде танылады.

Сонау 1972 жылы Кеңестер Одағы Жоғары аттестация комиссиясы тарапынан түркология саласындағы еңбектері бойынша «Түркі тілдерінің профессоры» атағын алған Ә.Қайдар түркологияға сіңірген еңбегінің арқасында әлемдік түркологияда үлкен беделге ие болды. Ә.Қайдардың ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі ғана емес, Башқұртстан Ғылым академиясының, Түркияның академия деңгейіндегі «Turk Dil kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті академигі, Кеңестер Одағы кезіндегі «Советская тюркология» журналының алқа мүшесі болуы да ғалымның түркология саласындағы абырой-атағын білдіреді [1].

Бұл мақалада Әбуәли Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегіндегі «көк» түсінің мақал-мәтелдердегі тілдік көрінісі сипатталатын болады. Жалпы еңбек туралы қысқаша айтып өтетін болсақ, адамның өмірінде түр мен түс ерекше орын алады себебі адамның көңіл-күйіне әсер етеді, дүниетанымын қалыптастырады. Кітапта түр-түстің физикалық сыры, өмірде, өндірісте, тіліміздегі қолданылуы кеңінен сөз болады.

Ал көк түсіне келер болсақ, бұл түс ертеден түркілердің мәдениетінде кейіннен түркі халықтарының ішінде ерекше орынға ие. Түркілердің наным-сеніміндегі Көк Тәңрі, көктүрік, көкбөрі қулықты бұның бәрі аспанды, көкті білдірді. Демек бұл дегеніміз, парсы тілінен «аспан» сөзі енгенге дейін түркілерде көк түсі «аспан» ұғымын білдірген. Бұл туралы Ө. Қайдар «Дәл бүгінге дейін бізге белгісіз жері; көк түс аспанға байланысты шықты ма, аспан (тәңірі) көк түске байланысты шықты ма деген мәселе. Алғашқы адамдар көк күмбезін оның түсіне қарап, «көк» деп атап кетуі қаншалықты заңды болса, керісінше, жер бетіндегі көк түсті заттардың бәрін аспан түсімен салыстыра отырып, жалпылама «көк» деген түр-түс атауын жасап алуы да мүмкін ғой.»,- деп жазады [2,38,39]. Осыған байланысты түр-түстердің символдық мәні туралы Ғ.Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», - деп жазады [3, 87].

Көк түсі түркілердің дүниетанымында, мифологиясында, әдебиетінде кездеседі. «Оғыз қаған» эпосы, «Көк бөрі» туралы аңыздар, «Шу» дастаны, «Түрейіш», «Көш» дастандары бұған мысал бола алады.

«Сырға толы түр мен түс» еңбегінде көк түсін орта толқынды түстердің (көк, көгілдір, күлгін көк) қатарына жатқызады. Және оған мындай түсініктеме береді: «адамның көз алдына суды, аспанды, қашықтықты, көктемді, сондай-ақ «пәктікті», «салқындықты» елестетеді» [4, 46].

Қазіргі қазақ тілінде «көк» сөзі жиі қолданылады. Көкбөрі, көктем, көктөбе, көкдолы, көк шықты, көкбет, көкмұз, көкаяз, көкбақа, көкмылжың, көкбазар, көкжиек, көк шұбар, көк ми, көк сүт, көк шалғын, көк майса, көк шыбық, көктерек, т.б.

Мұнда байқайтынымыз қазақ халқы үшін көк және жасыл түс бір секілді көрінеді. Мысалы, көк шықты - жер көгеріп шөп шыққанын білдіреді. Бұл туралы да Ө.Қайдар былай деп айтады: «Түркі тілдес халықтардың көпке дейін «синий», «голубой», «зеленый» деген үш түрлі негізгі түсті «көк» деген бір-ақ сөзбен атап келуі де, көктен жасылды, жасылдан көгілдірді, немесе көк жасылды ажырата алмай, дальтоник атанып келуі де, міне, осыған байланысты болса керек. «Көк қауынды жей берме, ішің ауырады» деп балаларын сақтандыратын қазақ қауынның түсі көк емес екендігін білмей айтып тұрған жоқ, үйреншікті әдет, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша айтып тұр. Бүгінде көк пен жасылдың өздерін ғана емес, оның барлық реңктері де анықтап айтуға мүмкіншілігіміз бар» [2, 39].

Көк түсі ежелден түркі халықтарында кездескендіктен қазіргі күні қазақ тілінде көк түсіне байланысты көптеген фразеологизмдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар және мақал - мәтелдер бар. Айтып өту керек бір жайт, көк түсі әрқашан позитивті жақта ғана емес, негативті тұрғыдан да қолданылады.

Мақал-мәтелдер – халық даналығы. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымы, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи да толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да молынан қамтиды [4,90].

«Көк» түске байланысты мақал-мәтелдер:

1. Көкпен жауын жауады,  
Шөптен жұпар тамады.
2. Сәуір болса, күн күркірер.  
Күн күркіресе, көк дүркірер.
3. Қамыстың шоғы болмас,  
Көк судың тоғы болмас
4. Аузына ақ ит кіріп, көк ит шығады
5. Көкке қарап түкірме, көзіне түсер көбігі.
6. Көбік қарда түлкі ойнар,  
Көк көрпеді жылқы ойнар.
7. Жаманның тілі ащы,  
Көк мияның гүлі ащы.
8. Көп ұнатса, көк тоқтыны сойыпал.



9. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе.

Ә. Қайдардың «Сырға толы түр мен түс» еңбегі әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Себебі, түр мен түс адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, себебі олар сезімдерімізді, эмоцияларымызды және әлеуметтік байланыстарымызды қалыптастыруда үлкен әсер етеді. Міне, түр мен түстің адам өміріндегі маңыздылығына қатысты бірнеше аспект:

1. Эмоциялық әсер. Түстер адамдардың көңіл-күйіне тікелей әсер етеді. Мысалы, қызыл түс қуаттылықты, ынтаны білдірсе, көк түс тыныштық пен сенімділікті білдіреді. Сары түс қуаныш пен оптимизмді оятады, ал қара түс кейде қайғы мен мұңды білдіреді.

2. Әлеуметтік байланыстар. Көптеген мәдениеттерде белгілі бір түстер әлеуметтік символизмге ие. Мысалы, ақ түс кейбір мәдениеттерде тазалық пен бейбітшілікті білдірсе, қызыл түс мерекелік және қуанышты сәттермен байланыстырылады.

3. Психологиялық әсер. Түстер адамның психологиялық жағдайына әсер ете алады. Мысалы, жылы түстер (қызыл, сары) энергияны арттырып, белсенділікті көтереді, ал салқын түстер (көк, жасыл) тыныштандырады.

4. Өнер мен шығармашылық. Өнер мен дизайнда түстердің үйлесімі шығармашылық процесте маңызды рөл атқарады. Олар көрерменнің назарын аударады және белгілі бір эмоцияларды тудырады.

5. Күнделікті өмір. Біздің күнделікті өмірімізде түстердің маңызы зор. Олар бізді қоршаған ортаны анықтауға көмектеседі, мысалы, жол белгілері, азық-түлік өнімдерінің таңбалануы және т.б.

Түр мен түс адамның өміріндегі маңызды элементтер болып табылады. Олар эмоцияларды, әлеуметтік байланыстарды және шығармашылықты қалыптастыруда рөл атқарады. Сондықтан түр мен түсті дұрыс қолдану адамның жалпы психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатына оң әсер етуі мүмкін.

Академик Ә.Қайдардың еңбектері мен оның ғылымға қосқан үлесі әрқашан өзекті болып қала бермек. Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді деген нақыл сөз бар. Расында да, Ә.Қайдардың ғалымдық ғұмырында қалдырған ғылыми мұрасы бұған дәлел болып отыр.

#### Әдебиет

1. Шойбеков Р. Ел жүгін көтерген қайраткер. Ана тілі, 14 қараша, 2024.
2. Қайдаров Ә. Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.- Алматы, 1992. -160 б.
3. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алматы, 1986.
4. Қайдаров Ә., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 95 б.

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ «ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ХАЛЫҚ?» ЕҢБЕГІНДЕГІ «ҮШ ЖҮЗДІҢ ШЫҒУ ТЕГІ»**

**Аңдатпа.** Ә.Қайдардың «Қазақ қандай халық?» еңбегіндегі «Үш жүздің шығу тегі» бөлімінде қазақ халқының этногенезінің негізгі аспектілері қарастырылған. Автор үш жүздің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) қалыптасу тарихын, олардың ру-тайпалық құрамын және осы бірлестіктердің пайда болу себептерін жан-жақты талдайды. Үш жүздің құрылуының тарихи-элеуметтік алғышарттары, саяси және мәдени ықпалына назар аударылып, бұл құбылыстың қазақ этносының қалыптасуындағы маңыздылығы айқындалады. Мақалада қазақ халқының этностық бірлігі ру-тайпалық бірлестіктердің (шежіре, аңыздар) негізінде сақталып келгендігі, олардың шығу тегін зерттеудің тек Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтары үшін маңызды екендігі көрсетілген. Үш жүздің шаруашылық, тұрмыс-салты мен мәдениеті ерекшеленгенімен, олар біртұтас этнографиялық жүйе ретінде танылды. Сонымен қатар, зерттеуде тарихи деректер мен шежірелер негізінде жүздердің таралу аймағы, тайпалардың құрамы мен олардың қазақ қоғамындағы рөлі жан-жақты талданады.

**Тірек сөздер:** Қазақ халқы, үш жүз, ру-тайпалық бірлестіктер, шежіре, қазақ халқы.

**Аннотация.** В разделе «Происхождение трёх жузов» труда Ә. Кайдара «Каким народом являются казахи?» рассматриваются основные аспекты этногенеза казахского народа. Автор подробно анализирует историю формирования трёх жузов (Старший, Средний и Младший жузы), их родо-племенной состав и причины возникновения этих объединений. Особое внимание уделяется историко-социальным предпосылкам их образования, а также политическому и культурному влиянию, подчёркивается их значимость в процессе становления казахской этнической идентичности. В статье отмечается, что этническое единство казахского народа сохранялось благодаря родоплеменным объединениям, отражённым в шежере и легендах, которые передавались из поколения в поколение. Исследование происхождения трёх жузов имеет значение не только для Казахстана, но и для народов всей Центральной Азии. Несмотря на различия в хозяйственной деятельности, культуре и быте, жузы признаются единым этнографическим образованием. Также в работе, основываясь на исторических данных и шежере, подробно рассматриваются территории расселения жузов, состав племён и их роль в казахском обществе.

**Ключевые слова:** Казахский народ, три жуза, родо-племенные объединения, шежере.

**Abstract.** In the section «Origin of the three zhuzes» of Ә. Kaidar «What kind of people are Kazakhs?» considers the main aspects of the ethnogenesis of the Kazakh people. The author analyzes in detail the history of the formation of the three zhuzes (Senior, Middle and Younger zhuzes), their tribal composition and the reasons for the emergence of these associations. Special attention is paid to the historical and social prerequisites of their formation, as well as political and cultural influence, emphasizing their importance in the process of formation of Kazakh ethnic identity. The article notes that the ethnic unity of the Kazakh people was preserved thanks to tribal associations reflected in shezhir and legends, which were passed on from generation to generation. The study of the origin of the three zhuzes is important not only for Kazakhstan, but also for the peoples of all Central Asia. Despite the differences in economic activity, culture and life, the zhuzes are recognized as a single ethnographic entity. Also, based on historical data and shezhira, the work examines in detail the territories of settlement of the zhuzes, the composition of the tribes and their role in Kazakh society.

**Keywords:** Kazakh people, three zhuzes, tribal associations, shezhire.

Қазақ халқының этностық негізі мен құрамын қалыптастырған үш жүз қауымдастығы, яғни ру-тайпа бірлестігі, болмыс, құбылыс бола тұрса да, оның қашан, қалай және қандай

тарихи-әлеуметтік себептермен пайда болғаны күні бүгінге дейін толық айқындалмай келеді.

Бүкіл түркі әлеміне белгілі болған бұл құбылыстың табиғатын түгел танып-білуге келгенде түркітанушы ғалымдар да өзінің дәрменсіздігін байқатып отыр. Бүгінге дейінгі бұл саладағы ізденістер мен айтылып келе жатқан ой-пікірлердің баршасы бірін-бірі қайталайтын, біріне-бірі карама-карсы, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын жоба-жорамал түрінде қалыптасқандығын көреміз.

Сөзіміз дәйекті болу үшін Жүз, Үш жүз туралы сан алуан пікірлердің бәрін болмаса да біразын төменде санамалап көрсетіп отырамыз.

«Қазақ» - өзінің ұзақ тарихи даму, этностық қалыптасу барысында, біртекті Де әртекті ру-тайпалар мен этностық топтарды ұйыстыру нәтижесінде монолитті біртұтас этносқа айналған халық. Оның іргетасы болып қаланған, этностық негізін қалыптастырған сан алуан ірілі-ұсақты аталықтар мен ру-тайпалардың ізі ел-жұрт тарихы бетінде тайға таңба басқандай айқын сақталса, халқымыздың жадында да солай айқын жағталуда. Халқымыздың ру-тайпа негізінде қалыптасу тарихы шежіре, аңыз-әңгіме түрінде атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра ретінде айтылып келеді және айтыла да бермекші. Өйткені бұл жоқтан бар еткен, ойлап тапқан құбылыс емес, қалай болса да, өз тарихымыз, халық болып қалыптасу жолында басып өткен этностық үрдісіміз.

Жүз – XV-XVI ғасырларда Қазақстан жерінде қалыптасқан ру-тайпалық бірлестіктер. «Жүз» атауы араб тілінде «белгілі бір тұтас нәрсенің бөлігі, саласы» деген ұғымды білдіреді. Қазақстанның табиғи ерекшеліктеріне, ондағы ежелгі заманнан бері мекендейтін көшпелі тайпалар мен рулардың шаруашылық және саяси жағдайларына байланысты «үш жүз» деп аталатын бірлестіктер пайда болды.

– Ұлы жүз бірлестігі Жетісу жерінде Шу және Талас, Сыр, Іле өзендерінің кең алқаптарында өте көне заманнан бері қалыптасқан.

– Орта жүз бірлестігі Сарыарқа атырабында Арғын тайпасының.

– Кіші жүз бірлестігі Батыс Қазақстанда Алшын тайпасының төңірегінде топтасқан.

Сондықтан да бұл бірлестіктерді халық арасында «Ұлы жүз – Үйсін», «Орта жүз Арғын», «Кіші жүз - Алшын» деп те атай береді. Жүздер бірлестігі көптеген түркі тілдес тайпалардың негізінде біртұтас қазақ халқының қалыптасуынан бұрынырақ пайда болған да, кейінірек сол халықтың жеке бөліктері есебінде бізге дейін жеткен. Мұндай ру-тайпалық бірлестіктердің шығуына олардың шаруашылық пен күнделікті күнкөріс жағдайы, сыртқы жаудан қорғану, жана жер, ел жаулау аумақтары күшті ықпал етті.

Шежіре деректері бойынша, Ұлы жүзге Сарыұйсін, Қаңлы, Дулат, Жалайыр, Албан, Суан, Шапырашты, Сіргелі, Ысты, Ошақты және Шанышқылы тайпалары; Орта жүзге Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ және Қоңырат тайпалары, Кіші жүзге Байұлы, Жетіру, Әлімұлы атты рулар бірлестігі кіреді. Жүздер бірлестігіне кіретін осы айтылған тайпалар мен рулардың әрқайсысының тек қазақ халқының ғана емес, көптеген Орта Азия халықтарының да шығу тегін зерттеуге себін тигізетін өзіндік көне тарихы, даму жолы бар. Әр жүз қалыптасқан уақыттан бергі мерзім ішінде олардың алғашқы мекендері біртіндеп кеңейе келіп, қазіргі Қазақстан жерінің белгілі атыраптарына тарайды...

Олардың шаруашылығында да, мәдениетінде де, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпында да кейбір өзгешеліктер байқалады. Бұлардың бірсыпырасы олармен ежелден жапсарлас қоныстанған басқа халықтармен ара-ласып, сіңісуі негізінде, дені атамекендерінің табиғи жағдайы мен шаруашылықтың даму дәрежесіне байланысты қалыптасқан» делінеді.

Қазақ халқының халық болып қалыптасуына байланысты этногенетикалық тарихының өзекті де күрделі мәселелерінің біріне Үш жүзге топтасқан сан алуан ру-тайпаларының келіп шығу тарихы, төркіні, құрамы мен оның қашан, қалай қалыптасқандығы жатады. Бұл – қазақ халқының бітім-болмысын, табиғатын танып-білу, оның этностық тарихын білумен астарлас, бір-біріне байланысты деген сөз

Ұлы жүз – қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі. Жері жап-саралас, әдет-ғұрпы, тірлігі ұқсас әрі тұстас Жетісу тайпаларының бір бірлестігінің қалыптасуы ондаған жылдарға созылды...

«Ұлы жүз құрамына енген тайпалардың халықтың өзі «Ұлы жүз - Үйсін» деп атандырған,

оның құрамына: *жалайыр, албан, суан, дулат, сарыүйсін, сіргелі, ысты, ошақты, жаныс, шапырашты, шанышқылы, және қаңлы тайпалапы* енеді»

XVII ғасырда Ұлы жүз өзге қазақ жүздері (Орта жүз, Кіші жүз) сияқты жеке хандық болып саналды. Үш жүз бірлестігінің арасында саяси және экономикалық берік байланыс орнамады. Оның жерінде көптеген тарихи оқиғалар болғандығы, хандықтар құрылып, басқару жүйесінің өзгеріп отырғандығы баяндалды. «Ұлы жүз – қазақ халқының құрамына енген бір топ ру-тайпаның басын құраушы этностық одақтың үлкені болып саналады. Ұлы жүз құрамына: Жалайыр, Албан, Суан, Қаңлы және Үйсін рулары енеді. Олардың әрқайсысы өз алдына бірнеше ру тармақтарына, таптарға, аталарға бөлінеді. Ұлы жүздің өз алдына ұраны мен таңбасы жоқ. Соған қарағанда үш жүздің үшеуі де рулардың басын біріктіріп, қосып тұратын, сол рулардың өздерінен әлдеқайда кейін пайда болған этнографиялық бірлестік болып саналады.

Орта жүз – қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі. XV ғасырда дербес Қазақ хандығы құрылғанымен, оның ішінде феодалдық талас-тартыстардың салдарынан Қазақстан жерінің саяси-экономикалық жағдайына байланысты XVI ғасырдың басында Орта жүз қалыптасты. Орта жүз құрамына *Арғын, Қытшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ* тайпалары кірді.

Бұл тайпалар өз ішінде руларға бөлінеді. Арғын руы өз ішінде екі үлкен атадан тұрады: *Бес мейрам және Жеті момын*; Найман руы өз ішінде төрт үлкен атадан тұрады; *Төлегетай бабадан, Сүгірші, Терістамғалы, Сарыжомарт*; Қоңырат: *Көтеніші, Көктіңұлы*; Керей: *Тұрғақ, Абақ, Ашамайлы*; Уақ: *Сармаған, Шоға, Ереші, Байназар, Баржақы, Жансары, Шәйкөз, Бидалы*.

«Орта жүз – алты арыс», «Орта жүз – жеті арыс» деген де қолданыс бар. Оның біріншісі Орта жүздің арғын, найман, керей, қытшақ, қоңырат, уақ тайпаларынан тұратынын білдірсе, екіншісі бұл құрамға нокта аға саналатын таракты тайпасынан қосылатындығын білдіреді.

Кіші жүз – ноғай ордасына бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Сондықтан да Кіші жүз қазақтарының ел арасында «Кіші жүз – Алшын» атандырған. Оның құрамына **12 ата Байұлы** (*Адай, Алиын, Жапнас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Ысық, Қызылқұрт, Шекеш*); **Жетіру** (*Табын, Тама, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Төлеу, Рамадан*); **6 ата Әлімұлы** (*Қаракесек, Қарасақал, Төртқара, Кете, Шөмекей, Шекті*).

«Ұлы жүз – Үйсін», «Орта жүз – Арғын», сияқты «Кіші жүз – Алшын» да басқа ру-тайпалардың бірігіп, бір одақ болуына ұйытқы болған, көсемдік жасаушы, «арыс» деп аталынған басты тайпаның қатарында қалыптасқан тайпа – Алшын.

Алшын – Кіші жүз құрамындағы Байұлы, Жетіру, Әлімұлы сияқты үлкен рулардың негізі болған тайпа.

Қазақ халқының этногенезін түсіну үшін үш жүздің пайда болуы мен дамуының тарихи ерекшеліктерін зерттеу маңызды. Жүздердің құрылымы мен олардың ру-тайпалық құрамы тек қазақ халқының ғана емес, Орталық Азиядағы этникалық процестердің дамуына үлкен әсер етті. Мақала қазақ жүздерінің әлеуметтік, саяси және экономикалық рөліне талдау жасап, шежіре мен тарихи деректерді этнология мен тарих тұрғысынан зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Бұл зерттеу қазақ халқының тарихи қалыптасу жолындағы жаңа көзқарастарды ашуға көмектеседі.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.
2. Аманжолов С.
3. Шежіре// Ана тілі. 1991
4. Арғынбаев Х. Ұлы жүздің шежіресі// Қазақ шежіресі хақында – Алматы Атамұра, 2000. 17-18-бб.

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ «ҚАЗАҚ ҚАНДАЙ ХАЛЫҚ?» ЕҢБЕГІНДЕГІ «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИНІҢ СЕМАНТИКАСЫ**

**Андатпа.** Қазақ халқы туралы алғашқы еңбек жазылып, тарихы қағаз бетіне түскен мезеттен бастап, әр саланың мамандары халқымыздың қайдан, қашан келгені жайлы ойлана бастады. Бұл «Қазақ қандай халық?» деген занды сұраққа алып келді. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін этносымыздың тарихына қызығушылық жүздеген есе арта түсті. Ә.Қайдардың «Қазақ қандай халық?» еңбегі осы сауалға берілген жауаптарды бір кітапқа біріктіріп, керекті қорытындыға әкелетін алғашқы қадамды жасады. Еңбекте А.Н.Бернштам, С.К.Ибрагимов, В.П.Юдин, М. Хайдар Дулати сияқты ғалымдардың тұжырымдарын жинақтап ұсынылған. Мақалада академик Ә.Қайдардың еңбегінде жинақталған ой-пікірлердің негізінде қазақ этнонимінің семантикасы талданды.

**Тірек сөздер:** Ә.Қайдар, қазақ, этноним, семантика, этимология.

**Аннотация.** С того момента, как был написан первый труд о казахском народе и его истории, исследователи начали рассуждать этимологию и семантику этнонима «казах». В настоящее время число интересующихся историей нашего этноса выросло в сотни раз. Труд А. Кайдара «Қазақ қандай халық» сделал первый шаг к нужному выводу, объединив все ответы на вопрос о происхождении казахского народа в одну книгу. В работе приведены теории таких ученых, как А.Н.Бернштам, С.К.Ибрагимов, В.П.Юдин, М.Хайдар Дулати. В статье проанализирована семантика этнонима «казах» на основе размышлений, собранных в работе академика А.Кайдара.

**Ключевые слова:** А.Кайдар, казах, этноним, семантика, этимология.

**Abstract.** From the moment the first work on the Kazakh people and its history was written, researchers began to discuss the etymology and semantics of the ethnonym «Kazakh». Currently, the number of people interested in the history of our people has grown. A. Kaidar took the first step to the making the conclusion, combining all the answers to the question of the origin of the Kazakh people into one book. The book presents the theories of such researchers as A.N.Bernstam, S.K. Ibragimov, V.P. Yudin, M. Haidar Dulati. The article analyzes the semantics of the ethnonym “Kazakh” based on the theories collected in the work of academician A. Kaidar.

**Keywords:** A.Kaidar, Kazakh, ethnonym, semantics, etymology.

Бір халықтың тарихы, шығу тегі, түп төркіні туралы мәлімет алу үшін, оның этнонимін зерттеп, мәнін ұғыну қажет. Этноним – кез келген этносты белгілеу үшін қолданылатын номен [2, 167]. А.И. Левшиннің қазақ халқы туралы еңбегі жарық көргеннен кейін, «Қазақ» этнонимінің шығу тегі туралы В. Вамбери, Рамстедт, Н.И. Веселовский, В.В. Бартольд, В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Радлов, А. Самойлович сияқты ғалымдардың көптеген пікірлері жариялана бастады. С.К. Ибрагимов өзінің «Еще раз о термине «Казак» мақаласында зерттеушілердің бұл сөздің этимологиясы туралы ортақ пікірге келе алмағандығымен, оның мағынасына келгенде көпшіліктің бір тұжырымға – “қазақ” сөзінің “еркін, бос; баспанасыз, қашқын” деген мағынаны беретініне келіскенін жазады [3]. Белгілі академик ғалым Ә.Қайдар “Қазақ” этнонимінің қалай, қашан шыққандығы туралы 150 шақты этимологиялық, этнолингвистикалық жорамалдарды өзінің “Қазақ қандай халық” еңбегінде жинады. Ғалымның бұл кітапты жазу мақсаты – қазақ халқының егеменді ел ретінде дамуы үшін маңызды ұлттық идеяны қалыптастыру. Монография қазақтың этностық болмысын сақтау мақсатында “Қазақ қандай халық?” сауалына жауап іздейді.



Осы күнге дейін бұл сауалға сансыз жауап жиналса да, бәрі қанағаттандырарлық емес, сол себепті «қазақ» терминін зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бұл еңбекте қысқа, әрі нұсқа түрде берілген. Академик еңбегінде қазақ ғылыми қауымының бұл сұраққа жауап беруге дайын еместігін қынжыла жазып кетті. Бұл сауалдың төңірегінде айтылған, жазылған пікірлердің бәрі шашыраңқы, жорамалдарға негізделген, дұрыс жауаптан әлі де алыстау екендігі шындық. Ә. Қайдар айтып кеткен бұл дұрыс жауапты табу үшін қазір қолымызда бар барша мәліметтерді салыстыра отырып, жан-жақты ойланған, ғылыми негізді, білікті де білгір қауымның зердесінде сараланған, шындықтың шынайы өзі саналатын жауапты беруіміз қажет [Қайдар, 2008:3] Академик: «Қолдарыңыздағы кітапта біз өз пікірімізді алға тартудан гөрі, сан сала бұлақтардан жинақталып, топтастырылған “қазақ” туралы мол мағлұматтардың өздерін сөйлетуге тырыстық, олардың дұрыс-бұрыстығын оқырман қауымының өздеріне сынатуды, таразы басына салып, салыстыра-салғастыра отырып төрелігін айту еркін өздеріне қалдыруды жөн көрдік»,- деп бұл тапсырманы бізге жүктеп отыр [1, 5].

Ә.Қайдар еңбегінде С.К.Ибрагимов, В.П.Юдин, М. Хайдар Дулати сияқты ғалымдардың тұжырымдарын жинақтап ұсынды. Кітапта берілген “Қазақ” этнонимінің шығу тегі туралы ойлардың басым көпшілігі қазақ сөзінің “еркін, қашқын, бос” мағыналарын беріп, “өзбек” атауымен байланыстырылатынын немесе ертеректен бастау алып, “сақ” атауынан шыққандығын айтады. С.К.Ибрагимов, В.П.Юдин, М. Хайдар Дулати, А.Н.Бернштам сияқты атакты ғалымдар бір кездері өзбек-қазақ атаулары арасында байланыстың болғанын алға тартқан. Кезінде өзбектер мен қазақ тайпалары бірге өмір сүрген тұста, бөлініп шығып, Қазақ хандығын құраған тайпалар “өзбек-қазақ”, яғни “қашқын өзбектер” деп аталып кетеді. Кейін ол қазақ атауына қысқарған. С.К.Ибрагимов XVI ғ. алғашқы ширегіндегі “қазақ” пен “өзбек” терминін өзара салыстырып, “өзбек-қазақ” атауының этностық ерекшеліксіз қолданылғанын, “қазақ” сөзі тұрақты этностық мағынаға ие болмағанын айтады. (378) Қазақтың “қашқын, қашақ” мағыналарын беретінін дәлелдейтін көне этимология туралы П.Пеллио, В.П.Юдин сияқты ғалымдардың пікірлерінен біле аламыз. Қазақ атауының \*қаз түбірі қаш-/қач- етістігінен шығу ықтималдығы туралы Ш. Уәлихановтың да пікірі берілген. В.В.Вельяминов-Зернов Орта Азияда өз тайпалық одақтарынан бөлініп шығып, жаңа одақ құрған қашқындар туралы жазады. В.В.Бартольд қазақтардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Шығысқа кеткен көшпелілердің алғашында «қарақшылар мен аламан» аталғанын, кейін бұл атаудың халық атауына айналғанын жазады.

Белгілі тарихшы ғалым А.Н.Бернштам Каспий теңізінің жағалауларын мекендеген қас және сақ тайпаларының атауларынан қазақ этнонимінің шыққандығы туралы пікір білдіреді. Академик Ә.Қайдар өз еңбегінде қазақ және сақ атауларын байланыстыратын ғалымдардың пікірлерін жинады. Қ.А.Ақышев пен Г.А.Каушев аталған сөздің екі бөліктен, қас және сақ, тұратынын айтып, олардың нағыз сақ, сақ тайпаларының бірлестігі мағынасын беретінін дәлелдейді. Бұл пікірді Б.Кенжебаев, З.Санық т.б. ғалымдар да қолдайды. О.Бекжанүбірі, Ә.Қоңыратбаев сияқты ғалымдар “Қазақ” оғыз және сақ тайпа атауларының қосарлануынан қалыптасқанын айтады. Зейнолла Санық Хас сақтардың қазақтардың ата-бабасы деген пікірді ұстанып, қазақтардың өз атауын жажүрек сақтардан алғаны туралы пікір білдірген. Әбілбек Нұрмағамбетов парсылар түрік халқын сақ деп атауына сүйеніп, қазақ сөзінің бірінші бөлігі парсының қоспасыз таза – қас, екінші бөлігі сақ, яғни түрік, мағыналарынан тұратынын алға тартты. Қытай жылнамаларында да «қазақ» атауының бұндай төркіні кездеседі екен. Ондағы «хассақ» сөзі, ха – “нағыз” және сақ, қазақ атауының баламасы.

Әбдірахманов А. «қазақ» атауының құрамындағы «ақ» тұлғасының «ру, тайпа» мағынасын беретін оқ немесе оғ сөзінен шыққандығын айтады. Бұл тұлғаны Орхон ескерткіштерінде кездесетін онок, үшоқ тайпаларының атауларында да байқауға болады.

Репатриант-қазақ балалары – өз алды этникалық қазақтар әрі әлеуметтік топ. Репатриант-қазақ балаларының тілдік бейімделу үдерісінің бастамасы, барысы және нәтижесі бірдей емес. Әдетте олар қазақ тілінде оқытатын мектептерде білім алады. Қазақ тілінде еркін сөйлейтіндердің басымдығы тарихи жеріне келгенде қазақ тілінде оқу және жазу дағдылары қалыптаспағаны мәлім. Бұл репатриант-қазақтардың тұрған елдерінде оқыған графикалық жүйелердің әр түрлі болуына байланысты болып отыр.

Байырғы бай, асыл қазақ тілінің қаймағын бұзбай қайтадан өзімізге әкелген репатриант-қазақтардың қауымы Қазақстан қоғамына бірден сіңісіп кете алмай жатса, екіншіден олардың орыс/қазақ тілін жетік білмегендіктен тілдік, психологиялық кедергілерді байқаймыз.

Тілдік кедергі – жеке адамның тілді білмеуіне, жеткіліксіз меңгеруіне байланысты толыққанды қарым-қатынас жасауға кедергі; көпэтникалық мемлекетте екі немесе бірнеше тілдердің қолданылуынан туындайтын (ішкімемлекеттік тілдік кедергі); әлемдегі тілдік саналуандықтың болуына байланысты кедергі (жаһандық тілдік кедергі) [3].

Әртүрлі себептерге байланысты тілдік кедергі болады. Қазақстанда, Ресейде, кейбір ТМД елдерінде кирилл әліпбиі, Түркияда, Батыс Еуропада латын әліпбиі болса, ал Қытайда, Иранда, Пәкістанда ежелгі қазақ әліпбиі (араб алфавитіне негізделген немесе «төте жазу») қолданылады. Түркиядан, Қытайдан, Ираннан, Пәкістаннан келген қазақ тілін білетін репатриант-қазақ балалары кирилл әліпби жүйесін білмегендіктен не жаза, не оқи алмай алмайды.

Репатрианттар мен бірге, қазақ тілі ғана емес, ата-баба салты, әлемдік өмір, ақпарат, тәжірибе көшіп келіп жатыр. Этникалық қазақтардың жат елде жинаған, игерген мәдени құндылықтары да бізге қажет. Қытайдағы қазақ қытай халқынан, Монғолиядағы қазақ моңғолдан, Ирандағы қазақ ираннан үйренген білімі – байлық, дереккөз әрі қазына.

Шет елдерден оралғанда біздегі кириллицаны толық танымағандықтан, оларға оқу, жазу қиынға соғып, себебінен қажетті ақпараттар мен мәліметтерді ала алмайды [4].

Дүниенің жан-жағына шашырай қоныстанғанымен, оны әрқашан біріктіретін – тек тіл ғана екені белгілі. Репатриант-қазақтардың тілін, тілдік құзыреттілігін зерттеу маңызды бір мәселе.

«Тіл – әрқашан білгілі бір этностық генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты», – дейді академик Ә.Қайдар [5].

Әлеуметтік тіл білімін зерттеуші Б.Хасанов шет елдерде шоғырланған қазақтардың тілін, өмірін зерттеу қазақ тіл білімі үшін ғана емес, дүниежүзі әлеуметтік лингвистикасы үшін мәні зор екенін айта келе былай дейді: «Әлемнің әр жерінде қоныс тепкен қазақтың «қазақ» болып қалуының бірден-бір күәсі – оның сақталған тілі. Бұған дәлел сол – оның ана тілінің көптеген елдерде қазақ өмірінің негізгі төрт саласында, атап айтқанда: тұрмыста, қоғамдық өмір мен көркем шығармашылық, ауыз әдебиеті саласында тиянақты қолданылуы. Демек, қазақ шоғырына байланысты зерттеудің бір бастауы – тіл». Хасанов Б. өз ойын өрбіте келе, қазақ шығармаларының тілдік жағдайын зерттеудің түрлі қажеттілігін атай отырып, былай дейді: «Біріншіден бұл зерттеу этнос өз ортасынан тыс жерде, өзге тілдік ортада өз тілін қалай сақтап дамыта алады?» деген дүниежүзілік көкейтесті мәселенің шешілуіне өз үлесін қосады [6].

Ж.Есказинаның пікірінше елімізге осы уақытқа дейін оралған егде жастағы репатриант-қазақтар қазақ тілін жиі, ал кейінгі екінші буынғы репатрианттар орыс немесе өзге тілдерді жиі пайдаланатынын айтады. Жасы ұлғайған адамдарға қарағанда жас ұрпақ тілге тез бейімделетінін байқаймыз [7].

Мустайоки Арто, өз отанындағы репатрианттардың сөйлеу әрекетінің коммуникативті шарттарын анықтайтын, ана тілінің сақталуына және басқа тілдерді үйренгенде көмектесетін немесе кедергі жасайтын тіл саясатының жалпы негіздерін белгілейтін факторлар деп, тілдік ландшафт, психологиялық климат, заңнама және мектеп жүйесін атап өтеді [8].

Қоғамдағы этнодемографиялық өзгерістер мен жаңа құндылықтарға бағытталған жас буынның тілдік жағдайдың қалыптасуына ықпал етті. Мемлекеттік тіл саясаты қазақ тілінің әлеуметтік қызметі мен әлеуметтік коммуникативтік рөлді дамыту арқылы жалпы қолданыс аясын кеңейтуге бағытталды. Тіл дамыту бағдарламалары қазақ тілінің тек тұрмыста ғана емес, сондай-ақ бизнес кеңістігінде, қаржы, білім беру және ғылым, тағы басқа кеңінен қолдану беделін көздеді.

Егер үйренушінің тілдік базалық білімінде қиындықтар болса, онда ол қазақ және орыс тілдерін уақытша шетел тілі деп есептеп, шетел тілі ретінде үйрету қажет. Ең басты қиындық – орыс тілін үйрену. Орыс тілін қазақ тілімен қатар кеңінен қолдану өзекті қылады. Этникалық қазақ болып табылатын репатриант-қазақ балалары да қазақ тілінде оқытатын және де орыс тілді мектептерде білім алуда. Олар да тілдік мәселелерге тап болуда. Жоғарыда айтқандай бірінші тілдік кедергіні қазақ тілін толық білмеуі – қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы оқулықтың жоқтығы. Сондай-ақ, балалардың тілдік құзыретін, қазақ тілін тіл аралық қарым-қатынас ретінде дамытуға арттыру керек. Орыс тілді оқырманға бейімделген қазақ тіліндегі әдебиеттің болмауы да үлкен мәселе. Репатриант – қазақ балаларының орыс тілін үйренуі негізгі қиындық болып табылады.

Репатриант-қазақ оқушыларының психоәлеуметтік есенгіреу себептерінің бірі тілдік және мәдени беймәлім мінез-құлық үлгілерімен байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастарда бөтен адамның әрекеттерін дұрыс түсінбеу жиі кездеседі, бұл жағдайларда баланың мінез-құлқы түсініксіз немесе “күлкілі” болып қабылдануы мүмкін, тіпті кейде толық қабылданбауы да ықтимал. Мұндай жағдайлар оқушылардың әлеуметтену процесіне теріс әсер етуі мүмкін, сондықтан әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету ерекше маңызды. Қолдау – бұл тұлғаның өмірдегі әртүрлі қиындықтарды жеңіп, тиімді шешімдер қабылдауына ықпал ететін әдіс.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау процесінде баланың ата-анасы, мұғалімдері және қоршаған ортасы маңызды рөл атқарады. Әрбір нақты жағдай бойынша, осы қолдау көрсетуші тараптар баланың әлеуметтенуіне және психологиялық бейімделуіне оңтайлы жағдай жасау үшін маңызды қадамдар жасайды [9].

Репатриант балаларды қоғамдағы әлеуметтік мәселелері бар топ ретінде қарастыруға болады, себебі оларға әлеуметтік қызметтер мен білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізу көбінесе қиынға соғады. Осы тұрғыда білім беру ортасы репатрианттар үшін қолжетімді, бұқаралық және демократиялық болуы тиіс, әрі олардың бейімделуіне қажетті қолдау көрсетуі керек.

Репатриант балалармен жұмыс істеудегі басты міндет – олардың жалпы мәдени ортаға енуінің әртүрлі деңгейлерін ескере отырып, тиімді интеграциясын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл процесс репатрианттардың білім алу мен әлеуметтік ортаға бейімделуін оңтайландыруға бағытталған шараларды қамтиды. Интеграция – тек білім беру аясында ғана емес, сонымен қатар олардың қоғамдағы әлеуметтік байланыстарын орнатуда да маңызды рөл атқарады.

#### Әдебиет

1. [https://kopilkaurokov.ru/psihologu/prochee/riekomiendatsii\\_roditeliyam\\_uchienika\\_riepatrianta\\_oralmana\\_po\\_uspieshnoi\\_shkol\\_](https://kopilkaurokov.ru/psihologu/prochee/riekomiendatsii_roditeliyam_uchienika_riepatrianta_oralmana_po_uspieshnoi_shkol_)
2. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 250 б.
3. Сүлейменова Ә.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. 2-басылым, өңделген. – Алматы: Арман ПБ, 2020. – 283 б.
4. Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 214 б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992. – 250 б.
7. Есказинова Ж.А. Мектеп білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында оралман-балаларды қостілді оқытудың дидактикалық негіздері: философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – 56 б.
8. Мустайоки А. Методы исследования языка диаспоры, Язык, культура, диаспора: казахи Европы. Коллективная монография. – Кокшетау: Изд-во КГУ им. Ш. Уалиханова, 2014. – 167 б.
9. Слюсарева Е.С. Комплексное сопровождение субъектов инклюзивного образовательного процесса: из опыта экспериментальной работы // Журнал Вестник Университета (ГУУ). – М., №6. – 295 б.



*Салтанат АЙТХОЖАЕВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*докторанты*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

*Ақтолқын ТУРЕХАНОВА*  
*Шардара ауданы білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері*  
*(Қазақстан, Шардара ауданы)*

## АС ӨЗІРЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

**Андатпа.** Мақалада ас әзірлеу етістіктерінің прагмалингвистикалық сипаты зерттеледі. Мақалада пісіру, қуыру, қайнату, араластыру сияқты етістіктердің мағынасы, олардың ас әзірлеу үдерісіндегі қолданылуы және әрбір етістіктің әлеуметтік, мәдени, психологиялық мәнмәтінде қалай интерпретацияланатыны талданады. Ас әзірлеу етістіктері тілдің прагматикалық және мәдени қырларын аша отырып, қоғамдағы тағам дайындау дәстүрлерінің өзара байланысын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** прагмалингвистика, семантика, аспаздық дискурс, етістік, тілдік прагматика, семантикалық құрылым, прагматикалық мағына.

**Аннотация.** В статье исследуется прагмалингвистическая характеристика глаголов, связанных с приготовлением пищи. Рассматриваются значения таких глаголов, как «готовить», «жарить», «варить», «смешивать», их использование в процессе приготовления пищи и то, как каждый глагол интерпретируется в социальном, культурном и психологическом контексте. Глаголы приготовления пищи, раскрывающая прагматические и культурные аспекты языка, демонстрируют взаимосвязь традиций приготовления пищи в обществе.

**Ключевые слова:** прагмалингвистика, семантика, кулинарный дискурс, глагол, языковая прагматика, семантическая структура, прагматическое значение.

**Abstract.** The article examines the pragmlinguistic characteristics of verbs related to cooking. Special attention is given to the analysis of the meanings of verbs such as “to cook”, “to fry”, “to boil”, “to mix”, their usage in the cooking process, as well as the interpretation of each verb in social, cultural, and psychological contexts. The study reveals the pragmatic and cultural aspects of cooking-related verbs and demonstrates the interconnectedness of food preparation traditions in society.

**Keywords:** pragmlinguistics, semantics, culinary discourse, verb, linguistic pragmatics, semantic structure, pragmatic meaning.

Тіл – бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сондай-ақ әрбір халықтың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Әсіресе, әртүрлі халықтардың ас әзірлеу дәстүрлері мен тағам дайындау тәсілдері тілде өзіндік із қалдырады. Бұл мақалада ас әзірлеу етістіктерінің прагмалингвистикалық семантикасын, яғни олардың тілдегі мәні мен қоғамдағы қолданылуын тереңірек қарастырамыз. Ас әзірлеу етістіктерінің көп қырлы табиғатын, олардың семантикалық қасиеттерін және олардың қолданылуын реттейтін прагматикалық қағидағтарын қарастыру – басты мақсат. *Қуыру, пісіру, қайнату, тұрау, асу, бұқтыру, тұздау* сияқты етістіктерді талдай отырып, аспаздық дискурста осы терминдерге жататын мағыналардың қабаттарын аша аламыз. Тілдің аспаздық тәжірибеге қалай әсер ететінін жан-жақты түсіну арқылы біз тағам дайындау етістіктері ас үйдегі тиімді қарым-қатынастың да, аспаздық өнерді тереңірек түсінудің де ажырамас бөлігі екенін көрсетуге тырысамыз.

Прагмалингвистика – тіл мен оның қолданушысы арасындағы өзара әрекетті зерттейтін тіл білімінің саласы. Ол тілдің қолданылуын, сөйлеу мақсатын, коммуникативтік жағдайды, сөйлеушінің инициалды және қолданысқа бағытталған ниетін және сөйлеудің нәтижесін зерттейді. Прагмалингвистикалық семантика деп тілдің мағыналары мен олардың прагматикалық мәнмәтінде қалай ашылатынын зерттеуді айтады. Бұл семантика құрылымында сөздің негізгі, қосымша және метафоралық мағыналары, мәнмәтіндік өзгерістері қарастырылады. Яғни, тілдің мағынасы тек сөздің лексикалық анықтамасымен шектелмейді, ол сол сөздің қолданылуы

мәнмәтініне, сөйлеушінің мақсат-міндетіне, қоғамдық және мәдени жағдайларға да байланысты болады.

Ас әзірлеу және тамақ дайындауға қатысты етістіктерді зерттеу –тіл біліміндегі ерекше бағыттардың бірі, бұл сала негізінен этнолингвистика семантика және прагматика тұрғысынан қарастырылады. Ас әзірлеу етістіктері туралы қазақ тіл білімінде бірнеше ғалымдардың зерттеулерін кездестіруге болады. Олардың арасында А.Қайдар, С.Аманжолов, С.Қасқабасов, Т.Қордабаев сынды ғалымдар бар.

Ас әзірлеу етістіктері – тілдің прагматикалық және мәдени жағына қатысты маңызды лексикалық бірліктер болып табылады. Олар ас әзірлеу мен тағам дайындау іс-әрекетін білдіреді, бірақ бұл етістіктердің қолданылуы тек практикалық міндеттермен шектелмейді, сондай-ақ мәдени, әлеуметтік және психологиялық мәнмәтіндерде түрлі мағына мен мәнге ие болады. Ас әзірлеу етістіктерінің прагматикалық семантикасы олардың тілдегі мағыналарын мәдени және әлеуметтік жағдайлармен байланыстырғанда айқындалады.

Ас әзірлеу етістіктерінің басты мағынасы тағам дайындау әрекетімен байланысты. Мысалы, «*пісіру*», «*қуыру*», «*араластыру*» сияқты сөздер ас әзірлеудің белгілі бір түрлерін білдіреді. Бұл етістіктердің прагматикалық мағынасы кең, өйткені олар тек тағам дайындау әрекетін емес, оның жүзеге асырылуының әдіс-тәсілдерін сипаттайды. Бұл қолданымдардың прагматикалық мәні өте айқын, өйткені олар белгілі бір әрекеттің нақты жүзеге асырылуын білдіреді.

Мысалы: «*Пісіру*» етістігі тағамды сұйық күйде немесе бу арқылы қыздырып, дайын күйге келтіру әрекетін білдіреді. Бұл етістік ас әзірлеу барысында кеңінен қолданылады.

Мысал:

- «Мен сорпа пісіремін»

- «Біз күріш пісіріп жатырмыз»

Тілдік талдау жасайтын болсақ:

- Мағынасы: «*Пісіру*» етістігі тағамды сұйықтықта немесе бу арқылы қыздыруды білдіреді.

Оның мәні тағамның қайнауы немесе ұзағырақ уақыт бойы дайындалып, жұмсартылуын қамтиды.

- Семантикалық компоненттер:

Негізгі іс-әрекет: *пісіру*, тағамды дайындау.

Құрал: ыдыс, қазан.

Материал: су, ет, күріш.

Үдеріс: тағамды қыздыру, қайнату.

Нәтиже: дайын сорпа, пісірілген күріш.

- Прагматикалық ерекшелігі:

«*Пісіру*» етістігі көбінесе уақытқа және температураға байланысты. Тағамның дайындық деңгейі көбінесе қайнату уақыты мен температурасына байланысты болады. Бұл етістік дәстүрлі тағамдар мен ұлттық ас мәзірі мәнмәтінінде жиі қолданылады.

«*Қуыру*» етістігі де тағамды майда немесе құрғақ табада қыздыру арқылы қытырлақ күйде дайындау әрекетін білдіреді. Бұл үдеріс тез және жоғары температурада жүзеге асады.

Мысал:

- «Картопты қуырып жатырмын»

- «Біз етті қуырып, үстіне тұз салып қойдық»

Тілдік талдау:

- Мағынасы: «*Қуыру*» етістігі тағамды жоғары температурада, көбінесе майда, қыздыруды білдіреді. Бұл әрекет тағамды қытырлақ етуге мүмкіндік береді.

- Семантикалық компоненттер:

Негізгі іс-әрекет: *қуыру*, тағамды қыздыру.

Құрал: таба, қазан, май.

Материал: картоп, ет, көкөністер.

Үдеріс: тағамды жоғары температурада қуыру.

Нәтиже: қытырлақ немесе алтын түстес тағам.

- Прагматикалық ерекшелігі:

«*Қуыру*» етістігі тағамды тез дайындаудың бір әдісі ретінде кең таралған. Бұл етістік көбінесе тамақ дайындау мәдениетіне және әлеуметтік жағдайға байланысты, себебі ол азық-

түлік пен уақыттың шектеулі жағдайында тиімді болып табылады. Сонымен қатар, бұл әдіс дәмді тағамдар жасауға мүмкіндік береді.

«Араластыру» етістігі

«Араластыру» етістігі ингредиенттерді бір-бірімен тең дәрежеде үйлестіруді білдіреді, бұл тағамдардың біртекті қоспасын жасау үшін қолданылады.

Мысал:

- «Кеспені араластырып жатырмыз.»
- «Салат жасау үшін көкөністерді араластырып қойыңыз».

Тілдік талдау:

• Мағынасы: «Араластыру» етістігі түрлі ингредиенттерді араластырып, біртекті қоспа жасау әрекетін білдіреді. Бұл әдіс тағамның текстурасын, дәмін және түрін теңестіру үшін қолданылады.

• Семантикалық компоненттер:

Негізгі іс-әрекет: араластыру.

Құрал: қасық, шанышқы, ыдыс.

Материал: көкөністер, ұн, тұз.

Үдеріс: ингредиенттерді бір-бірімен араластыру.

Нәтиже: біртекті қоспа немесе дайын тағам.

Прагматикалық ерекшелігі: «Араластыру» етістігі көбінесе жеңіл тағамдар мен салаттарды дайындау кезінде қолданылып, тағамды біркелкі етіп дайындау үшін қажет. Бұл әдіс әрі уақытты үнемдеуге, әрі тағамның барлық компоненттерінің дәмін бірдей сезінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, ас әзірлеу етістіктері қоғамдағы нақты әрекеттер мен әлеуметтік жағдайларды көрсететін тілдік бірліктер ретінде қолданылуда. Олар қоғамдағы тағам дайындау тәсілдерін, яғни әлеуметтік қатынастарды айқындайтын прагматикалық компонентке ие.

Ас әзірлеу етістіктерінің прагматикалық семантикасын зерттеу барысында тіл мен ас дайындау нұсқаулықтарының арасындағы күрделі өзара байланысты да ескеру қажет, өйткені олар біздің ас әзірлеу тәжірибемізді қалыптастырады. Бұл етістіктер әрекеттерді жеткізумен қатар, мағынаны беруге және ас әзірлеу әдістерін түсінуге әсер етеді.

Мысалы, аспаздардың ас әзірлеу рецептерімен танысқан кезде, – «қуыру», «ақырын отта бұқтыру» немесе «қоюлату» – тек қана үдерістерді сипаттап қоймай, ингредиенттердегі өзгерістерді де болжамдайды. Бұл аспаздық қарым-қатынастағы нанымдылық тақырыбымен үндеседі. Осылайша, ас әзірлеу етістіктеріне қатысты прагматикалық реңктер мен семантикалық құрылымдарды терең түсіну аспаздық сауаттылықты арттырып, ас үйдегі жұмыстың тиімділігін жақсартуға көмектеседі.

Аспаздық дискурста ас әзірлеу етістіктері іс-әрекетті де, ойды да жеткізетін негізгі элементтер болып табылады. Олар рецептер мен аспаздық жазбалардың мәнін түсінуге көмектеседі. Бұл етістіктер тағам дайындау процесін сипаттай отырып, қарапайым ингредиенттерді ерекше тағамдарға айналдырады. Мысалы, аспаздық рецептердегі эмоционалды-бағалау лексикасының қолданылуы тек дайындалу әдісін ғана емес, әрбір әрекеттің мәдени маңыздылығын да көрсетеді.

Аспаздық мәтіндерді талдау нәтижесінде *бұқтыру*, *шайқау*, *илеу* сияқты етістіктер тек нұсқаулық беру үшін ғана емес, сезімдік әсер қалдыру және аспазды дайындалып жатқан тағамның мәдени мұрасымен байланыстыру үшін қолданылады. Сонымен қатар, аспаздық етістіктер көбінесе ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлерді бейнелейді. Тағамды дайындау процесі арқылы мәдени байланысты көрсетеді.

Осы тұрғыда аспаздық етістіктерді мұқият таңдау аспаздық дискурстың байлығын арттырып, тіл, мәдениет және ас әзірлеу өнері арасындағы өзара байланысты ерекше көрсетеді.

Ас әзірлеу етістіктері тек функционалды нұсқаулық ретінде ғана емес, сонымен қатар аспаздың ойы мен аспаздық үдерістен күтілетін нәтижелерді жеткізетін дәлелді құрал. Мысалы, *қуыру*, *араластыру* сияқты етістіктер әрбір нақты әрекетті қамтиды, белгілі бір нәтижеге жетуге бағыттады және ас үйде қолданылатын тілдің күрделілігін көрсетеді. Бұл етістіктер тәжірибелік шеберлікті ғана емес, сонымен қатар теориялық түсініктерді де қамтиды. Лингвистердің пікірінше, бұл «қалай істеу керек» және «нені білу керек» дегенді білдіреді [4].

Мысалы, *шайқаудың орнына* араластыру тек физикалық қозғалысты ғана емес, сонымен қатар дайындалған тағамның құрылымы мен жеңіл екенін де білдіреді. Бұл ас әзірлеу етістіктерін интерпретациялау кезінде прагматикалық тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Ас әзірлеу етістіктері белгілі бір әрекет түрін, тәсілін және нәтижесін көрсетеді. Олардың семантикалық құрылымы заттың өзгеруін, өңделуін немесе дайын болуын сипаттайды.

Ас әзірлеу етістіктерінің семантикасы бірнеше аспектілерге бөлінеді: Мысалы пісіру және қыздыру әрекеттері:

- *Қуыру* – тағамды майда немесе құрғақ табада қыздыру арқылы әзірлеу. Мысалы: «Етті қуырып дайында».

- *Пісіру* – тағамды суда немесе сұйықтықта белгілі бір температурада ұзақ уақыт дайындау. Мысалы: «Етті баяу пісір».

- *Қайнату* – тағамды қайнап тұрған суда жасау. Мысалы: «Суды қайнатып, күріш сал».

Араластыру мен қосу әрекеттері

Тағамдарды дайындау кезінде әртүрлі ингредиенттерді қосу және араластыру маңызды роль атқарады. Бұл топтағы етістіктер тағамның текстурасын, дәмін және құрамын өзгерту үшін қолданылады:

- *Араластыру* – бір немесе бірнеше ингредиентті белгілі бір ретпен және әдіспен қосу, олардың біркелкі болуын қамтамасыз ету.

- *Қосу* – басқа ингредиенттер немесе дәмдеуіштерді тағамға қосу әрекеті, бұл тағамның дәмін толықтыруға мүмкіндік береді.

- *Тұздау* – тағамға тұз немесе басқа дәмдеуіштерді қосу арқылы оның дәмін күшейту.

Дәмдеу және сәндеу әрекеттері

Бұл топқа тағамның көрінісін және дәмін жақсартуға бағытталған әрекеттер кіреді:

*Дәмдеу* – тағамды әртүрлі дәмдеуіштермен байыту, оның дәмін айқындау.

*Сәндеу* – тағамды эстетикалық тұрғыдан безендіру, яғни оны тағамға эстетикалық құндылық қосу мақсатында сәндеу.

Ас әзірлеу етістіктері тағам дайындау әдісінің әртүрлі кезеңдерін сипаттайды. Бұл етістіктердің семантикалық ерекшеліктері олардың нақты әрекетті немесе үдерісті көрсетуіне қарай түрлі бағытта түсіндіріледі. Тағамды дайындау кезінде әрбір әрекет тағамның дәмі мен көрінісіне айтарлықтай әсер етеді, сондықтан етістіктердің мағынасы мен қолданылуы өте маңызды.

Ас әзірлеу етістіктерінің семантикасы олардың физикалық және метафоралық мағыналарының тоғысуында жатыр. Әрбір етістік белгілі бір тағамды дайындау әдісін ғана емес, сол әдіске байланысты мәдени және әлеуметтік аспектілерді де қамтиды.

Ас әзірлеу етістіктерінің көпшілігі физикалық әрекеттерді білдіреді. Мысалы, *қуыру*, *қайнату*, *пісіру* сияқты етістіктер тағамның белгілі бір температурада қыздырылуын немесе пісірілуін білдіреді. Бұл әрекеттер көбінесе тағамның құрылымын өзгертіп, оның дәмін толықтыру мақсатында қолданылады. Бұл етістіктердің қолданылуы аспаздық тәжірибенің негізі болып табылады.

Кейде ас әзірлеу етістіктері метафоралық немесе психологиялық күйді білдіру үшін қолданылуы мүмкін. Мысалы, «қайнатып жіберу» тіркесі эмоциялық күйді немесе психологиялық қысымды білдіреді. «Қуыру» етістігі эмоционалдық күйзеліс, мазасыздық немесе сыртқы әсерлерді білдіру үшін қолданылуы мүмкін, бұл метафоралық мағынада адамның психологиялық күйін сипаттайды.

Әрбір ас әзірлеу етістігі белгілі бір мәдени мәнмәтінде қолданылып, қоғамның тағамға деген көзқарасын білдіреді. Мысалы, қазақ халқының дәстүрлі тағамдарына қатысты қолданылатын етістіктер ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты. «Қуырма», «қазы» сияқты тағамдардың дайындалу барысында қолданылатын етістіктер этномәдени дәстүрлерді көрсетеді.

Әр халықтың ас әзірлеу етістіктері оның мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қазақ тілінде «қамыр жаю», «ет асу» секілді етістіктер ұлттық тағам әзірлеудің дәстүрлі ерекшеліктерін көрсетеді. Олардың басқа тілдердегі баламаларын табу кейде қиын, өйткені бұл әрекеттер тек аспаздық үдерісті ғана емес, мәдени құндылықтарды да қамтиды. Мысалы, ағылшын тілінде «to boil meat» сөзі қазақтың «ет асу» тіркесінің барлық прагматикалық және семантикалық реңкін жеткізе алмайды.

Ас әзірлеу етістіктері тұрмыстық қарым-қатынастарда және әлеуметтік жағдайларда адамдардың бір-біріне деген қатынасын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл етістіктер көбінесе адамдардың мәдениетке, дәстүрге, қонақжайлыққа деген көзқарасын көрсететін прагматикалық құралдар болып табылады. «Қонаққа ас әзірлеу» – бұл әрекет қонақжайлылықты білдіреді. Қазақ халқының дәстүрі бойынша қонақ келгенде үй иесі оған барынша құрмет көрсетіп, арнайы дайындалатын ұлттық асты дайындайды, сонымен байланысты қолданылатын етістіктер бар, мысалы: ет асу – етті қайнатып, ұлттық тағам дайындау; қамыр жаю: асқан ет үшін немесе бауырсақ пісіру үшін қамыр дайындау. Бұл етістіктер қазақ тілінің мәдени-танымдық ерекшеліктерін және қонақ құту дәстүрі мен ұлттық құндылықтарды көрсетеді.

Ас әзірлеу етістіктерінің прагмалингвистикалық семантикасы тіл мен мәдениет арасындағы терең байланысты көрсететін күрделі әрі маңызды сала болып табылады. Бұл етістіктердің лексикалық және прагматикалық мағыналары халықтың тағам дайындау мәдениетін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастарды, дәстүрлерді, дүниетанымды да бейнелейді. Тілдің прагматикалық және семантикалық қырларын түсіну арқылы біз ас әзірлеу етістіктерінің маңызын тереңірек бағалай аламыз және аспаздық өнердің теориясы мен практикасында қолданылатын тілдің рөлін арттыра аламыз. Тағам дайындау етістіктерінің ас үйдегі тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету және аспаздық өнерді тереңірек түсіну үшін маңызы зор.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика. – Алматы: Білім және еңбек, 1985.
2. Аманжолов С. Қазақ тілі грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1993.
3. Қордабаев Т. Қазақ тілінің лексикологиясы: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. Виллемсен Г., Бёг С. Аспаздық тіл: мәдениет және коммуникация. Журнал «Лингвистика и культура», 2019.
5. Қасқабасов С. Этнолингвистика және қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 2003.
6. Сүлейменова С. Тіл мен мәдениет: Тұрақты сөз тіркестері мен фразеологизмдер. – Алматы: Ана тілі, 2015.



*Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ*

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ғылым жөніндегі вице-президенті  
филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көрнекті түркітанушы ғалым, академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің бірнеше саласы бойынша іргелі еңбектер жазды. Соның ішінде ғалымның терминология мәселелеріне арналған еңбектері бір төбе. Жалпы ғалымның ең алғашқы зерттеулері терминологиядан басталған. 1953 жылы «Қазақстан мұғалімі» мен «Учитель Казахстана» газеттерінде жарияланған «Ұйғыр терминологиясы жөнінде», «К вопросу об уйгурской терминологии» деген мақалалары мен 1954 жылы М.Жақыпбековпен бірлесіп жазған «Социалистік Қазақстанда» жарық көрген «Ауылшаруашылық терминдерінің сөздігі жөнінде» деген мақаласы жас ғалымның баспа бетін көрген 2, 3-ші еңбектері. Алғашқы ізденістерін терминологиядан бастаған зерттеуші одан кейін де ғылыми шығармашылығының әр кезеңінде термин мәселесіне арнайы тоқталып отырады.

Терминология мәселелеріне арналған «Ұйғыр терминологиясы жөнінде» [1], «О терминотворчестве в языке синьзянских уйгуров» [2, 234-244], «Терминология көкжиегі» [3], «Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері» [4], «Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке» [5, 234-244], «Қазахская терминология» [6], «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» [7], «Терминологияның бүгінгі барысы туралы кейбір ойлар», «Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқараспен қарайық», «Терминнің үш тұғыры» [8], «Әскери атау сөздігі әлемі», «Қазақ тілінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс», «Ауылшаруашылық терминдерінің сөздігі жөнінде» [9, 446-450] сияқты еңбектері академик ғалымның ғылыми шығармашылығында елеулі орын алатынын көрсетеді.

Ғалым термин шығармашылығы халықтың бай терминдік лексикасына табан тірейтінін айта келіп: «Терминдік лексика мен ұғымдардың жалпыхалықтық көздері тілдің көне тарихынан бастау алады. Терминдік мәнде жұмсалатын көптеген сөздер мен тіркестер бізге көне түрік ескерткіштері тілінен келді» [1, 298-299] – деп жазады.

Академик олардың қатарына: туыстық атауларды (*ата, әже, ана, сіңілі, келін, жиен*), табиғат құбылыстары мен байлығын (*жер, тау, тас, алтын, күміс, темір*), қоғамдық-саяси құрылысты білдіретін (*қаған, бек, тарқан, құл, күң, шығай*), мал шаруашылығына қатысты (*ат, айғыр, тай, бұқа*) және анатомиялық атауларды (*бас, аяқ, құлақ, жүрек*) қоса отырып, олардың ортағасырлық ұйғыр, қыпшақ жазба ескерткіштерінде де кездесетінін айтады.

Ғалымның бұл айтқандары ұлттық терминкордың қайнар бастауларын анықтау мен қазақ терминологиясының тарихын жазуда ескерілетін құнды пікір. Сондай-ақ белгілі тілші-ғалымның ұлттық әдеби тілдің саналы түрде ұйымдастырылатын терминологиялық үдерісі ең алдымен халықтың бай да алуан түрлі лексикасына негізделіп жасалатындығын атап көрсетуі де термин шығармашылығы үшін өте маңызды.

Ә.Қайдар терминжасам тәсілдеріне де тоқталды. Соның бірі ғалымның калькалау тәсілі туралы пікірі. Ғалым былай деп жазады: «Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке. Терминологические кальки по своему характеру делятся на два типа: смысловые и структурно-смысловые [1, 306].

Қазір калька тәсілімен жасалған жаңа сөздер мен терминдердің бәрін орынды-орынсыз сынап-мінеп, осы тәсіл арқылы туындаған атаудың бәрін қажетсіз деп санайтын көзқарастағы филологтар бар. Ал академик ғалым калькалауды жаңа термин жасаудың

басты, ең өнімді тәсілі ретінде көрсетеді. Калька тәсілінің табиғатын, термин шығармашылығындағы оның орны мен рөлін анықтауда ғалымның бұл пікірін де сөзсіз ескерген орынды.

Ғалым «Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке» [1, 316-323] деген мақаласында халық тіліндегі атауларды термин ретінде түрлі ғылым саласында пайдалану мәселелерін көтереді.

Мәселен, орыс тіліндегі бір ғана «сибирская язва» терминін қазақ тілінде жылқыға қатысты – *жамандат*, түйеге қатысты – *қарабез*, сиырға қатысты – *қараталақ*, қой-ешкіге қатысты – *топалаң*, ұшпа, *сіреспе*, ал адамға жұқса – *түйнеме*, *күйдіргі*, *қағынды* (балаларға: *ой, қағынды келгір!*) деп атайтынын атап көрсетеді.

Ғалым осы атауларды қайтадан орыс тіліне аударса бір ғана «сибирская язва» болады дейді. Сонда орыс тілінде бір ғана атауға ие бұл ауру аты қазақ тілінде түлік түрлері мен адамға қатысты іштей жіктеліп, тармақталған болып шығады. Егер бұл атауларды біз орыс тілі үлгісіне салып, бір ғана сөзбен атаймыз десек, онда тіліміздің байлығын шектеуге тура келеді. Айталық біздің тіліміздегі «немере» мен «жиен» деген екі туыстық атауды орыс тіліндегідей «племянник» деген сияқты бір ғана атаумен атаймыз десек, бұл тілге де, ұлттық танымға да жасалған қиянат болар еді. Иә, жүйелілік, бірізділік тұрғысынан бір ғылыми ұғымның, бұл жерде бір аурудың бір ғана терминмен аталғаны ыңғайлы, дұрыс. Егер *жамандат*, *қарабез*, *топалаң*, *күйдіргі* деген медициналық тұрғыдан еш айырмашылығы жоқ бір ауру түрі екені рас болса, халықаралық, тілаларлық біріздендіру мен стандарттарға қосу үшін мамандар келісімімен біріне тоқталған дұрыс. Ал әр малда болатын бұл аурудың өзіндік айырмашылықтары болса, онда оларды ғылыми әдебиеттерде де сақтап, сол ерекшеліктерін дефинициясында көрсетуге тура келеді. Ал жалпы әдеби тілде әр түлікке қатысты олардың сақталғаны, қолданылғаны орынды.

Қазақ терминологиясының дамуындағы кейбір кезеңдер мен терминқор қалыптастыру қағидаттарын сөз өткенде 20-30 жылдарды бір кезеңнің жалғасы ретінде қарап, ол кезеңдегі ұстаным-қағидаттардың арасын ажыратқысы келмейтін де ғалымдар, мамандар бар. Мәселеге бұлай қарау тарихи тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да шындыққа жанаспайды. Ғылым тілі мен терминология дамуының алаш кезеңі мен совет кезеңін бөлмей, бір-бірінің жалғасы ретінде қарау, бір-бірімен тоғыспайтын екі түрлі бағытты ұстанған ғалымдарды ұстаз-шәкірт етіп көрсету – сол жылдары бір-бірімен еш ымыраға келмей бірі жеңіске жеткенше кескілесіп соғысқан «ак» пен «кызылды» бір әскер, бір жүйе деп қараумен бірдей. Осы тұрғыдан келгенде терминологияның сол уақыттағы даму жолдары, кезеңдік сипаты туралы көрнекті тілші-ғалым, академик Ә.Қайдардың: «В 20-30-е годы можно отметить два периода в развитии тюркского языка, противоположные друг другу: пуристический и период сплошного заимствования советско-интернациональных терминов без соответствующего поиска» [1, 318] – деген пікірін ескерусіз қалдыруға болмайды деп білеміз.

Академик ғалым бұл пікірін 1989 жылы совет одағы ыдырардың алдында, кемеліне келген шағында 65 жасында айтыпты. Ғалым 20-30-жылдары түрік тілдері терминологиясын дамытуда бір-біріне қарама-қарсы екі бағыт болғанын атап көрсетеді. Солай болғанын сөз болып отырған кезеңде термин жайын сөз еткен ғалымдардың жазған еңбектері, соңына қалдырған ғылыми мұрасы растайды. Ә.Қайдар кезең келбетін дұрыс көрсетіп отыр. Бұл жерде біз ғалымның бірінші кезеңді «пуристический период» деп атауына ғана қосыла алмаймыз. Бұл кезеңді қазақ терминологиясы дамуының «алаш кезеңі» деп атап жүрміз. Алаш кезеңінің басты ерекшелігі – қазақ терминін ең алдымен ұлттың өз тілінде жасау. Мұндай қағидатты жасап, ресми бекітіп, термин шығармашылығында басшылыққа алған А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы бастаған алаш оқығандары. Олар қуғын-сүргін құрбаны болғаннан кейін олардың ұстанған жолын қаралап, өздерін «пантүркист», «түрікшіл», «ұлтшыл», «пурист» деп кінәлады. Шындығында олар белгілеген қағидаттар да, олар ұстанған жол да нағыз ғылымға негізделген, қазақ тілінің өз табиғатын сақтап, ұлт мүддесін көздей отырып жасалған еді.

Академик Ә.Қайдар кірме терминдер емлесі, оларды жазу, тілге қабылдау мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Бұл жөнінде ғалым советтік кезеңде де, тәуелсіздік жылдарында да пікір білдіріп, өз ұстанымдарын жариялап отырды.

**Академик Ә.Қайдар кірме терминдер емлесі туралы**

**1984, 1987 жыл**

**1993 жыл**

Қазақ тілінің орыс графикасына көшуіне байланысты совет-интернационалдық терминдердің жазылуы мен айтылуындағы 20-30-жылдардағы «қазақшалау» дәстүрі бүгінде мүлдем өзгерген: олар орыс тілі нормасымен айтылып, жазылатын болған (Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев. *Терминология көкжиегі*//«Қазақ әдебиеті», 10 тамыз 1984 жыл.).

Съезд қабылдаған бұл принциптер қазақ тілінің сол кезге дейін бір ізге түспеген терминологиялық процесіне елеулі өзгерістер енгізіп, өзінің ғылыми дәйектілігімен оған дұрыс бағыт берді. Осыған орай съезде қазақ алфавитінің құрамына Ф, Х, Ц тәрізді әріптерді енгізу туралы да орынды ұсыныстар болғандығы мәлім. Бұл мәселе 1938 жылы орыс графикасын қабылдауға байланысты өз шешімін тапқан еді. Бұрынғы *пизика, набірііка, қымия, қылор, семент* тәрізді халықаралық терминдердің өз нұскасы бойынша *физика, фабрика, химия, цемент* түрінде айтылуы және жазылуы, міне, осы дәуірден басталады. (Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев. *Терминология көкжиегі* // «Қазақ әдебиеті», 10 тамыз 1984 жыл.).

«В1929г.быласозданаказахскаяписьменность на основе латинского алфавита. Принятие этого алфавита, по сравнению с арабским, – значительный шаг вперед, однако и этот алфавит не мог полностью удовлетворить быстро растущие запросы и потребности языкового развития. Недостаточно четко разработанная система письма на основе этого алфавита сильно искажало написание русских и заимствованных через него интернациональных терминов и слов» (А.Қайдар, А. Абдрахманов. *Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР: (Терминология на узбекском, казахском, грузинском, азербайджанском, литовском, молдавском, латышском, киргизском, таджикском, армянском туркменском и эстонском языках)*. М., 1987. С. 29-49.).

«Заимствованные международные и русские термины могут входить в казахский язык в той же форме, в какой они употребляются в русском языке: *абсорбция, агломерат, абсцесс, агностик, аннексия* и т.д.».

**5-принцип:** Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау;

**6-принцип:** Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

*(Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. ҚР ҰҒА-ның хабарлары; Тіл-әдебиет сериясы. 1993. № 1-2. 3-17 б.)*

**11-принцип:** Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; бұл әдетте, алфавит пен емле қағидаларын өзгертуге байланысты қаралатын күрделі мәселе, бірақ оған қоғам санасын қазірден-ақ дайындау, бейімдеу қажет.

*(Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. ҚР ҰҒА-ның хабарлары; Тіл-әдебиет сериясы. 1993. № 1-2. 3-17 б.)*

<p>(А.Қайдар, А. Абдрахманов. <i>Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР: (Терминология на узбекском, казахском, грузинском, азербайджанском, литовском, молдавском, латышском, киргизском, таджикском, армянском туркменском и эстонском языках)</i>. М., 1987. С. 29-49.</p>	
<p><b>Академик Ә.Қайдар кірме терминдерді аудару туралы</b></p>	
<p>Осы кезде терминология процесінде тілдің тазалығын сақтауды желеу еткен зиянды пуристік ағым бел алып, барлық совет-интернационалдық терминдер қазақ тіліне қарабайыр аударылатын болды. Мәселен: <i>революция – төңкеріс, совет – кеңес, лидер – серке, поезд – отарба, идеалист – мұратшыл, лектор – дәрісші, коммунист – ортақшыл</i> т.б. сол дәуірдің жемісі. Өмір талабына сай келмейтін бұл ағым көп ұзамай-ақ, терминология процесіне саналы түрде қарайтын ғылыми принципке орын берді. (Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев. <i>Терминология көкжиегі // «Қазақ әдебиеті», 10 тамыз 1984 жыл.</i>)</p>	<p><b>8-принцип:</b> Күн сайын толассыз туындап жатқан жаңа терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминге тән талаптарды сактай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.</p> <p>«Бүгінде ғылыми-техникалық прогрестің шарпуына шалынбаған бірде-бір ұлылық-кішілі халық жоқ. Ал солардың көбі басқа бір тілдің бұғауында жүрмей-ақ сол прогрестің ортақ қазанында өзінің төл тілімен-ақ қайнап, ғажайып табыстарға қолы жетіп отырған жоқ па? Мәселен, Қытай, Жапония, Түркия сияқты ірі-ірі елдерге қарасақ, ғылым мен техниканың биік шыңына өз тілдерімен-ақ өрмелеп шығып отыр. 1 миллиардтан астам халық сөйлейтін қытай (ханзу) тілінде «интернационализм» деп аталатын термин мен атаулар атымен жоқ, жапон тілінде де олар өте сирек кездеседі».</p> <p><i>(Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. ҚР ҰҒА-ның хабарлары; Тіл-әдебиет сериясы. 1993. № 1-2. 3-17 б.)</i></p>

Ғалымның советтік кезеңдегі орыс сөздері мен интертерминдерді жазуға қатысты ұстанымы сол заман ағымы мен талаптарына сай болды. Алайда ел тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғалым орыс тілінен енген терминдер мен интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау принципін ұсынды. Бұл тұрғыдан келгенде Ә.Қайдар аға буын ғалымдар арасында өткен кезеңге сын көзбен қарап, терминологияны жаңаша дамытудың бағыт-бағдарын ұсынған лингвистердің алдыңғы қатарында болды. Ғалымның «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегі терминологияның Тәуелсіздік кезеңіндегі даму бағытын айқындауға негіз болған, жөн сілтеген маңызды зерттеу болды.

Сондай-ақ ғалым түркітанушы ретінде түркі терминологиясының озық үлгілерін алады ұсынды. Академик ұсынған төртінші принцип: «Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, онтайлы да үйлесімді сөз жасау моделдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану» деп аталады.

Міне, бұл еш құнын жоймаған түркі тілдері арасындағы тіларалық, халықаралық бірідендіру жұмысын жүргізу мен өзара терминалмасу үдерісін жолға қою кезінде ескерілуге тиісті маңызды пікір.

Қорыта келгенде академик Ә.Қайдар ғылыми шығармашылығының қай кезеңінде де терминологияға ерекше мән беріп, терминжасам мен терминологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеулеріне арқау етті. Көрнекті ғалымның ғылыми тұжырымдары мен

ғылыми еңбектеріндегі құнды пікірлері қазақ терминологиясының алдағы даму барысында да басшылыққа алынып, қажетке жарай берері сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Қайдаров Ә. Ұйғыр терминологиясы жөнінде. «Қазақстан мұғалімі», 11 октябрь 1953 жыл.
2. О терминотворчестве в языке синьзянских уйгуров//Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар», – 512 бет. Т.ІІІ. » [2, 234-244],
3. Қайдаров Ә., Айтбаев Ә. Терминология көкжиегі. //«Қазақ әдебиеті», 10 тамыз 1984 жыл.
4. Қайдаров Ә., Айтбаев Ә. «Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері» // Проблемы казахской терминологии. Алма-Ата. 1986. С. 9–30.
5. Қайдар А. Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке // Вопросы киргизской терминологии. – Фрунзе: «Илим», 1989. С. 24–31.; Тюркология-88: Тез. докл. и сообщ. V Всесоюз. тюркол. конф. (7-9 сент. 1988 г.), Фрунзе, 1988. С. 301–302.; Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар», – 316–323 бб.
6. Қайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР: (Терминология на узбекском, казахском, грузинском, азербайджанском, литовском, молдавском, латышском, киргизском, таджикском, армянском туркменском и эстонском языках). М., 1987. С. 29–49.
7. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас//ҚР ҰҒА-ның Хабарлары; Тіл-әдебиет сериясы. 1993. № 1-2. 3-17 б.).
8. Қайдаров Ә. Әскери атау сөздігі әлемі. Қазақ тілінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс. (446-б.); Ауылшаруашылық терминдерінің сөздігі жөнінде (446-450) //Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар», – 512 бет. Т.ІІІ.
9. Қайдар Ә. Терминологияның бүгінгі барысы туралы кейбір ойлар (342-б.); Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқараспен қарайық (347358); Терминнің үш тұғыры (359-368-б.)//Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар», – 5 бет. Т.ІV.

*Ақмарал БИСЕНҒАЛИ*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институты*

*PhD доктор*

*(Қазақстан, Алматы қ.)*

#### АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық кеңістіктің адам өміріне тигізетін әсері мен оның жаңа қолданыстар мен терминжасам үдерісіне ықпалы қарастырылады. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы, әлеуметтік медианың кеңінен таралуы жаңа терминдердің пайда болуын жеделдетіп, тіл мен қоғам арасындағы өзара байланысты нығайтып отыр. Мақалада ақпараттық кеңістіктің ұғымы анықталып, оның тілдік жүйедегі орны мен жаңа қолданыстардың ұлттық тілдік ерекшеліктерге бейімделу мәселесі талданады. Сонымен қатар, жаңа атаулардың пайда болу үдерісі және олардың мәдени-танымдық мәні зерттеледі.

**Аннотация.** В статье рассматривается влияние информационного пространства на жизнь человека в современную эпоху глобализации и его влияние на новые словоупотребления и терминологические процессы. Развитие цифровых технологий и Интернета, широкое распространение социальных сетей ускоряют появление новых терминов и укрепляют связь языка и общества. В статье определяется понятие информационного пространства, анализируется его место в языковой системе и проблема адаптации новых словоупотреблений к национальным языковым особенностям. Кроме того, изучается процесс появления новых наименований и их культурно-познавательная значимость.



**Abstract.** The article examines the influence of the information space on human life in the modern era of globalization and its influence on new word usages and terminological processes. The development of digital technologies and the Internet, the wide spread of social networks accelerate the emergence of new terms and strengthen the connection between language and society. The article defines the concept of information space, analyzes its place in the language system, and the problem of adapting new word usages to national language features. In addition, the process of emergence of new names and their cultural and cognitive significance is studied.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық кеңістік адамзат өмірінің барлық саласына ықпал ететін негізгі факторға айналды. Цифрлық технологиялардың дамуы, интернеттің кеңінен таралуы және әлеуметтік медиа платформаларының танымалдылығы жаңа атаулардың пайда болуына себепші болып отыр. Бұл құбылыс жаңа қолданыстар мен терминдердің қалыптасуын жеделдетіп, тіл мен қоғам арасындағы өзара байланысқа тың серпін беруде.

Ақпараттық кеңістіктегі жаңа қолданыстар тек тілдік өзгерістерді ғана емес, сонымен бірге мәдени, әлеуметтік және танымдық жүйелерді де қайта қалыптастыруға әсер етуде. Әсіресе, интернет пен медиа саласындағы жаһандық терминология ұлттық тілдерге еніп, жаңа ұғымдарды білдіру үшін бейімделіп немесе тікелей қабылдануда. Мұндай үрдіс қазақ тіліне де тән, бұл оның заманауи коммуникация құралдарымен үйлесімін нығайтады.

Бұл мақалада ақпараттық кеңістіктегі жаңа қолданыстардың табиғаты, олардың тілдік жүйедегі орны және терминжасам үдерісіне тигізетін әсері қарастырылады. Сондай-ақ, жаңа қолданыстардың ұлттық тілдік ерекшеліктерге сай бейімделу мәселесі мен олардың мәдени-танымдық мәні талданады.

Ақпараттық кеңістік дегеніміз – ақпараттың өндірісі, таралуы, сақталуы және қолданылуы жүзеге асырылатын орта. Бұл ұғым адамдар, ұйымдар және техникалық жүйелер арасындағы ақпараттық алмасу үрдісін сипаттайды. Ақпараттық кеңістік қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады, өйткені ол ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарының дамуымен тығыз байланысты (Кастельс, 2000).

Ақпараттық кеңістіктің құрамдас бөліктері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- ақпараттық ресурстар: деректер базалары, білім қоры, кітаптар, мақалалар, цифрлық контент;
- техникалық инфрақұрылым: интернет желісі, серверлер, компьютерлер, гаджеттер;
- ақпараттық технологиялар: бағдарламалық қамтамасыз ету, веб-қосымшалар, бұлтты қызметтер;

- коммуникация құралдары: теледидар, радио, әлеуметтік желілер, электрондық пошта.

Осылардың ішінен біз негізінен ақпараттық ресурстар, оның ішінде баспасөз беттерінде шыққан жаңа қолданыстарды қарастырдық.

Жаңа атаулардың пайда болуы, ең алдымен, жаңа ұғымдардың қалыптасуымен тығыз байланысты екені белгілі. Қоғамдағы ғылыми, техникалық, мәдени және әлеуметтік өзгерістер жаңаша құбылыстар мен идеяларды туындатып, оларды белгілеу үшін жаңа атаулар қажеттілігін туғызады. Бұл үдеріс адамзаттың танымдық әрекеті мен тілдің бейімделгіштік қасиетінің айқын көрсеткіші. Осылайша, жаңа атаулар мен ұғымдардың қалыптасуы – тілдің дамуы мен бейімделуінің ажырамас бөлігі. Жаңа ұғымдардың пайда болу себептеріне келер болсақ, олар төмендегідей:

- Жаһандану: әлемдік ғылыми қауымдастықтағы жаңа идеялар мен тәжірибелерді ортақ пайдалану терминдердің бір елден екінші елге таралуын жеңілдетті. Мысалы: *гаджет, стартап, фрилансер, коворкинг, криптовалюта, буллинг, моббинг, зум, локдаун* т.б.

- Ғылыми жаңалықтар: бұрын беймәлім құбылыстарды ашу жаңа терминдер мен ұғымдардың туындауына алып келеді. Мысалы: *метағалам, биоимплант, дрон* т.б.

- Цифрландыру мен ақпараттық технологиялар: IT саласындағы дамулар көптеген жаңа ұғымдардың пайда болуына әсер етті. Мысалы: *блокчейн, интерфейс, хаб, хэштег* т.б.

Жаңа ұғымдардың қалыптасуы жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуына негіз болады. Бұл үдеріс терминжасам арқылы жүзеге асады. Терминжасам – ұлттық тіл мен мәдениетті сақтай отырып, ғылым мен техниканың дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Ол заманауи қоғамның қажеттіліктеріне сай жаңа ұғымдарды енгізуге, ғылыми коммуникацияны жетілдіруге және ұлттық тілдің даму мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тілінде жаңа сөз тудыру негізінен мынадай жолдармен жасалуда:

1. Аффикстер арқылы
2. Түбірлерді біріктіру
3. Сөз қосарлау
4. Сөз тіркесі
5. Бұрынғы сөзге жаңа мағына жүктеу
6. Калькалау
7. Сөз қысқарту
8. Будан (гибрид) атаулар (Бисенғали, 2022).

Мақаланың тақырыбы ақпараттық кеңістіктегі жаңа қолданыстар болғандықтан жаңа атаулардың жасалу жолдарына арнайы тоқталмаймыз.

Жаңа қолданыстар мәселесіне келер болсақ, тіліміздегі жаңа атаулар мәселесін арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Қ.Қадырқұлов тілімізге енген неологизмдерді «жаңа сөз» және «жаңа сөз қолданыстар» деп екі топқа бөледі: «Бұндағы «жаңа сөздер» дегеніміз – жаңа мазмұн мен жаңа формада тілімізге басқа тілден өзгеріссіз не дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген сөздер. «Жаңа сөз қолданыстар» дегеніміз – жаңа мазмұны мен ескі формада немесе ескі мазмұн мен жаңа формада, басқа тілден енген сөздердің жанаша қолданысқа түсуі» – дейді (Қадырқұлов, 2012).

Академик Ә. Қайдардың «Қазақ терминологиясына жанаша көзқарас» (1993) еңбегі – ана тілінің табиғи ерекшеліктері мен ішкі мүмкіндіктеріне сүйеніп, оны жаңа заман талабына сай белсенді қолдану жолдарын ғылыми тұрғыда негіздеген еңбек. Олай болса, қазіргі егемен елдің мемлекеттік мәртебедегі тілінің кешенді қызметі рухани-әлеуметтік құрал ретінде танылса, төл сөздер бойындағы әлеуетті тиімді пайдалану негізінде қалыптасатын төл терминдер мен жаңа қолданыстардың танымдық негізін қазіргі күннің қоғамдық-әлеуметтік жағдаятына сай ашу – аса маңызды. Қазіргі таңдағы мемлекеттік тіл қызметін күшейтуге қатысты маңызды бұл еңбектің мазмұнынан алаш зиялыларының тұжырымдамаларымен тарихи сабақтастықты көреміз. «Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқалдану» қағидасы – ана тілі әлеуетін тиімді пайдаланудың бүгінгі таңдағы заңды жалғастығы (Қайдаров, 1993).

Жаңа қолданыстардың маңыздылығы бірнеше аспектіде көрінеді. Атап айтсақ, жаңа қолданыстар:

– Ғылым мен білімді дамытады.

а) ғылыми ұғымдарды нақтылайды: терминдер белгілі бір саланың негізгі ұғымдарын түсіндіру мен анықтауда қолданылады. Мысалы, *жасанды зерде* (искусственный интеллект), *оңтайландыру* (оптимизация), *эртараптандыру* (диверсификация) сияқты терминдер күрделі ұғымдардың мағынасын айқындап, нақтылай түседі.

ә) ұлттық ғылымды қалыптастырады: терминдерді өз тілінде жасау ғылым мен білімді ұлттық деңгейде дамытуға ықпал етеді. Мысалы: *күретамыр* (артерия), *ақуыз* (белок) терминдері көпшілік тарапынан бірден қабылданды, өйткені мағынасы әркімге таныс, түсінікті.

– Мәдениетті сақтайды.

а) тіл байлығын арттырады: жаңа сөздердің пайда болуына ықпал етеді, бұл тілдің лексикалық қорын байытады.

ә) ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді: ұлттық мәдениетті, тарихты, дәстүрді сақтауға көмектеседі. Мысалы: *жәдігер* (экспонат), *алтауыт* (монополист), *тұғыр* (пьедестал) сияқты сөздер қазақ мәдениетінен сыр шертеді.

б) жаһандануға бейімдейді: жаһандану кезінде өз тілінде термин жасау мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып, халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мысалы: *ауани жады* (виртуальная память), *жолбасшы* (флагман, гид) т.б.

– Қоғамдағы коммуникацияны жеңілдетеді.

а) кәсіптілікті қалыптастырады: әртүрлі сала мамандары арасында ортақ тіл қалыптастырады. Мысалы: *жуые* (система) т.б.

ә) ақпаратты түсінікті етіп жеткізеді: күрделі ғылыми немесе техникалық ұғымдарды қарапайым адамдарға түсіндіруді жеңілдетеді. Мысалы: *мінтуір* (мышка), *сүтсағыз* (латекс),

*көксағыз* (каучук) т.б.

б) элеуметтік прогреске ықпал етеді: жаңа ұғымдарды нақты атау арқылы қоғамның заманауи үрдістерді түсінуі мен қабылдауына жағдай жасайды.

– Экономика мен технологияны дамытады.

а) инновацияларды енгізеді: терминдер жаңа технологияларды, өнімдерді және қызметтерді сипаттап, оларды қолдануға негіз болады. Мысалы: *шолғыш* (браузер), *бағдарламалық жасақтама* (программное обеспечение) терминдері ақпараттық технологиялар саласында қолданыла бастаған сәтті жаңа қолданыстар.

ә) технологиялық интеграция: жергілікті және жаһандық деңгейде технологиялық жетістіктерді бөлісуге мүмкіндік береді.

б) экономикалық байланыс: сауда мен өндіріс саласында нақты терминдер қолдану тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді. Мысалы: *көтерме сауда* (оптовая торговля), *бөлшек сауда* (розничная торговля) т.б.

– Ұлттық тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

а) халықаралық терминдерге бейімдейді: шет тілінен енген сөздерді өз тіліне бейімдеп, ұлттық стандарттар жасау арқылы тілдің заманауилығын арттырады. Мысалы: *тоғысым* (перекресток), *айдар* (рубрика) т.д.

ә) тілдің мәртебесін көтереді: ұлттық тілдегі терминдер жасау арқылы оның халықаралық ғылыми-техникалық қауымдастықтағы орнын нығайтуға ықпал етеді.

б) тіл тұрақтылығын сақтайды: жаңа терминдер жасау тілді шетел сөздерінің шамадан тыс енуінен қорғауға көмектеседі.

Ақпараттық, ғылыми және элеуметтік салада пайда болған жаңа қолданыстардың терминжасам үдерісіне ықпалы ретінде мыналарды атауға болады:

Терминологиялық қорды байытады. Жаңа қолданыстар терминологиялық жүйеге бұрын болмаған ұлттық ұғымдарды енгізеді. Мысалы: *тұсаукесер*, *беташар* т.б.

Терминдерді ана тіліне аударып, ұлттық тілге бейімдейді. Шет тілдерден енген терминдерді қазақ тіліне аударып, қазақ тілінде балама жасайды. Бұл шеттен келген ұғымдардың ұлттық сипат алуына көмектеседі. Мысалы: *шолғыш* (браузер), *сын-қатер* (вызов) т.б.

Тілдің ішкі ресурстарын пайдаланады. Яғни жаңа ұғымдарды сипаттау үшін қазақ тілінің ішкі сөзжасам мүмкіндіктері қолданылады. Мысалы: *элеуметтік осал санаттар* (социально уязвимые категории), *сардар* (путеводитель, флагман) т.б.

Терминжасамға ықпал ететін түрткіжайттар (факторлар) ретінде мыналарды атап өтуге болады:

1) Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің әр саласындағы жаңалықтар арнайы терминдер арқылы беріледі. Жаңа ұғымдар мен құбылыстар жаңа терминдерді қажет етеді.

2) Тілдің ішкі ресурстары. Терминдерді жасау үшін тілдің морфологиялық, синтаксистік және семантикалық мүмкіндіктері пайдаланылады. Қосымшалар, жұрнақтар арқылы жаңа сөздер туындайды. Мысалы: «қанат» + «-ша» = *қанатша* (галочка), «ерік» + «-ті» = *ерікті* (волонтер) т.б.

3) Кірме сөздер. Басқа тілдерден, мысалы, латын, грек, ағылшын тілдерінен терминдер тілге енеді. Мысалы: блокчейн, интерфейс, хаб, хэштег т.б.

4) Мәдени-тарихи ықпал. Ұлттық-мәдени ерекшеліктер терминжасамда көрініс табады. Ұлттың тарихы, өмір салты, таным-түсінігі жаңа ұғымдардың ұлттық атаулар арқылы берілуіне ықпал етеді. Мысалы: *мәңгүрт* (мангурт), *кеден* (таможня) т.б.

5) Қоғамдық сұраныс. Терминдер қарапайым халық үшін түсінікті болуы қажет. Қоғамның белгілі бір терминді қабылдауы немесе бас тартуы оның тұрақтылығына әсер етеді. Мысалы: *бұғаттау* (блокировка), *тапсырыс* (заказ), *жеңілдік* (скидка) т.б.

6) Білім мен білім беру жүйесінің дамуы. Ғылым мен білімнің жаңа салалары дамыған сайын, жаңа терминдер қажеттігі артады. Жаңа оқулықтар мен ғылыми материалдарда терминдердің жасалуы терминжасамды ынталандырады.

7) Заңнамалық реттеу және стандарттау. Терминологияны біріздендіру үшін арнайы стандарттар мен терминологиялық комиссиялардың жұмысы маңызды. Бұл ресми бекітілген терминдер жаңа ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы, стандарттаудың лингвистикалық

модельдері ретінде мыналарды көрсетуге болады: *тіркеме* (прицеп), *бағалама* (такса), *құйындама* (турбулентность) т.б.

8) Ақпараттық технологиялар мен жаһандану үдерісі.

Компьютерлік технологиялар мен жаһандық қарым-қатынастың күшеюі жаңа терминдердің жылдам таралуына әсер етеді. Терминдердің халықаралық стандартқа сәйкес болуы маңызды рөл атқарады. Мысалы: *бағдарламалық жасақтама* (программное обеспечение), *айқұлақ* (знак @), *бұлттық есептеулер* (облачные вычисления) т.б.

9) Ұлттық тіл саясаты. Тілдің мәртебесі мен даму стратегиясы терминологияның бағыт-бағдарын анықтайды. Кей елдерде шет тілдік терминдерді толықтай аудару немесе бейімдеу саясаты қолданылады. Терминжасам осы факторлардың өзара ықпалымен қалыптасып, тілдің функционалды және ғылыми әлеуетін кеңейтеді.

Көріп отырғанымыздай, ақпараттық кеңістіктегі жаңа қолданыстар – тілдің заманауи өзгерістерге бейімделуінің маңызды көрсеткіші. Жаңа технологиялар, цифрлық мәдениет және жаһандану үрдісі жаңа сөздер мен ұғымдардың қалыптасуына ықпал етуде. Бұл құбылыс тілдің динамикасын, оның әртүрлі мәдени және әлеуметтік өзгерістерге жауап беру қабілетін айқындайды.

Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың пайда болуы – тек шетелдік сөздердің енуі ғана емес, сонымен қатар ұлттық-мәдени ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңа ұғымдарды бейімдеу және түсіндіру үдерісі. Бұл өз кезегінде тілдің байытылуын және оның ақпараттық кеңістікке бейімделуін қамтамасыз етеді.

Жаңа қолданыстар мен терминдер қазақ тілінің ғылыми-техникалық, әлеуметтік және мәдени әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді. Алайда, оларды енгізуде тілдік заңдылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді сақтау аса маңызды. Осылайша, ақпараттық кеңістік тіл дамуының жаңа мүмкіндіктерін ашып, оның заманауи коммуникация құралы ретіндегі өзектілігін арттырады.

#### Әдебиет

1. Кастельс, М. 2000. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. – Москва: ГУ ВШЭ, 2000.
2. Бисенғали А. 2022. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың салыстырмалы сипаты. – Алматы: Қазақ кітабы, 2022. – 108 б.
3. Қадырқұлов Қ. (2012) Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №1 (135) – Б. 127–130.
4. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. 1993. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

*Айнұр ИМАНБЕРДИЕВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Қарлығаш АЙДАРБЕК*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі терминология үшін ең өзекті болып табылатын мәселелердің негізгі спектрі қарастырылып айқындалады. Мақаланың өзектілігі әлемдік қоғамдастықта да, атап айтқанда қазақ қоғамында да болып жатқан үдерістердің екпініне, сондай-ақ ағылшын тілінің жеке адамдардың өмір сүру салаларындағы коммуникацияның негізгі құралы ретінде таралуына байланысты. Терминнің жалпы теориясының мәселелерімен қатар (оның шекараларын анықтау, салааралық терминдердің жұмсалымы, когнитивті парадигманың терминологиялық зерттеулерге әсері) авторлар ғылыми терминология саласындағы лингвистикалық зерттеулердің ерекшеліктерін атап өтеді (ғылымның терминологиялық жүйелерге бөлінуінің әсері). Сондай-ақ, терминдік жүйелердің дамуына сыртқы және ішкі факторлардың әсерін жан-жақты есепке алмай, терминдік зерттеулер үшін жаңа мәліметтер

алу мүмкін еместігі атап өтіледі. Термин – бұл барлық мағыналардың қосындысын айқындап, белгілі бір тілдік құбылыстың негізгі ойы көрсетілген мәтін бірлігі. Бұл мақалада әртүрлі салалардағы терминдерді аудару кезінде туындайтын қиындықтар қарастырылады. Қазіргі өмірдің әлеуметтік-саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да көптеген аспектілерінің қарқынды дамуына байланысты атауды қажет ететін көптеген теориялар, ұғымдар, құбылыстар мен заттар пайда болады. Тілдегі терминнің көмегімен біздің әртүрлі салалардағы танымымыздың нәтижелері бекітіледі. Осыған байланысты мақалада лингвистер мен аудармашылар үшін үлкен қызығушылық тудыратын және аударма теориясы мен практикасында маңызды орын алатын жаңа терминдерді аудару әдісін таңдау мәселесі қарастырылады.

**Тірек сөздер:** термин, терминология, терминологиялық жүйе, біріздендіру, стандарттау.

**Аннотация.** В статье раскрывается основной спектр вопросов, которые в настоящее время являются наиболее актуальными для современной терминологии. Освещаются: наиболее важные проблемы современного терминоведения; унификация и стандартизация терминологии как вид терминографической деятельности и др. Актуальность статьи обусловлена акцентированием происходящих процессов как в мировом сообществе, так и в казахском обществе в частности, а также распространением английского языка как главного средства коммуникации в сферах жизнедеятельности индивидуумов. Наряду с проблемами общей теории термина (определение его границ, функционирование межотраслевых терминов, влияние когнитивной парадигмы на терминологические исследования) авторы отмечают специфику лингвистических исследований в области научной терминологии (влияние деления науки на терминосистемы). Отмечается также, что получение новых данных для терминоведения невозможно без всестороннего учета влияния внешних и внутренних факторов на развитие терминосистем. Термин является единицей текста, в которой представлена сумма всех значений и главная мысль определённого языкового феномена. В данной статье рассматриваются трудности, возникающие при переводе терминов различных областей. В связи со стремительным развитием социально-политического, экономического, научно-технического и многих других аспектов современной жизни возникает огромное множество теорий, понятий, явлений и предметов, требующих названия. Именно с помощью термина в языке закрепляются результаты нашего познания в различных областях. В связи с этим в статье рассматривается проблема выбора способа перевода новых терминов, который представляет большой интерес для лингвистов и переводчиков и занимает важное место в теории и практике перевода.

**Ключевые слова:** термин, терминология, терминосистема, унификация, стандартизация.

**Abstract.** The article reveals the main range of issues that are currently the most relevant for modern terminology. Highlights: the most important problems of modern terminology; unification and standardization of terminology as a type of terminographic activity, etc. The relevance of the article is due to the emphasis on the ongoing processes both in the world community and in Kazakh society in particular, as well as the spread of the English language as the main means of communication in the spheres of life of individuals. Along with the problems of the general theory of the term (definition of its boundaries, the functioning of intersectoral terms, the influence of the cognitive paradigm on terminological research), the authors note the specifics of linguistic research in the field of scientific terminology (the influence of the division of science into terminological systems). It is also noted that obtaining new data for terminology is impossible without taking into account the influence of external and internal factors on the development of terminology systems. A term is a unit of text that represents the sum of all meanings and the main idea of a certain linguistic phenomenon. This article discusses the difficulties encountered in translating terms from various fields. Due to the rapid development of socio-political, economic, scientific, technical and many other aspects of modern life, a huge variety of theories, concepts, phenomena and objects that require a name arise. It is with the help of the term that the results of our knowledge in various fields are fixed in the language. In this regard, the article considers the problem of choosing a method of translating new terms, which is of great interest to linguists and translators and occupies an important place in the theory and practice of translation.

**Keywords:** term, terminology, terminology system, unification, standardization.

Қазіргі терминология мәселелерін талдау және ұлттық терминжүйелердің даму қарқынын зерттеу қажеттілігі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жағдайында барған сайын арта түсуде. Ғалымдар терминологияның маңыздылығын және оның тілдің мәдени және ғылыми да-



муымен байланысын ерекше атап өтеді. Терминологиядағы глобализация мен ағылшын тілінің әсері, жаңа технологиялар мен салалардағы терминдердің дамуы, сондай-ақ терминдердің біріздендірілуі мәселелері әртүрлі ғылыми зерттеулерде қарастырылып келеді. Әртүрлі салада жаңа ұғымдар мен терминдер пайда болған сайын, олардың үйлесімділігі, дәлдігі және қолданылуы маңызды болады. Терминжүйелердің даму қарқыны да бірқатар аспектілерді, оның ішінде ұлттық тілдердің жаңа технологияларға бейімделуі, халықаралық стандарттарға сай болуы және терминдердің дұрыс аударылуы мен қолданылуын қамтиды.

Тіл білімі мен терминология саласындағы ғалымдар терминологияның ұлттық тілдердің дамуындағы рөлін жоғары бағалайды. Атап айтқанда, Ж.В.Гриб және А.В.Дуброва ғылыми және кәсіби тілдердің, оның ішінде техникалық терминологияның қоғамдағы ақпарат алмасуда маңызды рөл атқаратынын айтады. Олардың пікірінше, терминология ғылымы «тілдің құрылымы мен функцияларын ескере отырып, жаңа ұғымдар мен терминдерді жүйелендіреді» [1]. Т.В.Паршина терминологияның маңызды мәселелеріне тоқтала отырып, ғылыми техникалық терминдердің уақыт өте келе өзгеріп, жаңарып отыру қажеттігін атап өтеді [2]. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының терминологияға қатысты пікірлері қазіргі таңдағы тілші-ғалымдар мен қазақ тілінің дамуына үлес қосушы мамандар үшін маңызды әрі өзекті болып қала береді. Ғалымның осы саладағы еңбектері қазақ тілінің терминологиясын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Ол өз заманының сөздік қорын, оның ішінде қазақ тіліндегі терминдер мен олардың қолданылуын жетілдіру қажеттілігін терең түсінді. А.Байтұрсынұлының пікірінше, қазақ тілінде ғылым мен білім саласындағы жаңа ұғымдар мен терминдердің қалыптасуы өте маңызды болды, себебі ол ұлттың интеллектуалдық дамуына және мәдениетінің өркендеуіне ықпал етуі тиіс еді [3].

Жаңа технологиялар мен ғылым салаларының дамуы жаңа ұғымдар мен терминдердің пайда болуына алып келеді. Бұл ретте терминдер ғылыми және техникалық жаңалықтарға сәйкес болуы тиіс, алайда олардың халық арасында түсінікті болуы және ұлттық тілдің дәстүрлеріне сай келуі де маңызды. Қазіргі кезде қазақ тілінде жаңа терминдерді қалыптастыруда қиындықтар бар. Осыған байланысты ғылыми және техникалық тілде қазақша баламаларды табу немесе жасау қажеттілігі туындайды. Өкінішке орай, жаңа терминдер көбінесе халық арасында ресми түрде бекітілмей тұрып, кеңінен қолданысқа еніп кетеді. Бұл олардың нақты мағыналарын бұрмалауға және терминологиялық жүйеде шатасуларға әкелуі мүмкін. Осыған орай, ғылыми және күнделікті терминология арасында жиі сәйкессіздіктер туындайды. Бұл әсіресе халықаралық терминдердің аударылуы мен қолданысына қатысты мәселелерде байқалады. Терминдердің дұрыс аударылмауы немесе бұрмалануы ғылыми коммуникацияның дәлдігі мен сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл мәселе, әсіресе жаңа ғылыми салалар мен технологиялар дамыған сайын өзекті бола түседі. Ғылыми және техникалық терминологияның дұрыс дамуы үшін ұлттық тілдің ғылым мен техникаға бейімделуі өте маңызды. Ғалымдардың пікірінше, терминдер қазақ тіліне негізделіп, халықаралық терминологиямен үйлесімді түрде қабылдануы керек. Шегелден енген терминдер ұлттық тілдің ерекшеліктеріне сай дұрыс аударылып, түсінікті болатындай етіп қолданылуы қажет. А.Байтұрсынұлы жаңа терминдерді жасау кезінде олардың түсінікті әрі қолдануға ыңғайлы болуына баса назар аударды. Ол үшін тілдің табиғи заңдылықтарын сақтай отырып, жаңашылдық пен дәстүрді ұштастыруды мақсат етті. Осы орайда, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде сөз жасау тәсілдеріне (қосымшалар, түбір сөздер, сөз тіркестері және т.б.) сүйене отырып, нақты ғылыми терминдер жасаудың жолдарын көрсеткен.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі, тіл мен терминология мәселелерін жан-жақты зерттеген академик Ә.Қайдардың терминологияға қатысты көптеген құнды пікірлері мен еңбектері бар, әсіресе қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасуы мен дамуына қатысты көзқарастары маңызды. Ол қазақ тіліндегі терминологияның ұлттық болмысын сақтау қажеттігін алға тартып, қазақ тіліндегі терминдерді жасау кезінде оның халықтың тарихына, мәдениетіне және болмыс-бітіміне сай болуын талап етті. Осылайша, ғалым ғылыми ұғымдар мен терминдердің ұлттың рухани құндылықтарымен үйлесуі керек деп санады [4].

Академик Ә.Айтбайұлы қазақ тілінің терминологиясын жасау мен қалыптастыруда ұлттық ерекшеліктерді ескерудің маңызды екенін атап өткен. Академиктің пікірінше, тілдің дамуы, әсіресе терминдердің ұлттық негізде жасалуы, қоғамдық дамудың ерекше кезеңдері мен

ғылыми жетістіктерге байланысты болуы тиіс. Ол қазақ тіліндегі терминологияны ғылыми ұғымдарға сәйкес келтіру мақсатында ұлттық тілдің байлығын қолданудың қажеттілігін айтып, қазақ тілінің терминдерін жасар алдында шетелдік терминдер мен олардың баламаларын зерттеу керек деген пікір білдірген [6].

Ш.Құрманбайұлы терминдер жүйесін ұлттық тілдің заңдылықтарына сай жасауды, ал халықаралық терминдерді аудару кезінде олардың мағынасын сақтауды маңызды деп есептейді. Сонымен қатар, ғалым терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, терминологияның дамуы ғылыми және техникалық прогреске тікелей байланысты, ал жаңа ұғымдардың қалыптасуы мен оларды ұлттық тілде бейімдеу мәселесі өте өзекті [6]. Терминолог С.С.Исақова қазақ тілінде жаңа ұғымдарды бейнелеу үшін сөздердің сөзжасамдық және семантикалық мүмкіндіктерін кеңінен қолдануды ұсынады. Ол ұлттық тілде терминдерді қалыптастырудағы басты принциптерді айқындап, олардың негізінде тілдік нормаларды сақтауға, сондай-ақ тілдің даму жолдарын көрсетуге бағытталған ұсыныстар береді [7].

Жаһандану және ағылшын тілінің үстемдігі ұлттық тілдердің дамуында үлкен қиындықтар тудырып отыр. Ағылшын тілінің халықаралық ғылым мен техникада үстем тілге айналуы ұлттық тілдердегі терминологияның дамуына өз әсерін тигізуде. Әсіресе ақпараттық технологиялар, медицина, биотехнологиялар, жасанды интеллект, нанотехнологиялар сияқты салаларда ағылшын тілінен алынған терминдер көбейіп, оларды ұлттық тілдерде түсінікті етіп аудару қиынға соғады. Кейбір елдер ағылшын тіліндегі терминдерді аудармай, сол күйінде қолдануға бейім, бұл тілдің ұлттық ерекшеліктеріне әсер етуі мүмкін. Бұл тұрғыдан, А.Байтұрсынұлы «көшірмелер» мен «шетелдік сөздерді» қолдануды шектеп, олардың орнына қазақ тілінің өз ресурстарын пайдалану қажеттігін алға тартты. Сонымен бірге, ол «терминдерді қазақшалау» арқылы ұлттық тілдің мәдениеті мен ғылыми даму деңгейін көтеру керектігін айтты. Бұл ретте, шет тілдерінен алынған терминдер мен сөздерге қатысты сыни пікірлер білдіріп, оларды аудару және қазақ тілінің табиғатына бейімдеу қажеттігін ескергеніміз жөн. Ө.Айтбайұлы, қазіргі кезде ағылшын тілінің халықаралық ғылым мен технология тілінің доминанты ретінде кең таралуы ұлттық тілдерге қатер төндіреді деп санайды. Ол ғылым мен техниканың барлық саласында ағылшын тілінің ықпалына қарсы тұру үшін ұлттық терминологияның өзегін сақтау қажеттігін алға тартады. Сонымен қатар, ол халықаралық ғылыми қауымдастықпен байланыс орнату мақсатында, ағылшын тіліндегі терминдерді ұлттық контексте бейімдеу қажеттілігі туралы да өз пікірін білдірді [5].

С.Г.Тер-Минасова ұлттық тілдерге ағылшын тілінен енген терминдердің көбейіп бара жатқанын және бұл процестің тілдің құрылымына, мәдениетіне және өзіндік ерекшеліктеріне әсер ететінін айтады. Оның зерттеулерінде, халықаралық терминдерді ұлттық тілдерге бейімдеудің маңызы зор екені атап көрсетілген (С.Г.Тер-Минасова:2005). Қазіргі таңда ғылыми және техникалық салалардағы терминдердің көпшілігі шетелден алынғанын және олардың көпшілігі қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтіндігін есте ұстау қажет. Осы мәселелерді шешу үшін қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес жаңа терминдер жасау, сондай-ақ халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, қазақ тілінде терминологияны қалыптастыру аса маңызды.

Қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы ұлттық стандарттар мен жүйелерді қалыптастыру маңызды. Бұл өз кезегінде терминдердің біртұтас жүйеде қолданылуын қамтамасыз етеді. Терминология саласындағы негізгі мәселенің терминдердің бірізділігі мен олардың стандартталуында, сондай-ақ ғылыми қоғамдастық арасында бір терминнің бірнеше мағынада қолданылуын, сондай-ақ қазақ тіліндегі баламалардың жоқтығын немесе дұрыс аударылмағандығына сыни талдаулар қажет. Ұлттық терминологияны қалыптастыруда лексикалық қорды толыққанды пайдалану және жаңа сөздер мен терминдерді ұлттық мәдениетке сай құру қажеттілігі сөзсіз. Әсіресе, терминдер мен ұғымдардың бірізділігін қамтамасыз ету, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мәселелері жете қарастырылуы тиіс. Ұлттық терминологияның халықаралық тәжірибеге негізделіп отырып дамуы маңызды деп санаймыз. Ұлттық тілдің халықаралық тілдермен толыққанды интеграциялануы үшін тілдік ресурстарды тиімді пайдалану керек.

Т.Б.Сүлейменова өз еңбегінде халықаралық ынтымақтастықтың және терминологияның стандартталуының маңыздылығын баяндайды. Ғалымның пікірінше, халықаралық ұғымдар-

дың (ISO, IEC) терминдерді біріздендіру жұмыстары ұлттық тілдерде жаңа ұғымдардың дұрыс әрі дәл аударылуын қамтамасыз етеді. Халықаралық ұйымдар (мысалы, ISO, IEC) түрлі елдер мен салалардағы терминдерді біріздендіруге бағытталған стандарттар әзірлейді. Алайда, бұл терминдер әр елдің тілдік және мәдени ерекшеліктеріне қарай бейімделуі мүмкін, бұл ұлттық терминжүйелердің даму динамикасына әсер етеді [10].

Халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылғанда, олардың мағынасы бұрмаланбауы және тілдің грамматикалық құрылымымен үйлесуі қажет. Қазақ тілінің табиғатын сақтау мақсатында терминдердің жаңа нұсқаларын жасау ұсынылады. Терминология мәселелерін шешудің маңызды қадамы – түрлі салаларда терминдерді қалыптастыру мен қолдануды реттейтін ұлттық стандарттар мен ұсыныстарды әзірлеу. Бұл бірізділікті қамтамасыз етуге және қателіктер мен түсініспеушіліктерді болдырмауға көмектеседі.

Ұлттық термин жүйелердің дамуында халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс істеу маңызды. Халықаралық стандарттарға сәйкес терминдер мен ұғымдарды қабылдау және үйлестіру жалпы ғылыми және техникалық прогрестің негізі бола алады. Қазіргі технологиялардың дамуы, оның ішінде машиналық аударма мен автоматты түрде терминдер жасау жүйелері терминологияны жылдам жаңартып, біріздендіруге мүмкіндік береді. Заманауи терминология жаңа технологияларды енгізу нәтижесінде үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Жасанды интеллект, биотехнологиялар, кванттық есептеулер сияқты салаларда терминдер тез өзгеріп, жаңа сөздер пайда болуда, бірақ олардың ресми түрде қабылдануы көбінесе баяу жүреді. Мамандарды тек өз саласында ғана емес, сонымен қатар терминологияның дұрыс қолданылуы туралы да оқыту маңызды. Бұл үшін арнайы білім беру бағдарламаларын, ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуді дамыту қажет.

Мақаламызды түйіндей келгенде, қазіргі уақытта терминология мәселелері кешенді көзқарасты талап етеді. Ол халықаралық ынтымақтастықты, сондай-ақ тілдік және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, ғылыми және техникалық терминдердің дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қамтуы тиіс. Әр елдің ұлттық тілдік жүйесін сақтай отырып, ғылыми және кәсіби ортадағы терминдердің дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету әрі дамытудың жаңа құралдарын енгізу қазіргі заманғы ғылыми және техникалық процестердің тиімділігін арттырады. Терминология жағдайын жақсарту үшін терминдерді әзірлеумен және стандарттаумен ғана емес, қолданыстағы терминдерді өзектендірумен, ғылым мен техникадағы өзгерістерді бақылаумен айналысатын мамандандырылған органдарды (мысалы, терминологиялық комитеттерді) дамыту қажет. Халықаралық ғылыми және техникалық жобаларда қолдануға болатын әмбебап, түсінікті және нақты терминдерді құру үшін ұлттық терминологияны ғана емес, сонымен қатар тілдік қауымдастықтар арасындағы өзара әрекеттесуді белсенді түрде дамыту маңызды. Терминдерді сәтті стандарттау және өзектендіру үшін лингвистер мен терминологтарды ғана емес, ғылым мен техника саласының мамандарын да тарту маңызды, бұл терминологияның осы саланың өзекті қажеттіліктеріне жауап беруі мен сала мамандарына ұғынықты болуын қамтамасыз етеді.

## Әдебиет

1. Гриб Ж.В. Особенности немецкой и английской научно-технической терминологии / Ж. В. Гриб, А.В. Дуброва // Слово. Текст. Социум : сб. науч. тр. / УО МГПУ им. И. П. Шамякина; редкол.: Л. В. Исмаилова (отв. ред.) [и др.]. – Мозырь, 2014. – С. 82–89.
2. Паршина, Т. В. О знании технической терминологии / Т. В. Паршина. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2016. – № 15 (119). – С. 601-607. – URL: <https://moluch.ru/archive/119/32883/> (дата обращения: 25.11.2024).
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас [Мәтін] / Ә. Қайдаров. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
5. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері / Ө. Айтбайұлы. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 с.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014. – 928 б.
7. Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. – 158 бет

8. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
9. Ter-Minasova S. Traditions and Innovations: English Language Teaching in Russia // World Englishes. 2005. Vol. 24. No. 4. Pp. 445–454.
10. Сүлейменова, Т.Б. Терминологияның халықаралық стандарттары мен ұлттық бейімделуі. – Алматы: Әлем, 2018.

**Толқын ЕРАЛИЕВА**  
*Қазақстан-Ресей медициналық университеті*  
*аға оқытушы, психология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: НӘТИЖЕЛЕР МЕН ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада терминология саласындағы қазіргі заманғы өзекті мәселелер қарастырылады. Терминдердің стандартталуы, полисемия және омонимия, интернационализация секілді мәселелер зерттеліп, оларды шешудің жаңа тәсілдері ұсынылады. Ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект терминологияны дамыту мен басқарудағы рөлі талқыланады. Сонымен қатар, жаңа тәсілдердің нақты қолдану мысалдары келтіріледі.

**Тірек сөздер:** терминология, стандарттау, полисемия, жасанды интеллект, терминологиялық база.

**Аннотация.** В статье рассматриваются актуальные проблемы терминологии, такие как стандартизация терминов, полисемия, омонимия и интернационализация. Обсуждаются новые подходы к решению этих проблем, включая использование информационных технологий и искусственного интеллекта. Приводятся примеры практического применения современных методов для улучшения терминологической согласованности.

**Ключевые слова:** терминология, стандартизация, полисемия, искусственный интеллект, терминологическая база.

**Abstract.** This article discusses the current challenges in terminology, such as term standardization, polysemy, homonymy, and internationalization. It explores new approaches to addressing these challenges, including the use of information technologies and artificial intelligence. Practical examples of applying modern methods to enhance terminological consistency are provided.

**Keywords:** terminology, standardization, polysemy, artificial intelligence, terminology database.

Терминология – терминдерді, олардың шығу тегін, құрылымын, мағынасы мен қолданылуын зерттейтін ғылым. Ол ғылымда, техникада, медицинада және басқа салаларда дәл және бір мәнді байланыстарды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Білім мен технология қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда терминология инновациялық тәсілдерді қажет ететін жаңа міндеттерге тап болып отыр. Терминологиялық зерттеулер стандарттарды құруға, белгісіздіктерді жоюға және әртүрлі пәндер мамандары арасындағы байланысты жеңілдетуге бағытталған. Дегенмен, жаһандану және пәнаралық зерттеулердің өсуіне байланысты бұл міндеттер барған сайын күрделене түсуде.

Терминология алдында тұрған қазіргі міндеттер бірнеше негізгі аспектілерге байланысты:

Терминологияның маңызды мәселелерінің бірі әртүрлі тілдер мен пәндердегі терминдерді стандарттау болып қала береді. Техникалық терминдер елге немесе ғылыми салаға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Мысалы, медициналық терминология көбінесе латын және грек тілдерінен алынған, бұл ұлттық тілдерде стандарттауды қиындатады. Сонымен қатар, бір терминнің әртүрлі нұсқаларын қолдану түсініксіздікке әкеліп, ғалымдар мен практиктер арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін төмендетуі мүмкін.

Көп мағыналы (көп мағыналы) және омонимия (әр түрлі мағынадағы бір форма) терминдерді қолдануда қосымша қиындықтар туғызады. Бір термин әртүрлі контексте бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, информатика мен биологиядағы «сеть» сөзі мүлдем

басқа мағынаны білдіреді. Бұл зерттеушілерден белгілі бір термин қолданылатын контекстті дәл анықтауды талап етеді.

Ағылшын тілінің халықаралық ғылым тілі ретіндегі әсері көптеген терминдердің ұлттық тілдерге бейімделместен ағылшын тілінен тікелей қабылдануына әкелді. Бұл жаңа ұғымдардың тез таралуын жеңілдетеді, сонымен қатар басқа тілдік ортада жұмыс істейтіндерге қиындықтар туғызады. Мысалы, техникалық салаларда «бағдарламалық қамтамасыз ету» және «аппараттық құрал» сияқты ағылшын тіліндегі терминдер кеңінен қолданылады, олар көбінесе аудармай қалады.

Ақпараттық технологиялардың дамуымен терминологиялық мәліметтер қорын құру және жүргізу қажеттілігі артты. Автоматтандырылған табиғи тілді өңдеу (NLP) жүйелері терминдерді жасау мен басқаруда, стандарттау мен аударма процесін жеңілдетуде шешуші рөл атқарады.

Сипатталған міндеттерді ескере отырып, соңғы жылдары терминологиялық жүйелілікті жақсартуға және терминдерді қолдану тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер әзірленді.

Жасанды интеллект және машиналық оқыту терминологияға қатысты үлкен деректер жиынын талдауда маңызды рөл атқарады.

Корпус зерттеулері терминдердің табиғи ортада қалай қолданылатынын зерттеу үшін нақты мәтіндерді талдауға сүйенеді. Бұл терминдерді қолданудағы жиі кездесетін қателер мен кемшіліктерді анықтауға ғана емес, контекстке байланысты олардың мағынасын ашуға да көмектеседі. Үлкен деректер корпустары терминдерді тілдер мен пәндер бойынша қолдануды зерттеуге мүмкіндік береді, бұл терминдерді жақсырақ түсінуге және бірізділікке әкеледі.

Перспективалы бағыттардың бірі – нақты уақыт режимінде жаңартылатын және барлық мүдделі пайдаланушылар үшін қолжетімді болатын терминологиялық мәліметтер қорын құру және автоматтандыру. Мұндай дерекқорлар терминдердің әртүрлі аудармаларын, олардың анықтамаларын, синонимдерін және әртүрлі контексттерде пайдалану мысалдарын қамтуы мүмкін.

Терминдерді түсінуді жақсарту үшін, әсіресе инженерлік және медициналық пәндерде мультимодальды тәсілдер жиі қолданылады. Бұл терминдердің мағынасын және олардың қолданылуын түсіндіруге көмектесетін диаграммалар, диаграммалар және бейнелер сияқты көрнекі және есту компоненттерін пайдалануды қамтуы мүмкін. Мысалы, медицинада күрделі терминдерді анатомия бейнелері немесе физиологиялық процестердің анимациялары арқылы түсіндіруге болады.

Медицинада терминологияның дамуы диагностика, емдеу және мамандар арасындағы қарым-қатынас үшін өте маңызды. Автоматтандырылған терминологиялық деректер қорын пайдалану дәрігерлерге медициналық терминдерді жылдам тауып, аударуға мүмкіндік береді, бұл халықаралық ынтымақтастықты айтарлықтай жеңілдетеді. Мысалы, электрондық денсаулық сақтау жазбалары (EHR) жүйелері ICD-10 және SNOMED CT сияқты халықаралық жүйелердің стандартталған терминдерін көбірек пайдаланады, бұл медициналық жазбалардағы сәйкестікті қамтамасыз етуге көмектеседі және пациенттерге күтім көрсету сапасын арттырады.

Білім беру ортасында мультимодальды тәсілдер барған сайын танымал бола бастады. Медициналық оқу орындарында мультимедиялық оқу құралдары студенттерге терминдерді есте сақтап қана қоймай, оларды нақты клиникалық жағдайлар аясында түсінуге мүмкіндік береді, бұл оқу сапасын арттырады және теориялық білім мен практикалық дағдылар арасындағы кедергілерді азайтады.

Заманауи ғылымдағы қазіргі тенденциялардың бірі – пәнаралық зерттеулердің өсуі, мұнда әртүрлі білім саласындағы мамандар күрделі мәселелерді шешу үшін бас қосады. Бұл өз кезегінде терминологияның дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Пәнаралық жобаларда әртүрлі ғылыми салалардағы элементтерді біріктіретін жаңа терминдерді жасау қажеттілігі жиі туындайды. Мысалы, «биоинформатика» және «нанобиотехнология» сияқты терминдер сәйкесінше биологияның ақпараттық технологиялармен және нанотехнологиялармен бірігуін көрсетеді. Бұл гибридті терминдер шатасу мен түсінбеушіліктерді болдырмау үшін нақты анықтаманы қажет етеді.

Пәнаралық терминдер әртүрлі ғылыми контексте әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, физика мен биологиядағы «модель» термині мүлдем басқа ұғымдарды білдіруі мүмкін. Сондықтан әртүрлі ғылым салаларының ғалымдары өзара тиімді қарым-қатынас



жасауы үшін терминдерді бір жүйеге келтіріп, үйлестіру тетіктерін әзірлеу маңызды. Бұл ғылымдар тоғысында терминдерді қолдануды үйлестіре алатын пәнаралық жұмыс топтары мен терминологиялық комиссияларды құруды талап етеді.

Пәнаралық зерттеулер аясында жасалған терминологияны кеңінен түсіну үшін оны білім беру бағдарламаларына енгізу және мамандар мен студенттер арасында кеңінен насихаттау маңызды. Бұған студенттер мен зерттеушілерге жаңа терминдерді меңгеруге және олардың әртүрлі контексттегі мағынасын түсінуге көмектесу үшін оқу материалдарын, глоссарийлер мен терминологиялық нұсқаулықтарды жасау кіреді.

Цифрлық трансформация ғылымды, медицинаны, білім мен өндірісті қоса алғанда, өмірдің барлық салаларын қамтиды. Осы тұрғыда терминология цифрландырумен байланысты жаңа технологияларды, әдістерді және процестерді сипаттау үшін маңызды болады.

Блокчейн, жасанды интеллект, Интернет заттары (IoT) және виртуалды шындық сияқты жаңа цифрлық технологиялар жаңа терминдер жасауды және бұрыннан барларын жүйелеуді талап етеді. Бұл терминдер елдер мен салаларда дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету үшін нақты анықталып, халықаралық стандарттарға енгізілуі керек.

Сандық платформалар мен жасанды интеллект көмегімен терминдерді жасау, тексеру және тарату процестерін автоматтандыруға болады. Мысалы, автоматтандырылған терминологиялық мәліметтер базасы мен машиналық аударма жүйелері терминдерді стандарттау процесін жылдамдатуға және нақты уақыттағы аудармалардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Интернет арқылы қол жетімді цифрлық анықтамалықтар мен терминологиялық деректер қорын дамыту халықаралық ғылыми және кәсіби байланыс үшін маңыздырақ болып отыр. Бұл ресурстар әлемнің кез келген жеріндегі кәсіпқойлар үшін заманауи терминдерге, анықтамаларға және аудармаларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Терминология тек техникалық пән ғана емес, сонымен бірге этикалық аспектілерді қамтитын сала. Терминдердің дәлдігі адам өмірі мен құқықтарына тікелей әсер ететін медицина, биотехнология, генетика және жасанды интеллект салаларында этикаға қатысты мәселелер әсіресе маңызды болып табылады.

Медицинада терминдерді дұрыс қолданбау заңды және моральдық салдарға әкелуі мүмкін, мысалы, диагнозға, емдеуге немесе медициналық эксперименттерге қатысты терминдерге келгенде. Бұл терминдерді, әсіресе эвтаназия, генді өңдеу және көмекші репродукция сияқты сезімтал салаларда қолданудың қатаң этикалық стандарттарын әзірлеуді талап етеді.

Бірдей терминдер әртүрлі елдер мен мәдениеттерде әртүрлі қабылдануы мүмкін. Мысалы, гендер термині мәдени контекстке байланысты әртүрлі мағыналар мен коннотацияларға ие болуы мүмкін. Сондықтан халықаралық терминология стандарттарын әзірлеу кезінде түсінбеушілік пен қарама-қайшылықты болдырмау үшін мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Терминдерді жасау және стандарттау үшін жасанды интеллектті пайдалану да этикалық сұрақтарды тудырады. Автоматты аудару және термин жасау үшін қолданылатын алгоритмдердің ашық болуы және халықаралық ғылыми коммуникацияда қателіктер мен кемсітушіліктерді болдырмау үшін ықтимал қиғаштықтар мен мәдени контексттерді ескеруі маңызды.

Қазіргі терминология көптеген маңызды тенденциялардың – жаһанданудың, пәнаралық зерттеулердің, цифрлық трансформацияның және этикалық мәселелердің тоғысқан жерінде. Жаңа технологияларды дамыту, терминологиялық процестерді автоматтандыру және пәнаралық терминдер жасау кейінгі зерттеулердің перспективалық бағыттары болып табылады. Дегенмен, терминология жаһандық коммуникацияға шынайы үлес қосуы үшін мәдени және этикалық аспектілерді ескеру, унификация мен стандарттауды қолдау, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін белсенді пайдалану қажет.

#### Әдебиет

1. Будаев Э.В., Калашников, А.В. Ғылымдағы терминология: стандарттау және біріздендіру мәселелері // Мәскеу университетінің хабаршысы. Серия 7: Филология және журналистика. 2020. №3. 89–96 б.
2. Лотте Д.С. Ғылыми-техникалық терминологияның негіздерін қалыптастыру. М.: Ғылым, 1961. 287 б.
3. Кабакчи, В. В. Терминология: оқу құралы. СПб.: СПбМУ баспасы, 2011. 340 б.

4. ISO 704:2009. Терминологиялық жұмыс – Принциптер мен әдістер. Халықаралық стандарттау ұйымы, Женева, 2009.

5. Sager J.C. Terminology Processing: практикалық курс. Амстердам: John Benjamins Publishing Company, 1990. 271 б.

*Айгүл ӨТЕН*

*Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маман  
филология ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

*Гүлзагира ӨТЕН*

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті  
тарих ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Шымкент қ.)*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

Термин мәселесін қозғамас бұрын ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының ішінде тіл тазалығына, тіл мәселесіне, әсіресе термин жасау мен терминдер мәселесіне тоқталмай кеткені жоқ екенін қаперіңізге саламыз. Қазақ тілінің жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының термин жасаудағы еңбегі ұшан теңіз. ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасыр басындағы қазақ оқымыстыларының қай-қайсын алатын болсақ, бәрі де өз саласында терминология мәселесіне тоқталмай кеткені некен-саяқ. Мысалы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Аспандияров, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Марғұлан, М.Әуезов және тағы басқалар.

1924 жылы Х.Досмұхамбедұлы мен Қ.Жұбанов Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде терминология мәселесін қозғап кеткен еді. Әсіресе қазақ тіл біліміндегі Құдайберген Жұбановтың «О специфике слов-терминов», «Термин сөздердің спецификасы», «О терминологии казахского литературного языка, принимаемые государственной терминологической комиссией», «К пересмотру казахской орфографии», деген еңбектерінің рөлі зор.

Академик Ә.Қайдаровша айтқанда, «Терминнің бәрі – сөз, ал сөздің бәрі – термин емес» екені белгілі. Термин сөзі – лағынның «шек», «шеті», «шекарасы» деген мағына береді. Ғылыми ұғымға анық анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Қандай сөз болса да көп мағыналы болып келеді, бірақ сөздің мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет. Термин – сөз. Сөз деген құдірет, сөз деген құпия, сөз дегеніміз мағына. Терминнің негізгі анықтамасы – қысқа да нұсқа нақты бір жақты ұғымды білдіруі керек. Терминді зерттейтін ғылым саласы терминология болатындығы да айдан анық дүние. Енді, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов терминология проблемасы туралы былай деген болатын: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі дара сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал.

Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын, қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден карастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады».

Дегенмен, медицина саласына қатысты термин сөздерді бірзділікке түсіруде сәтті балама табылмай жүрген сөздердің бірі раздел – **бөлім**, отдел – **бөлім**, часть – **бөлім**; отделение – **бөлімше**, филал – **бөлімше**, подразделение – **бөлімше** (подразделениенің – отделениеден анағұрлым үлкен екені белгілі). Подкладка сөзін – **төсем**, подстилка – **төсем**, прокладка – **төсем** бұл сөздің де жағдайы осындай. Аталған сөздер әсіресе қатарласа, қабаттаса келген кезде аудармашыларымыздың қиналып жататыны бар.

Медицинада бірнеше баламасы бар, бағы ашылмай жүрген термин – «медицинская сестра». Сол «сестрамызды» қазақшалауға тырысып «**аяжан**» дедік, «**медицина бикеші**» дедік, кейін қысқартып «**медбике**» дедік. «Медицинская сестра» орыс тіліне кейінірек келген сөз. Ертеректе ол «сестра милосердия» болған. Осыған орай мейірімділіктің иесі деген ұғымнан шығатын

«мейіріе» деген сөзді де ұсынған тіл мамандары да болды. Осыдан кейін бірер жылдың ішінде «мейірбике» сөзі айналымға ене бастады. «Медицинская сестра» қызметіне басшылық ететін «Старшая медицинская сестра» атауын «аға мейірбике» деп атап, соңғы уақытта «жетекші мейірбике» деп қолданып жүрміз. «Старшая акушерка» – «аға акушер әйел», «старший диспетчер» – «аға диспетчер», «старший фельдшер» – «аға диспетчер» сөздеріне келгенде орыстың «старший» сөзінің аудармасы «аға» екені белгілі, медицина саласындағы «медбрат» сөзін – «мейіргер», «меджігіт» деп айтып жүрміз. «Старший» сөзінің аудармасы «аға», ал «жетекші» – сөзінің орысша аудармасы – руководитель, наставник, ведущий, т.б. сөздер тізбегі бар. Медицинамыздың тілі бір-бірімен қазақша тілдесуі үшін қазақи-кәсіби лексика орнығуы қажет деп ойлаймын.

Осындай жиі айтылып жүрген «Очаг» терминінің көп мағыналы сөз екеніне қарамастан оны «ошақ» деп аударып жүр:

1) «Очаг» – түркімен сөзі, оның қазақша баламасы – отбасы, үй-іші, мекені деген мағынаны береді. Тікелей аудармасы: «ошақ», «пеш». Бұған мысал: «очаг туберкулезной инфекции» – «туберкулез жұқпасының (инфекциясының) ошағы», яғни бактерия бөлуші науқастың мекенжайы;

2) «Очаги болезней» - «ауру ошағы», «очаг воспалительный» – «қабыну ошағы», «ишемия очаговая» - «ошақталған ишемия», «очаг язвенный» – «ойық жара ошағы».

3) «Очаг» – орныққан жері немесе «аурудың шығатын көзі» деген мағынада аударылады; Бұл терминнің рентгенологиядағы баламасы «Очаг» – «түйін» болып аударылуы тиіс.

Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады. Мәселен, «операция» терминін аударудың еш реті жоқ. Жиі қолданыстағы «операция» – латын сөзі, «әрекет» – қандай да бір мақсатқа жету үшін әрекет немесе олардың жиынтығы деген мағынаны береді. Осы «операция» терминін «ота» деп аударудың ешқандай қисынға келмейтіні анық, «операция плановая» – «жоспарлы оталау», «операция диагностическая» – «диагностық оталау», «операция срочная» - «жедел оталау» осы сияқты. Ғылыми ұғымды, яғни термин сөзді түсіндіре алатын, қысқа әрі нақты қазақша балама табылғанның өзінде, ол терминдік атау бола алады ма – сөз тәркініне үңілуіміз қажет. Медицинадағы «операция» сөзінің санамызға сіңіп, баршамызға түсінікті екені аян. Осындай терминді қазақшалау оғаш терминдердің дүниеге келуіне әсер етіп отыр. Операция – терминдік атау енді осыны қазақшалаймыз деп бас қатырудың қажеті жоқ. Операция – операция болып қалсын. Ғылым тілі ұлтқа, оның тегіне, нәсіліне қарамайды, бәріне ортақ, білім беру саласындағы барлық тілдерге ұғымы бір сөздер бұл – терминдер. Сондықтан оларды қазақшаға жөнді-жөңсіз, ала-құла аудару салу тіліміздің қадірін кетіреді. Осы орайда нейрохирург М.Бердіқожаевтың сөзін келтіргенді жөн санадық, медицина тілі – техникалық тіл. Сондықтан латын тіліндегі терминдерді тұрмыстық тілмен қазақшалау қате. Мысалы, стоматологты «тіс дәрігері» деп аудару дұрыс емес. Стоматолог «стоматолог» болып қалуы керек.

Латын, грек терминдеріне орыс тілінің қосымшалары қосылып пайда болған сөздерді қазақ тіліне аударуда олардың этимологиялық мазмұнына қарауымыз қажет. Мысалы, терапевтический дегенді терапевтикалық деп жазу қате, себебі түбірі «терапия», демек терапевтік болу керек, мысалы теоретический дегенді теоретикалық демейміз ғой.

Орыс тіліндегі медициналық терминдердің қазақша баламасын таба алмаған жағдайда, ондай ұғым қазақ тілінде жоқ болса, онда латын немесе грек тілінен енген аталымдар қалу керек деп ойлаймыз.

Медицина – көп салалы ғылым. Әр саланың өзіне ғана тән мамандандырылған сөздері бар. Сондықтан ғылыми ұғымдарды тәржімалайтын маман тек қазақ тілінің заңдылықтарын терең түсініп қана қоймай, өз мамандығын толық меңгерген болуы шарт. Соңғы кезде медицина атауларын орыс тілі арқылы емес, тікелей латын, ағылшын тілдерінен аудару қажет деген пікір жиі айтылып жүр.

Термин мәселесін зерделеуде іздестіру, салыстыру жұмыстарын қолданған жөн болар. Себебі, іздестіру жұмысын жүргізгенде салалық терминдерді жинақтау керек, салыстыруда түпнұсқа мен аударылатын тілмен салыстыру. Терминологияның дамуы аударма тәжірибесімен тығыз байланысты. Сондықтан да ғылыми аударма кезінде терминдерді аударуда мұқият болу керек.

1. Ахмет Байтұрсынов. «Ақ жол», Алматы, «Жалын», 1991 жыл.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас: оқу құр. / Ә. Қайдаров. – Алматы: Рауан, 1993.
3. Адам денесі: көрнекіленген оқулық. 3 томдық. 3 том. Жүйке жүйесі. Сезім мүшелері/ Авторы – А.Р.Рақышев: ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 376 б.

*Аягүл ОМАРОВА*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
PhD докторанты*

## ТЕРМИНАНЫМНЫҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада академик Әбдуәли Қайдардың «Адам», «Тіл», «Қоғам» үш тұғырының негізінде терминологияны психолінгвистикалық аспектіде қараудың маңыздылығы мен өзектілігі жайында айтылады. Терминдерді қолданушылардың қабылдау және тілге сіңіру процестерінің психолінгвистикалық қыры сипатталады. Соның негізінде тіл иелмендерінің терминдерді қалай қабылдайтынын тексеру мақсатында бекітілген 10 терминге кішігірім эксперимент жүргізіліп, оның нәтижесі көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** Әбдуәли Қайдар, терминология, психолінгвистика, бекітілген терминдер.

**Аннотация.** В статье рассказывается о важности и актуальности рассмотрения терминологии в психолінгвистическом аспекте на основе триединства «Человек», «Язык», «Общество», предложенные академиком Абдуали Кайдар. Характеризуется психолінгвистический аспект процессов восприятия и усвоения языка пользователями терминов. На основе этого с целью проверки того, как носители языка воспринимают термины, проводится небольшой эксперимент и указывается его результат.

**Ключевые слова:** Абдуали Кайдар, терминология, психолінгвистика, утвержденные термины

**Abstract.** The article describes the importance and relevance of considering terminology in the psycholінгvistic aspect based on the trinity of «Man», «Language», «Society», proposed by academician Abduali Kaidar. The psycholінгvistic aspect of the processes of perception and assimilation of language by users of terms is characterized. Based on this, in order to check how native speakers perceive the terms, a small experiment is conducted and its result is indicated.

**Keywords:** Abduali Kaidar, terminology, psycholінгvistics, approved terms.

Академик Әбдуәли Қайдардың қазақ тіл біліміне, сондай-ақ түркологияға қосқан үлесі орасан зор екені баршамызға белгілі. Академик Рәбиға Сыздық ғалымның тіл біліміндегі ба-сты 3 сала бойынша атқарған еңбегін ерекше атап көрсетеді. Оның алғашқысы – қазақ тіліндегі сөздердің түп-төркінін көрсететін этимологиялық талдаулары мен сол саланың теориясы. Екіншісі – фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер. Бұл саладағы ізденіс нәтижесін ғалым «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты төрт томдық еңбегінде көрсетеді. Үшіншісі – академиктің тіл саясатына қатысты қоғамдық қайраткерлігі.

Біз Рәбиға Сыздықтың бұл пікіріне Әбдуәли Қайдардың **қазақ терминологиясына сіңірген еңбегін** қосар едік. Ғалым қазақ терминологиясындағы проблемаларды атап қана қоймай, оларды шешудің жолдары мен қағидаттарын да ұсынған.

Әбдуәли Қайдар – қазақ тіл білімінің сан алуан саласының өзекті мәселелерін көтеріп қалам тартқан ғалым. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдары қазақ тілінің нағыз қиын-қыстау кезеңінде дәл ортасында жүрді, проблемаларды көтеріп, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін ұсынып отырды. Терминология саласы да шеттеп қалмады. Ғалымның терминологияны тілді сақтаудың үштағанына енгізуі де бекер емес еді. «Бұл, ең алдымен, ана тілінің негізін құрайтын компоненттердің үштағаны – жазу (ұрпақты байланыстыратын алтын көпір), ономастика (жердегі ескерткіштер) және терминология (тілді байыту көзі, тілді жанарту)» дейді ғалым.

«Өркениет өріне қанат сермеп, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқының – «ұлттық тіл», «әдеби тіл», «ғылым тілі», «мемлекеттік тіл» деген салалардан тұратын мәртебелі тілінің замана талабына сай жаңарып, өркениет өрісі мен үрдісіне сәйкес өзгеріп, толығып, дамып отыратын сезімтал да сергек, өміршең де өзекті ариасы – осы терминология» дей отырып, [1, 359] ғалым терминнің жасалуы мен дұрыс бағытта дамуын «Адам», «Қоғам», «Тіл» үш тұғырымен байланыстырады.



Академик «Адам», «Қоғам», «Тіл» үштұғырын бір-бірімен байланыстыра келе, олардың ішіндегі ең маңыздысы тіл иелмені, яғни адам екені жайлы қорытынды жасайды.


Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан өзгерістер адамның санасына тікелей әсер етеді: ойын өзгертеді немесе жаңаша көзқарас қалыптастырады. Болашақта бұл мәселені психоллингвистика саласымен байланыстыра зерттеуге болады. Яғни, бір әлеуметтік жағдайды бір қоғамдағы сан алуан адамдар әртүрлі қабылдауы мүмкін. Бұл қоғамдағы жағдайды әркімнің әртүрлі қабылдауына, бағалауына байланысты.

Ғалым «Адам» тұғырына қатысты мынадай проблемаларды көрсетеді:

1. «Термин табиғаты – нәзік құбылыс, ол жапа-тармағай жабылып, асар салу арқылы орындалатын көпшілік қолды іс емес» [1, 361] – термин жасаушылар тарапынан келетін олқылықтар.

2. Терминді пайдаланушылардың терминнің нәзік табиғатын түсінбеуі: «қоғам мүшелерінен терминдік процесті өзінің тарихи-әлеуметтік негізі бар, өркениетке беттеген ел үшін болашағы зор жаңа да келелі құбылыс деп тануды талап ететін мәселе» [1, 361] – терминді пайдаланушылар тарапынан кететін олқылықтар.

Сондай-ақ тіл иелменін ғалым екі түрге бөледі және олардың ішіндегі алғашқы түрінен аулақ болу керектігі жайлы ой қозғайды.



**Аңдатпа.** Мақалада медициналық терминологияның дамуы мен қолданылуы мәселелері қарастырылады. Медициналық терминдер әртүрлі салада қолданылып, соңғы жылдары олардың саны артып отыр, алайда терминдердің бірізділігі мен нақты қолданылуы әлі де өзекті мәселе болып табылады. Мақалада медициналық терминдердің қазақ тіліне аударылуы, терминологияның жүйеленуі, тіл мамандары мен медицина саласының мамандары арасындағы ынтымақтастық, сондай-ақ цифрлық технологиялардың рөлі туралы ұсыныстар келтірілді.

**Тірек сөздер:** медициналық терминология, терминдердің бірізділігі, аударма мәселелері, ақпараттық технологиялар, терминтаным.



**Аннотация.** Статья посвящена вопросам развития и применения медицинской терминологии. Медицинские термины находят широкое применение в различных областях здравоохранения, и их количество значительно возросло в последние годы. Однако проблема точности и последовательности их использования остаётся актуальной. В работе предлагаются подходы к переводу медицинских терминов на казахский язык, систематизации терминологии, укреплению сотрудничества между лингвистами и медицинскими специалистами, а также рассматривается роль цифровых технологий в этом процессе.

**Ключевые слова:** медицинская терминология, согласованность терминов, проблемы перевода, информационные технологии, терминоведение.

**Abstract.** The article is devoted to the development and application of medical terminology. Medical terms are widely used in various areas of healthcare, and their number has increased significantly in recent years. However, the problem of accuracy and consistency of their use remains relevant. The paper proposes approaches to translating medical terms into Kazakh, systematizing terminology, strengthening cooperation between linguists and medical specialists, and also considers the role of digital technologies in this process.

**Keywords:** medical terminology, consistency of terms, translation problems, information technology, terminology.

Медициналық терминология – медициналық ғылым мен практикада қолданылатын терминдер жиынтығы. Бұл терминдер әртүрлі денсаулық сақтау салаларында, ауруларды сипаттауда, диагностикада, емдеу әдістері мен фармакологияда қолданылады. Соңғы жылдары медициналық білім беру мен ақпараттық технологиялар арқылы терминдер саны артқанымен, олардың нақты әрі бірізді қолданылуы мәселесі әлі де өзекті. Медициналық терминдердің көпшілігі латын тілінен немесе грек тілінен алынған, бірақ кейбір терминдер әр елде әртүрлі аударылып, түсіндіріліп келеді. Бұл өз кезегінде пациенттер мен дәрігерлер арасындағы қарым-қатынасқа кедергі келтіруі мүмкін. Мысалы, бір аурудың атауы немесе диагнозы әртүрлі тілде әрқалай түсіндіріліп, адамның дұрыс ем алуына кедергі келтіруі мүмкін.

Медициналық терминдердің күрделілігі мен көптігі медициналық мамандарға да, қарапайым халыққа да қиындық тудырады. Көптеген дәрігерлер мен мейірбикелер терминдерді дұрыс қолдануға тырысады, бірақ олардың білім деңгейіне байланысты кейбір медициналық сөздер түсініксіз болуы мүмкін. Сондай-ақ, әр елде немесе аймақта қолданылатын терминдер бір-біріне ұқсамауы мүмкін. Бұл да терминологияның бірізділігіне теріс әсер етеді. Медициналық терминдерді бір тілден екінші тілге аудару кезінде мағынаның жоғалуына немесе бұрмалануына жол берілуі мүмкін. Бұл, әсіресе, қазақ тілі сияқты жас тілдер үшін өзекті мәселе. Көптеген терминдер тікелей аударылмайды және түсінік беру үшін қосымша түсіндірмелер қажет болады. Мұның нәтижесінде дұрыс түсінбеушілік туындауы мүмкін. Көптеген адамдар медициналық терминдермен таныс емес, сондықтан дәрігерлер мен мейірбикелердің жоғары дәрежеде білім алған терминдер қолдануы олардың түсінігін қиындатуы мүмкін. Пациенттердің медициналық терминдерді дұрыс түсінуі өте маңызды, өйткені бұл олардың өз денсаулығын қадағалауға және дұрыс ем алуға көмектеседі.

Медициналық терминдердің бірізділігі мен түсініктілігін қамтамасыз ету үшін, барлық медициналық ұйымдар мен институттар арасында ортақ терминологиялық база болуы тиіс. Бұл база ғылыми ұйымдар мен денсаулық сақтау министрліктері тарапынан әзірленіп, тұрақты түрде жаңартылып отыруы керек. Әр түрлі терминдердің бір мағынада қолданылуын қадағалау өте маңызды. Медициналық терминдерді қазақ тіліне аударғанда, әр түрлі сөздіктер мен ғылыми-талдау жұмыстарын жүргізу арқылы тілді байыту керек. Мұндай жұмыстарды медициналық тілдің мамандары мен лексикографтар бірлесіп отырып жүргізуі қажет. Қазақстанда қазіргі таңда қазақ тіліндегі медициналық терминологияның дамуына ерекше көңіл бөлінуде, бірақ бұл жұмыс әлі де толық аяқталмаған.

Дәрігерлер мен мейірбикелерге арналған медициналық терминологияны оқыту жұмыстары да маңызды рөл атқарады. Бұл үшін арнайы терминологиялық курстар мен семинарлар ұйымдастырылып, болашақ мамандарды дұрыс медициналық тілде сөйлеуге үйрету керек. Медициналық оқу орындарында әртүрлі тілдердегі медициналық мәтіндермен жұмыс жасау да өте маңызды. Дәрігерлер пациенттермен жұмыс істегенде, күрделі медициналық терминдерді қолданудан аулақ болу керек. Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін қарапайым және

түсінікті тілде сөйлеу өте маңызды. Бұған қоса, медициналық терминдердің түсіндірмелері мен сөздіктерін пациенттерге жеткізу, оларды емдеу процесіне қатыстыру қажет.

Терминологияны дамыту барысында терминдер мен оларға сәйкес келетін ұғымдар жүйесінде бірқатар сәйкессіздіктер пайда болады, бұл өз кезегінде терминдердің кәсіби қарым-қатынас саласында тиімді қолданылуына кедергі келтіреді. Ғылымның дамуымен және оның қоғамдағы маңызының артуымен қатар, түрлі тілдерден халықаралық терминдердің қолданылуы, олардың жедел түрде жинақталуы сияқты факторлар да бұл жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Осы мәселелердің нәтижесінде терминологияны ретке келтіру және жүйелеу қажет, ол үшін тілдік ерекшеліктер мен терминологияны дамыту заңдылықтарын терең меңгере отырып, терминтаныммен тығыз жұмыс жасау қажеттілігі туындайды.

Терминтанымның басты мақсаты – терминдерді қолданудың тиімділігін арттыру үшін терминологияның қалыптасу және даму ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін бірқатар теориялық және практикалық міндеттерді шешу талап етіледі. Терминтанымның негізгі теориялық міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады: 1) арнайы лексикалық бірліктердің негізгі түрлерін анықтау және сипаттау; 2) терминдердің қалыптасу тәсілдері, үлгілері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ термин элементтерінің типтерін және терминдердің уәжділік түрлерін зерттеу; 3) терминдер мен терминологияның жалпы қасиеттерін анықтау; 4) коммуникативтік процестердегі терминологияның рөлін талдау; 5) тіл жүйесіндегі терминологияның орнын айқындау; 6) терминдердің семантикалық ерекшеліктерін жалпы қолданыстағы сөздермен, еркін және тұрақты сөз тіркестерімен салыстыру; 7) терминологиялық сөз тіркестерінің ерекшеліктерін еркін және фразеологиялық сөз тіркестерімен салыстыру. Генетикалық тұрғыдан қарағанда, жай терминдер жалпықолданыстағы немесе халықаралық сөздер, сондай-ақ белгілі бір сөзжасам үлгілері бойынша морфемдерден құралған бірліктер болуы мүмкін. Жай (немесе бір сөзден тұратын) терминдер жалпы қолданыстағы сөздерден семантикалық құрылымымен ерекшеленеді. Терминжасам жалпы сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келеді және сөзжасам үлгілері арқылы реттеледі. Терминдердің морфологиялық қасиеттері жалпы тілдің грамматикалық ережелеріне бағынады. Терминдер арасындағы семантикалық қатынастар логикалық сипатқа ие (тек-түр, бөлік-бүтін, ассоциация), бірақ олар әрқашан нақты терминологияның белгілі бір терминдерін байланыстырады деп түсініледі. Терминологияның аталған белгілері жүйелілік туралы айтуға мүмкіндік береді, яғни терминологияны лингвистикалық бірліктердің жүйесі (терминологиялық жүйелер) ретінде қарастыруға болады [4].

Медицина ғылымының докторы, профессор Балаш Түсіпқалиев өз мақаласында Қазақстанда медицина саласындағы терминологияны дамыту жұмыстары жүргізілуде, және бұл жұмысты ақысыз атқарып жатқан қазақ азаматтары мен азаматшалары көп. Олар ешқандай марапатқа үміт артпайды. Алайда, терминдер жасау процесі әртүрлі деңгейде жүзеге асуда. Мәселен, оқулық жазып жатқан оқытушы-ғалымдар арасында толық үйлесімділік жоқ. Сонымен қатар, түрлі медициналық жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін терминологиялық топтар бұл мәселені қажетті деңгейде шеше алмай отыр. Олардың негізгі міндеті оқулықтар мен диссертацияларды тексеріп, түзетулер енгізу болғандықтан, бұл жұмыс толыққанды әрі тегін жүзеге асырылуы қиын. Сондықтан, әрбір медициналық жоғары оқу орнында осы мәселеге жауапты арнайы орган болуы қажет деп өз ойын білдірді. [3].

Қазақ терминологиясының қарқындап дамып, тағы бір сатыға жоғары көтерілуіне мемтерминкомның үлесінің зор екенін Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» кітабының Терминология бөлімінде баса айтты. Сонымен қатар, бұл салада әлі де шешімін таппаған проблемалар, талқыланатын мәселелер және қоғамдық пікірді талап ететін даулар көп. Олардың барлығы негізінен қазіргі өміріміздің жаңа талаптарынан туындап, ғылыми-техникалық прогресс үрдісіне сай шешілуі тиіс терминологияның теориялық және практикалық мәселелеріне қатысты. Шынында да, терминдер мен атауларды қолдануда бірізділіктің болмауы, нақтылық, дәлдік, ықшамдылық пен жүйеліліктің барлық жағдайда сақталмауы сияқты кемшіліктер әлі күнге дейін кездесіп отыр. Мемтерминком қабылдаған және заңдастырған терминдер мен номенклатуралық атауларды бірізді түрде қолдануды бақылау, бұрмалаушыларды анықтап, тәртіпке келтіру әлі де толық жүзеге асырылмай отыр. Бұл ала-құлалықтың бір себебі болып табылатынын жеткізді.[1]

Қазіргі уақытта медицина саласындағы терминологияның күрделілігі мен көптігі, сондай-ақ оның әртүрлі тілдерде қолданылуы жиі қиындықтар туғызады. Бұл мәселелер қазақ тіліндегі медициналық терминдердің сапалы аударылуын және олардың толыққанды қолданылуын қиындатады.

Қосымша қиындықтарға медицина саласындағы жаңа ғылыми жетістіктер мен халықаралық терминдердің енгізілуі себеп болуда. Терминологияның дұрыс қолданылмауы медициналық қызмет көрсету сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі таңда медициналық терминдердің әртүрлі тілдерде аударылуы мен қолданылуы арасында сәйкессіздіктер жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде медициналық мамандар мен пациенттер арасындағы түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Мысалы, медициналық терминдерді аудару кезінде оларды өзара үйлестіру және мағыналық дәлдік маңызды рөл атқарады. Ғылымның дамуы мен қоғамдағы медицинаның рөлі артып келе жатқан сайын, медициналық терминологияның сапасын арттыру қажеттілігі артууда. Қазақстандағы медициналық салада халықаралық терминдер мен жаңа сөздер қолданысқа енуі жағдайды күрделендіреді. Сонымен қатар, медициналық сала мамандары мен тіл мамандарының бірлескен жұмысы арқылы қазақ тілінде медициналық терминологияның жүйелі түрде қалыптасуы маңызды. Медициналық терминологияның сапасын арттыру үшін бірқатар жолдар ұсынылады:

Терминдерді жүйелеу. Медициналық терминологияның жүйеленуі қажет. Бұл, ең алдымен, салааралық терминдер арасында сәйкестікті сақтау және олардың тілдік ерекшеліктеріне қарай дұрыс аударылуын қамтамасыз етеді. Медицина саласындағы әрбір мамандық бойынша арнайы сөздіктер мен анықтамалық құралдар әзірлеу, оларға жауапты мамандар мен тіл мамандарын тарта отырып, дұрыс терминологиялық база құру маңызды.

Қазақ тіліне аудару мәселелері. Қазақ тілінде медициналық терминдердің дұрыс аударылуы маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Бұл үшін арнайы тілдік зерттеулер жүргізіліп, халықаралық медициналық терминдерді қазақ тіліне бейімдеудің ғылыми негіздері жасалуы тиіс. Сонымен қатар, медицина саласындағы оқулықтар мен ғылыми еңбектерді қазақ тілінде жазу процесі де мұқият бақылауды қажет етеді.

Тіл мамандары мен сала мамандарының ынтымақтастығы. Медициналық терминологияны жетілдіру жолында тіл мамандары мен медициналық сала мамандарының бірлесе жұмыс істеуі маңызды. Бұл ұжымдық күш-жігер медициналық терминдердің мағыналық дәлдігін және қолданудағы үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Тек осы жолмен ғана терминологияның сапасын жақсартуға болады.

Цифрлық технологиялар мен ақпараттық жүйелердің рөлі. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуы медициналық терминологияны жүйелендіру мен оны тиімді қолдану үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Медициналық білім беру жүйесінде цифрлық ресурстарды қолдану, сонымен қатар ақпараттық жүйелер арқылы терминдерді іздеу, қолдану және түзету жұмыстарының тиімділігін арттыруға болады.

Қорыта айтқанда, медициналық терминологияны жетілдіру жолдары өте маңызды және көпаспектілі мәселе болып табылады. Бұл саладағы кемшіліктерді жою үшін медициналық және тіл мамандарының бірлескен жұмысы, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жүйелерді құру, қазақ тілінде медициналық терминологияның сапалы аударылуы сияқты мәселелерді шешілуі қажет. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану мен кәсіби дайындықты арттыру медициналық терминологияны дамытуға елеулі үлес қосады. Мұндай кешенді шаралар Қазақстандағы медициналық білім мен қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

#### Әдебиет

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, 1998.
2. Түсіпқалиев Б. Жоғары медициналық білім беру жүйесіндегі терминологияны меңгеру мәселелері // Медицина және қоғам, 2020.
3. Түсіпқалиев Б. Медицина саласы бойынша қазақ тіліндегі терминдердің сапасы, 2019.
4. Әшімбаева Н.М. Шеттілдік терминжасам үлгілерінің қазақ тіліндегі баламалары, 2023.

*Назерке НУРГАЛИЕВА*  
№10 жалпы білім беретін орта мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор  
филология ғылымдарының магистрі

*Гүлнар ИСАБАЕВА*  
№10 жалпы білім беретін орта мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
(Қазақстан, Талғар қ.)

## ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Кез келген ұлттық тілдің терминологиясы қоғамның кәсіби қызметінің барлық саласының арнайы ұғымдарының атауларын қамтиды, ал қазақ терминологиясы ғылым мен техника дамуының күрделі кезеңінен өтіп, қазіргі уақытта мемлекеттік институттардың, өнердің, мәдениеттің, отандық ғылым мен техниканың қазіргі заманғы даму деңгейін көрсететін терминжасамның жоғары дамыған жүйесін көрсетіп отыр. Осыған сәйкес, мақалада қазақ терминологиясының өзекті мәселелерін қарастыру мақсаты көзделді. Зерттеу нәтижесінде тіл ғылымының даму жағдайына әсер ететін қазақ терминологиясының бірқатар мәселелері қарастырылып, тілші ғалымдардың терминология ғылымына қатысты тұжырым, пікірлерінің негізінде тиімді шешімдер ұсынылды.

**Тірек сөздер:** Қазақ тілі, сөздік қор, термин, терминология, салалық терминдер.

**Аннотация.** Терминология любого национального языка включает в себя названия специальных понятий всех сфер профессиональной деятельности общества, а казахская терминология прошла сложный период развития науки и техники и в настоящее время представляет собой высокоразвитую систему терминологии, отражающую современный уровень развития государственных учреждений, искусства, культуры, отечественной науки и техники. Соответственно, целью статьи является рассмотрение актуальных вопросов казахской терминологии. В результате исследования рассмотрен ряд проблем казахской терминологии, влияющих на состояние развития науки о языке, и предложены эффективные решения, основанные на выводах и мнениях ученых-лингвистов, связанных с терминологической наукой.

**Ключевые слова:** Казахский язык, лексика, термины, терминология, отраслевые термины.

**Abstract.** The terminology of any national language includes the names of special concepts of all spheres of professional activity of society, and Kazakh terminology has gone through a difficult period of development of science and technology and currently represents a highly developed system of terminology reflecting the modern level of development of state institutions, art, culture, domestic science and technology. Accordingly, the purpose of the article is to consider the current issues of Kazakh terminology. As a result of the study, a number of problems of Kazakh terminology affecting the state of development of the science of language were considered, and effective solutions based on the conclusions and opinions of linguists associated with terminological science were proposed.

**Keywords:** Kazakh language, vocabulary, terms, terminology, industry terms.

Қазіргі адам ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени ортада өмір сүреді. Әрине, бұл орта күрделі құбылыс бола отырып, адамға, оның дүниетанымының, іс-әрекетінің, ойлауының, қабылдауының қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді. Өркениеттің дамуына негіз болып, оның қалыптасу құралдарының біріне айналған мәдениеттің бірегей құрамдас бөлігі – тіл және ең алдымен, арнаулы лексика, яғни тіл білімі саласындағы арнаулы лексикалық бірліктердің, арнаулы тіл терминдерінің жиынтығы. Олар мақсатты түрде реттеліп, бақыланып лексика – терминологияның ерекше қабатын құрайды. Тілдің дамуы мен халықтың материалдық және рухани мәдениетінің тарихи байланысы арнайы лексикада нақты көрсетілген. Бұл факт Еуропалық кеңестің терминологияны ХХІ ғасырдың жетекші саласы ретінде тануына ықпал етті. Ғылыми-техникалық білімнің қарқынды дамуы қазіргі тілдерде пайда болған жаңа сөздердің 90%-дан астамы арнайы лексиканы құрайтынын көрсетеді [1]. Тілдің жиі

қолданылатын сөздік қорымен салыстырғанда адам қызметінің әртүрлі салаларына қатысты терминдер санының артуы байқалады. Осы себепті қазіргі кезде белгілі бір ғылым салаларына, мысалы, химия, биология, медицина сынды салаларға қатысты терминдер, жиі қолданылатын күнделікті сөздерге қарағанда басымдыққа ие.

Сонымен қатар, терминдердің айтарлықтай санының жалпы сөздердің құрамына ауысуы байқалады, ал терминологиялық мәселелер ұлттық тілге айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан арнайы лексикалық саланың жай-күйін зерттеу тіл ғылымын дамытуда маңызды. Адамның тілге саналы ықпалы тек арнайы лексика саласында ғана жүзеге асады. Сондай-ақ қазіргі кезде тіл білімінің арнайы лексикалық салаларын реттеуден бүкіл тілдің арнайы лексикалық құрамын жүйелі түрде біріздендіруге көшу мүмкіндігі бар.

Термин және терминология мәселесіне қатысты іргелі зерттеулер жүргізіп, қазақ терминологиясының теориясы мен тәжірибесіне зор үлес қосқан, терминологияға белсене араласқан ғалымдардың арасынан ең алдымен А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Бәйішев, Б.Бірімжанов, Қ.Шәріпов, А.Қарақұлов, А. Сатыбалдиев, І.Жарылғапов, А.Т. Қайдаров, Ш.Сарыбаев, А.Әбдірахманов, Р.Сыздық, О.Айдарбек, Ш.Әбдірәсілов, А.Х.Азаматова, А.М.Ахметбекова сынды тіл ғалымдарын атап айтуға болады. Ал шетелдік лингвисттердің қатарында терминология саласында ғылыми ізденістер жүргізген тіл ғалымдары ретінде Г.О.Винокур, В.М.Лейчик, К.Я.Авербух, В.П.Даниленко, С.В. Гринев-Гриневич, Д.С.Лотте, Ю.Н.Ревина, Д.Л.Бронникова, В.А.Никифоров, Г.П.Кузикович, терминологиялық жүйе мәселелері туралы қарастырған ғалымдар Л.А.Капанадзе, А.В.Суперанская, Н.Н.Мелек, О.А.Алимурадов, М.Г.Павлова, О.В.Чурсин, О.В.Борхалд, М.Н.Володин және т.б., терминологиялық теория бойынша ғылыми еңбек авторлары Л.В. Морозова, И.П. Смирнов, И.М. Сулова және т.б., арнайы лексика және кәсіби лексика мәселелері бойынша В.Шмидт, Л.Гофман, О.С.Ахманова, Д.Е.Розенталь, Г.В.Строева, В.Н.Портянникова және т.б., дефиниция, дефиниция қызметі мәселелері бойынша Д.С.Шелов, В.А.Иконникова, А.В.Сложенникова, Л.С.Герд, К.Л.Левковская, И.А.Ребрушкина, М.И.Фомина, А.В.Иванов, Е.Г.Ризел, Н.С.Гаранина, Б.Т.Сью Аткинс, М.Рунделл, Хуан К.Сагер және т.б. тіл ғалымдарын атап көрсетуге болады [2].

Қазақ терминологиясының мәселелеріне келетін болсақ, еліміздегі көптілділік терминологияның даму жағдайларына әсер етпей қоймасы анық. Қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін А.Құнанбаев қаласа, А.Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының атасы деуге болады. Ол қазақ зиялыларының ішінде алғашқылардың бірі болып бүгінгі күнге дейін қолданып жүрген жаңа терминдерді жасаған. XX ғасырдың басында бүкіл қазақ элитасы өз салаларында жаңа терминдер жасаумен айналысты, өйткені басқа тілдермен бәсекеге түсу қажеттілігі туындады. Бірақ қазақ терминдерінің нақты жасалуы мен дамуы XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Қырғыз (Қазақ) Республикасының құрылу кезеңімен тұспа-тұс келді [1]. М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Асфендияров, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов – барлығы қазақ терминологиясының дамуына өз үлестерін қосты.

1924 жылы Орынборда мәдениет қызметкерлері мен ғалымдарының I съезі өтіп, онда тұңғыш рет қазақ тілінің терминологиясы мәселелері қаралды. 1934 жылы Қазақстанда Терминологиялық комиссия құрылып, оның төрағасы болып Х.Жұбанов тағайындалды.

Салалық терминдерді жасауда Х.Жұбанов өте маңызды рөл атқарды. Ғалым өзінің «Сөз-терминдердің ерекшелігі туралы», «Мемлекеттік терминологиялық комиссия қабылдаған қазақ әдеби тілінің терминологиясы туралы», «Қазақ емлесін қайта қарау жолында», «Термин сөздердің спецификасы» атты еңбектерінде орфографияны, алфавитті және терминологияны құру принциптерін қарастырды [3].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңес Одағы құрылғаннан кейін Қазақстанда «индигенизация - тамырландыру» реформасы жүргізілді. Іс қағаздары қазақ тіліне аударылды. Бірақ бұл басқа түркі тілдеріндегідей қазақ тілінде бұрын қағазбастылық болмаған дегенді білдірмейді. Көптеген түркі-мұсылман халықтары шағатай немесе түрік тілінде бір ғана жазбаша тілді пайдаланған. Бірақ алдымен мамандардың жетіспеушілігінен іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу қиынға соқты. М.Дулатов қазақ тілінде іс жүргізудің қаншалықты қиын екенін, кәсіби іс-қағаздарына аударма жасағанда сөздердің түсініксіз болатынын, орыс тілінен сапасыз аудармадан кейін кеңсе сөздерінің құрғақ сөздерге құрылып, қазақ тілінің мағынасын жоғалтып



алатынын жазады [4]. «Сауатсыз аудармашылардың» қате аударылған сөздерінің жарқын мысалы ретінде іс жүргізу тіліне қатысы болмаса да, Лев Толстойдың тегі мен есімінің «Жуан Арыстан» болып қазақшаға аударылуын атап айтуға болады.

Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ тіліндегі терминдер дамыды, бірақ соған қарамастан, көптеген терминдер аударылмаған күйі қала берді. Сол кездегі Министрлер Кабинетінде немесе Жоғарғы Кеңесте қолданылған кеңселік қазақ тіліндегі сөздерге назар аударсақ, қазақша мәтіндерде орыс сөздерінің 20-25 пайызы қолданылғанын және осыған байланысты мәтін мазмұнында не туралы айтылып жатқаны түсініксіз екенін байқауға болады. Десе де, бірден тамыр жайып, берік бекіген көптеген термин сөздер де пайда бола бастады. Мысалы, «мороженое – балмұздақ», «остановка – аялдама», «холодильник – тоназытқыш», «морозильник – мұздатқыш», «пылесос – шаңсорғыш», т.б.

Қазақ тіліндегі кейбір терминдердің көптен бері қолданылып келе жатқанына қарамастан, оларды архаизмдер қатарына аудару қажеттілігі туындады. Мәселен, профессор Б.Қалиұлы 2000 жылы «Терминологиялық хабаршы» журналында «құқық» («право») сөзін айту қиын әрі құлаққа түрпідей тиетін сөз болғандықтан, оны «хақ» сөзіне ауыстыру туралы ұсыныс жасаған [5]. Екінші жағынан, «хақ» сөзі ауызекі және әдеби тілде ежелден қолданылып келе жатқан сөз болғандықтан, оны қолданысқа енгізу ақылға қонымды ұсыныс болды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жаңа терминдер жарияланғаннан кейін ұзақ уақыт бойы бірдей терминдер БАҚ пен ғылыми әдебиеттерде қатар қолданылып, түсінбеушілік туғызды.

Мысалы, орыс тіліндегі «микрорайон» сөзі «шағын аудан», «микроаудан», «ықшам аудан», «мөлтек аудан» деп бірнеше нұсқада аударылған. Бірақ кейде бір терминнің бірнеше аналогтарын қатар қолдану ерте ме, кеш пе уақыт өте келе бір ғана терминнің қалуына әкеледі. Немесе тағы бір мысал: орыс тіліндегі «семья» сөзі қазақ тіліне ұзақ уақыт «отбасы», «жанұя» деп аударылып келгенімен, кейін Мемлекеттік терминология комиссиясы «отбасы» сөзін бекіткен.

Кейбір терминдердің аудармалары тілімізге берік сіңісіп кете алмады. Мысалы, «принцип» және «процент» сөздері қазақ тіліне «қағидат», «пайыз» деп аударылса, енді сол сөздер қазақ тілінде қайтадан бастапқы нұсқасында қолданыла бастады, яғни «принцип» және «процент».

Кейбіреулер қазақ тілінде экономикалық сипаттағы терминдер жоқ дейді, бірақ бұл адамдар түркітөктес көптеген әдет-ғұрып, шаруашылық терминдерінің әлі күнге дейін орыс тілінде қолданылып келе жатқанын ұмытып, қатты қателеседі. Мысалы, «алтын», «артель», «тауар», «қазына», «дүкен», «базар», «кеден», «ақша», «пай», т.б. [6].

Көптеген терминдердің тілімізге сіңіп кеткені сонша, бізге бұл сөздер қазақ тілінде бұрыннан бар сияқты көрінеді. Мысалы, бұл «ұшақ» (самолет), «әуежай» (аэропорт), «жарғы» (устав), «ресімдеу» (оформление), «тікұшақ» (вертолет) [6].

Кейбір терминдер жай ғана қалпына келтірілді. Олар о бастан қазақ тілінде қолданылған, мысалы, «сынып» - «класс». Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған кейбір терминдердің аналогтарын табу өте қиын. Мәселен, «часть – бөлім», «отделение – бөлім», «раздел – бөлім» немесе «отделение – бөлімше», «подразделение – бөлімше», сондай-ақ «правила – ереже» және «положение – ереже» [6].

Мемлекетіміз егемендік алған сәттен бастап ұлттық терминология қарқынды дами бастады. Өкінішке орай, бұл мәселеде Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының құрамындағы республикалардан әлі де артта қалып келеді. Мысалы, Балтық елдерінде 200 000-ға жуық сөз ресми түрде бекітілген.

Еліміздегі Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің дерегі бойынша, 1992 жылдан бері 2500 термин бекітілсе, 2000-2008 жылдары аудармада қиындық туғызған 8751 термин бекітілген. Барлығы 1992-2008 жылдар ішінде 189 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі бекітілсе, оның 155 мыңы салалық терминдер (қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктердің 31 томы шығарылды) [4].

Осылайша, 1990 жылдан кейін қазақ терминологиясының дамуы өзгеше реңкке, өзіндік ерекшеліктерге ие болды деуге болады. Кейбір терминдерді қазақ тіліне аудару арқылы ғылым мен мәдениеттің әртүрлі салаларында, жанрларында жаңа терминдік сөздіктер пайда бола бастады. Бұл сөздіктерде көптеген кемшіліктер бар, бірақ олар қоғамды жаңа терминдер туралы, олардың қабылдануы және қабылданбауы туралы әртүрлі пікірталастарға итермеледі, көптеген дублеттік терминдер пайда болды, бұл олардың кейбіреулерінің пайдасына емес, даулы

қоғамдық пікірге ие болды (Терминнің басты ерекшелігі оның ерекше бір мағыналылығында екенін ұмытпауымыз керек).

Қазақ терминологиясының бірқатар мәселелерін оң жүйеге келтіру үшін латын, грек және еуропалық тілдерде кенінен қолданылатын терминдерді өзгертпей сол күйінде қалдыруды жөн деп ойлаймыз. Бұл терминдердің бастапқы мағынасы мен тарихи сипатын сақтауға әсер етеді. Сондай-ақ, кез келген терминді бекіткен кезде оның өзге тілдердегі аналогтарына салыстырмалы талдау жүргізіп, қазақ тілінің тілдік нормаларына сәйкес келетінін ғана қабылдаған абзал. Ал қазақ тіліндегі терминжасамда қиындықтар туындаған жағдайда туыстас тілдердің терминдеріне жүгінуді ұсынамыз.

#### Әдебиет

1. Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии / Ө. Айтбайұлы. – Алматы: Издательство «Абзал-Ай», 2014. – 384 с.
2. Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия филологическая, №4. – Алматы, 2016. – С. 56-60.
3. Жубанов К. О специфике слов-терминов // Государственной терминологической комиссии. 1935, №2.
4. Амирхамзин А. Развитие терминологии казахского языка. [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.neotech.kz/state\\_language/development/](https://www.neotech.kz/state_language/development/) (дата обращения: 08.11.2024)
5. Қалиұлы Б. Жат сөздер жағадан ала бермесін // Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 1997. – 150 б.
6. Кеңесбаев С., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1966.

**Мира МҰРАТҚЫЗЫ**

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан, Қостанай қ.)*

### ҚАЗАҒА ҚАТЫСТЫ ҒҰРЫПТАРДЫҢ ВЕРБАЛДЫ, СӨЗДІК ФОРМАЛАРЫНЫҢ МАГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Андатпа.** Мақалада әлем халықтары мәдениетінің ең көне үлгілерінің бірі жоқтау ғұрыптарының тілдегі көрінісі қарастырылады. Көне дүниетаным бойынша қазаға қатысты ғұрыптарға шолу жасалып, адам өліміне қайғырудың сан алуан рәсімдерінің болғанын айғақтайтын деректер арқылы сипаттама беріледі. Жоқтау рәсіміндегі түрлі дәуірлерге тән таным элементтері (бет жырту, шаш жаю, дене жарақаттау,) бастапқыда рәсімнің өзі, кейін ғұрыптық өлеңдер мазмұнындағы көркемдік формулаға айналғаны тілге тиек етілді.

**Тірек сөздер:** Жоқтау, ғұрып, ғұрыптық фольклор, дүниетаным, үш сатылы ғалам.

**Аннотация.** В статье рассматривается языковое выражение траурных обрядов, одного из древнейших образцов культуры народов мира. В работе анализируются характерные для разных эпох элементы познания в траурном обряде (раздирание лица, волос, увечье тела) которые первоначально являлись самим обрядом, а позднее превратились в художественную формулу в содержании обрядового фольклора.

**Ключевые слова:** Траур, ритуал, обрядовый фольклор, мировоззрение, троимирия.

**Abstract.** The article examines the linguistic expression of mourning rites, one of the most ancient examples of the culture of the peoples of the world. The work analyzes the elements of knowledge characteristic of different eras in the mourning rite (tearing of the face, hair, mutilation of the body), which were originally the rite itself, and later turned into an artistic formula in the content of ritual folklore.

**Keywords:** Mourning, ritual, ritual folklore, worldview, three worlds.

Халық тарихымен егіз өріліп келе жатқан ғұрыптарды бірі – өлген адамды естіртіп, көңіл айту, жоқтау. Қазақ фольклортану тарихында жерлеу салтына байланысты өлеңдер бірқатар

зерттеулерде қарастырылып, жанрлық жіктілісі мен терминдік аталу жүйесі әрқалай аталып келеді. А.Байтұрсынов «Ғұрып сөзі», М.Әуезов «Ел салтындағы шер өлеңдер», С. Сейфуллин «Салт өлең-жырлары» десе, Х.Досмұхамедов «Жерлеу жырлары», Б.Уахатов «Мұң-шер өлеңдері», С.Қасқабасов «Жерлеу рәсіміне байланысты ырымдар мен өлеңдер», Ш.Ыбыраев «Жерлеу салтына байланысты өлеңдер», К.Ісләмжанұлы «Азалау фольклоры» деп атаған. Осыған байланысты ішкі жанрлық түрлері де бірнеше нұсқада болып келеді.

Өлік жөнелту және артын күту рәсімдерінің ретіне қарай сараласак, азалау фольклоры арыздасудан (қоштасу) басталады. Жасы келіп, дүниеден дәмі таусылар адамның жағдайы мүшкілдеп немесе ұзақ аурудан сарылып, ажал сәтінің жеткенін сезген зерделі жан ағайын-туғандарын, алыс-жақынын жинап қоштасып, соңғы арыз-тілегін, арман-өсиетін айтады. Бұдан кейінгі әрекет – қазаны туған-туыстарына естірту, естірте отырып көңіл айту, жұбату айту және қазаға душар болған адамның жақындарының жоқтауы.

Дәстүрлі дүниетанымға байланысты орындалатын қазаға қатысты ғұрыптарды шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Біріншіден адамның қайтыс болып, жерленгенге дейінгі атқарылатын ғұрыптар, екіншіден, өліктің артын күтуге байланысты атқарылатын ғұрыптар. «*Тумақ бар да, өлмек бар*», «*Тумақ болған соң өлмек парыз*», «*Туу бар да, өлім – хақ*» деп білген қазақ халқы пәни мен бақи дүниенің, қызығы мол тірліктегі «бұ жалған» мен «о дүниенің» барлығын әрдайым естен шығармаса керек.

Қазақ даласына ислам діні етене еніп, орныққаннан бері біраз уақыт өтсе де, өліктің артын күту, арулап аттандыру, аза тұту салттарының негізі сол ислам діні қағидаларымен атқарылатын болса да, қазақ халқы арасындағы қазаға қатысты атқарылатын дәстүрлі наным-сенімнің ұзындығынан ауытқымай, сақталып келеді. Қазаға қатысты ғұрыптардың ең маңызды құрамдас бөлігін құрайтын вербальді, сөздік формалардың (жоқтау айту) өзегінде сөздің көне магиялық қызметі туралы түсінік орныққан. Сөз арқылы марқұммен сөйлесіп, оған о дүниелік игілік тілеп, мұң-шерін шығарады. Кейін бұл мұсылмандық түсінікте жалғасын тауып, Құран сүрелеріндегі киелілік туралы оймен сабақтаса сипат алған.

Тілімізде өлім сөзі тура айтылмай, оны «*дүниеден қайтты*», «*қаза болды*», «*қаза тапты*», «*қазаға душар болды*», «*қаза жетті*», «*қазаға ұшырады*», «*қайтпас жолға сапар шекті*», «*дүниеден өтті*», «*дүниеден көшті*», «*о дүниеге сапар шекті*», «*жан тапсырды*», «*жаны шықты*», «*жер жастанды*», «*жамбасы (қара) жерге тиді*», «*жанын жәннамға тапсырды*», «*бақиға сапар шекті*» т.б.сөз орамдарын алмастыра қолданады. Мысалы: «*Келіп ем, шақырған соң Сары жаққа, Көрмеген ағайынды танымаққа. Қадірлі болыс қайтыс болған екен, Әуелі дұға оқыдым аруаққа*» (БС 91:38).

Ғалым С.Қасқабасов өлімді естірткенде «қайтыс болды», «қайтты» деген ұғымның мәнісі туралы: «Із-түзсіз ештеңе жоғалып кетпейді. Өлім – алғашқы жағдайға қайтып келу. Қазақтың «*кісі өлді*» дегенді «*қайтыс болды*», «*қайтты*» деп айтуының түбінде осы түсінік жатыр. Ажал – ол да өмір, бірақ басқаша өмір. Өлген адам жоғалды деп саналмай, ол басқа өмірге көшті, алғашқы өзінің түріне қайтып келді деп түсінілген», – дейді [1,77]. Ал, Ш.Уәлихановтың жазуы бойынша, «Аспанда да адамдар тұрады, олар белбеуді тамағынан буынады, біз әлемнің ортасында тұрамыз, сондықтан да белбеуді белімізден буынамыз, ал жер астында тұратындар (олардың да өздерінің күні, айы, жылдыздары бар) белбеуді аяқтарына буынады»[2,181]. Жалпы ғаламның үш сатылығы туралы түсінік көптеген халықтардың дәстүрлі дүниетанымында, дүниежүзілік діндердің көпшілігінде сипат алған.

Дәстүрлі жоқтауларда ислам діні қағидалары мен көне дүниетанымдық көзқарас сіңісіп, сыртқы түрінен ғана емес, ішкі мазмұнының өн бойынан табылады. Бұл ғұрып түркі тілдес қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар т.б. халықтарында көнеден бері сақталып келе жатқан дәстүрлердің бірі. Халқымыздың қазаны құрметтеу ғұрпынан туған жоқтау жырлары тек дауыс шығару, айғай салу ғана емес, оның мәнінде өкініш, өлім мен ажалға наразылықты сипаттайтын ақындық пен шешендік өнердің сыры жатыр. М.Қашқаридың жазуы бойынша, жоқтау – ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған жырдың бір түрі. Жоқтау адам өлген күннен бастап, жылы жетіп, аз берілген күнге дейін созылады. Жоқтау – қырғызша кошок, тәжікше – мәрсия деп аталады. Өзбектер де мәрсия дейді [3,125].

Профессор Е.Жанпейісовтың пікірінше, жоқтау етістігі **жоқ** лексемасынан жасалып, түркі тілдерінде этнографиялық мағынасымен танылады, жоқтау лексемасының морфологиялық

схемасы: жоқ-та-у. Сөз түбірі жоқ көне түркі тілінде *joğ* «қайғы, аза, жерлеу рәсімі», *jok* «жерлеу» мағынасын білдіреді [РСл: III: 400-409], яғни *jou* ~ *joğ* ~ *jyg* «жерлеу», *jyg ärmür* «жерлеу рәсімін өткізу», *joğında* «жерлеуде», *jygğaru* «жерлеуге», *jyg* «ас» [МК III: 157] формаларында қолданылады. *Yoğ* сөзі зат есім мәнінде: 1) жоқ болу, болмау, 2) өлім (Е.Ж.), бақытсыздық, жоқшылық, кедейлік» мағыналарын білдіреді. Күлтегін ескерткіштерінде көне түркілердің жоқтау ғұрыптары *сығыт* және *jyg* терминдерімен берілген, алт., тел. *jok* «бақытсыздық», алт., тел., лоб. *jook* «жұбату» [РСл III: 400, 404].

Кейбір түркі тілдерінде осы сөздің орнына жас зат есімі қолданылып, иас сөзінен жасалған йасла, йаслат туындылары татар, құмық, түрікмен және басқа тілдерде «жылау» мағынасын білдіреді (моңғол тілінде йас «сүйек, жерлеу»). Қарақалпақ тілінде *жоқла* «жылау», «жоқтау», *жоқлау* «қазаны жоқтау», қырғыз тілінде *жоқтоо* «еске алу әні», «қазаға жылау» мағынасында қолданысқа ие [ЮСл, 2571].

Ғалым қазақ тіліндегі *жоқтау*, *жоқтау айту*, *дауыс*, *дауыс айту*, (*дауыс қылу*), *ат қою* ұғымдарын тілдік және семантикалық жағынан бірдей мағынада қарастырған [4, 67-68]

Жоқлексемасынан туған жоқтау етістігі барлық түркі тілдерінде қайғы, өлім, бақытсыздыққа душар болғанда *жылау*, *аза тұту* сияқты мағынада қалыптасқан деп тұжырымдауымызға болады.

Ең алғаш А. Байтұрсынов жоқтауды «ғұрыпқа байлаулы сөздер» қатарына жатқызып, мынадай түсініктеме береді: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі бір адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр» [5, 295].

Ш.Уәлиханов алғаш ғылыми түсінік беріп, жоқтау жырларын «надгробный плач» – «табыт басындағы зар» деп атаған болатын. Ғалым: «Қазақ халқында кездесетін көптеген әдет-ғұрыптардың ішінде этнографияның назар аударатын бір тақырып айрықша қызықты. Мұнда көшпелілер әйелдерінің мінез-құлқы, ақыл-ой дамуы мен ақпейіл қасиеті айқын көрінеді. Тегі жағынан ақсүйек сұлтандардан шыққан немесе қоғамда көрнекті орын алатын қазақтың қазасында жылап-сықтап, жоқтаумен өлең айтылады. Мұнда марқұмның түрлі қасиеттері жырланады. Жесірдің күйеуін, қызының әкесін немесе қарындасының ағасын жоқтап өлең айтуын қазақтар «жылау» ия болмаса «жоқтау», – деп атайды [2, 164].

Жоқтау өлең сияқты салтпен байланысқан шер өлеңінің барлығы қазақ елінде өлең өнері қаншалық қасиетті, қадірлі сөз болғанын білдіруден басқа, тағы да бір бағалы жері болған. Ол бағасы: қайғыға душар болған жан күйер әйелге жанынан өлең шығаруды міндет қылғаны. Жақыны өліп, жүрегіне қаяу түскен әйел өзінің қайғылы күйін білдіріп, бойына біткен өнері болса, сынға салып, өлең шығарып көруі керек. Салт бойынша өлікті қадірлеу, жыл уағына шейін жоқтау, сол жыл уағына шейін қаралы болып отыратын әйелге, ақындық өнерін еріксіз қадірлі қылып, еріксіз соны іздетеді. Салтқа бағынудан өлеңшілікке, әншілікке бой сұнып, сол өнердің жолына еріксіз салынуды керек қылды [6, 27].

Жоқтау «*биссимилләмен*» басталып, ислам дініне бой ұсына отырып, шарифатпен дүниенің жалғандығын, алланың сүйіктісі болған Пайғамбардан бастап барлық адамзаттың осы өмірден өтуі құдайдың бұйрығы екенін мойындау сарынынан тұрады. Мысалы: «*Биссимиллә деп бастайын, Асығыс айтып саспайын. Қайран да менің асылым, Жоқтамай қайтып тастайын*» (БС: 91.107). «*Биссимилләдан бастайын, Тездете айтып саспайын. Иманды болғыр, әкежан! Аузымнан қайтып тастайын*» (БС 91: 52). «*Бісіміллә еді сөз басым, Айтсам бір келер көз жасым*» (БС 91: 54). «*Бісіміллә сөздің басында, Алланың аты қасында*» (БС 91: 90).

Өлем халықтары мәдениетінің ең көне үлгілерінің қай-қайсында болсын жоқтау жырлары кездеседі. Өлік жөнелту ғұрпы қаншалықты көне болса, оны жоқтау да соншалықты ескі болмақ. Байырғы қазаға қатысты ғұрыптарға көз жіберсек адам өліміне қайғырудың сан алуан рәсімдерінің болғанын айғақтайтын деректер көптеп кездеседі. Арғы дәуірлерде суық хабарды айтудан гөрі түрлі ишара, шартты белгілермен жеткізу басым болған. Мысалы, *бет жыртыу*, *дене жарақаттау*, *шаи тарқату*, *қара ту тігу*, *қара жамылу*, *ат қою* т.б. барлығы қазаның хабаршысы қызметін атқарған. Жылау рәсіміндегі түрлі дәуірлерге тән таным элементтері бастапқыда рәсімнің өзі, кейін ғұрыптық өлеңдер мазмұнындағы көркемдік формулаға айналған. Сонау көне замандарда, бергі түркі кезінің өзінде (V-VIII) түркі тайпалары қазаға

қатты қайғырып, жағын туыстары шаштарын жайып, бүйірлерін таянып, құлақтарын кесіп, беттерін жыртып, өздерін қорлайтын әдет болған. Оның мәні: «Өлген жақсы адамының артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» деп қараудан шықса керек.

**Бет жырту** – қаралы болған әйел басына түскен қайғының ауырлығын білдіру және түркі халықтарының көпшілігіне ортақ ғұрып. Әйелдердің бетіне қолының тырнақтарын салып, қанын шығара отырып із қалдыруы. Асыраушысы, баласы, қимайтын адамы қайтыс болған кезде әйелдер орындайтын дәстүрлі ишарат. Бет жырту ишараты көнеден жеткен. Қайғыру, іштегі зарын сыртқа шығару [7, 71]. Мысал келтіре кетсек, «*Тау басынан қан кетті, Арғымақтан жал кетті. Серігім сізден айырылып, Ақша беттен қан кетті. Салтанат қайда, салт қайда, Енді бізден сән кетті?!*» (БС 91: 109). «*Қыналы бармақ, шыи тырнақ, Көзімнің жасын тияйын. Албыраған ақша бет, Сүйегіне таяйын*» (БС 91: 156) дегенде ғұрыптың тілдік көрінісі де, әрекет-қимылдың өзі де өте көне дәуірде түсіп үлгірген.

Тарихи деректерге жүгінсек, Орхон-Енисей жазбалары, Қытай, көне түркілерде аза тұтқан әйелдер ғана емес, о баста еркектердің де бетін пышақпен тіліп, қан шығарғанына куә боламыз. Мысалы, қытай деректерінде хұндардың өз дәстүрі бойынша тәңірқұттың алдына бетін тіліп кіретіндігі. Егер бұл дәстүрге мойынсұнбаса, басқа елдің елшілері де тәңірқұтқа жолықтырылмайтындығы, бетін тілу, жақсы көру, құрметтеудің белгісі екендігі туралы айтылған. Сол сияқты түріктерде де адам қайтыс болған соң өлген адамның туыс-туғандары, жақындары түгелдей мәйіт қойылған киіз үйдің қасына жиналып, оған ас беретіндігі, одан соң мәйіт қойылған киіз үйді жеті айналатындығы, әр рет айналып есік алдына келгенде «пышақпен беттерін тіліп, қанды жастарын ағыза дауыс салып жылаған» [8, 94].

Көне түркілерде әкесі өлген жігіттің өзінің жетім екенін білдіру үшін өзінің оң құлағынан бастап сол құлағына дейін пышақпен тілетін дәстүр болған. Үрім (Византия) тарихшысы Меландр Протердің жазбасында берілген деректерінде айқын көрініс тапқан. «В 576 году снова некий Валентинос был послан тюркскому хагану Турксантос, сына Дизабула. Хан сказал: «Так как вы застали меня в глубокой скорби, ибо мой отец умер, вы должны были разрезать свои лица мечами согласно нашему похоронному обряду». Тогда и его люди так и сделали. ... Похоронные обряды на их языке называется *дохия*» [9, 14].

Ежелгі скиф, сақ дәуіріндегі осындай рәсімдердің көрінісін ескі заманнан елес беретін Геродот еңбектерінен табамыз. Марқұм болған патшасын скифтер бальзамдап арбаға мінгізіп, бүкіл ұлыстарын аралатып қоштасатын болған. Әрбір ұлыстың тұрғындары патшаға деген құрмет үшін, құлақтарын кесіп, шаштарын алып, қолдарынан қан шығарып белгі салып, маңдайлары мен тұмсықтарын қанатып, сол қолдарын садақ оғымен түйреп аза белгісін жасаған. Қабірге екі жағынан найза шаншып, патшамен бірге бір күңін (наложница), атқосшысын, жаушысын (вестник), аспазшысын, атын өлтіріп бірге жерлеп, жанына алтын тостаған қоятын болған [10, 204-205].

Н.Я.Бичурин түркі халықтарының көне салтындағы сипатын былай көрсетеді: «Тело покойника полагают в палатке. Сыновья, внуки и родственники обоого пола закальвают лошадей и овец и, разложив перед полаткою, приносят в жертву, семь раз объезжают вокруг палатки на верховых лошадях, потом пред входом в палатку ножом надрезают себе лица и производят плач; кровь и слезы совокупно лютятся» [11, 230].

Б.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» атты этнографиялық еңбегінде қазақ халқында қаралы болған әйел күйігінің күштілігін білдіру үшін бетін «қан шығара жырту» жөнінде былай деп жазады: «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып, дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады, беттерін тырнап қан қылады; бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалық күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалық көп түседі» [12, 166].

Осындай рәсімдер жоқтауда, дауыс айтуда сөзбен құпталып, жария болып отырған көрінісін қазақтың дәстүрлі фольклорлық шығармалары, көркем әдебиет, тұрақты сөз тіркестерінен де ұшыратамыз. Бет жыртып жоқтау бүгінде сақталмағанымен, тіліміздегі «*бетің тіліңгір*», «*көзіңнен қан аққыр*» деген қарғыс сөздер немесе қазақ әйелінің «*бетім-ай!*» деп күрсінуді, жоқтау жырларында «*басым қаралы, бетім жаралы*» деген тіркестердің жиі ұшырасуы көне замандардағы бет жыртудың қалдығы болса керек.



Бетіне жара салу, қан шығару ұғымдары, қан – алғашқы адамдар үшін ең басты жандарының бірі және оның зағтануы деген түсінік болса, кейін салт жойылған соң, бұл көрініс ғұрыптық жырлардың мазмұнындағы көркемдік формуласы ретінде орын алып тыр.

**Шаш жаю.** Қазаны жоқтауда әйелдер жауымының атқаратын қызметі ерекше екендігін атап өткен болатынбыз. Бүгінгі тұрмысымызда, мәдениетімізде сирек кездесетін **шаш жаю** немесе **шаш тарқату** салты – жоқтаудың көне наным-сенімге қатысты туындаған түріне жатады. Мысалы, «*Қара бір шашым жаяуын, Жаяйын да жияйын. Қыналы бармақ, жез тырнақ, Күнде қанға бояйын. Албыраған ақша бет, Сүйегіңе таяйын*» (БС 91:238).

Этнограф ғалым Н.Катановтың айтуынша өлген адамның әйелінің, туған қыздарының шаштарын ауыл әйелдері тарқатып, жайып беретін де, жетісі өткен соң сол әйелдер қайтадан өріп береді екен. Ал, келіндері болса, олар шаштарын жетісіне дейін өздері тарқатып, керек болғанда өздері өріп алатын [13, 23].

А.И.Левшин мынадай пікір білдіреді: «Марқұмның жаны шықты, қалғандары енді қатты дауыс шығарып, басын ұрып, бетін жыртып, шашын жаяды» [14, 110].

Көне түркілерде өлген адамның тек жесірі ғана емес, туыстары да шаштарын жұлып, беттері мен құлақтарын қанатып, жаралайтын әдеті болған [15, 15].

Қарастырылған жоқтау ғұрыптарынан басқа да, аза тұту дәстүрлерінің бірінде – марқұмның киімі киілген сұлба жасалса, екіншісінде – тұлданған жылқысы, онымен марқұмның өзіндей көріп, қоштасуы, үшіншіден – найза тігу, оған байланған азалы мата түсі марқұмның жасын білдірген және бұл ғұрыптардың барлығы жыл бойына еске алу үшін орындалған. Себебі қаза болған кісіні жоқтау және еске түсіру ғұрыптарымен байланысты деректер марқұмның жеке заттарында оның рухы мекендейді деген көзқарас пен сенімнен туған болса керек.

#### Әдебиет

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014
2. Уәлиханов Таңдамалы. 2-басылуы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
3. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
4. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. - Алма-Ата: Наука, 1989.
5. Байтұрсынов А. 6 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. Т.1, 384 б.
6. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
7. Қазақ ым-шараттарының түсіндірмелі сөздігі. Алматы: А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. 2017. – 288 б.]
8. Сейілхан А.Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні.
9. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. I.(V в.до н.э. – XVIII в.н.э.). Под редакцией проф. С.Д. Асфендиярова, проф. П.А.Кунте. Алма-Ата-Москва, 1935
10. Геродот. История в девяти книгах. – Ленинград, 1972. – 600 с.
11. Бичурин (Иакинф) Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.; Л., 1950
12. Алтынсарин Ы. Өмірі мен шығармашылығы / Құраст. Ардақ Мұқышева. – Алматы: Рауан, 2013. – 384 б.
13. Катанов Н.Ф. О погребальных обрядах у тюркских племен Центральной и Восточной Азии. Казань, 1899.
14. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Спб., 1832. Т.Ш. – 394 с.
15. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюрской письменности VIII в. –Алма-Ата: Наука, 1974. – 380 с.

#### Шартты қысқартулар

- БС – Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011.Т.91: Ғұрыптық фольклор.  
Юсл – Юдахин К. Кыргызча-орусча сөздүк. – М., 1965. – 1182 с.  
РСЛ – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Спб., 1893-1911. –Т.  
МҚ – Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1, 2, 3-т. 1997.

## МЕДИАМӘТІН – ӘЛЕМНІҢ МЕДИА БЕЙНЕСІН ЖАСАУШЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР

**Андатпа.** Бұл мақалада қазіргі қазақ медиамәтіндерінің когнитивтік ерекшеліктері зерттелген. Сонымен қатар медиамәтін типтері мен олардың тілдік ерекшеліктері, бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің ақпараттық функциясы мен ұйымдастырушылық қасиеті, медиамәтіндердің интерпретациялық қасиеттері, олардың дүниенің ақпараттық бейнесін құрудағы рөлі дәйектеледі.

**Тірек сөздер:** медиалингвистика, медиамәтін, когнитивтік лингвистика, когниция, дүниенің тілдік бейнесі, әлемнің медиа бейнесі, бұқаралық коммуникация

**Аннотация.** В данной статье исследуются когнитивные особенности современных казахских медиатекстов. Особое внимание уделяется образам медиатекстов и их языковым особенностям, информационной и организационной функциям средств массовой информации, интерпретационным свойствам медиатекстов, а также их роли в построении информационной картины.

**Ключевые слова:** медиалингвистика, медиатекст, когнитивная лингвистика, когниция, языковая картина мира, медиа картина мира, массовая коммуникация.

**Abstract.** This article explores the cognitive features of modern Kazakh media texts. Particular attention is paid to the images of media texts and their linguistic features, the information and organizational functions of the media, the interpretive properties of media texts, as well as their role in building an information picture.

In the article, the media text is considered not only as a cognitive tool for individual communication, but also as a result of the joint result of extracting and disseminating information between people and organizations. The purpose of scientific research is to identify the features of the cognitive language in media texts.

**Keywords:** media linguistics, media text, cognitive linguistics, cognition, language picture of the world, media picture of the world, mass communication.

Қазіргі кезде масс-медиа термині баспа басылымдары, теледидар, радио хабарламалар, интернет беттеріндегі ақпарат қайнарлары, сонымен қатар кино, видео, ұялы телефондық байланыс және т.б. бұқаралық коммуникация құралдары мағынасын білдіреді. Дәстүрлі тіл білімі үшін мәтінге «негізгі қасиеттері бірізділік пен тұтастық болып табылатын таңба бірліктерінің тізбегінің біртұтас мағыналық байланысы» деген анықтама берілсе, массмедиа саласына ауысқанда мәтін бұл анықтама шеңберінен шығып, айтарлықтай кең ұғым мен қасиеттерді қамтиды. Себебі, медиамәтін вербалды деңгейдегі белгілер жүйесінен тыс семиотикалық түсініктегі мәтін ұғымына жақындайды, медиамәтін тек вербалды ғана емес, басқа да белгілерге ие.

Зерттеушілердің көпшілігі бұқаралық коммуникация деңгейі «мәтін» ұғымына БАҚ-тың медиа қасиеттеріне байланысты жаңа семантикалық реңктер береді деп есептейді. Мысалы, медиамәтін типтерінің бірі - теледидардағы мәтінді алатын болсақ, ол тек сөздік құрамнан тұрмайды, сонымен қатар бірден бірнеше деңгейде: сөздік, бейне және дыбыстық сүйемелдеу, біртұтас тұтастықты құра отырып, көпқырлы ерекшеліктерді иеленеді. Радиомәтіндер мен баспасөз мәтіндері де вербалдылықпен қатар әуен және дыбыстық бояулар, газет немесе журналдардың графикалық рәсімделу ерекшеліктері сияқты медиа қасиеттермен толықтырылады.

Орыс тіл білімінде медиалингвистиканың негізін салушы Т.Г.Добросклонскаяның пікірінше, күрделі, көп деңгейлі құбылыс ретіндегі медиамәтін түсінігі жасалу формасы, таралу арнасы және тілдік ерекшеліктері тұрғысынан өте дәл сипаттама беруге мүмкіндік беретін тұрақты параметрлер жүйесімен толықтырылады. Аталған жүйе төмендегідей маңызды параметрлерді қамтиды:

Мәтінді құру әдісі (авторлық – алқалық (коллегиальный))

Жасалу формасы (жазбаша – ауызша)

Қолдану формасы (жазбаша – ауызша)

Тарату арнасы (бұқаралық ақпарат құралдары – тасымалдаушы: баспа, радио, теледидар, интернет)

Мәтіннің функционалдық жанрлық түрі (жаңалықтар, комментарий, көсемсөз, жарнама)

Тақырыптық доминант немесе белгілі бір тұрақты медиатақырыпқа қатысты болу [1]

Қазақ медиамәтіндері тілінің зерттелуіне келсек, қазақ баспасөзінің тілі жөнінде алғаш арнайы қарастырған Н.Қарашеваның еңбегін атап өту орынды. Н.Қарашеваның зерттеуінде «Айқап» журналы тілінің грамматикалық ерекшеліктері зерттеледі. Бұдан кейінгі баспасөз тілі туралы сүбелі зерттеулер - газет тілінің фонетикалық-орфографиялық жүйесі, лексикасы, грамматикалық ерекшеліктерін қарастырған Б.Әбілқасымовтың кандидаттық диссертациясы, О.Бүркітовтың «Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі» атты кандидаттық диссертациясы, Б.Қ.Момынованың «Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы» [2], М.Мұқашеваның «Научно-популярная периодика Казахстана: истоки, становление и перспективы развития» [3], Ф.З.Жақсыбаеваның «Газет мәтіннің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша)» [4], Қ.Ө.Есенованың «Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде)» [5], А.Алдашеваның «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» [6], Н.Ж.Дәулеткереева «Газет баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні» [7] атты зерттеулер т.б. Бұл еңбектерде қазақ баспасөз тілінің грамматикалық, стилистикалық, лексика-семантикалық және жанрлық т.б. мәселелері қарастырылады.

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін когнитивтік аспектіде зерттеу медиалингвистиканың маңызды бөлігі болып табылады. Заттың немесе шынайы құбылыстың ақиқат өмірге барынша жақын бейнесін алу үшін оның ішкі құрылымын және жеке құрамдас бөліктерін егжей-тегжейлі зерттеп қана қоймай, оларды қозғалыста, әрекетте, сыртқы дүниемен табиғи функционалдық байланыста көрсету қажет. Адамзат тілін зерттеуде бұл мүмкіншілікке когнитивтік лингвистика әдістері арқылы қол жеткізуге болады. Зерттеуде сипаттау, жинақтау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Тіл – тірі организм, ал оның деңгейлері мен жеке құрамдас бөліктері имманентті түрде статикалық жүйе ретінде емес, динамикалық тұрғыдан тілдік ақиқаттан тыс және сөйлеу бірліктерінің жасалуына және жүйелілігіне, қызметіне және қабылдануына әсер ететін көптеген факторларға байланысты қарастырылады [8, 123].

Когнитивтік зерттеулердің негізгі ұғымы – когниция. *cognitio* и *cogitatio* деген латын сөздерінен алынған.

Басқаша айтқанда, «таным» ұғымы білім, тәжірибені меңгеру процесін және оның нәтижелерін қамтиды. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» танымға «танымдық процесс немесе психикалық және ойлау процестердің жиынтығы – дүниені қабылдау, қоршаған ортаны қарапайым бақылау, категорияларға бөлу, ойлау, сөйлеу және т.б. адамға немесе әртүрлі сенсорлық-перцептивті арналардан келетін немесе интерпретацияланған түрде жеткізілетін ақпаратты өңдеу» [9, 78]

Когнитивтік ғылымның саласының негізгі мақсаты адамзат санасында дамып келе жатқан маңызды процестердің табиғатын түсіну болып табылады. Когнитивтік лингвистика-тіл білімінің құрылымы мен қарым-қатынас формалары туралы түсініктерді тереңдетуге, ақпаратты тіл арқылы сақтауға арналған саласы.

Когнитивтік ғылымның негізгі ұғымдары – «әлем бейнесі» (әлем суреті), «әлемнің тілдік бейнесі» (ғаламның тілдік бейнесі), «әлемнің ұлттық (лингвистикалық) бейнесі» (ғаламның ұлттық бейнесі) және «әлемнің концептуалдық бейнесі». «әлемнің жаһандық бейнесі» т.б. Осы терминдер қатарына «әлемнің медиабейнесі» деген ұғымды да атауға болады.

Әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы түсінік В. Гумбольдт идеялары мен этнолингвистика теориясына негізделген. «Әлемнің лингвистикалық бейнесі» терминін алғаш рет Л.Вайсгербер ғылыми айналымға енгізген.

Б.А.Серебренников, В.И.Постовалов, А.А.Уфимцева, Е.С.Кубрякова, В.Н.Телия және т.б. адамзаттың тілдегі ролі туралы айта отырып, олар адамның бүкіл рухани шығармашылығының нәтижесінде қалыптасатын әлем бейнесін «әлемнің жаһандық бейнесі» деп атайды, оның әлеммен қарым-қатынасын анықтайды.

Әлемнің бейнесі – адамзаттың айналасындағы объективті шындық. Әлем – бұл адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің көрінісі, ал әлемнің бейнесі – «адам мен қоршаған орта туралы ақпаратты өңдеудің нәтижесі».

Когнитивтік зерттеулер лингвистика, мәдениеттану, антропология, психология сияқты салаларда қарқынды дамуда. Когнитивті бағыт тіл білімінде сөйлеу тілін халықтың ұлттық рухани құндылықтарымен, дүниетанымымен, ой әлемімен және жанның ерекшеліктерімен тығыз байланысты қарастырады. Қазіргі таңда әлемнің лингвистикалық бейнесін құру мәселелері, сондай-ақ онымен байланысты категориялар мен концептуализация проблемалары зерттеушілердің қызығушылығын туғызуда. Категоризация және концептуализация – келіп түсетін ақпаратты түсінуді реттейтін процестер [10, 25]. Олардың көмегімен шындықтың когнитивті ассимиляциясы жүзеге асады: адам өзі және өзін қоршаған әлем туралы білімді құрылымдайды, жүйелейді, ұдайы ұлғайып келе жатқан түсініктер мен категориялар түріндегі ақпаратты бірізге келтіріп, ұйымдастырады, осылайша бір-бірінен алшақ ақпаратты жүйеленген білімге айналдырады.

Мұның бәрі БАҚ мәтіндерін зерттеу үшін үлкен маңызға ие екені анық. Когнитивтік тәсіл медиамәтіндерді жеке сөйлеу шығармалары ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпаратты өндіру мен таратумен айналысатын адамдар мен ұйымдардың бірлескен қызметінің нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Когнитивтік зерттеуде медиалингвистика ақпараттық процестерді түсіну үшін медиамәтіндердің интерпретациялық қасиеттері, олардың дүниенің ақпараттық бейнесін құрудағы рөлі, бұқаралық өндіріс пен қабылдауға әсер ететін мәдени ерекше және идеологиялық факторлар медиамәтіндер, бейнелер мен стереотиптерді құрудың лингво-медиа әдістері сияқты маңызды мәселелерге ерекше назар аударады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам үшін атқаратын негізгі қызметінің бірі – бұқаралық аудиторияны елімізде және шетелде болып жатқан оқиғалар туралы хабарлар етуден тұратын ақпараттық функция. Ақпараттық функцияны жүзеге асыру бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің рефлексиялық қасиетімен тығыз байланысты. Медиамәтіндердің қоршаған бүгінгі әлемнің алуан түрлілігін белгілі бір медиа форматында бейнелеуі әлемнің заманауи бейнесін жасаудың негізгі факторы болып табылады. Мерзімді басылымдардың интернет нұсқалары да танымал. Соңғы жылдары блогерлер, жүйелік журналдардың авторлары көбейді. Жалпы, қоғамның сан қырлы идеологиялық міндетін орындауда, рухы биік идеяларды насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі артып келеді. Оның әлеуметтік-психологиялық сипаты күн сайын артауда.

Осылайша, «халықаралық саясат», «экономика және бизнес», «білім беру» сияқты үлкен тақырыптық блоктарға және жеке тақырыптарға, мысалы: «саяси қайраткерлермен кездесулер», «ауа райы» және т.б. жататын жаңалықтар репортаждарын талдау, тиісті пән мәтіндерінде жүйелі түрде қайталанатын бірқатар тұрақты синтагматикалық бірліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан оқиғалар туралы біздің біліміміз бен түсініктеріміз негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының күнделікті берілетін мәліметтері мен түсіндірулеріне байланысты. Осылайша, БАҚ әлемнің ақпараттық бейнесін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің ұйымдастырушылық қасиеті де үлкен маңызға ие. Ақпараттық кеңістікті БАҚ материалдарының нақты тақырыптық құрылымында көрсетілген тұрақты концептуалды үлгілерге сәйкес құру арқылы БАҚ дүниенің үйлесімді, реттелген бейнесін жасайды және сақтайды.

Дүниенің ақпараттық бейнесі ұғымы дүниенің тілдік бейнесімен тығыз байланысты, ол «тілде анықталған дүниетаным, идеология, құндылықтар жүйесі», адам өмірі және қоршаған шындықты түсіндіру туралы идеялардың тілдік формасы ретінде түсініледі. Дүние суретінің тілдік көріністерінің аумағы өте үлкен: тілде сол немесе басқа адамдардың құндылықтар жүйесі туралы, оның ғалам туралы идеяларының социопатиялық-мәдени ерекшелігі туралы ең бай ақпарат бар.

Мұнда лексика-семантикалық қабат ерекше рөл атқарады, онда әлем моделінің мағыналық және құндылық параметрлері айқын және жасырын түрде көрсетіледі. Жеке сөзде,

оның құрылымдық және лексика-фразеологиялық байланыстарында белгілі бір тілдік қауымдастықтың дүниетанымдық ерекшеліктері, өмірлік құндылықтары, тарихи тәжірибесі мен генетикалық жады жинақталады.

Соңғы жылдары дүниенің лингвистикалық бейнесін зерттеуге деген қызығушылықтың артуы көрнекті зерттеуші В.фон Гумбольдт идеяларынан бастау алады. Оның «ұлттық рухтың әрекеті ретіндегі тіл туралы», тілдердің «дүниетанымы» тұрғысынан айырмашылығы туралы ойлары «имманентті» лингвистикадан («өзін-өзі және өзі үшін» зерттеуге бағытталған) тілді адаммен, оның санасымен, ойлауымен, рухани-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста зерттеуді өз алдына мақсат етіп қойған антропологиялық лингвистикаға көшуге ықпал етті. В.фон Гумбольдт идеялары және олардың қазіргі заманғы зерттеулердегі дамуы бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерін зерттеу үшін үлкен маңызға ие Медиамәтіндердің тілдік ерекшеліктерінің бірі ретінде жазбаша және бейвербалды коммуникация элементтерінің кіріктіре қолданылуын айтуға болады. Интернет жарнама мәтіндерінде тартымды, қанық фотосуреттер қаншалықты көп болса, медиамәтін соншалықты адресаттар назарын аударады. Фотосуреттер – адресаттар бойында сенімділікті арттыра түсетін сендіру тәсілі.

Сонымен қатар, медиамәтіндерде оқырманның есінде қалатын айрықша бейнелер жасау үшін метафоралар белсенді қолданылады. *Соғыс ошағы, саяси арена, ақпараттық жарылыс* және т.б. сияқты метафораларды баспасөз беттерінен ұшырастырамыз.

Әлеуметтік желідегі медиамәтіндердің ерекшеліктерінің бірі ретінде графикалық құралдардың қолданысын айтуға болады.

Графикалық құралдар көрінісі мәтінде кейбір сөздер мен сөз тіркестерін арнайы *қалың қаріппен бөліп көрсету* немесе бас әріптермен жазылуынан да көрінеді. Адресант осы әдіс арқылы негізгі айтылатын ақпаратқа екіпін қояды, яғни прагматикалық ниет іске асады.

Ақпаратты баяндау кезінде адресаттар жағымды немесе жағымсыз эмоционалды көңіл күйін білдіру барысында *эмфатикалық-орфографиялық* қолданыстар ұшырасады. Бұл құбылысты логикалық екіпін деуге де болады.

*Окказионал лексикалық бірліктер* – сөз құраудың ойнақы элементі. Окказионал лексемалар мәтінге экспрессивтілік рең беретін бір мезеттік бірліктер деп түсінуге болады. Әсіресе жаңалықтар мәтіндерінде *«жұмыртқадан жүн қырқатындай жұлымыр», «қалтаңызды қағып алады», «солақай талап», «космостық жылдамдықпен өсу», «жетегабыл қонақүйлердің аздығы», «бай-бағландар», «қос бүйрегіңді сатып кететіндей қымбат», «кеңейген сүрлеумен жүру»* т.б. окказионал қолданыстар ұшырасады.

Саясат, ғылым сияқты тақырыптағы медиамәтіндер арнайы академиялық терминдер, фактілерді қолданумен ерекшеленсе, жарнама мәтіндері, жаңалықтар, комментарийлерден көпшілікке түсінікті ауызекі сөйлеу стилінің лексикалық ерекшеліктерін байқауға болады.

*Тұлғалар туған киелі өңір. Бұл жерлерді білмейтіндер, әй жоқ-ау. Барып көрмесе де, хабардар.* («Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2021жыл)

Әлеуметтік желілердегі тілдік қолданыста англицизмдерді қолдану аға буын өкіліне карағанда, жастар коммуникациясы арасында жиі кездесетін құбылыс.

Сондай ақ *веб-сайлау, веб-сабақтар, веб-шолғыш, веб-қосымша, веб-әзірлеу, веб-құрылғы, метаөңдеу, метамәлімет, метатұрақты, метатіл және т. б.* кірме сөз бен төл сөзден құралған бұдан аталымдарды жиі кездестіреміз

Жарнама мәтіндерінің басым көпшілігінде англицизм болашақ тұтынушының жарнамаланатын тауарға немесе қызметке назарын аударатын элементтер ретінде қызмет атқарады. Жарнамашылар көбінесе сөздің ағылшындық нұсқасын калькалайды. Мысалы: *донатс, имидж, тур, vip, сейл, блокбастер, груминг, инсталляция.*

Медиамәтіндерде кездесетін базалық концептілерді бірнеше тақырыптық топтарға жіктедік:

1) геосаяси концептілер (Қазақстан, Ресей, Америка, Германия, Франция, Қытай, Украина, Мәскеу, Астана, ауыл, аудан, аймақ т.б.);

2) саяси және институционалдық (билік, адалдық, еркіндік/ерік, демократия, саясаткер, президент, шенеунік, жемқорлық, парақорлық);

3) әлеуметтік (элитта, жолдас, бай, кедей, ақша, табыс, зиялы, отбасы, табысты ер, табысты әйел);

4) спорт (жеңімпаз, жүлдегер, чемпион);



5) рухани мәдениеттік концептілер (ақиқат, ақыл, парасат, борыш, намыс, ар-ождан, достық, жақсылық, зұлымдық, әділдік, құқық, ақиқат, заң, сұлулық, т.б.).

Медиамәтіндердегі концептілер дүниенің ақпараттық бейнесін беруде маңызды рөл атқарады. Бұл, әсіресе, әлемдік ақпараттық кеңістікті ұйымдастырудың тілдік және мәдени ерекшеліктерінен көрінеді. Әлемдік ақпарат ағынының жаһандануы мәдениеттердің өзара әсер ету және өзара әрекеттесу процесімен тығыз байланысты болса, белгілі бір лингвомәдени құрамдас бөліктердің өзіндік салмағы бірқатар экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты.

Ақпараттық кеңістікті ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшелігі ақпарат ағынын құрылымдаудың әртүрлі тәсілдері түрінде, басқаша айтқанда, медиа формат деңгейінде ғана емес, сонымен қатар мазмұн деңгейінде де көрінеді. Бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің мазмұндық жағына салыстырмалы талдау жүргізгенде, елдегі және шетелдегі саяси өмір, бизнес, жаңалықтар, мәдениет, спорт және т.б. сияқты әмбебап тақырыптарды қамтуға негізделген жалпы тақырыптық үлгінің ұқсастығына қарамастан әртүрлі елдердің бұқаралық ақпарат құралдарында белгілі бір мәдениетке тән тақырыптарды анықтауға болады.

### Әдебиет

1. Добросклонская Т.Г. Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ: современная английская медиаречь. - М., 2008. - С. 120.

2. Момынова Б. Газет лексикасы: (жүйесі мен құрылымы) /Алматы: Арыс, 1999. – 227 б

3. Мукашева М.Т. Научно-популярная периодика Казахстана: истоки, становление и перспективы развития: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 24 б.

4. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): филол.ғыл.канд.дисс. ... автореф. – Алматы, 2000. – 24 б.

5. Даулеткереева Н.Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні (2007-2009 жылдар): филол. ғыл. канд. дисс... автореф. –Алматы, 2010. – 25 б.

6. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде) // филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 157 б.

*Жанерке ИМАНГАЛИКОВА*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Қазақстан, Астана қ.)*

### ТЕЛЕСҰХБАТ ПРАГМАТИКАСЫ

**Аңдатпа.** Мақала бүгінгі заман талабына сай өзгеріп жаңаша бағытта, әрі өзектілігін жоймай телевизияда кең тараған телесұхбаттың тілдік табиғаты, нақтылай айтқанда, прагматикасын тануға арналған. Сұхбатты терең зерттеп оның қыр-сырына үңілсек, уақыт талабына сай қойылған талап пен талғам да зор. Мақалада телевизиялық дискурстағы сұхбат, адресат пен адресант арасындағы өзара тілдік қарым-қатынас, тіл прагматикасы мәселелері сөз етіледі. Телевизиялық сұхбат прагматикасы арқылы ондағы көркемдік тәсілдер мен стильдік амалдар қолданысын тану мақсаты қойылды. Зерттеу нысаны ретінде «Qazagstan» телеарнасындағы «Теледәрігер» бағдарламасы алынып, прагмастистикалық талдау жасалды. Бұл ақпараттық телесұхбаттың басқа сұхбаттарға қарағанда өзгешелігі – сұхбаттың салалық бағытта (медицина) өрбуі. Әрі мұндай бағытта дайындалған сұхбаттардың өзге сұхбаттарға қарағанда ерекшелігін тану міндеті қойылды.

Телесұхбаттар прагматикасын білу лингвопсихология, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану мәселелерін теориялық тұрғыдан білуге де негіз бола алады. Телесұхбаттардың «тілдік бейнесі» арқылы дұрыс, сауатты, мәнді әрі тұжырымды диалог орната алу мүмкіндіктерінің қалыптасуы практикалық тұрғысынан маңызды.

Теледидар қай кезеңде болсын қуатты құрал болғандықтан, онда жүргізілетін әрбір бағдарламаны телеаудиторияның қабылдай алуы, сұранысын үнемі жіті қадағалауы сәтті жобалардың жасалуына ықпал ететіні сөзсіз.

**Тірек сөздер:** телесұхбат, адресат, адресант, прагматика, теледәрігер, бағдарлама, диалог, эмпатия, стилистика

**Аннотация.** Статья посвящена признанию языковой природы, в частности, прагматики телеинтервью, которое в соответствии с современными требованиями меняется в новом направлении, не теряя своей актуальности. Если углубиться в интервью и разобраться в его тонкостях, то у него большие требования и вкусы. В статье рассматриваются вопросы интервью в телевизионном дискурсе, языкового взаимодействия между адресатом и адресантом, языковой прагматики. Через прагматику телевизионного интервью была поставлена цель признать использование в нем художественных приемов и стилизованных приемов. В качестве объекта исследования была выбрана программа «Теледәрігер» на телеканале «Qazagstan», проведен прагматилистический анализ. Что отличает эту информационную телепрограмму от других интервью, так это то, что интервью разворачивается в отраслевом направлении (медицина). И поставлена задача признать специфику интервью, подготовленных в таком направлении, в отличие от других интервью.

Знание прагматики телеучастков также может служить основой для теоретического познания проблем лингвopsихологии, когнитивной лингвистики, лингвокультурологии. С практической точки зрения важно формирование у телеинтервью возможности выстраивать правильный, грамотный, содержательный и концептуальный диалог с помощью «языкового образа».

Поскольку телевидение является мощным инструментом на каком бы этапе оно ни было, способность телеаудитории принимать каждую проводимую на нем программу, постоянный пристальный надзор за ее запросами, несомненно, будет способствовать созданию успешных проектов.

**Ключевые слова:** телеинтервью, адресат, адресант, прагматика, теледeктор, программа, диалог, эмпатия, стилистика

**Abstract.** The article is devoted to the recognition of the linguistic nature, in particular, the pragmatics of TV interviews, which, in accordance with modern requirements, is changing in a new direction without losing its relevance. If you delve into the interview and understand its subtleties, then he has great demands and tastes. The article deals with the issues of interviews in television discourse, language interaction between the addressee and the addressee, language pragmatics. Through the pragmatics of the television interview, the goal was set to recognize the use of artistic techniques and stylistic techniques in it. The program «Teledariger» on the TV channel «Qazagstan» was chosen as the object of research, a pragmatilistic analysis was carried out. What distinguishes this informational TV program from other interviews is that the interview unfolds in an industry direction (medicine). And the task is to recognize the specifics of interviews prepared in this direction, unlike other interviews.

Knowledge of the pragmatics of tele-stages can also serve as a basis for theoretical knowledge of the problems of linguopsychology, cognitive linguistics, linguoculturology. From a practical point of view, it is important for the TV interviewer to be able to build a correct, competent, meaningful and conceptual dialogue with the help of a «language image».

Since television is a powerful tool at whatever stage it is, the ability of the TV audience to receive every program conducted on it, constant close supervision of its requests, will undoubtedly contribute to the creation of successful projects.

**Keywords:** TV interview, addressee, addressee, pragmatics, TV announcer, program, dialogue, empathy, stylistics

Бүгінгі таңда аз уақыт ішінде көп ақпарат беруге бағытталған ақпараттық жанрлардың ілгерілеуі басым. Солардың бірі – сұхбат жанры. Сұхбат – «интервью» ағылшын тілінде «interview» кездесу, әңгімелесу деген мағынаны білдіреді. Сұхбат – көпқырлы, күрделі, әрі жан-жақты жанр. БАҚ-та сұхбат әңгімелесудің ерекше түрі ретінде әлеуметтік ортадағы келелі мәселелер жөнінде мәліметтер алуда маңызды. Сұхбат – бейтарап журналистиканың негізі, оқырман ақпаратты адамның өз аузынан естиді. Бірақ сұхбат бос сөз емес. Сұхбатты қызықты, пайымды өткізу үшін дайындық керек. Сұхбат алу нағыз шеберлікті қажет етеді, өйткені, сұхбат нәтижесінде келелі мәселелер сөз етіледі. Журналистің сұхбаты бір жағынан, осы ақпаратқа ие болып отырған адамнан мәлімет алудың тәсілі, ал екінші жағынан, телевизиялық бағдарламадағы қозғалып отырған тақырып төңірегінде сұрақ қоюдың көмегімен әрі толыққанды, әрі логикалық ақпарат алатын әңгіме, диалог түріндегі публицистикалық жанр.

Телевизиялық сұхбат жанрының бір ерекшелігі – көзбен көре алу мүмкіндігінің пайда болуымен байланысты болды. Сұхбаттың қайнар көзі радиодағыдай тек қана тіл шеберлігі, сөз ырғағы, эмоционалды бейнесі арқылы ғана емес, қимыл, іс-әрекет, сөйлеушінің өзін-өзі ұстауы, кей жағдайда қоршаған орта болып келеді. Көзге көріну арқылы ғана оның қолжетімділігі түсіндіріледі.

Сұхбаттың газет, радио мен теледидарға арналған түрлері болады. Осылардың ішінде телесұхбаттың тілдік табиғаты, мүмкіншіліктері турасында көп байқаймыз. Әсіресе соңғы жылдары «салалық журналистиканы» дамыту мақсатының қойылуы көптеген жобалардың көрерменге жол тартуына негіз болды. Әдеттегі басқа сұхбаттарға қарағанда белгілі бір сала мамандарымен әңгімелесудің, сұхбат құрудың, оны аудиторияның қабылдай алуының табиғаты өзгеше. Сол себепті де арнайы медицина саласынан хабардар ететін «Qazagstan» Ұлттық телеарнасының тікелей эфирінде жүргізіліп келген «Теледәрігер» бағдарламасы алынды [1]. Сонымен қатар бүгінгі таңдағы телесұхбаттың алатын орны мен түрлілігін, тілдік табиғаты, прагматикасын анықтау өзекті болып отыр.

Телесұхбат – телевизия жанрлар жүйесінің негізгілерінің бірі болып табылады. Телевизиядағы сұхбаттың қызметі де айрықша. Сұхбат жеке бағдарламаны дайындау барысында да қолданылады. Телесұхбаттағы қарым-қатынас әрекеті негізінен диалог арқылы өрбитіні белгілі. Диалогтық қарым-қатынас адресант пен адресат яғни, екі қатысушыдан тұрады. Теледидардағы диалогтық қатысым әрекетіне түрлі формаларда (эфир кезіндегі қоңырау шалу, әлеуметтік желілер арқылы байланысқа шығу т.б.) жүзеге асырылатын технологиялар арқылы ақпарат алмасу да көмекке келеді. Жалпы алғанда медиа ақпаратты адресатқа жеткізу үшін визуалды (сурет, таңба, иконография т.б.) көретін құралдар да пайдаланылады. Көзбен көрудің адам психологиясына ықпалы зор екені белгілі. Ал коммуникация барысында аудиалды ауызша сөйлеуді тыңдау маңызды. Аудио-визуалдық көру, тыңдау, есту яғни, дыбыстық әрі бейнелілік процестер арқылы жүзеге асады.

Сұхбат кезіндегі сұрақтардың қойылу реті де өте маңызды. Сұхбатта қойылатын басты талаптардың бірі – адресант пен адресат арасындағы алдын-ала келісімге келулері. Журналистикада сұхбатты сапалы ету үшін қолданылатын «реттелген» ережелердің яғни, адресанттың ішкі ойын, «аялық білім» ескеру маңызды. Мәселен, сұхбатқа дайындалған тұста сұрақтарды қай ретте қоясыз, сол ретте жазып алу, алдын-ала берілетін жауаптар туралы ойлану, осындай жауап берсе сіз оған қалай қараушы едіңіз деген мәселелер назарда болуы маңызды.

Сұхбаттың прагматикалық аспектісі «эмпатия» көрінісі де айқын. Мәселен, «Теледәрігер» бағдарламасы барысында телефон шалу арқылы хабарласқан адамды мұқият құлақ салып тыңдай отырып жан-дүниесін сырын, күйін ұғынуға тырысып, оған жанашырлық білдіретін тұстары жиі кездеседі.

Телевизиялық сұхбаттың ең көп тараған түрі – ақпараттық сұхбат. Аталмыш сұхбат түрінде әр сұрақ жеке-жеке қойылады. Ол сұрақтар адресантқа бағытталады. Телесұхбаттың басты ерекшеліктерінің бірі – коммуникацияның көзбе-көз өтуі. Телевизияда сұхбат жанрының өту барысы, табиғаты, ондағы адресант пен адресат арасындағы өзара қарым-қатынас стратегиялары мен тактикалары жіті назар аудартады. Телесұхбаттың осындай тілдік табиғатын, прагматикасын тану мақсатында «Qazagstan» телеарнасындағы «Теледәрігер» бағдарламасын зерттеу нысанына ала отырып, зерттеу-бақылау жұмыстарын жүргізу мақсаты қойылды.

Прагматика коммуникативтік қызметке әсер ететін тілдің қолданысын зерттейтін бағыттарда қарастырылады. Жалпы тілдегі прагматика терминінің қолданысы мен мағынасы түрліше түсіндіріледі. Прагматика – (грек.pragma барыс септік, pragmatos - іс әрекет) – семиотика мен лингвистиканың саласы. Прагматика – тілдегі белгілер қызметін зерттейді. Аталмыш терминді ХХ ғасырдың 30-жж. Ч.У.Моррис ұсынған. Ол семантиканы белгілер мен объектілер қатынасы (семантика), белгі аралық қатынастар (синтактика) және сөйлеушілердің белгілерге қатынасы (прагматика) деп бөлген. Прагматиканың лингвистикалық зерттеу саласына айналуы 60-70 жж. Ч.С.Пирс идеяларынан кейін басталады. Оған әсер еткен Дж.Остин, Дж.Р.Серл, З.Вендлердің логика-философиялық сөйлеу актілері туралы теориясы, П.Грайстың мағыналардың прагматикалық теориялары және Л.Линский, Серл, П.Ф.Строссонның референцияның прагматикалық теориясы болатын (Салқынбай).

Лингвистикалық прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші адресат пен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. «Теледәрігер» бағдарламасында коммуникация барысында адресат тұрғысынан мынадай мәселелер қарастырылады. Аталмыш бағдарламаның кейбір тақырыптарында көтерілген мәселелер мен қойылған сұрақтардың айтылу мақсаты көрінеді. Бағдарламаға қатысушы маман дәрігердің сөйлеу мен түсіндіру тактикасы әрқилы болып келеді. Мәселен, белгілі бір тақырып аясында толығырақ ақпарат беру үшін қосымша плакат сызбалар, мүсіндер қатар қолданатындығы көрінеді. Бұл сөйлеу реңкін толықтыра түседі. Екеуара диалогқа құрылған сұхбатта сөйлеушінің ниетімен қатар айтылған сөздің прагматикасы болатыны анық. Прагматикалық прессупозициялар көп жағдайда адресаттың жалпы біліміне, хабардар болуына оның ықыласын, көзқарасы мен пікірін, психологиялық жағдайын, мінез-құлқын түсіну қабілетін адресанттың бағалай алуынан көрінеді. Сұхбат барысындағы айтылған сөздерден тұжырым жасау, сөздің тыңдаушыға әсері, прелюктивті әсерінің маңыздылығы жоғары.

Демек, прагматикаға адресант пен адресаттың арақатынасынан туындайтын мәселелер енеді. Прагматика сөйлесімнің мазмұнын, онда коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды қолдану, адресанттың ойды дұрыс түсінуіне қатысты жағдаяттарды зерттейді. Адресант алдын-ала жоспарлаған, коммуникативтік мақсатқа жетуге бағытталған коммуникативтік акт барысында жүзеге асырылатын тәсілдер жиынтығы коммуникативтік стратегия деп түсіндіріледі. Коммуникация барысындағы тілдік стратегиялар адресанттың семантикалық, стилистикалық, прагматикалық таңдауымен анықталады.

Ақпараттық ортаны құру мақсатында коммуникациялық байланыс орнату, яғни, прагматикалық қызметтердің орны айрықша. Прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асуын қадағалайды. Мәселен, теледискурстағы кез келген сұхбат диалогқа негізделеді. Телевизиялық дискурстағы диалогтың табиғаты тілдік қарым-қатынас жағдайындағы интерактивті тәсілге бағытталады. Жалпы алғанда, диалог арқылы сыртқы әлем бейнеленеді. Диалог заман көрінісінен хабар береді. Диалог қолданысына қатысты бірнеше тұжырымдарға зер салсақ. Онда: «Монолог сияқты диалог та түсініктемелермен көмкеріледі. Интонациялық құрылым, жекелеген сөздердің айтылуы өң, көзқарас немесе жымыюы тәрізді дәлдіктерсіз атап басу қиын» [2]. Немесе «Диалог – айтпауға болмайтын, жасыруға келмейтін қажеттілікті жария етуі тиіс» [3]. Л.Гинзбургтың тұжырымы бойынша: «Адам өз өмірін сөз жүйесімен қорытудан танбайды, ал ішкі сөздер лықсып, сыртқа шығуға ұмтылады» [4]. В.Волошинов: «Диалог сөздер алмасымы – тілдің ең табиғи формасы. Тіпті ұзақ және кең тармақталған сөйлесімдер бір ғана сөйлеушінің аузынан шығып жатқандықтан (мысалы: шешеннің сөзі, актердің монологы) – сыртқы формасы, семантикалық және стилистикалық құрылымы бойынша ғана монологтық, ал іс жүзінде олар диалогтық болады» – деп атап көрсетеді [5].

Теледискурста ауызекі сөйлеу стилінің тілдік элементтері де пайдаланылады. Диалог негізінен «ауызекі сөйлеудің бірлігі» соған орай диалогтың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- Сөйлеуден тыс, сөйлеуді қостаушы тұспалдардың қолданылуы;
- айтылымның қысқа, ықшам болатындығы
- интонация, просодикалық өзгешеліктер
- репликадағы немесе сөйлеу жағдайына байланысты толымсыз сөйлемдердің алуан түрлі өзгешеліктерімен қолданылуы
- басым көпшілік жағдайларда жай сөйлемдердің қолданылуы
- жазба тіл нормасынан тыс сөйлем қолданыстары
- алдын ала дайындалмаған сөйлеу ретінде синтаксистік норманың бұзылуы

Диалогтың ауызша түрі сөйлеудің айырықша типі болып табылады, ол уақыттың үнемділігіне негізделеді. Мұнда байланыс екіжақты жүзеге асырылады. Сондай-ақ қарым-қатынас тілдік тұрғыдан ғана емес, бейвербальды амалдар арқылы да жүзеге асырылады.

Сонымен диалогты әрі қарапайымдылығымен, әрі анықтылығымен, сөз арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың ерекше формасы деп атап көрсетуге болады. Сөйлесім (қарым-қатынасқа түсу) кезінде өзара әңгіме (сұхбат) паузаға, сұрау, таңырқауға құрылады. Диалог айтушының сөзінен адресаттың білім өресін, талант табиғатын, ішкі мәдениетін, дүниетанымын көруге болады. Сөздерінен тыңдаушысы ерік, жігер, күш – қуат алып отырады. Сөйлеу әрекеті қарқынды жүзеге асып отырады.

Телесұхбаттағы адресант (сөйлеуші) «коммуникативтік күшті тасымалдаушы» ретінде танылады. Адресант пен адресат арасындағы сөйлесім лексика-грамматикалық, прагматикалық феномен. Адресант тек қана тыңдап қана қоймай ақпаратқа мағыналық талдау жасай білуі маңызды. Коммуникация барысында адресат коммуникативтік-прагматикалық кеністік құрайды. Бұл кеністік «энергетикалық, мағыналық өріс» делінеді. Бұл сөйлесімде «қазір», «осы жерде» коммуникативтік энергиясы жүзеге асады. Сұхбат барысында адресант «эго-центр» құрайды. Сондай-ақ сұхбат прагматикасының бір көрінісі эмпатияның болуы да назар аудартады. «Эмпатия» термині лингвопсихологияда қолданысқа ие. Эмпатия (лат. Empatheif – әсерлену) – өзге адамдардың танымдық ортасына ене білу мен түсіну, көңіл-күйін сезе білу қабілеті [6, 685]. Яғни, өзге адамдардың жан дүниесінің сыры мен жай-күйін білу қабілеттілігі және оған жанашырлықпен қарау. Ол адам бойында жиі кездеседі. Ерекше сезім деген мағынада қолданылады. Мәселен, адамдар қайғы-қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшыраған кезде оған жанашырлық білдіріп, ортақтасу күйі. Мысалы, «Теледәрігер» бағдарламасының «Ерекше балалардың күтімі», «Мидың қатерлі ісігі» сынды шығарылымдарында эмпатия көрінісі айқын байқалып отырады. Бағдарлама барысында телефон арқылы хабарласқан адресаттың жай-күйіне жанашырлық білдіріп, ортақтауы күйі анық байқалып отырады.

Ал отандық ғылымда прагматика, публицистикалық стиль табиғатын тану мәселелері бірқатар зерттеу нысанына өзек болған. Қазіргі прагмалингвистика саласы қарқынды даму үстінде. Мысалы, З.Ш.Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» [16], Д.Әлкебаеваның «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» [17] монографиялары мен қазақстандық лингвистикадағы бірқатар зерттеуші мамандар өз ғылыми еңбектерін прагматика мәселесінің әртүрлі қырларын қарастыруға арнаған. Профессор Д.Әлкебаева публицистикалық стильдің хабар беру мен ықпалын, публицистикалық стильдің ауызша түрінің мәдени коммуникацияның жоғары формасын құрайтындығын атап өтеді» [17]

Телехабарлар тілін функциональдық, прагматикалық тұрғыдан қарастырған ғалым Г.А.Машинбаева болды. Ол телебағдарламалар тілін лингвопрагматикалық аспектіде қарастырды. Прагматиканы былайша түсіндіреді: «Лингвистика саласында құрамына сөйлеушінің таңдауы мен бағалауы кіретін тіл құбылысы прагматика деп түсіндіріледі. Прагматикалық бағыт адамзаттан жоғары, ой, эмоция, сезімді арнайы таңбалар арқылы жеткізетін тілді сөйлесу құралы ретінде пайдаланатын тұлғамен тығыз байланысты тілдік бірліктердің маңызды компоненттерін, ал функциональдық сипаттау тілдік бірліктердің қасиетін, олардың контексте қолданылуына негізделген сөйлеу актісін білдіреді» [18]

Бүгінгі телевизиядағы сөйлеу «қоғамның тілдік бейнесін» тануда маңызды. Ал прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал, әрекет ету ұғымдары жатады. Мұнда сөйлеу әрекетін тудыратын сөйлеушінің мақсаты. «Теледәрігер» бағдарламасының мақсаты – ел тұрғындарына, әсіресе шалғай ауыл-аймақтағы көрермендерге медициналық кеңес беру. Мұнда адресант пен адресат арасындағы өзара тұлғааралық байланыс орнайды. Аталмыш бағдарламаның өзге телебағдарламалардан ерекшелігі – өзара диалогқа түсетін адресат иелері белгілі бір сала маманы, яғни, дәрігерлер. Салалық журналистика дамуының бір көрінісі. Бағдарламаның 2022 жылғы шығарылымдары төмендегідей тақырыптармен эфирге жол тартты. 2022 жылдың маусым-шілде айларында ұсынылған бағдарлама тақырыптарының берілуіне назар аударсақ, бағдарламаның кезекті шығарылым атауларының да тілдік тұрғыдан берілу көрінісін төмендегі кестеден байқауға болады. Әсіресе тақырыптардың сұраулы сөйлемдер түрінде келуі ерекше көзге түседі. Сұраулы сөйлем түрінде келген тақырыптар интонация арқылы, сұраулық шылаулар арқылы (-ба, -ма,-ме) көрінеді. Мысалы: *Алғашқы көмек көрсете аласыз ба?; Омыртқа жарығы жазыла ма?; Варикоз емделе ме?* т.б.

Жалпы алғанда, лингвистикада пікір алысу мен қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың біртұтас бөлшегі ретінде сұраулы сөйлемдер қызметі ерекше екендігін баса айтады.

Публицистикалық стильдегі сұраулы сөйлемдер негізінен белгілі бір хабарламалық және прагматикалық аспектіге негізделеді. Тіл мен сөйлеуді байланыстыратын бір арнаға негізделген сөйлеу әрекеті. Сөйлеу әрекетінің тікелей қолданысында немесе оны айту мақсатының астарында әр түрлі әрекеті, сұрау міндеті тұрады.



«Адресанттың сұрақ қоюы стилистикалық бағалаушы категорияға негізделеді. Адресант өз сұрағының негізінде прагматикалық мақсатын еш жасыра алмайды, сұрақ арқылы басқа сұрақтың жауабын да іздейді, ал адресат тарапынан алынған «жауап» сөйлеушінің сұрағын қанағаттандыруы да мүмкін, керісінше болуы да ықтимал» – деп көрсетеді ғалым Д.Әлкебаева [17, 111]

*1-кесте*

**«Qazagstan» Ұлттық телеарнасындағы «Теледәрігер» бағдарламасының атаулары**

№	Бағдарлама тақырыбы	Шығарылған уақыты
1	Жазда иммунитетті қалай көтереміз?	8.07.2022
2	Балам сөйлей алмайды	7.07.2022
3	Тіс– денсаулық кепілі	5.07.2022
4	Алғашқы көмек көрсете аласыз ба?	4.07.2022
5	Жазғы бет күтімі	1.07.2022
6	Ерекше балалардың күтімі	30.06.2022
7	Омыртқа жарығы жазыла ма?	29.06.2022
8	Варикоз емделе ме?	28.06.2022
9	Панкреатит емделе ме?	27.06.2022
10	Безеуден қалай арыламыз?	24.06.2022
11	Жазда қалай арықтаймыз?	23.06.2022
12	Тамақтан улану	21.06.2022
13	Су ішу тәртібі	20.06.2022
14	Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі	17.06.2022
15	Мидың қатерлі ісігі	16.06.2022

Телесұхбатта заманауи технологиялық мүмкіндіктер де мол пайдаланылады. Бағдарлама барысында кез келген адам студия нөміріне қоңырау шалып, сұрағына жауап алуына болады. Сондай-ақ, ел тұрғындары WhatsApp нөмірлеріне алдын ала бейнесауал жолдап, тікелей эфир уақытында тиісті маманның кеңесіне жүгінеді. Одан бөлек, дәрігерлерге Skype-байланыс арқылы сауал қою мүмкіндігі қарастырылған.

Бағдарлама барысында адресант (журналист-тележүргізуші) сұраулы сөйлемдерді қолдану арқылы өзі жауабын таныту, аудиторияның назарын аударту міндеттерін де қатар қояды. Бағдарлама аясында адресант, яғни, тележүргізуші логикалық ой жүйесін түзуші ретінде көрінеді. Өзара диалогқа құрылған сұхбаты, сұраулы сөйлемдермен берілген сұрағы қоғамдағы келеңсіз әрекеттердің себебін іздейді.

Телесұхбат кезіндегі прагматика адресанттың ақпаратты анық түсіндіруі, қысқа, әрі тұжырымды сөйлеуі, түсініксіз сөздерді болдырмау жағдаяттарынан көрініс береді. Мәселен, бағдарлама медицина тіліне негізделгендіктен көптеген терминдер жалпы көпшілік аудиторияға түсініксіз болып жатқан тұста оны «қарапайым тілмен» жеткізе білуі де үнемі назарда болады. Мысалы: «Балам сөйлей алмайды» деген телешығарылымында дәрігер-невролог кеңес беру кезінде «височная доля» терминін түсінікті болу үшін «самай бөлігі» деп қарапайым түсінікті түрде жеткізе отырып, арнайы визуальды формасы яғни, мидың суреті, бейнеленуі арқылы түсіндіруге тырысады.

Ғалым Д.Әлкебаева телевизия тілінің көрерменге ықпал етуі түрлі әдіс-тәсілдер арқылы көрінетіндігін төмендегіше көрсетеді. Олар: көркемдеуіш құралдарды тиімді қолдану, стереотиптерлі тиімді қолдану, ирония арқылы, психологиялық жағынан ықпал жасау, яғни, сақтандыру сынды амалдар, статистиканы айту [17, 145]

«Теледәрігер» бағдарламасындағы адресат(жүргізуші) сөздік қорында дайын немесе тұрақты тілдік қолданыс орын алады. Мәселен, «*Саулыққа жол іздейтін-теледәрігер*» деген тіркестер әр бағдарламаның үнемі басқы бөлігінде айтылады. Мұндай тұрақты қолданыстар мақсатты түрде қолданылады. Әрі хабарды тез, құлаққа жағымды жеткізуді де көздейді. Бағдарлама барысында *теледәрігерлер айтады, теледәрігерлер жауап береді* қолданылады. Яғни, осындай тіркестер арқылы телеаудиторияны арнадан, бағдарламадан алыстатпауы, жүргізушінің ықпал етуі көрінеді. Ол сөйлеу стереотиптерінің басты белгілері ретінде көрінеді.

Бағдарламада берілетін ақпарат та мазмұндық-фактуалдық ақпаратқа жатады. Себебі, мұнда бағдарлама тілі көпшілікке түсінікті, әрі фактілік ақпараттар ұсынылады. Бағдарлама барысында адамдарға психологиялық тұрғыдан кеңес бере отырып, сақтандыру амалдары мен статистиканы қолдану жиі орын алады. Ол сан есімдердің қолданысы арқылы көрінеді. Оның аудиторияға ықпалы зор. Сан есімдер арқылы фактіні берудің стилистикалық мүмкіншіліктері де мол. Мысалы, елдегі коронавирус жағдайы кезіндегі бағдарламаларда еліміздегі эпидемиялық ахуал туралы статистикалық мәліметтер берумен бастайды, әрі сақтық шараларын ұстауға шақырады.

Қажетті сөз оралымдары болып табылатын «стереотип тілдік бірліктер» сөйлеуші санасында орнығады. Стереотиптердің ерекшелігі – сөз байланысын сақтау үшін, әрі көрерменге берілетін ақпараттың жеңіл болуын қамту мақсатын көздейді. Мәселен, бағдарламада дәрігердің беретін кеңесінің көрерменге түсінікті түрде берілуі. Сұхбат барысында адресат пен адресант арасында интонация, көңіл-күйді бейнелеуші құралдар, аудиовизуальды ерекшеліктер орын алады.

Прагматиканың негізгі мәні – тілдік факторларды адам қызметіндегі аспектіде зерттеу болып табылады. Телесұхбаттың прагмалингвистикасы тілдің қолданылу мен жұмсалымын аясын танытады. Бұл ретте «Теледәрігер» бағдарламасындағы медициналық терминдер қолданысы мен оны адресаттың қабылдауы да маңызды. Мұнда медицина салсындағы сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысы да стильдік жүк арқалайды.

Кез келген теледидар бағдарламасындағы адресанттың прагматикалық мақсаты – адресатқа (көрерменге) ақпаратты тез қабылдата алуы, әрі адресанттың кәсіби шеберлігінің танылуы, шындық пен деректерге сендіруі, сөйлеушінің эмоциясы мен интенциясын ұқтыруы сөзді қолдану жағдайымен тікелей байланысты болады. Демек, телесұхбат прагматикасы дегеніміз – теледидардағы сұхбат барысындағы сөздің қолдану ерекшеліктерін түсіндіру. Мұнда ақпаратты беру қабілетіне ерекше назар аударылады. Телесұхбат барысында сөйлеу әуенінің көмегімен сөйлемнің әртүрлі түрлері қолданылады. Әсіресе сұрақ, әңгіме түрлері көп кездеседі. Телесұхбат барысында айтылатын ойға қатысты мүшелердің түгел айтылмағын, бірақ контекст арқылы ол ойды айқандауға болатын сөйлемдер де кездеседі. Мұндай сөйлемдер арқылы болатын диалогтарда тұрлаулы немесе тұрлаусыз мүшелердің бірі, бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ сол түсірілген мүшенің қай сөз екені алдыңғы сөйлемдерден белгілі болады.

Телехабарлар тілін прагматикалық аспектіде қарастырудың қазіргі таңда маңызы зор. Теледидардың басты қызметі – халыққа ақпарат беру. Адресат пен адресант арасында қандай да бір ақпарат алмасады. Адресант тарапынан баяндау, хабарлау, жауап алу, сипаттау т.б., адресат тарапынан бағалау, пікір білдіру, таңқалу, шаттану т.б. прагматикалық факторлар тілде көрініс береді. Телеаудиторияда адамға әсер етуші факторлар – әсерлеу, түс, түр, бейне, үндестік, үйлесімділік т.б. Демек, медиаақпараттың прагматикасын зерттеу барысында тілдің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, экономикалық құбылыстарға әсері де назарға алынады. Бұл түрлі тілдік бірліктер мен амалдар арқылы көрініс табады.

Қандай да болмасын телевизия бағдарламаларында қарым-қатынас кезінде кері байланыс орната білу мақсаты қойылады. Телебағдарлама барысында адресаттың физикалық келбетінің жеке ерекшеліктері (бет, қол, иық) тұрқы, қимылдары, интонациясы қарым-қатынас кезінде ескерілуі керек ақпарат тасымалдаушы ретінде қызмет етеді. Кез келген коммуникативтік үдерістің ақпараттық-психологиялық ықпалы болады. Адресантпен сөйлесу барысындағы прагматика мақсатқа жету мен орындау үшін барлық сөйленіс тактикасы мен аялық білімді жұмсауға, тіпті эмоция мен аффектіні көрсетуге мәжбүр етеді. Сол себепті адресат болмысын тану арқылы оған қандай коммуникативтік стратегиямен дайындалып тілдік қарым-қатынас

жасау қажеттілігі, кез келген акті бойындағы интенцияның түпкі мәнін тани білу қажеттілігі прагмалингвистика саласында қарастырылады. Осындай прагматикалық қабілетінен өзге де теледидар дамуы қай кезеңде болмасын негізгі рухани тәрбие құралы ретінде қызмет атқарады.

#### Әдебиет

1. <https://qazaqstan.tv/program/2023-04-02>
2. Чичерин А. Идея и стиль. – Москва, 1968. – 362 с.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
4. Гинзбург Л.М. О психологической прозе. – Москва, 1975. – 374 с.
5. Волошинов В.В. Философия и социология гуманитарных наук. – Санкт-Петербург: Астс-Пресс, 1995 – 340 с.
6. Николаева Т.М. Эмпатия// БСЭ, Языкознание. гл.ред. В.Н. Ярцева. -2-е изд.М.:Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685с.
7. Reoul Anne et Moeschler, Jacques. La pragmatique aujourd’hui: Une nouvelle science de la communication. Paris, 1998.
8. Сёрл Дж.Р. Введение // Философия языка / Ред.-сост. Дж.Р. Сёрл. М., 2004.
9. Schulz von Tun, Friedemann. Miteinander reden. 1. Störungen und Klärungen. Allgemeine Psychologie der Kommunikation. 34. Aufl. Reinbek bei Hamburg, 2001.
10. Bach, Kent. Speech Acts and Pragmatics // Blackwell Guide to the Philosophy of Language. 2003. Online
11. Moeschler, Jacques et Reoul, Anne. Dictionnaire encyclopédique de pragmatique. Paris, 1994.
12. Metzler Lexikon Sprache. 2., überarb. u. erw. Aufl. / Hrsg. von Helmut Glück. Stuttgart; Weimar, 2000.
13. Сусов И.П. Лингвистическая прагматика. – Винница: Нова Книга, 2009. – 272 с.
14. Артюнова Н.Д. Типы языков значений. – Москва: Наука, 1988. – 278 с.
15. Норман Б.Ю. Лингвистическая прагматика (на материале русского и других славянских языков). – Минск, 2009 – 183 с.
16. Ерназарова З.Ш. «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы,2001. – 215 б.
17. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. -Алматы,2005. – 266 б.
18. Машинбаева Г. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: фил.ғыл.кан.дисс. – Алматы, 2007. – 125 б.

*Жанаргүл ГАБДУЛЛИНА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*1 курс докторанты*

*(Қазақстан, Алматы қ.)*

### МЕДИА САУАТТЫЛЫҚТЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

**Андатпа.** Бұл мақалада заманауи тұлға – болашақ шет тілдер маманы бейнесін қалыптастыру барысындағы аса қажетті медиа сауаттылық қабілетінің алатын орны көрсетіледі. Білім тәрбиімен қоса жүретін синергия болғандықтан, болашақ шетел тілі мамандары сыни ойлау, ақпаратты сұрыптау, аналитикалық дағдыны дамыту, талдау және сараптау дағдыларын жоғары деңгейде қалыптастыру қажеттілігіне басым көңіл аударылады. Келешек шетел тілі мамандары кәсіби бағытталған ортада, ақпарат ағынында адасып қалмай, фейкті шынайы ресурстан ажырата білуі, медиа сауатты болуға ұмтылуы басты қағидат ретінде қолданылған.

**Тірек сөздер:** медиа сауаттылық, сыни ойлау, дағды, диджитализация, ақпарат ағыны, цифрлы ұстаз.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается востребованность медиаграмотности в процессе формирования образа современной личности – будущего специалиста иностранных языков. Поскольку, образование является синергией, сопровождающее воспитание, приоритетное внимание уделяется необходимости формирования у будущих специалистов иностранного языка навыков критического мышления, сортировки информации, развития аналитических навыков анализа на высоком уровне.

Главным принципом для будущих специалистов иностранного языка является умение отличать фейки от реальных ресурсов, стремление к медиаграмотности, не теряясь в потоке информации в профессионально - ориентированной среде.

**Ключевые слова:** медиаграмотность, критическое мышление, навыки, диджитализация, поток информации, цифровой учитель.

**Abstract.** This given article examines the relevance of media literacy in the process of forming the image of a modern personality – a future specialist in foreign languages. Since education is a synergy that accompanies nurture, priority attention is paid to the need for future foreign language specialists to develop critical thinking skills, being able to sort information, and develop analytical skills of analysis at a high level. The main principle for future foreign language specialists is the ability to distinguish fakes from real resources, the aspiration for media literacy, without getting lost in the flow of information in a professionally oriented environment.

**Keywords:** media literacy, critical thinking, skills, digitalization, information flow, digital teacher.

Білім беру жүйесіндегі парадигманың өзгеруі, адамзаттың цифрландыру дәуіріне өтуі, ғылыми жетістіктерге қол жеткізу қабілеттілігі артқан сайын, әрбір тұлғаның үздіксіз даму сұранысы артып отыр. Диджитализация әлемінде адам заман ағымымен қатар жүру, жиырма бірінші ғасыр әлеуетіне сай дағдыларды игеру, кәсіби тұрғыда білікті маман атану, заманауи уақытқа сай қалыптасқан маман болудың шарт екенін байқадық.

XXI ғасыр қоғам моделіне қарай бой түзеп, қарқынды ақпарат ағыны шағында өзіндік ерекшеліктері дамыған, өз бетінше әрекет жасай алатын қалыптасқан индивид болуы тиіс. Ақпаратты саралай білу, оны өңдей алуға қабілетті болу, қажеттісін пайдалану мәдени тұрғыда дамудың ең алғышарттарының бірі. Технократия мен бұқаралық ақпарат құралдары, қарым-қатынас ықпалы – бүгінде негізгі мәселе болып отыр.

Жас өскелең ұрпақ интернет желісін пайдалануда қоғамда ең осал топ болып отыр және оларды «желіге тәуелді ұрпақ» деп жиі айтады. Интернет және әлеуметтік желіге көп жағдайда ойын-сауық пен мектеп тапсырмаларына ақпарат іздеуге пайдаланады [1]. Олар медианы тұтыну ерекшеліктерін, оған байланысты тәуекелді ескермейді. Ал, ақпараттық технологиялардың қазіргі беріп жатырған өнімдері сан алуан топ мүшелерінің ақыл-ойына, эмоцияларына, шығармашылық және сыни тұрғыда ойлануына, құндылықтар мен наным-сенімдеріне әсерін тигізуде. Бүгінгі ақпарат өнімі жағымды және жағымсыз типтерімен ерекшеленіп тұрғандықтан, әрбір ата-ана, ұстаз, мемлекет, қоғам алдында ұрпақтың қорғана білу қабілетін қалыптастыру міндеті жүктеліп тұр.

Қоғамдық өмірде Интернетсіз экономиканың бірде-бір саласы дами алмайды. Бұл ретте, елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында цифрландыруға күш салу адами капиталды белсенді түрде дамыту, инновациялық экономиканы құру, 2050 жылға қарай 30 дамыған елдің қатарына кіру құралы ретінде қарастырылса [2], 2021 жылғы 1 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім саласын цифрландырудың маңызына тоқталып, оны сапалы білім берумен тікелей байланыстырып, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыруды тапсырды [3].

Білім беру және жастар саясаты мамандары тарапынан ұрпақтың медиа мәдениетін қалыптастыруда, соның ішінде болашақ тіл мұғалімдерінің медиа сауаттылық деңгейін дамыту, олардың ақпаратты сыни бағалай білуін, өз-өздерін медиа нәтижесінен туындайтын манипуляциядан қорғану қабілетін игеруді шешуші қызмет атқаратынын айтты. Деседе, медиа қауіпсіздікті тиімді пайдалануда аталмыш саладағы құзіреттілік мәселесін арттыруға күш салу қажеттілігін ескеру керек. Сондай-ақ цифрлық ортада туындайтын тәуекелдер, оларды алдын алу әдістерімен жолдары, мамандардың білімі мен біліктілік дағдылары орасан зор ықпалын тигізеді.

Медиа сауаттылық – бұл ақпаратты тиімді іздеу, бағалау, қолдануға мүмкіндік беретін дағды [1]. Ал, медиа құзіреттілік заманауи медиа технологияларды пайдалана отырып, белгілі бір салада ең қажетті құзіреттілікті дамыту үдерісін айтады. Адамның медиа кеңістікке құндылық көзқарасы медианы тұтынып, оны түсіну және бұқаралық ақпарат құралдарымен әрекеттесу

нәтижесінде анықталады. Бұқаралық ақпарат құралдары -базалық сенім мен құндылықтарды анықтап, болашақ тіл мұғалімдерінің кәсіби даму жолында ерекше қызмет атқарады.

Медиа сауаттылық ұғымы соңғы онжылдықта адамзаттың аудиовизуалды білім деңгейін, медиамен әрекеттесу қабілеті мен байланыс орнату үшін пайда болып, қолданылып келеді. Медиа сауаттылық қоғамда әрбір жанға игеруге тиіс қабілет. Соның ішінде айтарлықтай салмақ болашақ тіл мамандарына бағытталады. Себебі, кәзіргі білім алушы, ертеңгі кәсіби бағыттағы маман, ал осы секілді мамандар өскелең ұрпақпен жұмыс жасап, өнеге, тәрбиеге баулиды. Заманауи адам бойында flexible (latin “flexibilis”) – «икемділік» қабілеті болуы керек, ақпарат ағынында адасып қалмай, қабылданған ақпараттың жалған немесе дұрыстығын айқындай білу, сыни ойлау, саналы түрде қабылдай білу тиіс. Себебі, қазір адамның ең жақын досы бұл – гаджет. Гаджет арқылы сан алуан миға ақпарат келіп жатыр. Медиа сауатты болу гаджет әсерінен туындаған көптеген психологиялық ахуалдан, ыңғайсыздықтан аулақ болуды білдіреді.

Ресейлік ғалым А.В.Федоровтың пікірінше «Медиа сауатты адам бойында түрлі медиа мәтінді қабылдау, талдау, бағалау, құру, қазіргі әлемдегі БАҚ қызметінің әлеуметтік-мәдени және саяси контекстін қолданылатын медиа кодтар мен өкілдік жүйелерді түсіну қабілеті дамыған, бұндай тұлғаның қоғамдағы және әлемдегі өмірі азаматтық жауапкершілікпен байланысты. Қазіргі әлемде медиабілім беру бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық, коммуникациялық қабілеттерді, сыни ойлауды, жан -жақты ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында бұқаралық коммуникация көмегімен және материалдар арқылы тұлғаны дамыту процесі ретінде қарастырылады. Медиа мәтіндерді қабылдау, интерпретациялау, талдау және бағалау, медиа технологияны пайдалана отырып, әр түрлі формада өзін-өзі көрсетуге үйрету. Медиа сауаттылық адамға теледидар, радио, бейнежазба, кино, баспасөз, желінің ақпараттық саласының мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалануға көмектеседі және оның медиа мәдениет тілін жақсы түсінуіне көмектеседі» [4, 13].

Mehlinger H.D. ғалымның зерттеуіне сүйенсек, жоғарғы оқу орындарының осы күнге білікті мамандар даярлауда табысты болғанмен, қазіргі білім беру қажеттіліктері қоғам өзгерістеріне сай мүлдем өзгергенін көрсетеді. «Күзиреттілік банкке» ие мамандарға қай салада болмасын, сұраныс жоғары және керісінше күзиреттілік дағдысы дамыған маман тапшылығы да жоғары болып тұр деп көрсетеді [5, 176].

Бұқаралық ақпарат құралдары жалпы философия және әлеуметтік тұрғыда жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту процесінде, сол ел мәдениетін меңгеруге бағыттайтын коммуникативті потенциалы бар құрал. Тіл меңгерудегі кәсіби біліктілік, тұлғалық қабілеттілік, өмірлік және кәсіби тәжірибеде алған білімін көрсету тіл оқыту мақсатының мәні болып табылады.

Ғалым Рене Хоббс АҚШ-тағы зерттеулері мен жобалары медиа сауаттылық білім беруде терең қызуғышылықты көрсетеді. Ол медиа сауаттылықтың сөйлеу, жазу, тыңдау арқылы үйренушінің өзіндік хабарламаларын жасау қабілеттілігі, жаңа технологияларға қол жетімділігі, сыни бақылау және кең көлемдегі технологияларды қолдану мүмкіндігі туралы ойын білдіреді. Хоббстың ойына сүйенсек, медиа сауаттылық нұсқаулықтарына практикалық қолданысты енгізу білім алушылардың өз ойын шығармашылықпен жеткізуге кепілдік береді және де медиа қоршаған ортасы туралы хабардар болуға мүмкіндік береді деп сендіреді. Білім алушы шынайы сыни аудиторияға айналу үшін фотосурет жинап, камераға еркін әрекет жасап, жаңа мақалалар жазу секілді іс-шаралармен айналасу қажет. Егер осындай нақты әрекеттер білім ордада оқу жоспарында қолданыста болмаса, медиа сауаттылық білім беру толық жүзеге асты деп саналмайтынын жеткізеді [6, 122].

Қорыта келе, жоғарыда атап көрсеткендей, медиа сауаттылық болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби бағытталған ортада, кәсіби күзиреттілігінің ажырамас бөлігі болып келеді. Келешек шетел тілі мамандарына медиа ресурстарды тиімді пайдаланып, жүйелі түрде қолдануға, оны бағалап, өзіндік медиа өнімдерін жасақтау, білім сапасын арттырып қана қоймай, білім алушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медиа білім беруді интеграциялау, болашақ шетел тілі мамандарының инновациялық ой-жобаларын жүзеге асыруға, оқыту үдерісінде шығармашылық енгізуге және тұрақты кәсіби даярлығын қалыптастырады. Медиа сауаттылық оларға тек тіл мұғалімдері ғана емес, сонымен қатар



ақпараттандырылған тұтынушылар және шет тіліндегі медиа контент құрастырушы болуға мүмкіндік береді.

#### Әдебиет

1. ҚазАқпарат Халықаралық агенттігі. Жасөспірімдердің әлеуметтік желіні пайдалануына тыйыс салу керек пе – зерттеу. 18 ақпан 2020 жыл.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. inform.kz (27.11.2021ж. қаралған) [https://www.inform.kz/kz/cifirlyk-kazakstan\\_t8246](https://www.inform.kz/kz/cifirlyk-kazakstan_t8246)
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>
4. Федоров А.В. Медиаобразование и медиаграмотность. Таганрог: Изд. Кучма, 2004. – 340 с. – 13 с.
5. Mehlinger H.D Education reform in the information age. D.Mehlinger- Indiana: Center for Excellence in Education, 2005. – 176 p.
6. Hobbs R. Media Literacy in Action: Questioning the Media, 2004: 122-140 p.
7. Merriam-Webster dictionary. <https://www.merriam-webster.com/>
8. Ожегов С.И. Орыс тілі сөздігі. – М.: Орыс тілі, 1989. – 924 – 112 с.
9. Педагогикалық энциклопедиялық сөздік / бас. ред. Б.М.Бим-Бад. – М., 2003. – 528 с.
10. Buckingham D. Media Education: Literacy, Learning and Contemporary Culture. – Cambridge, UK: Polity Press, 2003.
11. Masterman L. 18 Principles of Media Education. In: <http://www.screen.com/mnet/eng/med/class/support/mediacy/edec/masterman.htm>. 1998.
12. Jolls T., Wilson C. The Core Concepts: Fundamental to Media Literacy Yesterday, Today and Tomorrow. Journal of Media Literacy Education, <https://doi.org/10.23860/jmle-6-2-6>, 2014.
13. Potter W.J. Media Literacy. Thousand Oaks – London: Sage Publication, 2001.

*Зәружан ҚАЗЕКЕШ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
2-курс магистранты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ЖАРНАМА ТІЛІНДЕГІ КАЛЬКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мемлекеттік тіл қазақ тілі болып танылғаннан кейінгі, жарнама тілінің тілдік ерекшеліктері жөнінде сөз қозғалады. Атап айтар болсақ жарнама тіліне орыс тілі және шетел тілінің әсері, қазақ жарнама тіліндегі калькалық қолданыстар сынды мәселелер баяндалады. Мақала барысында “Almaty-mall” ойын-сауық орталығынан түсірілген суреттер арқылы орыс тілінен енген калькалық қолданыстар талданады. Жарнама ұғымының шығу тегі турасында сөз болып, Р.Мачранд, Е.Ю.Колтышева, О.А.Ксензенко сынды орыс ғалымдарының пікірлері сараланады. Жарнамалардың ұтымды, сәтті жасалынған түрлеріне мысалдар келтіріледі.

**Тірек сөздер:** жарнама, калькалық қолданыстар, тілдік норма, жарнамалардағы қателіктер, аударма, тікелей аударма

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются лингвистические особенности языка рекламы после признания казахского государственным языком. В частности, будет обсуждаться влияние русского и иностранного языков на язык рекламы, использование кальки в казахском языке рекламы. В ходе статьи с использованием фотографий, сделанных в развлекательном центре «Алматы-молл», анализируются калькуляции из русского языка. Говоря о происхождении понятия рекламы, Р.Махранд, Э.Ю.Колтышева, О.А.Мнения российских ученых, таких как Ксензенко, расходятся. Приведены примеры рациональных, успешно созданных видов рекламы.

**Ключевые слова:** реклама, калька, языковая норма, ошибки в рекламе, перевод, прямой перевод.

**Abstract.** This article examines the linguistic features of the advertising language after the recognition of Kazakh as the state language. In particular, the influence of Russian and foreign languages on the advertising language, the use of tracing in the Kazakh language of advertising will be discussed. In the course of the article, using photographs taken in the entertainment center “Almaty Mall”, calculations from the Russian language are analyzed. Speaking about the origin of the concept of advertising, R. Makhrand, E. Yu. The opinions of Russian scientists, such as Ksenzenko, diverge. Examples of rational, successfully created types of advertising are given.

**Keywords:** advertising, tracing, language norm, advertising errors, translation, direct translation.

Бүгінгі күннің көкейкесті, қазақ қоғамын алаңдатып отырған мәселелерінің бірі – жарнамалардағы қазақ тілінің рөлі мен маңызы. Айналамызға назар салып, жарнама парақтарына үңілсек, қазақ тілінде толып жатқан лексикалық, грамматикалық, мағыналық, стилистикалық қателерден көзіміз тұнады. Жасыратыны жоқ, орыс яки ағылшын тіліндегі жарнамаларды қазақ тіліне аудару мәселесіне келгенде біраз жеріміз ақсаң. Кейде тіпті қазақ тілі қоғам санасындағы қостілділіктің құрбанына айналып бара жатқандай күйде екендігін де байқаймыз. Теледидарды қосып қалсаңыз да, көшеде жүрсеңіз де, тіпті кез-келген әлеуметтік желіге кірсеңіз де жарнама суреттері, сөздері мен бейнелері еріксіз назарыңызды аудартпай қоймайды. Қазіргі ғаламтор мен технология дамыған заманда жер мен көкті жарнама басып алғандай.

Жарнама дегеніміз – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарламалар жиынтығы. Жарнама (жар+нама; «жар» – жария етті, мәлімдеді, хабар таратты, жариялады; «нама» – араб, парсы «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан») – қазақ мәдениетінде кең қолданылатын ұғым, дефинициясы айқын термин [1, 20].

Зерттеушілердің пікірінше жарнаманың бүгінгі замандағы адам өмірінде алатын орны айырықша. Мәселен, Р. Мачрандтың ойынша жарнама біздің өмірімізді газет журнал беттеріне жазып, теледидарда көрсетеді [2, 15]. Сондай-ақ, оның пікірінше жарнама қоғамдық дискурстың қалыптасуына үлкен үлес қосты және әлі де қосып келеді, мұндай әр түрлі аудиторияның ортақ біріктірушісі тіл болып табылады, онда жарнама пікір мен шындықты қабылдауда маңызды рөл атқарды [2, 20].

Е.Ю.Колтышева анықтағандай, «жарнама мәтіні – прагматикалық бағыттағы мәтіннің ерекше түрі. Оның өзіндік ерекшелігі оның әсер ету бағытына байланысты; сонымен бірге әсер ету функциясы мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылады: барлық мүмкін семиотикалық жүйелер мен құралдар қолданылады» [3, 6].

О.А.Ксензенконың айтуынша «мәтін»– жарнаманы қабылдауда маңызды рөл атқарады. Жарнаманың негізгі мақсаттары – назар аудару, қызығушылық тудыру және сату. Жарнама мәтінін құрастырушылар әртүрлі лингвистикалық және психологиялық әдістерді қолдануға жүгінеді. Ол жазылған мәтіндердің нақтылығымен, тапқырлығымен, жоғары кәсіби өнімділігімен ерекшеленуі керек. Осы тұрғыда О.А.Ксензенконың пікірімен толықтай келісуге болады.

Қазіргі қазақ жарнамалары таралу жолына, қамтитын тақырыбына, түрі мен ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

- сыртқы жарнама (мандайшалар, жарнамалық қалқандар, плакаттар);
- теле және радио жарнама (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, радио хабарландырулар, радио роликтері);
- парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар, шағын жарнама парақтар, шақыру билеттері);
- газет жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері)

Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген. Жарнама үлгілері «Қобыланды батыр», «Мұңлық-Зарлық» және «Оғызнама» жырларында кездеседі.

Калька – әлемдегі тіл білімін орын алған, әлемдік тіл білімінде танылған тілдік құбылыс.

Калька әлемдік тілдерде бар тәсіл. І.Кеңесбаев, І.Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде» калькаға мынадай анықтама берілген: «Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру, мыс: есімдік – орыс тілінің местоимения сөзінің калькасы» [4].

Соңғы жүз жылдықта қазақ жеріне әлемнің түкпір – түкпірінен сан мыңдаған компаниялар, бизнестер мен брендтер келді. Иә, еліміздің көш бойы озық елдермен терезені тең түсіріп, өзгенің жетістігін елімізге әкелуіміз керемет-ақ. Алайда сол елдердің жетістігімен бірге еріп келген «жарнамаларының» қазақ тіліне аударылу мәселесі ақсаң тартуда. Неге десеңіз, қазіргі күнделікті көріп жүрген жарнамаларымыздың көпшілігі орыс тілінің калькалық үлгісіне айналып кеткен. Елімізде жарнамаларды аудару – аудармашылардың басты міндеті.

Аударма – халықпен халықты, тілмен тілді, әдебиетпен әдебиетті қауыштырушы дәнекер. Аударма – ұлттар арасындағы экономикалық, әлеуметтік, рухани, ғылыми қарым-қатынастың тәрбие – тағылым алмасудың үлгісі. Аудармашының басты мақсаты – орыс тіліндегі ақпаратты қазақ тіліне аудару ғана емес, сол ақпаратты қазақ танымына, тілдік және грамматикалық нормаларына сай етіп аудару. Бір сөзбен айтқанда жарнаманы қазақ тілінде еш қатесіз сөйлете білу. Осы айтылған аудармашылардың міндеті шынтуайтына келгенде орындалып жүр ме?

Бүгінде қазақ елінде, тәуелсіз, егемен елде өмір сүрсек те орыс тілінің, қостілділіктің ығы басым болып отыр. Олай деуімізге алғашқы бірден-бір себеп жарнама мәтіндерінің орыс тілінің, шетел тілінің калькасымен үтір-нүкте тіпті сызықшасына дейін дәлме-дәл аударылуы. Ойымызды дәлелдеу үшін төмендегі 1-суретке назар салсақ:




1-сурет

Сурет «Almaty-mall» ойын-сауық орталығының екінші қабатындағы DNS дүкенінен түсірілген. Суретке зер салып қарар болсақ, калькаланып аударылған тіркестерді көреміз. Ең бірінші «таза баға – чистая цена» деп берілген орыс тілінің тікелей аудармасы. Қазақ танымында таза ауа, таза жер, таза киім секілді тіркестер кездеседі. Яғни «таза» сөзінің негізгі мәні «лас» мәніне кереғар, кіршіксіз, мұнтаздай сынды ұғымға саяды. Жарнама мәтінде берілген «таза баға» ұғымы ешқандай бағаның тазалығын көрсетіп тұрған жоқ, тек орыс тілінің тікелей аудармасы болып тұр. Келесі «бөліп төлеу комиссияларынан тазартылған бағалар – очищенные цены от комиссий за рассрочки» бұл да тікелей, калькаланған аударма. Құрылымдық жағынан да, грамматикалық жағынан да қате аударма. Бұлай аударудың орнына «жеңілдетілген баға», «арзандатылған баға» және «комиссиясыз бөліп төлеу» деген дұрыс тіркестер болушы еді.




2-сурет



3-сурет

Келесі 2-суретке назар салсақ бұл жерден де калькалық аударманы көре аламыз. «Управляй своей скидкой по карте лояльности» – «бейілділік картасы бойынша жеңілдікті басқар» орысшадан тікелей аударылған.

3-суреттен де «жүгіруге қиетін кроссовкилер» және «қалалық және қара жолдарға жарайды» сынды калькалық аударманы кездестіреміз. Осы суретке назарым түскен сәтте қашаннан бері жолды «қалалық» деп бөлеміз деп ойланып қалдым. «Қара жол» деген тіркес тілімізде бұрыннан бар, мағынасы адамдардың, жан-жануарлардың және көліктердің жиі жүруінен жер бетінде тыңнан пайда болады. Қазақ халқы көршілес жатқан шағын ауылдарды қосатын жолдарды да, ұзын әрі маңызды, ел мен елді жалғап жатқан жолдарды да «қара жол» деп ағай береді. Бұл жерде қалалық деп отырғаны асфальтталған жол мағынасына саяды. «Кроссовкилер» сөзі де орыстың көпше мәнінде тұрған кроссовки сөзіне көптік жалғауының жалғануынан жасалып тұр. Орыстың көптеліп тұрған сөзіне әкеп тағы көптік жалғауын жалғаудың не мәнісі бар? Миға қонбайды. Бұл да өрескел қателік. Бұндай тіркестердің орнын «жүгіруге арналған аяқ-киім», «жол талғамайтын аяқ-киім», «тауға да тасқа да кие бересін», «ауыл мен қала талғамайтын аяқ-киім» деп ауыстырсақ сәл қазақ танымына қонымдырақ болар еді. Жоғарда көрсетілген суреттер «Almaty-mall» ойын-сауық орталығының дүкесінен түсірілген.



4-сурет

«Wolt» тамақ және тауар жеткізу қызметінің мына бір жарнамасында тағы да калькалық қолданыс анық байқалып тұр (4-сурет). «Побалуйте себя хрустящими крылышками» дегенді «Өзіңді тауықпен еркелет» деп аударған. Бұл аударма тіпті де қазақ танымына, сөздік қолданысына жат.

Алматы қаласының көшелерінің біріндегі билбордта «Меняем старое на новое» деген сөйлемді «Кәріні жаңаға ауыстырамыз» деп қазақ тілін күлкіге айналдырған. Бұл ең оңай аударма деп ойлаймын. Аудармашының үлкен қатесі – мәтінді түсінбеуі. Себебі, «старый» сөзінің қазақ тілінде бірнеше баламасы бар: кәрі, ескі, ежелгі, қарт, ескірген, тозған және т.б. Керекті баламасын контекстке қарай аламыз. Сонда «Ескіні жаңаға ауыстырамыз» деп аударылады.

«Строительные материалы. Оптом и в розницу» – «Құрылыс заттары. Көтерме және бөлшек». Бұл мысалда сөйлем тиянақсыз, аяқталмаған. Негізгі ой – құрылыс заттарының көтерме және бөлшек бағамен сатылатындығында, яғни бұл сөйлем «баға» деген сөзді керек етіп тұр. Демек, «Құрылыс заттары. Көтерме және бөлшек бағамен» десе сөйлем түсінікті болар еді.

Жарнамадағы қателер әдетте тек қазақша мәтінде болады. Бұдан байқарымыз:

1. Жарнама мәтінін дайындайтын – орыстілді адам.
2. Жарнама дизайнын жасаған – орыстілді жан (қазақтілді болса, мәтіндегі қатені байқап, түзер еді).
3. Жарнаманы құптаған басшылық – орыстілділер (қазақтілді болса, мұндай жарнаманы құптамас еді).
4. Жарнаманы басып шығарған полиграфия қызметкері – орыстілді (қазақтілді болса, қатені байқап, айтар еді).

Әрине, «іші – алтын, сырты – күміс» сөз жақсысын келістірген сәтті аудармалар да бар. Мысалы, «еселеп артар кірісің, үнемді болса әр ісің» – «тройной результат без лишнего затрат», «зачем полцарства за коня!» – «астыңдағы атыңды алты ай іздеме!». Бұл аударма тіл емес, қазақша мәтін, ой.

«Сочитание качества и цены!» - «Сапа мен баға үйлесімділігі!» Қандай тамаша аударма. Артық жалғаулар мен жұрнақтар жоқ. Әрбір сөз орнында тамырын терең жайып тұр. Әрбір сөз бір-біріне сай келетін сөздер. Бірнеше мысал келтірейік:

«*Офисный мир*» – «*Кеңсе әлемі*»

«*Звонки на все мобильные по одной цене!*» – *Барлық ұялы байланысқа қоңырау бір бағамен!*»

«*Все для отделки и ремонта!*» – «*Бәрі де өңдеу және жөндеу жұмыстары үшін!*»

«*Присоединяйся!*» – «*Бізбен бірге бол!*»

Жарнама мәтіндерінде калькаға емес осындай қазақи танымға сай мәтіндер көбейсе нұр үстіне нұр болушы еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жарнаманың аударма нұсқасын емес, семантикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалары сақталған қазақша жарнама тілін дайындауға ерекше көңіл бөлу керек. Тауарлар мен өнімдердің, қызмет түрлерінің жарнамаланып отыруын реттейтін жарнама агенттіктері қажет және олармен мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының этномәдениетінен толық хабардар, сондай-ақ басқа тілдерді де жақсы білетін тілші мамандармен, аудармашылармен жасакталуы тиіс.

Тіліміздегі визуалды ақпараттың көпшілігін жарнама арқылы аламыз. Жарнамалардың нәтежиесінде белгілі бір зат, тауар, қызметті сатып аламыз. Бүгінгі заманымыздағы кез-келген жарнама табыстың көзі, сол себепті жарнама мәтіндері де заңмен қаралуы керек деп білемін. Қате жарнамалар үшін салынатын айппұл мөлшері көбейсе, бәлкім көп мәселелердің шешімі табылып қалар.

#### Әдебиет

1. Қайдаров Ә., Айтпайұлы Ө. – «Тіл майданы» Алматы 2000.
2. Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997. – 327 с
3. Арутюнова Н.Д. Наивные размышления о наивной картине мира // Язык о языке / Под общ. рук. и под ред. Н.Д.Арутюновой. – М.: Языки русской культуры, 2000. – С. 7–19.
4. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. 1966.
5. Сыздық Р.С. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. –230 б.
6. Уәли Н.М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докторы ғыл ...дисс. – Алматы, 2007. – 312 б.



*Жанар БАЙТЕЛИЕВА*  
*Назарбаев Университеті*  
*филология ғылымдарының кандидаты*  
*(Қазақстан, Астана қ.)*

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

**Андатпа.** Бұл мақалада әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, прагматика, педагогика т.б. ғылым салаларының зерттеу нысанына айналған тілдік тұлғаның бойында мәдениеттанымдық құзыреттілікті қалыптастыру жолдары талданады. Тіл үйренушінің, тілдік тұлғаның белгілі бір тілді меңгеру үдерісінде ұзақ уақытты талап ететін осы мәдениеттанымдық құзыреттілік. Әсіресе, көптілді кеңістікте бұл мәселенің өзектілігі күннен күнге артуда. Еліміздегі тілдік кеңістікті ескере отырып, тіл үйренушілердің бойында әр деңгейге сәйкес түрлі құзыреттіліктерді қалыптастыру, оны бақылау, бағалау әрекеттерін де дұрыс жоспарлау, соған сәйкес жүзеге асыру ісі өте маңызды. Сондықтан мұндай маңызды құбылысты тереңірек зерттеу мәселесін мақалаға тірек етіп алынды.

**Тірек сөздер:** тілдік тұлға, тіл үйренуші, мәдениеттанымдық құзыреттілік, қарым-қатынас

**Аннотация.** В данной статье анализируются пути формирования культурно-познавательной компетентности языковой личности. В процессе изучения определенного языка именно культурная компетентность требует длительного времени для языковой личности. Актуальность этого вопроса возрастает с каждым днем, особенно в многоязычном пространстве. Учитывая языковое пространство в нашей стране, очень важно правильно планировать и реализовывать различные компетенции у изучающих язык в соответствии с каждым уровнем, а также отслеживать и оценивать их. Поэтому в этой статье обращаем внимание на этот вопрос.

**Ключевые слова:** языковая личность, изучающий язык, культурная компетентность, общение.

**Abstract.** This article analyzes the ways of forming the cultural and cognitive competence of a linguistic personality. In the process of learning a certain language, it is cultural competence that requires a long time for a linguistic personality. The relevance of this issue is increasing every day, especially in a multilingual space. Given the linguistic space in our country, it is very important to correctly plan and implement various competencies in language learners in accordance with each level, as well as monitor and evaluate them. Therefore, in this article we draw attention to this issue.

**Keywords:** linguistic personality, language learner, cultural competence, communication.

Жаһандану үдерісі жанданып жатқан кезеңде өзге ұлт өкілдері түгілі белгілі бір тіл иелендерінің өз ана тілінде лексикалық білімі, мәдени аялық білім қорының әлсіреуі жиі көрініс таба бастады. Мұны қоғамның әр саласынан байқауға болады. Әрине, мұның қажеттілігі қаншалықты деген сұрақты қоятындар әрқашан да табылады, яғни, бастысы тілдік тұлғаға коммуникативтік, тілдік құзыреттілікті меңгеру жеткілікті дейтін прагматикалық көзқарастардың бар екені белгілі. Қазіргі таңда көптілді кеңістік бұрынғымен салыстырғанда кенейіп жатыр, сондықтан тілдік тұлғаның мәдениеттанымдық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы көптілді меңгерген жастар арасында күннен күнге артып келеді. Мұндай құзыреттілікті қалыптастыруда этномәдени тілдік деректердің кодын ашу маңызды мәнге ие. Оның себебі – тіл арқылы ұлт болмысын анықтайтын мәселелердің мазмұны мен түйін-дәйектері ұлттың мәдени кодында астарланған. Ал мәдени кодты ашудың кілті – лингвомәдени таңбаға салынған ақпараттарды аша білу. Кез келген этномәдени атау белгілі бір затты атап қана қоймай, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігіне сай туындаған бұйымды дәйектейді. Сол сөздердің мазмұнында айшықталған халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани және дүниаяуи мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымды мен әдет-ғұрпы, салт-санасы, т.б. ұлттық ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады [11].

Адамзат тарихында болған қаншама ақпарат тілдік форма түрінде сақталған. Басқаша айтқанда, бұл ақпараттың кез келгенін замандастары да, ұрпақтары да қолдана және қабылдай алады. Оның көмегімен адамзат ұрпақтар эстафетасы бойынша ақпаратты жинақтап, келесі ұрпағына жеткізе алады. Тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын кумулятивтік функциясы [8] бүгінде тілді оқыту әдістемесі, әлеуметтік лингвистика салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Атап айтсақ, ағылшын тілін оқыту әдістемесіндегі зерттеу жұмыстары [5] көпмәдениетті қауымдастықтарда әлеуметтен алатын және үйренген білімін қолдана алатын лингвистикалық сауатты мамандарды дайындауда тілдің кумулятивтік қызметін маңызды компонент ретінде қарастырады. Сонымен қатар мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың кешенді екендігін дәлелдеген ғылыми мақалалар [6] нәтижесі тілдің кумулятивтік қызметінің мүмкіндіктерін әлі де зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда білім берудегі «құзыреттілікке» деген көзқарас маңызды бағыттардың бірі екені анық. Соның ішінде тілдік әртүрлі негізгі құзыреттіліктер (лингвистикалық, әлеуметтік, мәдени және коммуникативті) әрбір адам үшін өте маңызды. Жылдам өзгеріп жатқан заманауи әлемге жас маманның сәтті бейімделуінде бұлардың атқаратын өзіндік ролі әлі де көптеген зерттеулерге арқау болатыны анық.

Ақиқат дүниенің санадағы бейнесі индивидтің, тілдік ұжымның, мәдени қоғамдастықтың өмір тәжірибесімен, мәдениетімен тікелей байланысты. Ақиқат дүниенің кейбір фрагменті санада көбірек орын тебуі мүмкін, қайсыбір фрагменті санадан азырақ орын алуы мүмкін. Ол тілдік ұжымның өмір тәжірибесіне, күнкөрісімен, тіршілігімен тығыз байланысты. Бұл – дүниенің мәдени бейнесі.

Тілдің негізгі қызметі – қарым-қатынас жасауға қызмет ету. Ол ауызша формада да, жазбаша формада осы мақсатқа жұмыс істейді. Тілдік қарым-қатынас теориясы коммуникацияның тек қана ақпарат берумен шектелмей, коммуниканттардың бір-бірімен ақпарат алмасуына да негізделеді. Қарым-қатынас үдерісінде сөйлеуші мен тыңдаушы рөлдері ауысып отырады. Яғни, сөйлеуші тыңдаушыны түсінеді, тыңдаушы сөйлеушіні түсініп, коммуникациялық шеңбер құрайды. Бірақ кейде осы шеңберді құруда бір ақаулар кетуі мүмкін. Оның себебі неде? Себебі кейде тілдің коммуникативтік қызметін басты орынға қойғандықтан қарым-қатынастағы коммуникациялық шеңбердің толық құрылуын қамтамасыз ететін, әңгімелесушілердің бір-бірін толық түсінуінде маңызды рөл бар тілдің кумулятивтік қызметі ескерілмей қалады. Жоғарыда айтылғандай халықтың ғасырлар бойы ұстанған тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі т.б. тілде сақталады және ол тілдің кумулятивтік қызметін құрайды. Мысалы, қазақ тілінде әдемі шаштың эталоны – *қолаң шаш*. *Қолаң* – «ағаш» сабы бар, аттың қылынан тығыз түптеліп жасалған масадан, шыбыннан қорғанатын құрал. Қолаңның тығыз болып, есіліп тұратын сапасы қалың әрі жібектей сусып тұратын шаштың бейнесіне негіз болған. Бұлар дүниенің көркем образды түрде тілдік санада орныққан сипаттары болып саналады. Сонда, мәселен, сөйлеуші «Қолаң шашты қызды көрдім» деп ақпаратты тыңдаушыға жеткізсе, тыңдаушының мәдени аялық білімі болса, «қою, қалың қара шашты қызды» көз алдына елестеді. Немесе осы мысалды тағы да былай талдап көрсетуге болады: қазақ тілінде тілдік құзыреттілікті игерген тілдік тұлға «Қалың шашты қызды көрдім» деп айтса, мәдени танымдық құзыреттілікті меңгерген тілдік тұлға көргенін бірнеше лексика – грамматикалық тұлғада жеткізе алады. Мәселен, «Қолаң шашты қызды көрдім», «Қалың, қою қара шашты қызды көрдім» деп те ойын жеткізе алады немесе осылай жеткізілген ақпаратты қабылдай алады. Сөйлеу актісіне қатысатын сөйлеуші мен тыңдаушы өзге ұлт не өзге мәдениет өкілі болса, осы ұғымдарды түсінуінде коммуникациялық шеңбердің дұрыс құрылмауы әбден мүмкін. Тағы да тереңірек түсіну үшін орыстың «*надежда умирает последней*» деген фразеологизмін алайық. Бұл сөз «бір нәрседен үміт үзбеу» деген мағынада қолданылады. Тура осы мағына қазақ тілінде «күдер үзбеу, үмітінді үзбеу» дегеннен басқа «*үмітсіз шайтан*» деген фразеологизммен беріледі. Сонда бір жағдайды сипаттауда екі халық өкілі неге осылай бейнелейтінін экстралингвистикалық факторлар арқылы түсіндіруге болады. Ол үшін *шайтан* деген сөздің қайдан шыққанын, не мағына беретінін, оның адамнан ерекшелігі неде, оған не тән деген сияқты діни сеніммен қатысты түсініктердің мәнін ашуымыз керек. Нәтижесінде қазақтардың неге «үмітсіз шайтан» деп сөйлейтіні анықталады.

Енді тілдік тұлға типтеріне тоқталсақ. Өйткені зерттеу нысанына алынған мәденитанымдық құзыреттілік қай тілдік тұлға бойында болуы керек екенін нақтылап алу қажет. Бұл құзыреттілікті «тіл иелменімен» бірге «тіл үйренуші» де тілдік құзыреттілікпен бірге игере алады. Осы жерде «тіл иелмені» онсыз да мәдениет өкілі ретінде бұл құзыреттілікке ие емес пе деген сұрақ туындайды. Сондықтан алдымен қазіргі уақытта «тіл иелмені» дегеніміз кім деген сұраққа шетелдік зерттеулерге сүйене отырып, жауап беріледі. Claire Kramsch пен Anne Whiteside деген америкалық ғалымдар (2007) мақаласында тілдік тұлғаны «native speaker» (тіл иелмені) және «non native speaker» (тіл иелмені емес) деген екі санатқа бөліп қарастырады және олардың тілді меңгерудегі негізгі концептілер бола алатындығын дәлелдейді. Сонда «тіл иелмені» санатына жататын тілдік тұлға тек өз ана тілінде ғана сөйлеуі қажет. Тіл иелмені өз ана тілінен басқа тілді өте жақсы деңгейде меңгерсе, ол бұл санаттан шығады, яғни толық «тіл иелмені» бола алмайды деген тұжырымды алға тартады. Себебі үйренген, меңгерген тілі оның ана тіліне түрлі деңгейде әсер ете алатыны айтылады. Сонымен қатар ресейлік зерттеуші И.А. Стерниннің «К теории речевых культур носителя языка» атты еңбегінде (И.А. Стернин, 2009) сөйлеу мәдениетіне қарай тіл иелмендерін бірнеше типтерге бөліп көрсетеді және әр типтің ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін мысалдармен өте жақсы түсіндіреді.

Отандық ғалымдар ішінде танымал ғалым Н.Уәли зерттеу жұмысында қазақша сөйлейтін тілдік тұлға типтерін төртке бөліп көрсетеді. Олар:

- 1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип, бұлар – элитарлық тілдік тұлғалар;
- 2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін орташа әдеби тип;
- 3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтіндер орташа типтен кейінгі орында;
- 4) қарапайым сөйлеу тілін қолданатын коммуниканттар [14].

Осы классификацияны бере отырып, екінші типтің біздің қоғамда саны жағынан көп екенін атап өтеді. Сонымен қатар автор осында тілдік тұлғаның ұлтына қатысты ақпараттар бермегенін ескеру керек. Өйткені автордың бұл мақаладағы негізгі мақсаты тілдік тұлғаны «сөз мәдениеті теориясы» тұрғысынан қарастыру болған. Осы мәселені зерттеуде тілдік тұлғалардың ұлты туралы да ақпаратты қоса қарастыру тағы да анығырақ көріністі беруі мүмкін. Себебі «тіл иелмені» деген түсініктің өзі әрбір елдегі тілдік жағдаятқа, тілдік саясатқа байланысты түрліше түсініктерге ие. «Тіл иелменінің» белгілері қандай десек, бір елде ұлты кіреді, бір елде ол кірмейді, тағы бір елде бала кезінде сөйлеген тілі негізгі белгілердің бірі бола алады. Сондықтан бұл өз алдына жеке мәселе деп тұжырымдауға болады.

Тілдік тұлғаның типтеріне қарай құзыреттіліктері ажыратылатыны белгілі болды. Коммуникативтік құзыреттілікке не жататыны баршаға түсінікті нәрсе, ал тілдік құзыреттілік – тілді грамматикалық және сөздік жағынан білу мен меңгеру деп ұғынылатын тіл меңгерудің таза лингвистикалық деңгейі. Бұл Н.Хомскийдің адамның тілдік қабілеті мен сөйлеу әрекетін түсіндіруге ұсынған термині. Мұнда ол тіл меңгерудің таза тілдік жағын ғана есепке алды да, ондағы әлеуметтік, жағдаяттық және басқа факторларды қарастырмайды [1]. Тілдік құзыреттілік тілдің барлық бірлігін – фонетикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерін қамтиды. Сөйлеушінің таза лингвистикалық құзыреттілігіне Ю.Д.Апресян мыналарды жағқызады: берілетін ойды әртүрлі тәсілмен айта алу; айтылғаннан ойды ұғына алу; тілдік тұрғыдан дұрыс айтылған мен бұрыс айтылғанды айыра алу. Мысалы, тілдік құзыреттілік саласына омонимдерді тани алу, өзгертіп қайта айта алу қабілеттілігі т.б. жатады [1]. Ал мәдениеттанымдық құзыреттіліктің айырмашылығы неде? *Мәденитанымдық* деген сөз бұл мақалада шартты түрде алынып отыр. Көптеген әдебиеттерде «әлеуметтік-мәдени» және «мәдениетаралық» деген терминдер жиі қолданылады. Бірақ бұлар тек «тіл үйрену» үдерісіне, өзге бір тілді меңгеруге қатысты қолданыстар. Бұл мақалада тек тіл үйренуші емес, тіл иелмендерінің де мәселесі сөз болғандықтан мәденитанымдық құзыреттілік термині пайдаланылды. Сонымен әлеуметтік-мәдени немесе мәдениетаралық құзыреттілік шетелдік тілді меңгеру үдерісіндегі бір компонент болса, мәденитанымдық құзыреттілік жаһандану кезеңіндегі тіл иелмендерінің бойында кездесіп жатқан проблема деуге болады.

Мәденитанымдық құзыреттілік әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, этномәдени компоненттерінен тұрады және мәдениет иелерімен өзара түсіністікке жету үшін оларды қолдана

алу шеберлігін қамтиды. Ол үшін тілді тек қарым-қатынас құралы деп емес, белгілі бір ұлттың мәдени коды деп қабылдау, түсіну керек. Тілдің жәрдемсіз мәдениетті толық оқып-игеру, байыптау мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың қазіргі кездегі менталитетін, байырғы кездегі тілдік ұжымның дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқарасын, сана-сезімін айқындауға болады. Мұндайда әсіресе мақал, мәтел, фразеологизмдер, метафора, символ т.б. тілдік таңбаларға, олардың мазмұнындағы ақпараттарға сүйенеміз. Мысалы, қазақ тілінде *ақ түйенің қарны жарылды* деген фразеологизм бар. Бұл сөзде «мол қуанышқа кенелді» деген эталондық (өлшем, мөлшерлік) ақпарат бар. Түйе – «үлкен», «мол» дегеннің эталоны. «*Тиын санап қалған*» десек, «саран» дегендегі *тиын* ең аз мөлшердегі ақша – өлшемінің эталоны. Бұл ұғымдарды толық түсіну үшін тілдік тұлғада мәденитанымдық құзірет қалыптасуы қажет. Тілдік тұлға осы тіл иелерінің басынан өткізген түрлі тарихи кезеңдері, олардың негізінде пайда болған мәдениеті, қоныстанған өңірлерінің табиғи ерекшелігі т.б. осы сияқты тілдік емес факторлардан жалпы білімі болғанда ғана оларды толық шебер қолдану мүмкіндігіне ие болады. Сонда неге қазақтар «қатты қуануды» «ақ түйенің қарны жарылды» деп айтатынын, неге түйе, неге оның орнына «қой» не «ешкіні» алмағанын толық түсіне алатын деңгейге жетеді.

Профессор Н.Уәли белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін екенін айтады. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [14]. Белгілі бір тілді тұтынушы – ұлттық тілдің субъектісі болумен қатар, ұлттық мәдениеттің де иесі. Тілдік субъектіге жататындар: жеке адам (автор, оқырман, сөйлеуші/тыңдаушы). Бір жағынан бұлар – тілдік тұлға, екінші жағынан – мәдени тұлға. Тілдік тұлға – ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Себебі сөйлеуші немесе тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың қарым-қатынас үшін мәні ерекше.

Сонымен, тілдік тұлға қай тілде сөйлесе не үйренсе, сол тілде таңбаланған ұлттық материалдық және рухани мәдениеті туралы білімді меңгеру арқылы мәдениеттанымдық құзіретін қалыптастыра алады деуге болады. Қазақ тілінің ерекшеліктерін ескерсек, бұл құзіреттілікті тілдік тұлғаға меңгертудің маңыздылығы айқын көрінеді. Себебі қазақ тілінде негізінен заттық және рухани мәдениет атаулары, бейнелі сөздер мен экспрессивті-эмоционалды сөздер басым келеді және қазақ тіліне мағына ауыспалылығы мен көпмағыналылық тән [2]. Осы аталған білімдер жүйесінің барлығы тілдік тұлғаға қарым-қатынас жасау үшін қажет. Тілдің ауызша не жазбаша формасында да игерген білімдеріміз тілдің коммуникативтік қызметі арқылы жарыққа шығады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда білім берудегі «құзыреттілікке» деген көзқарас маңызды бағыттардың бірі екені анық деуге болады. Соның ішінде тілдік әртүрлі негізгі құзыреттіліктер (лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік, мәденитанымдық) әрбір тілдік тұлға үшін өзекті. Жылдам өзгеріп жатқан заманауи әлемге, көптілді кеңістікке жастардың жақсы бейімделуінде бұлардың әрқайсысының атқаратын өзіндік рөлі бар деуге болады. Сонымен қатар бүгінде тілдік тұлға типтерін анықтауда әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жүргізудің қажеттілігі анықталды. Мұндай ізденістер нәтижесінде еліміздегі тілдік жағдаяттың бейнесін көрсететін деректермен толықтыру арқылы бұрын өзекті болмаған, бірақ қазір қолданыс жиілігі де өзектілігі де артқан «тіл иелмені» деген ұғымның белгілерін анықтауға болады. Сонымен бірге әрбір тілдік тұлға типіне тән белгілерді анықтау олардың әрқайсысына тиісті құзыреттіліктерді де жүйелеуге көмегі тиеді деп санаймыз.

*Алғыс айту: Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік берген Назарбаев Университетіне алғыс білдіреміз. Жоба демеушісі туралы сілтеме: 021220FD4351*

#### Әдебиет

1. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – А., 2016.
2. Бизақов С. Қазақ тілі қандай тіл. – Алматы, 2010.
3. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). Москва, РУДН, 1997.

4. Верещагин Е.М., Костомаров И.Г. Язык и культура, 2005.
5. Garaeva Almira. The development of linguocultural competence of students in teaching the history of the English language// Procedia - Social and Behavioral Sciences 152 (2014). – 1012 – 1018 p.
6. Tazheva Z., Sycheva I., Artyukhova N. Formation of cross-cultural communicative competence among foreign students during pre-university training. Mar. 2021, Vol. 9, SPE (2), Professional competencies for international university education e-ISSN 2310-4635.
7. Claire Kramsch, Anne Whiteside. Three Fundamental Concepts in Second Language Acquisition and Their Relevance in Multilingual Contexts // the Modern Language Journal, Vol.91, Focus Issue: Second Language Acquisition Reconceptualized? The Impact of Firth and Wagner. 2007. – 907–922 p.
8. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы, 2014.
9. Лайониз Дж. Язык и лингвистика. Вводный курс. – М., 2004.
10. Манкеева Ж. Тәуелсіз Қазақстан: қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі. – Алматы, 2011.
11. Манкеева Ж. Тіл арқылы этномәдени кодтарды ашу // Егемен Қазақстан, 24 қыркүйек, 2018.
12. Потебня А.А. Слова и миф. – Москва: Правда, 1989. – 280 с.
13. Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, Ұлттық аударма бюросы, 2018.
14. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // Ф.ғ.д. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2007.
15. Якобсон Р. Избранные работы. – Москва, 1985.

**Аяужан ТАУСОҒАРОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **МАССМЕДИАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ КОНФЛИКТОГЕНДІ МӘТІНДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАСЫ**

**Андатпа.** Бүгінгі күні этникааралық үйлесімді қарым-қатынастың сақталуы көпұлтты мемлекеттердің қай-қайсысында болсын өзекті мәселе болып табылады. Қоғамда этникааралық үйлесімді я қалыптасуы қарым-қатынастардың орнауында БАҚ басылымдарының да үлесі зор. Бұл орайда тіл әрекет құралы ретінде басты орын алады. Аталмыш мақалада осы баспасөз жарияланымдарында көрініс беретін этникалық ақпараттардың ішінде этникааралық қалыптасуының орын алуына түрткі болу мүмкіндігі зор мәтіндердің тілдік ерекшеліктері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** этникааралық қалыптасу, БАҚ жарияланымдары, этникалық ақпарат, этноним, этноорталықтану.

**Аннотация.** В сегодняшний день в любом многонациональном государстве очень актуальной является проблема сохранения гармоничного межэтнического отношения. В установлении межэтнического гармоничного или межэтнического конфликтного отношения в обществе особую роль играют публикации СМИ, в которых язык используется как орудие действия.

В данной статье рассматриваются языковые признаки этнической информации периодической прессы, особое внимание уделяется текстам, имеющим высокий конфликтный потенциал.

**Ключевые слова:** межэтнический конфликт, публикации СМИ, этническая информация, этноним, этноцентризм.

**Abstract.** Nowadays in any multinational state the problem of preservation of the harmonious interethnic relation is very topical. In the establishment of the interethnic harmonious or interethnic conflict relation in the society the special role is played by mass media publications in which a language is used as the action tool. In this article language features of ethnic information of the periodic press are considered, the special attention is paid to the texts with high conflictogenic potential.

**Keywords:** interethnic conflict, mass media publications, ethnic information, ethnonym, ethnocentrism.

Табиғи тілдің заңгерлік салаға еніп, оның нысаны болуының «Тіл - объекті» деген аспектсі мына тұрғыдан қарастырылады: «Кейбір тіл құралдарының қайсыбір жағдайларда



қолданылуын шектейтін заңдар қабылдаумен анықталатын Заң шығару қызметі жағдайында, сондай-ақ, сөз (сөйлеу әрекеттері) түрлі құқықбұзушылықтарды жүзеге асырудың құралы болуына орай тергеу амалдары мен соттың істі қарауымен анықталатын заңқолданысы жағдайында» табиғи тіл заңгерлік сала нысаны болып табылады [1, 136].

Біздің ойымызша, ғалым Н.Д.Голев көрсетуіндегі кейбір тіл құралдары қолданысының шектелетін қайсыбір жағдайлары қатарында нәсілдік, этникааралық, діниаралық, руаралық т.с.с. араздықты қоздыру бағытындағы ауызша және жазбаша формаларда таралатын қақтығысты (нәсілдік, этникааралық, діниаралық, руаралық т.с.с.) ақпараттар орын алады деп ойлаймыз.

В.К.Малькова БАҚ-тағы этникалық реңкті немесе этникалық ақпаратта оның авторы – журналист тарапынан сол бір этносқа қатысты мысқыл-кекесін, жанашырлық, айыптау, ызакек немесе ешбір эмоцияның көрініс бермеуі мүмкін екендігіне тоқтала отырып, соған орай этникалық реңкті немесе этникалық ақпараттардың оң және толерантты, бейтарап немесе қақтығысты түрлерін жіктейді.

Қайсыбір елдер мен халықтар туралы, сондай-ақ ұлттық немесе этникалық салт-дәстүрлер мен ұлттық этникалық құндылықтар туралы, оның ішінде, этникааралық қарым-қатынастар, этникалық саясат, сондай-ақ қазіргі қоғам өмірінің барлық салалары тұрғысындағы (экономика, спорт, медицина, педагогика т.б.) аталмыш этниканың әлеуеті (жетістіктері, кемшіліктері, ерекше қасиеттері, дағдылары) туралы ғылыми-ағартушылық бағытта берілетін позитивті этникалық ақпараттардан қайсыбір этносқа бір жағымсыз қасиеттерді теліп, олардың басқалардан айырықша белгілерін атап көрсете отырып, сол этнос тарапынан төнетін қауіпті сезіндіруге бағытталуы жағынан теріс я қақтығысты болып табылатын этникалық ақпараттар ажыратылады [2, 45].

БАҚ-тағы этникааралық қақтығысты ақпараттар туралы сөз қозғағанда мына пікір назар аударуды қажет етеді деп ойлаймыз: БАҚ жарияланымдарында «этникалық мифология, тарих, рухани, материалдық мәдениет, басқа да этникалық құндылықтар әдейі текстуалданып, айырықша түрде талқыланылып (интерпретация), тұрғындар үшін аса қызық, көкейкесті ақпаратқа айналып, бұқара санасына сіңеді. БАҚ көмегімен идеологтар тарапынан жасалған эмоционалды-нормативтік бояуы бар этникалық образдар, идеялар, идеалдар, мифтер, құндылықтар қоғамға таратылады да, адамдар арасында этникалық намыс, абырой, өкпеленіш, үрей сияқты сезімдерді тудыратыны айтылады. Қазіргі БАҚ-тың ақпарат көзі ғана емес, сондай-ақ түрлі идеология, саясат, бизнес, мәдениет өкілдерінің аса маңызды «тартыс» алаңы болып табылатыны көрсетіледі. Сөйтіп, бұқара санасында БАҚ көмегімен этникалықпен байланысты мәселе өзектендіріліп қана қоймай, осы сала тұрғысында идеологтар тарапынан белгіленген түсінік қалыптасатыны айтылады. Ақпаратты қалың бұқараға жеткізуде, бұқара санасына ықпал етудегі БАҚ-тың басты қаруы – тіл, сөз [2, 47].

Бұл тұрғыда қайсыбір этносқа бір жағымсыз қасиеттерді теліп, олардың басқалардан айырықша белгілерін атап көрсете отырып, сол этнос тарапынан төнетін қауіпті адресатқа (тыңдарман, оқырман) сезіндіруге және соған иландыруға бағытталуы жағынан теріс я қақтығысты болып табылатын этникалық ақпараттарда қолданылатын тілдік құралдар мен тілдік әдіс-тәсілдердің қатары сан алуан деуге болады.

Ұлттық (нәсілдік, діни, әлеуметтік) алауыздықты қоздырушы ақпараттарға тән тілдік сипаттар:

1) Белгісіз тұлға я белгісіз топ тарапынан орын алған жағымсыз я теріс іс-әрекетте этнонимнің ешбір негізсіз аталуы этникааралық қақтығысқа түрткі, этниканы жағымсыз әрекетте тікелей айыптауды көздейтін эксплицитті (ашық) тілдік тәсілдердің бірі болып табылады. Мысалы, «орган қызметкерлерінің сөзі терезе сындырған бұзақыларды емес, *терезе сындырған қазақтарды іздеп жүрміз* түрінде келген».

Сондай-ақ, тұлғаның ұлттық, нәсілдік я діни қатыстылығына қарай ешбір негізсіз я уәждемесіз аталуы да өз мазмұнында қайсы бір жасырын мәндерді қамтыған имплицитті тілдік тәсілдердің қатарында қарастырылады. Мысалы, Сонда біз *еврей* Толоконскийден қандай адалдықты күтпекпіз...:

2) Бір кездері ешбір кекесін-мысқыл немесе кемсіту ниетінде емес, тек этностың антропологиялық өлшем бойынша белгілері мен кәсібінің сипатына қарай шыққан атаулардың кейінгі әр этностың ресми этнонимі бекітілген уақыттарда авторлар (журналистер) тарапынан эмо-

ционалды этникалық реңктерде қолданылуы жарияланымның қақтығысты тілдік белгілерінің бірі болып табылады.

Әр этностың ресми этнонимі бекітілген қазіргі уақыттарда баспасөзде т.б. көрініс табатын *жөйт, қысық көздер, орекеңдер, қара, аққұлақ, хохол, негр, сарт, маңқа қазақ, сақау қырғыз сияқты эксплицитті тілдік бірліктер* кемсіту-қорлау ниетіндегі мінездемелері ретінде танылады. Мысалы, *Маңқа қазақ* – түркі тілдес халықтар арасында, әсіресе, қырғыз, ұйғыр халықтарында қазақтардың фонетикалық (дыбыстық) сөйлеу ерекшеліктеріне орай, яғни м~б дыбыстарының сәйкестігіне байланысты айтылған, ал эмоционалдық-экспрессивтік баға тұрғысынан алғанда бейтараптық сипаты басым тіркес. Осы іспеттес – «сақау қырғыз» тіркесі қырғыз халқының фонетикалық (дыбыстық) сөйлеу ерекшеліктеріне орай, атап айтқанда ш~с дыбыстарының сәйкестігіне байланысты (жениш – жеңіс) қазақтар арасында орын алған, бұл сияқты «маңқа қазақ», «сақау қырғыз» тіркестерінің семантикасында жағымсыз эмоционалдық-экспрессивтік бағадан гөрі, туыстас түркі халықтарының фонетикалық сөйлеу ерекшеліктерін алға тарту ниеті басым. Алайда, контекстегі қолданысына, автор-субъектінің ниетіне қарай, сондай-ақ семантикалық өзгерістер нәтижесінде *маңқа* сөзі сөйлеушінің тіліндегі кемістікті, яғни маңкылдап сөйлеу жағдайындағы келемежді, сондай-ақ *боқмұрын* – *жас бала* дегенді білдіреді. *Маңқа* сөзінің жағымды я жағымсыз эмоционалдық-экспрессивтік бағаны қамтуы тікелей контексте қолданылуымен байланысты анықталады.

3) *Қайсыбір халықтың (этниканың) материалдық жағдайының я биліктегі т.с.с. үлесінің теңсіздігі тұрғысындағы тұжырымдар немесе қайсыбір этносқа (этностарға) табиғи басымдықты тән етіп, басқасын жетілмегендік, қор сипатта тұжырымдау. Мұндай тұжырымдар Мысалы, «Ал, осы халықтардың ішіндегі ең кедей, бейшара, тілі мен дінінен, байлығы мен жерінен айырылған кім? Қазақ! Бүгінде барлық ұлт өкілдері қазаққа жоғарыдан менсінбей қарайтын болды. Өз елімізде, өз жерімізде екінші сортты халық екенімізді мойындауымыз керек. Неге өз елімізде, өз жерімізде басқа ұлттарға өзімізді сыйлата алмаймыз? Себебі, біз сыйлаудан қалған халықпыз, рухымыз сөніп, намыстан айырылған халықпыз, қазақ жуас, қазақ момын дегенге алданған халықпыз».* Осы контекстегі барлық ұлт өкілдері тіркесі жалпылама түрде қолданылса да, алдыңғы сөйлемдермен логика-семантикалық байланысында тіл иеленуші санасында қазақтан басқа ұлттардың барлығын сәйкестендіреді. Және «Неге өз елімізде, өз жерімізде басқа ұлттарға өзімізді сыйлата алмаймыз?» деген жауабы өз мазмұнында қамтылған риторикалық сөйлемде ‘қазақтарды Қазақстандағы өзге ұлттар сыйламайды’ деген тұжырым имплицитті берілген.

Сондай-ақ, *сыйлаудан қалған халықпыз, рухымыз сөніп, намыстан айырылған халықпыз, қазақ жуас, қазақ момын* сияқты жағымсыз автостереотиптер (ұлттың я оның өз өкілдерінің ұлт туралы тұжырымдары) ұлттың өзін кемшін этнос ретіндегі сезімге бой алдыруына, өзіндік қадір-қасиеттің жойылуына, өзіндік төмен бағалаудың қалыптасуына, халықтық рухтың және ұлттық сәйкестілік көрсеткішінің төмендеуіне түрткі болып, кейде этностардың өзара наразылығын тудырып, ұлтаралық шиеленістерге алып келуі де әбден мүмкін.

4) БАҚ жарияланымдарындағы этноорталықтануға құрылған кейбір мәтіндер қайсыбір этносқа байланысты жеккөрушілік сезіміне түрткі болуы мүмкін.

Этноорталықтану этностың түрлі этникалармен араласуы барысында өз мәдениетінің я болмысының басқасынан (өзге этникалардан) ерекшеленетінін аңғаруы барысында өзіндік этникалық сәйкестендіру туралы сана-сезімінің жетілуінде оң қызмет атқарса, ал түрлі өмірлік құбылыстарды дәстүр мен құндылықтар призмасы тұрғысынан қабылдап баға беру барысында тек өз этникалық тобының жөн көру, дұрыс деп тану қылығының көрінісі тұрғысынан, сондай-ақ мына анықтамаға сәйкес «адамдар арасында элемнің қабылданып, бейнелеуінде өз тобының (ұлтының) басты назарда болып, қалғандары оныкін өлшем етіп, соған сүйенуі, соныкімен бағалануы тұрғысындағы үрдіске бой алдыруында, және өз мәдениеті элементтерін (норма, рөл, құндылықтарды) табиғи әрі дұрыс, ал басқа мәдениет элементтерін табиғи емес (жасанды) әрі дұрыс емес деп қарау; өз қауымы салттарын әмбебаптар ретінде қарастырып, адамға тек өз қауымының, тобының мүшелерімен ғана ынтымақтастықта болуы тиіс (оларға көмектесу), өз қауымын жөн көру, оны мақтаныш тұту, басқа қауым, топ мүшелеріне сенбеу, тіпті жауласу тұрғысындағы индивидтік этнорталықтану» этникааралық қарым-қатынастың үйлесімді жүзеге асуында теріс ықпалды болып табылады [3, 196].

Мысалы, *Лондонның тас көшелерінде ит жетектеген ағылшындар* сөйленісі қазақ санасындағы ағылшындардың типтік образын жеткізіп тұр. Мақала атауына сәйкес ағылшындар «итке төрден төсек салатындар» қатарында қарастырылады. Сондай-ақ, мақаладағы «*екі адамның басы қосылса, иттерін қалай шомылдырғандарын, иттің тамақтарын, иттерінің «қылықтарын» әңгімелеп, езіп отырғаны*» (Итке төрден төсек салатындар // Егемен Қазақстан газеті, 13.01.2015, №16, 10-бет) сияқты сөйлемдер пропозициясында автордың ағылшындардың аталмыш әдет-дағдыларын айыптау мәні қамтылған. Ағылшындарда өзара әңгіме тақырыбының өзекті еместігі, сөз етуге тұрмайтын нәрсеге сонша уақыт бөлетіні туралы жағымсыз мән *езіп отыру* тіркесі және оның басқа сөздермен семантикалық байланысы арқылы білдірілген. Бұл орайда тұлғаның өз мәдениеті тұрғысынан алғанда, өзге ұлттың оғаштау көрінетін ғұрыптары туралы мәліметті беруі мақұлданылғанымен, оны агрессиялық сипатта баяндау оң бола бермейді.

Жалпы этноорталықтанудың асқынған соңғы нүктесі ретінде делегитимизация көрсетіледі, яғни «қабылданатын нормалар мен құндылықтар қатарынан шығарылатын топ немесе топтардың супержағымсыз элеуметтік категорияларға топтастырылуы» [4].

5) Жекелеген тұлғалардың тарапынан жасалған теріс әрекетін тұтас этносқа, қауымдастыққа артып, соларды тұтастай жауапты ету, сондай-ақ бір этносты я тоқты басқасына қатысты дұшпандық әрекетте, теріс ниетте етіп, жасырын қаскүнемдік әрекет үстінде етіп сипаттауда этнонимнің қолданылуы. Мысалы: Жөйттер ислам құндылықтарын құртуға кірісті (<http://muslim.kz/>).

6) Этностереотиптердің, оның ішінде, авто- және гетеростереотиптердің жекелеген ұлт өкілдері тарапынан көрініс берген, яғни жекелеген жағдайлар барысындағы ерекшеліктердің тұтас ұлтқа тән қасиет ретінде телініп жататыны да жасырын емес. Этностереотиптердің осы тұрғыда субъективті қалыптасуы туралы тұжырым этникалық ақпаратқа құрылған мақалаға берілген комментарийде анық көрсетіледі: «Как алкоголизм у русских? Я Вам покажу 100 русских которые не пьют водку, тем не менее ярлык навешан из-за таких как вы, кто любит обобщать, ибо сам пример “для подражания”. Данный казус скорее исключение, которое будет непременно наказано самим обществом, боюсь у нас этого не исправит ближайшие лет 50...» (Матреков К. Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса? <http://365info.kz/tag/kazaxskaya-svadba/>)

7) Өткен, осы және келер шақтардағы ауыртпалық т.б. келеңсіз жағдайларды анықталған бір топтың мақсатты түрде жүргізілген әрекеті ретінде түсіндіру. Мысалы, *Қазақтарға төнетін тағы бір қауіп – кавказдықтар. Олар ішке түскен құрт тәрізді, қылмыстық топтарымен, жемқорлық жасайлаған жүйеге жақындығымен, бірте-бірте Қазақстан экономикасын қолдарына ала бастайды* (Біз қандай мемлекетпіз? // Қазақстан газеті, 26.04.2007, №16 (156)).

Бұл үзіндіде қолданылған *кавказдықтар* сөзі жеке бір этниканың атауы емес екені белгілі. Мұнда сөзі мағынасы кеңейе отырып, Кавказ өңірін жайлаған барлық халықтарды өз семантикасында қамтиды.

8) Қайсыбір ұлтты түрлі ұлттық, діни, элеуметтік топ өкілдері іс-әрекеттерінің немесе мінез-құлқының эмоция-бағалаушытық сипаттамалары: *шошқадай лас, сарымсақ сасыған орекеңдер, жаудағи шапты, басып алды, тайраңдап жүр т.б.*

Жалпы көптеген тілдік қақтығыстарда, сөз қақтығыстарында – жеке тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру, элеуметтік топтық, діни, нәсілдік, соның ішінде этникааралық мәселелердің шиеленісті сипат алу жағдайларында тілдік құралдар ішінде импликауралар да басты орынға ие болады. Импликауралар қосымша жағымсыз мәндерді, теріс ниетті өз мазмұнында жасырын түрде қамти отырып, сыпайы тілдік қарым-қатынас ережелері бұзылуының бір көрінісі болып табылады. Түрлі ниет, мәністі жасырын (имплицитті) түрде өз мазмұнында қамтитын имплицитті сөйленістер кекесінді меңзеу, ишарат ету, баға беру, түртпектеу, сайқы мазақ ету түріндегі сөйлеу әрекеттеріне құрылады. Мысалы, «Но мы и не быдло-публика, для которой алкоголь без меры, непристойности и неуважение к старшим – норма. У нас есть Достоинство и Отличие от других» (Матреков К. Стриптиз на свадьбе: почему молчит казахская пресса? <http://365info.kz/tag/kazaxskaya-svadba/>) деген сөйленісте өз этносының артықшылықтарын басқа этностың кемшіліктерін меңзеу арқылы білдірген. Аталмыш сөйленісте жасырын тұрған этноним осы сөйленістің алдындағы репликалармен логика-семантикалық байланысында анықтала алады. Сөйленіс я ақпараттардағы тілдік тұрғыдан

тікелей рәсімделмеген мұндай жасырын тұрған ой, ниет, жасырын мәніс – имплициттілік рецепиент тарапынан декодтала алады.

Сөйтіп, «тіл – әрекет нәтижесі емес, әрекеттің нақ өзі» деген В.фон Гумбольдт сөзінің ақиқаттығына жоғарыда талданылған тілдік құралдар қолданысының түрлі этникааралық шиеленістерге түрткі болу мүмкіндігі дәлел болады.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша орындалатын ЖТН № АР19677520 «Қазақтілді масс-медиадағы конфликттогенді мәтіндер: тілдік құқықбұзушылықтың сот-лингвистикалық параметрлері» жобасы аясында жарияланып отыр.*

#### Әдебиет

1. Голев Н.Д. Юридизация языковых конфликтов как основание их типологии // Юрислингвистика-9: Истина в языке и праве: Межвузовский сборник научных трудов./ под ред. Н.Д. Голева. – Кемерово; Барнаул: Изд-во Алт. Ун-та, 2008. – С. 136-155.

2. Малькова, В. Освещение этничности в СМИ в свете конфликтологии // в кн.: Прикладная конфликтология для журналистов. – М.: Права человека, 2006. – 158 с. Б. 42-67.

3. Brewer M.B., Campbell D.T. Ethnocentrism and Intergroup Attitudes: East African Evidence. N.Y., «Halsted/Wiley», 1976.

4. Этноцентризм и этнические стереотипы, <http://www.studfiles.ru/preview/3286642/>.

**G.RYZZAKOVA**

*Magtymguly Institute of Language, Literature and  
National Manuscripts, Academy of Sciences of Turkmenistan  
junior researcher  
(Turkmenistan, Ashgabat ş.)*

### LINGUODIDACTIC PRINCIPLES OF TEACHING ESSAY WRITING IN SCHOOL

**Андатпа.** Сол замандағы қоғам дамуының көшінен қалмай, оның талаптарына сай ұрпақ тәрбиелеу үшін білім беру жүйесіне, оқыту әдістемесіне жаңаша көзқарас қажет. Елімізде өзге тілдермен қатар түркімен тілін де ғылыми негізде зерттеуге мол мүмкіндіктер жасалуда. Ұлттық тілімізді жетілдіру, тарихи тамырына сүйене отырып, ғылыми-тәжірибелік мағлұматтармен байыту, тілдік бірліктерді қолданып, дұрыс дыбыстауда шешу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ұлттық тіліміздің сөйлеу заңдылықтарының сақталуына, тілдің таза қолданылуына, сөздік қорының мол болуына әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда мектептегі түркімен тілі сабақтарында презентацияны оқытудың заманауи әдістерін әзірлеу және ғылыми негіздеу ерекше маңызға ие.

Презентацияны оқытуда стилистикалық дағдылармен жұмыс жасау қажет. Бұл мәселені дұрыс шешудің басты шарттарының бірі – оқушының рефлексияға, шығармашылыққа деген ұмтылысы және мұғалімнің осы бағытта тынымсыз ізденуі.

**Тірек сөздер:** презентация, стилистикалық ұғымдар, «Эссе», лингводидактикалық негіздер.

**Аннотация.** Чтобы идти в ногу с развитием общества времени, воспитывать поколения, соответствующие его требованиям, требуется новые подходы к системе образования и методике преподавания. Наряду с другими языками в стране создаются широкие возможности для изучения туркменского языка на научной основе. Особое внимание уделяется вопросам совершенствования нашего национального языка, обогащения его научной и практической информацией, основанной на его исторических корнях, обращения к ним в употреблении языковых единиц и правильном произношении. Это приводит к поддержанию речевых правил нашего национального языка, чистому использованию языка и накоплению богатого словарного запаса. С этой точки зрения особую важность приобретает разработка

и научное обоснование современной методики обучения изложению на уроках туркменского языка в школе.

При обучении изложениям возникает необходимость работы над стилистическими умениями. Одним из главных условий правильного решения этой проблемы является наличие у ученика стремления к размышлению, творчеству и неукротимый поиск учителя в этом направлении.

**Ключевые слова:** изложение, стилистические понятия, «Эссе», лингводидактические основы.

**Abstract.** Keeping pace with the development of society of the time, raising generations that meet its requirements, requires a new approach to the education system and teaching methods. Along with other languages, the country is creating broad opportunities for studying the Turkmen language on a scientific basis. Particular attention is paid to improving our national language, enriching it with scientific and practical information based on its historical roots, referring to them in the use of linguistic units and correct pronunciation. This leads to maintaining the speech rules of our national language, the purity of language use, and the accumulation of a rich vocabulary. From this point of view, the development and scientific substantiation of a modern methodology for teaching essay writing in Turkmen language lessons at school is of particular importance.

The need to work on stylistic skills in teaching essay writing has been identified. One of the main conditions for the correct solution of this problem is the student's thinking, the desire for creativity and the teacher's continuous research work in this area.

**Keywords:** narration, stylistic concepts, Essay, linguodidactic principles.

**Özet.** Döwrüň, jemgyýetiň ösüşine aýakdaş gitmek, onuň talaplaryna laýyk nesilleri terbiýeläp ýetişdirmek bilim ulgamyna, okadylyş usulyýetine täzeçe çemeleşmegi talap edýär. Ýurdumyzda beýleki diller bilen bir hatarda türkmen dilini ylmy esasyda zygiderli öwrenmäge giň mümkinçilikler döredilýär. Milli dilimizi kämilleşdirmek, ony taryhy köklerine esaslanýan ylmy we amaly maglumatlar bilen baýlaşdyrmak, dil birliklerini ulanmakda, dürs sözleşşi amal etmekde olara salgylanmak meselelerine aýratyn üns berilýär. Bu bolsa milli dilimiziň sözleşşi kadalarynyň timarlanmagyna, diliň arassa ulanylmagyna, baý sözlük gorunyň toplanmagyna getirýär. Şu jähetden mekdepde türkmen dili sapaklarynda beýannamalary öwretmegiň döwrebap usulyýetini işläp düzmeğiň we ylmy taýdan esaslandyrmagyň aýratyn ähmiýeti bar.

Beýannamalar öwredilende stilistik başarnyklaryň üstünde işlenilmegiň zerurlygyny ýüze çykarýar. Bu meseläniň dogry çözülmeginde okuwçynyň pikirlenmeginiň, döredijilige bolan isleginiň bolmagy, mugallymyň bolsa bu ugurda irginsiz gözlegde bolmagy esasy şertleriň biridir.

**Esasy sözler:** Beýanname, stilistik düşüňjeler, “Esse”, lingwodidaktiki esaslar

Berkarar döwletimiziň täze eýýamynyň Galkynyşy döwründe türkmen halkynyň Milli Lideri Gahryman Arkadagymyzyň başlangyçlary, Hormatly Prezidentimiz Serdar Berdimuhamedowyň taýsyz tagallalary netijesinde milli bilim ulgamynyň gurluşyny hem-de dolandyrylyşyny düýpli döwrebaplaşdyrmak, maddy-enjamlaýyn hem-de hukuk binýadyny zygiderli berkitmek, watansöýüji, zähmetsöýer, ylymy-bilimli, belent ahlakly nesilleri terbiýeläp ýetişdirmek işine Garaşsyz, Bitarap Türkmenistanyň hemmetaraplaýyn ösüşiniň möhüm şerti hökmünde döwlet derejesinde aýratyn ähmiýet berilýär.

Döwrüň, jemgyýetiň ösüşine aýakdaş gitmek, onuň talaplaryna laýyk nesilleri terbiýeläp ýetişdirmek bilim ulgamyna, okadylyş usulyýetine täzeçe çemeleşmegi talap edýär. Ýurdumyzda beýleki diller bilen bir hatarda türkmen dilini ylmy esasyda zygiderli öwrenmäge giň mümkinçilikler döredilýär. Milli dilimizi kämilleşdirmek, ony taryhy köklerine esaslanýan ylmy we amaly maglumatlar bilen baýlaşdyrmak, dil birliklerini ulanmakda, dürs sözleşşi amal etmekde olara salgylanmak meselelerine aýratyn üns berilýär. Bu bolsa milli dilimiziň sözleşşi kadalarynyň timarlanmagyna, diliň arassa ulanylmagyna, baý sözlük gorunyň toplanmagyna getirýär. Şu jähetden mekdepde türkmen dili sapaklarynda beýannamalary öwretmegiň döwrebap usulyýetini işläp düzmeğiň we ylmy taýdan esaslandyrmagyň aýratyn ähmiýeti bar.

Mekdepde mugallymyň okuwçylaryň agzeki we ýazuw sözleşşine üns bermegi zerurdyr. Sözleşşi dilini ösdürmek bolsa her bir okuwçynyň dostluk, Watan, ene toprak we şuna meňzeşler barada öz garaşsyz edebi dilde dogry, düşnükli aýdyp bilmegini, okalanlary aýdyp we ýazyp bilmegini, öz pikirini özbaşdak beýan etmek başarnyklaryny gazanmagy aňladýar.



Beýannama ýazmak döredijilikli ýumuşlaryň biri bolup, okuwçy diňläň we okan tekstini ýatda saklamaly we gürrüň bermeli, materialy ýazmaça beýan etmeli. Irki çagalýk döwründen çaga erteki okanda ýa-da diňlände diňe gürrüň edip, özünde galan täsiri paýlaşyp, göz önüne getiren keşbini suratlandyryp bilýär.

Mekdepde ýumşy ýerine ýetirmäge talap kem-kemden kynlaşýar. Eger ol okap bilmeýän bolsa, eşidenini gürrüň bermegi ýeterlik bolsa, ýazmagy öwrenenden soňra olaryň ählisini kagyza ýazmagy başarmaly. Beýannama eşiðiş we görüş ýady türgenleşdirýär, baglanyşykly sözleýşi kemala getirmäge ýardam edýär.

Mekdepde ençeme ýyllardan bäri beýannamany öwretmegiň döp bolan usulyýeti ulanylýar. Beýannama üçin tekst saýlananda okuwçylaryň grammatik başarnyklaryny hasaba almak maksada laýykdyr. Tekstler çagalara elýeterli, zykyly bolup, täze, kyn sözler bilen doldurylmaly däldir.

Dil aragatnaşyk serişdesi bolany üçin ol näçe çeyne, baý bolsa, sowatlylygyň derejesi hem ýokary bolýar, okatmakda üstünlik köp babatda çaganyň öz sözleýşine erk edişine bagly bolýar. Beýannamanyň üstünde işlemek diňe bir sözleýşi, ýady, ünsi ösdürmän, eýsem göz önüne getirmäni hem ösdürýär.

“Beýannama” sözünden görnüşi ýaly, bu iş sözlemleri aýdyp bermekden başlanýar. Çagalar ilkinji sapaga gelen gününden başlap, harplyga çenli döwürde belli bir tema boýunça yzygider düzülen sözlemleri aýtmagy öwrenýärler. Synpma-synp berilýän temalaryň örüsi giňeldilýär, tematikasy dürlüleşdirilýär.

I-IV synplarda türkmen dili, ene dili okuw sapaklarynda hekaýajyklaryň we gönükmeleriň üstünde işler göz önünde tutulýar.

I-IV synplaryň türkmen dili okuw maksatnamasy 1) sowat öwretmek;

2) okaýşy we sözleýşi ösdürmek; 3) grammatika we dürs ýazuw diýen üç bölümden ybarat.

1. Türkmen dili boýunça okuw maksatnamasynyň “Sowat öwretmek” bölümi-harplyga çenli, harplyk we harplykdan soňky döwürlere bölünmek bilen, çagalar okuwa we ýazuwa taýýarlanylýar, okamak we ýazmak öwredilýär, bular bilen baglanyşykly olaryň sözleýiş dili hem ösdürilýär.

2. Türkmen dili okuw maksatnamasynyň okaýşy we sözleýşi ösdürmek bölümünde okuwçylara sözlemleri äheňi taýdan labyzly we çalt okamagy, okan ýerleriniň mazmunyna düşünmegi, ony öz sözleri bilen aýdyp bilmegi, kitap hem-de hekaýalar üstünde işlemegi öwretmäge, çagalaryň baglanyşykly sözleýşini kadaly ösdürmäge üns berilýär.

3. Grammatika we dürs ýazuw sapaklarynda okuwçylaryň baglanyşykly sözleýşini we ýazuw endiklerini ösdürmek, olara dürs ýazuw kadalaryna laýyk dogry ýazmagy öwretmek, çagalary leksikanyň, fonetikanyň, grammatikanyň serişdeleri bilen sada görnüşde tanyşdyrmak, olarda türkmen diline söýgi döretmek maksat edilýär.

Beýannamanyň dürli görnüşiniň başlangyç synplardan öwredilýändigini nazara alyp, bu döwürde ony amaly esasyda, IV-VII synplarda türkmen dili sapagynda nazary esasyda öwretmek maksadalaýykdyr. Sebäbi stilistika diliň gurluşynyň ulanylyşa girişini we hyzmatyny öwrenýär. Bu bolsa kiçi we uly ýaşly mekdep okuwçylaryna stilistikany öwretmegi guramakda ähmiýetlidir.

Stilistik düşüňjeleri basgançaklaýyn öwretmegiň netijelidigi has möhümdir.

Birinji basgançakda sözleýiş serişdeleriniň belli bir şertde ulanylyşynyň dogrudygyny duýmagy talap edýän işleriň geçirilmegi;

ikinci basgançakda stiller baradaky nazary maglumatlar bilen tanyşmagy;

üçünji basgançakda şol nazary maglumatlara düşünilmegi;

dördünji basgançakda stilistik düşüňjeleriň özleşdirilmegi;

bäşinji basgançakda şol düşüňjeleri ulanmagy başarmaklygy oňyn netije berýär.

Bu bolsa beýannama öwredilende stilistik başarnyklaryň üstünde işlenilmegiň zerurlygyny ýüze çykarýar. Bu meseläniň dogry çözülmeginde okuwçynyň pikirlenmeginiň, döredijilige bolan isleginiň bolmagy, mugallymyň bolsa bu ugurda irginsiz gözlegde bolmagy esasy şertleriň biridir.

Döwürüň talaplaryna görä, dünýäniň öňdebaryjy tejribesine laýyklykda türkmen dili sapaklaryna beýannamanyň esse görnüşini hem girizmek maksada laýyk bolar.

“Esse” sözi exagium (ölçerme) diýen latyn sözünden gelip çykyp, fransuz diliniň “ezzai” sözi göni terjimede *tejrîbe*, *synanyşyk*, *taslama*, *oçerk* manylaryny berýär.

Esse belli bir tema boýunça berlen tekste şahsy täsirlenmesini we pikirini beýan etmäge synanyşylyan kiçi göwürimli, erkin gurluşly beýannamadyr.

Essä anyk temanyň we meseläniň bolmagy mahsus bolup, dürli meseleleriň derňewine bagyşlanan eser esse görnüşinde ýazylyp bilinmeýär. Esse belli bir hadysada ýa-da meselede aýratyn täsirleri, pikirleri beýan edýär, temany anyk we doly düşündirmegi göz önünde tutmaýar. Adatça, esse haýsydyr bir zat hakynda täze, subýektiviň öwüşginli sözləri öz içine alýar.

Essäniň mazmuny, ilkinji nobatda, awtoryň şahsýetine, dünýägaraýşyna, pikirlerine we duýgularyna baha berýär.

Esse soňky döwürde has meşhurlyga eýe bolup, ol M.Monten (“Tejribeler”, 1580) tarapyndan döredilipdir.

Häzirk wagtda dünýä tejribesinde esse resminamalaryň esasy düzümine (ýokary okuw mekdeplerine okuwa girende ýa-da işe girende) hem girizilendir. Esse ökdeden ökdäni seçip almaga hem ýardam edýär.

Yaş hünärmeniň esse ýazmagy wajyp. Işe, okuwa girmäge dalaş edýäniň özüni nähili tanyşdyryp bilendigi, özüniň üstünlüklerini we kemçiliklerini nähili beýan edendigi boýunça iş beriji onuň nähili adamdygyny, iş tejribesiniň geljekki ynamlary ödäp biljekdigini, edara nähili goşant goşup biljekdigini kesgitlemäge mümkinçilik berýär.

Essäniň maksady özbaşdak döredijilikli pikirlenme we öz pikirlerini ýazmaça beýan etme başarnyklaryny ösdürmekden ybarat. Bu bolsa mekdep okuwçylaryna esse ýazmagy öwretmegiň wajypdygyny ýene-de bir gezek subut edýär.

Esse ýazmak örän peýdaly bolup, awtora öz pikirini anyk we sowatly beýan etmegi, maglumatlary, esasy düşüňjeleri ulanmagy, sebäp-netije gatnaşyklaryny görkezmeği, degişli mysallar arkaly öz iş tejribesini görkezmeği, öz gelen netijelerini esaslandyrmagy öwrenmäge mümkinçilik berýär.

*Başlangyç synplarda nusgawy tekstleri gürrüň bermegiň öwredilişi.* Her bir sapak gürrüň bermek bilen baglanyşykly geçilýär. Şonuň üçin hem bu işde birmeňzeş gürrüň bermeden gaça durmak zerurdyr. Gürrüň berme dürli görnüşde geçilende, oňa taýýarlyk işleri görilende, okuwçylaryň okamaga bolan gyzyklanmasy artýar we sözleşiş endikleri ösýär.

Çagalar mekdepde gürrüň bermäge bolan talaplary bilmeli. Öňi bilen gürrüň bermede okuwçylaryň özleriniň janly sözleşiş amala aşmalydyr. Beýle diýildigi okamak üçin hödürlenen nusgalyk köre-kör, sözme-söz ýat tutulmaly däl-de, belli bir derejede tekstiň leksikasyny, sözleşiş öwrumlerini we sintaktik gurluşlaryny ulanmak ýaly talaplar berjaý edilmelidir.

*IV–VII synplarda beýannamalary öwretmegiň özboluşlylygy.* Okuwçylaryň agzeki (dil) we ýazuw sözleşişini ösdürmek maksady bilen IV–VII synplarda beýannamalaryň dürli görnüşü ýazdyrylýar.

Beýannamalary ýazmaklyk synpa-synp kämilleşdirilýär. Beýannama türkmen dili dersinden geçirilýän esasy ýazuw işleriniň biri bolmak bilen, ony ýazmagy öwretmek ilki okalan tekstiň mazmunyny okuwçylara sorag görnüşli meýilnama esasynda beýan etmekden başlanýar. Beýannama ýazdyrylmazdan ozal, saýlanyp alnan tekst ilki labyzly okalýar. Sözlük üstünde işlenilýär. Hatda dürs ýazuwy kyn bolan sözləriň ýazylyşy synp tagtasynda görkezilýär. Soňra tekstiň esasy mazmunyny öwrenmek boýunça sorag-jogap alşylyar, gysgajyk gürrüň edilýär. Şunlukda, ýazdyryljak beýannamanyň meýilnamasy düzülýär.

Haýsy synpdygyna garamazdan, okuw ýylynyň başynda ýazdyrylýan beýannamalar üçin okuwçylar köpçüliginiň gatnaşmagynda düzdüriýän meýilnamanyň gysga hem tekstiň mazmununyň esasy ýerlerini ýüze çykarar ýaly derejede bolmagy zerurdyr. Şu hilli taýýarlykdan soň düzen meýilnamalary esasynda beýannama ýazmaklyk tabşyrylýar.

Beýannamanyň bu görnüşinde diňe tekstiň mazmununy ýüze çykarmaga ähmiýet berilmän, türkmen diliniň grammatikasy, orfografiýasy boýunça şol döwürde öwrenilýän materiallardan-da okuwçylaryň nähili usulda peýdalanandyklaryna aýratyn üns berilýär.

Mekdepde türkmen dili sapaklarynda beýannamalary öwretmegiň lingwodidaktik esaslaryny işläp düzmek, şol sanda beýannama ýazmagy öwretmegiň dünýä we milli tejribelerine esaslanýan innowasion usullaryny we tehnologiýalaryny öwrenmek we seljermek, türkmen dilini okatmagyň hilini ýokarlandyrmagyň we döwrebaplaşdyrmagyň derwaýys meselelerini kesgitlemek hem-de derňemek, olaryň netijeliligini ylmy-usuly taýdan esaslandyrmak boýunça ýörite ylmy-barlag işleri alnyp barylýar.

Amala aşyrylýan işler eziz Watanymyzyň bilim ulgamynyň ylmy-usulýet, maddy-tehniki binýadynyň ösdürilmegi bilen baglanyşykly zygydirlilik, täzeçillik, döwrebaplyk häsiýetlerine eýe bolan döwlet syýasatynyň sazlaşykly dowamdyr.

Olaryň esasynda bilim ulgamynyň düzümini hem-de mazmunyny has-da ýokary derejelere ýetirmegiň aýdyň maksatlary, wajyp wezipeleri kesgitlenilýär.

Olarda umumy orta bilimiň ähli basgançaklary: umumy bilim bermegiň aýratynlyklarynyň ýokary hilli guralmagynyň, ýaşlaryň hünär taýýarlygynyň kämilligini gazanmagyň wajyp meseleleri düzgünleşdirilýär.

Türkmen halkynyň hem-de ýaş nesillerimiziň şu güni we geljegi üçin asyrlara barabar beýik işleri amala aşyryan, ynsan durmuşyny gözellige öwürýän, bilim ulgamynyň dünýä nusgalyk orunda durmagynda belent başlangyçlary bilen umumyadamzat bähbitlerine gönükdirilen ajaýyp taslamalary durmuşymyza ornaşdyran türkmen halkynyň Milli Lideri Gahryman Arkadagymyzyň, Hormatly Prezidentimiz Arkadagly Gahtyman Serdarymyzyň janlary sag, ömürleri uzak bolsun, il-ýurt bähbitli işleri elmydama uly rowaçlyklara beslensin!

#### Edebiyat

1. Berdimuhamedow S. Ýaşlar Watanyň daýanjy. – A.: TDNG, 2023.
2. Gurbanguly Berdimuhamedow. Bilim – bagtyýarlyk, ruhbelentlik, rowaçlyk. – A.: TDNG, 2014.
3. Atdaýew E., Gapbarow A. Mugallymçylyk ussatlygy. Ýokary okuw mekdepleri üçin okuw kitaby. – A.: TDNG, 2012.
4. Колужких И.Я. Система работы над планом изложений на материалах четвертого класса. Автореферат диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – М., 1978.
5. Retnowati E., Suprpto, Jerusalem M. A., Sugiyarto K., Wagiran. Innovative Teaching and Learning Methods in Educational Systems: Proceedings of the International Conference on Teacher Education and Professional Development (INCOTEPD 2018), October 28, 2018, Yogyakarta, Indonesia. Routledge, 2019.

*Дана ИКАПОВА*

*Халықаралық білім беру корпорациясы  
педагогика ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ТІЛДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада студенттердің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері туралы айтылады, тілді оқытуда интернет ресурстарын пайдаланудың ерекшеліктері, әдістері, заманауи ақпараттық технологиялардың артықшылықтары, студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инновациялар, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік.

**Аннотация.** В данной статье речь идет о новых информационных технологиях в повышении интереса студентов к казахскому языку, рассматриваются особенности, методы использования интернет-ресурсов в обучении языку, преимущества современных информационных технологий, формирование межкультурной компетенции студентов, использование интернет-ресурсов.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, инновации, компьютерная грамотность, информационно-коммуникационная компетентность.

**Abstract** This article deals with the possibilities of the Internet in increasing the interest of students in the Kazakh language, discusses the features, methods of using Internet resources in teaching the language, the advantages of modern information technologies, the formation of intercultural competence of students, the use of Internet resources.

**Keywords:** information and communication technologies, innovations, computer literacy, information and communication competence.

Мемлекеттік тілді жаңаша оқыту әрқашан өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқытушылардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің қазақ тілінде нәтижелі

тілдік қарым-қатынас және әлеуметтік мәдени құзіреттілігін қалыптастыруына мүмкіндіктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология көмегімен үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияларды және интернет-ресурстарды ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Инновация дегеніміз тек қана жаңалық енгізу ғана емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу.

Көптеген елдерде ақпаратты тасымалдаудың сандық үлгіге ауыстыру процесі жылдам жүзеге асырылуда. Себебі адамзат «қағаз мәдениетінен» «экранның мәдениетіне» ауысуда. Ғалымдардың пікірінше, жақын болашақта қағаз күйіндегі кітаптардың орнын электронды кітаптар толықтырмақ.

Қазақ тілінің алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілін технологиялармен жақындастыру. Себебі болашақта бізді қоршаған барлық дүниелер, сонымен қатар тілдің өміршеңдігі, оның кең қолданысқа енуі көп жағдайда технологияларға тәуелді болмақ.

Бүгінгі күнде интернетке деген қолжетімділікті арттыруға мемлекеттік деңгейде зор көңіл бөлінуде. Қазақстанда интернет тұтынушылардың саны, соның ішінде мобильді интернет тұтынушылар күн сайын артып келеді..

Ақпараттық технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты арттыруда. Бұл өз кезегінде үлкен көлемдегі сандық ақпараттың жинақталуына алып келді. Ақпарат алмасу тек технологиялық қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар лингвистикалық құбылыс. Адамдардың тілді пайдалануы, сөз бен сөз тіркестерін қолдануы, мәліметтердің контекстуалдық ортасын түсінуі сынды мәселелер тіл білімінің маңызды саласына айналып, компьютерлік ғылым мен лингвистиканың тоғысқан жерінде компьютерлік лингвистика саласы пайда болды.

Білім беру үрдісінде интернет-ресурстарын жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

– білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т.б.

– жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т.б.)

– әлеуметтік-мәдени тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т.б.)

– оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т.б.) [2,45].

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану мәселесі кеңінен талқыланып жүр. Бұл дегеніміз оқытудың жаңа формалары мен әдістері. Оқытушының міндеті студенттердің қазақ тілін үйренуге қолайлы жағдай туғызу.

Бұл жағдайда студент өзінің шығармашылық белсенділігін көрсете алатын оқытудың тәсілін қолдану. Интернет ресурстарын қолдану студенттердің индивидуалдық ерекшеліктерін анықтауға көмектеседі. Қазақ тілі сабағында студент интернет көмегімен түрлі тапсырмаларды орындай алады, олимпиадаларға, конкурстарға қатыса алады.

Интернетпен жұмыс студенттердің қабілеттерін дамытып, олардың сенімін арттырады, қолайлы әлеуметтік, психологиялық атмосфера туғызады.

Қазіргі таңда білімді дамыту студенттің ақпараттық деңгейін дамыту деген сөз.

Әлемдік ақпараттық қоғамға ену үшін студент ақпараттық мәдениетті, компьютерлік экранды білу қажет, яғни интернетпен тығыз байланыста болу керек. Ақпараттық жүйе ретінде Интернет түрлі ақпараттар мен ұсыныстар ұсына алады.

- электрондық хат
- теле конференция
- видео конференция
- ақпараттық ресурстарды қолдану
- ақпараттық жиынтықтар
- желіде сөйлеу мүмкіндігі

Студенттер өздеріне қажет ақпаратты табуды, оны оқып, ішінен ең маңыздысын анықтап, өз қажеттілігіне жұмсап үйренуі шарт. Студенттер өз бетінше білім алуды, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін-өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет. Студенттер арасындағы байланысты, топтық ұжымдық жұмысты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет. Бұларды іске асыруда Интернет таптырмас құрал. Интернет студенттің өзін-өзі дамыту және жаңа істі меңгеруге зор ықпалын тигізеді. Студенттер түрлі зерттелген мәліметтерді пайдалануды үйренеді, оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады, өз ойын нақты және жүйелі түрде қағаз бетіне түсіруді, мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты жіберу немесе қабылдауды, шешім қабылдауды үйренеді. Студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыру олардың төмендегі шараларға қатысуы негізінде жасалынады: диспуттар, байқаулар, олимпиадалар, электрондық пошта, телеконференция, видеоконференциялар.

Тапсырмалар студенттерге бағалауды үйрену, салыстыру, модельдеу, тындау, көру, бақылау, сұхбат құру, мазмұндау т.б ақпараттық компетенцияларын дамытады.

Қазақ тілі сабағында компьютермен жұмыс жасай отырып, студенттер психологиялық тұрғыдан да жеңілдіктерге ие болады. Атап айтқанда, студенттердің жасаған әрбір жұмысына берілетін бағаның, олардың жасаған қатесін қайталаулар негізінде көрсете отырып, яғни жұмыс нәтижесін мақұлдап немесе белгілі бір дәрежеде қоштамай, өз пікірін білдіріп отыратын оқытушының тікелей қатыспауы, студенттерге өз бетінше жұмыс жасап, өзіне сенімді болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді.

Қазақ тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындау қажет. Ол студенттердің қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын қалыптастыруға жағдай жасайды. Дәстүрлі қазақ тілі сабағына сипаттама жасасак, көп жағдайда қазақ тілін оқыту үрдісінде оқытушы студенттің ойын басқарады. Студентке өз ойын айтуда еркіндік берілмейді. Студент мәселені түсінбей, өзіне қажетті ақпаратты ала алмай, мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан келу мүмкіндігінен айырылып, өзінше ой қорытып, оны тұжырымдау және қызықты пікірлер айта алу қабілетіне ие бола алмайды.

Білім беру технологиясының үш түрлі типі бар. Олар дәстүрлік, инновациялық және ақпараттық. Бастысы-ехнологияның жиынтығы емес, оның дәрежесі. Студенттердің әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарын пайдалану арқылы компьютерлік технологияның көмегімен өздерінің дербес ізденуі арқылы тілді игеруге кәсіби шеберлігін шындайды. Жаңа ақпараттық технологияға әртүрлі ақпараттарды электрондық әдіспен енгізу, сақтау және беру болып табылады.

Оларды оқу процесінде пайдалану ерекшелігіне сай мына төмендегідей топтастыруға болады:

– Компьютерлік оқу бағдарламалары (электрондық оқулықтар, тренажерлар, тьюторлар, лабораториялық жаттығулар, тест жүйесі).

– Мультимедиялық технологияға сай оқу жүйесі компьютер, видеотехника, оптикалық дискінің жиындысын пайдалану арқылы жүргізіледі.

– Электрондық пошта, телеконференция, түрлі телекоммуникациялық қондырғылар.

– Электронды кітапханалар.

Жоғары оқу орындарында көбіне электрондық пошталар жиі пайдаланылады. Қазіргі кезде аудиоақпарат алмасу, видеоақпарат алмасу, виртуалды аудиторлық такта, тақырыптық ақпарат енгізілген клавиатуралар, файлды алмасу, көпжақты конференциялар өткізу кеңінен таралған көпке белгілі компьютерлік видеоконференция байланыстың әдістемесіне жатқызылады.

Компьютер жүйесі оқу процесін жетілдіру құралы болып табылады. Дегенмен, Интернет жүйесіндегі оқуға байланысты ақпараттар сирек, аз, жүйеленбеген. Оқу процесін аралық байланыс арқылы басқару электрондық почта арқылы материалдар қабылдау, интерактивтік хабарлар алмасу арқылы жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, интернет ресурстарын және инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз



кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Егер біз мемлекеттік тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етіп, оның кең қолданысқа енуін қаласақ, онда бар күшімізді тіл мен технологияны кешенді түрде достастыруға жұмсауымыз керек.

#### Әдебиет

1. Исабаев У. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. - Алматы, 1999.
2. Сергеева М.Э. Новые информационные технологии в обучении // Педагог. – 2005. – №2. – 162-166 с. 3.
3. Налбадиян А.А. Методические основы использования ресурсов Интернета при обучении чтению на уроке Дисс. ... канд. пед. наук. М., 2004.

*Нұрғұл ТЛЕБАЛДИНА*

*Әлихан Бөкейхан университеті  
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты  
(Қазақстан, Семей қ.)*

### ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

**Андатпа.** Мақалада бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің алға қойған қағидалары қарастырылып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жұмысын және мәтін талдау жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі қарастырылып, ұсынылды.

**Тірек сөздер:** жаңартылған білім, функционалдық сауаттылық, тілдік дағды, зияткерлік, сыни ойлау, өзіндік ізденіс, жеке тұлға, сөйлеу шеберлігі, жеке қабілет, жанрлық ерекшелік.

**Аннотация.** В статье рассмотрены принципы современного обновленного образования, рассмотрена и предложена методика организации работы по повышению функциональной грамотности учащихся и анализу текста.

**Ключевые слова:** обновленные знания, функциональная грамотность, языковые навыки, интеллект, критическое мышление, самопознание, личность, разговорные навыки, индивидуальные способности, жанровая специфика.

**Abstract.** The article considers the principles of today's updated education, the methodology of organizing the work of improving students' functional literacy and text analysis is considered and proposed.

**Keywords:** updated knowledge, functional literacy, language skills, intelligence, critical thinking, self-discovery, personality, speaking skills, individual ability, genre specificity.

Қазіргі жаһандық жағдайында еліміздің білім беру жүйесін әлемдік талаптарға сай жаңғыртудың ең басты мақсаты-заман талабының сұраныстарына еш қиындықсыз төтеп бере алатын ұлттымыздың ұрпақтарын тәрбиелеу болып отыр. Өзінің ұлттық болмысын, тарихи құндылықтарын сақтай отырып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ұрпағымызға аманат. Себебі, қоғам дамуымен бірге үнемі өзгерісте болып, үздіксіз жетілдіріліп отыратын жүйе-білім беру жүйесі.

Заман талабына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді жас ұрпақты тәрбиелеу өмірлік қажеттілікке айналып отыр. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, оқушыны сыни ойлауға, мәтіндердің мазмұнын, астарлы ойын ұғына оқуға, өзіндік рефлексия жасай білуге, алған ақпаратты өз мақсаттарына сай қолдана білуге бағыттау мәнмәтінмен жұмыс жүргізу.

Еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жаһандану кезеңінде әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы

ғана бәсекелестік қабілетін арттырып, сондай-ақ білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс бағыттарды анықтап беріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ата-бабамыздың сан ғасырлық тарихын бағалайтын, мақтан ететін халықтың болашағы зор екендігін нақтылып берді [1].

Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұнын жаңарту, өмір талабына сай дамыта оқыту, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданып заман ағымына жауап беру мұғалімге жауапты істерді жүктейді. Осындай мәні мен маңызы зор өзекті мәселердің бірі-оқушылардың тілін дамыту, функционалды сауаттылықтарын арттыру.

Оқушының тілдік дағдысын қалыптастыру арқылы пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Ендеше оқушының функционалды сауаттылығы да арта түспек. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Оқушыларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс. Сондықтан мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды, ал мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

Функционалды сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған ел азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру деп айқын көрсетілген [2,238].

Жаңартылған бағдарламаның мазмұны жеке тұлғаны өмірге бейімдеу, функционалды сауаттылығын арттыру. Бәсекеге қабілетті, креативті ойлай алатын, кез-келген тақырыпта өзіндік ой-пікірі бар, кез-келген жағдайға сыни тұрғыдан қарап, ұтымды жауап бере алатын ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан біз мектеп табалдырығынан бастап оқушының бойына аталған қасиеттерді сіңіре білу жұмыстарын меңгерте білуіміз қажет етіледі.

Мәтінді меңгертуде білім берудегі 4 дағдының көздеген мақсаты әрбір тұлғаның жеке қабілеттерін ашып, өмірге бейім адамды қалыптастыру. Жазылым, айтылым, оқылым, тыңдалым коммуникативтік дағдылармен жұмыс жүргізуде педагогикалық әдістер мен тәсілдер жүйесі қолданылады.

Білім мазмұнын жетілдіру үрдісінде оқушыларға дайын білімді беріп қана қоймай, білімді игерудің әдіс-тәсілдерін игерту, оның дамытушылық жақтарына басымдылық беру қарастырылған.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мәтінді меңгерту арқылы оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

Мәтінді меңгертуге байланысты қазіргі заман оқушыларынан кең ауқымды дағдылар талап етіліп отыр:

- білімді функционалдылықпен және шығармашылықпен қолдану;
- сын тұрғысынан ойлау;
- зерттеу жұмысын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- коммуникативтік қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін тиімді оқытып үйретудің сапасын арттыру әртүрлі жағдайларға байланысты болады. Соның бірі-сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдас-тыру. Кез-келген мәтінмен жұмыс жасау үшін, алдымен оның мазмұнын түсіну керек болады.

Мәтінмен жұмыстың маңызы-оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға, сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, ойын дамытуға, мінез-құлықты қалыптастыруға, дүниетанымды, логикалық ойлауды, байланысты сөйлеуді дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға, жеке мүмкіндіктерді анықтауға және іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқу- тәрбие процесі оқушылар жаңа және алған білім арасында байланыс іздейді, баламалы шешімдер қабылдайды, өз идеялары мен ойларын әр түрлі құралдардың көмегімен қалыптастырады, ынтымақтастыққа үйренеді, тіл байлықтарын арттыруға, адами ізгі, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі.

Мәтіннің негізгі ойын оқушыларға түсінікті жеткізілуі үшін автор әртүрлі тәсілдерді пайдаланады. Олар: салыстыру, мысал келтіру, анықтама беру, дәйексөз келтіру т.б.

Мәтінді меңгертуде оқушылардың жас ерекшелігіне, біліміне лайықталып алынуы және мазмұны оқушыны қызықтыратындай тартымды болуы қажет.

Өмірдегі түрлі оқиғаларды көркем образдар арқылы сөзбен бейнелеу арқылы баланың өмірді нақты түсінуіне септігін тигізіп, қоршаған ортаға бейімдейді. Бұл жағдайлар мәтін арқылы көрініс табатындықтан мәтіндерге шығармашылық жұмыстар жүргізу барысында әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланған жөн.

Оқушыларды мәтіндермен таныстырудың өзіндік ерекшеліктері болады. Мәтіннің мазмұнын түсіндіру үшін кіріспе әңгіменің маңызы ерекше.

Мәтін құрылымы үш негізгі бөліктен тұратынын оқушы білуі шарт. 1.Кіріспе бөлімі – оқырманның назарын аударуға негізделеді. 2. Негізгі бөлімі – бөлімде айтылатын ойдың түйінді мәселелері жүйеленіп беріледі. 3.Қорытынды бөлімі – айтылған ойдың түйіні, мәні.

Мәтінге талдау жасау үшін толық мәтінді не мәтіннен берілген үзіндіні түсініп оқу, талдау өте маңызды.

Берілген мәтіндегі әр бөлімді оқып бітіргеннен кейін, ашық, жабық сұрақтар беру арқылы мәтіннің мазмұны айтылады. Келесі сабақта шығарманың екі-үш бөлімін (көлеміне қарай) оқып келу тапсырылады. Бұл әдістің екеуі де пайдалы. Бірінде оқушы оқиғаны аяғына дейін білуге асығып, шапшаң оқуға төселетін болса, екіншісінде, көркем шығарманы асықпай, онда әңгімеленіп отырған оқиғаға жан-жақты мән бере ойланып, түсініп оқуға дағдыланады.

Ж.Аймауытов мәтін меңгерту туралы өзінің еңбегінде былай дейді: «Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлапалған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірлен алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек» [3]. Ж.Аймауытовтың осы пікірін басшылыққа алу қажеттігі мәтін меңгертуде маңызды деп есептейміз.

Мәтінмен жұмыс жүргізу кезеңдерін атап кетсек: 1. Мәтіналды кезеңі. 2. Мәтінмен жұмыс. 3. Мәтіннен кейінгі кезең.

Әңгіменің мазмұнын, негізгі идеясын ашу мақсатында балаларға әңгіме бойынша сұрақтар қойылды. Мұғалімнің оқуы. Оқушылардың оқуы. Рөлге бөліп оқу.

Оқушыларды мәтіннің мазмұнымен толық таныстырып болған соң мәтіннің идеясына талдау жасалады.

- мәтіннің идеясын ашу;
- мәтіннің стилін, жанрлық ерекшелігін, сипатымен жұмыс;
- мәтіннің сөйлеу формасын ажырата білу;
- мәтіннің композициялық құрылымына талдау т.б жұмыстар ұйымдастыру міндетті болмақ.

Мәтін талдау барысында әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Мәтін талдауды меңгертудің ең бастапқы баспалдағы мәтіннің құрылымымен оқушыларды таныстырып, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдермен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру қажет.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- болжау;
- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- мәтіннен ақпаратты анықтау;
- негізгі ойды анықтау;
- тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- сөйлеу мәдениетін дамыту.

«Оқылым» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- ақпаратты түсіну;
- мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;

- мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау;
- оқылым стратегияларын қолдану;
- әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

«Жазылым» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- жоспар құру;
- әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- эссе жазу;
- оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- мәтіндерді түзету және редакциялау.

Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің 4 тілдік дағдыны меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Мысалы, «Қазақ тілі» пәні бойынша «Оқылым» бөлімінің «О1: Ақпаратты түсіну» бөлімшесі бойынша және «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Түсіну және жауап беру» бөлімінің «Т/Ж1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні» бөлімшесі бойынша оқу бағдарламасының спиральділігі, яғни оқушылардың алға ілгерілеуі айқын көрінеді, себебі сыныптан сыныпқа жоғарылаған сайын оқу материалы күрделене береді.

Мысалы, 5-сыныпта Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау. 6-сыныпта Мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру. 7-сыныпта Мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау. 8-сыныпта Тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру. 9-сыныпта Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

10-сыныпта Мәтіндегі негізгі және қосымша детальді ақпараттарды анықтау, басқа дереккөздердегі ақпараттармен салыстыру. 11-сыныпта мәтіндегі негізгі және қосымша детальді ақпараттарды анықтау, мәтіндегі астарлы ойды табу, басқа дереккөздердегі ақпараттармен салыстыру [4].

Мәтінді меңгертуде білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері-жеті модулін пайдалану жолдарын қарастырсақ.

1-модуль. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдері оқу бағдарламасының басты мақсаты. Сыныпты топқа бөліп оқыту, ережеге, уақытқа бағыну, постер қорғату. Біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді.

2-модуль. Сыни тұрғыдан ойлау моделі. Бұл жаңаша әдіс-тәсіл арқылы оқушының өз ойын суреттеу арқылы ойлау қабілеті, сөйлеу мәдениеті дамиды. «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының басты қағидаларының бірі шәкірттердің әр сабақта ой-өрісін, ойлау қабілетін дамытатындығы.

3-модуль. Оқыту үшін және оқытуды бағалау. Бұл әр сабақтың соңындағы оқушылардың білімдерін тиянақтау жиынтығы.

4-модуль. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

5-модуль. Талантты және дарынды балаларды анықтау. Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды.

6-модуль. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту.

7-модуль. Оқытуды басқару және көшбасшылық. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім.

Оқытудың сындарлы теориясына негізделген бағдарлама мұғалімнің алдына ең алдымен оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Сапалы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Себебі оқытудағы сындарлы тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты бо-

лады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды.

Ал, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамытуда, ақпараттық технологиялардың алатын үлесі зор болады, атап айтсақ, қажетті мәліметтердің көздерін анықтау; ақпаратты іздеу әдістерін қолдану; ақпараттарды бір түрден екінші түрге ауыстыруға (кесте, мәтін), оқып отырған нысанды талдауға, синтездеу, яғни, жеке элементтерді біртұтас етіп біріктіру.

Коммуникативті іс-әрекетті дамыту мақсатында топтық жұмыстың орны ерекше, яғни, оқытушы мен оқушының оқу қарым-қатынасын жоспарлау және ұйымдастыру; сөйлесімге түсу, проблеманы ұжыммен талқылау, өз ойын жеткізуде тиімді тіл құралдарын қолдануға; өз ойын және серігінің көзқарастарын жүйелеуге: топпен жұмыс істеуге қатынас орнатуға; топпен талдауға қатысуға; қарым-қатынас жасауда моральдық-этикалық, психологиялық ұстанымдарды ұстануға, коммуникативті рефлексияны жүзеге асыруға қол жеткізуге болады.

Жоғарыда сараланған білім берудегі жаңашылдықтар тәжірибелік іс-әрекетте қалай өріс алып жатқандығын сараптаған жөн.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру жұмысын ұйымдастыруда әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, мәтіннен ақпаратты анықтау, негізгі ойды анықтау, сөйлеу мәдениетін дамыту, ақпаратты түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, жоспар құру, мәтіндерді түзету және редакциялау сияқты жұмыстар жүргізу, оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру жұмыстары мол ізденісті, жауапкершілікті талап етеді.

#### Әдебиет

1. Токаев Қ.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». 5 қаңтар 2021.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
3. Аймауытұлы Ж. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым. 1998. 545 б.
4. Мұғалімге әдістемелік құрал. Оқушы анықтамасы 5-11 сыныптар. Арман-ПВ баспасы 2014.

**Нұржамал ШЕНГЕЛБАЕВА**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### **«ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ» САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Андатпа.** Тіл білімі, тіл туралы ғылым ретінде, студенттерге тілдік құбылыстарға саналы түрде қарауға мүмкіндік беретін көптеген құралдарды ұсынады, бұл олардың кәсіби аудармашы ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Аталған мақалада аударма құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі жолдары мен әдістемелері, сондай-ақ осы үдерісте «Тіл біліміне кіріспе» курсының маңызы қарастырылады.

**Тірек сөздер:** тіл біліміне кіріспе, аудармашылық құзыреттілікті қалыптастыру, тілдік құбылыстар, кәсіби аударма, аударма сапасын бағалау, метатілдік рефлексия.

**Аннотация.** Языкознание, как наука о языке, предоставляет множество инструментов для формирования у студентов осознанного подхода к языковым явлениям, что играет значимую роль в их профессиональном становлении как переводчиков. Данная статья рассматривает основные пути и методики формирования переводческих компетенций на начальном этапе обучения, а также значение курса «Введение в языкознание» в этом процессе.

**Ключевые слова:** введение в языкознание, формирования переводческих компетенций, языковые явления, профессиональный перевод, оценка качества перевода, метаязыковая рефлексия



**Abstract.** Linguistics, as the science of language, provides many tools for developing in students a conscious approach to linguistic phenomena, which plays a significant role in their professional development as translators. This article examines the main ways and methods of developing translation competencies at the initial stage of training, as well as the importance of the “Introduction to Linguistics” course in this process.

**Keywords:** introduction to linguistics, development of translation competencies, linguistic phenomena, professional translation, assessment of translation quality, metalinguistic reflection.

Тәуелсіз Қазақстанның соңғы жылдары жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы ғана іске асатыны сөзсіз. Олай болса, бүгінгі таңда жалпы жоғары оқу орындарындағы қай мамандық болмасын, кәсіби маман даярлады жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Ал құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Заман талабына сай жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман даярлау міндеті тұр.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстылығы оның кәсіби мамандарының білім деңгейімен және өз мамандығын жетік меңгеруімен анықталары сөзсіз, осыған байланысты қазақстандық жоғары кәсіби білім берудің қазіргі даму кезеңінде бітіруші түлектерді кәсіби даярлауға жаңа талаптарды орнатуда тұрақты үрдістер байқалды.

Құзыреттілік тәсілі – қазіргі уақытта қай салада болмасын екпінді күш алып келе жатқан зерттеу бағыты, бұл әрине аударматану саласына да қатысты болып отыр.

Аударма құзыреттілігі – аудармашыға тіл аралық және мәдениетаралық қарым-қатынас іс-әрекетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар мен біліктерді қамтитын күрделі көп өлшемді лингвомәдени аспект болып табылады. Олай болса, аудармашылық құзыреттілікке аудармашының тілдік, ағымдық, коммуникативтік, техникалық дайындығы мен өз міндетін тиісті деңгейде меңгерудегі жеке ерекшеліктері кіреді [1].

Аударманы іске асыру барысында сапалы тәржімені жүзеге асыру үшін кез келген аудармашы тілдің жүйесі, нормасы мен аясы, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы туралы, тілдік пікірлерді құру үшін тіл бірліктерін пайдалану ережелері туралы жетік білуі талап етіледі. Сонымен қатар тәржімеші аударма үдерісіне қатысатын екі тілде де рецептивті, сондай-ақ өнімді жоспарларда да осы құзыретке ие болуы тиіс.

Аударма құзіреттілігін қалыптастыру болашақ аудармашыларды даярлау үдерісіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Оқытудың бастапқы кезеңдерінде, мысалы, «Тіл біліміне кіріспе» курсына, кейіннен кәсіби аудармашылық құзіреттілікті дамытуға негіз болатын негізгі дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру маңызды.

Тіл біліміне кіріспе – университеттер мен филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндеті: студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстыру, оның басты-басты теориялық мәселелерін баяндап беру [2].

Олай болса, аударма құзыреттілігі – бұл кәсіби аударма қызметін орындау үшін қажетті білім, дағдылар мен іскерлік кешені. Аудармашылық жіктеудің әртүрлі тәсілдеріне сәйкес аударма құзыреті келесідей бірнеше негізгі құрамаларды қамтиды:

- лингвистикалық құзыреттілік, бұл бастапқы және аударма тілдерде еркін сөйлеуді білдіреді;
- екі тілде сөйлейтіндердің мәдени ерекшеліктерін түсінуге байланысты мәдени құзыреттілік;
- жанрлық және стилистикалық талаптарға сәйкес мәтінді түсіну мен жаңғыртуды қамтамасыз ететін мәтіндік және дискурсивті құзыреттер;
- тілдің құрылымдық ерекшеліктері мен оның фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтері туралы білімді қамтитын тілдік құзыреттілік.

Ал «Тіл біліміне кіріспе» курсы жоғарыда аталған аспектілердің барлығын дамытуға ықпал етеді.

Тіл білімінің негіздерін оқып-үйрену студенттерге тілдің табиғатын, оның қызметін және ақпаратты беру механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, бұл кейіннен аударма процесін жеңілдетеді. Бұл саладағы «Ұлттық аударма бюросы» қорының бастамасымен ба-

сылып шығып, 2018 жылдан бастап гуманитарлық пәндер бойынша жоғары оқу орындарына арналған 100 оқулық негізінен ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударылған басылымды айтуға болады.

Америка тілшілері қоғамының президенті В.Фромкин бастаған ғалымдар тобының авторлығымен жарық көрген «Тіл біліміне кіріспе» (аударғандар: Ұ.Іслямova, Б.Мизамхан, т.б.) оқулығы тілдік өзгеріс, тілді меңгеру, жазба тілдің негіздері, тіл және адам миы сияқты мәселелерді жаңаша тұрғыдан талдайды [3].

Аудармашылық құзыреттілікті қалыптастырудағы рөліне тоқталатын болсақ, бұл кітап келешек филолог мамандарға, оның ішінде ағылшын тілінің мұғалімі, шет тілі филологиясы, аударма ісі мамандығында білім алушылар үшін туыстас емес екі тілді салыстыра зерделеуде берері мол деп топшылауға болады. 12 тараудан тұратын кітапта тіл ғылымы, фонетика, грамматика, морфология мен синтаксис мәселелері баяндалады.

Берілген ақпараттың басым көпшілігі студенттерге лингвистика мәселелері жөнінде жүйелі білім алуға, бұқаралық ақпарат құралдарының беттеріндегі талқылауларға қатысуға, сондай-ақ маңызды лингвистикалық зерттеулерден хабардар болуға көмектеседі.

Студенттердің аудармашылық құзіреттілігін дамыту үшін аталған «Тіл біліміне кіріспе» курсының маңызына тоқталатын болсақ, аталмыш курс аудармашылардың тілдік құзыреттілігін даярлау жүйесінің бірінші кезеңі болып табылады. Сәйкесінше бұл кезеңде студенттер тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис, семантика, прагматика және т.б. сияқты негізгі ұғымдарын меңгереді.

Тіл білімінің барлық осы салалары болашақ аудармашыларға тілдің құрылымын және оның әртүрлі контексттерде қолданылу ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі. Мәселен, оқулықтың «Грамматика дегеніміз не?» тарауында тақырыптар мынадай тараушаларға бөлінген:

1. Тілдің дыбыстық жүйесінің практикалық қолданылу ерекшеліктері.
2. Лексика. Форма мен мағынаның шартты және еркін байланысы;
3. Тілді білу және синтаксис;
4. Дескриптивті (сипаттамалы) грамматиканың ерекшелігі;
5. Прескриптивті грамматиканың пайда болу тарихы;
6. Лоуфтың прескриптивті грамматикасы;
7. Оқытушы грамматиканың мақсаты;
8. Әмбебап грамматиканың ым тілдеріндегі көрінісі;
9. Биокommуникация: құстар мен аралар тілі;
10. Жануарлардың адам тілін «меңгеруіндегі» тәжірибелер;
11. Тіл мен ой. Сепир-Уорф болжамы: Pro et contra (болжамның мықты және әлсіз жақтарын талдау).

Грамматиканың осындай ретпен берілуі әрине болашақ аудармашыларға «Тіл біліміне кіріспе» пәнін оқып үйренуде метатілдік рефлексияны қалыптастыруға мүмкіндік береді, яғни, ол дегеніміз – аудармашының өз ана тілі мен шет тілінің тілдік құбылыстарын танып, талдай білуі.

Бұл әрине аудармашының аударма үрдісіне саналы түрде жақындап, бастапқы мәтінді талдап, оны аударма тіліне жеткізуде неғұрлым барабар құралдарын тауып, іріктей алуы үшін маңызды.

«Тіл біліміне кіріспе» сабақтарында аударма құзіреттілігін дамыту әдістемесіне тоқтала кетейік. Аталмыш сабақ барысында әдістерді мынадай үш негізгі топқа бөлуге болады:

– Теориялық әдістемелер. Бұл жағдайдар білім алушылар тілдің табиғатын жақсы түсінуге көмектесетін негізгі лингвистикалық теориялармен танысады. Мысалы, фонетиканы зерделеу студенттерге әртүрлі тілдердің дыбыс жүйелеріндегі айырмашылықтарды түсінуге көмектеседі, ол аудармадағы фонетикалық құбылыстарды беру кезінде маңызды.

Тіл білімінің морфология және синтаксис саласы студенттерді сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрылымын талдауға үйретеді, болашақ аудармашылар үшін бұндай үдеріс өте маңызды, өйткені ол мәтінді аудару кезінде синтаксистік талдау процесін жеңілдетеді.

– Тәжірибелік (практикалық) әдістемелер. Аталмыш әдістемелер талдаудың практикалық дағдыларын дамытуға және мәтіндермен жұмыс істеуге бағытталған. Оқытушылар сабақ ба-

рысында лингвистикалық талдау бойынша әртүрлі жаттығуларды пайдалана алады, мысалы, күрделі сөйлемдерге талдау жасау, грамматикалық категорияларды талдап сараптау және лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерге баса назар аударатырып, сөз тіркестерін аудару. Мұндай сабақтар студенттерге тілдің құрылымын тереңірек түсінуге және аудармашылық шешімдерді таңдауға анағұрлым саналы түрде қарауға көмектеседі.

– Интербелсенді әдістемелер. Студенттерді оқу үдерісіне топтық жұмыс, лингвистикалық құбылыстарды талқылау, тілдік эксперименттер мен пікірталастарға қатысу сияқты интербелсенді әдістемелерді пайдалану арқылы тарту маңызды. Бұл әдістемелер аудармашының тиімді жұмысы үшін қажетті коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттерді дамытуға ықпал етеді [4].

Жоғарыда атап өткендей, аудармашылық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі аспектілерінің бірі – аударма қызметіндегі метатілдік рефлексиясыны дамыту болып табылады. «Тіл біліміне кіріспе» сабағында осы аспектіге ерекше назар аударылады, өйткені ол студенттерге аударма жасау барысына үлкен жауапкершілікпен қарауға көмектеседі. Олай болса, метатілдік рефлексия студенттерге келесі құзыреттіліктерге ие болуға ықпал етеді:

– аударма алдында бастапқы мәтіннің құрылымы мен мазмұнын талдауға, яғни аудару алдында мәтінге талдау жасауға;

– аударма барысында мәтіннің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін ескеруге;

– мәдени контекст және олардың аударма стратегияларын таңдауға әсерін түсінуге

Осылайша, метатілдік рефлексия болашақ аудармашыларға механикалық аудармадан аулақ болуға көмектесіп, мәтінге мұқият дайындықпен келуге және мақсатты көзқарасты дамытуға ықпал етеді.

Оқудың бастапқы кезеңдерінде аударма құзыретін қалыптастыру кезінде студенттердің тілдік даярлығының жеткіліксіз деңгейі және тілдік құбылыстарға саналы көзқарастың болмауы негізгі проблемалар болуы мүмкін. Алайда, лингвистикалық құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдістемелерді жүйелі және дәйекті пайдалану, сондай-ақ мәтіндерді талдаудың тұрақты тәжірибесі студенттерге осы қиындықтарды еңсеруге көмектеседі.

«Тіл біліміне кіріспе» сияқты курстарда аударма құзыреттерін одан әрі дамыту перспективалары сабақтардың практикалық бағыттылығын күшейтуден, интербелсенді және пәнаралық тәсілдерді пайдаланудан, сондай-ақ оқыту үдерісіне қазіргі заманғы озық технологияларды енгізуден тұрады.

«Тіл біліміне кіріспе» курсы студенттердің аударма құзыреттілігін қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарады. Лингвистиканың негізгі ұғымдарын зерделеу болашақ аудармашыларға тілдің құрылымы мен жұмыс істеуін тереңірек түсінуге көмектеседі, бұл аударма процесін едәуір жеңілдетеді. Тілдік, мәдени, мәтіндік және мета тілдік құзыреттерді дамытуға бағытталған түрлі әдістемелерді пайдалану студенттерге оқудың бастапқы кезеңдерінде одан әрі кәсіби өсу және табысты аударма қызметі үшін негіз қалауға мүмкіндік береді.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті  
2023-2025 жылдарға арналған ғылыми жобасы бойынша ЖТН АР19680449  
«Аударма сапасын бағалау: ғылым және оқу салалары» тақырыбы бойынша  
гранттық қаржыландыру аясында жарияланды.*

#### Әдебиет

1. Кузнецова Л. Методика преподавания перевода. М.: Флинта, 2010.
2. Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе (мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал). Алматы: Мектеп, 2007.
3. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. – 10-басылым. – Астана: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2018. – 608 с. – (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
4. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. М: Валент Р., 2011.

## **ТЕКСТ КАК ОСНОВНАЯ ДИДАКТИЧЕСКАЯ ЕДИНИЦА В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКА**

**Аңдатпа.** Мақалада тілді оқытудағы мәтіннің ролі, оның дидактикалық қызметтері қаралады. Мәтінмен жұмыстың барлық түрлерін қамтитын тоғыз кадамдық алгоритм толығымен сипатталады. Автор тіл сабақтарында мәтінмен жұмыстың әр түрін қарастыра отырып, мәтін тілді дамытудың, пікір алмасудың, ой бөлісудің, қарым-қатынас жасаудың құралы болып табылады деген қорытындыға келеді.

**Тірек сөздер:** мәтін, алгоритм, коммуникация, лингвистика, семантика, функция.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль текста в обучении языку, его дидактические функции. Подробно описывается девятишаговый алгоритм, который охватывает все виды работ с текстом. Анализируя разные виды работ с текстом на практических занятиях языковых дисциплин, автор делает вывод о том, что текст является речевореческим произведением, и продуцирование текстов и их осмысление происходит в процессе коммуникации или для достижения целей общения.

**Ключевые слова:** текст, алгоритм, коммуникация, лингвистика, семантика, функция.

**Abstract.** This article examines the role of text in language learning, its didactic functions. The nine-step algorithm is described in detail, which covers all types of work with text. Analyzing different types of works with text in practical classes of language disciplines, the author concludes that the text is a recitory work, and the production of texts and their comprehension occurs in the process of communication or to achieve communication goals

**Keywords:** text, algorithm, communication, linguistics, semantics, function.

В современной лингводидактике текст рассматривают как основную учебную единицу обучения языку. Текст есть продукт речемыслительной деятельности, центральное звено, где происходит неразрывное взаимодействие языка и мышления.

Автор научных работ по лексикологии, стилистике, общему языкознанию И.Р.Гальперин под текстом понимает «произведение речевореческого процесса». В своем пособии для учителей «Как строится текст» Л.М.Лосева отмечает, что текст – это сообщение в письменной форме, характеризующееся смысловой завершенностью и определенным отношением автора к сообщаемому. Н.Д.Зарубина пишет, что «текст – это письменное по форме речевое произведение, принадлежащее одному участнику коммуникации, законченное и правильно оформленное» [1, 93].

Анализируя произведенные определения, можно сделать вывод о том, что наиболее распространенным в науке является взгляд на текст как на любой целостный продукт речевой деятельности; текст является речевореческим произведением, и «продуцирование текстов и их осмысление происходит в процессе коммуникации или для достижения целей общения».

В учебно-профессиональной сфере обучение речевой деятельности осуществляется на ином основании и по иной схеме, чем в обиходно – бытовой, не на основе речевого образца по ситуативному принципу, а на основе текста и по познавательному принципу. В процессе обучения русскому языку особое место занимает текст как результат продуктивной речевой деятельности. Мы рассматриваем учебный текст как единицу, с помощью которой:

- формируются знания обучающихся по лингвистической теории, а на ее основе происходит становление и развитие их коммуникативных умений;
- обогащаются знания и представления о функционировании языковых единиц в тексте как речевой данности;
- происходит овладение содержательной и структурной моделью текста, воплощающего в себя коммуникативно-познавательную активность индивида.

При этом учебный текст выполняет разнообразные дидактические функции.

**Познавательная функция:**

- предмет наблюдения и осмысления изучаемого лексико-грамматического материала;
- источник новой языковой информации;
- материал для постановки проблемных, исследовательских задач.

**Обучающая функция:**

- формирование и развитие коммуникативных навыков и умений;
- образец речевой культуры, правильности устной и письменной речи;
- стилистическая вариантность учебных текстов;
- развитие умений ставить вопросы к тексту.

**Развивающая функция:**

- развитие языковых (речевых) способностей;
- развитие коммуникативной компетенции;
- развитие речевой инициативы.

**Коммуникативная функция:**

- стимул для речевого общения;
- источник учебного диалога;
- образец варьирования ситуацией общения по аналогии.

Таким образом, под учебным текстом понимается такой текст, который представляет собой образец речевого продукта и служит источником для создания студентами самостоятельных высказываний разного стиля и жанра в соответствии с законами [2, 76].

Студентам достаточно трудно извлечь информацию из текста на русском языке и осознать ее. Чтобы они правильно поняли основной смысл текста, его идею, необходимо методически обеспечить адекватное восприятие учебного потенциала текста. В этом плане помогают вопросы, нацеленные на то, чтобы извлечь из него познавательную информацию с помощью коммуникативных установок. Для этого отработана стратегия «умение правильно сформулировать вопрос» в процессе самого чтения путем управления его пониманием. В таком случае используются коммуникативные установки, которые студенты получают непосредственно перед чтением текста и делают его целенаправленным. Особое значение придается установке на осмысление название темы, часто обладающей большой информативной ценностью.

Например, студентам первого курса Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова на уроке практического русского языка для изучения предлагается текст «Радость из Страдания» по лексической теме «Музыка как вид искусства».

В названии темы «Радость из Страдания» все слова ключевые – *радость и страдание*, и, чтобы акцентировать внимание на ее сути ставим вопросы:

- Каково ваше отношение к жизни – как благу, радости, добру или как к испытанию, страданию, боли?
- Как вы думаете, что стоит на страже вашей жизни?
- Герцен говорил, что страдание, боль – это сторожевой крик жизни. Согласны ли вы с ним?
- Испытывали ли вы страдание, боль?
- Что мучительнее – боль физическая или душевная?
- К чему обычно стремится человек?
- Что такое счастье или радость?
- Что же значит – стремиться к счастью?
- Задумывались ли вы о смысле жизни?


Такие вопросы являются своего рода коммуникативными установками, позволяющими выбрать правильный ориентир в прогнозировании темы. Они помогают вырабатывать стратегию «понимания вопроса», направляя внимание читающих на единицы текста, значимые в том или ином отношении для его осмысления. Полнота и глубина понимания темы во многом зависит от быстроты и правильности ориентации студента во всей проблеме.

Коммуникативные установки имеют большое значение для построения вопросов, т.е. умения воспринимать текст смысловыми блоками, зрительно синтезировать наиболее информативные его элементы. Глубина понимания содержания русскоязычного текста зависит от уровня сформированности этого умения на родном языке. Если механизмы построения вопросов сформированы, восприятие и извлечение смысла происходит одновременно в процессе чте-



ния; если они сформированы недостаточно, то логико-смысловая обработка информации запаздывает и качество ее более низкое; если механизмы построения вопросов не сформированы, происходит понимание лишь на уровне значения слов, а не на уровне смысла текста.

«Тема → вопрос → тезис» – виды работ с текстом. Они являются структурно – смысловыми элементами единой речемыслительной операции:



Предлагаем девятишаговый алгоритм, который охватывает все виды работ с текстом.

**Первый шаг.** Читаем текст и проводим словарную работу. Делим его на смысловые части, находим в каждой из них ключевые слова.

**Второй шаг.** Формулируем тему смысловой части, опираясь на ключевые слова.

**Третий шаг.** Формулируем вопросы по композиции текста:

- К какому типу текста относится данный отрывок: описание, повествование или рассуждение?
- Определите элементы повествования. Ответьте на вопросы.
- Как излагаются события?
- Есть ли вступление? Заключение?
- Где самый острый (кульминационный) момент?
- Есть ли в тексте элементы описания места, времени, героя?

Вопросы по содержанию текста:

- Как раскрывается душевное состояние героя?
- О чем думал великий композитор, когда его глаза наполнились слезами радости?
- Какие предложения помогают понять противоречия, сомнения в душе героя?
- Какие предложения помогают изложить события последовательно?
- Выразите свое отношение к высказыванию: «Ему аплодировала не только Вена, ему аплодировали сейчас далекие поколения».
  - Скажите, к какому выводу подводит нас автор, выложив в уста героя слова: «Не падайте духом, люди!».
  - В чем актуальность основной идеи текста в наше время? Выскажите свою точку зрения.

**Четвертый шаг.** Отвечаем на каждый из заданных вопросов, определяя основную идею текста, его тип, аргументируя свое мнение, делаем выводы.

**Пятый шаг.** Определяем тему текста, исходя из формулировок тем смысловых частей, и даем название тексту.

Варианты: Слезы радости	Девятая симфония Бетховена
Великий маэстро	Миг успеха
Триумф	«Не падайте духом, люди!»

**Шестой шаг.** Задаем обобщающие вопросы к теме текста:

- а) Можно ли Бетховена назвать счастливым человеком? Почему?
- б) Смог ли Бетховен победить свою судьбу?

**Седьмой шаг.** Формулируем проблематику (основную мысль) текста в виде тезисов (ответы на обобщающие вопросы):

Несчастный, бедный, больной, одинокий, подавленный величайшим горем человек, у которого мир отнял радость, сам создает Радость, чтобы отдать ее миру. Он выковыывает ее из своих бедствий так, как сам говорит о том в гордом изречении, где заключен вывод из всей его жизни и в котором девиз каждой героической души: «Радость из Страдания».

**Восьмой шаг.** Описание исходного текста с помощью языковых средств:

**В начале текста** дается .... **Основная часть текста** рассказывает .... **В конце автор** под-

водит нас к выводу, что счастье – в созидании, творении жизни, себя в ней, в причастности ко всему окружающему, ощущении себя как части единого целого.

**Девятый шаг.** Описание исходного текста с помощью языковых стандартов клише для аннотирования:

**В тексте речь идет .... Описывается .... Назначение текста ....**

Проанализировав текст, студенты выполняют послетекстовые грамматические задания.

Каждый шаг можно рассматривать и как самостоятельный аспект работы с текстом, и в системе шагов в зависимости от целей и задач конкретного занятия или циклов занятий и этапа обучения. Описанный подход дает студентам инструмент для самостоятельной работы с текстом любого функционально-семантического типа. Подобные занятия создают условия для проявления индивидуальных исследовательских и творческих способностей студентов, развивают их эмоционально и интеллектуально, приобщают к духовному богатству прошлого.

Каждый урок языковых дисциплин должен включать в себя работу с текстом. Каждая тема, каждое явление языка должно изучаться на материале текстов: теория проверяется на практике, обучающиеся видят, как правила и законы орфографии и синтаксиса реализуются на практике, то есть в тексте [3].

Следовательно, текст – основная единица не только мышления, но и речи при обучении языку. С позиции психолингвистики необходимо отметить, что текст играет ключевую роль в формировании речевой инициативы, что важно учитывать каждому преподавателю

#### Литература

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. М., 1981.
2. Мынбаева А.К., Садваксова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать. – Алматы, 2009.
3. <https://nsportal.ru/shkola/russkiy-yazyk/library/2018/02/09/tekst-kak-edinita>

**Марияш ШОЙДОНДА**

*Қараөткел ауылының мектеп-лицейі  
бастауыш сынып мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан, Ақмола облысы)*

### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫ СӨЙЛЕУ, ОҚУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ**

**Анатпа.** Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне қарқынды түрде еніп, талқыланып жатқан, үлкен назар аударуды қажет етіп отырған мәселе – жас ұрпақтың сауатты сөйлеу, оқу дағдылары. Арнайы зерттеулер көрсеткендей, көп жағдайда оқушылар алған білімдерін іс жүзінде қолданып, өмірмен сабақтастыра алмайды. Білім алушылардың функционалды сауаттылықтарының төмендігі білім беру саласына жаңа өзгерістерді енгізуге негіз болды. Функционалды сауаттылық негізгі үш құрамдас бөліктен тұрады: оқу сауаттылығы, математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылықтары. Бұл мақалада функционалды сауаттылықтың негізі саналатын оқу сауаттылығының маңызы, оны мектепте қалыптастырып дамытудың әдіс-тәсілдері сөз етіледі. Зерттеу барысында саралау, жинақтау, талдау тәсілдері қолданылып, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруда тиімді болып табылатын тәсілдер келтіріледі.

**Тірек сөздер:** оқу сауаттылығы, функционалды сауаттылық, оқу әрекеті, мәтін, мәтінмен жұмыс, оқу түрлері.

**Аннотация.** В настоящее время в системе образования Республики Казахстан идет интенсивный и обсуждаемый вопрос, требующий большого внимания – грамотность, навыки чтения подрастающего поколения. Специальные исследования показывают, что в большинстве случаев студенты не в состоянии использовать полученные знания на практике и научить их жизни. Низкая функциональная грамотность учащихся стала основой для внедрения новых изменений в образовании. Функциональная

грамотность состоит из трех основных компонентов: академической грамотности, математической и естественнонаучной грамотности. В данной статье рассматривается значение учебной грамотности, которая является основой функциональной грамотности, методы и способы ее развития в школе. В исследовании используются методики дифференцировки, накопления, анализа, которые эффективны в повышении учебной грамотности обучающихся.

**Ключевые слова:** грамотность чтения, функциональная грамотность, поведение при чтении, текст, работа с текстом, типы чтения.

**Abstract.** Currently, there is an intensive and discussed issue in the education system of the Republic of Kazakhstan that requires great attention - literacy, reading skills of the younger generation. Special studies show that in most cases, students are not able to use the knowledge gained in practice and teach them about life. Low functional literacy of students has become the basis for the introduction of new changes in education. Functional literacy consists of three main components: academic literacy, mathematical literacy, and science literacy. This article discusses the importance of educational literacy, which is the basis of functional literacy, methods and ways of its development at school. The study uses methods of differentiation, accumulation, analysis, which are effective in improving the educational literacy of students.

**Keywords:** reading literacy, functional literacy, reading behavior, text, work with text, types of reading.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне қарқынды түрде еніп, талқыланып жатқан, үлкен назар аударуды қажет етіп отырған мәселе – сауатты оқу, сөйлеу мәселесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: “Білім – бәсекеге қабілетті және табысты ұлт болудың басты кепілі” – деп, аталған мәселеге ерекше ден қою керектігін сөз етті [1].

Осыған орай соңғы бірнеше жыл ішінде еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Мектеп оқушылары біртіндеп жаңартылған білім беру мазмұнына көшіп, жалпы орта білім беру курсы аяқтаушы түлектер бұрынғыдай оқушылардың теориялық жаттанды білімдерін тексеруге арналған ұлттық бірыңғай тестілеуден өтпей, оның орнына функционалды сауаттылықтарын анықтауға бағытталған кешенді емтихан тапсыруда.

PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулер көрсеткендей, біздің оқушыларымыз көп жағдайда мектепте алған білімдерін шынайы өмірде пайдаға асыра алмайды және алдына келіп түскен ақпаратты дұрыс әрі тиімді өңдеп, өзіндік талдау жасай алмайды [2].

Мұның барлығы олардың функционалды сауаттылықтарының төмендігін байқатады. Аталмыш мәселеге орай елімізде оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары да қабылданып, жүзеге асырылған болатын. Онда функционалды сауаттылық «кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі» ретінде түсіндіріледі [3].

Жоғарыда аталған PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық зерттеу жұмыстары оқушылардың алған білімдерін өмірде қолданып, оның түрлі аяларымен ұштастыра алуын бағалауға тікелей бағытталған. Олардың барысында білім алушылардың функционалды сауаттылықтарының көбінесе, негізгі үш аясы бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылықтары. Осындағы бастапқы әрі негіз салушы дағды оқу сауаттылығы болып табылады. Қазіргі уақытта ақпаратпен жұмыс істей алу (бірінші кезекте оны оқып, түсіне алу) табысқа апарудың бірден-бір жолы, іргетасы болып саналады. Бұған дейін көп жағдайда мектепте оқушылардың оқу әрекетіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеді. Білім алушылардың берілген мәтінді (алдымен әріптерден құралған сөздерді, одан соң сөздерден құралған сөйлемдерді т.с.с.) дұрыс дыбыстап оқып, оны мазмұндап, ол бойынша жоспар әзірлеп, негізгі сұрақтарға жауап беріп, кейіпкерлерге мінездеме беру сияқты тапсырмалармен шектеліп келген оқу әрекеті олардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастырып, арттыруға тиісті ықпал ете алмайды. Оқу әрекеті барысында оқырман өзін қоршаған әлемнің өткені, бүгінгі мен болашағы туралы біліп қана қоймай, ойлап, талдау жүргізіп үйренеді, шығармашылық тұрғыда дамиды, оның тұлға ретіндегі адамгершілік және мәдени негізі қаланады. Оқу «біріншіден, адамның сөйлеу әрекетін дамытып, оны анық, түсінікті, бейнелі әрі әдемі етеді; екіншіден, оның ішкі жан дүниесін дамытып, біреудің қайғысына ортақтасу, қайырымды болу, өзгенің қиыншылығын түсініп, жетістігіне қуануға үйретеді;

үшіншіден, шығармашылық нұрға бөленіп, шабыттануға, жаңа көркем туындыларға негіз болады; төртіншіден, ақпаратты пайдаланып, оны зерттей алу дағдыларын қалыптастырады» [4].

Оқудың күрделі әрекетінде негізгі үш кезеңді бөліп қарастыруға болады:

1. Мәтінде берілген сөздерді қабылдау. Оқи білу дегеніміз – әріптердің жиынтығынан сол сөздердің білдіретін мағынасын ұғына білу. Оқу әрекеті адамның әріптерге қарап, осы әріптердің қосындысынан құралған сөзді айтуы не еске түсіруінен басталады. Әріптердің белгілі бір сөздің шартты таңбасы, символы ретінде қабылдану үрдісіне көру ғана емес, адамның есі (жады), қиялы және ақылы да қатысады. Біз сөздерді оқыған кезде әріпке әріпті қосып қана қоймай, сөзді тұтастай алдын ала аңғаруға тырысамыз.

2. Оқыған сөздерге қатысты мазмұнды түсіну. Біз оқыған әрбір сөз біздің оны қалай түсінуімізге орай санамызда түрлі өзгерістер мен құбылыстарды тудыруы мүмкін. Бір жағдайда айқын, нақты бейне пайда болса, екіншіде қандай да бір сезім, тілек не дерексіз логикалық үрдіс, үшінші жағдайда бұлардың екеуі де пайда болады, төртінші кезде ешқандай да бейне не сезім емес, жай ғана қабылданған сөзді не онымен байланысты басқа сөзді қайталау, еске түсіру жүреді.

3. Оқыған мәтінді бағалау. Кітапты оқып қана қоймай, оның мазмұнына сыни тұрғыда қарай білу көп жағдайда байқала бермейді. Оқудың уәжі (мотив) қажеттілік болып табылады. Оқу дағдысына не баланың, ең алдымен, оқуды үйрену яғни дыбыс жүйесі мен оқу үрдісінің (әріптерден сөздің пайда болуы) өзін меңгеру қажеттігі пайда болады. Бұл оның қызығушылығын тудырады. Бастапқы оқуды (сауаттылықты) меңгерген оқушы оқудың уәжін өзгертеді: енді оған оқыған сөздердің астарында қандай мән жатқанын білу қызықты. Оқу дағдысы дамып, жетілген сайын оның уәжі де күрделене түседі, сөйтіп, оқушы нақты бір деректі не құбылысты білу мақсатында оқиды, тіпті кейіпкерді бағалау үшін оның әрекетінің себебін түсіну, ғылыми-көпшілік мәтіннің негізгі ойын анықтау және т.б. күрделі қажеттіліктері пайда болады [5].

Функционалды сауаттылық адамның осы оқу мен жазу дағдыларын қоғаммен өзара әрекеті барысында қолдана алуында көрініс табады. Банк бөлімшесінде келісімшартты дұрыс толтыру, жұмысқа орналасатын кезде өтініш не түйіндеме жазу, дәрі-дәрмектің не қандай да бір құралдың нұсқаулығын оқып түсіну, сауалнама толтыру, газетке жарнаманы дұрыс рәсімдеп жіберу – осылардың барлығы тұлғаның функционалдық сауаттылығын айқын көрсетеді. Мұндай сауаттылық деңгейі адамға сыртқы қоршаған ортамен байланысқа түсіп, онда мейлінше тез әрі жақсы бейімделіп әрекет етуге мүмкіндік береді. Мәтін түріндегі ақпаратты қабылдап (оқып), оны дұрыс әрі толық түсіну, талдау, керегінше пайдалану дағдылары осы сауаттылықты қалыптастыруда бірден-бір маңызды қызмет атқарады. «Функционалды сауаттылық» ұғымының бар екендігін біз, көп жағдайда, оның жоқтығын аңғарған кезде білеміз. Функционалды сауатсыздық жағдайды, өмір сүру салтын, үйреншікті қалыпты не кәсіби әрекет түрін өзгерткен кезде байқалып, адам ол үшін жаңа болып табылатын технологиялар, құбылыстар мен жағдаяттарға тап болған кезде анықталады. Мысал үшін адамның берілген сызбаны түсінбеуі, нұсқаулықта жазылған ережелері бола тұра, қандай да бір жабдықты іске қоса алмауы, іс қағаздарды арнайы үлгісіз толтыра алмауы сияқты жағдайлар – осы функционалды сауатсыздықтың бірден-бір көрсеткіші. Функционалды оқу сауаттылығының дағдылары қалыптасқан оқушы «мәтіннен қажеті ақпаратты алу, оны түсіну, кішірейту, түрлендіру және т.б. үшін оқу және жазу дағдыларын емін-еркін қолдана алады» [6].

Оқушының оқу сауаттылығы қаншалық дамығанын оның қандай оқу түрлерін қолдануынан байқауға болады. Ол берілген мәтіннің және тапсырманың ерекшелігіне орай бір оқу түрінен мәтінді оқып ұғынудың екінші, үшінші, өзге де тәсілдеріне көшуге икемді. Осы орайда оқудың бірнеше түрін атап өткен жөн. Олар: негізгі ақпаратты алу не мәтіннің негізгі мазмұнын анықтауға бағытталған танысымдық оқу, мәтін мазмұнын әрі қарай түсініп талдау мақсатында ондағы ақпаратты толық әрі нақты меңгеруге негізделетін зерттелімдік оқу, жазбаша мәтінді дыбыстап айтудың қосалқы нормаларына сай мәнерлеп оқу, оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғыну, олардың мазмұнын өзіндік даму мақсаттарына жету жолында қолдану қабілеттеріне бағытталатын рефлексивті оқу. Оқушылардың оқу әрекетіне қойылатын талаптар тек оқу техникаларын меңгерумен шектелмеу керек. Оқыған мәтінді түсініп қана қоймай,

оның астарындағы мәнді ұғыну, одан өзіндік бір ой түйіп, ішкі жан дүниемен не қоршаған әлеммен байланыстыра білу – функционалды сауаттылықтың бірден-бір көрсеткіші.

Оқу дағдысына қойылатын бірінші талап – мәтінді толықтай түсіну. Оқушының мәтінді толық түсінгенін мына жайттарға қарап анықтауға болады: мәтін мазмұны бойынша бағдар жасай алу (қай дерек не ой мәтіннің қай бөлігінде айтылғанын білу) және оның тұтастай алғандағы мәнін ұғу; қажетті ақпаратты дәл табу; мәтінді интерпретациялау; мәтін мазмұны бойынша ой түйу, талдау жасау; мәтін мазмұны мен тақырыбы арасындағы байланысты түсіну т.с.с. Қалыптасып жетілген оқу дағдысы екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: оқу техникасы (сөздерді дұрыс әрі жылдам қабылдап, дыбыстау) және мәтінді түсіну (оның мазмұнын ұғыну).

Оқушылардың берілген мәтінді түсіну үрдісінің өзін бірнеше кезеңде/деңгейде қарастыруға болады:

- Мәтін бойынша сұрақтар әзірлеп, оларға жауап табу. Бұл жаттығу мәтін мазмұнын ұғындыруда маңызды амал-тәсілдердің бірі болып табылады, онда мәтін бөліктері арасындағы не мәтіннің басқа мәтіндермен байланысы, түсініксіз сөздер мен сөйлемдердің мағынасы жақсы ашылады.

- Мәтін жоспарын не мазмұнын алдын ала болжау, әрі қарай қалай өрбитінін айту.

- Бұрын оқылған мәтінге қайта оралу, жаңа ойлардың негізінде оның мәнін жаңаша ұғыну.

- Сыни талдау. Бұл тапсырма мәтінді ұғынып меңгерудің ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Ол мәтін мазмұнын өзіндік пікірмен толықтыру, күдіктену, келіспеу не құптау, жеке көзқарасты білдіріп, оны түсіндіру арқылы көрініс табады. Мәтін мазмұнын толық ұғынуға бағытталатын зерттелімдік оқудың негізгі әдіс-тәсілдеріне мыналарды жатқызуымызға болады:

- Жоспар құру әдісі мәтінді терең түсініп, ұғынуға мүмкіндік береді. Жоспар мәтіннің негізгі бөліктерінің түйіні ретінде құрылады. Мәтін бойынша жоспар әзірлеу барысында оқушы оның әрбір бөлігінде не туралы айтылатындығына зер салу керек.

- Кесте, сызбалар әзірлеу әдісі. Кесте, сызбалар мәтіннің логикалық құрылымын анықтаудың бір тәсілі болып табылады, онда мәтіннің негізгі бөліктері арасындағы байланыс ашып көрсетіледі. Мұндай сызбалардың сан алуан түрлері бар, оларды мәтіннің мазмұны мен ерекшеліктеріне орай түрліше қолдануға болады.

- Тезис құру әдісі мәтін бойынша негізгі тезистер, түйіндер мен қорытындыларды бөліп көрсету арқылы жүргізіледі.

- Мәтінге шолу жасап, түсінік беру әдісі оны ой елегінен өткізіп, ұғынудың негізі болып табылады және оқылған мәтінді өзіндік пайымдау, ол бойынша қандай да бір түйінге келу, қорытынды шығару сияқты әрекеттермен көрініс табады.

- Ақпаратты логикалық түрде есте сақтау әдісі әртүрлі әрекет арқылы жүзеге асуы мүмкін: оқулықтың не оқушылар өздері құрған сұрақтардың негізінде білімдерін тексеру; конспект, жоспар, сызба не тезистерге қарап, жұп ішінде мәтін мазмұнын айту; жиынтық кестелер әзірлеу; мәтін бойынша ауызша не жазбаша аңдатпа дайындау; мәтін жоспары не конспектісіне сүйеніп, қосымша дереккөздердің (соның ішінде ғаламтордың және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалардың) көмегімен баяндама не реферат жазу [7].

Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда сұрақтармен жұмыс жасау – әрі қарапайым, әрі тиімді тәсіл болып табылады. Сұрақтар оқушылардың мәтінді, ондағы логикалық байланыстарды қаншалық түсінгенін, ол бойынша қандай қорытынды жасағанын анықтауға септігін тигізеді. Ал оқушылар мәтін бойынша әр түрлі қиындықтағы сұрақтарды өздері дайындап, бір-біріне қойса, мәтінді ұғыну деңгейі анағұрлым артады.

Оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауы барысында қолданылатын сұрақтарды күрделілігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. «Мәтінді жалпы түсіну» және «Ақпаратты табу» – мәтін ішінен қажетті ақпаратты мақсатты түрде іздеп табу. Мұнда көбіне нақты жауапты қажет ететін «кім?», «не?», «қайда?», «қашан?», «неістеді?» сияқты сұрақтар (мысалы: «Мәтіндегі басты кейіпкердің аты кім?», «Оқиға қай жерде өтеді?»); мәтіннің негізгі ойын анықтау («Бұл мәтінге қандай ат қоюға болады?»); сондай-ақ мәтіндегі оқиға желісін құру бойынша («Бас кейіпкердің іс-әрекеттерін рет-ретімен орналастырыңыз») сұрақтар қолданылады.

2. «Мәтінді ұғыну және интерпретациялау» – мәтін мазмұнын жинақтау және өзінше түсіну. Мұнда оқушылар мәтіннен берілген ақпаратты («Автор бізді шығарма кейіпкерімен



қалай таныстырады?», «Сөйлемді жалғастырыңыз...»), ондағы нақты бір ойды, деректі іздеп табу («Класстер құрастырыңыз», «Сәйкестендіріңіз» т.с.с.); мәтіннің негізгі ойын, ондағы жеке бір детальді жалпы идеямен байланысын анықтау; автордың айтқысы келген ойын табу; мәтінде берілген ақпараттың негізінде тұжырым жасау («Осы айтылғандардың негізінде қандай тұжырым жасауға болады?») сияқты тапсырмаларды орындайды.

3. «Мәтін бойынша рефлексия» – мәтін мазмұны мен формасын бағалау, ол бойынша ой түйю. Мұнда оқушылар мәтін мазмұнын өз ойымен байланыстыра салыстырады («Бас кейіпкер осы уақытта қандай сезімде болды деп ойлайсыз?); мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға береді, онда берілген тұжырымдарды өз дүниетанымы негізінде бағалайды; қаһармандардың кейінгі әрекеттерін болжап, олардың себептерін көрсетеді, өзінің сол жағдайға тап болғанда істейтін әрекетін айтады және т.б. [6]. Мектеп оқушыларына осы сияқты тапсырмаларды істеу арқылы олардың мәтінді түсініп оқуға, оның мазмұны бойынша ой түйюге, одан алынған ақпаратты өмірмен байланыстыруға жаттықтыруға болады. Сондай-ақ білім алушылар осылайша ұлттық бірыңғай тестілеуде кездесетін оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды орындауға бейімделеді. Осылайша, оқушылардың функционалды сауаттылықтарының бірден-бір маңызды құрамдас бөлігі оқу сауаттылығы қалыптасып, жетіледі.

Функционалды оқу дағдыларының жеткілікті қалыптасқан деңгейі болмаса, білім беру үрдісінің әрі қарай сапалы болатындығы – екі ұшты мәселе, себебі ол (оқу сауаттылығы) оқушының функционалды сауаттылығының негізі болып табылады және баланың жалпы дамуы мен тәрбиесіне зор ықпал етеді. Балалардың оқудағы қызығушылығы мен түсініп оқу дағдысы көп жағдайда олардың басқа пәндерден де жалпы оқуының табысты болуына кепіл болады, себебі олар «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиет» сабақтарында тақырыптары мен күрделілігі әр түрлі мәтіндерді дұрыс әрі толықтай түсінікті етіп оқып үйренеді, сөйтіп олар кез келген пәнге, ғылымға қатысты мәтіндердің мазмұнын ұғынып қабылдауға машықтанады. Одан басқа оқу барысында білім алушылар теориялық білім алып қана қоймай, жоғары адамгершілік құндылықтардан, рухани, мәдени тәрбиеден сусындайды.

Осылайша, оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамыту мәселесі оқушылардың сапалы білім алып, болашақта алған білімін өмірдің кез келген саласымен ұштастыра алатын функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуынды іргелі орын алады.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» халыққа Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 жыл. – Астана, 2012. – 54 б.

2. Международное исследование PISA: методическое пособие. – Астана: Национальный центр статистики и оценивания, 2012, – 77 с.

3. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы. Электронды дереккөз: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>

4. Чтение детей и подростков как фактор формирования человеческого капитала: Материалы Российской научно-практической конференции /ред.: Т.Г. Браже, Т.И. Полякова, С.М. Бородин. Санкт-Петербург, СПбАППО, 2004. – 100 с.

5. Светловская Н.Н. Наука становления личности средствами чтения-общения: Словарь-справочник. – Москва: Экон - Информ, 2011. – 78 с.

6. Асмолов А.Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действий к мысли. Москва, 2010. – 155 б.

7. Логвина И., Рождественская Л. Формирование навыков функционального чтения: книга для учителя. – Нарва, 2012. – 58 с.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚИТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Андатпа.** Қазақстанның қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеттері жоғары, өз бетінше білім алуға қабілетті тұлға қалыптастыру. Осыған орай білім берудің негізгі құрауыштарының бірі ретінде оқу-танымдық құзыреттілік мәселесі өзекті болып отыр. Аталған құзыреттілік түрі тұлғаның танымдық белсенділігін, интеллектуалдық әлеуетін, шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға және білім алушының ақпаратпен жұмыс істеп, оны іс жүзінде қолдана алу қабілетін көрсетеді. Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруда проблемалық оқытуды пайдалану және бұл оқыту түріне жататын әдістер мен олардың беретін нәтижелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** оқу-танымдық құзыреттілік, білім беру, танымдық белсенділік, шығармашылық қабілеттер, проблемалық оқыту.

**Аннотация.** Главная цель современной системы образования Казахстана-формирование всесторонне развитой личности с высокими творческими способностями, способной к самостоятельному обучению. В этой связи актуальным становится вопрос учебно-познавательной компетентности как одного из основных компонентов образования. Данный вид компетенций отражает познавательную активность личности, интеллектуальный потенциал, навыки творческого мышления и способность обучающегося работать с информацией и применять ее на практике. В данной статье рассматривается использование проблемного обучения в повышении учебно-познавательной компетентности на уроках казахского языка и методы, относящиеся к данному виду обучения, и их результаты.

**Ключевые слова:** учебно-познавательная компетентность, образовательная, познавательная активность, творческие способности, проблемное обучение.

**Abstract.** The main goal of the modern education system of Kazakhstan is the formation of a comprehensively developed personality with high creative abilities, capable of independent learning. In this regard, the issue of educational and cognitive competence as one of the main components of education becomes relevant. This type of competence reflects the cognitive activity of a person, intellectual potential, creative thinking skills and the ability of a student to work with information and apply it in practice. This article examines the use of problem-based learning in improving educational and cognitive competence in Kazakh language lessons and methods related to this type of learning, and their results.

**Keywords:** educational and cognitive competence, educational, cognitive activity, creativity, problem-based learning.

Заманауи қоғамның қарқынды өзгерістеріне сай, жастардың бәсекеге қабілеттілігі, шығармашылық потенциалы мен әлеуметтік адаптациясы оқу-танымдық құзыреттілігіне тікелей байланысты. Оқушылардың ақпаратты игеру, талдау және қолдану қабілеттерін дамыту, сондай-ақ олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру – білім беру процесінің негізгі мақсаттарының бірі. Танымдық құзыреттілік оқушылардың өз бетінше білім алуына, жаңа ақпаратты өңдеуіне және өмірлік дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді. Аталған құзыреттілік түрін тереңірек зерттегенде, оның негізгі құрамдас бөлігі – «**оқу**», «**таным**» және «**құзыреттілік**» ұғымдарынан тұратыны анықталды. **Оқу** – адамның когнитивті қабілеттерін дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылады және ол ақпаратты қабылдау, өңдеу, жүйелеу және оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қамтиды. Оқу барысында білім алушы жаңа ақпаратты игеріп, есте сақтап қана қоймай, оны талдап, белгілі бір мақсатқа сай қолдануға қабілетті болуы тиіс. **Таным** – адамның объективті шындықты бейнелеп, түсіну және игеру процесі. Бұл адам санасының ақиқатқа жету жолындағы негізгі құралы және ол сезімдік қабылдау, пайымдау, ойлау сияқты танымдық процестерден тұрады. **Құзыреттілік** –

білім алушылардың өз білімін тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл процесс кәсіби даму мен жеке өсу үшін өте маңызды, себебі ол оқушылардың өзін-өзі бағалау және сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Оқу-танымдық құзыреттілік, осы екі ұғымның үйлесімінен, адамның білім алуы мен қоршаған әлемді тану қабілетінің біртұтас құрылымын көрсетеді. Оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін белсендірудің маңыздылығы Я.А.Коменский, И.К.Песталочий, А.Дистербег, Н.Г.Чернышевскийдің және т.б. еңбектерінде терең зерделенеді. Н.А.Половникова: «Оқу-танымдық іс-әрекеттің мәні – мектеп оқушысының білімді игеруде өз күшімен талаптануы» [1, 101] – дейді. Ал М.И.Махмутов: «Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өз бетінше ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті» [2, 365], – деп қарастырған. Яғни, бүгінгі таңдағы ғұмыр бойы білім алу (life-long learning) формациясына сай білім алушының тек ақпаратты меңгеру қабілетін ғана емес, өз бетінше ізденіп, оны сыни тұрғыдан талдай білу, жаңа білімді шығармашылықпен қолдану және практикалық міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтиды.

Қазіргі білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі сабақтарында тек грамматикалық тақырыптарға ғана басымдық берілмейді, оқулықтар мен оқыту мазмұны баланың әр түрлі тақарыптарда білімін қалыптастыруға, жан- жақты дамыған тұлға болуына бағытталған. Мұның айқын көрінісі оқулықтар мазмұнындағы «Ғарышқа саяхат», «Болашақ және заманауи технологиялар», «Әлемнің жеті кереметі» т.б тақырыптар. Сәйкесінше, қазіргі қазақ тілі сабақтарында төрт дағды түрлерімен жұмыс жасай отырып баланың танымдық шеңберін кеңейту, сауатты сөйлеу әрі жазу, өз ойын кез-келген жағдайда сауатты жеткізе білу қабілетін арттыру алға қойылады. Қазақ тілі сабақтарында әр түрлі тақырып бойынша ізденіс жүргізудің мақсаты - осы дағдыларды автоматтандыру, яғни ақыл-ойда бекіген құзыреттілікке айналдыру. Грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыпты өнімді ұштастыра отырып, грамматикалық ережені меңгертіп, оны сауатты пайдалануды лексикалық тақырып барысында автоматтандыруға алып келеді.

Т.И.Шамова оқу-танымдық әрекетті жүзеге асыру үшін проблемалық оқытудың ең қолайлы әдіс екенін атап өткен [3, 320]. Проблемалық деңгейіне қарай проблемалық оқытудың үш негізгі деңгейі ажыратылады: проблемалық баяндау, мұнда мәселені оқытушының өзі қойып, оны шешудің жолын табады; проблемалық оқыту, мұнда оқытушы мәселені қойып, оны шешу жолдарын іздеу оқушылармен бірлесе жүзеге асырылады; шығармашылық оқыту, ол оқушылардың мәселені тұжырымдау мен шешу жолдарын іздеуге белсенді қатысуын көздейді [4, 928]. Оқу-танымдық әрекетті шынайы түрде жүзеге асыруға ең көп мүмкіндік беретін – дәл осы үшінші деңгей, ол оқу-зерттеу және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу барысында іске асырылады. Яғни, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сабақта проблемалық оқыту тәсілін тәжірибеге енгізудің арқасында оқушылар:

- Проблеманы шешу үшін көбірек ақпарат жинауға қажеттігі туындайды;
- Оқушылар топта шынайы өмірден алынған проблеманы шешу үшін бірге жұмыс жасайды;

• Топта тапсырманы орындау үшін өзара талқылауға түсу қажеттілігі туындайды;

• Проблемалық сұраққа жауап беру үшін түрлі мәтінмен жұмыс істеп, зерттеу жүргізеді;

• Ессе жазуға, нақты аргументтер келтіруге, өмірмен байланыстыруға, шешу жолдарын ұсынуға және қорытынды жасауға дағдыланады деп күтіледі.

Сабақты проблемалық оқыту негізінде ұйымдастыру міндетті түрде бір бөлім аясында проблемалықтың келесі деңгейлері негізге алынып, ұйымдастырылуы қажет:

1. Репродуктивтік іс-әрекет (білу, түсіну);
2. Бұрынғы білімді жаңа жағдайда қолдану;
3. Продуктивті-іздеу деңгейі (қолдану, талдау, жинақтау);
4. Шығармашылық деңгей (жинақтау, бағалау) [5].

Оқу-танымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталған проблемалық әдісті тәжірибе жүзінде іске асыру мақсатында 7-сынып қазақ тілі сабағын оқыту бағдарламасында берілген «Ғаламтор ғаламаты» бөлімі бойынша «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбы таңдалды. «7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау» мақсаты бойынша оқушыларға ғаламтор жайлы тыңдалым немесе оқылм мәтіні беріледі. Мәтінмен танысқан соң оқушыларға проблемалық

сұрақ қойылады: «Ғаламтордың пайдасы мен зиянын теңестіріп, қалай тиімді пайдалануға болады?». Оқылым тапсырмасының дескрипторын басшылыққа алып, оқушылар топта көтерілген мәселені анықтайды; қажетті ақпаратты өз бетінше іріктейді; мәселенің себептері мен салдарын анықтайды; фактілерді талдап, мәселенің шешу жолын ұсынады.

Проблемалық оқыту бойынша «PRES» және «Нақты жағдаят» әдістері қарастырылды. Аталған екі әдіс бойынша оқушылардың бойында қалыптасуы қажет деп болжалған дағдылар және жауаптар ұсынылды. «PRES» әдісінің ерекшелігі қарастырылып отырған мәселені төрт аспектіден – көзқарас, себеп, мысал, қорытынды тұрғысынан талдай отырып қарастыру. Оқушылар мәселеге өзіндік көзқарасын (позициясын) білдіреді; бұл мәселеге алып келуші себептер пайдасы және зияны бойынша тізбектеледі; аталмыш мәселе көрініс табатын мысалдар келтіріледі және мәселенің шешімі қорытынды ретінде ұсынылады. «PRES» әдісі бойынша жұмыс жасау барысында көп ақпарат жиналып, тиімді сұрақтар қойылады, бұл мәселені терең түсінуге мүмкіндік береді. Әдіс түрлі пікірлер мен көзқарастарды қамтуға негізделгендіктен, шешімдер әртүрлі тараптардың көзқарасы бойынша тұжырымдалады.

«Нақты жағдаят» әдісі бойынша оқушылар тапсырма талаптарына сай мәселенің туындау себептерін түсіндіреді, мәтіннен алынған деректерді дәлел ретінде пайдаланады, және проблеманы шешудің жолдарын ұсынады. Бұл әдістің ерекшелігі - оқушылардың креативті ойлауына мүмкіндік беріледі. Қатысушылар лексикалық тақырып пен бөлім бойынша пәнаралық сөз қолданыстарын ұтымды пайдалана отырып, еркін шығармашылықтан туған өлең жолдарын ұсынады; мақал-мәтел, қанатты сөздер мен афоризмдерді кіріктіп, мәселе шешімін негіздеу барысында ойын көркем әрі дәл жеткізуге дағыланады.

Оқушылар «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбын ашып, жұмыс нәтижесін PRES тәсілі негізінде таныстырады, бірін-бірі бағалайды. Топтағы жұмыстың тиімділігін қадағалау мақсатында бағалау парағы бойынша топтық жұмыстың ұйымдастырылуы, мазмұны (тақырыптың ашылуы, мәліметтің жан-жақты зерттелуі), PRES тәсілін қолдануы (көзқарас, себеп, мысал, қорытынды) оқушылар тарапынан жеке бағаланады. Топтық жұмыстың бағалануы арқылы оқу-танымдық құзыреттіліктің бір қыры ретінде қарастырылатын оқушылардың өз бетінше оқуды басқаруы қандай деңгейде екенін түсіну маңызды.

1-кесте

**PRES әдісі бойынша топтық жұмыста оқушылардың проблемалық сұраққа болжамды жауаптарының үлгісі**

Топ	Р (көзқарас)	Р (себеп)	Е (мысал)	С (қорытынды)
1	Ғаламтор білім алуға үлкен мүмкіндік береді.	<u>Пайдасы</u> : ақпараттың мол қоры. <u>Зияны</u> : жалған ақпараттың жиі кездесуі.	Оқушылар ғаламторды пайдаланып, ғылыми жобаларын дайындайды. Бірақ, жалған ақпаратқа тап болуы мүмкін	Ғаламторды тиімді пайдалану үшін, тек сенімді ақпарат көздеріне жүгіну керек.
2	Ғаламтор – заманауи өмірдің маңызды бөлігі.	<u>Пайдасы</u> : әлеуметтік желілер арқылы пайдалы ақпарат алуға болады. <u>Зияны</u> : шектен тыс уақыт өткізу.	Оқушылар әлеуметтік желілерде уақыт өткізеді, бірақ кибербуллингке тап болуы мүмкін.	Балаларға ғаламторда қауіпсіздік шараларын үйрету және уақытты жоспарлау қажет.
3	Оқушылар үшін ғаламтордың ықпалы өте мықты.	<u>Пайдасы</u> : онлайн оқыту, білім алу мүмкіндіктері. <u>Зияны</u> : оқушылардың өзіндік ойлануын тежейді	Оқушылар онлайн платформалар арқылы білімдерін арттырады. Бірақ, дайын жауаптар әсерінен ойлау шектеледі	Уақытты тиімді пайдаланып, пайдалы контентке назар аудару керек.

PRES әдісінен бөлек, оқылымнан кейінгі тапсырма ретінде «**Нақты жағдаят**» әдісін ұсынуға болады. Оқушылар зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, пәнаралық білімдерін қолданып, жағдаяттың шешімін ұсынады. Бұл тапсырма мұғалімнің қолдауын қажет етпейтін тапсырма, сондықтан оқушылар жұпта талқылап, өз жауаптарын ұсынады. Тапсырманың дескрипторы негізінде оқушылар проблеманың туындауы туралы айтады; ойын дәлелдеуде мәтіндегі дерек-

терді қолданады; проблемалық жағдайдың шешімін ұсынады. PRES әдісінен ерекшелігі ретінде тақырыпқа сай актив сөздерді орынды қолданады; өзіндік көзқарасын мақал-мәтелмен немесе шығармашылық қиялдан туындаған ұрандарымен, шағын өлең жолдарымен қорытындылап жеткізеді. Мысалы, оқушылар жауаптарында «ақпараттық қауіпсіздік», «жалған ақпарат», «байланыс» сияқты пәнаралық сөздерді жағдаят контекстіне сай тиімді қолданады. Қорытынды ретінде өз ойларын «Тез үйреніп, тез жойма», яғни ғаламтор көмегімен жылдам алынған білімді жылдам ұмытып, естен шығарма немесе «Ойлан, таңда, іске асыр» – «ақпаратты сенімді дереккөздерден ізде» сынды ұрандармен өз ойларын тиянақтап, ғаламторды жауапты пайдалану қажеттігімен тұжырымдайды.

Сабақты мәселеге бағдарланған оқыту негізінде білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігі берілген критерийлерге сай дамытылады:

- зерттеу белсенділігі қалыптасады;
- зияткерлік және мотивациялық құлшынысы артады;
- өз бетінше білім алуға тәжірибе жинақтайды;
- мәтінмен тиімді жұмыс жасау қабілеті жетіледі ;
- сұрақтар қою, деректер жинау, фактілерді талдау арқылы оқушылардың ойлау қабілеті дамиды;
- дәлелді жауап беруге, шешім ұсынуға дағдыланады.

Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін арттыруда проблемалық оқыту әдісінің маңызы зор, себебі бұл әдіс білім алушыларға өз бетінше шешім қабылдауды, өз пікірлерін дәлелдеуді және ғылыми тұрғыдан ойлауды үйретеді. Оқу-танымдық құзыреттілікті арттыруда проблемалық оқыту әдісін қазақ тілі сабақтарында лексикалық тақырып пен грамматиканы ұштастырып қолдану – нәтижесінде оқушыларды қазіргі заманның талаптарына сай қалыптастыруда шешуші қызмет атқарады деп танылды.

#### Әдебиет

1. Половникова Н.А. Система воспитания познавательных сил школьников. – Казан. гос. пед. ин-т. – Казань: КГПИ, 1976. – 101 с.
2. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань, 1972. – 365 с
3. Шамова Т.И. Избранное. - М.: Центральное издательство, 2004. - 320 с.
4. Современный словарь по педагогике/ Сост. Е.С. Рапацевич. - Мн.: «Современное слово», 2001. - 928 с.
5. Қойлық Н.О., Сардарова Ж.И. Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі. – Алматы, 2019.



*Гүлдана АДІЛКАНОВА*  
*Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі*  
*педагогика ғылымдарының магистрі*  
*(Қазақстан, Ақтөбе қ.)*

*Гүлдана ТЛЕПОВА*  
*№104 жалпы білім беретін мектеп*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАРТУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР**

**Андатпа.** Мақалада білім беру жүйесіне толық анықтама беріле отырып, білім беру жүйесіндегі жаңартулар мен өзгерістер туралы айтылады. Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының негізгі өзегі – білім беру жүйесі талданады.

**Тірек сөздер:** білім беру, білім беру жүйесі, оқытудың парадигмасы, интербелсенді әдіс, оқыту технологиясы

**Аннотация.** В статье говорится об обновлениях и изменениях в системе образования, дано полное определение системы образования. Анализируется один из основных факторов, обеспечивающих формирование конкурентоспособного, мощного государства Казахстан и главное ядро его развития – система образования.

**Ключевые слова:** образование, система образования, парадигма обучения, интерактивный метод, технология обучения.

**Abstract.** The article talks about the updates and changes in the education system, providing a complete definition of the education system. One of the main factors ensuring the formation of a competitive, powerful state of Kazakhstan and the main core of its development - the education system is analyzed.

**Key words:** education, education system, teaching paradigm, interactive method, teaching technology.

Зерттеулердегі, білім беру дегеніміздің өзінің түбіне бойлап қарастырар болсақ – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, білім алушының танымын, білімін, білігін, ойлау қабілетін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; қоғам мүшелерінің мәдениетін, әр ұлттың әдебиетін, ғылымын дамытудың негізгі шарты деп қарастырамыз. Ал, білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Заманауи білім беру дегеніміз – оқушыны өз пәніне ғана оқытып қоймай, өмірде қадамын нық басуға, қоғамнан өз орнын адаспай табуға, өз заманының талаптарына сай өмір сүре білуге, сондай-ақ, Абай атамыз айтқандай «Дүниедегі кетікке кірпіш болып қалана білуге» үйрету. Мұғалімге берілген жаңа талап: оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, үнемі үлкен ізденісте болу, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде орынды қолдану, сабақ өткізу барысында білім алушылардың деңгейлеріне қарай қызығушылығын арттыра отырып түсіндірме жұмыстарын жүргізу, кері байланыс жасап отыру. Қарап отырсаңыз қазіргі таңда оқытудың парадигмасына көптеген өзгерістер енгізілгенін байқаймыз. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарастар пайда болғанын да ғалымдар жеткізуде. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұрғанын көреміз.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының негізгі өзегі – білім беру жүйесі. Олай болса, білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, яғни айтқанда бұл өз кезегінде азаматтардың кез- келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Әлемдік деңгейдегі озық тәжірибелерді үлгі ете отырып, ұстаздар қауымы үлкен өзгерістерге үнемі дайын болуы қажет. Бүгінгі таңда жүзден астам білім беру технологиялары бар. Жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болуының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөлуге болады:

- білім алушылардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін тереңірек есепке алу және пайдалану қажеттілігі;

- тиімділігі төмен ауызша сөзді ауыстырудың шұғыл қажеттілігін түсіну 10 - жүйелі-әрекеттік тәсілмен білім берудің (ауызша) тәсілі;

- кепілдендірілген оқу нәтижелерін қамтамасыз ететін оқу процесін, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық формаларын жобалау мүмкіндігі.

Сонғы жылдары мұғалімдер жаңа технологияларға бет бұра бастады.

Бір ғана технология әр түрлі мұғалімдермен іске асуы мүмкін, бірақ оны іске асыру ерекшеліктерінде олардың осы педагогикалық шеберлігі және кәсіби іскерлігі көрінеді. Кейде “Шебер” мұғалім өз жұмысында бір сабақтың үстінде бірнеше технологияның элементтерін қолданады, өзіндік әдістерді қолданады, бұл жағдайда осы мұғалімнің “авторлық” технологиясы туралы айтылу керек, яғни ұстаз ізденімпаз, жан-жақты деп айта аламыз. Жаңа технология өз бетінше іздене отырып жасау, оны сабақ барысында жүзеге асыру шығармашылықсыз мүмкін емес. Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміздің өзі үлкен шеберлік. Жаңа технологияларды қолдана отырып технологиялық деңгейде жұмыс істеуді үйренген мұғалім үшін оның дамып келе жатқан жағдайындағы танымдық процесс әрқашан басты бағдар болады.

Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналарды жатқызуға болады: - дамытушылық оқыту;

- проблемалық оқыту;

- көпдеңгейлі оқыту;

- ұжымдық оқыту жүйесі;

- өнертапқыштық міндеттерді зерттеу технологиясы;

- оқытудағы зерттеу әдістері;

- жобалық оқыту әдістері;

- оқытуда ойын әдістерін қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және оқыту ойындарының басқа түрлері; 11 – ынтымақтастықта оқыту (командалық, топтық жұмыс; – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; – Денсаулық сақтау технологиялары және т. б. Әрбір мұғалімнің алдына қазіргі кезде қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс -әрекетін қалыптастыруы, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде жүйелі қолдануы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыруы қажет. Сонда ғана жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Жалпы, әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Әрбір оқытушы алдындағы шәкіртіне білім беруде көптеген әдіс- тәсілдерді қолданады. Себебі, қазіргі ақпараттық жүйенің қарқынды дамыған кезеңінде білім алушы шәкірттер өте көп ізденісте болмаса да әлеуметтік желінің көмегімен өздерін терең дамытуда. Сондықтан сабақ жүргізу барысында баланың ой- өрісінің даму кезеңіне қарай әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы жеткіншектің білімін терең зерттеп біле алады. Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қағынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action-әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерак-

тивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді. Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу өзіне деген сенімге тәрбиелейді шешендік өнерін жетілдіреді танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын) сыни ойлау дағдыларын дамытады өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады.

Интербелсенді оқыту-әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептеледі, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күнцзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді: терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

бірлескен жұмыс;

- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар,

мұражай т.б.)

- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Оқытуда мультимедиялық құралдарды тиімділігі орасан зор. Сондықтан мүмкіндікке қарай сабақта ақпараттық құралдар мен электронды оқулықты жиі қолдану қажет.

Ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультимедиялық құралдарды сабақ кезеңдерінде пайдалану кезіндегі бұл құралдардың тиімді тұстарын атап айта кетсек, олар:

- Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- Этнопедагогикалық тәрбие береді;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Оқытушының уақытын үнемдейді;
- Оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді;

Ақпараттық технология мүмкіндіктерін оқушылардың өз беттерінше қолдана алуларына жағдай жасалуы керек. Ол үшін оқушылар шағын топтарға бөлініп, берілген тақырып бойынша презентация жасап, сынып оқушыларын таныстырады.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой – өрісінің дамуы, белсенділігін, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс – тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – модуль-

дік оқыту технологиясы. Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор. «Халық пен халықты теңестіретін – білім» – деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын ояту болыптабылады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізері сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Жампеисова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы»
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2015ж.
3. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У «Денгейлеп саралап оқыту».
4. Ахметов С. «Білім берудің тиімді жолдары»
5. Таубаева Ш. Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Бастауыш мектеп. – №3, 1999.
6. Өтеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

*Алима ШОЙБЕКОВА*

*Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті  
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі*

*Зайра ЖУМАДИЛОВА*

*Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

*Бекмурат ШОЙБЕК*

*Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті  
аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ТҰЛҒАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

**Аңдатпа.** Авторлар әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктің тиімді өзара әрекеттесу үшін өзекті деп таниды. Зерттеуде осы құзыреттіліктің мәні, компоненттері және даму деңгейлері ашылып, оны қалыптастыруға ықпал ететін әдістер мен технологиялар қарастырылады.

**Тірек сөздер:** тұлға, коммуникативтік құзыреттілік, мінез-құлық, мәдениет, әлеуметтік рөл, адамгершілік.

**Аннотация.** Авторы обосновывают актуальность социально-коммуникативной компетентности личности как важнейшего навыка для эффективного взаимодействия в современном обществе. В работе раскрывается сущность, содержание и уровни развития этой компетенции, а также рассматриваются методики и технологии, способствующие ее формированию.

**Ключевые слова:** личность, коммуникативная компетентность, поведение, культура, социальная роль, нравственность.

**Abstract.** The authors substantiate the relevance of socio-communicative competence as a crucial skill for effective interaction in modern society. The study explores the essence, components, and levels of development of this competence, as well as examines methods and technologies that facilitate its formation.

**Keywords:** personality, communicative competence, behavior, culture, social role, morality.

Қазіргі қоғамның ерекшелігі – барлық салалардағы, соның ішінде әлеуметтік салалардағы инновациялық өзгерістердің қарқынды дамуы. Бұл адамның тез өзгеретін қоғамда бейімделу және әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілікке ие болу қажеттілігін туғызады. Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік нормалар мен ережелерді орындауға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығы. Ол қоғаммен өзара әрекеттесу, тұлғааралық қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру, бірнеше компоненттерді қамту және адамның жеке мақсаттары мен қоғамның қажеттіліктерін үйлестіру қабілетінен тұрады.

Бұл құзыреттілікті дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру адамның өзін-өзі дамытуына, жаңа білім игеруіне, қарым-қатынастағы қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай қабілеттерге қарым-қатынас этикетін білу, сөйлеу дағдылары, вербалды емес қарым-қатынас тілін меңгеру, серіктестерді түсіну, адамдарды сендіру қабілеті кіреді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері: қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға; сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге; жеке тұлғаның құзыреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Қазақстандағы білім беру жүйесі осы құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған реформаларды енгізуде. «Зияткерлік ұлт – 2020» жобасы білім беруді инновациялық форматқа ауыстыруды көздейді. Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік қазіргі заманда тұлғаның өзін-өзі іске асыруы мен әлеуметтенуінің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Қажетті мақсаттарға жету және белгілі бір міндеттерді шешу үшін жеке тұлғалардың өзара байланысын орнату және сақтау қабілеті жеке тұлғаның әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігі болып табылады. Адам бұл шеберлікті тәжірибе, ой-өрісті дамыту, арнайы ғылыми әдістерді сынау, сондай-ақ өнер, кескіндеме және т.б. арқылы алады. Бұл процесс белгілі бір жағдайларда адамның мінез-құлқын түсінуге, сондай-ақ қажетті нәтижеге жету үшін қарым-қатынаста жеке дағдылар мен дағдыларды қолдануға бағытталуы керек.

Коммуникативтілік (лат. communico-жалпы ету): 1) қарым-қатынас ұғымына жақын, бірақ ауқымы кең ұғым. Бұл тірі және жансыз табиғаттағы жүйелер арасында ақпарат алмасу жүретін байланыс; 2) өзара түсіністікке әкелетін әлеуметтік өзара әрекеттесудің семантикалық аспектісі. Байланыс процесінің негізгі функциялары оның әр элементінің даралығын сақтай отырып, әлеуметтік қауымдастыққа қол жеткізуден тұрады [1, 113].

Ағылшын тіліндегі мәдениетте «қарым-қатынас» және «қарым-қатынас» ұғымдары синоним болып табылады. Ресейлік зерттеуші Е.П. Ильиннің айтуынша, олар жалпы және жеке болып табылады. Қарым-қатынастың барлық түрлері қарым-қатынас емес, бірақ кез келген қарым-қатынас коммуникацияның жеке түрі болып табылады... Байланыс дегеніміз – байланыс, екі жүйенің өзара әрекеттесуі, оның барысында бір жүйеден екіншісіне ақпарат беретін сигнал беріледі. Байланыс техникалық жүйелерге, адамның машинамен өзара әрекеттесуіне және адамдардың өзара әрекеттесуіне тән. Соңғы түрі және қарым-қатынасқа жатады. Адамдардың өзара әрекеттесуінде байланыс жаңа сапалы мазмұн алады.

Қарым-қатынас тәжірибесі адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, кино арқылы жинақталады, мұнда адамдардың қарым-қатынасын сырттан бақылап, қорытынды жасай алады. Ғалымдар тұлғаның әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту деңгейлерінің әртүрлі нұсқаларын ұсынады. Мысалы, ғалым Л.Н. Булыгиннің идеяларын қарастырайық. Автор әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуының келесі деңгейлерін анықтайды:

1. Рецептивті деңгей. Тұлғаның тәуелсіздігі өте аз, ол тек диалог бойынша серіктесінің позициясына, оның мәлімдемелеріне, көзқарасына, сондай-ақ диалог тақырыптарына бағытталған. 2. Конформды деңгей. Тұлға қазірдің өзінде өзінің қажеттіліктері мен мақсаттарына назар аударады, сонымен қатар сыртқы факторларды, басқа адамның диалог мотивтерін ескереді. 3. Ре-продуктивті деңгей. Жеке тұлға өз пайдасына жету үшін диалог құра алады, бірақ бұл әрдайым



орындала бермейді. 4. Өнімді деңгей. Диалог жеке тұлғаның алға қойған мақсаттарына жету және өз қажеттіліктерін жүзеге асыруы үшін құрылады. 5. Шығармашылық деңгей. Тұлғаның әлеуметтік-коммуникативті құзыреттілігін дамытудың соңғы кезеңі әртүрлі білім, дағдылар мен шығармашылық тәсілдерді қолдана отырып, қарым-қатынас барысында өз жоспарларын жүзеге асырумен сипатталады [2, 7].

Қарым-қатынас барысында осы кезеңде адам өзінің барлық дағдыларын қолдана алады, сонымен қатар ең жоғары тиімділікке жету үшін қарым-қатынасқа шығармашылық көзқарас қажет. Өзара әрекеттесу үшін олардың мінез-құлқын болжау, белгілі бір өмірлік жағдайларды визуализациялау, жағдайлардың модельденген көрінісінде алынған білімді айдау қажет. Ол үшін адам қалаған мақсатының суретін, сондай-ақ оның мүмкіндіктерін нақты көрсетуі керек. Диалогтың дамуына жеке тұлғаның белгілі бір белгілері ықпал етуі мүмкін: диалог кезінде өзін-өзі ұстай білу, өзі болу, сондай-ақ өз ниеттері туралы тікелей сөйлесу мүмкіндігі; өткізгіштік жеке тұлғаның басқа адамдардың позицияларын түсіну және қабылдау қабілеті ретінде, сондай-ақ өзінің жалғыз шындық ретінде емес; ынтымақтастық, яғни адамның алға жылжуға дайындығы басқа адамдарға қолдау көрсету, жанашырлық таныту, көмектесу; өзара әрекеттесуші тараптардың психологиялық ұстанымдарының теңдігі, диалогқа қатысушыларға мұқият назар аудару, қарым-қатынастың барлық қатысушыларының ұстанымдарын түсінуге тырысып, тыңдау және есту қабілеті. Кез келген адам өзінің әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге кіріспес бұрын, қарым-қатынастағы проблемаларды анықтауы керек. Адамның даму процесінде тұлғаның әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру отбасында да, мектепте де, кәсіптік білім беру процесінде де жүзеге асырылады.

«Әлеуметтану» энциклопедиясына сәйкес: «қарым-қатынас – бұл адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді сипаттайтын ұғым (субъект-субъективті қатынас) және адамның негізгі қажеттілігін сипаттайтын қоғам мен мәдениетке ену...»

«Қысқаша психологиялық сөздікте» мынандай анықтама берілген: «Қарым-қатынас – бұл бірлескен іс-әрекеттің қажеттіліктерінен туындайтын және ақпарат алмасуды, өзара әрекеттесудің бірыңғай стратегиясын құруды, басқа адамды қабылдау мен түсінуді қамтитын адамдар арасындағы байланыс орнатудың және дамытудың күрделі және көп қырлы процесі. Тиісінше, қарым-қатынастың үш жағы бар: коммуникативті, интерактивті және перцептивті» [3, 213]. Сонымен қатар, қарым-қатынас процесінде бұл үш жақтың бөлек көрінбейтінін, олар бірлікте пайда болатындығын, бұл оның конструктивтілігі мен өнімділігінің маңызды шарты екенін ерекше атап өткен жөн.

Тілдік қарым-қатынастың мақсаттары: прагматикалық; қалыптастырушы; растау функциясы (жеке өзін-өзі тану, өзін-өзі түсіну, өзін-өзі растау құралы ретінде), тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциясы; тұлғаишілік функция (өз-өзімен диалог ретінде, ойлаудың әмбебап тәсілі ретінде) [1, 141-144].

Тілдік құзыреттілікте көзделетін шарттар қатарында төмендегіні ескереміз: тілдесімге ниеттес болу, белгілі бір идеяның пайда болуы, сол идеяның ішкі тұжырымдалуы, хабарламаның өзі.

Байланыс процесінің негізгі компоненттері мен кезеңдері тұрақты-инвариантты дәйектілікке ие. Кері байланыс пен түзетудің арқасында ол жабық-сақина тәрізді сипатқа ие болады. «Сақина принципі» ұйымдық және психологиялық тұрғыдан маңызды. Ол жалпы коммуникациялардың тиімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, жоғарыда қарастырылған тәсіл коммуникативтік процесті ресми ұйымдастыруға баса назар аударады [4, 167-169]. Сонымен қатар, оның ішкі мазмұнды табиғатын анықтау үшін сөйлеушілер мен тыңдаушылардың байланысын орнатып қана қоймай, оның психологиялық механизмдерін анықтауға мүмкіндік беретін тәсіл қажет. Мұны іс-әрекеттің қажеттіліктері мен мотивтерін, мақсаттары мен міндеттерін, оның психологиялық құрылымын, іс-әрекетке негізделген субъектілердің ерекшеліктерін талдау арқылы ғана жасауға болады.

Белсенділік тәсілі қарым-қатынас пен қызметтің бірлігі туралы әдіснамалық ережеден туындайды. Бұл байланыстың сипатын әртүрлі тәсілдермен түсінуге болады, атап айтқанда:

– адамның әлеуметтік болмысының, оның өмір салтының екі жағы ретінде;

– қызметтің белгілі бір жағы ретінде: қарым-қатынас кез-келген қызметте болады, оның элементі болады, ал іс-әрекеттің өзін қарым-қатынас шарты ретінде қарастыруға болады, субъект

құрылымы тұрғысынан қарым-қатынас тәсіліне сүйене отырып: адамдағы еңбек субъектісінің, таным мен қарым-қатынас қасиеттерінің үйлесуі тұтастай алғанда адамның ұйымын іс-әрекет субъектісі және жеке тұлға ретінде анықтайды.

– қызметтің ерекше түрі ретінде: 1) қарым-қатынас қызметі – онтогенездің белгілі бір кезеңінде дербес әрекет ету, мысалы, мектеп жасына дейінгі балаларда және әсіресе жасөспірімдерде; 2) қарым-қатынас оған қатысты сөйлеу әрекеті ретінде жалпы іс-әрекетке тән барлық элементтер жинақталады: әрекеттер, операциялар, мотивтер және т.б. [1, 190].

Психологиялық мағынасындағы сөйлеу әрекеті іс-әрекеттің мақсаты сөйлеу сөзінің өзі, былайша айтқанда, өзін-өзі бағалайтын кезде пайда болатын салыстырмалы түрде сирек жағдайларда ғана орын алады. Әлбетте, бұл жағдайлар негізінен екінші тілді оқыту процесіне қатысты. Сөйлеуді коммуникативті қолдануға келетін болсақ, бұл жағдайда ол әрдайым белгілі сөйлеу емес мақсатты көздейді. Басқаша айтқанда, сөйлеу жоғары деңгейдегі қызметке құрамдас бөлік ретінде енгізіледі.

Әлеуметтік-психологиялық көзқарас тұрғысынан қарым-қатынас кеңірек контексте түсіндіріледі. Г.М.Андреева оны бірлескен іс-әрекеттің бір қыры және оның өзіндік туындысы ретінде қарастырады; адамның адамзаттың тарихи дамуының жетістіктерін микро деңгейде, тікелей ортада немесе макро деңгейде, бүкіл әлеуметтік байланыстар жүйесінде иеленуінің маңызды шарты ретінде. Әрбір коммуникативті процесте іс-әрекет, қарым-қатынас және таным бірлікте нақты берілген. Қазіргі шындыққа сәйкес коммуникативтік қызмет деп біз өмір мен қызметтің әртүрлі салаларында жеке және бірлескен мақсаттарға қол жеткізу үшін әлеуметтік байланыстарды (өзара ақпарат беру, өзара іс-қимыл, өзара түсіністік және өзара жетілдіру арқылы) орнатуға және дамытуға бағытталған субъектілердің белсенділігін айтуға болады.

*Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, адамның әлеуметтік-педагогикалық коммуникативті құзыреттілігі адамның дұрыс, ұтымды, тиімді, табысты қарым-қатынас құра алуының ажырамас қабілеті, сонымен қатар «адам мәдениеті» ұғымды да қамтиды деген қорытынды жасауға болады. Қазіргі әлемде бұл қабілетті дамытудың мақсаты «табиғи» тәжірибені басқа, тиімдірек тәжірибемен алмастыру емес, сонымен қатар ұйымдастыру, дәлірек айтқанда, коммуникативті мәдениетті игерудің тиімді әдістерін өзін-өзі ұйымдастыруға пайдалану болып табылады.*

#### Әдебиет

1. Рогов Е.И. Психология общения. М., ВЛАДОС, 2005. – 335 с.
2. Титова С.В. Мобильная среда для обучения иностранным языкам. – М: Наука, 2019. – 129 с.
3. Краткий психологический словарь / под ред. А.В. Перовского. – М: Политиздат, 1985. – 431 с.
4. Конечная В.П. Социология коммуникации. <http://lib.socio.msu.ru/1/library>

**Марфуға АЛИМХОДЖАЕВА**

*Еңбекшіқазақ ауданы Балтабай орта мектебі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
(Қазақстан, Алматы облысы)*

### ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – СӨЙЛЕУДІҢ, ЖАЗУДЫҢ, ОЙЛАУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

**Аңдатпа.** Мақалада функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру міндеттері, оқушы білімдерін практикалық тұрғыда қолдану мүмкіндіктеріне байланысты тиімді әдіс-тәсілдердің сабақта қолданысы туралы айтылған.

**Тірек сөздер:** оқу сауаттылығы, іс-әрекетті зерттеу, кең ауқымды дағдылар, тиімді платформалар.

Мұғалімдік – кәсіп атаулының төресі. «Ұстаз – ұлы тұлға». Оған көмейінен жыр төгілген ақын, алып күш иесі, жүрегінің түгі бар батыр, көк аспанды жарып ұшып шарлаған ғарышкер, ғалым, қарапайым егінші мен малшы да ілтипатпен бас иеді. Өйткені, оның бәрі – ұстаздың

қолынан түлеп ұшқан өз шәкірттері. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару, шәкіртті ата-анасындай мейірім шуиағын төге тәрбиелеу, жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру сияқты істер екінің бірін қолынан келе бермейді. Халқымыздың аяулы перзенті, белгілі қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов «мұғалім – мектептің жаны» деп бағалаған. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттерімізді, шәкіртінің бойына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалды сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Сауаттылық – адамның одан арғы өмірінің дұрыс өрбуінің алғашқы іргетасы, адамның сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және сол ортада әрекет ете алу қабілеттілігі. Қазіргі сауаттылық баланың тек оқи, жаза алуымен шектелмейді. Керісінше, күнделікті өмірде еңбек әрекетіне араласу барысында кез-келген жағдайға бейімделе алуы, тануы, шешім қабылдауы. Яғни, кез-келген ортада алған білімін, мүмкіндігін көрсете алуы. Біз көп жағдайда функционалды сауатсыз екенімізді қиындықпен бетпе-бет келгенде ғана сезіп жатамыз.

Мысалы, аяқ астынан жағдай өзгергенде, кәсіп ауыстыруға тура келген кезде, қолымызға таныс емес зат тигенде, жаңа бағдарламамен немесе құрылғымен жұмыс жасарда, кесте, схема, карта, банкомат дәне тағы да басқалар. Демек, баланың әлеуметтік ортаға тез сіңісіп, өзін жариялай алуы үшін осындай жағдаяттардан жол тауып шығуға мектеп қабырғасынан бастап әр түрлі тапсырмалар арқылы үйретуіміз қажет. Әрине, алыстан іздеудің қисыны жоқ, қазіргі жаңартылған білім бағдарламасындағы оқу мақсаттарының бәрі оқушыны танып білуден, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне қарай жұмыстануға бағытталған.

Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы маңызды. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Демек, оқу сауаттылығы бүгінгі таңда заман талаптарына сай дайындық ретінде қарастырылады.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалды дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттіліктеріне сәйкес келмей де жағады. ҰБТ-де өз білімдерін дәлелдей алмай да қалатыны жоқ емес. Осындай жайттардың алдын алу қағидалары функционалды сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Мәтін – тілдерді оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалды тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

Оқу сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну және оны қабылдай алу, олардың мазмұнын түсіну мен мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеттерінің негізгі саласы болып табылады.

Оқырман сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

Сауатты оқуды қалыптастырудың әртүрлі тәсілдері бар. Біріншіден, бұл мәтіннің қарапайым бірліктеріне: сөзге, ұсынысқа, абзацқа назар аудару; екіншіден, мәтін құрылымын және оның логикалық байланыстарын талдаусыз мәтінді түсіну мен түсіндіру мүмкін емес. Оқушы оларды бекіте отырып, жоспар, тезистер, конспектiлер, сызбалар мен кестелерді құрастыруды үйренеді; үшіншіден, мәтінді түсіну – бұл көптеген мәселені шешу деуге болады. Оқушыға сұрақтар қоя отырып, мәтінмен (автормен) диалог жүргізуді үйренеді.

Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының басында мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате пайымдаулар бар және бұны қалай түзету дұрыс екенін білу үшін арнайы құралдарды пайдаланады.

«Оқырман сауаттылығы» – бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әр түрлі жазба сөйлеу формасын түсіну және терең ойлау қабілеті. Оқырман сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі.

Қазіргі уақытта білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші – адам. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жүйесі оқытушылар мен оқушылар арасында, өзара оқушылар арасында жұмысқа қатысты кез келген форматтағы файлдармен алмасуды қолдайды.

Біз қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарынан оқушыларға берілетін білімді кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру негізінде берсек, оқушылардың алған білімдерін өмірдің кез-келген жағдайында қолдануына ықпал ете аламыз деп ойлаймыз. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» «Музей сабақтары», «Қоғамға қызмет», «Ұшқыр ой алаңы», «Дебат ойыны» т.т. бірнеше әлеуметтік жобалар бойынша танымдық қабілеттері ұшталып, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға байланысты іс-әрекеттер жүзеге асырылуда. 5-11 сыныптар талантты ақын, жазушыларды, табысты блогерлерді, қоғам қайраткерлері мен белсенділерінің басын біріктіруге негізделген «Кітап фестивалінде» (KitapFest) жоба қорғап, дизайнер байқауында ерекше белсенділік танытты.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен, үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата-аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің (механизмдерінің) бірі болып көрсетілген. Ата-ананың борышы-бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдермен тығыз байланыс жасауы керек. Ата-ананың бойында да функционалдық сауаттылық болуы тиіс. Сондықтан да ата-аналарды осындай іс-шараларға қатыстырудың маңызы зор. Мұғалім мен ата-ана бірлесе отыра, оқушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда пайдалана алатындай негізгі құзіреттіліктерді сіңіруі керек. Сонда ғана бүгінгі ұрпақ жеке тұлға ретінде өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана-сезімнің дамуы ұрпағымыздың өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Яғни, ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды тарап ондағы этностық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы болып табылады.

Сондықтан да оқу сауаттылығына құрылған тапсырмалардың ұрпақ тәрбиесінде берері көп. Олардың өз бетінше ақпарат көздері арқылы ізденуіне, сол арқылы танымдық қабілеттерін

ұштауға, қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеттерін ашуға, әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуға септігін тигізді.

Функционалды сауаттылықтың даму үрдісі пәндік білім, білік, дағдыдан шыға отырып оқу пәндерінің құралдарымен ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады. Қалыптастыру және ойлау дағдыларын дамыту құралдары тапсырма түрінде ұсынылған сол пәндік білім, білік, дағдылары, ал ұйымдастыру формалары-проблемалық жағдаяттар. Бұл кезде ойлау дағдыларының құзыреттілікке ауысу құралы, яғни функционалды сауаттылық болып табылады.

*Мектебімізде айтулы іс-шара балалар тәрбиесінде оқу мәдениеті мен дағдыларын дамытуға бағыттайды.* Демек, оқушының оқу сауаттылығына байланысты дағдысын қалыптастыру, осындай тәрбиелік іс-шаралар және қосымша білім берудің тығыз байланысы жоғары жетістіктерге жеткізеді деген сенімдеміз.

Қазіргі өмір ағымының техниканың қарқынды дамыған тұсында адамзат әлемі функционалды сауатты болса, өмір сүруге бейім, алған білімін өзіне тиімді қолдана алатын тұлға қалыптасары сөзсіз. Сондықтан уақыт талабына сай оқушының күнделікті тапсырмасына мәтінді таңдауда қажеттілігі мен қолжетімділігіне қарай сұрақ құрастыруда ойлау процесіне әсерін де ескеру қажет. Сонда ғана функционалды сауатты тұлға болып толық қалыптасады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, әрбір мұғалім үнемі ізденісте болса нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III деңгей. www.cpm.kz. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.

2. Кудайбергенова К.С. Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. – Алматы.

3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдары. Ғылыми мақала. – 2012. – 42 – 47 б.

*Асемгуль МАНАПОВА*

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті*

*2-курс магистранты*

*(Қазақстан, Павлодар қ.)*

### **8-СЫНЫПТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ: ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҮДЕРІСІ**

**Андатпа.** Мақалада қазақ тілі пәні бойынша инклюзивті білім беру негізінде дарынды балалармен жұмыс түрлері, оның ерекшеліктері қарастырылады. «Дарындылық» ұғымы ғылыми деректерге сүйене ашылып, сипатталады. Дарындылық қабілеттің категориялары анықталып, өзіндік белгілері нақтыланып ұсынылады. Тәжірибелік-экспериментте жүзеге асу нәтижесі беріледі.

**Түйін сөздер:** дарындылық, инклюзия, дарындылық категориясы, интеллектуалды, аргументативті эссе, ми штурм, қайта жазу, тізімдерді құру, кластерлеу әдістері.

**Аннотация.** В статье рассматриваются виды работы с одаренными детьми и ее особенности на основе инклюзивного образования по предмету казахский язык. Понятие «талант» раскрыто и описано на основе научных данных. Определены категории одаренных способностей и уточнены их характеристики. Приведен результат внедрения в практический эксперимент.

**Ключевые слова:** талант, инклюзия, категория таланта, интеллектуал, аргументативное эссе, мозговой штурм, райтинг, создание списков, методы кластеризации.

**Abstract.** The article discusses the types of work with gifted children and its features based on inclusive education in the subject of the Kazakh language. The concept of “talent” is revealed and described based on



scientific data. The categories of gifted ability are defined and their characteristics are clarified. The result of implementation in the practical experiment is given.

**Keywords:** giftedness, inclusion, giftedness category, intellectual, argumentative essay, brainstorming, rewriting, list building, clustering methods.

Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды бала тұлғасының ішкі әлеуетін дамыту өзекті мәселелердің алдыңғы қатарында тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беруді дамытудың қағидаттарының бірі «Білім алушының интеллектуалды дамуын, психологиялық-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету» деп белгіленген [1].

Сондықтан сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, айқын даралығы бар, пайымдауы ерекше, ойы үшкыр, өмірге икемді, жан-жақты тұлғаны қалыптастыру да басты бағдарымыз болу керек. Қазіргі уақытта өзекті болып отырған инклюзивтік білім беру барлық оқушылардың теңдігін мойындаудың әлемдік қозғалысына айналды. Инклюзия денсаулығына байланысты ерекше білімді қажет ететін баланы қамтуды ғана емес, сондай-ақ жеке қабілетіне қарай қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқыту жағдайларын жасауды, бейімдеуді де қамтиды [2,13]. Біздің зерттеуге алып отырғанымыз- инклюзивтік білім жағдайында дарынды балалармен жұмыс мәселесі. Дарынды балалардың бойында зерттеуге, талдап-сараптауға және белсенді ізденімпаздыққа ұмтылатын нақты көріністер болғандықтан, шығармашылық жұмыспен толыққанды айналыса алады, оқу арқылы бойларындағы білімге, жаңалыққа, белсенді ой жұмысына және өзін-өзі тануға деген құштарлығы басым болады. Оған зерттеу кезінде де көз жеткіздік. Мектептерде қалыпты білімді меңгере алатын балалардан басқа ерекше дамыған дарынды балалар бар. Ғалымдардың пайымдауынша, дарынды балалар да ерекше білімді қажет ететін топқа жатады дегенді алға тартады.

Дарындылық теориясының негізі Ресей педагогтерінің еңбектерінде жақсы көрініс тапқан. Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан» берілетін ерекше қабілет деп түсіндіріледі. «Дарындылық тұжырымдамалары» атты дайындаған құжатта «Дарынды бала дегеніміз – айрықша жетістіктермен ерекшеленетін және іс-әрекет барысында сондай жетістіктерге ұмтылатын баланы айтамыз», – делінген. Ал, отандық белгілі ғалымдардан оқушылардың дарындылығын дамытудың теориялық-әдістемелік негіздерін Ү.Б. Жексенбаева, болашақ педагогтердің дарынды оқушылармен жұмысының ғылыми-теориялық мәселелерін Л.М.Нәрікбаева, С.И.Қалиева, А.У.Сатова, Ж.О.Үмбетова, дарындылықты дамытудың педагогикалық шарттарын А.Ж.Жанатова сынды ғалымдар зерттеген. А.М.Матюшкин дарындылықтың психологиялық құрылымы шығармашылықты сипаттайтын негізгі құрылымдық элементтермен сәйкес келеді, ал дарынды оқушыларды оқыту мен дамыту адамның шығармашылық дамуының идеалы моделін құрайды деп санайды [2,24].

Б.М.Теплов дарындылықты белгілі бір қызметті орындауда үлкен немесе аз жетістікке жету мүмкіндігіне байланысты болатын қабілеттердің сапалы үйлесімі деп анықтады [3,36]. Белгілі зерттеуші Н.С.Лейтес қабілетті балалардың 3 категориясын анықтап берді. Бірінші категория – ой-өріс қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар. Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар. Үшінші категория – дарындылығы ерекше дамыған оқушылар. Ой-өріс қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушыларға мектептегі оқу кезіндегі қарқындылық тән. Кейбіреулерінің ақыл-ойы табанды түрде дамиды да өз қатарластарын басып озады. Олардың ақыл-ойының кеменгерлігі сонша – оларды байқамау мүмкін емес. Бала дарындылығының байқалмайтын жағдайлары да кездеседі. Кейде тіпті баланың есейген шағында сирек кездесетін қабілеттері көрініс тауып жатады. Балалардың бойында белгілі бір қабілеттердің жарқын көрінісі ой-өріс деңгейінің жалпы дамуымен, ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады. Үшінші категорияға жататын оқушылар жалпы дамуы жағынан өз қатарластарының алдына шықпайды, бірақ ақыл-ойының өзіндік ерекшелігімен өзгешеленеді.

Жалпы орта білім беру жағдайындағы оқушылардың интеллектуалды дарындылығы зерттеудің спецификалық объектісі және оның психикасы даму мен қалыптасу үстінде екенін есте сақтау маңызды. Біздің зерттеуіміздегі дарынды балалармен қалай және қандай жұмыстар

жүйесін қарастыру керек деген мәселе бойынша біз 3 бағыттағы қалыпты білімді меңгере алатын, ерекше білімді қажет ететін, ерекше дамыған дарынды балалармен төмендегідей тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргіздік.

Тәжірибелік- эксперименттік жұмыс Екібастұз ауданына қарасты «Екібастұз жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекет мекемесінде жүргізілді. Зерттеу жұмысына 8-сынып оқушыларынан 17 оқушы қатысты. Сыныптағы оқушыларға «Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады» деген тақырыпқа аргументативті эссе жазу ұсынылды. Аргументативті эссе жазу үшін нұсқаулық құрастырылып беріледі. Ол ғылыми еңбектерге сүйене отырып құрастырылды [4]. Нұсқаулықта дәлелді эсселер үшін алдын ала жазу стратегиялары, қадамдары мен кеңестер көрсетіліп жазылады. Жазба жұмысының (эссенің) жазылым дағдысы бойынша дескриптор ұсынылды. Бағалау шкаласын төмендегі кестеден байқауға болады. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы есепке алынды[5].

№	Балл	Сипаттамасы
1	9-10	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған.Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, стильдік, пунктуациялық қателерді жібермейді.
	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған.Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір стильдік, пунктуациялық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.
	3-4	Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді.Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған.Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Жалпы, ғылыми деректерге сүйенсек, аргументтік эссе идеяларыңызды ретке келтіруді және не туралы айтқыңыз келетінін анық білуді білдіреді, соған машықтайды. Жазу алдындағы әртүрлі әрекеттер негізгі ойыңызды анықтауға және оны қорғауға дайындалуға көмектеседі. Оны жүзеге асыру үшін оқушыларды мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануға үйреттік:

**Ми Штурм әдісі** – барлық идеяларыңызды олар жақсы немесе жаман ма деп алаңдамай тастаудан бастайық. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Бұл тақырыпқа қатысты не туралы көп айттылып жатыр?» немесе «Адамдар қай жерде келіспеуі мүмкін?». Бұл сіздің ойларыңыздың қозғалысына көмектеседі және дәлелге келудің әртүрлі жолдарын табуға көмектеседі.

**Қайта жазу.** Тақырып бойынша ойыңызға келген нәрсені 5-10 минут бойы үзіліссіз жазуға рұқсат беріңіз. Бұл қысымсыз жазу сізге күтпеген идеяларды табуға немесе тақырыптың белгілі бір аспектісіне сенімдірек сезінуге көмектесуі мүмкін.

**Тізімдерді құру.** Әсіресе көрнекі ойшылар үшін пайдалы, листинг тақырыпқа қатысты ойға келетін кез келген идеяларды, тұжырымдамаларды немесе нүктелерді жазып алуға мүмкіндік береді. Бұл құрылымдық пішім ойларыңызды кейінірек жүйелеуді және басымдық беруді жеңілдетеді.

**Кластерлеу әдісі.** Идеяларыңызды зерттеу үшін ақыл-ой картасын салу сияқты кластерлерді ойлап көріңіз. Негізгі тақырыбыңызды парактың ортасына жазыңыз. Содан кейін одан кішірек идеяларға немесе байланысты нүктелерге сызықтар сызыңыз. Осы кішігірім нүктелер туралы қосымша мәліметтер болған кезде, осы қосымша ойларды көрсету үшін олардан көбірек сызықтар сызыңыз (ол қалай жасалғанын көру үшін мысал суретін қараңыз).

**Жағымды және жағымсыз жақтарын талдау.** Тақырыбыңызға қатысты ықтимал шағымдармен байланысты артықшылықтар мен кемшіліктерді тізімдеңіз. Бұл жаттығу әртүрлі перспективалар туралы түсінігіңізді тереңдетеді және қай талап ең сенімді дәлел ұсынатынын қарастыруға көмектеседі. Ықтимал қарсы дәлелдерді болжау арқылы сіз оларды эсседе шешуге дайын боласыз.

Эксперимент негізінде жазба жұмыстарын тексере келе, мынадай нәтижеге қол жеткіздік:

Пән	Орындағандар	Макс балл	Баллдарының пайыздық мазмұны			Сапа	Үлгерім
			Ерекше білімді қажет ететін балалар	Қалыпты білімді меңгере алатын балалар	Ерекше дамыған дарынды балалар		
			0-39%	40-84%	85-100%		
қазақ тілі			Оқушылар саны				
<b>№1-тәжірибе</b>	17	10	7	7	<b>3</b>	58	100
<b>№2-тәжірибе</b>	17	10	4	10	<b>3</b>	76	100
<b>№3-тәжірибе</b>	17	10	3	10	<b>4</b>	82	100

3-сатылы нәтижені сараптай келе, 17 оқушының ішінен 4 оқушы ерекше дамыған дарынды балалар ретінде эссе жазуда жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетті. 4 оқушының жұмысында нұсқаулық пен дескрипторға сәйкес бағаланды. Ерекше дарынды балалардың жазба жұмыстарында ерекше әсер беру мақсатымен жазылған көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Пайымдаулары ерекше, ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады. Грамматикалық және пунктуациялық қателерді жібермейді. Жоғары сипатталған жазба жұмысын орындату арқылы ерекше дамыған дарынды балалардың интеллектуалды дарындылығы әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Эссе жазу арқылы ерекше дамыған дарынды балалардың ақыл-ой қабілетінің ұшқырлығы, ассоциативті ойлауы, қорытынды жасау дағдалары жоғары болуы, эстетикалық талғамы, шығармашылық қиялы, тұлғаның өзіндік пайымдауы мен көзқарасы, тұлғаның мәдени өсуін дамытуға үлкен мүмкіндіктің бар екендігіне әр баламен жұмыс істеген сайын нәтижеге қол жеткіздік.

#### Әдебиет

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. URL <https://adlet.zan.kz/>;
2. Матюшкин А.М. Одаренность и возраст. М.: Издательство НПО «МОДЭК», 2004. – 85 стр.;
3. Теплов Б.М. Способности и одаренность. М: изд-во Москва. Ун-ва, 2002. 10 с;
4. Бешімбаева Қ.Е. Жазылым: эссе және оның жазылу жолдары элективті курсы. – Астана, 2022. – 57б.
5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы; Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 17б.

## **МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПОСРЕДСТВОМ ИГР В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ (НА ОСНОВЕ МАТЕРИАЛОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА)**

**Андатпа.** Қазіргі әлемде адамдар басқа мәдениет өкілдерімен ынтымақтасу қажеттілігімен бетпе-бет келуде. Сондықтан халықаралық қарым-қатынас тілін білу адамның табысы мен білімі бағаланатын ажырамас аспект болып табылады. Ағылшын тілін оқыту өз елі мен оқытылатын тіл елі арасындағы мәдени айырмашылықтарды құрметтеуге, түсінуге және қабылдауға негізделуі керек екені сөзсіз. Бұл дипломдық жұмыс шет тілдерін оқытудағы мәдениетаралық көзқарастың негізінде жатыр.

**Тірек сөздер:** мәдениетаралық құзыреттілік, вербалды және вербалды емес өзара әрекеттесу, мәдени орта, ортақ тіл, шетелдік.

**Аннотация.** В современном мире люди все чаще сталкиваются с необходимостью сотрудничества с представителями других культур. Поэтому знание языка международного общения является неотъемлемым аспектом, по которому оцениваются успешность и образованность человека. Несомненно, преподавание английского языка должно быть основано на уважении, понимании и принятии культурных различий между своей страной и страной изучаемого языка. Этот тезис лежит в основе межкультурного подхода в преподавании иностранных языков.

**Ключевые слова:** межкультурная компетентность, вербальные и невербальные взаимодействия, культурная среда, общий язык, иностранец.

**Abstract.** In the modern world, people increasingly come across with the need to cooperate with representatives of other cultures. Therefore, knowledge of the language of international communication is an integral aspect by which a person's success and education are assessed. Undoubtedly, teaching English should be based on respect, understanding and acceptance of cultural differences between one's own country and the country of the language being studied. This thesis underlies the intercultural approach to teaching foreign languages.

**Keywords:** intercultural competence, verbal and non-verbal interactions, cultural environment, common language, foreigner.

Цель исследования – изучить, как игровые технологии помогают учащимся быть открытыми для другой культуры и рассматривать их как способ узнать о других культурах и социальных системах. Обсуждается «Межкультурная коммуникация», чтобы изучить, как она может познакомить студентов с теориями культуры и предоставить студентам знания и навыки для успешного взаимодействия, как студенты договариваются о вербальном и невербальном взаимодействии в рамках своих собственных культурных норм и как это происходит при взаимодействии с другими. интерпретация. Важность использования игр, чтобы помочь учащимся минимизировать эту проблему, т.е. преодолеть «культурный шок», пойдет речь.

В процессе практического овладения любым иностранным языком, на наш взгляд, ведущая роль должна отводиться формированию межкультурной компетенции, которая предполагает знание культурных особенностей страны изучаемого языка, умений и навыков адаптации собственного языка. приспособление к новой культурной среде и наличие таких личностных качеств, как толерантность, терпение, патриотизм, сопереживание.

Иными словами, чтобы по-настоящему овладеть иностранным языком, недостаточно выучить только его лексические, грамматические и синтаксические особенности. Язык является частью культуры любого народа. Поэтому обучение языку должно быть напрямую связано с изучением особенностей культуры. Понятие «межкультурная компетентность» было введено в научный оборот в 1954 году, когда вышла работа Г.Трейгера и Э.Холла «Культура и коммуникация: модель и анализ» [6, 1803]. В Азербайджане и других странах бывшего СССР он

получил широкое распространение в 1990-е годы в связи с фундаментальным изменением экономической ситуации и необходимостью укрепления политических и межкультурных связей с другими странами.

На этом фоне возникла необходимость развития межкультурной компетентности студентов. Однако используемые ранее методы обучения иностранному языку оказались недостаточно эффективными. Грамматико-переводной метод, включающий лишь овладение грамматикой и лексикой, не давал изучающим язык культуры, обычаев, нравов и многого другого, что является неотъемлемой частью знания страны изучаемого языка.

Межкультурная компетентность включает в себя три важных аспекта: владение языком помогает студентам найти общий язык с иностранцем.

Главными из них являются общекультурные и культурно-специфические знания. Конечно, человек, которому необходимо понимать жителей другой страны, должен знать ее культуру, достижения, историю, а также иметь представление об образе жизни других стран. Такие знания всегда пригодятся в непредвиденных ситуациях, возникающих во время общения.

Несмотря на то, что термин «межкультурная компетентность» появился в 1950-х годах, его единое определение и структура до сих пор не выработаны.

Разные авторы определяют это понятие по-своему. Зарубежные исследователи при выявлении понятия межкультурной компетентности опираются на определение, предложенное американским антропологом Эдвардом Холлом, который проанализировал опыт американских государственных служащих в зарубежных странах в своих книгах «Безмолвный язык», «Скрытое измерение», «За пределами культуры» [7].

Э.Холл первым предложил рассматривать культуру через призму общения, а также является автором концепции «культурной компетентности», включающей в себя способность и готовность человека взаимодействовать с представителями других культур.

Приведем мнения других зарубежных ученых профессор Кентерберийского университета Ники Дэвис считает, что межкультурная компетентность – это способность адаптировать свои знания, отношения и поведение к другой культуре [4].

На наш взгляд, определение является неполным, поскольку не включает в себя коммуникативную составляющую межкультурной компетентности, которая является основой общения с представителями других культур.

Термин «культурный шок» впервые был использован антропологом Калерво Обергом в 1954 году. Он определил это понятие как страх, вызванный потерей знакомых идентификационных признаков в социальном взаимодействии. То есть, даже если вы говорите на языке страны, в которую приехали, многие невербальные сигналы отличаются от тех, к которым вы привыкли в родной стране. Чтобы компенсировать эти потери, почувствовать нужные подтексты в общении, требуется немало усилий и времени.

Немецкий исследователь К.Кнапп, сторонник лингвистического подхода к определению межкультурной компетентности, когда межкультурная компетентность означает способность понимать представителей других культур как представителей своей собственной культуры. В структуру межкультурной компетентности ученый включает следующие компоненты:

1. Знание моделей и коммуникативных действий как в изучаемой культуре, так и в своей, а также в языке;

2. Общие знания о взаимосвязи культуры и общения, в том числе о зависимости образа мышления и поведения от специфических особенностей мышления для данной культуры, а также о различиях между культурами, определяемых этими особенностями;

3. Набор стратегий стабилизации взаимодействия, т.е. для разрешения трений и проблем, возникающих в процессе общения [8].

Мы хотим поговорить об особенностях использования игровых технологий и избежание «культурного шока» в контексте межкультурного подхода к обучению иностранным языкам.

Игры – это особые формы человеческой деятельности, которые являются первым шагом в ознакомлении учащихся с окружающей действительностью и культурой. Игры помогают раскрыть способности и таланты личности.

Педагогическая игра, в отличие от других, должна иметь четко выраженную учебную цель и приводить к ожидаемому педагогическому результату [3, 278].



### Функции игры:

1. Развлекательная – это основная функция игры, предполагающая развлечение, получение удовольствия, пробуждение интереса к процессу обучения;
2. Коммуникативный – развивает коммуникативные навыки;
3. Мотивирующий – обеспечивает самореализацию обучающихся в конкретных игровых ситуациях;
4. Игровая терапия – помогает преодолеть различные трудности, с которыми студент может столкнуться в других видах жизни;
5. Диагностический – позволяет выявить отклонения от нормативного поведения и обеспечивает самораспознавание обучающихся;
6. Коррекционная функция – положительно влияет на развитие личности, улучшает восприятие, внимание, память, наблюдательность, интеллект;
7. Межкультурная коммуникация – формирует социокультурные ценности;
8. Социализация – обеспечивает усвоение моделей поведения, социальных норм и ценностей, позволяющих успешно функционировать в обществе [2, 354].

Цель педагога – достичь такого качества языковой личности, которое позволит ему приобрести качества медиатора культур, не теряя при этом собственной культурной идентичности.

Обучение иностранным языкам должно быть ориентировано на практическое применение навыков, то есть должна быть сформирована коммуникативная компетенция, которая предполагает достижение цели коммуникативного акта в любой ситуации. Поэтому особую роль в обучении иностранному языку играют такие формы обучения, как имитационные, деловые, ролевые игры, биографическая рефлексия, проекты и т.д. [1, 112].

Существуют различные виды игровых технологий. Назовем некоторые из них:

1. Дискуссии в игровой форме;
2. Игры с соревновательным компонентом;
3. Игры с использованием аутентичных стихотворений, сказок и песен;
4. Игры с реквизитом;
5. Подвижные игры.

Игры не только помогают разнообразить урок, сделать его интересным, мотивировать учащихся на изучение иностранного языка, но и позволяют им понять культурные особенности страны изучаемого языка.

Более подробно об использовании игровых методов в контексте межкультурного подхода к обучению английскому языку мы поговорим в следующей главе.

Рассмотрим описание некоторых форм игровой деятельности, которые можно использовать на занятиях по английскому языку.

Имитационные игры сочетают в себе такие элементы, как сотрудничество и соревнование. Участники этой игры могут оценить свои способности работать в команде, продемонстрировать аналитические, лидерские и другие деловые навыки.

Суть ролевой игры заключается в перевоплощении ученика в другого персонажа и действиях согласно данному ему игровому заданию. Ключевым образовательным моментом в таких играх является процесс перевоплощения, то есть развитие умения смотреть на окружающий мир глазами другого человека. Педагогическая и дидактическая ценность деловой игры заключается в том, что она позволяет ее участникам раскрыться, научиться принимать активное участие в разных позициях.

Для повышения межкультурной компетентности учащихся наиболее эффективны те уроки, на которых моделируются ситуации, которые могут произойти с гостем другой страны во время поездки или экскурсии. На помощь приходят ролевые игры, конкурсы, викторины. Игровые методики обеспечивают более высокую степень познавательной самостоятельности ученика, чем традиционные методы, и происходит переход от позиции объекта обучения к позиции субъекта деятельности и общения. Помимо ролевых игр используются игры с правилами, творческие игры, такие как игры-конструкции, драматизации и другие.

В заключение следует констатировать, что игра является средством умственного развития, так как активизирует различные психические процессы. Использование игр на уроке повышает качество знаний и интерес к предмету, помогает ученикам лучше усваивать сложный мате-

риал. Кроме того, игры снимают усталость, напряжение от умственной работы, повышают работоспособность учащихся. Таким образом, игра является эффективным способом повышения качества и продуктивности изучения иностранного языка. Использование различных игр дает хорошие результаты и позволяет ученикам сосредоточиться на главном – овладении речевыми навыками в естественной разговорной ситуации.

### Литература

1. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – М.: Издательский центр «Академия», 2007, – 336 с.
2. Мещеряков Б.Г., Зинченко В.П. Большой психологический словарь. –М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2004. – 672 с.
3. Эльконин Д.Б. Психология игры // М.: Просвещение, – 1987, – 350 с.
4. Davis N., Fletcher J. and Groundwater-Smith S. The Puzzles of Practice: Initiating a collaborative research culture // Australian Association for Research in Education (AARE) International Education Research Conference, – 2009, Available in: <http://www.aare.edu.au/09pap/dav091506.pdf>
5. Davis N., Fletcher J. The Puzzles of Practice: Initiating a collaborative action and research culture within and beyond New Zealand, – 2009. Available in: [file:///C:/Users/ADMIN/Downloads/12620956\\_Davis.pdf](file:///C:/Users/ADMIN/Downloads/12620956_Davis.pdf)
6. Dorzhinova, Z.B., Mantusov, A.B. A short Workshop for Teaching Intercultural Skills // The European Proceedings of Social and Behavioural Sciences, 2019. – 1801 – 1808 p. Available in: <https://www.europeanproceedings.com/article/10.15405/epsbs.2019.03.02.209>
7. Hall E. Beyond Culture. // New York: Random House, – 1976, – 322 p. Available in: [https://monoskop.org/File:Hall\\_Edward\\_T\\_Beyond\\_Culture.pdf#mediaviewer/File](https://monoskop.org/File:Hall_Edward_T_Beyond_Culture.pdf#mediaviewer/File)
8. Knapp K., Enninger W., Knapp-Potthoff, A. Analyzing Intercultural Communication. – Berlin: Mouton de Gruyter, 1987, – 336 p. Available in: <http://www.freepaperdownload.us/1771/Article3592417.htm>

*Алтынай АЛМАБЕКОВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
2 курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Г.ҚОРТАБАЕВА*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ студенттеріне ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді үйретудің әдістері қарастырылады. Жер-су атаулары, адам аттары, ұйымдар мен мәдени нысандардың атаулары сияқты жалқы есімдер ағылшын тілін үйрену процесінде ерекше орын алады, өйткені олар мәдени, тарихи және тілдік белгілердің тасымалдаушыларын білдіреді. Мақалада Қазақстандық студенттердің алдында тұрған қиындықтар талданып, оқудың тиімді стратегиялары, соның ішінде көрнекі, интерактивті және контекстік тәсілдер ұсынылады. Жалқы есімдерді зерттеуде фонетикалық жаттығулар мен мәдени талдаудың рөліне ерекше назар аударылады. Ұсынылған әдістер ағылшын тілін оқытудың тиімділігін арттыруға және мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған.

**Тірек сөздер:** ағылшын тілі, жалқы есімдер, оқыту әдістемесі, қазақ студенттері, мәдениетаралық қарым-қатынас.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются методы и приемы преподавания английских имен собственных казахским студентам. Имена собственные, такие как географические названия, имена людей, названия организаций и культурных объектов, занимают особое место в процессе изучения английского языка, поскольку они представляют собой носители культурных, исторических и языковых особенностей. В статье анализируются трудности, с которыми сталкиваются казахские студенты, и

предлагаются эффективные стратегии обучения, включая визуальные, интерактивные и контекстуальные подходы. Особое внимание уделено роли фонетических упражнений и культурного анализа в изучении имен собственных. Представленные рекомендации направлены на повышение эффективности преподавания английского языка и развитие межкультурной компетенции.

**Ключевые слова:** английский язык, имена собственные, методика преподавания, казахские студенты, межкультурная коммуникация.

**Abstract.** This article discusses the methods and techniques of teaching English proper names to Kazakh students. Proper names, such as geographical names, names of people, names of organizations and cultural objects, occupy a special place in the process of learning English, since they represent carriers of cultural, historical and linguistic features. The article analyzes the difficulties faced by Kazakh students and suggests effective teaching strategies, including visual, interactive and contextual approaches. Particular attention is paid to the role of phonetic exercises and cultural analysis in learning proper names. The presented recommendations are aimed at improving the effectiveness of teaching English and developing intercultural competence.

**Keywords:** English language, proper names, teaching methods, Kazakh students, intercultural communication.

Шетел тілін үйрену тек грамматика мен лексиканы ғана емес, ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени ерекшеліктерін де меңгеруді қамтиды. Мұндай зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі халықтың тарихын, географиясын, мәдениетін және салт-дәстүрін көрсететін жалқы есімдер болып табылады. Ағылшын тілінде жалқы есімдердің өзіндік ерекшеліктері бар, олар студенттерге қиындық тудыруы мүмкін, әсіресе ана тілі басқа тіл тобына жататындар, қазақ студенттері сияқты.

Бұл қиындықтар ағылшын және қазақ тілдерінің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық айырмашылықтарымен байланысты. Мысалы, жалқы есімдер немесе олардың айтылуы (әсіресе [θ] немесе [ð] сияқты қазақ тілінде кездеспейтін дыбыстар) артикльдерді қолдану жиі қиындықтар туғызады [1]. Жалқы есімдерге қатысты мәдени контексті түсіну де қиын болуы мүмкін. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ студенттеріне ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді тиімді меңгеруге, олардың түсінігі мен сөйлеуде қолданылуын жақсартуға, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін әдістер мен әдістерді ұсыну.

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдер кең ауқымды ұғымдарды қамтиды:

- Адамдардың аттары (John, Elizabeth, William Shakespeare);
- Географиялық атаулар (the River Thames, Mount Everest, the United States);
- Ұйымдар мен брендтердің атаулары (Google, NASA, Harvard University);
- Тарихи және мәдени орындар (Big Ben, the Statue of Liberty).

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдер бірқатар ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді [2]:

1. Емле. Жалқы есімдер сөйлемдегі орнына қарамастан әрқашан бас әріппен жазылады.

2. Артикльдер. Кейбір жалқы есімдер қазақ тіліне тән емес анықтауышпен (The Great Kingdom, The Great Wall of China) қолданылады.

3. Фонетика. Көптеген дыбыстардың қазақ тілінде баламасы болмағандықтан жалқы есімдердің айтылуына ерекше көңіл бөлу керек.

4. Мәдени контекст. Көптеген жеке есімдер студенттерге белгісіз болуы мүмкін бірегей мәдени коннотацияларды қамтиды.

Бұл ерекшеліктер студенттердің тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған арнайы оқыту әдістерін қолдануды талап етеді.

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді дұрыс қолдану үшін бірнеше тиімді әдістер мен жаттығуларды қолдануға болады [2]:

Көрнекі құралдармен жұмыс: Жалқы есімдерге қатысты суреттер, карталар немесе видеоларды көрсету оқушылардың назарын жақсы аударады. Мысалы, белгілі бір елдің картасы мен сол елге қатысты атауларды ұсыну арқылы оларды жаттығулармен байланыстыру.

Келісімдер мен диалогтар: Оқушыларды топтарға бөліп, оларды түрлі жағдайларда (мысалы, саяхат, сұхбат) жалқы есімдермен сөйлеуге ынталандыру. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Тапсырмалар мен кроссвордтар: Жалқы есімдермен жұмыс жасау үшін түрлі тапсырмалар мен кроссвордтар құрастыру. Бұл әдіс оқушылардың есінде жалқы есімдерді сақтап қалуына көмектеседі.

Кейіпкерлердің тарихы: Әсіресе тарихты үйрету кезінде белгілі тұлғалардың есімдерін, олардың атқарған қызметтерін және сол тұлғалардың өміріне қатысты оқиғаларды әңгімелеу арқылы жалқы есімдерді үйрету [3].

Көрнекі материалдар студенттерді ағылшын тіліндегі жалқы есімдермен таныстырудың тиімді әдісі болып табылады.

Географиялық карталар. Жер атауларын көрсету үшін карталарды пайдалану оқушыларға жерлер мен олардың атауларын жақсы есте сақтауға көмектеседі. Мысалы, оқушылар London, New York, the Himalayas атауларын картадан іздей алады.

Фотосуреттер мен слайдтар. Тарихи тұлғалардың, көрнекті орындардың және мәдени нысандардың слайдтары (мысалы, Shakespeare, Big Ben) оқушыларға атауларды көрнекі бейнелермен байланыстыруға көмектеседі.

Интерактивті тапсырмалар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Викториналар арқылы мұғалім қалалардың, елдердің немесе белгілі тұлғалардың аттары туралы сұрақтар қояды, ал оқушылар жауап береді. Рөлдік ойындар арқылы студенттер саяхатта-рын талқылайтын туристер арасындағы диалогтарды көрсете алады:

“Where is Buckingham Palace?”

“It’s in London.”

Әңгімелер құрастыру арқылы студенттер ағылшын тіліндегі атауларды пайдалана отырып, қысқа әңгімелер құра алады, мысалы, Лондонға «сапары» туралы әңгімелейді [4].

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді оқығанда олардың айтылуына ерекше мән беру керек. Аудио материалдар мен фонетикалық кестелерді пайдалана отырып, [θ] (Theodore) немесе [r] (Robert) сияқты ағылшын дыбыстарын шығару. Ана тілінде сөйлейтіндерден кейін қайталау: студенттер аудиожазбаларды тындайды және тиісті атауларды дауыстап қайталайды.

Жалқы есімдерді контекстте үйрену студенттерге олардың мағынасы мен қолданылуын жақсы түсінуге көмектеседі.

Жалқы есімдер айтылатын мәтіндерді оқу өте маңызды болып табылады. Мысалы, әдеби шығармаларды (“Romeo and Juliet”), жаңалықтарды немесе мақалаларды пайдалану. Фильмдер мен бейнефильмдерді көру мысалы, тарихи фильмдер немесе деректі фильмдер оқушылардың тілді тезірек үйренуіне ықпал етеді [5].

Ағылшын және қазақ тіліндегі жалқы есімдерді салыстыру оқушыларға мәдени айырмашылықтарды түсінуге көмектеседі. Есімдердің құрылымын талдау (William Shakespeare vs. Әл-Фараби) және екі мәдениеттегі фамилиялар мен атауларды қолданудағы айырмашылықтарды талқылау сияқты тәсілдер ағылшын тілін үйренушілерге тілді тереңірек зерттеуге көмектеседі.

Мұғалімдер оқушылардың жиі жіберетін қателіктерін ескеруі керек:

Бас әріптермен жазу ережелерін бұзу. (Мысалы, london орнына London).

Дыбыстарды қате айту, мысалы, ағылшын дыбыстарын қазақ тіліне ауыстыру: Джон орнына John. Артикльдерді дұрыс пайдаланбау (The Amazon және Amazon).

Қателерді болдырмау үшін келесі әдістер маңызды [6]:

Орфографиялық және айтылу жаттығуларын жүйелі түрде орындау.

Мақалаларды пайдалану ережелерін толық түсіндіру.

Жалқы есімдерді әртүрлі контексте қолдануға жаттықтыру.

Ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді қазақ тілді оқушыларға үйрету – бұл арнайы әдіс-тәсілдерді, жаттығуларды және көрнекі құралдарды қолдануды талап ететін күрделі процесс. Жалқы есімдерді үйрету тек тілдік дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың мәдени танымын да кеңейтеді. Әр түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы оқушылардың түсіну қабілетін арттыруға болады, сонымен қатар олардың ағылшын тілінде еркін сөйлесуге деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл бағытта мұғалімдерге қажетті білім мен дағдыларды меңгеру маңызды. Қазақ студенттеріне ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді үйрету ағылшын тілін үйренудегі маңызды қадам болып табылады. Көрнекі, интерактивті және контекстік әдістерді қолдану оқу үдерісін тиімді және қызықты етеді. Оқушылар жалқы

есімдерді есте сақтап қана қоймай, оларды сөйлеуде дұрыс қолдана алуы үшін мәдени аспектілері мен фонетикалық ерекшеліктеріне ерекше назар аудару керек. Бұл әдістемелерді енгізу тілдік дағдылар мен мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді, бұл жаһандану жағдайында ерекше маңызды.

#### Әдебиет

1. Назарова Ж.Б. Шетел тілдерін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Күлешова А.В. Ағылшын тілін оқытудағы мәдениетаралық коммуникация. – Мәскеу: Ағарту, 2018.
3. Brown, H. D. Principles of Language Learning and Teaching. Pearson Education, 2007.
4. Crystal, D. The Cambridge Encyclopedia of Language. – Cambridge University Press, 2010.
5. Richards, J. C., & Rodgers, T. S. (2014). Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge University Press.
6. Harmer, J. The Practice of English Language Teaching. Longman, 2007.

*Гүлсім ЖҰМАБАЕВА*

*Теректі негізгі мектебі*

*бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші  
(Қазақстан, Ақтөбе қ.)*

### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ТІЛ БІЛІМІ: ОҚУ МӘТІНДЕРІ МЕН ОҚУЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Білім беру жүйесі еліміздің болашағының негізгі кепілі. Осы орайда болашақ ұрпақты таза біліммен қамтамасыз ету, қатесіз жаңа үлгідегі оқулықтардан, жетілдірілген, сауатты мамандардан білім алуын қамтамасыз ету мемлекеттің алдындағы ең бірінші борышы. Тіл білімінің теориялық және практикалық аспектілерін мектепте, колледждер мен университеттерде оқыту және меңгерту процесін зерттеу қашанда сапалы білімнің негізін қалайды. Ол тілдің барлық аспектілерін (фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семантика, стиль т.б.) білім беру деңгейінде оқушылар мен студенттерге түсіндіру мен үйретудің тиімді жолдарын қарастырады. Бұл саланы зерттей отыра білім беру жүйесіндегі тіл мен оның құрылымын дұрыс пайдалану, тілдік дағдыларды дамыту секілді ерекше аспектілерге тоқталып, олардың дұрыс қолданысқа енуін қадағалайтын боламын.

**Тірек сөздер:** білім беру жүйесі, оқу мәтіндері, оқулықтар, тілдің функциялық қолданысы, оқулықтар мен оқу мәтіндерін құрастырудағы негізгі мәселелер.

**Аннотация.** Система образования является главной гарантией будущего нашей страны. В этой связи обеспечение будущих поколений чистыми знаниями, а также безошибочное получение знаний из учебников нового образца и подготовка квалифицированных специалистов являются первостепенным долгом государства. Изучение процесса преподавания и освоения теоретических и практических аспектов языкознания в школах, колледжах и университетах закладывает основу качественного образования. Данный текст рассматривает эффективные способы объяснения и обучения учащихся и студентов на образовательном уровне всем аспектам языка. Особое внимание уделяется правильному использованию языка и его структуры в системе образования, а также развитию языковых навыков и контролю за их правильным применением.

**Ключевые слова:** система образования, учебные тексты, учебники, функциональное использование языка, основные проблемы при составлении учебников и учебных текстов.

**Abstract.** The education system serves as the cornerstone of our nation's future. Therefore, the primary duty of the state is to provide future generations with accurate knowledge, impeccably acquire knowledge from new textbooks, and train qualified specialists. Studying the process of teaching and mastering the theoretical and practical aspects of linguistics in schools, colleges, and universities lays the foundation for quality education. This text explores effective methods for explaining and teaching all aspects of language to students and learners at all educational levels. Special emphasis is placed on proper language use and structure in the education system, as well as developing language skills and monitoring their correct application.



**Keywords:** education system, educational texts, textbooks, functional use of language, main problems in the compilation of textbooks and educational texts.

**Білім беру жүйесіндегі тіл білімі** – тіл білімінің теориялық және практикалық аспектілерін мектепте, колледждер мен университеттерде оқыту және меңгерту процесін зерттейтін саласы. Ол тілдің барлық аспектілерін (фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семантика, стиль т.б.) білім беру деңгейінде оқушылар мен студенттерге түсіндіру мен үйретудің тиімді жолдарын қарастырады. Бұл сала білім мемлекеттік беру жүйесіндегі тіл мен оның құрылымын дұрыс пайдалану, тілдік дағдыларды дамыту мақсатында зерттеледі.

*Негізден білім беру мемлекеттік құндылық болып саналады?* Себебі кез келген мемлекеттің экономикасы, ғылыми-техникалық прогресі, ұлттық саясаты, экономикалық, мәдени, интеллектуалдық, адамгершілік әлеуеті білім беру саласының нақты жағдайына және оның ілгері даму мүмкіндігіне байланысты бағаланады. Осы тұрғыдан әрбір өркениетті дамып келе жатқан мемлекет үшін білім беруді қарқынды дамыту-оның басты стратегиялық міндеттерінің бірі [1, 8].

### **Білім беру жүйесіндегі тіл біліміне қатысты басты бағыттар:**

#### **1. Тіл үйрену мен оқыту әдістемесі:**

- Тіл білімін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері зерттеледі. Оқушыларға грамматика, лексика, синтаксис сияқты тілдік аспектілерді меңгерту үшін түрлі әдістемелер (дәстүрлі, коммуникативтік, интеграциялық тәсілдер) ұсынылады.

- Әдістемелік тұрғыда тыңдаудың, сөйлеудің, жазудың және оқудың дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту процесі қарастырылады.

#### **2. Тілдің функционалдық қолданылуы:**

- Оқу мен жазу дағдыларын дамытуда тілдің әртүрлі стильдік және функционалдық қолданылуын, мысалы, ғылыми, әдеби, қоғамдық, іс қағаздарын жүргізу тілі сияқты аспектілерді оқыту.

- Стильдік ерекшеліктер мен оның қолданылуын түсіндіру, тілдік қарым-қатынастың контекстінде әртүрлі тіркестер мен құрылымдарды пайдалануды үйрету.

#### **3. Тілдік дағдыларды дамыту:**

- Оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге арналған құралдар мен жаттығулар ұсынылады. Бұл дағдылар мәтіндермен жұмыс, сөздік қорды кеңейту, тілдік құрылымдарды дұрыс қолдану және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған.

#### **4. Қазақ тілінің оқытылуы:**

- Қазақ тілі пәні бойынша оқытудың ерекшеліктері мен мақсаттары белгіленеді. Қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасын оқыту арқылы оқушылардың тілдік білімін нығайту, олардың дұрыс сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру жүзеге асырылады.

- Қазақ тілінің мәдени және ұлттық ерекшеліктері, ұлттық құндылықтар, әдеби мұралар туралы білімдер де ескеріліп оқытылады.

#### **5. Тілдік оқу бағдарламалары:**

- Тіл білімін оқу процесінде жүзеге асыру үшін оқу бағдарламалары, жоспарлар мен мемлекеттік стандарттар құрастырылады. Бұл білім беру жүйесіндегі тілдің қолданылуына қатысты нұсқаулар мен бағыттар береді.

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мектептерде, жоғары оқу орындарында арнайы бағдарламалармен оқытылып, тіл саясатының жүзеге асырылуына ықпал етеді.

#### **6. Көптілді білім беру:**

- Білім беру жүйесінде көптілділік мәселесі де маңызды орын алады. Мұнда бірнеше тілде (қазақ, орыс, ағылшын т.б.) білім беру әдістемесі қарастырылады. Тілдер арасындағы өзара байланыс, салыстыру және әр тілде оқыту әдістері арқылы студенттерге көптілді ортада тілдік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беріледі.

#### **7. Тілдік тестілеу мен бағалау:**

- Оқушылар мен студенттердің тілдік дағдыларын бағалау үшін әртүрлі тесттер, бақылаулар мен емтихандар өткізіледі. Бұл жүйе оқушылардың тіл білімін меңгеру деңгейін анықтауға және жақсартуға көмектеседі.

**Оқу мәтіні** – дидактикалық және әдістемелік өңделген және автормен жүйеленген ауызша оқу материалы, ол оқу ерекшеленетін – білім алушылар санаты мен талап етілетін оқу нәтижелерін ескере отырып, меңгеру үшін арнайы іріктелген және дайындалған зерттеу объектісі туралы ақпарат болып табылады.

**Оқу мәтінінің функциялары:**

- 1) ақпараттық – білім алушыларға жаңа білім енгізеді;
- 2) жүйелендіруші – оларды басқа біліммен, білім жүйесімен салыстырады;
- 3) прескриптивтік – білім алушыларда қандай да бір қызмет саласында дағдылар мен іскерлікті қалыптастырады;
- 4) бағалаушы – бағалау жүйесін және зерделенетін объектілерге қарым- қатынасты дамытады.

**Оқу мәтініне қойылатын талаптар:**

- 1) ғылымилық (қазіргі ғылым жетістіктерінің деңгейіне сәйкестігі, келтірілген мәліметтердің дәлдігі мен дұрыстығы);
- 2) берілген материалдың жүйелілігі мен сабақтастығы, қисындылығы мен дәйектілігі;
- 3) шығарылатын материалдың құрылымы мен порциондылығы;
- 4) баяндаудың нақтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету есебінен білім алушыларды қабылдау үшін қолжетімділік [2, 4].

**Оқу мәтіндері мен оқулық мәселелері** – білім беру жүйесінде оқу процесінің негізін құрайтын маңызды аспектілердің бірі. Оқу мәтіндері мен оқулықтар оқушылар мен студенттерге қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге көмектесетін негізгі құралдар болып табылады. Олардың сапасы мен мазмұны оқу үрдісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Осыған орай оқу мәтіндері мен оқулықтардың мәселелері әртүрлі деңгейде қарастырылады: білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі, олардың тілдік және ғылыми деңгейі, оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беруі, әдістемелік аспектілері және т.б.

Оқу мәтіндері – оқушылар мен студенттердің білімін жетілдіру үшін ұсынылған мәтіндер. Бұл мәтіндер оқу үдерісінде оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулықтар – білім беру саласындағы жүйелі және құрылымдық материалдарды қамтитын басылымдар. Оқулықтар оқу материалдарының негізі болып табылады. Олар оқушыға немесе студентке пәннің теориясы мен практикалық аспектілерін үйретуге бағытталған, әрі пәннің мазмұнын толық қамтуы керек. Оқу мәтіндері мен оқулықтардың сапасы оқу процесінің нәтижелі болуына ықпал етеді.

Мәтіндердің оқыту рөлін атап көрсете отырып, Т.М.Дридзе: «мәтіндер арқылы білім алушы білімге, әлеуметтік құндылықтар мен нормаларға, практикалық және теориялық қызмет барысында адамдар жинаған әртүрлі мәліметтерге қосылады, бұл оған әлеуметтік өмірге қатысу үшін, басқа адамдармен бірлесіп әлеуметтік қызмет істеу үшін маңызды; сондықтан алынған білімнің индивидтің санасында қалыптасқан әлем картинасына кіретіні және адамның өз білімі мен қоршаған әлем туралы жалпы жүйесінде әр нақты мәтін қандай орынға ие болуы маңызды» [3, 240].

Олардың негізгі талаптары:

• **Ғылыми және әдістемелік дәлдік:** Оқу мәтіндері мен оқулықтар ғылыми дәлдікке негізделіп, анық және түсінікті тілмен жазылуы керек. Олар оқушыларға білімді меңгеру үшін жеңіл әрі тиімді құрал болуға тиіс.

• **Тақырыптың толық және жүйелі баяндалуы:** Әрбір оқулық пен оқу мәтіні нақты мақсатқа бағытталуы керек, яғни олардың мазмұны оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес құрылуы тиіс. Әрбір тарау логикалық тұрғыдан дұрыс және ұтымды құрастырылуы маңызды.

• **Жаңашылдық пен өзектілік:** Оқулықтар мен оқу мәтіндері ғылыми жаңалықтарды ескере отырып, қазіргі заманға сай болуы қажет. Оқушылар мен студенттер үшін жаңа ақпараттарды қамтып, олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етуі керек.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқулықтар мен оқу мәтіндерін құрастыру кезінде бірқатар мәселелер атап өтуге болады:

• **Тілдік және педагогикалық тұрғыдан күрделілік:** Оқулықтар мен оқу мәтіндеріндегі тілдің күрделілігі кейде оқушылар үшін түсініксіз болып қалады. Оқулықтардың ғылыми мазмұны жоғары болуы керек болғанымен, оны қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізу маңызды.

• **Бағдарлама мен оқулық арасындағы сәйкессіздік:** Оқу бағдарламасы мен оқулық арасындағы байланыс жиі бұзылып жатады. Оқулықтар бағдарламаның барлық аспектілерін қамтымай немесе тым күрделі немесе тым жеңіл болып шығады. Мұның салдарынан оқу процесі тиімді болмайды.

• **Мазмұнның жаңартылмауы:** Кейбір оқулықтар ескі ақпараттарды қамтып, жаңартылмайды. Бұл әсіресе ғылым мен білімнің дамуымен байланысты салаларда проблемалар туғызады. Оқулықтар жаңа ғылыми деректер мен әдістемелермен толықтырылуы керек.

• **Әдістемелік көмектің жетіспеуі:** Оқулықтар көбінесе тек теориялық мәліметтерді қамтып, оқушыларға оларды қолдану жолдары немесе тапсырмалар туралы нақты нұсқаулар бермейді. Бұл оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін қиындатуы мүмкін.

Оқу техникасы

Оқудың 2 түрі бар: дауыстап оқу және ішінен оқу. Оқудың екі түрі де мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс: дұрыстығы, түсініктілігі, жүгіртіп оқу. Дауыстап оқуға мәнерлеп оқу талабы да қойылады. Дұрыс оқу – бұл мәтіннің дыбыс жағының қатесіз және бір қалыпты айтылуы. Түсініп оқу оқырманның мәтін мазмұнын анық, терең түсінуінен көрінеді. Жүгіртіп оқу деп оқу кезінде қабыл- даудың саналылығын қамтамасыз ететін және қарқынына сәйкес келетін оқу қарқынын атайды. Мәнерлеп оқу – бұл оқырман өзінің даусымен автордың ойы мен оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіре білуде көрінетін дауыстап оқу сапасы. Оңтайлы оқу – бұл ауызша сөйлеу жылдамдығымен оқу, яғни қарқынмен минутына 120-дан 150 сөзге дейін оқу. Көптеген ғасырлар бойы адамның артикуляциялық аппараты дәл осын дай жылдамдыққа үйреніп қалды, мәтінді дәл осындай жылдамдықта жақсы түсінуге болады [4, 10].

Оқу мәтіндері мен оқулықтардың сапасын арттыру үшін бірнеше ұсыныстар мен жетілдіру жолдары бар:

• **Оқулықтардың мазмұнын жаңарту.** Оқулықтар үнемі жаңартылып, тіл білімінің соңғы зерттеулеріне сүйеніп, заманауи терминдер мен әдістемелерді қамтуы тиіс. Бұл білім беру процесінің өзектілігін қамтамасыз етеді.

• **Интерактивті және мультимедиялық элементтерді енгізу.** Қазіргі технологиялар мен мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Видео, аудио, және онлайн тапсырмалар арқылы оқулықтардың мазмұнын жан-жақты әрі интерактивті ету маңызды.

• **Оқулықтардың тілін жеңілдету.** Оқулықтардың тілін оқу деңгейіне сәйкес жеңілдету қажет. Оқушылар үшін күрделі терминдер мен түсініксіз сөйлемдер олардың оқу мотивациясын төмендетіп, қиындық тудырады. Оқулықтардың ғылыми дәлдігін сақтай отырып, тілін қарапайым ету маңызды.

• **Әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.** Оқулықтарға әдістемелік құралдар мен қосымшаларды енгізу оқытушыларға оқу процесін тиімді жүргізуге көмектеседі. Әдістемелік нұсқаулар мен жұмыс дәптерлерінің болуы оқушылардың білімін бағалауды жеңілдетеді.

• **Көптілді білім беру мен мәдениетаралық аспектілерді ескеру.** Оқулықтар мен оқу мәтіндерінде қазақ тілінің ғана емес, сонымен қатар басқа тілдердің де әсері мен маңызын ескеру қажет. Көптілді білім беру және мәдениетаралық құндылықтар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, көптілді ортада тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, білім беру жүйесіндегі тіл білімдерінің маңызы өте зор. Тіл білімі оқушылар мен студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Тілдерді меңгеру арқылы тұлғаның дүниетанымы қалыптасып, сын тұрғысынан ойлау қабілеті артады. Сонымен қатар, тіл білімдері ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтауда, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі жаһандану дәуірінде көптілді білім беру жүйесі болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және халықаралық деңгейде еркін әрекет етуіне жол ашады. Тіл білімдері білім беру жүйесінде тек лингвистикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Тілді үйрену арқылы адам тек грамматикалық немесе лексикалық білім алып қана қоймай, сол тіл арқылы ойлауды, мәдениетті, тарихты және қоғамның құндылықтарын түсінеді. Бұл тұлғаның әлеуметтік ортада өзін еркін сезінуіне және түрлі мәдениеттерді құрметтеуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, тіл білімдері оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа баулиды. Әсіресе, ана тілі мен шет тілдерін терең меңгеру – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өзіндік пікір қалыптастыруына, өз ойын нақты әрі сауатты жеткізуіне жол ашады. Білім беру жүйесінде тіл білімі – ғылым мен технология саласындағы жаңалықтарды меңгерудің, халықаралық ынтымақтастықты дамытудың негізгі құралы. Бұл болашақ мамандарға шетелдік тәжірибені игеріп, жаһандық еңбек нарығында өз орнын табуға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, тіл білімі – білім беру жүйесінің негізгі тіректерінің бірі. Ол тек білім мен ақпарат алмасу құралы ғана емес, жеке тұлғаның әлеуетін ашатын және қоғамдағы орнын айқындайтын басты фактор.

#### Әдебиет

1. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. / Педагогика Оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 8 б.
2. Тілдік пәндер сабақтарына қажетті мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтерге арналған Әдістемелік ұсынымдар/ Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы.Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Академиясы Оқулық. – Нұр\_Сұлтан, 2019. – 4 б.
3. Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации: проблемы семиосоциопсихологии. – М.: Наука, 1984. – 240 с.
4. 12-жылдық білім беру / Қазақстан Республикасы Білім Және Ғылым Министрлігі Ы.Алтынсарин Атындағы Ұлттық Білім Академиясы Оқулық. – Астана: 2017. – 10 б.

*Асем КЫЙСЫКОВА*  
*Нархоз университеті*  
*аға оқытушы, магистр*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛДІ МЕҢГЕРУДЕ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

**Анатпа.** Білім беру жүйесі – өте күрделі, әрі кең ауқымды құрылым. Болашақ мемлекет қайраткерлерін білімі жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық ойды азамат етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз. Оқытушының алдында тұрған міндет – студенттерге қажетті білімді игеріп қана қоймай, әр студенттің танымдық қызметін, ғылыми ойлау саласын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттау. Осы тұрғыда жоғары оқу орындарының студенттерді оқытудағы мақсаты – Қазақстан Республикасының бүгінгі білім сапасының деңгейімен болашақ бағытын анықтауды, әлемдік өркениетке, жетудің жолын айқындауды қамтамасыз етер білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу болып отыр. Бұл – ана тілінің сөздік қорын жетік игерген, ұлттық мұраны жете меңгерген, адамзатқа ортақ құндылықтарды білетін зиялы ұрпақ қалыптастыру деген сөз.

**Тірек сөздер:** кәсіби білім, кәсіби қарым-қатынас жасау шеберлігі, кәсіби өзін-өзі жетілдіруі, кәсіби іс-әрекет, шетел тілін оқыту.

**Аннотация.** Система образования является очень сложной и масштабной структурой. Наш долг перед обществом – воспитать будущих государственных деятелей, обладающих всесторонними, научно-культурными знаниями. Задача преподавателя состоит не только в том, чтобы давать необходимые знания студенту, но и в том, чтобы он направлял каждого студента в нужное русло на развитие сферы научного мышления и творческих способностей. В связи с этим целью обучения студентов высших учебных заведений является повышение качества образования в Республике Казахстан, определение пути к достижению мировой цивилизации и становление образованных, культурных и компетентных личностей. Это означает, что у нас должно формироваться интеллигентное поколение, познавшее общие ценности человечества и освоившее национальное наследие.

**Ключевые слова:** профессиональное образование, профессионального общения, профессиональный самосовершенствование, профессиональная деятельность.

**Abstract.** The education system is a very complex and large – scale structure. Our duty to society is to educate future statesmen with comprehensive, scientific and cultural knowledge to the student, but also to direct each student in the right direction to develop the sphere of scientific thinking and creative abilities. In this regard, the purpose of teaching students of higher educational institutions is to improve the quality of education in the Republic of Kazakhstan, to determine the path to achieving world civilization and the formation of educated, cultured and competent personalities. This means that we should have an intelligent generation that has learned the common values of humanity and mastered the national heritage.

**Keywords:** professional education, mastering of professional communication, professional self-development, professional acting, teaching foreign language.

Кез-келген мамандықты кәсіпке бағыттай оқыту мәселесі кеңінен қарастырылуда. Университет және институт студенттерін кәсіби дайындауда маман тұлғаларды ғана дамыту емес, сонымен қатар олардың қазіргі заманғы қоғамның экономикалық даму жағдайына бейімделулерін және еңбек нарығында өз орындарын тауып, өз іс-әрекеттерінен материалдық және рухани қанағат алатын, өз мүмкіндіктерін барынша жүзеге асырып және дарынын дамытуға белсене ат салысатын мамандарды дайындау негізгі мақсатымыз.

Жоғары оқу орындарында оқудағы басты мақсат тұлғаға мамандықты игерту. А.П.Сейтешов маманның тұлғалық даму тұжырымдамасын жасады. Ғалым «Кәсіби шеберлік» ұғымын кәсіптік іс -әрекетін ұзақ мерзім бойы игеру барысында, ерекше жағдайларда күрделі кәсіптік мәселелерді немесе тапсырмаларды шешудің ең тиімді, нәтижелі жолдарын қолданған адам бойындағы психологиялық, психикалық және тұлғалық өзгерістердің жинағы деп анықтайды. Өмірде тұлғаның кәсіби қалыптасу үрдісі мамандану деп аталынады [1, 30].

Тұлғаның құндылықтарының бағдарын дамытудың жүйелі құраушы факторы ретінде Г.Қ.Нұрғалиева ғылым салаларын біріктіру (М.С.Анисимов, А.Турсунов), жалпы және кәсіби білімді біріктіру (М.Н.Берулава) тұжырымдарына сүйене отырып іс-әрекеттердің біріктірілуін қолданады. Автор іс-әрекеттердің біріктірілуі іс-әрекеттің сапалы жаңа күйі деп түсінеді, ол өзара байланыстығы, ұсақ - түйектердің бір бүтінге бірігуімен сипатталады, сонымен қатар іс-әрекеттің және оның құрамындағы бөліктердің негізгі сипаттамаларын сақтайды және бұл тұлғаның парасатының өсуі, мотивациясының артуы және мінез-құлық жақтарының белсенді бірлігінің өзара қатынасы нәтижесі және бұл ерекше үрдіс. Адам психикасының ішкі құрылыстарының қалыптасу барысына немесе интериоризация процесіне лайықты шынайы жағдайлар, яғни тұлғаның сыртқы ойының ішкі жоспарына көшуі – іс-әрекеттің әр түрлерінің өзара байланысы кезінде пайда болады.

Г.Қ.Нұрғалиева іс-әрекеттің болжамдау, тану-білу, туындау, бірлесу және бағалау түрлерін тұлғаның құндылықтар бағдарының негіздері ретінде бөліп шығарады [2, 48].

И.Д.Багаева педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби шеберлігі тұжырымдамасында біріктіруге көңіл аударады: мамандық шеберлік – бұл іс-әрекетте қалыптасатын тұлғаның интегралдық қасиеті, өзіндік ерекшелігі, бұл іс-әрекет барысы және нәтижесі [3, 158]. Осыған орай автордың пікірінше, іс-әрекеттік кәсіп тұлғаның және іс-әрекеттің мәнімен сипатталады. Бұл құрылым үш құрама бөліктен тұрады:

**кәсіби білім** – жалпы кәсіби шеберліктің қалыптасу негізі (құрылымдық бөлік бойынша – бұл болжам және таным іс-әрекеті);

**кәсіби қарым-қатынас жасау шеберлігі** – алған білім қорын тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі және дайындығы, болашақ педагогикалық қызметіне бағдар, «жарыс алдындағы күйі», күшін сынауы (яғни сөз қызметі);

**кәсіби өзін-өзі жетілдіруі** – өзіне-өзі әділ баға берумен және қарым-қатынас барысында кездескен өзіндік кемшіліктерін және біліміндегі жетіспеушіліктерді шұғыл жою, яғни өзін-өзі қадағалап түзету арқылы кәсіби іс-әрекет жүйесінің дамуын қамтамасыз ету, құрылымдық бөлік бойынша- бұл іс-әрекетті бағалау және туынды түрлерінің біріктірілуі.

**Кәсіби іс-әрекет деп** – оны орындау үшін адамда жеткілікті білім қоры, тұлғалық маңызды қасиеттер, кәсібіне сәйкес іскерліктер, дағдылар, қабілеттер болуы керек, солардың көмегімен адам көздеген мақсаттарына жетеді, ниеттері мен қоршаған ортаға көзқарас қатынасы өзгереді. А.К.Маркованың көзқарасы тұрғысынан кәсіптік іс-әрекет маманның өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай таңдаған кәсібін игеруі, кәсібі туралы ереже, нұсқауларды, әдебиеттерді



оқуы, өзін маман ретінде қалыптастыруы және сезінуі, кәсіби саласында өз үлесін қосуы, кәсіби мамандығын жетілдіру арқылы өз тұлғасын дамытуы.

Кәсіби іс-әрекетке жеке адамның тұрғысы жағынан қарайтындар- іс-әрекеттің мотивациялық жағына, жеке адамның өзіндік қасиеттеріне, ойлау стиліне аса көңіл бөле отырып, кәсібіне жағымды көзқарасын және оған шынайы беріліп қарауын кәсіптік шеберліктің маңызды көрсеткіштері деп санайды. Сонымен қатар бірқатар еңбектерде кәсіптік іс-әрекеттің процессуалдық (технологиялық) және мотивациялық қажеттіліктер арасында байланыстың барлығы айтылады. Атап айтқанда Е.М.Борисованың айтуынша, іс-әрекетті шебер игеруі және жоғары көрсеткіштерге жетуі барысында кәсіби мотивацияның дамитыны, оның тұрақтанып нығаятыны, жеке адамның қажетті кәсіби қасиеттерінің шыңдалатыны, өзін-өзі орынды бағалауы өсетіні және кәсібіне жауапкершілікпен қарау деңгейі өзгертетіні байқалады [4, 181].

Тұлғаның мотивациялық-қажеттілігі саласы мен кәсіптік іс-әрекетінің процессуалдық жағы арасындағы өзара арақатынастың орнауы, осындай қатынастың дамуы мүмкін екендігі туралы ойдың барлығын ескеретін тұлғаның кәсіби қалыптасуы тұжырымдамасына жақындайды. Ол тұжырымдамада кәсіптік дамуда мамандандудың әр түрлі кезеңдерге бөлінуіне қарай белгілі бір деңгейлерде тұлғалық қасиеттердің пайда болуы сипатталады.

А.Р.Фонарев кәсіптік іс-әрекет үш деңгейде жүзеге асырылады дейді [5, 93].

1. Орындаушы деңгей – маманның кәсібіне байланысты кейбір үлгілердің қайталануын талап ететін іс-әрекеттерден тұрады. Бұл деңгейдегі іс-әрекет бір ізді жұмыстардың орындалуы арқасында дағдылардың қалыптасуына әкеледі. Осы деңгейдегі мамандар сипаттамалары мынандай: нұсқаулар бойынша жұмыс жасап, оларды бұлжытпай орындауға тырысады. Басқа адамдар олар үшін өз мақсаттарына жету құралы, кәсіп өздерінің тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін қамтамасыз етіледі.

2. Жоспарлау деңгейі- қызметкерлердің өз іс-әрекеттері туралы кейбір мәліметтерден жалпы хабардары бар. Бұл іс-әрекет деңгейіндегі мамандарда лауазымдық саты болады, бірақ оның сипаты анық емес. Кәсіптік іс-әрекет заңдылықтарының терең көріністері өмірде жаңа талаптар қояды. Адам кәсібіне қандай талап қойса, кәсіп те адамға сондай талап қоя бастайды. Іс-әрекетінің жүзеге асырылу жолдары онша қолайлы емес екенін көргенде, адам одан бас тарту сезімі пайда болады, бірақ оны өзгертуге мүмкіндігі жоқ. Іс-әрекетінен жаңа мән тапқан кейбір мамандар кәсіпке деген көзқарастарын өзгертеді, оған бейімделеді, кейбіреулері маманның тұлғалық дамуына кедергі болатын бірінші деңгейге түседі.

3. Жобалау деңгейі – бұл іс-әрекетке тұтас білім ретінде жаңа түсінікпен қарауға көшу деңгейі. Бұл деңгейде кәсіби туындап қуаныш әкеледі, өзіне-өзі сенімділігі күшейеді. Жұмыс міндеттіліктен гөрі қажеттілікке айналады, сөйтіп еңбек мәдениетке айнала бастайды.

Кәсіби іс-әрекеттің құрылымы және оның мазмұны өзгермей тұрмайды. Олар маманның тұлғалық өсуі, өз кәсібінен жаңа бір мәндерді, жаңа нысандарды тапқан сайын өзгеріп отырады. Кәсіби іс-әрекетіндегі өзгерістер, оның сапалы жаңа деңгейі тұлғаның одан әрі қарай өсуіне әкеледі, бұл өз кезегінде, кәсіби іс-әрекетін жаңа мағыналармен және жаңа әдіс жолдарын таңдауға әсерін тигізетін тұтас іс-әрекетке толтырады.

Тіл мамандығын меңгеруші студенттердің кәсіби бағыттылықтарын дамытудың негізгі құрамын – білімдердің негізінде жатқан танымдық іс-әрекет құрайды. Тұлғаның танымдық іс-әрекетке қатынасы мазмұнды, мотивациялық және мінез-құлық жақтармен сипатталады.

Егер студенттер жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларды тіл кәсібінің маңыздылығы туралы жеткілікті білімі, кәсіби саласында кәсіпкерлік іс-әрекеттің мүмкіншіліктерін білетін болса, сонымен қатар нарықтық кәсіби (оның ішінде білім беруде) қызмет көрсетуге және қазіргі қоғамның талабына сай оның болашақтағы дамуын бағдарлай алса, онда кәсіби бағыттылықтың нәтижелі қалыптасуы мен дамуы арта түседі.

Шебер маман тек қана жоғары нәтижелер көрсету емес, сонымен бірге ол адамның еңбекке деген көзқарасы, оның психикасының күйі, мотивация жақтары және кәсіби іс-әрекетіндегі қимыл-әрекет жолдары болып табылады [6, 135].

Шетел тілінің қазіргі оқытылуындағы шешуші міндет – толық және нақты мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде тілге оқыту. Әрбір шетел тілінің сабағы- бұл мәдениетаралық жол қиылысы, мәдениетаралық қарым-қатынас практикасы, өйткені әрбір шетел тілі шетел әлемін және шетел мәдениетін көрсетеді.

Шетел тілін оқыту мақсатына сай оқыту міндеттері екі үлкен бағыт бойынша белгіленді:

**Танымдық бағыт бойынша:**

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- тілдің қоғамдық – әлеуметтік мәнін түсіндіру;
- оқушының тілін дамыту, тілдік шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру;
- сөз мәдениетін таныту;
- пікірталас мәдениетін жетілдіру;
- ғылыми ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру;
- мәтін арқылы танымдық қызығушылығын арттыру;
- өмір, түрлі ғылымдар саласынан оқушылардың танымын кеңейту;
- оқушылардың логикалық ойлауының бірізді болуын қалыптастыру;
- сөйлеу түрін, сөйлеу тәсілін меңгерту;
- мәтіндегі тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып білуге жетелеу.

**Қатысымдық практикалық бағыт бойынша:**

- оқушыларға тіл нормаларын меңгерту;
- тілдік жағдаяттарға лайық дұрыс қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету;
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;
- оқушылардың тілдік –эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
- этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру;
- сөз әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды меңгерту;
- шығармашылық қабілеттерді дамыту
- қарым-қатынас талаптарына сай іскерліктерді қолдана білуге баулу;
- пікірталас түрлеріне сай сөз қолдану біліктілігін қалыптастыру;

Осындай аталған міндеттердің жүзеге асырылуы тілдік білімнің әрі студенттің дүниетанымының қалыптасуына, және олардың практикалық іскерлік дағдыларының базасы ретінде қызмет етуіне негіз қалайды [7, 21-27].

#### Әдебиет

1. Сейтешов А.П. Жас жұмысшыларды тәрбиелеудің кәсіби бағыттылығы педагогикалық мәселе: автореф. дисс.пед.ғыл. док. – Алматы, 1974. – 30 б.
2. Нургалиева Г.К. Тұлғаның құндылау бағдары жүйесінің психологиялық педагогикалық негіздері: автореферат дис.пед.ғыл. док. – Алматы, 1993. – 48 б.
3. Багаева И.Д. Педагогика қызметінде мамандыққа құндылықпен қарау. Усть- Каменогорск, 1989. – 158 б.
4. Борисова Е.М. Тұлғалық және мамандық. – М.: 1991. – 181 б.
5. Фонарев А.Р. Мамандану барысында тұлғаның өсу түрлері // Психология сұрақтары. 1997. №2. – 88 – 93 б.
6. Рыскельдина А.А. Кредиттік оқыту жағдайында тіл маманы студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту: канд.дисс. – Алматы, 2010. –135 б.
7. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілі тұжырымдамасындағы тәрбие беруге қойылатын талап// Мектептегі шетел тілі, 2008. №2. – 21– 27 б.

**Асар ЖАСКАЙРАТОВ**

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
4-курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: А.ДАУТКУЛОВА*

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
аға оқытушы, филология ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан, Атырау қ.)*

## **АКАДЕМИК Ә.ҚАЙДАРДЫҢ ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ**

**Андатпа.** Мақалада атақты академик Әбдуәлі Тұғанбайұлы Қайдардың латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасаудағы ұстанымдары қарастырылады. Қазақ әліпбиінің тарихы мен түркі тілдеріне ортақ әліпби құрастырудағы ғалымдар еңбектері зерделенеді.

**Тірек сөздер:** Ә.Қайдар, әліпби, латын, графика, емле, жазу, әріп.

**Аннотация.** В статье рассматриваются позиции известного академика Абдуали Туганбаевича Кайдара в создании казахской письменности, основанной на латинской графике. Повествуется история казахского алфавита и труды ученых по составлению общего алфавита для тюркских языков.

**Ключевые слова:** А.Кайдар, алфавит, латынь, графика, орфография, письмо, буква.

**Abstract.** The article examines the positions of the famous academician Abduali Turganbayevich Gaidar in the creation of Kazakh writing based on Latin graphics. The history of the Kazakh alphabet and the works of scientists on the compilation of a common alphabet for the Turkic languages are narrated.

**Keywords:** A.Kaidar, Alphabet, Latin, graphics, spelling, writing, letters.

Латын қарпіне көшу – елімізде ондаған жылдар бойы терең зерттеліп, ерекше байыппен қарастырылып жатқан қазақ тіл білімінің ғана емес, мемлекеттің әлеуметтік-саяси маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі. Белгілі бір әліпбиден құрылысы жағынан мүлде өзгеше келетін әліпбиге көшу – тілімізде таң қалатын, таңдай қағатын, бұған дейін болмаған құбылыстардың бірі емес. Тарих бедеріне көз салсақ, қазақ емлесі бірнеше өзгерісті бастан кешірді. Алғашқы 1912 жылы қолданысқа енген, қазақ тілтанымның негізін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының араб әліпбиі негізінде жасақтаған төте жазуы. 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының (Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Мұхтар Саматұлы, Ишанғали Арабайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Николай Бутовский және т.б.) бірінші съезінде қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелерімен қатар жазу ережелері, әліпби мәселесі де қаралды [1,26]. Осы кезекте А.Байтұрсынұлы бас баяндама жасап, өзінің қазақ тілінің барлық ерекшеліктерін сақтай отырып, жасақтаған төте жазуының қай жағынан болса да ең қолайлы, ең ыңғайлы әріптерден тұратынын дәлелдеп берді. Бұл үлгі 1929 жылға дейін пайдаланылды, яғни сол аралықта қазақ даласында жазылған еңбектердің барлығы араб жазуы негізінде хатқа түсті. Қазан төңкерісінен кейін латын әліпбиі сауат ашуда болсын, баспа ісінде болсын қазіргі қолданыста жүрген әліпбиден әлдеқайда тиімдірек деген пікірлер негізінде қазақ емлесі латын графикасына ауысты. Жиырманшы ғасырдың басындағы І.Кенесбаев, Ш.Сарыбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Жиенбаев сияқты т.б. тілтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектерінде аталған мәселеге қатысты сөз болды. Осы кезеңде латын-негізді әліпби сауатсыздықты жоюға айтарлықтай әсерін тигізді. Бұл графика ұлттық тілдің емле-ережелері мен фонетика-фонологиялық, грамматикалық ерекшеліктері сақталған, тарихы мен түбі бір түркі халықтарына ортақ, ыңғайлы әліпби негізінде жасақталған. Дегенмен бұл кезеңде де емлеге қатысты пікірлер екіге бөлінді: латыншылдар мен арабшылдар. Бұны талқыланып жатқан мәселеге қатысты қазақ басылымдарда бірқатар мақалалар жарияланған. М.Дулатов, Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін ке-

рек?», Н.Төреқұловтың «Бізге қандай әліппе керек?», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаев, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытов, М.Мұхтарұлы, О.Жандосұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» секілді пікірлері ортаға салынды [1,36]. Нәтижесінде 1929-1939 жылдар арасында латын графикасы негізді жаңа қазақ әліпбиі қолданысқа шықты. Кейін қазақ тарихында айтарлықтай орын алған саяси қуғын-сүргін жылдарының кесірінен емлемізде латын жазуынан кирилл графикасына көшу идеясы 1940 жылы қабылданды. Қазіргі таңда қолданыста жүрген әліпби осы орыс графикасына негізделген жазу. Демек, отандық ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ емлесінің тарихы мен қолданысын төмендегідей кезеңдерге қарастырамыз:

1. Төте (араб) жазуы (1912-1928 жж.) – 16 жыл;
2. Латын жазуы (1929-1939 жж.) – 10 жыл;
3. Кирилл жазуы (1940 жылдан күні бүгінге дейін) – 80 жыл қолданыста.

Ендігі кезекте, ғылыми кеңістікте кеңінен орын алып, терең талқыланып жатқан осы кирилл жазуынан латын қарпіне көшу мәселесі екендігін естімеген қазақ жоқ шығар. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру реформасы ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдардан бері көтеріліп келеді. Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі жобаларын жасақтауда өз ой-пікірлерін білдіріп, айтарлықтай ат салысқан Ә.Қайдар бастаған, Ә.Жүнісбек, М.Жұрын, М.Хасенов, К.Мұсаұлы, С.Мәметов, Н.Уәли, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, Н.Әміржанова, Г.Мамырбекова, М.Сайланбек тәрізді ғалымдар легін атап өтеміз.

Қазақ тілтанымында осы мәселеге қатысты қарымды үлес қосып, алғаш көшу реформасын ұсынған академик-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың есімі мен еңбегі ерекше бағаланады. Ол «Ана тілі» газетінде жариялаған «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаласынан бастау алады. Академик Елбасына «Ашық хат» жолдап, еліміз латын әліпбиіне көшу керектігін айтып, өз үлгісін ұсынды. Сол кезден бастап латын қарпіне көшу мәселесі қозғалып, қазақ тілтанымының «ғылыми майданында» кең талқыға түсіп келеді. Тілтанушылардың бұл мәселені алғаш болып қоғам алдына тартуының басты себебі әліпби реформасының ең алдымен тілдің болашағы үшін қажеттілігінен туындады.

«Жер бетінде тарыдай шашылып, тарап кеткен, бүгінде 130 миллиондай түркі тектес халықтар үшін жазу, әліппе мәселесі көптен (1926ж) бері дұрыс шешімін таба алмай келе жатқан күрделі мәселе. Әркезде қолданыста болған (орхон, араб, латын, кирилл) жазуларының ішінен бүгінгі заман талабына сай, әрі қолайлы, әрі ортақ жазу сайлау алуға байланысты түрік халықтары арасында кейінгі кезде қайта өріс ала бастаған қоғамдық үрдістің барысын бағамдап қарасақ, елдің ықылас-ниеті көбіне-көп латын әліппесіне ауып отырғанын айқын көреміз. Басқаларды былай қойғанда, бүгінгі ТМД елдеріндегі отыздан астам түркі халықтары мен ұлыстары ішінен, мәселен, әзірбайжан мен гагауыздар латын әліппесін ресми қабылдап, іс жүзінде қолдана бастаса, түрікмендер мен өзбектер осы жазуға өту жөнінде жақында шешім қабылдады. Қырғызстан болса, Президенті арнайы құрған Мемлекеттік комиссияның латын әліппесі жөніндегі ұсынысын қабылдау алдында тұр. Осы сияқты әрекеттердің Татарстанда да, Башқұртстанда да, Қырым татарлары, қарашай, балқар арасында да қызу жүріп жатқандығын жақсы білеміз», - дейді ғалым [2, 423].

Қазақстан латын әліпбиіне көшеді деген хабар шыққалы бері, ғалымдар арасында алуан түрлі сын мен пікірлер таласқа ұшырады. Жаңа әліпби жасауға қатысты жүздеген жобалар ұсынылған. Әр жобаға көз жүгіртсек, мәселе тудыртып тұрған негізгі тартыс 4-5 таңба төңірегінде ғана көрінеді. Ол әркімнің реформатор болғанын қалап, қазақтың жаңа әліпбиінде өз қолтаңбасын қалдырғысы келетіндіктен екені анық. Аталған мәселеге академик Ә.Қайдардың көзі тірісінде қалдырып кеткен жобасына тоқталарлық.

№	Латын әліпбиі Баспа түрі	Кирилл әліпбиі	Әріптердің аталуы
1	А а	А а	а
2	А	Ә ә	ә
3	В в	Б б	бы

4	D d	В в	ды
5	E e	Е е	е
6	G g	Г г	гі
7	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы
8	İ i	Ы ы	ы
9	Í î	І і	і
10	J j	Ж ж	жы
11	K k	К к	кі
12	Q q	Қ қ	қы
13	L l	Л л	лы
14	M m	М м	мы
15	N n	Н н	ны
16	Ñ ñ	Ң ң	ың
17	O o	О о	о
18	Ö ö	Ө ө	ө
19	P p	П п	пы
20	R r	Р р	ры
21	S s	С с	сы
22	S	Ш ш	шы
23	T t	Т т	ты
24	U u	Ү ү	ү
25	U	Ү ү	ү
26	W w	У у	у
27	Y y	Й й	йй
28	Z z	З з	зы

«Егемен Қазақстан», 2000. 26 шілде

1993 жылы Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан сияқты алты ірі түркі мемлекетінің өкілдері бас қосқан Анкара біг қаласында өткен құрылтайда 34 әріптен тұратын ортақ әліпби қабылданды. Академик жобасындағы әліпби осының төңірегінде жасақталып отыр, өйткені бұл – барлық түркі тілдеріне бірдей қойылған талап болғандықтан, одан ауытқуға болмайды. Оған қоса ғалым өз жобасын «бір дыбысқа – бір әріп» принципі ұстанып жасақтаған. Яғни жоба 9 дауысты мен 19 дауыссыз дыбысты белгілейтін барлығы 28 латын әрпінің таңбасынан тұрады. Әліпбидің бұл үлгісі де түрлі сынға ұшырады. Осы мәселеге қатысты алғаш пікір таластырып, ұсыныс беруге жұртшылық қолында тілге тиек еткен осы үлгі болған. Демек жоғарыда берілген үлгі- ғалым Ә.Қайдар құрастырған қазақ емлесін латынға көшірудегі алғашқы үлгі.

Осы мәселеге қатысты айтарлықтай зерттеу жүргізген ғалымдардың ішінде зерттеуші Б.Д.Дүйсенбек қазіргі күні түркітануда қолданылып жүрген Ортақ түркі әліпбиінен бастап, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жариялаған (2019, 2021ж.) әліпбиді, апострофты әліпбиді, ақут арқылы жазылатын әліпбиді және басқа да түркілік негізді әліпбилерді жаңа қазақ әліпбиіне салып, салыстырмалы талдау жасаған. Зерттеу нәтижесінде латын графикасында бұрыннан бар а, е, і, о таңбаланулары көзге қонымды көрінсе, ә, ы, ө, ү, ұ дыбыстары таңбалауға қиындық туғызып тұр.

Ғалым: «Бұдан бөлек, біз ағылшын тіліне негізделген клавиатурадағы 28 таңбаның барлығын пайдалануды көздегеніміз жөн. Сонда, қазіргі қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбысты таңбалауға латын әріптері өздігінен сәйкес келіп тұр. Соның ішінде, 6 дауысты дыбысты былай таңбаласа: **а –а, е –е, о –о, ұ –у, ы –у, і –і**. Ал ә, ө, ү дыбыстарына басқаша амалдарын қарастыра келсек, осы жерде «умляут» диакритикалық таңбалары бар ä, ö әріптерін пайдалануға болады.



Мәселен, ә-ә, ө-ө деп 2 дыбысқа «умляут» пайдаланса, алдындағыдай аса көп қиындықтар ту-дырмайтын еді. Ал ү дыбысын латынның v әрпімен таңбаласа еш сөгеттік байқалмайды. Себебі, латынның бұл v әрпінің өзі біз ұ-ны таңбалап отырған u әрпінен шыққан. Кейін келе бұлардың қосындысынан w әрпі пайда болған. Сондықтан да ү-нің орнына v әрпін еркін қолдана беруге болатын еді. Біздің ұсынымыз, дауысты дыбыстарға «умляут», дауыссыз дыбыстарға диграф коданса біраз мәселенің басы ашылатын еді»-деген пікір келдірген [4,76].

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қазақ әліпбиін латынға ауыстыру мәселесіне тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» деген болатын. Ал, жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүние жүзінің халқымен, әлемнің ғылыми-біліммен қарым қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ, бұл мақсатқа біз үлкен сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек», – деп атап көрсетті.

Кейін қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруге байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Латын графикасындағы әліпбиге көшу мәселесінде асығыстық танытуға болмайды. Тынғылықты, тексерілген ұстаным талап етіледі. Жан-жақты сараптау және жаңа әліпбидің барлық аспектілерін әзірлеу қажет. Латын әліпбиінің ұсынылған үш нұсқасы да жетілдірілмеген болып шықты. Сондықтан бұл проблемада шынайы ғылыми әдіс керек және жеңілдетуге болмайды... Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіздер тілімізді жаңғырту қажет. Ғалымдарымыздың салмақты пікірлерін күтеміз. Тағы да қайталап айта-мын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз. Мұндай ұлтымыз үшін тағдыршешті мәселеде науқаншылдыққа және жеңілтектікке жол беруге болмайды» [5].

Біз қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру дегенді ағылшынның әріптерін қоя салу деп түсінбей, өз тіліміздің табиғатын сақтайтындай етіп жасағанымыз дұрыс. Көп жағдайда бұл ерекшеліктер ескеріле бермейді. Қазақ тілі – жиырманшы ғасырға дейін таңбаға байланбай, еркін дамып, дыбыстық жағынан әбден жүйеленген тіл. А.Байтұрсынұлы ешбір тілге, ұлтқа алаңдамай, қазақ тілінің табиғатына ыңғайлап, бір жүйеге салып берді. «Ғалымның негіздеп берген емле ұстанымы – дыбыстың фонетикалық қоршауға неғұрлым тәуелсіз түрі жазылатын фонемдік принципі – қазақ орфографиясының негізгі принципі болып алынды» [6, 63]. Қазіргі таңда біз бұл жүйемізден айырылып қалып тұрмыз. Бұны кері қалпына келтіру үшін тілдегі әрбір бірліктің қызметін терең түсіне отырып, табиғатын сақтайтындай қылып, әуені мен әуезін бұзбайтындай етіп, халыққа тиімді әрі онай игеретіндей әліпби жасауымыз қажет. «Әріпке бола тілді бұзбайды. Тілге бола әріпті бұзып өзгертеді» – деген Ақымет Байтұрсынұлы. Яғни тілімізді әліпбиге емес, әліпбиді тілімізге икемдегеніміз жөн.

#### Әдебиет

1. Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері. Тілдерді дамыту басқармасы. Алматы, 2018;
2. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар жинағы/ Ә.Қайдар- Алматы, 2014;
3. Жаңа емле. Оқу-әдістемелік құрал/ Қ.Күдерінова- Астана, 2019;
4. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі вокализмдер және қазіргі қазақ әліпбиіне транскрипциялау мәселелері. «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы/ Б.Д.Дүйсенов-Алматы, 2024;
5. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың латын әліпбиіне көшуге қатысты пікірі [https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-latyn-alipbiine-koshuge-katysty-pikiri\\_bildirdi\\_a3596574](https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-latyn-alipbiine-koshuge-katysty-pikiri_bildirdi_a3596574)
6. Қ.Күдерінова <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2021-1-63-66>

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ГИПЕРБЕЛСЕНДІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУҒА ҰШТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада гипербелсенді балалардың қазақ тілі сабағындағы тілдік дағдыларын зерттеу, түзету және дамыту әдістері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде гипербелсенді оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдану қажеттілігі артып келеді. Зерттеу барысында гипербелсенді балалардың тілдік қабілеттерін қалыптастыруда кездесетін негізгі қиындықтар мен олардың ерекшеліктері талданды. Гипербелсенділік табиғатының ғылыми сипаттамасы беріліп, балалардың оқу процесіне бейімделу деңгейі анықталды. Мақалада Талдықорған қаласындағы мектеп оқушыларымен жүргізілген тәжірибелік зерттеудің нәтижелері ұсынылып, гипербелсенді балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістер ұсынылған. Сондай-ақ, гипербелсенді балалармен жұмыс жасауда қысқа әрі түсінікті тапсырмалар, визуалды және интерактивті әдістерді қолданудың маңыздылығын атап өтіледі. Сонымен қатар, балалардың белсенділігін тиімді арнаға бағыттау үшін қозғалыспен ұштастырылған оқыту әдістерінің тиімділігі көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Гипербелсенді балалар, тілдік дағдылар, қазақ тілі сабағы, лексикалық құзыреттілік, оқыту әдістемесі, оқу процесі

**Аннотация.** В статье рассматриваются методы изучения, коррекции и развития языковых навыков гиперактивных детей на уроках казахского языка. В современной системе образования возрастает потребность в использовании специальных методических приемов с учетом индивидуальных особенностей гиперактивных учащихся. В ходе исследования были проанализированы основные трудности, с которыми сталкиваются гиперактивные дети при формировании их языковых способностей, и их особенности. Дана научная характеристика природы гиперактивности и определен уровень адаптации детей к процессу обучения. В статье представлены результаты экспериментального исследования с учащимися школ города Талдықорған и представлены эффективные методы, направленные на развитие речевых навыков гиперактивных детей. Авторы подчеркивают важность использования кратких и понятных заданий, наглядных и интерактивных приемов в работе с гиперактивными детьми. Кроме того, показана эффективность методов обучения в сочетании с движением, чтобы направить активность детей в эффективное русло.

**Ключевые слова:** гиперактивные дети, языковые навыки, Уроки казахского языка, лексическая компетентность, методика обучения, учебный процесс

**Abstract.** The article discusses the methods of studying, correcting and developing the language skills of hyperactive children in Kazakh language lessons. In the modern education system, there is an increasing need to use special methodological techniques, taking into account the individual characteristics of hyperactive students. The study analyzed the main difficulties faced by hyperactive children in the formation of their language abilities, and their characteristics. The scientific characteristic of the nature of hyperactivity is given and the level of adaptation of children to the learning process is determined. The article presents the results of an experimental study with students of schools in Taldykorgan and presents effective methods aimed at developing the speech skills of hyperactive children. The authors emphasize the importance of using concise and understandable tasks, visual and interactive techniques in working with hyperactive children. In addition, the effectiveness of teaching methods in combination with movement has been shown to direct children's activity in an effective direction.

**Keywords:** hyperactive children, language skills, Kazakh language lessons, lexical competence, teaching methods, educational process.

Қазіргі технологиялық мәдениет қарыштап дамып жатқан уақытта білім берудің парадигмалары да тың өзгерістер мен көзқарастарды қажет етеді. Осындай ауқымды үрдістер «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында оқушылардың жеке ерекшеліктерін негізгі назарға ала отыра, сабақ құрастырудың маңыздылығын айқындайды. Ерекше назарды қажет ететін балалардың санатына гипербелсенділерді жатқызуға болады. Көп жылғы тәжірибе нәтижелері мен жинақталған зерттеу материалдарының негізінде гипербелсенді балаларға «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында әсіресе, тілдік дағдыларын қалыптастыруда оларға арнайы тапсырмалар жүйесін қалыптастырудың маңыздылығы байқалып отыр. Оған зерттеушілер де назар аударуда: «...гипербелсенді балалар саны жыл сайын артып келеді. Ғалымдардың пікірінше, оқушылардың 20%-нда шамадан тыс қозғалғыштық, зейін тұрақсыздығымен сипатталатын гипербелсенді бұзылыстар байқалады» [1, 39]. Ал оқушының тілдік дағдысын қалыптастырып, дамыту үшін зейін тұрақтылығы маңызды фактор болып табылады. Дегенмен, қазіргі қалыптасқан жағдайда гипербелсенді оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отыра оқытуды қамтамасыз ету әр мұғалімнің міндеті. Сондықтан гипербелсенді оқушылардың тілдік дағдысын қалыптастыру үшін оларға икемделген, ыңғайлы әрі мазмұнды әдістерді қолданудың құндылығы зор. Осыған байланысты мәтіндермен жұмыс жасау арқылы гипербелсенді оқушылардың тілдік дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсыну өзекті болып отыр. Ал гипербелсенді балалар саны күннен күнге артып келеді.

Гипербелсенді сөзі «гипер» және «белсенді» екі сөздің бірігуі арқылы жасалған. Грек тілінен аударғанда «Нурег» – шамадан тыс белсенді деген мағынаны білдіреді [2].

Алғаш рет XIX ғасырдың ортасында неміс нейропсихиатры Генрих Хоффман шамадан тыс қозғалғыштыққа бейім, гипербелсенді баланы зерттеді. Ғалым өте белсенді балаларды елеусіз қалдыруға болмайтынын атап өтіп, олардың үнемі қозғалыста болатынына назар аударады. Кейінірек француз Дж.Филипп пен П.Бонкур «Оқушылар арасында кездесетін психологиялық ауытқулар» кітабында (1911 жылы шыққан) эпилептиктермен, астениктермен, ашуланшақтармен қатар тұрақсыз оқушыларды да бөліп көрсетті. Содан бері көптеген ғалымдар мінез-құлықтың невротикалық ауытқуларын, сондай-ақ балаларда оқу барысында кездесетін қиындықтарды зерттеді, бірақ баланың жай-күйіне ғылыми тұрғыдан анықтама беріп, нақты диагноз қою қиынға соқты. Себебі ауру белгілері басқа да невротикалық аурулардың белгілерімен сәйкес келгендіктен айырмашылығы анықталмаған еді. Тіпті бірдей белгілерді сипаттау кезінде зерттеушілер гипербелсенділік синдромын басқаша атады. Яғни соңғы уақытқа дейін бұл аурудың атауына қатысты бірыңғай көзқарас болған жоқ. Гипербелсенділік «мидың жеңіл дисфункциясы», «гиперкинетикалық созылмалы ми синдромы», «мидың жеңіл зақымдануы», «жеңіл балалар энцефалопатиясы», «гиперкинез» және т. б. деп аталып жүрді.

1947 жылы Оксфордта өткен Халықаралық невропатологтар жиналысында медициналық әдебиеттерде 100-ге жуық клиникалық көріністерді сипаттайтын «мидың жеңіл дисфункциясы» ауруының белгілері анықталды, атап айтқанда дисграфия, (жазудың бұзылуы), дизартрия (сөйлеу артикуляциясының бұзылуы), дискалькулия (санаудың бұзылуы), шоғырланудың жеткіліксіздігі, агрессивтілік, ебедейсіздік, нәрестелік мінез-құлық және т. б.

1987 жылы американдық мамандардың «психикалық аурулардың диагностикалық және статистикалық нұсқаулығын» қайта қарау кезінде аурудың атауын «назар жетіспеушілік және гипербелсенділік синдромы (СДВГ)» енгізіліп, оның белгілері (критерийлері) нақтыланды. Ғалымдардың пікірінше, бұл атау гипербелсенділік құбылысының мәнін дәл ашады. Белгілерінің нақтылануы ғылымда жаңа бетбұрыс жасады. Нәтижесінде осындай ауру қаупі бар балаларды диагностикалау әдістемесін стандарттауға және әртүрлі елдердегі зерттеушілер алған деректерді салыстыруға жол ашты [3]. Гипербелсенді балалардың ерекшеліктерін анықтау үшін американдық нейропсихолог Рассел Барклидің статистикалық зерттеу деректеріне назар аударайық.

Орташа алғанда 30 оқушыдан тұратын әр сыныпта 1-3 гипербелсенді бала бар. Гипербелсенді балалардың эмоционалды даму қарқыны қатарластарына қарағанда 30%-ға төмен болады. Мысалы, гипербелсенділігі бар он жасар бала шамамен 7 жасар баланың жетілу деңгейінде эрекет етеді, 16 жасар жасөспірім 11 жасар бала деңгейінде шешім қабылдау дағдыларын қолданады. Гипербелсенді балалардың 65%-да нұсқау орындауында мәселе болады. Мұндай балалар қандай да нұсқау берген сәтте аяқ асты ашуланып, сөз қайтаруы мүмкін.

Гипербелсенді оқушылардың 25%-ы оқу кезінде дағдыларды игеруде қиналады. Мысалы айтылған дағдысында өз ойын еркін жеткізуде қиналса, тыңдалым дағдысында зейінін шоғырландыра алмағандықтан мұқият тыңдай алмай, естіген ақпараттың көбі жадында қалмайды. Сондай-ақ оқыған нәрсесін түсінуде, есептеуде қиналады. Гипербелсенді оқушыларда қатарластарына қарағанда өз ойын дұрыс жеткізіп, сөйлей алмау мәселесі екі-үш есе көп кездеседі [4]. Осы орайда гипербелсенді оқушылардың ерекшеліктеріне тоқталайық:

- 1) Қолы мен аяғы тынымсыз қозғалып тұрады. Орындықта, партада отырған кезде жан жағына қарап, артына бұрылып отырады;
  - 2) Мұғалім тыныш отыруын талап етсе де, тыныш отыра алмайды;
  - 3) Сыртқы факторларға тез алданады;
  - 4) Топтық жұмыс кезінде немесе ойын барысында өз кезегін әрең күтеді;
  - 5) Мұндай оқушылар сұрақты соңына дейін тыңдамастан жауап береді;
  - 6) Берілген тапсырмаларды орындау кезінде қиындықтар туындайды (бұл баланың түсінігі мен немесе теріс мінез құлқымен байланысты емес);
  - 7) Тапсырманы орындау кезінде соңына дейін назарын тек тапсырмада ұстап отыруы қиын;
  - 8) Көп жағдайда бір істі аяқтамай жатып, екінші іс-әрекетке көшеді;
  - 9) Ойын ойнау барысында тыныштық сақтап ойнай алмайды;
  - 10) Көп сөйлейді;
  - 11) Көбіне басқаларға кедергі келтіреді (мысалы, басқа балалардың ойындарына араласады);
  - 12) Көбіне өзіне бағытталған сөзді тыңдамайды;
  - 13) Өзінің жеке қажетті заттарын үнемі жоғалтып жүреді;
  - 14) Кейде ол салдары туралы ойланбастан қауіпті әрекеттер жасайды бірақ ол шытырман оқиғаны мақсатты түрде іздемейді (мысалы, жан-жағына қарамай дәлізде қатты жүгіреді). Егер барлық белгілердің кем дегенде сегізі болса, бала гипербелсенді оқушы боп саналады.
- Бала гипербелсенді деп танылса, түзету жұмысының бағытын анықтау керек. Осы тұста біз сыныптағы гипербелсенді балаға қалай көмектесуге болатынын төмендегі кестеде көрсеттік:

*1-кесте*

#### Гипербелсенді балаға сабақта көмектесу жолдары

Оқушының әрекеті	Шешімі	Болжам
Сырттан сыныпқа келгендерге, сыныпта немесе басқа бөлмелерде болып жатқан әрекеттерге назар аударып, онай алаңдайды.	Оқушыны алдыңғы партаға немесе ортасына таман отырғызыңыз, оны алаңдатуы мүмкін нәрселерден алыс ұстаныңыз.	Оқушы сыртқы факторларға алаңдап кетсе де, мұғалімнің бақылауында болғандықтан назарын сабаққа бұру онай болады.
Жеке кеңістіктің не екенін түсіне бермейді, сөйлесу мақсатында парта арқылы басқа оқушыларға жақындауға немесе жанына баруға тырысады.	Парталар арасындағы қашықтықты алшақтатыңыз.	Оқушы мұғалімнің назарын өзіне аудартпас үшін, алшақ тұрған партаға бара қоймайды.
Берілген жұмысты уақытында аяқтай алмайды.	Тапсырманы орындауға қосымша уақыт беріңіз. Тапсырма орындау кезінде сыртқы факторларға алаңдамауын айтып, алаңдаса өзінің уақытын жоғалтатынын ескертіп отырыңыз.	Мұғалім алаңдамауын ескертіп отырса, оқушы тапсырма орындайтын уақытының өтіп жатқанын түсініп алаңдамауға тырысады.
Тапсырманы жақсы орындай бастайды, бірақ соңында жұмыс сапасы нашарлайды.	Ұзақ тапсырмаларды бөліктерге бөліңіз; Гипербелсенді бала зейінін бір жерде ұзақ ұстай алмағандықтан тез орындалатын тапсырмалардан көбірек берген абзал. Әр тапсырманы орындаған сайын бағалап отырыңыз.	Әр тапсырмадан соң бағаланған оқушы, жеңіл тапсырмадан көбірек жасауға ұмтылады. Ұзақ тапсырмаларды орындауды бөліктерге бөліп, әр бөлікке баға берілгендіктен ұзақ тапсырманы да соңына жеткізіп орындайды.

Дәптерлерінде жүйе жоқ.	Бөлімдерге бөлінген папкаларды ұсыныңыз.	Ұзақ уақыт осындай бөлімдерге бөлінген папкаларды пайдалану арқылы бала бір жүйеге дағдыланады. Болашақта дәптерінде жүйе пайда болуы мүмкін.
Үйге берілген тапсырмаларды ұмытып қалады.	Оқушыға өзіне ғана арналған күнделік іспетті тапсырмалар жазып отыратын дәптер арнатыңыз.	Үй жұмысы деген кезде күнделік дәптері ассоциация туғызады.
Әрдайым қозғалыста болуды қалайды.	Қозғалыста болуға мүмкіндік беріңіз, сондай-ақ кейде тапсырмаларды орындау барысында тұрып кетіп жатса, рұқсат етіңіз. Сондай ақ, тапсырмаларды орындау барысында бала қозғалыста болатындай етіп ұйымдастырыңыз. Мысалы: «Қар кесегі», «Миналы алқап» әдістерін пайдаланып көріңіз.	Гипербелсенді балаларға тапсырмаларды осындай қимыл қозғалыспен іске асатын ойын түрінде ұсыну балалар артық энергиясын дұрыс бағытта жұмсауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.
Ұжымда жұмыс істеу дағдысы қалыптаспаған.	Ұжымдасып жұмыс істеуге қызықтыру үшін марапат ұсыныңыз. Гипербелсенді балаға арналған бөлек дескриптер құрып келіңіз.	Гипербелсенді баланың сабақтағы әр әрекеті бағаланатынын түсінуі, баланың сабаққа көңіл бөлуге әсер етеді. Соның ішінде топтық жұмыс жасай алғаны да бағаланатынын білсе, оқушы топпен жұмыс істеуге дағдылануы мүмкін.

Жоғарыда гипербелсенді балалардың ерекшеліктерін атап көрсеттік. Сабақ барысында мұғалім осы ерекшеліктерді ескере отырып, балаға білім беруге тырысу керек.

Оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде:

- баланың шаршау дәрежесіне байланысты қызмет түрлерінің өзгеруін қамтамасыз ету;
- баланың моторлық қажеттілігін ескере отырып, іске асыру;
- оқытудың алғашқы кезеңдерінде дәлдікке қойылатын талаптарды төмендету;
- сергіту жаттығуларын орындау және бұлшықет қысқыштарын алу (қол массажы, саусақ ойындары және басқалар);
- мұғалімнің нұсқаулары анық және қысқа болуы;
- оқытудың мультисенсорлық әдістерін қолдану;
- сабақтың басында білімді тексеру;
- қатаң тыйым салудан аулақ болу маңызды [5].

Гипербелсенді балаларда сөйлеу қабілеттерін, атап айтқанда, лексикалық құзыреттілікті игеру қалыпты дамуы бар балаларға қарағанда қиынырақ болатындығын ескере отырып, ең алдымен мұғалімнің өзі сабаққа жете дайындалуы керек. Оның сындарлы міндеттерінің бірі-лексикалық құзыреттіліктің даму кезеңдеріне синдромның көрінісі мен ауырлығының әсерін ескеру. Осы факторды анықтау үшін мектеп жасындағы балалардың лексикалық нормаларды игеруіне назар тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуының түрі қалай әсер ететіндігі туралы зерттеу жүргізілді.

Зерттеу Талдықорған қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы 10-шы мектептің оқушыларымен жүргізілді. Зерттеуге 10 адамнан тұратын 5-сынып оқушылар тобы қатысты: 4 қыз, 6 ұл. Барлық субъектілерге бұрын әртүрлі типтегі назар тапшылығы гиперактивтілігінің бұзылуы диагнозы қойылған. Зерттеу жүргізілгенге дейін тек бірнеше бала бір сыныпта немесе мектепте бірге оқыды, бір топқа бірігу эксперимент кезінде ғана болды.



Зерттеу қазақ тілі сабағында жүргізілді, онда балаларға лексикалық нормаларды меңгеруге арналған бірқатар тапсырмаларды орындау ұсынылды. Сабақ алгоритмі субъектілердің даму ерекшеліктерін ескере отырып құрылды. Құпиялылықты сақтау мақсатында субъектілердің есімдері өзгертілді, баланың жынысы мен жасы сенімді болып табылады. Осы топтағы балалардағы бұзылулардың типологиясы келесідей бөлінді:

2-кесте

**Зерттеу тобындағы балалардағы бұзылыс типологиясы**

Есімі	Жасы	Бұзылыс түрі
Жанна	12	Гипербелсенді
Аружан	11	Гипербелсенді
Ерік	11	Гипербелсенді
Ахмет	12	Гипербелсенді
Еркін	11	Гипербелсенді
Жазира	12	Гипербелсенді
Гүлім	11	Гипербелсенді
Бекжан	12	Гипербелсенді
Бекболат	11	Аралас түрі
Болат	12	Аралас түрі

Мақсаты: Гипербелсенділігі бар 5-сынып балаларындағы лексикалық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау. Эксперименттік жұмыста сұхбаттасу әдісі қолданылды. Бұл әдіс оқушылардың ауызша жауаптарын диагностикалау үшін жүзеге асырылды. Лексикалық дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері білім беру стандартына сәйкес қазақ тілінде оқытудың базалық деңгейінің талаптарынан алынды.

Жоғарыда аталған критерийлер мыналарды көздеді: 1) барлық дыбыстардың анық айтылуы мен естудегі айырмашылығы; 2) сөздердегі екпіннің сақталуы; 3) орфоэпияның барлық негізгі ережелерін білу; 4) сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері тұрғысынан дұрыс айтылуы; 5) сөздің семантикалық мағынасын дұрыс қолдану. Осы критерийлер негізінде келесі бағалау шкаласы жасалды: жоғары деңгей – сөйлеу түсінікті, білім алушы тұжырымдалған коммуникативті тапсырмаға сәйкес логикалық түрде айтылымды дұрыс құрады; орта деңгей - негізінен сөйлеу түсінікті, білім алушы тапсырмаға сәйкес логикалық түрде айтылымды дұрыс құрады, бірақ оқушы жеке лексикалық қателіктерге жол береді; төмен деңгей –лексикалық және грамматикалық қателерге жол беріледі. «3» балл - тапсырмаға сәйкес келетін сөздік қорын көрсетеді; «2» балл - негізінен қойылған тапсырмаға сәйкес келетін жеткілікті сөздік қорын көрсетеді, бірақ сөздерді таңдауда біршама қиындықтар және оларды қолданудағы жекелеген дәлсіздіктер байқалады; «1» балл - шектеулі сөздік қорын көрсетеді, кейбір жағдайларда қалдырылған тапсырманы орындау үшін жеткіліксіз; «0» балл - қойылған тапсырманы орындау үшін сөздік қоры жеткіліксіз.

3-кесте

**Лексикалық дағдылардың қалыптасу деңгейі**

Аты Критерий	Жанна	Аружан	Ерік	Ахмет	Еркін	Жазира	Гүлім	Бекжан	Бекболат	Болат
Барлық дыбыстардың анық айтылуы мен естудегі айырмашылығы;	+	+	-	+	-	-	+	-	-	+

Сөздердегі екпіннің сақталуы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-
Орфоэпияның барлық негізгі ережелерін білуі	+	-	+	+	-	-	-	-	+	-
Сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері тұрғысынан дұрыс айтылуы	-	+	-	+	-	+	-	+	+	-

Алынған мәліметтер түрлі тілдік дағдылардың бұзылысын көрсетеді. Көбіне балалар сұраққа «себебі» деген сөздермен жауап бере бастады, дегенмен жауап осы сұрақтың жауабын білдірмеді. Сонымен қатар балалар «ас үй пеші дегеніміз не?», «пісіру құралы» деген жауаптың орнына қатысушылар арасында «бұл оған бірдеңе пісірген кезде» деген жауап жиі естіледі. Әңгіме барысында субъектілердің сөздік қорының тапшылығы байқалады. Кейбір оқушыларға әңгіме тақырыбы бойынша көптеген сұрақтарға жауап беру үшін көмек қажет болды.

Ауызша әңгімелесу нәтижелері бойынша бағалау критерийлері мен шкаласын ескере отырып, нәтижелерді келесідей бөлуге болады.

4-кесте

#### Сұхбаттасу барысында анықталған зерттеу тобындағы балалардың сөздік қорының деңгейі


Субъектінің аты	Сөздікті белсенді қолдануы	деңгейі
Жанна	2 балл	Орташа
Аружан	2 балл	Орташа
Ерік	3 балл	Жоғары
Ахмет	3 балл	Жоғары
Еркін	3 балл	Жоғары
Жазира	2 балл	Орташа
Гүлім	1 балл	Төмен
Бекжан	2 балл	Орташа
Бекболат	2 балл	Орташа
Болат	1 балл	Төмен

Кесте деректерін талдай отырып, келесі қорытындылар жасауға болады:

10 субъектінің 3-еуі сөйлеуде лексикалық бірліктерді дұрыс қолданды, жеткілікті толық мазмұнды жауаптар берді, бұл талқыланатын тақырып бойынша жақсы білімді көрсетеді.

10 субъектінің 5-еуі жеткілікті сөздік қорына ие, бірақ олар сөйлеу тізбегін құруға лексикалық бірліктерді косуда қиындықтарға тап болды.

10 оқушының 2-еуі қойылған сұрақтарға жауап беруде көптеген қателіктер жіберді, олардың түсіндірмелері жиі түсініксіз болды. Ауызша сауалнама негізінде лексикалық дағдылардың қалыптасу деңгейі диаграмма түрінде де ұсынылған:



3-сурет. Зерттеу тобындағы балалардың лексикалық дағдыларының қалыптасу деңгейі пайызбен есептегенде.

Диаграммаға назар аударатын болсақ, зерттеу тобындағы балалардың 50%-ының сөздік қоры жеткілікті деңгейде. Десе де, бұл балаларда қосымша сөздік қорының аз екендігін көрсетті. Ал, 30% оқушының сөздік қоры жоғары деңгейде болса, 20%- оқушының сөздік қорының аз екендігі көрсетілген. Бұл 20% оқушылардан сұхбат алу барысында бұл балаларға кейбір сөздердің түсініксіз екендігі байқалды.

Зерттеу кезінде алынған бұл деректерге сүйене отырып, мынандай қорытынды жасасак болады:

- Гипербелсенді балалардың сөздік қорын арттыру ең алдымен балаға логикалық, синтагматикалық, парадигматикалық ассоциация туғызудан басталу керек;
- Жоғарыда атап өткен ассоциацияларды туғызу үшін балаларға ақпаратты тек мәтін күйінде беріп қоймай, мәтіндегі ақпаратқа негіздеп, сурет, иллюстрация түрінде тапсырмалар беру қажет;
- Тапсырмалар қысқа да нұсқа, барынша өмірден алынған мысалдармен берілуі керек;
- Сабақ барысында гипербелсенді балалар үшін арнайы «Миалы алқап», «Қар кесегі» сынды дене қозғалысымен бірге білім беруге бағытталған әдістерді қолданған жөн.

Қорыта келгенде, гипербелсенді балалардың қазақ тілі сабағындағы тілдік дағдыларын дамыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Жүргізілген зерттеу гипербелсенді балалардың сөйлеу, тыңдау және лексикалық қабілеттерін дамытуда кешенді, икемді тәсілдер қолданудың маңыздылығын көрсетті. Олардың ерекше мінез-құлықтары мен зейін тұрақсыздығын ескере отырып, қысқа, нақты тапсырмалар мен визуалды құралдарды пайдаланудың тиімділігі айқындалды. Сонымен қатар, қозғалыс пен ойын элементтерін оқыту процесіне енгізу, мысалы, «Миалы алқап» және «Қар кесегі» әдістерін қолдану, балалардың белсенділігін өнімді арнаға бағыттап, білімді меңгеру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде біз гипербелсенді балалардың сөздік қоры мен лексикалық құзыреттілігінің жетілуі үшін жүйелі әрі шығармашылық көзқарастың қажеттілігін айқындадық. Осы зерттеу жұмысымызда ұсынылған әдістемелік ұсыныстар мұғалімдерге гипербелсенді балалармен тиімді жұмыс жүргізуге және олардың қазақ тілін меңгерудегі мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған маңызды құрал бола алады деп ойлаймыз.

#### Әдебиет

1. Белоусова Е.Д., Никифорова М.Ю. Синдром дефицита внимания / гиперактивности. / Российский вестник перинатологии и педиатрии. – 2000. № 3. – 39 – 42 с.
2. Жмуров В.А. Гиперактивность // Большая энциклопедия по психиатрии. – 2-е изд.
3. Брызгунов И.П., Касатикова Е.В. Непоседливый ребёнок, или все о гиперактивных детях. – М.: Изд-во Института Психотерапии. – 2001. – 96 с.
4. Barkley, Russell A. ADHD and the nature of self-control. New York: Guilford Press. – 2005.
5. Акимова М.Е. психофизиологические особенности индивидуализации учащихся / М. Е. Акимова. – М., 1998. – 120 с.

**Қанағат АЛТАЙБЕКОВА**

*АО «Казахский университет технологии и бизнеса им.К.Кулажанова»  
кандидат филологический наук, ассоциированный профессор*

**Сағдат МОЛҒАЖДАРОВА**

*АО «Казахский университет технологии и бизнеса им.К. Кулажанова»  
старший преподаватель, магистр  
(Казахстан, г. Астана)*

## **СМЫСЛОВОЕ ЧТЕНИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ**

**Аннотация.** Необходимость развития критического мышления у студентов вузов становится все более актуальной в условиях глобализации образования, наличия огромного потока информации во всех сферах нашей жизни, передаваемой в текстовом формате. Будущему специалисту очень важно уметь быстро ориентироваться в этом растущем информационном потоке, находить необходимую для своей исследовательской и профессиональной деятельности информацию, оценивать ее и применять для решения проблем. Современным молодым людям необходимо постоянно проявлять способность находить информационно-смысловые взаимосвязи текстов разного типа и формата, в которых поднимается одна и та же проблема, соотносить информацию из разных текстов с фоновыми знаниями, критически оценивать информацию и делать собственные выводы. Именно на развитие этих способностей критического мышления направлено смысловое чтение.

**Ключевые слова:** *смысловое чтение, критическое мышление, стратегии, текст, студент, учебный процесс, методы.*

**Аңдатпа** Осы зерттеудің өзектілігі білім беру жүйесін дамытудың қазіргі үрдістерімен және қоғамның әлеуметтік сұранысымен анықталады. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған, кәсіби мәселелерді тиімді шеше алатын, өзіндік пікірі бар, ерекше идеяларды дамыта алатын мамандарды тәрбиелеу міндеті бүгінгі таңда маңызды стратегиялық бағыт болып отыр. Ой еркіндігі қоршаған әлемге сыни көзқарасты дамытуға, шығармашылық және сындарлы іс-әрекетке бағыттауға мүмкіндік береді. Осы ретте адамның еркін ойлауының маңызды сипаттамаларының бірі – сыни ойлау.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – жеке және психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, ақпаратты логикалық түрде елестете алу дағдысы, кейін барлық нәтижені қарапайым да, басқа да жағдайларда қолдану, сұрақтар қою, пікірді негіздеу және қорытынды жасай білу машығы. Мағыналық оқылымды меңгерту технологиясы сыни ойлаудың осы қабілеттерін дамытуға бағытталған.

**Тірек сөздер:** семантикалық оқу, сыни тұрғыдан ойлау, стратегиялар, мәтін, студент, оқу процесі, әдістері

**Abstract.** Relevance of the present research is defined by modern tendencies in development of the education system and social demand of society. One of the important strategic guidelines today is to educate experts with a developed ability of critical thinking, who are able to solve professional problems effectively, who create unconventional ideas and have their own opinions. Freedom of thought allows you to develop a critical attitude to the world around you and guide you in creative and constructive activities. In this regard, one of the most important characteristics of a person's free thinking is critical thinking.

Critical thinking is the ability to logically visualize information, taking into account personal and psychological characteristics in order to use the results in both ordinary and non-ordinary situations, be able to ask questions and justify opinions or conclusions. The techniques of teaching semantic reading are namely intended to develop these critical thinking abilities.

**Keywords:** semantic reading, critical thinking, strategies, text, student, learning process, methods.

В связи с глобализацией образования происходит огромное увеличение потоков знаний и информации во всех сферах общественной жизни. Их сила и динамика таковы, что с ними можно справиться только те, у кого развито критическое мышление. Ведь именно критическое мышление, как один из видов интеллектуальной деятельности человека, характеризуется вы-

соким уровнем восприятия, понимания, объективности подхода к окружающему его информационному полю. Поэтому главной целью высшего образования сегодня является не объем знаний или количество информации, а то, как будущие специалисты будут уметь управлять этой информацией: искать, наилучшим способом присваивать, находить в ней смысл, применять в жизни. Важно научить студентов уметь быстро ориентироваться в этом нарастающем информационном потоке, отобрать необходимое, важное, уметь самостоятельно думать, находить нужную для своей исследовательской и профессиональной деятельности информацию, оценивать ее и применять для решения проблем, делать объективные суждения на основе хорошо обоснованных доказательств. Необходимо целенаправленное развитие данных умений у студентов на занятиях по всем дисциплинам, в том числе и по русскому языку, так как это ведет к развитию у них навыков критического мышления. На занятиях в вузе исходным моментом в обучении критическому мышлению является не определенная проблема, которую необходимо понять, определить, оценить и решить, а смысловое чтение. Как сказал известный французский философ-просветитель Дени Дидро: «Человек перестает мыслить, когда перестает читать» [1].

Смысловое чтение как инструмент познания мира носит метапредметный характер и является универсальным учебным действием в системе планируемых результатов высшего образования, результатом образования и способом получения знаний, а также средством развития критического мышления студентов.

Новое поколение образовательных стандартов заставляет по-новому взглянуть на определение значения слова «чтение». Чтение следует рассматривать как качество человека, которое должно совершенствоваться на протяжении всей его жизни в разных ситуациях деятельности и общения. На протяжении многих лет ученые, педагоги и психологи из разных стран изучали отдельные аспекты смыслового чтения. Основные направления исследований: исследование взаимосвязи и взаимовлияния технического и смыслового чтения (Б.Г.Ананьев, Т.Г.Егоров, Д.Б.Эльконин, Дж.Мортон), описание трудностей в обучении смысловому чтению (А.П.Нечаев, П.П.Блонский, Е.В.Гурьянов, А.Р.Лурия, М.Н.Русецкая, Ж.И.Шиф, Л.С.Цветкова и другие), смысловое чтение как один из видов речевой деятельности (Н.И.Жинкин, И.А.Зимняя, А.А.Леонтьев, А.Н.Соколов, А.Д.Семкин), смысловое чтение как сложная функциональная система, имеющая многоуровневое строение (А.Р.Лурия, Т.В.Ахутина), смысловое чтение как психологическая система (Е.Л. Григоренко); психологическое содержание смыслового чтения (А.А.Зубченко, Л.Ю.Невуева, Л.Ф.Климанова).

В психолого-педагогической науке достаточно широко представлены исследования проблемы готовности к обучению в вузе (Г.Н. Александров, М.М.Гариффулина, А.А.Деркач, В.Я.Ляудис, Т.А.Нечаева, В.Н.Михайлова, Н.В.Нижегородцева, Ю.П.Поваренков, Н.С.Пряжников, В.А.Якунин и др.) Отмечается, что в процессе обучения обучающийся осваивает не только знания и умения, а «родовые» виды деятельности (А.Н.Леонтьев), в том числе и деятельность смыслового чтения, обеспечивающие «врастание ребенка в цивилизацию» (Л.С.Выготский).

Со временем исследователи пришли к выводу, что чтение – это специфическая деятельность, и сформулировали свое понимание того, как организовать процесс чтения обучающихся, какие тестовые задания они должны научиться выполнять. В науке существовало определение «объяснительного чтения», которое В.П.Шереметевский позже заменил на «сознательное чтение», которую также использовал в своих трудах К.Д.Ушинский [2]. Другие авторы употребляли в своих трудах определения «отчетливое чтение», «творческое чтение» [3]. Другие ученые предлагали использовать метод комментированного чтения [4]. Таким образом, при довольно существенных различиях в предложенных педагогами приемах работы, все они подразумевали, что студенты в итоге должны овладеть умением, которое в современной психолого-педагогической литературе именуется «смысловым чтением».

- понимание роли мировой литературы для саморазвития и самореализации в профессиональной деятельности;
- анализ идейно-художественного содержания литературных произведений для повышения профессиональных и личностных качеств.

В результате прохождения данного курса студенты не только различают основные этапы развития мировой литературы и воспринимают идейно-художественное содержание литературного произведения как одну из основ творческого процесса, но и четко понимают роль литературы для самореализации в профессиональной деятельности и колоссального внутреннего духовного роста. Таким образом, посредством решения поставленных задач осуществляется воспитательная функция литературы, заключающаяся в идейно-нравственном воспитании личности в духе общечеловеческих ценностей.

Со студентами, обучающимися по специальности «Режиссура игрового кино», было проведено семинарское занятие с использованием ролевой игры, целью которой явилось обобщение, систематизация, углубление и закрепление полученных теоретических знаний по теме «Философия сказок Г.Х.Андерсена»; развитие личностных качеств студентов, направленных на самосовершенствование, самоконтроль, самооценку, саморазвитие и саморегуляцию; выработка таких профессионально значимых качеств, как: самостоятельность, творческая инициатива; научно-теоретический анализ литературных источников.

Этап подготовки ролевой игры состоял из разбивки студентов на команды по четыре-пять человек, обсуждения темы и вида игры (преподаватель предлагает – студенты выбирают), составления сюжета ролевой игры студентами без участия преподавателя, корректировки преподавателем составленного сюжета с учётом специфики специальности студентов.

На семинарском занятии были использованы следующие ролевые игры.

Игра «Озвучивание отрывков» из анимационного фильма по сказке «Оловянный солдатик». Студенты имели возможность менять исходный литературный материал, проявляя художественное творчество, по-своему интерпретируя текст, применяя актерские и режиссерские способности.

В игре «Интерпретация сказки» каждая команда, состоящая из четырех-пяти студентов, выбирает сказку, предварительно обсудив ее с преподавателем. Задача студентов состоит в том, чтобы выбрать из сказки отрывок со смысловой нагрузкой и продемонстрировать его в виде сценки, в конце которой делается вывод, мораль сказки на их взгляд.

По условию следующей игры «Сыграй героя!» обучающиеся, проявляя актерские способности, должны изобразить одного из героев сказки. Коллективный характер работы на семинаре придает большую уверенность студентам, способствует развитию между ними продуктивных деловых взаимоотношений.

Игра «Лучший сказочный текст» представляет собой новое прочтение сказки. У студентов есть право менять не только фабулу, но и стиль изложения произведения, например, в форме лирического стихотворения осветить сюжет, сочинить песню, артистично спеть ее.

Кроме того, каждая команда в обязательном порядке использует литературный первоисточник, художественный фильм или анимационный фильм. Таким образом, каждым студентом выполняется большой объем работы – чтение, художественный анализ, интерпретация текста и как заключение – демонстрация своей работы в наиболее выигрышном виде.

Положительное в применении игры - высокая мотивация, эмоциональная насыщенность процесса обучения; подготовка к профессиональной деятельности, формирование знаний и умений, применение своих знаний на практике; игровое обсуждение и закрепление знаний. Кроме того, к существенным достоинствам ролевых игр можно отнести фиксацию полученного опыта. Эмоции и переживания, полученные участниками, запоминаются на длительное время. Как интерактивный метод ролевая игра способствует своеобразной эмоциональной встряске, возможности проявить индивидуальность, развитию коммуникативных навыков посредством понимания и принятия действий других участников.

К отрицательным моментам ролевой игры относятся высокая трудоемкость подготовки и

проведения для преподавателя; большая напряженность, сосредоточенность на непрерывном творческом поиске, обладание актерскими данными; неготовность студентов к проявлению творческого начала. Безусловно, реализация метода подразумевает определенную степень риска, зависящего исключительно от реакции группы. К проблемным аспектам использования методики ролевых игр можно отнести нереалистичность. К тому же, если группа не уверена в практической значимости, эффективность игры близка к минимуму. В случае если преподаватель не смог донести основной идеи метода и важности предоставления индивидуальных реакций, велика вероятность восприятия игры как развлечения, что не приведёт к достижению целей. Присутствует некий элемент риска. Результат игры зависит от готовности каждого студента взаимодействовать.

В заключение необходимо отметить, что ролевые игры строятся на принципах коллективной работы, практической полезности, соревновательности, максимальной занятости каждого студента и перспектив творческой деятельности в рамках игры. В процессе ролевой игры формируется сознание принадлежности ее участников к коллективу, сообща определяется степень участия каждого из них в работе, ощущается взаимосвязь участников при решении общих задач, развивается логическое мышление, способность к поиску ответов на поставленные вопросы, умение общаться друг с другом. Вместе с тем они требуют огромной работы преподавателя, связанной с планированием и координацией всех процессов, предоставлением своевременной и необходимой обратной связи, формулированием общих выводов и подведением итогов, чёткой связкой с преподаваемой дисциплиной.

#### Литература

1. Ловчева Л. В. Деловая игра как один из активных игровых методов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 23. – С. 42–46.
2. Адилова, Н. Ф. Эффективность использования ролевых игр в процессе обучения / Н. Ф. Адилова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2011. – № 12 (35). – Т. 2. – С. 121-124.
3. М.Г. Анищенко, О.Н. Редина, А.Л. Ястребов. Зарубежная литература XX века в творческом вузе: Учебное пособие. Издательство: ГИТИС, 2017, 457 с.

*Меруерт ШАКЕНОВА*  
*Сулейман Демирел университеті*  
*магистранты*  
*(Қазақстан, Қаскелең қ.)*

### АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТЫНДАҒЫ БЕРЕТІН МАҒЫНАЛАРЫ

**Андатпа.** Қазақ тіліндегі аналитикалық форманттарды құрылымдық грамматикада ғана емес, функционалдық тұрғыдан да зерттеп қарастырудың маңызы ерекше. Біріншіден, тілдің жұмсалымдық қыры, әсіресе, етістіктің аналитикалық формасының қолдану аясындағы негізгі уәж халықтың дүниетанымы, өмірді қабылдау призмасына да тікелей қатысты болмақ. Екіншіден, қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың бір-бірінен айырмашылығы, бір ғана қалып етістіктерінің әртүрлі мәнде жұмсалып, уақыттың түрлі өту мезетінен хабардар беретіндігін табу үшін аналитикалық формалардың сөйлемдегі, тұтас мәтін ішіндегі контекстік мағынасын да қарастыруды талап етеді. Сондықтан да мақала барысында тілдік зерттеуді талап ететін етістіктің аналитикалық формасын жұмсалымдық грамматика негізінде қарастырылып, оның сөйлеу кезіндегі мағыналары анықталып, жіктелді. Мақалада қазақ тіліндегі аналитикалық формалар мен форманттар туралы жалпы түсінікпен қатар, іс-әрекеттің бастау мәнін білдіретін аналитикалық форманттар жіктеліп, талданды.

**Тірек сөздер:** етістік, аналитикалық форма, аналитикалық формант, грамматика.

**Аннотация.** Особое значение имеет изучение аналитических формантов в казахском языке не только в структурной грамматике, но и в функциональном плане. Во-первых, направленность языка,



особенно в контексте использования аналитической формы глагола, имеет прямое отношение к мировоззрению народа, к призме восприятия жизни. Во-вторых, аналитические форманты в казахском языке, в отличие друг от друга, требуют также рассмотрения контекстного значения аналитических форм в предложении, внутри целого текста, чтобы найти, что глаголы одной и той же формы расходятся в разных значениях и информируют о разных временах прохождения времени. Поэтому в ходе статьи была рассмотрена аналитическая форма глагола, требующая изучения языка, на основе грамматики, определены и классифицированы его значения в речи. В статье, наряду с общим пониманием аналитических форм и формантов в казахском языке, были классифицированы и проанализированы аналитические форманты, представляющие начальную сущность деятельности.

**Ключевые слова:** глагол, аналитическая форма, аналитический формант, грамматика.

**Abstract.** It is especially important to study and consider analytical formants in the Kazakh language not only in structural grammar, but also in functional terms. First of all, the main motivation in the context of the use of the participle aspect of the language, especially the analytical form of the verb, will also be directly related to the prism of the worldview of the people, the perception of life. Secondly, the difference between analytical forms in the Kazakh language requires consideration of the contextual meaning of analytical forms in sentences, in the whole text, in order to find out that only one form of verbs is used in different meanings and informs about different moments of time. Therefore, in the course of the article, the analytical form of the verb, which requires linguistic study, was considered on the basis of participatory grammar, its meanings in speech were identified and classified. In addition to the general understanding of analytical forms and formants in the Kazakh language, the article classifies and analyzes analytical formants that express the essence of the beginning of activity.

**Keywords:** verb, analytic form, analytic formant, expendable grammar.

Етістік сөз табы бүгінгі күнге дейін құрылымдық грамматиканың барлық саласында толықтай қарастырылды. Оның әрбір тармағы жеке зерттеу арнасына айналған. Мәселен, семантикалық тұрғыдан Н.К.Дмитриев, Э.Р.Тенишев пен Ә.Қайдар, грамматикалық тұрпатын З.А.Звегинцев, Ю.Д.Апресян, Е.С.Кубрякова, фонетика мен семантика-грамматикалық ерекшеліктерін Н.З.Гаджиева, А.А.Кокколонова етістікті зерттеу еңбектерінің өзегі етіп алады. Ал қазақ тіл білімінде етістік туралы алғашқы теориялық білім А.Байтұрсынұлы кітабынан басталады да, XIX ғасырдың соңына дейін құрылымдық деңгейде М.Оразов, Қ.Жұбанов, Н.Оралбаева, Т.Құлманов, А.Алтаева зерттеулерінде толықтай тармақталып, түрлі зерттеу аспектілері негізінде қарастырылады.

Біздің зерттеп отырған нысанамыз – етістіктің аналитикалық форманты семантикалық, морфологиялық, тіпті, функционалдық тұрғыдан зерттеуге келетін тілдің кең зерттеу арнасы. Екі не одан да көп сөздің тіркесімі сөйлеу кезінде біртұтас мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап бергенімен, оның жасалу жолын бірінші кезекте тілдің құрылымдық аспектісі толықтай зерттеп шығады.

Етістік сөз табы грамматикалық категориясы бойынша басқа сөз таптарынан өзгешіліктері аз емес. Біріншіден, етістіктің рай мен етіс категорияларының болуының өзі адресат пен адресантқа ғана қатысты емес, істің қалай орындалғаны да түбір сөздің ішінде яки тіркес құрамында да көріне алады. Одан бөлек, семантикалық категория арқылы ажырататын болсақ, істің қайталама немесе өту ұзақтығы, дүркіндігі, созыңқылығы бойынша аспектуалдық, екі істің қатар немесе бірінен кейін бірі орындалуын таксис категориясы, белгілі бір уақытта мекеннің көрінуі мен болмауына қатысты шақтық локалдылық категориясы толықтай қарастырып береді. Әсіресе, аналитикалық форма құрамында аспектуалдық категориясының қаншалықты көп екені одан әрі дәлелдене түспек.

Қазақ тіл білімінде күрделі етістік, оның ішінде етістіктердің тіркесімі туралы теориялық білім А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (Екінші жылдық) еңбегінен бастау алады. Ғалым алғашқы болып түйек райды етістіктің бастапқы қалпы деп ажыратып алады да, етістіктің райлармен өзгергенде екі түрлі қалпын көрсетеді: «1. Дара түрде. 2. Қосар түрде. Қосар түрде сөйлегенде көмекші етістіктер қосыла айтылады. Көмекші етістіктер дегеніміз: тұрмақ, жүрмек, отырмақ, жатпақ, бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетпек, көрмек, өтпек, тастамақ, қоймақ, қалмақ, имек. Мұнан басқа жай етістіктер болады.» [2, 84]. А.Байтұрсынұлының

көрсетуінде көмекші етістіктер саны – 16. Бұл 16 етістік туралы тұжырымы одан әрі көсемше тарауында тарқатылады: «Көсемше дейміз – екі етістік қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін. Мәселен, жаза бер, қарап тұр, жүріп келді дегенде алдыңғы сөздер көсемше етістік болады». Көсемшенің есімшеден айырмашылы – оның тіркес құрып қана сөйлеуге қатысатыны. Яғни, көсемшенің ғалым көрсеткен 16 көмекші етістіктің тіркесімі аналитикалық формат тудырады. Аналитикалық формат туралы тікелей теориялық негіз жазылмаса да, ғалымның еңбегінен көсемше мен тұйық райдың қосар күйін түсіндіру барысында екі не одан да көп сөздің тіркесіп келіп сөйлеуге қатысатынын, көсемше тек тіркес құру арқылы жұмсалатынын анықтаймыз.

Тілдің аналитикалық формантын құрылымдық аспектіден қарастырған алғашқы ғалымдардың бірі – А.А.Юлдашев. Ғалым «Аналитические формы глагола в тюрских языках» еңбегінде аналитикалық формалы етістіктерді аталмыш тарауларға бөліп қарастырады: «Аналитические формы вида», «Аналитические формы модальности», «Аналитические формы изъявительного наклонения», «Аналитические формы других наклонений» [3, 276-277]. Бірінші тарауында «-а баста», «-п ят» («-п жат»), «-п отур» («-п отыр»), «-п тур» («-п тұр»), «-п йүр» («-п жүр»), «-а (-й) тур» («-а (-й) тұр») сияқты 15 етістікке талдау жасаған. Қазіргі таңда көмекші етістік қатарына жататын «тұр», «отыр», «жатыр», «жүр», «баста», «кел», «бар», «кет» етістіктері көсемше жұрнағымен жалғану барысында категорияланып, өзгереді деген пікірге келеді. Орыс тіліндегідей болмаса да, қазақ тілінде де «вид (тұр) категориясы» бар деген ойын тарқатады. Кейінгі ғалымдар қазақ тілінде «вид категориясы» жоқтығын, оның орнына салт пен сабақтылық, етіс пен рай категориясы алмастыратынын дәлелдегенімен, ғалымның басты зерттеу жаңалығы – әрбір етістіктің тіркесімділігінде семантикалық тұрғыдан қарастыру маңызы әрі көмекші етістік қызметінде тұрған сөздің біріншілік мағынасы мен жаңа мағынасының екеуара байланысын табу қажеттігі.

Екі ғалымның зерттеуіндегі басты ұқсастық – аналитикалық тіркес құрайтын бірінші сөз көсемше жұрнағында тұруы. Осыдан, аналитикалық форманың XIX ғасырдың басы мен орта тұсында зерттелінген құрылымдық деңгейдегі конструкциясын жасауға болады:

« \_\_\_\_\_ + көсемше жұрнағы \_\_ көмекші етістік».

Аталмыш конструкциялы сөз тіркесі Ы.Маманов зерттеуінде де бар. Ғалым, ең алдымен, негізгі етістікті лексика-грамматикалық мағыналарына сай түбір етістік пен модификациялы етістік деп екі жікке айырады. Ы.Маманов бұл екеуінің айырмасын осылайша тарқатады: «Модификациялы етістіктердің түбір етістіктерден айырмасы, түбір етістіктерге сөздің лексикалық мағынасын білдіретін бөлігі жатса, модификациялы етістіктерге белгілі қосымшалар немесе көмекші етістіктер арқылы үстеме грамматикалық мағына білдіретін етістік формалары жатады» [4, 4].

Ғалым аналитикалық тәсіл арқылы жасалған модификациялық, яғни өзгеріске ұшыраған етістіктердің екінші сыңары грамматикалық мағына үстейтініне баса мән берген. Бірақ тіркес құруда көмекші етістіктің лексикалық мағынасы тағы бар. Ғалым лексикалық мағынаны да ұмыт қалдырмайды. Өйткені көмекші етістіктердің лексикалық мағынасының сақталып-сақталмауына байланысты Ы.Маманов үш жікке бөлген:

1. көмекшілік қызметте келгенімен, сөздік мағынасын жоймайтын етістіктер: бар, кел, кір, баста, жет, бол, біт (бітір);

2. көмекшілік қызметте сөздік мағынасын бірде сақтайтын, бірде сақтамай, грамматикалық мағына беретін морфема қызметін қолданылатын етістіктер: шық, кет, ал, бер, жатыр, жүр, отыр, тұр;

3. көмекшілік қызметте келгенде сөздік мағынасын бүтіндей жойып, тек грамматикалық мағына үстейтін морфема қызметін атқаратын етістіктер: қой, қал, жібер, сал, таста, түс, ал, бер, көр [4, 56], [5, 79].

Ғалымның жіктеуінен көмекші етістіктердің тіркес құрғанда беретін лексикалық мағынасының қаншалықты маңызды екені дәлелденеді. Мәселен, бір ғана «айта түс» тіркесіндегі «түс» көмекші етістігі ғалым жіктемесіне сай толық мағынасынан айырылған, тек грамматикалық мағына үстейді. Бұл көмекші етістік өзінің лексикалық мағынасын бермегенімен (ет. көліктен шығу, аттан түсу), жаңа мағынаға ие болып тұр [6, 718]. Бұл мағына «айту» сөзімен салыстырғанда анықталады. «Айту» мен «айта түсу»-дің айырмашылығы – іс-әрекеттің

үдемелі процесі, айтушының тоқтамай сөзін одан әрі жалғастыруы. Яғни, өзінің біріншілік мағынасынан айырылған көмекші етістік басқа сөзбен тіркескенде жаңа мағына тудыруға қатыса алады. Бұл жетекші сөз бен көмекші етістіктің бір-бірімен тіркесе алу мүмкіндігі мен екеуара байланысына да қатысты. Ал Ы.Маманов болса, тіркес мағынасының өзгеруін жетекші, яғни, негізгі етістікпен, оған көсемше жұрнағының талғап жалғануымен байланыстырады да, төрт топқа ажыратады:

1. кесімді күрделі етістік: айтушының тыңдаушыға бұйыра, кесімді түрде айтуы (ішіп жібер, айтып жүр);

2. босаң күрделі етістік: іс-әрекеттің босаң түрде, жол-жөнекей, басқа іспен байланыста жасалуы (ала келу, кіре шығу, оқи отыру, айта салу);

3. бейімдік күрделі етістік: істің басталар кезеңін, қимыл иесінің бір істі орындау алдындағы кейпін, соған бейімделуін, не бір заттың өзгеруге бейімделуін білдіреді (жауғалы тұр, сынғалы тұр, естігелі жатыр);

4. қалау мәнді күрделі етістік: сөйлеушінің бір істі қалауын яки қаламауын білдіруі (көргісі келсе, шай ішкім келіп отыр) [4, 63-72].

Шынында, алып кел, айтып жүр, жеп қой – бұлардың барлығында да істің бұйыра, талап ету реңкі басым. Ал бұл етістіктерді ала кел, айта жүр, жей ғой деп, бірінші сөздің жұрнағын өзгертіп айтсақ, беретін семантикасы да түгел өзгереді. Яғни, істің салғырт, немқұрайлы орындалуы көмекші етістікке де, тіркестің бірінші сыңарына да қатысты болмай қалады. Сөздің мағынасын өзгертіп тұрған элемент – бірінші сөзге жалғанатын жұрнақ.

Аспектуалдық категориясындағы істің басталуын зерттеу қызығушылық тудырары анық. Себебі М.Жолшаева көрсеткендей, бір ғана істің басталуының бірнеше түрлері бар: қимылдың ешқандай реңксіз жалпы басталуы; қимылдың бірден басталуы; қимылдың баяу басталуы; кенет, қарқынмен, тез басталуы.

Істің басталуын көрсететін аналитикалық форманттар: -а баста, -а жөнел, -п қоя бер, -п сала бер, -п жүре бер (Н.Оралбаева жіктемесі бойынша); -а баста, -п қоя бер, -а ұмтыл, -п сала бер, -п кет, -а бер (М.Жолшаева жіктемесі бойынша).

Екі ғалымда да кездесетін бірінші аналитикалық формант – «-а баста» аналитикалық форманты. Бұл формантты жасайтын көмекші етістік – «баста» сөзі. Баста – бір нәрсенің іске қосылуы, шараның қолға алынуы [6]. Бұл сөз жеке тұрғанда да, істің басталуын білдіре алатын, өзіндік лексикалық мағынасында статикадан динамикаға өту құбылысынан хабардар бере алады: «Қалай Бадығұлдың жсылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады» (Ж.Аймауытов).

Аналитикалық формант жасауда етістік көсемшенің екі түрлі формасымен де тіркесе алады: жаза бастады, жазып бастады. Бұл екеуінде де адамның жазу процесін қолға алғанын танытады. Соған қарамастан, Ы.Маманов бұл етістіктің тек босаң түрде ғана кездесетінін жазады: «Баста, жазда көмекші етістіктері күрделі етістіктің босаң түрінде ғана келеді. Баста арқылы жасалған күрделі етістік істің, қимылдың басталу кезеңін білдіреді. Оқи бастау, сөйлеу бастау, жүре бастау» [4, 70].

«-а баста» аналитикалық формантын жеке алып қарастырған ғалымдардың бірі – Н.Оралбаева. Ғалым тұжырымына сай, бұл аналитикалық формант істің жалпы басталғанынан хабардар береді: «-а баста форманты қимылдың басталуын ғана білдіреді, оның қалай басталғанын көрсетпейді. Мысалы: *Нүрке машинадан түсіп, жүртпен амандаса бастады* (І.Есеенберлин)» [7, 153].

Дәл осындай тұжырым М.Жолшаевада да кездескен: «Болмыстағы кез келген іс-әрекеттің басталу нүктесі болады. Бұл ұғым тілде бірнеше кезекте лексикалық мағынасы осы түсінікпен айқындалатын баста етістігі арқылы беріледі. Басқаша айтқанда, баста етістігінің жалпы мағынасы арқылы қалып- қозғалыстың басталу жағдаятының санадағы бейнесі түсініледі» [5, 159].

Яғни, бұл аналитикалық формант туралы ешқандай дау жоқ: іс-әрекеттің, процесінің статикадан өтіп, динамикаға көшу әрі жалпы басталғандағы әрекет дәл осы көсемше жұрнағы мен көмекші етістік арқылы беріледі. *Елге келе ылау мініп, қой сойғызып, жүрегін шайып алуға кейде басынан асыра мылтық атып, қызметке кірісе бастадым* (Ж.Аймауытов). *Ең соңғы туған екі күшік бауырын көтере алмай, тырбындап жатыр еді, енді оларды бауырына алып емізе бастады* (М.Әуезов). *Бірақ Едіге ә дегеннен-ақ екі қолы алдына сыймай, бұл құлазыған теңіздің жағасында жұмыссыз қалай отырамын деп мазасыздана бастады* (Ш.Айтматов).

Берілген үш сөйлемде де баста көмекші етістігі -а көсемшелі жетекші етістікпен тіркесе келе, кез келген етістікпен тіркесе алатынын дәлелдеп береді. Бірінші сөйлемде баста сөзі адамның бір іске көшкенін, екінші сөйлемде нақты әрекеттің басталғанын білдірсе, үшінші сөйлемде адамның эмоциясының пайда болғанын көрсетіп тұр.

Кез келген екі сөз бір-бірімен тіркес түзбейтіні белгілі. Бір мағынаны білдіру үшін екі сөздің беретін лексикалық мағынасы да, жұмсалымдық қыры да маңызды. Н.Оралбаева аналитикалық форманттардың да бір-бірімен тіркесу заңдылығы барын жазады: «Аналитикалық форманттардың бірімен-бірінің тіркесу қабілеті олардың қай категорияның көрсеткіші болуы және категориялардың сөзде сыйысу-сыйыспауына байланысты» [6, 144]. Осылайша кез келген аналитикалық форманың тіркесуінде жетекші сөздің лексикалық мағынасымен қоса, екі тіркестің арасында тіркесу валенттілігі де маңызды орын алатынын белгілі болды.

Аспектуалдық категориясындағы істің басталуын зерттеу қызығушылық тудыраы анық. Себебі М.Жолшаева көрсеткендей, бір ғана істің басталуының бірнеше түрлері бар: қимылдың ешқандай реңксіз жалпы басталуы; қимылдың бірден басталуы; қимылдың баяу басталуы; кенет, қарқынмен, тез басталуы.

Етістіктің аналитикалық формасы мен формантың зерттеу – бүгінгі күннің өзекті саласының бірі. Өйткені кез келген сөйлемді аяқтайтын тілдік бірлік – етістік сөз табы. Етістіктіз еш сөйлем (атау сөйлемнен басқа) аяқталмайды, ал оның өту кезеңі мен мезеті аналитикалық формантта тікелей қатысты. Қазақ тілінің аналитикалық формантын жүйелеуде нақты принцип жоқ. Тіпті, бұл форманттарды ғалымдар түрліше жіктеп қарастырған. Ең дұрыс жол – бұл аналитикалық форманттардың жұмсалыуындағы ерекшеліктерін топтастыра отырып, оларды функционалдық тұрғыдан жіктеп, саралау. Бұл тілдегі құрылымды грамматика жауап бере алмайтын аналитикалық форманттардың мағыналық әрі жұмсалымдық қырын таныта алады. Мәселен, мақала барысында қарастырылған іс-әрекеттің басталуынан хабардар беретін аналитикалық форманттарді жіктеу негізінде олардың жұмсалым кезіндегі ерекшеліктерін, тіркес құру қабілетін көре алдық. Сол арқылы болашақта істің басталуын, аяқталуын немесе өту қарқынын білдіретін аналитикалық форманттарды жіктеп, жұмсалымдық тұрғысынан талпақкерге оңай қабылданатын жүйе құрастыруымызға болады.

#### Әдебиет

1. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқулық / Әлкебаева Д. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 200 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 – 348 б.
3. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. Издательство. «Наука». Москва, 1965
4. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі (Етістік). Университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. «Мектеп» баспасы, Алматы – 1996. – 157 б.
5. Жолшаева М.С. Семантика: етістік/ Морфология – Жолшаева М.С. – Алматы: ЖК «Балауса» баспасы, 2018. – 208 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст: Б.Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

## **МӘТІНМЕН ТИІМДІ ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мәтін бойынша жұмыс түрлері жан-жақты талданады. Оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі әдіс-тәсілдер, оның ішінде мәтінді талдау, синтез және интерпретациялау әдістері кеңінен қарастырылады. Мақалада текстологиялық, когнитивтік және шығармашылық тәсілдер арқылы оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу құзреттіліктерін арттыру жолдары ұсынылады. Сондай-ақ, оқушылардың қызығушылығын ояту және танымдық белсенділігін жоғарылату үшін интерактивті тәсілдер, топтық жұмыс пен шығармашылық жобалардың маңызы айтылады. Мәтінмен жұмыс түрлерінің тиімділігі мен практикалық қолдану мүмкіндіктері нақты мысалдармен дәлелденеді. Нәтижесінде, мақала педагогтар мен оқытушыларға оқу процесінде мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімді жолдарын ұсынуға бағытталған.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются разнообразные виды работы с текстом. Широко обсуждаются различные методы и подходы, направленные на развитие навыков чтения у учеников, включая методы анализа, синтеза и интерпретации текста. В статье предлагаются способы повышения компетентности учащихся в работе с текстом через текстологические, когнитивные и творческие подходы. Также подчеркивается важность интерактивных методов, групповой работы и творческих проектов для пробуждения интереса у учащихся и повышения их познавательной активности. Эффективность видов работы с текстом и возможности их практического применения подтверждаются конкретными примерами. В результате статья ориентирована на педагогов и преподавателей, предлагая им эффективные пути организации работы с текстом в учебном процессе.

Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындап отыр.

Функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс тандай алуға қабілеттілік, т.б., яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі тетіктерін бөліп көрсетуге болады:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, бағдарламалар);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі;
- барлық мүдделі әріптестікке негізделген тараптармен достық қалыптағы білім беру ортасының болуы.

Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады.



Оның алғашқысы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту, яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзіреттіліктерді сіңіруі керек. Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);
- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);
- технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзіреттіліктермен қатар пәндік құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген танымал халықаралық зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment)-PISA болып табылады. PISA-15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды, бұл жаста көптеген елдерде оқушылар мектеп бітіреді. PISA бойынша жұмыс істеуді 1990 жылдардың ортасынан бастады. PISA өзінің ресми қызметін 1997 жылы бастады. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және ғылыми жаратылыстану сауаттылық [1,35]. Осы PISA бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жұмыс жасаудың өте тиімді екендігін ашып айтқым келеді.

*Оқу сауаттылығы.* PISA зерттеуінде оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Қазіргі мектептерде оқушылардың бойындағы функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзіреттіліктер жиынтығын дамытуға басты назар аударыла бастады. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа кезең талаптарына сай болу үшін педагогикалық үрдістің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға ынталы, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын, өзгермелі өмірге оқушыны да, өзін де даярлай білетін шығармашыл тұлға болуы тиіс.

«Сауатты оқу – бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамға қатысу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалану, көрсету және жұмыс жасау» [2,24].

«Егер мұғалім ғылымға өзі беріліп, оны толық меңгеріп, сүйе білмесе, онда оқушыларды да ғылымға құлшындыра алмайды, мұғалімнің бұл саладағы еңбегі де жеміссіз болмақ», – деген ұлы ғалым Д.И.Менделеевтің өсиеті бар. Соған қарай қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің қажырлы еңбегі және талантты балалармен жұмыс істеуі қажет. Ғылыми тәжірибе жасау, сонымен қатар экологиялық білімін көтеру мақсатында балалармен жұмыс істеу тиімді. Табиғат аясында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, тұжырым жасай білуге дағыландыру, ғылыми конференцияларға қатыстыру, оқушының ойлау қабілетін дамыту, еңбекке баулу үлкен еңбек. Талабы таудай, қабілеті мол, ізденімпаз жастар көбейіп,

адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың өз ойын еркін, жүйелі түрде жеткізу алуы үшін PISA тапсырмаларының пайдасы өте көп. Енді осы тапсырмаларды нақты сабақ барысында қолдану тиімділігі туралы сөз қозғайын. Заман талабына сай ұстаздар қауымы әр тақырып сайын өзіне ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сабақта пайдалануға тырысады.

«*Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең мүмкін есіме сақтармын. Қатысушы болсам мен түсінемін*» деген қытайдың даналық сөзіне сүйене отырып, оқушылардың оқу, жазу сауаттылықтарын және шығармашылықтарын арттыру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мынадай әдіс-тәсілдерді қолдану да тиімді болып есептеледі.

Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді тәсілдерінің бірі – «*Синквейн*» (*бес жолды өлең*) әдісі. Француздар синквейн деген өлеңді ойлап тапқан. Синквейн-жай өлең емес, белгілі бір ережелерге сәйкес жазылған өлең. Бұл тәсілді мәтін мазмұнымен танысып болған соң, оқушылардың тақырыпқа қатысты түсінігін тексеру, тақырыпқа қатысты көзқарасын білдіру және ойын түйіндеу үшін қолдануға болады. Оны жазу ережесі:

Бірінші жолы – тақырыпқа қатысты ұғым, зат есім;

Екінші жолы – осы зат есімді айқындайтын және оқушының ол туралы түсінігін сипаттайтын екі сын есім;

Үшінші жолы – ұғымның әрекетін, ықпалын, өзгерісін қарастыратын үш етістік;

Төртінші жолы – оқушының ұғымға немесе құбылысқа, оқиғаға қатысты көзқарасын білдіретін төрт сөзден тұратын сөйлем;

Бесінші жолы – адамның осы ұғымға қатысты сезімдерін, ассоциацияларын көрсететін зат есім, әдетте бірінші сөздің синонимі. Көріп отырғанымыздай, бұл ұғымды тәсіл әдебиет пәнімен қоса қазақ тілінің ережелерімен тығыз байланыста орындалады.

«*Сюжеттік кесте толтыру*» тәсілін көркем шығарманы оқу кезінде пайдаланған тиімді. Оқушылар көркем шығарманы оқи отырып, келесі сюжеттік кестені толтырады:

Оқиғаның орны мен уақыты (Қашан? Қайда?)	Кейіпкерлері (Кім?)	Оқиға (не болды?)	Мәселе (байланысқа түсу, бұл оқиғаға не ықпал етті?)	Жасалған әрекеттердің немесе оқиғаның салдары (шешімі)

Бұл тәсілді әдебиет сабағында тиімді тәсіл ретінде оқушыларға ұсынуға болады. Алдымен жеке толтырып, содан кейін жұптасып жұмыс нәтижесінде бөлісіп, талқылайды. Бұл кестені жеке де, жұппен де орындау үшін оқушыдан шығарма мазмұнын толық меңгеруді талап етеді. Сондықтан бала алдын ала дайын болады.

*PRESS мәсілі* – мәтінді оқып болғаннан кейін оқушы аталған тәсіл негізінде мәселеге қатысты өз ойын білдіреді. «Менің ойымша,...», «Мен \_\_\_\_\_ деп ойлаймын (санаймын)» деген құрылымдарды пайдаланып, мәселеге қатысты пікірін толық жеткізуге тырысады. Бұл, әсіресе, қазіргі тілдің шұбарланып тұрған заманында өте қажетті тәсіл деп санаймын. Себебі, өз ойын жүйелі, түсінікті жеткізу үшін оқушыдан таза «паразиттерсіз» сөйлеу талап етіледі.

«*Мәтін негізінде дебат ұйымдастыру*» – оқушыларға мәтін таратылып, оның ішінен дебаттың белгіленген тақырыбы бойынша қолдануға болатын ақпараттарды табу тапсырылады. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» поэмасында «Шолпан күнәлі / күнәсіз» деген көзқараста пікірталастыруға әбден болады.

«*Қос жазба күнделігі*» – мәтін бойынша жұмыс жүргізудің келесі бір тиімді тәсілі ретінде ұсынғым келіп отыр. Мұнда мәтін негізінде талдау жұмысы жүргізіледі. Төмендегідей кестені толтыру арқылы жүргізуге болады:

Не әсер етті?	Неліктен?

Оқушыға бұл кесте бірінші ретте қарапайым көрінуі мүмкін, алайда, нақты практика барысында кестені толтырып шығудың өзі қиындықтар туғызады. Себебі, толтырылған кесте

бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Ал сұрақтарға толық жауап беруі үшін мәтін мазмұнын білу талап етіледі.

«Тыңдап отырған үштік» - бұл берілген мәтіннің тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға рналған құрылымдалған әдіс. Бұл әдісті қолдану үшін оқушылар үшеуден отырады, бірақ екеуі бір-біріне қарама-қарсы, ал үшіншісі сәл алшақта- әңгімеге араласпайды, бірақ бқылайды. Әр оқушы баяндаушы, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады. Бұл әдістің оқушыға берер пайдасы бір-бірін тыңдауға, екінші оқушының айтқан пікіріне сын көзімен қарауға, өз пікірін қорғап шығуға дағдыланады.

Жоғары сыныптарда белгілі бір ақын немесе жазушы туралы өткен уақытта топтастыру стратегиясы пайдаланылады. Бұл әдістер арқылы оқушылардың білімі туралы түсінік алуға немесе басқа да әдістерді қолдануға болады. Жазушы өмірбаянымен тек оқып танысу олардың қызығушылықтарын тудырмайды. Сондықтан жазушы өмірбаянын менгертуде мынадай тәсілдер қолданылады. Мысалы, 6-сыныпта Б.Момышұлы «Жауынгердің тұлғасы» шығармасы. (Оқушылар бұл кестені қызыға толтырады, бірін-бірі толықтырады.)

Бауыржан Момышұлы	Менің дәлелім
Әскери қызметкер, ержүрек батыр	Дивизияның батальон, полк командирі болды.
Қазақ әскери прозасының негізін қалаушы	«Офицер күнделігі» «Жауынгердің тұлғасы» «Қанмен жазылған кітап» т.б.
Аты аңызға айналған жан	«Ел басына күн туса» көркем фильмі, Алматы мен Астана қалаларында батыр атындағы көшелер т.б.
Сөз бастаған шешен	Мақалдарын жазған

«Мектептегі тірегі де, тіреуі де оқыта білетін мұғалім»[3,24], деп А.Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын менгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес.

Мектеп табалдырығын аттаған әр бала өзінше дарынды. Ал жаңа педагогикалық технология негізінде оқыту – олардың сол қабілеттерін әрі қарай дамытуға үлкен көмек береді. Оқушының шығармашылықпен еңбектенуіне қозғау салу күнделікті сабағымызда дағдыға айналуы тиіс.

Нәтижесінде, біз оқушы жүрегіне жол салып, шығармашылығына жол ашарымыз сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Көпжасарова Т.М., Утешева К.Г. Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді тәсілдері: Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: 2016. – 60 б.
2. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: 2016.
3. Исследовательская деятельность учащихся. Научно-методический сборник М.: 2007. – С. 35–46.

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КЕЙІПКЕР ЕСІМДЕРІНІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ**

**Андатпа.** Мақала көркем мәтіндегі кейіпкер есімдерінің тілдік сипатын қарастыруға арналады. Кейіпкер аттарын тікелей сол адамның мінез-құлқына, өмір сүріп отырған қоғамдық ортасына, сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты жасалған. Авторлар өз шығармаларында ат беру мотивациясына әлеуметтік мәнді тұрғыда қарап, эмоциялы-экспрессивтік ыңғайда жұмсалыуына, адам көңілін селт еткізерліктей мазмұнда мақсатты түрде қолданады.

**Тірек сөздер:** антропоним, ономастика, семантика, сатира, лексика, этимология, жалқы есімдер.

**Аннотация.** Статья посвящена изучению языкового характера имен героев в художественном тексте. Имена героев созданы в непосредственной связи с характером героев, общественной жизнью, обычаями и традициями сложившимися в этой среде. В своих произведениях авторы мотивированию присвоению имени целенаправленно используют в социально-значимый подход к эмоционально-экспрессивным подходам, в содержательном содержании, исключая человеческое настроение.

**Ключевые слова:** антропоним, ономастика, семантика, сатира, лексика, этимология, собственные имена.

**Abstract.** The article is devoted to the study of the linguistic character of the names of heroes in a literary text. The names of the heroes were created in direct connection with the character of the heroes, social life, customs and traditions that have developed in this environment. In their works, the authors purposefully use the motivation of naming in a socially significant approach to emotionally expressive approaches, in a meaningful content that excludes the human mood.

**Keywords:** anthroponym, onomastics, semantics, satire, vocabulary, etymology, proper names.

Тіл құпиясының бір ұшығы адам есімдерінің пішім-бейнесі оны қоршаған ортаға көзқарасында, дүниетанымында, этикалық дәстүрінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, бүкіл ұлттық психологиясы мен логикасында, географиясы мен этнографиясында жатыр. Дүние есігін жаңа ашқан сәби есімі мен көркем туындыдағы кейіпкер атының қойылу мотивінде қандай да болмасын ұқсастық пен айырмашылық болады. Қазақ поэтикалық ономастикасында сатиралық шығармалардағы кейіпкер аттары туралы, олардың тілдік табиғаты әлі күнге дейін жүйелі зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Кейіпкерлер көркем әдебиетте өмір сүретіндіктен, оның болмысы мен табиғатын тану көбінесе әдебиетшілеріміздің үлесіне тиіп келгені рас.

Кейіпкер аты – жалқы есім, яғни жалпы есімге барлық жағынан (грамматикалық, семантикалық, функциялық қызметі) қарама-қарсы ұғым мен категория. Жалқы есімдер кез келген тілдің сөздік қорының біршама бөлігін құрайды да, ономастикалық универсальдердің бірі болып табылады, өйткені олар тарих айнасы ретінде халықтың көптеген мәдени құндылықтарын сақтаған. Жалпы есімдер лексикалық мағынаға ие болса, жалқы есімдерде бұл қасиет жоқ, олар тек атауыштық қасиетке ғана ие. Олай болса, кейіпкер аттары жалпы есімнен жасалғанымен, жалқы есімге айналғанда, бастапқы ұғымынан, мәнінен айрылады.

Көркем шығарма мәтіндеріндегі барлық жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби ономастика зерттейді. Осыған орай әдеби ономастикада жалқы есімдерді зерттеудің барлық аспектілері мен бағыттар, қазіргі ономастикадағы олардың таптастыру ұстанымдары, көркем мәтін түрі, оның жанры мен семантикалық құрылымы, ономастикалық кеңістікте мәтіндегі ономастикалық бірліктердің эстетикалық байланысты қарастырылады. «Әлем бейнесі» жалпыға ортақ болғанмен, әр халықтың қабылдау ерекшеліктері түрліше болады. Ол міндетті де. Ұлттық қалып, ұлттық шеңбер аясында әр ұлттың басқаға ұқсамайтын тілі мен ділі, ойлау жүйесі, тарихы мен мәдениеті, яғни дүниетанымы, бар. Өмір, қоршаған дүние туралы ой-пікір, көзқарас – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінің жемісі.

Белгілі бір тілдің ономастикалық кеңістігін құраушы жалқы есімдер, ең алдымен, лексикалық қордың негізгі бөлігін алып отырған тілдік бірліктер болып табылады. Ұлттық-мәдени, танымдық-когнитивтік белгінің апеллятивке қарағанда есім семантикасындағы үлес салмағының көптігі белгілі [1].

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдер (антропонимдер) туралы жалпы тюркологияда емес, бұрынғы отандық деп аталған тіл білімі көлемінде сөз етсек М.В.Горбаневский, Ш.Ж.Жапаров, Э.Б.Магазаник, В.А.Никонов, Г.Ф.Саттаров т.б сияқты ғалымдардың жеке еңбектерінің арнайы жинақтарында жарық көрген мақалалары бар екенін еске сала кетсек артық етпес.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер, оның ішінде көркем тілдегі сатиралық кейіпкерлердің аттарын сөз еткенде, әр жерде көркем шығармалардағы антропонимдер туралы Т.Жанұзақов, Қ.Жұбанов, К.Есбаева қатарлы зерттеушілердің еңбектері бар.

Жалқы есім термині ғалымдардың назарын ертеден-ақ аударған. Бұдан мындаған жылдар бұрын дүниеге келген грек мәдениетінің алтын қазынасы мен мақтанышына айналған «Одиссеяда»: «Адамдар арасында ешкім де есімсіз болмайды», – деп жазылған екен. Бұл тек күнделікті өмірде ғана емес, көркем әдебиетте де осы тұрғыда кездеседі. Әдеби жалқы есімдер жалпыхалықтық қолданыстағы есімдерден алына отырып, сол тілдің тілдік заңдылықтарына бағынады. Әдеби жалқы есімдер ойдан шығарылған есімдерге жатады. Ол есімдер кез-келген жазушының сөз саптау жүйесіндегі аса қажет компонент болып табылады. Автор өз шығармасында кейіпкерлердің тұлғалық қасиеттеріне байланысты өз тарапынан ат береді. Бұл қойылған есімдердің кейіпкер бейнесін ашуда маңызы зор. Орыс зерттеушісі В.В.Виноградовтың: «Көркем шығармада есімдер, фамилиялар мен лақап есімдердің таңдалуы, олардың әрбір жанрдағы, стилдегі ерекшеліктері мен бейнелеу, сипаттау қызметі бірді-екілі мысалмен қоя салатын мәселе емес. Бұл өзі көркем шығарма стилистикасының көп қаптарлы, ауқымды тақырыбы» [1] - деген пікірін қаламгер атаулыға қойылатын өткір талап ретінде ұғынуға болады.

Егер Кеңес дәуіріндегі қазақ сатирасын алып қарасақ, ондағы жалқы есімдердің өзіндік сипаттарын байқаймыз. Мұнда да авторлар кейіпкердің атын оның сынына сәйкестіре қою тәсілін кеңінен қолданады. Мысалы, бай мен мырзаны, бұрынғы үстем тап өкілдерін, олардың байлығын, жуан атадан шыққан тегін сездіретін сықақтық атпен атайды. Олар Кемелбай, Қарықбол, Жайлыбай, Сырлыбай, Байқасқа, Қарынбай, Қауқынбай, Шермік. Сұрқия молда, сопыларды Белденбоқ, Итаяқ, Бокбасар деп, малшы, жалшы, кедей бұқарасының өкілдеріне Айранбай, Бұқабай, Түйебай, Бұзаубақ, Ұлтарак, Мырқымбай, Тышқанбай, Қойшығара т.б сол сияқты аты мен затын үйлестіре қойып еріксіз езу тартқызады. Яғни, мазмұн мен түр тәуелді бірлікте болады.

Жазушы Л.Успенскийдің «Сен және сенің есімің» кітабында: «Егер Л.Толстойдың басына өзінің геройларының фамилияларын, айталық, Ростовтың фамилиясын Перепеняға өзгертер ойы келсе, «Соғыс пен бейбітшіліктің» мықты ғимараты теңселген болар еді», – деген сөзін тек қана жеңіл әзілге құрылған деп санауға болмайды. Сол сияқты Чичиков, Плюшкин т.б фамилиялар мен аттарын алуға болады, яғни көркем шығармаларда кездейсоқ аттардың болуы мүмкін емес. Сөзіміз түсінікті болу үшін нақты мысалдарға жүгінейік: Мырқымбай, Бокбасар (Б.Майлин), Мимырт (О.Әубәкіров), Жылмағай, Жылпосов, Мыңкетпес, Тапжылмасов (Е.Жапасұлы), Елпекбай, Телпекбай, Зузула (Ш.Смаханұлы), Аузыбасы Сүйрендегенова (С.Шұқынов), Қымқыр Жымқыров, Жәдігей (М.Рәш). Қызылтазы Жұлқаров, Астыртын Жалғасаров, Алымшыл Аямасов, Сатыпкет Жоғалтаров, Ылаушыл Тасталқанов (І.Жансүгіров), Малқамбай, Қалпақбай, Сұрпақбай, Жұлқарбай, Шатырбай, Қозғамбай, Зымзия (Ү.Уайдин) деген сияқты әкесі мен өздерінің аты, іс-әрекеті, мінез-қылығына лайық етіліп қойылған «сабаздарды» кездестіруге болады. Кейіпкер аттарын тікілей сол адамның мінез-құлқына, өмір сүріп отырған қоғамдық ортасына, сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты жасалған. Сөз жоқ, авторлар өз шығармаларында ат беру мотивациясына әлеуметтік мәнді тұрғыда қарап, эмоциль-экспрессивтік ыңғайда жұмсалудына, адам көңілін селт еткізерліктей мазмұнда мақсатты түрде қолданған.

Сондай-ақ көркем шығармада «сөйлемейтін есім» жоқ деген пікір кең тараған. Белгілі ғалым Т.Жанұзақов: «Көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері жалпы типтік, жиынтық образ жасауда үлкен роль атқарады. Көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлер есімдерінің жалқы, төл



есімдік мағыналарынан ауытқып, жалпы мағынаға ие болатындары да бар» деп біледі [2, 128]. «Тілдік қолданыста жалқы есімдер референциялды мағынасы болмаса да, нақты мазмұнға ие болады, коммуникацияда қатынасушылар үшін өзіне тән көптеген сипаттарды білдіреді, әрбір жаңа контекст осы бірнеше сипаттардың біреуін іске асырады, яғни жалқы есімнің мәтінде жаңадан аталуы айтылым объектісіне «жалпының» жекесі болып қарастырылады, бұл семантикалық қатынаста оны жалпы есіммен жақындастыруға мүмкіндік ашады» [3]. Бұған кейіпкерлердің көптеген есімдері мен фамилияларының жалпы есімге ауысып отыратындығы куә.

Осы орайда профессор Т.Қожекеевтің: «Сықақталатын сабаздың атын, фамилиясын, ойната, құбылта атау сатиралық туындыға ерекше әсер береді. Өйткені, ол сатириктің кімді айтып, кімді нысанаға алып отырғанын білдіре қояды» [4, 197], – деген сөзі ойымызды нақтылай, бекіте түседі.

Көркем мәтіндерде жеке сөзбен ұйқастырыла қолданылған жалқы есімдер кездеседі.

1. Арғы атамыз – *Масақ*, Масақтан-*Қаспан*, Қасаптан-*Шайқы*, Шайқыдан- *Қайқы* (О.Ә., 101-б). 2. Бір әйелі *Ырғызда*; бір әйелі - *Қырғызда*; бір әйелі – *Торғайда*; бір әйелі – *Қордайда*. Сөйтіп біздің *Әлибек*: «Дүние жалған – *фәни*» деп, жатып алып жан-жаққа жолдап жатыр *алимент* (О.Ә., 100-б.). 3. – Сәлеметсіз бе, *Мәке!* – Е, төрлет, *Бәке!* – О, жоғарлат, *Дәке!* – Иә, Қош келдің, *Жәке!* (О.Ә., 20-б.). 4. *Күлдияға Зымзия* адам сенбес сұмдық айтты: *Балзия* байғұс құрыпты, күйеуі итше тепкілеп, ұрыпты (Ү.У., 37-б.). 5. *Еснейдің* жаңа телевизоры «*Енесей*», тоққа қостық, сөйлемей тұр, *о несі, ей!* (О.Ә., 22-б.). 6. Сосын шопыр *Әшіран*, аузынан түкірігі *шашыран*, ... Балонды бір тепті (О.Ә., 19-б.).

Бірінші мысалдарда ұйқасымдылығына қоса, мағыналық тұрғыдан дамытылған, үдетілген (градациялық) түрде қисындалған. Өзгелердің мағыналары айқын болғандықтан, тек *шайқы*-ға ғана тоқталсақ, сөздікте бұл- «ел, халықты күлкіге қарық қылып жүретін кезбе, диуана адам» деген ұғымды білдіретін сөз болып түсіндіріледі. Екінші мысалда *Әлибек* ұйқас жақындығы үшін *Әлибек* болып сәл өзгертіліп, *фәни* деп, *алимент*термен үндестірілген. Бесінші мысалда «*Енесей*» атауына метатезалық (дыбыстық ішкі ауысымдық) сәйкестігі бар *Есней* есімі таңдалып, бұлар одағайлы «*о несі, ей!*» тіркесімен қисындалған. Соңғы сөйлемде *Әшіран-қа шашыран* ұйқастырылған. Сөйтіп, бұл мысалдардан жалқы есімдердің де ұйқастырыла, ойнатыла қолданылғанда, мәтінге эмоционалды-экспрессивті рең-мән үстеуде айрықша орны бары айқын көрінеді.

Көркем шығарма тіліне байланысты айтқан пікірлердің бірінде В.В. Виноградов зат есімнің осы түрінің атқарар рөлін: «Сөздің бейнелі, көркем түсінілу ерекшелігі жазушының әдеби шығарма құрамына іріктеп алып енгізген жалқы есімдерінің қызметінен де көрінеді. Олар мағыналы, мәнерлі және атау ретінде әлеуметтік мінездемелі» [1], – деп аңғартады.

Есім сөздер қызметінің мұндай көрінісі (мысалы, Еркебұлан, Ботакөз, Мырқымбай (жағымды), Итбай, Желдібай Жындыбаев, Құтпан Итаяқов (жағымсыз) сияқты қазақ ақын, жазушыларының да аз ұшыраспайды.

Адамның бойындағы әр алуан жағымсыз қасиеттерін атап көрсетіп, алдын-ала оқырман ойында түрлі эмоция тудыруға, ассоциация жасауға негіз болатын атаулар әр сатиралық шығармада кездеседі. Кейіпкер аттарының сыртқы образ бітімі мен ішкі мінездемелік сапасының тоғысып жататындығын «бас» сөзіне байланысты жинаған семантикалық антропонимдерден байқауға болады. Мысалы, Алабас, Бұзаубас, Бақырбас, Дарабас, Ешкібас, Жалпақбас, Жайбас, Жарғақбас, Жүндібас, Қалтанбас, Маубас, Майлыбас, Қоқыбас, Қисықбас, Қаскабас, т.б.

Аяқ киім басшыларының аты – Башмаков, Лаптев, қыңыр адам - Қисықбасов, жұлып-қашар жұлқарлар – Ирмесов, Майжемесов, тентек жеңгейдің есімі – Шайпаубике, шаруашылық жағында жүрген жеңгей- Арбакешева, пәтуасыз – Айнымалиев т.б.

Шығармада есімдердің семантикасы қоғамға жат мінез-құлық үлгілері анық байқалады. Мысалы, 1. Содан кейін саусақтарын санай сөйлеп, Тойкенің хоббиі-қалам жинау, Шайқының хоббиі- сағыз жинау, Омпыштың- сіріңке, Топайдың- оттық, Мырқының-сағат, Қырықбайдың-шеге жинау, деп жыр қылды (Ғ.Қ., 26-б.). 2. Жуандар арыла түсіп, есік алдында тұрған қызметкерлер енді қолымыз жетті ме деп тұрғанда, сары партпелді қолтықтап, шалқақтай басып *Борсықпайып* пен *Бұқабайып* келіп кірді ... (М.Н., 39-б.).

Сатиралық шығармаларда жалқы есімдер жан-жануарлар, аң-құс, құрт-құмырсқа атауларынан да жиі жасалады. Б.Мәуленованың: «Кейіпкерлерін зоонимдермен атаған жазушының

мақсаты оқырманына олар туралы сығымдалған ақпарат, хабар беру, себебі жан-жануарлар әлеміндегі ең кішкентай, ең сүйкімсіз жәндіктер мен қолға үйренуі тез құстардың, үй жануарларының атын оқыған бетте оқырман көз алдына соларға ұқсас сүйкімсіз, сөзінде тұра алмайтын адамдар елестейді» [6].

Төрт түлік мал халықтың барлық жан-дүниесін, ойлау жүйесін, психологиясын, тілін «жаулап алған». Халық жылқыны желден, түйені сордан, сиырды судан, қойды оттан жаралған деп есептейді. Төрт түлік мал қазаққа қандай қадірлі, қымбат болса, «бес саусақ бірдей емес» дегендей, сүйкімсіз адамның келбетін, түсін, сиқын, жақсы, жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, сөйтіп әр түрлі теңеулер жасайды. «Сатира, юмор- әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді қуаныш-ренішке бейім өнер» [7, 16] болғандықтан, кейіпкер аттары да ұнамды, ұнамсыз семаларға ие. Мысалы, «Есекбайды құдай арамдығына атан түйе батып кететін түпсіз жылым етіп жаратқан. Оның үстіне оған шібіштің құйрығындай шолтаңдап тыным таппайтын тіл берген». Ақылы келте, ойланбай іс істейтін ақымақ, топас кейіпкердің аты мен заты үндесіп тұр. Қазақ жануардан құлағанда «түйе шудасын, жылқы жалын, сиыр мүйізін, есек тұяғын төсейді» – дейді [7, 149]. Сатирада зоофорлық аттармен кездесетін кейіпкерлерге мысал келтірейік: Ақкүшік, Барақ, Доңызқұл, Есекбай, Иткүл, Итбай, Итқара, Итбас, Итемген, Иткөз, Итуахи, Итбақбас, Күшікбала, Төбет, Үрген, Құтпан итаяқұлы, Қызылтазы, Құмай, Тазыбайдың қаншығы, Тайқар; Борсық Бөрігүл, Бөлтірік, Бөкен Арыстанович, Жыланкөз, Елікханов, Ешкімер, Киікгүл, Көкжал, Көдек, Қоянгүл, Қодыкен Сусликкөз, Қоңырқұлжа, Төкеш Түлкібаев, Түлкібике, т.б; Бөдене Бұлдырықов, Бытпылдақ, Балапан, Дуадақ, Жапалақ, Қораз Қоқиев, Қыран, Қытқытбек, Құсбегин, Құсмұрын, Құтан, Сауысқан Саққұлақов, Тауықбике, Тауықтөс, Тырнабай, Үкітай, Үйрек(ович), Шүрегей, Шымшықбек.

Байқап отырсақ келтірілген мысалдарда кейіпкер аттарының семасында жағымсыз мағына басым. Қаламгер өз кейіпкерін сүмірейтіп суреттеу үшін мысқылдап, қағытып, мұқатуда түрлі әдіске барады, мәселен құс, аң мен адам арасынан ұқсастық іздейді. Мысалы, Қоянгүл-қоян+гүл. Мұндағы қоян-аң, гүл-антрополоксема, яғни әйел атын білдіру үшін қолданылатын сөз. Қоян атымен келген кейіпкердің семасында қорқақтық бар.

О.Әубәкіров шығармасында кейіпкер *Қораз Қоқиев* былайша суреттеледі: «Ешкіммен тілдеспейді, амандаса қалсаң, бас-аяғыңды тексеріп шығып, оң қолының сұқ саусағымен көзілдірігін көтеріп жоғары қарап тұрып «с-с...» деген болымсыз дыбыс шығарады. Көзілдірігімен бірге көтерілген танауы біразға дейін делдиіп тұрып алады» (О.Ә., 39-б.). Кейіпкердің қоқиланған, менменсіген, едірендеген қасиетіне қарай аты-жөнін осылай үндестіріп алған.

Қораз – тілдік қолданыста этеш деп те айтылады, екеуі де бір заттың атауы, номинативтік бірлігі бар сөздер, ал сөйлеу барысында өзгешелігі бар. Мысалы қораздану деген *көкірек керу, менменсу, паңсыну* мағынасын білдіреді, бірақ этештену деп айтылмайды. Сөз төркіні парсы тілінің хорус-этеш, хоруш-айқай дегенінен шыққан.

Образ жасаудың бір тәсілі болып есептелетін кейіпкерге ат қою уәжділігі туралы сөз көп:

– зоофорлық аттардан кейіпкердің болмысы мен жаратылысы, әдет-дағдысы туралы берілер қысқаша деректі таңға болады;

– зоофорлық аттарды зерттеу халықтың рухани әлемі, әлеуметтік өмірі, наным-сенім, тұрмыс-салты туралы мағлұматқа бай екенін дәлелдейді;

– зоофорлық аттардан коннативтік, денотаттық, сигнификаттық мағынаны ашу арқылы ұлттық мінез айқындалады;

Халық даналығын жақсы білетін сықақшы қаламгерлер ат беру мәселесінде аң-құстарға тән мінез-құлықты, өз кейіпкерінің болмысы мен бітіміне сай аттар таңдай білген.

1. Пейоратив (лат. Pejor «кемсіту») аттар: Борсық-семіз, Доңыз-тұрпайы, дөрекі, Заржақ-сарнауық, Ит-оңбаған, сұмырай, Жайынауыз- ашық ауыз, Көбелек- жеңілтек, Құзғын- жауыз, қанішер, Құйыршық-біреудің қолшоқпары, Сүлік- арамтамақ, тентек- сотқар, бұзақы, Шошқананан, топас.

2. Хремотонимдік (гр. Chromos «зат-мүлік») аттар

а) Жабдық атаулары: Мұрындық- мұрынға өткізетін істік ағаш, Нокта+бай- басқа кигізетін әбзел, Тоқым- ер-тұрман, Тұсау+бай аяққа салынатын жіп, Тұзақ- құсқа құрылған тор.

ә) Малдың терісіне қатысты атаулар: Елтір+бай - козы-лақтың терісі, Пұшпақ+бай- малдың сирағының терісі, Тулақ+бай- кептір-ілген тері, Шөншік - бұзау терісі, Жұрқа+бай - қалдық.

б) Малдың жүніне қатысты: Боздақ- ботанық жақ жүні, Көкшақа - жүні жетілмеген төл, Қылқи+бек - құстың қауырсыны түсуі.

в) Ұлттық мүлік аттары: Наркескен - асыл қылыш, Қоңырқұлжа- арқардың асығы.

Антропоним жасаудағы өнімді тәсілдің бірі- екі сөзден біріктіріліп жасалған кісі аттары. Дара тұлғаға қосымшалар қосу арқылы жаңа мағыналы есім жасалады. Т.Жанұзақов мұндай жолмен жасалған есімдерді «тума аттар» деп атайды [2, 129]. Оларды морфологиялық құрылымына және сөз қатысы жағынан алып топтастырып көрейік.

Дара тұлғалы, яғни бір құрамды антропонимдер (Тәпә, Көди, т.б)

Зат.есім+зат.есім (Қауіп+бай..)

Зат.есім+етістік (Ұл+қу...)

Етістік+етістік (Ойна+күл, Сатып+кет,...)

Сын.есім+зат.есім (Жүндібас...)

Сонымен, сатира кейіпкерінің есімі кездейсоқ алына салмайды екен, яғни мәтіннің мазмұнын ашады, күлкілі кейіпкердің есімі езу тартқызады, яғни мазмұн мен түр бірлікте болады. Көркем шығармалардағы әдеби жалқы есімдерді лексика-семантикалық, грамматикалық тұрғыдан зерттеу, көркем мәтіндегі қызметін айқындау автор тудырған туындыны жан-жақты, толық түсінуде маңызы зор. Әзірге қолдағы мыңдаған кейіпкер аттары мен фамилияларын лексика-семантикалық топтарға бөлу, морфологиялық жағынан сөзжасам жүйесін талдау, этимологиялық және этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу, олардың шым-шытырық сырын ашу – басқа бағыттағы дербес жұмыс.

#### Әдебиет

1. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – М., 1959.
2. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1971. – 128 б.
3. Әзімжанова Г. Кейіпкерлерді атайтын жалқы және жалпы есімдердің мәтін түзушілік қызметі. Тілтаным журналы. №3 2003.
4. Қожақеев Т. Сатира негіздері. – Алматы, 1996. – 464 б.
5. Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – М., 1957. – С.88.
6. Мәуленова Б. Қазақ сатирасының тілі. Филол.ғыл.канд...авторефераты. – 7. Астана, 2006. – 25 б.
7. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы, 1992. – 149 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**Аңдатпа.** Мақалала қазақ тілін үйретудегі мәтіннің қызметі, мәтінмен жұмыс жасау барысындағы кезеңдердің ерешеліктері, кездесетін қиындықтар, мәтінді мазмұнын меңгеруде қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** мәтін, тіл үйренуші, тапсырма, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау

**Аннотация.** В статье рассказывается о деятельности текста в обучении казахскому языку, особенностях этапов работы с текстом, возникающих трудностях, методах и приемах, используемых при усвоении содержания текста.

**Ключевые слова:** текст, изучающий язык, задание, рассказывание историй, описание, рассуждение.

**Abstract.** The article describes the activity of the text in teaching the Kazakh language, the features of the stages of working with the text, the difficulties encountered, methods and techniques used in mastering the content of the text.

**Keywords:** text, language learner, task, storytelling, description, reasoning.

Қазақ тілін үйретуде қиындық тудыратын жұмыс түрлерінің бірі – оқыту үдерісінде мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс жасау – тіл үйретудегі негізгі элементтердің бірі. Тіл дамытуда мәтіннің ролі өте үлкен, мәтін тіл үйренушілерге білім береді, тілін, ой-өрісін дамытады, тәрбиелейді. Мәтінді талдаған кезде оған қойылатын талаптарға да назар аудару керек. Мәтіннің тәрбиелік мәні бар болуы тиіс; мәтінде білім алушылардың дүниетанымын кеңейтетін мәліметтер нақты, түсінікті, қабылдауға қиын болмайтындай болуы керек; жеңілден қиынға қағидасы сақталу қажет. Мәтін түрлері әңгімелеу, сипаттау, пайымдау деп бөлінеді.

Әңгімелеу мәтіні оқиғаны ретімен баяндайтын мәтін түрі. Сұрақтары: Не істеді? Қайтеді?

Сипаттау мәтіні – белгілі бір нәрсенің құбылыстың сын сипатын егжей тегжейлі сипаттайтын мәтін түрі. Сипаттау мәтіні басқа мәтіндерден айырмашылығы: етістіктері өткен немесе осы шақта қолданылады; сипаттама тілі (сын есімдер, үстеулер); көңіл күй етістіктері мен нақты зат есімдер; сенсорлық елестетуді қолданады; сипаттау үшін салыстыруды қолданады. Сипаттау мәтінін табиғат көріністерін, адам портреті бейнесі т.б. сын есімдер, үстеу түрлерін қолданылып, заттар салыстырмалы түрде сипатталуында көре аламыз.

Пайымдау мәтіні белгілі бір пікірді түсіндіреді, дәлелдейді және не үшін? сұрағына жауап береді.

Өзге ұлт өкілдеріне оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс-тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Мәтінмен жұмыс дегеніміз – сабақта өтілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстар мен жұмыс.
2. Сөздіктер мен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс.
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтін бес түрлі қызмет атқарады:

1. Мәтін оқушыға білім береді;

2. Мәтін – оқуға үйрету құралы;
3. Мәтін оқушының ойын дамытады;
4. Мәтін тәрбиелік міндеттерді шешеді;
5. Мәтін арқылы тіл үйренушілердің тіл байлықтары дамиды;

Мәтінмен жұмыс жасау бірнеше кезеңнен тұрады: мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Осы кезеңдерде жасалатын жұмыс түрлеріне тоқтала кететін болсақ:

1. Мәтін алдындағы жаттығулар мен тапсырмалар және соларға сәйкес жұмыс түрлері мынадай бағытта жүргізіледі: тілдік тұлға мен сөйлем үлгілерін мәтінде танып, айыра білу және әртүрлі құрылымдық материалды (сөзжасам элементтері, етістіктің жақ, шақ түрлері, сөйлем түрлері, сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдері және т.б.) меңгерту.

2. Мәтінмен жұмыс кезеңі. Бұл кезеңде мәтіннің тілдік материалы мен құрылымы талданады. Мәтін ішінен қажет мәліметті бөліп алу, ажырата білуге машықтандыру жаттығуларын әртүрлі тәсілмен орындау. Мәтінмен жұмыс кезеңі былайша ұйымдастырылады: оқығанның мазмұнын айту, мәтін бойынша сұраққа жауап беру, жоспар құру, бірнеше бөлімге бөліп оқыту, негізгі, жанама ойды таптыру, қорытынды жасату. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз – мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі жеке сөздерді түсінуі керек. Бұл жеке сөздер түсінікті болса, тұтас мәтін де түсінікті болады деген ой туады.

3. Мәтінді оқып, танысқаннан кейінгі орындалатын жұмыстар: логикалық сұрақтар құрастыру, сөздік жұмыстарын жүргізу, фонетикалық жаттығулар, сөйлем құрау, мәтінге мәтін мазмұны негізін сақтай отырып, жоспар құру, мәтінге мазмұнына сай ат қою, диалог, жағдаят құру, мәтіннің мазмұнын құрылған жоспар бойынша айтып беру, сыни тұрғысынан талдау жасату [1, 17].

Мәтінмен жұмыс жоғарыда айтылған сабақ кезеңдерін бір жүйеге келтіреді. Мәтінмен жұмыс істегенде әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс-тәсілдердің мақсаты тіл үйренушілерге айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – тіл үйренушілерді қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтықсу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Осыған орай берілетін мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін тіл үйренушілердің тілді меңгерудегі деңгейіне сай болу керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеуді түрлі әдістермен жүргізуге болады. Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы түрі – мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру. Ол үшін қазақ тілінде оқудың төмендегідей ерекшелігін дұрыс меңгерту:

- Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы, жазылуы.
- Ол дыбыстарды айтылу, жазылу жағынан бір-бірінен ажырата білу.
- «О» дыбысының қазақ тілінде ешқандай өзгеріссіз болатынын орысша айтылуымен салыстыра түсіндіру

– Оқытушы мәтінді оқудың мынандай түрлерін пайдаланады:

а) Дауыстап оқу. Тіл үйренушінің мәнерлеп оқуын қадағалайды. Олардың бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

ә) Іштей оқу. Тіл үйренушінің шапшаң оқу дәрежесін анықтайды. Мысалы, оқытушы іштей оқу үшін мәтін береді, қай жерге дейін оқу керектігін айтады, әркім белгіленген жерге келгенде кітаптарын жауып, оқытушыға бітіргенін айтады. Осыған қарап, оқытушы олардың оқу шапшаңдығын анықтайды [2, 52].

Мәтінді меңгеруде жиі қолданылатын жазба жұмыстарының бірі – мазмұндама. Мазмұндама жаздыруда студенттер оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуы тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер студенттердің есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы студенттердің тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты



қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынадай түрлерін жүргізуге болады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама.
2. Сурет бойынша мазмұндама.
3. Кино, диафильм бойынша мазмұндамада.

Дайын әңгіме бойынша мазмұндама белгілі бір алдын ала дайындалған әңгіме бойынша жаздырылады. Дайын әңгіме бойынша мазмұндама көлемі шағын, мазмұны жеңіл әңгімелер арқылы жүргізіледі.

Тіл үйренушінің мәтінді түсіну қабілетін әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып анықтауға болады. Бұл жерде күнделікті сабақ сайын мәтіннің бір сөзін қалдырмай аударып, тек осындай аударма жұмысымен шектеліп қалмау керек. Ол балаларды зеріктіріп, ынтасын кемітіп, ойлану қабілетін тежейді. Сол себепті әртүрлі әдістерді қолдануға болады:

1. Мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне аудару;
2. Оқыған мәтіннің мазмұнын айтқызу, қазақ тілінде жеткізуге қиналса, орыс тілінде айтқызу;
3. Сұраққа жауап беру;
4. Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлемдер арқылы айтып беру;
5. Оқыған мәтінге немесе бөлімге тақырып қою;
6. Үлестірмелі қағаздарға мәтінді түсінгенін айтуға көмектесетін тірек сөздер жазылады.

Сол бойынша мәтіндегі ойды әңгімелейді;

7. Мәтіннің мазмұнына сай келетін суреттерді таңдап алып, соларды пайдалана отырып, әңгіме құрауға болады;

8. Жоспар құрғызып, мәтіннің мазмұнын айтқызу [3, 17].

Бұрыннан бар білімді жаңарту, олардың жаңа ақпарат алуға деген қызығушылығын ояту және соның нәтижесінде тіл үйренушілердің өз алдына мақсат қоюында төмендегі әдістердің көмегі мол:

Ассоциативті қатар;

Түйінді сөздер негізінде әңгімелеу;

Белгілі бір сөздері бар сөйлемдерді табу, жазу және аудару;

Жұптарды табу: сөз және оның анықтамасына сәйкес;

Сөздердің антонимдерін немесе синонимдерін табу;

Сөзді немесе сөз тіркесін аудармай түсіндіру;

Белгілі бір грамматикалық құрылымды пайдаланып сөйлемдерді перефразалау;

Ерекшеленген сөзді немесе сөз тіркесін мәтінде қолданылатын синониммен алмастыру арқылы сөйлемдерді перефразалау;

Белгілі бір сөздермен мағынасы түсінікті болатындай сөйлем құрастыру;

Тақырыпты оқып, осы мәтінде не (кім) талқыланатынын айту.

Мәтінді талдау, алынған ақпаратты шығармашылықпен өңдеу, түсіндіруде қолданылатын әдіс-тәсілдер: синквейн, сигналдық карталар, аннотация жазу, белсенді оқу (+, -, ? арқылы белгілеу), фишбоун [4, 127].

Осындай тапсырмалар арқылы тіл үйренушілер мәтінді меңгереді. Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқытушы бақылау жүргізеді, жіберген қателерін үнемі дер кезінде түзетіп отыруы тиіс. Осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде тіл үйренушілердің ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Мәтін – адамдар арасындағы тілдік қатынас, яғни, адам ойын мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Мәтін – ойлау, хабарлау, қабылдау, баяндау құбылыстармен тығыз байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын жүйе.

Мәтінмен жұмыста оқытушы ескеретін жайттар:

• Сұрақ қоюға ыңғайлы мәтіндерді таңдап алу. Жақсы жазылған мәтіндер өте көп, бірақ олардың бәрі бірдей сұрақ қоюға мүмкіндік жасай бермейді. Сондықтан тіл үйренушілерді ойландыратын, түсіндіруді мәжбүр ететін мәтіндер алған жақсы. Әсіресе, жақсы ертегілермен жұмыс жасаған ыңғайлы, өйткені онда айтылатын жағдайлар мен кейіпкерлер туралы көптеген ойлар тудыруға болады.

• Жылдам қорытынды жасауға мәжбүр етпеу. Пікірталасты бірден өзіңіз бастамай, тіл

үйренушілердің белгілі бір көзқарастарының қалыптасуына сенім артып, олардың ойларын, пікірлерін, сіз күтпеген ақылды ойларын тыңдаған дұрыс.

• Өзіңнің жеке ойыңды айтпау. Егер біз «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты пікірталастарға өз ойымызды қосатын болсақ, онда сұрақтың мәні жоғалады.

• Талқылауды мәтінге жақын ұстау. Егер сұрақ нақты болмаса, мәтінге қатыссыз, байланыссыз болса, онда тіл үйренушілер мәтіннің тақырыбынан тез ауытқып кетеді (мәтіннен басқаға көңіл бөлмеу).

Қазақ тілі сабағын оқытуда жаңа технологияның өзіне тиімдісін қолдана отырып, тіл үйренушінің мүмкіншіліктеріне қарай деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, тіл байлығын, сөздік қорын байытуға арналған мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру тиімді. Оқытушы әрдайым ізденісте болса ғана, тіл үйренушінің білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз – тіл үйренушіні жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдалансақ, тіл үйренушілердің қазақша сөйлеу дағдысы қалыптасады.

### Әдебиет

1. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996, 117 б.

2. Оралбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі., Алматы, 2000 ж., 186 б.

3. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – А., 2008. – 50 б.

4. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 146 б.

*Севда АБУЗАРЛИ*

*Азербайджанский Университет Языков  
старший преподаватель, аспирант  
(Азербайджан, г. Баку)*

## ВАЖНОСТЬ СОЗДАНИЯ РЕАЛЬНОЙ ЯЗЫКОВОЙ СРЕДЫ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ КОММУНИКАТИВНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

**Андатпа.** Tezicide студенттердің коммуникативті-бағдарлы дағдыларын жетілдіру үшін шынайы тілдік ортаны құрудың маңыздылығы айтылады. Оқушылардың коммуникативті-бағдарлы дағдыларын дамытудағы мұғалімнің рөлі оқшау емес, бірақ ол тілді коммуникативті оқыту талаптары аясында бағаланып, мұғалімнің рөлін нақтылау қажет.

Коммуникативті тәсіл есте сақтауды, жатқа оқуды қолдамайды. Сондықтан мұғалімдерді оқушыларға шет тілдерінің ережелері мен құрылымдарын қамтитын білім беретін тұлға емес, сабақта шынайы тілдік ортаны құра алатын мамандар деп есептейді. Коммуникативті тілді оқытудың талаптарына сәйкес, ағылшын тілі мұғалімдері сыныпта шынайы тілдік ортаны құруға тырысып, студенттерді сабақта және сабақтан тыс уақытта ағылшын тілінде сөйлеуге ынталандыруы керек. Шет тілі сабағында тілдік ортаны құру оқытылатын тілді оқытуда да, үйренуде де маңызды мәселе болып табылады. Пішінді емес, мазмұнды басты назарда ұстайтын коммуникативтік әдіс құрғақ жаттауға қарсы. Мақалада коммуникативтік қағидалар талабы бойынша студенттердің оқу үрдісіне өздері қосылып, шет тілін меңгеруге талпынуы керектігі айтылған.

**Тірек сөздер:** тілдік орта, коммуникативті дағдылар, коммуникативті тәсіл, тілді меңгеру, белсенді оқыту.

**Аннотация.** В тезисе подчеркивается важность создания реальной языковой среды для улучшения коммуникативно-ориентированных навыков учащихся. Роль учителя в развитии коммуникативно-ориентированных навыков учащихся не изолирована, но ее необходимо оценить в рамках требований коммуникативного обучения языку, а роль учителя следует прояснить.

Коммуникативный подход не поддерживает запоминание, заучивание чего-либо наизусть. Поэтому учителя не считаются лицами, которые предоставляют учащимся знания, охватывающие правила и структуры иностранных языков, а скорее экспертами, которые способны создать реальную языковую среду в классе. Согласно требованиям коммуникативного обучения языку, учителя английского языка должны стараться создать реальную языковую среду в классе и поощрять учащихся говорить по-английски во время уроков и вне занятий. Создание языковой среды на занятиях по иностранному языку является важным вопросом как с точки зрения преподавания, так и с точки зрения изучения изучаемого языка. Коммуникативный подход, который фокусируется на содержании, а не на форме, противопоставляется сухому запоминанию. В статье говорится, что согласно требованиям коммуникативных принципов, студенты должны сами включаться в процесс обучения и пытаться овладеть иностранным языком.

**Ключевые слова:** языковая среда, коммуникативные навыки, коммуникативный подход, усвоение языка, активное обучение.

**Abstract.** The thesis emphasizes the importance of creating a real language environment in order to improve students' communication-oriented skills. The role of the teacher in developing students' communication-oriented skills is not isolated, but it needs to be assessed within the framework of requirements of communicative language teaching and the role of the teacher should be clarified.

The communicative approach does not support memorizing, learning something by heart. Therefore, teachers are not considered to be the persons who provide students with knowledge covering the rules and structures of foreign languages, but rather the experts who are able to create a real language environment in the classroom. According to the requirements of the Communicative Language Teaching, English teachers should try to create a real language environment in the classroom and encourage students to speak English during the lessons and out of class. Creating a language environment in foreign language classes is an important issue in terms of both teaching and learning the language being taught. The communicative approach, which focuses on content rather than form, is opposed to dry memorization. The article states that according to the requirements of communicative principles, students should join the learning process themselves and try to master a foreign language.

**Keywords:** language environment, communication skills, communicative approach, language acquiring, active learning.

Создание языковой среды на уроках иностранного языка является важным вопросом как с точки зрения преподавания, так и с точки зрения изучения изучаемого языка, поскольку «в основе современной теории коммуникативной компетенции, как и коммуникативного обучения языку, лежит интерактивный характер общения» [2, 50]. Интерактивность может быть реализована только в языковой среде. Если раньше развитие устной речи подразумевало заучивание небольших текстов, особенно диалогических речевых фрагментов, например, авторы книги «Пособие по развитию навыков устной речи» (Keep Up Your English) в разделе «Методические рекомендации» предлагают запоминать и закреплять заданные речевые шаблоны с помощью коротких диалогов и речевых упражнений [3, 7], то коммуникативный подход, в котором акцент делается не на форме, а на содержании, противопоставляется запоминанию. Точнее, согласно требованиям принципов, относящихся к интерактивности и коммуникативности, студенты должны сами включиться в процесс обучения, стать его неотъемлемой частью и попытаться овладеть иностранным языком. «Коммуникативное обучение языку выигрывает от реальных жизненных ситуаций, подчеркивая возникновение коммуникации. Преподаватель создает ситуации, с которыми студенты могут столкнуться в реальной жизни... Коммуникативное обучение языку также подчеркивает помощь студентам в использовании целевого языка в различных контекстах и изучении функций языка» [7, 54].

Джереми Хармер подчеркивает, что изучение иностранного языка происходит произвольно в языковой среде вне класса, а не внутри класса: «Существует определенное сходство в опыте обучения детей и взрослых, которые изучают язык вне класса. Во-первых, они сталкиваются с языком, который они более или менее понимают, даже если они не могут говорить на нем спонтанно. Во-вторых, они более склонны изучать язык, чтобы иметь возможность общаться. Возможно, возможность использовать изученный ими язык дает им возможность

укрепить свои лингвистические мускулы – проверить собственное развитие и навыки» [5, 24]. Как отмечает автор, и мы с ним согласны, изучение языка легче и продуктивнее в языковой среде, «в присутствии носителей языка».

Разница между освоением языка в естественной языковой среде и изучением языка в классе заключается именно в желании человека, находящегося в языковой среде, общаться, понимать говорящего и выражать свои собственные мысли, что и заставляет его изучать этот язык. На уроках иностранного языка обычно нет обязанности понимать собеседника и нет страха быть непонятым, потому что ученик, который легко объясняет свою мысль на родном языке и не сталкивается с требованием объяснить свою мысль на иностранном языке, «облегчает задачу», что на самом деле и является настоящей трудностью. Поскольку нет обязанности или требования активизировать имеющиеся у них грамматические и лексические знания, знания учеников остаются пассивными. Поэтому учителя должны ставить перед собой цель создания реальной языковой среды, чтобы ученики могли активно использовать свои языковые знания и одновременно приобретать новые знания и навыки, и достигать этой цели оптимальными средствами, потому что «требования принципов, относящихся к интерактивности, заключаются в том, чтобы ученики успешно использовали иностранный язык, когда они сами включают в процесс обучения и становятся его неотъемлемой частью» [2, 50].

Тот факт, что преподаватель на уроке говорит преимущественно на иностранном языке, является решающим фактором в коммуникативной подготовке и развитии коммуникативно-ориентированных навыков устной речи учащихся. Учитель может сформировать у учащихся коммуникативные привычки, общаясь на английском языке. Конечно, этот момент считается главным условием высокой профессиональной компетентности учителя и подготовки к уроку. Не отходя от темы, можно еще раз сказать, обращаясь к Джереми Хармеру, что «все эти особенности овладения языком в естественной языковой среде сложно создать на уроке, но есть элементы (элементы), которым мы должны попытаться имитировать» [5, 24].

Подчеркивая идею о том, что изучающие язык «должны быть мотивированы, знакомиться с языком и иметь возможность использовать его», Джереми Хармер группирует элементы успешного преподавания языка в классе следующим образом:

Первый элемент – это привлекательность. Этот элемент в учебном процессе означает, что педагог должен вызвать интерес учащихся и обеспечить их участие в уроке.

Автор сравнивает способность учащихся чему-либо учиться на скучном, неинтересном уроке с глаголом «выключиться» и отмечает, что учащимся на таком уроке скучно, и, напротив, «веселой» процесс обучения более эффективен. Автор показывает «обучение» как второй элемент уроков, на которых учащиеся сталкиваются с трудностями и обеспечивается их непосредственное участие. На этом этапе обучение включает в себя различные виды деятельности: от отработки простейшего звука до специальных эффектов в заданном тексте; от времен глагола к объяснению разговорной речи, к объяснению стиля речи, т.е. над данным текстом следует провести практическую работу. Автор перечисляет различные способы обучения учащихся: учитель может объяснить грамматику в тексте, ученики могут сами обнаружить грамматику в материале, выполнить задание на чтение в группах или выучить новые слова из текста. Обучение – это любой этап, на котором основное внимание уделяется структуре языка.

Третий элемент – активация. Этот элемент объединяет задания и упражнения, в которых студенты могут свободно и «коммуникативно» использовать язык настолько, насколько это возможно. Основная цель здесь – не сосредоточиться на обучении языковым структурам или конкретным языковым вопросам, точнее, грамматическим моделям, лексике, а направить студентов на использование языка, соответствующего данной ситуации или теме [5, 25-26].

Конечно, не все могут овладеть языком в классе в одинаковой степени. Однако мы не можем отрицать, а должны утверждать, что изучение иностранного языка в правильно организованных условиях может иметь положительные результаты. Это еще раз подтверждает правильность идеи о том, что создание реальной языковой среды или, по выражению Джереми Хармера, «имитации» является важным фактором в изучении языка.

Марк Флетчер во введении к своей книге «Teaching Through English» рекомендует «использовать английский язык в управлении классом» при преподавании английского языка, а также группирует и представляет в разделах все возможные выражения, которые учителя и ученики

могут использовать от начала до конца урока [4, 2]. Такие уроки, как «Интегрированные уроки по содержанию и языку», имеют исключительное значение для развития у учащихся навыков устной речи, ориентированных на общение.

### Литература

1. Hacıyeva Q. Dil fəkütlərinin yuxarı kurslarında autentik materiallardan istifadənin səmərəli yolları // Tətbiqi Dilçiliyin müasir problemləri III Beynəlxalq Elmi Konfransın materialları. Bakı: ADU, – 25-26 oktyabr, 2018, s. – 124-125.
2. Kazdal V. “İngilis dilinin tədrisində kommunikativ yanaşma və onun tətbiqinə təsir göstərən amillər: Ped. fəl. dok. ... dis. Bakı: – 2006, – 144 s.
3. Ельникова Э.П., Кудрявцева Л.А., Ширманова М.Ф., Зарубина З.В. // Пособие по развитию навыков устной речи (Keep Up Your English). Москва: Междунар. отношения, – 1975, – 264 с.
4. Fletcher M. Teaching through English. Classroom language for teachers and students. The Brain Friendly Publications // Great Britain: Hythe Printers Ltd, – 2006, – 149 p.
5. Harmer J. How to teach English // Harlow, England: Addison Wesley Longman Limited, Printed in Malaysia, – 2004, – 198 p.
6. Huseynzade G. Quality Education and Teacher Training // Prometheus – Reports of the meeting held under the auspices of UNESCO on the creation of the Network of Pedagogical Universities of South Caucasian Region. Baku: AUL, – 16-18 May, 2001, – p.17-24.
7. Ismailova D.A. Teaching English as a Foreign Language. (Textbook) // Baku: Moutarjim, – 2011, – 320 p.

**Мәлдір СУЛЕЙМБЕКОВА**

*Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназия  
бастауыш сынып мұғалімі  
(Қазақстан, Тараз қ.)*

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІМДЕРІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тіліндегі есімдердің өзгеріске ұшырауы туралы, дұрыс айтылып, дұрыс жазылмауы туралы жазылған. Бұл мәселені біздің қазақ елінің жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы да жазып кеткеніне мысал келтірілді.

Ата-аналар баласына есім берерде мағынасына, естілуі жағымдысын таңдайтыны айттып, өзгеріске мән берілмей жатқаны назарға алынған.

**Тірек сөздер:** ішкі уәж, тұлға, жатшылдық, есім, шұбарлану, өзгеріс, ұлт.

**Аннотация.** В статье написано об изменении имен в казахском языке, правильном произношении и неправильном написании. Приводился пример, что об этой проблеме писал сочувствующий нашей казахской стране Ахмета Байтұрсынұлы.

Было сказано, что когда родители дают своему ребенку имя, они выбирают значение и то, которые приятно слышать, иотмечается, что изменение не учитывается.

**Ключевые слова:** внутренняя мотивация, личность, отчуждение, имя, смешение, изменение, нация.

**Abstract.** In the article, it is written about the change of names in the Kazakh language, the correct pronunciation and incorrect spelling. An example was given that Ahmet Baitursynuly, a sympathizer of our Kazakh country, wrote about this problem.

It was said that when parents give their child a name, they choose the meaning and the one that is pleasant to hear, and it is noted that the change is not taken into account.

**Keywords:** internal motivation, personality, alienation, name, confusion, change, nation.

Қазіргі таңда тілдегі тіл мәселесі өзекті мәселе. Тілдің шығу тегі, оның өзгеріске ұшырауы, өзгеруі, дамуы, сөйлегендегі ерекшелігі, сөйлеу әркетінің барлығы кешенді түрде



қарастырылып, қазақ елінің және білім ғылымының алдына қойған мақсаты десек болады. Тіл мәселесін адам баласы әлеуметтік тұрғы мен психологиялық тұрғыдан қарастырып, саралып, сондай-ақ білім саласын ғылым салаларымен өзара байланысын анықтай отыра байланыстырып зерттеп, саралап, маңызын түсініп зерттеген жөн.

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөзерден қашқан:

а) Ескірген сөздерге жоламаған.

ә) Жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

б) Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

в) Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз – ақ біздің мықтап қашатынымыз – жатшылдық.

Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз.

Сөз шұмағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шұмағы да тіл деп аталады.

Сөз өнері деп, асылында, нені айтамыз? Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымыздағы, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Шығарма деніміз – осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді керек қылса, өнер ғылымды керек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өнінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып табылады [1, 348].

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады [1, 350].

Қазіргі таңда адам есімдерінің де өзгеріске ұшырауы жиі кездесіп жүр. Бір дыбысты басқа дыбыспен алмастырып, оның негізгі түпкі жазылуына мән берілмеуде.

Адам баласы дүниеге келгенде оған арнап есім беріледі. Есім басқа адамдардан сені ерекшелеп, даралап бөліп алуға бағытталады. Шыр етіп дүние есігін ашқан сәбилерге, тіптен түрі де ұқсас егіздерге оны жекелеп әртүрлі есімдер беріледі. Сол есім оның өмір бойы жанына жұбаныш болып, не ұялып қымтырылуына себеп болады. Бұл есімнің адам тағдырына соншалық маңызы қандай? Есімді атағанда қалай естіледі? Мағынасы көңіліңе ұялайтындай сезім қалдыра алды ма? Адамның есімі өміріне ешқандай әсер бермейді деп айталмаймыз. Оның психологиялық салмағы бар. Адам баласы үнемі дамып отырады және тұлға болып қалыптасуына оның психологиялық әсері мен ішкі уәжі де әсер береді. Барлық адам бірдей өз есіміне қатты мән бере бермеуі мүмкін. Үстірт, жай қалыпты жағдай деп мүлдем ойламайтын жандар да кездеседі. Оның қате жазылды ма, қате айтылып жүргеніне мән берілмейді. Ол ата-анасының таңдап қойылған шешімі.

Ата-аналар баласына есім берерде мағынасына, естілуі жағымдысын таңдайды көбіне. Олар баласының тұлға болып қалыптасуында таңдаған есім өзіне сай болсын деп үміттенеді, үміт арта болашағы жарқын болғанын қалайды. Өз қатарластарының арасында есімі бірден ерекшеленіп, дараланғанын қалайды. Көбіне есімдердің мағынасы жақсылық пен молшылық, бағалы дүниенің нышанындай бейне бір мағынада алынады. Алайда өте әдемі есім болғанымен кейде ол есімдердің дұрыс жазылуына, айтылуына мән берілмей өзгеріске ұшырауда.

Кеңес одағы кезінде қазақ есімдерінің көбісі қате жазылып, құжат бойынша бір есімнің бірнеше нұсқада қате жазылып кетуі жиі кездесті. Атап айтсақ бір Мөлдір деген қызбаланың есімі сан түрлі өзгеріске ұшырап, түрліше құжаттарға жазылып кетті. Мысалы: Мөлдір, Мольдир, Молдир, Малдыр, Малдыр, Молдыр, Молдыр, Молдыр т.б. Сол қателік сол күйі жөнделмей жылдар бойы қате жазылып жүр. Ал қазір ХХІ ғасыр табалдырығын Егеменді ел болып аттап, әлемдік аренаға шыға бастадық. Тәуелсіздік туын желбіретіп тәуелсіз мемлекетімізде де жаңа туған балаларға қазақ есімдері саналы түрде ата-ананың таңдауымен қате жазылып, құжаттарда қате жазылып жатыр. Ердәулет деген орнына Ердаулет, Бақдәулеттің орнына Бақдаулет, Әсемнің орнына Асем, Ләйланың орнына Лейла т.б. Бұлай өзгеріске ұшырауы, қате жазуы ата-ананың өз таңдауы. Осылай өзгертіліп айтылып, жазылса қазіргі заманға сай, заманауи деген қате ұғым қалыптасқан. Өкінішке орай кейбір жас ата-аналар қазакилықтан гөрі өзге тілдің есімдеріне ұқсас болғанын қалайды. Бірден құлаққа ерекше естіліп баласы ерекшеленіп, дараланады деп есептейді. Өзіміздің төл дыбыстарымыз шетте қалып, өзгеріске ұшырап, қалып қоюда.

Қазақ тіліндегі есімдердің өзгеріске ұшырауы туралы, тегіне «ов» жалғануы туралы біздің қазақ елінің жанашыры Ахмет Байтұрсынұлы да жазып кеткен. Газат-журналдарымызда көбінесе, «ұғлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «ов, ва» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті ерсі естіледі. «ов, ев, ин, валар» жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Европа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша бар? «Овтарды» орысша жазғанда қолдансақ, та, қазақша «ұғлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан бұлай жұртқа өнеге беретін газетта-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді [1, 315].

Ендігі мақсатымыз жаңа өсіп келе жатқан жастарымызға патриоттық тәрбие беру арқылы қазақ есімдерінің өзгеріске ұшырамай, қателікке жол берілмей таза түпкі негізінде жазылуына мән беруге үйрету. Есімдердің дұрыс айтылу мен жазылуы патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса рухани байлыққа ең алдымен – тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

#### Әдебиет

1. Байтұрсынов А. «Ақ жол», Алматы 1991.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Егемен Қазақстан» газеті 14.12.2010.

*Тілеулес БАЙҚОЖАЕВА*

*Алматы құрлыс және менеджмент колледжі  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚИТУ, ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

**Андатпа.** Бұл мақалада оқушылардың жырды дұрыс түсіну үшін бейтаныс сөздер, қазақ этникалық тарихи ұғымдардың атауын талдап, алдын-ала түсініктеме беру сияқты жұмыстар жүргізілетіндігі туралы сөз қозғайды. Сонымен қатар көркем шығарманы оқыту, талдау мәселелеріне тоқталады. Әрі батырлар жырының мазмұнын оқушыға тереңінен меңгерту халықтық педагогиканы танып білуге жол ашады. Атап айтқанда оқушылар сөйлеу техникасын жүйелі түрде меңгереді және көркем сөз оқу, шығарма, эссе жазуға, мәтін оқуға, талдауға деген қызығушылығын арттыруға бағыт – бағдар береді. Шығарманы мазмұндау, ойын баяндау, алған әсерімен бөлісу, шығарма жазу, ой толғау т.б іс-әрекеттің барлығы сыныптағы оқушылар мен мұғалім арасындағы диалог арқылы жүзеге асатындығы туралы баяндалады.

**Тірек сөздер:** көркем шығарма, қазақ этникалық мәдениеті, халықтық педагогика, сөйлеу техникасы, мәтінді талдау, оқыту және диалог, оқуға қызығушылық, шығарма және эссе, оқушыларды тәрбиелеу.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается работа, направленная на правильное понимание учащимися эпоса, включая анализ незнакомых слов, объяснение названий казахских этнических и исторических понятий, а также предоставление предварительных комментариев. Также поднимаются вопросы обучения и анализа художественных произведений. Кроме того, глубокое освоение содержания батырского эпоса учащимися открывает путь к познанию народной педагогики. В частности, ученики систематически осваивают технику речи, развивают интерес к чтению художественного слова, написанию сочинений и эссе, а также к чтению и анализу текста. Отмечается, что пересказ произведения, изложение мыслей, деление впечатлениями, написание сочинений, размышления и другие виды деятельности реализуются через диалог между учащимися и учителем в классе.

**Ключевые слова:** казахская этническая культура, народная педагогика, техника речи, анализ текста, обучение и диалог, интерес к чтению, сочинение и эссе, воспитание учащихся.

**Abstract.** This article explores the work aimed at ensuring students' proper understanding of epic poetry, including the analysis of unfamiliar words, explanations of Kazakh ethnic and historical concepts, and providing preliminary commentary. It also addresses the issues of teaching and analyzing literary works. Additionally, a deep understanding of the content of heroic epics by students paves the way for exploring folk pedagogy. Specifically, students systematically develop speech techniques, cultivate interest in reading literary works, writing essays, and analyzing texts. It is noted that retelling works, expressing thoughts, sharing impressions, writing essays, reflections, and other activities are implemented through dialogue between students and the teacher in the classroom.

**Keywords:** Kazakh ethnic culture, folk pedagogy, speech techniques, text analysis, teaching and dialogue, interest in reading, essays and compositions, student development.

Жеке адамның мәдениеттілігі өмірдегі қарапайымдылығымен, білім дәрежесімен, сөйлеу шеберлігімен, әдебиетті, тарихты, өнерді қаншалықты білетіндігімен өлшенеді. Білімді, мәдениетті көп білетін, өте әділ, үнемі ақиқатты айтатын кісінің жүріс тұрысы, киіну мәдениеті, тіл жұмсау дағдысы да ерекше болмақ. Тіл – адам ойының айнасы. Адамның сөз саптау, тілдесу, сөйлеу әрекетіне қарап, оны танып аңғару қиын емес. Адамға ойлай білу қаншалықты керек болса, орнымен шебер сөйлеп, шешендікпен жеткізу соншалықты қажет. Басқаға өз ойын түсінікті, жатық, әсерлі етіп жеткізудің бір жолы – әуеннің, дауыс ырғағының дұрыс болуы. Музыка пәнінде барлық нотаны өз ырғағымен дұрыс айту сияқты, қазақ тілінде әріпті дұрыс айтып, екпінді анық түсіріп, орфоэпиялық нормаға сай сөйлеуге тиіспіз. Тіл мәдениетінің шыңына жету ұзақ, әрі тарам-тарам жолдан тұрса керек. Оның негізі бесіктен, балабақшадан, мектептен, жүрген ортасынан, теледидар, ғаламтор, өнер, театр, кино, радио, басылым беттерінен көріп үйренгендері бойына жиналған білім қоры болып табылмақ. Осы шешендікті, көркем сөйлеуді, өз ойын анық жеткізуді, тіліміздің теңдесі жоқ бай екенін кейінгі ұрпаққа ұғындырудың жолдарын қарастыруымыз керек.

Бала отбасынан көп нәрсені үйренеді. Балаға ата-анасы, сол шаңырақтағы басқа жандардың ықыласы ерекше болмақ. «Баланың баласы оттан да ыстық» – демекші қазақ шаңырағында немересіне ертегісін айтып беріп, бар білген өнерін немересіне үйретуден жалықпай, қазына болған қарттарымыз қаншама. Атап айтар болсақ, Абайдың даналығына, сөз зергері болуына әжесі мен анасының ел арасындағы жырау, жыршылардың ықпалы зор болған. Мұхтар Әуезов өз туындысында былай суреттейді: «Ол Абай атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзіне баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек дос тапты. Онысы, – әсіресе, әжесі. Одан қала берсе – шешесі. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімешіл еді. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді ғып, қызықтырып айтады. Абай бір күні ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұрады. Сонда ол ойлашып отырып:

...Е, е бұлдыр бұлдыр күн өткен

Бұрынғыдан кім өткен? – деп кішкене тақпақтатып бастап кетеді. Кейде немесе бір, күндері Еңлік пен Мамыр сияқты қыздардың қайғыларын да айтып береді. Кейде әжесі шаршаса, өз шешесіне жабысағын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді, өлеңді, сөзді көп айтушы еді.» – дейді [2]. Осындай ойландыран кейін Абайдың болашақ өміріне рухани азықты, халқының тіл байлығын, мәдени мұрасын қалай меңгергенін байқаймыз. Әжесі мен анасының мейірімі, өнегесі, ұстаздық құпиясы теңдесі жоқ тереңде жатса керек. Жалпы бұрынғы іс тәжірибеге

сүйенсек, халқымыздың жыр, дастандарын, ертегілерін, батырлық жырларын т.б көркем баяндаудың ролі бала психологиясына қаншалықты әсер ететінін ұғыну қиын емес.

Көркем әдебиетке қызықтырудың бастау бұлағы әдебиет сабағын қызықты оқытудан басталса керек, ізденіспен, өз дәрежесінде жандандыра шығармалардың жанрына, идеясына яғни ұстаздың шығармашылыққа мән бере отырып, тереңдете оқыту, оқушылардың оқиғаны ойша дамытуына мүмкіндік беріп, интербелсенді тақтаны, басқа да көрнекі құралдарды орынды қолдану сияқты мәселелерді назарда ұстау керек. Мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», жырларын оқытқанда мәтіннің өзін оқу, талдау, мазмұндау, теориялық талдау жасауға, оқиғаларды жүйелі түрде дамыту, сөзбен салынған суреттерді көз алдына елестетуге, мәтіннен үзінді жаттауға тәрбиелегеніміз абзал [6]. «Қобыланды батыр» жырындағы:

Айт, жануар, шуу! – деді

Құбылып бурыл гүледі.

Табаны жерге тимеді.

Тер шыққан сайын ерледі.

Көлденең тиген тұяғы

Саз балшықтай иледі, – деп [4] келетін жолда сөзбен салынған сурет емес пе?! Батырлар жырларындағы осындай персонаждарды оқушы көз алдына өздері елестеткен жөн, интербелсенді тақтадан көрсетудің қажеті жоқ. Оданда мәтінмен жұмыс жасап, жоспар құрып, шығарманың идеялық мазмұнына, басты және қосалқы кейіпкерлер әрекетіне, композициясына, тіл көркемдігіне мән беру сияқты мәселелер жас өспірім-дердің оқырмандық қызығушылығын арттырады. Оқушылардың жырды дұрыс түсіну үшін бейтаныс сөздер, қазақ этникалық тарихи ұғымдардың ағауын талдап, алдын ала түсініктеме беру сияқты жұмыстар жүргізілгені абзал. Әрі батырлар жырының мазмұнын оқушыға тереңінен меңгерту халықтық педагогиканы танып білуге жол ашады. Атап айтқанда оқушылар сөйлеу техникасын жүйелі түрде меңгереді және көркем сөз оқу, шығарма, эссе жазуға, мәтін оқуға деген қызығушылығы артады. Осындай талаптардан кейін оқушыларымыз құлашын кеңге сермеп, алуан түрлі сайыстарға қатысып өз белсенділігін, қабілетін, жетістіктерін дәлелдейді.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен тұста еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат – рухани жан дүниесі биік, жан-жақты, бойына адами қасиеттерді сіңірген, жеке тұлға қалыптастыру болды. Ал тұлғаны қазақ әдебиетін оқуға тәрбиелеу дегеніміз – ол баланың бойында белгілі бір қызығушылықты ояту, қажетті құндылық бағдарын, соның ішінде пайдалы іс-әрекеттерді қалыптастыру, дарындылық көзін ашу деген сөз. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың ғашықтық жырлары, шешендік сөз, ертегілер, айтыс өлеңдері күмбірлеген күміс күйі мен сыбызғы – сырнайдың үні, асқақтата салған әсем әні, мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандарымен ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ отансүйгіш ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішпейілдік, әдептілік, елін, жерін, халқын, отанын сүю секілді ең асыл қасиеттерді бойларына сіңіруге аянбай еңбек етуіміз қажет. Оқушылардың қаны мен жанына сіңіруде осынау ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін негізге ұстанып, талай шәкірт бойына нәр бере отырып, толассыз жарыстарға қатыстырып бағын сынауымыз қажет. Осы дарынды және талантты оқушыларды оқыту модульіне келсек танымдық шығармашылық қабілеті жоғары балаларды оқыту жолдарын оқып үйренгеніміз абзал. Дарынды балалар бір текті емес, ерекше қажеттіліктері бар үнемі зерттеуді қажет етеді. Дәстүрлі оқытуда дарынды балалардың қабілетін ғана ескеріп, шығармашылығымен, зият қырларын ашу туралы ойлауымыз керек. Жаңашыл ұстаздың ең басты мақсаты – жаһандану кезеңінде ақпаратты алып, тез өңдеп, қажетіне жарататын, бәсекеге қабілетті өзінше танымдық әрекет ете алатын, алған білімін керек жерінде пайдаланатын, жан-жақты тұлғаны жетілдіру. Жаңашыл мұғалім алдында оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, өзіндік ой-пікірін айтып, дәлелдей білетін, өзін еркін сезінетін, ынталы, сенімді, сыни-пікір көзқарастары бар ұрпақты қалыптастыру міндетті тұрғанын сезінуі тиіс. Қазақ әдебиеті пәні мұғалімнің парызы – оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білуін, сапалы білімдерін

өмірде қолдана білуге үйретіп, кез-келген проблемалық жағдайларды анықтап, шешімін тауып кетуге үйрету болып табылады [5].

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» деген болатын зерттеуші-ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Шынында оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы түсініп, біліп, ойлау арқылы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз берген затты ол ала қоятын әрекет емес. Ол – оқушының жан қалауымен, ынтасымен, жүрекпен сезінуі арқылы жүзеге асатын әрекет. Қанша қызықты, құнды жақсы көркем шығарма болсын, оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, еңбектенуі тиіс.

XXI ғасыр білім мен ақпараттар заманы өркендеген өрлеу ғасыры екені айқындалды. Сондықтан білім саласы білікті, ізденімпаз, жаңашыл, жасампаз табысты ұстазға зәру, оларға деген сұраныс жоғары. Білім көшін жаңалыққа бастаушы ұстаздарға деген құрметте айырықша. Соған орай ұстаздар арасында зерделі жаңашыл ұстаз болуға ұмтылғандар саны жылдан-жылға артауда. Мұғалім оқу мен оқытуға енгізілген жаңалық пен танысып, іс-тәжірибені жаңа бағытқа бұрып үнемі ізденіс үстінде жүру қажет екенін ұғынуы тиіс. Қазақ әдебиеті пәні мұғалімі – жеті модульді сабағына ықпалдастыра білетін, оқу мен оқытудағы жаңалықтың маңызын түсінетін, әр модульдің қолдану шартын меңгерген ұстаз болуы тиіс. Себебі әр модульдің сабақты меңгертуде өзіндік орыны, айтар ойы мен идеясы бар. Мысалы: сын тұрғысынан ойлауды алмақ оқушының меңгерген білім туралы ойлануына мүмкіндік туғызып, шығармашылығын дамытады, сенімділігі артады. Сабақта жаңашыл әдіс-тәсілдерді орынды қолдану, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын қай тұста жандандырамын деген ойлар бірден шешімін табады.

Көркем мәтіндегі жазушы ойын мұғалім көмегімен аңғара оқу. Таңдап оқу. Іштен оқу немесе өздік оқу. Іштен оқудың оқушыны жеке, өз бетімен жұмыс істеуге баулуға маңызы ерекше зор. Рөлге бөліп оқу. Хор-мен оқу. Ұжымдық оқу. Әсіресе, даралап оқытуда тиімді. Оқу техникасына, мәнерлеп оқуына қарай, оқушыларды топқа бөле отырып, мұғалім ұжымдық оқуды тиімді ұйымдастырса, көркем мәтінді тез меңгертуге ықпал жасайды. Жұптық оқу. Жұптық оқудың тиімділігі, біріншіден өз беттерімен оқу техникасын жетілдіру дағдыларын дамытады, екіншіден ұқыпты тыңдай білуге, бір-бірінің жұмысына талдау жасай біледі.

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» ішінен «Диалогтік оқыту» көбірек пайдаланған абзал. Себебі, мемлекеттік жалпыға бірдей оқу бағдарламасында басқа пәндерге қарағанда қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті салыстырмалы түрде тұтастай диалогқа құрылып, диалогтан тұрады. Шығарманы мазмұндау, ойын баяндау, алған әсерімен бөлісу, шығарма жазу, ой толғау т.б іс-әрекеттің барлығы сыныптағы оқушылар мен мұғалім арасындағы диалог арқылы жүзеге асырылады. [2] Ғалым Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін атап өткендей, сабақ барысында өзара пікір сайыста, пікір алмасуда әңгімелесудің оқушылар шығармашылығын арттыруда пайдасы зор, себебі «шешендік өнер» оқушылардың сөйлеу шеберлігі, сөз саптауы, ойын көркем тілмен жеткізу сәттерінде тіл құдіреті айырықша көрінді. Мысалы: «жүзіп шығу» әдісі бойынша екі топ бір-біріне сұрақтар қойып жауаптар алуы осының бір дәлелі. Диалогты оқыту баланың қабілетін шыңдап, талантын ашуға көмектеседі. Әдебиет сабағында барлық тапсырмалар сұрақ-жауап әдісіне құрылады, ол оқушының қызығушылығын арттырады. Диалогтік оқытудың «әңгіме-дебат» оқытуда жиі пайдаланылады. Сабақта оқушылармен диалог құра отырып оқыту арқылы АКТ-ны, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып, топтық жұмыста талантты, зерек оқушылардың жұмысынан сыни тұрғыдан ойлантуға болатыны байқалады. Сабақта постермен жұмыс жасау, талдау, қорғау, өзара топпен бағалау, қол соғу, мадақтау тәсілдерін жиі қолданғаны дұрыс шешім.

Тілші-ғалым А.Байтұрсынұлы оқыту туралы: «Ең әуелі мектепке керегі терең білімді педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта алатын мұғалім. Екіншісі, оқыту ісіне керек құралдар һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы» [1], –дегендей қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – мұғалімнің әлемдік



білім кеңістігіндегі оқытудың заманауи құралдарын өз тәжірибесіне ықпалдастыру арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталғаны аян. Қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің негізгі мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алып, ойын анық айта алатын, бәсекеге түсе алатын қабілетті тұлға дайындау болып отыр. Шынында бәсекеге қабілетті ұрпақты алға жетелейтін білім мен мәдениет. Сондықтан сапалы білім, саналы тәрбие, салиқалы ой, парасатты пайымдауды білетін, ұрпақты жаңашыл, еңбекқор ұстаз ғана тәрбиелейді. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға мұғалім» деп ғалым Стронг айтпақшы, мұғалім үнемі жетістіктен көрініп, жаңашыл идеяларды бойға сіңіріп, жаңаша қызмет жасауы қажет. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі [7]. Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауысының естілуі де ашық болуы талап етіледі. Оқушыны көркем мәтіннің оқу түрлеріне дағдыландыру керек.

#### Әдебиет

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы, – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Пед.ғыл. док.дисс. Алматы, 1994.
3. Бозжанова К. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру Алматы, Мектеп, 1989, – 64 б.
4. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. «Мектеп». Алматы – 1969 ж.
5. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. «Жазушы», 1998.
6. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем текстті лингвистикалық талдау. «Мектеп», 1989.
7. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары. «Жазушы», 1990.

#### **Ораз САПАШЕВ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы*

#### **Олжас УАЛИЕВ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
1-курс докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық құндылықтардың маңыздылығы мен рөлі қарастырылады. Аксиология – құндылықтарды зерттеумен айналысатын ғылым, ал қазақ мәтіндері осы құндылықтарды ұлттық мәдениет пен дүниетанымның көрсеткіші ретінде танытады. Зерттеу қазақ тіліндегі мәтіндерде кездесетін моральдық, этикалық, рухани, әлеуметтік және мәдени құндылықтарды анықтауға бағытталған. Қазақ мәтіндеріндегі құндылықтар ұлттық болмысты сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа мәнділіктерді жеткізуде және қазіргі қоғамдағы ұлттық бірегейлікті нығайтуда негізгі құрал ретінде қарастырылған. Зерттеу барысында көркем әдебиет, халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер және заманауи публицистика материалдары негізінде аксиологиялық талдау жүзеге асырылды. Қорытындысында, қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық құндылықтардың жеке тұлғаның рухани дамуына, ұлттық сананың қалыптасуына және қоғамдық келісімді нығайтуға елеулі әсер ететіні дәлелденді.

**Тірек сөздер:** аксиология, құндылықтар, қазақ мәтіндері, ұлттық мәдениет, рухани даму, бірегейлік, ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, әдебиет, қоғамдық келісім.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значимость и роль аксиологических ценностей в казахских текстах. Аксиология – это наука, занимающаяся изучением ценностей, а казахские тексты представляют эти ценности как показатель национальной культуры и мировоззрения. Исследование направлено на выявление моральных, этических, духовных, социальных и культурных ценностей, встре-

чающихся в казахских текстах. Ценности в казахских текстах рассматриваются как основное средство сохранения национальной идентичности, передачи значений от поколения к поколению и укрепления национальной уникальности в современном обществе. В ходе исследования был проведен аксиологический анализ на материалах художественной литературы, народного фольклора, пословиц и поговорок, а также современной публицистики. В заключении доказано, что аксиологические ценности в казахских текстах оказывают значительное влияние на духовное развитие личности, формирование национального сознания и укрепление общественного согласия.

**Ключевые слова:** аксиология, ценности, казахские тексты, национальная культура, духовное развитие, идентичность, фольклор, пословицы и поговорки, литература, общественное согласие.

**Abstract.** This article examines the significance and role of axiological values in Kazakh texts. Axiology is the science that studies values, and Kazakh texts present these values as indicators of national culture and worldview. The study is aimed at identifying the moral, ethical, spiritual, social, and cultural values found in Kazakh texts. Values in Kazakh texts are considered as key tools for preserving national identity, transmitting meanings from generation to generation, and strengthening national uniqueness in modern society. The research includes an axiological analysis based on materials from literary works, folk literature, proverbs, and modern journalism. The conclusion demonstrates that the axiological values in Kazakh texts have a significant impact on the spiritual development of individuals, the formation of national consciousness, and the strengthening of social harmony.

**Keywords:** axiology, values, Kazakh texts, national culture, spiritual development, identity, folklore, proverbs, literature, social harmony.

Қазақ мәтіндері ғасырлар бойы ұлттың мәдениеті мен тарихының айнасы болып келеді. Бұл мәтіндерде қазақ халқының ұлттық, әлеуметтік және рухани құндылықтары жинақталған. Құндылықтар адамзат мәдениеті үшін маңызды, себебі олар қоғамның негізін құрайды және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Қазақ мәтіндерінде бұл құндылықтар ерекше орын алады, және оларды түсіну арқылы біз халқымыздың мәдениетінің терең қырларына үңіле аламыз. Аксиология, яғни құндылықтар туралы ғылым, осы құндылықтарды зерттеу арқылы қоғамның және жеке тұлғаның маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздер қоғамдағы ұлттық болмысты, әлеуметтік қарым-қатынастарды және рухани өмірді терең түсінуге көмектеседі. Бұл мақалада қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздер қарастырылып, олардың ұлттық, әлеуметтік және рухани аспектілері талданады. Мақаланың құрылымы қазақ мәтіндеріндегі құндылықтардың әртүрлі аспектілерін зерттеуге бағытталған. Алдымен ұлттық құндылықтар, содан кейін әлеуметтік және рухани құндылықтар қарастырылады. Осылайша, мақалада қазақ мәтіндеріндегі құндылықтардың жалпы көрінісі беріліп, олардың қазіргі қоғамдағы рөлі талқыланады.

Аксиология – құндылықтар туралы ғылым, ол философияның бір саласы ретінде адамның өміріндегі құндылықтардың рөлін, олардың қалыптасуын және қоғамдағы маңыздылығын зерттейді. Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздер – бұл тек әдебиет пен мәдениеттегі құндылықтарды ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен дәстүрлерді, моральдық нормаларды, әлеуметтік қатынастарды да қамтитын кең ауқымды тақырып. Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық аспектілерді зерттеу, қазақ халқының дүниетанымын, рухани мәдениетін және әлеуметтік құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Аксиологияның негіздерін түсіну үшін, алдымен оның негізгі терминдері мен концепцияларын анықтау қажет. Аксиология термині грек тілінен шыққан, “axios” – құнды, “logos” – ғылым, білім дегенді білдіреді. Аксиология құндылықтардың табиғатын, олардың категорияларын, сондай-ақ адам өміріндегі рөлін зерттейді.

Құндылықтар – бұл адамдардың өмірінде маңызды болып табылатын нәрселер, олар моральдық, эстетикалық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да аспектілерге бөлінеді. Қазақ мәдениетінде құндылықтар ұлттық дәстүрлер мен салт-саналармен тығыз байланысты. Мысалы, қазақ халқының “қонақжайлылық”, “туысқандық”, “адалдық” сияқты құндылықтары олардың өмір сүру салтына, әлеуметтік қатынастарына терең әсер етеді.

Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық құндылықтар

Қазақ мәтіндерінде аксиологиялық негіздер әрдайым көрініс табады. Мысалы, қазақ поэ-

зиясында, прозасында, фольклорында және халық ауыз әдебиетінде ұлттық құндылықтар мен моральдық нормалар айқын байқалады.

Поэзиядағы аксиологиялық аспектілер

Қазақстанның ұлы ақындары Абай Құнанбайұлы, Жамбыл Жабаев, Мұқағали Мақатаев сияқты тұлғалардың шығармаларында адамгершілік, адалдық, білім, еңбек сияқты құндылықтар ерекше орын алады. Абайдың “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста” атты өлеңінде білім мен ақылдың маңызы туралы айтылады. “Ақыл – адамға, қайрат – бақытқа, жүрек – адамгершілікке” (А.Құнанбайұлы, 1991). Бұл өлеңде ақыл мен білімнің адам өміріндегі рөлі, олардың қоғамдағы орнын бағалау аксиологиялық тұрғыдан зерттеледі.

Прозадағы құндылықтар

Қазақ прозасында да аксиологиялық негіздер терең орын алады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романында Абайдың тұлғасы арқылы қазақ халқының ұлттық құндылықтары, мәдениеті, дүниетанымы көрсетіледі. Романда Абайдың “Туған жер” тақырыбындағы ойлары, оның халыққа деген сүйіспеншілігі, адалдық, әділдік, білімге деген құштарлығы аксиологиялық тұрғыдан маңызды болып табылады. “Абай – қазақ халқының рухани әлемінің айнасы” (М.Әуезов, 1997).

Қазақ фольклоры – халықтың мәдениетінің, тарихының, дүниетанымының айнасы. Қазақ ертегілері, аңыздары, мақал-мәтелдері аксиологиялық құндылықтарды бойына сіңірген. Мысалы, “Ерлік – елдің ұлы, елдік – ердің ұлы” деген мақал ұлттық бірлік, ерлік, батырлық сияқты құндылықтарды насихаттайды. “Мақал-мәтелдер – халықтың даналығы” (Нұрғалиев, 2010).

Зерттеудің болашағы: Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздер

Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздерді зерттеу – бұл тек академиялық қызығушылық емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және тарихи контексте де маңызды. Зерттеу нәтижелері қазақ халқының ұлттық идентичтілігін, мәдениетін, құндылықтарын және дүниетанымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл зерттеудің болашағы бірнеше бағытта дамуы мүмкін.

Мәдени идентичтілікті сақтау

Зерттеу қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық аспектілердің ұлттық мәдениет пен идентичтілікті сақтаудағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани құндылықтарын зерттеу арқылы, жастардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Бұл бағытта мектептер мен жоғары оқу орындарында аксиология пәнін енгізу, ұлттық әдебиет және мәдениет бойынша арнайы курстар ұйымдастыру маңызды.

Қазақ әдебиетінің аксиологиялық негіздерін зерттеу әдебиеттану мен мәдениеттану саласындағы жаңа көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл зерттеулер қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысын, ұлттық және универсалдық құндылықтарды салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аксиологиялық аспектілерді зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің эстетикалық құндылықтарын, символизмін және метафораларын тереңірек түсінуге болады.

Аксиологиялық зерттеулер қазақ халқының психологиясына, әлеуметтік қатынастарына және моральдық нормаларына әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер қазақ қоғамындағы әлеуметтік құндылықтардың, дәстүрлердің және моральдық нормалардың өзгеруіне ықпал ететін факторларды анықтауға көмектеседі. Психологиялық зерттеулер арқылы қазақ халқының құндылықтары мен дүниетанымының қалыптасу механизмдерін түсінуге болады.

Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздерді зерттеу халықаралық мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал етеді. Қазақ халқының мәдениеті мен құндылықтарын шетелдік аудиторияға таныстыру, мәдениетаралық қатынастарды нығайту және халықаралық деңгейде қазақ мәдениетінің имиджін көтеру үшін маңызды. Бұл бағытта халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, ғылыми мақалалар жариялау, шетелдік зерттеушілермен ынтымақтастық орнату қажет.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың дамуы зерттеу әдістерін жанартуға мүмкіндік береді. Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздерді зерттеу үшін заманауи ақпараттық технологияларды, мәліметтер базаларын, мәтіндерді талдау бағдарламаларын пайдалану тиімді. Бұл зерттеулердің нәтижелерін цифрлық форматта жариялау, онлайн платформаларда таныстыру, жастар арасында ғылыми қызығушылықты арттыру үшін маңызды.

Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздер – қазақ халқының мәдениеті мен тарихының маңызды құрамдас бөлігі. Олар ұлттық идентичтілікті, рухани құндылықтарды, моральдық нормаларды көрсетеді. Қазақ әдебиетінде, фольклорында, поэзиясында аксиологиялық аспектілердің тереңдігі мен маңыздылығы, халықтың дүниетанымын, әлеуметтік қатынастарын, құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ мәтіндеріндегі аксиологиялық негіздерді зерттеу – бұл көп қырлы, кешенді және маңызды процесс. Зерттеу нәтижелері қазақ халқының мәдениетін, тарихын, ұлттық құндылықтарын тереңірек түсінуге, сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл зерттеулердің көлемі мен ауқымы кеңейіп, жаңа бағыттар мен мүмкіндіктерді ашатыны сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 200 б.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: Ғылым, 1989. – 150 б.
3. Мұқанов С. Қазақтың халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Білім, 1978. – 300 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1986. – 250 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Санат, 1996. – 180б.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 220 б.
7. Қамзин К. Ұлттық құндылықтар және оларды насихаттау. – Астана: Еуразия университеті, 2002. – 140 б.
8. Ермеков Ә. Қазақ мәтіндеріндегі этикалық құндылықтар. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2015. – 190 б.
9. Баймұратова А. Мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымы. – Алматы: Білім, 2008. – 160 б.
10. Исламқұл Р. Қазақ халқының рухани құндылықтары. – Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2019. – 210 б.

**С.АБДЫРАХИМОВА**

*Университет Сулеймана Демиреля  
магистрант  
(Қазақстан, г. Каскелен)*

#### **ИЗУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ: РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ПИСЬМА**

**Андатпа.** Мақалада әлеуметтік желілердің ағылшын тілін үйренуге әсері қарастырылады; жазу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Зерттеу барысында екі студенттік топқа жазу дағдыларын дамыту бойынша тапсырма берілді: бірінші топтағы студенттерге дәстүрлі эсселерді жазу тапсырылды, ал екінші топтағы студенттер Instagram желісінде посттар жариялады. Нәтижелерді салыстырмалы талдау бірінші және екінші топтағы студенттердің жазу құрылымы, стилі, шығармашылық және тілдік дағдыларындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Нәтижелер дәстүрлі әдістермен тепе-теңдікті сақтай отырып, әлеуметтік медианы тілдік білім беруге біріктірудің ықтимал артықшылықтары туралы түсінік береді.

**Тірек сөздер:** instagram, тіл үйрену, ағылшын тілі, жазу дағдысы, әлеуметтік желілер, эссе.

**Аннотация:** В статье рассматривается влияние социальных сетей на изучение английского языка; при этом особое внимание уделяется развитию навыков письма. В ходе проведения исследования, двум студенческим группам было дано задание на развитие навыков письма: студентам первой группы было дано задание подготовить традиционные эссе, тогда как студенты второй группы публиковали соответствующие посты в Instagram. Сравнительный анализ результатов подчеркивает различия в структуре письма, стиле, креативности и языковых навыках, продемонстрированные студентами первой и второй группы. Результаты дают представление о потенциальных преимуществах интеграции социальных сетей в языковое образование при сохранении баланса с традиционными методами.

**Ключевые слова:** instagram, изучение языка, английский язык, навык письма, социальные сети, эссе.

**Abstract.** This article examines the impact of social media on English language learning, with a particular focus on writing skills. In the study, two groups of students were given a writing task: the first group was given

a traditional essay task, while the second group posted on Instagram. A comparative analysis of the results highlights the differences in writing structure, style, creativity, and language skills demonstrated by the first and second group of students. The results provide insight into the potential benefits of integrating social media into language education while maintaining a balance with traditional methods.

**Keywords:** instagram, language learning, English, writing skill, social media, essay.

В эпоху повсеместного использования социальных сетей потенциал этих платформ как инструментов для изучения английского языка все больше привлекает внимание. Среди множества социальных сетей Instagram завоевал популярность среди изучающих язык благодаря своим визуальным и текстовым характеристикам; в связи с этим, нами предпринимается попытка рассмотреть использование Instagram как средства улучшения навыков письма на английском языке и его влияние на овладение языком.

Instagram – это визуально-ориентированная социальная платформа, которая позволяет пользователям обмениваться изображениями и подписями, предоставляя инновационную среду для изучения языка. Его дизайн способствует объединению письменного текста с визуальными эффектами, способствуя мультимодальному подходу к обучению [4]. платформа дает учащимся возможность взаимодействовать с аутентичными текстами с глобальным сообществом пользователей, что способствует развитию навыков письма.

Одним из основных преимуществ использования Instagram для изучения языка является доступ к аутентичному языковому вводу. Аутентичный ввод помогает учащимся понять использование языка в реальном мире и различные стили письма [3]. Чтение, анализ и ответы на посты носителей языка и пользователей, хорошо владеющих языком, знакомит учащихся с разнообразным словарным запасом, идиоматическими выражениями и иными нюансами владения письменной речью, которые улучшают их навыки письма [5].

Instagram также предоставляет возможности для активного взаимодействия посредством письменной речи (комментарии, обмен контентом либо его создание). Учащиеся могут «отточить» свои навыки письма, оставляя подписи под постами, комментарии и описания, способствуя интерактивному общению. Этот интерактивный аспект повышает мотивацию учащихся, так как развивает навыки живого общения в современной виртуальной среде (Lamy & Zourou, 2013).

В свою очередь, визуальная часть Instagram способствует интеграции изображений с письменным текстом. Иллюстрации способствуют пониманию, облегчают расширение словарного запаса учащихся и стимулируют творческие способности при письме [6]. Общеизвестно, что включение визуальных средств в изучение языка способствует улучшению как рецептивных, так и продуктивных языковых навыков.

Instagram связывает учащихся с разнообразным глобальным сообществом, способствуя взаимодействию со сверстниками. Изучающие язык могут получать обратную связь о своем посте и учиться у других, что делает платформу неформальной, но ценной средой обучения (Parrish, 2004).

Несмотря на значительный обучающий потенциал, использование Instagram для изучения языка сопряжено с некоторыми трудностями. Так, необходимо решить проблемы, связанные с конфиденциальностью, ограниченным контролем качества и потенциальным воздействием нежелательного контента. Кроме того, преподавателям необходимо учитывать цифровое неравенство и проблему доступности технологий при интеграции социальных сетей в языковое образование.


С целью демонстрации эффективности использования Instagram нами было проведено исследование по типу case study; в нем участвовали две группы студентов первого курса, изучающих английский язык и имеющий уровень B1 (всего 40 человек). Темы эссе/ поста в Instagram были одинаковыми для обеих групп: “Our future on Mars” и “Me in a Parallel Universe”; требования по количеству слов - 150-200. Правила написания эссе-story были объяснены студентам заранее. Первая группа выполняла данное задание в аудитории, в традиционном формате; вторая группа писала эссе-пост вне аудитории на общем инстаграм-аккаунте группы.

После написания, мы проанализировали работы студентов и оценили по двум критериям: количество и характер допущенных студентами ошибок и диапазон владения английским



языком. Нами принимались во внимание следующие типы ошибок: орфографические, грамматические, ошибки в сочетаемости слов и выборе предлогов; при оценке учитывался также лексический и грамматический диапазон. Нужно заметить, что некоторые эссе оказались нечитабельными, или содержали значительное количество заимствованного текста. В итоге, нами рассматриваются результаты девятнадцати студентов, писавших традиционные эссе, и семнадцати студентов, опубликовавших посты.

Проанализировав результаты эссе двух групп, мы выяснили, что группа писавшая посты в Instagram, демонстрирует лучшие результаты по всем перечисленным критериям.



**Уровень орфографической грамотности.** Обе группы показали достаточно хороший результат в области орфографии при написании эссе на английском языке. Студенты группы, писавшие эссе в традиционном формате, в среднем сделали 4.47 ошибок (от 0 до 11 ошибок). Большинство ошибок было допущено при употреблении слов научного стиля (*telekinez, osigen, cosmonaut*); в число ошибок вошли также печатки типа *paralel, rech, offcouse*.

Среднее количество ошибок группы, публиковавшей посты в Instagram, составило 1.1, от 0 до 3 ошибок; важно отметить, что большинство студентов не допускало ошибок такого рода, а допущенные ошибки в основном имели характер случайных опечаток (*univers, owr, I was scary*).

**Грамматические ошибки.** Контраст между результатами грамматических ошибок студентов двух групп был весьма большой. Начиная с группы с традиционным эссе, самое большое количество совершенных ошибок одним студентом составляет 23, а наименьшее – 3; среднее количество ошибок – 12.3. Доля студентов, сделавших от 1 до 10 ошибок, составила около 52,6%, от 11 до 20 – 21% и от 21 до 23 – 26,3%. В основном это были ошибки в употреблении *Second conditional*, где использовалось настоящее время вместо воображаемого будущего с *would* и *could*; многие допускали ошибки в форме 3 лица глагола ('*people lives, everyone has*'). Вторая же группа продемонстрировала меньшее количество ошибок в этой категории по сравнению с первой, показывая результат в 0.76 ошибок на студента в среднем. Большинство не сделало ни одной ошибки, и только 6 студентов допустили ошибки такого рода (общее количество ошибок от 1 до 4). Встречались ошибки в употреблении артиклей, построении предложений (неверный порядок слов и пр.).

**Неправильные словосочетания и предлоги.** В обоих случаях ошибок в построении словосочетаний/ при выборе предлогов было немного. Количество ошибок в группе, которая писала эссе в традиционном формате, несколько больше, чем во второй группе (3.26 в первой группе и 0.7 во второй группе, соответственно). Наиболее частотной ошибкой было смешение предлогов '*in/on (in Mars) / 'on Mars*').

**Лексические и грамматические ресурсы.** Эти категории оценивались на основании 9-балльной оценочной шкалы IELTS Writing, а именно *Lexical resource* и *Grammatical Range and Accuracy*.

Студенты, написавшие цифровые эссе, в большей степени использовали научные слова и термины, придавая глубину и креативность эссе. В целом, студенты получили от 5 до 9 баллов

за вокабуляр (средний балл составил 6.9). Использовались термины, характеризующие космос, атмосферу и Вселенную. В первой же группе такой результат продемонстрировало меньшее количество студентов. Большинство получило 5-6 баллов, но из-за того, что в этой группе больше студентов, средний балл получился несколько выше, 5.68 (разброс составил от 3 до 9). Студенты использовали слова-термины, характеризующие новые профессии, а также природные процессы.

При использовании разнообразных грамматических структур студенты показали похожий результат. Группа, работавшая в Instagram, продемонстрировала большее разнообразие грамматических структур, чем группа, писавшая эссе в традиционном формате (поэтому средний результат в группе, публиковавшей посты, – 6.8 баллов; в группе, писавшей традиционное эссе, показатель несколько ниже – 5,73). Отметим, что студенты, публиковавшие посты в Instagram, использовали такие структуры, СПП, страдательный залог и разновидности времени Perfect, тогда как студенты первой группы использовали простые структуры предложений, временные формы Simple, 1<sup>st</sup>/2<sup>nd</sup> Conditional.

Таким образом, две группы студентов сравнивались на основе их письменных навыков по орфографии, грамматике, словосочетаниям, словарному запасу и грамматическим структурам. В группе, писавшей традиционное эссе, наблюдалось большее количество орфографических и грамматических ошибок по сравнению со второй. Количество ошибок в сочетаемости слов и употреблении предлогов было минимальным в обеих группах, но в первой группе их было несколько больше. Группа с Instagram-постами преуспела в использовании разнообразной научной лексики, набрав более высокие баллы при оценке словарного запаса; их грамматический диапазон был шире.

При сравнении результатов двух групп становится очевидным, что группа, использовавшая Instagram для написания эссе, продемонстрировала заметно более высокий уровень достижений по сравнению с группой, использующей традиционный метод. Одно из объяснений такого различия может заключаться в различной динамике используемых платформ. Так, группа, публиковавшая посты в Instagram, по типу своей платформы вступала в социальное взаимодействие, чего не было в группе, выполнявшей традиционное письменное задание. Цифровая среда Instagram характеризуется непосредственным и видимым взаимодействием между сверстниками, где процесс написания эссе является более публичным и потенциально рассчитан на обратную связь в виде обсуждений постов в режиме реального времени, в особенности – со стороны сверстников.

Прозрачность процесса написания в Instagram могла вызвать у студентов чувство ответственности или мотивацию к созданию более качественного контента. Это давление суждений со стороны сверстников в сочетании с публичным характером платформы могло повлиять на качество подготовки и контента, и формы при написании эссе, что привело к наблюдаемому нами более высокому результату по сравнению с более скрытой и изолированной средой традиционных эссе.

С другой стороны, наличие меньшего количества орфографических ошибок может быть связано с использованием автоматической программы ввода текста T9 на мобильных устройствах, которое предсказывает слова по вводу последовательности букв и подчеркивает орфографические ошибки, предлагая слово, подходящее по смыслу.

Результаты нашей работы вполне согласуются с выводами, представленными в иных научных источниках. В частности, более высокие результаты группы Instagram перекликаются с исследованиями, подчеркивающими влияние социальной динамики на академическую успеваемость в цифровых пространствах [1].

В заключение следует подчеркнуть, что использование Instagram положительно влияет на навыки письма студентов, создавая благоприятную среду, которая мотивирует их на создание качественного контента. Публичность их работ обязывает их быть предельно внимательными к своим эссе, стараясь делать меньше ошибок и писать текст, который будет верно понят. Это, в свою очередь, положительно влияет на развитие и совершенствование их навыков письма, что позволяет утверждать, что такие платформы, как Instagram, могут служить эффективными инструментами для развития навыков письменной речи учащихся.

## Литература

1. Al-Ali S. 2014. Embracing the Selfie Craze: Exploring the Possible Use of Instagram as a Language mLearning Tool. *Issues and Trends in Educational Technology*, 2 (2), 1–16.
2. British Council. Retrieved November 19, 2023, from [https://takeielts.britishcouncil.org/sites/default/files/ielts\\_writing\\_band\\_descriptors.pdf](https://takeielts.britishcouncil.org/sites/default/files/ielts_writing_band_descriptors.pdf)
3. Brown H. D. 2007. *Principles of language learning and teaching* (5th ed.). Pearson Education.
4. Ducate L., & Lomicka, L. 2009. Going global: The culture learning benefits of an online, intercultural, and task-based e-mail exchange. *CALICO Journal*, 26 (2), 251–273.
5. Furstenberg G. 2001. Interactional features of asynchronous computer-mediated communication in the foreign language curriculum: A linguistic and pedagogical analysis of online communication. Doctoral dissertation, University of Texas at Austin.
6. Kabilan M.K., Ahmad, N., & Abidin, M.J.Z. 2010. Facebook: An online environment for learning of English in institutions of higher education? *The Internet and Higher Education*, 13 (4), 179–187.
7. Lamy M.N., & Zourou, K. 2013. Open educational resources as an opportunity for language learning: Moving towards a shared educational culture. *Language Learning & Technology*, 17 (6), 6–16.
8. Parrish P.E. (2004). Building a community of learners: Using Weblogs to facilitate language learning. *ReCALL*, 16 (2), 371–384.

**Фатима ҚАСЫМҚҰЛ**

*Сүлейман Демирел университеті  
филология ғылымдарының магистрі  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚЫТУДЫҢ МӘНІ

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ тілін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып оқытудың маңызы талданады. Қазақ тілі халықтың рухани байлығы мен ұлттық болмысының айнасы. Тіл арқылы ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жас ұрпаққа беріледі. Мақалада ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы патриотизмді ояту, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру және жастардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың тиімді әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, халықтық педагогиканың элементтері, баталар мен шешендік өнердің оқытудағы рөлі және заманауи технологияларды қолдану жолдары баяндалады.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, ұлттық құндылықтар, халықтық педагогика, патриотизм, салт-дәстүр, мәдениет, Отанға құрмет, шешендік өнер, инновациялық әдістер, ана тілі.

**Аннотация.** В данной статье анализируется значение преподавания казахского языка на основе национальных ценностей. Казахский язык-зеркало духовного богатства и национальной идентичности народа. Через язык передается подрастающему поколению национальная культура, традиции, обычаи. В статье рассматриваются эффективные методы пробуждения патриотизма через обучение национальным ценностям, повышения любви к Родине и формирования у молодежи национальной самосознания. Кроме того, излагаются элементы народной педагогики, роль благословений и ораторского искусства в обучении и пути применения современных технологий.

**Ключевые слова:** казахский язык, национальные ценности, народная педагогика, патриотизм, традиции, культура, уважение к Родине, ораторское искусство, инновационные методы, родной язык.

**Abstract.** This article analyzes the importance of teaching the Kazakh language based on national values. The Kazakh language is a mirror of the spiritual wealth and national identity of the people. National culture, traditions and customs are transmitted to the younger generation through language. The article discusses effective methods of awakening patriotism through teaching national values, increasing love for the Motherland and forming national identity among young people. In addition, the elements of folk pedagogy, the role of blessings and public speaking in teaching and the ways of applying modern technologies are outlined.

**Keywords:** Kazakh language, national values, folk pedagogy, patriotism, traditions, culture, respect for the Motherland, oratory, innovative methods, native language.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттың бірегейлігін сақтап қалуда тілдің рөлі айрықша. Ұлттық құндылықтарды сақтап, оны жас ұрпақтың бойына сіңіруде қазақ тілінің орны ерекше. Ана тілі – әрбір халықтың рухани өзегі, ал ұлттық құндылықтар сол тілдің негізінде қалыптасады. Тіл арқылы халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы мен дүниетанымы келесі ұрпаққа жетеді. Осы тұста қазақ тілін ұлттық құндылықтарға сүйене отырып оқытудың маңыздылығы артып келеді. Бұл үрдіс жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырылуда. Қазақ тілін оқыту барысында халықтық педагогиканың элементтерін, ұлттық салт-дәстүрлерді, шешендік өнер мен әдеби мұраларды қолдану оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сана-сезімін нығайтады. Білім беру жүйесінде бұл тәсіл жастардың патриоттық сезімін оятып, елдің мәдениеті мен тарихына құрметін күшейтуге ықпал етеді.

Келесі бөлімдерде ұлттық құндылықтардың тілмен байланысы, қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістер мен жастар тәрбиесінде мұрагерліктің маңызы жан-жақты талқыланады.

*Қазақ тіліндегі ұлттық құндылықтар.* Қазақ тілінде сақталған ұлттық құндылықтар халқымыздың рухани байлығы мен болмысының көрінісі. Ана тілімізде қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, даналығы мен өмір сүру қағидалары терең тамыр жайған. Ұлттық құндылықтардың ең бастысы – ана тілі. Бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың жаны, рухы мен айнасы. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тіл арқылы халқымыздың дүниетанымы, мінез-құлқы мен философиясы да беріліп келеді.

*Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу* – болашақ ұрпақтың бойына патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың негізі. Ана тілі – ұлттың жаны мен жүрегі, ал оны оқытуда ұлттық құндылықтарға сүйену арқылы біз жастардың бойында ұлттық сананы оятып, елге, жерге, тілге деген құрметін арттырамыз. Бұл үрдіс тәрбиелік мәні терең білім берудің маңызды бағытына айналуы тиіс.

• *Тіл мен мәдениеттің ажырамас байланысы.*

Қазақ тілінің бойында халқымыздың мол мәдениеті сақталған. Әдеби мұраларымыз – халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, жыр-дастандар қазақ тілінің бай сөздік қорын ғана емес, халықтың рухани құндылықтарын да көрсетеді. Әрбір мақал-мәтелдің астарында өмір сүру қағидалары, ұлттың мінез-құлқы мен дәстүрі жатыр. Мысалы, «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген мақал қазақ халқының туған жерге, елге деген құрметін білдіреді.

• *Салт-дәстүр және әдет-ғұрыптың тілдегі рөлі.*

Қазақ тілін ұлттық құндылықтар негізінде оқытуда салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар ерекше орын алады. Қазақ халқының өмір салты мен дәстүрлері тілімізде нақтыланып, ерекше орын алған. Бата беру, шешендік сөздер, жырлар мен термелер арқылы ұлт тәрбиесінің негізгі қағидалары жеткізіліп келеді. Әрбір батада ізгілік, жақсылық пен тілек-ниет жатса, шешендік өнерде әділдік пен парасаттылық дәріптеледі.

• *Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің қайнар көзі*

Қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты асыл қасиеттері қазақ тілінің тіркестері мен сөз қолданыстарында айқын көрінеді. «Қырықтың бірі – Қыдыр», «Батаменен ел көгерер» сияқты сөздер халқымыздың философиялық дүниетанымы мен өмір сүру салтының айғағы. Тіл арқылы ұлттық құндылықтарды меңгеру жас ұрпақтың бойына адамгершілік, мейірімділік және рухани тазалық сияқты қасиеттерді сіңіруге ықпал етеді.

• *Ұлттық құндылықтар арқылы патриоттық сезімді ояту.*

Ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру жас ұрпақтың елге деген сүйіспеншілігін арттырады. Отанға деген құрметті арттыруда халықтың бай тарихи мұралары, батырлар жыры, аңыз-ертегілер ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Ер Төстік» пен «Қобыланды батыр» жырлары арқылы оқушыларға ерліктің, бағырлықтың мәнін түсіндіруге болады. Мұндай шығармалар ұлттық намыс пен отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға септігін тигізеді.

• *Отанды құрметтеу мен ұлттық сана қалыптастыру.*

Қазақ тілін оқыту барысында тек тілдік нормаларды ғана емес, Отанды құрметтеудің

маңызын да үйрету қажет. «Туған жерге туыңды тік» немесе «Ер жігіт ел үшін туады» сияқты қанатты сөздер халқымыздың Отанға деген құрметін айқын бейнелейді. Тіл арқылы Отанды сүйюді үйрету оқушылардың бойында жауапкершілік сезімін оятып, ұлт тағдырына аландайтын азаматтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

• *Қазақ тілінде ұлттық мінез-құлық қалыптастыру.*

Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол арқылы ұлттық мінез-құлық пен ой-сана қалыптасады. Қазақтың ұлттық болмысы, кішіпейілдігі мен қонақжайлылығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттер тіл арқылы беріледі. Мысалы, сабақ барысында оқушыларға «Ассалаумағалейкум», «Қош келдіңіз» сияқты дәстүрлі сәлемдесу түрлерін үйрету арқылы құрмет пен әдептілік дағдыларын дамытуға болады.

• *Әдеби және шешендік өнердің тәрбиелік мәні.*

Қазақ әдебиеті мен шешендік өнер де ұлттық құндылықтарды оқытуда маңызды рөл атқарады. Халық ақындарының жырлары, билердің шешендік сөздері оқушыларға даналықтың үлгісін көрсетеді. Мұндай сөздер әділдік, адалдық және парасаттылық сияқты қасиеттерді бойға сіңіруге көмектеседі. Мысалы, Төле бидің «Тату елге тыныштық орнайды» деген сөзі бейбітшілік пен бірлікті дәріптейді.

• *Оқытудың әдістемелік негіздері.*

Қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды арнайы пән ретінде енгізу маңызды. Әсіресе, сабақ барысында ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер мен ауыз әдебиетін қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, ұлттық мұраларға негізделген үйірмелер мен жобалық жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

• *Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері.*

Бүгінгі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды оқытуда инновациялық әдістерді қолдану үлкен маңызға ие. Қазақ тілін оқытуда дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлестіре отырып, жастарға тілді игертумен қатар ұлттық сана-сезім мен мәдениетті бойларына сіңіру көзделеді. Халық педагогикасының әдістерін заманауи технологиялармен біріктіру оқыту үдерісін тиімді әрі қызықты етеді.

• *Халықтық педагогиканы қолдану*

Халықтық педагогика – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тәлім-тәрбиенің алтын қазынасы. Қазақтың ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері мен жырлары тіл үйрену барысында маңызды құрал саналады. Сабақ барысында бата беру дәстүрін үйрету немесе халық өндерін талдау арқылы оқушыларға тілді терең меңгертуге мүмкіндік туады. Әрбір халықтық мұра арқылы студенттер қазақ тілінің байлығы мен маңызын сезінеді.

• *Заманауи технологиялар мен дәстүрді үйлестіру.*

Қазіргі таңда сандық технологиялар білім беру процесінде ерекше орын алуда. Қазақ тілін үйретуде интерактивті тақталар, мультимедиялық құралдар, онлайн платформалар мен қосымшаларды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Ұлттық құндылықтарды бейнелейтін деректі фильмдер, аудиожазбалар мен цифрлық кітаптар қазақ тілін оқытудағы заманауи тәсілдер ретінде көнінен қолданылады.

• *Ұлттық бата мен шешендік өнерді оқыту.*

Бата беру, шешендік сөздер – қазақ халқының рухани байлығының көрінісі. Оларды оқыту арқылы оқушылар тілдік мәдениетті игеріп қана қоймай, халқымыздың дүниетанымын түсіне бастайды. Мысалы, белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «Батадан асқан сөз болмас» деген тұжырымы батаның өмірдегі орнын көрсетеді. Осы орайда оқушыларды батаның түрлерімен, мазмұнымен таныстырып, оны қолдану шеберлігін арттыру қазақ тілін үйретудегі тиімді әдістердің бірі саналады.

Қазақ тілін ұлттық құндылықтарға сүйене отырып оқыту – ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадамдардың бірі. Тілді ұлттық құндылықтармен ұштастыру жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, терең білімді, ұлттық санасы жоғары мамандарды тәрбиелеу еліміздің болашағы үшін аса маңызды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы біз оқушыларды рухани бай, ұлттық сана-сезімі жоғары, отансүйгіш азамат ретінде тәрбиелей аламыз. Тіл мен мәдениет ажырамас егіз ұғым болғандықтан, тілді үйрену



ұлттық болмысты сақтаудың негізі. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда ұлттық құндылықтарға негізделген инновациялық әдістерді кеңінен қолдану қажет. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, ұлттық мұраны сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам саналады. Еліміздің болашағы – ұлттық тәрбиені бойына сіңірген, ана тілін терең меңгерген, рухани бай ұрпақ қолында. Ұлттың болашағы үшін ана тіліміз бен ұлттық құндылықтарымызды оқытуда жаңашыл әрі тиімді жолдарды табу – әрбір ұстаздың перзенттік борышы. Осы бағытта жасалған кез келген жұмыс қоғамның рухани дамуына және елдігіміздің нығаюына септігін тигізері сөзсіз.

#### Әдебиет

1. Әбілқасов Ғ.М., Хасен М.Ә., Қонурова Н.А. Ұлттық құндылықтарды оқытудың өзектілігі // «Challenges in Science of Nowadays», 2022.
2. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: «Зият Пресс» баспасы, 2004.
3. Қорғанбек А. Қазақ өркениетінің жаңа дәуірі. Егемен Қазақстан, 2017.
4. Әбілқасов Ғ.М. Шешендік өнер сабақтастығы. Қарағанды: «Арыс», 2013.
5. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. Алматы: «Арыс», 2007.

*Гульбарша МИНАП*

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
қазақ тілі мен әдебиеті 2-курс магистранты, педагог-зерттеуші*

*Жұлдыз САҒЫНТАЕВА*

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті  
PhD докторы, қауымдастырылған профессор  
(Қазақстан, Павлодар қ.)*

### ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

**Аңдатпа.** Мақалада ғалымдардың функционалды сауаттылық туралы ой-пікірлері, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жолдары мен маңызы қарастырылды. Функционалды сауаттылық – адамның сыртқа ортамен қарым-қатынас жасай отырып, сол ортаға тез бейімделуі мен қатынасқа түсу көрсеткіші. Бұл функционалды сауаттылық тұлғаның белгілі бір ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білімі мен білігі, дағдысының жиынтығынан құралады. Олай болса, функционалды сауаттылықты – жеке адамның даму тетігі ретінде қарау керек. Осы тақырып бойынша әдіскер ғалымдар қазақ тілін оқытудағы функционалды сауаттылықты дамытудың құндылығы мен маңыздылығын көрсетеді және бұған үлкен мән бере отырып, функционалды сауаттылықты дамыту қажеттігі туралы айтады. Сондықтан мақалада тақырып бойынша анықтамалады сараланып, функционалды сауаттылықты дамыту тетіктері талданды және осы бағытта жүргізілген зерттеу тәжірибесі ұсынылды.

**Тірек сөздер:** функционалды сауаттылық, сауаттылық, дағдылар, зерттеулер, тапсырмалар, теориясы, тәжірибесі.

**Аннотация.** В статье рассмотрены мнения ученых о функциональной грамотности, пути и значение развития функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка. Функциональная грамотность – это показатель того, что человек быстро адаптируется и взаимодействует с окружающей средой, взаимодействуя с внешней средой. Эта функциональная грамотность состоит из набора знаний и умений, навыков, которые считаются необходимыми для выживания человека в определенной среде и обеспечивают его социальное взаимодействие. Функциональную грамотность следует рассматривать как механизм развития личности. Ученые-методисты по данной теме демонстрируют ценность и важность развития функциональной грамотности в обучении казахскому языку и, придавая этому большое значение, говорят о необходимости развития функциональной грамотности. Поэтому в статье про-

нализированы механизмы развития функциональной грамотности и представлен исследовательский опыт, проведенный в данном направлении.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, грамотность, навыки, исследования, задания, теория, практика.

**Abstract.** The article examines the opinions of scientists on functional literacy, the ways and importance of developing students' functional literacy in Kazakh language lessons. Functional literacy is an indicator that a person adapts quickly and interacts with the environment by interacting with the external environment. This functional literacy consists of a set of knowledge and skills, skills that are considered necessary for human survival in a certain environment and ensure its social interaction. If so, functional literacy should be considered as a mechanism for personal development. Methodologists on this topic demonstrate the value and importance of the development of functional literacy in teaching the Kazakh language and, attaching great importance to this, talk about the need to develop functional literacy. Therefore, the article analyzes the mechanisms of functional literacy development and presents the research experience conducted in this direction.

**Keywords:** functional literacy, literacy, skills, research, assignments, theory, practice.

Функционалды сауаттылық – адамның қолданбалы білім негізінде әртүрлі саладағы өмірлік міндеттерді шешу қабілеті [1]. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқушылардың пәндік білімдерін өмірлік жағдайларда қолдануға машықтауымыз керек. Бұл жеке тұлғаның өз ойын еркін жеткізетін, әрі кез келген жағдаятта ойын тұжырымдай отырып, сауатты қарым-қатынасқа түсуге жол ашады. Қазіргі қарқынды дамып жатқан технология ғасырында оқушы бойында функционалды сауаттылықты қалыптастырудың тетіктерін меңгеріп, оларды белсенді әдістермен түрлендіру – оқушының тілге деген қызығушылығын арттырудың бірден бір жолы екені анық.

Зерттеу нысаны – қазақ тілі сабағында функционалды сауаттылықты дамыту мәселесі.

Зерттеу мақсаты – қазақ тілі пәні бойынша функционалды сауаттылық ұғымын ашып, анықтау, ғылыми негіздеу. Қазақ тілін оқытуда нәтижеге жететін білімді және оны дамыту жолдарын нақтылау. Теориясы мен тәжірибені ұштастыра отырып, нәтижені қорытындылау.

Мақаланы жазу барысында А.Ж.Мұрзалинова, А.К.Рауадинова, Г.А.Рудик, Н.А.Даулетова және тағы да басқа ғалымдардың ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Тақырып бойынша теориялық материалдарды жинақтау және сипаттау, деректерді өңдеу, зерттеу, анализдеу, қорытындылау.

Функционалды сауаттылықты дамыту үрдісі пәндік білім беру, дағды мен білім, біліктен шыға отырып, ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Замануи әлемдік білім кеңістігінде оқыту үдерісінің нәтижелеріне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылатын оқушылардың білім деңгейіне қойылатын халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес, оқушы білімінің басты нәтижесі олардың қалыптасатын құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын енгізуге негіз болды [1].

Функционалдық сауаттылық – бұл метапәндік құбылыс, сондықтан да ол барлық мектеп пәндері, сонымен қатар қазақ тілі пәнін оқыту барысында да қалыптасады. Қазіргі кезде функционалды сауаттылық тақырыбын көтергенде PISA (Programme for International Student Assessment) оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарламасы айтылады. Оның мақсаты математика, оқу және жаратылыстану саласында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау болып табылады. PISA халықаралық бағдарламасы міндетті жалпы білім алған 15 жастағы оқушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеу үшін, яғни адам қызметінің әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін қажетті білім мен дағдыларының болуын зерттеу болып табылады [1].

Қазақстанда да кейінгі жылдары функционалдық сауаттылыққа байланысты ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде, атап айтқанда А.Ж.Мұрзалинованың [2] еңбегінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы орта мектепте орыс тілі, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қарастырылған, А.К.Рауадинова [3] оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін зерттеген, А.М.Имашев [4] болашақ дене шынықтыру мұғалімінің функционалдық құзыреттілігін

қалыптастыру мәселесін, ал Г.С.Каратаев [5] информатика мұғалімдерінің функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеген.

Отандық ғалымдардың оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту бойынша зерттеулерін қарастырайық. А.К. Рауадина «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептің 5-6 сыныптары)» атты диссертациялық жұмыста қазақ тілін оқыту аясында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздерін анықтады [3]. Зерттеу барысында мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қағидаттары, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін тілдік минимумдарды іріктеу критерийлері анықталды, сондай-ақ 5-6 сыныптарда қазақ тілі бойынша лексикалық және грамматикалық минимумдар айқындалды. Сондай-ақ оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың шешуші факторы, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру негізі ретінде қарастырылатын қазақ тілін оқытудың әдістемелік жүйесін ұсынды. Г.А.Рудик, А.А.Жайтапова «Оқу бойынша функционалдық сауаттылық: Өзіндік жұмыс және шынайы бағалауға арналған дәптер» әдістемелік өнімі қызығушылық тудырады [6]. Бұл әдістемелік құралда оқу сауаттылығы бойынша функционалдық сауаттылықты арттыруға арналған тренингтер ұсынылады. Ұсынылған тренингтерді оқу сауаттылығын бағалау аспектілері бойынша саралауға болады және жасы кіші оқушыларға бейімделеді: мәтін мазмұнына жалпы бағдарлану және оның тұтас мағынасын түсіну, мәтінді түсіндіру, мәтіннің мазмұны бойынша рефлексия т.б. қарастырылған.

Ал, Н.А.Даулетованың «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері» атты әдістемелік құралында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне мәтінмен жұмыс жасауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың мәтінді оқу мен түсінудегі функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері қарастырылады [7].

Сонымен, жоғарыда көрсетілген зерттеулерді қарастыра отырып «функционалдық сауаттылық» ұғымының әр түрлі анықтамаларын талдау, салыстыру және жалпылау нәтижесінде біз келесі тұжырым жасадық: оқушылар бойында дағдылар жүйесін қалыптастырып, әр түрлі жағдайларда өз ойын еркін, сауатты жеткізуде алған білімін өмір бойына пайдалану мүмкіндігі функционалдық сауаттылықтың ең негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қазақ тілі пәні бойынша функционалды сауаттылықты қалыптастыруда кең ауықымды, әрі жүйелі жұмысты талап ететінін атап айтқымыз келеді. Қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың сыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, отбасымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдыларын қолдануы, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін алған білімдерін қолдануы [9]. Бұл ретте, қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыстың рөл зор, бұл белгілі бір дағдыларды қалыптастыра отырып оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Сондықтан біз сабағымызда оқушыларға мәтінмен жұмыс жасау барысында орындалатын әр түрлі тапсырмалар, ал оларды алып шығатын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуіміз керек [10].

Мәселен, жағдаяттық тапсырмалар – бұл оқушының ақпаратпен жұмыс жасау барысында интеллектуалдық операцияларды ретімен меңгеруіне мүмкіндік беретін тапсырмалар: таныстыру – түсіну – қолдану – талдау – жинақтау – бағалау. Жағдаяттық тапсырмалардың ерекшеліктері айқын практикаға бағытталған сипатта болады; шешу үшін арнайы пәндік білім қажет. Көбінесе бірнеше пәндерді білу қажет. Жағдаяттық тапсырмаларды орындау мыналарға ықпал ете алады:

- іс-әрекетті өздігінен ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- шындық құбылыстарын түсіндіре білу қабілетін қалыптастыру;
- құндылықтар әлемінде бағдарлау қабілетін дамыту;
- функционалдық сауаттылық деңгейін арттыру;
- негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- кәсіптік таңдауға дайындық; - қазіргі өмірдің негізгі мәселелеріне бағдарлану.

Әдіскерлер оқу үдерісінде жағдаяттық тапсырмаларды қолдану туралы төмендегілерді жиі атайды:

1) Оқушылардың қоршаған ортаны тануға, әлеуметтік-мәдени ортаны меңгеруге деген ынтасын дамытады.

2) Белсенділік негізінде жеке маңызды мәселелерді шешу үшін пәндік білімдерін жартады.

3) Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы серіктестік қатынастарды дамытады.

4) Оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда тікелей қолдана алуға бейімдейді.

5) Оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын, өзіне деген сенімін арттырады.

Бүгінгі күні қазақ тілі пәнін оқытудағы функционалды сауаттылықты дамыту әрекетінің барлық түрлеріне мұқият назар аударуды талап етеді. Жазылымның, айтылымының, оқылымның тапсырмаларын орындап, оларды тиімді меңгеруде алдымен тыңдай білу және өзара қарым-қатынасқа түсе білу, яғни сөйлесуді үйрену қажеттігі айтылады.

Осы тұста, тақырып бойынша Lesson Study зерттеу жұмысы жүргізіліп, функционалды сауаттылықты дамыту жолдары сараланған, зерттелген тәжірибені тілге тиек етуді жөг көрдік. Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер тобының Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлауын, қадағалауын және талдауын көздейді. Қазақ тілісабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында 7 «Д» бақылау сыныбы, 7 «Г» эксперименттік сынып ретінде алынды. Осы сыныпқа тізбектелген 3 сабаққа жоспары құрастырылып, зерттеу жүргізу үшін мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study-ді өткізу жоспары құрылды. Зерттеуге қатысушылар үш А, В, С деңгейіндегі оқушыларды тандап алдық. **А** деңгейіндегі оқушы «Үлгерімі өте жақсы» Абайдуллина Милана есімді оқушы, **В** деңгейінде «Үлгерімі жақсы» Дянчук Мария есімді оқушы, **С** деңгейінде «Үлгерімі орташа» Аханов Руслан. Әрбіреуіне мінездеме беріп, жан-жақты қарастырдық. Зерттеуге қатысушы мұғалімдер оқушыларды байқап отырды.

Lesson Study өткізу үшін «Қазақтілі пәні бойынша функционалды сауаттылықты арттыру мақсатында мәтінмен жұмыстың тиімділігі» тақырыбы таңдалып, келесідей күтілетін нәтиже анықталды:

- тақырып бойынша топтық жұмыс жасай алады;
- мәтінді талдай білуге дағдыланады;
- тілдің қоғамдағы рөлі жайлы айта біледі;
- оқушылардың қазақ тілінде сауатты сөйлеу дағдысын қалыптасады;
- мәтіндердің мағынасын түсініп оқуға үйренеді;
- сұрақтарды талдау және солармен жұмыс жасай алады;
- оқушылардың оқыған дүниесінен белгілі бір қорытынды шығара білу дағдысы қалыптасады;
- өз алған білімін саралап, жинақтап, бағалай білуге дағдыланады;
- топтық жұмыс нәтижесінде оқушылардың бір-біріне деген жолдастық қарым-қатынасы артады;
- берілген мәтіннен негізгісін сұрыптай алады;
- оқыған материалдары бойынша диалог құрай алады, топта шығармашылық қабілеттері дамып, өз ойын ашық айта алады;
- білім сапасы артады.

Lesson Study үш цикл бойынша өткізілді. I-циклде алғашқы зерттеу сабақтары бірлесіп жоспарланып өткізілді. Сабақ соңында оқушылармен сұхбат жүргізіліп, олардың пікірлері ескеріле отырып, зерттеу жүргізуші мұғалімдер бірлесе талдау жасап, келесі зерттеу сабағы бірлесе жоспарланып отырды. Осындай іс-әрекет әрбір зерттеу сабағынан кейін қайталанып отырды.

Алғашқы зерттеу сабағын талдау барысында оқушыларға өз бетімен орындау үшін деңгейлік тапсырмалар дайындау ұсынылды. Екінші зерттеу сабағы алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескеріле отырып құрылды және өткізілді. Сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмалармен жұмыс атқарды, сабақты талдау нәтижесінде үшінші зерттеу сабағына шығармашылық тапсырмаларды күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды. Алдыңғы сабақтан соңғы ұсыныс, оқушымен сұхбат нәтижесі ескеріле отырып, мұғалімдердің берлесуімен үшінші зерттеу сабағынан жоспары құрылып, өткізілді.

3 цикл аяқталған соң мұғалімдердің бірлесуімен Lesson Study қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытындыға келдік:

С деңгейіндегі оқушылар:

- берілген мәтінмен жұмыс жасай алды;
- жеңіл сұрақтарға жауап беріп, қатесін тауып, өз бетімен жұмыс жасауға ынталанды.

В деңгейіндегі оқушылар:

- алған білімдерін қолданып, тірек-сызбалармен жұмыс жасай алды;
- қосымша материалдармен жұмыс жасап, өз бетімен білім алуы үшін жоспар құра алды.

А деңгейіндегі оқушылар:

- проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді.

– өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындауда, логикалық сызбаларды құрастыруда қолдана алды.

Сабақтар нәтижесінде біз мынаны ұқтық: А деңгейіндегі оқушы берілген тапсырманы орындап, қасындағы оқушыларға көмектесе бастағаны, В деңгейіндегі оқушы да топпен жұмыс кезінде мәтінмен жұмыс жасады, топта сурет салып басқа қырынан көзге түсті. Ал С деңгейіндегі оқушы сұрақтарға жауап беріп, топтық жұмыс барысында өз идеяларын айшық айта білді.

Бұл зерттеу жұмысы тек оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар, тәжірибе алмасу болды. Осыған байланысты, қазақ тілі пәні бойынша мұғалімдеріне төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

– өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;

- тапсырма бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп әзірленуі керек;
- тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы қажет;
- оқушылардың берген жауабын мұқият тындап, қатесін айтып отыру керек;

7 «Г» сыныбында жүргізілген Lesson Study-ді қорытындылай отырып, қазақ тілі сабақтағында өздігімен, яғни жеке жұмысты жетілдіруде оқушылардың деңгейі міндетті түрде ескерілуі керек, қалыптастырушы бағалауды түрлендіре отыра, әр сабақта мұғалім оқушылардан кері байланыс алуы – міндетті түрде керек деген түйін жасалды. Мәтінмен жұмысты берер алдында, оқушылар тақырыпты топта талдаса жақсы нәтижеге жетуге болады. Сабақта бағалау парағын ұсыну, өздері қол жеткізе алатын нәтиже ғана емес, сабақ бойы қандай іс-әрекетпен айналысатынымен хабардар болып отыруға мүмкіндік береді, бұл дағдыландырады деген қорытынды жасалды. Ең бастысы, осы зерттеу нәтижесінде 7 «Г» сыныбындағы білім сапасында оң өзгеріс байқалды.

Бұл зерттеу нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін мәтінмен жұмыс арқылы кеңейте алдық. Сабақтар соңында өз мақсаттарымызға жеттік, қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып, оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне, ойларын ашық айтуға үйреттік. Мәтінмен жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыра отырып, бірін-бірі, өздерін, жұптарын, топтарын бағалауға үйретіп, оқуға деген қызығушылығын арттырдық.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық мәні адамның өмірдің әртүрлі салаларындағы стандартты міндеттерді шешуге дайындығын, атап айтқанда: қазіргі қоғам жағдайында бейімделу қабілетін (жақын әлеуметтік орта жағдайында), белгілі бір білім саласына қызығушылықтың қалыптасуын, білім беру қызметін жалғастыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндік білім мен дағдылардың белгілі бір жүйесінің болуы деп тұжырым жасауға болады. Ал мектепте, қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытуда оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мақсаттарын жүзеге асыруда терең де берік білім алу құралы бола отырып, оқушының азамат ретінде өмірден өз орнын табуға кепіл бола алады деп ойлаймыз. Ұлы неміс педагогы А. Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деген сөзі жоғарыда айтылған тұжырымның бірден бір дәлелі.

## Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы: 2012 жылдың 25 маусымы, №832 бекітілген // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832> (02.08.2022.).



2. Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.02. – Алматы, 2003. – 47 с.
3. Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастыру әдістемесі: 13.00.02: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 26 с.
4. Имашев А.М. Функциональная компетентность будущего учителя физической культуры: монография. – Набережные Челны, 2008. – 104 с.
5. Каратаев Г.С. Болашақ информатика мұғалімдерінің функционалды күзiреттiлiгiн қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негiздерi: 6D010300 – «Педагогика және психология»: док. PhD ... дис. – Астана, 2017. – 172 б.
6. Рудик Г.А., Жайтапова А.А., Стог С.Г. Функциональная грамотность – императив времени // Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития. – 2014. – №1. – С. 263-269.
7. Даулетова Н.А. Оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастырудың тиiмдi әдiстерi: әдiстем. құр. – Атырау, 2019. – 80 б
8. Жақсылықова Г.И., Каженова А.М., Исмагилова Н.З. Интербелсендi әдiс-тәсiлдер: әдiстемелiк құрал – Өскемен, 2014, -95б.
9. 12 жылдық бiлiм беру жағдайында оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары: әдiстем. құр. / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық бiлiм академиясы. – Астана, 2013. – 41 б.
10. Уразымбетова А.Б. Оқушылардың функционалды сапаттылығын дамытуда тiл пәндерiн оқытудың белсендi әдiстерi: әдiстем. Құр. – Ақтөбе:«Өрлеу» ПБАО АҚФ Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердiң бiлiктiлiгiн арттыру институтының баспа бөлiмi, 2019. -81б.

**Кәусар ҚАЛИБЕК**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
магистранты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫРДЫҢ ЕКІНШІ ТОМЫНА ШОЛУ**

**Анатпа.** Бұл мақалада қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі Әбдуәли Қайдардың тіл саясатына қатысты ойлары талданады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыру, қостілділік мәселесі, тіл мәдениетін сақтау және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы оның көзқарастары қарастырылады. Сонымен қатар, ғалымның тілдің қоғамдағы орны мен болашағына қатысты пікірлері сипатталады. Мақалада қазақ тілінің рухани, мәдени және әлеуметтік маңыздылығы атап көрсетіліп, тілдің дамуына бағытталған нақты ұсыныстар берілген.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік мәртебе, ұлттық бірегейлік, тіл саясаты, қостілділік мәселесі, тіл мәдениеті, әдеби тіл нормалары, терминологиялық жүйе, тіл экологиясы, әлеуметтік құндылық, қоғамдық қызмет.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются взгляды видного казахского языковеда Абдуали Кайра на вопросы языковой политики. Анализируются его идеи о повышении государственного статуса казахского языка, проблемах двуязычия, сохранении языковой культуры и укреплении национальной идентичности. Также освещаются его мнения о роли и будущем казахского языка в обществе. В статье подчеркивается духовное, культурное и социальное значение языка, а также предлагаются конкретные рекомендации по его развитию.

**Ключевые слова:** Государственный статус, национальная идентичность, языковая политика, проблемы двуязычия, языковая культура, нормы литературного языка, терминологическая система, экология языка, социальная ценность, общественная функция.

**Abstract.** This article explores the perspectives of prominent Kazakh linguist Abduali Kair on language policy issues. It analyzes his ideas on elevating the state status of the Kazakh language, challenges of

bilingualism, preserving linguistic culture, and strengthening national identity. The article also highlights his views on the role and future of the Kazakh language in society, emphasizing its spiritual, cultural, and social significance. Practical recommendations for further language development are discussed.

**Keywords:** state status, national identity, language policy, challenges of bilingualism, linguistic culture, literary language: norms, terminological system, language ecology, social value, public function.

Әбдуәли Қайдар – қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан ғалым, тіл саясатының негізгі мәселелеріне терең талдау жасаған тұлға. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыру, оның қоғамдағы орны мен маңызын нығайту мәселелерін зерттеуде ерекше еңбектенген. Оның пікірінше, тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық рухтың, мәдениеттің, тарихтың, және қоғамның дамуындағы маңызды элемент. Бұл баяндамада Әбдуәли Қайдардың тіл саясатына қатысты ойлары, мемлекеттік тіл мәртебесі, қостілділік мәселелері және тілдің мәдени құндылығы жөніндегі тұжырымдары талқыланады.

### **Тілдің рөлі**

Әбдуәли Қайдардың айтуынша, кез келген мемлекеттің қалыптасуы мен тұрақтылығына қажетті алты негізгі атрибут бар: шекара, жалау, елтаңба, әнұран, басқару аппараты және тіл. Оның ішінде, тіл – ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлт руханиятының негізгі тірегі бола алатын ерекше құндылық. Қайдардың ойынша, Кеңес дәуірінде Қазақ ССР-інде мемлекеттік тіл мәртебесінің сақталмауы қазақ тілінің қоғамдық қызметін әлсіреткен. Ол «Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы Заңды» тіл мәселесін шешудегі алғашқы маңызды қадам деп бағалайды. Ғалым Қазақстанда туып-өскен әр азамат елдің тарихын, мәдениетін және тілін білуі тиіс деп есептейді. Оның пікірінше, егер қазақ тілінің өз елінде еркін қолданылуы қамтамасыз етілмесе, бұл мәселені басқа жерде шешу мүмкін емес. Осы тұрғыда Әбдуәли Қайдар мемлекеттік тілдің қоғамдағы орнын нығайту үшін оның күнделікті өмірде, білім беру саласында және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылуын қамтамасыз етуді ұсынады.

1989 жылы қабылданған «Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңы» қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, ал орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі мәртебесінде бекітті. Сонымен бірге, белгілі бір ұлт өкілдері тұратын өңірлерде олардың тілдері жергілікті ресми тіл деп танылды. Әбдуәли Қайдардың айтуынша, мұндай заң Кеңес Одағындағы басқа республикаларда болмаған. Ол Қазақстанның әр тілге лайықты статус беріп, әділдікке ұмтылғанын ерекше атап өтеді. Сонымен қатар, ғалым бұл заңның тек алғашқы қадам екенін, мемлекеттік тіл мәртебесін шынайы жүзеге асыру үшін әлі де ауқымды жұмыстар атқару қажеттігін ескертті. Ол қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейту үшін нақты шараларды қолға алу қажеттігін баса айтты.

Әбдуәли Қайдардың пікірінше, тіл мәселесі қазіргі қоғамда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыру тек заңнама қабылдаумен шектелмеуі керек екенін айтады. Тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін күшейту үшін, оны білім беру жүйесінде, мемлекеттік мекемелерде, ғылымда және мәдениетте белсенді қолдану қажет. Сонымен бірге, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерген мамандарды даярлау, терминологияны дамыту және заманауи технологияларға бейімдеу маңызды.

Қайдардың ойынша, қазақ тілінің мәртебесі тек қолдану аясымен ғана емес, сонымен бірге, оның табиғи әсемдігін, әдеби нормаларын сақтау және қоғамдық сананы өзгерту арқылы өлшенеді. Ол халықтың тілге деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру үшін тәрбиелік жұмыстар жүргізу қажеттігін ерекше атап өтеді.

Қазақстандағы қостілділік мәселесі – тарихи, саяси және әлеуметтік жағдайлармен байланысты күрделі құбылыс. Әбдуәли Қайдар қостілділікті ұлттардың бір-бірімен мәдени және тілдік қарым-қатынас орнатуындағы маңызды құрал деп таниды. Оның пікірінше, қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуы елдегі этносаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен, ол қостілділікті дұрыс үйлестіру қажеттігін ескертеді. Қостілділік ұлттың бірегейлігіне қауіп төндірмеуі тиіс, керісінше, оның дамуына жағдай жасауы қажет.

Қайдардың пайымдауынша, қостілділікті дамытуда мемлекеттік саясат маңызды рөл атқарады. Бұл саясат әрбір ұлт өкіліне өз ана тілін сақтап, дамытуға мүмкіндік беруі керек. Сонымен бірге, екінші тілді меңгеру ұлттық бірегейлікті жоғалтпай, оның байлығын арттыруға көмектесуі тиіс.

Әбдуәли Қайдар тіл мәдениетінің қоғамдағы орны туралы ерекше пікір білдірген. Оның айтуынша, тіл мәдениеті – бұл тілдің дұрыстығы, қолайлылығы, көркемдігі және жүйелілігімен сипатталады. Ғалым тіл мәдениетін сақтаудың маңызды аспектілерін атап көрсетеді:

1. Әдеби тіл нормаларын сақтау;
2. Қоғамның әр саласында тілді сауатты қолдану;
3. Терминологияны дамыту және біріздендіру;
4. Тілдің ғылыми, техникалық және мәдени салаларда кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.

Тіл мәдениеті тек ғылым мен әдебиетте ғана емес, күнделікті қарым-қатынас барысында да маңызды. Қайдардың пікірінше, әрбір азамат өз ана тілін дұрыс және әдемі қолдануға ұмтылуы тиіс. Бұл ұмтылыс ұлттың рухани байлығы мен мәдениетінің дамуына тікелей әсер етеді.

Қазақ тілінің болашағы

Әбдуәли Қайдар қазақ тілінің болашағы әрбір қазақстандықтың өз ана тіліне деген көзқарасы мен жауапкершілігіне байланысты деп есептейді. Ол тілдің қоғамдық рөлін арттыру үшін халықтың қолдауына сүйену қажеттігін айтады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту тек заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы емес, сонымен қатар, қоғамдағы әрбір адамның белсенді қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Ғалымның пікірінше, тілдің дамуы үшін білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру, оны заманауи ақпараттық технологиялар мен халықаралық стандарттарға бейімдеу, сондай-ақ ғылыми терминологияны жетілдіру жұмыстары маңызды. Сонымен қатар, тілдің экологиясын сақтау, яғни тілдік құндылықтарды қорғау мәселесі де өзекті.

Әбдуәли Қайдардың қазақ тілі жөніндегі ойлары қазіргі заманғы тіл саясатына қатысты өзекті мәселелерді терең талдауға негізделген. Ол қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту, оның қоғамдық қызметін арттыру және ұлттық бірегейлікті сақтау бағытында маңызды ұсыныстар жасаған. Қайдардың пікірінше, тіл – бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухани байлығы, мәдени мұрасы және болашаққа деген үміті.

Бүгінде қазақ тілі тек қазақ ұлтының емес, Қазақстанда тұратын барлық этностардың ортақ құндылығына айналуы тиіс. Ол үшін әрбір азамат тілдің маңыздылығын түсініп, оның дамуына өз үлесін қосуы керек. Қазақ тілінің болашағы жарқын болу үшін, қоғамның барлық деңгейінде тілге деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыруымыз қажет. Әбдуәли Қайдардың еңбектері мен тұжырымдары қазақ тілінің дамуы мен болашағын қамтамасыз етуде үлкен маңызға ие. Оның көзқарастары тіл саясатының жаңа бағыттарын айқындауға көмектесіп, ұлттың рухани және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады.

#### Әдебиет

1. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдығы ғұмыр. Алматы: Сардар. 2014.
2. «Арай», 1990. 4-5 б.
3. «Егемен Қазақстан», 1994 17 маусым.
4. «Қазақ әдебиеті», 1996.
5. «Жұлдыз», 1988. 10 қазан.

## АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Андатпа.** Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар (1924-2019) – қазақ тілі білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, түркітанушы саналы ғұмырының жарты ғасырынан астам уақытын тіл білімі саласына арнаған ғалым. Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі орасан зор. Ғалымның жариялаған 500-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 1000 б.т. астам) зерттеулері, жеке кітап түрінде жарық көрген монография, жинақ, мектеп пен жоғары оқу орнына арналған оқулықтар мен кітаптарының саны 50 асады. Ғалымның «Қазақ қандай халық?» (2008) деп аталған көлемді еңбегі жарық көрді. Жылдар бойы жүргізілген ізденіс нәтижесінде «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын үш томдық «Адам», «Қоғам», «Табиғат») және «Қазақ тіліндегі қос сөздер» (зерттеу және сөздік) еңбектері жарыққа шықты. Бұл еңбектерінде қазақ халқының этномәдени, этноәлеуметтік, этнопсихологиялық болмысын тіл білімі арқылы танып, білуге болады. Академиктің ғылыми еңбектері, ғылымға қосқан үлесі туралы мәліметтер берілген.

**Тірек сөздер:** тілші-ғалым, тіл білімі, этномәдениет, Қазақстанның тіл білімі, мақалалар, түркітану.

**Аннотация.** Абдуали Туганбайұлы Кайдар (1924-2019) – выдающийся специалист по знанию казахского языка, известный тюрколог, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, учёный, посвятивший более полувека своей сознательной жизни в область языкознания. Реальный вклад и заслуги ученого в общую науку тюркологии, в том числе казахского языкознания и уйгуроведения в частности, огромны. Ученый опубликовал около 500 больших и малых исследований (всего более 1000 книг), монографий, сборников, учебников и книг для школ и вузов, издал в виде отдельных книг более 50. Ученый «Какая нация казахи?» (2008). В результате многолетних исследований были изданы трехтомники «Человек», «Общество», «Природа») и «Двойные слова в казахском языке» (исследование и словарь) под названием «Казахи в родном мире». В этих работах этнокультурная, этносоциальная, этнопсихологическая природа казахского народа может быть осознана и познана посредством лингвистических знаний. Приводятся сведения о научных работах академика, вкладе в науку

**Ключевые слова:** репортер-ученый, языкознание, этнокультура, языкознание Казахстана, статьи, тюркология.

**Abstract.** Abduali Tuganbayuly Kaidar (1924-2019) is an outstanding specialist in the knowledge of the Kazakh language, a famous Turkologist, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, a scientist who devoted more than half a century of his conscious life to the field of linguistics. The real contribution and merits of the scientist to the general science of Turkology, including Kazakh linguistics and Uyghur studies in particular, are enormous. The scientist published about 500 large and small studies (more than 1000 books in total), monographs, collections, textbooks and books for schools and universities, published more than 50 as separate books. The scientist “What nation are the Kazakhs?” (2008). As a result of many years of research, three-volume works “Man”, “Society”, “Nature”) and “Double words in the Kazakh language” (research and dictionary) were published under the title “Kazakhs in their native world”. In these works, the ethnocultural, ethnosocial, ethnopsychological nature of the Kazakh people can be realized and understood through linguistic knowledge. Information is provided about the academician’s scientific works and contribution to science.

**Keywords:** reporter-scientist, linguistics, ethnoculture, linguistics of Kazakhstan, articles, Turkology.

Академик Әбдуәли Қайдар қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, түркітанушы. Академик Әбдуәли Қайдар 1924 жылы Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы Талдыбұлақ ауылында дүниеге келген. Академик Әбдуәли Қайдардың балалық шағы Шелек, Түрген, Есік елді мекендерімен тығыз байланыста өтті. Бала кезде айналасында

түрлі ұлт өкілдері болды. Жергілікті қазақтармен өзара ынтымақта ғұмыр кешіп жатқан ұйғыр, орыс, татар, түрік, шешен, неміс, қарашай және т.б. халықтарының әдет-ғұрпынан, өнегелі салт-санасынан тәлім алып, сол тәлімді бойына молынан сіңірді. Кейінен тіл білімін зерттеуге де, ұйғыр тіліне қызығушылығын тудырса керек. Мектепті аяқтаған соң Соғыс өртінен тұтануына орай үзіліп қалған мектептегі оқуын 1946 жылы ғана аяқтады. Мектептен соң жоғары оқу орнына түсті. Он жеті жасында соғысқа ерікті түрде аттанып, отқа орана жүріп әскери орден мен көптеген марапаттарға ие болса, ерлікпен шайқасқанның дәлелі болса керек. Соғыс аяқталғаннан соң бір жылдан кейін ғана еліне оралған ағамыз, 1947ж. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Осылай бейбітшілік орнағанда шығармашылықпен оқу, білім, ғылымға деген ізденісі арта түсті. Студенттік кезеңнен қазақ халқының тілі мен тарихы фольклоріне, тарихы мен этнографиясына терең үнілді. Сондай-ақ басқа халықтың тілімен этнографиясына есіресе ұйғыр халқының тілімен фольклорына іздену жұмыстарын жүргізді. Түркі халықтарының зерттеуде үлкен үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін Б.Радлов, С.Малов, Л.Н.Гумилевтің еңбектерін зерттеді. Қазақ ғалымдары Ш.Уалихановтың, М.Әуезовтың, Ә.Марғұланның еңбектерін жан-жақты танысты. Әсіресе академик ғалымға қатты әсер еткен Ш.Уалихановтың ұйғыр халқы туралы жазған еңбектері еді. Ұйғыр халқының тілімен тарихын, Ш.Уәлихановтан соң, әлемге паш еткен академик Ә.Қайдардың «Қазіргі заман ұйғыр тілі» атты кітабы еді. Кітап 2 томда жарық көріп әрі араб жазуларына көшіріліп басылды, қытай тілінде де басылып шықты. 1971 жылы осы еңбегі үшін Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлыққа ие болды. Ғалымның ұйғыртану саласы мен ұйғыртанушы ғалымдардың қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ғалымның 500 аса жарық көрген ғылыми еңбектері тілі біліміне, қазақ тілі мен түрік тілінің мәселелеріне арналады. 1951-1954 жылдары Қазақ ССР-і Ғылым академиясының аспирантурасын бітіріп, өз қызметін Академияның кіші ғылыми қызметкері болып бастаған ғалым, ғылым докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі дәрежесіне дейін көтерілді. Ғалымның зерттеген салалары – лексикология, диалектология, этнолингвистика, тіл құрылысы, түркітану және алтаистика, ғылым тарихы және тіл саясаты.

Ғалымның аталған бағыттардағы және лексикография саласындағы бірше құнды еңбектер қалдырды. Олар: «Қаңлы: тарихи шежіре» (2003), «Уйгурско-русский словарь» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авторлардың бірі, 1966), «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (2004), «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (2004). Академик Ә.Қайдар қазақ этнолингвистикасының негізін салушы.

Академик этностардың әлеуметтік болмысы мен табиғатын, ұлттық даму заңдылықтарын тіл феномені арқылы танып білудің мүмкіншілігі зор деп көрсетеді. Ғалымның «Қазақ қандай халық?» (2008) деп аталған көлемді еңбегі жарық көрді. Жылдар бойы жүргізілген ізденіс нәтижесінде «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын үш томдық «Адам», «Қоғам», «Табиғат») және «Қазақ тіліндегі қос сөздер» (зерттеу және сөздік) еңбектері жарыққа шықты. Бұл еңбектерінде қазақ халқының этномәдени, этноәлеуметтік, этнопсихологиялық болмысын тіл білімі арқылы танып, білуге болады.

Әбдуәли Қайдар Тұрғанбайұлы қазақ ғылымында өз мектебін қалыптастырған ғалымдардың бірегейі. Оның ғылыми мектебінен тәлім алған ізбасарлар қатарында бірнеше ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары бар.

Ғалым тілі білім түркологиялық мәселерімен Германия, Польша, Австрия, Чехословакия, Болгария, Франция, Түркия, Үндістан, Қытай, Моңғолия және ТМД елдері қалаларына шығармашылық сапарлар жасады. Профессор, академиктің ұйымдастырумен республикалық, халықаралық конференциялар өткізілді.

Қазақ даласынан шыққан академик ғалымның тіл білім мен түркітану саласындағы атқарған істері мен ғылыми ойлары осы саланың атақты ғылымдары тарапынан жоғары бағаланды.

Ғалым ұсынған ғылыми ойлар мен тұжырымдар, ұстанған ғылыми бағыт пен бағдарлар, қазіргі тіл ғылымы туралы оқытылатын сабақтарда, зерттеулерде кең қолданысқа ие. Тіл қоғам өмірінде маңызды фактордың бірі. Рухани мәдениетіміздің, әлем мәдениетінің маңызды саласы. Тіл қоғамдық, әлемдік коммуникация құралы. Адам барлық ойын, ісінің тіл, сөйлеу, жазу



арқылы бейнелейді. Тіл адамзат мәдениетінің сақтаушысы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізушісі, «эт-нос», «ұлт» болып өмір сүруінің алғышарты. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ тілінің аясы тарылып, қолданыстағы тіл болудан қалып, шағын тілге айналу қаупі төнді. 1986жылы Желтоқсан оқиғасынан кейін ұлттық санадағы серпіліс, қазақ тілінің мәртебесін өзекті саяси мәселелер қатарына көтерді. Осы кезде Әбуәли Қайдарұлы Қазақстан Республикасының тіл саясатында, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру бағытында жасаған еңбегі орасан зор болды. Ғалым Жаңа тіл саясатының қалыптасуына және жаңа Қазақстан жағдайындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің заңдық мәртебесін ғылыми-практикалық тұрғыдан негіздеп берді. «Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі болу керек» деп мәлімдеді. Әбуәли Қайдарұлы саналы ғұмырының жарты ғасырдан уақытын білім мен ғылымға арнаған, 500 жуық ғылыми зерттеулер, 50-ден аса кітаптары жарық көрді. Ғалымның есімі ғылымдағы өнегесімен ғана белгілі емес, сонымен қатар, еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне де белсене араласты. Ө.Т.Қайдардың ғылыми-педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, ғылым кадрларын даярлаудағы еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, «Халықтар достығы» ордені, «Отан» ордені, «Құрмет нышаны» (Түркия ордені) және 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталды.

#### Әдебиет

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы, Алматы 2014.
2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Алматы 2013.
3. Қайдар Ө. Ғылымдағы ғұмыр I, II, III, IV, V том. Алматы 2014.
4. <https://adebportal.kz/kz/authors/view/2409>
5. <https://library.kz/kz/kormeler/166-k-rmeler/3136-bdu-li-tu-anbaj-ly-ajdar-95-zhyl.html>
6. [https://mtdi.kz/audarmashyga-komek/tilshi\\_portfeli/id/891/q/1](https://mtdi.kz/audarmashyga-komek/tilshi_portfeli/id/891/q/1)
7. <https://www.ult.kz/post/akademik-abduali-kaydar-dunieden-ozdy>

*Джахан ОБЕЗОВА*

*Туркменский национальный институт мировых языков имени Довлетмаммеда Азади  
кандидат филологических наук, доцент  
(Туркменистан, г. Ашхабад)*

### ЯЗЫКОЗНАНИЕ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ЗНАЧЕНИЕ, ЗАДАЧИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

**Аннотация.** Мақалада тіл танудың білім жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Бұл мақала тіл танудың білім беру үдерісіндегі негізгі мақсаттарын, оқу бағдарламаларындағы орнын және студенттердің тілдік және мәдени біліктіліктерінің дамуына әсерін зерттейді. Тілді оқытудың жеке және кәсіби өсу үшін маңыздылығын көрсететін қызықты деректер келтірілген. Қорытындыда тіл тануды қазіргі білім беру технологияларына интеграциялаудың перспективалары талқыланады.

**Тірек сөздер:** тілтану, білім, тілдік біліктілік, тіл үйрету, оқу бағдарламалары.

**Аннотация.** Статья посвящена изучению роли языкознания в системе образования. Рассмотрены основные задачи лингвистики в образовательных процессах, её место в учебных программах и влияние на формирование языковых и культурных компетенций учащихся. Представлены интересные факты, иллюстрирующие значение изучения языка для личностного и профессионального развития. В заключении обсуждаются перспективы использования языкознания в современных образовательных технологиях.

**Ключевые слова:** языкознание, образование, лингвистика, языковая компетенция, преподавание языков, учебные программы.

**Abstract.** The article explores the role of linguistics in the education system. It examines the main objectives of linguistics in educational processes, its place in curricula, and its impact on the development of

students' linguistic and cultural competencies. Interesting facts are presented to illustrate the importance of studying language for personal and professional growth. The conclusion discusses the prospects for integrating linguistics into modern educational technologies.

**Keywords:** linguistics, education, language competence, language teaching, curricula.

Языкознание, или лингвистика, является фундаментальной наукой, изучающей природу и функции языка. В системе образования она играет важную роль, обеспечивая основу для изучения родного и иностранных языков, а также для развития навыков критического мышления и межкультурной коммуникации. В современном мире, где глобализация требует высокой языковой грамотности и адаптивности, языкознание становится неотъемлемой частью образовательных программ.

Языкознание, или лингвистика, играет ключевую роль в системе образования, так как оно изучает фундаментальную основу человеческого взаимодействия – язык. Через язык мы передаем знания, формируем мышление и культурную идентичность. В образовательной среде языкознание способствует не только освоению языков, но и развитию критического мышления, межкультурной коммуникации и навыков анализа информации.

Современная образовательная система сталкивается с вызовами глобализации, цифровизации и культурного разнообразия. В этих условиях языкознание помогает разрабатывать эффективные методы преподавания, улучшать учебные программы и использовать современные технологии для изучения языка.

*Языкознание в образовательных программах*

Лингвистика включена в учебные планы школ и вузов, где она служит базой для освоения различных дисциплин. Её задачи в системе образования включают:

Развитие языковой грамотности.

Это фундаментальный навык, необходимый для успешного обучения и общения.

Формирование межкультурной компетенции.

Знание языков помогает понимать культурные различия и способствует толерантности.

Развитие аналитического мышления.

Изучение структуры языка помогает учащимся развивать логическое мышление.

*Значение языкознания в образовании*

Развитие языковой и культурной компетенции

Лингвистика помогает учащимся не только изучать грамматику и лексику, но и понимать культурный контекст использования языка. Это особенно важно в мире, где знание иностранных языков становится необходимым для профессиональной и личной жизни.

Интересный факт: исследование показало, что билингвальные дети лучше справляются с задачами, требующими когнитивной гибкости, чем их монолингвальные сверстники.

Формирование навыков анализа

Языкознание учит анализировать структуру языка, различать стили речи и понимать, как язык влияет на восприятие информации. Эти навыки критически важны в условиях информационного общества.

Поддержка родного языка

В многонациональных странах изучение языкознания помогает сохранять родные языки и предотвращать их исчезновение. Например, в образовательных программах ряда стран вводятся курсы по изучению местных диалектов и языков меньшинств.

*Основные задачи языкознания в образовании*

Обучение грамоте

Лингвистика лежит в основе методик преподавания грамматики, орфографии и чтения. Например, фонетический подход помогает детям быстрее освоить чтение на начальных этапах обучения.

Преподавание иностранных языков

Методы изучения иностранных языков основаны на исследованиях лингвистов. Коммуникативный подход, метод полного погружения и использование цифровых ресурсов позволяют сделать изучение языков более эффективным.

Пример: современные приложения, такие как Duolingo, используют элементы игровой лингвистики для вовлечения учащихся.

Развитие когнитивных способностей

Изучение структуры языка, таких как синтаксис и морфология, способствует развитию логического мышления и аналитических навыков.

Межкультурная коммуникация

Лингвистика помогает преодолеть барьеры между культурами, обучая учащихся учитывать культурные особенности общения.

*Перспективы использования языкознания в образовании*

Интеграция цифровых технологий

Современные технологии открывают новые возможности для изучения языка. Онлайн-платформы, виртуальная реальность и искусственный интеллект помогают создавать персонализированные программы обучения.

Интересный факт: исследования показывают, что использование искусственного интеллекта в языковом обучении увеличивает скорость освоения языка на 30%.

Развитие билингвальных программ

Билингвальное образование становится все более популярным, особенно в странах с многонациональным составом населения. Такие программы позволяют детям осваивать сразу два языка, что улучшает их когнитивные и социальные навыки.

Инклюзивное образование

Языкознание также используется для разработки программ обучения для детей с особыми образовательными потребностями, например, с нарушениями речи или слуха.

Сохранение языков

В эпоху глобализации многие языки находятся под угрозой исчезновения. Включение курсов по изучению редких языков в учебные программы помогает сохранять культурное наследие.

*Интересные факты о языкознании в системе образования*

Многоязычие повышает когнитивные способности.

Исследования показывают, что изучение нескольких языков улучшает память, внимание и способность к решению задач.

Родной язык влияет на изучение других языков.

Структура и особенности родного языка могут облегчать или усложнять освоение иностранных языков.

Изучение грамматики улучшает успеваемость.

Ученики, которые хорошо понимают грамматические структуры, показывают лучшие результаты в математике и других науках.

Электронные технологии и языкознание.

Современные приложения и платформы для изучения языков, такие как Duolingo, основаны на лингвистических теориях.

Акцент как маркер социального статуса.

В некоторых культурах акцент может играть важную роль в восприятии социального статуса и успешности человека.

*Языкознание и преподавание языков*

Лингвистика предоставляет учителям языков мощный инструмент для объяснения грамматики, фонетики и синтаксиса. Например:

Фонетика.

Помогает освоить правильное произношение звуков.

Морфология.

Учит строению слов, что важно для понимания значений.

Прагматика.

Объясняет, как использовать язык в различных социальных ситуациях.

*Современные технологии и языкознание*

В последние десятилетия языкознание стало основой для создания технологий искусственного интеллекта, включая системы машинного перевода, голосовые помощники и анализ текстов. Эти разработки нашли применение в образовательных процессах, помогая учащимся и преподавателям:

Использовать интерактивные платформы для изучения языков.

Развивать навыки письменной и устной речи с помощью автоматизированных систем.

Применять лингвистический анализ для изучения текстов.

*Перспективы языкознания в образовании*

В будущем роль лингвистики в образовании будет только возрастать. Среди перспектив:

Развитие программ для изучения редких языков. Это позволит сохранить культурное наследие народов.

Интеграция языка и когнитивных наук. Изучение языка поможет лучше понять, как люди учатся и запоминают информацию.

Использование искусственного интеллекта. Технологии будут способствовать персонализированному обучению.

Языкознание играет ключевую роль в образовательной системе, помогая формировать языковую и культурную грамотность. Оно способствует развитию критического мышления, коммуникативных навыков и пониманию многообразия мира. Современные технологии и междисциплинарные подходы открывают новые горизонты для интеграции лингвистики в образовательные процессы.

Языкознание – это основа образовательной системы, которая играет важную роль в формировании языковых и культурных компетенций. Современные вызовы требуют новых подходов к преподаванию, таких как использование технологий, развитие билингвальных программ и сохранение языков. Перспективы языкознания в образовании связаны с внедрением инновационных методов, которые помогут учащимся не только овладеть языком, но и стать более адаптированными к жизни в глобализированном мире

#### **Литература**

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. Москва: Лабиринт, 2018.
2. Зимняя И.А. Лингвистика и межкультурная коммуникация. Москва: Юрайт, 2020.
3. Реформатский А.А. Введение в языкознание. Москва: АСТ, 2019.
4. Беляева Е.И. Методика преподавания языков. Санкт-Петербург: Питер, 2021.
5. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. Москва: Просвещение, 2018.
6. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. – MIT Press, 1965.
7. Crystal D. Language and the Internet. – Cambridge University Press, 2006.

#### **Интернет-источники**

1. Роль лингвистики в образовании
2. Современные методы изучения языков
3. Лингвистика и цифровые технологии

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТАКСИСТІК ВАРИАНТТАР**

**Андатпа.** Зерттеудің негізгі мақсаты- көркем шығармаларда қолданылатын морфологиялық және синтаксистік варианттарды анықтау, сөздердің мағынасының біртұтас лексика-грамматикалық мазмұн болып танылуын белгілеу. Сөздер мағынасын сақтай отырып, қоғамның дамуына байланысты өзінің белгілі тұлғасынан басқа бірнеше варианттарда айтылады. Бұны тіл білімінде варианттылық мәселесі деп атаймыз. Қазақ тілінде сөздердің варианттылығы көп кездеседі, олар ауызша және жазбаша тілде стильдік тұрғыдан қолданылады. Қазақ тіліндегі морфологиялық және синтаксистік варианттар біршама зерттелді. Алайда көркем шығармаларда олардың қолдану ерекшелігін, мәтінге беретін стильдік сипатын, лексика-грамматикалық сипатын анықтау жұмыстың өзектілігін танытады.

**Тірек сөздер:** Морфология, синтаксис, шығарма, вариант, тіл білімі.

**Аннотация.** Основная цель исследования-выявление морфологических и синтаксических вариантов, используемых в художественных произведениях, установление признания значения слов единым лексико-грамматическим содержанием. Слова произносятся в нескольких вариантах, помимо своей известной личности, в зависимости от развития общества, сохраняя при этом смысл. Это то, что мы называем проблемой вариативности в лингвистике. В казахском языке часто встречается вариативность слов, которые стилистически употребляются в устной и письменной речи. Несколько изучены морфологические и синтаксические варианты в казахском языке. Однако определение специфики их использования в художественных произведениях, стилистического характера, придающего тексту, лексико-грамматического характера свидетельствует об актуальности работы.

**Ключевые слова:** Морфология, синтаксис, сочинение, вариант, лингвистика

**Abstract.** The main purpose of the study is to identify morphological and syntactic variants used in works of art, to establish the recognition of the meaning of words as a single lexical and grammatical content. The words are pronounced in several variants, in addition to their own known personality, depending on the development of society, while maintaining their meaning. This is what we call the problem of variance in linguistics. In the Kazakh language, there are many variations of words, they are used stylistically in oral and written languages. Morphological and syntactic variants of the Kazakh language have been studied. However, the definition of the specifics of their use in works of art, the stylistic character they give to the text, the lexical and grammatical nature of the work shows the relevance of the work.

**Keywords:** Morphology, syntax, composition, variant, linguistics.

Тілде бір заттың атауы бірнеше вариантта қолданылуы заңды құбылыс. Қазақ тілі жалғалмалы тіл болғандықтан, түбірге сөзжасамдық жұрнақтардың, түрлі жалғаулардың жалғанып, лексикалық мағынаны өзгертпей, тек вариантын жасайтын тұлғалар екендігі мәлім. Қазақ тіліндегі вариант сөздердің арасында айырмашылық та ұқсастық та болады. Варианты сөздердің қазақ тіл біліміндегі орны және ерекшеліктері, жасалуына арналған ғылыми еңбектер 1930 жылдардан бастап шығарыла басады.

Вариант ұғымы – латын тілінен енген сөз, «өзгермелі» деген мағынаны білдіреді. Бір нәрсенің, заттың, құбылыстың түрліше айтылуы дегенді анықтайды. Түрліше айтылса да бұндай сөздер мағыналық теңдікті сақтап отырулары қажет. Варианттылықты кей оқулықтарда жарыспалық процесс деп те атап жүр. Бұл құбылыс әдеби тіл нормаларының қалыптасуында болатын процесс. Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» еңбегінде варианттылық мәселесі бойынша былай дейді: «Тілдерге ортақ заңдылық бойынша жинақы, ықшам қолданыстар тілдің қарым-қатынастық қызметіне ыңғайлы келеді. Тілді осындай формалар варианттылық теориясын құрайды» [1, 75].

Түбірі мен тұлғасы бірдей сөздердің түрленуі вариант қатарларды жасауға негіз болады. Оның құрамы жарыса қолданылатын кем дегенде екі сөзден болады. Жарыспалықтағы



сөздердің негізі – жарыспалы сөздер. М.Балақаев «Қазақ тіл білімінің мәселелері» деген еңбегінде вариант сөздерді әдеби тіл нормасы тұрғысынан қарастырады. «Варианттылық – тілдің барлығында болаын және бар құбылыс. Бірақ тіл өзінің даму барысында және сол дамуға қоғамның саналы түрде араласуы нәтижесінде жарыспалықан арыла түсуге тиіс» [2, 27].

Қазақ тіл білімінде варианттылық туралы арнайы зерттеген ғалым – Ш.Сарыбаев. Вариант сөздерді, тұлғаларды әдеби тіл нормасына байланысты екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Олар:

А) Әдеби тіл нормасына сай варианттарға аймақтық шегі жоқ түрлерін жатқызамыз: разы/риза/ырза; жалғыз/жаңғыз.

Ә) Әдеби сыңары анық варианттар: шейін/шекейін; құдағи/құдағай. Және әдеби сыңары анық емес варианттар: ақшалай/ақшадай [3, 22].

К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде сөз варианттарын морфологиялық және фонетикалық деп екі түрге бөледі [3, 94].

1984 жылы Р.Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде варианттылық құбылысының грамматикалық түріне тоқталып, талдау жасайды. «Тіл өзінің даму барысында ұқыпсыздықтан, білместіктен болатын жарыспалықтан арылу қажет. Бұл сол тілді пайдаланушы жұрттың мәдениеті, саналы азаматтық борышы саналады» [4, 54], деп жарыспалы варианттылықтың тіл азалығын бұзады, соларды түзету қажет деген пікір білдіреді. Ондай сөздерге мынандай мысалдарды да келтіруге болады: заман/замана, бәлкім/бәлки, жарым/жарты, т.б.

Морфологиялық вариант жасайтын сөздер бір ғана сөз табына қатысты болатындығын да жоғарыдағы мысалдар дәлелдейді. Қазақ тіліндегі вариант сөздер құрайтын сөз таптары – зат есім, сын есімдер.

Сөзжасамдық жұрнақтар стилистикалық реңіне, сөз тудыру қабілетіне орай ерекшеленіп отырады. Сөздерде болатын варианттылық қасиет сөзжасамдық жұрнақтарда да болады. Тіл білімінде сөз тудыруда морфологиялық тәсіл ең өнімді қолданылатын, көп туынды сөз жасайтын амал. Мысалы: адамның қызметіне, кәсібіне байланысты атау тудыратын өнімді жұрнақ –шы, –ші арқылы жасалған морфологиялық варианттарға мына сөздерді жатқызамыз.

Атшы/атқосшы: біреудің атын бағушы, жанына ілесіп жүретін көмекшісі. Рахимов менің атшыма тамақ әкеліп беруді бұйырды (Б.Момышұлы). Осы алыс сапарда атқосшыдан менің жолым болды (С.Көбеев).

Аспшы/аспазшы: ас дайындайтын, тамақ пісіретін адам. Мысалы: Әр қазанның басында тонының сыртына халат киіп алған, қолдарына шөміш ұстап, аспаздар жүр екен (Б.Момышұлы). Абай астыңғы үйдегі бапты аспазшы пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ (М.Әуезов).

Жоқшы/жоқтаушы: сұрау салушы, жоқ қараушы адам. Найманнан шыққан бір топ жоқшылар келіпті (М.Әуезов).

Түбір сөзге -кер, -гер жұрнағы мен -шы-ші жұрнағының байланысқа түсіп, морфологиялық вариант түзейтін тұстарын да көркем шығармалардан мысалдар жинау кезінде байқадық.

Айғақшы/айғақкер: айғақ келтіруші, куә болушы адам. Гринев оқиғаны тудырушы, өркендетуші әрекет иесі емес, тек айғақкер ғана (Ә.Кекілбаев).

Баспашы/баспагер: баспа қызметкері, яғни кітап, газет-журнал басып шығаратын адам. Баспашы – баспа өнімін шығарушы (Түсіндірме сөздік).

-нқы, -нкі, -ыңқы, -іңкі сөзжасамдық құранды жұрнақтарын бөлуп талдауға болмайды. Бұл жұрнақтар бірігіп, морфологиялық вариант жасауға қатысады. Ғалым А.Айғабылов осы жұрнақтар жайында мынандай пікір жазады: «Бұл жұрнақтардың күрделену жайын әңгіме екенде, -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағының есім сөз таптарынан сын есім тудыратын жұрнақ екені ешқашан дау тудырмайды.

Морфологиялық вариант сөздердің пайда болуы негізгі бір ойды түрлі құбылта айтуды білдіріп, олардың қызметтерін тереңінен ашуды көздейді. Қазақ тіліндегі етістіктің вариант сөздерді қалыптастыруы тілдік құбылыстардың өзгеруі мен дамуының, етістік сөздердің полисемиясын және ауыспалы түрде қолданылуынан болады. Сөйлемді аяқтап, толықтырып тұрады. Қазақ тіліндегі етістіктерден болатын морфологиялық варианттар үш түрлі жолмен жасалады:

1. Сөз мағынасының дамуы мен өзгеруіне байланысты.
2. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуына байланысты.

### 3. Сөзжасамдық жолдар морфологиялық және синтаксистік тәсілмен.

Морфологиялық вариант сөздер ауызекі сөйлеу тілі мен диалект сөздердің қолданылуынан толығады. Қазақ тілінде зат есім, сын есім, үстеу, еліктеуіш сөздерден өнімді –ла, -ле, -та, -те, -да, -де сөзжасамдық жұрнақтар арқылы вариант сөздер жасалады.

Академик М.Серғалиевтың айтқан пікірін негізге ала отырып, біз бұдан шығатын қорытындыға кең мағынада параллелизм синонимді де, вариантты да өзінің ұғымына сыйғызатын синтаксистік стилистикалық құбылыс, ал ар мағынасында варианттан да, синонимнен де өзгеше лексикалық мазмұны мен құрамы ұқсас, құрылымдық, мағыналық өзгешелігі, айырмашылығы бар параллелизм деп қабылдаймыз.

Септік жалғауының өзгерісінен я түсіп қалуынан түзілген варианттар бар. Тіліміздегі септік жалғауларының өзара алмасып қолданылуы, бірінің қызметін екіншісінің атқаруы жөніндегі мәселеге кеңірек тоқталу үшін, алдымен олардың грамматикалық формаларын, мағыналарын, сөйлемдегі синтаксистік қызметтерін анықтап алу қажет. Бұл мәселені шешу үшін нақты мысалдарға сүйене отырып, көркем шығармалар тіліндегі септіктердің алмасып қолданатынын төмендегідей бөліп, топтап көрсетуді жөн көрдік.

Барыс септік пен көмектес септіктің өзара алмастырылып жұмсалыуына назар аударайық. Көп жағдайда бұл екі септіктің қатар келетін тұсы *жолықты, кездесті, кешікті, байланысты* сияқты етістіктермен тіркесімінде айқын көрінеді. Аталған етістіктер басыңқы компоненттер қызметін атқарып, қимылдың мақсаттылығын білдірсе, көмектес септік жалғауын керек етеді. Ал, қимыл, іс кездейсоқтықты танытса, барыс септік жалғауында тұрады. Мысалы: *мұғалімге жолықты - мұғаліммен жолықты, бастыққа жолыққан-бастықпен жолыққан, батырға кездесті - батырмен кездесті*. Осындағы *жолықты* етістігімен объектілік тіркес жасайтын сөздің барыс септік және көмектес септік жалғауларын қабылдауы осы септіктерге тән көмектестік бағыт мағыналарын негіз қылып алуға байланысты [5, 11 б.]. Бұрын тіркесуі болмаған (немесе мүмкін емес) сөздер тіркесуі қабілетіне ие болған. Олар көбіне аналогия бойынша жасалған болу керек.

Барыс септігі мен шығыс септігін бірдей меңгеретін сөздердің көпшілігі қимыл-әрекетті танытатын етістіктер болып келеді. Мәселен, *оларға қал, салып қал, періп қал сияқты етістіктерімен бірге тік, тоқта, ти, ұр тәрізді етістіктер жатады: басына тиді - басынан тиді; бастан ұрдым - басқа ұрдым*. Жоғарыда аталған етістіктер меңгерілетін сөздер дене мүшелердің атаулары болған жағдайда екі септікті (барыс, табыс) де меңгереді, толық дененің атауы болғанда, не тек барыс септігінің не табыс септік жалғауы жалғанады.

Ауылда жүргенде іші пысып қалаға аңсаса, енді ауылға аңсады (Ғ.Мұстафин). Ауылда жүргенде іші пысып қаланы аңсаса, енді ауылды аңсады (табыс).

*Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек (Абай).*

*Ілік септігінің –ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің жалғауларынан немесе түсіп қалуынан түзілген синтаксистік варианттар бар. Мысалы: университеттің-университет оқытушылары, мектептің - мектеп алаңы, тауықтың - тауық қорасы, ананың - ана ақылы, баланың - бала әкесі, көптің -көп тілеуі, оқушының - оқушы дәптері, мемлекеттің – мемлекет басшысы, қаланың - қала адамы, сенің үшін - сен үшін т.б.*

Барыс септігінің –ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е, -ған жалғауларынан немесе түсіп қалуынан жасалған синтаксистік варианттар бар. Мәселен: *оганға дейін/оган дейін, Айдыңа жолықтыым // Айдынмен жолықтыым, соңына таман/соңыра таман/соңында. Барыс септік жалғауындағы сөз жатыс септік жалғауындағы сөзбен алмасып қолданылып, морфологиялық вариант болады. Мәселен: Алматыдан келген ат пен күймені Еркебайдың аулына қалдырды (К.Әзірбаев). Алматыдан келген ат пен күймені Еркебайдың аулында қалдырды.*

Шығыс жалғаулы сөздерді керек ететін салт етістіктер басқа септік жалғаулы сөздерді талап ететін етістіктерден мағыналық жағынан сараланады. Мәселен, *келу деген етістік тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгереді: сабақтан келу, досынан келу.*

Синтаксистік варианттар сөз тіркестері мен жалғаулықты шылаулардың тіркесуінен, құрылымының өзгеріске түсуінен де жасалады. Сөздер бір-бірімен белгілі бір заңдылық бойынша тіркеседі және белгілі бір грамматикалық тұлғада келіп, сөйлем мүшелерінің қызметінде жұмсалады. Қазіргі қазақ тілінде сөз тіркестерінің өзіне тән байланысу заңдылығы бар. Олар:

1. Кем дегенде толық мағыналы екі сөз тіркеседі;

2. Олардың бірінші сыңары – бағыныңқы, екінші сыңары – басыңқы қызмет атқарады;
3. Тіркескен сөздер өзара сабақтаса байланысады;
4. Тіркескен екі мағыналы сөздердің нәтижесінде белгілі бір синтаксистік қатынас жасалады, белгілі грамматикалық мағына туындайды [6, 30].

Көптеген жағдайда тіркесті сөздердің іс-қимылға құрал ретінде заттық қатынасын білдіретін қызметі мен себептік мағынаны білдіру қасиеті басымырақ болғандықтан, оларды дәл ажыратып абуға қиындық тудырады. Мына мысалдардан оны көруге болады: Рас болса, біздің Сарыбұйраттың үстімен өтеді деген кәуесет бар (А.Сейдімбеков). – Рас болса, Сарыбұйраттың үстінен өтеді. Адаммен мансап қасиет табады (М.Әуезов). Адамнан мансап қасиет табады. Жауапкер Ералы да болған халді түгелімен шолды (М.Әуезов).

Жүре-жүре/жүре-бара/жүре-келе: ақыр аяғында, соңыра таман, уақыт озған сайын деген мағынаны білдіретін үстеулер. Мысалы: Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгіртке айналды, *жүре-жүре* тілден де айырылды (Ә.Кекілбаев). Зылиха *жүре-бара* ауыл өміріне қызу араласып қаетті (Н.Ғабдуллин). Параз *жүре-келе* қиындыққа кедергі болар күш-дағдыны қалыптастырады (С.Хайдаров).

Ақ жүрек/ақ ниет: ешкімге жамандық жасамайтын, жамандық ойламайтын жақсы қасиет. Мысалы: **Құп білемін, сізге жақпас. Ескі жара білтелеу. Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ жай демеу (Абай). Ақ ниетімді қисыққа жорып, өкпелетпе мені, Раушан (З.Шашкин).**

**Баяндауыштың ұйытқы боларлық қызметінің арқасында сөйлемдер өзара вариант болады.**

Тіл қатты/үн қатты. *Сөйледі, үн шығарды*. Ол өзімен бірге салт келе жатқан қартқа *тіл қатады* (Н.Ғабдуллин). Жандандырып қыз күйегі сырланған күй, тіл қатпай, *үн қатумен* ұрланған күй (І.Жансүгіров). Азын-аулақ/аз-маз/азырақ: заттың көлемі я болмаса құбылыстың көлемі мен сан мөлшерінің жетімсіздігі, аздығы, тапшылығы деген мағынада берілген варианттар Мысалы: Қасеннің үйінен азын-аулақ үн, нан алып қайтып жүретін (Ғ.Мұстафин). Сол үйде жуынып-шайынып, ертеңгі тағамнан ауыз тиіп, аз-маз жөнге келді (Ж.Жұмаханов). Қыраудан тон жамылған ағаштың бұтақтарын желпіген азырақ жел бар (С.Мұқанов).

Тіліміздегі өнімді және өнімсіз жұрнақтардың қатысуымен пайда болған морфологиялық варианттар, есім, етістіктен, басқа сөз таптарынан пайда болған варианттар, жалғаулардың өзгеруінен, сөз тіркестері мен жалғаулық шылаулардың, өзара вариант сөздердің тіркесуінен пайда болған синтаксистік варианттар жеткілікті дәрежеде екендігіне көзіміз жетті.

Қазақ тіліндегі сөздің ықшам тұлғаға айналған варианттары морфологиялық вариант түріне жатады. Олардың тілде тұрақты түрде қолданылатындары бар. Сөз тіркестері де осы процесс сияқты ықшмдала түсіп, кіріккен түбірлерге айналуынан морфологиялық варианттарды түзеді. Мысалы, алып бер/әпер, алып кет/әкет, арғы жақта/ар жақта, барған соң/барғасын, т.б. Осындай мысалдарды талдау барысында сөздің ықшам тұлғаға ауысуы сөз құрамындағы жеке дыбыстардың не болмаса сөздің бір бөлігінің түсіп қалуының нәтижесі екендігіне көзімізді жеткіздік.

Қазақ тілінің жан-жақты даму кезеңінде тіл мәдениетін, сөз қолдану мәдениетін берік сақтауға, басқаша айтқанда, тілдің ішкі заңына қарай сөздерді дұрыс іріктеп қолдану, стильдік ерекшеліктерді орынды пайдалана білу, айқын ойлап, дұрыс айту мәселесіне айрықша көңіл бөлініп отыр.

## Әдебиет

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. –118 б.
2. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. –74 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1999. – 571 бет.
4. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. –Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 304 б.
5. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. –Алматы: Ана тілі, 1997. -207 бет.
6. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфологиясы. –Алматы: Мектеп, 1995. – 136 б. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. –Алматы: Мектеп, 2003. – 494 б.

*Жұлдыз ДЕМЕСИНОВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*докторанты*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

*Ақтолықын ТУРЕХАНОВА*  
*А.Бөкейханов атындағы №2 ЖОББМ*  
*директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,*  
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*  
*(Қазақстан, Шымкент қ.)*

## ТІЛДІ МЕНГЕРУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАРЫ

**Анатпа.** Бұл мақалада тіл менгеру деңгейін бағалауда және тиімді оқыту әдістемелерін әзірлеуде қолданылатын лингвистикалық индикаторлар қарастырылды. Фонология, морфология, синтаксис және лексика аспектілері тілдік құзыреттіліктің негізгі компоненттері ретінде талданды. Зерттеу нәтижелері білім беру процесінде, цифрлық технологияларда және тіл менгеруді бағалаудың жаңа әдістерін әзірлеуде практикалық қолданысқа ие.

**Тірек сөздер:** лингвистикалық индикаторлар, тіл менгеру, фонология, морфология, синтаксис, лексика, әдістеме, цифрлық технологиялар.

**Аннотация.** В данной статье исследованы лингвистические индикаторы, используемые для диагностики процесса усвоения языка и разработки эффективных методов обучения. Рассматриваются фонология, морфология, синтаксис и лексика как основные компоненты языковой компетенции. Результаты исследования имеют практическое применение в образовательном процессе, цифровых технологиях и разработке новых методов оценки языкового усвоения.

**Ключевые слова:** лингвистические индикаторы, усвоение языка, фонология, морфология, синтаксис, лексика, методика, цифровые технологии.

**Abstract.** This article investigates linguistic indicators used in diagnosing the language acquisition process and developing effective teaching methodologies. Phonology, morphology, syntax, and vocabulary are analyzed as core components of linguistic competence. The study results have practical applications in education, digital technologies, and the development of new language assessment methods.

**Keywords:** linguistic indicators, language acquisition, phonology, morphology, syntax, vocabulary, methodology, digital technologies.

Қазіргі жаһандану дәуірінде тіл менгеру мәселесі тек жеке тұлғаның қабілеттілігін көрсететін көрсеткіш ғана емес, сонымен қатар ұлттың мәдени, экономикалық және әлеуметтік дамуының индикаторы ретінде қарастырылады. Қазақстанда тіл саясатын дамытудың басым бағыттарын айқындайтын «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 бағыттарына арналған тұжырымдамасы» мемлекеттік бағдарламасы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге және оның қоғамдағы функционалдық қызметін арттыруға бағытталған. Бұл тұжырымдаманың жобалық мәтінінде тіл менгеруді бағалау мен оқыту әдістемелерін жетілдірудің қажеттілігі ерекше атап өтілген. Осы тұжырымдама аясында лингвистикалық индикаторларды тіл менгеру деңгейін анықтаудың және оқыту сапасын бағалаудың негізгі құралы ретінде қарастырудың маңызы артып келеді. Лингвистикалық индикаторлар тілдік құзыреттілікті бағалау және дамыту үшін қолданылады. Олар шет тілін менгерудің сапасын арттыруда және мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық индикаторлардың теориялық негіздері талданып, олардың цифрлық технологиялар арқылы жетілдіру мүмкіндіктері қарастырылады. Мақалада тіл менгерудің әмбебап тәсілдері мен диагностикалық құралдарын талқылауға баса назар аударылып, Қазақстанның көптілділік саясатының маңызды құралы ретінде лингвистикалық индикаторларды қолданудың өзектілігі көрсетілген.

Зерттеуде әдебиеттерді терең талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Сонымен

қатар цифрлық платформалар арқылы алынған нәтижелер негізінде практикалық ұсыныстар жасалды. Зерттеу материалы ретінде Krashen (1985), Chomsky (1965), Ellis (2008), және Nation (2001) еңбектері пайдаланылды. Сондай-ақ, Duolingo, Grammarly, LingQ сияқты цифрлық платформалардағы тәжірибелік деректер талданды. Цифрлық технологиялардың оқушылардың сөздік қоры мен сөйлем құрастыру қабілетіне әсері бағаланды. Зерттеу әдістері әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау және практикалық тестілеу әдістерін қамтыды. Әлемдік және отандық тіл меңгеру жүйелерінің мысалдары, соның ішінде Қазтест, IELTS және TOEFL жүйелері қарастырылды. Ғылыми әдістердің ішінде лингвистикалық индикаторларды сандық және сапалық тұрғыда талдау негізгі орын алды. Цифрлық платформаларды пайдалану олардың оқытудағы және диагностикалаудағы тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Лингвистикалық индикаторлар тілдік құзыреттіліктің деңгейін анықтайтын маңызды көрсеткіштер болып табылады. Олар тілдік қабілетті бағалаудың әмбебап құралдары ретінде ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. TOEFL және IELTS сияқты тестілеу жүйелері тіл меңгерудің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық аспектілерін бағалауға бағытталған (Krashen, 1985: 25). Қазіргі таңда ағылшын тілін білу деңгейін тексеретін тестілер – IELTS 1980 және TOEFL 1962 жылы пайда болған. 1992 жылы орыс тілі бойынша Сертификациялық тестілеу орталығы құрылған. Сонымен қатар, осы және өзге тестілеу жүйелерінің нормативті, мазмұндық, құрылымдық стандарттарын әзірлеумен және талқылаумен айналысатын қауымдастықтар бар (ALTE, ILTA, EALTA және т.б.). Қазақ тілінің мүмкіндіктерін арттырудағы ҚАЗТЕСТ-тің қызметі күн санап артуда.

Flege фонологиялық индикаторлардың жас ерекшелігіне тәуелділігін зерттеп, дыбыстық құрылымдарды меңгеру қабілеті уақыт өте келе әлсірейтінін дәлелдесе (Flege, 1995: 81), Ellis морфологиялық құрылымдарды тәжірибелік тәсілмен игерудің тиімділігін көрсетті (Ellis, 2008: 150). Nation контексте сөздерді үйренудің маңыздылығын атап өтті (Nation, 2001: 45). Chomsky күрделі синтаксистік құрылымдарды меңгерудің әмбебап маңызын анықтады (Chomsky, 1965: 35). Тіл меңгеруді диагностикалаудың заманауи әдістері көбіне цифрлық технологияларға сүйенеді. Duolingo, Grammarly және LingQ сияқты платформалар оқушылардың фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық қабілеттерін автоматтандырылған түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, фонологиялық индикаторлар тіл меңгерудің бастапқы кезеңінде ерекше маңызды. ҚАЗТЕСТ-тің тыңдалым және айтылым бөлімдері фонологиялық индикаторларды бағалауда маңызды рөл атқарады. Тыңдалым бөлімі тест тапсырушының дыбыстарды қабылдау және түсіну қабілетін анықтаса, айтылым бөлімі дыбыстарды дұрыс айту, екпін, интонацияны дұрыс қолдану дағдыларын бағалайды. Алайда айтылым бөлімінде табиғи сөйлеу стилі жеткілікті деңгейде бағаланбайды, тапсырмалар көбіне жаттанды сұрақтарға негізделген. **IELTS және TOEFL** тестілерінде айтылым бөлімі жеке сұхбат немесе белгілі бір тақырыпта монолог айту арқылы бағаланады, мұнда шынайы өмірлік сценарийлер қолданылады. Бұл форматтар қатысушының шынайы тілдік қабілеттерін көрсетеді. ҚАЗТЕСТ жүйесіне осындай коммуникативтік форматты енгізу тест сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі айтылым субтестін өткізуде сұхбаттасушы тестор қатыспайды. Тестіленушінің жауабы ұялы телефонға таспаланады. Таспаланған хабарлама бойынша сөйлеушінің ауызша сөйлеу құзиреттілігін бағалау қиынға соғатыны рас. Себебі, ауызша сөйлеудің құрамдастары болып саналатын ым-ишара, дене қозғалысы, бет-әлпетінің өзгеріп отыруы және басқа да бевербалды амалдар ескерілмейді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, айтылым субтестін өткізуде тестіленушілермен арнайы мамандар сұхбаттасатын болады. Сондықтан, айтылым тапсырмаларын шынайы өмірлік сценарийлерге негізделген диалогтық формат түрінде және айтылым кезінде дыбыстық сапаны жетілдіру үшін қатысушыларға нақты коммуникативтік жағдаяттар ұсынылса жөн болар еді. Бұл ретте сұхбат алушының арнайы дағдылары көп көмек болар еді, себебі бір тақырыпты беріп жәй ғана тест тапсырушыға тізгінді тапсыра салу дұрыс емес, оның айтылым бөлімінде өзін еркін ұстай алмай, қобалжуы, психо-эмоционалдық күйінің құбылмалы болуы, сұхбат алушының қолайсыз сұрақ қоюы немесе эмоциялық қолдаудың болмауы тест нәтижесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сұхбат алушы тест тапсырушының тілдік құзыреттілігін объективті және шы-



найы бағалауда маңызды рөл атқарады. Бұл рөлді дұрыс орындау үшін сұхбат алушы келесі дағдыларға ие болуы қажет:

- Коммуникативтік икемділік: Тест тапсырушының өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беретін қолайлы сұхбат жағдайын құру.

- Бақылау: Әңгіме барысында тақырыптан ауытқымай, сұрақтарды логикалық жүйелілікпен қою.

- Психо-эмоционалдық қолдау: Тест тапсырушының қобалжуын азайтуға бағытталған бейтарап және түсіністікпен қарау тәсілдері.

- Әділдік және бейтараптық: Сұхбат алушы тест тапсырушының тілдік қабілетін субъективті көзқарасқа сүйенбей бағалауы тиіс.

ҚАЗТЕСТ жүйесінде айтылым бөлімінің сапасын арттыру тест тапсырушының тілдік құзыреттілігін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді. Бұл үшін сұхбат алушылардың арнайы дайындық деңгейін көтеру және тест тапсырушының психо-эмоционалдық жағдайын ескеру маңызды. Осындай шаралар тест сапасын жақсартып қана қоймай, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтуға да ықпал етеді.

Duolingo платформасы интерактивті жаттығулар арқылы тыңдалым және сөйлеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Морфологиялық индикаторлар грамматикалық сауаттылықты бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Grammarly құралы морфологиялық қателерді автоматты түрде түзетуге және оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі (Ellis, 2008: 162). Синтаксистік индикаторлар күрделі сөйлемдерді құрастыру және түсіну қабілетін диагностикалау үшін қолданылады. Chomsky-дің теориясы синтаксистік құрылымдардың әмбебаптығын дәлелдей отырып, оларды оқыту әдістерін жетілдіруге негіз болды (Chomsky, 1965: 56). Лексикалық индикаторлар сөздік қорды кеңейтудің және коммуникативтік дағдыларды дамытудың маңызды құралы. LingQ платформасы оқушылардың сөздік қорын интерактивті түрде дамытуға мүмкіндік береді (Nation, 2001: 78). Тіл меңгерудегі цифрлық құралдардың қолданылуы зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі болып табылады. Duolingo және Grammarly сияқты платформалар арқылы тілдік қабілетті бағалаудың және дамытудың тиімділігі жоғарылады. Бұл платформалар фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық индикаторларды дамытуға бағытталған. Мәселен, Duolingo-ның функционалдық ерекшеліктері:

- 1) Тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға арналған интерактивті тапсырмалар ұсынады.

- 2) Тілді меңгерудің бастапқы деңгейінен бастап (A1) күрделі деңгейлерге (B2) дейін қамтиды.

- 3) Интерактивті жаттығулар дыбыстық және визуалды материалдарды қамти отырып, фонологиялық және лексикалық индикаторларды дамытуға мүмкіндік береді. Duolingo платформасы тіл меңгерудің бастапқы кезеңіндегі фонологиялық индикаторларды дамытуда өте тиімді. Мысалы, жаттығулар арқылы дұрыс интонация мен екіпінді игеру мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, бұл платформа лексикалық индикаторларды интерактивті түрде меңгеру үшін қолданылады.

Ал Grammarly-дің функционалдық ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

- 1) морфологиялық және синтаксистік қателерді автоматты түрде анықтайды және түзетеді;

- 2) жазбаша мәтіндерді өңдеуде орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзету мүмкіндігін ұсынады;

- 3) лексиканы жақсарту үшін балама сөздер мен сөз тіркестерін ұсынады. Grammarly жазылым және грамматика дағдыларын жетілдіруге тиімді құрал болып табылады. Мысалы, студенттер өздерінің жазбаша жұмыстарында синтаксистік құрылымдарды дұрыс қолдануға үйрене алады. Сонымен қатар, бұл платформа морфологиялық индикаторларды анықтау және дамыту үшін аса қолайлы. Ал енді LingQ-дың функционалдық ерекшеліктеріне келетін болсақ:

- 1) тыңдалым және оқылым материалдары арқылы лексикалық қорды кеңейтуге мүмкіндік береді;

- 2) пайдаланушылардың тіл меңгеру деңгейіне сәйкес мәтіндер мен аудиолар ұсынады;

- 3) мәтін ішіндегі жаңа сөздерді белгілеу және оларды кейінгі жаттығуларда қайталау арқылы есте сақтауды жақсартады. LingQ платформасы лексикалық және синтаксистік ин-

дикаторларды дамыту үшін пайдалы. Мәтіндерді оқу барысында жаңа сөздер мен олардың қолданылу контекстін меңгеруге ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, тыңдалым материалдары сөздерді контексте дұрыс қолдану қабілетін арттырады. Duolingo, Grammarly және LingQ платформаларының интеграциясы тіл меңгерудің барлық аспектілерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл платформалар әрбір лингвистикалық индикаторды жетілдіру үшін жеке бағытталған құралдар ұсынады. Олар оқыту үдерісін тиімдірек, қолжетімді және қызықты етеді. Зерттеу барысында осы платформалардың фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық индикаторларды дамытуда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Duolingo фонологиялық және лексикалық қабілеттерді бастапқы деңгейден дамытуда тиімді болса, Grammarly жазылым мен грамматиканы жетілдіруде қолданылса, LingQ платформасы оқылым және тыңдалым арқылы кешенді дамуға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу лингвистикалық индикаторлардың тіл меңгеру деңгейін диагностикалаудағы және оқыту сапасын арттырудағы рөлін кешенді түрде қарастырды. Фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық индикаторлардың теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы жан-жақты талданды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, лингвистикалық индикаторлар тіл меңгеру деңгейін объективті бағалауда маңызды құрал болып табылады. Олар тілдік құзыреттіліктің әртүрлі қырларын (тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым) кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді. Әсіресе, фонологиялық индикаторлар тіл меңгерудің бастапқы кезеңінде шешуші рөл атқарады, ал морфологиялық және синтаксистік индикаторлар тілдің құрылымдық жағын терең түсінуге ықпал етеді. Лексикалық индикаторлар сөздік қорды кеңейтіп, коммуникация сапасын арттыруда ерекше маңызға ие. ҚАЗТЕСТ – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайтуға бағытталған маңызды ұлттық құрал. Оның ерекшелігі – тілдік қабілеттерді мәдени-әлеуметтік контексте бағалауында. Алайда, айтылым бөлігіндегі кейбір кемшіліктер тест нәтижелерінің толық объективтілігін қамтамасыз етпейді. Зерттеу барысында айтылым бөлімін жетілдіру қажеттілігі анықталды, айтылым тапсырмаларының коммуникативтік мазмұны шектеулі, ал психоэмоционалдық факторлар тест тапсырушының нәтижесіне әсер етеді, сондықтан айтылым бөлімін шынайы өмірлік сценарийлерге негіздеу және сұхбат алушылардың кәсіби деңгейін арттыру қажет. Duolingo, Grammarly және LingQ сияқты платформалар фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық индикаторларды дамытуда тиімді құралдар ретінде танылды. IELTS және TOEFL сияқты халықаралық тестілер лингвистикалық индикаторларды бағалаудағы тиімділігін дәлелдеген жүйелер. ҚАЗТЕСТ-ті осындай халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, оның ерекше ұлттық сипаттарын сақтау және жетілдіру үшін инновациялық тәсілдерді енгізу қажет. Лингвистикалық индикаторларды дамыту үшін, оқыту және бағалау әдістемелерін жетілдіру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, тілдік құзыреттілікті бағалаудың ұлттық стандарттарын әзірлеу қажет.

Бұл зерттеу лингвистикалық индикаторлардың теориялық негіздерін және олардың практикалық қолданылу жолдарын көрсетуге ықпал етті. Болашақ зерттеулер осы бағытта заманауи технологияларды кеңінен қолдануға және диагностикалау әдістерін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

#### Әдебиет

1. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. Cambridge: MIT Press, 1965. 261 p.
2. Ellis R. The Study of Second Language Acquisition. 2nd ed. Oxford: Oxford University Press, 2008. 824 p.
3. Flege J.E. Second language speech learning: Theory, findings, and problems // Strange W. (Ed.). Speech Perception and Linguistic Experience: Issues in Cross-Language Research. Timonium: York Press, 1995. 233–277 p.
4. Krashen S.D. The Input Hypothesis: Issues and Implications. London: Longman, 1985. 202 p.
5. Nation I. S. P. Learning Vocabulary in Another Language. Cambridge: Cambridge University Press, 2001. 477 p.

## **АТРИБУТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

**Андатпа.** Бұл мақалада атрибут ұғымы және оның грамматикалық функциялары қарастырылады. Қазақ тіліндегі атрибуттың сөйлем құрылымындағы орны мен мағыналық жүктемесі талданады. Атрибуттың басқа сөздермен синтаксистік қатынасы, оның семантикалық қызметі және грамматикалық құрылымы ғылыми тұрғыдан зерттеледі. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі атрибуттың түрлі түрлері мен оның грамматикалық категорияларымен байланысы туралы ғалымдардың пікірлері ұсынылып, атрибуттың сөйлемдегі қызметі көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** атрибут, грамматикалық функция, синтаксис, сипаттама, сөз тіркесі, модификация.

Тіл теориясының қалыптасуы логика-философиялық ұғымдармен тікелей байланысты. Адамзат баласының ерекше құралы болып есептелетін тіл ойлау мен пайымдау әрекеттерінің нәтижесі болғандықтан, тіл өзінің қызметі мен табиғатын танымдық ғылымдардан алды. Тілдің дамуы логикалық болжамдар мен уәждемелер тізбегінен өтіп отырды. «Логика» деген ұғымның бастапқы қолданысы да «logos» - ойдың сөз арқылы көрініс табуы сынды мағынаны білдірген. Сол себепті К.Аханов өз пікірінде: «... логика ғылымын оқып білу – адамның ойлау мәдениетін арттыратыны сияқты, тіл білімін оқып білу адамның сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырады, ой өрісін кеңейтеді. Ойлауды және оның заңдарын жете білу үшін логика ғылымы қаншалықты маңызды болса, тілді және оның заңдары мен қағидаларын жете білу үшін тіл білімі де соншалықты маңызды» деген құнды қорытынды жасаған. «Logos» сөзінің астарында сөйлеу, ойлау, пайымдау ұғымдары қатар берілді немесе «опота» - атау мағынасында әрі зат есім нысаны ретінде, әрі логикада субъект есебінде қарастырылды; ал «гема» сөз табы мен сөйлем мүшелерін қатар білдірді. **Демек, тілдік категориялардың қалыптасу үдерісі логикалық бірліктермен қатар, үйлесімді сәйкестікте жүзеге асып отырды.**

Тіл білімінде сөздердің байланысы мен сөйлемнің құрылымы тілдің ішкі логикасына сәйкес қалыптасады. Бұл тұрғыда атрибут ұғымы маңызды орын алады. Атрибут – белгілі бір заттың, құбылыстың немесе объектінің қасиетін, сапасын сипаттайтын сөз немесе сөз тіркесі болып табылады. Қазақ тілінде атрибут құрылымы синтаксистік және семантикалық тұрғыдан көпқырлы болып табылады. Қазақ тіліндегі атрибуттың рөлі мен қызметін ғалымдар әртүрлі тұрғыдан зерттеген. Мысалы, Ахметова Н.Қ. атрибутты «сөздердің қасиетін немесе сапасын білдіретін грамматикалық құрылым» деп түсіндіреді. Ал Балақаев М. атрибутты тілдегі «сипаттаушы сөздер» деп атап, олардың сөйлем құрылымындағы маңызын көрсеткен. Осылайша, атрибуттың тілдік қызметі тек грамматикалық тұрғыдан ғана емес, коммуникативтік контексте де ерекше мәнге ие.

Атрибут сөзі латын тілінен шыққан және «қосымша» немесе «қосымшаның құрамдас бөлігі» деген мағынаға ие. Атрибут белгілі бір заттың немесе құбылыстың қасиетін сипаттайды. Бұл қызметті атқарған кезде атрибут көбінесе сын есім, есімдіктер, сан есімдер және есім сөздердің басқа түрлері арқылы жүзеге асады. Атрибут сөйлемде басқа сөздермен тығыз байланыста қалыптасып, олардың мағынасын нақтылайды.

Ғалымдар атрибутты екі негізгі категорияға бөліп қарайды: синтаксистік және семантикалық. Синтаксистік тұрғыдан атрибут сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Семантикалық тұрғыдан алғанда, атрибуттың негізгі қызметі – белгілі бір заттың немесе құбылыстың қасиетін ашу. Аталған пікірлерді қолдай отырып, Ахметова Н.Қ. атрибуттың грамматикалық қызметін былайша түсіндіреді: «Атрибуттар белгілі бір заттардың немесе әрекеттердің сипаттамасын береді және сол арқылы сөйлемнің мағыналық құрылымын тереңдете түседі».

Атрибуттың грамматикалық қызметі – оның синтаксистік құрылымдағы рөлін айқындайды. Қазақ тілінде атрибуттар көбінесе **анықтауыш** қызметін атқарады. Бұл қызмет олардың басқа сөздермен байланысқа түсуінен көрінеді. Атрибут өзінің қызметін атқаратын сөздермен жа-тыс, көмектес, толықтауыш сияқты түрлі жағдайда байланыс орнатуы мүмкін. Мысалы,

«қызыл гүл», «жақсы адам», «үшеуінің сөздері» деген тіркестерде атрибуттар зат есімдерді толықтырып, олардың қасиеттерін нақтылап тұр.

Балақаев М. атрибуттың қызметін сипаттап, оның сөйлемнің құрылымын қалай өзгертетінін көрсетеді: «Атрибут сөйлемдегі сөздің мәнін ашып, оның нақты сипаттарын көрсететін қасиетке ие». Осылайша, атрибут сөздердің арасындағы бағыныпқылық қатынасты орнатып, олардың грамматикалық тұрғыдан келісуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тіліндегі атрибуттың грамматикалық функциясын тек қана сөздердің өзара байланысымен шектелмейді, сонымен қатар ол сөздердің мағынасына да әсер етеді. Атрибут сөйлемде белгілі бір сөзге қатысты қосымша ақпарат беру, нақтылау және сипаттау қызметін атқарады. Мысалы, «жақсы адам» тіркесіндегі «жақсы» сөзі «адам» сөзінің қасиетін ашып, оның мағыналық аясына қосымша мәлімет қосады. Демек, атрибут сөйлемнің негізгі мағынасының анықтылығын арттырады.

Демек, атрибут тіл білімінің синтаксис саласында анықтауышпен тікелей байланысты. Атрибут логикалық атауы болса, тіл білімінде анықтауыш ретінде танылады. Анықтауыш туралы А.Байтұрсынұлы: «Анықтауыш деб сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатұн сөзді айтамыз, мәселен, алайық; «Қысқа жіб күрмеуге келмес» деген сөйлемді. Не күрмеуге келмес байандауыш. Қысқа деген сөз не болмақ? Бұл «қысқа» деген сөзді айтбай, құр «жіб күрмеуге келмес» деб ғана қойсақ, қандай жіб күрмеуге келмейтүні белгісіз, жібтің бәрі күрмеуге келмейтүн сыйақты болыб шығады. Күрмеуге келмейтүн аты жіб бодлғанның бәрі емес, «қысқа жіб». Қысқа деген сөз қосылса, күрмеуге келмейтүн қандай жіб екені ашылыб, анықталады», - десе, С.Аманжолов: «Сөйлемде өзінен соңғы атауыш сөздің сынын, сипатын, санын, тегін білдіре айтылған мүшені анықтауыш деп, ал ғылыми грамматикасында «Анықтауыштар субъектің болмысын, сынын, санын, түсін көрсетеді», - деп жазады. Н.Сауранбаев: «Анықтауыш сөйлемде басқа мүшелерді анықтап, заттың сынын, сапасын, қасиетін, санын, тегін я құрылысын білдіреді» деген анықтама береді. Ал М.Балақаев мектеп грамматикасында анықтауыштың ережесін «Заттың сынын, сипатын білдіретін сөйлем мүшесі», - десе, «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: «Сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбіне анықтауыш қызметінде жасалады; олар заттың түр-тұрпаты, түсі, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді», - дейді. Х.Арғынов: «Сөйлемде негізінен зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан мен мөлшер және меншіктілік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше», - десе, Р.С.Әмір: «Сөйлемде зат есім, есімдік немесе зат есім орнына жүрген есімше сөздермен байланысып, олардың түрлі сынын, сапасын білдіретін сөйлем мүшелері», - деп берген. Ә.Нұрмұханова: «Анықтауыш өзінің анықтауыштық сөзімен тығыз байланысқа түсіп, соның сындық сипатын, белгісін, мөлшерін, санын білдіреді», С.Кенесбаев пен Т.Жанұзақов: «Сөйлем ішіндегі сөздерді анықтап, сипаттап, қандай? қалай? деген сұрауларға жауап беріп тұратын синтаксистік тұрлаусыз мүше», - десе, М.Серғалиев: «Ілік септігінде келіп немесе қабыса байланысу арқылы зат есімнің немесе зат есім мағынасында қолданылатын сөздің сынын, қасиетін, белгісін, сол сияқты басқа да сипаттарын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі – анықтауыш» деген анықтама береді. Осыншалықты ережелердің әрқайсысының өзіндік тұжырымдық белгілері бар екендігі айқын.

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыштық қызметтерде жұмсалатын әр заттың өзіне тән, кейде көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты басқа заттардан сондай сапаларына қарай айырып танимыз. Сөйлемде заттардың әр түрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбінесе анықтауыш (атрибут) қызметінде жұмсалады; олар заттың түсі, түр-тұрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзімен тығыз байланыста айтылады. Мысалы, таяқ деген – жалпылауыш зат есім. Оның ұзын, қысқа, жуан, жіңішке, ақ, қара, имек, қисық, қайқы бас тәрізді көптеген сыны болуы мүмкін. Солардың бірі не бірнешеуі бір сөйлемде осы заттың анықтауышы болып, сөйлемде айтайын деген ойымызды айқындай түседі. «Қисық ағаш, қысқа жіп» дегендер - сын есім мен зат есімдерден құралған анықтауыштық тіркестер. «Бұйра толқын ойнақыып тұр. Жасыл жасапырақ сыбдыр қағады» деген сөйлемдердегі анықтауыштар мен анықтауыш сөздер де сын есім мен зат есімдерден құралған. Қазақ тілінде анықтауыштардың көпшілігі анықтайтын зат есімдерінен окшауланбай, қатар тұрып, қабыса байланысады, олар (анықтауыш пен анықталатын сөздер) фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек (комплекс)

болып тұрады. Мысалы, семіз қой, гүлденген өмір сияқты анықтауыштық тіркестегі сөздер жұбын жазбай қабыса байланысады да, тиісті грамматикалық тұлғалар анықталатын зат есімдерге жалғанады.

Атрибут пен анықтауыштың грамматикалық қызметінде бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Екеуі де сөйлемде негізгі сөзге қатысты қосымша мағына беру қызметін атқарады. Бірақ олардың сөйлем ішіндегі орны мен құрылымдық ерекшеліктері әртүрлі болуы мүмкін.

Атрибут пен анықтауыштың ұқсастықтары:

- Екеуі де белгілі бір сөздің, негізінен, зат есімнің, мәнін ашып, оның қасиетін, сапасын анықтайды.

- Олар сөйлемде көбінесе анықтауыш қызметін атқарады.

- Атрибут та, анықтауыш та өзінен кейінгі сөзге бағынып, оған қатысты анықтау, сипаттау, толықтыру функцияларын орындайды.

Айырмашылықтар:

- Атрибут көбінесе сөз тіркестері түрінде, ал анықтауыш көбінесе жеке сөздер түрінде келеді.

- Анықтауыштың қолданылуы көбірек сипаттау немесе нақтыландыру қызметін атқаратын болса, атрибуттың қызметі кейде жалпылама болады.

- Атрибут сөз тіркестері мен күрделі құрылымдарда жиі кездесе, анықтауыш қарапайым синтаксистік құрылымдарда көп кездеседі.

Атрибут пен анықтауыш сөйлем ішінде белгілі бір орындарға ие. Қазақ тілінде атрибут сөздер негізгі сөздерден кейін немесе алдында тұра алады. Мысалы, «жас қыз», «көркем сурет» тіркестерінде атрибут сөздер алдымен сипаттайтын сөзден кейін келеді. Бұл сөйлем құрылымындағы стандартты орын болып табылады.

Анықтауыштар да дәл осындай қызмет атқаратын болса да, олардың орналасуы мен қолданылуы сәл өзгеше болуы мүмкін. Анықтауыштар сөйлем ішінде негізгі сөзге жақын орналасады. Мысалы, «қызыл гүл», «жақсы адам» деген тіркестерде анықтауыштар негізгі сөздерге тікелей қатысты болып, оның сипатын ашып тұр.

Атрибут пен анықтауыштың мағыналық тұрғыдан айырмашылығы да бар. Атрибут әдетте заттың немесе құбылыстың нақты бір сипатын, қасиетін немесе белгісін көрсету үшін қолданылса, анықтауыш көбінесе әлдеқайда кең мағынада сипаттама береді. Мысалы, «жас қыз» тіркесінде «жас» сөзі қыздың жасын көрсетеді, ал «қызыл гүл» тіркесінде «қызыл» сөзі гүлдің түсін білдіреді.

Анықтауыштар көбінесе заттың сипаттамасын толықтырып, оның жеке қасиетін ашады, ал атрибуттың мәні заттың немесе құбылыстың бір жағын ғана көрсетеді.

Атрибут пен анықтауыштың арақатынасы қазақ тіліндегі синтаксистік құрылымдардың терең талдауын қажет ететін тақырып болып табылады. Екеуінің де грамматикалық қызметі мен мағыналық құрылымы өзара ұқсас болғанымен, олардың тілдік қолданылуы мен функциялары айтарлықтай ерекшеленеді. Атрибут пен анықтауыштың арақатынасы олардың сөйлем ішіндегі орны мен құрылымдық ерекшеліктеріне, мағыналық жүктемесіне байланысты айқындалады. Бұл зерттеу атрибут пен анықтауыштың тілдегі рөлін түсінуге мүмкіндік беріп, олардың грамматикалық құрылымдардағы маңызды қызметін айқындайды.

Атрибут сөйлемде белгілі бір орынға ие. Қазақ тілінде атрибуттық құрылымдардың сөйлемдегі орны сөз тіркесінің құрылымына және атрибуттың мағыналық жүктемесіне байланысты өзгереді. Көп жағдайда атрибут өзінен кейінгі сөзді анықтайды және онымен бірге белгілі бір синтаксистік қатынастарды орнатады. Ахметова Н.Қ. атрибуттың сөйлемдегі орны туралы былай дейді: «Атрибуттар негізінен сол тіркес мүшелерімен бірге орналасады және олар сол тіркес құрамында мағыналық рөлін атқарады». Мұндай орналасу сөздердің грамматикалық келісімін сақтауға көмектеседі.

Атрибут сөздер құрылымы көбінесе сөйлемнің мағыналық тұтастығына әсер етеді. Бұл ретте атрибуттың сөйлемде бірінші орынға қойылуы, оның ерекше мағына беретінін көрсетеді. Мысалы, «көркем сурет» тіркесінде «көркем» сөзі, әдетте, суреттің мәнін түсіндіреді, бірақ егер «сурет көркем» деп айтсақ, онда сөздер арасындағы мағыналық реңк өзгеруі мүмкін.

Атрибуттың грамматикалық функциялары оның сөйлем ішіндегі мағыналық және құрылымдық рөлін анықтайды. Атрибуттар сөз тіркестерінің құрамында негізгі сөздердің



қасиетін, сапасын, санын және белгісін көрсетіп, сөйлемнің мағыналық тұтастығын сақтайды. Ғалымдардың пікірлері бойынша атрибуттың қызметі тек оның синтаксистік ерекшеліктерімен ғана шектелмей, оның сөйлемдегі құрылымдық маңызы мен мағыналық әсері де айтарлықтай. Қазақ тіліндегі атрибуттың грамматикалық қызметін толық түсіну оның синтаксистік құрылымдардағы рөлі мен сөйлем ішіндегі мағынасына тереңірек бойлауды талап етеді.

Атрибуттың семантикалық қызметі оның заттар мен құбылыстарды қалай сипаттайтынымен тығыз байланысты. Атрибуттар сөздің семантикалық құрылымын кеңейтеді, оны нақтылайды және толықтырады. Мысалы, «көгілдір аспан» тіркесіндегі «көгілдір» сөзі аспанның түсін білдіреді, осы арқылы аспанның ерекшелігін көрсетеді. Демек, атрибут белгілі бір объектінің қасиетін ашып қана қоймай, оны түсінуге көмектеседі.

Атрибуттың семантикалық қызметі оның сөйлемде тек қосымша ақпаратты беруімен ғана шектелмейді. Ол заттың немесе құбылыстың мәнін ашып, сол арқылы сөйлемнің жалпы мазмұнына тереңдік қосады. Мысалы, «биік үй» тіркесіндегі «биік» сөзі үйдің негізгі қасиетін ашып, оның сипаттамасын кеңейтеді. Сонымен қатар, атрибут сөз тіркесінің құрылымында жиі қайталанып келіп, өзінің мағыналық қызметін күшейтеді.

Атрибуттың грамматикалық функциялары мен оның сөйлемдегі орны қазақ тілінің синтаксистік құрылымын толық түсінуге маңызды үлес қосады. Бұл зерттеуде атрибуттың анықтауыштық қызметі, оның сөз тіркесіндегі құрылымдық және семантикалық рөлі кеңінен қарастырылды. Атрибут сөздердің мағыналық байланысын тереңдетіп, сөйлемнің мағыналық аясын кеңейтеді. Сонымен қатар, атрибуттың тілдегі қызметі оның сөздердің қасиеттерін анықтап, сол арқылы коммуникацияның нақты әрі айқын болуына әсер етеді.

Қазақ тілінде атрибуттың қолданылуы оның грамматикалық категорияларымен тығыз байланысты. Атрибуттың сөйлемдегі орны мен рөлі сөздер арасындағы байланысты қалыптастырып, олардың грамматикалық келісуін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, атрибуттың анықтауыштық қызметі, оның синтаксистік қатынастардағы орны мен грамматикалық функциялары қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін терең зерттеуді талап етеді.

Ғалымдардың пікірлері мен зерттеулеріне сүйене отырып, атрибуттың тек грамматикалық қызметін ғана емес, сонымен қатар оның семантикалық функциясын да ескеру қажет. Атрибут сөйлем ішіндегі мағынаны нақтылап, толықтырып, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Бұл тұрғыда атрибуттың коммуникативтік аспектісі ерекше маңызға ие болып отыр. Осылайша, атрибуттың грамматикалық және семантикалық қызметін зерттеу қазақ тілінің синтаксистік жүйесінің толық көрінісін бере отырып, тілдің құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Атрибуттың тілдегі қызметі оның сөйлемдер мен сөз тіркестеріндегі мағынасын толық аша отырып, қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктерін дұрыс түсінуге және қолдануға жол ашады.

#### Әдебиет

1. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993.
2. Ахметова Н.К. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 2015.
3. Мадениеттану және тіл білімі бойынша зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 2005.
5. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтауыштар жүйесі. – Астана, 2014.
6. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014.

*Ахмет ӘДІЛЕТ*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*PhD докторанты*

*Ғылыми жетекшісі: Р.АВАКОВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ «АЛТЫН САҚИНА» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ (ҚОЛЖАЗБА) ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» атты драмалық шығармасының қолжазбасы сипатталады. Қ.Кемеңгерұлының көптеген шығармалары мен еңбектерінің баспадан шыққан кітап нұсқасы бар. Алайда, ғалымның ешбір еңбегінің қолжазбасы сақталмаған. Мақала арқылы қаламгердің «Алтын сақина» шығармасының қазірге дейін ғылымда беймәлім болып келген қолжазба нұсқасы тұңғыш рет жарияланып отыр. Қолжазбаға берілген сипаттама арқылы автордың бұл шығармасы жан-жақты талданады. Қысқасы, мақала алаштану, қошкетану және қазақ драматургия ғылымы тұрғысынан аса құнды жаңалыққа толы.

**Тірек сөздер:** Алаштану, қошкетану, қолжазба, Алтын сақина, қазақ драматургиясы.

**Аннотация.** В статье описывается рукопись драматического произведения К.Кемеңгерұлы «Алтын сақина». Имеются многие произведения и труды К.Кемеңгерұлы, изданные в виде книг. Однако ни одна рукопись ученого не сохранилась. Впервые через данную статью публикуется рукописная версия произведения «Алтын сақина», которая до сих пор неизвестна научной среде. С помощью описания рукописи проведен всесторонний анализ этого произведения. В целом, статья представляет собой значительное открытие в сферах алашovedения, кошкееvedения и науки о казахской драматургии.

**Ключевые слова:** Алашovedение, кошкееvedение, рукопись, Алтын сақина, казахская драматургия.

**Abstract.** The article describes the manuscript of K.Kemengeruly's dramatic work "Altyn Sakhina". While many of K.Kemengeruly's works and studies exist as published books, none of the scholar's manuscripts have been preserved. For the first time, this article presents the manuscript version of "Altyn Sakhina", which has remained unknown to the scientific community until now. Through the description of the manuscript, the author's work is analyzed in depth. In short, the article is a significant contribution to the fields of Alash studies, Kosheken studies, and Kazakh dramaturgy, offering valuable new findings.

**Keywords:** Alash studies, Kosheken studies, manuscript, Altyn Sakhina, Kazakh dramaturgy.

### **1. Қ.Кемеңгерұлының драматургия саласындағы еңбектері**

XX ғасыр басында Алашқа қызмет еткен әмбебап тұлғалар көп болды. Арыстардың көпшілігінің бір басына бірнеше өнер қонған. Олар өнердің бір жолында, ғылымның бір саласында ғана еңбек етпестен, заманауи ғылым мен білімнің жолын іздей бастаған қазақ халқының тағдыры үшін қай сала өзекті болса, сол салада бел шеше еңбек етумен болды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Е.Омарұлы, т.б. ұлтты ояту, есе-теңдікке деткізу жолында жарық ғұмырын күреспен өткізіп, соңына теңдессіз құнды мұралар қалдырып, сара жол салған бірегей зиялылардың бәрі де әне сондай сегіз қырлы, бір сырлы адамдар еді. Осындай әмбебап арыстардың бірі Қошкелі Кемеңгерұлы.

Қырық жылдан асар-аспас қысқа ғұмыр кешкен Қ.Кемеңгерұлы да 1937 жылы құрбан болды. Бір басында Алаш қайраткері, ғалым, лингвист, дәрігер, драматург, жазушы, журналист қатарлы атау лайық болған тұлғаның бүгінге жеткен мұрасы аз емес. Біздің бүгінгі мақаламыз Алаштың айбоз ардақтысы Қ.Кемеңгерұлының драматургтік қырын бейнелейтін кесек шығармасының қолжазба нұсқасы жайында болмақ.


Драматургия саласында да тыннан түрен салған қаламгердің зерттеушілерге белгілі бірнеше шығармасы бар. Соның бірі де, бірегейі де біздің мақаламызға арқау болып отырған

«Алтын сақина» шығармасы. Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинадан» өзге, «Әулие тәуіп», «Қасқырлар мен қойлар», «Бостандық жемісі» қатарлы сахналық шығармалары болған [1]. Автор бұл шығармаларды 1917-1918 жылдары 21-22 жас шамасында-ақ жұртқа жария етіп, сахнаға шығарып үлгерген. Арада алты-жеті жылдың бедерінде түрлі оқулықтар мен ғылыми еңбектер, прозалық, поэзиялық шығармалар жариялап оқырман көңілінен мықтап орын алған Кемеңгерұлы 1925-1926 жылдары драма жанрында тағы да көрермендерге құнды туындыларын сыйлайды. Атап айтқанда, 1926 жылы 13 қаңтарда мемлекеттік ұлт театры Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашты [2, 1]. Осы жылы қаламгердің «Парашылдар» шығармасы жарияланса, 1927 жылы «Ескі оқу», 1930 жылы «Күнәсіз күйгендер» атты пьесалары жарыққа шықты [1].

Аталып өткендей Қ. Кемеңгерұлының 7 драммалық шығармасы белгілі. Қошкенің жалпы шығармашылығы, қайраткерлігі өзінің жарық ғұмырында да замандағалымдар жағынан жақсы бағаларға ие болған. Сахналық шығармалары туралы алғашқы болып жылы лебіз білдірушілердің бірі Смағұл Сәдуақасұлы: «Алтын сақина» – тәуір пьеса. Қошмағамбет Жүсіпбектен анағұрлым тереңірек. Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ. Тегінде Қошмағамбет қолынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін», - деп жазды [3].

«Алтын сақинаның» сахналануы туралы сол кездегі ресми баспасөзде жиі хабарландырулар жарияланып тұрған. «Ақжол» газетінің 1921 жылғы 16-қаңтардағы нөмірінде «Үнемші» деген қалам атпен (бүркеншік есім) жазылған шағын ақпараттық аңдатпада: «Қызылжардағы казак жастарының «Талап» иірімі атынан «Новый совет» театрында тамашаға Х. Кемеңгеровтың «Алтын сақинасы» қойылды. Ойнаушылар «Талаптың» драма бөлімшесінің мүшелері еді. Ойын әйел рөлін алып ойнаған еркектің денесінің нақ әйелдей болып келмегенін есептемегенде, жақсы шықты. Иін тіресіп отырған тамашашылар ойнаушыларды перде түскенде қол шапалақтап қайта-қайта шақырды», - деп жазылған [4]. «Үнемші» атты тілшінің «Алтын сақа» қйылымы жөнінен түйген ойы шығарманың сапасына қаратылмаса да, орындалуындағы олқылықтар мен артықшылықтарды меңзеп тұрғаны анық. Демек, бұл да сол заман жастарының драммалық туындыға болған бір бағасы деуге болады.

«Еңбекші казак» газетінің 1926 жылғы №10 (447) санында: «*Ғынуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да мемлекеттік ұлт тыйатырының ашылыу мерекесі болады. Тыйатыр әртестері Кеменгерұлының «Алтын сақина» сын ойнайды. Оның соңынан кәнерт. Дем алыс уақыттарында әркестір ойнап тұрады. Тыйатыр деректірі Дінше<sup>59</sup>*» деген хабарландыру берілген [2, 1].



«Еңбекші казак» газеті, 1926 жыл, 13-қаңтар, №10 (447)

<sup>59</sup> Мәтін түпбасылым емлесі негізінде көшірілді. – Ахмет Ә.


Мұнда айтылған пікірлер мен ақпараттарға назар салсақ, өткен ғасыр басындағы зиялы көшбасшылардың бастамасымен, әдебиеттің үлкен бір арнасы саналатын драматургия саласы да белгілі деңгейде дамығанын көре аламыз. XX ғ. басындағы өзге драматург қаламгерлерді айтпағанда, бір ғана Қ.Кемеңгерұлының жеті шығармасының болуы, соның ішінде «Алтын сақинаның» ғалымдардың да, көрермендердің де сүйікті шығармасына айналуы осыған дәлел. Мемлекеттік театрдың «Алтын сақинамен» ашылуы да соны білдірсе керек.

Шын мәнінде өткен ғасыр басында қазақ халқының сахналық шығармаларға деген қызығушылығы тезден оянып, көптеген драмалық туындалар жарыққа шықты. Тіпті, театр-тану ғылымы да қалыптаса бастады. Қ.Кемеңгерұлына баға берген С.Сәдуақасұлы бұл салада кітап та жазған болатын. Ғалымның «Ұлт театры» атты еңбегі 1926 жылы «Еңбекші қазақ» кітапханасы сериясы бойынша Қазақстан баспасөз бөлімінің баспаханасы жағынан басылып шыққан. 30 беттен тұратын бұл шағын кітапшада автор театрдың кіші жанрларына, тарихына және қазақ драма жазушыларының сол тұстағы жетістіктеріне тоқталып, алқағанын алқап, сынауға тиісті туындыларға сыни пікірін де айтып өтеді: *«Тыйатыр тұралы сөйлегенде ең әуелі ескертүніміз – пийесе (пьеса). Бізде осы күні қандай пийесе бар, олардың сыртқы көркемдігі, ішкі маңыздылығы қандай? Жарай ма, жарамай ма?»*

Бұл сұрауларға әбден жауап бере аламыз. Қазақтан шыққан пийесе жазыушыларды алсақ, олардың ішінде кәдімгідей төселгендері бар: Мұқтар Әуезұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен Қошмағамбет Кемеңгерұлы, Жұмат Шанин. Әріпін, бұлардың бәрі бірдей емес. Бірақ осылардың қайсысы болса да төселген жазыушы екендігінде дау жоқ.

«Еңлік-Кебек», «Алтын сақыйна», «Арқалық батыр» бұл үшеуі де күні бүгүннен бастап тыйатырда ойналуға жарайды. Жүсіпбектің «Сылаң қызы» да әжептәуір пийесе. Бірақ бұны тыйатырға жіберердің алдында азырақ жөндеу керек...<sup>60</sup>», - деп жазады ғалым [5, 5-6].

С.Сәдуақасұлының «Ұлт театры» кітабы, 1926 ж.



Ал ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиетке тән үш үлкен жанрды әуезе (проза), толғау (поэзия), айтыс-тартыс (драма) деп топтастырады. Айтыс-тартыс жанры туралы ғалым: *«Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естімейміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенінше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жыласқаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жасуласқаны, дауласқаны, біткені, жасарсақаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдынан өтеді»,* - деп түсіндіреді [6, 273-274 бб]. Ғалым осы теориялық кесек еңбегінде сындар дәуір әдебиетіндегі

<sup>60</sup> Мәтін түпбасылым емлесі негізінде көшірілді. – Ахмет Ә.

жазу әдебиетінің үшінші бір жанры аталған «Айтыс-тартыс түрлілерін» мынадай бірнеше кіші топтарға бөледі.

- 1) Әлектеніс
- 2) Әуреленіс
- 3) Азаптаныс
- 4) Зауықты айтыс-тартыс
- 5) Құлықты айтыс-тартыс
- 6) Күлдіргі айтыс-тартыс
- 7) Сикырсымақ [7].

Сөзімізді жинақтар болсақ, сан түрлі салада өнімді еңбектер істеп, саркылмас мұра қалдырған Алаш арысы, әмбебап ғалым Қ.Кемеңгерұлының өзге жанрдағы шығармаларымен қоса, драматургия саласындағы шығармалары ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ ғылыми қауым мен көрермен жұртшылықтың көзайымына айналған. Сондай-ақ, қазақ драматургия саласы да өткен ғасыр басында практикалық кезеңнен теориялық кезеңге өтіп, ғалымдар жағынан ғылыми еңбектер жазатын деңгейге жеткен. Аталған салада көшбасшы қаламгерлердің бір ретінде Қ.Кемеңгерұлының орны ерекше.

## **2. «Алтын сақина» пьесасының қолжазбасы**

Мақаламыздың бұл бөлімінде қаламгердің «Алтын сақина» пьесасының қолжазба нұсқасына тоқталамыз.

Алаш арыстарының көпшілігі 1937-1938 жылдары «Халық жауы» есебінде жалған, ауыр айыптаулармен атылып кеткеннен кейін олардың мұралары түгелге жуық тәркілені белгілі. Алаш арыстарының артында жүздеген кітаптары қалды. Оны алаштанушы-ғалымдар, төте жазуды оқып, зерттеп жүрген азаматтар зерделеп, қазақ оқырмандарына қайтадан ұсынып жатыр. Бірақ ащы болса да ақиқат сол арыстардан – Ахметтен, Әлиханнан, Міржақыптан, Мағжаннан, Т.Шонанұлынан, Қ.Кемеңгерұлынан қалған қолжазбалар жоқтың қасы. Ал қазір пайдаланып жүргеніміз сол кісілердің тек қана ресми баспасөзден шыққан кітаптары, басылымдарда жарияланған мақалалары, мұрағаттар, деректер. Баспадан шыққан кітаптардан да құнды нәрсе – қолжазба, яғни автордың ең алғашқы, ең дұрыс деп қараған түпнұсқасы. Ал баспадан шыққан кітаптарда сол кездегі цензураға ұшырап, оған басылмай қалған тіркестер де болады. Кітаби нұсқа мен қолжазбаның арасы жер мен көктей [8].

Ішінара ғана мұралары қолжазба күйінде жеткен бірнеше Алаш қайраткері бар. Соның бірі Қ.Кемеңгерұлы деуге болады. Біз бұл мақаламызда осыған дейін көпшілікке беймәлім болып келген Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» шығармасының (4 перделі пьеса) қолжазба нұсқасын таныстыратын боламыз. Шындығында Қ.Кемеңгерұлының қолжазбасының бар болуы қазақ ғылымы үшін қуанышты жағдай. Мақала авторлары Алаш оқырмандарынан шүйінші сұраса да әбестігі жоқ жүрекжарды жаңалық деуге болады.

Өзге арыстар секілді Қ.Кемеңгерұлының да мұралары тек баспадан шыққан кітап күйінде бірді-екілі нұсқада жеткен. Неше он мыңдап, тіпті жүз мыңдап таралған Алаш зиялыларының еңбектері ғасырға жетер-жетпес уақытта бірді-екілі ғана табылып жатуы да бір кезде солақай саясаттың салдары қаншалық ауыр болғанын аңғартады. Бүгінгі таңда алаштанушы ғалымдар арыстардың табылған кітаптарын қазіргі жазуға түсіріп, баспадан шығарып, ғылыми айналымға енгізуде. Дегенмен, түпбасылымның да, қайтара басылымның да түпнұсқадай бола бермейтіні белгілі. Сол тұрғыдан алғанда бүгін араға 103 жыл салып оқырманмен қайта қауышқалы отырған Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасының» қолжазбасы баламасы жоқ құнды жәдігерлердің бірі деуге толық негіз бар. Ендеше «Алтын сақинаның» сарғайған қағазға жазылған қолжазба нұсқасын парақтайық:


«Алтын сақинаның» (4 перделі пьесса) қолжазба нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында №216 (РК) бумасы болып сақталған. Жәй дәптерден сәл көлемді жолсыз сары қағаз дәптерге жазылған. Дәптердің ұзындығы 23 см, ені 18 см, қалыңдығы 4 см шамасында. Дәптердің сырты кітапхана қызметкерлері жағынан өзге қолжазбалармен ұқсас үлгіде қатты сары қаппен бекітілген. Дәптер қабының сыртына қолжазбаның қордағы нөмірі (№216 РК) деп анық жазылған. Тысқы беттегі өзге ақпараттар 1930-1940 жылдар арасында Қазақстанда қолданылған латын әліпбиімен жазылған: Kemenger



шь Q; «Алтын сақина» 4 перделі драма. 1921. ҚСЫ [10, 1].

Қолжазбаны баспаға кім, қай жылы тапсырғаны белгісіз. Жазба туралы мәліметтері латын әліпбиімен жазылғанына қарағанда, құнды мұра қорға 1934-1939 жылдап арасында тапсырылған деп қараймыз. Себебі, аталған жылдар кезеңінде латын әліпбиінде кісі есімдері мен жер-су атаулары бас әріппен жазыла бастады. 1930-1933 жылдары латын қазақ латын әліпбиінде де бас әріп мәселесі шешім таппаған еді. Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қорына берілген А.Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгерісі» атты көлемді қолжазбасы да Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасымен» «тағдырлас». Аталған қорға қиын кезеңдерде бір ғана емес, бірнеше Алаш арысының жазба мұрасын сақтана жүріп өткізген бір адам болса керек. Себебі, біздің көзіміз шалып, қолымызға іліккен арыстарға тіке қатысты бірнеше қолжазбаның да ішкі-тысқы ерекшеліктеріндегі ұқсастық бізді осылай болжауға жетелейді. Бұл туралы біз «Ахаңның белгісіз хәм белгілі еңбегі жайында» атты мақаламызда да оқырманмен ой бөліскен болатынбыз [9, 98-99].

Жазбаның бірінші бетінің бас жағында төте жазумен «Х Кемеңгер» деп жазылған. Орта және төменгі бөліміне «Алтын сақина», «драмма төрт перделі», «17-інші ноябрде жазыдған, 1921», «Ташкент» деген жазулар да төте жазумен берілген. Дәптердің осы беті біршама шимайланған. Дәптерге қиғаштап «Алтын сақина, жазылып біткен» деген сөздері төте жазумен, №22, №25, № 39, 17 ноябрь, 1921 г, Научная комиссия, пьеса» деген сөздер орысша берілген [10, 1].



“Алтын сақина” қолжазба нұсқасы (1-бет: титул). ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры, №216 бума.

Қолжазба дәптер барлығы 38 парақтан (беттен) тұрады. Жазушы әр беттің келесі бетін ақ қалдырып, жаңа парақтан бастап отырған. Бірінші бетте кітап үлгісінде титул ретінде дайындалған ақпараттарға қарап, бұл нұсқаны 1921 жылы Ташкенттен бастыру үшін арнайы көшіргенін білеміз. Демек бұл баспаға берер алдындағы көшірме нұсқасы.

Әр беттің жоғары жағына бет саны қойылып отырған. Дәптердің екінші үшінші бетіне төрт перделі драманың қысқаша мазмұны берілген. Бұл да осы қолжазба автордың ең алғашқы төлнұсқасы емес, баспаға дайындау үшін көшіріп реттеп, кітап үлгісіне келтіріп дайындағанынан дерек береді.

Екінші, үшінші беттердегі кітап мазмұны ретінде жазылған мәліметтер төмендегідей:

### **Ойнаушылар**

*Киіз үй, орта дәулетті байлардың отауының іші*

### **I пердеде ойнаушылары**

- 1) Сағынтай (үй иесі, жасы 20 да)
- 2) Жания (Сағынтайдың шешесі, жасы 50 де)

- 3) Халима (Сағынтайдың келіншегі, 16 да)
- 4) Тәуірше (Жанияның абысының қатыны, 40 да)
- 5) Ұмсындық (Тәуіршенің баласы, жасы 11 де)

### II перде ойнаушылары


1) Сағынтай 2) Халима 3) Жания 4) Өрік (көрші қатын) 5) Бекболат (Сағынтайдың құрдасы)

### III перде ойнаушылары

1) Халима 2) Бәну (Халиманың ауылына ұзатқан қыз, жасы 30 да) 3) Аруақ (Халиманың шешесі) ...

### IV перде ойнаушылары

1) Қалима 2) Сағынтай 3) Жания 4) Бекболат 5) Өрік 6) Қойшы [9, 2-3].



“Алтын сақина” қолжазба нұсқасы (2-бет: титул). ҚР Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры, №216 бума.

Ескерте кетелік, шығарма төте жазумен жазылғанымен, 1921 жыл А.Байтұрсынұлы ұлттық әліпбиді әлі жетілдіру үстіндегі кезең болғандықтан, онда көне емле ерекшелігі сақталған. Сандар араб сандарының көне нұсқасында берілген. Ғалымдар қазақ әліпбиіндегі 28 әріпті (1 дәйекші) және емлені 1924 жылы тұрақтандырған. «Алтын сақина» онан бірнеше жыл бұрын жазылғандықтан, қолжазбадағы әріптерде және емледе 1924 жылдан бері қалыптасқан емледен айырмашылықтар бар. Мысалы, Халима есімі бірде Халима бірде Қалима болып беріледі. Қошке есімінің бас әрпі де «ح» (X) арқылы берілген.

Осыдан кейін 4-беттен бастап шығарманың негізгі мәтіні басталады.

*Перде ашырда Халима төсек алдында мәшинемен іс тігіп отырады. Сағынтай Қалиманың бас жағымда төрге таман шынтақтап жатып домбыра шертеді (көңілді бір күй).*

*Сағынтай: (жалынып) әй, менің жаным келіп отыршы, біраз!*

*Хадима: (күліп) сағынып қалдың ба?*

*Сағынтай: сағынбасам шақырам ба? Назданбай келсейіші!*

*Халима (тағыз да күлімсіреп): сендей мен ерігіп отырмын ба? Нағашы апамның баласына беретін қамзолды бітіруге алас ұрып асығып отырмын.*

*Сағынтай: несіне асығасың, бітер! [9, 4].*

Міне пьеса осылай жалғаса береді.

Қолжазба жазушының жазуы орташа сапада. Тым көркем де емес, алайда анық оқылады. Бастапқы беттерінде (7 бетке дейін) жазуы ірі, жол аралығы алыстау, оқуға анық көшірілген. Көбінесе қара сиялы қалам пайдаланылған. Бірақ арасында көк сиялы қалам да іске қосылған. Ішінара жердерде асты сызылған сөздер, қиғаш сызықтар, қате (көбейту) белгілері кездеседі.

Жазбаны бір адам көшірген болуы да, екі адам кезектесіп көшірген болуы да мүмкін. Олай дейтініміз, мәтіннің орта шенінде көшірушінің қолжазба стилі өзгеріп кетіп, қайта қалпына келіп отырады. Бірақ, бұл бірде асығыс, бірде асықпай жазған бір адамның еңбегі болуы да әбден мүмкін. Асыққан адамның жазуы сүйкек шимай болып кететіні баршамызға түсінікті жәй.

Мейлі кім көшірсе де, 40 бетке жуық шығарманы бір деммен көшіріп шықпағаны, ара-тұра үзе тұрып, қайта жалғастырып жазғаны байқалады. Қалам сиясының түсінің ауысуы, жазудың бірде көркем, бірде сүйкек болуы, кейде жазу стилінің өзгеріп кетуі осыны аңғартады. Дегенмен, бұл өзгешеліктерге қарап, қолжазбаның 1921 жылы баспаға берер алдында көшірілген, автордың ең түпкі нұсқасынан кейінгі нұсқа екенін ешкім де теріске шығара алмайды.

«Ақжол» газетінің 1921 жылғы 16-қаңтар күнгі санында Қызылжарда «Талап» иірімінің ұйымдастырумен қойылған «Алтын сақа» пьесасы туралы ақпараттың (авторы: Үнемші) бар екенін еске салсақ, Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» 1920 жылы немесе онан да бұрынырақ жазылған болады. Қызылжардағы қойылымға дейін «Алтын сақа» сахналанған-сахналанбағаны туралы қазірге дейін қолжетімді мәлімет жоқ. Егер, Қызылжарда 1921 жылы 16 қаңтарда тұңғыш рет қойылды деген күннің өзінде мұндай кесек туынды бір-екі апта ішінде жазып, Қызылжарға жеткізіп үлгірді ме, бұл да жұмбақ.

Бұл 1921 жылы қаңтар Қ.Кемеңгерұлы Сібір ауыл шаруашылық және өндіріс институтының 1-курс студенті атанған кезі [11]. Қалай деген күнде де Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» бері болғанда 1921 жылдың бастапқы оншақты күні ішінде (1-16 қаңтар аралығы), ары болғанда 1920 жылы немесе онан да бұрынырақ жазылған болып шығады. Ал, қолымыздағы қолжазба нұсқа 1921 жылы 17 қарашада көшірілгені, оны Ташкендегі баспаға арнайы дайындағыны дәптер бетіндегі мәліметтерден белгілі. Демек, «Алтын сақинаның» қолымызға түскен жалғыз қолжазбасы автордың ең алғашқы нұсқасы емес, екінші рет немесе онан да кейін көшірілген нұсқасы болып табылады. Мейлі нешінші көшірме болса да, бұл нұсқа түпнұсқаға ең жақын, аса құнды мұра деуге толық негіз бар. Себебі, бұл нұсқаға дейін «Алтын сақинаның» жалғыз рет 1921 жылы Қызылжарда қойылғанынан сырт, осыған дейін (1921 ж) басылым көргені туралы мәлімет жоқ. Оның үстіне көптеген салада шығарма жазған Қ.Кемеңгерұлының осы «Алтын сақинадан» өзге ешбір еңбегі қолжазба күйінде жетпегені жоғарыда айтылды.

Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» шығармасы 1923 жылы Орынборда кітап болып шыққан. Кейін ғалым ақталғаннан кейін 1965 жылы да еңбектері «Алтын сақина» деген атпен жинақталып оқырманмен қауышқан болатын.



Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» кітабы, 1923 ж. Орынбор.

Осы жерде бір сұрақ көлденеңдей қалады. Қолымыздағы қолжазба 1921 жылдың соңына ала Ташкендегі баспаға дайындалғаны белгілі болды. Бірақ, кейін «Алтын сақинаның» Ташкеннен басылып шыққан-шықпағаны белгісіз. Қолжазба дәптердің сыртында қарындашпен

жазылған шағын ескертпеде 1923 жылы Ташкенде басылып шыққаны туралы ақпарат бар [10, 1]. Бірақ, бізде қазірше тек 1923 жылғы Орынбордан басылып шыққан кітап нұсқасы ғана бар.

Тағы бір қызықты мәлімет, ҚР Ұлттық кітапханасындағы қолжазбалардың мазмұндалған шағын көрсеткішінде «Алтын сақинаның» 1922 жылы басылып шыққаны жазылған [12, 11]. Бұл екі ақпаратқа сенсек, Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақинасы» 1922 жылы бір рет, 1923 жылы екі рет басылып шыққан болады. Бұл да алаштанушы, қошкетанушы ғалымдар назарында жүруге тиісті бір сауал болып отыр.

Ендігі мәселе, ҚР Ұлттық кітапханасында сақталған, біз сөз етіп отырған «Алтын сақинаның» жалғыз қолжазба нұсқасы автордың – Қ.Кемеңгерұлының өзінің төл қолтаңбасы ма, әлде көшіруші өзге бір адамның немесе бірнеше адамның қолтаңбасы ма деген сұрақ төңірегінде болып отыр. Қазірге дейін Қ. Кемеңгерұлының бірлі-жарым орыс тілінде жазылған қолтаңбалары болмаса, төте жазумен бүгінге жеткен ешбір қолтаңбасы бар мұрасы сақталмағандықтан, қолдағы нұсқаны автордың өзінің төл жазуы ретінде ғалымға тәуілдеуге асықпадық. Алдағы уақыттарда Қошкенің өзге де қолжазбалары табылып жатса, ғалымдармен бірге зерделей отырып, бұл мәселені де тұрақтандыратын күн қашпайды деп сенеміз.

### Әдебиет

1. Қошке Кемеңгерұлы // Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ресми сайты: <https://iie.kz/?p=25192>
2. «Еңбекші қазақ», 1926, №10 (447), 1-б.
3. Садуақасұлы С. Алғашқы тәжірибелер // Еңбекші қазақ, 1926. 29 қаңтар.
4. «Ақжол» газеті, 1921, 16-қаңтар күнгі нөмір.
5. Садуақасұлы С. Ұлт театры туралы // Қазақстан баспасөз бөлімінің баспаханасы, 1926. 34 б.
6. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Қызылорда, – 1926. 292 б.
7. Ахмет Ә. «Әдебиет танытқыштың» жоғалған беттері табылды // «Егемен Қазақстан», 07 наурыз, 2024. <https://egemen.kz/article/359600-adebiet-tanytqyshtynh-dgoghalghan-betteri-tabylды>
8. Ахмет Ә. Жәдігерлерді оқу бақыты бізге бұйырды (сұхбат) // «Ана тілі» газеті, 10 Қазан, 2024.
9. [https://anatili.kazgazeta.kz/news/63423?fbclid=IwZXh0bgNhZW0CMTEAAR208kZbUKtg6DTNsiUxAjTQG7Cj788BesxeALSNQa1CYiCb4FYaR4FvGXY\\_aem\\_20SLJt3d0S\\_PZNxiDci7WQ](https://anatili.kazgazeta.kz/news/63423?fbclid=IwZXh0bgNhZW0CMTEAAR208kZbUKtg6DTNsiUxAjTQG7Cj788BesxeALSNQa1CYiCb4FYaR4FvGXY_aem_20SLJt3d0S_PZNxiDci7WQ)
10. Ахмет Ә. Ахаңның белгісіз хәм белгілі еңбегі жайында // Ақиқат. 2023, қыркүйек.
11. Кемеңгерұлы Қ. Алтын сақина (төрт перделі пьесса) // Қолжазба нұсқа. ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры №216 бума, 37 б.
12. ООМА, 14-қор, 2-тізім, 332-іс, 6 б.
13. Қазақстан туралы қолжазба материалдар А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік республикалық кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында (мазмұндалған) // «Қазақстан», 1966. 72 б.

# ЖАҢАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАҢА ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАР

---

*Шолпан ЖАРҚЫНБЕКОВА*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

*Айдана ЕЛЮБАЕВА*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
оқытушы, магистр  
(Қазақстан, Астана қ.)*

## ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ (МАХQDA КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Соңғы онжылдықтарда заманауи технологиялар өмірдің барлық дерлік салаларын, соның ішінде тіл білімі мен лингвистикалық талдауды түбегейлі өзгертті. Олар зерттеулерді дәлірек етіп, деректерді өңдеу процесін жеделдетеді, зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашады. Мақалада БАҚ мәтіндерін лингвистикалық талдау үшін МАХQDA компьютерлік бағдарламасын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақстан туралы медиамәтіндер мысалында ең өзекті тақырыптар, мәтіндердің тоналдығы, негізгі сөздердің жиілігі анықталып, негізгі бағалау стратегиялары айқындалды. Авторлар үлкен көлемдегі мәтіндерді талдау мен қолдану мәтін талдау құралдарының дамуына және лингвистикалық зерттеулердің мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететіні туралы қорытындыға келді.

**Тірек сөздер:** мәтіннің лингвистикалық талдауы, заманауи технологиялар, компьютерлік бағдарлама, МАХQDA, БАҚ-тағы Қазақстанның бейнесі.

**Аннотация.** Современные технологии в последние десятилетия преобразили практически все сферы жизни, включая языкознание и лингвистический анализ. Они делают исследования более точными и ускоряют процесс обработки данных, открывая новые горизонты для исследований. В статье рассматриваются возможности использования компьютерной программы МАХQDA для лингвистического анализа текстов СМИ. На примере медиатекстов о Казахстане определены наиболее актуальные темы, тональность текстов, частотность ключевых слов, а также выявлены основные оценочные стратегии. Авторы статьи пришли к выводу, что использование и анализе большого массива текстов способствует дальнейшему развитию инструментов анализа текста и расширению границ возможного для лингвистических исследований.

**Ключевые слова:** лингвистический анализ текста, современные технологии, компьютерная программа, МАХQDA, образ Казахстана в СМИ

**Abstract.** Modern technologies in recent decades have transformed almost all areas of life, including linguistics and linguistic analysis. They make research more accurate and accelerate the process of data processing, opening new horizons for research. The article discusses the possibilities of using the МАХQDA computer program for linguistic analysis of media texts. On the example of media texts about Kazakhstan, the most topical themes, the tone of the texts, the frequency of keywords, as well as the main evaluative strategies are identified. The authors of the article came to the conclusion that the use and analysis of a large array of texts contributes to the further development of text analysis tools and expanding the boundaries of the possible for linguistic research.

**Keywords:** linguistic analysis of text, modern technologies, computer program, МАХQDA, image of Kazakhstan in mass media

Қазіргі уақытта лингвистикалық зерттеулер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы белсенді түрде жүргізілуде, бұл сандық және сапалық де-



рекерді талдауға мүмкіндік береді. Бүгінде көптеген зерттеулерде ғылыми, соның ішінде лингвистикалық зерттеулерде компьютерлік бағдарламаларды пайдалану мәселесіне баса назар аударылуда. Мұндай зерттеулермен шетелдік және қазақстандық ғалымдар П.Бейзли, Б.Смит, У.Кукарц, С.Редикер, М.Бекова, Л.Карабасова және басқалар айналысады. Мысалы, П. Бейзли аралас әдістерді зерттеуде NVivo бағдарламалық жасақтамасын қолдану мүмкіндіктерін зерттейді [1], Б.Смиттің еңбектері ғылыми зерттеулерге Atlas.ti бағдарламасын енгізуге арналған (Smit, 2021), У.Кукарц пен С.Редикердің жұмыстары MAXQDA бағдарламасына бағытталған [3], ал қазақстандық ғалымдар М. Бекова мен Л.Карабасова бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданып, Қазақстандағы білім беру зерттеулерінің табиғаты мен мәселелеріне концептуалды талдау жасады [4].

MAXQDA, Atlas.ti, NVivo және QDA Miner сияқты бағдарламаларда корреляциялық және дисперсиялық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін кіріктірілген статистикалық талдау құралдары бар. Сонымен қатар, бұл бағдарламалық қамтамасыз ету сапалық деректерді талдау үшін де қолданылады, себебі ол деректерді бір файлда сақтап, басқаруға мүмкіндік береді [5]. Зерттеушілер жеке құжаттағы кодтарға назар аудара алады немесе күрделі сұраныстарды орындай алады, мысалы, әртүрлі құжат топтарының кодтарын салыстырып, «кодтар ағашы», «құжаттар портреті», «екілік код» сияқты визуализация функцияларын қолдана алады. Осылайша, бір бағдарламада сандық және сапалық деректермен жұмыс істеу мүмкіндігі зерттеушілерге талдау процесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Зерттеушілер белгілі бір код немесе кодтар жиынтығы үшін барлық кодталған сегменттерді алу мақсатында құжат топтарын іздеу немесе біріктіру функцияларын қолдана алады. Мәтіннің барлық кодталған сегменттерін бөліп көрсету зерттеушілерге барлық деректерді оқып, олардың арасындағы заңдылықтарды анықтауға, кодтардың жиілігін көруге және тақырыптық код блоктарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Тақырып – кеңірек ұғым, себебі ол бірнеше кодтарды қамтиды [6, 584]. Сапалық және сандық деректер жинақтық кестелерде біріктіріледі, бұл сапалық және сандық нәтижелер арасындағы байланыстар мен ассоциацияларды зерттеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламалық қамтамасыз ету сапалық және сандық деректерді, аралас әдістерді талдау процесін жылдам, тиімді және жүйелі түрде жүргізуге ықпал етеді. MAXQDA бағдарламасы – үлкен көлемдегі деректерді талдауға көмектесетін бірнеше құралдың бірі.

Ғалымдар кездесетін деректердің күрделілігі мен көлемі дәстүрлі әдістерді мәтіндік ақпаратты терең әрі кешенді өңдеуде уақытты қажет етеді, сондай-ақ оны жеткіліксіз етеді. Осы қиындықтарға жауап ретінде морфология мен синтаксистен бастап семантика мен прагматикаға дейінгі барлық деңгейлерде автоматтандырылған лингвистикалық талдауды қамтамасыз ететін түрлі бағдарламалар мен құралдар көмекке келеді.

Ең жиі қолданылатындардың қатарында Python бағдарламасын табиғи тілді өңдеуге арналған кітапханаларымен (мысалы, NLTK, SpaCy), TextAnalyzer, LIWC және басқа да көптеген заманауи технологиялық шешімдермен атап өтуге болады. Мысалы, SpaCy, TreeTagger және Mystem сияқты бағдарламалар морфологиялық және синтаксистік талдауды егжей-тегжейлі жүргізе алады. Бұл құралдар сөз таптарын анықтап, грамматикалық категорияларды (жыныс, сан, септік) белгілеп, сөйлемдердің синтаксистік құрылымын талдай отырып, сөздер арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді анықтайды. Ал Word2Vec, BERT және GPT технологияларына негізделген бағдарламалар сөздердің мәтін контекстіндегі мағынасын талдап, тіпті мағыналарды модельдей алады.

Семантика деңгейінде мәтінді «түсіну» сөздер мен сөйлемдер арасындағы жасырын байланыстарды анықтауға ықпал етіп, мәтіннің мағыналық реңктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай семантикалық анализаторлар, мысалы, мәтіннің позитивті, негативті немесе бейтарап реңктерін анықтай алады, бұл әсіресе медиа зерттеулерде өте пайдалы.

Бұл контексте мәтіндерді терең зерттеуге ерекше мүмкіндіктер беретін MAXQDA бағдарламасын атап өтуге болады. Ол медиамәтіндерде негізгі тақырыптар мен тоналдылықты анықтай отырып, егжей-тегжейлі контент-талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Оның қолданылуын Қазақстан туралы БАҚ мәтіндері негізінде қарастырайық.

Қазақстанның қазіргі медиакеңістіктегі бейнесіне жүгіну қазақстандық және шетелдік түрлі БАҚ-тың Қазақстанды қалай сипаттайтынын және елдің қандай қырлары олардың на-

рративтерінде орталық орын алатынын анықтауды көздейді.

Медиамәтіндерді лингвистикалық талдауға арналған МАХQDA сияқты заманауи компьютерлік бағдарламаларды қолдану тек зерттеулердің дәлдігі мен объективтілігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар зерттеушілерге Қазақстанның ұлттық және халықаралық БАҚ-тағы бейнесінің қалай қалыптасатынын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар бізді интуитивті түсіндірмелерден асып түсуге жетелеп, елдің медиаимиджін жақсарту мен түзету бойынша тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті стратегиялық қорытындылар жасауға көмектеседі.

МАХQDA бағдарламасының көмегімен әртүрлі елдердің БАҚ-тары Қазақстанды қалай сипаттайтынын анықтауға болады: оң, нейтралды немесе теріс пікірлер пайдаланыла ма? Бұл Қазақстанда болып жатқан оқиғаларды қабылдау мен түсіндіруді түсіну үшін ерекше маңызды. Бағдарлама тек жеке сөздерді емес, сонымен қатар олар қолданылатын контексті де бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, бұл көріністі нақтырақ етеді. Негізгі тақырыптар мен тенденцияларды анықтау МАХQDA көмегімен Қазақстан туралы шетелдік және қазақстандық БАҚ үшін қандай тақырыптардың ең өзекті екенін және олар уақыт өте келе қалай өзгеретінін түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, МАХQDA сияқты бағдарламаларды қолдану интуитивті бағалаулардан нақты және объективті деректерді талдауға өтуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жаһандану жағдайында маңызды, өйткені әрбір хабарлама елдің әлемдік аренадағы қабылдануына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін. Динамикалық дамып келе жатқан мемлекет ретінде Қазақстан мұндай талдаулардың нәтижелерін өз имиджін әлемде жақсарту стратегияларын әзірлеу үшін пайдалана алады.

Объективті деректер алу үшін «МАХQDA» бағдарламасымен жұмыс істегенде біз келесі талдау әдістерін қолдандық: негізделген теория, тақырыптық талдау әдісі және дискурс-талдау.


Бұл процессті МАХQDA бағдарламасының талдау және визуализация жасау тәжірибесі арқылы қарастырайық. Талдауға алынған медиамәтіндер «Ресейлік БАҚ» және «Қазақстандық БАҚ» топтарына бөлініп, 2022, 2023, 2024 жылдары бойынша таратылады.

Алынған тақырыптық кодтар осы кезеңнің негізгі оқиғаларымен байланысты: 5-ші ДКО, Қазақстандағы су тасқындары, «тоңған» Екібастұз, Салтанат Нүкенованың өлімі туралы іс, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы, Ресейдің Украинадағы арнайы әскери операциясы және оның Қазақстанға әсері, «Қаңтар 2022», сондай-ақ мемлекеттік құрылым салалары (1-суретті қараңыз).

Коды	767	Ввод войск ОДКБ	2
Тональность	0	Идентичность Казахстана	15
Положительная	81	Казахский национализм	7
Нейтральная	224	Курьезные случаи	2
Отрицательная	58	Политика	0
Тематические коды	0	Внутренняя политика	6
Главные события 2022-2024 годов	0	Коррупция	7
V ВИК	28	Внешняя политика	14
Паводки в Казахстане	19	Спорт	7
Решение паводковых проблем	8	Нац. спорт. игры	7
Дело Бишимбаева	53	Футбол	7
Замерзший Екібастұз	17	Бокс	13
Решение проблемы с отоплением	7	Шахматы	17
Внеочередные выборы президента РК	0	Хоккей	8
Глава государства	16	Экономика	8
Поручения президента	3	Международная торговля	33
Содействие народу	3	Казахстан- нефтяная бензоколонка	8
СВО на Украине	3	Международные отношения	34
Влияние СВО на Казахстан	16	Иллюзия партнерства	11
Январские события	6		
Миграционные настроения	2		
Деструктивные действия	9		
Митинг в память жертвам	6		
Необоеготовность Казахстана	2		
Ввод войск ОДКБ	2		

1-сурет. Тақырыптық кодтар

Келесі кезеңде, тақырыптық талдауға жүгінгенде, МАХMars бағдарламасының байланыстарды іздеу функциясы арқылы кодталған деректерді топтарға бөлетін визуалдық схема алынды, атап айтқанда тақырыптар, қосымша тақырыптар және кодтар (2-суретті қараңыз).




2-сурет. Тақырыптық талдау

Кейс салыстыру әдісі Ресей мен Қазақстанның БАҚ-тарындағы ортақ және ерекшеленетін тақырыптарды анықтауға көмектесті, олар схемалық түрде 3-суретте көрсетілген (3-суретті қараңыз).



3-сурет. Тақырыптық кодтардағы ортақ және ерекшеленетін элементтер

Кодтардың жиілігін талдау мәтіннің тақырыбы, негізгі ұғымдары мен мәтіндердің тоналдылығы туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Көріп отырғанымыздай, оң тоналдылық Қазақстан БАҚ-тарына тән (77,8%), яғни елдің имиджін көтеруге бағытталған стратегия қолданылған. Ал Ресей БАҚ-тарында теріс тоналдылық басым (60,3%). Қазақстан БАҚ-тарында нейтралды тоналдылықты қолданатын мәтіндердің 62,1%-ы қауіпсіздік стратегиясымен байланысты, оның ішінде ақпараттандыру тактикасы қолданылып, оның мақсаты – қысқаша, бірақ өте толық және сенімді ақпарат беру, бұл арқылы билік ел мен халық арасындағы ажырамас байланысты көрсетеді (4-суретті қараңыз).



4-сурет. Кодтардың жиілігін пайдалану

Құжаттардың портреттерін салыстыру Ресей мен Қазақстан БАҚ-тарындағы 2022-2024 жылдардағы негізгі және басым тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді. 2022 жылы Ресей БАҚ-тарында негізгі тақырыптардың бірі қаңтар оқиғалары, елдің әскери дайын болмауы, «қазақ ұлттықшылығы» және серіктестік иллюзиясы болды, бұлар теріс тоналдылықпен сипатталды. Нейтралды тоналдылықты мәтіндер «мемлекет басшысы», «спорт», «халықаралық сауда» сияқты тақырыптарды қамтыды. Позитивті тоналдылық «халықаралық қатынастар» тақырыбына тән болды, онда Қазақстан мен Ресей арасындағы серіктестік белсенді түрде қамтылған.

Қазақстандық БАҚ-тарында 2022 жылғы қаңтар оқиғаларына қатысты тақырып өте сәк әрі ақпараттық сипатта берілді. Әрекеттердің көпшілігі сыртқы саясат пен халықаралық сауда тақырыптарына арналды. Сонымен қатар, мемлекет басшысы лауазымына өткізілген кезектен тыс сайлау тақырыптары да кеңінен жарияланды, сондай-ақ Қ-Ж.К. Тоқаевтың қызметіне арналған көптеген оң пікірлер айтылды. Журналистер белсенді түрде персонализация стратегиясын қолданды, яғни елдің дамуына айтарлықтай үлес қосқан белгілі бір тұлғамен сәйкестендіру жүргізілді. Позитивті коннотациясы бар мәтіндер Қазақстандық боксшылар мен шахматшылардың жетістіктеріне көп арналып, олардың спорттық табыстары кеңінен жарияланды (5-суретті қараңыз).



5-сурет. 2022 жылдағы Ресей және Қазақстан БАҚ-тарындағы тақырыптық жиілік

2024 жылы Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде үлкен резонанс тудырған оқиға – Қазақстан Республикасы экономика министрінің бұрынғы орынбасары Қ. Бишимбаевтың Салтанат Нүкенованың өліміне қатысты сот ісі болды, бұл жағдай Қазақстан мен Ресей БАҚ-тарында кеңінен қамтылды. «Құжаттар портретін» салыстыру (MAXQDA бағдарламасының функцияларының бірі) арқылы осы тақырыптың екі елдің медиакеңістігінде қаншалықты жиі жарияланғанын көруге болады.

2024 жылдың тағы бір маңызды оқиғасы – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының өткізілуі болды. Бұл тақырып та екі елдің БАҚ-тарында кеңінен қамтылды, ал оның мәтіндері көбіне ақпараттық сипатта болды.

2024 жылы БАҚ назарын аударған тағы бір тақырып – Қазақстанның бірнеше аймақтарындағы су тасқыны мәселесі болды (негізінен Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары). Бұл оқиға елдің ішкі мәселесіне қатысты болғандықтан, Ресей БАҚ-тарында кеңінен жарияланбады (6-суретті қараңыз).



6-сурет. 2024 жылғы Ресей және Қазақстан БАҚ-тарындағы тақырыптар жиілігі

MAXQDA бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалану, деректерді кезең-кезеңімен талдауды жүргізу мүмкіндігін береді, бұл елдің бейнесін қалыптастыру стратегияларын, тақырыптық кодтардың жиілігін анықтауға, сондай-ақ іс-қимылдар/құжаттар топтарын салыстыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, компьютерлік технологияларды лингвистикалық зерттеулерге енгізу мәтіндерді талдау мен өңдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық және басқа талдау түрлері заманауи бағдарламалар арқылы мәтіндерді кешенді және ауқымды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект және машиналық оқыту сияқты технологиялардың лингвистикаға интеграциясы мәтіндерді талдаудың құралдарын әрі қарай дамытуға және лингвистикалық зерттеулер үшін мүмкіндіктер аясын кеңейтуге уәде береді.

*Бұл мақала 2024-2026 жылдарға арналған ҚР МНВО гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды (ИРН АР23488481)*

#### Әдебиет

1. Bazeley P. Using NVivo for mixed methods research. // Onwuegbuzie A. J., Johnson R.B. (Eds.), The Routledge Reviewer's Guide to Mixed Methods Analysis. – Routledge, 2021. – pp. 343–354.
2. Smit B. Introduction to ATLAS. Ti for mixed analysis. // Onwuegbuzie A.J., Johnson R.B. (Eds.), The Routledge Reviewer's Guide to Mixed Methods Analysis. – Routledge, 2021. – pp. 331–342.
3. Kuckartz U., Radiker S. Using MAXQDA for mixed methods research // The Routledge Reviewer's Guide to Mixed Methods Analysis. – Routledge, 2021. – pp. 305–318.
4. Sharplin E., Karabassova L., Bekova M. Educational practitioners' conceptualizations of the nature, impact and challenges of educational research in Kazakhstan //Asia Pacific Education Review. – Education Research Institute, Seoul National University, 2024. – 25. – pp. 213–227. DOI: <https://doi.org/10.1007/s12564-023-09900-x>
5. Guetterman T.C., James T.G. A software feature for mixed methods analysis: The MAXQDA Interactive Quote Matrix // Methods in Psychology, 2023. – 8. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.metip.2023.100116>
6. Bryman A. Social Research Methods. – New York: Oxford University Press, 2016. – 784 p.



*Альбина ДОСАНОВА*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*аға оқытушы, доцент*

*Арайлым МАРАЛ*  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*  
*1-курс докторанты*  
*(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **ДИСКУРСТЫҚ МАРКЕРЛЕР: ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада дискурстық маркерлердің тілдік коммуникациядағы, атап айтқанда медиа саласындағы маңызы қарастырылған. Дискурстық маркерлердің анықтамасы, түрлері және олардың қарым-қатынас процесіндегі рөлі талданады. Авторлар дискурстық маркерлердің ақпаратты логикалық құрылымдау, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында түсіністік орнату, сондай-ақ медиада ақпараттың тиімділігін арттырудағы маңызды функцияларын атап өтеді. Мақалада қазақ тіліндегі дискурстық маркерлердің мәдени ерекшеліктеріне және прагматикалық аспектілеріне назар аударылады. Зерттеу барысында медиада жаңалықтар, репортаждар, сұхбаттар мен әлеуметтік желілердегі коммуникацияны жеңілдету үшін дискурстық маркерлердің қолданылуы нақты мысалдармен көрсетіліп, олардың қоғамдағы пікір қалыптастырудағы әсері талқыланады.

**Тірек сөздер:** дискурстық маркерлер, медиа, прагматикалық аспектілер, мәдени ерекшеліктер, коммуникация.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значение дискурсивных маркеров в языковой коммуникации, в частности, в сфере медиа. Анализируются определения, типы дискурсивных маркеров и их роль в процессе взаимодействия. Авторы подчеркивают важные функции дискурсивных маркеров, такие как логическая структуризация информации, установление взаимопонимания между говорящим и слушающим, а также повышение эффективности передачи информации в медиа. Особое внимание уделяется культурным особенностям и прагматическим аспектам дискурсивных маркеров в казахском языке. В ходе исследования на конкретных примерах показывается использование дискурсивных маркеров в новостях, репортажах, интервью и коммуникации в социальных сетях для улучшения взаимодействия, а также обсуждается их влияние на формирование общественного мнения.

**Ключевые слова:** дискурсивные маркеры, медиа, прагматические аспекты, культурные особенности, коммуникация.

**Abstract.** This article examines the significance of discourse markers in linguistic communication, particularly in the field of media. It analyzes the definitions, types of discourse markers, and their role in the communication process. The authors highlight the essential functions of discourse markers, such as logically structuring information, establishing mutual understanding between the speaker and the listener, and enhancing the effectiveness of information delivery in the media. Special attention is given to the cultural characteristics and pragmatic aspects of discourse markers in the Kazakh language. The study uses specific examples to demonstrate the use of discourse markers in news, reports, interviews, and social media communication to facilitate interaction, as well as discusses their impact on shaping public opinion.

**Keywords:** discourse markers, media, pragmatic aspects, cultural features, communication.

Дискурстық маркерлер – тілдік коммуникацияда маңызды рөл атқаратын элементтер. Олар сөйлеушілер мен жазушыларға өз ойларын логикалық түрде жеткізуге, мәтіндердің ішкі байланысын нығайтуға, сөйлеудің құрылымын түсінікті етуге көмектеседі. Дискурстық маркерлер тілдің әртүрлі деңгейлерінде кездеседі және олардың қолданылуы сөйлеу мәнеріне, мәдениетке, әлеуметтік контекстке байланысты өзгеріп отырады. Бұл маркерлер әңгіме барысында тыңдарманның назарын аударып, ақпараттың маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Б.Фрейзердің зерттеулерінде дискурстық маркерлердің негізгі қызметі сөйлеудің логикалық құрылымын қамтамасыз ету деп көрсетіледі [6]. Қазақ тіліндегі дискурстық маркерлерді

5. Кибрик А.А., Добров Г.Б., Худякова М.В. Вызову и перспективы развития лингвистических технологий в эпоху искусственного интеллекта // Вестник Российского университета дружбы народов. Сер: Лингвистика. – 2019. – Т. 23. – №. 2. – 255 с.

*Айнұр ҚАРШЫҒАЕВА*

*«Тұран» университеті «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебі  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

### ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕР ПРОСОДИКАСЫ

**Анатпа.** Мақалада қазақ тілінің поэтикалық мәтіндер просодикасы қарастырылады. Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндердің просодикасы шығармалардың эмоционалды және көркемдік мәнін жеткізуде маңызды рөл атқарады. Просодика сөйлеудің фонетикалық супрасегменттік сипатының жалпы атауы. Мұның мәнін қабылдау және физикалық деңгейімен байланысты. Қазіргі таңда қоғам қайраткерлерінің дискурсы аясында зиялы қауым ретінде танылатын ғалымдардың дауысын жазып, көпшілікке таныту, сондай-ақ акустикалық жағынан зерттеу арқылы зиялы қауым өкілдерінің дауысындағы просодикалық және орфоэпиялық ерекшеліктерін анықтау, әрі зерттеу қажет болып отыр. Өйткені қазіргі кезде қазақ тіл білімінде дискурс мәселесі жан-жақты зерттеліп жатқанымен, орфоэпия және просодика тұрғысынан эксперименттік әдістер арқылы зерттеулер қалып отыр. Сондықтан ғалымдардың даусын жазып, көпшілікке ұсыну қажет. Мақалада эксперименттік-фонетикалық жұмыстарда интонацияны құрылымдық талдау әдісі яғни семантикалық талдау әдісі кеңінен қолданылады.

**Тірек сөздер:** просодика, супрасегмент, орфография, орфоэпия, интонация, синтагма

**Аннотация.** В статье рассматривается просодика поэтических текстов казахского языка. Просодика поэтических текстов на казахском языке играет важную роль в передаче эмоциональной и художественной сущности произведений. Просодика это общее название фонетического надсегментарного характера речи. Это связано с восприятием сущности и физическим уровнем. В настоящее время в рамках дискурса общественных деятелей необходимо выявить и изучить просодические и орфоэпические особенности в голосах представителей интеллигенции путем записи и публичного раскрытия голосов ученых, признанных интеллектуалами, а также акустического исследования. Потому что, хотя в настоящее время в казахском языкознании всесторонне изучается проблема дискурса, остаются исследования экспериментальными методами с точки зрения орфоэпии и просодики. Поэтому необходимо записать голоса ученых и представить их общественности. В статье широко используется метод структурного анализа интонации в экспериментально-фонетических работах т.е. метод семантического анализа.

**Ключевые слова:** просодика, супрасегмент, орфография, орфоэпия, интонация, синтагма.

**Abstract.** The article examines the prosody of poetic texts in the Kazakh language. Prosody in Kazakh poetic texts plays an important role in conveying the emotional and artistic essence of the works. Prosody is a general term for the phonetic suprasegmental characteristics of speech. It is related to the perception of essence and the physical level. Currently, within the discourse of public figures, it is necessary to identify and study the prosodic and orthoepic features in the voices of representatives of the intelligentsia by recording and publicly sharing the voices of scholars recognized as intellectuals, as well as conducting acoustic research. This is because, although the issue of discourse is currently being comprehensively studied in Kazakh linguistics, research using experimental methods from the perspective of orthoepy and prosody remains limited. Therefore, it is necessary to record the voices of scholars and present them to the public. The article widely employs the method of structural analysis of intonation in experimental-phonetic studies, that is, the method of semantic analysis.

**Keywords:** prosody, suprasegment, orthography, orthoepy, intonation, syntagma.

Қазақ тілі түркі тілдерінің бірі болып табылады және бай поэтикалық дәстүрге ие. Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндердің просодикасы шығармалардың эмоционалды және көркемдік мәнін жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Просодика сөйлеудің фонетикалық супрасегменттік сипатының жалпы атауы. Мұның мәнін қабылдау (тон жоғарылығы, дауыстау, оның ұзақтығы) және физикалық (негізгі тонның жиілігі, қарқындылық) деңгейімен байланысты. Бұл мағынада просодия функционалдық категорияларды білдіру үшін қолданылатын интонацияға қарама-қарсы қойылады.

Просодика сөйлеу сегменттерін ажырату не біріктіру (тонды жоғарылату не төмендету, екпін қою, кідіріс жасау, қарқынды өзгерту) сияқты сөйлеуге қажетті супрасегменттік құралдардың атауы. Бұл мағынада просодия өлең сөзді талдауда қолданылады. Оның негізгі элементтері: сөйлеу әуезі, екпін, тембр (әуен), ритм, сөз тоны. Бұл жағынан просодия интонацияға синоним ретінде қарастырылады. Просодия терминін қолдану мәтінге деген қызығушылық артуына байланысты 20 ғ. 70 жж. кеңейе бастады [1].

Қазіргі таңда қоғам қайраткерлерінің дискурсы аясында зиялы қауым ретінде танылатын ғалымдардың дауысын жазып, көпшілікке таныту, сондай-ақ акустикалық жағынан зерттеу арқылы зиялы қауым өкілдерінің дауысындағы просодикалық және орфоэпиялық ерекшеліктерін анықтау, әрі зерттеу қажет болып отыр. Өйткені қазіргі кезде қазақ тіл білімінде дискурс мәселесі жан-жақты зерттеліп жатқанымен, орфоэпия және просодика тұрғысынан эксперименттік әдістер арқылы зерттеулер қалып отыр. Сондықтан ғалымдардың дауысын жазып, көпшілікке ұсыну қажет [2].

Просодиканы қолдана отырып, тындаушылардың эмоциялары мен қабылдауына әсер ететін әртүрлі әсерлер жасауға болады. Жағымды және жеңіл ырғақ айтылған сөздер мен сөйлемдердің әсерін жұмсартып және бұл ақпаратты оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Көркем әдебиет, актерлердің сөйлеуі, хабар тарату – осы салалардың барлығында оның маңыздылығы жоғары. Дұрыс қолданылған просодикалық әдістер мәтінді ырғақты, жанды және мәнерлі етеді.

Қазіргі эксперименттік-фонетикалық жұмыстарда интонацияны құрылымдық талдау әдісі яғни семантикалық талдау әдісі кеңінен қолданылады. Оның барлық өзара байланысты элементтерін тұтас талдауды, физикалық сипаттамалардың таралуын (негізгі тон жиілігі,

қарқындылығы мен ұзақтығы) зерттеуді және сипаттауды қамтитын бұл әдісті ресейлік ғалымдар әзірлеп, енгізді. Жұмыста аудиторлық және аспаптық зерттеу әдістері, сондай-ақ деректерді компьютерлік өңдеу қолданылады [3].

Просодика сөз өнерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сөйлеу барысының ырғағында просодика мәлімдеменің қарқындылығын, динамикасын және қарқынын білдіреді. Ол ойластырылған нәрсені жақсы жеткізу үшін сөздер мен сөйлемдерге қандай эмоционалды бояу беру керектігін анықтайды. Интонациямен сөйлеудің маңызды және семантикалық элементтерін бөліп, олардың контекст үшін маңыздылығын атап өтуге көмектеседі. Интонация сөйлеушінің көңіл-күйі мен көзқарасы туралы ақпарат бере отырып, негізгі тіркестер мен сөздерді айқындауға көмектеседі.

Қазіргі қоғамда орфография мен орфоэпиялық норманы сақтамау белең алып келеді. Яғни қалай жазылады, солай оқу дәстүрі тіліміздің заңдылығын бұзып келеді. Әсіресе жастардың, қазіргі қоғамның тілінде ерекше байқалады. Сол себептен ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің дауысын жазып, эксперименттік әдістер арқылы зерттеу негізге алынып отыр. Яғни әрбір адам орфография мен орфоэпияны ажыратып, ереже бойынша дұрыс жазып, дұрыс сөйлеуге үйренген жөн. Яғни жазылым бойынша оқымай, айтылым нормасын сақтаған жөн [4,79]. Профессор Н.Уәлидің пікірі бойынша: «жазғанды оқу дегеніміз – жазба кодта ауызша кодқа көшіру. Дыбысталған сөз бен қағазға түскен сөздің жүйесі дәлме-дәл сәйкес келмейді. Жазусызу тарихында ауызша таңбалар мен жазба таңбалардың өзара тепе-тең түскен жүйесі болған емес. Тіпті ондай жазба жүйесінің қажеті жоқ, өйткені ауызша сөздің небір физикалық, математикалық элементтері «қағаз сыртында» қалып қояды да, жазуда мағынаға қызмет ететіндері ғана ескеріледі» [5, 28] – деп жазған мәтінді оқу кезінде орфоэпияның ерекшелігін көрсетеді.

Профессор Қ.Жұбанов айтқандай: «Сөйлемнің сөзін қозғасаң да, әнін қозғасаң да, бәрібір, оның мағынасы да осымен бірге қобалжымақ. Екінші жағынан, тек лепті сөйлемнің өзі бірде қуану мағынасын, бірде мұнаю мағынасын т.т. бере береді. Сондықтан мұны мағына жағынан бір тапқа жатқызып, бір атпен атау дұрыс болмас еді. Ал сазына қарай айырғанда, леппен сөйлеудің түрі де, мағынасы да көп болғанмен, әнінде, сазында бір тектілік бар. Мұның бәрі де не қызғын, не солғын әуезбен – әйтеуір тепе-теңдіктен айырылған сазбен айтылады» [6, 219].

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Фонетика бөлімінде «Қазақ тілінің поэтикалық мәтіндер просодикасы» зерттеуіне Тайыр Жароковтың поэтикалық мәтіндерінен үзінді алынды. Зерттеуде ең алдымен Тайыр Жароковтың поэтикалық мәтіндеріндегі орфографияның сақталуы және просодикалық, яғни интонациялық жағынан өзгешеліктері негізге алынды. Интонациялық белгілер аудиторлық зерттеудің нәтижесінде қойылды. Талдау барысында бас әріптен басталатын сөздер кіші әріпке ауысады, сөйлеу кезіндегі синтагма аралары тік сызықпен (/), фраздағы кідірісті көлбеу сызықпен (–) белгіленеді. Негізгі тон жиілігінің (әуен) қозғалысы бес түрлі бағытта көрінеді: көтеріңкі болса көрсеткі жоғары ↑, бәсең болса көрсеткі төмен ↓, бәсең көтеріңкі болса көрсеткілер төмен-жоғары ↓↑, көтеріңкі бәсең болса көрсеткілер жоғары-төмен ↑↓ белгіленеді. Сегменттердің айтылу қарқынын анықтау: әдеби стилі орташа және баяу, сөйлеу стиліне орташа және жылдам қарқын тән.

А.М.Фазылжанованың зерттеуінде, қарқын – ұзақтылық сияқты интонацияның уақытқа қатысты шамасы ретінде анықталады. Қарқын деп белгілі уақыт аралығында дыбысталған буын санын айтуға болады. Басқаша айтсақ, интонацияның қарқын шамасы сөйлеу жылдамдығын білдіреді. Сөйлеу жылдамдығының өзгеруі ауызша тілде өзіндік қызмет атқарады. Интонацияның барлық шамалары сияқты оның үнемі бірлесіп, көрінетін шамасы әуен, оның ішінде әуен кеңдігі – диапазоны болып табылады. Олардың бірбіріне қатысы параллель түрде жүзеге асады.

Алғашында	Өзгеріске ұшырағанда
Бас әріп	Кіші әріпке ауысады.
-, «», (),	Алынып тасталады.
...	Көп нүктенің тек алғашқы нүктесі қалады.



, ;	↑//
. :	↓///
?, !	Интонацияға қарай үтір немесе нүктеге байланысты қойылады.
/	Синтагма

Тайыр Жароковтың өлеңдер жинағынан «Орыстың ұлы күні» атты 2 бунақты өлең шумағы алынды. Төменде поэтикалық ішкорпустың метабелгіленімі (метаразметка) беріліп отыр.

#### Поэтикалық ішкорпустың метабелгіленімі

Авторы	Тайыр Жароков
Жынысы	Ер
Туған жылы	22.09.1908
Туған жері	Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жетібай ауылы
Оқыған	Дана Нұржігіт
Мәтіннің тақырыбы	Орыстың ұлы күні
Мәтіннің алғашқы жариялануы	1950 жылы
Мәтіннің көзі	Тайыр Жароков. Өлеңдер жинағы. 1 кітап. – Алматы: Көркем әдебиет, 1960
Мәтін жанры	өлең
Мәтіннің формасы	жазбаша
Графика	–
Стилі	көркем әдебиет
Мәтін тақырыбы	Бұл шығармада автор Есіл өзенін сипаттап, оның бейнесін суреттейді.
Таралым типі	кітап
Шумақ саны	8
Тармақ саны	32
Бунақ саны	2 бунақты
Буын саны	7,8 буынды
Ұйқас түрі	Шалыс ұйқас (а б а б)
Аудитория жасы	Жасөспірімдік кезең (11-18 жас) Жастар әдебиеті (18-34 жас) Бейтарап
Субкорпус	Поэтикалық мәтіндер
Қолданылған сөздер саны	105
Мәтін көзі	Интернет-ресурс
Белгілеуші	А.Қаршығаева
Корпусқа кіру уақыты	07.05.2024

Т.Жароковтың өлеңдерінің ырғақтық жүйесі көбіне буын саны мен әуезділікке негізделеді:

1. Буын саны: Қазақ поэзиясында 7-8 буынды жыр үлгісі мен 11 буынды қара өлең ең жиі кездесетін құрылымдар болып табылады. Әрбір буындық өлшем ырғақ пен интонацияға өзіндік әсер береді.

2. Ұйқас: Дыбыстардың үйлесімі арқылы поэтикалық мәтіннің көркемдік әсері күшейеді.  
 3. Цезура: Ырғақтық үзілістер арқылы өлең мазмұнының динамикасы артады. Мысалы, эпикалық жырларда цезура оқиға барысының эмоциялық әсерін күшейтеді.  
 Сонымен қатар қазақ тілінің поэтикалық просодикасын талдап, төменде кестемен берілген.

#### Қазақ тілінің поэтикалық просодикасы

Орфография	Просодикалық талдау	Орфоэпия
<b>Орыстың ұлы өзені</b>	<b>орыстың ұлы өзені</b>	<b>‘орүстүң ұлү ‘өзөнү</b>
Еділ сені білемін Төсін сүйген қайықтың, Анамдай сен менің, Апасысың Жайықтың.	еділ сені / білемін↑// төсін сүйген / қайықтың↑// анамдай / сен менің↑// апасысың / жайықтың↓///	‘еділ сені ˘білемін төсүн сүйгөн ғайықтың, анамдай сен менің, апасысың жайықтың.
Ат жалдатып суына Қарт Пугачев, Исатай Қылышым жауға суыра, Жағанда жортқан ер Чапай!	ат жалдатып / суына↑// қарт пугачев / исатай↓/// қылышым жауға / суыра↑// жағанда жортқан / ер чапай↓///	ат ˘шалдатып˘ сұууна қарт пугачев, ‘йсатай кылышым жауға сұуура, жағанда жортқан ‘ер чапай!
Қара бұлттай түйілген Сол ерлердің қуаты,– Толқынына ту ілген Күш боп сенде тұр аты.	қара бұлттай / түйілген↑// сол ерлердің / қуаты↑// толқынына / ту ілген↑// күш боп сенде / тұр аты↓///	қара ˘бұлттай түйілген солиерлердің ˘ғуаты,– толқунна тұ’ілген күш боп˘ сенде тұр аты.
Бала күннен өзіне Бауыр басып жүзген су, Ыстық - ақсың көзіме!– Өмірің бірге бізбен су.	бала күннен / өзіне↑// бауыр басып / жүзген су↑// ыстық - ақсың / көзіме↓/// өмірің бірге / бізбен су↓///	бала ˘гүннөн ‘өзүнө бауыр ˘басыб˘ жүзгөн сұу, ыстығ - ақсың ˘төзүмө!– ‘өмүрүң бірге ˘бізбен сұу.

Бірінші бағанда өлең шумақтарының орфографиялық нормасы. Екінші бағанда өлең шумақтарының просодикалық нормасы. Ал үшінші бағанда өлең шумақтарының орфоэпиялық нормасы берілген. Бұл ғылыми зерттеуде бас әріптен басталған барлық сөздер, жалқы есімдер кіші әріпке ауысады. Одан бөлек ырғағына қарай бунақ арасына синтама белгісі қойылды.

Өлеңнің әрбір жолы үш ырғақтық топтан тұратын синтамаға сәйкес келеді. Тақ санды синтагмалар, әдетте, негізгі реңк қозғалысының өсу бағытымен сипатталады, ал жұп сандылар төмендейтін әуендік контурларға ие. Синтагмалардың түйіскен жерлерінде сәл кідіріспен қатар, оң және теріс тон интервалдары арқылы түзілетін әуендік контурда үзіліс байқалады. Мелодиялық формаға қарамастан, синтагмалар бірдей тональдық диапазонмен сипатталады және орташа тоналды деңгейлерде жүзеге асырылады. Синтагмалар әдетте сөйлеуде үзілістер арқылы бөлінеді. Паузалар белгілі бір синтаксистік және семантикалық қатынастарды беруге қатысады. Табиғи сөйлеуде сөз тіркесінің интонациялық пішімдегі бөліктерін бір-бірінен ажырататын грамматикалық кідірістер мен кідіріс (белгісіздік) кідірістері бар.

Поэтикалық субкорпораның просодикалық таңбалануы просодикалық элементтердің ауызша сөйлеуде тыныс белгілерін білдіру құралы қызметін атқаратынын көрсетеді. Просодикалық құралдардың семантикамен және синтаксиспен тығыз байланысты екенін ескерсек, олардың ауызша сөйлеудегі тыныс белгілерін берудегі маңызды рөлі туралы қорытынды жасауға болады. Сөйлеудің жазбаша формасының ауызша түрде тікелей баламалары жоқ екенін есте ұстаған жөн. Тыныс белгілерінің негізгі мақсаты – мәтіндегі сөйлемдер мен олардың бөліктерін шектеп, олардың арасында мағыналық байланыс орнату [8.].

Қорыта келе, қазіргі қазақ поэзиясында дыбыстық үйлесім мен интонацияның жаңа формалары пайда болуда. Әсіресе, Тайыр Жароковтың шығармаларында дыбыстардың динамикалық әсері байқалады. Бұл өлеңдерде интонация оқырманға күшті эмоциялық әсер қалдырады. Тайыр Жароковтың поэтикалық мәтіндерінен орфографияның сақталуы және просодикалық жағынан өзгешеліктері анық байқалады. Жұмыста эксперименттік-фонетикалық интонацияны құрылымдық талдау әдісі яғни семантикалық талдау әдісі қолданылады.

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
2. Аманбаева А.Ж., Жұмбабаева Ж.Т. Ғылыми дискустағы орфоэпиялық және просодикалық ерекшеліктер // Филология сериясы (№3,175) 2019.
3. Базарбаева З. Реализация интонационных единиц в казахской звучащей речи // Фундаментальные исследования – Алматы. «Статья» 2014.
4. Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке. – Алматы. 1987. – 92 б.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2007. – 49 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. 132 б.
7. Тайыр Жароков. Өлеңдер жинағы. 1 кітап. – Алматы: Көркем әдебиет, 1960. - 408 б.
8. Базарбаева З.М., Сраилова А.Б., Жұмбабаева Ж.Т.// Поэтикалық субкорпус: просодикалық таңбалау.

*Гибадат ОРЫНХАНОВА*

*Казахский национальный женский педагогический университет  
кандидат филологический наук, ассоциированный профессор  
(Казахстан, г. Алматы)*

### **ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ИМЕН СОБСТВЕННЫХ НА РУССКИЙ ЯЗЫК НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА ДЖ. К. РОУЛИНГ «ГАРРИ ПОТТЕР И ФИЛОСОФСКИЙ КАМЕНЬ»**

**Андатпа.** Мақалада Дж.Роулингтің «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас» романындағы жалқы есімдерді аударудың негізгі әдістері қарастырылған. Ағылшын тіліндегі жалқы есімдерді орыс тілінде аудару кезінде көбінесе транскодтау (транскрипция, транслитерация) немесе кальканы, кейде аударманың екі әдісінің тіркесімі қолданылатыны анықталды.

**Тірек сөздер:** жалқы есімдер, аударма, роман.

**Аннотация.** В статье представлены основные способы перевода имен собственных в романе Дж. Роулинг «Гарри Поттер и философский камень». Выявлено, что чаще всего при переводе английских онемел в русском языке используется транскодирование (транскрипция, транслитерация) или калькирование, а иногда – сочетание двух способов перевода.

**Ключевые слова:** имена собственные, перевод, роман.

**Abstract.** The article presents the main ways of translating proper names in the novel by J. Rowling's "Harry Potter and the Philosopher's Stone". It was revealed that transcoding (transcription, transliteration) or calcification is most often used in the translation of English numb words in Russian, and sometimes a combination of two translation methods.

**Keywords:** proper names, translation, novel.

Имена собственные являются важной составляющей общения и часто содержат определенную информацию о своем носителе. Особенно заметна эта тенденция в художественной литературе, где имя персонажа может многое рассказать о его характере. Если в таком случае просто передать имя буквами другого языка или пофонемно, то оно потеряет свое значение в языке перевода и будет представлять собой лишь определенный набор букв. Перед переводчиками, которые имеют дело с именами собственными, встает сложная задача правильной, а главное – точной передачи такой лексики.

**Целью работы** является сравнение способов перевода английских имен собственных на русский язык, определение их особенностей и выделение оптимального способа передачи определенных типов имен собственных.

**Материалом исследования** служат 215 лексем, полученные методом сплошной выборки из оригинала книги «Гарри Поттер и философский камень» Дж. К. Роулинг и ее перевода на русский (по И. В. Оранскому) язык.

Кроме метода сплошной выборки и сравнительного метода были применены также такие методы исследования, как количественный анализ – для выявления наличия и частотности использования определенных способов перевода на русском языке; описательный метод, что является основой для комплексной презентации результатов исследования.

В работе мы придерживаемся классификации М.П.Кочергана, по которому имена собственные делятся на: антропонимы (имена людей), топонимы (географические названия), теонимы (названия божеств), зоонимы (клички животных), астрономы (названия небесных тел), космонимы (названия зон космического пространства и созвездий), хрононимы (названия отрезков времени, связанных с историческими событиями), идеонимы (названия объектов духовной культуры), хрематонимы (названия объектов материальной культуры) и др.

Ознакомившись с различными подходами к способам передачи онимов таких выдающихся исследователей, как И.В.Корунец, В.С.Виноградов [1], С.И.Влахов и С.П.Флорин, можно сделать вывод, что чаще всего для передачи онимов используют транслитерацию, транскрипцию или калькирование.

**1. Транскрипция.** При передаче слова с помощью транскрипции оно записывается буквами языка перевода, учитывая при том эквивалентность звуков и сходство звучания слова на исходном языке. Не все звуки имеют свои точные эквиваленты на других языках, поэтому могут быть разные варианты транскрипции.

**2. Транслитерация** – это формальное воссоздание исходной лексической единицы с помощью алфавита языка перевода; буквенная имитация формы исходного слова. Этот метод используется в том случае, когда языки пользуются различными графическими системами для записи слов. Таким образом, графические единицы одного языка передаются с помощью графических единиц, которые определенным образом являются их соответствием с другого языка.

При транслитерации слово передается по буквам с учетом таблицы соответствий символов. Преимуществом транслитерации над транскрипцией является ее простота, возможность применения дополнительных знаков и меньшее количество неоднозначностей.

Поскольку при транслитерации звуковой образ иноязычного собственного названия искажается при передаче на русском языке, она применяется не так часто. Обычно транслитерация используется при составлении библиографических указателей и при организации каталогов, например, когда нужно собрать в одном месте описание всех произведений отечественного автора на иностранных языках. С помощью транслитерации передаются также хрематонимы, некоторые антропонимы, теонимы и топонимы.

**3. Калькирование** – это способ передачи лексической единицы оригинала при помощи замены ее составных (морфем или слов) их лексическими аналогами в языке перевода. С помощью калькирования появилось большое количество разнообразных заимствований в межкультурной коммуникации. Это произошло вследствие того, что встречалось много случаев, когда применение транслитерации было невозможным по определенным соображениям.

При использовании этого способа передачи часто необходимо применять определенные трансформации, ибо, в отличие от предыдущих способов, калькирование не всегда является простой механической операцией. Изменениям нередко подлежат аффиксы, падежные формы, порядок и количество слов в словосочетаниях, синтаксический или морфологический статус слов и др.

Если название содержит слова, значение которых забыто или по каким-то причинам не переводится, применяется смешанный метод – в целом сохраняется принцип калькирования, но часть названия передается при помощи транскрипции: англ. Godric'S Hollow [2] – рус. долина Годрика (Годрикова лощина) [3]. Иногда при переводе названий исторических событий и периодов или культовых объектов существует два соответствия, таких, как калька и транскрипция, или две разные кальки.

Калька также является лучшим методом передачи «громких» имен, поскольку может наиболее точно охарактеризовать персонажа. Выбор варианта передачи слова задается словарем, однако в некоторых случаях необходимо самостоятельное решение переводчика. В целом переводчик должен отдавать предпочтение точности и эстетичности перевода. Суть перевода в том, чтобы донести определенную информацию, а если она неполная (что часто случается, когда переводчик пользуется транслитерацией или транскрипцией), имеет тяжелый для восприятия формат (что иногда случается в результате применения калькирования), то такой пе-

ревод можно считать неудачным. Поэтому сочетание двух методов перевода в таких случаях является наилучшим способом, однако необходимость развертывания или свертывания структуры оригинала является определенным усложнением.

Проанализировав переводы имен собственных из книги Дж. К. Роулинг «Гарри Поттер и философский камень» (см. диаграмму 1), можно отметить, что большинство антропонимов – 41,27%, на русском было переведено с помощью транскрипции, 16,54% – с помощью транслитерации, 22,22% – с помощью калькирования, из чего можно сделать вывод, что при переводе антропонимов на русский предпочтение отдается транскодированию, особенно транскрипции. Приведем примеры калькирования: англ. *Miranda Goshawk* [2] – рус. Миранда Гуссокл [3]; англ. *Arsenius Jigger* [2] – рус. Жиг Мышьякофф [3]; англ. *Griphook* [2] – рус. Крюкохват [3].

Принимая во внимание то, что эта книга для детей, в некоторых случаях, по-нашему мнению, передача определенных антропонимов с помощью калькирования была уместной, потому что с помощью этих фамилий читатель мог узнать определенную информацию о персонаже. К таким прозвищам относятся англ. *Sprout* [2] – рус. Стебель [3]; англ. *Hooch* [2] – рус. Трюк [3].


Однако при переводе определенных других антропонимов, калькирование было неуместным и ненужным: англ. *Longbottom* [2] – рус. Долготынец [3]; англ. *Nicholas de Mimsy-Porpington* [2] – рус. Николас де Мимси-Дельфингтон [3]; англ. *Snape* [2] – рус. Снегг [3]. Некоторые имена при калькировании на русском получили совершенно новые формы, например: англ. *Harvey* [2] – рус. Гэри [3], *Howard* [2] – Гарольд [3], *Firenze* [2] – Флоренц [3].

По-нашему мнению, русский вариант перевода антропонимов с применением транскрипции не передает атмосферу и стиль написания автора: англ. *Voldemort* [2] – рус. Волан-де-Морт [3]; англ. *Newt Scamander* [2] – рус. Ньют Саламандер [3]; англ. *Grindelwald* [2] – рус. Гринде-Вальд [3].

Количественное распределение между приемами перевода приводится в диаграмме 1.

Диаграмма 1

#### Приемы перевода антропонимов романа «Гарри Поттер и философский камень» на русский язык




Общеизвестные топонимы, которые часто упоминаются в различных литературных источниках, имеют свое устойчивое соответствие, которое переводчик должен применять во время перевода. Новые или вымышленные автором топонимы следует передавать с помощью транскрипции или же кальки, в зависимости от того, какую именно функцию эти они выполняют.

При передаче топонимов на русском с одинаковой частотой использовалась транскрипция и калькирование – по 27,78%, и транслитерация и традиционный перевод – по 22,22% (Диаграмма 2): англ. *Privet Drive* [2] – рус. Тисовая улица [3] (калькирование), англ. *Cokeworth* [2] – рус. Коукворт [3] (транскрипция).

Диаграмма 2

#### Приемы перевода топонимов романа «Гарри Поттер и философский камень» на русский язык






Из диаграммы 3 видно, что большинство зоонимов – 76,9% были переведены с помощью калькирования. Все названия видов, пород и типов животных были калькированы, например: англ. *Norwegian Ridgeback* [2] – рус. *норвежский горбатый* [3]. Прозвища животных на русском чаще калькированы: англ. *Hedwig* [2] – рус. *Букля* [3].

Стоит отметить, что в случае с вымышленными и сказочными животными при передаче зоонимов уместнее применять калькирование, ведь только таким образом читатель сможет понять особенность именно этого типа, породы или вида животных: англ. *Common Welsh Green* [2] – рус. *обыкновенный валлийский зеленый* [3].

При переводе общеизвестных названий стоит пользоваться постоянными соответствиями. А в случае с прозвищами животных, калькирование поможет передать отношение автора и персонажей к обладателям соответствующих зоонимов, а также определенные их особенности: англ. *Snowy* [2] – рус. *Снежинка* [3].

Диаграмма 3

### Приемы перевода зоонимов романа «Гарри Поттер и философский камень» на русский язык



Одним из самых простых для переводчика является выбор метода перевода идеонимов. Основное значение идеонимов нужно просто передать с помощью слов языка перевода.

Проведенный анализ и подсчеты показали, что все идеонимы на русском языке были переведены с помощью калькирования: англ. «*A Study of Recent Developments in Wizardry*» [2] – рус. «*Новые направления магических наук*» [3]; англ. «*One Thousand Magical Herbs and Fungi*» [2] – рус. «*Тысяча волшебных растений и грибов*» [3].


Это не оставляет никаких сомнений, что калькирование – самый целесообразный способ перевода идеонимов.

В диаграмме 4 показано, что ситуация с эргонимами – иная. При передаче этого типа онемел у переводчика могут возникнуть определенные проблемы, ведь трудно определить какой именно метод перевода является наиболее уместным при переводе эргонимов. На русском большую половину – 65% эргонимов передали с помощью калькирования, 20% – с помощью транскрипции, а остальные 15% с использованием транслитерации. Например, англ. *Hufflepuff* [2] на русском калькировали как *Пуффендуи* [3]; англ. *Ravenclaw* [2] в русском переводе предстал как *Когтевран* [3]. Англ. *Gryffindor* [2], что также обозначает название факультета, на русском предстал как транслитерированный – Гриффиндор [3]. *Gryffindor* [2].

Опираясь на результаты подсчетов, можно констатировать, что применение транслитерации не уместно. При переводе на русский язык выбор переводчиком калькирования был направлен лишь на два названия факультетов, остальные два были переведены с применением транскрипции и транслитерации. Из этого можно сделать вывод, что переводчик не придерживался определенных устоявшихся норм и не руководствовался типом собственного названия при выборе способа его передачи на русском языке.

Можно подытожить, что при передаче эргонимов следует применять транскрипцию и калькирование. Переводчику необходимо самому выбрать метод, которое он предпочитает, опираясь на то, на чем он акцентирует внимание в большей степени.

Приемы перевода эргонимов романа «Гарри Поттер и философский камень» на русский язык



На русском языке все хремотонимы были переведены с применением калькирования: англ. *Draught of Living Death* [2] – рус. *напиток живой смерти* [3]; англ. *Remembrall* [2] – рус. *напоминалка* [3]; англ. *Drooble* [2] – рус. *Друбблс* [3]; англ. *Cleansweep Seven* [2] – рус. «Чистомет-7» [3].

Учитывая их функцию и восприятие читателя, хремотонимы подобны идеонимам. Для того, чтобы понять суть ситуации, читателю необходимо понимать идею, которую несет в себе хремотоним. Таким образом, можно утверждать, что калькирование является наиболее целесообразным методом перевода определенных хремотонимов.


Некоторые имена собственные, такие, как англ. *Tibbles*, *Blackpool*, *Gregory The Smarmy* [2], при переводе на русский были опущены.

Эмпирический материал исследования из романа «Гарри Поттер и философский камень» был воспроизведен различными приемами в переводах на русский язык (см. диаграммы 1-4). Для определения более или менее распространенных приемов в целом были систематизированы результаты работы обо всех видах собственных названий в произведении (см. диаграмму 5).

Диаграмма 5 отражает тенденцию к использованию калькирования при переводе на русский, что составляет 42,9%. Второе место по частоте применения при переводе на русский язык занимает транскрипция – 29,3 %, с немного меньшей частотой использовалась транслитерация – 23,1 %.

Перевод антропонимов, топонимов и эргонимов на русский язык, по нашему мнению, неудачен. Мы считаем, что наиболее целесообразным при передаче антропонимов является применение транскрипции. При переводе хремотонимов, идеонимов и зоонимов следует применять калькирование. При передаче топонимов уместным является применение традиционного перевода и транскрипции. Эргонимы же стоит калькировать или транскрибировать.

Приемы перевода имен собственных романа «Гарри Поттер и философский камень» на русский язык



Таким образом, в русском переводе чаще всего был использован метод калькирования. При переводе на русский зоонимов, идеонимов, эргонимов и хремотонимов переводчик предпочел калькирование. Топонимы были переведены на русский примерно с одинаковой частотой ис-

пользования различных способов перевода, а антропонимы были преимущественно транскрибированы.

### Литература

1. Виноградов В.С. Введение в переводоведение / В.С.Виноградов. – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
2. Rowling J.K. Harry Potter and the Sorcerer's Stone / J. K. Rowling. – London : Scholastic Press, 1997. – 309 p. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www2.sdfi.edu.cn/netclass/jiaoan/englit/download/Harry%20Potter%20and%20the%20Sorcerer's%20Stone.pdf>
3. Ролинг Дж.К. Гарри Поттер и философский камень: Роман / Пер. с англ. И. В. Оранского. – М.: ЗАО «РОС-МЭН-ПРЕСС», 2007. – 400 с. [Электронный ресурс]. – Режим доступа : [https://vk.com/doc-34375179\\_358765248](https://vk.com/doc-34375179_358765248)

**Шолпан АБДУРАЕВА**

*№127 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-лицей  
педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші  
(Қазақстан, Қызылорда облысы)*

## ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТҮЛҒА МЕН ТІЛТАНЫМЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Анатпа.** Сөз өнерінде кестелі сөз өре білген қарымды қаламгер, қазақ драматургиясында өзіндік қолтаңбасы бар драматург, қазақ прозасының дамуына үлес қосқан суреткердің бірі – Д.Исабеков. Бүгінгі таңда тіл саласын зерттеуде адам факторына ерекше назар аудару үрдісі қалыптасуда. Адам факторы арқылы зерттеу тілдің ашылмаған жаңа қырларын тануға мүмкіндік беретіндіктен, адам болмысын сипаттайтын көптеген ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатынын түсінген ғалымдар антропоэзектік бағытты алға қояды. Көркем шығарма тілінің шұрайы мен шырынын тіл мен таным бірлігінде зерттеу лингвокогнитологиялық бағытпен сабақтасып, өзекті мәселе болып бой көтеруде. Осыған орай бүгінде ұлттық таным сипатын бейнелейтін көркем шығармалардың тілін «тіл мен таным сабақтастығы» негізінде қарастырудың маңызы зор. Мақалада қазақ прозасында өзіндік орны бар- Д.Исабеков туындыларының тілі, әсіресе, қаламгердің кейіпкерлер тілі мен бейнелі сөздері тілдік-танымдық тұрғыдан зерттеу негізге алынды. Д.Исабеков шығармаларының тілдік табиғатын қазақ халқының таным-түсінігімен және қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағытқа сай таныту – жұмыстың өзектілігін айқындайды. Суреткердің тіліндегі теңеу, эпитет, фразеологизм, кірме сөздер сияқты көркемдік әлемі арқылы таным үдерісі арта түссе, қоршаған ортаны, дүние шындығын қабылдауы, әлем туралы түсінігі тілдік тұлғасы арқылы көрінеді.

**Тірек сөздер:** тілдік тұлға, тіл танымы, антропоэзектілік, ұлттық таным, көріктеу амалдары, кейіпкер тілі, аялық білім.

**Аннотация.** Сегодня в изучении языковой сферы формируется тенденция уделять особое внимание человеческому фактору. Поскольку изучение человеческого фактора позволяет распознать новые неизведанные аспекты языка, ученые, понимая, что оно лежит в основе формирования многих научных областей, описывающих человеческое существование, выдвигают антропогенную направленность. Изучение языка и сока художественного произведения в единстве языка и познания переплетается с лингвокогнитологической направленностью и становится актуальной проблемой. В этой связи сегодня важно рассматривать язык художественных произведений, отражающих характер национального познания, на основе «преемственности языка и познания». В нашей статье имеет свое место в казахской прозе – язык произведений Д. Исабекова, в частности, язык персонажей и образные слова писателя. Представление языковой природы произведений Д.Исабекова в соответствии с познанием казахского народа и антропоцентрической направленностью современного языкознания.

**Ключевые слова:** языковая личность, языкознание, антропогенность, национальное познание, приемы украшения, язык персонажа, фоновое знание.

**Abstract.** In the article, education is associated with the emergence of new areas that begin to be studied in the conceptual system. The language of art studies Dew and SAP in the unity of language and cognition is an urgent problem related to the linguocognitological direction. Today, in this regard, the work plays a special role in the expression of national identity in the Kazakh language. The language of D.Isabekov's words, especially the language of the writer and the figurative words of the characters from a linguistic and cognitive point of view. The study was taken as a basis. The language of the works of D.Isabekov determines the knowledge and understanding of the modern language by the Kazakh people in accordance with the anthropocentric direction of education and its relevance.

**Keywords:** language personality, language cognition, anthropospeciality, national cognition, beautification techniques, character language, background knowledge.

Белгілі жазушы – драматург Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек ері, «Достық», «Тарлан», «Құрмет» орденінің иегері, сахна тарихында өзіндік орны бар, қазақ әдебиетінде қолтаңбасы бар, қара сөздің хас шебері – Дулат Исабеков.

Суреткердің туындыларынан бейнелеуіш сөздерді, тілдік элементтерін ұтымды байланыстырып қолдануы, қламгердің қаншалықты дәрежеде көркемсөзге шебер екенін аңғартып қоймай, қоршаған ортаны танудағы танымын көрсете біледі.

Зерттеуші А.А.Аккузова «Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік – прагматикалық әулеті» (Д.Исабеков шығармалары негізінде) атты PhD докторы дәрежесін алуда жазған диссертациясында: «Жазушы Д.Исабеков шығармаларында жанрлық белгілерге байланысты ауызекі сөйлеу стилінің тілдік бірліктері (диалекті, варваризм, дөрекі сөз), тарихи сөз, көріктеу амалдарының түрлері (теңеу, эпитет, кейіптеу, метафора, метонимия, гипербола және т.б.) кездеседі. Десек те, бұндай тілдік бірліктерді талдау қашанда жазушы танымы мен мәдениетіне қатысты жасалады. Себебі ауыздан шыққан әрбір сөз оның иесінің тілдік және когнитивтік санасын, таным көкжиегін, мәдени деңгейін, ұлттық болмысын танытады», – деп өз еңбегінде атап айтқан [5].

Б.Қасым, Ы.Шақаманның «Когнитивті лингвистика» атты оқу құралында «Антропоцентрилік (антропоэзектілік) адамды әлем танудың басты тұтқасы мен көзі ретінде басты нысан етіп алып, өмірді танытатын, әлемді, әлем өзгерісінің адам санасында таңбалануын және адамның өзін тіл арқылы қарастыратын басты ғылыми бағыт болып табылады», – деп анықтама берген [9].

Демек, бұндағы антропоэзектік бағыт тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы ғана емес, адамның танымдық ойлау қабілетімен, рухани болмысын, жаратылысын, дүниетанымын, жан дүниесін, мәдениетін, ойлау жүйесін, өмір сүру ортасы мен тұрған жерін танытатын дерек.

Қазіргі таңда тіл білімінде қалыптасқан антропоэзектік парадигмаға сәйкес көркем мәтін тілін сөз иесінің тұлғасымен сабақтастырып тану қарқынды дамуда. Яғни тіл біліміндегі жаңа бағыт бойынша тіл арқылы ұлт болмысы мен танымын тануға мүмкіндік береді. Осы кезге дейін адам тілді зерттеуші субъект болса, бүгінде тіл арқылы таным мен тілдік тұлға зерттеліп жатыр. Тілді таным құралы, қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі негізінде дамытатын – жеке адам. Соның ішінде жеке шығармашылық тілдік тұлға қара сөзге нәр мен өң беріп, тілдік бірліктер мен көркемдегіштерді ұтымды қолданып, сөз әлеуетін аша түседі.

Ал қаламгердің дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тіл құдіреті арқылы жүзеге асқан идеясының арқасында көркем туынды оқырман жүрегіне жетеді. Д.Исабеков туындыларындағы көркемдегіш құралдар мен тілдік бірліктерді қолданылуы арқылы суреткердің танымын танимыз.

Зерттеушілер авторды «тілдік тұлға» ретінде қарастыруда. Кез келген қаламгердің дүние шындығы мен қоршаған ортаны қабылдауы, әлем туралы түсінігі тілдік тұлғасы арқылы көрінеді. Орыстың лингвист ғалымы Ю.Н. Караулов «Русский язык и языковая личность» еңбегінде тіл біліміндегі «тілдік тұлғаны» зерттеп, тілдік тұлғаны тануда алдымен көркем шығарманың тілін зерттей отырып, тілдік тұлғаны тануға болатынын атап көрсеткен [1].

Ф.Қожахметова: «Әрбір ақынның тілдік тұлға ретіндегі табиғаты, ақындық құдіреті оның суреткерлік болмысына сай тілдік өрнектермен айшықтауында», – деп көрсетеді [2]. Яғни

кез келген қаламгер өз туындыларында тілдік тұлға ретінде тілдің байлығын, бейнелі сөздің мәйегін пайдаланып, тілімізді жаңа сөз өрнектерімен толықтырып отырады.

Ал Д.Исабековтің шығармаларының қазақ әдебиетіндегі алатын орны ерекше, өзгеге үлгі боларлық өзіндік стилі қалыптасқан – тілдік тұлға. Сонымен қатар, Д.Исабековтің аялық білімі оның шығармаларында ұлттық бояуы қанық бейнелі сөздер мен астарлы тілдік бірліктерді қолдана білуінен көрінеді. Яғни, қаламгердің сөз оралымдары мен аялық білімі арқылы тілдік тұлға мен тілдік танымды көре аламыз, себебі екі ұғым бір-бірімен сабақтаса байланысқан.

Автордың көркем шығармасында көріктеу құралдарының ішінде ең көп кездесетін бейнелеуіш сөздердің бірі – теңеу. Ғалым Т.Қоңыров «Қазақ теңеулері» атты еңбегінде теңеудің жасалу жолдары мен түрлерін жан-жақты қарастыра келіп, мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [7].

Суреткер өзі қолданған теңеу сөздерін халық әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі –**тай, -гей, -дай, -дей, -ша, -ше** формасы арқылы жасап отырған. Мысалы: қабыландай, сұңқардай, түйедей, көсеудей, масадай, суға сүңгітін адамша, нағыз бақытқа кенелген адамша т.б. Автор заттың не құбылыстың ерекше белгілерін басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттей білген.

«**Шойынқұлақ**» *әңгімесінде* «Ұрысқанда үстіңгі ерні желді күңгі **түндіктей** желп-желп етеді. Ол мені **тымақша** лақтырып, бірнеше рет қайта қағып алды [6,13]. **Түндік** сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін шағын киіз*», - деген мағынаны білдіреді [8,833]. Кейіпкер бейнесін ашуда суреткер түндік сөзін ауыспалы мағынасында қолданып, қазақ халқының болмысына тән киіз жабдығын қолданған. Суреткер екінші мысалда кейіпкер бейнесін ашуда тымақ сөзін қолданған. **Тымақ**. *Аң терісінен жасалып, суықта киетін баскиім* [8,837]. Автор тымақ сөзін ауыспалы мағынада қолданып, халық әдебиетінде қалыптасқан –ша -ше теңеудің формасын қолданған. Қаламгер кейіпкерлерін қазақ ұлтының болмысын танытатын құралдарды салыстыра теңеу арқылы ұлттық дәстүрді берік ұстанатынын аңғаруға болады.

Қаламгердің шығармаларының көркемдігіне келер болсақ, әр көркем шығармасының көзге ерек көрінері де ойлылығында әрі тілінің бейнелі шырайында екені сөзсіз. Қаламгер теңеумен қатар жүретін заттың не құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын стилистикалық ұғым-эпитетті де жиі қолданған. Мәселен, **ақ шыным, ақ ниет, ақ көңіл, дәмді әңгіме, қоңыр үн, қоңыр ағарым, жібік үн, жібік жел, тәтті сөзім, ұлы қайғы, үміт сәулесі, ит тіршілік, тәтті қиял** т.б. Қазақ халқының тілдік қорындағы **аппағым, ақ бөпем, ақ ботам, ақ жарқыным** сынды тіркестері арқылы қазақ үшін ұнамды әрі жағымды түс екенін аңғаруға болады. Ақ түс-адалдықтың, пәктіктің, тазалықтың нышаны іспеттес. Қаламгер нақтылық пен сенімділікті оқырманға жеткізуді көздейді. Сонымен қатар, қоңыр түске де қатысты тіркестер кездеседі. Академик І.Кеңесбаевтың түсіндірмесінде «**қоңыр дауыс**», «**қоңыр ән**», «**қоңыр үн**» синонимдері бір қалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды жұмсақ үн [4] дегенді білдіреді.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісін фразеологиялық тіркестің қолданылуы ерекше. Себебі сөзді жандандырып, тілімізге нәзіктік, ұлттық ажар беретін стильдік мәні бар құралдардың бірі –фразеологизмдер. Н. Уәлиев дүниенің тілдік бейнесін берудегі тұрақты тіркестердің орнына байланысты мынадай тұжырым жасайды: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты тұрақты сөз оралымдарының (мақал-мәтел, қанатты сөздер, тұрақты тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Көнелікті ең көп сақтаған «*жаны сірі*» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [3,12].

Д.Исабеков те туындыларында тұрақты сөз тіркестерін ұлттық танымына қатысты кеңінен қолданған. Қаламгердің туындыларынан көбіне адамның дене мүшелеріне қатысты тұрақты сөз тіркестерін жиі ұшыраттық. Атап айтар болсақ: көз іле алмай, кірпігі айқасар емес, көз ұшында, көз тастады, көзін тайдырып, тіл қатпай, құлаққа ұрған танадай, кірпік ілмей, көзі жетті. т.б. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері көркем шығарманы одан әрі көркемдеп, жазушы



тілін ерекшелендіре түсумен қатар, суреткердің танымы мен ұлттық танымды, көзқарасын, түсінігін танытады.

Туындының көркем әрі сауатты жазылуына әсер ететін бірден-бір себеп, ол – автордың тілдік тұлғасы. Шығарма тек мазмұн мен пішін, тақырып пен идеядан ғана тұрмайды, яғни сол тақырып пен идеяны, мазмұнды жеткізетін бейнелеуіш сөздерден де тұрады. Зерттеушілер автордың тілдік тұлғасы мен тілдік танымын анықтауда шығармадағы кейіпкерлердің тілін негізге алады. Автордың кейіпкерді сөйлете білуі, табиғат көріністерін суреттеуі, оқиғаның тартымды болуы суреткердің танымына байланысты болмақ. Кейіпкер тілі арқылы оқырман автордың тілдік тұлғасын тани алады.

Д.Исабековтің автор бейнесі кейіпкер образында жұмсалатын шығармаларының бірі – «Шойынқұлақ» әңгімесі. *«Мен үш айлық механизатор курсын бітіріп, тыңдағы бір совхозға дәл осы кезеңде келіп едім. Маған бұл жердің әрбір шөбі де, адамы да, даласы да таныс емес. Алыстан қарағанда кішігірім қала сияқты болып көрінген совхоз, ішіне енгенімде үйлері бытыраңқы, берекесі қашып сиреп сала бергендей болды»*. Мұнда автор өз бейнесін танытуда бірінші жақта кейіпкер сөзін қарапайым әрі түсінікті сөздерді қолданған. Сонымен қатар, шығарманың тақырыбы басты кейіпкер Алданыштың лақап есімі «Ер Төстік» ертегісіндегі «Шойынқұлақ» аталуының өзіндік сыры бар. Себебі оқырманға қызықты әрі тартымдылық танытатындай.

Ал «Ағайындылар» шығармасында: «Бір ретте үйге келген әйелдермен әңгімелесіп отырып, олардың: *«Сенің мырзағаң үйленбей тұрғанда ерке еді, енді басылайын деді ме, қалай?»* – деген сұрақтарына жеңежемнің: *«Жо-жоқ, неғылған басылу, әлі бала сияқты, даладан келсе, ағасын құшақтап, балалармен алысып, тіпті біреуімен кәдімгідей кергілесіп тасыр-тұсыр етіп жүргені»*, – деген жауабын естіп қалғаным бар еді. Менің жеңешем де алтын адам зой шіркін, жүрегі кең-ақ, қашанда күлімсіреп тұрғаны» [8, 206 б]. Қазақ халқында жеңге жолдасының іні-қарындас арасындағы сыйластық пен отбасылық құндылықты танытатын салт-дәстүрдің бірі- ат тергеу. Ат тергеу – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көрегенділік, кішіпейілділік қасиеттердің биік көрінісі. Қаламгердің шығармасынан жеңге мен қайыніні арасындағы сыйластықты көре аламыз, себебі жеңгесі Камалдың атын тура атамай, мырза деп атауы автордың танымын аңғартады.

Д.Исабеков шығармаларындағы тарихи оқиғалар тақырыбы мен идеясына арқау болып қана қоймай, жазушының стильдік сипатында көрсете білген. Қаламгердің туындыларында Кеңес дәуіріндегі өмір шындығы ащы әрі тартысты суреттелген. Сонымен қатар, автор шығармаларында кірме сөздерді көп қолданған, соның бірі –орыс тілінен енген сөздер. Мысалы: *Ол кезде Тоқсанбай қарттың жсалғыз ұлы совхоз директоры еді; Тоқаңның ұлының машинасы шынжыр табан тракторға соғылып қабысып қалған зой; Өкіметтің арнайы жасақтаған бригадасына жетпей жатқан комбайн мен машинаны екі күн жүріп алып келді де, бас-аяғы бір-ақ күнде ойпан-тойпан жегізіп, ертесіне бұлар қырман көтеріп шыға келді; Комбайнерге жүз сом, екі шоферға екі жүз сом бердім. «Дермене» шығармасы.*

Қаламгердің мақсаты оқиғаны құр сөзбен баяндау емес, оны шынайы, нанымды жеткізу, кейіпкерлердің болмысын барынша тереңірек аша түсу, сондай-ақ, шығарманың көркемдік қуатын арттыра отырып оқырманға әсер ету. Жазушы өз шығармаларында тілдің байлығын бейнелі сөздермен қатар, кірме сөздерді қолданып, сөздік қорымызды жаңа сөздермен байытып отырады.

Қорыта айтарым, Д.Исабеков шығармашылығы – еркін ақыл-ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Себебі қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының суреткерлік қыры жөнінде бірде шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы ой-тұжырымдар түйіндедім. Жазушының шығармаларына талдау жасай отырып, тілдік тұлға мен тілдік танымның сабақтастығын ұғындым.

#### Әдебиет

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.

2. Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: Фил. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 120 б.

3. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 119 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
5. Аккузова А.А. «Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік – прагматикалық әулеті» (Д.Исабеков шығармалары негізінде) Алматы, 2020.
6. Исабеков Д.Тандамалы шығармалары. – Алматы, 2014. – 213 б.
7. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.
8. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
9. Қасым Б., Шақаман Ы. Когнитивті лингвистика: Оқу құралы. – Павлодар: 2018. – 168 б.

*Айдана АЛЯХИМЕТ*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
I-курс PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.)*

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАДА ҚОЛДАНУ АЯСЫ: ДЫБЫСТЫҚ СӨЙЛЕУДІҢ АВТОМАТТЫ АНАЛИЗІ МЕН СИНТЕЗІ**

**Андатпа.** Мақала «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» атты Халықаралық конгреске арналған.

Мақала қолданбалы лингвистикаға негізделген. Бұл машиналық аударма, ақпаратты автоматты түрде іздеу, жазуды ойлап табу, оны жетілдіру, қалыптасу ережелерін оқыту сияқты қазіргі практикалық мәселелерді шешуге оның мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген тіл теориясы мәселелерін қалыптастырудағы тіл білімінің бағыты және арнайы лингвистикалық анықтамалар.

**Тірек сөздер:** қолданбалы лингвистика, цифрландыру, компьютерлік бағдарламалар, синтез.

**Аннотация.** Статья приурочена к Международному Конгрессу «Гуманитарная наука в контексте Культуры – Цивилизации – Глобальности: Язык, Этнос, Общество».

В основе статьи – прикладная лингвистика. Это направление языкознания в формировании проблем теории языка, основанное на использовании его возможностей для решения современных практических задач, таких как машинный перевод, автоматический поиск информации, изобретение письменности, ее совершенствование, обучение правилам формирования и создания специальные лингвистические определения.

**Ключевые слова:** прикладная лингвистика, дигитализация, компьютерные программы, синтез.

**Abstract.** This article is timed to coincide with the International Congress “Humanitarian Science in the Context of Culture-Civilization-Globalization: Language, Ethnos, Society”.

The article is based on applied linguistics. It is a direction of linguistics in the formation of problems of language theory, based on the use of its capabilities to solve modern practical problems, such as machine translation, automatic information retrieval, invention of writing, its improvement, teaching the rules of formation and creation of special linguistic definitions.

**Keywords:** applied linguistics, digitalization, computer programs, synthesis.

Ғылымдар тоғысы нәтижесінде пайда болған *қолданбалы лингвистика* машиналық аударма жасау, автоматты түрде ақпарат іздеу, жазуды ойлап табу, оны жетілдіру, ауызша сөйлеудің транскрипциялық жүйесі мен бөгде тілден кірген сөздердің транслитерациялық жүйесін құру, көзінде ақауы бар адамдарға арналған жазу жүйесін жасау, жаңа бұйымдар мен зат атауларының даму үдерістерін зерттеу, қалыптасу ережелерін үйрету және арнайы лингвистикалық анықтамаларды құру тәрізді қазіргі заманғы практикалық міндеттерді шешу үшін оның мүмкіндіктерін пайдалану негізінде тіл теориясы мәселелерін қалыптастырудағы тіл білімінің бағыты. Қолданбалы лингвистика термині ХХ ғасырдың 20-жылдарының соңында пайда болды.

Лингвистикалық мәліметтерге көлемді есеп жүргізуге, сонымен бірге лингвистикалық модельдеуді орындау үшін ЭЕМ-ді қолдану тиімді. Қолданбалы бағдарламалар соңғы

қолданушыға арналған және ақпарат бойынша түрлі операцияларды орындауға мүмкіндік береді:

- мәтінді құру мен өңдеу (мәтіндік редакторлар);
- графикалық көріністерді өңдеу (графикалық өңдеу);
- дыбыстық және видеоақпаратпен жұмыс (мультимедиялық бағдарламалар);
- статистикалық мәліметтерді өңдеуге арналған электронды кестелерді құру (электронды кестелер) және т.б.

Лингвист үшін электронды аудармашылар мен сөздіктер, сондай-ақ мультимедиялық оқытушы бағдарламалар сияқты қолданбалы бағдарламалар өте тиімді.

Кейбір зерттеушілер ақпараттық технологиялардың аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етілуімен бірге барлық лингвистикалық компьютерлік ресурстарды (грамматикалық анықтамалар, сөздіктер, энциклопедиялар, мәліметтердің лингвистикалық қоры және т.б.) білдіретін **lingware** (немесе **linguware**) ұғымын қолданады. [2, 27].

Лингвистикалық мәліметтерді автоматты өңдеуге қажетті аппараттық, бағдарламалық және лингвистикалық құралдарды лингвистің *автоматты жұмыс орны* АЖО дейміз. [3, 258]. Лингвистің АЖО-сы компьютердің өзін, операциялық пен базалық қолданбалы, сонымен қатар ана тілі мен оқытылатын шет тілдеріне қатысты барлық лингвистикалық компьютерлік ресурстарды қамтиды.

Ақпараттық технологияларды лингвистикада қолданудың алғашқы маңызды қадамдарының бірі мәтінді дигитализациялау – жазбаша және ауызша формадағы тілдік материалды сандық қалыпқа түсіру болып табылады. Тек дигитализациялау кезінде ғана табиғи тілдегі мәтіндерге арнайы әрекеттер жасау үшін компьютер көмегіне жүгіну мүмкін болады. Мәселен, табиғи тілдегі мәтіндерді өңдеу, оның жеке элементерін анықтау және оған сай мәтіндерді құрастыру.

Дыбыстық сөйлеуді автоматты түрде талдау барысында ол бірден жазбаша қалыпқа ауысады, себебі жазбаша мәтін қажетті операцияларды әрі қарай жалғастыруда қолайлы болып есептеледі. Дыбыстық сөйлеуді автоматты талдау дегеніміз – сандық формадағы жазбаша мәтінді табиғи тілдегі дыбыстық мәтінге айналдыру.

Мәтінді автоматты талдау үдерісі төмендегі кезеңдерден тұрады:

- микрофон көмегімен дыбыстық сөйлеуді компьютерге енгізу;
- дыбыстық лектегі жекелеген таңбаларды компьютерлік бағдарламалар көмегімен ерекшелеу;
- дыбыстық сөйлеуде анықталған таңбаларды тілдің таңбаларымен сәйкестендіру.

Дыбыстық сигналдың параметрлері үздіксіз өзгеріп отырады. Ондай сигналдар аналогы (сигналдық аналогы) деп аталады. Аналогті сигналдардан айырмашылығы сандық сигналдар дыбыстық толқынның әртүрлі деңгейлерін қадағалауға болатын жеке сандық мәліметтерден тұрады. Микрофонды пайдалану барысында аналогты дыбыстық сигнал заманауи компьютердің дыбыстық картасына жүктелген аналогты- сандық өзгерткіштер арқылы дискретті сандық сигналға ауысатын аналогты электрлі сигналдарға өзгереді.

Бүгінгі күні өте көп болып саналатын ауызша сөйлеуді автоматты анықтау құралдары алғашында сөйлеу легінде ерекшеленетін таңба ретінде дыбыс емес, сөзді есептеген. Компьютерге енгізілетін сөйлеулер диктор алдын ала жазып алған сөздермен сәйкестендіріледі. Бірақ, сөйлеуді анықтаудың бұл түрі белгілі бір шектеулермен байланысты:

- сөйлеуші тұлғасы: автомат тек белгілі тұлғаның сөйленісін анықтай алады;
- сөздік қоры: автомат шектеулі сөздерді ғана анықтайды;
- сөйлеудің дайындық деңгейі: автомат тек алдын ала дайындалған сөйленісті анықтай алады [1, 39].

Бұл шектеулерді жеңу үшін компьютерлік бағдарламалар сөзді емес, дыбысты анықтай алуы керек, бұл компьютер үзілістері бар дискретті сөйлеуді емес, біріккен табиғи сөйлеуді анықтай алу қажет дегенді білдіреді.

Сөйлеу дыбыстарын фонема бойынша талдау негізінде: дыбысталудың ұзақтығы мен жылдамдығы, акустикалық сигнал мен үзілістерді талдау жатыр.

Қазіргі таңда қазақстандық және шетелдік тіл білімінде интонацияның табиғатын анықтауға арналған теориялық материалдар баршылық екені бәрімізге белгілі. Осы құбылысты зерттеу барысында интонацияның кең және тар мағынада қолданыс табылған екі түрлі түсініктемесі

анықталды, атап айтсақ, кең (кешенді, көпкомпонентті) мағынада интонация гетерогенді просодиялық құбылыстардың (интонемалардың) комбинациясы ретінде анықталады, яғни әр параметрдің өзіндік бірліктері мен мағыналары бар (тонемалар, хронемалар, акцентемалар және т.б.) просодикалық құбылыстарға негізгі тон, темп, түйіскен жер типтері, интенсивтік, ритмикалық құрылымдарды жатқызады. Бұл бағыттың өкілдері: А.А.Абдуазизов, В.А.Артемов, Ш.Атенов, З.М.Базарбаева, И.А.Баймұратова, В.А.Богородицкий, В.А.Васильев, Ж.К.Қалиев, М.Г.Қаспарова, Ж.А.Аралбаев, Н.У.Нұрмаханова, Ж.М. Утесбаева, А.М.Фазылжанова және т.б. тар мағынада, интонация – бұл тек тонемалардан тұратын мелодика, яғни Қ.Жұбанов, Ә.Хасенов, Р.Сыздық айтқандай, айтылу/ дауыс/ сөз сазы және қазіргі кезде жиі пайдаланып жүрген әуен деген атау да осы құбылысқа сай келеді. Осы пікірді ұстанған ғалымдар: С.Аманжолов, Л.Армстронг, А.Байтұрсынов, М.Балакаев, Н.А.Баскаков, Д.Болинджер, Қ.Жұбанов, Ә.Жүнісбек, І.Кенесбаев, С.В.Кодзасов, М.И.Матусевич, К.Пайк, Г.Е.Палмер, С.Оде, И.Уорд, Л.В.Щерба және т.б.

Шетелдік еңбектерде интонацияны сиппатаудың басқа да жолдары бар. Интонация практикалық емес құбылыс ретінде танылып, оның компоненттері ретінде тек интенсивтілік, ұзақтылық және тембрді ғана жатқызған. Осындай мектептердің бірі Голланд мектебі, яғни интонацияны сөйлеу әуені тоналды акцент ретінде анықтайды [2, 9.; 3, 218] және осы құбылысты сипаттауда жиі эксперименталды әдісті жүзеге асыру үшін компьютерлі бағдарламаларды қолдана отырып зерттеуде. Әуен немесе мелодика интонацияның ең маңызды компоненті ретінде танылған, себебі сөйленімнің әуендік безендірілуіндегі әртүрлілігі оның қабылдауы мен интерпритациясын анықтайды: сөйлеуші коммуникативті маңызды фрагменттерді (сөздерді, синтагмаларды) бөліп көрсетеді. Мысалы, тон жоғарылығын көтерілу немесе түсіру арқылы тоналды акцентті жүзеге асырады.

Қазақ тілінің интонациясын зерттеуге алғаш рет Praat, Doing phonetics by computer атты компьютерлік бағдарлама қолданыс тапты. Praat бағдарламасын қолдана отырып, дикторларға алдын ала дайындалып берілген қазақ тілінің хабарлы сөйленімдері жазылды, қазақ тілінің хабарлы сөйленімдерінің интонациясы фонетикалық әдіс арқылы зерттеледі. Бұл бағдарламаны сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі кез келген тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуге пайдалануға болады. Сонымен қатар осы бағдарлама көмегімен диссертациялық зерттеу негізінде дайындалған және дайындықсыз жазылған қазақ тілінің интонациялық бірлігін сипаттауға тырысты [3].

Амстредам университетінің Фонетика институтының қызметкерлері Paul Voersma және David Weenink (2006) өңдеп, ойлап тапқан Praat бағдарламасының ыңғайлылығы ең соңғы нұсқасын интернеттен сақтап алу мүмкіндігі болып табылады. (нидерланды; [www.fon.hum.uva.nl/praat](http://www.fon.hum.uva.nl/praat)). Praat бағдарламасының беретін мүмкіндіктері мынандай:

– Praat сөйлеу сигналын зерттеуге, өлшеуге, модификациялауға және өңдеуге арналған, ол сонымен бәрге кез келген табиғи тілдің тон жоғарылығын өлшеуге және интонациясын зерттеуге мүмкіндік береді.

– Praat бағдарламасын интернеттен тегін сақтап алуға болады;

– Praat бағдарламасы компьютердің кез келген түрінде жұмыс істеді;

– Praat бағдарламасын ғылыми мақсатта және оқу үдерісінде пайдалануға болады.

Тоналды акценттердің формасын сипаттау үшін тон жоғарылығы өлшеніп, акценттелген фрагментте көрініс тапқан тон қимылының ең жоғарғы және ең төменгі нүктесі арасындағы аралық көлемі анықталды. Осылай тоналды акцент бір немесе бірнеше тон қимылынан тұратындығы айқындалды.

Сонымен, біз мелодикалық аралық арасындағы арақашақтықты полутон арқылы сипаттап, логарифмдік шәкілдегі Praat бағдарламасының көмегімен контурлардың суреттерін саламыз.

Сөйлеуді автоматты талдау құралдары қолданылатын төмендегі бағдарламаларды атасақ боады:

– Компьютер және тұрмыстық техниканы басқару бағдарламалары Voice navigator мен Truffaldino;

– Ұялы телефонды дауыс арқылы басқару кешені Divo;

– Ұзақтығы 3-5 секунды құрайтын парольді фразамен тұлғаны сәйкестендіруге арналған Voice Key бағдарламалық модулі;

– Ағылшын тіліндегі мәтінді жаздырту (диктовка) бағдарламалары: Voice Type Dictation (IBM), Dragon Dictate (“Dragon Systems”); орыс тілінде *Комбат («Вайт Грун»)* және *Диктограф («Voice Member Technology»)*;

– *Microsoft Office XP-ге* енгізілген сөйлеуді тану жүйесі (тек ағылшын тілімен жұмыс істейді);

– Дауыс арқылы іздеу (мысалы, Google іздеу жүйесі).

Сөйлеуді тану модульдерін қолдану іскерлік саласында жиі кездеседі: тұтынушыларға қызмет көрсетуде, сот сараптамаларын жүргізуде, биометрия, оқыту мен зерттеу жұмыстарында тиімді. Сөйлеу технологиясын жаппай енгізуді оған өте көп қаражаттың керектігі және әзірге оның сапасының төмендігі тежейді.

### Әдебиет

1. J. ‘t Hart, R. Collier & A. Cohen, A perceptual study of intonation: an experimental-phonetic approach to speech melody. Cambridge: Cambridge University Press, 1990. Pp. xv + 212.

2. Кейспер К.Э. О семантических основаниях описания Е.А.Брызгуновой русской интонации // Проблемы фонетики П. М., 1995. – С. 216–227.

3. Оде С. Что такое тональный акцент? // Жизнь языка и язык в жизни / Сборник статей, посвященный юбилею д.ф.н., проф. Э.Д. Сулейменовой: сост.Н.Ж. Шаймерденова, З.К. Сабитова, О.Б. Алтынбокова, М.И. Акберди; Под общ. ред. Н.Ж. Шаймерденовой. –Алматы: Қазақ университеті, 2005– С.76–85.

*Диана ҚАБДИКАРИМОВА*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
магистрант*

*Ғылыми жетекшісі: А.АБЫЗОВА*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
оқытушы-дәріскер, PhD доктор  
(Қазақстан, Талдықорған қ.)*

## ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Анатпа.** Мақала поэтикалық тілдің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне баса назар аудара отырып, оның ерекшеліктерін теориялық зерттеуге арналған. Поэтикалық тілдің ерекшеліктері қашан және қандай жағдайда дамығандығы қарастырылады, сонымен қатар осы тақырыпты зерттеуге үлес қосқан жетекші зерттеушілердің еңбектері талданады. Мақаланың негізгі сұрағы: поэтикалық тілдің мәнерлі және тілдік өрнектің басқа түрлерінен ерекшеленетін ерекше сипаттамалары қандай? Мақалада поэтикалық тілдің ерекшеліктеріне оның бейнесін, символизмін және ритақты құрылымын баса көрсететін авторлық көзқарас ұсынылады. Әлеуметтік және мәдени өзгерістердің әсерін көрсететін жаңа толқынның поэтикалық тілінде атап өтілетін сөзжасамдағы қазіргі тенденцияларға ерекше назар аударылады. Қорытындыда поэтикалық тілдің құрылымдық, лексикалық және семантикалық аспектілерін қоса алғанда, оның өзіне тән негізгі белгілері анықталады және одан әрі зерттеудің перспективалары ерекшеленеді.

**Тірек сөздер:** поэтикалық тіл, сөзжасам, ерекшелік, теориялық негіз, қазіргі поэзия.

**Аннотация.** Статья посвящена теоретическому анализу особенностей поэтического языка с акцентом на ключевые этапы его формирования и развития. Рассматриваются временные и социальные условия, способствовавшие развитию характерных черт поэтического языка, а также исследуются труды ведущих ученых, внесших значительный вклад в изучение данной темы. В качестве основного вопроса статьи выдвигается: какие уникальные характеристики отличают поэтический язык от других форм языкового выражения? В работе предлагается авторский взгляд на специфику поэтического языка, акцентирующий внимание на его образности, символизме и ритмической структуре. Особое внимание уделено современным тенденциям в словообразовании, проявляющимся в языке новой волны поэзии,



которая отражает влияние социальных и культурных трансформаций. В заключении выделены основные характеристики поэтического языка, включая его структурные, лексические и семантические особенности, а также обозначены перспективы дальнейших исследований в данной области.

**Ключевые слова:** поэтический язык, словообразование, специфика, теоретическая основа, современная поэзия.

**Abstract.** The article is devoted to the theoretical study of the features of poetic language, with an emphasis on the main stages of its formation and development. It examines when and under what conditions the features of poetic language emerged, along with an analysis of the works of leading researchers who have contributed to this field of study. The main question of the article is: what are the distinctive characteristics of poetic language that set it apart from other types of expressive and linguistic expression? The article presents an author's perspective on the features of poetic language, emphasizing its imagery, symbolism, and poetic structure. Particular attention is given to current trends in word formation observed in the poetic language of the new wave, reflecting the influence of social and cultural changes. In conclusion, the article identifies the main features of poetic language, including its structural, lexical, and semantic aspects, and highlights prospects for further research.

**Keywords:** Poetic language, word formation, characteristics, theoretical basis, modern poetry.

Поэтикалық тіл, лингвистикалық экспрессияның ерекше түрі ретінде, көркем образдарды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар оқырманның эмоционалды қабылдауына әсер етудің күшті құралы [1, 898 б] болып табылады. Әдебиеттің даму тарихында ол өзінің жеке ерекшелігі мен бірегейлігін сақтай отырып, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің көрінісі ретінде әрекет етті. Поэтикалық тілді тілдік коммуникацияның басқа түрлерінен нақты не ерекшелендіретіні туралы мәселе филологиялық зерттеулер үшін өзекті болып қала береді.

Поэтикалық тілдің маңызды сипаттамаларын түсінуге деген ұмтылыс оның тарихи контекстіне жүгінуді, оның қалыптасуының негізгі кезеңдерін талдауды және өз жұмыстарын осы мәселеге арнаған көрнекті зерттеушілердің еңбектерін зерттеуді талап етеді. Жаһанданудың, цифрландырудың және оқырман аудиториясының өзгеруінің әсерінен туындаған заманауи өзгерістерді зерттеу ерекше маңызға ие.

Поэтикалық тілді зерттеудің өзектілігі оның басқа лингвистикалық формалардан ерекшеленетін бейнелеу, символизм және ритмді құрылым сияқты ерекше сипаттамаларын терең түсіну қажеттілігімен байланысты. Қазіргі поэзия, классикалық шығармалармен қатар, сөзжасамның жаңа формалары мен экспрессивтіліктің инновациялық әдістерінің пайда болуын қоса алғанда, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің әсерінен айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды.

Поэтикалық тілдің теориялық негіздерін түсіну көркем коммуникация мүмкіндіктері туралы түсініктерді кеңейтуге және әдебиеттану мен лингвистикада жаңа әдіснамалық тәсілдерді құруға ықпал етеді. Поэтикалық тілдегі қазіргі тенденцияларды талдау оның одан әрі даму перспективаларын анықтауға және қоғамның мәдени санасына әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тілдің ерекшеліктері ауызша халықтық дәстүр мен жазбаша мәдениеттің қиылысында қалыптаса бастады, бұл ұлттық әдебиет тарихындағы маңызды кезең болды. Бұл процесс бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды.

Алғашқы кезең – фольклорлық әдебиеттің кең тамыр жайған кезеңі. Поэтикалық тілдің негізін эпостар, әндер мен айтыстарды қоса алғанда, ауызша халық шығармашылығының элементтері құрайды. Қазақтың батырлар жырынан бастау алып, жалғасын халық арасында кең танылған ақындар айтысы (бәдік айтыс, қыз бен жігіт айтысы, т.б.), бертін келгендегі зар заман ақындарының жырлары секілді алғашқы қазақ шығармаларында фольклорлық бейнелер мен мотивтер белсенді қолданылды [2, 35 б]. Бұл әдеби дәстүрдің этникалық ерекшелігі мен сабақтастығын сақтауды қамтамасыз етіп, оны поэтикалық өнер түріне айналдырды. Фольклорлық элементтер көбінесе ХХ ғасыр мен қазіргі әдебиетте жаңа метафоралық мағыналарға ие болды [3, 123 б].

Келесі басты кезең Абай шығармашылығынан бастау алады. Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тілдің ерекшеліктері жазбаша мәдениет пен әдеби тілдің белсенді қалыптасу кезеңінде, әсіресе қазақ әдебиетінің негізін қалаушы болып саналатын Абай Құнанбаев шығармашылығының

ықпалымен [4, 12 б] қалыптаса бастады. Абай ақындар мен жазушылардың кейінгі ұрпақтары үшін негіз болған философиялық және әлеуметтік тақырыптарды пайдалана отырып, әдеби тілдің дамуына баға жетпес үлес қосты. Оның шығармашылығы қазақ әдебиетінің дәстүрлі ауызша формаларын орыс және еуропалық мәдениеттердің ықпалымен біріктірді, бұл XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне тән бірегей поэтикалық стильдің пайда болуына ықпал етті.

Абайдан кейінгі поэтикалық тілдің даму және өркендеу дәуірі Алаш қозғалысының өкілдерімен жалғасты. «Алаш» қозғалысының өкілдері, сондай-ақ кеңес дәуірінде жұмыс істеген ақындар тілдің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Олардың жұмысы дәстүрлі және заманауи формаларды синтездеуге, әдебиетті әлеуметтік және саяси өзгерістерге бейімдеуге арналған алаңға айналды. Мысалы, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының шығармалары ұлттық бірегейлік пен қоғамдық өмірдегі өзгерістер арасындағы терең байланысты көрсетеді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен 1991 жылы тамырға бет бұрумен және бір мезгілде поэтикалық тілге инновацияларды енгізумен сипатталатын жаңа дәуір басталды. Қазіргі ақындар рухани құндылықтар мен мәдени бірегейлік сияқты өзекті мәселелерге назар аудара отырып, дәстүрлерді дамытуды жалғастыруда. Бұл поэзия тілін ұлттық өмірдің күрделілігі мен жан-жақтылығын көрсететін динамикалық және өзекті етеді. Заки Ахметовтің шығармалары сияқты заманауи зерттеулер қазақ поэзиясының басқа түркі халықтарының мәдени дәстүрлерімен терең байланысына баса назар аударады. Бұл әр түрлі дәуірлердің мәдени және әдеби элементтерін интеграциялау арқылы поэтикалық тілдің динамикалық дамуы туралы айтуға мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл қазақ әдебиетін бай және алуан түрлі мәдени құбылысқа айналдырады.

Сондай-ақ қазіргі кезеңдегі қазақстандық ғалымдар поэтикалық тілдің тарихи эволюциясын, интертекстуалдылығын, басқа әдебиеттермен өзара іс-қимылын және ұлттық бірегейлігін зерттей отырып, оның ерекшеліктерін зерттеуге елеулі үлес қосты.

Зәки Ахметов өз зерттеулерін қазақ поэзиясының шығыс және еуропалық дәстүрлермен әдеби байланыстарын зерттеуге арнады. Оның «Абай және Лермонтов» сияқты еңбектері классикалық орыс әдебиетінің Абай шығармашылығына әсерін көрсетеді. Ахметов мотивтер мен сюжеттердің ұқсастығына, сондай-ақ фольклорлық дәстүрлердің жазбаша мәдениет элементтерімен синтезіне назар аударды.

Ханғали Сүйіншәлиев ұлттық және әлемдік дәстүрлер контекстінде қазақ әдеби тілінің және оның поэтикалық формаларының эволюциясын зерттеді. Ол өз еңбектерінде ауызша эпикалық шығармалардан бастап жазбаша дәстүрге дейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдерін зерттеді. Сүйіншәлиев Абай поэзиясы ауызша дәстүрден жаңа әдеби мәдениетке көшудің негізгі кезеңі болғанын атап өтті.

Немат Келімбетов әртүрлі дәуірлердегі мәтіндердің өзара әрекеттесуін зерттей отырып, поэзиядағы интертекстуалдылық процестеріне [5, 116 б] баса назар аударды. Оның зерттеулері қазақ ақындарының классикалық шығармаларды жаңа контексте қалай қолданатынын көрсетеді. Мысалы, ол Абай шығармашылығының қазіргі әдеби формаларға әсерін және қазіргі мәтіндердегі дәстүрлі мотивтерді түсіндіруді талдады.

Әлия Қыраубаеваның шығармалары қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларын және олардың поэтикалық тілді қалыптастырудағы рөлін талдауға арналған. Қыраубаева қазақ поэзиясының ерекшелігін қалыптастырған әдеби ғана емес, мәдени аспектілерді де зерттеді. Оның зерттеулері фольклорлық мотивтердің маңыздылығын және олардың жазбаша дәстүрдегі өзгеруін көрсетеді.

Олардың еңбектерінен мысалдар келтіре өтсек:

1. Ахметов Абай шығармашылығын зерттей келе, философиялық және әлеуметтік мотивтердің поэзияда қалай көрініс тапқанын, халық әдебиетінен жазбаша әдебиетке көшуге ықпал еткенін көрсетті.

2. Сүйіншәлиев Абай өлеңдерін, оның ішінде «Жазғытұрымды» (көктем) философиялық ойлар мен табиғаттың үйлесімді үйлесімінің мысалдары ретінде егжей-тегжейлі талдады.

3. Келімбетов XX ғасыр поэзиясындағы мәтінаралық элементтерді, соның ішінде қазақ поэзиясындағы батыстық әдеби құрылғылардың бейімделуін атап өтті.

4. Қыраубаева «Қозы Көрпеш және Баян Сұлу» сияқты шығармаларды зерттеп, олардың поэтикалық құндылығы мен ұлттық ерекшелігін атап өтті.

Аталған зерттеулерді толық талдай келе, қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тілдің ерекшеліктері, біздің ойымызша, оның ауызша халық поэзиясы дәстүрлерінің, бай бейнесі мен терең философиялық толықтығының бірегей үйлесімінде жатыр. Қазақ әдебиетінің поэтикалық тілі көшпелі халықтың сан ғасырлық мәдениетінің, оның дүниетанымының, өмірлік құндылықтары мен эстетикалық қалауларының көрінісі болып табылады.

Негізгі ерекшеліктердің бірі – адамның табиғатпен тығыз байланысын көрсететін рәміздер мен метафораларды қолдану. Қазақ поэзиясына еркіндіктің, мәңгіліктің және рухани күштің нышаны ретінде әрекет ететін дала, аспан, таулар, өзендер мен жануарлар бейнелерінің көптігі тән. Мұндай бейнелер мәтінді безендіріп қана қоймайды, сонымен қатар халық өмірінің философиясында қамтылған терең мағынаны білдіреді.

Қазақ поэзиясында тілдің ритмы мен музыкалылығы ерекше орын алады. Айтыстардың (поэтикалық жарыстардың) дәстүрлі түрі дәл ритм пен әуен сезімін талап ететін импровизацияны қамтиды. Бұл жазбаша әдебиетте де көрініс тапты, мұнда поэтикалық тіл көбінесе ауызша шығармашылыққа тән дыбыстық үйлесімділікті сақтайды.

Сонымен қатар, эпикалық бейнелерді, аңыздар мен мақал-мәтелдерді қамтитын бай фольклорлық қабат маңызды рөл атқарады. Бұл элементтер поэтикалық тілге тереңдік пен тарихи сабақтастық береді. Фольклорлық мұра әр автордың жеке стилін дамытуға негіз болады, бұл дәстүрмен байланысты сақтауға және сонымен бірге жаңа көркемдік формаларды жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде қазақ әдебиетінің поэтикалық тілі көптілділік пен синкретизм белгілерін ала отырып, дамуын жалғастыруда. Ақындар дәстүрлі мәдениеттің элементтерін әлемдік әдеби трендтермен үйлестіре отырып, интертекстуалдылыққа жиі жүгінеді. Алайда, осы өзгерістерге қарамастан, поэтикалық тіл өзінің басты ерекшелігін – халықтың жанын білдіру, оның ұмтылыстары мен ұмтылыстарын терең және мәнерлі бейнелер арқылы жеткізу қабілетін сақтайды.

Жоғарыда аталған деректердің барлығы поэтикалық тілдің этникалық тұрғыдан қалыптасуы мен батыс пен шығыс дәстүріндегі өзара байланыс ерекшеліктерін зерттеуге арналды. Ендігі біздің алдымызда «қазіргі кезеңдегі сөз саптау қалай өзгерді?» деген сұрақ тұр.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тіл мен сөз тіркесінің өзгеруі жаһандандудың, технологиялық прогрестің және мәдени құндылықтар эволюциясының әсерінен туындаған күрделі өзгерістерді көрсетеді. Поэтикалық тіл ұлттық бірегейлік элементтерін сақтай отырып, әртүрлі, синтетикалық және эксперименттерге дайындығын көрсетеді.

Қазіргі ақындар дәстүрлі формалар мен әдістерді белсенді түрде қайта қарастыруда. Мысалы, ақ өлең философиялық және экзистенциалды идеяларды білдірудің танымал құралына айналуда. Классикалық рифмадан еркін композицияға көшу авторларға ресми үйлесімділікке емес, сөздің, контекстің және эмоцияның маңыздылығына назар аударуға мүмкіндік береді. Мұны өз шығармаларының терең ішкі динамикасын жеткізу үшін минималистік бейнелер мен метафораларды қолданатын Әуезхан Елгезек пен Ермек Жүніс сияқты авторлардың шығармаларынан көруге болады.

Тілді өзгертудің негізгі бағыттарының бірі сөз тіркестерінің жаңа түрлерін қолдану болды. Синтаксис икемді болады, күтпеген сөздер мен сөз тіркестеріне мүмкіндік береді. Мысалы, табиғат пен урбанистика бейнелері көбінесе бір-бірімен араласып, қоғамдағы өзгерістердің метафоралық көрінісін жасайды. Бұл комбинациялар мәтіннің экспрессивтілігін күшейтіп, оны көп қабатты етеді.

Қазіргі қазақ поэзиясының тақырыбы да кеңейіп келеді. Махаббат, табиғат және тарихи жады сияқты дәстүрлі тақырыптар урбанизация, цифрландырудың әсері, дәстүрлермен байланысын жоғалту мәселелерімен алмастырылады. Мысалы, қазіргі авторлардың бірқатар өлендері тез өзгертін технологиялық әлем мен қалыптасқан ұлттық құндылықтар арасындағы диссонансты сипаттайды.

Қызықты аспект – жаһандық әдеби тенденциялардың әсері. Көптеген қазақ ақындары сана ағымы немесе экзистенциалдық мотивтер сияқты әлемдік поэзия элементтерін өз тәжірибелеріне біріктіріп, оларды ұлттық ерекшелікке бейімдейді. Бұл дәстүрлерді заманауи

мағыналармен байыта отырып, оларды сақтауға мүмкіндік беретін жаһандық және жергілікті бірегей қоспаны жасайды.

Осылайша, қазіргі қазақ әдебиетіндегі поэтикалық тіл мен сөз тіркестерінің өзгеруі көп қырлы процесс болып табылады. Бұл қазақ поэзиясын жаһандық әдеби кеңістікте өзекті және бәсекеге қабілетті ететін дәстүр мен жаңашылдықты синтездеуге бағытталған қозғалыс.

Олай болса, Абай кезеңінің поэтикалық тілі мен қазіргі поэтикалық тілдің ерекшеліктерін талдау үшін Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін және Олжас Сүлейменовтің «Жер, Адамға тағзым ет» атты заманауи шығармасын қарастырайық. Бұл мәтіндер тілдік, тақырыптық және стилистикалық ерекшеліктерді салыстыруға негіз береді.

«Қыс» өлеңінің мысалында Абай кезеңінің поэтикалық тілін талдау:

### 1. Тақырып және философия

Абайдың «Қыс» өлеңі қысты қатал қарт ретінде сипаттай отырып, табиғатты бейнелейді. Бұл табиғи құбылыстар антропоморфтық бейнелер арқылы бейнеленген адам мен табиғаттың қазақ әдебиеті үшін дәстүрлі байланысы. Қыс қатал және қытымыр кезең ретінде шығарманың терең философиялық негізін құрайтын сынақтар мен қиындықтарды бейнелейді.

### 2. Көркемдік құралдар

Метафоралар мен эпитеттер. Абайдың табиғаты: Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды Даралау. Пейзаж сипатталып қана қоймайды, сонымен қатар оқырманға эмоционалды жауап беретін жанға ие.

Ритмика және музыкалық. Өлең қазақ поэзиясының канондарында жазылған – ритм баяу жылжитын тегіс және әуезді, жолдардың үндестігі сақталады.

### 3. Тіл және стиль

Абай тілі барынша мәнерлі және бейнелермен қаныққан. Ол өз заманына тән архаизмдерді қолданады және көшпенділердің өмірі мен табиғатына қатысты терминдерді белсенді түрде қамтиды:

«Алты қанат ақ орда үй шайқалды.»

«Шидем мен тон қабаттап киген малшы.»

Олжас Сүлейменов мысалында қазіргі поэтикалық тілді талдау:

### 1. Тақырып және философия

«Жер, Адамға тағзым ет» өлеңінде адамға және оның жетістіктеріне баса назар аударылады. Бұл поэзияның қазіргі көзқарасын көрсетеді, мұнда орталық тұлға табиғат емес, адам жаратушы ретінде болады. Тақырыптар ғаламдық мәнге ие – ғарыш, өркениет, гуманизм.

### 2. Көркемдік құралдар

Символизм. Жер ғаламды, ал адам прогресті бейнелейді. Ақын мифология мен ғылыми жетістіктердің элементтерін біріктіреді.

Еркін өлең. Сүлейменов дәстүрлі ритмнен алшақтап, қазіргі поэзияға тән еркін форманы қалайды. Бұл уақыт рухын жеткізуге мүмкіндік береді.

Интермәтіндік. Мәтінде әлемдік әдебиет пен ғылымға сілтемелер бар, бұл қазіргі поэтикалық тілдің жаһандық мәдени ағымдарға ашықтығын көрсетеді.

### 3. Тіл және стиль

Шығарманың қазіргі тілі әмбебап, жергілікті ерекшеліктердің минималды санын қамтиды. Оқырмандардың кең ауқымына түсінікті метафоралар қолданылады, бұл мәтінді халықаралық етеді.

Бұл екі өлеңнің салыстырмалы талдауы төмендегі кестеде (1-кесте) берілген:

*1-кесте*

### Салыстырмалы талдау

Көрсеткіштер	Абайдың «Қыс» өлеңі	Олжас Сүлейменовтың «Жер, Адамға тағзым ет» өлеңі
Тақырып	Табиғат, адамның қоршаған әлеммен байланысы.	Адам, прогресс, өркениет.
Көркемдік құралдар	Дәстүрлі: эпитеттер, метафоралар, даралау.	Символизм, интертекстуалдылық, тұспалдаулар.

Ритм және пішін	Канондық ритм, музыкалық.	Еркін өлең, қатаң канондардың болмауы.
Тіл	Табиғат бейнелері, архаикалық.	Әмбебаптық, интернационалдылық.
Философия	Өмір сүру философиясы, табиғатпен үйлесімділік.	Гуманизм, жаһандану, технологиялық прогресс.

Қорытындылай келе, поэтикалық тілдің ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан түсіну оның тілдік өрнектің басқа түрлерінен ерекшеленетін ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бейнелеу, символизм және ритақты құрылым сияқты негізгі сипаттамалар көркемдік экспрессивтілікті құруда орталық болып табылады. Поэтикалық тілдің қалыптасуының тарихи және әлеуметтік жағдайларын, сондай-ақ оның дамуындағы қазіргі тенденцияларды талдау оның мәдени және әлеуметтік өзгерістерге бейімделуін көрсетеді. Әрі қарайғы зерттеулердің болашағы сөзжасамның жаңа формаларын және олардың филология ғылымына жаңа көзқарастар ашатын поэтикалық дәстүрге әсерін терең зерттеу болып табылады.

### Әдебиет

1. Kotz, Sonja, Andrea Ravignani, W. Tecumseh Fitch. The evolution of rhythm processing // Trends in Cognitive Sciences, 2018. – №22(10). – P. 896–910.
2. Жаманқозова А.Т. Фольклорные традиции в первых образцах казахской литературы // Филологический аспект: международный научно-практический журнал. 2022 – №03(83). – С. 33–38.
3. Қуттыбаев Ш., Абдимомынов, Е. Традиция и инновации в современной казахской поэзии (XX век и независимость) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Филологические науки, 2021. – №2(76). – С. 118–128.
4. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі: (лексикасы мен грамматикасы) / Рәбиға Сыздықова; Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты.– Алматы: Ғылым, 1968.– 334 б.
5. Пелиспас Н.А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка в Республике Казахстан // *Lingua mobilis*, 2011. – №1 (27). – С. 114–118.

**Асема ЧИНГИНИНА**

*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
студент 2 курса*

*Научный руководитель: Г.КОРТАБАЕВА*

*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
кандидат филологических наук, доцент  
(Казахстан, г. Алматы)*

## ТЮРКОЛОГИЯ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ: ЛИНГВО-ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

**Андатпа.** Жаһандану дәуірінде түркітану түркі халықтарының тілдерін, мәдениеті мен тарихын зерттейтін ғылым ретінде жаңа өзектілікке ие болуда. Мәдени және экономикалық байланыстардың күшеюі, технологиялар мен көші-қон процестерінің дамуы түркі тілдерінің тілдік құрылымында елеулі өзгерістерге, мәдени бірегейліктің өзгеруіне және мәдениетаралық өзара іс-қимылдың күшеюіне алып келді. Бұл процестер тереңірек және жан-жақты зерттеуді қажет етеді, өйткені олар жаһанданған әлем жағдайында түркі тілдері мен мәдениеттерінің тұрақтылығы мен дамуына тікелей әсер етеді. Түркі тілдері кең географиялық аумақты алып жатыр және бірнеше ірі тілдік топтарды қамтиды. Жаһандану жағдайында мұндай тілдер жаһандық тілдердің (ағылшын, орыс) әсеріне, сондай-ақ ішкі көші-қон процестері мен мәдени алмасуларға байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды.

**Тірек сөздер:** жаһандану, социоллингвистикалық тәсіл, цифрландыру, тілдің ластануы, англицизм, корпустық лингвистика, этнофутуризм

**Аннотация.** В эпоху глобализации тюркология как наука, изучающая языки, культуру и историю тюркских народов, приобретает новую актуальность. Усиление культурных и экономических связей,



развитие технологий и миграционные процессы привели к значительным изменениям в языковой структуре тюркских языков, трансформации культурной идентичности и усилению межкультурных взаимодействий. Эти процессы требуют более глубокого и всестороннего изучения, так как они оказывают непосредственное влияние на устойчивость и развитие тюркских языков и культур в условиях глобализованного мира. Тюркские языки занимают обширную географическую территорию и включают несколько крупных языковых групп. В условиях глобализации такие языки подвергаются значительным изменениям, связанным с влиянием глобальных языков (английского, русского), а также с внутренними миграционными процессами и культурными обменами.

**Ключевые слова:** глобализация, социолингвистический подход, цифровизация, языковое загрязнение, англицизм, корпусная лингвистика, этнофутуризм

**Abstract.** In the era of globalization, Turkology as a science studying the languages, culture and history of the Turkic peoples is gaining new relevance. The strengthening of cultural and economic ties, the development of technology and migration processes have led to significant changes in the linguistic structure of the Turkic languages, the transformation of cultural identity and the strengthening of intercultural interactions. These processes require deeper and more comprehensive study, as they have a direct impact on the sustainability and development of Turkic languages and cultures in a globalized world. The Turkic languages occupy a vast geographical area and include several large language groups. In the context of globalization, such languages are undergoing significant changes related to the influence of global languages (English, Russian), as well as internal migration processes and cultural exchanges.

**Keywords:** globalization, sociolinguistic approach, digitalization, language pollution, Anglicism, corpus linguistics, ethnofuturism

В эпоху глобализации традиционные методы тюркологических исследований дополняются новыми подходами, связанными с развитием цифровых технологий. Одним из таких подходов является использование цифровых корпусов текстов, которые позволяют детально анализировать лексические, грамматические и синтаксические изменения в тюркских языках. Корпусная лингвистика, обеспечивая доступ к обширным текстovým базам, помогает выявлять тенденции заимствований, изменение частоты употребления слов и фраз, а также проследить семантические сдвиги, происходящие под влиянием глобальных культурных трендов.

Существенным направлением становится также социолингвистический подход, исследующий, как современные социальные изменения, такие как урбанизация, миграция и развитие цифровых медиа, влияют на тюркские языки. Например, в условиях роста двуязычия и даже многоязычия среди тюркских народов важно изучать, как языковые предпочтения изменяются в зависимости от социальной среды и медиапотребления, что может дать понимание того, каким образом глобальные процессы изменяют языковую идентичность. Новые направления включают в себя также этнографические исследования, направленные на изучение культурных и языковых практик тюркских народов в условиях изменяющегося мира.

Такие исследования важны для понимания того, как традиции адаптируются в условиях современности, а также для сохранения нематериального культурного наследия, связанного с национальными обычаями, устной литературой и народными сказаниями. Кроме того, распространение современных технологий способствует более доступному обмену знаниями между учёными и исследованиям в режиме онлайн. Это усиливает научные связи и помогает сохранить культурное наследие тюркских народов в условиях информационного века.

Глобализация способствует расширению международного использования и росту интереса к тюркским языкам и культурам, особенно к турецкому, который занимает важное место в мировой экономике и культурном обмене. Цифровизация делает тюркские языки доступными для большего числа людей. Например, платформы для изучения казахского, узбекского, азербайджанского и других языков помогают сохранять и развивать языковое наследие в условиях глобализации.

Электронные словари, переводчики, приложения для изучения языков расширяют доступность тюркских языков, что важно для диаспор и исследовательских целей. Еще одно положительное влияние глобализации – стандартизация и унификация. Многие тюркские языки, такие как казахский, проходят реформы и переходят на латинский алфавит. Это упрощает изучение и

интеграцию в глобальные образовательные процессы. В Казахстане и Узбекистане переход на латиницу обеспечивает большее соответствие международным стандартам и облегчает доступ к цифровым ресурсам, позволяя новым поколениям сохранять культурную идентичность и участвовать в глобальном информационном пространстве. Глобализация позволяет проводить сравнительные исследования, задействуя взаимодействия тюркских языков с глобальными языками. Это даёт возможность лучше понять процессы языкового взаимодействия и взаимовлияния. В этом контексте возрастает интерес к изучению языков меньшинств, поскольку многие из них находятся под угрозой исчезновения, и именно глобализация часто приводит к их ассимиляции.

Возьмем несколько тюркских языков, разделим их на 3 категории и рассмотрим их лингво-филологический аспект под влиянием глобализации. Находятся под сильным влиянием глобальных языков (русского, английского) и международных культурных контактов.

- Казахский язык – активно контактирует с русским языком, в Казахстане идёт переход на латиницу, что связано с глобальными тенденциями.

- Турецкий язык – широко заимствует англицизмы и активно интегрируется в глобальную культуру через медиа и интернет.

2. Испытывают влияние языковой политики и культурных реформ, направленных на укрепление культурной идентичности и адаптацию к глобальным процессам:

- Узбекский язык – претерпел переход с кириллицы на латиницу, что связано с ориентацией на международное сообщество.

- Киргизский язык – также сталкивается с давлением глобализации и влиянием русского языка, особенно в образовании и медиа.

3. Представляют меньшинства и требуют мер для защиты от глобализации, чтобы сохранить уникальность:

- Якутский (саха) и Тувинский языки – относятся к малочисленным тюркским языкам в России, где они подвержены языковому и культурному воздействию.

Каждый язык с течением времени видоизменяется, активно соприкасается с другими языками, следовательно, пополняется и его лексический состав. На протяжении всей истории своего развития турецкий язык испытывал сильное языковое воздействие. Появилось большое количество новых понятий, слов, терминов, прежде всего в области экономики, политики, техники, информационных технологий. [1]

